

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БӨЛІМШЕСІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ТЮРКСОЙ» (TÜRKSOY) ҰЙЫМЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

## **АКАДЕМИК Ө.АЙТБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары*

Алматы, 2016

**Редакция алқасы**

филология ғылымдарының докторы, профессор М.Малбақов  
филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкеева  
филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жүнісбек

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі З.Базарбаева  
филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Жанұзақ

**Жауапты редактор:**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Құлманов

А 33 **Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері.** *Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / Құраст.: С.Құлманов.* – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – 440 б.

ISBN 978-601-7293-42-0

Жинаққа көрнекті тілші, терминтанушы ғалым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚРҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Ө.Айтбайұлының 80 жасқа толу мерейтойына орай өткізілген «Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр.

Жинақ тіл білімімен айналысып жүрген тіл мамандарына, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81 (063)  
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-7293-42-0

© А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, 2016

## I СЕКЦИЯ. «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ТІЛ САЯСАТЫ»

*Малбақұлы М.*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
директоры, ф.ғ.д., профессор*

### Қазіргі қазақ терминологиясының көшбасшысы

«Отырарда отыз баб, Сайрамда бар сансыз баб, Бабтардың бабы – Арыстанбаб» дейтін киелі Отырардың топырағында, орта ғасырда отыз Фараби шыққан жерде дүниеге келген Өмекеннің болашақта ғұлама ғалым болмағы сол топырақтың қадіріне жете білгеннен де болар... Құт дарыған шаңырақта, екі бірдей талантты жанның – ата менен ананың ортасында өлең мен жырға қанып, ән менен күйге тербетіліп өскен **Жас талаптың** «сегіз қырлы, бір сырлы» болмағы да – тәңірдің талабындай еді. Демек, Өмірзақ ағаның тұлғасына, табиғатына тән асыл қасиеттердің бәрі де, солармен бірге өрілген биязы көркем мінезі де – таланға берілген тағдырдың сыйы десе болғандай...

Ата-ананың «баламыз ғұмырлы болсын!» деген ақ тілеуі ақталды. Бүгінгі күні екі қырықты еңсеріп, сексеннің табалдырығынан аттап отырған Өмірзақ ағаны «жігіт ағасы» десе әбден жарасымды-ақ.

Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев 1936 жылы 5 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл (бұрын Түркістан ауданына қараған) ауылында ағартушы-мұғалім отбасында дүниеге келді. «Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын» дегендей, қазіргі қазақ тіл білімінің ғұлама-анасы академик Р.Сыздықова Өмекеннің шыққан тегі, өскен ортасы, ата-анасынан дарыған асыл қасиеттері туралы ерекше жылылықпен баяндайды. Рабиға апай Өмірзақ ағаның бұрын болып өткен мерейтойында былай толғанған еді: «жаксы жанның ізгі қасиеттерін алдымен оның ұшқан ұясынан, алған тәрбиесінен, өткен өмір мектебінен іздеген жөн. Өмекеннің әкесі Қаратау, Сыр өңіріне белгілі ақын әрі мәдениет қайраткері болған. Ол Айтбай мекеніндегі Қарнақ медресесінде Айтжан атты молдадан оқып, мұсылманша жаксы білім алған. Өз бетімен ізденіп, Бұхараға барып, білімін толықтырып, араб, парсы тілдерін меңгерген, шығыс әдебиетін жаксы білген зиялы адам болған екен, бірнеше поэма-дастандар жазған, айтыстарға қатысқан. Оқуын бітірген соң Ташкент қаласында мұғалім бола жүріп, атақты Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Шәді төрелермен сыйлас, дәмдес болған. Олардың жырларын жатқа айтып, жалпақ жұртқа жаюшылардың бірінен саналады.

Әкесі Өмекенді бір елі қасынан тастамай, ертіп жүріп тәрбиелейді. Поэзия мен ән-күй - әсемдік әлемі болса, сол сұлулыққа баулиды. Дін – имандылық мектебі болса, діни жоғары білімді әкесі Өмекенді адамгершілікке тәрбиелейді. Сірә, ғалым, қайраткер Өмекеннің өмір жолын баяндауға көшпес бұрын, ұлан Өмекеннің жан дүниесіне үңілсек, оған табиғат, дәлірек айтсақ ата-анасы бойына өнер мен иман дарытыпты. Әкесі ғана емес, анасы Жұмагүл Нарымбетқызы да әнші әрі домбырашы болған, тіпті ақындықтан да құралақан емес екен. Бірде қосағы Айтекеңмен айтысып, оны жеңіп те кеткен көрінеді. Халқымыздың осындай ән-күй, ақындық өнерінің қос иесінің шаңырағында Өмекен дүниеге келді».

1953 жылы орта мектепті тамамдаған соң жас талап өзінің өмір жолын Кентау қаласындағы Мырғалымсай «Сантехмонтаж» мекемесінде темірмен жұмыс жасаушы шебер болып бастайды. 1954 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемле-

кеттік ұлттық университетінің филология факультетінде оқуға түседі. Студенттік кезеңде ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, дара тұлғасымен, тума талантымен айрықша көзге түседі. «Жігітке сегіз өнер де аз» дегендей, Өмекеңнің ән-күйге деген құштар көңілі сол кездері ерекше тебіреніске түседі. Жас таланттың бұла дәурен – бозбала кездегі өзі шығарған біраз әндері республикамыздың орталық баспасөз беттерінде жариялана бастайды. Университетте терең филологиялық білім алып шыққан жас жігіт қазіргі «Егемен Қазақстан», сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер ретінде жұмысқа орналасады. Енді журналистік жұмыстың қыр-сырына қанығып, сөз өнерінің көрігін қыздыра бастайды. Жұртшылыққа жаңалық атаулыны тез арада, қысқа да нұсқа, дәл, өткір де көркем тілмен жеткізуге әбден машықтанады. Еліміздің ең басты бұқаралық ақпарат құралы саналатын газетте қызмет жасай жүріп, Өмекең қазақ сөзін қалың жұртшылықтың көңіліне жеткізудің өмірлік мектебінен өтті. Сөз өнері оның өмірлік жансерігіне айналды. Алайда, Өмекең осы бір ғажайып өнерді де жалқы, дара ұстанып жүре алмады. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз...» деп ұлы Абай айтқандай, жас жігіт ендігі кезеңде өзі бала күннен ардақтап келген ана тілінің ғылыми аужайын бағдарлауға, оны ғылыми тұрғыдан зерделеуге белді бекем буды. Сөйтіп, 1962 жылдың көктемінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауысады. Міне, осы кезден бастап қазақ тіл білімінің қарашаңырағында табан аудармай қызмет жасап, қазақ тілінің, жалпы түркітанудың өзекті мәселелерімен түбегейлі айналысып келеді.

Өмірзақ Айтбайұлы – ең алдымен, **ғұлама ғалым**. Өмірзақ ағаның ғылымда алғаш түрен салған саласы – аударма теориясы. Ана тілімізге қаншама аударма жасалып жатқанымен, аудармаға машықтанған мамандардың өзі аз болмағанмен, аударматану мәселелерінде, аударма жасаудың таза ғылыми-теориялық жағын зерттеу ісінде кемшін тұстар аз емес еді. Өмекең 1971 жылы «Максим Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Ғалымның 1975 жылы жарық көрген «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты еңбегі аударматаным теориясына қосылған жақсы үлес болды. Аталмыш монографияда аударматану мен терминологияның өзекті мәселелері, мақал-мәтелдерді аудармада дұрыс қолдану, олардың семантика-стистикалық және этнолингвистикалық ерекшеліктері жайлы сөз болады.

Аударматанудың ғылыми негіздеріне қаныққан жас ғалым ендігі кезекте терминтаным саласына назар аударды. Термин дегеніміздің өзі – ғылым майданында болатын, тіл мен тілдің арасындағы адам көзіне түспейтін ғылыми шек-араны, межені айқындайтын қарақшы, белгі болып саналатындығы баршаға аян. Тіл мен тілдің арасында көзге түспейтін мылтықсыз майдан жүріп жағады. Өз шебіңізді жеткілікті дәрежеде қорғай алмасаңыз, жау әскерінің қалың қолы тілдің ішіне қалай еніп кеткенін байқамай қалуыңыз мүмкін. Міне, осыны айқын ұғынған Өмекең сонау 1970-80 жылдардан бері қазақ терминологиясының алдыңғы шебінде келеді. 1992 жылы ғалым «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыптағы докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Өмірзақ Айтбайұлы қазіргі қазақ тілінде термин жасаудың басты ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін негіздеп, ұлттық терминдердің ғасырлар бойы қалыптануындағы қиыншылықтарды, басты-басты кедергілерді анықтады, оларды еңсерудің жолдарын белгілеп берді. Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің бар әлеуеті, құдіреттілігі оның қаншалықты дәреже мен деңгейде, қандай басты салаларда шын мәніндегі ғылымның тіліне айнала алғандығымен айқындалады. Өмірзақ ағаның ғылымы осы мақсатқа қызмет етеді. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: «Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты. Қазақ тілі терминологиясы жазу сауаттылығын арттыратын емле ережелеріне тікелей тәуелді. Ендеше емле

ережеміндегі термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген қатені түзеу қажет. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, соның негізінде жыл сайын пікір сайысын өткізіп отыру керек. Терминтанушы кадр дайындау жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға жіберу қажет. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде радиохабарларды үздіксіз жүргізіп, екі жылда бір рет ғылыми-практикалық конференция өткізіп отыруымыз керек. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылданду да заман талабы».

Академик Ө.Айтбайұлының пайымдауынша, терминология әдеби тілдің бір бөлігі ретінде лексикологияның нағыз өзегін құрайды. Өмекең терминжасам үдерісінде ең алдымен қазақ тілінің әлеуетін мүмкіндігінше толық пайдаланудың қажеттігін айтады. Ғалымның пікірі бойынша, қазақ терминологиясы екі түрлі жолмен қалыптасады: ұлттық тілдің байлығы арқылы және кірме сөздер арқылы. Халықаралық ғылыми байланыстардың маңыздылығы, ғылым тіліндегі бірізділікті сақтау туралы жаза отырып, «ғалым тілімізде қалыптанған интертерминдердің бәрін аудару қажет емес, себебі бір ғылым саласында қолданылатын халықаралық терминдердің қазақша баламаларын табу, қалыптастыру барлық уақытта сәтті бола бермейді. Термин жасаудың жауапкершілігі мол, себебі рухани, мәдени, әлеуметтік және басқа да байлықтар тіл арқылы танылады» - дейді ғалым. Термин жасаудың негізгі жолдары, әдіс-тәсілдері ретіндегі семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька жасау тәсілдерін атай отырып, олардың қолданылуында қазақ тілінің жалғамалы тіл ретіндегі ерекшеліктерін ескерудің қажеттілігін айтады.

Өмекең қазақ терминологиясының қалыптасу ерекшеліктерін, оның тарихи даму жолдары мен кезеңдерін, тарихи даму сатыларын, ана тілімізде ғылымның тілін жасаудағы қызметін, қоғамдағы лайықты орнын айқындап берді. Ол қазақ терминологиясын дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының ғылымға қосқан үлесін зерделей отырып, оны «қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы» деп бағалайды. Қазақ тіл білімінің тарихында Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесін Абайдың әдебиетке қосқан үлесімен салыстыра бағамдайды. XX ғасырдың басында, оның алғашқы отыз жылында қазақ терминологиясының жасалуы мен қалыптасуында алаштың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының, тіл білімі саласында қазақтың тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың жасаған еңбегі ересен. Ұлт ұстаздарының елге қызмет жасау үлгісін бүгінгі күндері жалғастырып отырған Өмірзақ Айтбайұлының қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында қосқан үлесі елеулі. Осы ретте академик Өмірзақ Айтбайұлының заманауи қазақ терминологиясын дамытудағы еселі еңбегін ескере отырып, оны «қазіргі қазақ терминологиясының көшбасшысы» ретінде әділ бағалағанымыз жөн.

Өмірзақ Айтбайұлы – түркітану мен қазақ тіл білімінің аударматаным теориясы, терминология салалары бойынша көптеген шәкірт тәрбиелеп өсірген **ұлағатты ұстаз**. Ғалымның шәкірттері бүгінгі таңда шет елдерде де, еліміздің астаналы орталықтарында да, сондай-ақ, отанымыздың өлкелік, облыстық білім, ғылым ордаларында, мәдениет ошақтарында үздік еңбек етіп, халқымыздың адал ұлдары мен қыздары ретінде кең танымал болды. Олардың өздері де шәкірт тәрбиелеп, Өмекеңнің «немере шәкірттерінің» қатарын толықтыра түсуде. Ұзақ жылдар бойы Өмекең еліміздің жоғарғы оқу орындарында, университеттерде жалпы тіл білімі, қазақ тіл білімі бойынша дәріс оқып, филология мамандығы бойынша ғылыми кадрлар даярлау ісіне үзбей ат салысып келеді. Мәселен, Өмекеңнің «Қайнар» университетінде филология факультетінің деканы ретіндегі атқарған қызмет өз алдына бір төбе.

Өмірзақ Айтбайұлы – іскер басшы, ғылымды ұйымдастырушы, **ғылыми қайраткер** ретінде де танымал тұлға. Ұзақ жылдар бойы Тіл білімі институтының терминология және аударма теориясы бөлімінің меңгерушісі болды. Терминология мен аудар-

ма теориясына қатысты алуан түрлі зерттеу жұмыстарына, проблемалық тақырыптарға, іргелі ғылыми жобаларға жетекшілік, басшылық жасады, ұжымдық ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. Ғылым академиясы жанынан құрылған терминологиялық орталық Өмекеңнің басшылығымен жұмыс жасап, ұлттық терминологияның дамуына лайықты үлес қосты. Сондай-ақ, академик Өмірзақ Айтбайұлы Жоғарғы Аттестациялық Комитет Президиумының мүшесі, Тіл білімі институты жанындағы ғылыми дәреже беретін ғылыми Кеңестің көп жылдан бергі мүшесі ретінде, ғылымның жас мамандарының өсіп, жетілуіне қолғабыс етіп келеді. Өмекең 1998 және 2005 жылдары ел басшысын сайлау науқандары кезінде мемлекеттік лингвистикалық комиссияның төрағасы ретінде президенттікке үміткерлерден емтихан қабылдады. Ол ұзақ жылдар бойы ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминкомның мүшесі, ғалым хатшысы ретінде терминологияның өзекті мәселелерін шешуде маңызды жұмыс атқарды.

Ө.Айтбайұлы – қазіргі қазақ қоғамындағы белгілі тұлға, **іріқоғам қайраткері**. Өмекеңнің ана тіліміз үшін күресі өткен ғасырдың сонау 50-60 жылдары қазақ мектебін аштыру үшін жасаған қажырлы іс-қимылдарынан бастау алады. Алматыдай астанада бірде-бір қазақ мектебінің болмауы себепті, осы мәселеге ерекше күйзелген зиялы қауым өкілдерінің бір тобы жоғары жаққа өтініш жасап, талап етуді табанды түрде жалғастырды. Осы топтың бел ортасында Өмірзақ аға да бар еді...

Ал енді 1989 жылдың соңғы тоқсанында қазақтың бас театры – М.О.Әуезов театрында болып өткен тартысты жиында – ана тіліміздің тағдырын шешкен жиында академик Әбдуәли Қайдар бастаған, Өмекең қостаған топтың іс-қимылы жемісті болды. Осы жиын барысында Өмірзақ аға ұйымның ән-ұранын – «Ана тілін» орындап, жария етті. Зиялы қауымның айрықша көңіл қойып, күш салуы арқасында, Өмекеңдердің ерекше қайраткерлігі арқасында көптен күткен қоғам құрылды. Одан кейін ол қоғамның жұмысын жақсы жолға қою, оның ел ішінде және қазақ диаспорасы бар шет елдерде өркен жая дамуына мүмкіндік тудыру жолында Өмекең еселі еңбек етті. Еңбек зая кеткен жоқ. Халықаралық мәртебесі бар қоғамның белсенді қызметін, түркітілдес елдер қауымдастығындағы өзіндік орны мен атқаратын рөлін ел басшыларынан бастап, барша қауым мойындады. Бүгінгі күні Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қазақстан Республикасы аумағында алуан түрлі көкейтесті әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтеруші, олардың өз шешімін табуына атсалысушы мекеме ретіндегі, сондай-ақ, елден тысқары жерлерде мекендеуші жергілікті қазақ диаспорасының қажетін қамтамасыз етуші, мұң-мұқтажын ел басшылығына жеткізіп, оның оңтайлы шешілуі жолында қызмет жасайтын орын ретіндегі өзіндік бет-бейнесі айқындалып отыр.

Ө.Айтбайұлы «Қазақ тілі» қоғамынан тысқары, халыққа қызмет жасайтын басқа да үкіметтік және қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсенді түрде араласып, лайықты үлесін қосып келеді. Олардың ішінде алуан түрлі республикалық комиссиялар, білім-ғылым ордалары, мәдениет ошақтары, дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы, т.б. бар. Өмекең тіл саясаты жөніндегі мемлекеттік комиссияның белсенді мүшесі.

Өмекеңнің кісілігі туралы айтар болсақ, ол кісі – алты алаштың ардақты азаматы, халық қадірлейтін ел ағаларының бірі. Бұл – қазіргі кезеңде, қиыншылығы мол заманда аса мәнді, маңызды қасиет.

Өмірзақ ағаның адам ретіндегі қасиеттері сан қырлы. Ар-намысты жоғары ұстайтын, зиялы, әдепті әулеттің басшысы. Ардақты әке, қадірлі ата, адал жар. Құдіретті әнші, дәулескер күйші, сыршыл ақын... Қай жағынан алып қарасаңыз да, әдемі кісі. Бар деп таспайтын, жоқ деп саспайтын кісі. Мінезі көркем адам. Ұлы Абай ағамыз айтып кеткен **толық адам, кемел адам** кім десеңіз, ол атаққа лайықты кісі ретінде нық сеніммен Өмекеңді атауға болады! Ағаның мерейтойы құтты болсын, ағайын!

## ӨМІРІ ҰЗАҚ БОЛСЫН ДЕП...

*Өмірзақ Айтбайұлы жайлы бәрі айтылып, бәрі жазылған (жазылып жатқан) сықылды: ғалым-ғұлама, қоғам қайраткері, тіл жанашыры, терминтаным мен аударманың атасы, бес том еңбек пен жүздеген мақаланың иесі, отбасының берекесі, ағайын-туыстың қамқоры т.б. Енді айтатын-жазатын ешнәрсе қалмаған-ау, сірә. Жоқ, қалған екен.*

Қазақ жерінің барлық тұсы – әулиелі-әруақты жерлер. Соның ішінде Отырар төңрегінің орны бөлектеу. Батысқа қарай таза Кіші жүз жайлаған болса, Арқаға қарай таза Орта жүз басым орналасқан, ал шығысқа қарай таза Ұлы жүз онаша жайғасқан. Ал Сыр бойының Отырар орналасқан өңірінде Үш жүздің басы тоғысып, қоян-қолтық араласып кеткен. Бүкіл Үш жүзге тән, бүкіл қазаққа ортақ тағдыр-тарихтың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың шегі ажыратылмай, тұтасып біткен. Құда-жегжат, нағашы-жиен, көрші-қолаң, дос-жаран дегендер жүз-жүздің шегін білмейді. Бір отбасында үш жүздің өкілі ұйысып отыра береді. Үш жүздің әні де сәні де бір өзімдікі болып кеткен.

Ән демекші, батыстың айқайы басым қуатты ән-жыры да, Арқаның аспандап әуелеген әуені де, Жетісудың сызылған сезімтал сыры да Сыр бойының қоңыр үнімен бірге ешкімге жат емес. Әнші ән таңдап, күйші күй баптап жатпайды.

Осындай өңірде өскен бірдің бірегейі – Өмірзақ Айтбайұлы.

Табиғат-тағдыр дегеннің өзі де қызық қой. Біреудің бойына бар-жоғын жиып, аста-төк беріп жатса, енді біреуге қымқырып-қимамай сараң алдап қана қояды. Өмекеңе көптің ішінде көрініп жүрсін деп бой берген, қыз-келіншектер сүрініп-жығылып жатсын деп көрік берген, көптің бірі болып қалмасын деп тәкаппар мінез берген, ең бастысы, аузына ән салдырып, саусағына күй кондырып өнер берген.

Адамға ғалымдық бергін келе оқу-тоқумен келіп жанасатын болса, өнер жөргектен қонатын тәрізді. Өмекеңе өнер «жөргегінен» қонған десе де болады.

Ғылымда демалыс-кідіріс деген болмайды, жұмыс күні немесе жұмыстан тыс күн деген, сенбі-жексенбі деген ұғым жоқ, ғылыми еңбектің басталар тұсы бар, аяқталар межесі жоқ, үздіксіз жалғасқан амал болып табылады. Көп қызметтер сағат 9-да басталып, сағат 6-да аяқталады. Қызметкер ертеңгі 9-ға дейін жұмыспен шаруасы болмайды. Ал ғылыми қызметкер кешке үйге келіп шәй-пайын ішіп, аздап демалып алған соң қайта жұмысқа отырады. Кешкі 11-12-де немесе түнгі 2-3-те орнынан бірақ тұрады. Өмекеңді ғалым десек алдымен осыны айтуымыз керек.

Біз Айтекеңнің баласы Өмірзақпен Қарғалы деген ауылда бір мектепте оқыдық. Бастауыш кластардың бірінде оқып жүрген кезіміз. Қалқоздың құлыбында (қолхоздың клубында) мектеп өнерпаздарының кәнсерті (коцерті) болады. Сол концерттің бас жұлдызы Өмекең болатын. Ақ көйлек, қызыл галстук деген тек Өмекеңнің үстінде, басқа бір пенденің бойында жоқ, заман сондай.

Өмекең сахна төріне шығып, «Қызыл әскер мен болам» деп төсін қағып қалғанда, жерде шаң-топырақтың үстінде отырған біз ду ете қалып, жердің шаңын аспанға көтеріп жіберегіміз. Ол кездегі, бүгінгі тілмен айтқанда, ең басты ұлттық идеологияның бірі «қызыл әскер» болу болатын. Қазір сол шаң қапқан қалқоздың құлыбы мен балалардың кәнсертінің қызығын қазіргі аспанмен астасқан думан зал мен қырмызып-қамқаға малынған думан әртістерге айырбастамас едік. Шіркін, жұпыны өмірдің ұзап кеткен қызығы-ай.

Бірде, аты-жөні қазір есімде жоқ, бір жігіттің құрдастары Өмекеңе қалжың өлең үйретіп қояды. Өлеңнің қайырмасы «пәленше, әңгүдік, әңгүдік» деп, жайсыз аяқталады. Бала Өмірзақ қайдан білсін, сахна төріне домбыраны сабалап «әңгүдіктеп» шыға келеді. Жаңағы жігіт қатты ренжіп, көзіне жас алып, сыртқа шыға жөнеледі.

Соңынан үлкен кісілердің «жас балаға да сондайды үйретуге бола ма екен» деп, кейіген сөздерін естіп жүрдік.

Сол кездегі Өмекең өскен орта қандай еді. Себебі қазіргі кезде «елде ақсақал қалмады, сақалдылардың өзі ақсақал болудан қалып барады немесе бола алмай жүр, арамызда ақсақалдың орны ойсырап тұр» деген орынды пікір бар. Амал жоқ, өткенге ой жүгіртеміз.

Өткен ғасырдың бел орта тұсы... Шағын ғана Қарғалы деген ауыл.

Қазір ой жүгіртіп отырсақ, тұрмыс жұпыны болғанымен, көңіл – жайбарақат, пейіл – бейбіт кез екен ғой. Қора қарауыл дегенді білмейтін, есікке құлып ілінбейтін, әр отбасы бес-он бас тұяғымен, бір-екі атыз қауын-жүгерісімен күн көріп, «ақша» деген бәленің алақанды қышыта қоймаған сәті. Ақсақал-кәриялардың әңгіме-әрекеті әулетті ынтымақтың үлгісіндей болса, жастардың жүріп-тұрысында ерсілік жоқ, ел ішіне жаппай ортақ тәртіп бар еді.

Үлкеннің де, кішінің де аз-кем сауын сүт-айраны жаз бойғы, ал күзгі жиын-теріннен алған асқабақ-жүгерісі қыс бойғы қанағаты болатын. Бүтін киім жоқта, жамау-жасқау шалбар-шапанның өзі жарасымды көрінетін.

Ол кездің көлігінің төресі ат болатын (есек те аттан қалыспайтын), ауыл-ауылдың арасын жалғастырып тұратын да сол ат-көлік. Сондықтан да әркім атты баптап мінуге тырысатын, бабындағы аттың жүрісі мен тұрқы да көз тартып тұрады. Мақтанатын адам сол атының жүріс-тұрқын, жорға-желісін айтып мақтанатын. Кеңес үкіметінің бәйге-көкпарға (ұлттық ойындарға) қатаң тыйым салған тұсы, сондықтан мініс аттың жорғасы мен жүрісіне ғана тамсанып отыру қалған болатын.

Ауыл арасындағы той-домалаққа, ас-шәйға, жексенбінің базарына әр ауылдың адамдары аттылы топ болып келетін. Аттарда өзара бәсекеге түскендей, бірін-бірі жібермей есіп отырады да ауыл арасының алыс-жақынын байқатпайтын. Ауыл мен ауылдың арасы қол созым жердей-ақ болып көрінетін.

Топтала келген аттылар өз аулының ауқымы мен әуселесін көрсете келеді. Сондай топтың алдыңғы қатарында сыйлы ақсақалдар, ал соңын ала өзге қарамұрт жастар жүреді. Оларға топтың алдына түсуге болмайтын ауыл тәртібі тағы бар.

Ат тұяқтары сағырлай, үй үстіне келген топтың алдынан жа ала-жігіттер өре-түрегеле шығады. Келгендердің атын ұстап, аттан түсіріп алу солардың міндеті.

Өмекеңнің әкесі Айтекең де (Айтбай ақсақал) сондай жүргінші топтың алдында оза жүріп отыратын кісілердің бірі болатын. Ауыл арасында ол кісінің екі аты болатын, бірі «Айтбай ақын» десе, енді бірі «Айтбай молда» дейтін. Қай атымен аталса да ол кісіге деген елдің сый-құрметі байқалып тұратын. Құран оқығандағы ұйытып алатын мақамын, ауыл молдаларында жоқ, Бұқарадан алған діни сауатын үлкендер жырғып айтып отыратын. Содан болар, біздің бала көңілімізге киелі адам болып көрінетін.

Ол кездегі ақсақалдардың отырысы да ерекше болатын, қозғалақтай бермей, еңсе көтеріп тік отыру керек. Ішке кіре алмағанмен, босағадан сығалап, әңгімелерін тыңдауға құмартатынбыз. Төр жағалай малдас құрып отырған ақсақалдардың арасында қисайып-қыңырайып, қалғып-мүлгіп отыратыны болмайтын. Қалай келіп отырды, қанша көп отырса да, сол тіп-тік отырған бойы тұрып кететін тәртіп болатын. Ал отырысқа шыдас бермей, сыр білдіріп қойған адамның соңынан ел ішінде сөз еретін.

Ауыл ақсақалдарының отырысының сәнін босқа сөз етіп отырған жоқпыз...

Айтекең ақсақалдан Өмекеңе сіңген қасиеттің бірі отырған жерде қисайып-қыбырлай бермеу болу керек. Талай отырыстарда, жиындарда бірге боламыз. Отырыс қанша сағатқа созылса да Өмекең тік келіп, тік отырған бойы шығып кетеді. Біз арасында қалжыңдап қоямыз, «Өмеке, ең болмаса жан-жағыңызға қарап қойсаңызшы, қыз-келіншектер көз салып өтіп жатыр» деп жатамыз. Айтекеңнің атына мінгесіп, талай-талай ақсақал отырыстарды көрген Өмекеңнің бала күннен қанына сіңген дағдысы өмір-жолдас болып қалады екен.



Өмекең отырған жер – тыйым, артық-ауыз әңгіме, орынсыз әзіл-оспақ, мән-мағынасыз ұзақ-сонар сөз деген болмайды.

Жалпы Өмекеңнің жай сөзі де салтанат мақаммен, салтанат сөзі де салтанат мақаммен айтылады, аяқ басысы да сол салтанат.

Қазіргі кездегі бір қуанарлық жай – дәстүрлі ән өнері жаппай қуат алып келеді (тек «дәстүрлі» деп көмектесіп отырмыз ба, әлде кемітіп отырмыз ба?). Тіптен мектеби үрдіс қалыптасып та қалды. Дәстүрлі ән өнерінің бастау көзінде қаншама жастар жүр десеңізші. Егер болашақ жастардыкі деген рас болса, дәстүрлі ән өнері жойылмақ емес. Алайда, сол жастарға үлгі болатын, сол жастар үлгі алатын, дәстүрлі әніміздің тарихи болмысын бүгінге жеткізетін кіміміз бар? Кім қалды?

Әрине, Өмекең бар. Батыстың қарқынды жұлып әкелер «Айдайынан» бастап, Арқаның қасірет жұтқан «Теміртасын», Жетісудың (Кенен ақсақалдың) тыныс тұншықтырар «Ей, бұлбұлына» дейін бабымен айтатын Өмекең бар. Батыстың аламан алапат күйі мен Арқаның төгілген төкпе күйін, Қаратау бойының жорға шертпе күйін қатар тартатын Өмекең бар. Тіптен, егер Өмекең болмаса, «Теміртастың» тағдыры не болар еді. Көп әннің бірі болып қалар еді-ау.

Тамағының астына «көбелек» жапсырып алып, батыстың дәстүрімен, кеңірдегін жырттып жіберердей күшеніп, қазақтың әнін айтып жүргендер бар. Әрине бұл да өнер, өзінің тыңдаушысы бар, қолдаушысы мен бапкері бар. Оған дау жоқ. Бірақ ол қазақтың әні емес, ең бастысы, қазақтың үні емес.

Қазақ өлеңді көмеймен емес, тандаймен айтады, қазақ «жезтаңдай» әнші денгенді бекерге айтпаған болар. «Жезкөмей» әнші дегенді естіген жоқпыз. Өмекеңнің де әні таңдайдан қоспасыз, ашық әуезбен қалықтап шығады.

Өмекеңнің бірегей өнері мен бірегей даусы көпке таныс.

Мәселе басқада, өнерін өміріне арқау ете алмай, өнерінің бағасына жете алмай, берекесіз өткен талай-талай саңлақтарды білеміз. Ал, Өмекеңнің бүгінгі абыройының бір парасы сол өнері екені даусыз.

Өмекеңнің «Өмірзақ» ықшамдалған аты, ал ата-анасының азан шақырып қойған аты «Өміріұзақ». Ата-ананың баласының өмірі ұзақ болсын деген тілегі ғой. Біз де осы тілекке қосыламыз.

**Қажыбек Е.**

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ф.ғ.д., проф.*

## Ту ұстаушы

Әр заманның, әр қоғамның, әр қағанның ту ұстаушысы болады. Елдің елдігін, ердің ерлігін, жердің кеңдігін танытатын, оны адамзатқа паш ететін, көздің қарашығындай сақтайтын ең сенімді адамы. Халық атынан сөйлейтін адам, ұлттың сөзін айтатын адам, ақиқаттың құлы. Ұлттың ту етіп көтеретін ұлы ұлттық қасиетін әлпештеп, қорғап, дамытатын адам.

Қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына ғана қынжылатын, малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы деп боқ дүниеге бола ешқашан басын ауыртпаған қазақ үшін әрдайым тек адамның, басы жұмыр пенденің пәктігі пен мәрттігі ең басты және ең асыл құндылық болғаны шындық. Имандылық, инабаттылық, адалдық, білімділік қана оған абыройды да, материалдық байлықты да, түрлі атақ, дәрежені де әперген. Атақ-билік, мансап, ақша, алтын, мал-мүлікті, яғни біздің нарық заманымыздың парығын – түпкі мақсат ретінде емес, ұлы мақсатқа жетелейтін жәй бір қатардағы құралдың бірі деп таныған.

Біздің қоғамымыз арзанқол ұрандардың жетегінде кетпей аталмыш ежелгі елдік ұстанымымыздан ажырап қалмаған жағдайда ғана – ата-бабаларымыздың тарих сахнасында нық иеленген төрдегі орнын төмендетпейтін боламыз. Басқаша баю, яғни тілін, ділін, тінін, дінін ысырып қойып баю – ерімізге де, елімізге де жараспайтын дүние.

Қажытып, күйзелтетіні – бүгінгі билік мұны түсіне ме, түйсіне ме деген ой. Өйткені, мемлекеттік деңгейде ұлттық саясат бағдарламасы әлі де үкіметтің, өкінішке орай, күн тәртібінен түспей тұр, шынтуайтына келсек, әлі күнге қолға тиісті деңгейде алынбаған іс. Ал, керісінше, кері бағыттағы талпыныстардың етек алуы тынар емес...

Мұның салдары мен себептері туралы аз айтылған жоқ. Жан түршігерлік зұлматтарды бастан кешірген, кезінде тапталған, жаншылған ел, мың өліп, мың тіріліп, тәуелсіздікке қол жеткізді.

Ендігі мақсат пен мұрат біреу – ол тәуелсіздігімізді баянды ету, халқымыздың асыл рухани құндылықтарын сақтап, жаңғыртып өмірімізге ендіру. Мұны талап еткен көптеген ресми құжаттар, қаулы-қарарлар, жиын-құрылтай хаттамалары, қаулы-шешімдер, түрлі хаттар, мақалалар, монографиялар, көркем шығармалар, неше форматтағы үндеулер жеткілікті көлемде үздіксіз толастамай жатқаны сіз бен бізге жақсы мәлім. Осындайда тыңдар құлақ бар ма, жоқ па өзі деп қаласың кейде.

Бейнелі түрде айтсақ, халық – ұшы-қиыры жоқ жайылып жатқан телегей теңіз мұхит іспеттес болса, билігіміз кейде оның ортасында жүзіп жүрген аквариумға ұқсап кетеді. Шынысы қалың, суы жылы әрі тұщы. Аквариум ішіндегі жүз шақты балықтың бес-алтауы ғана мұхит тілін ұғады, басқалары – кілең керең-мылқау мақұлық сынайлы.

Мемлекеттік тіліміз – мұхиттың суы, мұхиттың барша өмірінің кепілі, жанды дүниенің ортақ табиғи ортасы. Ал аквариумның суы да басқа, иттері де қара қасқа. Кезекті теңіз дауылына дейін ғана шынысы шыдас беруі мүмкін. Терезе-есігін ашып, ішіне таза теңіз суын жібермесе, ол туған мұхитпен қауышып бірікпесе, бірлеспесе, тұтаспаса, халқымен оның өз тілінде тілдеспесе, мұхит суына сүңгіп, балықтай жүзбесе, ертеңгі күні өзінің аман қалары неғайбыл...

Болашаққа ой тастап, сарапқа салып, қазіргі жәй-күйімізді жан-жақты таразылап көріп, мынандай тұжырым-ойлармен бөліскіміз келеді.

Аздап қиялға ерік беріп, оны ойша бейнелеп көрелік. Бүгінгі билік өзінің тікелей орындауға міндетті не мәжбүр, жалақы алып тұрған міндеттемелерін ысырып тастап, тек өз қара бас қамын ойласа, онда ең бірінші нені қолға алып, не істеу керек делік. Ертеңі мен бүгінгі баянды, бақуатты, әр ісі қалыпты болсын десе, ол барынша жылдам, бар күшін салып мемлекеттік тілді дамытуы керек. Өйткені олар үшін Қазақстанда мемлекеттік тілдің толыққанды және еркін салтанат құруынан басқа берік және сенімді кепілдік жоқ.

Ал, жарайды дейік, өзін де ойламай-ақ қойсын, тек елін, жерін, халқын, ұлтын сүйсе, оның ғана қамын жесе, не істеуі керек олар сонда. Онда да билік, ең қызығы, ең алдымен тек мемлекеттік тілді дамытуы керек екен.

Мемлекетіміз ертең зайырлы, дамыған елдердің қатарына енсін десек, тек қана қарын тоқтығы мен көйлек көктігімен шектелмей, дамуды көздесе, ең басты кезек күттірмейтін мәселесі қайсы болу керек десек те, ол да баяғы – мемлекеттік тілді дамыту мәселесі болады. Өйткені зайырлылықтың басты белгісі – тілмен ғана келетін дамыған мәдениет пен жоғары өркениеттілік екені бесенеден белгілі.

Отанымыз тыныш, ұлт арасында татулық, ел ішінде ауызбіршілік болсын десек, басқа жұмыстарды қоя тұрып – онда да мемлекеттік тілді ілгерілету қажет болады.

Керісінше, ертең бір шатақ шықсын десеңіз, бейберекет оқиғалар басталғанын қаласаңыз – мемлекеттік тілді дамытуға тосқауыл қоя беріңіз. Бикфорд пілтесін тұтатса не болады, сонда соны анық көресіз. Бұдан артық диверсия таба алмайсыз...

Ұрпақ дүбара-мәнгүрт, намыссыз тобыр, бәсекеге төтеп бере алмайтын, параға сатылатын, «ит тойған жеріне» дегендей, атамекенін кез келген жатжұрттыққа опонай ауыстыра салатын азаматтық қоғам дүниеге келсін десеңіз – мемлекеттік тілді тежей берсеңіз жеткілікті.

Жалпы алғанда, Қазақ еліне неғұрлым көбірек қастандық істегісі келгендерге, бизнес-экономика тұрғысынан болсын, адам құқықтары тұрғысынан болсын, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан болсын, мәдени-психологиялық тұрғысынан болсын, таза саяси тұрғысынан болсын, ең тиімдісі – қазақтың ана тіліне тосқауылдарды қолдан жасай беру. Оның тез арада өзінің жағымсыз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Өйткені, тіл, кезінде кеңес идеологтары үйреткендей, қарым-қатынас құралы ғана емес. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің қаны да, жаны да, тәні де. Мазмұны да, формасы да, сырты да, іші де. Өз құрамына елдің де, жердің де барша ақпаратын, мәліметін, байлығын, тарихын, мәдениетін, өткені мен болашағын сыйғыза жинақтаған ғажайып құбылыс ол.

Олай болса, тіл үшін күрес – ең киелі парыз, мемлекеттік бағдар, ұлы міндет, ұлттық мақсат, халық мұратының өзі бұл.

Одан үлкен шаруа жоқ, одан асқан мұрат болмаса керек.

Міне, жоғарыда аталған осынау сара жолды өмірлік мұраты етіп, заман ағымы қалай құбылса да алған бағытынан таймай, кезелген қаруларға қасқая қарап, атылған оқтарды шыбын құрлы көрмей, мұзжарғыш кемедей жолындағы кедергілер мен қиындықтарды еңсеріп келе жатқан еңселі ағаларымыздың бірі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы бүгінде сексеннің сеңгіріне көтеріліп отыр. Ол осынау мерейлі жасқа жай келген жоқ, халқының қажетіне жарар зор рухани қазынамен, елдің сөзін ұстар, көшін бастар абыз ақсақал ретінде, туын ұстар, рухын асқақтатар қоғам қайраткері ретінде лайықты абыроймен жетіп отыр. Біз осы орайда атақты ғалым, қажырлы қоғам қайраткері Өмірзақ Айтбайұлының осы кезге дейін атқарған істерін, сіңірген еңбегін сүзгіден өткізіп, тізбелеп жатпай-ақ, тек соңғы жылдар бедеріндегі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы ретінде ұйтқы болып, іске асырылуына сеітігі тиген бірнеше қадау-қадау жобаларды атап өтумен шектелгенді жөн көрдік. «Теңіздің суы тамшысынан білінеді» дегендей, бұл Өмірзақ Айтбайұлының тұлғалық келбетін танып білуге, оның алымы мен қарымын аңғаруға мүмкіндік береді ғой деп есептейміз.

Сонымен, тек соңғы жылдар бедерінде республикалық бас бұқаралық ақпарат құралдарында жеке хат-ұсыныс түрінде, ғылыми талдаулар қорытындысы ретінде таңбаланып, жазбаша құжатталған бірқатар тұжырымдарға тоқтала кетейік.

Туымызды төмендетпей жоғары көтеріп ұстап келе жатқан даңғайыр ғалым Өмірзақ Айтбайұлы басқарып отырған миллионнан астам мүшесі бар Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы атынан Президент Әкімшілігі, Сенат пен Мәжіліс Парламенті, Үкімет, министрлер мен әкімдер, мемлекеттік ірі мекемелер, ұлттық компаниялар, азаматтық қоғам алдына бір емес, бірнеше рет жүйелі түрде, ғылыми сарабы мен дәлелі үйлескен нақты талаптар қойылып, бірқатар міндеттер жүктелді.

Оларды тағы да естеріңізге салып, тізбектеп атап өтелік.

*Бірінші талап.*

Қазақстан Республикасында ең қысқа мерзімде шұғыл «Мемлекеттік тіл туралы» заң қабылданғаны маңызды. Жаңа сайланған Парламент Мәжілісінің депутаттары осы ауадай қажет заңды кешіктірмей қолға алады деген үмітіміз зор. Көрші елдің арнайы «Мемлекеттік тіл туралы» заңымен құзыреттелген орыс тіліне бұрынғы КСРО кезеңіндегідей жармаса беруіміз, керек болса, құқықтық нонсенс. Тәуелсіздік алған және өз мемлекеттік тілі бар елге бұл ерсі, оғаштау әрекет екені сөзсіз. Өйткені, кезінде, 2007 жылы, Конституциялық кеңес өзінің арнайы қаулысымен Қазақстанда «мемлекеттік тіл мәртебесінің жоғарылығы», «қазақ тілін жеке дара немесе басымдықпен қолдану мүмкіндігі» туралы, орыс тілінің қазақ тілімен «тең» қолданылуын жаппай емес, тек белгілі шектеулі мағынада ұққан жөн екендігі туралы тайға таңба басқандай қылып, «тең қолдануды белгілемейді» дей келіп, «мемлекет мемлекеттік тілге қамқорлық көрсетуге және оның дамуын ынталандыруға, тек мемлекеттік-құқықтық реттеу саласында ғана емес, сондай-ақ қоғамның басқа да

барлық саласында оның қолданылуы мен таралуына жағдай жасауға тиіс» деп көрсеткен еді ғой.

Олай болса, мемлекеттік тілдің статусын, қолданылу тетіктерін, мемлекеттік органдардың міндеттерін белгілейтін заң әрбір тәуелсіз елде бар, мұндай заң бізде де болу керек.

Жоғары жаққа қойылған *екінші талабымыз* халық қалаулыларының тікелей өздеріне байланысты. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат пен Мәжіліс депутаттарынан мемлекеттік тілді жетік білуді және сол тілде жұмыстарын атқаруды талап ету шарты бұл.

Әрине, кейбір депутаттарымыз Парламентке, мәселен, еліміздегі өзге ұлт өкілдері тарапынан сайлануы да әбден мүмкін. Дегенмен, әр халық қалаулысы жоғары Парламент дәрежесіне көтерілген сәттен бастап ұлтымыздың бір бөлшегінің ғана өкілі болып есептелмейді. Олар – барша халқымыздың қалаулысы болады. Ал сол елдің өкілінің өз елінің дара жалғыз мемлекеттік тілін білмеуі ақылға сияр тірлік емес.

Бұл қабылданған халықаралық мызғымас қағидаға сай ұстаным. Басқаша болуы мүмкін емес. Қазірден бастап оған ұмтылу – міндетіміз.

*Үшінші талабымыз* да жоғары талапқа тікелей байланысты. Қазақстанда бүкіл заңдар және заңнама актілері мемлекеттік тілде даярлануы, талқылануы, бекітілуі және жариялануы тиіс. Бүгінгі жәйіміз мүлде басқаша, тіпті керісінше болғанын көріп біле тұра осындай мақсатты Парламент алдына қалың көпшілік атынан ашық әрі қатал қойып отырмыз. Жоғарыда аталған Конституциялық Кеңес қаулысында жазылғандай, Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар екенін және орыс тілінің онымен ешқашан тең бола алмайтынын ескерсек, мемлекеттік тілден басқа тілде даярланған заңның қаншама құқықтық салмағы бар екенін де түсіну қиын емес. Бұның өзі біздің осы талабымыздың орасан зор мәні бар екенінің тағы бір маңызды дәлелі.

#### *Төртінші талап.*

Республикада бүкіл балабақша мен бастауыш мектептерде жұмысты тек қана бір тілде – мемлекеттік тілде атқару қажеттігі. Бұғанасы әлі бекімеген, ұлттық тәрбие мен ана тілін әлі бойына толық сіңіріп үлгірмеген жастарға өзге тілдерді тықпалау – қылмыспен тең әрекет. Осы жерде біз ағылшын немесе басқа шет тілдерді Қазақстан азаматтарының меңгеруіне, терең білуіне, Елбасымыздың әр азаматымыз үш тілге жетік болсын деген тапсырмасына еш қарсы емес екенімізді баса айтқымыз келеді. Керісінше, ғалымдар дәлелдегендей, басқа бір тілді үйрену үшін бөгде тіл фактілерімен салыстыратын, оған тәржімаланатын оқушының негізгі туған тілі берік болуы негізгі шарт. Яғни бір толыққанды тілді болмаған бала ешқашан басқа тілді жарытып меңгере алмайды.

Сондықтан, біздің де, ғылымның да, дүниежүзілік практиканың да талабы бір – шет тілдер жасөспірімдерге бастауыш мектептен кейін ғана үйретілуі қажет. Жалпы алғанда, бір бөгде тілді толық меңгеріп алу үшін бір жылдық мерзім әбден жеткілікті. Ендеше, біздегідей балабақшада да, мектепте де, жоғары оқу орнында да осыған шығындана беру – сапасыздығымыздың, сауатсыздығымыздың, бос ысырапшылықтығымыздың көрінісі ғана.

Дәл солай, *бесінші талабымыз*, жетімдер үйлерінде, түрмелерде, басқа да қазынадан қаржыландырылатын мекемелерде де бүкіл жұмыс тек қана бір ғана мемлекеттік тілде жүргізілуіне міндетті. Осы мәселеге жауапты мемлекеттік органдар мен ведомстволарға тиісті тапсырманы беретін уақыт жетті.

#### *Алтыншы талап.*

Ақпараттық кеңістігімізде, ғаламтор, ТВ, радио және БАҚ-та мемлекеттік тілдің басым үстемдігін Үкімет тарапынан қамтамасыз ету қажет. Керек болса, бұл оның негізгі міндеті. Осыны тікелей іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдар жоспарлы әрі жүйелі түрде түрлі шара қолданулары лазым. Ең жоғары деңгейде талай көтерілген, Елбасымыз бірнеше рет өзі назар аударып тапсырма берген, зиялы қауым ерекше талап етіп отырған осы маңызды мәселе өзінің тиісті шешімін әлі тапқан жоқ.

*Жетінші талап.*

Ескі «Жарнама туралы» заңымыз бүгінгі заман сұраныстарына мүлде сай емес. Оны қайта қарап, жетілдіріп, өз бетімен кеткен көрнекі құралдар тілін реттеп, белгілі бір тәртіпке бағындырып, жаңа толықтырылған заң қабылдау қажет.

*Сезініші талабымыз* жер-су, елді мекен атауларына байланысты. Жаңа Парламентіміз бұрыннан айтылып келе жатқан «Ономастика туралы» заңды қабылдап ескі кеңестік және отар заманынан қалған теріс піғылды жер-су аттардан арылу, бүгінгі тәуелсіз идеологиямыз бен мәңгі ел саясатымызға, ұлттық тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызға сәйкес «картамыздың» тазаруын қамтамасыз ету қажет.

*Тоғызыншы талап* терминология мен аударма мәселелеріне байланысты. Мемлекеттік тілімізді шын мәнінде дамытамыз десек, дамыған елдердегідей және бізде бұрын болғандай Мемлекеттік терминология алқасының дәрежесі мен статусын көтерген абзал. Ол үшін, біріншіден, оны тікелей Үкімет басшысына, Премьер-Министрге бағындыру қажет. Екіншіден, алқа (комиссия) емес, кемінде, мына Ресейдегідей жеке дара Комитетке айналдырған жөн. Терминімізді жөнге келтірмей мемлекеттік тілге байланысты мәселелерді ілгерілете аламыз деген түсінік нәтиже бермейді, өйткені, мемлекеттік тіл дегеніміздің өзі – мамандар тілі, ресми тіл, яғни, терминдерден құралған тіл дегенге саяры анық.

Қазіргі кезде қолданыстағы терминжасам тәжірибесі ұлттық терминологиямыздың жүзден онын да әлі қалыптастыра алмағанын ескерсек, осы мәселенің кезектен тыс маңыздылығын түсіну қиын емес.

*Оныншы талап.*

Мемлекет басшысы, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жуырда Біріккен Ұлттар Ұйымында сөйлеген сөзі – біздің осынау талаптарымыздың ең жоғары деңгейдегі квинтэссенциясы десек қателеспейміз. Еліміздің сыртқы істер бойынша барша байланыстары, жұмыстары, іс-әрекеттері тек қана мемлекеттік тілде жүргізілуі шарт. Басқаша тірлік абырой әпермесін түсінетін уақыт жетті, ағайын. Әке-көкелеп жалбарынуды қойып, нақты ереже-тәртіпті енгізер мезгіл келді. Қашанғы бұрынғы құлақкесті кейіптен, құлдық санадан арыла алмай жүре береміз.

*Он бірінші талап.*

Қазақстан сыртындағы қазақ халқы шоғырланып отырған жерлерде қазақ тілін оқытатын орталықтарды ашып, оларды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етіп, оларды үйлестіру – байланыс көпірлерге айналдыру – ең басты парызымыз. Өйткені сырттағы қарақөздеріміздің басым көпшілігі ешқандай оралман емес. Оралман дегеніміз, халықаралық «репатриант» деген терминінің, яғни елден бір кездерде түрлі жағдайларға байланысты көшіп кеткен отандастарды, соны ғана білдіретін атау. Ондай да ағайындар бізде де, әлбетте, бар, жоқ емес. Дегенмен, Қазақстан шекарасының тысындағы қазақтың көбісі өзінің ежелгі ата-бабаларының атамекенінде отырғанын ашық айту керек. Саяси картаның тарылып, шекараның өзгеріп отыруы этнологияда болып тұратын құбылыс.

Осыған байланысты екінші жәйт, ол – шетелдегі қазақтардың санына байланысты. Тек ресми деректер бойынша оның өзі қырық пайыздан асып жығылуға жақын екен. Ресми санақтар, әдетте, шын жәйді азайтпаса, көбейтпесі анық. Біздің қолымыздағы мәліметке сүйенсек, шекаралас орналасқан елдердегі отандастарымыздың жиыны елу пайыздан кем емес. Олай болса, осы аталған екі жағдайды ескере келе, он бірінші талабымыздың да еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей байланысы барын ұғу қиын емес.

*Он екінші талап.*

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тілде іс жүргізуіне байланысты Қазақстан Республикасының ең жоғары деңгейінде нормативтік актілер қабылданды, бірнеше рет Елбасы жарлықтары шықты. Мемлекеттік тілге көшудің нақты мерзімдері де белгіленді. Орындалу мерзімдері бірнеше рет өтіп те кетті. Бірақ соңғы нәтижелер әлі де

көңіл көншітер емес. Біраз аудан, қала, облыс деңгейлерінде талай оңды өзгерістер болып жатса да, осы өрескел фактіні ашық айтпасқа амал жоқ, үдеріске дәл қазір үлкен тежеу болып отырған – мемлекеттік органдарымыздың ең жоғары сатысы: министрлеріміз, депутаттарымыз, Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің жоғары лауазымды тұлғалары. Оларға бола бүкіл жұртшылық қазақша жазғандарын қайталап тәржімалауға, не берсе де міндетті түрде екі тілде даярлауға, ресми жиналыстарда тілін сындырып орысша (көрші шет елдің мемлекеттік тілінде) сөйлеуге мәжбүр.

Осы маңызды мәселені қатаң қадағалауға алатын уақыт келді. Елбасы жарлығын орындамаған мемлекеттік қызметкерлер өз орындарын босатып, басқа лайықты азаматтарға берулері керек.

*Он үшінші талап.*

Мемлекеттік тілде сөйлеу мен жазу мәдениетіне байланысты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдаған жөн. БАҚ, ТВ және радио тілі, ресми құжаттардың тілдік сапасы сын көтермейтін дәрежеде екеніне назар аударғанымызға біраз уақыт болды. Өз тілін сыйламаған ел алысқа бара алмасы анық. Дүбара, шата-шапмақ, мәңгүрт ұрпақты тәрбиелегіміз келмесе, дереу осы дерттің алдын алған абзал.

*Он төртінші талап – әліпбиімізге байланысты.*

Бізге зорлықпен телінген және туған тілімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын алфавиттен арылу – кезек күттірмейтін іс. және мақсатымыз жәй жаңа әліпбиге көше салу емес екенін де білген абзал. Негізгі мақсатымыз барша дүние жүзіндегі түркі халықтарымен – ортақ және бір. Ол – ортақ, әр тілде бірдей дыбысталатын дыбыстарымызды ортақ, бірдей таңбалармен, әріптермен таңбаласақ деген принцип болу керек. Сонда ғана тілі мен ділі жақын түркі ұлыстары бір-біріне жақындай түсу мүмкіншілігіне қол жеткізулері мүмкін. Өйткені, жүзден астам түркі тілдерінің ғажап бір ерекшелігі – барша тілде сөздері еш өзгерместей бірдей болғаны, бір қалыпта сақталғаны. *Аяқ, ат, ер, ата, алтын, арқа, ақ, қара* ж.б. осы секілді сөздер үш жүз миллионнан астам түркі елдерінде бір-бірінен айнымаған бір нұсқада. Біздің айырмашылығымыз, бір-бірімізді кейде түсінбеуіміз – кірме, бөгде, шетелден алынған сөздерге ғана байланысты екенін мамандар жақсы біледі.

Басқа түркі мемлекеттері секілді біздер де латын алфавитіне көшкен кезден бастап түркі әлемі кеңістігінде өзіміздің табиғи және тарихи, геосаяси және мәдени аманатты, ата-бабалардың бата-өсиетін іске асыруға толық мүмкіншілікке ие бола аламыз.

Осы талаптар жүзеге асқан кезде ғана Қазақстан барша түркі халықтарының – ата-мекені, қазақ тілі – ең байырғы әрі ең бай түркі тілі, қазақ мәдениеті – ең іргелі әрі басты бағдар сілтер қасиеттерге ие мәдениет ретінде байтақ еуразиялық масштабта игілігін адамзатқа паш етуге қол жеткізері айқын.

Олай болса, осынау ауыр жүкті қайтпас қара нардай арқалап, еліміздің рух байрағын берік ұстап, жайнаған туын жоғары көтеріп, жоғарыда тізбектелген маңызы зор талаптарды билікке де, азаматтық қоғамға да қоя білген, қайсар да жайсаң академик ағамыз – Өмірзақ Айтбайұлына қажымас қайрат пен зор денсаулық тілейміз. Көпке бағдар болар – көктегі темірқазықтай жарқырай беруін, ойға азық болар – көшелі ғылыми дүниелерінің қоздай беруін, өмірдің өр белестерінде абырой мен алғысқа бөлене беруін қалаймыз.

***Құрманбайұлы Ш.***

*филология ғылымының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі*

### **Өмірзақ Айтбайұлы және қазақ терминологиясының мәселелері**

Қазақтың бүгінгі терминдер қорының қалыптасуы өз бастауын сонау көне, орта ғасырлардан алып жатқанымен, терминтанудың жеке ғылым ретінде дамуы, пән сөз-

дерін мақсатты түрде жасау үрдісі Ахандардан, XX ғасыр басындағы алаш оқымыстыларының еңбектерінен басталады. Сол кезеңде жазылған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жұмақан Күдеріұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды зиялылардың еңбектері арқылы қазақ тіліндегі көптеген терминдер қолданысқа енді.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде тұңғыш рет қазақ терминологиясы дамуының қағидаттары жасалып, бағыт-бағдары белгіленді [1]. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Бакуде өткен бүкілодақтық құрылтайда қазақ оқығандарының жасаған терминологияны дамыту қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсынды. Бұл осы кезеңнің үлкен жетістігі еді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан мен Ахан бастаған бүкіл алаш зиялылары осы қағидаттарды негізге ала отырып, ұлт тіліндегі терминологиялық қорды жасауға үлкен үлес қосты. Осы кезеңде жазылған А.Байтұрсынұлының, Қ.Кемеңгерұлының, Х.Досмұхамедұлының, Елдес Омарұлының еңбектері мен термин жайлы пікірлері, Нәзір Төрекұлұлының «Жат сөздер» [2] еңбегі қазақ терминологиясының бастауында тұрған аса құнды дүниелер.

XX ғасыр басында оқулық, оқу құралдарын жазған және ондай құралдарды орыс тілінен аударған қазақ оқығандары терминдерді ұлт тілінде жасауға, ұлттық терминқор қалыптастыруға көп мән берді. Пән сөздерін қазақ тілінде жасау – олардың термин шығармашылығында, терминжасам үдерісінде ұстанған басты бағыты, негізгі ұстанымы. Олардың жазған оқулықтары мен аудармаларындағы терминдердің 90-95 пайызы қазақтың төл сөздері негізінде жасалған терминдер болды. Шамамен 5-10 пайыздайы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделіп алынған кірме терминдер еді. Өткен ғасыр басында еңбек еткен қазақ білімпаздары өздерінің оқу-ағарту, ғылыми қызметпен белсенді түрде айналысқан 15-20 жылдық мерзімді ғана қамтыған кезеңінде мектепте оқытылатын негізі пәндер мен кейбір ғылым салаларының терминологиясын ұлт тілінде жасап, қолданысқа енгізді. Қазақ тілінің білім беру мен ғылым тілі, баспасөз тілі, көркем проза тілі ретінде қалыптасуының негізін қалап берген де осы XX басындағы ұлт жұмысы жолына жандарын пайда еткен алаш зиялылары.

Ал отызыншы жылдардың басынан бастап қазақ терминологиясының жаңа кеңестік кезеңі басталды. Бұл кезеңде қазақ оқығандары тіліміздің терминдер қорын қалыптастырудың бағыт-бағдарын өздері дербес белгілей алған жоқ. КСРО-ның тіл саясатына сәйкес ұлттық республикаларға кеңес халқына ортақ жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағыты ұсынылды. Кеңес халқының ортақ терминдері мол ғылыми тілін қалыптастыру мақсаты көзделді. Кеңес Одағының құрамына кірген көптеген ұлттардың тілдерінде термин жасау мен оларды өзге тілдерден қабылдаудың негізгі қағидаттарын да КСРО орталығы белгілеп берді. Одақ құрамына кіретін халықтардың тілдерін жақындату мақсатымен, алып мемлекеттің ортақ ғылым тілі ретінде орыс тілін үлгі етіп, терминдерді өзге тілдердің орыс тілінен қабылдауына негіз қаланды. Тіл саясатында осындай жағдайдың орын алуы ұлттық республикалардың көбінде терминтанудың ғылым ретінде өркендеп, терминжасамның дамуына кері әсерін тигізді. Ұлт тілдерінде терминдерді орыс тілінен қабылдау үрдісі орнықты. Алаш қайраткерлері белгілеген терминдер қорын қалыптастыру бағыты жалғасын таппады. Дәл осы күрделі кезеңде терминологиялық жұмыстарды жүргізу ісінің тізгінін көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов қолға алды. Белсенді қызмет атқара бастаған ғалым көп ұзамай, сол отызыншы жылдардың ортасында қуғын-сүргін құрбаны болды. Қуғын-сүргін аяқталысымен, қырықыншы жылдардың басында екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Терминологиялық жұмыстар тағы да он шақты жылға тоқтап, саябырлап қалды. Қырықыншы жылдардың аяқ шенінен бастап, жалпыкеңестік терминқор (общесоветский терминологический фонд) қалыптастыру бағытындағы жұмыстар қайта жанданды. Сол жылдары бізде де терминологиялық сөздіктер сериясы шықты.

50-жылдардан кейін әр жылдары терминология мәселелеріне арналған Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық сияқты белгілі ғалымдардың жекелеген ғылыми мақалалары жарық көрді. Дегенмен, терминология мәселелерін арнайы зерттеген, осы салаға көбірек ден қойған мамандар болғанын да айтуға тиіспіз. Тіл білімі институтында 60-80 жылдары терминология мәселелерімен көбірек айналысқан ғалым Айтым Әбдірахманов болды. Ғалымның негізгі зерттеу саласы ономастика болып саналғанымен, ол терминком жұмысы мен терминологиялық сөздіктер жасау, терминдерді реттеу мәселелеріне де атсалысты. Тілші-ғалымның Мемтерминком жұмысын жүргізудегі белсенді қызметін айтқан абзал. Ал 80-жылдардың басынан бастап оған дейін негізінен аударма, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеумен айналысып келген Өмірзақ Айтбайұлының терминология мәселелеріне арналған еңбектері жиірек жариялана бастады. Мәселен, сол жылдары зерттеушінің «Қазақ әдеби тілі терминологиясының мәселелері» (1984), «Термин және оның дәуірлік сипаты» (1986) сияқты мақалалары жарық көрді. 1988-жылы «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» [3] атты монографиясы баспадан шықты. Ғалымның бұл еңбегі кеңестік кезең соңына қарай жарияланған терминология мәселелерін зерттеуге арналған жалғыз ғана монографиялық еңбек деуге болады. Осы зерттеулерінің негізінде оған А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі жөнінде қоса отырып ол 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл зерттеулерді академик Ө.Айтбайұлының терминология саласындағы басты еңбектері десек, орынды болар деп ойлаймыз. Ғалымның терминология саласындағы негізгі еңбектері 1980-2000 жылдар арасында жазылған. Бұдан Өмекеңнің терминология мәселелеріне негізінен 80жылдардан кейін көбірек ден қойғанын көруге болады.

Өмекең 1981-1989 және 1995-2005 жылдар аралығында он бес жылдан астам Тіл білімі институтының терминология мен аударма теориясы бөлімінің меңгерушісі болды. Терминологияның түрлі мәселелерін зерттеуге арналған тақырыптарға басшылық жасады. Термин жасау тәсілдері мен терминдер қорын құруда пайдаланылатын тілдің лексикалық көздерін қарастырды. Қазақ терминологиясы дамуы кезеңдерінің сипатын сөз етті. ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі болып та терминдерді біріздендіруге өз үлесін қосты.

Ғалымның терминтану саласындағы негізгі еңбегінің бірі «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында» терминдердің жасалу көздері, алғашқы газет-журналдардың термин жасаудағы рөлі, жазу мен терминология, аударма мен терминология, термин жасаудың негізгі тәсілдері қарастырылды. Өмірзақ Айтбайұлы қазақ терминологиясы дамуының осы екі кезеңінде де терминтану саласында еңбек етіп, ғылыми зерттеулерін жариялаған ғалым. Оның кеңестік кезең мен қазіргі қазақ қоғамы тұсындағы жазған еңбектерінен әр кезеңнің өзіндік сипатын, заман ағымын, көзқарастар қайшылығын, ресми саясат пен идеологияның ғылымға ықпалын, ғалымдардың әр кезеңдегі ұстанымдарын көруге болады. Әсіресе, әліпби ауыстыру, араб, латын, орыс әліпбиінің ерекшеліктері, халықаралық терминдер мен кірме терминдерді жазу, тілімізге қабылдау мәселелеріне қатысты жазғандарынан кезең келбеті мен өз ұстанымы анық байқалады. Сондай-ақ ғалымның Тәуелсіздік тұсында жазылған еңбектерінен де бүгінгі жаңа заманның әсерін, терминологиядағы бетбұрыстың ғалым шығармашылығынан қалай көрініс тапқанын көруге болады. Өмекең терминтанудағы екі кезеңнің куәсі ғана емес, терминология дамуына сол кезеңдер тұрғысынан баға беріп, ой қорытқан, өз пайымдаулары мен көзқарасын ашық білдірген ғалым. Оның термин, терминология жайлы жазылған еңбектерінің 90-жылдарға дейінгі кезең туралы еңбек жазып кеткен немесе 90-жылдардан кейінгі жылдарда терминтануға араласқан ғалымдар шығармашылығынан бір өзгешелігі де осында.

Өмекеңнің замандастарының арасында 80жылдардың соңынан бастап терминология саласында өнімді еңбек еткен ғалымдардың бірі – Байынқол Қалиұлы. Белгілі



тілші-ғалым 1989-1995 жылдар аралығында Тіл білімі институтының терминология бөлімін басқарды. Терминологияның түрлі мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер, ғылыми мақалалар жазды. Институттың ғылыми-зерттеу тақырыптарына жетекшілік етті. Ол кезеңнен бастап, терминтану саласы бойынша ғылым докторлары мен көптеген филология ғылымының кандидаттарын даярлады. Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысына белсене араласты. Ол негізінен лексикология, лексикография саласының тәжірибелі маманы болғандықтан әрі бұл мәселеге қатысты жекелеген мақалалар да жазып келгендіктен, күні кешеге дейін лексикологияның бір тарамағы саналып келген терминологияға бірден кірігіп, жұмысына қызу араласып кетті. Термин, терминология мәселелерінен қазір де шет қалмай, оның түрлі мәселелерін қарастыруға арналған еңбектерін жариялап келеді.

2000-жылдардан кейін де терминтанушылар қатары жаңа буын өкілдерімен толықты. Е.Әбдірәсілов, Қ.Айдарбек, С.Исақова сынды тіл мамандары докторлық диссертацияларын осы сала бойынша қорғап, қазір де өнімді еңбек етіп жүр. Жалпы осы кезеңде термин, терминология мәселелері қарқынды зерттелді. Терминология мәселелерін зерттеуге қызығушылық танытушылар қатары күрт артты. Ел Тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан бергі кезеңде тікелей термин, терминология мәселелерін зерттеулеріне арқау еткен 7 докторлық, 50-ден астам кандидаттық диссертация қорғалды. Олардың арасында тек филологтар ғана емес, басқа саланың, гуманитарлық, қоғамдық ғылымдарды айтпағанда, математика, химия сияқты ғылым салаларының мамандары да бар.

Терминология мен ономастика кеңестік тіл саясаттың салқыны көбірек тиген, сондықтан да оның зардаптарынан арылу да оңай болмай тұрған салалар. Кеңес идеологиясы дәуірлеп тұрған заманда ғалым ретінде қалыптасып, еңбектер жазған ғалымдардың қоғам өмірінде болған өзгерістерге қазіргі уақыт тұрғысынан баға беруіне, өткеніне сын көзбен қарауына тура келді. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар өкілдеріне оңай соққан жоқ. Кеңестік теорияларға негізделіп жазылған еңбектерде сол заман талаптарына жауап бергенмен жаңа заман, жаңа қоғамға сәйкесе қоймайтын тұстар аз емес еді. Сол өліара кезеңде идеологиялық тұрғыдан дағдару анық байқалды. Дәл сол тәуелсіздік таңының шапағын алғаш көріп, сол кезеңде ғылымға келген біздің буын мұны алдымен сезінді. Тәуелсіздікпен бірге келген еркіндік рухынан қуаттанып, жаңа леп, жаңа қарқынмен келген жас буынның арыны қанша жерден күшті болғанмен олардың алдында кеңестік кезеңде ғалым ретінде қалыптасқан, ғылымның тізгінін ұстап отырған аға ұрпақтан құралған ғылыми қауым, алдыңғы толқын ағалар тұр еді. Олардың арасында кеңестік идеология санасына әбден сіңіп, кеңестік теориялар миында берік орнығып қалғандар да, өткеніне сын көзбен қарап, бүгінгі заман талабы мен сұранысын сергек сараптай алатындар да бар еді. Қазақ тіл білімі де бұл кезеңді басынан кешірді. Жолайрықта тұрғанда дұрыс таңдау жасау қашанда маңызды. Қазақ терминологиясының Тәуелсіздік таңы атқан тұстағы бағыт-бағдарын белгілеп, ескі сүрлеуден шығып жаңа уақытқа сай даму жолын таңдауда 1993 жылы жарық көрген академик Ә.Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» [4] атты шағын еңбегінің рөлі айрықша болды. Бұл қазақ тіл біліміндегі, терминологиядағы советтік идеологияның салып берген сара жолынан шығып, шын мәнінде жаңаша ойлауға үндеген тілші ғалымдардың аға буыны тарапынан айтылған алғашқы ғылыми пайымдаулардың бірі еді. Ғалымның бұл еңбегі терминология саласында еңбек етіп жүрген замандас әріптестеріне де, сол кезеңде ғылымға жаңа аяқ басқан бізге де өткен мен бүгінді сараптауға, салыстыруға, өз жолымызды, бағытымызды таңдауға септігін тигізді.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы жалпы болмысынан көпқырлы, нені қарастырса да ауқымын кеңінен қамтитын құшағы кең адам. Оны ғалымның тіл білімі саласындағы зерттеулерінен де көруге болады. Ол бір ғана саламен шектеліп қалмай, аударма, сөз мәдениеті, фразеология, әдеби тіл, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, орфография мәселелерін қарастыруға арналған еңбектер де жазды.

Өмекең өнер қонған отбасында туған, өзі де өнерпаз жан. Домбырамен ән шырқап, күй шертудің, жиын-той басқарудың да шебері. Ол жалпы ән-жырға жаны құмар, қазақтың өнерін құрметтейтін азамат.

Ол шығармашылықтағы еңбек жолын журналист болып бастаған. Университетті бітіре салысымен 1959-1962 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет етті. Осы жылдарда оның газетке тән жазу мәнерін меңгеріп, жедел жазуға үйреніп, публицистикалық стильге төселгені көрінеді. Оның бірқатар еңбектерінен, алдындағы ағалары, замандастары туралы жазған көптеген мақалаларынан газеттен алған жазу машығын жоғалтпай, ғылымда жүріп те шыңдай түскенін аңғаруға болады. Ол газет-журналға жиі жазады, еңбектерінің елеулі бөлігі газет-журналдарда жарияланған мақалалар мен сұхбаттар.

1962 жылы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері болып қабылданған жас маман араға он жылға жуық уақыт салып, 1971 жылы «Максим Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Сәл кейінірек 1975 жылы «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» аты еңбегі жарық көрді. Яғни, ол көркем аударма мәселесін, оның ішінде фразеологизмдердің аударылу жайын арнайы зерттеген тіл мамандарының бірі. Мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің тілімізге аударылу мәселесі бүгін де толық шешімін тапты деуге ерте. Өмекең қарастырған бағыттағы зерттеулер әлі де жаласын табары сөзсіз.

Замандас әріптестері, тіл саласындағы белгілі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы туралы ең көп жазған тіл мамандарының бірі Өмекең. Оның соңғы шыққан бес томдық кітабының «Тілғұмырлар» [5] деп аталатын бір томы тілшілер туралы мерейтойлық және ғалымдарың өмірі мен шығармашылығына арналуы соны көрсетеді.

Біз академик Өмірзақ Айтбайұлын қазақ тілінің үлкен жанашыры, тіл майданының қажымас қайраткері ретінде танимыз. Ол тіліміздің ел аумағында, өмірдің түрлі саласында кеңінен қолданылуына қол жеткізу жолында тынбай еңбек етіп, өзінің көп күш-жігерін жұмсап келеді. Оның бұл бағыттағы атқарған істері, өңір-өңірлердегі өткізген түрлі жиындары, көтерген мәселелері, ұйымдастырған шаралары өз алдына бір төбе. Ол тілдің жайы сөз болған жерден ешқашан сырт қалмайды, әр кез сол істердің бел ортасында, басы-қасында жүреді. Қазақ тілінің тағдыры, бүгінгі мен болашығы сөз болған жердің бәрінде де ол белсенді. Бұл істе самарқаулық танытқанын көрмейсіз. Бүгінгі сексеннің сеңгіріне көтерілген шағында да ол шаршамай-талмай, тіл майданының туын ұстап, тіліміздің тұғырын биіктету мақсатымен айналасына топтасқан інілерін бастап келеді. Бес томдық шығармаларының жинағының үшінші кітабы «Тілтіресте» [6] оның мемлекеттік тілдің қолданысы жөніндегі баяндама, сұхбат, өзіндік топшылаулары қамтылуы осы істегі белсенді қызметінен хабардар етеді.

Өмірзақ Айтбайұлының тіл қайраткері ретінде ұлт тілінің мүддесіне қызмет етуі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуымен тығыз байланысты. 90-жылдары академик Әбдуәли Қайдар басқарған бұл ұйым қоғамдық санаға үлкен қозғау салды. «Қазақ тілі» қоғамы алғашқы он шақты жыл мерзімде ел қолдауына ерекше ие болды. Өмекең де осы кезеңнен бастап, Әбекеңмен қатар жүріп тіл жұмысына араласты. Әбекең тіл майданында өзімен қатар жүріп шыңдалған үзеңгілес, әріптес інісіне қоғам тізгінін сеніп тапсырды. Сабақтастық сақталды. Қоғам құрылған күннен бастап оның бар тірлігіне араласқан Өмекең, мол тәжірибесін пайдаланып, кейінгі жылдары қоғам жұмысына жетекшілік етіп келеді. Ол басқарған қоғам түрлі шаралар өткізіп, тіл мәселелерін көтеруден шет қалған емес.

Өмекең бүгін академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтар мен Телғожа Жанұзақ сияқты аға буын бастаған тіл ғылымы көшінің белгілі өкілі ретінде қазақ тіліне қызмет етіп келеді. Әсіресе, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің бар саласында кеңінен қолданылып, тіліміздің өз еліміздегі тұғыры

биік болу үшін күресіп, ұлт тілінің тағдыры үшін жаны күйіп жүргендер арасында оның үні анық естіледі. Сексенінде сергек келе жатқан ағамыздың тоқсанында да тіл майданының алғы шебінде, тілші ғалымдар қауымының арасында еңсесі биік қалпында еңбек етіп жүруін тілейміз.

### Әдебиет

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. [Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған Ш.Құрманбайұлы]. – Алматы, 2005. – 144.
2. Төрекұлұлы Н. Жат сөздер. [Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған Ш.Құрманбайұлы]. – Алматы, 2005. – 72.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 208.
4. Қайдаров Ө.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43.
5. Айтбайұлы Ө. Тілғұмырлар: [қазақ лингвистері мен тіл жанашырлары]. – Алматы, 2014. – 400.
6. Айтбайұлы Ө. Тілтірес: [мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлар, сұхбаттар, тұжырымдар, баяндамалар, мақалалар] – Алматы, 2014. – 400.

**Жанұзақ Т.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, ф.ғ.д., проф*

### Қазақ терминологиясының сардары

Қазақ тіл білімінің тарланы А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов тіліміздегі терминологияның негізін алғаш рет қалаған ата ғалымдар болсы, бүгінде қоғам қайраткері, академик Ө.Айтбаевтың есімі қазақ терминологиясының сардары әрі ана тілінің абызы ретінде көпке кеңінен мәлім.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірер 1959 жылы Ө.Айтбайұлы «Социалистік Қазақстан» газетіне орналасып, 3 жылдан астам уақыт әдеби қызметкер болып қызмет атқарады. Онда ол журналистік қаламы төселіп, бірсыпыра мақалалары мен очерктері жарық көреді. Бірақ қаламгерлік өнер оны еліктіре түскенмен, ғылымға, туған тілге деген ықыласы ақыры Ө.Айтбайұлын 1962 ж. Ғылым академиясының Тіл білімі институтына түпкілікті алып келеді. Осыдан бастап күні бүгінге дейін, яғни 54 жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Оның Институтқа ауысуының басты себебі – тумысынан туған ана тілін пір тұтып, ерекше қастерлеуінде еді. Сондықтан да ана тілін зерттеп, оған қызмет етуге барша өмірін бағыштап келеді.

«Елу жылда ел жаңа...» демекші бұл күнде сол азамат Өмірзақ Айтбайұлы – көптің құрметіне бөленген белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

«Жақсының жақсылығын айт ырысы тасысын» деген ғой. Академик Ө.Айтбайұлының өмір жолы мен қоғамдық қызметі жұртшылыққа кеңінен баян десек, артық айтпаспыз. Семейге іссапармен барғанымызда жас талап ақын студенттердің «Жас жүрек жайып саусағын» атты өлеңдер жинағынан Рысбекова Айжанның «Арнау» (академик Өмірзақ Айтбайұлына) атты мейірбан жүрегінен шыққан тамаша өлеңін оқып, дән риза болғанымыз бар. Сол өлең жолдарының бір тұсында:

«Ғылымға қосып үлесті,  
Өмірден орын тауыпты.

Тәрбиелеп өсірген,  
Қаншама дана алыпты.  
Адамдық қасиеттерді  
Бойына шәкірт дарытты.  
Қазақ тілі үшін күресіп,  
Жүрегін әр кез жаныпты.  
Елбасының өзінен  
Емтиханды алыпты.  
Үлес қосып қоғамға  
Талай жерге барыпты.  
Өмірзақ ағам ардақты  
Ойлап жүрген халықты», – деп толғапты.

Мінеки, өрімдей жеткіншек, талшыбықтай балғын жастың ғалым, қайраткер, ұстаз ағасы туралы жүрек жарды, шынайы пәк сөзі осылай.

Соншама биіктікке көтерілсе де менмендіктен бойы ада ғалымның парасат-пайымы зор, кішілік, кісілігімен, маңғаз мінезі, тектілік болмысы, адамгершілік қасиеті мен ұйымдастырушылық қабілетіне дән риза болып, аспанға көтерер өзінің өсіп-өнген ортасы, алақанына салып аялаған алтын ұя ұжымы, алдағы ағалары мен тең құрбы-замандастары, ізбасар іні- қарындастары, ел-жұрты.

Институт табалдырығын алғаш аттап, ғылымға бой ұрған ол көрнекті тіл мамандары: М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, әйгілі аудармашы, жазушы-ғалымдар С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиевтерден үлгі-өнеге, тәрбие ала жүріп, ақыл-кеңестерін тыңдады. Қазақ тіл білімінің кенжелеп зерттеле бастаған саласы аударма мәселесімен шұғылданып, ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасай жүріп, ғылыми ортада таныла бастады.

1971 жылы «М.Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Ғалым бұл жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар Журналистер одағының мүшесі ретінде журналистік қызметін де қоса алып жүре береді. Қазақ қауымының өмірі, әлеуметтік болмыс-бітімі, қазақ өнері мен әдебиетінің келелі мәселелері, өнер адамдарының тағдыры, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің тұрмыс жайы т.б. туралы очерк, новеллалар жазуын жалғастыра түседі.

1975 жылы Ө.Айтбайұлының «Ғылым» баспасынан «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деп аталатын монографиялық зерттеу еңбегі жарық көріп, аударма проблемаларының күрделі мәселелерін қарастырған тұңғыш зерттеу жұмысы ретінде баспасөз бетінде, автордың келелі табысы ретінде, жоғары бағаланды. Шындығында, аталмыш еңбек қазақ аударма ғылымының қалыптасуына қосылған елеулі үлес еді.

1981-1999 жылдары «Терминология және аударма теориясы» бөлімінің меңгерушісі болып істеген кезде оның ғылыми- зерттеушілік, ғылымды ұйымдастырушылық қабілеті айқын да анық, жемісті бола бастайды. Ғалымның басшылығы және қатысуымен бірнеше ұжымдық кітап (Тіл мәдениеті және баспасөз. 1968; Өрелі өнер. 1976; Сөз өнері, 1978; Ұлт саясатын бұрмалаушылар. 1981; Қазақ терминологиясының мәселелері. 1986; Термин және олардың аудармалары. 1990 ж.) баспадан шыққан болатын.

Ө.Айтбайұлы бұл кездері қазақ терминологиясы мен аударма саласында жан-жақты ізденістер жүргізіп, зерттеу ауқымын кеңейте түседі. Ол қиын да күрделі осы саладағы мәселелерге әлемдік ғылыми ой-пікірлерді саралай келіп, қазақ тілінің өз табиғатына тән заңдылықтарға бой ұрып, тың зерттеулерді жүргізіп отырады. Бұл жөніндегі өзінің байқау, болжамдарын мақала түрінде республикалық, одақтық ба-сылымдарда жариялап, ғылыми- теориялық конференцияларда баяндамалар жасады.

Қазақ тіл білімінің түйінді мәселелеріне, әсіресе терминология, тіл мәдениеті, аудармаға байланысты жасаған баяндамалары өзінің дәйектілігімен, ойлылығымен ғылыми жұртшылыққа мәлім. Сол баяндамалардың жалпы саны – 40-тан асады. Оның біразы халықаралық, одақтық, республикалық конференцияларда (Алматы, Ташкент, Қарағанды, Стамбул, Пекин қалаларында) жасалған еді.

Бөлім меңгерушісі ретінде «Қазақ терминологиясының жасалу көздері» (1981-1984) және «Қазақ әдеби терминологиялық лексикасының дамуы» (1985-1991), «Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері» (1997-1999) атты күрделі тақырыптарға жетекшілік жасады. Бұл кезде бұрын істелмеген, мүлде қолға алынбаған шаруа бөлімде терминологиялық картотека базасы, яғни 500 мыңға жуық картотекалық қордың негізі қаланды. Ғылымның ірі-ірі бес саласы бойынша жасалған бұл материал түрлі сөздіктер жасауға, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласы, биология ғылымдары, физика-математика ғылымдары, жер туралы ғылым мен техника ғылымдарының саласы бойынша өте пайдалы еді. Осылардың ішінен «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінің» екі томдығы жасалып, оған Ө.Айтбайұлы телавтор және жауапты редактор болды. Ғалымның соны еңбектерінің бірі – қазақ тіл білімінде тұңғыш рет қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы жайында 1988 ж. жарыққа шығарған «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты көлемді де мазмұнды монография. Ол туралы кезінде баспасөзде бірнеше жағымды рецензиялар жазылып, ғалымдар жоғары бағалаған-ды.

Академик Ө.Айтбайұлының ғылыми ой-тұжырымдары аталған салалармен ғана шектелмейді. Қазақ тіл білімінің лексикология, диалектология, ономастика, әдеби тіл, мемлекеттік тіл, стилистика, тіл мәдениеті, аударма салалары бойынша да ізденістері аз емес. Қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелері туралы көп жылғы ізденістері негізінде 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Оның бұл жұмысы тың мәселені қозғап, айтарлықтай жаңалықтар ашып берді. Ең алдымен, бұған дейін ғылым әлемінде, тарихымызда сыры жұмбақ болып келген арыстарымыз – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының мұралары мен еңбектері тұңғыш рет тілдік тұрғыдан талданып, лайықты бағасын алды. Әсіресе А. Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасын дамытудағы, оның ішінде қазақ терминологиясын жасаудағы зерделі ой-пікірлері мен ғылыми орны жан-жақты сараланып дәлелденді.

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген атакты нақылына сай Ө.Айтбайұлы ғылыми жұмыспен қатар ұстаздық өнеге танытып жүрген ғалым. 1980 жылдардан бастап Қарағанды, Қызылорда, Шымкент, Алматы қалаларындағы жоғары оқу орындарында Мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде және дәріс оқу арқылы тіл мамандарын, жалпы филологтарды дайындауға үлкен үлес қосып келеді. Ол 1994-1995 жылдары Алматы Қыздар институтының, ал 1996-1997 жылдары Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры ретінде дәріс берді. 1998 оқу жылынан «Қайнар» университеті филология факультетінің деканы әрі профессоры ретінде өнімді еңбек етті. Бұл университетте ол «Тіл біліміне кіріспе» пәні мен қазақ тілі лексикологиясы бойынша дәріс оқып, арнаулысеминар өткізеді... «Қайнар» университеті филология факультетінің түлектеріне арнаған оқулықтары да жарық көрді.

Академик Ө.Айтбайұлының ғылымды ұйымдастыру, ұстаздық жұмыс атқаруымен бірге қайраткерлік қабілетінің айқын көрінуі «Қазақ тілі» қоғамындағы жұмыстармен тікелей байланысты. Ана тіліне саналы өмірін сарп етіп келе жатқан азамат 80-жылдың бас кезінен-ақ тіліміздің әлеуметтік болмысын, қоғамдық қызметін айқындап, оның беделін көтеру үшін, соған иелік жасайтын бір ұйым құруды армандады. Сөйтіп, 1989 ж. «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, оның президенті болып Ө.Қайдар, вице-прези-

денті болып Ө.Айтбайұлы сайланды. Осы кезден бастап ол қоғам қайраткері ретінде әрдайым тіл мен діл жолындағы зиялы қауым ұмтылыстарының көшбасшыларының бірі болып келеді. Ол академик Ө.Қайдармен бірге қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуға қажетті шаралардың бәріне қатысып, қызмет етті. Мемлекеттік Бағдарламаның түзілуіне, Қоғам Жарғысы мен Бағдарламасын дайындауға белсене атсалысты. Қоғамның жергілікті ұйымдарын құруда облыстық, қалалық, аудандық ұйымдардың жиындарына қатысып, ұйымдастыру жұмыстарын өткізуде де еңбегі ерекше.

Қоғамның тілге қатысты мәселелерінің бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірден-бір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырғаны да көпке аян. Ғылыми-практикалық конференциялар мен қоғамның алқа жиындарында баяндама жасап, басқару істерінде тынбай еңбектеніп келе жатқаны да баршаға аян.

Академик Ө.Қайдармен бірлесе отырып, Қоғам мүшелерін республикадан тыс жерлерде де ашудың мәселелерін түбегейлі шешуге қатысып, сыртта жүрген отандастар тағдырын да ойластырды. Осы мақсатпен ол Мәскеу, Астрахан қалаларында болып, қалалық ұйымда конференцияларына қатысты. Сол жылдары Киев, Вильнюс, Рига, Таллин қалаларына барып, сол қалалардағы тіл қауымдастықтарының жұмысымен танысып, тәжірибе жинақтаумен шұғылданса, Омбы, Қорған, Орынбор, Сарытау, Санкт-Петербург т.б. қалалардағы бөлімшелерге нақты әдістемелік кеңес берумен де шұғылданды. Оның өте-мөте АҚШ, Англия, Сауд Аравиясы, Қытай, Түркия мемлекеттерінде болып, онда да ұйым құру жөнінде нақты іс-әрекет жасауы, сөз қозғауы айрықша еңбек еді. Соның нәтижесі аяқсыз қалмай, аталған жерлердің көбінде қазір қоғам бөлімдерінің жұмыс істеуі қуанышты жайт. Сол сияқты туысқан қырғыз халқының тіл қоғамын құруда да Ө.Айтбайұлы еңбегі зор. Қазір ол республикада да «Қырғыз тілі» қоғамы жұмыс істеп отыр.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткізу идеясын да көтергендердің бірі – «Қазақ тілі» қоғамы еді. Өзге қоғамдық ұйымдармен қатар (Жазушылар одағы, «Қазақстан» қоғамы) мұның ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында Ө.Қайдармен бірге Ө.Айтбайұлы тұрды.

Ғалымның ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық еңбегіне арнаған баяндама, мақалалары, қазақ қауымына ой салар, әсіресе жас ұрпақтарға үлгі, өнеге болар өрелі ойларға толы. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы, К.Жұбанов, С.Талжанов, М.Балақасев, І.Кеңесбаев, Ө.Қайдар, З.Ахметов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, С.Исаев, Р.Әміров, Т.Қоңыров, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар жұмыстарына жасаған талдамалары мен өмірнамаларын еске алсақ та жеткілікті. Ғалымдардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысумен қатар қоғамдық жұмыстарды атқаруларының да өресі кең. Академик Ө.Айтбайұлының бұл салада тындырған істері де айтулы, аса маңызды.

Ол бірнеше жыл бойы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, ғалым хатшысы ретінде де пайдалы жұмыстар атқарды. Ғылымның түрлі саласында өмірге келіп, ала-құла қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми тұрғыдан реттеліп жүйеленуіне де атсалысты. Биология, физиология, химия, физика, математика, теміржол, музыка, спорт, әдебиет, тіл білімі, педагогика, психология, медицина, компьютер саласына қатысты терминдерді, сөздіктерді рет-ретімен Мемтерминком талқысына салып, жұртшылыққа ұсынуға оның үлесі мол. Әсіресе Мемтерминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуде де Ө.Айтбайұлының іс-әрекетімен тікелей байланысты. Сонымен бірге ғалым Тіл білімі бойынша кадрлар дайындау, жас мамандардың өсіп, жетілуіне қолғабыс жасап, үнемі қолдау барысында да тынымсыз еңбек етіп келеді. Тікелей ғылыми жетекшілік жасауының нәтижесінде ондаған шәкірттері диссертацияларын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге де ие болды. 1980 жылдан күні бүгінге дейін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы «Түркі тілдері» маман-

дығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің белсенді мүшесі болды.

1998 ж. ҚР Орталық сайлау комиссиясының құзырында құрылған Лингвистикалық комиссияның мүшесі ретінде президенттікке 18 үміткерлерден (Н.Назарбаев, Ә.Қажыгелдин, С.Әбділдин, Ғ.Қасымов, К.Асанов, Ә.Ғаббасов, А.Асылбек, Б.Жақсыбековтерден), ал 2005 ж. (Н.Назарбаев, Ж.Тұяқбаев, Н.Әбілқасымов, М.Елеусізов тәрізді) лингвистикалық комиссия төрағасы ретінде мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтау мақсатымен өткізілген мемлекеттік емтиханға қатысып, жауапты жұмыс атқарды.

Халқымыздың өнерлі, майталман азаматтарды мақтап, мадақтағанда «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп дәріптеуі тегін болмаса керек. Олай болса, замандасымыз Өмірзақты да «Сегіз қырлы, бір сырлы» («жан-жақты, өнерпаз, шебер») азамат деп масаттана, мақтаныш тұта айтуымыздың толық негізі бар. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» (мағынасы: «нені үлгі етсең, соған үйренесің, соны істейсің») демекші ол ақынжанды жігіт. Әкесі марқұм Айтбайдың ақындығынан қалған мирас болса керек. Өмекеңнің өлеңдерін жарыққа шыққаны да бар. Ол салиқалы әнші де шебер күйші. Оның жас шағында сылқылдата тартқан күйлері мен әсем де сәнді, құлаққа жағымды әндерін радиодан да, мереке, салтанатты кештерде де естіген жан аз емес. Әсересе біздің Тіл білімі ұжымы оған әбден қанық. Ол әнші, күйші, ақындық өнерімен қатар сазгер ретінде де көпке мәлім. «Қазақ тілі» қоғамы құрылуына орай ол «Ана тілі» деген әнді шығарып, сөзін де өзі жазған. Осы әнді өзі орындай отырып, қазақ радиосы арқылы жарты жылға таяу уақыт қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қажеттігі жайында хабар жүргізгені көпшіліктің есінде. Әсіресе, 1988 жылы басталып, 1989 жылы қаулай бастаған тіл күресінің басы-қасында өзі болды. Өзінің тұңғыш немересі дүниеге келгенде кеудесін шаттық кернеп, аса бір зор толғаныс шабытпен арнап жазған өлеңі, оған шығарған әні аса керемет.

2001 жылы Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдар залында екі сағат бойы өткен Ө.Айтбайұлының шығармашылық кеші қай-қайсымыздың да күні бүгін жадымызда. Ол халық композиторлары мен өзі шығарған ән, күйлерін орындағанда есепті концерт дәрежесінде өткен болатын. Көптеген жанның ғалым өнеріне дән риза болып, таңдай қағысқан рия көңілдеріне куәгер болғанымыз бар.

Профессор Ө.Айтбайұлы қазақ тіл білімінің лексикология, лексикография, тіл мәдениеті, стилистика, мемлекеттік тіл, ономастика, әдеби тіл, диалектология, қазақ терминологиясы мен аудармасы салалары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жалпы саны 500-ден аса еңбектерін, олардың ішінде 30-ға жуық кітапша, кітаптар мен монографияларын жарыққа шығарды.

Бұл еңбектерді бағыт-бағдары, ғылыми мән-мазмұны мен сапасына қарай жіктер болсақ, олар: 1) газет-журнал беттерінде жарияланған толғақты да маңызды мақалалар; 2) Одақтық, республикалық ғылыми конференцияларда жасалған баяндамалар; 3) ірі де терең мазмұнды кітаптар мен монографиялар; 4) қалың қауымға арналған кітапшалар; 5) ана тілінің дамып көркеюін, мемлекеттік тілдің мүддесін көздеп, дйттеген көкейтесті мақалалар; 6) аударма теориясы мен әдеби тілге қатысты еңбектері; 7) қазақ тіл білімінің күрделі саласы – терминология туралы айтулы зерттеулер; 8) орыс тілінде жарияланған терең мәнді жеке монографиялар; 9) салалық терминдер бойынша түзілген сөздіктер – терминологиялық лексикографиялар, 10) мәдениет, өнер, поэзия жайлы толымды ойлар мен шығармалар.

Еңбеккер ғалымның осыншама сан-салалы еңбектерінің жалпы жиынтығы, құнды қорытындысы ретінде жарық көріп отырған 5 томдық кітабы – Қазақстан Республикасының ғылымына, оның қазақ тіл біліміне, тіптен түркологияға қосылған үлкен үлес, зор табыс екені даусыз мәселе.

Аталмыш еңбектің 1-томы «Қазақ тіл білімінің терминология мәселелері» (Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013, 400 б.). Бұл аса көлемді де маңызда еңбекте тек қазақ тіл

білімінің терминологиясы ғана емес, қоғамдық және гуманитарлық ғалымдар терминологиясы ғылыми тұрғыдан жан-жақты терең талданғанын көреміз.

Қазақ терминологиясы жайлы алғаш рет пікір айтып, қолға алып зерттеу жұмысымен шұғылданған қазақ тіл білімінің қос алыбы А.Байтұрсынов пен А.Жұбанов еді. Өмір талқысын бастарынан кешірген қос алып өз ойларынақтай алмады. Халқымыздың «атадан ұл туар, ата жолын қуа туар» деген даналығына орай, халқымыздың бағына туған ұландар бұл күнде аманатын алға апаруда. Солардың бірі – бүгінгі академик Ө.Айтбайұлы.

Профессор бұл еңбегінде қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуына ерекше назар аударып, бұл мәселені тиянақты талдаған. Оны «термин жайында жалпы түсінік», «қазақ терминологиясының жасалу көздері», «жазу және терминология», «термин жасаудың негізгі тәсілдері және олардың құрылымдық сипаты» тараулардан анық көруге болады.

Автор қазақ терминологиясын зерттеу барысында өзіндік ой-түйін, ғылыми пайымдаулар мен нақтылы қорытындыларға келеді.

Терминологиялық лексиканың қалыптасуы мен дамуын екі кезеңге бөліп қараған, біріншісін – XIX ғасырдың екінші жартысы мен қазан төңкерісінің аралығын алып жатқан алғашқы кезеңге жатқызса, екіншісін – тіліміздің әдебилену мен терминдену сапасын мейлінше үдете түскен бүгінгі дәуірге телиді.

Қазақ терминологиясы аталатын терминнің, ол ұғымның мейлінше кең мағынаға ие екеніне тоқтала отырып, атаудың барлық ғылым салалары мен техника тарамдарын, мерзімді баспасөз бен радио, теледидар тілін, оқу-ағарту, білім беру ісін, түрлі саяси, көркем, арнайы әдебиеттер тілін қамтитын түсініктер, атаулар жиынтығы екенін баса айтады. Бұған дәлел ретінде 1920 жылдардан бастап күні бүгінге дейін отыздан астам екі тілді терминологиялық сөздіктер жарық көргенін паш етеді. Бұл сөздіктегі материалдар мен қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы терминдерді электронды есептеу машинасымен есептегенде саны 67000-ға жеткенін, ал 1982 жылдан бері кортотекалық қордағы терминдер саны 400 мыңға жеткенін, оларды осы жұмысты жазу барысында пайдаланылғанын да атап өтеді.

Қазақ терминологиясының түзілуі мен қалыптасуына себеп болған факторлардың бірі жазу мәселесі болса, қоғамдағы, өмірдегі өзгерістер (коллективтендіру, конфискелеу (тәркілеу), колхоздастыру, индустриаландыру, отан қорғау, бесжылдық жоспар, тың игеру, ғарышқа ұшу, қайта құру т.б.) терминологиялық жүйенің дамуына тікелей байланысты болғанын бағамдалады жұмыста.

«Ақиқатында, терминологияның жасалуына ең басты – екі арна: ұлттық тіліміздің сөз байлығы мен әрқилы қолданумен байланысты қабылданған кірме сөздер болды», деп көрсету де ғалым ойының шын да, ақиқат екенін көрсетеді.

Терминжасам процесінде төл тіліміздің заңдылығына тән сөзжасам тәсілі де ізгі ықпал еткеніне тоқтала келіп, автор оларды: 1) семантикалық немесе лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалғандар; 2) морфологиялық немесе синтаксистік тәсіл арқылы жасалғандар деген пікірге келеді автор.

Осымен қатар, қазіргі қазақ терминологиясы қазақ әдеби тілінің ең күрделі де маңызды, болашағы зор дербес саласы болып табылады деуі де автордың зерттеу жұмысының нанымды нәтижесі екені даусыз.

Ғалым Ө.Айтбайұлын «Қазақ фразеологизмдері мен перифразалары». (2-том. Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013, 400 б.) атты еңбегі көркем аударма проблемасының нақты мәселесі – фразеологизмдерді зерттеуге арналған. Күнделікті аудармашылық жұмыста кездесетін қиыншылықтарға назар аудара отырып, олардың бірізге түсіріп, қалыптаса бастаған бірнеше әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын көреміз. Бұл ретте, автор алдымен фразеологизмдерге жете тоқталып, олардың толық түсініктерін, негізгі принциптерін талдап, ғалымдар пікірлерін сараптай отырып, айтқан өз ой-тұжырымдары да басым. Оларды фразеологиялық единицалардың қызметін талдау бары-



сында, сондай-ақ фразеологизмдердің эмоционалдык-экспрессивтік бояғы мәселелерін жіктеп, саралаулардан анық байқаймыз. Әсіресе фразеологизмдердің аудару мәселесін жете талдауынан көркем әдебиет аудармашылары мен жоғары оқу орындарындағы студенттердің көп мағлұмат алып, білімдерін арттыра түсері сөзсіз. Фразалық тіркестердің тек көркем шығармаларда ғана кездеспей, саяси аудармалар мен БАҚ үшін де маңызы аса зор екені мәлім. Бұл томдағы бейнелі сөз тіркестердің көркем шығармалардағы стильдік қызметін, оларды аударудың амалдары өмірде аса қажетті, әлі күнге дейін айтыс-тартыс тудырып жүрген түйінді мәселелер екені мәлім. Проф. Ө.Айтбайұлы еңбегінде бұл мәселелер негізінен өз шешімін орынды тапқан дей аламыз.

Автордың байқауынша, «көркем аударманы тексергенде, не бірдей лингвистикалық зерттеумен кетуге, не бірыңғай әдебиеттану ғылымының тәсілдеріне салуға болмайтыны анық. Сондықтан мұны әдеби-лингвистикалық проблема есебінде қарастырған жөн», – деп түйеді ғалым.

Осымен қатар көркем әдебиеттегі фразеологизмді екі топқа бөліп қарап талдау, яғни идиомдар мен мақал-мәтелдер деп бөліп тексерудің қажет екенін баса көрсеткен.

Қорыта айтқанда, аударма проблемасына арналған, ондағы фразеологизмдер мен перифразалар жайлы ой-толғам, нақты тұжырымдары автордың келелі табысы болып табылады.

Бұл еңбектің 3-томы «Тілтірес» деп аталады (Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013, 400 б.). Ғылымды ұйымдастыру қабілетінің үстіне Ө.Айтбайұлының қайраткерлік іс-әрекетінің, батыл да мықты, анық та айқын көрінген кезі – «Қазақ тілі» қоғамындағы азаматтық жұмыстарға тікелей қатысты. Ол қоғам қайраткері ретінде әрдайым тіл мен дін жолындағы күрескер көшбасшылардың бірі болып келеді. Қазақ тілінің дамып көркеюі жолында ерен еңбек атқара жүріп, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналу жолында қажымай, талмай еңбек етіп, толып жатқан мақалалар жариялап, қазақ тілі қоғамының жергілікті ұйымдарын құрып, олардың атқарар жұмыстарының бағыт-бағдарын айқындау барысында орасан зор еңбек атқарып келеді. Міне, осы мәселелердің бәрі, әсіресе жүздеген өткір де ойлы мақалалары осы аталмыш томда орын алып отыр. Олай болса, бұл кітаптың орны ерекше саяси-қоғамдық мән-маңызы аса зор.

Проф. Ө.Айтбаевтың аталмыш көптомдығының 4-томы «Тілғұмырлар» деп (Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013, 400 б.) аталады. Бұл кітапта ағымдағы баспа сөздерде жарияланған мақалалары, ғылыми конференцияда жасаған баяндама, аяулы ұстаздар мен ардақты замандастары туралы ойтолғам, естеліктер топтастырылған.

Бұл кітапты дәстүр бойынша «есімнама» деп атауы олқылау. Олай болса, кітаптағы мақалалар ғалымдардың өмір жолы, қызметін ғана көрсетіп қоймайды, тұтас алғанда тіл білімінің тарихына тікелей қатысты. Сондықтан тіл білімінің тарихы туралы еңбек санатына тән деп қарау керек.

Автордың орыс тіліндегі 5-томы «Основа казахской терминологии» (Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013, 385 б.) деп аталады. Бұл кітапқа жазылған аңдатпада: «Книга посвящена исследованию проблем казахского терминологического словотворчества и этапов становления казахской терминологии. Рассматриваются способы, методы, практика современного терминов творчества. Систематизированы научные взгляды и подходы к проблемам казахской терминологии» деп жазылған. Кітаптың халықаралық орыс тілінде жариялануы өте құптарлық та қуанышты жайт. Өйткені оны түркі тілдес ғалымдармен қатар басқа тіл өкілдері де оқып, еркін пайдалануына толық мүмкіншілігі мол болады. Ондағы айтылған мәселелерді тұтас ұғып, мән-мағынасын толық хабардар болып, қажетті ақпараттар алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында аталған бестомдық еңбектің тұсаукесеріне көзі қарақты қазақ зиялы қауымы қатысқанына, ал Алматыдан алыстағы жалпы қазақ жұртының бұл тұсаукесер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

хабардар екендігінде шұбам жоқ. Осы көптомдықтың тұсаукесер таспасын кию бақыты маған бұйырғанын да мақтанышпен айта кетейін.

Академик Ө.Айтбайұлының жемісті де сүбелі еңбегі үкімет тарапынан да, ғылым қауымдастығынан да жоғары бағасын алып келеді: ол 1994 жылы Ғылым академиясының жалпы Сессиясында ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі болып бірауыздан сайланды, ал 2003 жылы ҰҒА-ның академигі болып бекісе, 1997 жылы Экология халық академигі, 1998 жылы ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды. 1998 жылы Президент Жарлығымен «Құрмет», 2007 ж. «Парасат» ордендерімен марапатталды.

Өмірзақ Айтбайұлы жұбайы Үміт екеуі ұл-қыз, немерелерін әлпештеп өсірген ата-аналар.

Біз бүгін қаламдас, әріптес, бәрімізге қымбат Өмірзақ Айтбайұлын өзінің 54 жыл қызмет істеген, етене жақын да қымбат ұжымы атынан 80 жылдық торқалы тойымен құттықтаймыз.

Қажырлы да қайратты жігерлі, өнімді де маңызды еңбегімен ел құрметіне бөленген ғалымның алда орындар іс-жоспары ұлан-ғайыр, оны асықпай-саспай орындап шығуына сеніміміз мол.

**Әбілқасымов Б.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институты, ф.ғ.д., проф.*

**Ана тілін ардақ тұтқан азамат**  
(Академик Ө.Айтбаев 80 жаста)

Сонау өткен ғасырдың 50-60 жылдары тың игеру және Н.С.Хрущевтің солақай саясатының салдарынан қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, біртіндеп орыстандыру үрдісі жүзеге аса бастады. Қазақ тілінің тынысы тарылып, іс-қағаздары жаппай орыс тілінде жүргізіліп, уақ ұжымшарлар ірілендіріліп, кеңшарға айналып, қазақ мектептері жабылып не аралас мектептерге айналған заман болды. Халқымыз қазақ тілінің болашағына сенбей қалаларда балаларын жаппай орыс мектебіне бере бастады. Бұл жағдай қазақ зиялыларының арасында наразылық тудырғаны белгілі. Әсіресе оларды миллионға жуық халық тұратын сол кездегі астанамыз Алматыда бірде-бір қазақ мектебінің болмауы ашындырды. Ұлтжанды жастардың бір тобы қазақ мектебін ашу туралы өтінішпен жоғары жақтың есігін тоздырды. Оларға мектеп ашқанмен «оқитын балалар табу қиын» деген дәлелді көлденең тартты. Ақыры қазақ мектебі Мәскеудің араласуымен ғана ашылды. Бұл мектепте жастар алдымен өз балаларын беріп, содан соң үй-үйді аралап, қазақ отбасыларынан балаларын қазақ мектебіне беруге үгіттеді. Сөйтіп бұл ашылған №12 мектепке келген балалардың саны ойлағаннан артық шығып, келесі жылдары жаңа екінші мектеп ашуға мәжбүр болды. Міне, осы бастамашы топтың ішінде «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер Өмірзақ Айтбаев та бар болатын. Оның бұл мәселеге араласуға газет тілшісі ретінде іссапармен республика өңірлерін аралап, кезінде қазақ тілінің мүшкіл хәлін көруі де себепші болған болуы мүмкін. Сол ана тілінің тағдыры ұлтжанды жігітті ана тілін зерттейтін Тіл білімі институтына алып келді. Дәл сол кезеңде ана тілінің қыр-сырын зерттеуді мақсат еткен осы жолдардың авторы да лауазымды жұмыстарын тастап, осы Институтқа аспирант болып келген болатын. Сөйтіп Өмірзақ екеуміздің кейінгі тағдырымыз тоғысқан еді. Міне, содан бері жарты ғасыр астам уақыттағы Өмірзақтың ғылымдағы жетістіктері менің көз алдымда өтіп келеді. Өмірзақ сол тұста жаңадан ашылған аударма теориясы бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа алынды. Бұл бөлімде белгілі аудармашылар Сәйдін Талжанов пен Әбен

Сатыбалдиев істейтін Өмірзақ сол ағаларымен тізе қосып бөлімнің жоспарлы жұмысына араласа жүріп, аударманың қыр-сырын меңгеріп алды. Бұл оның аударма тақырыбынан кандидаттық диссертация жазуына мүмкіндік жасады. Кейін бұл кісілердің басқа жұмысқа ауысып кетуімен байланысты бөлім «тіл мәдениеті» бөліміне қосылып, Өмірзақ та сол бөлімге аға ғылыми қызметкер болып ауысты. Өмірзақ аталған бөлімде жемісті еңбек етіп, тілдің дұрысқолданылуының көкейтесті мәселелерімен шұғылданып, мақалалар жазды, жинақтар шығарды.

70-жылдардың аяғында терминология проблемасы күн тәртібіне қойылып, Институтта терминология бөлімі ашылғанда Өмірзаққа сол бөлімді басқару жүктелді. Бұл бөлім терминологияның теориялық мәселелерімен қатар оның практикалық жұмыстарын да бірге атқарды. Министрлер кеңесі жанынан құрылған мемлекеттік терминология комиссиясының хатшысы ретінде жаңа терминдерді талқылау және бекіту сияқты жұмыстарға Өмірзақ белсене араласты. Терминология тарихын жете зерттеп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбановтардың терминология саласындағы еңбектерін таразылап, олардың бастаған істерін әрі қарай жалғастырған ғалымдардың жұмыстарына кең талдау жасалған монография жазып, соның негізінде докторлық диссертациясын қорғады. Кейін терминологиялық орталықты басқарды.

Егерде Өмірзақ газеттегі жұмысын жалғастыра бергенде, журналист не жазушы немесе мемлекеттік қайраткер болар ма еді?! Бірақ ол ғылымды таңдады. Оған себеп болған туған тілінің тағдыры болатын. Ғылымда едәуір биікке қол жеткізді. Оған қомақты үлес қосты.

М.С.Горбачевтің демократияландыру саясаты нәтижесінде қоғамда ұлттық құндылықтарды қалпына келтіруге ұмтылыс басталды. Соның ең бір бастысы – ана тіліміздің қоғамдағы орнын кеңейту еді. Ол үшін оны мемлекеттік тіл ретінде заңдастыру қажет болды. Міне, осы мәселе зиялы қауым арасында кең қозғалыс туғызды. Осыны жұртшылық талқысына салу үшін бір қоғамдық ұйым ретінде «Қазақ тілі» қоғамын құру күн тәртібіне қойылып, оның құрылтайын да қоғамның президенті болып академик Ә.Қайдаров, вице-президенттігіне бірауыздан Ө.Айтбаев сайланды.

Қоғам құрылғаннан бергі ширек ғасыр уақыт ішінде мемлекеттік орган Тіл комитетімен біріге отырып, қазақ тілін дамытуда бір қатар шаруа тындырылды. Ең алдымен, қалың жұртшылықтың ана тілінің болашағына деген сенімін нығайтып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтті. Қазақ мектептері мен балабақшаларының саны көбейді, барлық мектептерде қазақ тілі негізгі пән ретінде оқытылатын болды. Мектептер мен ЖОО-да оның сағаты көбейді. Қазақ тілін үйрететін үйірмелер ашылып, тіл үйренемін деушілерге жағдай жасалды. Іс-қағаздарын бірыңғай мемлекеттік тілде жазылу міндеттелді. Кейбір құқық қорғау органдары мен әскери бөлімшелерінде қазақ тілінде іс жүргізу жүзеге асып келеді. Алайда бұл жұмыстарда әлі де болса көзбояушылық жойылмай отырғаны жасырын емес. Тіл туралы заңның талаптары толық іске аспай отыр. Сондықтан бұл жайттарға қоғамды жұмылдыру Өмірзақ басқаратын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының болашақ атқарар негізгі шаруасы болмақ.

Оның 70-жылдығына орай жазылған «Сегіз қырлы, бір сырлы азамат» деген мақаламда, өзімше, қырларын санаған болып едім, бірақ оның әртістік өнерін, яғни үлкен ағаларының мінездері мен сөйлеу мәнерлерін айнытпай салатындығын ескермепін. Әлекең (Марғұлан), Ғабен (Мүсірепов), Ахаң (Жұбанов), Ісекең (Кеңесбаев) болып сөйлегенде, ол кісілер қасымызда отырғандай сезінетінбіз.

Өмірзақтың тағы бір қыры – оның ана тілімізге «ғашықтығы» дер едім. Ол мақала жазса да, жұрт алдында сөйлесе де ана тілінің қадір-қасиетін насихаттаудан бір сәт айынып емес. Оның өзінің өлеңіндегі мына бір шумақтан айқын көруге болар еді:

*Ана тіл, ана сүтім, арым менің,*

*Баяным, бақ-дәулетім, барым менің.*

*Өзіңмен рухым көтеріліп,*

*Атар ылғи арайлы таңым менің.*

Енді оның бір сырлылығына келейік. Жалпы *сыр* дегенімізді «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **«сыр** – әркімнің өзіне тән, өзгеге белгісіз құпия аты» деген анықтама берілген. Сонымен қатар, *сырға берік, сыр шаппайтын, сондай-ақ сыр алдырды, сыр шапты* т.б. тіркестері бар екен. Өмірзаққа осының біріншілері тән. Екінші тіркестер жағымсыз адамдарға айтылатын сияқты. Қазақтың «Жаман шынын айтамын деп, сырын айтады» деген мақалынан да көрініп тұрғандай, Өмірзақ бір қарағанда салқынқанды, тұйық адам болып көрінгенмен, сөйлесе келе ажарқын, әңгімешіл адам екеніне көзіміз жетер еді.

Ол қайда жүрсе де, қай қызмет атқарса да адамгершіліктен, кішіпейілділіктен, парасаттылықтан айныған емес. Үлкенге іні, кішіге аға бола білетін жан. Өмірзақтың бойынан үнемі бір тектілік байқалып тұрушы еді. «Текіден текті туады, Тектілік тұқым қуады» дегендей бұл қасиет әкесі оңтүстік өңірде аты мәшһүр Айтбай ақыннан, тіпті арғы аталарынан дарыған болу керек. Оның ақындық өнері де, сөз саптау мәнері де әкесі Айтбайдан жұқса керек. Өйткені әкесі Өмірзақты беске дейін арқалап жүріп өсіреді де, ол өз аяғымен жүруге жарағанда жиын-тойдан қалдырмай, ертіп жүреді екен. Оның бойына тән сырбаздық, яғни адамгершілігі мол, байсалды, байыпты қасиет, туа біткен мінез, өз қадірін біле білу ғой деп ойлаймын. Оны түсіну үшін оның өзі жазған өлең жолдарынан мына бір шумақты келтірер едік:

*Қуансам мен өмірде,  
Жұрт сияқты күлмеймін.  
Алаң кірді көңілге,  
Неліктен бұлай білмеймін?!*

Өмірзақ ғалымдық пен азаматтықты тең ұстап келе жатқан қайраткер. Өмірзаққа тән қасиет – ешкімнің атына ғайбат сөз айтуды білмейді. Кім болса да оның тек жақсы жақтарын көре біледі. Содан болу керек «Өмірзақтың дұшпаны бар» дегенді естімеспіз. Сондықтан да ол өзі ұжымда ерекше сыйлы һәм қадірлі.

Өмірзақ 80-ге келсе де жас көрінеді, бірақ жылжыған жылдарға еш қайран жасай алмайсың. Әкесі «баланың ғұмыры ұзақ болсын» деп атын Өмірзақ қойыпты.

Бүгінгі мүшел тойы үстінде әке тілегіне қосыла отырып, алдағы өміріндегі қолынан қаламы мен домбырасы, аузынан аталық ақыл сөзі мен әні түспесін дейміз.

**Базарбаева З. М.**

*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, ф.э.д., проф.*

### **Қазақ тілінің жанашыры**

«Мен бар өмірімді қазақ деген халықтың ең киелі де асыл мұрасы – қазақ тіліне арнап келе жатқан жанмын. Аз ба, көп пе, жақсы ма, жаман ба біраз ойларымды хатқа түсіріп жас ұрпаққа ұсынып жүрген жайым бар. Көрген, оқыған, түйген нәрселер неше алуан ойға жетелейді. Әсіресе, ана тілдің тағдыры түнде де, күндіз де мазалай береді», - дейді академик Өмірзақ Айтбайұлы. Өмекең ұлттық рухтың, өз халқының мәдениетінің нағыз қамқоршысы болып табылады. Ол ғылым мен өнерді қатар алып келе жатқан ғалым. Оның сазгерлігін танытатын бірнеше, атап айтқанда, белгілі «Жар сәлемі», Жас ойшыл», «Ана тілі», «Тіл өнері дертпен тең», «Ақ кояң», «Өренім» тағы да көптеген әндері жұртшылыққа мәлім.

Өмекең халық әндерінің және опералық ариялардың шебер орындаушысы және виртуоз домбырашы, ол өнермен шұғылданса, нағыз атақты әртістің өзі болар еді. «Ыстықкөлдін алқызыл гүлдері» деген көркем фильмде Өмекең орындаған өлеңде қазақтың кең байтақ даласы көзге елестеп, туған жерге, отанға деген өзінің сүйіспен-

шілігі көрініп тұрар еді. Өнерге деген ынтықтығына қарамастан О.Айтбаев лингвистика ғылымдарының жолына түсіп, тілтанымның ең жоғары сатысына көтерілді.

Қазақ алладан бала сұрайды, бала сұраса дана сұрайды «Бала берсең, дана бер, баланың жақсысын, адалын бер» - деген мәтел содан қалса керек. Дана бала әкесінің атын, халқының салтын, Отанының даңқын асырады. Жаман бала әке атына кір келтіреді, Отанын қорғай алмай сағынды сындырады, «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», - дегендей, намысынды келтіреді. Міне осының бәрінен тәлім алған қазақ атамыз «бала» дегенді екіге бөлген: бірі - әкесінің баласы, екіншісі – ел баласы. Әкесінің баласы түгін түтеткенмен ауыл арасынан, елдің қарасынан ұзамай жүреді. Қазақтың «әкеңнің баласы болма, елдің баласы бол», - деп бата беруі де көп дүниені аңғартады. Өз замандастары Өмеке деп атаған Өмірзақ Айтбайұлы – міне осындай ұлт перзенті, ел баласы. Осы арада толассыз жарға соғып, аласапыран замананы дабылдатқан ХХ ғасыр ұлысы Әлихан Бөкейхановтың өзін «Қыр баласы» деп атауы ойына еріксіз оралады. Әлекең бастаған ұлы шоғыр Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев «Еліма-ай», - деп зарлап өмірден өтті. Кейін совет Қазақ Республикасында даналылықтарын танытып, білім, өнер көгіне құлаш ұрған Мұхтар, Қаныш ағалар «құйрықты» жұлдыздай аспан әлемін қажарып, тандандырып олар кетті.

Міне солардан кейінгі ұрпақтың аяғын баса Өмекең келді. Мұқаң, Қанекендерге ере шыққан ұрпақтың өкілі академик апамыз Рабиға Сыздықованың Өмірзақ ағаның мерейтойында айтқан сөзін келтірейік. «Жақсы жанның ізгі қасиеттерін алдымен оның ұшқан ұясынан, алған тәрбиесінен, өткен өмір мектебінен іздеген жөн, деген. Өмекеңнің әкесі Қаратау, Сыр өңіріне белгілі ақын әрі мәдениет қайраткері болған. Ол Айтбай мекеніндегі Қарнак медресесінде Айтжан атты молладан оқып, мұсылманша жақсы білім алған. Өз бетімен ізденіп, Бұхараға барып, білімін толықтырып, араб, парсы тілдерін меңгерген, шығыс әдебиетін жақсы білген зиялы адам болған екен, бірнеше поэма-дастандар жазған, айтыстарға қатысқан. Оқуын бітірген соң Ташкент қаласында мұғалім бола жүріп, атақты Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Шәді төрелермен сыйлас, дәмдес болған. Олардың жырларын жатқа айтып, жалпақ жұртқа жаюшылардың бірінен саналады.

Әкесі Өмекеңді бір елі қасынан тастамай, ертіп жүріп тәрбиелейді. Поэзия мен ән-күй - әсемдік әлемі болса, сол сұлулыққа баулиды.

Дін – имандылық мектебі болса, діни жоғары білімді әкесі Өмекеңді адамгершілікке тәрбиелейді. Сірә, ғалым, қайраткер Өмекеңнің өмір жолын баяндауға көшпес бұрын, ұлан Өмекеңнің жан дүниесіне үңілсек, оған табиғат, дәлірек айтсақ ата-анасы бойына өнер мен иман дарытыпты. Әкесі ғана емес, анасы Жұмагүл Нарымбетқызы да әнші әрі домбырашы болған, тіпті ақындықтан да құр алақан емес екен. Бірде қосағы Айтекеңмен айтысып, оны жеңіп те кеткен көрінеді. Халқымыздың осындай ән-күй, ақындық өнерінің қос иесінің шаңырағында Өмекең дүниеге келді. Өмекеңнің шыққан тегі, өскен ортасы, ата-анасынан дарыған асыл қасиеттері туралы, оның мерейтойында академик апамыз Рабиға Сыздықова өте жақсы айтқан.

Сол Өмірзақ-ағамыз бүгін міне сексеннің табалдырығынан аттап отыр. Сондай өнерлі ортадан шыққан Өмекең өнерге деген ынтықтығына қарамастан лингвистика ғылымымен шұғылданып, тіл білімі проблемаларының дамуына зор үлес қосқан.

Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев 1936 жылы 5 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл (бұрын Түркістан ауданына қараған) ауылында ағартушы-мұғалім отбасында дүниеге келді. Өмір жолын Өмекең 1953 жылы Кентау қаласындағы Мырғалымсай «Сантехмонтаж» мекемесінде темір шебері болып бастайды. 1954-59 жылдары әл-Фараби атындағы КазМУҰ – нің филология факультетінде оқиды. Ол студенттік жылдардың өзінде ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, сонымен бірге, әндерінің қайсыбірі республикалық газеттерде жарияланады. 1959-62 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, 1962 жыл-

дың көктемінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауысады. Міне, осыдан былай қарай ол табан аудармай ғылыми жұмыстармен түбегейлі айналысады.

1971 жылы «Максим Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғайды, 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

Академик О.Айтбайұлының зерттеулерінің тақырыбы әралуан және санқырлы. Дегенмен терминология және аударма мәселелері ғалымды көбірек қызықтырды. 1975 жылы жарық көрген «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген еңбегі кең тарап, қалың оқырманға танымал болды. Бұл монографияда терминология мәселелері және мақал-мәтелдердің дұрыс қолданылуы, олардың семантика-стилистикалық және этнолингвистикалық ерекшеліктері туралы сөз болады. Аударма теориясының лингвистикалық мәселелерімен біраз шұғылданып, ғалым қазақ терминологиясының өзекті проблемаларына көбірек назар аударады. Қазіргі таңда ұлттық терминологияның дамуы мен қалыптасуы жайында сөз болғанда, академик О.Айтбайұлы еңбектерін ерекше атамай өтуге болмайды.

Жиырма бес жылдан астам Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі ретінде Өмекең терминология мен аударма теориясына қатысты іргелі тақырыптарға басшылық жасап, терминология саласының негізгі принциптері мен қағидаларын және оның негізгі бағыттары мен әдістерін зерттеп анықтап берді. Терминдерді қалыптастыру, жүйелеу, қазақ тілі заңдылықтарына икемдеу жолдары жайында көптеген еңбектер жариялады. Бұл еңбектерде тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминдердің ара-қатынасы, олардың бір-бірінен айырмашылықтары, қазақ тіліндегі термин жасау тәсілдерінің түрлері және олардың лексика көздері, терминология теориясының даму жолдары мен кезеңдері қарастырылады. Өмекеңнің айтуынша, «қазіргі қарастырып жүрген терминдер теңіз астында жатқан алып мұздың аздаған үстіңгі жағы ғана», дәлірек айтқанда, терминология мәселелері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп түсінеміз.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы қазақ терминологиясы туралы зерттеу жұмыстары мен проблемалық тақырыптарға жетекші болып, бірнеше ұжымдық ғылыми кітаптарды жарыққа шығарады. Бұлармен қатар Өмірзақ Айтбайұлының «Тіл мәдениеті және баспасөз» (Алматы: «Ғылым», 1968); «Өрелі өнер» (Алматы: «Ғылым», 1976); «Сөз өнері» (Алматы: «Ғылым», 1978); «Қазақ терминологиясының мәселелері» (Алматы, 1986); «Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері» (Алматы: «Ғылым», 1987); «Терминдер және олардың аудармалары» (Алматы: «Ғылым», 1990), «Ана тілі ардағым» (1990, Н.Уәлимен бірге), «Тіл майданы» (Ә.Қайдармен бірге), «Основы казахской терминологии» (2000) «Ана тіл, ана сүтім, арым менің» (Арыс, Алматы, 2007), «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Арыс, Алматы, 2007) монографиялық еңбектері, және 500 – жуық ғылыми мақалалары басылып, жарық көреді. 2015 ж. 5 томдық таңдамалы еңбектердің тұсау кесері өтті.

Ғалымның тіл білімі ғылымына қосқан үлесі жоғары бағаланып, Президент жарлығымен «Құрмет» (1998) пен «Парасат» (2006) ордендерінің иегері болды.

Өмірзақ Айтбайұлы термин жасаудың басшы ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін негіздеп, ұлттық терминдердің қалыптасуындағы қиыншылықтар мен қарсылықтарды анықтады және салалық терминдердің жасалу жолдарын сипаттап берді. Өмекең қазақ терминологиясын тарихи аспектіде қарастырады, олардың қалыптасу жолдарын, даму кезеңдерін, ғылым тілін байытудағы рөлін анықтап көрсетеді. Ол қазақ терминологиясы – тіл білімінің басқа да салалары сияқты өзінің күрделі тарихи даму сатыларынан өтті дейді. Қазақ терминологиясын дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының ғылымға қосқан үлесін зерттегенде, ғалым оны қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы деп бағалайды. Қазақ тіл білімінің тарихында Ахмет Байтұрсын-

ұлының қосқан үлесін Абайдың әдебиетке қосқан үлесімен салыстырады.

20-30 жылдары қазақ терминологиясының жасалуы мен қалыптасуында А.Байтұрсынұлы пен Қ.Жұбанов елеулі роль атқарған болса, бүгінгі күндері қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында Өмірзақ Айтбайұлының қосқан үлесі елеулі. Ахмет Байтұрсынұлыны Өмекен қазақ терминологиясының «атасы» деп бағалайтын болса, бүгінгі күндері академик Өмірзақ Айтбайұлыны қазақ терминологиясының «ағасы» деп айтуға болады. Ұлттық терминологияны дамыту жайында ғалымның өз сөздерін келтірейік: «Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты. Қазақ тілі терминологиясы жазу сауаттылығын арттыратын емле ережеліріне тікелей тәуелді. Ендеше емле ережемінде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген қатені түзеу. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, соның негізінде жыл сайын пікір сайысын өткізіп отыру. Терминолог кадр дайындау жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға дейін жіберуді ойластыру. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде радиохабарларды үздіксіз жүргізіп, екі жылда бір ғылыми практикалық конференция өткізіп отыру. Бүкіл түрік тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану» дейді академик-ғалым.

Академик Ө.Айтбайұлының еңбектерінде терминологияның қалыптасу кезеңдері, оның басым бағыттары айқындалған. Ғалымның пайымдауынша, терминология әдеби тілдің бір бөлігі ретінде лексикологияның нағыз өзегінде тұр. Терминологияның жалпы теориясын жасауда, оның ғылымдар қатарындағы орнын айқындау жағдайында Өмекеннің қосқан үлесі зор. Термин жасау процесінде ғалым ең алдымен қазақ тілінің потенциалын мүмкінінше кеңірек пайдалану керек дейді, басқаша айтқанда - ұлт тілінің өз байлығын сарқа пайдалану керек деген сөз. Термин жасау процесінде ұлттық тілімізге тән дайын схемалар негізге алынады. Кірме сөздерді ана тіліне икемдеу мақсатында жаңа модельдер құрастырылады. Дегенмен, басқа тілдерде қолданылатын терминдерді өз тіліне қабылдауда және барлық халықаралық терминдерді аударғанда сақ болу керек дейді ғалым. Бұл процесстың жауапкершілігі мол, себебі ұлттық тіліміз қоғамның қарым-қатынас ролін атқарып, сол қоғаммен бірге дамиды.

Республикамыз егемен алғаннан бері терминология мәселелері қарқын дамыды. Соңғы кезде ғылым мен техниканың дамуына байланысты бір жаңа ұғым пайда болса, бір жаңа термин дүниеге келеді. Сондықтан терминология проблемаларымен тек тілші мамандар емес, басқа да салалық мамандар шұғылданып жүр. Тілші ғалымдармен бірге жалпы зиялы қауым өкілдері де термин жасаумен айналасатын болды. Соның нәтижесінде неше түрлі терминология сөздіктер құрастырылды. Әр автор өзінше термин шығаратын болды. Жаңа терминдер жасалып, айналымға енгізіледі. Айта кететін жағдай, жаңа жасалған терминдердің бәрі бірдей лингвистикалық нормаларға сай келе бермейді. Олардың ішінде сәтті жасалған терминдермен қатар сәтсіз берілгені де бар. Жүйесіз жасалған терминдер және терминдердің негізгі заңдылықтарына жауап бере алмайтындары да баршылық.

Кейбір құрастырушылар пуристердің несиелерімен жүрген. Олардың пікірінше, барлық терминдерді қазақшалау керек, дейді. Оның нәтижесінде тілдің заңдылығына қарсы, термин жасау қағидаларына жауап бермейтін, құлаққа жағымсыз естілетін терминдер пайда болды.

Бұларға қарама-қарсы пікірді ұстанатындар қазақ орфоэпиясы және орфографиясы заңдылықтарын есепке алмай, терминдерді сол күйінде аудармай қалдыру керек дейді. Бұған байланысты академик Өмірзақ Айтбайұлы нейтральды позицияны ұстанады. Ғалымның пікірінше, қазақ терминологиясы екі жолмен қалыптасады: ұлттық тілдің байлығы арқылы және кірме сөздер арқылы. Жат тілдерден келген кейбір терминдерді, дәлірек айтқанда, қалыптасқан интертерминдердің бәрін аудару қажет емес, себебі бір ғылым саласында қолданылатын халықаралық терминдердің қазақша баламаларын табу, қалыптастыру барлық уақытта сәтті бола бермейді. Термин

жасаудың жауапкершілігі мол, себебі рухани, мәдени, әлеуметтік және басқа да қалықтың байлықтары тіл арқылы танылады дейді, ғалым.

Термин жасаудың негізгі жолдары, әдіс-тәсілдері қандай дегенде, ғалымның пайымдауынша, олар семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька тәсілдері арқылы жасалып, олардың қолданылуы контексте тексеріледі. Бұл жағдайда қазақ тілінің жалғамалы тілдерге қатыстылығы есепке алынады.

Академик Өмірзақ Айтбайұлының еңбектерінде терминологияны зерттеуде оның тіл тарихымен, грамматикамен, тіл мәдениетімен байланысы сезіледі. Себебі ғалымның пайымдауынша, термин жасау процесі тіл тарихы дамуының негізгі бағыттарынан тыс қарастырылмайды. Ұлттық тіл даму барысында кейбір сөздер қолданыстан шығады, олардың орнына жаңа сөздер, соның ішінде терминдер туады. Кейде ескі сөздер жаңа қызмет атқарады. Соның нәтижесінде тіл байды, нақтыланады. Тілде орныққан ежелден келе жатқан белгілі тәсілдер арқылы жаңа сөздер пайда болады.

Қазіргі өмір талабына сай, саяси-экономика-рухани өзгерістерге байланысты терминдену процесі, қарқынды жүріп жатыр. Қазақ тілінің терминжасау процесінің барлық мүмкіндіктері әлі толық зерттелмегеннен соң, жаңа терминдерді қабылдау барысында олардың семантикасында, ұғымның дәл берлуіне тырысу қажет, және оған жаңа сөзді белгілегенде, оның этимологиясын ескеру керек. Сондай-ақ жаңа термин ұсынғанда, оның алғашқы ұғымына тереңірек үңіліп, сол ұғымның мазмұнын дәлірек ашатын сөзді таңдаса, сонда ғана термин мен ұғым бір-біріне сәйкес келіп тұрады. Терминдердің өзіндік критерийлері бар, олар қысқалық, семантикалық нақтылық, жүйелілік, сезімдік реңктерісіз болу тиісті. Терминдердің өзіндік қасиеттеріне қатысты талаптарына сай сөздерді таңдау, ғалымның интуициясына, біліміне және жауапкершілігіне негізделеді.

Қазақ тілінің төл сөздері мен халықаралық сөздер мен бірге термин жасау процесінде араб-парсы сөздерін де пайдалануға болады дейді ғалым. Бұл сөздерді қабылдауда, ана тіліміздің дыбыс заңдылықтарына икемделіп, құлаққа жағымды болып, тез қабылданатын, түсінікті болғаны жөн.

Сонымен академик Ө.Айтбайұлы ғалым және қоғам қайраткері ретінде термин жасау процесін кең және ауқымды қарастырады. Термин шығармашылығы қоғам өмірінде болған өзгерістермен тікелей байланысты және одақтың тіл саясатына сәйкес. Терминдер, әдетте, тілші ғалымдар мен әр саладағы мамандардың осы бағытта істеген жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Ғалым қазақ терминологиясын әдебиет тілінің ең күрделі де қызықты да саласы ретінде таниды, оның өзіндік даму жолдары мен қалыптасуы, құрылымдық модельдері, жасалу әдістері мен заңдылықтары бар екенін мәлімдейді.

Терминология проблемаларымен қатар, академик Өмірзақ Айтбайұлы сөз мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, орфография проблемаларымен де шұғылданып жүр. Ғалымның халықаралық ғылыми конференциялар мен конгрестерде тіл білімінің өзекті мәселелері, тіл саясаты, терминология проблемаларына байланысты жасаған баяндамалары әрдайым үлкен қызығушылықпен қабылданады. Ұзақ жылдар бойы Өмекең ғылым кадрларын даярлау ісіне үзбей ат салысып келеді. Жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімінен республиканың жоғары мекемелерінде дәріс оқыды және Қайнар университетінің деканы ретінде үлкен жұмыс атқарды.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы Жоғарғы Аттестациялық Комитет Президиумының мүшесі, сонымен бірге институт жанындағы ғылыми дәреже беретін ғылыми Кеңестің көп жылдан бергі мүшесі ретінде, ғылымның жас мамандарының өсіп, жетілуіне қолғабыс етіп келеді. 1998 және 2005 жылдары лингвистикалық комиссияның төрағасы ретінде президенттікке үміткерлерден емтихан қабылдады.

Ғылыми-ұстаздық жұмыстарымен қоса, академик Өмірзақ Айтбайұлы ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминкомның мүшесі, ғалым хатшысы



ретінде терминологияның практикалық мәселелерін шешуде көп жұмыс атқарды. Мемлекеттік терминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуінде де Ө.Айтбайұлының қосқан үлесі зор. Сондай-ақ Өмекеңнің қайраткерлік қабілетінің айқын көрінген тұсы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамындағы жұмыстарымен тікелей байланысты. Республикадағы тіл саясаты мәселесінің шиеленісіп қазақ тілінің қиын жағдайда тұрған шағында ол академик Ө.Қайдармен бірге ана тілінің мүддесі, мұнмұқтажы үшін күрескен Республикалық «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырушылардың көш басында болды.

Қазіргі кезде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы деп аталатын бұл ерікті ұйым кезінде жалпыхалықтық сипат алып, ұлттық, тілдік сананы оятуға түрткі болған көптеген шаралар ұйымдастырғаны күллі жұртшылыққа мәлім. Өмірзақ Айтбаевтың өз сөзімен айтқандай, «Мемлекеттік тіліміздің өрісін бақылайтын халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып алдық. Республика зиялылары осы қоғам маңайына топтаса білді. Қуанышта шек болған жоқ. Тіліміздің қолданыс аясы кеңейіп, қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылыми институттар, мекемелер өзгеше өміс ашып, тәуелсіз еліміздің рухани тірегінің негіздейтін зерртеу жұмыстарын жандадыра түсті».

Өмекең ұйымның тұңғыш «Ана тілі» деп аталатын ән-ұранын өзі шығарып, өзі орындады. Республика оқырмандары сүйіп оқитын басылымдардың қатарындағы «Ана тілі» газетінің ұйымдастырылуы академик Әбдуали Қайдар мен бірге белсене араласуымен жүзеге асырылған игі шаралардың бірі болды. Қазіргі кезде Өмекең халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде елеулі жұмыс атқарып жүр.

Тағы айта кететін бір жағдай бар. Соңғы кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тағдыры белгісіз болып отыр. Оптимизация мақсатында бұл ғылыми мекемені басқа оқу-әдістеме орталықтарға қосу жоспарланып отыр. Бұл мәселе Өмекеңді өте толғандырады. Себебі әлемде қазақ тілін зерттейтін жалғыз институт бар, ол Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. «Қазақтың ұлттық санасын негіздеп, рухани жан дүниесін асқақтататын, тәуелсіз еліміздің рухани тірегі болып саналатын бұл ғылыми мекеменің тағдыры ауырлай түсіп отыр. Тіл институты – ұлттық институт емес пе? Оған немқұрайды қарау елдігімізге мін болмас па? Осы мәселені ойлана, ойласа жүрелік, ағайын», - деп Өмекең баспасөз беттерінде ұлтты толғандыратын ойларын білдірген.

Көңілі жарық, жүрегі жылы Өмекеңнің достары – сыйласы мен қимастары көп. Ондай адам әмбеге амандық, саулық, жақсылық пен жемістілік тілейді. Ондай адам жасы үлкен жақсыға айнымас іні, жасы кіші жақсыға айнымас аға, солардың бәріне пана. Сондай-ақ ғалым, педагог, қоғам қайраткері ретінде академик Өмірзақ Айтбайұлы өзінің шығармашылық әлеуетімен, адамгершілігімен келесі ұрпаққа үлгі-өнеге болатыны сөзсіз.

**Манкеева Ж.А.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Лексикология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., проф.*

## **Тіл және тұлға**

Қазіргі таңдағы тарихи-әлеуметтік, мәдени-қолданбалы сипаттағы қоғам сұранысына тиімді жауап бере алатын қоғамдық сана мен қоғамдық болмыстағы осы өзгерістердің тілдегі рефлексиясына талдау жасау, тілдің даму болашағын айқындау мәселесі, тілдегі кейбір жаңа үдерістердің бағытын анықтау тілдік жүйенің іргелі, дәстүрлі зерттеулерімен сабақтастықта жүргізілуде. Мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық сөз қолданысы аясының коммуникативтік, мазмұндық әлеуетін ашатын ғылыми-лингвистикалық базасын жасау, соған сәйкес терминологиялық сөздіктерді дайындау, жұрт-

шылықтың лингвоэлеуметтік //мәдени// елтанымдық білімін тереңдету – қоғамдық-элеуметтік талапқа сай қажеттілік. Осымен байланысты қоғамның барлық саласында қазақ тілінде қолданыстық өріс табуы тиіс жаңа ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыру үшін аймақтық, көне тілдік қолданыстағы қазақ тілінен балама табу, саралап, сұрыптау ісін жүргізуші терминология саласының да жаңа деңгейін атап өту қажет.

Атап айтқанда қазақ терминжасам үрдісіндегі дәстүр мен сабақтастық қазақ тілінің төл лексикалық қазынасының тарихи-семантикалық, жүйелік-құрылымдық, қолданыстық қызметіне негізделген функционалдық мәселелерінің өзекті түйінін шешуге қатысты кешенді сипаттағы антропоөзектік қағидаға сүйенеді. Ол қазіргі тіл білімінде тілдің когнитивтік-прагматикалық қызметін аша түсетін, дүниетанымдық әлеуетін ғылыми тұрғыдан пайымдауға арналған ғылыми кен өріс ретінде айқындалуда.

Нақты айтқанда, қазіргі тіл білімінің теориялық зерттеу парадигмасының антропоцентристік басты ұстанымы – тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметінің (танымдық (когнитивтік) және қарым-қатынас (коммуникативтік)) қызметін терең ашып, тілді зерттеуді заман талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру.

Ұлттық терминжасам қағидаларының өзегін құрайтын халықтық рухтың жемісі ретіндегі ұлттық ерекшелік екенін ескеріп жасаған А.Байтұрсынұлы терминдерінің өміршеңдігі мен жасампаздығы, табиғилығы мен танымдылығы да осында. Мысалы: *көсемше, құрмалас, бастауыш*, т.б.

Қазіргі терминологияда, біріншіден, бұл тектес терминдер жаңадан жасалған емес, тілдік жүйедегі қолданысы бар, бірақ ол мағынасы жаңа ұғым атауына ассоциациялық негіз болған, яғни *терминделген* сөздер ретінде анықталады. Екіншіден, қазіргі тәуелсіздік кезеңі мен жаһандану дәуірінде қазақ тілінің қолданыстық, өміршеңдік және ұлтты бірегейлендіру қызметін күшейтудің ерекше мәні тілдің рухани-элеуметтік жаңғыртуларға сай жаңа деңгейге көтеріліп, қалыптасушы ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін мемлекеттік мүддеге ұласуына байланысты. Олай болса, бұл жағдаят қоғамның түрлі саласында кәсіби тілдік тұлғаның (терминологтың) қызмет ету дәрежесінің көтерілуіне ықпал етеді.

Сондықтан бүгінгі күннің қоғамдық-элеуметтік және рухани-мәдени даму контекстінде тілдің терминжасамдық қызметі мен әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Осымен байланысты қазақ тіл білімінің терминология саласында академик Ө.Айтбаев пен оның ұстаз, әріптес, ізбасар ғалымдары мен шәкірттері Ө.Қайдар, Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, С.Ақаев, Қ.Айдарбек т.б. еңбектерінде тіл арқылы адам санасында қалыптасқан танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты тіл мен адам факторы арасындағы байланыста зерттеуге бет бұрған қазіргі тіл білімінің адамтанымдық (антропоөзектік) бағыты қалыптасуда.

Терминжасам үдерісінде ұлттық сананың ерекшеліктерінің тілдегі көрінісін түсіндіретін мынадай теориялық-әдіснамалық ғылыми парадигманы көрсетуге болады: Медиамәтін прагматикасы (газет, радио, теледидар тілі т.б.), дискурс (іскери дискурс, ғылыми дискурс, саяси дискурс т.б.), когнитивтік лингвистиканың «тілдік тұлға», «ғаламның тілдік бейнесі» теориялары т.б.

Қазіргі терминологиялық ақпараттар ағыны ішіндегі ана тілі қазынасының рухани мазмұнын ашып, оның қазіргі тілде жаңа сапада жалғасқан коммуникативтік қызметі мен бойындағы тілдік қуатын, қолданыстық әлеуетін көтеретін, мемлекеттік деңгейдегі бірегейлік, ұлттық деңгейдегі ұйымдастырушылық қызметінің өрісін кеңейтуге дәйекті құрал болатын – лексикографиялық еңбектер. Солардың деректерінің негізінде – лексикалық тың мағыналардың, көне атаулардың терминденуінің уәждемесін, этимологиясын, мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігінің адамтанымдық бағыттағы тілдік зерттеулерге тірелуі – заңдылық. (Қазақ тіліндегі салалық терминологиялық

сөздіктер, Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 т.), Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздік (3 т.) т.б.).

Терминжасамның «ұлттық тілдің мүмкіншілігін барынша сарқып, пайдалану» қағидасына сәйкес терминдік қорды дамытатын мәдени ұғымдардың сөздіктердегі тілдік көріністері (этнографизмдердің, лингвокультуремалардың, лингвоелтанымдық бірліктердің, этномаркерленген ескіліктердің) *мәдени-терминдікұғым* ретінде санада қалыптасуы мен аталуы, сөз ретінде ұлт жадында терең сақталуына негіз болатын стереотиптік, ассоциативтік, т.б. терең құрылымдардың терминология саласында қарастырыла бастауы да шындық. Нақты айтқанда, терминдік жүйенің қалыптасуындағы «тіл мен ұлт» сабақтастығын арқау еткен зерттеулер тіл арқылы этнос болмысын танудың когнитивтік деңгейіне терең бойлауға мүмкіндік береді.

Соған сәйкес, сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның иә белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі.

Қоғам дамып, дүниенің қасиеттері одан әрі таныла бастаған сайын дүние бейнесінің мазмұны да өзгеріп отырады. Жалпы, номинация теориясы бойынша адам ат қоюда сол затты танып, біліп, басқалардан ажыратып алғаннан кейін барып ат қоятын белгілі. Мұндай ажыратқыш белгілер (уәждер) сөйлеуші ұжымдық ортада әртүрлі болуы мүмкін. Осымен байланысты жаңа атаулардың, терминдердің жасалуының бір танымдық тетігі – күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде әбден қалыптасқан ұғыммен ұқсату. Себебі адамның табиғаттағы, қоғамдағы әртүрлі құбылысты бақылауы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы арқылы іске асып, кейбір көне қолданыстардың жаңғыртылып, жаңаша қолданылуы негізінде іске асады.

Соның барысында тілдің рухани-әлеуметтік жаңғыртуларға сай жаңа деңгейге көтеріліп, ежелден қалыптасқан ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін заманауи мемлекеттік мүддеге ұластырып, қоғамның түрлі саласында кәсіби тілдік тұлғаның қызмет ету дәрежесін көтеретін ұлттық терминологиялық жүйе жасаудың негізгі тетігі ретінде этнотанбалы тілдік деректер терминдену үдерісінде кеңінен көрініс табуда (*тұсау-кесер, құрықтау, билік, көсем, серке* т.б.).

Бұл – Тәуелсіздік кеңістігіндегі қазақ қоғамының рухани жаңғыру деңгейіне сәйкес мәңгірткікке қарсы қалыптасқан елді ұйыстырушы өзек ретіндегі тіл қызметінің өміршеңдігі мен жалғастық қызметінің әрекеті.

Табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі **сөзді өнер** деп түсінген ата-бабамыз қоғамның көп мәселесін шешуде жағдаятқа қарай сөз құдыретінің әлеуетін тиімді қолданған. Бірақ әр заманның сан қилы тарихи-құрылымдық өзгерістері қоғамдық санаға және қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің де коммуникативтік қызметінің сапасына ықпал ететіні шындық.

Уақыт пен кеңістік контексінде қоғамдағы тіл қызметінің тілді тұтынушының санасы мен әрекеті аясындағы, атап айтқанда, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде коммуникативтік қызметінің жоғары қоғамдық қолданысының сипаты, сөздің коммуникативтік сапасын көрсететін **сөз мәдениеті** терминжасамның дамуына қатысты қазіргі баспасөз тілі прагматикасынан анық байқалады. Бұл арада газет тілінің қолданыс аясында *адресант – адресат* байланысына ерекше мән беріліп, осы мақсаттағы прагматикалық пресуппозиция психоллингвистикамен, социоллингвистикамен ұштасады. Мысалы, қазіргі газет мәтіндеріндегі астарлы т.б. мәндермен астасып, жаңа экспрессивті бояуға ие болған сөздер (*жаңа қазақ, билік, шенеунік* т.б.), жаңа сападағы имандылық мазмұнға ие болған діни лексика, жағымсыз бағалауыш лексика (*жемқорлық, жымқыру, құрықтау* т.б.), әр түрлі сөз құбылтулар мен жаңа қолданыстардың прагматикалық мәні жеке сөз шеңберінде емес, қазіргі қазақ тілі сөз мәдениетінің тұтас жүйесінде анықталуы тиіс.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекітілуі – мемлекеттік құрылымдардағы тіл қызметінің мазмұнына, жалпы қоғамдық-әлеуметтік, саяси-әлеуметтік, экономикалық өмірдің барлық салаларындағы қоғамдық санаға қатысты терминдердің танымдық, ақпараттық, т.б. қызмет атқаруының тұғыры. Соған орай қазіргі қоғамда ұлттық сананың қайта жаңғыруы заман үрдісіне сәйкес ерекше қарқын алып, қоғам өмірінің сан-саласында, қарым-қатынасында, пікірлерінде, негізінен, тіл арқылы көрініс табады.

Тілдік деректердің этноәлеуметтік, мәдени-рухани әлеуетімен тамырласқан ұлтты тұтастырушылық, өміршеңдік, жасампаздық қызметі т.б. негізіндегі ұлттық сипаты, қазіргі Қазақстанда қалыптасқан тілдік жағдаят мемлекеттік тілдің үлгісін әлемдік үлгімен тоғыстырады.

Демек, терминдік бірліктер белгілі бір мәнді білдіретін жай ғана таңбалардың жиынтығы емес, мазмұны адамның санасында сақтаулы жатқан, жаңа ұғымның ішкі дүниемен арадағы қатынасын білдіретін шығармашылық ойлау танымының нәтижесін беретін таңба. Олай болса, мұндай таңба тек шарттылықпен ғана сипатталмайды, ол – адам танымы мен тәжірибесі негізінде уәжделетін танымдық атау.

Ал, *тілдік тұлға* тек қана тілді тұтынушы ғана емес, ол белгілі бір этностың тіл арқылы таңбаланатын мәдениетін, этикалық нормаларын да тұтынушы. Оның себебі адам болмысының жан дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз күдіретінің мәні қазіргі таңдағы ізгілікке бағытталған адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғанымен байланысты.

Ал, табиғатпен астас өмір кешкен көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыздың өмірі мен тұрмысында, қоғамдық-әлеуметтік, тәрбиелік т.б. ортада сөз қызметінің мәні ерекше болғанын рухани құндылықтарымыз бен асыл қазыналарымызда сөзді *өнер* деп таныған дүниетанымдық пайымдарынан көреміз: *өнер алды қызыл тіл; сөздің майын тамызды; сөздің тиесіні ағытты; сөз тапқанға қолқа жоқ; сөзі қамшы болды* т.б. сөз тіркестері сөз қуатын, сөз ажарын, сөз қызметін айшықтап, соған сәйкес сөздің түрлерін де жіктеп атаған: *аталы сөз, басалқа сөз, бос сөз, бірауыз сөз, жылы сөз*, т.б.

Дәстүрлі тіл білімінде қатынас құралы және ой мен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал ретінде қазақ тілінің жан-жақты зерттеліп, қарастырылғаны белгілі. Ал, жаңа антропоэлектік бағытқа сәйкес сол тілдің әрекет үстіндегі, динамикалық категория ретіндегі көрінісі **сөздің** табиғатын адам болмысымен тығыз байланыста қарастыруда зерттеушінің бойында сөздің тылсым күшін, қуатын сезінетін айрықша сөз зердесі, сөз зергерлігі табылуы ерекше маңызды. Бұл – кез-келген тілші-ғалымның бойынан табыла бермейтін ерекше қабілет.

«Дарын – Жаратқанның адам баласына тым сараң сыйлап отыратын аса бір бағалы қазынасы» деген белгілі тұжырымға сүйенсек, сөз киесін, сөз қуат-әлеуетін ерекше сезіну тек білімді ғана емес, білікті ғалымдарға ғана тән қасиет. Соның арқасында қазіргі қазақ тіл білімінің тәуелсіздік кезеңінде жалғасқан, кезінде А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алған қазақ терминжасалым үрдісі мемлекеттік тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне жан беретін терминдер табиғатын *тіл мен ұлт* сабақтас-тығында танып, термин табиғатын, оның қалыптасуын, дамуын жалпы тілдік жүйе мен сол тілде сөйлеуші ұлт танымына сәйкес түсіндіру Ө.Айтбаев сынды ғалымдардың зерттеулеріне ұласып, жалғасын тапты (Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. 1988 ж.; Тіл майданы. 2000. (Ө.Қайдармен бірге) т.б.).

Демек, қазақ танымында сөзге ерекше мән беріліп, сөз мазмұнының жан-жақты толық сипаты қазақ өмірінде алуан түрлі күрделі істердің күрмеуін шешкенін мәдени-тарихи мұраларымыз дәлелдеп отыр (билердің, шешендердің т.б. сөздері). Бұл жайт, біріншіден, қазақтың сөз құдыретін, сөз әлеуетін қазақ болмысынан тыс қарауға болмайтынын көрсетсе, екіншіден, бұл құбылысты тану үшін терең білімді былай қойғанда, зерттеушінің болмысы «тіл әлемімен» тұтасып, **тілмен тұлға** бірлестігін құрайды.

Бұл тұтастыққа негіз болатын, мүмкіншілік беретін – сөз құдіретінің мазмұндық-деректік әлеуетін игергенділі тұтынушының «тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының асыл қазынасы, тарихи-мәдени ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сақтаушы, іске асырушы және қайта құрушы құрал» деп таныған тұлға болмысы. Міне, осындай тұлғалардың орны мен еңбегінің қазіргі қоғамдағы да мәнінің ерекше екенін өмір көрсетіп отыр.

Олай болса, адами тұлғасы ана тілінің қасиетімен біте қайнасып, тіл тағдыры тезге түскен сәттерде көркем де кестелі сөзімен «тіл майданының» бас сарбаздарының бірі ретінде жарқылдап көрінген асыл сөз иесі Өмірзақ ағамыздың *тілдік тұлғасы*, біздің ойымызша, қазақ сөзінің мәнін айшықтаған жоғарыда келтірілген тұжырымдарға толық сай келеді.

Ал, осыған орай академик Ө.Айтбаевтың «Қазақ сөзі» монографиясындағы (1997 ж.) мәдени-әлеуметтік әрекет үстіндегі тілді тұтынушының **сөзін, қазақ сөзін** тану – адамның, социумның, тілді құрал ретінде пайдаланатын тілді тұтынушының болмысын, іс-әрекетін, таным-пайымын бейнелейтін функционалды парадигма ретіндегі айқын адамтанымдық бағытқа сай.

Бұл мәселенің Ө.Айтбаев еңбектеріндегі ғылыми қисын, ұлттық мүдде тұрғысынан қаралуы нәтижесінде терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет ету әлеуеті т.б. Соның нәтижесінде жасалған терминжасам жүйесінің негізінде тілдің жүйесі бұзылмай, жаңа мазмұнда, бірақ тілдің табиғи болмысына сай дамуына жағдай қалыптасады.

Кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы болған ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талап – ұлттық, қоғамдық, кәсіби-әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу.

Қазіргі қазақ терминологиясын зерттеудің басында тұрған академик Ө.Айтбаев бастаған ғалымдардың еңбектерінде қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретіндегі жаңа, күрделі ойды жеткізетін терминдерде де сөздердегі секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұраты ескеріліп, термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту мақсаты да қойылған.

Осы міндетті іске асыруда сөз иесінің болмысына (тұлғасына) ерекше мән беріледі. Бұл арада **тіл мен тұлғаны** тұтастыратын – тіл арқылы ұлттың болмыс мен мәдениетін танушы ел тұлғаларының ісі мен сөзі, рухани шығармашылық мұрасы.

Осымен байланысты жүргізілетін терең де жан-жақты, деректік зерттеулер қазақ тіл білімінде орны бар тұлғалардың істерінің мазмұнын, ұлттық рухын, білімі мен біліктілігін, шешендігі мен ерекше танымдық қабілет-қасиеттерін, шыққан *тегін* танудың терең тамырын оның тілінен (сөзінен) іздейді. Соның нәтижесінде ғалымдық, кәсіптік тұлғасының толық бейнесі оның тілі арқылы, «тілдік тұлға теориясы» негізінде ашылады.

Әрине, Ө.Айтбаев сынды тілші-ғалымдардың тілдік тұлғасын анықтауда алдыңғы кезекте оның ұлтжандылық танымы тұрады. Сонда ғана ол жай *ғалым-тұлға* емес, *ұлттық тұлға* деңгейінде таныла алады. Осыған орай оның тумысынан адами даралығы, ерекше ішкі сезім көрінісі, «тілдік әлемді» өзінше қабылдауы, соған сәйкес өзіндік сөз таңдауы, соның нәтижесінде қалыптасқан шешендік қасиеттері, әні мен сәні *тілдік тұлға* болып қалыптасуының алғышарттары болып табылады. Демек, тілдік тұлғаның қуатты да көркем сөзі, сонымен сабақтасқан ойы мен мақсатын сипаттайтын қоғамдық-әлеуметтік істері, психологиясы ұлт перзенті ретінде халқын сүйетін ерекше сезімімен өлшеніп, бірлесіп, оның бойындағы ізгі қасиеттердің оянуына, тұтасуына негіз болады. Соның нәтижесінде оны *тілдік тұлға* дәрежесіне көтеріп, жан дүниесі мен дарын қабілетіне қозғаушы күш ретінде ықпал ететін – оның нақты әрекеттері мен тілі арқылы дәйектелетін шығармашылық, ағартушылық, күрескерлік қызметі мен еңбектері.

Сонымен, тұлғаның ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық-рухани құндылығын, ұлтжанды сезімін, қоғамдық ой-биігін сипаттайтын рухани қажеттілік құраса, тілші-ғалым Ө.Айтбаев тұлғасының қалыптасу үрдісі оның интеллектуалдық деңгейінен, дегдарлық болмысы мен парасат биігінен бастау алғаны айқындалады. Соның негізінде оның тұлғалық мінезінің құрылымында өнерпаздық, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктерінің түзілгені – заңдылық.

Сайып келгенде, Ө.Айтбаев сынды тілші-ғалымдарымыз – зердесі мен санасы тіл білімімен шектелмей, ұлтжанды сезімі мен болмысына ана тілінің ұлттық болмысын танытатын қозғаушы күші ретіндегі қоғамдық-әлеуметтік қызметі арқау болған тұлғалар санатынан.

**Бизақов С.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, ф.ғ.д., проф.*

### **Тіл қамын жеген феномен ғалым**

Филология ғылымының докторы, ҚР Ғылым академиясының академигі, халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» президенті, қазақ тіл білімі ғылымының ірі өкілінің бірі, ана тілінің парасатты қамқоршысы, әлемдік тіл біліміне танымал салиқалы түркітанушы, белгілі қоғам қайраткері Өмірзақ Айтбайұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр. Ол 1936 жылы 5 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл аулында Қаратау, Сыр өңіріне танымал ақын Айтмұхаметұлы Айтбайдың отбасында дүниеге келген. Ауылдан түлеп ұшқан ғалымның балалық балғын шағы балдәурен болды дей алмаймыз. Оның өмір жолы Ұлы Отан соғысының және одан кейінгі кездің ауыртпалық пен қиын – қыстауға толы зұлмат жылдарымен басталды. Бесіктен белі шықпай жатып еңбекке араласып, шыңдалып өсті. Мектепте оқып жүрген кезінен ұжымшарда еңбек етіп жүріп – ақ өз бетімен өн бойындағы өнер ұшқынын лапылдата білді. Әуелетіп ән салатын сегіз қырлы, бір сырлылығымен, жан – жақтылығымен танылып, ажары мен ақылы астасқан жасөспірім аталды. Мектеп бітіре салып, 1953 жылы Мырғалымсайда слесарь болып еңбек етті. Қасиетті туған жер, өскен ортаның адамның қайталанбас өзіндік дарынын дарытуға, оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін алғышартының бірі екені белгілі. «Ауылдың жөн көрсетіп, жоба нұсқайтын данагөй қарты, жақсылары мен жайсандары болса, салт – дәстүрді берік ұстанатын, ән салып, күй шертетін өнерлісі болса – соның бәрі жас өспірімнің өмірден өз бағытын дұрыс таңдауына септігін тигізбек», - деген еді Өмекен бір сөзінде. Жас жігіттің бойындағы маздаған от, қайнаған қуат, алға жетектеген ерік – жігері мен ақыл – ой сол кезде – ақ оны кемел арнаға бұрып, жетілдіре, шынықтыра түскендей. Жасында байқары жоқтық қартайғанда айтары жоқ дегендей, сол кездің өзінде – ақ достары мен туыстарының ортасында оның орны ең әуелі ерекше қарым – қабілетке толы мінезімен, әркез жақсылық нұрын себуге әзір тұратын айнымас қасиетімен, құштарлық сезімімен дараланып тұратын деп еске алады ауылдастары. Мұның өзі ауылда туып – өскен балаң жігіттің халқымыздың барлық игі қасиетін, асқақ рухын бойына сіңіруге әсер етті. Тіл өнеріне деген іңкәрлік жастайынан еңбектің қазанында қайнап өскен жеткіншекті 1959 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне алып келді. Мұнда да балаң жігіт табандылығымен, еңбекқорлығымен, зеректігімен өз ортасында айырықша көзге түсті. Университетті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер болып орналасып, тоғыз жылдай журналистік кәсіптің бүге – шігесін танып біліп, білімін шыңдады. Дегенмен тілге, әдебиетке, жазуға деген қарым қабілетін таныта білген жас жігітті ғылым әлемі

еріксіз өзіне тарта берді. 1962 жылдың наурызынан бастап Ғылым академиясының Тіл білімі институтына ғылыми қызметкер болып орналасып, күні бүгінге дейін 54 жылбойы сонда еңбек етіп келеді. Өзінің ғылым саласындағы басып өткен жолы өрелі де өнегелі. Ғалымның ең алғашқы ғылыми ізденісі болған аударма саласындағы ауқымды еңбегі оған әуелі аударма ілімі деген не және оның басты қағидаттары қандай, тарихы, табиғаты деген мәселені зерттеуін керек етті. Өмекең өзі бүге – шігесіне дейін зерттеп келе жатқан ең бір күрделі сала терминологияны аудармамен жанастыра қарастырды. 1992 жылғы докторлық жұмысы тікелей осы салаға арналған. Диссертациясын үздік қорғаған ғалым терминология жөніндегі ой, түйіндерін бірнеше кітабы мен әлденеше мақаласында өрбітті. Кез келген ұлттың тілінде терминдер аударылуы керек. Бірақ мемлекеттер арасындағы саяси, ғылыми, мәдени қарым – қатынас нәтижесінде сөз алмасудың болуы заңды. Сондықтан аударған сөзіміз сол заттың мағынасын ашып тұрса, онда нұр үстіне нұр болмақ дейді Өмекең. Ол жарты ғасырға жуық қазақ тіл білімінің терминологиялық жүйесі, тіл мәдениеті, фразеологиясы мен аударма саласында тер төгіп келеді. 2007 жылы жарық көрген 620 беттік «Қазақ тіл білімінің мәселелері» кітабында қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, даму жылдары, бүгінгі мен болашағы жан – жақты сараланған. Ө. Айтбайұлы бұл жылдары қазақ терминологиясы мен аударма саласында жан – жақты ізденістер жасап, осы бір қиын да күрделі ғылыми мәселеге қатысты әлемдік ғылыми ой – пікірлерді сүзіп шығып, қазақ тілінің өз табиғатына тән заңдылықтарға тереңдейді. 1975 жылы оның «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деп аталатын монографиялық зерттеу еңбегінде аударма проблемасының күрделі мәселелері қарастырылған. Бұл жылдары ол ғылыми – зерттеу жұмыстарымен қоса КСРО Журналистер одағының мүшесі ретінде журналистік қызметін де қатар алып жүреді. Қазақ қауымының өмірі, әлеуметтік болмыс – бітімі, қазақ өнері мен әдебиетінің келелі мәселелері, өнер адамдарының тағдыры, ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің тұрмыс жайы т.б. туралы очерк, новеллалар жазуын жалғастырады. Ғалым қазақ лексикологиясы мәселесінің зерттеушісі ретінде фразеологиялық құбылысын да саралап, оның түр – түрін талдап берді. Оның қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебелену жолындағы ізденісі мен күресі өз алдына бір сала. Тіл мәселесін көтеру бар да, оны шешу бар. Ұлттық қазынадан нәр алған Өмекең тіл мәселесіне талғаммен қарап, мемлекеттік тілдің күрмеулі тұстарын шешудің амал – тәсілін орнымен нұсқай білді. Ол – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қалыптастырушы маманның бірі. Ғалымның республикалық және халықаралық конференцияларға қатысып, қазақ тіл білімі мен түркітануға қажетті мәселе жайлы жасаған 50 – ден астам баяндамасы өзінің дәйектілігімен, ойлылығымен ғылыми жұртшылыққа кеңінен аян. Бұл жылдары Өмірзақ Айтбайұлының басшылығымен және қатысуымен «Тіл мәдениеті және баспасөз», «Өрелі өнер», «Сөз өнері», «Ұлт саясатын бұрмалаушылар», «Қазақ терминологиясының мәселелері», «Аударманың лексика – стилистикалық мәселелері», «Термин және олардың аудармалары» аталатын бірнеше ұжымдық кітап баспадан жарық көрді.

Ө. Айтбайұлы қоғам қайраткері ретінде әрдайым тіл мен діл жолындағы зиялы қауым ұмтылысының көшбасшыларының бірі болып келеді. Ол қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына қажетті шаралардың бәріне қатысты. Оның тума дарындылығы ақыл – парасат, білімімен жарасымдылық тапқандай. Бар саналы ғұмырын ғылым жолына сарп етіп, үнемі ізденісте жүретін ойы ұшқыр, қаламы жүйрік, тілі орамды, сөзі әсерлі ғалымның баяндамасы тыңдаушысын баурап әкететін. Ол тіліміздегі тіл мәселесінің өзектелігіне, қоғамдық өмірде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты өткір ойларымен ұлт бірлігінің ұйтқысы саналатын ана тілімізді төрге шығару жолындағы атқарған қызметімен көзге түсіп келеді. Академиктің ғылыми ой – тұжырымы жоғарыда аталған салалармен қосатіл мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, мемлекеттік тіл, әдебиет, мәдениет, ұлттық құндылық, салт – дәстүр мәселелеріне қатысты еңбектеріне ғалымдар рецензия

жазып, жоғары бағалады. Өмір бойы еңбекпен шындалып ізденіс үстінде жүретін ғалымның ғылыми шығармаларының ауқымы кең, сан қырлы. Ізденіс аумағы, ғылыми өрісі қазақ тіл білімі аясынан асып, түркітанудың да өзекті мәселесін қамтиды. Өмекеңнің атсалысуымен түркі тілдерінің өзара бірлесіп зерттейтін ғылым саласындағы ізденіс жолға қойылды. Атап айтқанда бірлесе қарастыруды қасиет ететін ортақ терминологиялық жүйені қалыптастыру мәселесі зерттелуде.

Шын ғылымға қашан да сайрап жатқан жол жоқ. Ғылым жолы – ауыр жол. Тек талмай еңбек еткендер ғана ғылым биігіне көтеріліп, оқырманның құрметіне бөленеді. Ізденуден жалықпаған феномен ғалым бүкіл түркітану әлемінде кеңінен танылған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста тынымсыз еңбек еткен ұлтжанды қаламгердің рухани дегдарлық тұлғасы биіктей түсті. Өз жұмысын шын ынта – жігерімен беріліп атқаратын Өмірзақтық ерекше бір қасиеті – еңбекқорлығы. Ол – республикамыздың рухани және әлеуметтік жағдайын жіті қадағалап, энциклопедиялық білімімен үлкен сұранысқа ие болған әлденеше танымдық әрі тәрбиелік мәні ерекше еңбектерін жазды. Өзінің мерейлі жасына тіл білімінде өзіндік орны бар қарымды қаламгер, ел мәдениеті мен өнеріне іргелі үлес қосқан қайраткер ретінде көтеріліп отырған Өмекеңнің қоғамдық – әлеуметтік тақырыпқа арналған шығармаларындағы айтар ой, көтерген идеясы, келтірген дерек пен мәліметтері ғалымның ғылыми кредосы, азаматтық ұстанымы, өмірлік қағидаты, туралық пен шыншылдығын танытқан құндылығымен оқырман ықыласы мен қызығушылығын арттырғаны белгілі. Адалдық, әділеттік, шынайылық секілді адамгершілік құндылығын ту еткен ғалым өзінің еңбек жолында талай белеске көтеріліп, ұжымның құрметіне бөленді. Тіл білімі мәселесіне қатысты 30 шақты кітап пен монографияның, бес жүзге жуық мақаланың авторы болған. Ол сондай – ақ «Тіл біліміне кіріспе», «Лексикология» пәндері бойынша оқулықтар жазды. Өмекеңнің өмірі мен жекелей еңбектерінің маңызына арналған 31 мақала жарық көрді. Жастық шақтығыдан гөрі жас ұлғайғанда көп іс тындыру керек деген екен бір ғұлама. Академик жасының ұлғайғанына қарамастан жемісті еңбек етуін үзбей жалғастырып келеді. Соның ішінде 2015 жылы жарық көрген бес томдық кітабының маңызы ерекше. Бұл еңбегінде ол қазақ тіл білімінің терминология мәселесін, қазақ фразеологизмі мен перифраздарын, мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тіліміздің тарихи кезеңдері мен қоғамдағы тіл мәселесін, қазақ тілінің көшбасында тұрған ғалымдарды сөз етіп, ой толғайды. Халқын сүйген үлкен жүректі азамат қажырлы еңбекті, қайраткерлік күш – қуатты өзіне тұғыр етіп, бар саналы ғұмырын, қажыр – қайратын өзі қалаған ғылым жолына арнап, әр жүйеде қызмет атқарып, қай салада болса да ісін меңгеріп, көпке ұйтқы бола білді. Уақыт – әділ сыншы, мінсіз таразы. Тума таланттың талмас талпынысы, тынымсыз да іркілссіз ізденісі оны бүгінгідей тіл білімі ғылымының төріне шығарды. Ол өзінің қайталанбас азаматтық мінезімен, байыпты қалпымен, әсерлі сөзімен, кісілік болмыс – бітімімен, өнеге тұтар рухани адамгершілік қасиетімен, ғылымға тән алғырлығымен қазақ тіл білімін бүкіл түркі әлеміне танытуға лайықты үлес қосуымен, мейлінше қарапайым да ашық – жарқын, орнықты да ірі мінезімен, ұзақ жылғы жемісті еңбегімен халқына қалтқысыз қызмет еткен ғалымның бірегейі, маманның білгірі аталып, ғылыми ортада, зиялы қауымда зор беделге ие болып, асыл сөз зергері атанды. Ғылымды ұйымдастыру қарымының үстіне Ө.Айтбайұлының қайраткерлік қабілетінің айқын көрінген тұсы «Қазақ тіл қоғамындағы» жұмыстарға тікелей байланысты. Өмекең 2004 жылы халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» президенті болып сайланды. Ол 1998 жылдан бастап ҚР орталық сайлау комиссиясы құрған лингвистикалық комиссияның мүшесі ретінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтан бастап, басқа да ҚР президенттігіне үміткерлерден емтихан қабылдап келді.

Ө.Айтбайұлының толассыз еңбегі үкімет тарапынан да, ғылым қауымдастығынан да жоғары бағаланды. Ол 1994 жылы ҰҒА - ның корреспонденті мүшесі болып сайланса, 2003 жылдан Ұлттық Ғылыми академиясының академигі.



Ө.Айтбайұлы – тағлымды тәрбиеші, ұлағатты ұстаз. Ол – Тіл білімі институтындағы қызметімен қатар ғылыми ізденістер нәтижесін практикалық тәжірибемен ұластырып, ұстаздық өнеге танытып жүрген ғалым. Ол 1994 – 95 жылдары Алматы Қыздар пединститутының, 1996 – 97 жылдары Қ.Яссауи атындағы Қазақ – түрік университетінің, 1998 жылдан «Қайнар» университетінің профессоры ретінде дәріс беріп, ұстаздық қабілетін көрсетті. Ұстаздық пен шәкірттік – адам баласы арақатынасының ең бір абзал, мағыналы да мәнді түрі дейміз. «Адам тәрбиелеу – ұлы міндет», «ұстаздық – ұлылық емес, ұлы қасиет», «ұстаз жолы – ұлы жол», «ұстаз беделі білігінен», «ұстаз болу – жүректің тазалығы», «ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» дейді емес пе ғұламалар. Шәкірттері бар, өзінің жолын қуған мектебі бар ғалым бақытты дейміз. Жақсы шәкірт бола алған адам жақсы ұстаз да бола алады деген пікір қалыптасқан. Кешегі алаш ардақтыларының, ғұламалардың көзін көріп, сөзін естіп, ғибрат алған Ө.Айтбайұлы ойына ой қосқан, біліміне білім қосқан өз ұстаздарынан адам болудың адал жолын үйрендім, болмыс – бітімдерінен мол тағлым алдым деп, оларды зор ықылас – ілтипатпен еске алады. Ғұлама ғалымдардан оқып біліп алған студенттік кезін ең бақытты жылдарына жатқызып, Мұхтар Әуезовтың әр оқыған дәрісі ғажайып оқиға болып өтетінін, тілмәселесін оқитынды. Ісмет Кеңесбаев, Ибрагим Мамановтан көргенін, ғылыми жетекшісі Мәулен Балақаевтың мінезі қандай мәйек болса, өзінің жүрісі – тұрысы, сөзі де тұнып тұрған зиялының өзі болатын деп еске алады. Сондай үлкен жүректі ұстаздарға шәкірт бола жүріп, өзі де білімді де білікті мамандар даярлауға зор ықыласпен көңіл бөлді. Атап айтқанда оның елімізде жас ғалымдарды тәрбиелеп қанаттандыру, кадр даярлау ісіне сіңірген еңбегі де орасан зор. Ол – соңғы 35 жыл ішінде көптеген ғылымкандидаты мен докторын, магистрант даярлап, өзінің іскерлігімен, тәжірибелік әдіс – тәсілімен, сапалы білім беруімен мерейі тасып жүрген ұстаз. Өмекеңнің ғылыми мектебінен өткен бүгінде еліміздің белгілі ғалымдары қазақ тіл білімі ғылымы мен руханият саласында өздерінің қомақты үлестерін қосып, егемен еліміздің жарқын болашағы жолында жемісті еңбек етіп келеді. Олардың арасында елімізге танымал М.Ерғалиева, А.Қоңырова, Н.Рсалиева, Б.Қожаева, Ш.Біләл, тағы басқа филология ғылымының докторлары Өмекеңнің жетекшілігімен аударма мен терминология мәселесінің әр алуан жайларын зерттеп жүр. Елдік мәселені ешқашан естен шығармаған көңлі дархан әз ағаларының халқының жағдайына деген жанашарлықтан жүрегін жарып шыққан сөздері шәкірттерінің есінде. Жақсы – жайсаң сүйінетін, мұқтаж адам сүйенетін, тентек – содыр именетін, қыңыр – қысық илігетін өмірін өнегелі ісімен өрнектей білген ұстаздың берген тәлім – тәрбиесі шәкірттерінің есінде. «Ұстаздан алған тәліміміз мол» дейді олар. Өмірлік тәжірибесінен түйгені көп, салт – дәстүрімізді сақтай білген ғалым өзінің кісілігі мен кішілігін, шуақты көңлін, жан сарайының тазалығын, көңлінің пәктігін айқын сездіріп, шәкірттерінің жүрегіне шабыт, қиял өрісіне қанат бітіру арқылы олардың еңбек жолына бағыт беріп, ұлттық рухани байлықты бағалауына ықпал жасады. Халқымыздың біртуар абзал қайраткері, академик Ө.Айтбайұлы – өзінің кісілік келбеті мен азаматтық болмыс – бітімінің арқасында әріптестерінің, зиялы қауымның зор сүйіспеншілігіне бөленген тұлға. Жайшылықта жайсаң, қайшылықта қайсар, тұлғасы таудай болса да, кісіге жоғарыдан қарап, иық теңестіріп, теке тіреспейтін, тектілік бүкіл болмысынан байқалып тұратын Өмекең туралы толғақты сөз айту екінің бірінің қолынан келмейтіні хақ. Ол – өзін көріп көзін тоятын, сөзін естіп көңлің толатын, дәуірінен өзін, өзінен сөзін бөліп қарауға болмайтын, биік тұрып кішіпейіл бола білетін кең жүректі, білім мен білікті, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдарған жан. Ол – «жақсы мінез – адамның қорғаны», «ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» дегенді өмірлік кредосына айналдырған абзал азамат. Өзімен құрдас әрі жарты ғасырға жуық қызмет бабы бойынша да, қарапайым тіршілікте де араласа жүріп таныс – біліс болған Өмекеңді барша жұртқа сүйкімді де үлгі – өнеге еткен болмыс – бітімінің, өмір сүру

ұстанымының, жүріс – тұрысының, сөзі мен ісінің біршамасы деп мыналарды атар едім. Ол әрдайым байсалды да биязы, сабырлы да салмақты, жаны нәзік, жансарайы таза, жастарға жұғымды, айтқаны орынды, жақынына жәрдемшіл, білімі білікті, қиналсаң қамқор, кең жүректі, тура мінезді өмірсүйгіш, ыстық ықыласты, ұстанғаны әділдік, сүйенгені шындық, жазғаны анық, ойы терең де қанық, сөзі қысқа да нұсқа, кішірейгенге кішіпейіл, менмендігі жоқ, адамдық пен әділдікті ұстанғыш, маңына адам үйірілгіш, азаматтық белсенділігі жоғары, ұстанымы берік, талғамы биік қалпынан айныған емес. Туған халқының қастерлі тілі, қасиетті ділі, қадірлі діні дегенде оның шығарға жаны бөлек. Ол өзінің 80 жасқа толған мерейтойына өнегелі өмір жолымен, елеулі ғылыми шығармашылық жетістігімен, қайраткерлік қомақты қызметімен жетіп отыр. Ол – білімді де білікті ғұлама ғалым, қоғам өміріндегі істерге белсене араласқан айтулы тіл жанашыры. Ол – кестелі сөз шебері, терең танымды, қаламы қарымды қаламгер. Ол – аузы дуалы, шешен сөйлейтін дегдар ойдың иесі. Ол – сегіз қырлы бір сырлы өнерпаз. Ол – адал дос болудың таптырмас үлгісін көрсете алды. Ол – ұлтымыздың асыл қасиеттерін бойына толықтай сіңірген қазақ елінің мақтаншы мен абыройы. Ол – адами болмысына кір шалдырмаған, адамшылық арымен адал өмір сүрген абыз ақсақал. Ол – қазақ тіл білімінің қадірлі ақсақалы, көшбасшысы, байтақ даламыздың ғылым көкжиегінен көрінген жарық жұлдыздарының бірі. Ол – ілтипатты, іждаһатты, кісілікке, ілімге ұмтылған қоғамшыл, салауытты өмір салтын берік ұстанған жан. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті өткеннің інжу – маржанынан бойына сіңірген, халқының рухани құндылығын жан – жақты игерген, білімі мен ішкі мәдениетін жетілдірген жанның азаматтық санасымен қалыптасатын қасиет деп жүрміз. Азаматтық ғұмырдың ғибраты парасаттылықпен өлшенеді. Өз елі мен жері дегенде жүрегі елжіреп тұратын Өмекең қай дәреже мен атаққа жетсе де өзінің салмақты сыр – сипатын сақтай біліп, үнемі ұмтылыста жүретін қажыр – қайратын шыңдай түсті.

Академик ғалымның ең бір жан жадыратар қасиетіне оның ешкімді алаламайтын кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы жатады. «Жақсылық жасау – жер басып жүрген әрбір пенденің парызы», «жақсы мінез – адамның қорғаны» дегенді өмірлік кредосына айналдырған Өмекең үлкен парасат иесі, белгілі қоғам қайраткері бола тұра, менмендігі жоқ, ешкімнің көңлін жараламайтын мейлінше кеңпейіл. Оның үлкен – кішіге бірдей мәміле жасайтыны, үлкенді сыйлап, кішіні жебеп жүретіні сүйсіндіреді. Ғалымның адамдармен етене қарым – қатынасында байқалатын ой жүйріктігі, сөз саптауы, сөздің мәйегін тамызып, саралап айтатын бекзаттың қасиеті, әңгіменің ажарын кіргізе, қиюын қиыстыратын шешендігі жағынан да шоқтығы биік тұр. Өмекеңнің өзінен кейінгі ізбасарларына өнеге боларлық тағы бір адами қасиетіне кісі қызығарлық еңбеккерлігі, қолына алған істі қиындығына қарамастан ерінбей аяғына жеткізіп тынатын тиянақтылығы мен кәсіби биіктілігі, адам мен қоғам алдындағы жауапкершілікке мән беретіндігі, ішкі мол рухани қазынасы, іске мұқият, сөзге берік, уәдеге мәрттігі, биік мәдениеттілігі жатады.

Ғалымның әріптестері мен замандастарына құрмет тұтқызған кезекті бір ерекшелігі – мінезінің көркемдігі мен қайсарлығы. «Өмір сүру деген – тіршілікке қонаққа келу емес, бұл арпалыс, күрес. Сол арқылы өмірден адам деген атқа лайық өз орныңды тауып, тұлға болып қалыптасасың. Сол өмірде өкінбейтіндей күресе біліп, қиыншылықты жеңе білу арқылы тіршілігіңді мәнді де сәнді ете аласың» деген екен бір ғұлама. «Ауыртпалықты да қайсар жанға берем. Өйткені зор ауыртпалықта көркем мінезді адамның сабыр сақтауы мол сауаптан жазады» деген екен Мұхаммед пайғамбар ғ.с. бір хадисінде. Рух мықтылығы, дербес ойлау қабілеті ғалымның ұзын – сонар қилы өмір жолындағы тағдырдың басқа салған қиыншылығы мен ауыр сынақтарда өзін сақтап қалуына көмектесті. Бұл –алла жолындағы адамда болатын ерекше күш – қуаттың әсері. Ақыл мен парасатты серік еткен нағыз қазақы көркем мінезге ие адам сабырлы да салмақты, қанағатшыл да қарапайым қалпымен небір ауыртпалыққа

төтеп беріп, оны жеңе білген. Өмірдің ашысын бір адамдай татқан өзі де көркем, сөзі де көркем Өмекең сабырлы ақыл, темірдей төзімнің арқасында қайсарлық, тектілік танытып, қиыншылыққа қынбай, еңсесін бастырмай, ауыртпалықты еңсеріп тастап, алға ұмтылумен болды.

Ө.Айтбайұлының тағы бір жан сүйсіндірер ерекшілігіне жас кезінен – ақ бір бойында сан алуан өнерінің болуы жағады. Ол – ғылым мен өнерді тел еміп, қатар ұстап келе жатқан ғалым. Ол өзінің ақындық пен әуесқой сазгерлік өнерімен де зиялы қауымға танымал. Оның тыңдаушысын әлденеше рет тамсандырған әншілік, домбырашылық, күйшілік өнерін өнертанушы зерттеушілер жоғары бағалады. Өмекеңнің орындауындағы біраз әндер қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы. «Ғылым мен күнделікті тіршілікте мені алға жетелеп, өрге өрмелетіп келе жатқан өмірімде кие тұтып, қасиет санаған үш мұрама ана тілім, одан соң ән мен күй және қоңыр домбыра жағады» дейді Өмекең бір сөзінде. Өмекеңді құрмет тұтқызатын тағы бір ерекшілігі – оның әдемі қартайғандығы. Данышпан ақсақалы мен көреген қариясы болмаған елдің ақылды жастары да болмайды. Абыройына қылаудай кір жұқтырмаған қарттық – тәрбиенің үлкен құралы. Әдемі қартаю – асыл қасиет. Қарт бола білу, қартай білу – үлкен сын. Ел ағадан азады, тон жағадан тозады дегенге ұқсас ел жадында сақталып қалған дана бабаларымыздың айтқан уәжді сөзі аз емес. Ел ұйытқысы, батагөйі, ақылшы, қамқор ақсақалы мен көреген қарияның дұғадай ақылы, көшелі пікірі, таңғажайып тапқырлықпен айтқан даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай мәнді де дәмді сөзі дауға дәру, жауға қару, араздыққа араша, татулыққа тамыр, таза-лыққа нәр, пәктікке пәрмен, дәстүрге дәрмен болып, тәлім – тәрбие берген. 80 – ге келгенше кісілік бітіміне шаң қондырмай келе жатқан өзгеше бітімді сөз зергері атанған Өмекең де дәл осындай нағыз ақсақалдыққа тән асыл қасиетке ие дария кеуде, тау тұрпатты тұлға, көргені мен түйгені көп қазыналы қария атанды. 1997 жылы қажылық парызын өтеп қайтқан жүзіне иман шуағы үйірілген Өмекең жас ұрпақты имандылыққа иландырып, жамандықтан жирендіріп, қайғыға қамықтырмай, қуанышқа құлшындырып, сүйіспеншілікке сүйсіндіріп, сұлулыққа сұқтандырып, өмір – тіршіліктің мән – мағынасына көзқарасын қадыптастыруы олардың ой – парасатын өрістетіп, өрісін биіктете түскендей. Егемен еліміздің қазіргі қариялары өз әлемін Өмекеңше әдіптеп, әдемі қартайсашы. Халқына сіңірген еңбегін өзінің перзенттік парызы деп білген ғалым – қайраткердің ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Маңдай тер, табан ақының да өтемі бар екені даусыз. Академик 1996 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы медалінің, 1998 жылы Президент жарлығымен «Құрмет» орденінің иегері болды. 2001 жылы «Қазақстан Республикасының 10 жыл мерекелік медалімен», 2004 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Табан аудармастан 64 жылдан астам уақытын, еліне, халқына риясыз қызмет етуге арнап, сергектікті серік етіп ұзақ жылдарда алдынан кездескен сынақтардан сүрінбей өтіп, қиыншылыққа қасқайып қарсы тұра білген, бейнеттің түбі зейнет екенін өзінің тағлымды тәжірибесімен дәлелдей алған ғалымның өнегелі өмірі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты елім, жерім деп, бар өмірін соған арнаған халқымыздың дария – қариясын 80 – нің сенгіріне сергек күйінде жеткізіпті. Ол әлі тың, сөзі нық, ойы айқын, жанкешті еңбекқор. Шаршаудың орнына шабыттанып, дамылдаудың орнына дараланып, жұмысқа құлшына араласып, халқымыздың құндылығын дамытуға атсалысып жүрген абыз ақсақалдың айтары да, жазары да баршылық. «Қанағатшыл, мейірбан, адамдар, ұзақ жасайды» дейді халық даналығы. Ерлік пен өрлікке толы ғұмырының көңліме түйген бір бөлшегіне ғана қатысты ойымды аяқтай келе қадірлі әріптесіме сексендегі серпінімен 90 – ға тоқырамай жетсін деп, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, әрдайым жақсылық жанын жадыратсын, сәттілік серігі болсын, шаңырақ шаттығы ортаймай, отбасында жарасты тірлік, береке – бірлік, ырыс – ынтымақ салтанат құрсын демекпіз.

С глубоким уважением к мэтру казахстанской  
лингвистики и пожеланиями новых свершений в науке.

### **Языковая политика – фактор укрепления национально-государственной идентичности**

1. Постоянного внимания требуют важнейшие проблемы адекватности языковой идеологии, действенности языковой политики и эффективности языкового планирования в укреплении национально-государственной идентичности. Каково соотношение целей и содержания видов языковой политики в укреплении национально-государственной идентичности? Может ли языковая политика стимулировать изменения базовых паттернов национально-государственной идентичности, в частности, самого государственного языка?

2. Общая оценка языковой политики традиционно содержит такие характеристики: имплицитная vs. эксплицитная, эндогlossная (автаркия, языковой пуризм) vs. экзогlossная (вестернизация, остернизация), перспективная vs. ретроспективная, конструктивная vs. деструктивная, централизованная vs. децентрализованная, интернациональная vs. националистическая, демократическая vs. антидемократическая *etc.* Языковая политика в Казахстане является концентрированным выражением отношения государства к вопросам языкового существования и оценивается как *централизованная* (поскольку проводится государством и предусматривает систему обязательных мероприятий), *перспективная* (поскольку направлена на изменение существующей языковой ситуации), *демократическая* (поскольку учитывает интересы широких масс), *интернациональная* (поскольку основными стратегическими направлениями избраны развитие казахского языка, русского языка, языков всех других этнических групп, а также мировых языков), *конструктивная* (поскольку направлена на расширение функций, сфер применения, социально-коммуникативной роли и vitality казахского языка, поддержке функционирования и развития русского языка, а также других языков страны), *экзогlossная* (поскольку, несмотря на сильные пуристические тенденции, в казахском языке интенсивно развивается интернациональная лексика, а также лексика, обслуживающая новые информационные и технологические коммуникативные сферы, сферу потребления, развлечений, моды, кулинарии *etc.*).

3. Основными видами языковой политики являются вернакулизация; монолингвизм (гомогенизация, ассимиляция, унификация, языковая экспансия, языковой империализм и др.); мультилингвизм (языковой плюрализм, плюралингвизм, многоязычие и др.); интернационализация *etc.* В Казахстане языковая политика представляет собой баланс вернакулизации и монолингвизма, многоязычия и интернационализации: на одной стороне – выбор автохтонного казахского языка в качестве государственного (вернакулизация) и последовательно осуществляемое распространение казахского языка в регулируемых и нерегулируемых сферах общения (монолингвизм); на другой стороне – защита и поддержка русского и других языков страны (мультилингвизм), сохранение русского и формирование английского коммуникативного пространства (интернационализация). Государственное регулирование языковыми процессами всем содержанием и характером осуществляемых мероприятий направлено на сглаживание дилеммы между поддержкой языкового многообразия (мультилингвизм / языковой плюрализм) и провозглашением казахского языка государственным с обязательными для этого акта последствиями.

4. Открыто и последовательно укрепление национально-государственной идентичности связано с вернакулизацией и монолингвизмом, явные и скрытые цели которых совпадают в отношении легитимации казахского языка, который уже прочно ассоциируется с национально-государственной идентичностью; контролируемого распространения общего стандартного языка языковой гомогенизации страны; администрирования образованием, массовой грамотностью, масс-медиа ресурсами. – подчиняются стратегической функции формирования и развития национально-государственной идентичности.

5. Несколько иное положение с политикой мультилингвизма и интернационализации: своими целями и содержанием они открыто не связаны с национально-государственной идентичностью. Однако здесь следует привести блестящий пример оптимального использования их возможностей в культурном проекте «Триединство языков», который находится в гармонии с целями и стратегическими приоритетами национальной политики и обеспечивает сохранение базовых ценностей, сложившихся за годы независимости Казахстана – единство, стабильность и развитие.

6. Укрепление в массовом общественном сознании установок национально-государственной идентичности с помощью мероприятий языковой политики должно учитывать также агрессивное вторжение коммуникаций нового техногенного типа, не соблюдающих государственные и языковые границы (интернет, новейшие информационные технологии, спутниковое телевидение, мобильная связь, международный бизнес и образование, мировая наука и другие).

7. Казахский язык как один из крупных языков с помощью информационных ресурсов вовлечен во всемирную конкуренцию и битву идентичностей (в том числе национально-государственной идентичности) на виртуальном поле. Однако казахский язык с некоторым опозданием участвует в гонке информационных возможностей, а ведь изменившиеся условия его функционирования требуют принятия неотложных и адекватных мер. Что делать? Сколько бы ни усиливалась политика вернакулизации и монолингвизма различными мероприятиями со стороны государства и просто носителей языка, глобализующийся мир, трансформировавшиеся тексты (вместо традиционного письма дисплейные тексты с гиперкодами) и давление со стороны главного языка глобализации делают свое дело. Здесь необходимо активное использование возможностей, которые предоставляет глобализация и новый техногенный мир. Помимо исполнения системных плановых мероприятий в соответствии с Государственной программой функционирования и развития языков (2011-2020), следует создать Национальный корпус казахского языка.

8. Национальный корпус казахского языка – это информационно-справочная система на базе электронного собрания письменных и звучащих текстов, сбалансированная и представительная по объему (сотни миллионов словоупотреблений), оснащенная всеми возможными видами полной и удобной разметки. Национальный корпус казахского языка – это статистическая картина существования языковых форм, неологических, грамматических и ортологических процессов, неописанных изменений в семантике и сочетаемости языковых единиц, частотности различных конструкций, нефункционального варьирования языковых единиц и т. д.

9. Национальный корпус казахского языка способен служить современным источником его кодификации и стандартизации, поскольку в корпусе оказывается зафиксированным письменный и звучащий язык в его максимально репрезентативном виде. Создание Национального корпуса казахского языка – одна из важнейших государственных задач.

10. Стандартность и кодифицированность казахского языка является главным условием его успешного функционирования в качестве государственного языка, способного победить в жесточайшей конкуренции языков и обеспечить нужный уровень национально-государственной идентичности граждан единой страны.

### **Академик Ө.Айтбаев ұлттық тілдік тұлғасының концепциясы**

Тіл әрбір заман мен уақытта да кез келген этностың ең бір айқын даралаушы сипаттамалық белгісі болғаны белгілі. Сонау заманның өзінде әлемге әйгілі Пифагор «қайсыбір халықты танып білгіңіз келсе, ең алдымен сол халықтың тілін меңгеріңіз», – деп кеңес берген екен. Сондай-ақ, қазірде тіл мен мәдениеттің тығыз байланысы да күмән келтірмейтін ғылыми қағидаға айналды. Алайда, В.фон Гумбольдт, Г. Штейнталь, К.Фосслер және А.А. Потебня еңбектерінде қарастырылып зерттелген *тіл/қоғам/мәдениет/жеке тұлға* макролингвистикалық мәселелер ХХ ғасырдың бірінші жартысында құрылымдық лингвистиканың жетістіктеріне орай, яғни тілді «өз ішінде және өзі үшін» ғана қарастыруымен шектелгендіктен екінші қатарға жатқызылды. Дегенмен өткен ғасырдың аяғынан бастап, гуманитарлық білім ғылыми парадигмасының өзгеруі аясында жүйелі-құрылымдық және статикалық парадигманың орнына антропоэектілік, функционалды, когнитивтік және динамикалық парадигма келе бастайды да, адамға «барлық дүние өлшемi» атты өз мәртебесін қайтарып, оны бүкіл әлемтаным орталығына орналастарады.

Сонымен ғылыми парадигманың өзгеруі бірнеше ғылыми білім салаларының шеңберінде пайда болатын мәселерге зерттеушілік қызығушылықтың арттыруына алып келеді. Осымен байланысты пәнаралық синтез бен симбиоздың нәтижесінде этнопсихология, психоллингвистика, когнитивтік психология, социоллингвистика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика салалары қалыптасып, пайда болады. ХХ ғасырдың екінші жартысында тілші-ғалымдар тіл мен ойлау, ұлттық тіл, тіл мен ғалам бейнесі, тілдік тұлға сияқты мәселелерге жаңа көзқараспен қарап, тілдегі адам факторының рөлін кеңінен зерттеп бастайды.

Ақиқатты танып білудің ең бір белсенді формасы ретінде тіл бізге ұзақ ғасырлар бойы адамның таным өзегін құрайтын ғаламның нақты бейнесін суреттеп береді. Осыдан дүниетанымның ең басты категориясы тілдік тұлғаны зерттеу мәселесі туындайды. Ал, тілдік тұлға мәселесін талдау, міндетті түрде тірек ұғымды – жеке тұлғаны зерттеге алып келетіні сөзсіз. Тіл, ең алдымен өзін және осы әлемдегі өз орнын, практикалық қызметте және тілдік тілдесімдегі өз рөлін сезінетін жеке тұлғаға тиесілі. Сонымен тілдік тұлға дегеніміз – тілді, оның заңдылықтарын, толық игерген, оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, жеке басының қызығушылығы бар, қоғамдық өмірге икемді, кәсіби әрекетінде сауатты, кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарайтын адам.

Ал, ұлттық тілдік тұлға дегеніміз – ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған жеке адам. Бұл жайында академик Р.Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал», – деп жазады [1]. Сонымен бірге, тілі мен елінің тағдырын биік қойған, тілі мен ұлтының тұтастығын, мәдениетін мақсат еткен жеке тұлғалар ғана ұлттық тілдік тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Ең алдымен, ұлттық тілдік тұлға деген ұғым – тілдік, қоғамдық, ұлттық мәдени өлшем. Яғни ұлт, ұлттық тіл үшін, халық, қоғам үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған.

Міне қазақ қоғамының өмірінде осындай орасан зор ұлттық мәні бар оқиғаларға араласқан және осы оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, ұлттық тілдік тұлға атанған қоғам қайраткерлерінің бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым

академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбаев.

Академик Ө.Айтбайев қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына қатысты іс-шаралардың (мемлекеттік тілде мамандар даярлау, ұлттық кадрларды дайындау, ұлттық рухты жандандыру, ұлт тілін дамыту) атқарушысы әрі ұйымдастырушысы болып табылады. Осы мәселе жөнінде Ө.Айтбаев былай деп жазады: «...еліміз тәелсіздіктің туын жоғары көтеріп, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып отырған кезеңде тіл тағдырына, оның ішінде әлемдік деңгейде өріс тапқалы тұрған мемлекеттік тіліміздің дипломатиялық тірегі болуға тиісті терминологиялық жүйеге аса зор мән беру қажет. Осыдан келіп ұлттық терминологиямызды түбегейлі зерттеп, оның табиғатын ашу қажеттігі туындайды. Байқасақ, тіліміздің ғылыми стилін қалыптастыруда аса зор рөл атқаратын бұл арнайы лексика күні бүгінге дейін түбегейлі қарастырылмаған. Әсіресе қоғамдық ғылымдар терминологиясының қалыптасу, даму барысын бағдарлаудың мәні тіпті зор деп билеміз» [2, 6 б.].

Осыған орай 2010 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі» жарыққа шықты. Бұл бөлім атқарған күрделі жұмыстардың бірі. Ө.Айтбайұлы осы сөздікті жасаушылардың бірі, жетекшісі, әрі бұл жобаның жауапты редакторы. Сонымен бірге академик Ө.Айтбаевтың жоғарыда аталған мәселеге қатысты елу шақты мақаласы «Тіл майданы» атты кітабында «Мені неге қазақша сөйлетпеді?», «Тіл күресі тоқталмайды», «Тіл тағдыры толғантсын бар қазақты», «Тіл үшін күрес – күрестің игісі», «Ана тілге адал болайық, ағайын!», «Тағдырың неткен қиын еді, қайран тіл!», «Мемлекеттік тілге киінің жаны ашиды?», «Өз тілімізбен өмір сүргенге не жетсін!» т.б. мақалалары жинақталып баспадан шыққан. Ғалымның ана тіліне, мемлекеттік тілге қатысты ой-тұжырымдары әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес.

Академик Ө.Айтбаев еңбектерінің қомақты да маңызды саласы, оның ішінде қазақ тіл білімінің терминология, аударма, лексикология, стилистика, тіл мәдениеті, мәдениаралық коммуникация, әлеуметтік лингвистика мәселелері болып табылады. Әсіресе, ғалымның терминсөз, оның белгілері, жасалу жолдары туралы айтқан ғылыми ұстанымдары бүгінде осы саладағы зерттеу барысында басшылыққа алынатын құнды пікір.

Алғаш рет ғалым ретінде Ө.Айтбаев қазақ тіліндегі аударманың тілдік табиғатын, әсіресе тұрақты тіркестер мен бейнелі орамдардың, мақал-мәтелдердің бір тілден екінші бір тілге аударғандағы мағыналық, стильдік ерекшеліктері мен ұлттық сипатын қарастыратын, жинақтап айтқанда, ұлт мәдениеті мен сөйлеу әдебін зерттеулерімен танылды [3]. Академик Ө.Айтбаев еңбегінде фразеологизмдер туралы анықтамалардың әртүрлілігіне назар аударып, қазақ тіліндегі терминдерді реттеуді, жүйелеуді мақсат етеді. Аталмыш еңбегінде автор: «Күні бүгінге дейін фразеологияға қатысты терминдердің неше қиылысы қатар қолданылып келеді. Қазақ тілінде фразеологиялық единицалар, фразеологиялық тіркестер, ажыратылмайтын сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, идиоматикалық сөйлемше, лексикаландырылған тіркестер, идиомдар, фразалар тәрізді әртүрлі терминдер қолданылады, Осының өзі фразеологияның шеңберінің әлі толық анықталмағанын дәлелдейді», - деп көрсетеді [4, 12 б.].

Расында да қазақ тіл білімінің соңғы онжылдықтарда қолы жеткен табыстарының бірі – терминология мәселесі. Қазіргі кезде терминология жалпы тіл білімінде тілтанымның басқа салаларымен бірдей танылып жүргені белгілі. Бұл салада арнайы зерттеу жасап, өзіндік құнды пікірлер айтып, мәселені жаңа қырынан тануға бағыт беріп жүрген ғалым Ө.Айтбаев екені барша ғылыми қауымға мәлім. Академик Ө.Айтбаев қазақ тіл білімінің ұлттық терминология саласының танылуы мен қалыптасуының теориялық негізін қалаушы болып саналады. Мұны 1988 жылы шыққан «Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы» атты монографияда тұңғыш рет Ө.Айтбаев дәлелдеген [5].

Ғалым осы еңбекте қазақ терминологиясының жалпы теориялық мәселелерін алғаш рет жазып, онда бұл саланың тұңғыш рет теориялық негізін белгілеп, оған жаңа теориялық бағыт берген. Сөйтіп қазақ терминологиясының жалпы теориялық мәселелерінің зерттелуіне, дамуына жол ашылды десек те болады. Қазақ тілінде термин қалыптастырудың негізгі кезеңдері, қазақ терминінің негізгі көздері, терминжасам мәселелері, терминжасамдағы аударманың орны анықталды. Академик Ө.Айтбаев бұл еңбекте термин сөздердің ерекше белгілері мәселесін көтеріп, қазақ терминінің ұлттық сипатын дәлелдеген. Бүгінде бұл теориялық мәселе әрі қарай жалғасын тауып, даму үстінде.

Ө.Айтбаевтың ұлттық терминология, термин түзу, терминжасамға қатысты теориялық ой-пікірлері кейіннен «Қазақ сөзі» атты монографиясында жалғасын тапты [2]. Бұл еңбекте термин сөздер мен атау сөздердің айрықша белгілері – қысқалық, нақтылық, дәлдік сияқты қасиеттері қарастырылды. Сонымен бірге терминологиялық бірліктердің нақты, қысқа, тұжырымды, дәлме-дәл және бірмағыналы сияқты критерийлерін қарастырып, терминжасам үдерісінде оның негізгі талаптарын сақтау қажеттілігінің маңызын ерекше атап көрсетті.

Кез келген қоғам өміріндегі өзгерістер жаңа терминдер пайда болуына алып келеді. Ұлттың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінде көрініс табады. Тілдің даму тарихын халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырып қарау қазіргі тіл білімінің негізгі зерттеу ұстанымы болып табылады. Сол себепті терминжасамды қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланыста қарастырамыз. Осы мәселе жөнінде академик Ө.Айтбайұлы былай деп жазады: «Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жете қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам тіршілігін айнаға түсіргендей өрнектейді.

Қоғам қашан да қозғалысқа, өзгеріске, дамуға бейім тұрады. Осыған орай тіл де дамиды. ... Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткіштерінің бірі оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі арта түсті, дамыды деп ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жетсек, осыны айтқызатын алдымен терминологиялық лексика» [2, 8 б.].

Осы мәселемен байланысты академик Ө.Айтбаев қазақ тіліндегі термин қалыптастырудағы Мемтерминкомның рөлі, пайдалы жақтары мен кемшіліктерін ашық атап көрсете білді. Аталған еңбекте аударма ғылымының зерттелу тарихы да кеңінен қарастырылып, басты белгілері мен тәсілдері (мысалы, еркін аударма, балама аударма, дәлме-дәл аударма, сөзбе-сөз аударма, калька т.б.) сараланды.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде терминдерді зерттеу бағыттарының негізгілері лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, дискурс теориясы тұрғыдан талдау болып тұр. Мәселен, Ө.Айтбаев аталмыш еңбегінде «Тіл-тілде жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тіл, ұлттық лексика болып саналады», - дейді [2, 122 б.]. Ғалымның «Терминжасам процесінде ұлт тілі өз сөзжасам амалдарының дайын үлгілерін алға тартса, басқа тілдерден кірме сөздерді қабылдау сәтінде де осы тәсілдерге сүйене отырып, ол өзіндік модельдерін құрайды» дегені де осы жерден келіп шығады [2, 122 б.].

2000 жылы Ө.Айтбаевтың ғылыми қызметкерлерге, аспирант-студенттерге арналған «Основы казахской терминологии» атты монографиясы жарық көрді [6]. Бұл ғылыми еңбек қазіргі таңдағы қазақ тілінің терминологиялық жүйе мәселелерін қамтып, терминдену аспектілері мен терминжасам кезеңдерін зерттеуге бағытталған. Автор аталған зерттеу жұмысында қазақ терминология ғылымының негізін салған А.Байтұрсыновтың терминологиялық жүйесін талдап, Қ.Жұбановтың осы саладағы еңбектеріне үлкен баға береді. Сонымен бірге осы еңбекте қазақ терминжасамының



негізгі принциптерін айқындап, оларға жан-жақты талдау жасайды. Жұмыста терминнің тілдік табиғаты, әсіресе қазақ терминологиясының тарихы мен даму жолдары жан-жақты баяндалған. Ғалым қазақ терминологиясындағы тілдік бірліктер қатарына отыр тілінен енген және төркіні өзге тілдерден бастау алатын интертерминдер мәселесіне кеңінен тоқталады.

Ө.Айтбаев «Қазақ тілінде термин жасау жолдары» атты ғылыми мақаласында шет тілінен үлкен қарқынмен еніп жатқан терминдер легі жөнінде мынадай пікір айтады: «Қоғамдағы ірі оқиғаларға орай өрбитін іргелі ойлар мен ұғымдарды, түсініктер мен мағыналарды айна қатесіз, әрі дәл, әрі түсінікті етіп берерлік сөздердің іздестірілуі табиғи қажеттілік. Осы қажеттілікті өтеу барысында сан алуан сөздер жаңаша қолданысқа түсіп, жаңаша мағыналық өріс алып жатады. Соның нәтижесінде, тосын терминдер тобы пайда болады... қазір, әсіресе тілімізге соңғы жетпіс бес жылдың ауқымында кедергісіз, саралаусыз еніп алған интернационалдық терминдерді ретке келтірудің түрлі жолдары қарастырылуда. Ғалымдардың есебі бойынша бұлардың жалпы саны жетпіс пайызға барып қалған екен» [7, 6 б.].

Қазақ терминологиясының даму кезеңдерін қарастыратын болсақ, мысалы, терминжасам, терминологиялық жүйелерді қалыптастыру, біріздендіру, реттеу секілді барлық терминологияға қатысты іс-шаралар қай кезде болмасын мемлекеттік тіл саясатына сәйкес жүргізіліп отырғаны байқалады. Тілдің қоғам өмірінде алатын орны, оның сол қоғамдағы атқаратын қызметтерінің ауқымы мен шегі, болашақтағы даму бағыттары, басқа ұлт тілдерімен қарым-қатынасы сияқты маңызды мәселелердің барлығы да мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленеді.

себебі, тіл өз ұлтының мәдениетін, тарихын, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, болашақ ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Осыған орай, нағыз өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы болып саналады. Өйткені әр ұлттың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады. Соңғы жылдары әр түрлі этностардың мәдени бірлестіктері де өз тілдері мен салт-дәстүрлерін жаңғыртумен қатар, мемлекеттік тілді де меңгере бастады. Адам баласы, ең алдымен өз тілін толық меңгеріп, үйреніп, біліп барып, өзге ұлттардың жан-дүниесін түсіне бастайды. Халқымыз «Ел мәдениеті тілден басталады» деп бекер айтпаған. Ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, тілдерді дамыту, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, оның ішінде қазақ тілінің өркендеуі секілді ұстанымдармен өлешенетін академик Ө.Айтбаев ұлттық тілдік тұлғасының концепциясы тіл мәселесінің қоғам бірлігін бұзбай, өркениетті түрде жүргізілуімен сипатталып, бұл іске белгілі ғалымның, тәлімгер-ұстаздың, қоғам қайраткерінің сіңірген еңбегі ерен деп білеміз.

### *Әдебиет*

1. Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет (Профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына арн. ғылыми-теор. конф. матер.). – А., 2001.

2. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). Алматы: Рауан, 1997. – 240б.

3. Айтбаев Ө. М. Горький фразеологизмдерін қазақ тіліне аудару тәсілдері. Алма-Ата, 1971. Филол. ғылым. канд. дисс.

4. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алма-Ата, 1975.

5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. Алматы: Ғылым, 1988.

6. Айтбаев У. Основы казахской терминологии. Алматы: Арыс, 2000.

7. Айтбаев Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары. Алматы: Ана тілі, 2002.

## **Қазақ әліпби реформасының тілтанымдық негіздері туралы**

**Аннотация:** В статье лингвистический фактор рассматривается как основной среди других факторов перевода казахского письма на латинскую графику. Предлагается новый метод процедуры определения нового проекта алфавита как лингво-эксперимент, проводящийся среди экспертного населения, профессиональная деятельность которых связана с повседневным применением письменной речи. Данный метод впервые используется во всей практике тюркоязычных государств реформировавших алфавит. Автор предлагает пути и механизмы, условия и периоды реализации такого лингвистического эксперимента по определению эффективного графемного инвентаря нового проекта национального казахского алфавита на основе латинской графики.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында жүйелі түрде сипатталып көрсетілген дамыған 30 елдің қатарынан орын алу идеясы қазақстандық жалпы ұлттық идеяға айналып келеді. Қазақстанның әлемдік кеңістіктен лайықты орын алуы, дүниежүзілік өркениетті елдермен аралас-құралас болуы, олардың, әсіресе, техника, жаңа технология саласында ілгерілеушілікке (прогреске) қол жеткізген табыстарына, адамзат ақыл-ойының жемістеріне еліміздің де азаматтары қол жеткізе алатындай, өз игілігіне тұтына алатындай мүмкіндіктер жасауына Елбасы өз Жолдауында ерекше мән берді. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешуде қазақ тілін, жазуды дамыту ерекше маңызды деп саналады. Осыған байланысты Елбасы қазақ жазуын 2025 жылға дейін латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру міндетін алға тартты.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің ғылыми негіздерін анықтауда Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауы, 2007 жылғы 27 ақпанда жарияланған «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» атты жолдауы мен 2006 жылдың қазанындағы Қазақстан халықтар Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуын және үштұғырлы тіл саясаты туралы айтқан ой-пікірлері басшылыққа алынады.

Бұл – саяси шешім. Ал осы шешімге негіз болған түрткіжайттарды <лат. factor> профессор Н.Уәлиевтің ізінше біз де былай көрсетеміз:

- **тілтанымдық түрткіжайт**: басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, қазақ және орыс – екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін жаңа ұлттық жазу-сызу жүйесін ұсыну, шеттілдік сөздерді ұлттық тілдің артикуляциялық (тіл дыбыстарын дыбыстау) базасына икемдеп айту және жаңа әліпбимен сол негізде жазу үрдісін күшейтіп жандандыру арқылы тілдің дыбыстық ерекшелігін сақтау, сырт әсерге қарсы тұру ішкі күшін<ағыл. immunity> арттыру;

- **мәдени-әлеуметтік түрткіжайт**: жазу тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді жаңа әліпби арқылы қалпына келтіріп, ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалу, шетелдегі қандастармен коммуникацияны жеңілдету, сол арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту үшін жаһанията баршаға танымал болып келе жатқан латын қарпі негізіндегі ортақ әліпбиді тиімді пайдалану;

- *экономикалық түрткіжайт*: әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру үшін және алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелесе алу үшін латын графикасына көшу арқылы көштен қалмау, себебі бүгінгі күні «латын қаріптері» концептісі ‘жеке бір ағылшын ұлттының жазу жүйесінің элементі’ деген ұғымнан тыс жалпыадамзаттық деңгейде ‘экономикалық өрлеу мен жоғары сапа’ деген ұғыммен толығып таралғанына біраз жылдар өтті. Сол себепті тіпті ерекше иероглифтік жазу жүйесі бар Қытай, Жапон, Кәріс елдері де озық брендтерін (қызмет, тауар үлгілерін) ағылшын әріптеміне терілген атаумен атайды, жазады: мәселен, Қытайдағы *Baidu, Lenovo, ZTE, OPPO*, Жапониядағы *Toyota, Honda, Canon, Sony, Nissan, Lexus, Toshiba, Nikon, Bridgestone*, Кореядағы *Hyundai, LG, Kia, Samsung* т.б. жаһанияттық марка атаулары бұған көрнекі мысал бола алады;

- *саяси түрткіжайт*: Қазақстанға 70 жылдан астам үстемдік құрған Кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан болған елдің тоқырап қалған ұлттық санасын бостан жазуға бет бұру арқылы ояту, шетелдегі қандас қазақтарға түсінікті әліпбиге ауысу арқылы ұлттық тілдегі жазу кеңістігін кеңейту;

- *психологиялық түрткіжайт*: «кирил жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген «қасаң дағдыдан» <ағыл.stereotype>арылу. Осы қасаң стереотип салдарынан Кеңестік тоталитарлық жүйе үстемдік құрған қанша онжылдық бойы орыс тілінен енген, орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген сөздер тек орыс орфография (емле) ережесі бойынша жазылып келді, соның салдарынан қазақ мектебінің бірінші сыныбын аттаған бүлдіршін тек ана тілінің ғана емес, жастайынан орыс тілінің де сөздерді дұрыс жазу емле ережесін жаттауға мәжбүр болды, себебі басқа тілдің ережесімен жазылып, дыбысталатын сөздер қазақ мәтіндерінің құрамында жыл сайын кемімей, керісінше, көбейе түстіп отырды;

- *тарихи түрткіжайт*: түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану;

- *педагогикалық түрткіжайт*: мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің 42 әріптен тұратын әліпби жүйесін меңгеруге ауырлығын ескеру;

- *ақпараттық түрткіжайт*: компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын, әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу [1, 173-174-бб.].

Бұл көрсетілген түрткіжайттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста қаралу керек. Соның ішінде тілтанымдық түрткіжайт көрсетілгендердің әрқайсысына да қатысты, бәрінің үстінен түсетін бастысы екені анық байқалады. Сондықтан Қазақстандағы әліпби реформасының шынайы себебі – тілтанымдық мәселе екенін түсінген абзал. Бұдан саяси астар іздеу – артық іс.

Бүгінгі күнге дейінгі аз уақыт аралығында Қазақстанныңғылыми басылым беттерінен, теле-радиоарналарынан, БАҚ-тан қазақ жазуын латын графикасына көшіруге қатысты берілген ақпараттан сарапшылар мен ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен мемлекет қызметшілерінің, жалпы жұртшылықтың көтерген мәселелерін былай топтастыруға болады:

- әліпби ауыстыруда басқа емес, латын графикасының таңдалуын негіздеу [2];
- латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшудің, оны қолданудың ХХ ғасыр басындағы отандық тәжірибесі: сол кездегі Алаш зиялыларының әліпби ауыстырудың тілтанымдық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарған іс-шараларының тағылымы т.б. [3];
- шетелдік, оның ішінде әртекті (гетерогенді) [4] және біртекті (гомогенді) [5] қатынастағы басқа тілдердің латындану тәжірибесі: осы елдердегі әліпби ауыстырудың тілтанымдық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарылған іс-шаралар т.б.;
- жаңа әліпби жобасы: графемалар (әріптер) жүйесі, олардың фонетика-фонологиялық (сөз және тіл дыбыстары жүйесіне қатысты) мазмұн межесі, графемалардың тұрпат межесі, әліпбидегі әріп құрамы т.б. [6; 7; 8];

• жаңа қазақ әліпбиіне қатысты орфограммалар (емле үлгілері): шет тілінен енген сөздерді таңбалау қағидалары <ағыл.principle>, дыбыстық игеруді жазуда (графикада) берудің жалпылық (типтік) қағидалары, қазақ сөзіндегі кейбір тіл дыбыстары <грек. рhоnema> мен олардың тіркестерін жазуда таңбалау қағидалары т.б. [8];

• жаңа әліпбиге көшіру үдерісін ұйымдастырудың қиындықтары мен мәселелері: кезеңдерін анықтау; бұған жауапты орындар мен ұйымдарды белгілеп, олардың атқаратын жауапты қызметтерінің уақыттық жоспарын жасау; бұлардың жұмысына күзін беретін заңдар желісін әзірлеу; қоғамның жаңа әлібиде сауаттануын жүзеге асыратын мекемелер ұйымдастырып, кадрлар дайындау ісінің өту барысын, оған жауаптыларды белгілеу, жаңа әліпбиге үйрететін оқу құралдарының түрлі үлгілерін дайындап, олардың қоғамға қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдарды белгілеп, жұмысын жоспарлау т.б.

Осылардың қатарына алынуға тиісті, өзектілігі жағынан аса маңыздыларға жататын мынадай мәселелер алдағы уақытта талқыға салынуы керек деп ойлаймыз:

1) ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді таңдап алудың әділ (объективті) жолын анықтау;

2) орыс жазуын қолданған кезеңдегі тілтанушылық оң тәжірибелердің ішінде латынға көшкенде пайдалануға болатындарын анықтау, оларды ескеру;

3) жаңа жазуға көшудің ғылыми негіздерін зерттеу қандай болу керек?

Әрине, біздің ұсынып отырған мәселелер қатары бұл күрделі үдерісті жүзеге асыру барысының барлық қырларын қамтымайтыны белгілі. Сонымен қатар әлі басы ашылмаған мәселе қатары да біз көрсеткеннен әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Сондықтан осы қаралмай жатыр-ау деген үш мәселенің алғашқысына қатысты ой бөліспекпіз.

*Ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді объективті түрде таңдап алудың әділ жолы қандай болу керек?* Латын графикасына көшіп үлгерген посткеңестік кеңістіктегі түркітілдес мемлекеттер – Әзербайжан мен Өзбекстан тәжірибелерінен жаңа әліпбиді таңдау жолы алқалық ұйымның жұмысы арқылы жүзеге асқаны белгілі. Яғни бұл мемлекеттерде латын негізіндегі жаңа әліпбидің нұсқасы түрлі деңгейдегі комиссиялардан өту арқылы таңдалып алынды, соңғы шешімді Республика Үкіметтері жанындағы комиссия мүшелері қабылдағаны белгілі. Әрине, бұл дәстүрлі жол. Әліпби жобасын анықтаудың соңғы сатысына келгенге дейін де жобалар басқа төменгі деңгейдегі комиссиялардың қарастырылуынан өткізілді.

Мұндай жолмен таңдау кезінде жобалардың ішінен сұрыпталып алынғандары комиссия мүшелерінің талқысына ұсынылады, сонымен қатар қоғамдық талқының нәтижелері де ескеріліп, жобаның артық/кем тұстары көрсетіледі. Келесі кезеңге өткен жобалардың кемшін тұстары жөнделіп, тағы қарастырылады, сөйтіп, соңында ең жоғарғы комиссия тарапынан «оң» деп табылған нұсқа қабылдануға ұсынылады. Міне, бұл әліпби таңдау жолының жалпылама түрдегі қарапайым алгоритмі. Негізгі қағида – әліпби жобасын таңдап алуда алқалық ұйымның жұмысын басшылыққа алу. Біздің ойымызша, әліпби жобасын таңдаудың мұндай жолы субъективті (жеке басқа қатысты) түрткіжайттың, сонымен бірге қазақстандық саяси-мәдени кеңістікке тән болып отырған кейбір кері (саяси-әлеуметтік, экономикалық, зияткерлік бедел иелеріне көзсіз иек ару, мамандардың пікіріне құлақ аспау т.б.) құбылыстардың да әсеріне шалдығу қауіптерінен толықтай сақтай алмайды. Мұндай теріс тәжірибелер, бір өкініштісі, әсіресе Өзбекстандағы латындандыру үдерісінде кездескені көпшілікке мәлім. Сондықтан әліпби таңдаудың өзіне латынға көшірудің арнайы кезеңі ретінде ерекше ықтияттықпен қарау керек.

Осыған байланысты әліпби таңдау процедурасын (жолын) ұйымдастырудың басқа да тиімді тәсілдерін іздестіріп, мүмкіндігінше оны комиссиялардың жұмысы сияқты дәстүрлі жолмен бірлікте, үйлестіре қолданған абзал деп санаймыз. Осын-

дай бір тәсіл ретінде тілтанымдық тәжірибе (лингвоэксперимент) әдісін ұсынуға болады.

Біздің ойымызша, артықшылығы мен кемшілігі тілтанымдық тәжірибе арқылы анықталған жобаны жетілдіру оңай болады, сонымен бірге олардың ішіндегі жазуға, оқуға, компьютерлік техникада қолданып, жедел ақпарат алмасуға қолайлысын объективті жолмен таңдауға мүмкіндік туады. Сондықтан да негізгі жобаны таңдауда субъективті түрткіжайттардың араласуына тосқауыл қойылады.

*Тілтанымдық тәжірибе туралы.* Тәжірибеге өз кәсіби қызметінде негізінен жазба мәтінмен жұмыс істейтін және оны тудыратын мамандық иелері – тілшілер, жазушылар, мемлекеттік қызметшілер, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, мұғалімдер, докторанттар, магистранттар сарапшы ретінде қатысуы тиіс. Сарапшыларға қазақ жазуының жаңа әліпби жобалары қолданысқа беріліп отыруы керек. Әрбір жобаны тексеру мерзімі, біздің ойымызша, бірнеше күннен кем болмауы тиіс.

*Тексерудің мәні:* сарапшылар тиісті мерзім уақытында пайдалануға берген жобамен оқу, жазу, қолтелефон, компьютер арқылы ақпарат алмасады. Әрбір қызмет түріне қатысты осы әліпби негізінде орындалатын жұмыс көлемі (мәтін көлемі) алдын ала сарапшылар алдына міндетке тартылады, яғни сарапшылар оқу бойынша сынаққа алынғалы отырған әліпбимен терілген міндетті көлемдегі мәтіндерді тәжірибе мерзімінде оқып шығуы тиіс. Мұнда белгіленген көлемдегі мәтін сынақ мерзімінің әр күніне теңдей бөлініп беріледі және оқылған сайын осыған жұмсалған уақыт өлшеніп отырады. Сонында әртүрлі әліпби жобасымен жазылған бір көлемдегі мәтінді қанша уақытта оқығаны әр сарапшыдан тіркеліп, алынады. Дәл осы ретпен жазуға арналған аудио (дыбысталған) мәтін ұсынылады. Мұнда да сарапшылар жазуға жұмсаған уақытын өлшеп отырады. Тәжірибе соңында бір минутта жазылған мәтін көлемі анықталады. Осы қатарда қолтелефон, компьютер арқылы терілетін мәтіндер көлемі де сынақ мерзімінің әр күніне теңдей бөлінуі керек деп санаймыз. Бұнда да тәжірибе соңында бір минутта терілген мәтін көлемі анықталады. Мұның сыртында сынаққа қатысушыларға тәжірибені ұйымдастырушылармен (яғни тілтанушылармен) болатын барлық коммуникацияда тексерілгелі отырған әліпбиді пайдалану ұсынылады. Тәжірибені өткізушілер де өз кезегінде сарапшылармен барлық қатынасты сыналып отырған әліпби негізінде жүргізеді.

Сөйтіп, тәжірибе мерзімі аяқталғанда сарапшылардан түйін сұхбат (фокус-группа) өткізу және сауалнамаалу әдістері арқылы жобаға қатысты барлық ақпарат жинақталады. Бұл ақпаратты тәжірибешілер алдын ала белгіленген шарттар бойынша талдап, қорытынды шығарады. Қорытындыда қолданыста болған әліпби жобасының мынадай бірнеше белгілерге қатысты сапасын анықтауға болар еді:

*Оқу бойынша:*

- 1) Көзшалымға қандай? – Оңтайлы; нашар;
- 2) Оқылуы қандай? – Тез оқылады; баяу оқылады;
- 3) Оқу барысында қандай сөздердің жазба бейнесін тану қиынға соқты?
- 4) Оқу барысында қандай әріптерден киналдыңыз (немесе шатастыңыз)?
- 5) Тәжірибе барысында оқуға ұсынылған мәтіннің барлығын оқып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.
- 6) Бір минутта қанша сөз оқыдыңыз?

*Жазу бойынша:*

- 1) Қолшалымға (күш жұмсалымы: әріптерді жазуда қол күші көп кетеді ме, әлде олай емес пе) қандай? – Оңтайлы; нашар;
- 2) Жазылуы қандай? – Тез жазылады; баяу жазылады;
- 3) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай сөзді әріптермен таңбалап хатқа түсіру қиынға соқты?
- 4) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай дыбысты әріппен таңбалап хатқа түсіру қиынға соқты?

5) Тәжірибе барысында жазуға ұсынылған мәтіннің барлығын жазып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.

6) Бір минутта қанша сөз жаздыңыз?

Міне, осындай бірнеше сұраққа жауаптар алынған соң, бұл материал тілтанушылардың, педагогтер мен психологтердің зерделенуіне тапсырылғаны жөн болар еді. Сөйтіп, лингвистикалық комиссия қарап, тәжірибе арқылы тексеруге ұсынылған үміткер жобалардың ішінен сарапшылар жоғары бағалаған біреуі таңдалып алынады.

Тәжірибе ашық (жариялы) болуы үшін оның барысы жайында ғаламтор сайтта, БАҚ-та арнайы ақпарат, хабар беріп отыру абзал болар еді.

Сонымен қорыта айтатын болсақ, тілтанымдық түрткіжайт себебі мен жүзеге асырылмақшы қазақ жазуының реформасына негіз болатын жаңа ұлттық әліпби жобасын таңдау жолы ғылыми тілтанымдық негізге сүйенуі тиіс. Яғни тек қана алқалық орган – комиссия мүшелерінің – жеке адамдардың пікірі емес, жазуды нақты қолданатын жазарман қауымның пікірі, таңдауы басым болуы керек. Ол үшін жоғарыда көрсетіп кеткен үлгі бойынша тәжірибе өткізудің маңызы зор. Осы тұста жалпы латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшкен ешбір түркітілдес елде мұндай тілтанымдық тәжірибе жүзеге асырылмағанын ескерте кету керек. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеу» атты ғылыми зерттеу бағдарламасы аясында біздің ұсынысымыз бойынша ұйымдастырылып, өткізілген «Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпби жоба типтерінің қолданыс сапасы: тілтанымдық талдау» атты қанатқакты тәжірибелік зерттеу нәтижелері тың деректерімен тілтанушы қауымды қызықтыратыны сөзсіз. Ол туралы алдағы жарияланымдарда жан-жақты ақпарат беруді көздеп отырмыз.

### *Әдебиет*

1. Уәлиұлы Н., Күдерінова Қ., Фазылжанова А. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

2. Уәли Н. Жаңа әліпбидің (көне түркі, кирилл және т.б. емес) латын графикасы негізінде таңдалу себептері // Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары (Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан және басқа да елдердің латын әліпбиіне көшу тәжірибелеріне ғылыми талдау жасай отырып, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу). – Алматы, 2007. – 194 б.

3. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы: филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2010.

4. Әбусейітова М. Төл жазулары бар Армения, Грузия, Үндістан, Қытай, Корея, Жапония сияқты елдерде ұлттық тілдің латын графикасы негізіндегі әліпбиінің қолданыс тәжірибесі // Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары (Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан және басқа да елдердің латын әліпбиіне көшу тәжірибелеріне ғылыми талдау жасай отырып, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу). – Алматы, 2007. – 194 б.

5. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу: Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? // «Ана тілі» газеті. – 24.01.2013.

6. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007.

7. Базарбаева З. О переходе казахского алфавита на латинскую графику // газета «Казахстанская правда». – 29.01.2013.

8. Күдерінова Қ. Латын қарпі: сарабалдық қажет // «Ана тілі» газеті. – 04.01.2013.

**Нәлібаев Ж.Б.**  
Алматы қалалық әкімдігінің  
бөлім меңгерушісі

**Н.М.Әшімбаева**  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының аға ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.к.

## Ғылым мен өнерді үйлестіре білген дарынды тұлға...

**Аннотация.** В данной статье рассматривается творчество академика Умирзака Айтбаева во взаимосвязи общим языкознанием, в частности казахской терминологией и переводоведением.

**Ключевые слова.** Государственный язык, научный язык, культурно-социальный, политико-философский, общество, творчество, казахская терминология

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін және тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де ұлттық құндылықтарға деген бетбұрысты жандандыра түскен, оның ішінде қазақ тіл білімін ғылыми деңгейде қайта саралауға жаңа мүмкіндіктер ашып берген ғалымдарымыздың бірі – академик Өмірзақ Айтбайұлы. Ол бастапқыда жалпы тіл білімін, одан соң тіл білімінің мәдени-элеуметтік, саяси-философиялық қырларына тереңірек үніліп, түркі тілдеріндегі туыстықты салыстырмалы түрде қарастырып, соңғы уақыттарда ұлттық болмысты байыптап, ондағы концептілерді саралай отырып, қазіргі таңдағы ұлттық идеяның бағдарларына орайласатын қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін таразылап келе жатқан ғалым.

Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор, ойшыл-ұстаз Өмірзақ Айтбайұлы бүгінде 80 жасқа толып отыр.

Профессор Ш.Ш.Сарыбаевтың сөзімен айтқанда: «... Бұл жасқа әркім әртүрлі келеді. Біреулер аһлап-үһлеп, ыңқыл-сыңқылмен тасбақадай жорғалап жетеді де, енді біреулер еліктің лағындай орғып жетеді. Қазақта «30 деген өр шақ, 40-ер шақ, 50-бел шақ, 60-дер шақ, 70-мәрт шақ, 80-шер шақ» деген аталы сөз бар. Өмірзақ Айтбайұлы шер емес, мәрттікті сақтап, белі бүгілмей, бойын тік, сергек ұстап келе жатқан ғалым». Бұл сөзді ғалым академик Әбдуәли Қайдардың 80 жылдық мерейтойында айтты еді [1]. Біз осы өріліп берілген анықтаманы Өмірзақ ағайға да бұрғымыз келіп отыр. Өйткені академик ағамыздың адамгершілігі, кісілігі, ғалымдығы, ғылыми ізденістері, әншілігі, күйшілігі, жалпы ойшылдығы осыған кеп саяды.

Қазіргі кезде қазақ тіл біліміндегі терминология, аударматану, іс қағаздарын жүргізу т.б. салаларының қалыптасып, дамуын академик Ө.Айтбайұлының есімімен тығыз байланыста қарастыратын болсақ, Терминология бөлімінің тарихы да осы есіммен тікелей байланысты. Олай дейтін себебіміз, Қазақ ССР-і Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Терминология және аударма бөлімі 1981 жылы алғаш құрылып, оның меңгерушілігіне Ө.Айтбайұлы тағайындалған болатын. Сол кездері құрамында филология ғылымдарының кандидаттары А.Есенғұлов, Р.А.Өрекенова, ғылыми қызметкерлер А.Құсайынов, Б.Бекмұхамедов, Т.Әппақова, М.Шәріпова, С.Жетпісов, Р.Сарқұлова және Н.Әшімбаева, Ж.Нәлібаев сынды жас мамандар болды. Алғаш құрылған кезден бастап 1989 жылға дейін, яғни Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылған кезге дейін бөлімді ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы басқарып келді.

Осы жолдардың авторлары алғашқы жұмыстардың нағыз қайнап жатқан шағында бөлімнің құрамына қосылды. Ол кезде бірінші кезекте картотекалық қор жасау міндеті белгіленген болатын. Осындай ауқымды жұмыстың нәтижесінде 80-жылдарға дейін жарық көрген екі тілді терминологиялық сөздіктер бір ортаға жинақталып, әліпбилік тәртіпке келтірілді. Бірнеше жылға созылған бұл күрделі жұмыс бөлімнің 500 мыңға жуық тілдік бірлікті қамтыған картотекалық қорының негізіне айналды.

1981-1993 жылдары Терминология және аударма бөлімі сол кездегі ҚазССР Министрлер Советі (қазіргі Министрлер Кабинеті) жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссиямен тікелей тығыз қарым-қатынаста болып, бөлім меңгерушісі Ө.Айтбайұлының аталмыш комиссияның ғалым-хатшысы ретінде Мемтерминком ережесінің қайта толықтырылып, жазылуына, түрлі салалар бойынша сөздіктердің талқыдан өтіп, жарық көруіне зор үлес қосқандығын және бөлім қызметкерлерінің ғылымның әртүрлі салаларында пайда болып, ала-құла қолданылып жүрген терминдерді теріп, саралап, олардың біріздендірілуіне, ғылыми тұрғыдан реттелуіне бір кісідей атсалысқандығын атап өту керек.

Сондай-ақ М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының профессоры Қ.Бектаев жетекшілік еткен топпен өзара шартқа отыру негізінде жинақталған сөздіктер ЭЕМ сарабынан өткізіліп, ғылымның ірі-ірі деген бес саласы бойынша түзілетін сөздіктердің өзегі болып табылды. Осы кезде басталған күрделі жұмыс кейінірек «Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері» атты бағдарламада өзінің жалғасын тапты.

Терминологиямен үнемі сабақтас қарастырылатын мәселелердің бірі – аударма екендігі белгілі. Мұнда аударманың күрделі мәселелерін арнайы ғылыми ізденістің арқауына айналдырған ғалымның «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» (Алматы, 1975 ж.) атты монографиясын атап өту орынды. Сондықтан сол кездері аударма ісіне қатысты (жарнамалар аудару, мекемелердің атауларын аудару, түрлі мекемелерден түсіп жататын құжаттар, нұсқаулықтар, стандарттар жобаларын аудару және т.б.) жұмыстар бөлімде жолға қойылды. Мұны қазақ терминологиясы мен аударма ісінің тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық жағынан да қатар жүзеге асырылып отырғандығының көрінісі ретінде бағалаған жөн.

Осы кезеңдер аралығындағы басты нәтижелердің қатарында Ө.Айтбайұлының жетекшілік етуімен қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы туралы өзекті мәселенің бөлімнің ғылыми-өндірістік жоспарындағы жұмыстарға тақырыптық нысан ретінде алынып, зерттеу арқауына айналуын атап өткіміз келеді, атап айтқанда: «Қазақ терминологиясының жасалу көздері», «Қазақ әдеби терминологиялық лексикасының дамуы», «Қазақ тілі терминологиясын қалыптастыру және дамыту принциптері» және т.б. Нәтижесінде «Қазақ терминологиясының мәселелері» (Алматы 1986 ж.), «Аударманың лексика-стистикалық мәселелері» (Алматы, 1987 ж.), «Термин және олардың аудармалары» (Алматы, 1990 ж.) және т.б. ұжымдық жинақтар мен монографиялар жарық көрді.

Аталмыш мәселеге қатысты құнды еңбектер ретінде бағаланған Ө.Айтбайұлының «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (Алматы, 1988 ж.), «Қазақ сөзі» (Алматы, 1997 ж.) монографияларының орны айырықша болды. Бөлімде атқарылған күрделі жұмыстардың бірі ретінде – жарыққа шыққан «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігін» атауға болады. Бұл сөздіктің де негізі академик Ө.Айтбайұлының жетекшілігімен сол алғашқы жылдары қаланған болатын [2].

Ө.Айтбайұлы қайраткер ретінде мемлекеттік тіл саясатына араласып, ұлттық, тілдік сананың оянуына түрткі болған жалпыхалықтық сипаттағы түрлі шараларды ғылыми-ұстаздық жұмыстарымен қатар ұйымдастыра білді. Елімізде тіл саясатының



шиеленісіп, қазақ тілінің күрделі жағдайында академик Ә.Қайдармен бірге ана тілінің мүддесі үшін, мұң-мұқтажы үшін күрескен республикалық «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырушылардың көш басында болды. Ө.Айтбайұлы қазір Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде орасан жұмыстар атқаруда.

Академик Ө.Айтбайұлының бөлімді басқарып жүрген кезіндегі бөлім қызметкерлеріне деген қарым-қатынасы, көзқарасы (*қай-қайсымыздың басымыздағы қуанышты да қиын жағдайларды жіті қадағалап отырады, оның ішінде туған күндеріміз де болатын*), үлкенге де, кішіге де таныта білген ілтипаты, өскелең ұрпақты саламатты өмір салтына баулу (*жұмыстың арасында 15 минут дене шынықтырып алатын едік*), ұлттық рухта тәрбиелеу және т.б. тәрізді өнегелік-тәрбиелік маңызы өте зор әңгіме-сұқбаттары – ол өз алдына бөлек әңгімеге негіз болуға лайық.

«Өмекең халық әндерінің және опералық ариялардың шебер орындаушысы және виртуоз домбырашы, ол өнермен шұғылданса, нағыз атақты әртістің өзі болар еді» деп профессор З.Базарбаева айтқандай [3], ғалым ағамыз ұлттық рухтың, ұлттық мәдениеттің нағыз жоқтаушысы әрі қамқоршысы. Ол – ғылым мен өнерді қатар алып келе жатқан ғалым. Оның сазгерлігін танытатын «Жар сәлемі», «Жас ойшыл», «Ана тілі», «Тіл өнері дертпен тең», «Ақ қоян», «Өренім» және т.б. әндері көпке танымал. «Қазақ тілі» ерікті ұйым болып тұрған кезінде осы ұйымның «Ана тілі» деп аталатын әнұранын өзі шығарып, алғаш рет өзі орындап, жұртшылыққа таныстырды.

Міне, мұның бәрі академик Ө.Айтбайұлының өзінің жан-дүниесіне ата-анасынан имандылық пен өнерді дарыта білгендігінің айғағы болса керек. Академик Р.Сыздық апамыз Өмірзақ ағайдың 60 жылдығында: «Жақсы жанның ізгі қасиеттерін алдымен оның ұшқан ұясынан, алған тәрбиесінен, өткен өмір мектебінен іздеген жөн», - деген екен. Қаратау, Сыр өңіріне әйгілі ақын және мәдениет қайраткері болған әкесі мұсылманша жақсы білім алған, араб, парсы тілдерден терең меңгерген, шығыс әдебиетімен жақсы таныс, зиялы адам болған. Бірнеше поэма, дастандар жазған. Атақты Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Шәді төрелермен сыйлас, дәмдес болып, олардың жырларын жатқа айтып, қалың жұртқа таратушылардың бірі саналды. Әкесі ғана емес, анасы да әнші әрі домбырашы ретінде танымал болған. Осындай жыршылық, ән-күй, ақындық өнері дарыған отбасында дүниеге келген ғалым ағамызды әкесі қасынан қалдырмай, ертіп жүріп тәрбиелейді, ұлттық мәдениетті бойына дарытады.

Заманауи кезеңде мемлекеттік үш тұғырлы тіл бағдарламасы қабылданып, мемлекеттік тіл тұғырына ие болса да, «аяғынан тік тұра алмай жатқан» қазақ тілінің жырын жырлап, сойылын соғып, насихаттап жүрген Өмірзақ ағамызды қазақ тілінің нағыз жанашыры деп айтуға әбден болады.

Қазақ халқында «Елаға», «Дана», «Қария», «Ұлт ақсақалы» деген тәрізді концептілер бар. Қазақ лингвистикасы үшін Өмірзақ Айтбайұлының парасаттылық, адамгершілік, интеллектуалдық бітім-болмысы осы сапаларды қамтып жатқандай сынайлы.

Академик Ө.Айтбайұлы қазақ тілінің, қазақи ойлаудың жанашыры ретінде ең алғашқылардың бірі болып халықаралық терминдерді қазақ тілінде сөйлетіп, оқырман қауымға ұсынғандығы ел есінде. Осындай идеялардан сусындаған жалпы қазақ тілді оқырман қауым және толып жатқан шәкірттері ана тіліміздің шынайы қадір-қасиетін терең түйсініп, қоғам өмірінің ұлттық руханияттық саласында өз үлестерін қосып жүр. Ф.Бэконның «Білім - күш» деген қағидасын ұстанымға алған Академик ағамыз ғылыми ізденіс пен ұстаздықты үйлестіре отырып, өзінің шәкірттері мен өскелең ұрпаққа ана тілі арқылы ұлттық идеяның нәрін сіңірудің жаңа бір жолдарын таба білді.

Шәкірттері ретінде сөз соңында айтарымыз, абзал аға, шығармашылық шабытыңыз шалқи берсін, мерейіңіз үстем болып, қазақ тіл білімінің шоқтығын асқақтата

түсетін тың еңбектеріңізбен қуанта бергейсіз. Ол үшін әрдайым деніңіз сау, қаламыңыз ұшты болсын!!!

### *Әдебиет*

1. Сарыбаев Ш.Ш. Тау құласа да, тау талант құламайды. «Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2004.

2. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. 50 жыл. Алматы. 2011.

3. Базарбаева З.М. Ғалым. Педагог. Қоғам қайраткері. «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007.

**Құлманов С.Қ.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология бөлімінің меңгерушісі.  
филол.ғ.к., доцент*

**Ешимов М.П.**

*әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің доценті, филол.ғ.к.*

### **Қазақстандағы латын әліпбиіне көшуге қатысты құжаттарға шолу (1924-1930 жж.)**

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстанда латын әліпбиіне көшуге қатысты құжаттарға (1924-1930 жж.) шолу жасала келе, төмендегідей түйін жасалады:

- Қазақстанда латын әліпбиіне көшу процесіне І Түркологиялық съезд маңызды рөл атқарды;

- қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру мәселесіне әртүрлі әлеуметтік ұйымдар әртүрлі жиындар, басқосулар өткізіледі.

- «Жаңа қазақ әліпбиі» қоғамы құрылып, оның жарғысы, жұмыс жоспары бекітіледі. Әртүрлі жиындарда осы Қоғам қызметінің жалпы мәселелері (ұйымдас-тырушылық, насихаттау-түсіндіру жұмыстары, жаңа әліпбимен оқыту, сауатсыздықты жою, баспа, шрифт, қаржылық жағдайы, халықтың осы реформаға қатысты көзқарасы, аз ұлттарға қызмет көрсету), жетістіктері, кемшін тұстары, жалпы атқарылған жұмыстар туралы тезистер, есептер жасалады;

- ЖҚӘ латын әліпбиінің негізіне мынадай қағидаларды алуды ұсынады: 1) қазақ тілінің сингармонизм заңын қолдану, 2) бір дыбыс үшін бір таңба алу (дифтонгтер болмауы керек), 3) қазақ тілінің дыбыстарын ғана белгілейтін таңбаларды алу (кейбір түркі республикалары сияқты араб, парсы және т.б. дыбыстарын алмау), 4) жалпы қабылданған мағынасы және тұрпаты бар латын таңбалары алу, 5) мүмкіндігінше латынша емес таңбаларды алмау, орыс таңбаларын мүлде енгізбеу, 6) кейбір таңбасы жоқ дыбыстар үшін латын негізді әліпбилерден (француз, ағылшын, неміс, италия және т.б.) таңба алу, бір жолға жазылатын пішінді ғана алу (көлемі тек кегель бойынша ерекшеленуі керек); түркі әліпбиінің бірегейлігін ескеру.

- кейбір құжаттарда жаңа әліпбиге көшудің талаптары (нақты мерзімдері, қаржылық негізі және т.б.) көрсетіліп, тиісті органдарға нақты міндеттер (оның ішінде әртүрлі мәселелерге байланысты қоғамдық ұйымдардың күші мен қаржысын пайдалану) жүктеледі.

**Тірек сөздер:** латын графикасы; ұйымдастырушылық және насихаттау-түсіндіру жұмыстары; оқыту мәселесі; онтайлы нұсқа; психологиялық, педагогикалық-әдістемелік, полиграфиялық және экономикалық факторлар.

**Ключевые слова:** латинская графика; организационные и пропагандно-разъяснительные работы; проблемы обучения; оптимальный вариант; психологические, педагогико-методические, полиграфические и экономические факторы.

**Keywords:** latin script; organizational and propaganda-raising work; learning problems; the best option; psychological, pedagogical and methodological, printing and economic factors.

Кеңес одағындағы латын әліпбиіне көшу процесі, якут жазуын латын қарпіне ауыстыру әрекетін есепке алмағанда, бірінші рет Әзербайжан Республикасын да драматург, ғалым Ахундов Мырза Фаталидің 1922 жыл ыВ.И. Ленинмен кездескен кезінде көтерген латын графикасына көшу бастамасынан кейін қарқын алды деген тұжырым қалыптасқан.

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесіне көшу мәселесін 1924 жылғы 11-17 ақпанда Бүкіл ресей съезінде татар-башқұрт білімпаздары да, 1924 жылы Бірінші съезде қазақ-қырғыз оқымыстылары да күнтәртібіне қояды. Осыдан кейін Кеңес одағындағы түркі халықтарының жазуын латын әліпбиіне көшіруді қолдаған мақалалар бірінен кейін бірі жариялана бастады (Турекулов Н. К вопросу о латинском алфавите ссудиторков СССР // «Жизнь национальностей» журналы; Навширванов Х. Почему мы стремимся перейти к латинскому алфавиту // «Жизнь национальностей» журналы; Бройдо Г.И. К замене арабского алфавита латинским // «Жизнь национальностей» журналы).

1924 жылдың сәуір айында I Түркологиялық съезді өткізуге дайындық жұмыстары басталады. Осыған байланысты Ленинград қаласында мәжіліс өтеді. Мәжілісте В.А. Гурко-Кряжин, А.Н. Самойлович, Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев, Л.И. Жирков және ойрат, әзербайжан, якут халықтарының өкілдері қатысады. Мәжілісте әрбір халық өкілдері өз елінде қолданылып жүрген әліпби жүйесінің кемшін тұстары және терминология мәселелері туралы баяндамалар жасайды. Сонымен қатар отырыста ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарына баса назар аударылуы керектігі айтылады. 11-18 сәуір аралығында өтетін I Түркологиялық съезде мынадай бағдарлама бойынша баяндамалар жасалуға тиіс деп бекітілді: 1-тармақ–әліпби мәселесі; 2-тармақ–әдеби тіл мәселесі; 3-тармақ– ғылыми терминология. Съездің жалпы бағдарламасын 14 жұмыс күні ішінде түзу керектігі ескеріледі. Профессор Л.И. Жирковқа I Түркологиялық съезде «Арабский шрифт в сравнении с европейскими шрифтами» атты баяндама жасау тапсырылады. 11 сәуірде өткен мәжілісте А.Н. Самойлович өз баяндамасында съезге ғылым-білім өкілдері, атап айтқанда, Ленинград түркологтары және шығыстанушылар, якуттанушы Пекарский, академик Бартольд, Ольденберг және Н.Я.Март, Владимирцов, Малов, Самойлович және оқытушы Поппе, Төрехұлов, Навширманов, Гордлевский, Поливанов, Яковлев, Жирков, Дмитриев және т.б. лингвист-түркітанушылар баяндамашы ретінде тартылуы және қатысулары керектігін ескертеді [1].

Осы съезді өткізу үшін 1924 жылдың сәуір айынан бастап Бүкілодақтық Шығыстану ғылыми ассоциациясы (ВНАВ) комиссия мүшелерін тағайындайды.

1925 жылы 17 маусымда сайланған мүшелер Орталық атқару комитеті (ЦИК) президиумына мынадай хат жібереді: «В виду неоднократных обращений партийных, советских и научных учреждений с предложением создать всесоюзный тюркологический съезд. Научная Ассоциация Востоковедения СССР просит разрешить таковой в г. Баку с широким представительством от тюркских народов нашего Союза» [1, 9-14]. Сөйтіп алғашқыда Мәскеуде өткізу жоспарланған съезд кейін Баку қаласына ауыстырылады.

Бұл съездің алдында, яғни 1925 жылы 15 қыркүйекте Ағамалы-Оғлының ұсынысымен Мәскеуде мәжіліс өтеді. Мәжілісте мынадай қаулы қабылданады: «Устано-

вить, что съезд созывается Научной Ассоциацией Востоковедения Союза ССР совместно с Обществом Изучения Азербайджана за 15/XII с.г. в г. Баку. Вопрос о приглашении иностранных гостей решить положительно, число их будет зависеть от средств организационного комитета *по* созыву съезда» [1, 12].

Әзербайжан астанасы – Баку қаласында 1926 жылғы 26 ақпанда ашылған I Түркологиялық съезд жұмысы 9 күнге созылып, оған 131 делегат (оның 70 пайызы түркі халықтарының делегаттары, қалған 30 пайызы басқа ұлттардан келген түркітанушылар) қатысады. Ағымалы-Оғлы басқаруымен өткен бұл мәжілісте қаралған негізгі мәселе әліпби мәселесі болды (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізім. 3-іс.) [2].

1926 жылғы 6 наурызда I Бүкілодақтық Түркологиялық съезде жаңа түркі әліпбиі туралы төмендегідей қарар қабылданады:

1. Жаңа түркі (латын) әліпбиінің араб және реформаланған араб әліпбиінен артықшылықтары мен техникалық басымдықтарын, сонымен қатар араб әліпбиімен салыстырғанда жаңа әліпбидің үлкен мәдени тарихи және прогрессивті маңызын ескере отырып, съезд жекелеген түркі-татар республикалары мен облыстарда *жаңа әліпбиді және оны оқыту әдісін енгізу әрбір республика мен әрбір халықтың өзі ісі деп санайды* (көлбеу жазумен берген біз – С.К.).

2. Осыған байланысты съезд Әзербайжанның және СССР облыстары мен республикаларында (Якутия, Қырғызстан, Ингушетия, Қарашай-черкес, Кабардин, Балқар, Осетия және Шешенстан) жаңа әліпбиді енгізу латын негізіндегі жаңа әліпбиді Башқұртстанда, Түркіменстанда, Өзбекстанда және Адыгей-черкес облысында енгізуге қозғау болғанын ескереді.

Аталған облыстар мен республикалардағы жаңа түркі (латын) әліпбиін енгізу жолында жасалған оң қадамдарды атап өте келе және қызу қолдай отырып, съезд барлық түркі-татар және басқа да халықтарға Әзербайжанның және СССР басқа облыстары мен республикаларының тәжірибесі мен әдісін өздерінде осындай реформа жасау үшін басшылыққа алуға ұсыныс етеді (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізбе, 953-іс, 149-бет, көшірме) [3, 51-52].

*Ескерту:* Қысқарған атаулар сол кездегі жазылуы бойынша алынды.

Бұл съезде түркі тілдес халықтардың тілі және әдеби түркі диалектілері мен тілдерін зерттеу, салыстырмалы ғылыми грамматикалар жазу, сөздіктер шығару және т.б. өзекті мәселелердің қатарына жатқызылды.

Съезде сонымен бірге ана тілін оқыту әдістемесі жайы да қаралып, осы мәселеге қатысты қарар қабылданады. Әсіресе СССР түркі халықтарының материалдық мәдениет ескерткіштерін зерттеуге баса назар аударылады.

Аталмыш съезде «түркі тілдерінің орфографиясына ең қолайлысы фонетикалық принципті қолдану, осы принциппен қатар қандай да бір деңгейде этимологиялық (морфологиялық) принцип біріктіріле қолданылуы керек» делінеді.

Съезде ғылыми терминология мәселесіне көңіл бөлініп, «терминдер белгілі бір топқа жататын, сонымен қатар басқа топтарға да жататын түркі тілдерінен алынуы, әрбір республикада тұрақты терминологиялық комиссия жұмыс істеуі, ғылыми терминдердің жалпытүркілік сөздігін шығару қажет» деп көрсетіледі. Мектеп терминологиясын қалыптастыру мәселесі де көтеріледі [3, 50-59].

1927 жылғы 24 сәуірде Мәскеу қаласында Қазақ Республикасы Студенттерінің жалпы жиналысында Н. Төрехұлов қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру туралы баяндама жасап, осы баяндама бойынша жасалған қарарда жаңа қазақ әліпбиінің техникалық басымдықтары және болашақтағы баспа ісінің даму, батыс техникасын ешқандай кедергісіз пайдалану мүмкіндіктері айтыла келе, Қазақ Республикасының жұмысшы, білім алып жатқан жастарына Әзербайжан, Түркіменстан, Қырғыз Республикаларынан үлгі алуға және Қазақ Халық ағарту комиссариаты алдында өзінің көзқарастарын білдіруге үндеу тасталады (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 4-5-беттер, көшірме)[3, 68-69].

1927 жылы Қазақстанда Қызылорда қаласында жаңа әліпбиді қарайтын «ЖӘҚ» (жаңа әліпби қоғамы) деп аталатын қоғам құрылады. Қоғам мүшелігіне Н. Нұрмақов, К. Тоқтабаев, О. Жандосов, Ә. Байділдин, А. Ермаков, А. Тоғжанов, Т. Шонанов, кандидат ретінде Орманбаев пен Малдыбаев Біләл сайланады. Кейін қоғам мүшелігіне Ж. Чомбалов, Ә. Сейдалин, Т. Рысқұлов, А. Байсейітов, Ә. Байділдин, С. Мұқанов, Б. Майлин, А. Сегізбаев, Е. Алдоңғаров, Б. Байтоғаев, Шарибаев, Б. Малдыбаев, И. Бекенов, К. Арынғазиев, Бекөв, Нұрпейісов, Мурзин, Күнжанова, Бегалиева, Омаров, Ашим, т.б. алынады (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізім. 2-іс) [4, 20].

Жаңа әліпби қоғамы мынадай жоспар бойынша жұмыс атқарады:

- 1) балаларға арналған әліпби шығару (латын графикасына негізделген жазу бойынша);
- 2) үлкендерге арналған әліпби шығару (латын графикасына негізделген жазу бойынша);
- 3) Қазақстан халқы үшін бірлестірілген әліпби жүйесін жасау;
- 4) жаңа әліпбиді қарайтын бөлімшелер ашу;
- 5) екі жинақ шығару, оның біреуі пікірталас мақалалар болса, екіншісі жаңа әліпбиді насихаттау;
- 6) басқа түркі тілдес халықтарының комитеттерімен тәжірибе алмасу;
- 7) комитет мүшелерінің ҚССР қалаларына іссапарларын жоспарлау;
- 8) мұғалімдерді жаңа әліпбимен оқыту;
- 9) өкімет басшыларына жаңа әліпбидің жағымды жақтарымен таныстыру;
- 10) Қазақстан латыншылардың құрылтайына дайындау жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) жаңа әліпбимен терушілерді дайындау;
- 12) жаңа әліпби шрифтерін баспаханаларға қамтамасыз ету (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізім. 3-іс) [2, 7].

1927 жылғы 25 мамырда Жаңа қазақ әліпбиі Орталық комитеті төрағасының жаңа түркі әліпбиінің Қазақстандағы жай-күйі туралы баяндамасы жасалып, оның тезісінде төмендегідей тұжырымдар жасалады:

1. Қазақстанның типографиялық ісіндегі кемшіліктерді жою үшін реформаланған ескі араб жазуы төңкеріске дейін қолданымды болды.

2. Қазақстанның мәдени өмірінің тез дамуына байланысты араб жазуының жүйесі педагогикалық, техникалық және мәдени-тарихи жағынан кемшіліктері айқындалды. 1923 жылдың соңында Ташкентте, Орынборда және Мәскеуде оқитын жастар мен жұмысшылардың баспасөздегі араб әліпбиіне қарсы пікірлері ҚССР НКП Ғылыми қызметкерлердің I съезінің бағдарламасына әліпбиді қайта қарау мәселесін енгізуге итермеледі. Бұл съезге дейін де Қазақстанда қазақ әліпбиінің латын негізіндегі 3 жобасы болды Төрехұлов (Мәскеу), Мурзин (Орынбор), Досмұхамедов (Ташкент).

3. Осы мәселе бойынша НКП әліпби туралы мәселеге арналған жиындарды, пікірталастарды 1927 жылдың қыс айларында Қызылорда қаласында бастады.

4. Бұл съезден кейін латыншылар жаңа әліпби үшін күрес жолына түсті. Қызылорда қаласында «Жаңа әліпбишілер қоғамы» құрылып, Оралда губерниялық бөлімше ашылды, «Енбекші қазақ» газетінде латыншылар бұрышы ашылды, қоғамның Жарғысы жасалып, жаңа әліпби жолында жоспарлы насихат жұмысын жүргізе бастады.

5. Ленинград, Мәскеу және Ташкент қалаларында оқитын студент жастар, Жетісу және Көкшетау курстарының оқытушылары жаңа әліпбиді қолдап, ойларын айтты. Жалпы көпшілік халықтың да жаңа әліпбиге деген қарсы пиғылы байқалмайды.

6. Соңғы кездері, қысқы пікірталастар мен латыншылар жасаған баяндамалар мен жиналыстардан кейін Қазақ Үкіметі жаңа әліпбиге біршама ықылас білдіре бастады.

7. ЖӘҚ соңғы кездері жұмысын жандандырып, Үкіметке баспа қызметін дамыту, оқытушыларды латын әліпбиімен таныстыру курстарын оқу жоспарларына енгізу мәселесін қойды.

8. ЖӘК латын әліпбиінің негізін дайындап, мынадай қағидаларды ұсынды: 1) қазақ тілінің сингармонизм заңын қолдану, 2) бір дыбыс үшін бір таңба алу (дифтонгтер болмауы керек), 3) қазақ тілінің дыбыстарын ғана белгілейтін таңбаларды алу керек (кейбір түркі республикалары сияқты араб, парсы және т.б. дыбыстарын алмау керек), 4) жалпы қабылданған мағынасы және тұрпаты бар латын таңбалары алу, 5) мүмкіндігінше латынша емес таңбаларды алмау, орыс таңбаларын мүлде енгізбеу, 6) кейбір таңбасы жоқ дыбыстар үшін латын негізді әліпбилерден (француз, ағылшын, неміс, италия және т.б.) таңба алу, бір жолға жазылатын пішінді ғана алу керек (көлемі тек кегель бойынша ерекшеленуі керек), түркі әліпбиінің бірегейлігі ескерілуі керек, бұл жоғарыда аталған қағидаттарға қайшы келмейді.

Осы тұрғадан алғанда Комитет басқалармен салыстырғанда Төрөкұловтың және Қырғызстанның әліпбиі сәтті шыққан деп санайды. (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 5-6-беттер, көшірме)[3, 73-77].

Жаңа қазақ әліпбиі Орталық комитетінің 1927 жылғы 1 шілде мен 1 қазан арасындағы есептік баяндамасында «Комитет қаражатының болмауынан, оның тұрақты штаттық бірліктерінің жоқтығы жұмыстың табыстылығына айтарлықтай кедергі келтіріп отыр, Комитет мүшелері тегін жұмыс істейтіндіктен, негізгі қызметінен бос уақыттары ғана айналысады, оның үстіне жазғы демалыс мезгілі жұмыстың қарқындылығына әсер етіп отыр, оған жұмыстың жаңашылдығын, Комитетте әдебиеттің, полиграфиялық құралдардың жоқтығын қоссақ, Комитеттің қандай ауыр жағдайда жұмыс істеп отырғандығы айқындала түседі» делініп, осындай қиындықтарға қарамастан, Комитет атқарған жұмыстар төмендегіше көрсетіледі:

1. Жаңа қазақ әліпбиінің жобасы жасалып, бекітілді. Бұл жобаның негізіне мыналар алынды: 1) қазақ тілінің сингармонизм қағидаты, 2) қолданыстағы қазақ жазуы фонетикалық қағидатқа өте жақын; 3) таңбалардың түркі тілдерінің дыбыстарын сәйкес келуі; 4) латын таңбаларының жалпы қабылданған пішіндері мен мағынасын ерекше қажеттілік болмаса бұрмаламау; 5) латын таңбаларының бас әріптерін қолданбау (Жаңа қазақ әліпбиінің жобасы қоса беріледі). Бұл жоба барлық қазақ газеттерінде жарияланып, оны оқытудың сырттай түрі берілді.

2. Комитеттің күшімен қазақ тілінде 5 баспа табақ болатын әрқайсысы 5000 таралым екі кітапша құрастырылды. Бұл кітаптар теріліп, баспаға берілгенімен, Октябрь Революциясының 10 жылдығына арналған әдебиеттерді басуға байланысты шығуы кешеуілдеп жатыр. Кітаптың біреуі Жаңа қазақ әліпбиін қолдаған және оған қарсы пікірталастардан, ал екіншісі жаңа әліпбидің мәнін түсіндіретін және халыққа жаңа әліпбиді насихаттайтын мақалалардан тұрады.

3. Комитет ҚазМембаспамен 2 айлық жаңа әліпби бойынша терушілерді қайта даярлау курсына орналастыруға келісімшарт жасалды. Бұл курстар 6 ай бойы қызмет етіп, әр екі аптада 30 адамнан оқытып шығарады. Курстардың ашылуы шрифтердің болмауына және үй-жайды жөндеуге байланысты кешеуілдеп жатыр. Мәскеуден шрифтілер алынып, үй-жай жөндеуі салысымен, курстар ашылатын болады.

4. Комитет ересектер мен балаларға арналған әліппелер құрастыруға және қысқа қызықты әңгімелер кітапшасына келісімшарт жасасты.

5. Комитет Мәскеу қаласында НТА ВЦИК құрған Орталық курстар арқылы 6 насихаттаушы-инструктор дайындады.

6. Комитет инструкторлар мен насихатшылар даярлайтын айлық курс жұмыстарын жүргізуде. Курстарға арналған үй-жай мен жабдық даярланған.

7. Ақтөбе және Орал-Бөкей губернияларында губкомдар ұйымдастырылды.

8. Қазіргі кезде Комитет орталық және жергілікті қазақ баспа беттерінде жаңа әліпбиге байланысты мәселерді жүйелі түрде жариялап келеді (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 24-26-беттер)[3, 77-80].

Осы жерде айта кететін бір жайт – аталмыш құжатта Жаңа қазақ әліпби Орталық комитеті СНК қаулысымен 1927 жылдың 19 қарашасында құрылды деп көрсетілген

(Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 24-26-беттер) [3, 77]. Ал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы» алдын ала талдамалық анықтамасында мынадай мәлімет келтіріледі: 1929 жылы 7 тамызда СССР ЦИК және СССР СНК Президиумы жаңа латын негізіндегі әліпбиді енгізу туралы қаулы қабылдады.

1930 жылы Жаңа түркі әліпбиі Орталық комитеті СССР ЦИК жанындағы Бүкілодақтық жаңа әліпбиі орталық комитеті (ВЦКНА) болып қайта түзілді [5]. Осы деректерге байланысты мынадай сұрақтар туындайды: 1) сонда бұл ұйым нақты қай күні құрылған? 2) аталған күндерден бұрынғы құжаттарда неліктен осы ұйымның қызметі туралы баяндалады?

1927 жылғы 16 қазанда ҚазЦИК жанындағы Жаңа Түркі әліпбиі Орталық комитеті ғылыми кеңесінің НТА комитеті мен қоғамдарының барлық филалдарына түркі-татар халықтары арасында жаңа түркі әліпбиін тарату туралы циркулярлық үндеуінде НТА ВЦК Ғылыми кеңесі мына мәліметтерді беруді сұрайды:

1) Филалдың, комитеттің немесе қоғамның (қаланың, уездің, республиканың атауы) орналасқан жері және нақты мекенжайы.

2) Комитет және Президиум мүшелерінің аты және тегі, әлеуметтік тиістілігі.

3) НТА ашқан курстардың саны мен ұзақтығы.

4) Аудандардағы НТА жүргізу ісіндегі маңызды және оларға тән тұстар.

5) Аудандардағы НТА жүргізудің қысқаша тарихы (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 20-бет. Түпнұсқа)[3, 80-81].

1927 жылғы Одақтық Жаңа әліпби комитетінің I пленумында түркі тілдес халықтар үшін бірыңғайланған әліпби мәселесі қозғалып, әр халықтың тілдік ерекшеліктеріне сай әліпби жүйелері салыстырылып, түзіле бастайды [6].

1928 жылғы 1 қаңтарда Ташкент қаласында өткен Одақтық Жаңа әліпби комитетінің II пленумында барлық республикалар жеке бесжылдық жоспар дайындалсын деген үкім қабылданады (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізім. 2-іс) [7].

1928 жылғы 23 маусымда Бүкілодақтық Жаңа түркі әліпбиі комитеті Президиумы отырысының стенографиялық есебінен үзінді көшірмеде Токжігітов жолдастың баяндамасы жасалады.

Баяндаманың қысқаша мазмұны:

#### **Ұйымдастырушылық жұмыстар.**

Жергілікті жерлерде Губисполкомдардың жанынан Комитеттер құрылды. Оның үстіне 58 адамнан тұратын еріктілер қоғамы бар, олардың 3546 мүшесі бар. Алайда бұлар нақты мәлімет емес. Ағымдағы жұмыстар үшін Халық ағарту комиссариатының аппараты пайдаланылды.

#### **Насихаттау-түсіндіру жұмыстары.**

Пікірталас мақалаларында араб әліпбиінің кемшіліктері және жаңа әліпбидің жақсы тұстары айтылды. Кейін латын әліпбиін қалдайтын мақалалар өлкелік органдарда жарияланды. Әртүрлі жиындарда ауызша баяндамалар мен дәрістер оқылды.

#### **Жаңа әліпбимен оқыту мәселесі.**

1927 жылдың екінші жартысынан бастап барлық техникумдарда оқыту басталды. Қазақ Республикасында барлығы 29 техникум бар, онда 2646 адам оқиды. Қазіргі кезде педагогикалық қызметкерлер қайта даярлықтан өтіп жатыр. Бұл курстарда 890 қазақ мұғалімдері оқиды. Бұл бүкіл Қазақстанның педагогикалық қызметкерлерінің 44%-ын құрайды.

#### **Сауатсыздықты жою (лекбез) мектептеріне қатысты мәселе.**

Қазіргі кезде олар қамтылмаған, бірақ бұл жұмыстар қысқы маусымның басынан басталады.

#### **Баспа жұмыстарына қатысты мәселе.**

Баспа жоспарын негізінен НТА ВЦК бекітті (Баяндамада жаңа әліпбимен басып шығарылған оқулықтар, мүшелік билеттер, кестелер, қималы әріптердің саны, жұмсалған қаржы көрсетіледі).

### **Шрифт мәселесі.**

(Баяндамада есептік кезеңде жасалған шрифтер аталады).

Бір ғана мәселе бар. Орталық баспа ҚСССР-ға қабылданбаған, қажетсіз әріптерді жіберген. ҚСССР-да жергілікті губерниялық типографияларда мүлде жаңа шрифт жоқ.

### **Әліпбидің өзі туралы.**

Ең алдымен ОК 1927 жылғы 12 қыркүйекте қабылдаған қаулысында толықтай бірегейлендірілген әліпбиді негізге алды.

Мұнда үш қағидат негізге алынды:

Бірінші – ВЦК директиваларына сәйкес, бірегейлендірілген әліпбиді бұзбастан, оның жүйесін сақтау, яғни ССССР-дің ұлттық түркі республикаларының барлығымен бірге біркелкі әріптерді енгізу.

Екінші – қазақ ұлттық тілінің айтылуын бұзбайтын әліпбиді қолдану.

Үшінші – арзан, құйрықсыз, ноқатсыз әріптер қолдану.

### **Қаржылық жағдай.**

Қаржылық жағдай НТА ВЦК-ға байланысты болғандықтан, оған көп тоқталудың қажеті жоқ.

### **Халықтың осы реформаға қатысты көзқарасы.**

Барлық білім алушылар қолдап отыр. Жекелеген жұмысшы топтардың да көзқарасы жақсы.

Мұғалімдердің арасында бастапқыда ішінара солқылдақтық байқалды. Латын шрифті қабылданғаннан кейін мұғалімдердің барлығы сауатсыз болып, жұмыссыз қалады деген өсек тарады. Алайда жаңа әліпбимен оқыту жайы түсіндірілгеннен кейін барлық мұғалімдер көзқарасымызды қолдады.

Лекбездерде оқытындарын қоспағанда шаруалар жаппай сауатсыз. Алайда олардың да жаңа әліпбиді үйренуге талабы зор.

Қожа-молдалар әрине қарсы. Олармен сөйлесу ісі алда.

Арабшыларға халық ағарту комиссариатының ғылыми кеңесіне күн сайын жаңа жобаларын әкелуде. Енді тағы бір ағым бар. Олар орыс әліпбиін ұсынушылар.

Жұмыс негізінен халықтың көп қоныстанған қалаларда жүріп жатыр. Бұл алғашқы жетістік. Алайда ауылдарды, жұмысшы аударды қамту жұмыстарымен айналысып жатырмыз.

Мектептер ұйымдастыру үшін оларға басшылар керек. Сондықтан кадр даярлау қолға алынды.

Үкіметтік комитет құрылып, мемлекеттік ұйымдарды тартылғанымен, жаңа әліпби декретпен бекітілген жоқ әлі.

### **Аз ұлттарға қызмет көрсету мәселесі.**

Бұл істің әлі көңіл көншітпейтіні белгілі. Бұл сала бойынша әдістемелік нұсқаулар берілді (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 59-70-беттер, көшірме) [3, 81-92].

1928 жылғы 23 маусымдағы Жаңа түркі әліпбиі Бүкілодақтық комитеті Президиумының Токжігітовтің «Жаңа қазақ әліпбиі ОК қызметі туралы» баяндамасы бойынша қабылдаған қарары:

1. Қазақстанда бірқатар объективті жағдайлардың болуына байланысты Жаңа Қазақ Әліпбиі ОК практикалық жұмысты кең қанат жайдыруға мүмкіндігі болмады.

Сонымен бірге НТА ВЦИК Президиумы НКА ОК жұмысының мынадай мәселелерде айтарлықтай кешеуілдегенін атап өтті:

- а) орталықтағы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі Комитет ұйымдарын рәсімдеу;
- б) ерікті қоғамдар құру;
- в) оқытушылар құрамын қайта даярлықтан өткізу;
- г) жаңа әліпбимен баспа ісіне кірісу және т.б.

2. Қазақстандағы жұмыстарды ескере отырып

НТА ВЦИК Президиумы НКА ОК алдына төмендегідей міндеттер қояды:



а) НКА ОК жаңа әліпбидің жалпы қабылданған бірегейлендірілген жүйесін қолдану негізінде өзінің шешімін тез арада қайта қарасын;

б) 1927-28 жылдары қазақ мұғалімдерін оқытуға қажетті 100% көлемде жаңа әліпбиге үйретуге барлық күш-жігер салынсын (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 71-бет, көшірме)[3, 92-93].

1928 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан ағарту қызметкерлері одағы Орталық басқарма Президиумы отырысында Байділдиннің «Жаңа қазақ (латын) әліпбиі туралы» баяндамасы тыңдалып, осы отырыстың № 369 хаттамасынан үзінді көшірмеде мынадай қаулы қабылданады:

1. Жаңа әліпбидің сауатсыздықты жоюды тездету, оқыту тәсілдерін жетілдіру, типографиялық техниканы және, жалпы, мәдени құрылысты жақсарту және арзандату ісінде айтарлықтай маңызын ескере келе, барлық ағартушылардың осы әліпбиді қолдануға енгізуге белсенді қатысуы қажетті деп саналсын.

2. Барлық Округтық ағарту комиссариаттары кәсіптік мәдени жұмыстар жүйесіне жаңа әліпби бойынша жұмыстарды енгізуді жергілікті жаңа әліпби комитеттерімен келісе отырып жүргізсін.

3. ДРП және қызыл бұрыштар жұмысының практикасына барлық кәсіподақ ұйымдарының мүшелерін, осы ұйымдардың мүшелігіне шақыра отырып, жаңа қазақ әліпбиін жақтаушылардың үйірмелері мен ұяшықтарын ұйымдастыру енгізілсін.

4. Жаңа әліпбиге мүшелер арасында сауатсыздықты жою бойынша үйірмелік жұмыстарды ұйымдастыруға кіріссін.

5. Кәсіподақтардың мәдени қорларынан жаңа әліпбиді насихаттау бойынша іс-шараларға қажетті қаражат бөлінсін.

6. Ай сайын немесе 2 айда бір рет қалалар мен фабрика-зауытты аудандарда латыншылардың үйірмеаралық жиналысы шақырылып, үйірмелер туралы баяндамалар тыңдалсын (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 141-қор, 1-тізбе, 231-іс, 62-бет, Түнұсқа) [3, 93-94].

1928 жылғы 31 қазандағы Қазкрайком ВКП(б) Бюросының жаңа түркі әліпбиі туралы отырысында Байділдиннің «Жаңа қазақ (латын) әліпбиі туралы» баяндамасы тыңдалып, осы отырыстың № 78 хаттамасынан үзінді көшірмеде мынадай қаулы қабылданады:

1. Қарар жобасының негізі қабылдансын. Түпкілікті редакциялау төмендегі құрамдағы комиссияға тапсырылсын:

1) Жандосов,

2) Байділдин,

3) Тоғжанов,

5) Мартыненко,

6) Арықова,

7) Мырзағалиев (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 929-қор, 3-тізбе, 1-іс, 12-бет, бекітілген көшірме)[3, 95].

1928 жылғы 12 қарашадағы Қазкрайком ВКП(б) Бюросында жаңа түркі әліпбиі туралы баяндама тыңдалып, осы баяндама бойынша төмендегідей қарар қабылданады:

1. Соңғы екі-үш жылдың ішінде өлкенің шаруашылық-мәдени өмірінің қарқынды өсуіне байланысты араб әліпбиінің үлкен кемшіліктері байқала бастады, бұл жұршылықтың алдына латын жүйесіндегі жаңа, жетілдірілген әліпбиге өту міндетін қойды.

2. Жаңа қазақ әліпбиі араб әліпбиінен барлық жағынан үлкен артықшылықтары бар. Сауатсыздықты жою қарқынын тездету, оқыту тәсілдерін жетілдіру, типографиялық техниканы жақсарту және арзандату, ана тілінде жазу машиналарын енгізу, қазақ еңбекшілерін СССР халықтарының шығыс халықтарымен және Батыспен (өйткені олардың барлығының әліпбиі латын жүйесінде құрылған) мәдени жақындастыру – осының бәрі жаңа әліпбиге өту мәселелерімен байланысты.

3. Крайком Бюросы мыналарды атап өтеді:

а) Ұзаққа созылған қарсылықтарға қарамастан, еңбекшілер – мұғалімдер, оқып жатқан жастар, комсомол және кәсіподақ ұйымдары мен мерзімді баспасөздің арқасында жаңа әліпбиді енгізу идеясы еңбекші халықтың сенімін жаулап келеді.

б) Мәселенің теориялық жағын талқылаудан практикалық мәселелеріне көшу: мұғалімдерді үйрету, әртүрлі әдебиеттер баспадан шығару, сауатсыздықты жою, барлық округтарда дерлік жаңа әліпби комитеттерін, үйірмелерін және қоғамдарын құру.

Аталған жетістіктермен қатар Крайком Бюросы төмендегідей ірі кемшіліктерді де атап өтеді:

а) Партиялық және кеңестік органдардың, әсіресе ОНО тарапынан жеткілікті басшылық жасалмағандықтан, Жаңа әліпби қозғалысы өз бетінше жүріп жатыр.

б) НКА ОК жұмысы әсіресе қозғалысты рәсімдеудің және баспаның қарқындылығының төмендігінен баяу жүріп жатыр.

в) Жаңа қазақ әліпбиі идеясын ауылдардағы еңбекшілер мен жұмысшылар арасында насихаттау баяу жүруде.

г) Әсіресе жергілікті баспасөз жаңа әліпбиге жеткілікті түрде көңіл бөліп отырған жоқ.

Жаңа әліпбиге көшу бойынша практикалық жұмыстарды жетілдіру мақсатында Крайком Бюросы:

1. ВКП(б) барлық округтық комитеттеріне ерекше көңіл бөлуі;

2. жаңа әліпбиді насихаттау жұмыстарын жетілдіру, газеттерде жаңа әліпби бөлімдерін ашу;

3. НКА ОК аппаратын және оның жергілікті органдарын тиісті қызметкерлермен нығайту;

4. ҚССР ЦИК алдағы сессиясына жаңа әліпби мәселесін декреттеу үшін күн тәртібіне енгізу;

5. Халық ағарту комиссариаты мен Қазбаспа жаңа әліпбимен жазылған әдебиетті шығаруды көбейту және 1928-29 операциялық жыл ішінде І деңгейдегі мектептерді осы әліпбиде жазылған оқу әдебиетімен қамтамасыз етуі;

6. НКА ОК ҚССР-дегі аз ұлттардың арасында да әліпбиді жүргізу шараларын қолға алуы;

7. СНК фракциясы 1928-29 жылғы сметада жаңа әліпбиге қажетті қаражат көздеуі қажет деп санайды (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 929-қор, 3-тізбе, 1-іс, 13, 14, 15-беттер, бекітілген көшірме)[3, 95-97].

1928 жылғы 12 қарашадағы ВЛКСМ Қазқрайком ВКП(б) Бюросының жаңа қазақ әліпбиі ОК баяндамасы бойынша қарарында «ВЛКСМ Қазақ Крайком Бюросы жаңа қазақ әліпбиін енгізу бойынша жұмыстар саяси маңызға ие, өйткені әліпбиді латынға көшіру Қазақстан еңбекшілерін жалпы СССР мәдени құрылысына қатыстыруды айтарлықтай жеңілдетеді» делініп, мыналар атап өтіледі:

1) Жаңа әліпбиге деген көзқарас жастардың және мұғалімдердің, жалпы еңбекшілердің арасында жанданып келеді. Бұл Жаңа әліпбидің жергілікті қоғамдары мен комитеттерінің жұмысының арқасы.

2) Араб әліпбиін жақтайтындар латыншылар арасында жік салып, орыс әліпбиіне көшуді ұсыну жолымен оларды бұрынғы патша миссионерлері ретінде көрсетуге ұмытылады.

ВЛКСМ Қазақ Крайком Бюросы қаулы етеді:

1) ВЛКСМ барлық губкомдар, обкомдар және ұяшықтары комсомолдар мен партияда жоқ жастар арасында жаңа әліпбиге қатысты қоғамдық пікір қалыптастыруды ұйымдастырып, шаруалар мен жұмысшылар, мұғалімдер арасында насихат жүргізуді жетілдірсін.

Насихаттау мақсатында мұғалімдер жиналыстары, партияда жоқ жастардың конференциялары, комсомолдар конференциялары, әйелдердің делегаттық жиналыстар-

ды, пионер бастауыштары, жекелеген жолдастардың ауылдарға баруы және т.б. пайдаланылсын.

2) Барлық комсомолдық ұйымдар жаңа әліпбиді үйрену мен таратуға жергілікті қоғамдарда, комитеттерде, үйірмелерде барынша жәрдемдессін.

3) Әрбір қалалық комсомол қазақ және қазақтардан тұратын барлық комсомол активтеріне (Крайком мүшесінен бастап облыстық комитет Бюросының мүшесіне дейін) 1928 жыл ішінде жаңа әліпбимен сауатсыздығын жою міндеттелсін.

4) Орыс комсомолдары қазақ тілін жаңа әліпбимен оқу өзінің қалауы саналсын. Губкомдар мен укомдар орыс комсомолдарын әліпбиді латынға көшіру туралы, оның маңызы туралы ақпарат берсін.

5) «Лениншіл жас» газетінің редакторына газет беттерінде жаңа әліпбиді жүйелі түрде насихаттау, сырттай сабақ беру жүйесін практикадан өткізу, ұсақ нәрселерді жаңа әліпбимен басу және ерекше «Жаңа әліпби» бөлімін ашу тапсырылсын. ВЛКСМ барлық губкомдар барлық газеттерде осындай жұмыстар жүргізісін.

6) Комитеттер мен ұяшықтар 1927-28 жылдары мектептерде жаңа әліпбиді үйрену бойынша міндетті үйірмелік жұмыстар жүргізуге қатысып, оларды қадағаласын.

7) Мектеп қабырға газеттері, сонымен бірге комсомол ұяшықтарының газеттері жаңа әліпбимен шығарылсын.

8) Губкомдар мен укомдар жаңа әліпбиді насихаттау мен үйренуді басқа да қоғамдық ұйымдармен, ең алдымен КОШЧИ одағымен, рабземлес, рабпрос және политпросветкомдармен байланыста жүргізісін.

9) Жаңа қазақ әліпби ОК жаңа әліпбиді мемлекеттік әліпби ретінде хабарлау мақсатында ҚазЦИК-тің кезекті сессиясына күн тәртібіне енгізу мәселесіне көңіл аударсын.

10) Жаңа қазақ әліпби ОК және Халық ағарту комиссариаты жаңа әліпбиді мектепке 1928-29 оқу жылы енгізуге даярлық шараларын қолға алу қажеттігіне көңіл аударсын (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 740-қор, 1-тізбе, 2-іс, 47-49-бет, көшірме) [3, 98-100].

1928 жылы желтоқсанның 9-12 күндері аралығында өткен Қазақстанның Жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясында Т.Шонанұлы «әліпбиді бірегейлендіру – «қоғам талабы», жаңа әліпбиге көшудің өзі ... түркі халықтарының мәдениетімен бірлесу және баспахана жұмыстарына, жазу мәшинелеріне, әріп құюға көп жеңілдік», – дей отырып, экономикалық тиімді жақтарын көрсетеді [8, 9].

1928 жылғы 18-23 желтоқсан аралығында өткен Одақтық Жаңа әліпби комитетінің III пленумында латын әліпбиіне көшу мәселесі тағы да қаралып, жаңа әліпбиге көшірілу мерзімі 2<sup>2/1</sup> жылға қысқартылады, себебі бұл уақытта басқа республикалар көшіп үлгерген еді, сондықтан 1931 жылға дейін жаңа әліпбиді орнатып болсын деп қаулы шығарылады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен әзербайжан жазуы негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірізділендіру, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық және морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде сөз қозғалады [9].

Қазақстанда латын әліпбиін қолданысқа енгізу жөнінде 1929 жылдың қаңтар айында өткен Орталық кеңес комитетінің IV сессиясының басқарушысы Ерназарұлы Елтай мен хатшысы Асылбекұлы Абдолда қабылдаған қаулыда 1930 жылдың қаңтар айына дейін латын әліпби мен араб әліпби жүйелері қатар қолданыста жүреді және мемлекеттік органдар латын қарпіне тез арада көшірілуі тиіс деген қарар қабылданады [10].

1929 жылғы 10 ақпанындағы Қазкрайком ВКП(б) Секретариатының Бүкілқазақтық латыншылар конференциясының және Жаңа түркі әліпби Бүкілодақтық Орталық комитетінің III пленумының қорытындысы туралы отырысында Жандосовтың баяндамасы тыңдалып, осы отырыстың № 71 хаттамасында мынадай қаулы қабылданады:

1) Коммунистік насихаттау органдарының барлығы жаңа әліпбиге өту мерзімі Қаз-АССР ЦИК IV сессиясы бекіткен мерзімде орындалатындай қарқынмен және бағытпен жүргізілсін.

2) Жаңа әліпбиді енгізу жұмыстарын жүргізудің үдемелі қарқынының талаптарына сәйкес, жаппай насихаттау жұмыстарымен қатар қоғамдық, сондай-ақ мемлекеттік көтермелеу әдістері қолданылсын.

3) Барлық баспалар мен НКП мерзімді және бұқаралық әдебиетті жаңа әліпбиге көшіруді тездетіп, енді барлық оқулықтарды, оқу құралдарын және педагогикалық әдебиетті ескі жазумен басуды тоқтатын.

4) Ұйымдасқан пролетарлық жұртшылықтың әліге дейін қажетті белсенділік танытпағанын ескере келе, оны жұмысын мына бағыттар бойынша тездеуге қол жеткізілсін: а) партиялық және комсомолдық, делегаттық жиналыстар, кәсіподақ ұйымдарының, Кошчи одағының жиналыстары, сауатсыздықты жою ісі жаңа әліпбимен жүргізілсін; б) баспасөз арқылы; в) сайыстар; г) жаңа әліпбиді үйірмелерде және жеке үйрену; д) жаңа әліпбиді насихаттауды материалдық көтермелеуді ұйымдастыру; е) жаңа әліпбиді белгіленген мерзімде меңгеру туралы ұжымдық міндеттемелер; ж) мемлекеттік мекемелер қолданыстан ескі әліпбиді шығару үшін қоғамдық әсер ету және т.б.

5) Аталған іс-шаралардың барлығы ең алдымен қалада іске асырылуға тиіс. Партиялық ұйымдар, комсомол, кәсіподақ және т.б. өздерінің мүшелерінің арасында тиісті жұмыстарды жедел ұйымдастырсын.

Партиялық, қалалық және пролетар ұйымдарға өз мүшелерін жақын арадағы алты ай ішінде өз күшімен және қаражатымен қайта оқыту міндеті жүктелсін.

ВКП(б) округтық комитеттері тиісті ұйымдарға осы директиваны практикалық түрде орындаудың формалары мен әдістері туралы шұғыл нұсқау берсін.

6) Партиялық-кеңестік активтер, мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің басшыларына жаңа әліпбиді табысты жүзеге асыру ісіне жан-жақты көмек көрсету және өздерінің сауатсыздығын мүмкіндігінше қысқа мерзімде жаңа әліпбимен жою міндеттелсін.

7) Алдағы жазда қаладан ауылдарға жаңа әліпбиді миллиондаған шаруалар арасында енгізу үшін мәдени сапар ұйымдастыру қажет, бұл үшін жұмысшыларды, оқып жатқандарды және т.б., сонымен бірге партия, комсомол және кәсіподақтар мүшелері арасынан жаңа әліпбиді белсенді жақтаушылар күшін жұмылдыру керек.

АППО-ға осы мәселе бойынша нақты ұсыныстарды қосымша даярлау тапсырылсын.

8) Қалалық барлық сауатсыздықты жою пункттері қоғамдық ұйымдар қаражаты есебінен жаңа әліпбиге көшірілсін, жұмысшы клубтары мен қалалық оқу орындары жанынан кешкі сауатсыздықты жою пункттерінің қосымша желісі жасалсын.

9) Ересектерге арналған әліпбелердің болмауын және жаңа әліпбидегі бұқаралық әдебиеттің жетіспеуін, сондай-ақ жаңа әліпбимен оқыған біліктілігі жоғары оқытушылардың аздығын ескере келе, әсіресе жергілікті жерлерде «Еңбекші қазақ» және «Совстепь» газеттерінің беттерінде жаңа әліпбимен сырттай оқыту сабақтарын ұйымдастыру қажет деп саналсын, бұл үшін НКА ОК сметасы бойынша еңбекақы төленіп, тұрақты кадрлар бөлінсін.

10) Ірі кәсіпорындар жұмысшылары арасында жаңа әліпбимен сауатсыздығын жою бойынша жұмыстар жүргізу үшін қалалық активтер – жаңа әліпби жақтаушылары құрамынан НКА ОК қаражаты есебінен арнаулы адамдар іссапарға шығарылсын.

11) Қызыл әскерлер мен әскери оқудан өтіп жатқан әскери еместер арасынан жаңа әліпбиде сауатсыздықты жою бойынша екі айлық курстар ұйымдастырылсын. Бұл максатта қоғамдық ұйымдардың күштері мен қаражаты тартылсын.

12) НКА ОК барлық ведомстволар (пошта, телеграф және көлік), сондай-ақ кооперациялар мен қоғамдық ұйымдар бойынша қысқа мерзімде жаңа әліпбиге өтудің нақты өндірістік жоспарларын әзірлеу, олардың қаржылық негіздемесін көрсетуге

қол жеткізсін (Орталық Мемлекеттік мұрағат. 929-қор, 3-тізбе, 1-іс, 22-25-беттер, бекітілген көшірме)[3, 100-103].

1930 жылғы 6-8 ақпандағы ҚАССР Халық ағарту комиссариаты Коллегиясының жаңа әліпбиді енгізуді тездету бойынша шаралар туралы отырысында Т. Шонановтың «Жаңа әліпбиді енгізуді тездету шаралары туралы» баяндамасы тыңдалып, осы отырыстың № 19 хаттамасында мынадай қаулы қабылданады:

1. НКП барлық бөлімдері мен органдары оқу-тәрбие, саяси-ағарту, ғылыми, кітапхана, баспа және кеңсе жұмыстарын Қазақстанның 10 жылдығына 100 % жаңа әліпбиге көшіру үшін жұмыс қарқынын күшейтсін. Бұл шараларды іске асыру орталық аппараттағы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі әрбір НКП саласының басшыларына жүктелсін.

2. Главполитпросвет:

а) Қазақстанның 10 жылдығына Республиканың барлық сауатты ересек тұрғындарын жаңа әліпбиге қайта үйретсін.

б) 1 наурызға қарай араб әліпбиін ойын-сауық, көркем кәсіпорындардан, кітапханалардан, қызыл киіз үйлерден, қызыл шайханалардан және т.б. түгелдей алып тастап, жаңа әліпбиге көшірілсін, барлық іскери жазбалар, афишалар, плакаттар, лозунгтер, жазбалар, хабарландыруларды тек қана жаңа әліпбимен жазсын.

в) оқу орындары жаңа әліпбиге көшірілуіне байланысты осы жылдың 15 ақпанынан бастап, газеттерден басқа араб әліпбиіндегі әдебиетті қызыл киіз үйлерге, кітапханаларға, қызыл шайханаларға және т.б. саяси ағарту мекемлеріне жазылуды тоқтатсын.

г) 25 наурызға қарай жаңа әліпбиге көшкен СПШ, сауат ашу мектептері және т.б. дәл санын және жаңа әліпбимен оқып жатқандар санын анықтасын.

2. СНК 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысының 1 және 12-тармақтарына сәйкес Главлитто:

а) 1930 жылғы 15 ақпаннан бастап, газеттерден басқа араб әліпбиіндегі барлық қолжазбаларды басуға рұқсат беруді тоқтатсын;

б) газеттер редакцияларының СНК аталған қаулысының 11-тармағын орындауын қадағаласын;

в) 1930 жылдың 15 ақпанынан бастап газеттерден басқа араб қолжазбаларын басуға рұқсат беруді тоқтату туралы және газеттердің СНК 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысының орындалуын сақтамауын қадағалау бойынша Оқр. ЛИТО бойынша тиісті өкім берсін.

3. Оқу секторы:

а) 20 наурызға қарай 1929 жылғы 1 қазаннан бастап барлық типтегі оқу орындарының жаңа әліпбиге көшу туралы үкімет директивасының орындалуын тексерсін;

б) осы мерзімде барлық оқу орындарының барлық ісқағаздарын, қабырға газеттерін және т.б. жаңа әліпбиге көшірсін;

в) I деңгейдегі мектептер және жоғары типті мектептердің негізгі пәндері жаңа әліпбиге көшірілді деп санай отырып, 1930 жылдың 15 ақпанынан бастап жоғары типті мектептерге, газеттерден басқа араб әліпбиіндегі оқулықтар мен басқа да әдебиеттерді жазып алуды тоқтатсын; араб әліпбиіндегі бұрын жазылып алынған оқулықтарды оларды жаңасына ауыстырғанға дейін оқу құралы ретінде пайдалануға рұқсат етсін;

г) 1 наурызға қарай жаңа әліпбиге көшкен мектептер мен барлық типтегі курстардың дәл санын және жаңа әліпбимен оқып жатқан курсанттардың санын анықтасын.

4. Ұйымдастыру бөлімі жергілікті комитеттермен бірлесе отырып, 2 апталық мерзімде НКП және ОНО аппараттарының барлық ісқағаздарын жаңа әліпбиге тез көшірудің нақты жоспарын ұсынсын және барлық ОНО-ларға жаңа әліпби бойынша жұмыстарды күшейту туралы өкім берсін және оның инспекторлық жұмыстарының жоспары көрсетілсін.

## 5. Қазбаспа:

а) 1930 жылғы 15 ақпаннан бастап Қазбаспа және оның тапсырысшыларының барлық мерзімді және мерзімді емес басылымдарын араб әліпбиінде шығаруды тоқтатсын;

б) ВЦИК НТА 4 Пленумына барлық қолжазбаларды жаңа әліпбимен шығарсын, баспаға берілген қолжазбалар және олардың тізімі бір апталық мерзімде осы тармақты Қазбаспа орындауын бақылау үшін НМС-ке тапсырсын;

г) Қазақстанның 10 жылдығына қарай 1 және 2 деңгейлі ұйғыр мектептерінің алғашқы топтарының барлық мектептерін және орыс тілінде оқытатын 7 жылдық мектептерді жаңа әліпбидегі оқулықтармен және оқу құралдарымен толықтай қамтамасыз етсін;

д) Ана тіліндегі оқулықтардың жаңа әліпбиімен дер кезінде басылуына ерекше назар аударсын;

е) Кітаптарды тез басып шығару үшін типографияға берілетін қолжазбалар жаңа әліпбиімен машинамен басылған күйінде берілсін.

## 6. НМС:

а) Бір апталық мерзім ішінде Қазбаспаға өзгерістермен немесе өзгеріссіз қайта басылып шығарылатыны, қандай авторлардан аударылатыны көрсетіліп, оқулықтар мен оқу құралдарының стандартты тізімін берсін.

б) Қолжазбаларды, түсетін оқулықтарды қарауды тездетсін, бір қолжазбаны қараушы қызметкерге күніне 2 баспа табақ қолжазба қарау, ал түпкілікті қайта редакциялау үшін күніне бір баспа табақ нормасын бекітсін.

в) Оликов жолдаспен бірге оқулықтарды басып шығару қаражатын қамтамасыз етсін.

г) 1930 жылы жаңа әліпбиімен жалпы қолданылатын орысша-қазақша сөздік шығаруды қамтамасыз етсін.

## 7. Аз ұлттар бөлімі:

а) 20 наурызға қарай жаңа әліпбиге көшкен және көшпеген шығыс аз ұлттар мектептерінің және оларда оқушылардың санын анықтасын;

б) 1930 жылы шығыс аз ұлттар мектептерін жаңа әліпбидегі оқулықтармен толықтай қамтамасыз ету шараларын қолға алсын;

в) жерлікті жерлерге олардағы шығыс аз ұлттар мектептерінің барлығын 1929-1930 оқу жылы толықтай жаңа әліпбиге көшіруге үкім шығарсын.

8. НКП атынан және кәсіподақ атынан қызметкерлердің білімін тексеруді күшейту және оны ақпан айында аяқтау туралы қатаң телеграфтық өкім берілсін.

9. Қоғамдық ұйымдар алдына олардың жаңа әліпбиді енгізу жұмыстарына және полиграфияда жаңа әліпбиімен өндірісті көтеруге көңіл бөлу міндеті қойылсын.

10. СССР ЦИК және СНК 1920 жылғы 7 қаңтардағы қаулысына және СНК 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысына сәйкес Мәскеу қаласындағы Өкілдікке Орталық-баспаның қазақ тіліндегі және Қазақстанның шығыс аз ұлттары тіліндегі әдебиеттерді араб әліпбиінде қабылдау мен басып шығаруды және араб әліпбиіндегі әдебиеттерді, басымдыларды Қазақстанға жіберуді дереу тоқтатуға қол жеткізу тапсырылсын.

11. НКА ОК-дан Жаңа Қарақалпақ Комитетімен жұмыс істеу басшылығын күшейту және Қазбаспаға НМС-пен бірге жаңа қарақалпақ әліпбиінде оқулықтар құрастыру мен оқулықтар құрастырушылар кадрын жасақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырсын (Орталық Мемлекеттік мұрағат . 81-қор, 1-тізбе, 1440-іс, 174, 175, 176-бет) [3, 106-109].

Қазақстанда латын әліпбиіне көшуге қатысты құжаттарға (1924-1930 жж.) шолу жасай келе, төмендегідей түйін жасаймыз:

1) Қазақстанда латын әліпбиіне көшу процесіне I Түркологиялық съезд маңызды рөл атқарды. Бұл съезде жаңа түркі әліпбиі туралы қарарда «жаңа әліпбиді және оны

оқыту әдісін енгізу әрбір республика мен әрбір халықтың өзі ісі» деп саналады. Сонымен қатар түркі тілдес халықтардың тілі және әдебиетін зерттеу, салыстырмалы ғылыми грамматикалар жазу, сөздіктер шығару, ана тілін оқыту әдістемесі, түркі халықтарының материалдық мәдениет ескерткіштерін зерттеу, орфографиясы, терминология мәселесі де көтеріледі.

2) Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру мәселесіне әртүрлі әлеуметтік ұйымдар әртүрлі жиындар, басқосулар өткізіледі.

3) «Жаңа қазақ әліпбиі» қоғамы құрылып, оның жарғысы, жұмыс жоспары бекітіледі. Әртүрлі жиындарда осы Қоғам қызметінің жалпы мәселелері (ұйымдас-тырушылық, насихаттау-түсіндіру жұмыстары, жаңа әліпбимен оқыту, сауатсыз-дықты жою, баспа, шрифт, қаржылық жағдайы, халықтың осы реформаға қатысты көзқарасы, аз ұлттарға қызмет көрсету), жетістіктері, кемшін тұстары, жалпы атқарылған жұмыстар туралы тезистер, есептер жасалады.

4) ЖҚӘ латын әліпбиінің негізіне мынадай қағидаларды алуды ұсынады: 1) қазақ тілінің сингармонизм заңын қолдану, 2) бір дыбыс үшін бір таңба алу (дифтонгтер болмауы керек), 3) қазақ тілінің дыбыстарын ғана белгілейтін таңбаларды алу (кейбір түркі республикалары сияқты араб, парсы және т.б. дыбыстарын алмау), 4) жалпы қабылданған мағынасы және тұрпаты бар латын таңбалары алу, 5) мүмкіндігінше латынша емес таңбаларды алмау, орыс таңбаларын мүлде енгізбеу, 6) кейбір таңбасы жоқ дыбыстар үшін латын негізді әліпбилерден (француз, ағылшын, неміс, италия және т.б.) таңбал алу, бір жолға жазылатын пішінді ғана алу (көлемі тек кегель бойынша ерекшеленуі керек); түркі әліпбиінің бірегейлігін ескеру.

5) кейбір құжаттарда жаңа әліпбиге көшудің талаптары (нақты мерзімдері, қаржылық негізі және т.б.) көрсетіліп, тиісті органдарға нақты міндеттер (оның ішінде әртүрлі мәселелерге байланысты қоғамдық ұйымдардың күші мен қаржысын пайдалану) жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап **әліпбиімізді латын қарпіне**, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», деп – нақты көрсетті. Осыған орай қазіргі кезде латын әліпбиіне көшудің лингвистикалық, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық негіздері зерттелу үстінде.

Сөз соңында қазақ жазуын кирилл әліпбиінен латын қарпіне көшіруге байланысты Үкімет деңгейінде Мемлекеттік комиссия құрылып, Мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қабылдануға және латын қарпіне көшу Тұжырымдасы әзірленіп, бекітілуге тиіс деген ұсыныс айтамыз. Бұл Бағдарлама мен Тұжырымдамада латын графикасына көшуге әсер ететін лингвистикалық (латын әліпбиінің оңтайлы нұсқасын анықтау; латын әліпбиін стандарттау, латын графикасына көшкен түркі тілдерінің тәжірибесін түбегейлі зерттеп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін таразылау), психологиялық, педагогикалық-әдістемелік (қазақ тілінің оқытушыларын және мектептерге оқушыларды, заңды, атқарушы органдардың және мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау), полиграфиялық (заңдық және нормативтік құжаттарды қайта шығару, қайта жабдықтау және қазіргі баспа құралдары мен технологияларын сатып алу, латын әліпбиінде бірінші кезекті кітап өнімдерін (анықтамалар, сөздіктер, кітаптар, ТВ-бағдарламаларының аудармасы және басқалар) қайта шығару, ұлттық валютаның латын таңбалы ақша белгілеріне ауыстыру, жеке куәліктерді, төлқұжаттарды және т.б. құжаттарды ауыстыру) және экономикалық (кадрлық ресурстар және шығындар көлемін бағалау) факторлар ескерілуге тиіс. Демек Үкімет латын графикасына көшу-

ге байланысты барлық (қаржылық, ақпараттық, техникалық, кадрлық және т.б.) іс-шаралардың орындалуын және латын графикасына көшу процесінің әртүрлі құрылымдарда жүйелі жүргізілуін қамтамасыз етуі керек.

### *Әдебиет*

1. К борьбе за новый алфавит. Сб. статей. Из. Научной Ассоциации Востоковедения при ЦИИК СССР. – М., 1926. – 69 с.
2. Отчетный доклад Центрального комитета нового Казахстана алфавит о работе за 1927-28 год. Проект постановления совета Народных Комиссаров о оплате работ ЦК. 19 июня - 5 мая. – 117 с.
3. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы). Сб. Документов / Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова, Г.Т. Исахан, Б.Ж. Кабушев; Пред. М.Ж. Хасанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 325 с.
4. Протокол №10. Заседания коллегии Наркомпроса КССР от 26 января 1928 г. – 29 с.
5. О переходе казахской письменности на латинскую графику (Предварительная аналитическая справка)  
[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30112600](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30112600)
6. Стенографический отчет первого Пленума Научного совета ВЦК нового алфавита. – М., 1930. – 310 с.
7. Стенографический отчет второго Пленума Научного совета ВЦК нового алфавита. – Ташкент, 1928.
8. Қазақстан жаңа әліпбешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 жыл 9-12 декабрь). – Қызылорда: Қазбас, 1930. – 56 б.
9. Стенографический отчет третьего Пленума Всесоюзного центрального комитета Нового тюркского алфавита заседавшего в Казани, от 18-23/ХІІ-1928. Казань, 1928. – 228 с.
10. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.): филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2009. – 167 б.

***Мұхтарова Ә.С.***

*Қайнар академиясы «Тілдер, журналистика»  
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент*

### **Ғалым, ұстаз Өмірзақ Айтбаевтың азаматтық, шығармашылық портреті...**

Адамдардың табиғаты әр түрлі. Осыған байланысты болар, олар өмір сүрген ортаның да өзіндік ерекшелігі бар. Өмірзақ ағай туралы айтылар сөздің салмағы да ауыр. Ол кісі жөнінде отыра қалып ойға келген нәрсені жаза алмайсыз. Ағаның сабырлы мінезі сияқты байсалды ойдың тізгініне жармасып, осы бір көп сүйіктісіне айналған абзал жан туралы ойға шомасыз. Сондай бір сәтте көңілге жиі оралып, әуелі ауызға ілінетіні де ағаның сом алтындай сабырлылығы, өз орнын өмірден жаңылмай дәл тапқызған адами тұнықтығы мен кірпияздығы. Сөздің өзін ойланып тереңінен шығаратын және ол ойдың ешкімнің жүрегін жараламайтын сынық болып ауыздан шығуы да ағаның тегінен дарыған дара қасиеті болса керек.

Аға Қайнар университетінде біраз жыл декандық қызметті атқарды. Сол бір кезде қолындағы мансап тізгініне еріп, ешкімнің жүрегін жаралаған жоқ десем, менің пікіріме әріптестерім қарсы сөз айтады деп ойламаймын.

Өмірзақ ағай әріптестері мен әйел адамдарды, қыздарды керемет сыйлап, әрқайсысының жетістіктерін сөз арасында айтып қоюды жөн санайтын. Жұмыс



бабындағы кемшіліктерді сыпайы түрде ескертіп қойып, «өздеріңіздер де байқап отырсыздар ғой, бұндай олқылық енді қайтып болмауы тиіс»деп , бәріміздің жүзімізге қарағанда, құдды әкеміздің алдында отырғандай түгел келісетінбіз. Аға артық ауыз сөз айтпаса да, кафедра мүшелері оның қимыл қозғалысы мен қас-қабағының сәл өзгеруінен-ақ жасалған жұмыста сәл-пәл кемшіліктің болғанын бірден аңғаратын. Аға ешқашан артық, қатты сөз айтпайтын, бірақ неге екені белгісіз, өзіміз жасаған істен бір олқылық табылып қала ма деп қобалжып тұратынбыз. Менің осы бір сәтте өткен шақ кезеңімен жазып отырғаным, ағай декандықтан өз еркімен босанып кеткеннен кейін суреттеп отырғаным байланысты болып тұр. Ағаймен бірге жұмыс істеген сәттің қызықты, табысты болғанына бәріміз де куәміз.

Аға негізінде аз сөйлейді, ал сөйлей қалса, әр сөзді нәшіне келтіріп баппен айтатын. Үлкен-кіші арасында болсын, ағай өз сөзінің ішіне кісі ұялатындай, кісіні ұялтатындай артық сөз қоспайтын. Жастар арасында отырғанда пәтуалы, байсалды мінез құлқымен көптің көңілін жаулап алатын. Факультет ішінде талай рет әдеби кеш, кездесулер өтті. Ағаның шығармашылығына қатысты тартымды кештер болып, сонда Өмірзақ ағайдың сегіз қырлы, бір сырлы қасиеті ашылған үстіне ашылар еді. Биік тұлғасы, көрнекті келбеті, жағымды үні, жоғары деңгейдегі әншілігі, сабырлы қалпы қашанда ағаның айналадағы адамдарға деген сүйкімділігін одан сайын арттырып тұратын. Ағаның адами этикеті керемет болатын. Басшы болған сәттерінде өзінің ұжымындағы әр қызметкерін бағалап, жасының кіші болғанына қарамай, «Мәке», «Айеке», т.б. деп құрметтей сөйлейтін. Әдемі эзілмен сөйлеу-ағаның ерекше қасиеті. «Ой, мына батыр не дейді?», «басекеннің айтқанына құлақ түрейік», «ендігі бастық осы-ал енді оны тыңдайық», - деп, кішіге құрмет, ілтипат көрсеткенде, бәріміз ағаға риза болып, аса қадір тұтып қарайтынбыз. Сол бір бәрімізге де ыстық, жағымды сәттер әлі күнге дейін көз алдымызда тұр. Аға сөзді таңдап, екшеп, тек адам көңіліне жылы тиетін сөздерді ғана қолданатын. Сәл қабағын түйгенінің өзі бізге көп нәрсені айтқанмен бірдей болатын. Осыдан кейін қызметімізге одан әрі үлкен жауапкершілікпен қарап, ерекше ынтамен жұмыс жасайтынбыз. Иә, сол күндердің әдемі елесі әлі есімізде тұр. Ағай қазіргі сәтте де бізбен бірге қызмет атқарады. Жүктемесі аздау болғандықтан, университетке сиректеу келеді. Ағаның келуі біз үшін кішігірім мереке сияқты. Барлығымыз да «о, ағай келді, ағай келді» деп, кішкентай баладай мез боламыз. Ағаның кісіні өзіне тартып тұратын магниті бар, ол кісі келсе, бәріміз ағаны қоршап алып абыр-сабыр болып қаламыз. Осының бәрі біздің Ағаны шынайы көңілден жақсы көріп, ерекше сыйлағанымыздан болар деп ойлаймын. Сол себепті жыл сайын оқуға келетін түлектер үшін жарнама стендісін жасарда ағаның суретін бірінші қойып, абитуриенттерге Қайнар университеті мен Ағаның азаматтық тұлғасын қатар жарнамалаймыз. Аға арқылы оқу ордасы, оның ішінде филология факультетінің білім мазмұнының деңгейін өзгеге танытуға тырысамыз. Осы әрекеттің бәрі- Өмірзақ ағаны шын жақсы көріп, оның адами биік тұлғасын құрметтеуден туындаған дүниелер. Шынында да, солай. Біз ағаны айрықша жақсы көреміз және академик З.Қабдоловтың М.Әуезовті бағалағанындай, біз де ағамен мақтанамыз.

Өмірзақ аға туралы осы бір мерейтойында ғана емес, әр кезде жылы ілтипатымызды білдіріп жүреміз. Ағаның қазір ұжымда сирек болатыны да білініп жүр. Қалай айтсақ та, ол – біз үшін аса қымбатты жан.

Өмірзақ Айтбаев – қазақ тіл білімінде өз орнын таба білген , өз білімін, тағылымын өзгелерге мойындатқан жан-жақты ғалым. Ағаның адами қасиеттерге толы жан дүниесі ғылым саласында да ерекшелігімен, еңбексүйгіштігімен, қажырлы табандылығымен, нәзік сезімталдығымен ғалымдар арасында мойындалған. Таланты ғалымның сан салалы еңбектері: қазақ тілінің тағдыры, білім, ғылым, адамгер-

шілік, әлеуметтік мәселелер, қазақ тіліндегі мектептерді ашу, Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттардың бірлігі, ұйысқан ынтымағы туралы – кітаптары, сөздіктері, ғылыми мақалалары, пікір-ұсыныстары қазір көп қазынасы ретінде пайдасын, игі нәтижесін көрсетіп жатқан игілікті дүниелер. Қайнар университетінің студенттері де ағаның кітаптарын, еңбектерін өздік жұмыстарын жазуда үнемі қолданып отырады. Ө.Айтбайұлының «Қазақ сөзі» (қазақ терминологиясының негіздері) атты еңбегі қазақ тілі лексикасының саласы-терминологияға арналған. Өмірзақ ағаның аталмыш еңбегі ғылыми тілдің терминдік жүйесінің дамуына ерекше ықпалын тигізген құнды еңбек болып саналады. Кезінде термин жасау тәсіліндегі А.Байтұрсынов ұсынған екі принципті басшылыққа алған Өмірзақ аға - қазақ тіліндегі термин-жасау мәселесіне тың жаңалықтар енгізіп, қазақ терминологиясы ұғымын қалыптастырып, қазіргі қазақ терминологиясының әдеби тілдің дербес бір саласы екендігін түбегейлі дәлелдеген ғалым. Қазақ терминологиялық жүйесінің қалыптасуы үшін ерекше еңбек еткен аға жас кезінен бастап қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның жан-жақты өркендеп дамуына айрықша көңіл бөліп келе жатқан ғалым. Мемлекеттік тілдің дәрежесін халықаралық деңгейге көтеремін деп талмай еңбек сіңіріп жүрген Ө.Айтбайұлының туған халқы алдындағы абыройы да биік. Осы жолда «Халықаралық қазақ тілі» қоғамын құрып, тіліміздің қолданыс аясын кеңітуге, оның қоғамдық беделін республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде асқақтатымын деп жан аямай қызмет жасаған ағаның өз беделі де асқақ. Тіліміздің ғылыми стилін қалыптастыруға бірден-бір сеп болатын терминдік лексиканы жасау-Өмірзақ ағаның ел үшін, қазақ халқы үшін жасаған үлкен еңбегі болып қала бермек. Ал тілді дамыту мақсатында жұмыс жасайтын «Халықаралық қазақ тілі» қоғамының ұланғайыр ісі елдің елдігін сақтайтын, ата-бабалар тілін көздің қарашығындай сақтауға негіз болатын, қазақ деген ұлағатты елдің тілін сақтап, ғасырдан ғасырға ұластырар қасиетті парызды іске асыратын керемет іс деп бағалауға әбден лайық әрекет деп ойлаймын. Өмірзақ ағаның қазақ тілінің өзге шет елдерде де өркендеп дамуына қолдан келер әрекетін жасап, республикалық, халықаралық қазақ тілі мен әдебиет пәні олимпиадаларына төраға болып, шет елдегі қазақ тілін еркін меңгерген оқушылардың өз елімізде білім алуларына қамқорлық жасап жүргенін біреу біліп, біреу білмейтін де болар. Аға өзгеге жасаған жақсылығын сыртқа шығармай, өз ішінде ғана сақтайтын тұнық судай баяу ағатын ұстамды жан. Содан болар, ағаның бөгде біреулерге жасаған қамқорлығы да көп айтылмайды. Бұндай қасиеттерін тек жанында жүрген жақын адамдары ғана танып-білетіндей. Ойлап қарасақ, ағасыры мен көңіл жұмбағын сыртқа шығармайтын, қапасы мен қайғысын да өзгенің мойнына салмайтын, қасіретте шыдамды бола алатын, қуанышта асып-тасымайтын теңіздей терең, тұңғыш жан. Біз ағаның қапалы кезін де, қуанышқа бөленген сәтін де көрдік. Сол бір шақтарда тағдырдың салған тезіне көніп, кейде қуанышын көппен бөлісіп жатқан сабырлы жанның өзгеде жоқ тағы бір асыл қасиетіне куә болып жатамыз. Төзімді болу-алланың адам баласынан сұрайтын бір тілегі екен де, осындай қасиетке ие болу аздың ғана қолынан келеді екен. Кейде мен ойлаймын: «Аға Алланың сүйген құлы шығар, бір адамға қажет асыл қасиеттердің бәрі ағайдың бойында бар, аспайтын, саспайтын, барлық сәтте байсалды пішінінен айырылмайтын, адамдарға сүйкімді осынау жанды алла сүймегенде қайтсін!» деп, ағаның өзімізбен бірге қызмет жасайтынына тәубе етіп, оның қасымызда жүргенінін мақтаныш етемін.

Ағаның алдағы уақытта да шәкірттері жазатын көп жыр мен сырдың кейіпкеріне айналатынын іштей сеземін. Талай қаламгер мен ғалымның аға туралы жазарына да көзім жетеді. Мен бүгін бар болғаны әріптес болып, бірге қызмет жасаған абзал жанның бір-екі ғана адами қасиетіне шолу жасап, ағаның адамгершілік келбеті туралы ғана ой бөлістім. Аға туралы айтылар жақсы сөзімді болашақтың еншісіне қалдырдым.

### **Үш тілде сөйлеу – заман талабы**

**Аңдатпа.** Мақалада үштұғырлы тіл идеясы қарастырылады. Үш тұғырлы тіл идеясының мақсаты - үш тілді бірдей білу деңгейіне жету. Қазіргі жаһандану заманының талабына сай әр адам үш тілді білуі, үш тілде еркін сөйлей алуы қажет. Қазақстан халқы бәсекеге қабілетті ел қатарына қосылу жағдайында көптілділікке басты назар аударуда. Қазіргі таңда білімді, болашағына сеніммен қарайтын ұрпақты тәрбиелеу, әлемдегі экономикасы озық 30 елдің қатарына қосылу және көкжиегімізді кеңейту мақсаттарын жүзеге асыруда ағылшын тілін дүниежүзілік қолданыстағы тіл ретінде үйренудің, үш тілде еркін сөйлеудің ауадай қажеттілігі сезіліп келеді.

**Тірек сөздер:** үштұғырлы тіл саясаты, көптілділік, идея, жаһандану, ағылшын тілі, кірігу.

**Аннотация.** В статье рассматривается идея триединства языков. Идеи трехязычия цель - достичь уровня владения тремя языками в одинаковой.

Знание трех языков в эпоху глобализации каждый человек в соответствии с требованиями, необходимо свободно говорить на трех языках. В условиях вхождения Казахстана в число конкурентоспособных стран, Казахстан уделяет большое внимание на полиязычность.

В настоящее время образование, воспитание поколения смотреть в будущее, и по вхождению в число 30 передовых экономик мира всемирного изучения английского языка в качестве языка реализации задач расширения действующих мировоззрения, ощущается потребность в речи, как воздух свободно на трех языках.

**Ключевые слова:** триединая языковая политика, многоязычие, идея глобализации, английский язык, интеграция.

**Abstract:** The article discusses the idea of Trinity of languages. The idea of trilingualism goal is to achieve a level of proficiency in three languages in the same.

The knowledge of three languages in the era of globalization, every person in accordance with the requirements, you need to be fluent in three languages. In conditions of Kazakhstan's joining the number of competitive countries, Kazakhstan pays great attention to teaching people. Currently, the education, the education of generations to look to the future, and by joining in the 30 advanced economies of the world learning English as the language of implementation of tasks of expansion of existing ccisd, there is a need for speech, as the air is fluent in three languages.

**Key words:** triune language politics, multilingualism, idea of globalization, English, integration.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» - деген дана бабаларымыздың көргенділігі бүгінгі заман талабы – көптілділікті, «үштұғырлы тіл» идеясын дөп басып көрсеткендей.

Елбасымыз үш тұғырлы тіл идеясына «Мемлекеттік тіл – біздің халқымыздың тілі, оны осында тұратын барша жұрт білуі шарт. Біз ағылшын тілін де білуіміз керек, өйткені ол – ғылым, инновация тілі. Сондай-ақ, біз орыс тілін де білуіміз қажет, оны біз меңгергенбіз, бұл тілде өзара түсінісе аламыз және орыс тілі - біздің үлкен көршіміздің тілі» - деп түсінік берген болатын [1].

Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде танылуға талпыныс жасап отыр. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл,

орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кірігу тілі. Біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілін қолдап, ағылшын тілін үйренуіміз қажет.

«Үштұғырлы тіл» идеясы өмірлік қажеттіліктен туындап отырғаны белгілі. Үш тілде еркін сөйлеп, жаза білетін халқы бар ел бәсекеге қабілетті мемлекетке айналары сөзсіз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу — әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс» екендігін баса айтып өткен болса [1], шетел тілін оқып үйренемін деушілердің саны да күннен күнге көбейіп келеді. Сонымен қатар бұл, шетел тілінің еліміздің оқу жүйесінде айырықша мәртебеге ие болғандығын айқындайды. Ағылшын тілін мектеп қабырғасынан бастап жоғарғы оқу орындарында оқыту жаңа әдістемелердің қажеттілігін тудырады.

Көптілді меңгеру – мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғаралық және мәдени қарым-қатынастардың аса маңызды құралы. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта көптілді еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – басты міндет.

Қазақстанның тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі көптілді жетік меңгеруді талап етеді. Осыған орай, білім беру жүйесінде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен біліктілігін көрсететін, өз ойы мен пікірін айта білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Бұл шетел тілі пән мұғалімдеріне ғана емес, қазақ, орыс тілдері мамандарына да үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Осы орайда, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушылары білім мен тәрбие беру үрдісінде «үштұғырлы тіл» саясатын басшылыққа ала отырып, болашақта үш тілде сапалы дәріс беретін бір типті білім беру жүйесін құру ісіне кірісіп те кетті. Университет оқытушылары үш тілде де әр студенттің еркін сөйлеп, бір-бірін түсіне білуі мен әлем елдеріндегі озық білімді меңгере білу жолында ізденіп, шығармашылықпен жұмыс атқарылуда. Заманауи әдіс-тәсілдер негізінде үш тілді үйретуге өз үлестерін қосып, бағдарламалар әзірлеу үстінде.

Қазіргі заман талабына сай мұғалім үлкен дайындықпен, жаңаша әдіс-тәсілдермен, түрлі тапсырмалармен сабақты түрлендіріп отыруы қажет. Болашақ ұрпақтың дамуы ұстаздардың белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болмақ.

Шет тілін меңгеріп алған 85 жастағы Академик Төрегелді Шарманов үштұғырлы тіл саясаты туралы: «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дегендей, қазіргі заманда оқшау тұрған аралдағыдай күн кешу мүмкін емес. Қазіргі жаһандану мен инновациялар заманында барша елге ортақ болып, дүниежүзілік тіл болып отырған – ағылшын тілі екендігін мойындауымыз қажет. Бүгіннен озық шығып қана ертеңгі күнге ілесуге болады. Сондықтан, ғылым тілі – ағылшын тілі болғандықтан, білім мен ғылымның әлемдік озық тәжірибесін игеру үшін біз ағылшын тілін жедел түрде үйрене білгеніміз жөн» - деп тұжырым жасайды [2].

*Ең алдымен, қазақ тілі* – ана тілі, мемлекеттік тіл, ел аумағындағы басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, орыс және ағылшын тілдерін үйрену үшін базалық тіл; *орыс тілі* – ресми қатынаста мемлекеттік тілмен қоса қолданылатын тіл (нормативтік бекітілген функция), қазақ тілімен бірге Қазақстандағы ең көпсанды диаспора және басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, қазақ

тілімен бірге БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, көп жағдайда ағылшын тілін үйрену үшін аралық тіл болып табылады; *ағылшын тілі* – жаңа ақпараттық, инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, әлемдік қарым-қатынас тілі, кейбір мамандық бойынша білім алу тілі, жастар арасында беделді тілге, БАҚ, әсіресе Интернет арқылы ақпарат алу тіліне айналып келеді [3]

Осымен байланысты ғалымдарымыз шет тілін оқытуда жас ерекшелігін ескеру қажеттігін басты назарда ұстап, ең басты мәселе ретінде қарастырып отыр. Төмендегі авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, шет тілін оқытуды 10-11 жастан ерте бастамау керек деген тұжырым жасалды.

Л.Выгодский: “Процессы овладения родным и неродным языками разделяет в первую очередь элемент осознанности и преднамеренности, характерный для овладения вторым языком и отсутствующий при овладении родным языком” [4].

Ж.Пиаже: “...в младшем подростковом возрасте (10-11 лет) этническая идентичность формируется в полном объеме” [5].

Й.Л.Вайсбергер: “В силу действия закона родного языка и важности формирования родной картины мира до начала овладения чужой целесообразно начинать преподавание иностранных языков только с 11 или 12” [6].

З.Ахметжанова: «Наблюдаемый в настоящее время перекоп в обучении иностранным языкам, когда ребенка начинают учить английскому языку чуть ли не с детского сада, а во многих школах с 1-2 класса, мыс считаем опасным явлением. Уже сейчас родители бьют тревогу по поводу того, что на 2-3 году обучения дети стараются больше говорить на английском, чем на родном языке» [7].

«Егер жасөспірім, балдырған дүниені, болмыстың заңдылықтарын, сандар әлемін, әлемдік тарихты, жалпы жаратылыстану туралы алғашқы білімдерді өз ұлтының ғасырлар бойы жинақтаған білімдері негізінде, өз ана тілінде емес, өзге тілде танып-білетін болса, онда оның санасында ана тілінің осы білімдерді жеткізуге дәрменсіздігі туралы жаңсақ пікір берік орнығатыны анық. Сонымен бірге ана тіліне де нұқсан келеді. Себебі осы тілдің құралдары арқылы жаратылыстану салаларындағы ойдың даму желісін көрсете алатын, оны дамытып, түрлендіріп, сол арқылы ана тілін де байытатын тілдік тұлғалар саны кемиді, сан жоқ жерде сапа да ойсырайтыны белгілі болса, бұндай білім беру қазақ тілі үшін де, қазақ тілді қауымдастық үшін де нұқсанды екені анық», - деп тұжырымдайды [3].

Жеті жасқа енді толған балаға ең алдымен өзінің ана тілін дұрыс меңгерту абзал. Содан кейін ғана екінші, үшінші тілді үйретуге көшкен жөн. Үш тілді қатар үйретуді бала өз ана тілін жетік меңгергеннен кейін ғана бастау қажет деп ойлаймыз. Үш тілділікке бірінші сыныптан бастап көшу – баланы шатастырып қана қоймайды, оның миында дұрыс білім қалыптаспайды, бір сөйлемде үш тілдің сөзін қосып, қойыртпақтатып, өзінің ойын анық жеткізе алмай қиналады, сөздік қорына, тіл байлығына нұқсан келеді. Оның басын қатырып, қинағаннан еш нәрсе ұтпаймыз. «Басты ниет – ұлт тілін ұрпаққа білдіруде дамыған елдердің үлгісін пайдалана отырып, өрістету. Ізденіссіз көшіре салу ойда жоқ. Зерттеп, зердеден өткізіп барып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру. «Мәңгілік елдің» мәңгілік тіліне айналдыру» - деген болатын Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев [8]. Олай болса, барды бағалап, әр іске сабырлылықпен келген жөн. Өйткені бала – біздің болашағымыз болса, ана тіліміз – айбынымыз, ал үш тілділік қазақ тілінің де мәртебесін іс жүзінде арттыра түсері анық.

#### *Әдебиет:*

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2010. Білім – өмір шырағы //Егемен Қазақстан. №5(10), 2016 ж. 6-6.
2. <http://www.automan.kz/54956-v-rk-budet-razrobotana-strategija-razvitija.html>;
3. Выготский Л. С. Избранные психологические исследования. М., 1956. 486 с.

4. Пиаже Ж. Избранные труды. Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. Логика и психология. – М.: Просвещение, 1964. – 659 с.

5. Радченко А.О. Язык как мирозидение. Лингвофилософская концепция неогумбольдианства. М.: КомКнига., 2006 – 312 с.

6. Ахметжанова З.К. К вопросу о трехязычии // Қазақ тілінің тарихы мен түркітану мәселелері. – Алматы, 2011.- 296 с.

7. Елдік істің ұйытқысы – береке-бірлік //Егемен Қазақстан. №5(10), 2016 жыл, 16 наурыз, 6-б.

*Алтайбекова Қ.*

*Ө.А.Байқоңыров атындағы  
Жезқазған университеті, ф.ғ.к.*

### **Ө.Айтбаев еңбектеріндегі ғылыми бағыттар**

Ғалым мұрасы санымен, көлемімен өлшенбейді, қоғамдық қызметімен, оның мән-мазмұнымен, ғылым дамуына, өркендеуіне қосқан зор үлесімен бағаланады. Ө.Айтбаевтың қазақ тіл білімі ғылымының ілгерілеп дамуына қосқан үлесі мол. Әсіресе қазақ терминологиясы мен аударма мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдары мен зерттеулерінің маңызы ерекше.

Ғылым жолына талпындырған ұстаздары І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ө.Қайдар сынды ғалымдардан үлгі-өнеге, ақыл-кеңес ала жүріп, қазақ тіл білімінің тың жатқан салаларына жол тартқан ғалым өзі зерттеп отырған әр сала бойынша кейінгі зерттеушілерге сара жол салып берді.

Ө.Айтбаевтың ғылыми еңбек жолы сонау 1970-жылдары аударма мәселесімен айналысудан басталды десек артық айтқандық емес. Бүгінгі күнге дейін түйткілді мәселелері толық шешілмей отырған бұл тақырыпқа бару үлкен жауапкершілік пен білімді талап еткені даусыз. Ғылыми ізденістің нәтижесінде 1971 жылы «М.Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап шыққан ғалымның аударма мәселесіне қатысты айтқан тұжырымдары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Көркем аударма мәселесінің теориялық негізіне шолу жасай келіп, әр халықтың ұлттық танымымен тікелей байланысты, аударма жасауда қиындық тудыратын фразеологизмдердің табиғатын ашуды мақсат тұтқан бұл зерттеуде орыс жазушысы М.Горький шығармаларының аудармалары талданған. Сол арқылы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері сараланған. Аударманың тек әдебиеттану ғылымының ыңғайында зерттеліп отырғандығын айта отырып, оны әдеби-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу қажеттігін ұсынады. Ғалымның аудармаға қатысты: «...Алайда аудармалардың бәрі бірдей үлгі тұтарлық дәрежеде емес. Біз тексеріп отырған нақты мәселенің өзін жеткізуде де толып жатқан олқылықтар кеткен. Сондықтан аудармалардың біразын қайта қолға алып, бүгінгі талғам таразысына лайықты қайта жасау керек», - деген тұжырымы әлі күнге дейін өзекті дер едік.

Ғалымның 1975 жылы жарық көрген «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» аталатын монографиялық зерттеу еңбегі аударма проблемаларын тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан сипаттаған, аударманың ғылым ретінде қалыптасуына түрткі болған бірден-бір еңбек болды. Кезінде бұл еңбекке қатысты баспасөз бетінде айтылған пікірлер осы ойымызға дәлел болары анық.

Ө.Айтбаев қазақ терминологиясының жүз жылға тарта тарихын зерттеген, оның жасалу, қалыптасу, даму жолдарын саралаған лингвист ғалым ретінде қазақ лингвистикасына ғана емес, жалпы түркі лингвистикасына танымал.

А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов негізін алғаш рет қалаған қазақ терминологиясының шешілмеген сұрақтары жетерлік еді. Тіл білімінің сол бір олқы тұсын толықты-

руды мақсат еткен ғалым күні бүгінге дейін ана тілін зерттеп, оған барша өмірін бағыштап қызмет етіп келеді.

1981-1999 жылдар аралығында ғалымның басшылығы және қатысуымен терминология, аударма, баспасөз, тіл мәдениеті мәселелеріне қатысты бірнеше кітап баспадан жарық көрді. Ө.Айтбаев осы жылдары қазақ терминологиясы мен аударма саласында тың ізденістер жүргізіп, жас зерттеушілерге бағыт-бағдар бере отырып, зерттеу ауқымын кеңейте түсті, осы мәселе төңірегіндегі әлемдік ой-пікірлерге сараптама жасап, қазақ терминология саласын тереңірек зерттеуге ден қойды. Терминологиялық картотеканың мол базасы жасалып, нәтижесінде ғылым салаларына қатысты сөздіктер түзілді, ғалымның жетекшілігімен ғылыми диссертациялар қорғалды. Бұл айтуға оңай болғанымен, қиын да жауапты іс-шаралар еді.

Ө.Айтбаевтың 1988 жылы жарық көрген «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясы қазақ терминология ғылымының сипатын тұтастай айқындап береді. Бұл еңбекке қатысты да рецензиялар жазылып, кезінде өзінің оң бағасын алғанын баспасөз материалдарынан байқадық.

Қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелері туралы сан жылғы ізденістер 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғауға алып келді. Бұл еңбек арқылы қазақ терминологиясына жаңалық енді. Атап айтар болсақ, қазақтың біртуар арыстары А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының мұралары лингвистикалық тұрғыдан лайықты бағасын алды, айтылмай келген ғылыми ойлары сараланып, дәлелденді.

Академик Ө.Айтбаевтың 2013 жылы баспадан шыққан «Қазақ тіл білімінің терминология мәселелері» атты еңбегінде де тың ізденістердің нәтижесі сарапталып берілген, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминологиясы жан-жақты талданып, жаңа терминдерге сараптамалар жасалған, оның теориясы анықталған. Қазақ терминологиясына қатысты ертеректе айтқан пікірлері толықтырылып, ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Әсіресе, қазақ терминологиясы мен жазудың арасындағы байланыс, қазақ терминдерінің жасалу тәсілдері мен үлгілеріне қатысты айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдар көңілге қонымды және дәлелді. Алғашқы газет-журналдардың термин жасаудағы рөлі де жан-жақты зерттелген.

Зерттеушінің «термин жасау ісінде аударма мәселесінің ролі айрықша» деген пікірімен санаспасақ болмайды. Өйткені, аударма арқылы қазақ терминологиялық лексикасының байығандығы дәлелді болып отыр. Қазақ терминдерінің дені орыс тіліндегі терминдер моделін (үлгісін) ескере отырып жасалғандығын ғалым өз зерттеулерінде атап өтеді. Десе де, «термин жасаудың, қабылданған терминдерді қолдануысқа ендірудің таразыға салынар, талқыға түсер жайлары әлі де көп» екендігін зерттеуші дұрыс бағдарлап отыр. Бұл мәселені түйткілді тұстары әлі де зерттеу мен сараптауды қажет етіп отырғаны сөзсіз. Термин жасағанның жөні осы екен деп, бүгінде мән-мағынасы қазақы түсініктен жат терминдерді тілге енгізу де жоқ емес. Ғалымның мына бір сын пікірі орынды: «Кез келген маман терминшіл, сөзжасам әуресіне түсіп жатады. Оның тарихы, тәртібі, жүйесі, теориясымен шаруасы жоқ» [1,456]. Термин жасау ісі жауапты да маңызды болып табылады, өйткені терминдер арқылы сол тілдің ғылыми әлеуеті, сөздік қоры, терминжасам қабілеті бағаланатынын үнемі ескерген дұрыс болар деп ойлаймыз. Терминжасам ісінде оның өз мәдениеті болатындығын академик Ө.Айтбаевтың ғылыми еңбектерінен оқып-білудің маңызы зор.

Академик Ө.Айтбаевтың қазақ тіл білімінің лексикология, диалектология, ономастика, тіл мәдениеті, мемлекеттік тіл, әдеби тіл, стилистикаға қатысты айтқан ғылыми ой-тұжырымдары да жеткілікті. Бұл салалар бойынша ғалым 500-ден аса зерттеу еңбек жазып, өзінің ғылыми ой-тұжырымдарын ұсынған, жас зерттеушілерге ой саларлық бағыт-бағдарлар берген.

Белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбаевтың қа-

зақ тіл біліміне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ғалымның ғылыми еңбектерін зерделеп, айтқан ой-тұжырымдарын сараптай келе, ғылым жолындағы ізденістерінің, айтар ойының жалғаса беретініне сенімдіміз және ғылым жолындағы, адами қасиетіндегі адалдығын үлгі тұтамыз. Қаншама биікке көтерілсе де, халқынан аласарып төмен тұратын, оның құрметіне бөленген ғалым ағамызға шәкірттерінің атынан ұзақ ғұмыр тілейміз.

### *Әдебиет*

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

*Ашинова К.А.*  
*КазУМОиМЯ им. Абылай хана,*  
*к.ф.н., доцент*  
*Жампеис С.Е.*  
*к.ф.н.*

### **Политика трёхязычного образования в Казахстане**

**Аңдатпа.**Мақала Қазақстандағы көкейтесті мәселелердің бірі болып табылатын үштілділік мәселесіне арналған. Үштілді меңгеру сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Көптілділік, белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік.

**Тірек сөздер:** Көптілді білім беру, тіл саясаты, мәдениетаралық қарым-қатынас, инновациялық технологиялар, жаһандану.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается многоязычие в Казахстане, образование в Республике Казахстан активно занимается поиском эффективных систем работы по многоязычной программе.

**Ключевые слова:** многоязычное образование, языковая политика, межкультурная коммуникация, инновационная технология, глобализация.

**Abstractt:** his article discusses multilingualism in Kazakhstan. Globalization affects the demand for successful implementation of multilingual education. It is necessary to broaden horizons of learning languages. Literacy in national and international languages often opens doors to the world and facilitates mutual intelligibility between the local context and the world politically and culturally.

**Keywords:** multilingual education, language policy, intercultural communication, innovative technology, globalization.

В Казахстане проводится уникальная политика трёхязычия, направленная на освоение сразу трёх языков: казахского, русского и английского. Актуальность многоязычия стала очевидной в Казахстане. Требование многоязычной политики понятна с точки зрения расширения политических, экономических, научных и культурных связей Казахстана с различными странами мира.

Президент Казахстана Назарбаев Н.А. поставил важнейшую задачу при подготовке конкурентоспособных специалистов, которые имеют многоязычные образования, и подчеркнул, что триединая языковая политика является одним из 30 приоритетных направлений развития кластеров в Казахстане [1]. В соответствии с осуществлением научно-культурного проекта «Триединство языков» в Казахстане большое внимание уде-



ляется на подготовке специалистов в области двуязычного и многоязычного образования. Знание многоязычного образования как ценность определяет актуальность исследовательского проекта, направленного на подготовку многоязычных специалистов.

Назарбаев Н.А. также поставил задачу в области преподавания и обучения многоязычного образования, и считает, что необходимо расширить горизонты изучения английского языка. Он отметил, что школы в Казахстане активно реализуют многоязычнокоммуникацию. «Первое - на основе передового международного опыта внедрить современные методы обучения в дошкольных воспитательных учреждениях, они должны быть инновационными, с образованием технологии и креативности. Второе - детально разработать системное предложение на предмет охвата дошкольным образованием детей. Третье - на уровне дошкольного образования обеспечить повсеместное внедрение трёхязычия. Так мы можем построить логическую систему овладения языками. Азы будут изучать на уровне детского сада, в школе базовый уровень, в университете или в колледже - профессиональный язык по специальностям».[2]

Жители Казахстана должны уметь говорить на национальном казахском языке, русском языке как язык межнационального общения и на английском языке, как язык успешной интеграции в мировую экономику. Для казахского народа, которые возвращаются на родину из других стран благодаря по программе репатриации созданной правительством, многоязычное образование становится одной из актуальных проблем.

В советские времена, казахский народ чуть не потерял свой родной язык из-за неправильной идеологии. Русский язык практически вытеснил родной язык нации и искусственно остановил естественный процесс развития языкового сознания. Из-за финансовых трудностей в нашей стране за годы независимости, в переходный период правительство Казахстана не смог выделить достаточное количество денег и усилий для того, чтобы сбалансировать предыдущие потери.

В процессе глобализации все страны становятся взаимозависимыми; здесь мы не можем развиваться без двуязычного, многоязычного и поликультурного образования. В связи с этим, становится все более очевидным, что интересы государства и его народа к поликультурного образования растут для того, чтобы идти с процессом глобализации по одному пути, мы стараемся усваивать новый образ жизни и учимся уважать и ценить культуру и целостности любого общества. Мы вместе со всем миром переживаем процесс глобализации. Хорошие и плохие эффекты, как обычно, идут рука об руку.

Триединство языков в Казахстане является одним из главных приоритетов государственной политики. Образовательная политика в области преподавания гуманитарных наук основывается на признании важности языков и создания необходимых условий для развития многоязычия, целиком и полностью на многоязычного образования, на территории Казахстана. [3]

Как триединство языков влияет на мышления? Какой механизм функционирования имеет многоязычия на каждом этапе его формирования? Какой возраст считается наиболее продуктивное время для изучения языка? В каком возрасте более целесообразным начать изучение иностранных языков? Можно ли изучать несколько языков параллельно с раннего возраста? Какие методы обучения считаются продуктивными в процессе изучения языков? Есть еще много вопросов в системе образования Казахстана, которые должны быть изучены. Массовое многоязычие, одна из политики нашего правительства, может быть существенным признаком языковой ситуации.

Язык выполняет различные социальные функции. Социальный аспект связан с социальными функциями, в многонациональной стране, как Казахстан, этот аспект во многом определяет языковую политику. Функционирование языка непредсказуема. Язык очень изменчив, он меняется постоянно во все времена. Многоязычие является логически социальным явлением.

Многоязычие помогает нам быть более мобильными и терпимым в любой среде. Двужызычие и многоязычие способствуют развитию навыков сообразительности, логики и анализа. Многоязычие рассматривается как использование нескольких языков; кроме того, каждый язык имеет определенную социальную функцию. На самом деле, язык общения в семье, с друзьями, соседями, коллегами не должны быть одинаковыми. Знание нескольких языков имеет определенные умственные преимущества для мозга и повышает его работу, с одной стороны, формирует классическое понимание культуры, обычаев и их историю как воспитания, с другой стороны, формирует личность, способности к мышлению.

Эксперты изучили различные аспекты двуязычия, такие как методы отображения языка в мозг, умение писать на одном языке и говорить на другом языке и т.п. Целью такого образования является формирование многоязычного человека, который способен реализовать свои коммуникативные потребности свободно. Это является основным стимулом для изучения языка. Многоязычие охватывает лингвистические, психологические, социологические и педагогические аспекты. Двуязычное и многоязычное образование на различных уровнях широко используется.

Педагогический аспект включает разработку методов преподавания языка в качестве средства обучения и предмету, учебный план, стандартные программы и мотивации. Качество любого образования зависит от научных исследований, без научной основы трёхязычное образование не имеет никакого эффекта.

Поликультурное образование в Казахстане не достигла желаемого эффекта пока. В этом заключается проблема преподавания и обучения. Ученые в Казахстане делают упор на создание многоязычных словарей и учебников, чем на научно-исследовательской деятельности. Поликультурное образование является важным средством всестороннего развития и самовыражения в поликультурном обществе. В этой области на международном уровне нам нужно создать высокие стандарты и повышать академическую свободу.

### *Литература*

1. Послание Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана. [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: [akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president](http://akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president) - (дата обращения: 17.01.2014).

2. Надо расширять горизонты, изучая английский язык. [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-poruchil-pravitelstvu-vnedryat-triyazyichie-219843/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-poruchil-pravitelstvu-vnedryat-triyazyichie-219843/)-(дата обращения: 27.05.15).

3. Кулмагамбетова С.С. Развитие полиязычия – путь к процветанию. [Электронный ресурс]. –Режим доступа URL: [library.wksu.kz/dmdocuments/Кулмагамбетова\\_с.развитие](http://library.wksu.kz/dmdocuments/Кулмагамбетова_с.развитие).

***Егеубаева К.У.***

*Жамбыл облысы Қордай ауданы*

*№42 Е.Қашаганов атындағы орта*

*мектебі директорының оқу-әдістемелік*

*ісі жөніндегі орынбасары, филология магистрі*

### **Тіл білімінің абызы – Өмірзақ Айтбайұлы**

Тіл білімі – күрделі саланың бірі. Бұл – анығын аңдып, айтқанын абайлап басатын қасиетті де киелі ғылым саласының бірі. Осы тіл білімі саласында талай-талай азаматтар еңбек етіп, бүкіл өмірін сарып қылған. Тілдің қағидалары мен заңдылықта-

рын сөз етіп, оның айтылуы мен жазылуына орай ережелерді ұсынған тіл мамандары бүгінде де баршылық. Десе де, күні бүгінге дейін толассыз еңбек жазып, зерттеу жұмыстарын тоқтатпай келетін тілші ғалымдарымыз әлі де болса жетерлік. Солардың бірі емес-ау бірігейі де – академик Өмірзақ Айтбайұлы.

Ол–қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тіл-әдебиет факультетінің түлегі, ондағы ұлы ұстаздардан дәріс алған тіл маманы. 1962 жылдың наурыз айынан бастап Академияның Тіл білімі институтына келіп, кіші ғылыми қызметкерліктен бастаған азамат бүгінде сол қара шаңырақтың белді мүшесі, танымал ғалымы, академик, ақсақалы.

1971 жылы «М.Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ғылымға түбегейлі бет бұрған жас маман бұл саланың нақты мәселелерін өзінен негізгі бағыт етіп ұстанған ғылыми зерттеу нысаны болды. Өйткені оған дейін лингвистикалық талдама арнайы сөз болмаған еді. Бұл ретте ғылыми жұмыс өзінің осы бағыттағы ғылыми тұжырымдарымен кеңірек таныла білді. Ал 1975 жылы Өмірзақ Айтбайұлының «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деп аталатын монографиялық еңбегі аударма саласындағы күрделі мәселелерді, оның ішінде тұрақты сөз тіркестері мен бейнелі сөз орамдарының, мақал-мәтелдердің бір тілден екінші бір тілге аударғандағы мағыналық, стильдік ерекшеліктері мен ұлттық сипатын қарастыратын еңбектердің бірі ретінде бағаланды. Еңбек қазақ аударма ғылымының қалыптасуына елеулі үлес қосқан жұмыс болып жоғары бағаланды.

Өмірзақ Айтбайұлының ғылыми ой-тұжырымдары аталған саламен ғана шектелген жоқ. Ол тіл мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, т.б. қазақ терминологиясы мен аударма мәселелері туралы ізденістерімен таныла бастады. Өзінің ізденімпаздығы мен бірнеше жылғы зерттеу жұмыстарының нәтижесі 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғауға жетеледі. Ал бұл ғылыми жұмыс Өмірзақ Айтбайұлын бұған дейін ғылым нысаны ретінде танылмаған әрі ғылыми айналымда жұмбақ болып келген қазақ терминологиясын жасауға жол ашты. Нәтижесінде, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мұралары мен еңбектері тұңғыш рет тілдік тұрғыдан талданып, өзіне лайықты бағасын алуға мүмкіндік жасалды.

Міне осындай бастамалар оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті (бұрынғы Министрлер Советі) жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, ғалым хатшысы ретінде де қазақ терминологиясының практикалық мәселелерін реттеуде көп жұмыс атқаруды міндеттеді. Ол жүйелі атқарылып, ғылымның түрлі саласында қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми ретке келтіруіне себепші болды. Айталық, физиология, химия, физика, математика, спорт, компьютер, т.б. салаларға қатысты терминдер мен сөздіктер Мемлекеттік терминком талқысынан өтіп, жұртшылыққа жол тартты.

Өмірзақ Айтбайұлы өз ізденістері мен зерттеу жұмыстарын тұжырымдап, қазақ тіл білімі тарихында тұңғыш рет қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы жайына елеулі үлес қосқан ғалым. Оның терминологиядағы іргелі еңбектері: «Қазақ терминологиясының мәселелері», А., 1986; «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы», А., 1988; «Терминдер және олардың аудармалары», А., 1990. т.б.

Ал 1990-шы жылдары Өмірзақ Айтбайұлының басшылығымен және тікелей қатысуымен «Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері», «Сөз өнері», «Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері», «Термин және олардың аудармалары» атты ұжымдық кітаптар жарық көрді. Сондай-ақ ол «Қазақ терминологиясының жасалу көздері», «Қазақ әдеби терминологиялық лексикасының дамуы», «Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері» деп аталатын аса күрделі ғылыми зерттеулерге жетекшілік жасады.

Тілдік терминдердің зерттелуі ол мезгілде аса қиындық туғызғанымен күнделікті өмірдік қолданыстағы жайттарды негізге алып, ғалым-академик мынаны келтіреді: «Терминнің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқатағын бір белгі. Керек десеңіз сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл ең алдымен осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді» [1,4].

Әрине, термин жайлы түрлі пікірлер айтылып жүрген сол бір кезеңде (орыс тіліндегі Реформатский А.А., Суперанская А.В., Прохорова В.Н., т.б.) қазақ тіл білімінде терминологияны сөз ету де көп ерлікті әрі бірегей пікір қалыптастыруды талап етті. Бұл оңай шаруа болмағаны анық. Десе де, терминолог термин жайлы түсінік бере келе ол: «Термин болатын сөздің шегі, шеті, шекарасын анықтау керек дегенді меңзейді. Яғни оның өзге сөздерден айырмасы оның мағынасының шектелуі болатындығында дегенді білдіретін тәрізді» анықтамаларды ұсынды [1,10].

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі бұл жайлы былай дейді: «Өмірзақ Айтбайұлы 1973 жылдан бері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті (бұрынғы Министрлер Советі) жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, ғалым хатшысы ретінде де (1981-1991 ж.ж.) қазақ терминологиясының практикалық мәселелерін реттеуде көп жұмыс атқарды. Ғылымның түрлі саласында пайда болып, ала-құла қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми тұрғыдан реттелуіне атсалысты. Биология, физиология, химия, физика, математика, теміржол, музыка, спорт, компьютер саласына қатысты терминдер мен сөздіктерді рет-ретімен Мемтерминком талқысына салып, жұртшылыққа ұсынуда оның үлесі мол. Әсіресе, Мемтерминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуі де Ө.Айтбайұлының атымен тікелей байланысты» деп жазады академик жайлы жазған мақаласында [2].

Жалпы, Өмірзақ Айтбайұлының ғылымда іргелі жетістіктерге жету өзінің өскен ортасы мен ғылымға жетелеген ұстаздары болғанын атау керек. Ол тіл білімі саласында танымал тұлғалар Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев, Т.Сауранбаев, Р.Сыздықова, Ә.Қайдаров, Ш.Сарыбаев сияқты ірі ғалымдармен бірге жемісті еңбек етті. Нәтижесінде, жас ғалымның ізденуі мен зерттеуі шыңдалып, біліміне білім қосылып, ілгері жетеледі. Осындай ортаға сіңісе келе ізденістерін арттырды, қызмет бабында да ілгерілей бастады. Алғаш кіші кейіннен институттың аға ғылыми қызметкері, жетекші ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі болып қызметтер атқарды. Бүгінде мұндай қызметтің бірі халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті.

Бұл қызметте жүріп те ол оң нәтижелерге жетті. Алғаш бастамашылары Ә.Қайдаров пен Ө.Айтбайұлы болған бұл қоғамның жұмысы соңғы жылдары шетелдерде тұратын қандастарымызға қол жетімді болды. Онда ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтау негізгі мақсат болды. Міне осы мәселелерге орай Ө.Айтбайұлы академик Ә.Қайдармен бірге Қоғам бөлімшелерін республикадан тыс жерлерде де ашуды ойластырды. Бұған негізгі себеп болған сыртта жүрген отандастар тағдыры еді. Осы мақсатпен ол Мәскеу, Астрахан қалаларында болып, ондағы қалалық ұйымдар конференцияларына қатысты. Ол 1989 жылдың желтоқсан айында Киев, Вильнюс, Рига, Таллин қалаларында болып, сол қалалардағы тіл қауымдастықтарының жұмысымен танысады, тәжірибе жинақтайды. Омбы, Қорған, Орынбор, Сарытау, Санкт-Петербург, т.б. қалаларындағы бөлімшелерге нақты әдістемелік кеңес береді. Сондай-ақ АҚШ, Англия, Сауд Арабиясы, Қытай, Түркия елдерінде болып, онда да ұйым құру жөнінде нақты сөз қозғады. Соның нәтижесінде, аталған қалалардың көбінде қазір Қоғам бөлімшелері жұмыс істеуде дейді әріптестері Ә.Қайдар мен Ғ.Әнес[3,11].

Адамзат өзінің ғұмырында бір ғана саламен шектеліп қалмасы анық. Саналы ғұмырында Өмірзақ Айтбайұлы да басқа дүниелермен айналысып, шын ықыласмен ден қойған журналистика саласы. Бұл ретте оның баспасөз бетінде жарияланған отты, уытты мақалаларының біршамасын айтып өтсек те жеткілікті болса керекті. Олар: «Ана тіліне адал болайық, ағайын!», «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді», «Санаға салмақ салар сәтің, қазақ», «Тіл тағдыры толғантсын бар қазақты», т.б. Алғашында оның жазғандары тіл мәселелерін парасаттылықпен шешуге шақыру, оның қыр-сырын байыппен түсіндіру, насихаттау түрінде болса («Неден бастау керек», «Қазақ тілі қоғамы туралы», «Халықтың қолдауы қажет», «Береке, бірлік – тілде», «Тіл мерейін көтеру ұлы мақсат»), кейінгілері тіл жолындағы күресті еш тоқтатпай әрі қарай жүргізе беру қажеттігіне арналған («Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»), «Отан мен ана тілі – егіз ұғым», «Тіл үшін күрес-күрестердің игісі», «Ұлттық сана және тіл», «Күрес тоқтамайды»). Бұл ғалым-академиктің осы саладағы жемісті еңбектерінің көрсеткіші.

Өмірзақ Айтбайұлы өзінің 45 жылдық ғылым жолында 450-ден астам ғылыми еңбектер жазған. Басым көпшілігі тіл білімінің басты-басты саналатын түрлі салаларына бағытталған.

Өмірзақ Айтбайұлы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Тіл білімі институтының Терминологиялық орталығының директоры, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті қызметтерін атқарған. Сан салалы қоғамның белді қайраткері ретінде атқарған қызметі ескеріліп және Ғылым беру саласындағы ерекше еңбегі үшін ғалым, академик «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Түркістан қаласының, Арыс және Отырар аудандарының Құрметті азаматы.

### *Әдебиет*

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: «Ғылым», 1988. – 208 бет. 10-бет.
2. Дербісәлі Ө. Тіл күрескер. «Түркістан» газеті.
3. Айтбаев. Ө Қазақ тіл білімінің мәселелері. Тілғұмыр. – Алматы: «Арыс», 2007. – 100 бет. 11-бет.

*Елшібай Ү.Ж.*

*Қ.А.Яссауи ат.№123 мектеп-гимназиясы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

### **Көптілділік – бәсекеге қабілеттілік**

**Аннотация.** В статье рассматривается концепция по обеспечению реализации национальной программы «Триединство языков», конкурентоспособность языкового образования в условиях уровневого овладения языка митриединства, теория и практика.

**Ключевые слова:** концепция, национальная программа, триединство языков, конкурентоспособность, языковое образование, уровневое овладение, языковая политика, профессиональный уровень, квалификация.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Үштұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Мысалға, ежелгі дүниедегі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған. Сондай-ақ, бүгінгі Еуропада да көп тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Яғни, бүгінгі таңда Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

«Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарды күшейту керек.

«Үш тұғырлы тілдің», шын мәнінде, мемлекеттік тілге мүлде зияны жоқ. Бұл жерде мәселе сол стратегияны, сол саясатты дұрыс жүргізуде, жарқын болашақта нәтижесінің оң болуын қамтамасыз етуде болып отыр. Мәселен, Орыс тілі мен ағылшын тілін оқытатын мұғалімдер міндетті түрде қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді өте жақсы білуі тиіс. Жоғары оқу орнында да ағылшын мен орыс тілін қазақ тілімен біріктіріліп ғана оқытылуы керек. «Үш тұғырлы тілді» тек мәдениетаралық қатынас негізінде қарап, ақпарат алмасу, білім үйрену, тәжірибе жинау үшін үйретіледі. «Үш тұғырлы тіл» саясатын дамыту үшін қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді мемлекет тарапынан ең бірінші орынға қойылып жатқаны да көзі ашық адамдарға шындық. Соңғы санақ бойынша, Қазақстан халқының 93,5 пайызы өз ұлтының тілін - ана тілі деп санайды. Ал, 74 пайызы қазақ тілінде ауызша сөйлей алады, түсінеді. Сонымен қатар 94,5 пайызы орыс тілді болса, 15,4 пайызы ағылшын тілін толық меңгергендер. Демек, 130-дан астам ұлт пен ұлысқа қызмет етіп отырған еліміздегі орыс тілінің қазығы әлі де мықты. Саны бойынша 3/2 құрайды, бұл бізді бір жағынан үлес салмағы жағынан құтқарып та отыр. Бұл статистикаға қарап, «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің нақты уақыты екенін, яғни темірді қызған кезінде басатын кез екенін атап өту керек. Егер, «Үш тұғырлы тіл» саясатын кейінге қалдырсақ, онда дамудан тоқтап қаламыз.

Біздің елімізде «Үш тұғырлы тіл» саясатынан бөлек, еліміздегі әрбір ұлыс өз тілдерін еркін меңгеріп, өз тілдерінде сөйлей алады. Бірақ, Үш тұғырдың қатарына төртінші, я болмаса бесінші болып орналаса алмайды. Әрбір ұлттың өзінің ана тілдерінде еркін сөйлеуі Қазақстандық демократияның айқын көрінісі. Біз осындай демократияның арқасында ғана әлемге танылып, жер жүзінде бейбітшілік үстемдігін жасай аламыз. Билік үш тілді үйрену, қолдану аясын бір сызықтың бойына емес, үш сызыққа, әрқайсысының өз орнын көрсететін саясат жүргізіп, мемлекеттік тілдің бірінші болып дамуын қадағалайды. Бұған ешқандай күмән болмауы керек. Үш тұғырлы тіл арқылы ғана Қазақстан тілдік саясаттың оң нәтижесі көре алады. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте жұмыс бабында қолданылатын тілге, басшының сөй-

леу тіліне айналуы үшін билік аянбай еңбек етіп келеді. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңыздымынадай салаларында жүзеге аса береді: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбиеісі, ғылым мен техника; қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, ісжүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени-мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиеісі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б. Сонымен, қазақтылі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпыхалықтық тілден ұлттық деңгейге көтеріліп, мәңгілік тілге айналады. Тағы қайталап айту керек, «Үштұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақтылі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көпжұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кезкелген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Біз қазақтылін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұн ыреттегені жөн» - мемлекетіміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді ең бірінші орынға қойып дамыта беретінін, оның болашағы үшін алаңдамау керек екенін баса айтады. Президентіміздің бұл айтқандарына назар салатын болсақ, расында, мемлекеттік тіл – қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды, ағылшын мен орыс тілін өзінің көлеңкесінде ұстап, ығына ығыстырып, үш тұғырдың ең үстінде тұрады. Демек, қазақ тілінің болашағына қауіптенетіндер алаңдамаса да болады. Себебі, мемлекеттік тіліміздің ары қарай дамуына президентіміздің елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі кепілдік беріп отыр. [1]

Тіл туралы белгілі саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері де әркезде әр жерден әрқилы пікірлер айтып қалып жүреді. Мысалы, қоғамқайраткері А.Тойғанбаевта қазақ тілінің қоғамдағы орны туралы былай дейді: «Қазақтарға ХХІ ғасырдағы қазақ мәдениеті өте қажет. Ал ол тек қазақ тілінде ғана креативті». Бұл – уақыт талап етіп отырған шындық. Өз кезегімізде бізде қазақ тілін мемлекеттің рухани жаңаруында басымдылыққа ие тіл болуы тиіс деп санаймыз. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесі де қазіргі көптілділік жағдайында әртүрлі соны оқыту технологияларымен, инновациялық әдіс-тәсілдермен толығыуы тиіс. Сонымен қатар Қазақстанда қазақ тілі мен қатар орыс тілі де сақталып келеді. Орыс тілін сақтаудың қажеттігі Қазақстан халқының басым бөлігінің әліде орыс тілін қатынас құралы ретінде пайдаланатындығында екені де белгілі жай. Осыған орай орыс тілін оқыту ісінде жаңарған оқу-әдістемелік құралдар, орыс тілінің пән ретінде интеллектуалдық тұрғыдан қамтама-

сыз етілуі мен орыс тілін оқытатын оқытушы мамандар біліктілігі мен олардың кәсіби деңгейінің үнемі дамып, жетіліп отыруы қажеттігі де қоғам тарапынан ескерусіз қалған емес.

Бұл күндері елімізде үш тұғырлы тіл саясаты жөнінде жиі айтылып, көптеген ғалымдар үш тілді қатар меңгерту мәселесін ой елегінен өткізіп, арнайы талдаулар жасап жатқаны мен, осы мәселеге қатысты тиянақты пікір мен оны жүзеге асыру жолдары белгісіздеу болып келіп еді. Міне, осы мәселе – үштілді қатар оқытып, меңгертуге қатысты тың идеялармен әдістемелік соны көзқарас әдіскер-ғалым, профессор С.С.Құнанбаеваның еңбектерінде жүйелі көрсетілген. Ғалымның «Концепции по обеспечению реализации национальной программы «Триединство языков» в РК» атты мақаласында үштілді қатар меңгертудің, өзге тілде тілдік білім берудің ғылыми негіздемесі жасалған. Осы еңбегінде автор бәсекеге қабілетті маман дайындап қалыптастыруда тілдік білім беруді әмбебаптандырудың әдістемелік ұстанымдарын көрсетеді. Сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің көптілділік саясатына сәйкес Қазақстанда қазақтілінің мемлекеттік тіл ретінде басымдыққа ие болу рөлімен қазақ тіліне айрықша ықылас аудару мәселесін қамтамасыз етуде Мемлекеттік білім бер устандарттарында қамтылуы тиіс бірнеше мәселелерді бөліп көрсетеді. Мысалы, қазақ тілін оқыту технологиясымен әдістемесін интерактивтік қатысымдық жолға қою қажеттігін; қоғамдық-функционалдык, кәсіби-салалық тармақтардың бәрінде қазақтілі регистрін барынша мол қамту қажеттігін; үш тілдің функционалды арақатынасының қазіргі қоғам талап етіп отырған қажеттілікке сай болуын айтады. Сонымен бірге автор үш тілді қатар оқытып меңгерту ісін жүргізуге байланысты аталған тілдердің үшеуін де дамытуға арналған жоспар жасап ұсынады.

Әдіскер-ғалым С.С.Құнанбаеваның үш тілді қатар меңгеріп, игеру бағытына арнаған еңбектері тілді оқып-үйренуге әр қырынан келеді. Мысалы, ғалымның басшылығымен шыққан «Языковое образование в условиях уровневого овладения языками триединства: теория и практика» атты монографияда үш тілді деңгейлеп меңгерудің ғылыми-әдістемелік жолдары мен көптілді және көпмәдениетті тілдік тұлғаны қалыптастырудың амал-тәсілдері сөз болады. Еңбекте тілдік білім беру үрдісінің үлгісін танымдық-лингвомәдениеттанулық әдістеме тұжырымдамасының негізінде көрсетеді.

Елімізді еуштұғырлы тіл саясатының жүргізілуіне байланысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгертуге тырысу аталған тілдер арасында тілдер тоғысының жүруіне ықпал ететіні даусыз. Бұл, әсіресе, білім беру саласында жиі байқалады. Ол әрбір тіл иесінің өзіндік тілдік біліміне, тілді қолдану ерекшелігіне, үйреніпжатқан тілдің стилистикалық табиғатына байланысты түрліше көрінеді. Әрине, мұндай тілдер тоғысуынан туындаған мәселелер зерттей түсуді қажет етеді. Сондықтан қазіргі тілді оқыту технологиясы мен теориясында зерттеу әдістемесін іріктеу басты мәселе болып саналады.

Тіл - халықтың байлығы, қазынасы. Тілді таза ұстап, қастерлеп, құрметтеуіміз керек. Мемлекеттік тілді жоғары дәрежеде меңгерейік. Ана тілін қадірлей отырып, өзге тілді білуге ұмытылу - уақыт талабы.

### *Әдебиет*

1. Аязбеков Д. Е1.kz.23.09.2013.
2. Әлметова Ә. Үштұғырлы тіл саясаты. Айқын-ақпарат. 04.12.2015



## II СЕКЦИЯ. «ТЕРМИТАНЫМ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

*Абенова Г.Ш.*

*Абылай хан атындағы*

*Қазақ ХҚ және ӘТУ 2-курс магистранты*

### **Испандық саяси дискурстың жалпы сипаты және аударылу ерекшеліктері**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада саяси дискурс оның ішінде испандық саяси дискурс жалпы сипатталып тілдік ерекшеліктері мысалдармен берілді. Испандық парламенттің ішкі заңдары мен саясаткерлердің сөз сөйлеу ережелері қарастырылды. Парламенттік тіл мен адресат мәселелері де назарға алынды.

**Тірек сөздер:** саяси дискурс, парламенттік тіл, Испандық саяси дискурс, Испандық конгресс.

**Abstract.** This article investigates a general description of Spanish political discourse and its linguistic features. Also was considered domestic laws of Spanish Parliament and rules of the speeches of politicians. Parliamentary language and target issues are also taken into consideration.

**Keywords:** political discourse, the language of the parliament, Spanish political discourse, Spanish congress.

Тіл мен саясат арасындағы терең байланыс ғалымдар арасында талай рет айтылған. Аристотельдің өзі тілді адамдарды басқа жан иелерінен бөлетін қасиет деп есептеген. Ал саяси-социалды өлшемді тілдегі маңызды тірек деп есептеген: «Барлық жанды нәрселердің ішінде адам ғана тілмен ерекшеленген. Тіл, пайдалы, зиянды, әділетті, әділетсіз болған нәрселерді білдіре алады. Бұл да адамның басқа жанды нәрселерге қарағанда жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік сияқты ұғымдарды түсіне алуының себебінен. Ал бұл нәрселердің жиынтығы отбасы мен мемлекеттің негізін құрайды» [1,33б.].

Саяси дискурс өз алдына вербалды коммуникация болып табылады. Бұл жерде ақпарат жөнелтуші мен қабылдаушы саяси өмірге қатысуларына байланысты социалды рөлдермен анықталады, ал коммуникация пәні болып халықтың саяси өмірі болып келеді. Е.И. Шейгал саяси дискурс саласына «саясат саласына қатысты болып келетін әртүрлі тілдік құрылымды, субъект, адресатты» жатқызады. [5,19б.]

Испандық депутаттар конгресіндегі саяси дискурстың ерекшеліктері тек қана тілдік сараптаумен шектелмейді, себебі саяси дискурсты анықтайтын белгілер экстралингвистикалық факторлармен байланысып қана қоймай, соның ішінде олардың социалды, саяси, мәдени интенцияларымен және де сөйлеудің кеңістік-уақытша шарттарын да қамтиды.

Испандық саяси дискурсты зерттеуші Сантьяго Гервостың айтуы бойынша лексикология құзыретіне тілдің сыртында болып келетін сөздіктегі тіл құрамының өзгеру себептерін оқып білу жатады.

Парламенттік тіл институционалды дискурсқа жатады- «белгілі бір қоғамның ережелеріне сәйкес бірін-бірі танымайтын адамдар арасында қарым-қатынастың мамандандырылған клишеленген түрі». Парламент биліктің өнегелі институты. Оның шекарасындағы қызмет: оның мүшелерінің кездесу жиілігі, мезгілділік, сапалық да сандық құрамы, сөз сөйлеудің негізгі құрылымы, олардың көлемі мен интенционалды бағытталуы, тақырыпты өңдеу деңгейі белгілі бір тәртіпке бағынады.

Испания депутаттар Конгресі бұл Испандық парламенттің төменгі палатасы. Оның құрылымы, қызметі, өкілеттілігі 1978 жылы қабылданған және де әлі күнге дейін қызмет ететін елдің Конституциясында түсіндірілген (ол заңдардың орындалуын төраға бақылайды). Конгресс әр ауданнан келген 300 ден 400 ге дейінгі депутаттардан төрт жылда бір рет сайланады. Өзінің саяси құқығын толық деңгейде пайдаланып жүрген испандықтар сайлауға түсіп дауыс бере алады. Депутаттар кезекті сессияларға жылына екі рет жиналады: қыркүйек желтоқсан айлары және ақпан маусым айлары аралығында; шамамен айтқанда бұл жылына 88 күн; заңмен белгіленген жағдайларда төтенше сессиялар ұйымдастырылады. [4,154б.]

Испандық Конгресстің өз қызметін орындауы соның ішінде заң шығару және үкіметті қадағалау қызметтерін тілсіз орындау мүмкін емес. Конгресс отырыстарында тек қана депутаттар емес сонымен қатар Испания Конституциясының 108 бабына сәйкес үкімет мүшелері палатада қойылған сұрақтарға жауап беруге міндетті. Парламентариилердің сұрақтарына күнделікті екі сағат бөлінеді. Конгрессте азаматтардан келген жеке түрдегі және ұжымдық сұраныстар талқыланады. Екі палата да, қажетінше бірлесе отырып жалпыхалықтық қызығушылық танытқан нәрселерді зерттеуге комиссия тағайындай алады.

Парламенттің ресми тілі ол испан тілі. Сөз сөйлеулер Конгресс бюросына алдын ала жазылып, күн тәртібіндегі тақырыптарға сәйкес орнынан немесе трибунаға шығып сөйленеді. Дайын мәтінді оқуға тиым салынады, деген мен кейбір депутаттардың келтіретін сандарының тура болуы үшін немесе кейбір құжаттардың күрделі есімдерін оңай айту мақсатында түртпелерді қолдануларына болады. Бұл шарттар сөйлеу стилінің өз ерекшеліктерін қалыптастырып, риторикалық қиындықтарын шеттетіп, ауызекі стильмен байытады. Сөз сөйлеу уақыты шектелген, орташа есеппен он минут.

Ал адресант мәселесіне тоқталсақ ол авторлық тілдің мәселесімен тығыз байланысты. Саясаткерлердің сөз сөйлеуі өздері арқылы немесе саяси тілдің мамандары арқылы жоспарланады. Алайда, А.П. Чудиновтың айтуы бойынша «сөз сөйлеудің авторы солай тылған сөздерге жауапкершілік танытатын сөйлеуші» болып табылады [6,256 б.].

Испандық Конгресстегі сөз сөйлеудің адресаты ол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Конгресстен ақпарат алатын әлеуметпен қатар шектелген және тұрақты аудитория мен қамтамасыз ететін құзыретті әріптес-саясаткерлер болып табылады. Тұрғындардың көп бөлігіне әсер ету парламентариилердің басты мақсаты болып табылады. А. А. Волков «Заманауи аудитория тыңдап және жазып отырған адамдармен шектелмегендіктен күрделі бірлікті тудырады, осылай, ресми түрде парламент палатасының төрағасына бағыттала келе испандық парламентарии іс жүзінде өз сөзін төрағаға емес немесе тіпті парламент құрамына емес халыққа жолдайды, себебі оның сөзсөйлеуі бірнеше мәрте түрлі ақпараттық телеканалдарда жүргізіледі» деп жазады [4, 38 б. ].

Э. А. Нуньес Кабесас пен С. Герреро Саласар «ішкі және сыртқы аудиторияға арналған шектелетін саяси сөз сөйлеулердегі парламенттік отырыстарды сыртқы аудиторияға есептелген тілдік өктемдік» деп жазады. Адресаттың көп болуы себебі нен депутаттар тілдік әсер ету құралдарын тандау мәселесінде қиыншылықтарға тап болып жатады. Анығында, көпшілік сөз сөйлеулер белгілі бір нақты аудиторияға арналмағандықтан, екіжаққа да әсер ету оңай іс болып саналмайды [8, 127 б.].

Мадридтік Комплутенсе университетінің саясат саласының маманы Х.Л. Паниагуа Сото, «Испандық демократия партия ішілік қатаң тәртіппен сипатталады» деп келтіреді. Оның ойынша Испандық парламент жеке депутаттардан емес, парламенттік топтардан тұрады. Парламенттік топтың спикерінің сөз сөйлеуін сол топтың басқа мүшелері толық дәрежеде ауыстыра алады. Дауыс беру палатадағы ортақ заңға сай жүзгізіледі [7, 265б.].

Бұны келесі мысалдарымызбен толықтыруға болады: белгілі бір парламенттік топтың өкілі «тілектестік ниетінде» басқа топтың ұсынысын қолдауға сөз беріп, біз мезгілде осы мәселеге қатысты өзінің дұрыс па, орындыма деген күмәнін көрсетеді.

Мысалдар:

1) *ibamos a apoyarles en lo que ustedes dijeran*, de forma que vamos a apoyar lo que usted propone, lo que usted modifica, lo que otros añaden; *todo lo vamos a apoyar*. Pero le digo de inmediato con la misma claridad que *no me espero nada, no espero nada* de esta proposición no de ley..

**Қазақша аудармасы:** сіздің ұсынысыңызды қолдаймыз және басқа саясаткерлердіңде қосқан ойларын қолдау біздің міндетіміз. Бірақта, бірден ашық айтатын болсам бұл бастама ештеңеде күттірмейтіндігі анық.

Кейде депутаттар әріптес бейнесінде тіпті басқа парламенттік топтың атынанда сөз сөйлей алады:

1) *Permítame que en el día de hoy hable en nombre de Chunta Aragonesista, cuyo portavoz no puede asistir por tener la baja médica.*

**Қазақша аудармасы:** Бүгінгі күні медициналық демалысқа байланысты жиынға қатыса алмай қалған Чунта Арагонесиста мырзаның атынан сөз сөйлеуге мүмкіндік берсеңіздер.

Осы шартпен біздің көзқарасымызша бірінші жақ жекеше түрдегі етістік үлгісі түсіндіріле алады. Ол парламенттік топтың атынан болып есептелетін, белгілі бір сұрақтың негізі болып табылады.

1) *...No dejaremos de controlar al Gobierno y de denunciar sus errores y sus abusos.*

**Қазақша аудармасы:** Үкіметті бақылауды және олардың қателіктерімен теріс бастамаларын бақылауды біз ешқашан тоқтатпақ емеспіз.

Сонымен қатар бұл адресант санатына испан халқымен Конгресстегі барлық депутаттарды қосу болып саналады:

1) El texto que hoy *sometemos* a su consideración ha sido elaborado íntegramente por una ponencia con diputados de todos los grupos parlamentarios.

**Қазақша аудармасы:** Сіздің қарауыңыздағы мәтін толығымен парламенттік топтардың барлық өкілдерімен әзірленді.

Бірінші жақтың жекеше түріндегі етістік формасы оратордың жеке түрдегі өз ойлары болып саналады :

1) Antes de *referirme* a los resultados concretos de la reunión de Córdoba, del Foro trilateral, *permítame que vuelva* a reafirmar lo que S.S. ha manifestado al inicio de su pregunta.

**Қазақша аудармасы:** Кордобада өткен Үшжақты Форумның нақты шешімдеріне оралмастан бұрын, маған С.С. мырза өзінің сұрағының басында айтып кеткен мәселені тағыда қуаттауыма рұхсат беріңіздер.

Ал сілтеуші есімдік *ese*, сөйлеушіге жағымсыз болған нәрсе туралы айтылып жатқанын сонымен қатар, ол айтылып жатқан нәрсеге үзілді-кесілді қарсы екенінің дәлелі.

1) *...Como dice ese alcalde suyo recordando palabras del ex presidente del Gobierno Felipe González...*

**Қазақша аудармасы:** ... бұл мэр үкіметтің экс-президенті Фелип Гонзалестің айтқан сөздерін бұл жытпай айтып тұрғандай ...

Адресант пен адресат саласын айқындайтын реңкті есімдіктердің қолданылу мысалдары:

1) *yo sé que esa palabra a usted no le viene bien..*

**Қазақша аудармасы:** бұл сөз сізге жарамайтынын мен білем..

Осылай есімдіктердің өзі ғана адресант пен адресат арасындағы қатынастарды білдіріп қана қоймай, Испандық Конгресстің құрылымын аңғаруға да мүмкіндік береді.

## Әдебиет

1. Аристотель. Политика. // Аристотель, Политика. Афинская полития. М., 1997.
2. Арутюнова Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. / Гл. ред. В. Н. Ярцева. М., 1990.

3. Виноградов В. С. Заметки о языке испанских политиков // Иберо- романистика в современном мире: научная парадигма и актуальные задачи. М., 2003.
4. Волкова Г. И., Дементьев, А. В. Политическая история Испании. М., 2005.
5. Шейгал Е. И. Семиотика политического дискурса. М., 2004. 326с.
6. Чудинов А. П. Политическая лингвистика. М., 2006. 256 с.
7. Alvar, Manuel. El lenguaje político. – Madrid: Fundacion Friedrich Ebert. (Instituto de Cooperación Iberoamericana).
8. Núñez Cabezas E. A.; Guerrero Salazar S. El lenguaje político español. Madrid, 2002.

*Алдаш А.  
ф.ғ.д., проф.*

### **Әскери іс саласы терминдері: әлеуметтік және лингвистикалық жай-күйі**

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ терминологиялық корпусының маңызды бөлігін қазақ тіліндегі әскери терминдермен аталымдар құрайды. Мақалада қазақыландырылған әскери терминдердің жай-күйі және оларды қолданысын арттырудың негізгі мүмкіндіктері туралы баяндалады.

**Тірек сөздер:** әскери іс, әскери термин, қазақыландыру, семантикалық мүмкіндіктер, қолданыс.

**Аннотация.** Одним из по объему и семантически потенциальных возможностей современного казахского терминокорпуса и казахской терминографии составляют термины и терминосочетания по военному делу. В статье излагаются состояние современных терминов военного дела и возможности расширения их функционирования.

**Ключевые слова:** военное дело, термин по военному делу, казахизация, семантические возможности, функционирование.

**Abstract.** One of the biggest terminologies according to its semantic potential in modern Kazakh terminography and Kazakh term system is terminology of military arts. The article describes the current state of the modern terms of military arts and the possibility of expanding their functioning.

**Keywords:** military arts, a term of military arts, kazakhization, semantic potential, functionality.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңде қалыптасып отырған әлеуметтік-мәдени жағдай және оған әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар қоғам мүшелері арасындағы тілдік үдерістерді объективті түрде ғылыми зерделеудің және тілдік орта қалыптастыру жөніндегі шаралар жүйесін одан әрі жетілдірудің өзектілігін танытып отыр.

Тілдерді функционалды дамытудың қолайлы модельдері жасалуда, тіл құрылысының міндеттері одан әрі нақтылана түсуде. Қазақ тілінің бірізділігі мен тиісті стандартқа келтірілуін қамтамасыз етуге бағытталған сан алуан іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Тіл саясатының іске асыру тетіктері мемлекеттік тілді дамытуға экономикалық қолдау жасау проблемалары сындарлы түрде қалыптасқан. Осындай маңызды іс-шаралардың негізінде ғылым мен техниканың көптеген салаларында қазақ тілінің функционалды қызметі айтарлықтай дәрежеде жетілдірілгені байқалады. Дегенмен тар аядағы бірқатар салаларда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі әлі де болса әлсіз. Осындай салалардың бірі – біздің еліміздегі Қарулы Күштер құралымдары және басқа да жалпыәскери құралымдар. Бұдан 15 жыл бұрын 2001 жылы

бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер жүйесінде мемлекеттік тілді енгізу процесі басталды. Қазіргі заманғы қазақ әскери терминологиясының қалыптасыу процесі жүріп жатыр. Алайда әскери құрамалардың күнделікті қызметтік міндеттерін орындау барысында мемлекеттік тілдің қолданылуы шектеулі күйде қалып отыр. Бұл жерде негізгі күш-жігерді арнаулы әскери лексиканы қалыптастыру мен мемлекеттік тілді оқытуға жұмсау қажет» [1] деп көрсетілген еді. Әрине, осы кезең ішінде әскери құралымдарға мемлекеттік тілді енгізу бойынша атқарылып келе жатқан іс-шаралардың бар екендігі және олардың тиімді болып отырғандығы даусыз. Дегенмен қоғамның осы маңызды саласында – әскери салада негізгі түсініктер мен ұғымдарды беретін әскери терминологияны қалыптастыру баяу жүзеге асырылуда. Бұның бірнеше себептері бар.

Тіл стратегиясына қатысты заңнамалық құжаттарда Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарының күнделікті қызметінде қолданылатын терминдік аталымдарды реттеудің өзектілігіне назар аударылуы тегіннен-тегін емес. Өткен ғасырдағы тарихи қалыптасқан жағдайларға – әскери салаға қатысты іс-шаралардың ортақ және үстем саясаттың ықпалында қарастырылуына байланысты қазақ тіліндегі әскери және заң терминдерінің негізгі бөлігінде өзге тілдерден енген атаулардың қамтылғаны мәлім. Қазіргі кезде қазақ терминжасамын қалыптастыруда төл тілдің мүмкіндіктерін сарқа пайдалану ұстанымы басшылыққа алынып отырғандықтан, әскери атауларды түзуде осы принципке мән берілуде. Дегенмен әскери іс бойынша жарық көрген, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиясы бекіткен әскери іс терминдерінің салыстырмалы-статистикалық мәліметтеріне көз салатын болсақ, негізінен сөзбе-сөз аударылған терминдік аталымдардың басым екендігін байқаймыз. Бұл – заңды да, өйткені бұрын өзге тілдегі баламасы қолданылып келген көптеген атаулардың (әсіресе тіркестердің) қазақша баламасын жасауда калька – сөзбе-сөз аударма жасау тиімділік танытады; оның тиімділігі – нақты бір заттың, құбылыстың ұғымдық сыйымдылығының екінші тілде (қазақ тілінде) дәлме-дәл жеткізілетін мүмкіндігінде; ал бұл атау арқылы берілетін түсінікті шапшаң қабылдауға ықпал етеді. Мәселен, *белгілерді бейнекүшейткіш* (видеоусилитель отметок), *белгіленген нүктемен сан* (число с фиксированной точкой); *өртегіш заттар* (зажигательные вещества), *аса маңызды ұшулар* (особо важные полеты) типтес қазақшаланған терминдік сөз орамдарының кейбірінің құрылымдық-формалды дәлме-дәлдігінің қазақ синтаксисінің табиғи заңдылықтарына қайшы келетіндігіне қарамастан (қараңыз: *белгіленген нүктемен сан* деген тіркес қазақ тілінің синтаксистік заңдылығына сәйкес келмейді, орыс тіліне тән құрылым формалды түрде сақталған) лексикалық мағыналық жағынан артықшылығы – басқа тілдегі лексема арқылы берілетін ұғымдық аппараты шапшаң түсінуді жеңілдетуінде. Қазақыландырылған термин түзудегі калька әдісінің рөлі және оның теориялық қисыны қазақ тілтанымның іргетасын қалаушы ғалым Қ.Жұбановтың еңбектерінен бастау алады[2] және терминге қатысты сөзбе-сөз әдістің мәселесі сөз болғанда, Қ. Жұбановтың көзқарастары әрдайым ғылыми және практикалық сүйеніш бола алады.

Сөз ретінде айта кетелік, «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Әскери іс» деп аталатын бекітілген терминдердің тізбесінен тұратын салмақты лексикографиялық еңбек жарық көрді, 12000-ға жуық термин енгізілген бұл еңбектің, айталық, тек «А» әрпі бойынша түзілген лұғат қатарының 70-80 пайызын сөзбе-сөз аударылған аталымдар құрайды.

Тарихи әскери атаулар және олардың сөзтөркіні, қолданылатын салалары туралы Орхон-Енисей жазбаларынан, Ш. Уәлихановтың, Е. Шипованың, Ә. Қайдардың, А. Аманжоловтың, Р. Сыздықтың еңбектерінен кездестіруге болады. Ғалымдар зерттеулерінде қазақтың ауыз әдебиеті мен батырлар жырларында ұшырасатын әскери терминдер талданады. Мәселен, академик Ә. Қайдар батырлар жырындағы әскери

лексиканы 5 топқа бөліп қарастырады: 1) личное боевое оружие воина-батыра; 2) вспомогательные предметы воинского снаряжения; 3) доспехи воина-батыра; 4) боевое знамя; 5) боевые ударные и духовые инструменты [3].

Академик Р. Сыздық зерттеулерінде *берен, көбе, сауыт, кіреуке, дулыға, жебе, аламан, айдауыл, қарауыл, жасақ, қосын, сарбаз, ұлан, шарболат, сақетер* (қылыш мағынасында) сияқты бірқатар әскери атауларға этимологиялық талдау жүргізілген [4].

Қазақ терминдерінің әлеуметтік және лингвистикалық ерекшеліктерін халық тарихына және тілдің табиғи заңдылықтарына байланыстыра зерделеп, қазіргі заманғы қазақ терминологиясы мен терминжасамының теориясы мен практикасын қалыптастыру мен орнықтырудың көш басында келе жатқан белгілі ғалым, академик Ө. Айтбайұлы қазақыландырылған терминдерді түзуде қазақ сөзінің семантикалық мүмкіндіктерін барынша нақтылап берген болатын[5].

Ғалымдардың көрсетуінше, қазақ жерінде кәсіби әскерилер сословиесі болған, қазақ тарихында батырлық дәстүрдің орны ерекше (эпостар мен жырлардың барлығының дерлік батырлықты баяндауға құрылғаны мәлім). «Ер қаруы – бес қару» дегеннің мәні тереңде. *Қылыш, семсер, наркескен, зұлтықар, алдаспан, айбалта, мылтық, садақ, қозыжауырын садақ, сауытбұзар садақ* типтес аталымдардың кейбірін әскери іске арналған терминологиялық сөздіктерден кездестіре алмайсыз. Қазіргі кезеңде орныққан «күзет» (оқсана) мағынасы үшін байырғы замандарда *қорғауыл, сырттауыл, сайдауыл* тәрізді атаулар болғаны туралы да деректер бар.

Тарихи әскери атаулардың бірқатары құзырлы орган (Мемлекеттік терминологиялық комиссия) тарапынан бекітіліп, арнаулы сөздікке енгізілген және олар бекітілгендіктен әскери іс салаларында қолданылуға мүмкіндіктері бар екендігіне назар аудартамыз. Әскери істе кеңінен қолданысқа түсуге жол ашатын басты факторлар: а) олардың семантикалық жағынан айқындығы; ә) қолданыс жиілігінің жоғары болуы. Бекітілген терминдер сөздігінің 11-інші томында *ұлан, сарбаз, жасақ, алғыншы, берен, айдауыл, жебе, оқсауыт, қарауыл, дулыға, жортуыл (жеке жортуыл), оқшантай, дұмтабан, қарсап, маңдайшеп, құндақ, сүмбі, төсей атыс* тәрізді тарихи мазмұнды әскери терминдер кездеседі[6,7]. Олардың бір тобының қазіргі әдеби нормаға айналуы, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарының күнделікті қызметінде, заңнамалық құжаттарда көрініс табуы, осы сала мамандарына түсінікті болуы олардың мағыналық дәлдігі мен қолданыс жиілігінің жоғарылауына тікелей байланысты.

Құзырлы орган бекітіп, сөздіктерге енгізілгенімен, мағынасын анықтау, талдау арқылы жалпы қолданыс – әдеби норма дәрежесіне жеткізуге болатын тарихи әскери атаулардың бірі – *берен* сөзі. Сөздікте *берен – бронежилет/пулезащитная куртка* мағынасында ұсынылған [3]. Этимологиялық түсініктемелер бойынша батырлар жыры мен халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бұл сөздің бірнеше мағынасы бар: 1) ең мықты болат, берік металл; 2) сол болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ; 3) сауыт, көбе; 4) батыр, күшті, мықты адам, асыл адам. Аталғандардың барлығын да дерлік берен сөзінің негізгі мағынасы деп тануға болады, сондықтан олардың ішіндегі 3-інші семантика бронезилет терминінің ұғымдық сыйымдылығына, осы заттың түпкі мағынасына үндесе алады. Дегенмен әскери іс бойынша оқулықтар мен оқу құралдарында дәл осы мағынада шеттілдік аталым жұмсалып келеді. Берен сөзінің әлі де болса бейтарап мағынадағы әскери термин ретінде орнығуын мойындатпай тұрған факторлардың бірі – осы сөздің экспрессиялық реңкінде, антропонимдік қызмет (Берен деген кісі есімі де ұшырасады) атқаруында. Бұл мысалды келтіріп, аз-кем талдау ұсынуымыздың бірнеше себебі бар: әдетте, қандайда бір сөз түсініксіз болса (ал орта жас мөлшеріндегі қазіргі қоғам мүшелері үшін тарихи, көнерген сөздердің бейтаныс болуы – заңды құбылыс), оны «орынсыз/қажетсіз/түсініксіз/дұрыс емес/ сәйкес емес/шеттілдік термин маған ыңғайлы және түсінікті» тәріздес бағалаулар басталады да, ақырында қазақтың төл

сөзі кейінгі қатарға ығыстырылады. Жалпы ғылыми-техникалық атауларды, оның ішінде әскери атауларды беруде қазақ тілі сөздік құрамының әлеуеті төмен деген көзқарас қалыптаса бастайды. Тарихи немесе көнерген сөздердің әдеби тілге қайта айналып келіп, термин ретіндегі семантикалық қабілетін қолдау, талдау, түсінуден гөрі калька тәсілімен жасалған аталымдарды қабылдау оңайырақ болып шығады. Демек, осындай субъективті және біржақты бағыттарға жауап беретін дәйекті дәлелдемелер болуы үшін ең бастысы семантикасы орнықты және анық қазақтың төл сөзінің ұғым, құбылыс атауын беруге толыққанды сәйкес келетіндігін түсіндіру, дәлелдеу жолдарына барынша көңіл бөлу қажет болады.

Қазақ халқының әскери-жауынгерлік табиғи атауларының бір тобы ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен қазақ зиялылары топтастырып жинақтап, сөздік ретінде ұсынған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» деп аталатын еңбекте көрініс тапқан [8]. Сөздіктегі *айдаушы (досылатель), аламан (партизан), дағыра (барабан), мүйет (багор), сүңгір (подводная лодка), шапқын (атака), ергенек (рама), далағай (плац), іркін (шлюз), оқиашар (пулемет), отшашар (огнемёт), түмен (дивизия), бесатар (винтовка)* типтес атаулар әскери терминдер қатарын толықтырған. Алаш зиялылары іріктеген әскери атаулардың тағдыры да әртүрлі: олардың бірқатары сөз сандығына орнықты орналасып, потенциал сөз деңгейінде болса, екіншілері – *оқиашар (пулемет), отшашар (огнемёт), көздедек (визировать), оқиантай (патронтаж), айдаушы* (айдауыш түрінде) аталымдары қазіргі заманғы жаңа лексикографиялық еңбектердің [3; 4] лұғаты қатарынан орын алған. Бұл жайт әскери терминдерді біріздендіру жолындағы ізденістердің байыпты жүргізіліп келе жатқандығына дәлел бола алады.

Бекітілген, ұсынылған терминдердің қатарындағы тарихи әскери атаулар да, мағынасы түсінікті сөздің терминденуі арқылы жасалған аталымдардың кейбірі де «қолданысқа түспей отыр vs қолданысқа түсе алмайды» деген заңды сұрақтардың туындайтыны да белгілі. Бұл ретте субъективті бағалаудан гөрі қолданысқа енбеуінің әлеуметтік-саяси факторларын назарда ұстай отырып, әрбір терминнің тағдырына саналы көзқараспен қарау керек болады.

Қазақ жеріндегі ұлттық-рухани құндылықтарды танып-білу елдің егемендігін, конституциялық құрылымын, ел аумағының қауіпсіздігін сақтау, қорғау мен күзету жүктелген әскери іс саласындағы қазақстандық азаматтардың әскери қызметінің маңызды құрамдас бөліктеріне айналуы тиіс. Әскери қызмет қашанда *халық – мемлекет – мемлекеттің аумағы – мемлекеттің қауіпсіздігі – елдің бейбіт өмірі* тәріздес әлеуметтік-саяси ұғымдармен тығыз байланыста, алайда әскери қызметті әскери-жауынгерлік міндеттерді атқарудың көлемімен ғана шектеуге болмайды. Дәл осындай шектеулік қалыптасқан жағдайда және оған басымдық берілетін болса, әскери қызметші жоғарыда аталған аса маңызды біртұтас ұғым-түсініктерді жоғары саналылықпен сезіне алмайды және өзінің басты міндеттерін атқарудағы қабілеті төмен болады.

## Әдебиет

1.Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Мемлекеттік тіл саясаты – Государственная языковая политика. – Алматы, Арқас, 2005. – 294 бет.

2.Жұбанов Қ. Термин сөздердің спецификасы жөнінде/ Физика терминдері жайынан/ Математика терминдері жайынан. – Кітапта: Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, Ғылым, 1999. – 581 бет.

3.ҚайдаровӘ. Доспехи и вооружения воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение. – Материалы Международной конференции по алтаистике. – Вена, 1972. – с. 30-37.

4.Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, Санат, 1997. – 123 бет

5. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата: Наука, 1976. – 444 с.  
6. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 бет.

7. Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь: Военное дело / под общей редакцией М.Б.Касымбекова, научный руководитель проекта А.К.Кусаинов. – Алматы:Издательская корпорация «КАЗакпарат», 2014. -568 с. Том 11.

8. Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь: Военное дело / под общей редакцией проф.А.К.Кусаинова Алматы: Рауан, 2000. – 264 с. Том. 12.

9. Орысша-қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. Астана: ІС-Сервис, 2005. – 136 б.

**Әмірова Г.О.**

*«Қайнар» академиясының аға оқытушысы,  
филология магистрі*

### **Тілімізге ұжымдастыру кезінде енген терминдер**

**Аңдатпа.** Қазақ тілінің сөздік қорында орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген мұндай терминдер баршылық. Әсіресе мұндай терминдердің көптеп енуі ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдағы жаңа экономикалық саясаттың, ұжымдастыру секілді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезінде көптеп енді. Біз осы кезеңде енген терминдерді қарастыра отырып, олардың жасалу жолдарына талдау жасай кетуді жөн көрдік.

**Тірек сөздер:** ұжымдастыру, терминдер, атаулар, сөзжасамдық тәсілдер.

**Аннотация.** В статье рассматриваются термины, вошедшие в словарный фонд казахского языка в период коллективизации. Социально-экономические, политические, культурные изменения и события, произошедшие в обществе не исчезнут бесследно, оказать влияние на язык народа. В результате таких изменений происходит взаимствование, словарный фонд пополняется новыми словами и оборотами, новыми понятиями, язык обогащается. В казахском языке достаточно таких терминов, которые взаимствованы с русского в казахский или термины, вошедшие из других языков через русскую речь. Эти термины в основном были взаимствованы в связи с развитием науки и техники, с введением новой экономической политики, коллективизации. Автор в статье рассматривая термины данного периода, анализирует пути их образования. Классифицирует термины по способам их образования, описывает их особенности.

**Abstract.** The article examines terms included in the vocabulary fund of Kazakh language in the period of collectivization. Social, economic, political and cultural changes and events occurred in society will not disappear completely, they will have an impact on the language of a nation. These changes result in borrowings, vocabulary fund is replenished with new words and expressions, new concepts, and language is enriched. Kazakh language has enough of such terms, which are borrowed from Russian into Kazakh, or terms that came from other languages through Russian language. These terms were mainly borrowed due to the development of science and technology, introduction of new economic policy, collectivization. In the article the author, considering the terms of this period, analyzes the way of their origination, groups terms according to their ways of origination, describes their special characteristics.

Қоғамда өтіп жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өзгерістер тілге өзінің әсерін, ықпалын тигізбей қоймайды. Осындай өзгерістердің нәтижесінде



тілімізге өзге тілдерден жаңа сөздер еніп, тілдік қорымыздың байи түсетіні белгілі. Қазақ тілінің сөздік қорында орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген мұндай терминдер баршылық. Әсіресе мұндай терминдердің көптеп енуі ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдағы жаңа экономикалық саясаттың, ұжымдастыру секілді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезінде көптеп енді. Біз осы кезеңде енген терминдерді қарастыра отырып, олардың жасалу жолдарына талдау жасай кетуді жөн көрдік. Тіліміздегі сөз жасау тәсілдері арқылы жасалған терминдерді топтап, әрқайсысының тілге ену ерекшеліктеріне аздап тоқталсақ.

Ұжымдастыруға көшудің негізгі себептерінің бірі елдің жалпы экономикалық дамуын тежеп отыратын ауыл шаруашылығының техникалық жағынан артта қалуы мен тауарлы өндірістің төменгі деңгейде болуы еді. Астық жинауды жеңілдету үшін шаруаларды колхоздарға біріктіру қарқынын жылдамдатуға шешім қабылданды. Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауыл шаруашылық артельдері, ал мал шаруашылықты аудандарында – жерді бірігіп өңдеу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс еді.

Колхоздарды құру қысым көрсету, мәжбүрлеу арқылы жүргізілді. Колхозға кірудің еріктілігі бұзылды, шаруаларды күшпен, кейде қатаң жазаға тартумен қорқытып, колхозға кіргізді. Міне осындай ұжымдастыру тарихындағы шиеленісті оқиғалардың бірі – «кулактармен» күрес болды. «Жер бетінен кулактарды жою» ұраны тасталды, асыра сілтеушілік басталды. [1]. Сол кезде пайда болған терминдер негізінен орыс тілі арқылы жасалған шетел сөздері болды. Өйткені сол кезде қазақ халқын күшпен колхоздастырудан басқа, күшпен отырықшылыққа айналдыру, ұжымдастыруға «көмек беру» үшін Ресейден жұмысшылар жіберіліп, байлар мен орта дәулеттілердің мал-мүлкін «кәмпескелеу» арқылы ұлтты орыстандыру және жою ісі қолға алынған еді. Сол кезде *артельдер, ТОЗ, ұжымдастыру, азық-түлік комитеттері, азық-түлік отрядтары, кеңестендіру, ГУЛаг* [2] құрылды.

Ұжымдастыруға байланысты пайда болған терминдерді сөзжасамның 5 тәсілімен атап көрсетуге болады:

1. *Терминдердің сөзжасамдық жұрнақтар жалғануы арқылы жасалуы, яғни туынды терминдер.* Оларға мынадай терминдерді жатқызамыз: Орыстандыру, тәркілеу, кәмпескелеу, жалшы, бүлікші, бүлікшіл, ұжымдастыру, ұжымдық, қуғындалу, кеңестендіру, индустрияландыру, отырықшыландыру т.б. [3]. *Ұжымдастыруға* көшудің негізгі себептерінің бірі елдің жалпы экономикалық дамуын тежеп отырған ауыл шаруашылығының техникалық жағынан артта қалуы мен тауарлы өндірістің төменгі деңгейде болуы еді. Кеңестік соттар партия комитеттерінің қысымымен мүлікті *тәркілеу* туралы шешімдерді ойланбастан қабылдады. Қазақ ауылдарын кеңестендіру өте ауыр жағдайда өтті. *Индустрияландыруға* қаржы табу мақсатымен мемлекет шаруаларды астығын рыноктық нарықтан арзан бағамен сатуға мәжбүрледі. Көріп отырғанымыздай, бұл терминдер -шы, -ші, -у сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған.

Тілдің сөзжасам жүйесінің синтетикалық тәсілі тілдің сөздік қорының барлық саласын толықтыруға, байытуға, дамытуға үнемі қатысып келе жатқан тілдегі өте көне және өнімді, белсенді сөзжасамдық тәсіл. Қосымшалы тілдерде синтетикалық сөзжасамдық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, сөзжасамның синтетикалық тәсілі тілімізде туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ.

Синтетикалық тәсіл арқылы сөзжасамға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының атқаратын өзіндік қызметі бар.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады. Сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады.

1. *Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер, яғни тіркесу арқылы жасалған терминдер, олардың өзін іштей екі тіркестен болған терминдер және үш немесе одан да көп тіркестен болған терминдер* деп қарастырамыз.

а) *Екі тіркестен болған терминдер*: азық-түлік отрядтары, азық-түлік комитеті, арнаулы әскерлер, алаш автономиясы, алаш партиясы, бекіністік шеп, бесеудің хаты, ұжымшарларды ірілендіру, кедейлер комитеттері, кеңес өкіметі, Кеңес Одағы, Қызыл Керуен, қызыл отау, Сталиндік репрессия [3], «Халық жауы» [4]. Бұлардың өзін іштей алғашқы сыңарлары қос сөзден болған (азық-түлік отрядтары, азық-түлік комитеті) және сөздердің тіркесуі арқылы (Кеңес өкіметі, Кеңес Одағы, Қызыл Керуен, Қызыл отау т.б.) жасалған деп бөлуге болады. **Азық-түлік Отрядтарын** жасақтау құқы ірі кәсіпорындарға, уездік және қалалық кеңестерге берілді. Көптеген мемлекеттердің Қарулы күштерінде Қорғаныс министрлігіне тікелей бағынатын **арнаулы әскерлер** болады. Ал дара сөзден болғандарын алғашқы сыңарлары түбір сөзден (Алаш автономиясы, Алаш партиясы, Кеңес өкіметі, Кеңес Одағы, Қызыл Керуен, Қызыл отау) және туынды сөзден (Арнаулы әскерлер, Сталиндік репрессия, Бесеудің хаты, Ұжымшарларды ірілендіру, Столыпин реформасы т.б.) болған деп бөлуге болады. 20-ғасырдағы қазақ тарихында терең із қалдырған **Алаш партиясының** өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық, саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда отарлық басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. БОАК-тің 1918 ж. 4 қарашада жарияланған нұсқауларына сәйкес өткізілген ауылдық Кеңестердің қайта сайлау науқанынан кейін **Кедейлер комитеттері** өз жұмысын тоқтатты. **Қызыл Отау** ауыл адамдары арасында сауатсыздықты жою, ойын-сауық кештері мен төңк.мейрамдарды атап өту, қабырға газеттерін шығару, кітап, газет-журналдар оқу, дәрігерлік көмек көрсету т.б. шараларды ұйымдастырды. Бұлардың басым көпшілігі **«халық жаулары»** саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар еді.

ә) *Үш немесе одан да көп тіркестен болған терминдер*: Қазақ азаматтық комитеттері, Қазақ ауылын кеңестендіру, Байлар мен кулактарды тап ретінде жою, Кеңестер Социалистік Республикалар Одағы, Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшыландыру, Столыпиннің аграрлық реформасы. Қазақтардың шаруашылығына **көшпелі** мал өсірушілер мен **жартылай көшпелілерді** күштеу әдістерімен жүргізілген отырықшыландыру саясаты қатты соққы болып тиді. 1918 жылдың жазына қарай **Қазақ азаматтық комитеттері** тарап кетті.

Қысқарған сөздерден жасалған тарих терминдері мынадай жолдармен жасалған:

а) *барлық сөздерінің алғашқы дыбыстарынан құралған*: АЛЖИР, НКВД, КСРО, БОАК, НЭП, ТОЗ, ОГПУ, ХКК. [4].

ә) *екі сыңарының да басқы буындарынан жасалған*: Қарлағ, степлаг, совнархоз, колхоз, совхоз.

б) *алғашқы сөздерінің алғашқы дыбыстары, соңғы сөздің басқы буынынан*: ГУ-Лаг.

**ОГПУ-дің** деректері бойынша қазақтар Батыс Сібір, Орта Поволье, Қалмақстан, Тәжікстан, Солтүстік өлкеге және басқа аймақтарға қоныс аударған. **КСРО-ның** басқа аймақтарынан дүние-мүлкі түгел тартып алынып, өмір сүру мүмкіндігінен айрылған 180 мың кулактар жер аударылды. Осылайша елде алып лагерлер жүйесі – **ГУЛАг** құрылды. **Қарлағқа** ең еңбекқор деген «кулак» шаруалар, ауыл шаруашылығының білікті мамандары мен ғалымдар қамалды.

Тілімізге ұжымдастыру кезеңіне байланысты енген терминдердің келесі бір түрі сөзбе-сөз, ешбір өзгеріссіз енген терминдер қатары. Олар: кулак, артель, геноцид, каталажка, каторга, миграция, репрессия. **Кулактарға** деген ортақ белгілерді саралаудың болмауы жаппай басынушылықты тудырды. Осылайша кең көлемді **геноцидке** бағыт алынды. Сегіз үйлі **артель** жыл сайын молая кеп, ақыры 1929 жылы колхозға айналды.

Бұл терминдер таза қазақ тілінен енген сөздерден ғана тіркеспеген, мұнда екі тіркестің екінші сыңарлары шет тілінен енген сөздер арқылы да жасалған.

Осы терминжасамдық тәсілдердің ішінде аналитикалық тәсілге келетін болсақ, тарих терминдерін жасауда бұл тәсілдің көмегі зор. Аналитикалық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Қазақ тілінде синтетикалық тәсіл тәрізді аналитикалық тәсіл де жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болуымен бірге, оның іштей бірнеше тәсілі бар. Термин жасаудың бұл тәсілінде сөздер тек бірігу арқылы ғана емес, сондай-ақ сөздердің тіркесуі, қосарлануы, қысқаруы (аббревиатура) арқылы да жасалады.

Тарих терминдері мен атауларының жасалу жолдарын қарастыра отырып, біз тарих терминдерін жасауға ғалым Ө.Айтбайұлы көрсеткен [5] терминдердің жасалу тәсілдерінің барлығы түгел қатысатынына көзіміз жетті. Тарих терминдерін жасауға сөзжасам тәсілдерінің барлығы дерлік белсенді қызмет етеді. Осы қарастырған терминдер мен атаулардың көпшілігі кірме сөздерден болған, ұжымдастыру кезінде тілімізге еніп, кейін ол атаулар мен терминдердің көпшілігі ескіріп, архаизмдерге айналған және заман ағымының өзгеріп, дамып отыруына байланысты қолданыстан шығып қалған. Қазіргі кезде бұл терминдер тарихи шығармалар мен көркем әдебиеттерде ғана кездеседі.

### Әдебиет

1. Қазақстан тарихы. /энциклопедиялық анықтамалық. А., 2006. «Аруна» баспасы, -765 б.
2. ҚҰЭ. 1-т., –А., 2002.
3. ҚҰЭ. 2-т., –А., 2002.
4. ҚТТС. 1-т., Қазақстан тарихының түсіндірме сөздігі.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1998, 205 б.

**Әшімбаева Н.,**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

**Қалмахан Ж.Е.**

*Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнін мұғалімі*

### Салалық терминдерді ұлттық үлгіде жаңғырту мәселесі

Терминологиялық лексика қоғамның рухани, мәдени, саяси өмірінде туындап жатқан өзгерістерге байланысты дамып, байып отыратындығымен ерекшеленетіндігі белгілі жайт. Осындай өзгерістерге сәйкес қандай да бір арнаулы саладағы терминдер терминологиялық өріспен шектелмей, жалпы қолданысқа түсуі мүмкін. Мәселен, нарықтық қатынастарға көшкеннен бері *акция, аукцион, бизнес, инвестиция, инфляция, маркетинг, менеджер, аудит* және т.б. тәрізді көптеген экономикалық терминдерді атап өтуге болады [1, 52]. А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты құнды еңбектерінен бастау алатын қазақ терминологиясының ғылыми-практикалық мәселелері әлі күнге дейін қарқынды зерттеліп келе жатыр. Терминдердің қызметі мен оларға тән ерекшеліктерді айқындау, жалпы терминологияның даму бағытын бағдарлау, салалық терминдер жүйесін қалыптастыру, терминжасам әдіс-тәсілдерін саралау, терминденген атаулардың жасалу жолдарын айқындап, талдап беру – осы мәселелердің шешімін табудағы басты міндеттер болып табылады.

Соңғы жылдардағы қазақ терминологиясы салалық терминдер жүйесінің қалыптасуын әлі де болса заман талабына сай деп айта қою қиын. Себебі салалық терминдер жасау қазақ тіл білімінде кенжелеп, қалыптасуында бірізділік сақталмай, әркім өз бетінше термин жасауға ұмтылуы кеңінен қанат жайғандығы белгілі. Бұл құбылысты академик Ә.Қайдар: *«Бұған ең басты себеп – заман үрдісі, тіл саясаты, идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – еліміздің ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен тең тұра алмайды деген пікірдің қалыптасуы»* - деп атап көрсетеді [2, 10].

Қазақ терминологиясының күрделі де ауқымды ғылыми-теориялық мәселелері бойынша академик Ө.Айтбайұлының «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988), «Қазақ сөзі» (1997), Б.Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» (1988), Ш.Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), Ш.Білалдің «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері» (1996), С.Ақиевтың «Терминнің танымдық табиғаты» (2000) атты монографиялық еңбектер қазіргі қазақ терминологиясына елеулі үлес қосқан маңызды зерттеулер болып саналады. Салалық терминдердің дұрыс қалыптасуы, күнделікті қолданыста олардың көпшілікке түсінікті болып, бірізділікпен жүйелі қолданылуы тілдің дамуына тікелей әсер етеді. Олай болса, ғылым салалары бойынша жазылған ғылыми зерттеулер мен терминологиялық сөздіктердің, аударма сөздіктердің алатын орны ерекше болмақ [3, 20].

Терминжасамдағы сөздіктердің маңызы жөнінде академик Ө.Айтбайұлы: «Термин жасап, оны қолданысқа ендірудің бірден-бір дұрыс жолы – сөздіктер түзу болмақ. Түзілген сөздік бір жағынан сол өзі қамтып отырған объектінің дамуын, яғни ғылым саласының дамығанын қаншалықты көрсетсе, екінші жағынан терминологиялық лексиканың нормалана түсуіне, әдеби тіл деңгейінің де қалыптаса бастауына септігін тигізеді», – деп нақтылай түседі [4, 14].

Бүгінгі таңда қазақ ғылыми тілін және ғылыми терминологиясын дамыту мақсатында салалық терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің тілтанымдық негіздерін жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл аталмыш мәселе сирек қолданылатын, пассив, көнерген атауларға терминжасамның бір көзі ретінде терминдік мағына жүктеу арқылы термин шығармашылығында кәдеге асыру үдерісін жетілдіру; өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысында ұтымды пайдалану жолдарын көрсету; халықаралық терминдердегі, тіркесті терминдердегі қосымшаларды жүйелеуге қатысты тілдік заңдылықтарды іске асыру; аударма терминдердің синтаксистік (аналитикалық) тәсілдерін, күрделі терминдердің бөлек //бірге жазылу мәселесін ғылыми негіздеу; жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілері арқылы таңбаланатын терминдерді қазақ тіліне икемдеу жолдарын нақтылау; терминологиялық бірліктердің ұлттық сипатын күшейту мақсатында салалық мамандарға арналған термин түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік немесе көмекші құрал дайындау және т.б. негізінде өз шешімін таппақ.

Қазіргі кезде ұлттық ғылыми тілде термин жасау ісі қолға алына бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастырудың қажеттігі анық байқалады. Тіліміздегі кейбір қосымшалар арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастады. Терминжасамда сөздің лексикалық мағынасына тән нәзік реңктерін, мағына көлемін дәл ажырата білу де оңай емес. Оған салалық терминологиялық сөздіктердің кез келгенінен дерлік мысал келтіруге болады. Мұндай кемшілікке жол беру ұлт тіліндегі термин шығармашылығына үлкен нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан терминжасамның лингвистикалық мәселелерін арнайы сөз етіп, салалық мамандарға арналған сөздік түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік, көмекші құралдар дайындаудың аса зәрулігі айқын аңғарылып отыр. Әсіресе, сөзтудырушы жұрнақтардың қазақ ғылыми тіліндегі қазіргі терминжасам үдерісінде қаншалық тиімді пайдаланылап жатқандығын анықтап, ол-

дарды термин шығармашылығында орнымен қалай қолданған жөн екендігін көрсетіп бере алатын практикалық жағынан тиімді құралдар дайындаудың тиімділігі өте зор. Бұл көмекші морфемалардың табиғатын, олардың мағынасы мен қызметін жақсы ажырата білетін, сөзжасам, терминжасам мәселесінен хабары мол тіл маманының атқаратын ісі.

Сөзжасам, терминжасам барысында қолданылатын негізгі тәсілдің бірі – сөзтудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау болып табылады. Сондықтан терминқорға енгізілетін терминдердің тіл табиғатына сай, терминге қойылатын талаптарға жауап бере алатындай лингвистикалық тұрғыдан сауатты жасалуы үшін – тіліміздегі сөзтудырушы жұрнақтарды жіктеп, оларды қалай ұтымды пайдалану керектігі көрсетілуі тиіс. Осылайша жұрнақтарды жөнсіз жалғай беру фактілері азайып, жүйеленген ұлттық терминқор құрыпастырудың негізі нығая түспек [5].

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз болып жүрген мәселелердің бірі. Сөзтіркесім – жаңа термин жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырасады. Бұл сөздер аталым дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне жетсе, сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атау дәрежесіне жетуі. Әсіресе аударма терминдерді түпнұсқадағыдай біріктіріп немесе бөлек жазу тәсілдерін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор. Өйткені терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көп компонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен аударылып алынады. Ал орыс тілінде терминжасамның осындай синтаксистік тәсілі өнімді тәсілдің бірі ретінде өте белсенді қолданылады. Сондықтан қай салада болмасын, ұлттық терминжасам үдерісінде тілдік заңдылықтарға (терминжасам амал-тәсілдері мен жолдарына) мейлінше ыждағаттылықпен назар аудару мәселесі жауапкершілікпен жүргізілуі керек. Бұл теориялық бағытта зерттеліп, әрі қолданбалы бағытта жүзеге асырылатын көлемді де күрделі, заманауи жаһандану дәуірінде кезек күттірмейтін өзекті тақырыптардың бірі. Қазақ ғылыми тілінде салалық терминдерді ұлттық үлгіде жаңғырту мүмкіндігінше нақтыланып, өз дәрежесінде пайдаланылуы үшін әлемдік тәжірибедегі терминжасамға қатысты ортақ ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер жан-жақты зерттелуі қажет.

Әлемдік тіл білімінде терминжасамның орнығып, тұрақтанған теориялық ұстанымдары мен практикалық әдіс-тәсілдері бар. Ал осы мәселенің қазақ тілі материалдары бойынша ұлттық үлгіде жетілдіріліп, жүйеленуінің тілтанымдық негіздерін жасау тұрғысында зерттеу жұмыстарын жалғастыра түсу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады [5].

Сонымен қатар жаңа тілдік оралымдар мен жаңа сөздердің, терминдердің елеулі бір бөлігі жалпы көпшілікке тарайтын көздердің бірі – БАҚ болып саналады. Яғни, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында қазіргі кезде әртүрлі қолданылып жүрген терминдерді, жаңа атауларды біріздендіру және ретке келтіру де түйткілді мәселе қатарында. Қазіргі кезде жеткілікті деңгейде сарапталып, тексерілместен жарыққа шығып жатқан баспа өнімдерінің және арнайы дайындығы төмен не тілді жетік меңгермеген, меңгерсе де оның қыр-сырына тереңдеп бара қоймайтын кейбір хабар жүргізушілерінің нәтижесінде БАҚ тілінің деңгейі төмен деп айтуға әбден болады. Күнделікті мерзімді баспасөз беттеріне және теле-радиохабарларға назар аударатын болсақ, қандай да бір атауды қанша ақпарат көзі болса, сонша түрлі өзгертіп, түрлентіп қолданады (бұл жерде *семья-отбасы*, *жанұя*; *класс-сынып*, *класс*; *рынок-нарық*, *рынок* және т.б. көрсету де жеткілікті).

Сондай-ақ бірқатар тіркес сөздерді тұлға жағынан ықшамдап жазсақ не айтсақ, жып-жинақы бір лексикалық бүтін пайда болар еді. Мәселен, *су құбыры-суқұбыр*; *газ*

*құбыры-газқұбыр; мұнай құбыры-мұнайқұбыр; әуе жолы-әуежол; су сепкіш-сусепкі; жел баққыш-желбағар* және осы іспеттес үлгілерді көптеп келтіруге болады. Осы ретте есепсіз қосымша жалғаудың әсерінен айтуға да, жазуға да қиындық келтіретін бірқатар сөздерді атауға болады: *баламалы/лы/қ, ыңғайлы/лы/қ, ылғалды/лы/қ, құнарлы/лы/қ, үдемелі/лі/к* және т.б.

Сонымен, термин сөздердің бұқаралық сипат алуы күшейіп, құқықтық қатынас, денсаулық саласына, саясатқа, жаңа технология, бизнес, банк ісі, ғылым салалары, тіл мен тарих, мәдениет жөнінде ақпарат алуға деген сұраныс арта түскендігін баса айтқан жөн. Терминдер мен терминдік атаулардың жұртшылықтың игілігіне айналу үрдісі де уақыт өткен сайын қарқын алуда. Бұдан бұқаралық ақпарат құралдарында термин қолдану мәселесіне кеңірек ден қоюға тура келеді деген тұжырым жасауға болады. Терминдік норманы қалыптастырып, реттеуде БАҚ-тың рөлі ерекше болуы шарт. Сондықтан құзыретті органның жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бұқаралық ақпарат құралдарына тигізер ықпалы зор болмақ[6].

Қоғамдық экономикалық қатынастың өзгеруімен байланысты жарнамалық мәтіндер көбейді. Оның ішінде бізді толғандырып отырғаны – өзге тілден аударылып, ұлттық тілімізде беріліп отырған «жарымжан» жарнамалардың аттаған сайын кездесуі. Жарнаманың көп болуы, әрине қоғамның қарқынды дамуын көрсетеді, бірақ олардың сорақы аудармаларын көргенде мемлекеттік тілді дамыту орталықтары мен қалалық әкімдік жанындағы тиісті бөлімдер-инспекциялардың жауапты қызметкерлері қандай күйде болады екен деген ой туады.

Біздің шағын мақала көлемінде жоғарыда атап көрсеткендеріміз, ол болашақта жүзеге асырылуы тиіс ауқымды ғылыми-зерттеу жобасының кейбір парасы ғана. Бұл ғылыми-зерттеу жобасында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыс барысында терминологияның ұлттық сипатын арттыра отырып, қазақ ғылым тілін қалыптастыру үрдісін таңдаған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Қ.Жұбанов т.б. қазақ зиялылары ұсынған қағидаттар мен терминжасам тәжірибелері, академиктер Ә.Т.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, профессорлар Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, С.Ақаев, Ш.Білал т.б. ғалымдардың қазақ ұлттық ғылыми терминологиясын жан-жақты қарастырған еңбектері әдіснамалық негізге алынуы тиіс. Сонымен қатар жалпы терминтаным мәселесі бойынша Д.С.Лотте, В.М.Лейчик, А.В.Суперанская, Татаринов В.А. т.б. шетел ғалымдарының ғылыми еңбектеріне талдау жасалып, әдістемелік-оқу құралдары мен монографиялық еңбектердің, әртүрлі екітілді терминологиялық сөздіктердің, әр сала мамандары мен тілшілердің бірлесіп, қайта толықтырып-өңдеу нәтижесінде жарыққа шыққан (2014) 31 томдық салалық терминдер сөздігінің материалдары сарапталады. Бұл жерде академик А.Құсайыновтың басшылығымен қайта толықтырылып, өңделіп жарыққа шыққан осы 31 томдық салалық терминдер сөздігі топтамасының салалық терминдерді жүйелестіріп, біріздендіруге, оларды ұлттық үлгіде жетілдіре түсуге қосқан орасан үлесін айырықша атап өткен жөн.

Сондай-ақ зерттеу жұмысында ғылыми тілді, ұлттық терминологияны қалыптастыру бағытында жазылған қазақ тіл біліміндегі, орыс тіл біліміндегі ғылыми теорияларға, ғылыми пікірлерге талдау жасау; қазақ тілінде жарық көрген әдістемелік-оқу құралдары мен монографиялық еңбектерден, салалық терминологиялық сөздіктерден материалдар жинақтау; бірге//бөлек жазылуы мәселе тудырып жүрген терминдерді іріктеу; терминжасам барысында пайдаланылып жүрген немесе кейбір өнімді/өнімсіз жұрнақтарды топтастыру және сараптау; мерзімді басылымдар мен баспа өнімдері, аудио және аудиовизуалды БАҚ-ның тілдік материалдары және нормативті сөздіктердің материалдарын талдау, сонымен қатар жаппай науқанды құбылысқа айналып отырған жарнамалық мәтіндерді де негізге алып, оларға ғылыми-лингвистикалық талдау жасау - негізгі міндеттер ретінде белгіленіп отыр. Міне, осы аталғандар қазақ тіліндегі салалық терминдерді ұлттық үлгіде жаңғыртудың негізі ретінде алы-

нып, қазақ тіліндегі салалық терминдердің жүйеленіп, бірізденуіне, реттелуіне мейлінше ықпалын тигізетін болады.

### Әдебиет

1. Әбдікерімова Т. «Отырар алқабы» газет бетіндегі терминдердің сипаты // «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007 ж. 52-бет.
2. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы. 1993 ж. 10-бет.
3. Шойбеков Р. Қолөнер лексикасының термин жасауға қатысы // «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007 ж. 19-бет.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы. 1988 ж.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы. 2005 ж.
6. Уәли Н. Сөз мәдениетінің негіздері.

**Байдуашева Ж.Е.**

*Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ ж ӘТУ магистранты*

### Араб тілінен аудару барысында туындайтын қиындықтар

**Аңдатпа.** Мақала араб тілінен өзге тілге аудару барысында туындайтын жалпы қиындықтарды зерттеуге бағытталған. Атап айтқанда, араб тілінің аударма тарихына тоқталып ондағы араб тілінің рөлі көрсетілген. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып аударма барысындағы негізгі проблемалар анықталған.

**Тірек сөздер:** *араб тілі, аударматану, лексика, лингвистика, араб-мұсылман қауымы*

**Abstract.** The article focused on the main problems of translating from Arabic language. In particular, investigated on the history of the translation from Arabic language and it's role as well. Also, based on a survey of scientists identified the key problems of translation from Arabic language

**Keywords:** *Arabic language, translation studies, lexicology, linguistics, Arabic-muslim society*

Араб терминологиялық лексикасы үнемі даму үстінде және жаңа терминологиялық бірліктермен жаңартылуда. Бұл процесс адам қызметінің көптеген салаларын қамтиды. Араб өңірі бүкіл әлем зерттеушілерін өзінің саяси, тарихи жағдайларымен, археологиялық байлығы, діни ахуалымен, туризм, экономикалық, мәдени және тағы басқа ресурстарымен қызықтырмай қоймайды. Тунис, Мысыр, Ливия, Судан және басқа да араб мемлекеттерін қамтыған 2011 жылы болған соңғы оқиғалар үрейлі, саяси болжамдар тудырып, әлем экономикасына әсер етуде. Бұл араб әлемінің үлкен маңыздылығын қайта растады. Араб аймағы Қазақстан үшін дипломатиялық қарым-қатынастардың қалыптасуына ғана емес, сонымен қатар экономика, дін, мәдениет, білім беру мен туризм салаларында тұрақты байланыстардың дамуы үшін маңызды аймақтардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін нығайтуда араб-мұсылман қауымы маңызды фактор болып отыр.

Араб тілі – Құран тілінің классикалық тілі ғана емес, қазіргі заманғы және кең тараған, едәуір дамыған терминологиясы бар тіл болып табылады. Араб әдеби тілінің

сөздік құрамы өзге тілдер секілді жалпы және арнайы лексика болып бөлінеді. А.В. Суперанскаяға сай, «жалпы лексика- тілдің өзегі немесе негізі болса, ал арнайы лексика – оның перифериясы болып табылады» [1, 28 б.]. Арнайы лексиканың ерекшелігі белгілі бір сала тіліне тиесілі болуында ғана емес, сондай-ақ аялық білімді қажет етуінде. Сондай салалардың бірі саясат тілі болып табылады. Соңғы үш онжылдықтар ішінде араб саяси тілі қазіргі заман терминологиялық бірліктерінің үлкен көлемімен толықтырылды. Осыған орай аудармашы үшін араб саяси дискурсының терминологиясын білу аударма барысында туындайтын қиындықтардан шығуға зор көмегін тигізеді.

Алдымен араб аймағындағы аударма қызметінің пайда болу тарихына шолу жасайтын болсақ, араб аймағында аударма қызметі VIII ғасырдың ортасында басталды және XI ғасырдың басында халиф Мамун басқарған уақытта нәтижелі дами бастады. Сол уақытта хинди, грек, парсы тілдерінен араб тіліне көптеп кітаптар аударылды. Халиф Мамун негізін салған Даналық үйінде (بيت الحكمة) [Bayt ul-Hikma], аудармашылар жұмыс атқарды. М. Абд ар-Рауфтың ойынша, тарихта аудармаға қажетті мән берілмеген, сондықтан аталған сала ұзақ уақыт бойы басқа ғылым салаларына қарағанда шетте қалып қойған [2, 13-14 б.].

Сондай-ақ, Ар-Рауфтың ойынша, аударманың қажеттілігі туралы ойлаған Халид ибн Мауауия болатын (704 ж.), ал Әл-Джахиз медицина, химия және астрономия кітаптарын алғаш аударғандардың бірі [2, 78 б.].

Ар-Рауф сілтеме жасаған Ибн ан-Надимнің «әл-Фихрест» атты еңбегінде грек философтары араб халифатының территориясына келіп, өздерінің шығармаларын грек немесе коптика тілінен араб тіліне мейлінше дұрыс аударуға тырысқан [2, 78 б.]. Бұндай саясат бір жағынан грек ғылымын тарату үшін жүргізілсе, екінші жағынан сол арқылы араб өңіріне жеткізілетін ақпараттарды бақылау үшін жүргізілген. Сол уақыттағы халиф Амр ибн Абд әл-Азиз мұсылман заңдары мен әдет-ғұрпына қайшы келмейтін, медицина саласындағы еңбектерді аударатын аудармашылар үшін премиялар тағайындаған. Ресми аударма кезеңі Аббасид халифатының уақытынан басталады, нақтырақ әл-Мансурдың басқаруы кезеңі (753-774), яғни логика, медицина, астрономия, математика және т.б. ғылымдардың дамуы кезеңінде. Корд халифаты құрылған Исламдық Испания үш ғасыр бойы 10-13 ғғ. Араб тілінен өзге тілдерге аудару белсенділігімен танылған болатын. Испания ғылыми жаңалықтарды бір аймақтан екінші аймаққа жеткізетін, Араб халифаты мен ортағасыр Еуропаны байланыстырушы түйін болатын, және өзімізге белгілі әлемдік үш мәдениет пен дін қиылысында орналасқан: иудаизм, христиан және мұсылман діндері. Басқа да деректерге сай араб тілінен өзге тілдерге аударма 10-11 ғғ. жүзеге асырыла бастаған. Алайда 18 ғ. Соңына қарай аудармаға, өзге араб мемлекеттеріне қарағанда Мысырда ерекше мән беріле бастады. Бұл Мысыр территориясына француз жаулап алушыларының келуімен байланысты, одан кейін француз мәдениеті және ғылымының келуі де тікелей әсер етті. Атақты көшбасшы Мухаммад Али (1805-1849 жж.) әскери, мемлекеттік істерде ғана емес аударма ісінде де реформатор болды, өйткені Мамун (813-833 жж.), әл-Мутауаккиля (847-861 жж.) және корд халифатының халифтерінен кейінгі аударма ісінің дамуына үлкен үлес қосқан алғашқы басқарушы болды. Мухаммад Алидің басқаруы кезінде француз тілінен араб тіліне 445-ке жуық кітаптар аударылған, ол араб тіліне аударылған кітаптардың 55 пайызын құраған, ағылшын тілінен 67 кітап аударылып, ол араб тіліне аударылған кітаптардың 21 пайызын құраған, ал қалған пайызын түрік, парсы, италиян, неміс және орыс тілдерінен аударылған кітаптар құраған [2, 267-268 бб.].

Аударма проблемалары *лингвистикалық проблемалар* және *мәдени проблемалар* болып екіге бөлінеді.

Лингвистикалық проблемалар:



- тілдің грамматикалық айырмашылықтары мен өзгешеліктері;
- тілдің лексикалық екі мәнділігі;
- мағынаның екі мәнділігі;
- мағынаның нақты емес болуы;
- идиома;
- сөз тіркестері;
- мультисөз бірліктері;

мәдени тұрғыдан туатын проблемаларға әртүрлі жағдаяттық ерекшеліктер жатады [3, 2-3 бб.].

Тағы бір мәселе грамматика тұрғысынан болады, өйткені бірнеше грамматикалық құрылымдардың түсініксіздігі немесе оны дұрыс түсінбеу, сондай-ақ оны қалай пайдалануды анық түсінбеу. Аударуға қиын болатын сөздер көбінесе кішкентай сөздер өйткені олардың нақты мағынасы айтарлықтай дәрежеде контекстке байланысты болады. Бұдан басқа, кейбір грамматикалық категориядағы сөздер аударуға келмейді. Сұрақ сол секілді аударуға келмейтін нақты сөздер жиі талқыланады ма дегенде болып тұр. Сондай-ақ, екі тіл синтаксисінің өзгешелігі қазақ-араб аудармашысы үшін қиындықтар тудыратын мәселе.

Сонымен қатар, Әл-Зейнидің (1994) классификациясына сай араб тілінен аударма барысында туындайтын негізгі алты проблема бар, олар:

- Лексика;
- Морфология;
- Синтаксис;
- мәтіндік айырмашылықтар;
- риторикалық айырмашылықтар;
- прагматикалық факторлар;

Аударма жұмысы қиындығының өзге деңгейін доктор Ас-Саид (1995) Құрандағы Аллаһ есімдерін аудару [5,96.] қиындықтарын бағалап, салыстыру мақсатында жүргізген зерттеу кезінде анықтаған. Ол аудармада кездесетін негізі проблемалардың ең маңыздыларын атап өткен, олар: асыра сілтеп аудару, дұрыс емес аудару және эквивалентсіздік. Сондай-ақ, жеке лингвистикалық теорияларда аударма процесін қиындататын және аудармашының ерекше назар аударуын талап ететін бірнеше мәселелер санаттарын келтірген, олар: лингвистикалық, психолингвистикалық, лингвосоциомәдени және дидактикалық. Бұл мәселелер алдағы уақытта ары қарай зерттеуді талап етеді.

### *Әдебиет*

1. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология : Вопросы теории . – М.: Наука , 2003 г. с. 28.

2. Ар-Рууф М.А. Тариху аль-Тарджама аль-арабия Байна аль-Шарк аль-Арабииуа аль-Гарби аль-Уруби. Каир, 2008 г.13-14 бб.

3. Al-Nakhalah Ahmed (2006), Tenses Difficulties That Face Students of English in Palestinian Universities While translating from English to Arabic- A Case Study of Al-Quds Open University- 2-3 бб.

4. Sechrest, L., Fay, T. L. and Zaidi, S. M. H. (1972) Problems of Translation in Cross-cultural research. Journal of Cross-Cultural Psychology, 3(1), 41-56

5. As-sayyad, S., M., (1995). “The problem of English Translation Equivalence of the fair names of Allah in the Glorious Qur’an”: A Contextual Study.” MA thesis, Faculty of Education, Ain Shams University. 96.

## Парсы тіліндегі түркі сөздері және олардың парсы тіліне әсері

**Аңдатпа.** Парсы тілінде кірме сөздер, оның ішінде түркі сөздері көп. Парсы тілі сан алуан өзгерістерге ұшырап, өзге тілдерден енген сөздермен сөздік қоры байып, толығып отырды. Әр тілдің өзіндік тарихи жолдары бар. Қазіргі кезде Иран басқа тілден, оның ішінде түркі тілінен енген кірме сөздердің орнына парсының төл сөздерін енгізіп жатыр. Бұл мақалада парсы тіліндегі түркизмдер және олардың парсы тіліне әсері жайында айтылады.

**Тірек сөздер:** тіл, зерттеу, кірме сөздер, түркі, парсы тілі

**Аннотация.** В статье рассматривается образование и заимствование тюркизмы в персидском языке. В персидском языке очень много заимствованных слов, таким образом лексика персидского языка непрерывно обогащалась. Очень много слов с арабского, тюркского, русского, французского и английского языков. В настоящее время вместо заимствованных слов начали вводить исконно персидские слова.

**Ключевые слова:** язык, исследования, заимствованные слова, тюркский, персидский язык

**Abstract.** This article discusses the formation of the Turkic word in the Persian language. There are a lot of borrowings in Persian language, therefore the vocabulary of Persian language was continuously enriched. For instance, there are lots of Arabic, Turkish, Russian, French and English borrowed words. Today there is a tendency to introduce native Persian words in the language instead of borrowed words.

**Key words:** language studies, loan words, Turkish, Persian

Парсы және түркі тілдерінің ұзақ уақыт қатар өмір сүруі салдарынан, элементтердің ауысуы қарқынды болды. Ұзақ ғасырлар бойы, түркі тілі парсы тіліне үлкен ықпал жасап келді және өз іздерін қазіргі уақытқа дейін қалдырды, бірақ қазіргі Иранда түркі тілінің дербестенуі байқалады. Тарихи факторларға байланысты, осы үдерістерде түрлі тілдер өзінің рөлдерін атқарды. Солардың ішінде, парсы тіліндегі алтай және түркі элементтерін үш үлкен топқа бөлуге болады:

1. Оңтүстік және шығыс-түркі элементтерінен тұратын ескі “таза” түркі тобы.

2. Өзіне моңғол, оңтүстік және шығыс түркі элементтерін кіргізетін, орта моңғол және түркі тобы.

3. Тек оңтүстік түркі элементтері кіретін кейінгі “таза” түркі тобы [1, 116].

Парсы тіліндегі моңғол элементтері, көп жағдайда түркіден кірген. Алғаш рет моңғолдармен кірген, содан кейін парсы тіліне «моңғолға тән» пішініне ауысқан бірнеше ескі-түркі сөздері бар.

Лингвистердің пайымдауынша, түркі тілі дүние жүзіндегі қолданыс аясы жағынан жоғарғы орында тұратын тілдердің бірі. Түркі тілінде 24000, ал парсы тілінде 5000 етістік бар. Парсы тіліндегі 600-дей сөз түркі түбірінен жасалған және күнделікті қолданылатын сөздер [2, 1396]. Мысалы:

، دولمه، سنجاق قابلمه، قابلاме، بۇشقاп، بشقاب، سۇراғ، سراغ، خانم، خانم اقا، اقا، سانجاқ، отағ، اتاق، مән، من، تۇқым، تشك، دگمه، سنجاқ، ارزو، گمه، تشك، تخم، دوقلو، باتلاق، اجاق، اچار، اردک، آرزو، سنجاق، دگمه، تشك، سرمه، فشنگ، توپ، تپانچه، قاچاق، گمرک، اتو، آذوقه، اردو، سوغات، اوستا، الك، النگو، اماچ، ایل، بيزار، تپه، چكش، چماق، چوپان، چنگال، چپاول، چادر، باجه، بشگه، بقچه، چروک،

Ирандықтар ерте кезден түркі тілдес халықтармен тығыз байланыста болды. Парсы тіліндегі тарихи-археологиялық, көркем әдебиеттерде түркі тілдерінің сөздері де

біршама кездеседі. Сондай-ақ түркі-монғол сөздері де парсы тіліне әсер етпей қойған жоқ. Бұл тілдер қазіргі парсы сөздік қорында араб пен еуропа тілдерінен кейін үшінші орынды иеленеді [3, 139 б].

Газнавидтер мен Селжұқтардың ел билеген тұсында парсы-дари тіліне көптеген түркі сөздері енді [4, 196]. Ал Шыңғысханның Иранға шабуыл жасаған тұсында, яғни 1249-1528 жылдарында парсы-дари тіліне көптеген монғол сөздері енген. Қажарлардың ел билеген тұсында (1794-1925 жылдары) ирандықтар француздармен және басқа да еуропалықтармен қарым-қатынаста болуы, осының нәтижесінде парсы тіліне көптеген еуропалық сөздер, оның ішінде француз тілінен көптеген сөздер енді [5, 19 б].

Араб тілімен салыстырғанда, парсы тіліне түркі тілінің ықпал етуі әлсіздеу. Дегенмен сандық арақатынас бойынша қазіргі парсының сөздік құрамындағы түркі элементтері араб және еуропалық сөздерден кейінгі үшінші орында тұр.

Түркі кірмелерінің арасында экономика, мәдениет, әкімшілік және т.б. құрылымдардың түрлі салаларына жататын жүздеген сөздер бар. Әсіресе көптеген сөздер әскери салаға, тұрмысқа, саудаға, ауыл шаруашылыққа, мал шаруашылығына және т.б. жатады. Жекелеген кірме сөздер Иранды басқарған (сефевидтер, қаджарлар және т.б.) түркі әулеттерінің сарай өмірімен байланысты. Әскери лексикадан, парсы тілінің негізгі лексикалық қорында сақталып қалған, сөздерді атап өтуге болады: *tup* «зеңбірек», *qosun* «әскер», *tofang* «мылтық», *kasik* «кезекшілік», *yortme* «желіс», *qater* «қашыр», *qasow* «ат тарак», *cal* «буырыл» және т.б.

*Tuman* сөзі бастапқыда «он мың» дегенді білдірген, кейін «қараңғылық», содан кейін бастапқыда 10 «хезардан» тұратын, туман-парсы ақшасының бірлігі болды. Қазір кейде «үйез», «аудан» деген мағынада қолданылатын, «*boluk*» сөзі, ертеректе «әскери жасак» дегенді білдірген. Түркі *azuqe* ертеректе «әскери азық-түлік» дегенді білдірсе, енді «жалпы азық-түлік», «азық-түлік», «тағам» білдіреді.

Түркі текті әскери терминдер Реза шах билігі тұсында сирек қолданылатын болды. Реза шахтың арнайы жарлығымен 30-шы жылдардың аяғында түркі әскери терминдері парсы терминдерімен ауыстырыла бастады. Сонымен, *saqlow* «гарнизон» сөзі көбінесе жаңаша әскери әдебиетте кездесетін, парсының *padegan* сөзімен ауыстырылды. *Balabanci* «дабылшы» сөзіне *tablizan* араб сөзі қолданылды, *qosun* «әскер» орнына «жасак» - парсылық *artes*, «қарауылшы» мағынасындағы *qaravul* орнына парсылық *negahban* қолданады, *otraq* «аялдау» орнына - *rahatbas* және т.б. Түркі *qur* мылтық *aslahe* араб сөзімен ығыстырылды. *Samxal* «мушкет», *yuzbasi* «жүзбасы», *topuz* «шокпар» сияқты сөздері, әскери істер мен әскери техниканың дамуына байланысты көнерген сөздер болып қалды.

Парсы тұрмыстық лексикасында көптеген түркі кірмелері бар. Үй тұрмысының заттарына мынандай сөздер жатады: *qasoq* «қасық», *basqob* «тәрелке», *alak* «елеуіш», *dogme* «түйме», *otaq* «бөлме», *tosaq* «төсек», *qeici* «қайшы», *otu* «үтік».

Сауда, кәсіпшілік, ауыл шаруашылық саласына жататындар *tutun* «темекі», *gomroq* «кеден», *qacaq* «контрабанда», *qeslaq* «қыстак», *yaylaq* «тайпаның жазғы келген жері», *batlaq* «саз батпақ», *alaciq* «шатыр», *saqqez* «қара май», *kuc* «қоныс аудару», *kork* «мамық».

Құстардың, жануарлардың, өсімдіктердің атаулары: *ordaq* «үйрек», *qaz* «қаз», *olaq* «есек», *beldercin* «бөдене», *qus* «сұңқар», *saman* «сабан», *qarc* «саңырауқұлақ», *qeyisi* «шабдалының сорты», *qaraqus* «қаршыға», *qater* «қашыр», *bid* «күйе көбелек».

Сефевидтер мен қаджарлардың сарай өмірі парсы тілінде көнерген сөз болып қалған кейбір сөздерді қалдырды: *xanasalarbasi* «бас аспаз», *ayaqci* «сарай шарап шөмішшісі (придворный виночерпий)», *kapuci* «есік күзетшісі», *comaq* «аса таяқ», *sowgeli* «әспетті», *dolmac* «аудармашы», *ilci* «елші», *dustaq* «абакты».

Парсының қазіргі сөздігіне орнықты кірген, көп қолданылатын түркі кірмелері ретінде *qabaqan* «тыйым», *tolombe* «сорғы», *surtme* «шана», *soluq* «бүлік», *souqat*

«сыйлық», *bazak* «әшекей», *soqlme* «түйреу, шаншу, дәрі егу (укол)», *patuq* «жиналатын пункт», *caq* «толы, толық (полный)», *yoqur* «денелі, сап-сау, таза (здоровый)», *cabok* «епті», *qati* «аралас», *kucek* «кішкентай» сияқты зат есімдерді атап өткен жөн.

Түркі кірмелері парсының сөзжасам жүйесіне айтарлықтай ықпал тигізді. Олар парсы сөз тудырушы бірліктерімен бірігіп, туынды және күрделі сөздердің пайда болуының базасы ретінде қызмет ете алды. Мұндай жолмен көптеген сөздер пайда болған. Мысалы: *qapidan* «шап беріп ұстау», *kucidan* «қоныс аудару», *qaratidan* «тонау», *tupxane* «артиллерия», *ielowdar* «авангард», *amakdar* «лайықты, еңбегі сіңген» және т.б., түркі атаулы есімдерімен етістікті фразеологиялық бірлігінің кеңінен пайда болу мүмкіндігін айтпағанда: *kuqkardan* «басқа жерге көшу», *topoqhordan* «тойып ішу», *bazakkardan* «безендіру» және т.б.

Парсы тілі түркі тектес сөздермен коса келесі сөз тудырушы қосымшаларды алды:

-**ci** жұрнағы парсы және басқа тілді негіздерге қосылып, мамандық мағынасын білдіретін сөздерді жасайды: *sekarci* «аңшы», *ma'danci* «шахтер», *doroskeci* «арбакеш», *jarci* «хабаршы» және тағы да көптеген. Сөйлеу стилінде кейде жақтырмау түрін білдіреді, мысалға, *ruznameci* «газетші, газетжазушысымақ», *masvaratci* «көнеcші», *sinimaci* «киношы» *postci* «пошташы».

-**tas** жұрнағы өнімсіз, көнерген. Кей негіздердің тіркесінде ғана сақталған: *xeyltas* «әріптес», *xajetas* «мырза», *sahrtas* «жерлес», *teymurtas* «Теймурташ» (жалқы есім).

-**ulu** (нұсқалары -ule, -lu) түркі жұрнағы. Кішірейтетін мағынаны білдіретін сөздерде, сондай-ақ антропонимдер мен топонимдерде кездеседі: *zangule* «қоңырау», *maskule* «саба», *kuculu* «кіп-кішкентай», *quzulu* «кішкентай бүкір», *abdarlu* «Абадарлу» (топоним) және т.б.

Түркі **-basi** сөзі кейбір басқаша мағынаға ие болып, сөз тудырушы бірлікке айналды, оны атаулы жартылай қосымшаларға жатқызуға болады. *-basi* элементі тек түркі тектес кірме сөздерінде ғана емес, сондай-ақ иран және араб негіздерімен қосылуында кездеседі. Барлық жасалуында *-basi* басшы, бас, кішігірім бастық дегенді білдіреді, алайда осы мағынада жеке сирек қолданылады, негізінен сөз айналымындағы дәрекі сөздерде. Келесі мысалдарды салыстырайық: *uzbasi* «жүзбасы», *baqbanbasi* «аға бағбан», *tajerbasi* «көпестердің топ басы», *hakimbasi* «лейб-дәрігер» және т.б. [5, 50б].

Түркі тектес атаулы жартылай қосымшаларға мысалға, *dadbegi* «сот», *gal'ebegi* «қамал бастығы», *daryabegi* «Дарьябегі» (жалқы есім) сияқты түркі негіздерімен ғана тіркесте кездесетін, көп қолданылмайтын элементтерді де жатқызуға болады – *begi* (бек, бег, «бек», басшы «әскери басшы+ тәуелдік жұрнағы»).

Анатолияның Шығысында және Өзербайжанда түркі тілі (империя және жергілікті басқарма тілі) көбінесе лексикалық кірмелер мен тікелей өзара сөйлесу әрекетінде күрт, тат және парсы тілінің басқа да диалектілеріне ықпалын тигізді. Өзбек тілі Тәжікстанда ықпалын күшейтсе, парсы тілі (империялық, әдеби және жергілікті тіл ретінде) түркі тіліне ықпалын тигізді. Ол кезде солтүстік Ауғаныстанда дари тілі жергілікті өзбек тілінің өзгеруіне ықпал жасады.

Етістік жасау кезінде парсы тілінде қосымша мына әдістер қолданылған:

1) Синтетикалық-деривациялық. Парсы және парсы-араб кірмелерінен пайда болған жұрнақ арқылы сөздерді жасау, мысалы, *abad-laš-maq*”, гүлдену үшін” (әзірбайжан), *toza-la-mak*”тазалау” (түркі).

2) Аналитико-композициялық. Кірме сөздер арқылы сөздерді жасау, көбіне бұл көмекшісімен, етістікті зат есім, «жасау» немесе «болу» дегенді білдіретін жалған етістіктер (парсы синонимдері *kardan* және *šodan*), мысалы, *abad et-mek*” тарату, толтыру “(әзірбайджан), *muvaffaq ol-maq* “ жетістікке жету “(османдық). Османдық сияқты, жоғары стильдерге *ežāfa*-дан өлеңдер және кеңсе мәтіндері үлкен көлемде енгізілді.

Иранның оңтүстігіндегі Фарс аймағындағы түркітілдес қашқаилар бірнеше жүз жыл бойы осы тілге тән дауыстылар мен дауыстылар үндестігін сақтап келді. Парсы-

дан енген басқа құрылымдық кірмелерге салыстырмалы және асырмалы жұрнақтар қосып қолданды. Мысалы, *sowuġ-tār* “салқындау”; *böyüġ-tärin* «үлкен, аға» [6].

Күнделікті оншақты әзірбайжан сөздері жазбаша да, ауызша да стандартты парсы лексикасына түркі ықпалының мықты екендігін дәлелдейді. Әдеттегі сөздер болып табылатын *otāq* “бөлме”, *ojāq* “алауошақ”, *otu* “темірді тегістеу”, *qeyċi* «қайшы», *qāċāq* “контрабанда”, *qadaġan* “тыйым салынған”, *tutun* “темекі” және *tur* «доп». Түркі лексикалық-ċi жұрнағы, түркі лексикалық модельге байланысты пайдаланылмаған, ал дауыстылар үндестігі парсы тіліндегі сөзжасам пайдасына болды: *ġekār-ċi* “аңшы”, *taqlid-ċi* “еліктеу”, *post-ċi* “пошташы”, *tutun-ċi* “темекіші”. Сөздіктің мағыналық бөлігіне діни, тұрмыстық, әскери, технологиялық және коммерциялық сөздер кіреді, бұл түркі кірмесінде парсы синонимдері бар, қосылған және көстiлдi халықтың ауызекi, халықтық, жергiлiктi деңгейде өзара әрекет ету нәтижесiнiң дәлелi. Оларды екi қарама-қарсы әлеуметтiк көрсеткiш сияқты жиi түрлендiруге болады, онда парсы және парсы-араб тiлi неғұрлым ресми, әдеби тiл, ал түркі немесе түркі-моңғол тiлi неғұрлым бейресми, прозалық, немесе халық тiлi ретiнде жүредi.

Герхард Дёррефтiң пайымдауынша, парсы тiлiнде түркі тiлiнiң шамамен 1200 сөзi бар. Негiзiнен олар әскери және әкiмшiлiк терминдерi болып табылады.

Сефевид шахтары әдеби тiлдерi парсы жазба тiлiн дамытуға жағдай жасағанымен, қызылбастар (кизилбаш) сарай маңында және лагерлерде түркі тiлiнде сөйлеген. Түркі тiлi қолданыс саласын кеңейтiп, парсы тiлiмен қатар қолданылған.

Джон Шарден (1643 - шам. 1713), Адам Олеарий (1603-71) және Пьетро делла Валле (1586-1652) сияқты шетелдiк саяхатшылар түркі (сөйлеу) тiлi Иранның барлық таптары арасында, ұлтаралық тiл ретiнде таралғанын айтқан. Энгельберт Кемпфердiң (1651-1716) пайымдауы бойынша, «Түркі тiлiн сарай маңы халықтарынан бастап, парсылардың жоғары шендi отбасыларына дейiн бiлген. Түркі тiлiнiң дамығандығы сонша, тiптi болашақта түркі тiлiн бiлмеу парсылар арасында ұятты деп саналған» [6].

Социологиялық аспектiде маңыздырағы түркі мен парсы синтаксистерiндегi ономастикалық сөз орамдары болып табылады. Қорольдiк лауазымдықтардағы сөздердiң, лауазымдағы алдыңғы сөздiң (мысалы, *Šāh Esmā' il*, *Šāh 'Abbās*), Ирандағы үйреншiктi болып қалған, лауазымнан кейiн тұрған сөзге (мысалы, Надир-шах, *Rezā Šāh*) өзгеруi түркі тiлiнiң әсерiн көрсетедi.

Парсы тiлiнен басқа Иранда қолданысқа ие күрт, тат және талыш тiлдерi түркі тiлiнiң әсерiне қаттырақ ұшырады. Ол тiлдердiң етiстiктi жүйесi түркілiк типке көбiрек өзгердi.

### Әдебиет

1. Г.Дёрфер –Парсы тіліндегі түркі және моңғол кірмелері – 1963 ж.
2. Рүстемов Л.З., Самарэ И. Парсы тілінің ізашары. 1 том – Тегеран, 1994. – 495 б.
3. Күмісбаев Ө. Иранбақтың бұлбұлдары. – Алматы, 2009. – 74 б.
4. Исабеков Д. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы (семинар материалдары). – Алматы, 2001. – 163 б.
5. Пейсиков Л.С. Лексикология современного персидского языка. - М.: Издательство МГУ, 1975.-354 с.
6. <http://www.iranicaonline.org/articles/turkic-iranian-contacts-i-linguistic>

## **Қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерісінің сипаты**

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына байланысты көкейтесті мәселелерінің бірі – оның толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету. Оны дамытып, күшейтудің басты амалдарының бірі, тіл әлеуетін дәйектейтін көз ретінде академик Ә.Қайдар: «Ең алдымен ана тіліміздің тұғырына тірек болар үш таған – жазу-сызу (ұрпақ арасын жалғастыра алтын көпір), ономастика (жер бетіндегі ескерткіш) және терминологияны (тілдің баю, жаңару көзі) берік ету қажет» деп атап көрсетеді [1].

Осымен байланысты кез-келген тілдің ең құбылмалы, өзгеруге, жаңаруға бейім тұратын саласы – қоғамдық-әлеуметтік лексика. Қазақ тілінің лексикасы қазір қызу даму, жаңару үстінде. Оның басты себебі – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы т.б. Бұл өзгерістер қазақ тілінің коммуникативтік жаңа қызметі деңгейінің күшейіп, қолдану аясының кеңеюіне себепші болды.

Осы үрдістің дамыған қазақ және түрік тілдерін салыстырудың маңызы зор. Соңғы жылдары түркі тілдеріне ағылшын тілінен кірме сөздер мен халықаралық терминдер көптеп енуде. Өкінішке қарай, бұл кірме сөздер мен терминдердің ассимиляциялану деңгейі әр түрлі. Қазіргі таңда оларды игеріп, ұлттық тіліміздің фонеморфологиялық заңдылығына сәйкес бейімдеп, қолдану жағынан қолпеген олқылықтар орын алып отыр. Мұндай тілдік ахуал түркі халықтарының сөйлеу мәдениетінің бұзылып, интерференцияға ұшырауына да себеп болуда.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін 2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%-ға жеткізу көзделіп отыр.

Ал Түркияда бұл жұмыстар біршама ертерек басталып, 1932 жылы Мұстафа Кемаль Ататүрік басшылығымен «Түрік тілі қоғамы» құрылып, елдегі тіл саясатының негізі қаланды.

Ал, қазақ тіл білімінде терминдену мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев еңбектерінен бастау алып, қазақ ұлттық терминологиясының өзекті мәселелері Ә.Қайдар, І.Кенесбаев, Р.Сыздық, Ғ.Мұсабаев, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы т.б. зерттеулерінде жаңа сапалық және мазмұндық деңгейде өз шешімін табуда.

Соған орай Қазақстан мен Түркия баспасөзінде белсенді қолданылған, терминдік әлеуеті бар не терминдену үдерісіндегі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи және экономика салаларындағы жаңа қолданыстарды салыстырып, зерттеудің осы мәселеге тікелей қатысы бар.

Қазіргі мәселе тілдің дамып жетілуі мен қоғамдық-әлеуметтік қызметінің күшеюімен байланысты қазақ тілінің лексикалық қазынасын жұтаңдатпай, тілді сөз нәрімен толықтыра түсетін сапалық жағын ғана емес, санымен де байытуда қолданыс табады. Тілдің өз мүмкіншіліктерін, ішкі ресурстарын молынан пайдалану аса маңызды.

Мысалы, тәуелсіздік кезіндегі қоғамның жаңа сипатына сай көркемсөз стилінде *тұсаукесер* сөзі терминдік сипат алды. Аталған этноним «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» атау ретінде емес, этномәдениетке тән ұғым атауы ыңғайында тіркелген (*тұсауын кесті*).

Ал, қазір «тұсаукесер» ұғымы – қоғамдық-саяси термин дәрежесіндегі норма.

Қазіргі қазақ терминологиясын қалыптастырудың ғалымдар белгілеген қағидасы бойынша, ғылым тілін «қазақыландыруда» да осы бағыт бар. Қазақ ғылымы тілінің 70-80% құраған халықаралық стандарттағы, интернационалды терминдердің қазақи тұлғаларын жасауға бетбұрыс, терминдерді «қазақыландыру» үрдісі – солақай бағыт, әлемдік өркениеттен алшақтау, ұлттық сыңаржақтыққа салыну емес, бұл – қоғам мен тіл арасындағы байланыстан туындайтын дамудың заңды құбылысы.

Академик Ө.Айтбайұлының қазақ тілінде термин жасау ісін шартты түрде жіктеген:

Бірінші кезеңі (XX ғасырдың 10- 30-жж.). Бұл жерде, сөз жоқ, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов тәрізді тұлғалардың ықпалы зор болғаны көрінеді.

Басқаша айтқанда, қазақ терминдерінің төл тілдік баламаларын жасаудың, ғылым тілін қазақша «сөйлету» әрекетінің жүруі аталған үрдіске – ұғым-түсінік атауларын ұлттық ұғымға бірдейлестіруге (тендестіру, идентификация) байланысты.

Ұлттық ұғымға бірдейлестіру үрдісі түсініктің, заттың, құрал-жабдықтың атауларында «ұлттық колориттің» бояуын, атаулардың, терминнің құрылымдық компоненттері төл төлдік («қазақы») элементтерден түзілуін мақсат етеді де төл тілдік ішкі мағына тірек етіледі. Осы орайда сөздің ішкі мазмұны, семантикалық құрылымы, ұғымдық көлемі терминдік дефиницияға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Осымен байланысты аталған үрдіс барысында атаулардың жарыспалылығының (бірнеше терминдердің қатар қолданылуы), емлелік ала-құлалықтардың, тіл нормасынан ауытқушылықтардың, тілді пайдаланушылар тарапынан ұсыныстардың, сыни пікірлердің айтылуын ғалымдар заңды құбылыс деп санайды.

Ал, ғалымның көрсетуінше, екінші кезеңнің басты белгісі – интернационалдық терминдер мен орыс атауларын тілімізге түпнұсқадағы пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау.

Үшінші кезең (40-50 жж.) лексиканы интернационалдандыру, орыстандыру бағыты қосқан үлесі шамалы.

Төртінші кезең (50-70 жж.) – қазақ зиялыларының соғыстан кейінгі жылдары еңсе көтеріп, рухани дүниемізді зерделей бастаған дәуірі. Осы кезеңде баспасөз материалдарынан көптеген интертерминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша сөйлей бастағаны байқалады.

Бесінші кезеңді «70-90 жж.) сан алуан қоғамдық өзгерістер ынғайына қарап, зерттеуші оның өзін үш бөлікке жіктеп қарайды. Алғашқысы – «тоқырау жылдары», екіншісі – қайта құру, үшіншісі – тәуелсіздік кезеңі [2].

Қазіргі түрік тіліндегі жаңа сөз қолданыстарының ерекшеліктерін, табиғатын анықтау, даму бағытын танып-білу, қалыптасу жолдарын анықтау үшін ол мәселелерді жалпы түрік тілінің даму тарихымен тығыз байланыста қарастырған жөн.

Түрік зерттеушісі М.Кахраман «Түрік терминологиясы және классикалық кезең» атты мақаласында түрік тілінің сөздік болмысының терминдену үрдістерін қалыптастырған себептерге байланысты 5-ке бөліп қарастырады. Бұл жерде біз түрік тілі терминологиясының тарихи үрдісін де көре аламыз.

1. 1100 - 1839 жж.: Классикалық кезең;
2. 1839 - 1876 жж.: Танзимат кезеңі;
3. 1878 - 1908 жж.: I Конституциялық басқару кезеңі;
4. 1908 - 1927 жж.: II Конституциялық басқару кезеңі;
5. 1923 - 2000 жж.: Ұлттық терминология кезеңі [ 3, 146].

Терминдерді түрік тіліне аударудың қажеттілігін түсініп, бұл мәселені күн тәртібіне қойған бірден-бір адам – әдебиет, тіл және мәдениет тақырыптарында бағалы ой-пікірлер айтқан профессор Мехмет Каплан. Біздің ойымызша, М.Капланның «Мәдениет және тіл» кітабында айтылған мына тұжырымы қазақ терминологиясына қатысты да атап өтерлік: «Жаңа ұғымдар үшін жаңа сөздер жасау мен түрік тіліне кіріп, сіңіп кеткен шет елдік сөздерді түрік сөздерімен алмастыру процестерін бір-бірімен

шатастырмаған жөн. Ғылым, техника, әдебиет, өнер, философия салаларына мыңдаған сөздер қажет. Бұлардың түрік сөздерінен жасалғаны абзал. Бұл жұмыстарды атқаратын азаматтарды барынша қолдауымыз керек. Түрік тілінде жоқ бір ұғымға түрік тілінде балама тауып, оны түрік мәдениетіне енгізу – мақтауға тұрарлық іс. Осылайша, түрік тілі жаңа сөз бен жаңа ұғымға ие болады...» [4, 49].

Нақты түрде, терминжасамның тәсілдеріне тоқталатын болсақ, терминолог-ғалымдардың, ең алдымен, ауызға алатыны - «Семантикалық тәсіл». Яғни, ұлттық тіліміздің өз мүмкіндігін толығырақ пайдалану. Термин жасауға қатыстырылатын ішкі мүмкіндіктер дегеніміз – жалпыхалықтық немесе жалпы әдеби тіл құрамында ежелден қолданылып, тіл мұқтажын өтеп келе жатқан байырғы сөздердің арнайы қызметке көшуі. Немесе олардың бір мағынасының терминдік қызметке бейімденуі. Сөйтіп мұндай сөздердің әлгіндей нақты атаулық сипаты күшейе келе белгілі бір ғылым саласының өркендеп, дамуына қызмет етеді де, сол саланың арнайы лексикалық қабатын құрайды. Бұл кейде сөз мағынасының тарылу немесе кеңеюі арқылы да бола беруі ықтимал. Бұл үдерістің қоғам дамуының кез келген кезеңінде емес, қарқынды даму кезеңінде ғана болатынын ғалымдар нақты дәлелдеді.

Мысалы, академик Ө.Айтбайұлы оны «халықтық лексиканы терминдендіру» деп те, «лексика-семантикалық тәсіл» деп те, «жалпыға ортақ сөздердің терминдік мәнге көшуі» деп те, «ұлттық тілдің сөздерін жаңа сапада қолдану» деп те, «сөз мағынасын өзгерту» деп те атауға болады» деп санайды [5, 105].

Ғалымның пікірінше, қазақ тілінің сөздік құрамында *қоғам, отан, ошақ, орта, күрес, кеш, еңбек, жарыс, мүше, ер, батыр, шешен, жоспар, тәртіп, жоба, кеңес, мазмұн, түр, атақ, дәреже, даңқ, бұйрық, сын, тап, мәжіліс, мәслихат, оқу, өнер, білім, ғылым, мектеп* тәрізді толып жатқан сөздердің терминдік сипаға көшуі семантикалық тәсіл арқылы жасалған. «Мысалы, *қоғам* сөзі о баста белгілі бір адамдар тіршілігінің уақытша бірлестігі, қауымдасуы мағынасында туған болса, бұл сөздің осы замандағы мағыналық шеңберінде күрделі өзгерістер болғаны мәлім. Ең алдымен, *қоғам* сөзі терминдік нақты мәнге ие болды, атаулық мағынасы бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді» деп көрсетеді ғалым [5, 106].

Академик Ө.Айтбайұлы тілдің семантикалық мәні мен ерекшелігіне назар аударады: «Терминжасамның семантикалық тәсілі жалпы әдеби сөзжасам тәсілінен едәуір ерекшеленетінін есте тұтқан жөн. Ол қандай ерекшелік?

Жалпы әдеби тілдегі бұл процесс ұзақ мерзімнің, яғни эволюциялық дамудың салдарын танытады, ал терминжасамдағы семантикалық тәсіл керісінше тіл дамуындағы өзгеше бір даму екпінінің нәтижесі ретінде туған. Терминологиялық сөзжасам тілдің даму заңдылығына тән ұзақ мерзімді күтіп жатпай-ақ, байырғы сөздерді жедел қарқынмен арнайы мақсатқа бейімдеп, терминдендіруге шұғыл түрде мүмкіндік жасады. Соның нәтижесінде терминге айналған әлгі сөздер семантикалық жағынан ғана өзгеріске түсіп қоймай, грамматикалық және лексикалық пішінін де құбылтып алады» [5, 109].

Осыған сәйкес: *жариялылық, сауаттылық, апталық, төрешілдік, ілгерішіл, қоғамдастық, теңгермешілдік, зайырлы, зиялы, ұсыныс, саясаткер, заңнама, заңгер, лаңкес, лаңкестік, кепілдік, отырыс, алаштық, жаһандану, жаһандық, егеменді, егемендік, елжанды, елжандылық, галамдану, құзыреттілік, кеден, орда, сарбаз, жасақ, қазы, сауыт, тұсаукесер, кіреуке* сөздері де жаңа терминдік мағынаға ие болған байырғы тілдік бірліктер.

Академик Ә.Қайдар атап көрсеткендей: «Калькалау – қазақ тілінде жаңа термин жасайтын жетекші және өнімді тәсілдердің бірі» [6, 177].

Алайда, академик Ө.Айтбайұлы тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің бәрі бірдей калька жасауға көне бермейтінін де ескерте отырып, осы тәсілге кеңінен тоқталып, жан-жақты түсіндіреді. Біріншіден, калькаланатын сөздің мағыналық құрылымы жоғарыдағы еңбектерде аталып өткеніндей айқын да анық болуы керек. Яғни, оның «ішкі формасы», уәждемесі, дәйектемесі болуы қажет. Сонымен бірге мұның екі түр-



лі жағдайда пайда болатыны байқалады.

Мәселен, бірде басқа тіл сөзінің «сыртқы тұлғасы, морфемалық құрамы тұтас сақталып көшірілсе», енді бірде байырғы сөздерге үстеме мағына жүктеу арқылы жасалады. Осыған орай, алғашқысын лексикалық не тұлғалық калька (*алғы шарт* – предпосылка, *аялдама* – остановка, *басылым* – издание, *қондырғы* – установка, *жарты арал* – полуостров, *жарыс* – соревнование) және саяси ұғымдарды білдіретін (*ақ* – белый, *қызыл* – красный, *ундеу* – призыв) калька дейді.

Сондай-ақ, аталмыш зерттеуде аударылған сөздің бәрі бірдей калька бола бермейтініне назар аударылады.

Мысалы, *бастауыш* – подлежащее, *өнеркәсіп* – промышленность, *балмұздақ* – мороженое дегендерді ғалым шартты түрде алынып, қалыптасқан аудармалар деп санайды.

*Ал рухани байлық* – духовное богатство, *қанатты сөздер* – крылатые слова, *әдеби бейне* – литературный образ, *орталық шабуылышы* – центральный нападающий т.б. калька тіркестер мен фразалық тіркестер қатарына жатады.

Сол кезеңдегі калькалау тәсілі арқылы жасалып, тілімізге енген терминдерді терминолог ғалымдар екі ыңғайда қарастырып, танып біледі. Бірі – мағыналық калька, яғни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі мағынасын беру, екіншісі мағыналық құрылымын (структурно-смысловые слова) беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Онда сөздің негізгі мағынасын берумен қатар, оның бөлінбес бөлшектері мен синтаксистік құрылымын да сақтау көзделеді.

Күрделі калька-терминдерге мынадай мысалдарды келтіруге болады: *қолтаңба* – автограф, *тастама баға* – бросовая цена, *гүлшанақ* – бутон, *төбе топ* – верхушка, *бейнежазба* – видеозапись, *лауазымды тұлға* – должностное лицо, *біржолғы жәрдем* – единовременное пособие, *біркелкі нарық* – единый рынок, *сапа белгісі* – знак качества, *ой тұжырымы* – умозаключение т.б. [7, 144].

Бұл жұмыста қарастырылып отырған мерзімде калька жолымен жасалып, қазақ баспасөзінде шыққан жаңа атаулар мыналар: *еркін экономикалық аймақ* (свободная экономическая зона), *салым* (вклад), *таза табыс* (чистая прибыль), *жылжымалы мүлік* (движимое имущество), *жылжымайтын мүлік* (недвижимое имущество), *бітімгерлік күштер* (миротворческие силы), *бейнетаспа* (видеоопленка), *бейнежазба* (видеозапись), *бейнебақылау* (видеонаблюдение), *мүмкіндігі шектеулі адам* (человек с ограниченными возможностями), *ауысым* (смена), *автотұрақ* (автостоянка), *жинақтаушы зейнетақы қоры* (накопительный пенсионный фонд), *бір терезе* (одно окно), *сенім телефоны* (телефон доверия), *тауарөндіруші* (товаропроизводитель), *жол-көлік оқиғасы* (дорожно-транспортное происшествие), *айлық есептік көрсеткіш* (месячный расчетный показатель), *үлкен экран* (большой экран) т.б.

Калькалау – түрік тілінде де кең таралған құбылыс. Қазақ тілі негізінен орыс тілінің ықпалына ұшыраса, ал түрік тілі лексикасы ұзақ уақыт бойы араб, парсы, итальян, грек, француз, ағылшын, оңтүстік славян және басқа да еуропалық тілдердің әсеріне ұшырады. Ең көп калькаға ұшыраған техникалық және ғылыми терминология: 1933 жылдан кейін шыққан жаңа сөздердің көбісі толық немесе жартылай калька болып табылады.

Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың терминжасам үдерісін өзара салыстыру қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени кеңістікте тұтас қарастырылатын өзекті мәселе екенін көрсетеді.

### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., 1998.
2. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988.

3. Кахраман М. Түрік терминологиясы және классикалық кезең// Түрік терминологиясы. № 3 (76) 2010.
4. Mehmet Kaplan, Kültür ve dil, İst. 2000.
5. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі (қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы. Рауан, 1997.
6. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993.
7. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы. Арыс, 2007.

**Білал Ш.**

*Математика және математикалық  
модельдеу институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

**Машақова Н.М.**

*Қ.А.Яссауи ат.№123 мектеп-гимназиясы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

### **Жалпы тіл біліміндегі аударманың теориялық мәселелері**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются теоретические вопросы перевода в общем языкознании.

**Ключевые слова:** общее языкознание, теория перевода, государственный язык, научный язык, норма перевода, нормы языка, машинный перевод, стилистика перевода, эквивалентность перевода.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілу жолында аудармаға деген сұраныс өте жоғары болуы тиіс. Ол бүгінгі қазақ тілінің толыққанды ғылым тілі бола алмай отыруынан да туындайды. Яғни, мемлекеттік дәрежеге жету үшін ана тілінің алдымен ғылым тілі болуы шарт. Ал ғылым болса, қазақ тілінен бейкем дәрежеде қолданылып келе жатқан орыс тілінде барынша толық бейнеленген. Олай болса, өздік қалыптағы тілден алу жеңіл болғандықтан, орыс тілінен аудару қажет. Аудару арқылы ғылым атаулары ұлт тілінде жасалып, ұлттық ғылым тілі қалыптастырылатын болады. Ғылым тілі тек атаулардан ғана емес, ғылыми мәнгер, нақыштан (стиль) да тұратын болғандықтан, ұлттық тіл мәдениеті де өз арнасына түспек. Бірақ, қазақ ұлты үшін орыс тілі соншалықты жоғары дәрежеде меңгерілсе де, оның ғылым тілін қалыптастырудағы аудармашылық тәжірибесі ескерілмейді немесе түсініксіз. Себебі, орыс тілі өзге ұлт тіліндегі атауларды түпнұсқада алғанның өзінде, оны өз қалыбына салып, яғни тілдік қалыпқа түсіріп, ұқсатып барып қана алады. Одан орыс тіліне нұқсан келіп жатқан жоқ, қайта жаңғырып, жаңарып, дамудың даңғыл жолына түскен іспетті. Өзге тілдік әуелдің (элемент) ешбір жаттығы білінбейді. Бұл орыс тілінің табиғи қасиетімен қоса, үлкен ғылыми жұмыстардың жемісі. Яғни, онда аударма мәселесі ғылыми дәйекті шешімін тапқан. Ал, қазақ тілінің бұл мәселедегі тәжірибесі жеткіліксіз, аударма ғылыми әдебиет саны тым аз. Оның аздығы, ғылыми аударма мәселесінің ұлт тілі үшін аса күрделілігінде. Себебі, ғылыми аударма арқылы ұлттық ғылым тілі қалыптастырылатын болғандықтан, атауларды ұлт тілінде сөйлету қажет болады. Бұл ұлт тілі үшін тың мәселе. Оны алдымен теориялық тұрғыдан пайымдап алу қажет. Біздің мақаламыз да аударма теориясының жалпы мәселелеріне арналады.

А.В. Федоров бойынша аударма дегеніміз: 1) *Процесс, совершающийся в форме психического акта и состоящий в том, что речевое произведение (текст или устное высказывание), возникшее на одном – исходном – языке (ИЯ), пересоздается на другом – переводящем – языке (ПЯ);* 2) *результат этого процесса, т.е. новое речевое произведение (текст или устное высказывание) на (ПЯ)*[1; 87]. Бұл анықтама толық және онда үрдіс жан-жақты қамтылған. Бірақ, нақтылық жетіспейді, жалпыламалық

басым. «Пересоздание» үрдісі тіларалық байланысты көмескілендіріп, жаңа құбылысқа сілтейді. Аударманың негізгі тірек әуелдерінің (сөз, мағына) өзіне қатысы айқындалмаған. Сондықтан да, бұл анықтаманы біз іске пайдаланудан шеттете отырып, өз жобамызды ұсынамыз. Біздің пайымдауымыздағы аударма: «*Бір ұлт тілі кеңістігіндегі мағынаны екінші ұлт тілі кеңістігіне көшіру*»[2;13]. Яғни, мағынаның тілден тәуелсіздігі ескеріліп, шынайы дәлдікке қол жеткізу мүмкіндігі тиянақталған. Немесе, мағына табиғилығынан, табиғат құбылысы ретінде танылуынан оның кезкелген тілде бейнеленуіне шек келтірілмейді, ол тек тілдің таным қабілетіне тәуелді болып қалады. Мағынаның танылуы – оның бейзаттық күйден заттық күйге ауысуы. Заттану мағынаның таңбалануы (сөз) арқылы іске асады. Сонымен, аударма дегеніміз, мағынаның екінші тілде танылуы, таңбалануы екен. Ұлттық таным, ұлттық таңба жат тілдік сөзтаңбамен амалдай алмайды, алған жағдайда ұлттық қасиет жойылады. Олай болса, анықтама тіл тазалығын сақтауға кепіл бола алады және мұнда ешқандай да жасандылық жоқ. Екіншіден, аударма теориясындағы көптүрлілікке (еркін аударма, сөзбе–сөз аударма, дәлме-дәл аударма, т.б.) де жол жоқ. Яғни, анықтама бірмәнділікті қамтамасыз етеді. Себебі, мағынаны көшіру, оны бір орыннан екінші орынға ауыстыру бастапқы қалпын бұзуға тиіс емес. Бастапқы қалып бұзылған жағдайда «көшіру» мәні де өзгереді. Сонымен, кез келген ұғым анықтамасының тұтастығы, нақтылығы, дәлдігі аса маңызды. Анықтама арқылы дүниенің тұтас бір бөлшегі (ұғым) ұғылатын болғандықтан, аталған қасиеттер тілдің таным қабілетінің айқындауыш белгілері болып табылады. Таным қабілеті жоғары ұлт тілі ғана дамыған тілдер қатарына жатқызылады. Қазақ тілін дамыту бүгін қажеттілік болса, онда ғалымдарға оның таным қабілетін арттыру міндеті жүктеледі. Соның үдесінен шығу бізге сын болмақ. Енді осы мақсатта, келтірілген аударма анықтамасы жалпы мәтінге де жүргенімен, ғылым тіліне, нақты ғылым атауларына қатысты қолданылатын болады. Яғни, қарастырылатын нысан жалпы мағына емес, деректі де нақты, шекара ауқымы анықталған (дербес) ықшам мағына. Ондай аударма жобасы біздің бұрынғы еңбектерімізде қарастырылған болатын [3; 21]. Тағы бір еңбекте аудармаға мынандай анықтама беріледі: «*Бір тілдегі (БТ) мәтін материалын екінші бір тілдегі балама мәтін материалымен алмастыру*» [4; 20]. Ал, жалпы аударма теориясына қатысты орыс тілді еңбектерден, жоғары аталғандардан басқа, В.Н. Комиссаров еңбегін атауға болады [5;43]. Онда аударманың жалпы тілбілімдік теориясымен қатар семантика, прагматика, стилистика, аударма қағидасы мен аударманы пішімдеу мәселелері қарастырылған. Біз өз жұмысымызға, негізінен, осы еңбекті арқау етеміз. Бірақ, бұл еңбекте «семантикалық теңбе-теңдіктен» гөрі «қатынастық теңдестікке» (коммуникативная равноценность) басымдық беріледі. Басқаша айтқанда, мағыналық қасиетінен гөрі аударманың қатынас үдесінен шығуына баса көңіл бөлінеді. Бұл жалпы жағдайда дұрыс болуы мүмкін десек те, біздің атау анықтамалық ұстанымымызға қайшы келетін сыңайлы. Немесе, біз атау үшін мағыналық қасиет маңыздырақ деп есептейміз. Сондықтан да, біз аударма теориясындағы қатынастық түзгілерді маңыздылығына қарамастан, әзірге шегере тұрамыз.

Жалпы, семиотикадағы (мәнтану) таңба (атау) мәні, оның таңбаланушы нысандарға қатысы (таңбаның семантикалық мағынасы) осы қарастырылып отырған жүйенің басқа да таңбаларына қатысы (таңбаның синтаксистік мағынасы) және берілген таңбалар жүйесінің пайдаланушыларға қатысынан (таңбаның прагматикалық мәні) тұрады. Аударма барабарлығы (эквиваленттілігі) дегеніміз, түпнұсқа мәнінің осы түрлерінің кейбірін немесе барлығын сақтау болып табылады. Ю. Найда аударма барабарлығының тұлғалық (формальный) және динамикалық екі түрінің концепциясын жасады. Онда «тұлға барабарлық» негізінен бірінші тілге бағытталған, басқаша айтқанда, берілген хабардың түрін, мазмұнын толық аша түсуге бағытталған. Ал, «динамикалық барабарлық» берілген хабардан гөрі оны қабылдаушының жағдайын жасауға бағытталған [6;156-171]. Бұдан барабарлықтың бірінші бағыты біздің ұстанымымызға тура келетіндігі аңғарылады. Ал, екінші түрі, «динамикалық барабарлыққа»

келсек, оны В.Н. Комиссаровтың аталған еңбегіндегі барабар қатынас түрлерімен салыстыра қарастыруға болады. Онда барлығы бес түрлі қатынас көрсетілген, соңғысы ғана біздің анықтамамызды қанағаттандыра алады.

Тілбілімдік әдебиетте аударманың прагматикалық аспектісі үш түрлі көзқарас аясында қарастырылады. Біріншіден, түпнұсқалық сөздердің прагматикалық мәнін беру мәселесі қойылады. Екіншіден, аударма прагматикасы нақты аудармалық актының прагматикалық мәселесі ретінде түсіндіріледі. Үшіншіден, түпнұсқа мен аудармада қатынастық нәтиже теңдігін қамтамасыз ету мақсатында аударманың прагматикалық бейімделуі туралы талап қойылады.

Сөздің таңбалық табиғатына қатысты кез келген таңбаға қатынастардың үш түрі сәйкес келеді. Соның ішінде, табиғи тілдер таңбаларына да таңбаның белгіленетін нәрсемен байланысын бейнелейтін семантикалық қатынас, осы жүйенің басқа да таңбаларымен берілген таңбаны байланыстыратын синтаксистік қатынас және қатысу барысында оны пайдаланатын таныс адамдардың өзара байланысын анықтайтын прагматикалық қатынас. Сонымен, тілдік таңба семантикалық (денотативтік және референциалдық деп те атай береді), синтаксистік және прагматикалық мағыналарға ажыратылады. Ал, прагматика басқа да мән қабылдайды: «прагматикалық мақсат» немесе кейбір қызметтің «прагматикалық мәселесі». Мәтін прагматикасы деп оның қатынастық нәтижесі, яғни, мәтіннің Рецепторға әсері немесе оның мәтін мазмұнына реакциясы түсіндіріледі. Прагматиканың басқа мағынасының дәйектемесі ретінде Г. Георги өз жұмысында (аударма мақсаттарын таптастырудың әртүрлі мүмкін әдістеріне сілтейді [7; 21]. Мысалы, 1) «таңба» – «таңба тұтынушыға» қатысты: ақпарат, баға, сенім, жүйелеу; 2) өзге белгілері (мазмұны) бойынша: саяси, әлеуметтік, үгіт-насихат, этикалық, экономикалық; 3) дереккөзі бойынша: жеке, топтық және жалпыхалықтық; 4) уақыт бойынша: жақын, алыс; 5) саны мен сапасы бойынша: дер кезінде, қоғам қажеттілік және т.б.

Енді аударманың стилистикасы туралы. Стилистика тіл білімі саласы ретінде анықталады. Әртүрлі қатынас жағдайында ой мен сезімді жеткізу үшін лексикалық, грамматикалық және жалпы тіл құралдарын таңдау мен пайдаланудың қағидалары мен нәтижесі зерттеледі. Енді осы анықтамадан мынадай үш түрлі бағыт туындайды. Біріншіден, тіл белгілі бір қызметті атқару үшін оның бірліктерін алу тұрғысынан қарастырылады. Екіншіден, тіл құралдары қызметін талдау тілдің барлық қабаттарын қамтиды. Үшіншіден, стилистика әртүрлі тілдік қабаттағы бірліктер қызметін әртүрлі тілдік қатынастарда бірге атқару жағын қарастырады. Аударманың стилистикалық таптары былай анықталады: а) 1. Эстетикалық. 2. Діни. 3. Прагматикалық немесе іскерлік. 4. Этнографиялық. 5. Тілбілімдік. 6. Психологиялық. 7. Ғылыми-техникалық [8;121]. б) 1. Діни. 2. Әдеби. 3. Ресми. 4. Тілдеу. [9;116]. в) 1. Техникалық, іскерлік, ғылыми. 2. Көркем. 3. Публицистикалық. Бұларға тағы да көркем аударма және ақпаратты аударма типтерін қосуға болады. Осыдан көрініп тұрғандай, мәселеге қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Мүмкін солай болу керек шығар. Дегенмен, қазақ стилистикасы үшін өзіндік типтестіру қағидасы жасақталуы тиіс.

К. Райс тілдің негізгі қызметтерін бюлерлік топтастыру негізінде мәтіндерді (аудармаларды) төртмүшелік типтестіруді ұсынады [10;24-25]: 1) мазмұнға бағытталған; 2) тұлғаға бағытталған; 3) қаратуға немесе шақыруға бағытталған. Төртінші типі «аудио-медиаалдық» мәтіндер құрайды олар музыкалық сүйемелдеу немесе көпшілік қатынас құралдары арқылы сахнадағыны қайталауға және қабылдауға арналған. А.В. Федоров мәтіндердің үш бірдей «жанрлық типін» анықтайды: 1) газеттік-ақпараттық, құжаттық және арнайы ғылыми мәтіндер; 2) көсемсөздік шығармалар; 3) көркем әдебиет шығармалары [1;87-89]. Сонымен, біз бұл жерде аударманың сырт тұлғасымен шектелдік, ал ең күрделі саналатын, тұлғаландыруға келе бермейтін ішкі жағы әзірше қалыс қала береді. Яғни, аударма стилистикасы мәселені толық қамтуы тиіс. Енді аударманы пішімдеу туралы бірер сөз.

«Аударма теориясының мәселесі... сөйлеу қызметінің анықталған бір түрі ретіндегі аударманың жалпы заңдылықтарын орнықтыру, бір тілден екінші тілге аудару барысында аудармашы атқаратын амалдарға жүйелен-жалпылау және аудармашы қабылдайтын шешімді анықтайтын жәйттерді айқындау» [11; 33]. Аудармадағы барабарлық көп жағдайда өзара қатыстылығы шамалы құрылымдар арасында орын тебетіндігін көрсететін белгілі жәйттерді ескере отырып, Ю. Найда бұл жәйттерді «бейтура ауыстырым» пішімі арқылы түсіндіруді ұсынады [6;156-171]. Бұл пішім аударма үрдісінде үш түрлі жеке кезеңді анықтайды. Бірінші кезеңде – талдау кезеңінде БТ (ИЯ) шеңберінде кері тұлғасыздану үрдісі орын алады. Онда түпнұсқа құрылымдары қарапайым тұлғаға келтіріледі. Талдау кезінде грамматикалық құрылымдар мен лексикалық бірліктерді түрлендіру, екінші кезең – «ауыстырымды» іске асыруда, яғни, аударма тілінің өзек құрылымдары мен семантикалық түзімдеріне өтуді қамтамасыз етеді. Өзекқасын деңгейінде Ю. Найда бойынша, ауыстыру белгілі бір қиындықтармен байланысты болуы мүмкін. Оларды автор екі негізгі типке жатқызады: 1) арнайылық және дәлдік деңгейлерінің әртүрлілігі және 2) тұлғасы мен функциясында сәйкестіктің болмауы [6;156-171]. «Құрылымсыздықтарды» соңғы кезеңінде АТ (ПЯ) өзектік (өзекқасындық) деңгейден түпнұсқақұрылымдар мен бірліктерге қарай әрқилы түрлендірулер жүргізіледі.

«Кейінгі күн» есебінен әрекет ете отырып, Л.С. Бархударов тілдік иерархияның кез келген деңгейінің бірліктері біртұтас бүтін ретінде аударылған БТ (ИЯ) бірліктері бола алады – деген қорытындыға келеді. Олар: 1) фонемалар: lady –леди, Churchill - Черчилль, speaker – спикер, 2) морфемалар: pre-sid-ent – пред-сед-атель, бас-тық, one-si-ded-ness – одно-сторон-ность – бір-жақ-ты-лық 3) сөздер: He came home – Он пришел домой – Ол үйге келді. My friend lives in Moscow – Мой товарищ живет в Москве – Менің жолдасым Мәскеуде тұрады. Whotoldyouthis? – Кто сказал Вам это? – Бұны Сізге кім айтты? 4) сөз тіркестері: to take part – принимать участие – қатысу, a fly in the ointment - ложка дегтя в бочке меда – Бал бөшкеде бір қасық қара май, Every dark dond has a silver lining – Нет худа без добра – Жаман айтпай жақсы жоқ. Do not imagine such a vain thind – Небудьте так наивны – Соншама аңқау болмаңыз. Wilyouleaveanussage – Что ему передать? – Оған не айтайын? 6) жеке сөйлемдер тобы (мәтін) [12;156-171]. Мысал ретінде Шекспирдің 74 сонетасының соңғы екі жолының С.Я. Маршак аудармасы келтірілген. Онда аударма мәтінінің бірде-бір сөйлемі ағылшын мәтіні сөйлемімен сәйкес келмейді. Шынында, біз қазір түпнұсқаны аудармалық үрдіс басталмастан бұрын жеке аударма бірліктеріне бөлшектеу әдісін меңгере қойған жоқпыз. Бұл өте-мөте қажетті нәрсе болып табылады.

Енді аударма нормасы туралы. Л.С. Бархударов аударма түрлері ұғымдарын әртүрлі деңгейлік аударма бірліктерінің таптастырылуынан шығарып анықтауды ұсынады [12;156-171]. Бұл жағдайда аударма сапасы АП (ЕП) деңгейін дұрыс таңдауға тәуелді бағаланады, атап айтқанда, а) барабар аударма дегеніміз, АТ (ПЯ) қағидаларын сақтай отырып, тұтас мазмұн жоспарын беру үшін қажетті және жеткілікті деңгейде жүргізілетін аударма. б) Сөзбе-сөз аударма дегеніміз, АТ (ПЯ) нормаларын сақтай отырып, тұтас мазмұн жоспарын беру үшін қажетті аудармаға қарағанда, төменгі деңгейде орындалатын аударма.

Аударма нормасы, кем дегенде, бес түрлі талаптардың әрекеттестік нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін: 1) аударма барабарлығының нормасы; 2) аударманың жанр-стистикалық нормасы; 3) аударма тіл нормасы; 4) аударманың прагматикалық нормасы; 5) аударманың шарттылық нормасы.

Ал, енді машиналық аударма дегенге келетін болсақ, жоғарыда қарастырылған жалпы аударма теориясы оған жүрмейді. Себебі, ол үшін аса қажетті бірмәнділік (однозначность) қағидасы сақталмаған. Яғни, бірмәнділік қамтамасыз етілмеген.

1. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. М. Высшая школа. 1983.
2. Біләлов Шерәлі. Ұлттық ғылым тілі негіздері. Филол. ғыл. д-ры ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 1997ж.
3. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. Алматы. Ғылым. 1996 ж. 430 б.
4. Cafford I.G. A Linguistic Theory of Translation. Ldn., 1965, P.20.
5. Коммисаров В.Н. Лингвистика перевода. М. Меж. Отношения. 1980.
6. Nida E. Toward a Scien of translating. Leiden, 1964, P.156 – 171.
7. Georgi H. Zur Spracgmitllungprognose. – Fremdsprachen, 1971. Н.1.
8. Kade O. ZurwissenschaftlichenUntersuchungvorÜbersetzungsproblemen in den Einzelsprachen. – Fremdsprachen, 1965, Н.2.
9. Thieme K.,Herman F., Glaser E. Beitrage zur Geschichte des Dolmetschens. Munchen, 1956, S.24-52.
10. Reib E. Moglichkeiten und Grenzen der Übersetzungstilistik. Munchen. 1971, S.24-25.
11. Швейцер А.Д. К проблеме лингвистического изучения процесса перевода. – Вопросы языкознания. – 1980, №4, С.33.
12. Бархударов Л.С. Уровни языковой иерархии и перевода – Тетради переводчика. Вып. 6., М., 1969.

*Жонкешов Б.С.*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология бөлімінің жетекші  
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

### **Қытайдағы қазақтардың терминжасам үдерісі (Ханзуша-қазақша биологиялық сөздік негізінде)**

Терминжасам үрдісінде шетелде тұратын, оның ішінде, әсіресе, Қытайда тұратын қазақтардың тілін зерттеу маңызды. Себебі, осы аумақта қазақ диаспорасы көп шоғырланған. Қазіргі кезде әртүрлі мәліметтер бойынша Қытайдағы қазақ диаспорасы 1 200 000-нан 2 000 000 адамға дейін көрсетіліп жүр. Дәл статистикалық мәліметтердің жоқ болуы мына жайттарға байланысты: отбасылардағы балалар санын шектейтін Қытай үкіметінің жүргізіп отырған демографиялық саясаты. Осыған байланысты халықтың көп бөлігі тіркелмеген.

Дереккөздерге жүгінер болсақ, Қытайдағы қазақ диаспорасының қалыптасуы елімізде болған екі саяси оқиғамен байланысты. Оның бірі 17-18 ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-жоңғар шапқыншылығымен тікелей байланысты, ал, екіншісі, 1916 жылы болған көтеріліс. Қытай жерінде қоныстанған қазақтардың тілін зерттеудің өзектілігі дегенде сол жердегі қазақ диаспорасының тілі жергілікті қазақ елінде тұратын қазақтардың тіліндей орыс тілінің басқыншылығына ұшырай қоймағандығын назарымызға аламыз. Атап айтқанда, біріншіден, әліпбилерінде негізінен 33 әріп қамтылған. Қазақстандағы қолданыстағы әліпбиде орыс тілінің ерекшеліктерін бейнелейтін басы артық әріптер бар. Бұл әріптер қазақ тілінің заңдылығына қайшы келеді. Яғни, Қытайда тұратын қазақтардың тілінде түпнұсқалық тіл мейілінше сақталған. Екіншіден, Қытайда тұратын қазақтардың өзге қазақ диаспорасына қарағанда, терминдік жүйесі қалыптасқан. Мысалы, біршама ханзуша-қазақша терминологиялық сөздіктер жарыққа шыққан. және бұл сөздіктер жеке авторлық сөздіктер емес ШУАР Тіл-жазу комитеті жанынан құрылған терминологиялық комиссия тара-

пынан реттелген, жүйеленген, нормаланған терминдер тізбесі. Сонымен қатар өзіндік бұқаралық ақпарат құралдары бар. Д.Мәсімханұлының еңбегіне сүйенсек, Қытайдағы қазақ диаспорасының төмендегідей бірнеше БАҚ бар: ««Шыңжаң», «Іле», «Тарбағатай», «Алтай», «Іле өлеңдері», «Күйтін», «Құлжа кеші», «Халықаралық хабарлар» деген қазақ тіліндегі газеттерімен қоса, «Шұғыла», «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Алтай аясы», «Боғда», «Алқап», «Ұлттар ынтымағы», «Ұлттар» (суретті журнал), «Іле жастары», «Іле әйелдері», «Іле спорты», «Шыңжаң оқу-ағартуы», «Шыңжаң қоғамдық ғылымы», «Шыңжаң жоғары оқу орындары», «Көкжиек», «Оқырман өресі», «Шыңжаң қоғамдық ғылымдар мінбесі», «Шыңжаң малшаруашылығы», «Тіл және аударма» т.с.с. әдебиі бар, ғылымиы бар, бұқаралық-әмбебаптығы бар көптеген мерізімдік журналдарды; Бейжіндегі «Орталық» қазақ радиосын, Үрімжідегі күнітүні жүз пайыз қазақша сөйлейтін «Шыңжаң» қазақ радиосын, тағы да күні-түні жүз пайыз қазақша сөйлейтін екі бірдей «Шыңжаң» телеарнасын, облыс, аймақтар орталығындағы қазақ тілінде хабар тарататын телевизия мекемелерін атап айтқан болар едік» [1, 24 б.]. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары хабар таратуда терминдерді пайдаланбай кетуі мүмкін емес. Яғни, келтірілген осы дәлелдер қытайда тұратын қазақтардың терминжүйесі шама шарқынша бір жүйеге келтірілгендігіне айғақ бола алады.

Қытай еліндегі қазақтарының термин жасау үдерісі бізге дейін де зерттеу нысанына алынған. Атап айтқанда, Қ.Ғабитханның зерттеу мақаласында өзек болған. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкері Қ.Ғабитхан «Шетелдегі қазақтардың термин жасау үрдісі және қазіргі проблемалары» атты мақаласында негізгі мақсат етіп терминжасам үдерісін алғанымен қытайдағы қазақтар мен қазақ еліндегі қазақтар арасында терминдердегі бірізділіктің сақталмай отыруына көбірек көңіл бөлген [2]. Ал «Қазақ тілінің қытайдағы зерттелуі» атты мақаласында «Қытайдағы қазақтардың тіліндегі терминдердің даму тарихын төмендегідей үш кезеңге бөлуге болады. **1-кезең:** 1930 жылдардың бас кезінен 1950 жылдардың аяқ шеніне дейін уақытты қамтиды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстандағы жағдайға еліктеу арқылы қазақ тілінде баламасы бола тұрса да, көптеген сөздерді орысша алу сипат алады. Мысалы: *революция* (төңкеріс), *приказ* (бұйрық), *председатель* (төраға), *ревизионизм* (түзетімпаздық), т.б. **2-кезең:** 1950 жылдардың соңынан 1978 жылға дейін. Бұл кезде Қытайда жүрген түрлі саяси науқандардың, әсіресе «ұлттардың қосылуы», «тілдердің тоғысуы», «жазуды бірлікке келтіру», т.б. саяси идеялық ағымдар кесірінен ұлттардың тіл-жазуы, әсіресе атау-термин мәселесі ғылыми тұрғыда жүргізілмеді. Оның себебінен көптеген атаулардың қазақ тілінде бола тұрса да, қытай тілінде қабылданды. Мысалы: *жу ши* (төраға), *гы миң* (төңкеріс), *да шуе* (жоғары мектеп), *да шы* (елші), *ди жу* (жер иесі), *фан гы миң* (кері төңкерісші), *жың жы жүй* (саяси бюро), *жуң яң* (орталық), *жу рын* (менгеруші), *ми шу* (хатшы), *лу шан* (бағыт), *сы лиң* (қолбасшы), *дүй шаң* (объекті), т.б. **3-кезең:** 1978 жылдан қазірге дейін. 1978 жылы қытайдың саяси өмірінде үлкен өзгеріс болды. Бұрындары «асыра сілтеу» кезінде кеткен қателердің біразы түзетіліп, соның ішінде атау-термин мәселесі де жаңаша қарастырылып, оң нәтижелер бере бастады» [3, 113 б.] деп, қытайдағы қазақтардың даму кезеңін сол елде болған саяси оқиғалармен байланыстыра қарайды.

Сонымен бірге қытайдағы қазақтардың термин жасау барысында мынадай принциптерді басшылыққа алғандығын ерекше атап өтеді: «1) атау термин жасауда ең алдымен өз ұлтының сөздік қорымен сөз жасаудың амалдарын толық пайдалану, жалған сөздердің мағынасының дұрыс, түсінікті, ықшамды болуын қадағалау; 2) қажеттілік пен мүмкіндікке қарай өзге ұлттардың тілінен ең алдымен, туысқан түркі тілдерден баламасы болмаған жағдайда қытай тілінен немесе халықаралық ортақ терминдерді қолдану т.б.» [3, 113-114 бб.].

Бірінші принцип бойынша пайда болған терминдерге мыналар жатады: *шілік/ешкітал*, *ермен*, *күзен*, *суыр*, *емен*, *көксерке*, *алмұрт*, *кене*, *қаршыға*, *бүлдірген*, *безгелдек*, *омыртқасыздар*, *андыз*, *бөдене*, *самырсын*, *шырмауық*, *үкі*, *арпа*, *қасқалдақ*,

лашын, аққу, шалқан, дүпiлдек, аруана, нар, изен, бұркіт, көбелек, қабыршақтылар, қаңбақ/ебелек, қызғыш және т.б. Қай кезде, қай тілде болмасын терминжасамда төл сөздік қордағы сөздерге басымдық беріледі. Қазақ терминтанымында да осы принцип терминжасамда ең алдымен басшылыққа алынады. Қазақ тілінде бұл «Байырғы лексикамызды сарқа пайдалану», «Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау», «Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану» деген сипаттағы қағидағаларға негізделген. Ө.Айтбайұлы «Тіл-тілде жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тілі, ұлттық лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Олай болса, бұлардың қатарында ұлт тіліне тән неше алуан құрылымдық типтері (түбір, туынды түбір, күрделі сөз, сөз тіркесі) молынан кездеседі.

Терминжасам процесінде ұлт тілі өз сөзжасам амалдарының дайын үлгілерін (модельдерін) алға тартса, басқа тілдерден кірме сөздерді қабылдау сәтінде де осы тәсілдерге сүйене отырып, ол өзіндік модельдерін құрайды. Мұның әрқайсының өзіндік сипаты бар. Тілдегі болып жататын мұндай өзгерістерді дер кезінде есепке алып, ескеріп отыру қажет [4, 149 б.] деп төл сөздердің терминге айналу процестерінің маңызына және де сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа термин жасалу үрдістерінің тіл үшін ең маңызды тетіктердің бірі екендігін көрсетеді. Шындығында да біз қарастырып отырған сөздіктен түбір күйінде немесе сөздердің бірігу, тіркесу, қосарлану арқылы жасалған терминдер қатарын көптеп кездестірдік. Сөзжасам, нақтырақ айтсақ, терминжасамның бұл түрі қытайдағы қазақтардың термин жасау процесінде кеңінен қолданылған. Мысалы:

**Сөздердің бірігуі арқылы:** *Құмайшөп, толғақшөп, ешкісабақ, шошқажем, жарбақа, жұпарағаш, мүйізтіс (балық түрі), сегізаяқ, таңбасары (өсімдік), ақбасиөп, ақмоншақ, ақлэйлек//аққұтан, қарақұс, сыйыроты, бұйдакендір, жолаққорқау, ақмекіре, аққыран, аюбалдырған, атбасбалық, ешкімер, итжидек, өрмебұршақ, сәй-асқабағы, тұтағашы, тасбақа, жыланқияқ, кебісқұрт, інжугұл, шиөбөрі, сусиыр, кемпіршөп, рауағаш, тауешкі, малбұршақ, тазқара, тоқтыбалақ, темірағаш және т.б.*

**Сөздердің тіркесуі арқылы:** *Алтай арқары, аю жемісі, ақ жүгері, тапал қайың, ермен көбелегі, жебе құлақ жарқанат, сегіз теңбілді жапырақ қоңызы, қоян жоңышқа//балжапырақ, ала шортан, ала шымшық, балауыз құрты, балауыз ағаш, қымыздық жапырақты субұрышы, ақ тамырдарі, ақ тұт ағашы, тізбекті ақ бактериялар, ақ басқұмай, терек жапырақ қоңызы, жағал шымшықтар, сыйыроты, жіпшік тұқымдас, көктат биті, екпе арша/боз арша, үші тұмсық қалталы борсықтар, пішен жегіш, тікенді қызылшөп, сірке таяқшасы, үлкен жапырақты шермеңгул, су түбі жәндіктері, сәуле тәрізділер және т.б.*

**Сөздердің қосарлануы арқылы:** *бұзар-түзер, құрт-құмырсқа және т.б.*

Терминтанушы ғалымдар мұндай терминдердің терминжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалған терминдер тобына жатқызады [5]. Ө.Айтбайұлы терминжасам процесінде сөзжасамның лексика-семантикалық, морфологиялық, аналитикалық тәсілдердің маңызы зор екендігін атап көрсете келе, «сөзжасамның синтаксистік, яғни аналитикалық тәсіліне келсек, бұлардың да терминжасамға тигізер септігі мол. Бұл – екі немесе одан да көп сөздердің біріктірілуі арқылы жасалатын тәсіл. Терминжасаудың бұл тәсілі термин біріктірумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол сөздердің немесе терминдердің тіркесімі арқылы да жасала береді. Қазіргі қазақ тілінің терминжасам процесі көрсеткеніндей, мұның екі түрі де морфологиялық тәсілден кейінгі орында тұратын тәрізді. Бұл арқылы кілең күрделі тіркестер жасалады. Мынадай басты-басты модельдерді іштей жіктеп көрсетуге болады» [4, 179-180 бб.] – деп, сөздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы жасалған терминдерге ерекше тоқталады. Қытайдағы қазақтардың терминжасам ісінде осы тәсілдер, атап айтқанда, сөздерді біріктіру, тір-



кестіру (қосарлаудан басқасы) кеңінен қолданылған. Десек те сөзжасамның морфологиялық тәсілі арқылы жасалған терминдерді біз қарастырып отырған сөздіктен кездестіре алмадық. Осы тәсіл арқылы жасалған терминдер өзге ғылым салаларында тиімді пайдалануы мүмкін. Бірақ дәл осы биология саласына қатысты жасалған терминдер тізбегінде бұл тәсіл арқылы жасалған терминдер тізбегін кездестірмедік.

Қай елдің тілі болса да, әсіресе, ғылым тілі өзге тілдерден термин қабылдамай тұра алмайды. Қытайдағы қазақтардың терминдік қорынанан өзге тілдерден енген терминдер қатарын да көптеп кездестіреміз. Мысалы:

**Ханзу тілінен енген терминдер:** *айнашіаң/біңпіан, бәйсэй (көктал), байжу (шөп), банишия, босэй (шошқатікен, шпинат), қышы, шетен, жеңғыл, дағур шай-бұтасы, айнашіаң/біңпіан, гайа (айуан)* және т.б.

**Орыс тілінен енген терминдер:** *антоновка, бактерия, зебра, акула, капуста, бизон, хамелон (хамелион), мартышка/ұзын құйрық маймыл, паразит, ядро, клетка, картоп/дәренгі, организм, памидор* және т.б.

**Шет тілінен енген терминдер:** *бабезиа, динго (түлкі тәрізді ит), моринада (өсімдік), банан, албатрос (альбатрос), белетилла, бариа, мұрана, бұфлеур, назо, геккон, ариша, еверния (қына тәрізді өсімдік), амоебалар, беладон, арека, ананас, бетта, бруцеллоз, гавиал, дезинтерия таяқшасы, алария (балдырдың бір түрі), насеком, астыра, дағур шайбұтасы, кенгру, гербера, набйан (итбас маймылдар), гуанако (айуан), зостера (балдырдың бір түрі), изоспора, вероника, гүло/құне (айуан), ремора (балықтың бір түрі), полифагия/көп азықты жұтқышидене (көптеген өсімдіктерден қоректенетін зиянды организм), хросомо, полихроматобласт, дупин, ламинария теңіз капсуласы, кокиелла (балық), акроптома (балық), мікобактерия/тармақты таяқша, гокко/кракс, ананас* және т.б.

Мысалдардан байқағанымыздай қытай қазақтарының терминқоры ханзу, орыс тілдерінен енген, сонымен қатар, халықаралық терминдермен де біршама толыққандығын байқауға болады. Оның себептері де жоқ емес. Диаспора тіліне ханзу тілінен терминдердің енуі ең алдымен қытайдағы қазақтардың терминжасам қағидаттарының, атап айтқанда, «2) қажеттілік пен мүмкіндікке қарай өзге ұлттардың тілінен ең алдымен, туысқан түркі тілдерден баламасы болмаған жағдайда қытай тілінен немесе халықаралық ортақ терминдерді қолдану» ықпал етуі. Бұл біздің қағидаттарда «Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу», «Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау», «Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру» деген қағидаттарға саяды. Бұл жерде біздің ерекше тоқтайтын мәселеміз, орыс тілінен немесе орыс тілінің стандартына салынған терминдердің қытай қазақтарының терминқорынан көрініс беру себептері. Орыс тілінің стандартына салынған терминдер диаспора тіліне Қазақстандағы қазақтардың тілі арқылы енген. Жоғарыда сөз етіп кеткендей, қазақтардың қазіргі қытай жеріне өтуі тарихымызда екі рет орын алған. Біріншісі, Жоңғар шапқыншылығы кезінде, екіншісі, 1916 жылы болған көтерілісте қазақтар Қазақстан жерінде орын алған әртүрлі саяси оқиғалардың әсерінен қытай жеріне үдере көшкен. Мысалда келтірілген кейбір орыс тілінің төл терминдерімен осы тілдің стандарттарына салынған терминдер тілімізге сол кезде еніп үлгерген. Оған дәлел академик Ө.Айтбайұлы орыс тілінен тілімізге енген терминдерді үш кезеңге бөліп қарастырады. Бізге қажетті алғашқы екі кезең: «Бірінші кезең XVII ғасырға дейінгі дәуірді қамтиды. Бұл орыстар мен қазақтардың әлі қоян-қолтық араласа қоймаған, шаруашылық-экономикалық байланыстың барлау, бақылау түрінде жүре бастаған кезі. Міне, сондықтан бұл кезде әлі орыс сөздері тілімізге ене қойған жоқ болатын. Тек орыстармен іргелес отырған мандарда ғана аздаған ауыс-түйіс болып жататын. Бұлар елеулі сипат ала қойған жоқ.

Екінші кезең XVII ғасыр мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы аралықты қамтиды. Бұл тұста тіларалық қатынас аудармашылармен арадағы қатынасқа орай дамыған тәрізді. Оның үстіне, Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ өміріне түбірлі өзгерістер әкелгені мәлім. Орыстар мен қазақтар енді бұрынғыдай емес, шаруашылық-экономикалық жағынан да, тіпті саяси байланыстық жағынан да араласа бастайды.

Бұл аралықта қазақ тіліне, әсіресе, ауылшаруашылық құрал-саймандарына, үй-іші жабдықтарына, әскери-әкімшілікке байланысты көптеген сөздер еніп үлгерді» [4, 87-89 бб.]. Осы уақытта атамекендерінде болған қандастарымыздың тілі орыс тілінен енген сөздермен шұбарланып үлгерген еді. Жаппай конфискациядан, қудалаудан, зорлық-зомбылықтан үдере көшкен қазақтар ауызекі қолданыстағы кейбір сөздерді өздерімен ала кетті. Тіліне сіңісіп кеткен кейбір осы сипаттағы сөздер уақыт өте келе, қазақ тіліндегі баламасы ұмыт болуы себепті терминге айналды. Әрине, шекаралас ауданда отырған қазақ жерінің сөз қолданысындағы орыс кірмелерінің кейбіреулері одан кейін де қытайдағы қазақтардың тіліне енді. Оның себебін Қ.Ғабитхан қытайда тұратын қазақтардың Қазақстандағы жағдайға еліктеу арқылы қазақ тілінде балама-сы бола тұрса да, көптеген сөздерді орысша алу сипатымен байланыстырады.

Мақаламызды қорыта келе, төмендегідей тұжырым жасаймыз:

- Қытайда тұратын қазақтардың терминологиясы өз деңгейінде бір жүйеге түскен, нормаланған, бірізденген. Бір сөзбен айтқанда, терминжасам талаптарына толық жауап береді;

- ол жерде жарыққа шыққан сөздік материалдарын, кейбір терминдік бірліктерді қазақ терминжасамында қолдануға болады. Қазір терминқорымызда осы елде жасалған терминдерді терминқорымызға дайын үлгіде алу тілдік тәжірибемізде бар;

- халықаралық терминдерді танбалауда осы қазақ диаспорасының тәжірибесін басшылыққа алуға болады. Себебі олар, халықаралық терминдерді қазақ тілінің заңдылығына сәйкестендіріп, белгілеп алады. Бізде терминологиялық принциптерде «халықаралық терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктерін икемдеп алу» деген қағидат қарастырылғанымен, терминжасамды дәл осы қағидат ескерілмей келеді.

### *Әдебиет*

1. Мәсімханұлы Д. Қытайдағы қазақтар және олардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер // Терминологиялық хабаршы. №2 (8) 2008. 23-27 бб.

2. Ғабитханұлы Қ. Шетелдегі қазақтардың термин жасау үрдісі және қазіргі проблемалары // Терминологиялық хабаршы. №3, маусым, 2002. 48-52 бб.

3. Ғабитхан Қ. Қазақ тілінің қытайдағы зерттелуі // Терминологиялық хабаршы. №2, маусым, 2003. 110-118 бб.

4. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминология мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 400 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.

**Жұбаева О.С.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Грамматика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.*

### **А.Байтұрсынұлының қазақ грамматикасына қатысты атаулары**

**Аннотация.** А.Байтұрсынов начиная с первого десятилетия прошлого века создавал первые учебники на казахском языке. В соответствии с потребностями того исторического периода произвели на научной основе отбор системы терминологических

наименований. Важнейшее значение имел труд великого ученого А. Байтурсынова, который внес весомый вклад в становление национальной терминологии, особенно в обеспечении нужд конкретных научных отраслей и отдельных дисциплин. Главная особенность национальной терминологии 20-х годов XX века, периода А. Байтурсынова – это использование исконно казахских слов в качестве термина и максимальное вовлечение ресурсов общенародного языка.

**Ключевые слова:** термин, национальная терминология, казахские слова, общенародный язык, грамматика

**Abstract.** A. Baytursynov from the first decades of the last century created the first textbooks in the Kazakh language. In accordance with the requirements of that historical period produced a scientifically based system of selection of terminological names. Important were the work of the great scientist A. Baitursynov, which contributed to the formation of a national terminology, especially in ensuring the needs of specific industries and specific scientific disciplines. The main feature of the national terminology, the 20-ies of the XX century, a period A. Baitursynov - is to use the native Kazakh words as a term and the maximum involvement of popular language resources.

**Keywords:** term national terminology Kazakh words , national language , grammar

А. Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912-1929 жылдар аралығында бірнеше рет басылып шығып отырғаны белгілі. Академик Р. Сыздық А. Байтұрсынұлы еңбектері негізінен мектеп оқушыларына арналуына байланысты тілінің мейлінше түсінікті болғанын ескертеді [1, 251]. А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Ғалым зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. А. Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді. Сол себепті ғалым: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [2, 343-б.].

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [2, 142].

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен *бейвербалды түзілім* болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлық репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [3]. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін мектеп оқулықтарының авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз. Бұл орайда «Қазақ тілі» оқулықтарында деректі және дерексіз зат есімдерді тануда сенсорлық қабылдау түгел ескерілмей жүргенін ескерткіміз келеді. Мұнда *көз түйімі* мен *тән түйіміне* (А.Байтұрсынұлының атауы – О.Ж.) мән берілгенмен, қалған қабылдау түрлері (дәм, мұрын, құлақ түйімдері) назардан тыс қалып келеді. Сол себепті қолмен ұстап, көзбен көруге болатын нәрсе атаулары деректі зат есім ретінде, «көзбен көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер» ретінде сипатталған.

Сөз таптары адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтірендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер беретіні, яғни түрліше сипаттайтынын, түрліше ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа категорияларында көрініс табады. А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [2, 160]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерді шәкірт болашағына арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика «дыбыс жүйесі мен түрлері», морфология «сөз жүйесімен түрлері», синтаксис «сөйлем жүйесі мен түрлері» деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни, морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. Шылау сөз-

дер, оның ішінде үстеу, демеу, жалғаулықтарға берген анықтамасында А.Байтұрсынұлы морфологиялық концептінің метатілін пайдаланған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді хәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [3, 54]. Ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқанын көреміз. Яғни, ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Т.Шонанов т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда жеке етеді.

XX ғасыр басындағы зерттеушілер тіл білімінің қай саласында болса да, негізінен, А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алған. Бұл, ең алдымен, терминдерді қолдануынан байқалады. Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлының *етіс, салт, сабақты, тұйық, беделді, есімше, көсемше, қосымша, жұрнақ, жалғау, септік, ілік, табыс...*, *сан есім, сын есім, есімдік* т.б. терминдерді сол күйінде қолданған. Көптеген категорияларды танып-танытуда А.Байтұрсынұлы тұжырымдарын қуаттап, сол үлгіде түсіндіріп отырған. Алайда зерттеушілер А.Байтұрсынұлы ойларын сол күйінде қайталаған деген ойдан аулақпыз. Ғалымдар өз тарапынан да бірқатар толықтырулар енгізіп, тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосып отырған. зерттеушілердің жекелеген категорияларды тануы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен өзгеше-леу. Мәселен, А.Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы 6 түрін, Қ.Жұбанов 7 түрін атайды:

А.Байтұрсынұлы	Қ.Кемеңгерұлы[4]	Қ.Жұбанов[5]
1. өздік: -ын/-ін 2. ырықсыз: -ыл/-іл 3. ортақ: -ыс/-іс	1. өздік (возвратный): -ын/-ін 2. ырықсыз: (страдательный): -ыл/-іл 3. ортақ (взаимный): -ыс/-іс	1. өздік: -ын/-ін 2. ырықсыз: -ыл/-іл 3. ортақ: -ыс/-іс
4. салт 5. сабақты 6. беделді: -дыр 7. өзгелік: -ғыз 8. шығыс: -стыр 9. дүркінді: -ңқыра /-іңкіре 10. өсіңкі: -қыла /-кіле	4. салт (средний) 5. сабақты етіс: -ыт/-іт, -ыр/-ір, -дыр/-дір, -қыз/-кіз 6. беделді етіс: -ыт/-іт, -ыр/-ір, -дыр/-дір, -қыз/-кіз	4. салт 5. сабақты: -ыт/-іт, -ыр/-ір, -дыр/-дір, -қыз/-кіз 6. өзгелік: -тыр/-тір, -қыз/-кіз, -ыт/-іт, -ыр/-ір 7. өсіңкі: -ңқыра/-ңкіре
	многократный вид: -ңқыра/-ңкіре прогрессивный вид: -қыла/-кіле	

А.Байтұрсынұлы 15 түрлі райды келтірсе, Қ.Кемеңгерұлы райдың 6 түрін көрсетеді. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тұйық рай ретінде танылған етістік түрін Қ.Кемеңгерұлы рай қатарында қарастырмай, “неопределенная форма” деп жеке қарастырады. А.Байтұрсынұлы етіс қатарында түсіндірген дүркінді етіс, өсіңкі етіс түрлерін Қ.Кемеңгерұлы сыпат категориясына байланысты сөз етеді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көптік жалғауды Қ.Кемеңгерұлы жалғау емес, жұрнақ деп таниды т.с.с. Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралы» орыс топтарына қазақ тілін үйрететін еңбек болғандықтан, кітаптағы етіс атауларының бәрі орысша берілген: возвратный, страдательный, взаимный, действительный, средний, понудительный залог [4]. Алайда «Қазақ тілі грамматикасында» орысша атаулардың қасына қазақ тіліндегі баламасын ұсыну да А.Байтұрсынұлы ұстанған атауларды пайдаланады. Тіпті етіс ретінде танымай, вид (сыпат) деп көрсеткен «многократный вид», «прогрессивный вид» деген атаулардың баламасын беруде де А.Байтұрсынұлы терминдерін сол күйінде (*өсіңкі етіс, дүркінді етіс*) пайдаланады[6]. Оның себебі – А.Байтұрсынұлы терминдері ол кезде көпшілікке әбден танылған, орныққан терминдер болды да оқушының материалды

тез игеріп, меңгеріп алуы үшін әрі түсіндіріп отырған нәрсесі тілімізде бұрыннан бар екені, тек оларды енді басқаша танытып, көрсетіп отырғанын білдіру үшін Қ.Кемеңгерұлы аталған терминдерді әдейі қолданған деп ойлаймыз. Етіс атауларын (өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік) қолдануда кейінгі ғалымдар арасында да алшақтық байқалмайды.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші -ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. Қазіргі грамматикаларда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген:

А.Байтұрсынұлы	«Қазақ грамматикасы» [7]
жіктеу	жіктеу
сілтеу	сілтеу
сұрау	сұрау
шектеу	белгісіздік болымсыздық
танықтау	жалпылау өздік

Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді *жіктеу*, *сілтеу*, *сұрау*, *шектеу*, *танықтау* деп жіктейді. *Шектеу есімдігі* деп аталатын есімдік түрін ғалым: «нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі*, *барша*», – деп сипаттаса, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдік түрін: «нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім*, *ештеме*, *дәнеме*, *ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей*, *қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу*, *алдекім*, *алдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді», – деп айқындайды [3]. Ғалымның *шектеу есімдіктер* деп отырғаны – анықтық (белгілілік) мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдіктер – танықтық (белгісіздік) мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни, А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – *шектеу есімдігі* деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді *танықтау есімдіктері* деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген.

Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтау есімдіктерін анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім*, *ештеме*, *ешбір*), анық белгілі еместігін, (*алдекім*, *алдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір*,

*қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер – *болымсыздық есімдіктері*, анық белгілі еместігін білдіретін сөздер – *белгісіздік есімдіктері*, түгел еместігін білдіретін сөздер – *алалау есімдіктері* деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен. Сол сияқты шектеу есімдіктері өздік есімдігі және жалпылау есімдігіне жіктелген. Бұлайша жіктеу бүгінгі таңдағы оқулықтарда да үрдіс алып келеді. Яғни, кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас екенін көреміз. “Тәуелдеу есімдігі” деген атаудың орнына “өздік есімдігі” деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ. Бұл оқулықтардың бәрінде де белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйытқы болуымен жасалатыны сөз болады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *әр* сөзі шектеу есімдігі ретінде танылады. Дұрысында, *кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық, белгілілік басым. Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе* т.с.с *еш* сөзінің ұйытқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеңе* қалмады – *бірдеңе* қалмады т.б. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс сияқты.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшалайтын комиссия құрылады да оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;

ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [8].

XX ғасырдың басында қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе\* (принцип) таңдау мәселесі қызу талас тудырды. Осыған байланысты басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы “Емле туралы”, Т.Шонанов “Шет сөздерінің імләсі жайында”, А.Мамытұлы “Емле, пән атаулары туралы”, Б.Шобанзаде “Қазақ тілі емлесінің ірге кезендері”, Е.Омаров “Емле мәселесі”, Ж.Аймауытұлы “Емле, әріп жайында” т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады. 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда да осы мәселе сөз болады. Емле, жүйе (принцип) таңдау мәселесіне қатысты мақалаларында да А.Байтұрсынұлы тыңдарманға түсінікті болу жағына ерекше мән беріп, атаулар (терминдер) үшін негізінен қазақ тілінің төл сөздерін алған: «Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай)... «Азған сөз» дегенде *үйтіп, бүйтіп, сүйтіп, әйтсе де, әйтпесе, бұрнағы, бүрсі, белбеу* деген сияқты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Алдыңғысы – ондай емес, тұрлаулы өзгеріс. Солай болған соң сол күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз... Қасындағы с дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей тұр. Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ. Басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, *қасекең сау күндегі әнге салды* десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады: Мәселен, *бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба?* Дүдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, *балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, малдан, қардан, қаз-*

дан. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар – үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күнгейленгенде болатын дүдәмәлдік [9].

«Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі» деген мақаласында Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің сөздік қорына иек артқанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді. Атап айтқанда: а) А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – техника саласының терминдері емес, білім-ғылым саласына қатысты атаулар болғандықтан, ұғымға ерекше мән берілгендігін, ал ұғым атаулары әр тілдің өз сөздерінен жасалатындығын немесе калька жолымен басқа тілдерден аударылатынын; ә) термин үшін қазақ тілінің өз сөздік қорын пайдалану қазаққа әлдеқайда түсініктірек болатынын ескергенін; б) еңбектер ғылым салалары дүниеге келмеген, олардан бейхабар қазақ жұртшылығына, оның ішінде шәкірт балаларға арналғандықтан, оларға жеңілде түсінікті болу жағын көздегенін нақты мысалдармен дәлелдейді [1, 250-262].

Академик Ө.Айтбаев «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі қазақ жазуы жайындағы мақалаларындағы атау сөздерді (*дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, сөз аяғы, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш, дәйекші* деген т.б.) ете келіп, А.Байтұрсынұлы қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолданғанын айтады. Яғни, ғалым қазақ тілінде бұрыннан бар сөздерді алғаш рет белгілі бір ғылыми ұғым ретінде терминдік мәнде пайдаланғанын ескертеді [10, 35]. Елдес Омаров «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбысты – дауыс, тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбысты – жай дыбыс деп атай отырып, дыбыстардың топтастырылуын былайша түсіндіреді: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек: 1) біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс та болады, жай дыбыс та болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыс аз болады да, басқа дыбыстардан дауысы артық болады. Қатаң дыбыстардың б-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайды» [11, 67]. Бұл сөздерден де академик Ө.Айтбаев тұжырымдарының шынайылығына көз жеткіземіз.

Терминолог ғалым А.Байтұрсынұлының термин жасауда ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенгенін ескерте келіп, оны іске жарату барысында түрлі амалдар қолданғанын (ең әуелі, заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктеген (*әріп, сөз, сөйлем*) немесе оларға терминдік қызмет жүктеген, екіншіден, сөздерді тіркестіре қолдану арқылы терминдер жасаған (*түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше*), сондай-ақ түрлі қосымшаларды пайдалана отырып, сан алуан терминдер жасаған (*бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік* т.т.) ескертеді.

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [3, 92]. Ғалым *е-(емек)* етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалыуының нәтижесінде етістік мәнінен айрылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын дөп басып анықтауымен қатар, оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алғаны байқалады. Сол сияқты салт, сабақты атауларының қолдануда да осы ұстаным ескерілген.

*Сабақты* сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [12, 511] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп сабақты ине деп аталмайды. Ал сабақты етіс



болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [12, 640] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ.Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінің терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр», – дейді [13].

А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары да терминжасамда уәжділік ұстанымдарына ерекше мән бергені байқалады. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пишіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ [4].

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу, әліппе мәселелері, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шараларымен қатар термин (пән сөзі) мәселесі де арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төрекұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Өзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған байланысты Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [14].

Атауларды беруде А.Байтұрсынұлы олардың тұлғасына да ерекше мән бергені байқалады. Терминнің түсінікті, қысқа, дәл, ықшам болуы т.с.с. талаптарымен қатар тектес мәндердің бірыңғай тұлғада келуін ескерген. Ондай атаулардың қатарында *есімше*, *көсемше*; *бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш*, *нысықтауыш*, *толықтауыш*; *жіктеу*, *сілтеу*, *сұрау*, *шектеу*, *танықтау* т.с.с. Бүгінгі таңдағы субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану*, *сынсымақтану*, *үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар әдебиеттерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімінің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ*, *бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұр-

сынұлы осылайша **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде үстеу-сімек атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімек** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, үстеу сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз. Бұл орайда филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының бүгінгі таңда терминтанудағы жаңа міндеттерді абыройлы түрде жүзеге асыру үшін өткенімізді саралап, қазақ терминологиясының дамуында ерекше орын алатын ХХ ғасырдың 20-жылдарын арнайы қарастыру қажеттігі туралы ойларын әбден құптаймыз [31].

А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты зерттеулері, ұстанымдары мен тұжырымдары бүгінгі таңда да өзектілігін жоймады. Ғалым еңбектерін зерделеу арқылы өткен ғасырдың 20-жылдарында тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын аңғарсақ, екінші жағынан, репрессия зардабының нәтижесінде ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де көреміз. Ірі тіл білімпаздарының қудаланып, еңбектеріне тыйым салынуы, жазудың өзгеруі қазақ тіл білімінің өз деңгейінде дамып жетілуіне кері әсер еткені даусыз.

### *Әдебиет*

1. Сыздық Р. Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. -250-262-б.

2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.

3. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 3-том. - 384 б.

4. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 2-том. - 262 б.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.

6. Грамматика казакского языка. Составил Г.В.Архангельский. Под редакцией Кеменгерова. - Ташкент, 1927. - 62 с.

7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.

8. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.

9. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ. 27.03.29.

10. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. -624 б.

11. Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп. - 1927. - №2 (17). - 61-67-б.

12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - XII том. О - С. - Алматы, 2011. - 511-б.

13. Жұмсалымды грамматика. - Алматы, 2016. - 508 б.

14. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.

15. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1030 жылдар). - Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 240 б.

*Кауменова Р. А.*

*Абай атындағы*

*Қазақ ҰПУ-дің магистранты*

### **Қазақ тілінде төл терминжасамдағы калькалаудың тәсілі**

**Аңдатпа.**Мақала қазіргі қазақ терминологиясы және ондағы терминдердің калька тәсілі арқылы қазақ тіліне ену мәселесі, аудармалануы жайлы жазылған. Терминдердің қолданылуы және терминжасамдағы қазақ тілінің сөздік қорын пайдалану қажеттігі айтылған.

**Кілт сөздер:** терминжасам, тілдік қор, тілдік білім, кәсіби лексикасы, сөзжасам, ұлттық терминология

**Аннотация.** В статье отражены влияния на развитие казахской терминологии научно-технических терминов. Автором затронуты проблемы перевода данной категории терминов. Выделяя один из важных и значимых методов перевода как калькирование. Так же подчеркнута важность и особое место калькирования в формировании профессиональных терминов, написании научных учебников и пособий на государственном языке.

**Annotation:** Influence on the development of Kazakh terminology of Science and Technology is represented in this article. Such translation problems of terms are considered by the author. One of the important methods of translation is tracing, the author shows examples of their use. The importance of tracing on the formation of professional terms for writing books and text books in the state language is given.

Қазақ елінің Тәуелсіздігінің бір тұғыры–қазақ тілі.Қазақстан мемлекетінің Ата Заңында қазақ тілі мемлекеттік тіл атанды. Осы маңызды құжат ана тілінің өркендеуіне, мәртебесінің биіктеуіне, дамуына мүмкіндік туғызды.

Бүгінгі таңдағы басты мақсат пен мүдде де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қолдану аясының кеңеюіне,бағышталған.Қазақстан білім беру кеңістігінің әрбір сатылары мен деңгейлерінде оқытудың технологиялары нақты қойылып,тілдік білімберуден коммуникативті-прагматикалы оқуға негізделді. Осымен байланысты келелі іс-шаралар да істелініп жатыр. Әсіресе, соңғы кезде өзекті мәселелердің бірі саналатын кәсіби тілдің (қазақ тілі) кәсіби лексикасы, сөйлем оралымдары, сөйлем үлгілері, сөзжасамы, мен ұлттық терминологиясының жағдайларына назар аударылып, жас мамандарды тілдік біліммен қаруландыру мақсат етіледі. Ол – егемен елдің ұлттық сипатын көрсететін сөзжасам және төл терминдердің қалыптасуын жандандыру, дамыту.

Лексиканы толықтыратын, әрі дамытатын –терминдер. Қазақ тілі білімінде 90 жылдардан былай қарай ұлттық ғылым тілінің даму үрдісі жаңа белеске көтерілді. Оның басты себебі – қазақ тілінің ғылым тіліндегі мәртебесін көтеру, қазақ тілінің ғылым тіліне қызмет ету мүмкіндігін жан-жақты қарастыру. Бұл ретте қоғамдық ғалымдармен қатар, техникалық ғалымдардың қазақ тілінде сөйлей бастауына жағдай туғызған түрлі ғылыми зерттеулер мен екі тілді сөздіктердің көптеп жарыққа шығуы деуге болады. Әсіресе, салалық ғылымдар бойынша жарық көрген оқулықтар мен сөздіктер және мақалалар көптеп саналады.

Қоғамда үздіксіз болып жататын өзгерістер мен жаңалықтар құралы болатын тіл – қашанда қоғамнан тысқары қалмауы, қоғаммен бірге дамуы табиғи құбылыс. Тілдің кейбір қабаттары ұғымдық атаулармен толығып, өзгеріп отырады.

Заман талабына лайық, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сай, термин жасам саласын қалыптастыру бүгінгі күннің сұранысынан туындап отыр. Ұлттық төл термин – сол елдің руханы өркендеуінің, ғылымының дамуының көрсеткіші. Сондықтан бүгінде дүниеге келіп жатқан, қалыптасып жатқан терминдерге немқұрайды қарауға болмайды. Сондықтан жаңа ұғымдардың атауын жасаудың, жаңа төл термин сөздер қалыптастырудың жолдарын калькалау тәсілімен қарастыруға болады. Калька тәсілі –сөзжасамның және тілдің сөздік құрамын байытудың бір көзі. Себебі, қазақ әдеби тілдің кез келген даму және қалыптасу сатысында кальканың жағымды ықпалы жоғары болғанына ешкім дау айтпайды. Бұл, әсіресе, қазақ тілінде терминдік жүйенің жасалу жолдарына, семантикалық және синтаксистік құрылым құрылысына тигізген әсерінен байқалады. Бұл ретте салалық терминдерді қалыптастыру жағдайында, ғылыми оқулықтар жазуда кальканың орны айырықша. Кейде ғылым тілі калькалауды талап етеді.

Калька – тілдің сөзжасам жүйесін, үлгісін байытудағы терминдер мен терминдік тіркестерді жасаудың бірден-бір өнімді тәсілі екені ғылыми лексикада дәлелденген.

Калька жолымен аудару барысында, төл тіліміздегі бұрыннан бар сөздердің жаңа сөздерге балама ретінде жұмсалып, терминдік мәнге көнеді. Олардың ерекшелігі – табиғи терминдермен салыстырғанда аудармаға қатыстылығы.

Мұндай жолмен жасалған терминдерде өзге тілдің грамматикалық құрылымы байқала бермейді. Соңғы жылдары терминдерді зерттеу біраз жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

Бұл жөнінде Ә.Қайдар «Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке. Терминологические кальки по своему характеру делятся на два типа: смысловые и структурно-смысловые» деп калькалау тәсіліне сипаттама береді [1]. Түрколог ғалымдар калькалау тәсілі арқылы сөзжасам түркі тілдерінде кеңес дәуірінде кең өріс ала дамыды, оған себеп орыс тілінің тікелей әсері болды. Калька тәсілімен өнімді термин жасау: қазақ, қырғыз, азербайжан, түркімен тілдерінде ерекше байқалды деп атап көрсетті. Бұл тәсіл ана тілінің ішкі мүмкіншіліктерінен жасалғанын ескерсек, ол сөздер тізбегінде кірме сөздер деу қиындау. Қазақ тілінде калька жолмен жасалған терминдер қатарын екіге бөлуге болады.

Дара терминдер: жарылыс (взрыв), шөгінді (осадки), ілмек (крюк), талдау (анализ), түйісу (контакт), түп (забой), араластыру (смещение), қабат (слой), қатпар (складка), дабыл (сигнал) т.б. тілде бар сөздер негізінде туындаған дербес сөздер. Дара терминдер орыс тіліндегі мұндай терминдердің морфологиялық құрылымын менгере отырып, тілде бұрыннан бар сөздерінің негізінде пайда болған дербес терминдер.

Күрделі терминдер (тіркесті терминдер): сығу дәрежесі (степень сжатия), бұралқы су (сточная вода), құбыр басы (трубная головка), түпті бекіту (крепление забоя), айдау қақпағы (нагнетательный клапан), қысым өлшегіш (манометр), тоқ сызығы (линия тока), аумалы қысым (критическое давление).

Өткен жылдың көктем айларының бірінде ҚР Ұлттық кітапханасында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Өмірзақ Айтбайұлының 5 томдық таңдамалы еңбектерінің тұсаукесері өтті. «Қазақ терминологиясының мәселелері» [2] атты алғашқы кітапта терминологияның тіл құрылымындағы рөлі, жүз жылға таяу тарихы, жасалу көздері мен принциптері, әдеби тілді дамытудағы орны және т.б. өзекті мәселелер сараланып, ғалымның тың көзқарастары ұсынылған болатын.

«Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» кітабында тіліміздегі тұрақты фразеологизмдердің және ауыспалы, астарлы мағынадағы перифраздардың әр алуан қолданыс ортасындағы табиғаты сөз болады. «Тілтірес» атты кезекті томда қоғам қайраткері Өмірзақ Айтбайұлының мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлары мен Халықаралық «Қазақ» тілі қоғамының тіл майданындағы ширек ғасырлық қызметі жан-жақты баяндалады.

Кез келген халық өзінің туған тіліне, оның тағдырына немқұрайды қарай алмайды. Алаштың азаматы Ж.Аймауытов: «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», [3] – деп, қасиетті ана тілінің құдіретін үлкен шеберлікпен айтқан.

Ана тілі – халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірмен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір, өзіне қажетті жаңалықтарды туғызса, сол жаңа ұғымды жаңа атаумен қамтамасыз ететін тіл. Жаңа атаулар, жаңа терминдер, жеке сөздер күнделікті тілдік айналымға енді. Қазақстан мемлекетінің егемен елдігін білдіретін нышандарға қатысты қаншама атаулар, терминдер қалыптасты.

Елімізде *елтану*, *рәмізтануға* арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Кем дегенде екі сөзден құралып, байырғы сөздердің жаңа лексикалық мағынаға ие болуы: *ата-*

заң, ар-ождан, әнұран, елорда (столица), ақорда (резиденция)елтаңба, елтану (страноведение), елтаңбатану (геральдика), елбасы, елұран, жұмыр жер, галамшар, нышансөз (идиограмма), ойсөз (логограмма), рәмізбаян (блазон), тубегі (знаменоносец), тутанушы (вексилолог), тутұғыр (флагшток), ұрансөз (девиз), медицина ғылымында: көкжелке, көк жұлын, сегізкөз, көгала, көктүйнек, соқырішек т.б. біртұтас жасалым ретінде қолданылады.

Сөздерді біріктіру – жаңадан сөз жасаудың, тілдің лексикасын байытудың өнімді тәсілдерінің бірі. Бұл тілдік бірліктер – нағыз ұлттық бояумен дүниеге келген жаңа жасалымдар. Мемлекеттік рәміздер – ел тарихының ажырамас бөлігі, белгісі, әлемдік деңгейде өркениетті елдермен терезесі тең келетін – бойтұмары.

Тіл – халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірмен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір, өзіне қажетті ұғымды туғызса, сол жаңа ұғымды жаңа атаумен қамтамасыз ететін –тіл. Осы тұста айта кететін бір жайт, қоғамдағы қарқынды өзгеріске сәйкес тілдің де дамуында серпіліс, жандану бар. Қазіргі тіліміздегі жаңа қолданыстағы туындылардың сәттісі де, сәтсізі де баршылық. Әйтеуір жаңа ұғымды осылай атау керек деген дәстүрмен аталым, термин жасау – қателік. Тіл –тазалықты, тұнықтықты, мөлдірлікті қажет етеді. А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы жайында: «Тіл тазалығы–ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілдік сөзді тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», – деген ойы дер кезінде айтылған қағида.Кезінде А.Байтұрсынұлы ғылыми айналымға енгізгенкөсемсөз,шешенсөз,қарасөз,заманхаттерминдері кезінде керемет дәлдікпен жасалған жасалымдар болатын. Әрине, Кеңес дәуірі тұсында бұл терминдердің орысшасы қолданыс тапты да, қазақша ұлттық терминдер шетқақпай болып, көлеңкеде қала берді. Ал, ғалым осы терминдердің мақсаты мен міндетін, қандай ұғымда жұмсалатынын айқындап көрсеткен еді.

Көсемсөз – «публицистика», қарасөз «проза» т.б. Қарасөзбен көсем сөздің басқа сөздерден айырмашылығын, мағынасын толық сипаттап көрсеткен. Бұл терминдер бірінің орнына бірі қолданылмай, әрқайсысының атқаратын қызметі мен ұғымды білдіру міндеті бір емес екенін ашып айтқан. Қазіргі таңда баспасөз, ақпарат беттерінен осы терминдердің қайтадан қолданыла бастағаны құптарлық жайт.

Бүгінгі күні термин сөздер мен атаулардағы ала-құлалықтың басты себебі бірінші кезекте, сөздіктер десек, қателеспейміз. Әрине, бұған мерзімдік басылымдардың да қосып отырған «үлесі» аз емес. Бұл – қазір мемлекеттік тілімізді, оның ішінде ұлттық төл терминдерді қалыптастыруда пайдасынан зияны көп болып отырған тағы бір үлкен мәселе. Осының салдарынан жарыспалы сөздер жаппай етек алды. Бұрын қалыптасқан сөздердің жаңа баламалары пайда болып, жұртты шатастырды. Мысалы, «охрана» сөзі әуелде «күзет» деп алынған еді. Енді оны қазақ тілді басылымдар «қорғауыл», «сырттауыл», «сайдауыл» деп те алып жүр. «Семьяны» әлі күнге дейін «жанұя» деп жазады. Ол әлдеқашан «отбасы» деп қабылданып қойған. Бұл жерде «Қазаншынның еркі бар қайдан құлақ шығарса» деген мәтелдің маңызы қазақ тілінде жүрмейді. Қазақ Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-байтақ жерді жайлап отырса да, тілінде диалектісі жоқ еді, енді сол диалектіні өзіміз қолдан жасап бергелі отырмыз.

Ал диалект сөздерді термин сөз ретінде мүлдем қолдануға болмайды. Бұл мәселеде тәртіп болмаса, қалың жұртшылықты былай қойғанда, термин жасаушы мамандарымыздың өзі көп ұзамай әбден шатасатынын, ал уақыт өте келе оны ретке келтіру өте қиынға соғатынын қазірдің өзінде сезіп отырмыз.

Қоғам өмірінің экономика, ғылым-білім, мәдениет пен өнер сияқты секторлары өз кезегінде сала-салаға тарамдалып кететіні белгілі. Міне, осы салалардың әрқайсысында басшылыққа алынатын бір ғана сөздік болуға тиіс. Мейлі, ол «үлкен сөздік» деп атала ма, мейлі 2-3 кітаптан тұра ма, бәрібір, алайда ол бір ғана сөздік болуға тиіс. Оған сол салада шығып үлгерген барлық сөздіктердегі қамтылған сөздер ек-

шеліп алынуы керек. Сөйтіп, ол баршамыз басшылыққа алуға тиісті міндетті басылым болуға тиіс. Бұл – үлкен жұмыс. Бір институттың жұмысы. Біліктілік пен білімді қажет ететін аса қиын әрі күрделі жұмыс. Алайда бұл – зәру қажеттілік. Онсыз қазіргі жағдайды және болашақта орын алуы ықтимал бейберекеттікті түзеу мүмкін болмайды. Ендеше, төл терминдерді қалыптастыру ісі де қазіргі күйінен арыла алмайды. Сондықтан терминографиядағы осы істі, қанша қиын болса да, қолға алатын уақытты өткізіп алмау керек.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады» [4] деген пікірін естен шығарып алғандаймыз. Расында дайын сөздерді лек-легімен лексикамызға ала беру тіл тазалығына нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан өркениет тілін тұлғасын өзгертпей қолдана беру біздің тіліміздің мүмкіншілігін пайдаланбау болып табылады.

Расында тілімізде жаңадан қалыптасқан терминдер бірден құлаққа сіңіп кетеді, олардың бәрі бірдей қолданысқа түсуге бейімді деуге болмайды. Мәселен, «сынып», «пайыз», «үрдіс», «үдеріс», «құжат» сөздеріне үйрену үшін белгілі уақыт өтті. Келе-келе құлаққа сіңіп, кеңінен қолданысқа еніп те кетті. Сондықтан сәтті шыққан терминдерді сұрыптап терминологиямызды қалыптастыру қажет.

Олай болса, ғылым мен техника саласындағы терминдерді ұлт тілінде қалыптастырып, төл терминге айналдыру – тіл білімі үшін, қазақ тілінің болашағы үшін, қысқасы ғылым тілін қазақша сөйлету үшін қажетті шаралардың бірі.

Ұлы ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алған осы көзқарас тіл жанашырларынан қолдау тапса, ғылым тілі қазақша сөйлейді. Алайда, оған қол жеткізу белгілі бір тарихи кезенді қамтиды.

### *Әдебиет*

1. Қайдар Ә. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» Алматы «Рауан» 1993 ж.
2. Айтбаев Ә. «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» Алматы: «Ғылым», 1988 ж.
3. Аймауытов Ж. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» Алматы, 2009 ж.
4. Байтұрсынұлы А. «Ақ жол» Алматы, 1991 ж.

***Керімұлы Ә.***

*Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-Түрік университетінің профессоры*

### **Ескі түркі тілінде жазылған әдеби мұраларды аударудың кейбір мәселелері (XI–XIV ғғ.)**

Қазақтың тіліне, әдебиетіне, тарихына қатысты түркі тілінде жазылған көптеген ескерткіштер бар. зерттеушілердің көрсетуінше, олардың саны «70-80 мыңға жетіп жығылады екен» [1, 102].

Өкінішке қарай, аса құнды осы жазба мұралардың көпшілігі күні бүгінге дейін мұқият зерттеліп, ғылыми айналымға түскен жоқ. Оның бірнеше себептері бар. Совет өкіметінің дінді зиянды деп тауып, оған қарсы пәрменді күрес жүргізгені белгілі. Мыңдаған жылдар бойы қолданып келген араб жазуын 1930 жылы латын жазуына,

кейін орыс жазуына ауыстырды. Сөйтіп имандылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулитын небір құнды мұраларды оқи алмайтын дәрежеге жеткізді. Оның үстіне «діншіл» деп, «молда» деп ескіше хат танитын адамдарды қудалады. Кейін араб жазуымен жазылған еңбектерді оқитын, үйінде сақтайтын кісілерді де қатаң жазалады, айдады, атты.

Міне, Егеменді ел болдық. Өткен-кеткенді түгендеп, өкініштердің орнын толтырып жатырмыз. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Әдеби жәдігерлер» атты серия бойынша 2007–2013 жылдар аралығында жиырма томдық басылымды дайындап, жарыққа шығарды. Бұл басылымда көне және ескі түркі тілдерінде жазылған жиырмадан астам жәдігер қазақ тіліне аударылып берілді. Осы жиырма томдықты баспаға дайындау барысында ескі түркі (XI–XIV ғғ.) тілінде жазылған әдеби мұраларды аударатын мамандардың аздығы анық байқалды.

Көп жылдан бері профессор Әбжан Құрышжанұлы ескі түркі жазба ескерткіштерін қазақ тіліне аударып, қалың қауым оқушылар үшін олардың барынша ұғымды болуын қалаған еді. Ахмед Йүгнекидің «Ғибадул хақайық» («Ақиқат сыйы»), Ю. Баласағұнидің «Құтадғу біліг» деп аталатын әлемге әйгілі еңбегін түгелдей қазақ тіліне аударып шықты.

Аударма мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың зерттеулерінде фразеологизмдерді аударудың жолы, қиындығы туралы әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Академик Өмірзақ Айтбайұлы: «Көркем аудармада фразеология мәселесі өте қиын да күрделі мәселенің бірінен саналады. Бұл проблеманы дұрыс шешудің бір жолы фразеологизмдердің табиғатын түсінуде жатыр. Оның түрлерін, соған орай көркем туындыда атқаратын қызметін жете ұғып алмай тұрып, екінші тілге аудару жөнінде сөз болуы мүмкін емес» дейді. және фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді аударудың бірнеше жолын саралап көрсетеді [2,449].

Әбжан Құрышжанұлы ортағасыр ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді жинап, қазақ тіліне аударып, жеке кітап етіп шығарған еді. Ғалым тәржіме жасаушы жас талапкерлерге жүктелетін міндеттерді былайша санамалап көрсетеді:

Аудармашы аударуға тиісті шығарманы түпнұсқа күйінде (не болмаса соның фотокөшірмесі бойынша) оқи алатын болуы шарт.

1. Ол шығарманың қай уақытта, қай жерде (ортада), қандай тілде жазылғандығын анықтап алған артық болмайды.

2. Сол анықталып отырған тілдер бойынша тәржімашының арнаулы мамандығы болса, ол тілдер туралы жазып, жариялап жүрген еңбектері жарық көріп жүрсе, нұр үстіне нұр болар еді [3, 6].

Міне, тәжірибелі аудармашының жас талапкерлерге қояр шарттары осылай болып келеді.

Аты әлемге әйгілі түркітанушы Әмір Нәжіп көп уақыты мен мол күш-қуатын XI–XV ғасырлар аралығында араб алфавитімен жазылған әдеби ескерткіштердің тілін зерттеуге жұмсады. Сейф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» (Гүлстанның түрікшесі) деп аталатын қолжазбасының тілі бойынша докторлық диссертация қорғады. Ол еңбегі «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарайи и его язык» деген атпен 1975 жылы Алматыда екі кітап болып жарық көрді.

Ә.Нәжіп осы аталған ескерткіштегі нақыл сөздерді орыс тіліне аударып, «Ожерелье мудростей» деген тақырыппен жариялаған екен [4]. Ғалымның бұл мақаласы «Ожерелье Гулистана Сайфа Сарайи» деген тақырыппен Түркістан қаласында жарық көрген монографиясында да басылды [5].

«Гүлстаннан» іріктеліп алынған бұл материалдар өте құнды. Өйткені түпнұсқада жазылғандай араб әрпімен берілген де, орыс әрпімен транскрипцияланған. Аударма да сәтті шыққан. Анық, дәл аударма. Ескі түркі тілін зерттеушілер үшін де, аударушылар үшін де үлгі боларлық еңбек.

Мақаланың соңында Ә.Нәжіп аударған нақыл сөздердің кейбіреулерін қазақ тіліне аударып беруді жөн санадым. Бұл сөздердің әрқайсында терең мағына бар, тәрбиелік мәні зор.

**1. Қачан сәндән білікті ер ашып аузын сөзә келсә,  
Нече йахшы білүр болсаң, сөзіңә и'тираз етмә,  
Қашан сенен білімді адам аузын ашып сөйлер болса,  
Неше жақсы білсең де, сөзіңе қарсы келме (ынтамен тыңда).**

**2. Білімді адам 'аттар дүкәні дурур,  
Сөзләмәйін елгә өзін білдүрүр.  
Білімді адам бақалшы дүкені сияқты,  
Сөйлемей-ақ елге өзін білдірер.**

«Аударматарихы алыстан келе жатыр. Дүние жүзінің атақты ғалымдары да бұған ерекше көңіл бөлді. Бір халықтың екінші халықпен қарым-қатынас жасауы, танысуы, өз елінің ой-санасын өркендетудің тиянақты тірегі екенін олар баяғыда-ақ ұққан болатын [6, 104].

1917 жылы Сәкен Сейфуллин «Қалтасында біреудің» деген өлең жазады. Оны «парсы ақыны Шайх Сағдиден», - деп, өзі көрсеткен екен. Сол өлеңінде Сәкен:

Қалтасында біреудің  
Жұпары болса сақтаулы,  
Жұпарын ол дауыстап,  
Көрмейді лайық мақтауды.  
Мақтамай-ақ әркімге,  
Жұпардың өзі-ақ білдірер.  
Үндемей-ақ төңірекке,  
Тәтті иісін сіндірер, - дейді [7, 75].

«Осыны Сәкеннің Сағдиден алуы – даусыз. Ал «Кәлила мен Димнада» бұл сөзді егеуқұйрыққа құзғын айтады», – дейді С.Талжанов [6, 108].

**3. Һүнәр зайи 'болур көргүзмәсә ер,  
Һүнәр көргүзгән ер шәһд-ү шәкүр йер.  
Өнер зая болар (жоғалар) көрсеттесе ер,  
Өнер көрсеткен адам бал мен шекер жер.**

**4. Өгүт алғыл білікті ерден, ей шах,  
Білікті ер кәләмі таза гүлдүр.  
Үгіт (кеңес) алғыл білімді кісіден, ей шах,  
Білімді адамның сөзі таза гүлдүр.**

**5. Ердәм ернің дәулеті дүр, біл йақын.  
Білім – адамның байлығы (мұны) жақсы біл.**

**6. Ердәм бір чәшмә дурур ким, дәйім суы ташып келә дурур.  
Білім – суы дәйім (үнемі) тасып шығып жататын қайнар.**

**7. Мұғалім болмаса һайбатлы, ей жар,  
Сақалынан тұтып оғланлар ойнар.  
Мұғалім болмаса айбатты (сұсты), ей дос,  
Сақалынан тұтып (ұстап) балалар ойнар.**

**8. Адамы 'айбыны көрүб ачма,  
Езгі сөзні көні деп ант ічмә.  
Адамның айыбын көріп ашна (бетіне баспа),  
Қисық (бұрыс) сөзді дұрыс деп ант іште.**

**9. Һәркім улуларға сөгәр,  
Тілі білән өз қанын төгер.  
Кімде-кім үлкендерді сөгәр,  
Тілімен өз қанын (өзі) төгер.**



**10. Көнілік хақ ризасы дүр, көні бол,  
Сәні мақсудуңа елтүр көні йол.**

Әділдікті хақ ұнатады, әділ бол,  
Сені мақсатыңа жеткізер тура жол.

**11. Көрклі йүз жаһан жаны, фараһ кәні дурур.**

Көрікті (ашық) жүз – жаһан жаны, қуаныш кені.

**12. Қачан ким бір кішіні инжжитсаң, дағы соңра йүз раһатың текса, ол ин-  
житкәнің аның йадындан кетмәс.**

Қашан бір кісіні ренжітсең, кейін жүз (рет) рақаттандырсаң да, ол ренжіт-  
кенің оның жадынан кетпес.

**13. Һәркім өз асылына жафа қылса,  
Лажарам егүлүк йүзүн көрмәс.**

Кімде-кім өз асылына (туысына) жамандық қылса,  
(Ол) ешқашан жақсылық көрмейді.

**14. ‘Амалсыз ‘алым балсыз зәнбүргә охиар.**

Еңбегі жоқ ғалым балсыз араға ұқсар.

**15. Ашыққан ер білән йолдаш болма.**

Ашыққан адаммен жолдас болма.

**16. Үзмәс ики білікті бір қылны,**

**Сақламас аһмақ адамы тілні.**

Үзбес ақылды бір қылды,

Сақтамас (тыймас) ақымақ тілін.

**17. Һәркім жандан ел йугай,**

**Не кім көңүлдә болса, тілінә кәтүргәй.**

Жанынан күдер үзген әркім,

Көңілінде не болса, (соны) тіліне келтірер (айтар).

**18. Ата мейріндән уста жәврї йақшы,**

Әке мейірінен ұстаздың қаталдығы жақсы.

**19. Айа оқ атқучы, йақшы сақышлап ілк, андан ат,**

**Білүрсән, оқ қачан йадан чықар болса, йәнә келмәс.**

Ей оқ атушы, алдымен жақсылап көзде, содан соң ат,

Билесің, оқ қашан жайдан (садақтан) шығар болса, қайта келмес.

Аударма мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар көбінесе аударманың екі түрі бола-  
тынын айтады: «Біріншісі – мезгіліне, сол елдің ұғымына сәйкес аударылады. Бір  
халықта айтылған ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түпнұсқаның ұзын-ы-  
рғасы беріледі. Екіншісі – бір елде айтылған пікір сол қалпында дәл жетеді, ой ырғағы  
жоғалмайды. Алдыңғы әдіс ауызша таралады, ал кейінгі әдіс жазба әдебиетте орын  
тепкен» [6, 120].

Жазба әдебиет болғандықтан, «Гүлстаннан» алынған үзінділерді біз соңғы әдіс  
бойынша аудардық. Сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібіне де, сөйлем құрылысы-  
на да айтарлықтай өзгеріс енгізілместен, түпнұсқаға жақын аударылды. Мүмкіндігін-  
ше автордың стилін сақтауға тырыстық.

Сөйлем ішіндегі жақшаға алынған сөздер мәтінде жоқ. Кейбір сөздердің мағына-  
сы көмескіленіп, күңгірт тартқан. Жақша ішіндегі сөздер сондай мағынасы күңгірт-  
тенген сөздердің мәнін аша түсу үшін алынған сөздер.

## Әдебиет

1. Жеменей И. Жазба деректер және аударма мәселесі / Түркология, № 4, 2011.
2. Айтбаев А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. «Арыс» баспасы, Алматы, 2007.
3. ҚұрышжанұлыӘ. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы, 2001.
4. Исследования по восточной филологии. М., 1974. С. 159–179.

5. Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан, 2004. С. 95-198.

6. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. –Алматы, 1975.

7. Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. 2-том Алматы, «Қазығұрт», 2004.

**Көбденова Г.Б.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ф.ғ.к.*

**Мухамметалиева Г.**

*«Туран» университеті*

## **Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларын аудару мәселелері**

Аудармаға қатаң талап, талғаммен қараған дұрыс. Аударма жетілдірілген сайын ол соншалықты күшті әрі маңызды, ал көбейген сайын соншалықты бір ұлттың дәстүрі екіншісімен терең ұштасады, әдебиеттердің өзара ықпалдастық процесі пәрменді жүреді.

Бүкіл адамзат баласы бір ғана әлемде өмір сүреді. Сондықтан сол бір ғана әлем жайлы танымы да, түсінігі де ұқсас келеді. Дегенмен әлемдегі сан мыңдаған халық пен ұлт өкілдерінің әлем туралы түсінігі мен танымында ерекшеліктер болатындығын жа жоққа шығаруға болмайды. Бұл ерекшелік әрбір ұлт пен халықтың тарихына, салт-дәстүріне, менталитеті мен территориялық орналасқан жеріне байланысты болатындығы хақ. Ал, біз өз кезегімізде түр-түс атауларының аудармада берілуін, оның қазақ және ағылшын тіліндегі мәдени, тарихи, салттық ерекшеліктерін, аударылу сипаттары жайлы қарастырмақпыз.

Түр-түс мәселесін арнайы қарастырған отандық лингвист ғалымдар қатарында Ә. Қайдаров, Ұ. Серікқалиева, Қ. Қайырбаева, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, Б. Хасенов, А. Әділова, Н. Аитова, Р. Бекешева деген ғалымдарды атап көрсетуге болады. Түр-түс атауларының ағылшын тіл білімінде Э. Сепир, Б. Уроф, Б. Берлин, П. Кей, Ж. Андре, Г. Херне, А. Мэтьюз, Р. Фрумкина есімдерімен байланыстырамыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түстерді сәйкестендіріп зерттеу – бұл қатынаста перспективті түрде көрінеді: мағынасы бойынша сыртқы ұқсастығына қарамастан, бұл тілдер өз алдына әр түрлі «түстерді» құрайды және осы мағынада әр түрлі әлемге деген көзқарас пайда болады.

Халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін түр-түстерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тіларалық қатынастар дамыған осы кезеңде шетел тілін ана тілімізбен салғастыра зерттеу тіл білімінің әрбір саласы оның ішінде аударматану үшін маңызы зор.

Түр-түс атаулары – ортақ, ұқсас белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік, бейнелілік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа поэтикалық қырынан таныстыратын әрі таным құралы, әрі стильдік тәсіл [1,131б].

Қай тілді менгерсек те оны әдемі, таза шебер сөйлей білуіміз керек. Ал түр-түстер тіліміздің көркемдігін, нышанын беретін шұрайы. Сол себепті ағылшын тілінде сөйлеуді менгеріп қана қоймай тілді әдемі, шебер, көркем сөйлеуіміз керек. Тыңдаушыға ойымызды әсерлі жеткізе білуіміз қажет. Ол үшін ана тіліміздегі түр-түстердің мағынасын жақсы түсінуіміз қажет. Мінеки, сондықтан аудармашыны машинамен немесе компьютермен ауыстыру мүмкін емес. Адам, тек адам ғана тіл байлығын барлық жағынан пайдалана алады.

Когнитивтік аспектіде тілдік зерттеулерде, оның ішінде фразеологизмдер құрамында қаралуда түр-түс атаулары әлі де зерттеушілер назарынан тыс қалмай келеді. Алайда осы күнге дейін ажыратылмай келген екі нәрсе – ол түстердің ауыспалы мағынасы, көп мағыналылығы, омонимділігі мәселесі және күрделі атаулар құрамындағы түр-түс лексемалар. Негізгі түс атаулары (*ақ, көк, қызыл, сары, жасыл, қара, қоңыр*) бұрынғы зерттеулерде этимологиялық табиғаты анықталғанмен, тілдік қолданысында түрлі мазмұн алуы қайтадан сол түстердің ауыспалы мағыналары ретінде түсіндіріледі.

Түр-түс атауларының мағынасының жүйесі қазіргі ағылшын тілінде маңызды түрде әр түрлі таралуы мен күрделілігімен сипатталады, әсіресе, ол түрлі түсті түстердің атауларын құратын бөлікте көрінеді.

Түстердің аталу жүйесі ұсынылуы бойынша семантикалық аймақта негізгі қырларымен көрініс табады:

1. концептуалды жалпылық - қарастырылатын көптеген енулердің бірліктері болып табылады, олар «түс» концепт аспектісін көрнекілеушілері болады;

2. түстердің мағынасының көптеген бірліктері мынадай бейнеде құрылған, ол оның ядросы мен перифериясын бөліп қарастыруға мүмкін болатындай етіп көрінеді. Бұл жерде келіспеушілік туындауы мүмкін. Бір жағынан көптеген түстердің мағыналық орталығын бөліп алуға болады, олар экстралингвистикалық критерияларға – физика бойынша білімге, басқа сөзбен айтқанда түстің негізгі спектрлеріне негізделеді (*red, orange, yellow, green, blue, violet*) және олар түстің семантикалық аймағының ядросын құрады. Барлық басқа түстер берілген аймақтың алыстағы және жақын аймақтағы перифериясын құрады. Сондықтан да, құрылған аймақ түсі түсті қабылдау моделінің бейнесі ретінде көрінеді, ол көптеген адамдар үшін, сәйкесінше көптеген тілдер үшін байқалмайтын нұсқада сипатталады. Сонымен бірге, аймақтық түсті құрудың принциптік басқа моделі де құрылуы мүмкін, ол сол не басқа бірліктерді қолданылуы жайындағы статистикалық мәліметтер базасы негізінде жүзеге асырылады. Бастапқы көзқараспен қарағанда, екі модель де сәйкес келуі керек, дегенмен практикалық зерттеулердің мәліметтері бұл мазмұнды теріске шығарады: көп жиілікте қолданылатын тек қана төрт негізгі түстер спектрі болып табылады - *blue, green, red, yellow*. Сонымен қатар, мынадай сын есімдер: *pink, scarlet, gold* және тағы да басқалар. Нағыз осы түстердің атаулары бұл жағдайда семантикалық аймақта қарастырылатын ядроны құрады. Ұсынылған зерттеуде, екінші, семантикалық түр-түс аймақты құрудың сандық моделі қабылданған. Қарастырылып отырған аймақтың элементтері бір жақты емес, сондықтан оларды әр түрлі критериялар бойынша топтастырудың мүмкіндігін туғызады:

1. Түс атауының құрылымы бойынша, оларды жай (*blue, red, magenta*), күрделі (*sky-colored*) деп бөлуге болады, олардың ішінде күрделі, күрделі өндірілуші және сонымен қатар қосалқы деп бөліп қарастырылады.

2. Түстердің сындық стилистикалық жатқызылуы бірдей емес; олардың біреуі нейтралды бояу сөздеріне; басқалары – поэтикалық лексикаға, үшіншілері – қарапайым сөзге жатқызылуы мүмкін.

Ю.Д. Апресянның ағылшын-орыс сөздігіне негізделе отырып, мынадай мысал келтіруге болады:

«*Green*» сын есімі өзінің бесінші мағынасында поэтикалық белгіні иемденеді.

1) жаңа, гүлденуші, күшке толы

*greenold age* – гүлденуші /ашық жарқын/ кәрілік

*enjoying a green old age* – жасына қарамастан әлі де жас

*to keep a memorygreen* - есінде мәңгі сақтау

*recollections of his youth were still green in his mind* – оның есінде жастық жайындағы есте қалулар әлі де сол қалпында

2) жас, жұмсақ

*the green years* – жас кезде

*he is green in years* – ол жас (жылдармен)

3. Түрткі жеке не мүлдем болмаған жағдайда түрткі туғызушы атауды немесе бүгінгі күні мұндай түрткі туғызбайтын атауды бөлу ұсынылады. Алдын ала жүргізілген талдаудың көрсетуінше, қазіргі ағылшын тіліндегі семантикалық аймақтық түс ядросы, негізінен түрткі туғызбайтын сын есімдер арқылы құрылған. Белгілейтін жайт, түрткінің жеке не мүлдем болмауы синхрондылық жағынан қарастырылады.

Мысалы, В.К. Мюллердің ағылшын-орыс сөздігінде, “*yellow*” сын есіміне мынадай тұрақты сипат беріледі [2, 636]:

*Yellow flag* – карантинді жалау. Бұл тұрақты мән нақты түрткіні иемденеді. Ол карантиндік сары жалаудан бастау алды, оны кеме капитаны егер де бортта сары қызбамен ауырғандар болса, портқа шығар алдында мачты қолданған. Сол кездердегі Британияның темір әміршісінің жалауын “Юнион Джек” деп атаған, ал карантиндіктер “Сары Джек” деп атаған.

Ақырында, түстерді ыңғайластырудың аксиологиялық күш түсіруі әр түрлі болады. Белгілейтін болсақ, дәстүрлі үлкен емес бағалау күші негізгі түстер спектрінің мағынасына жатқызылады және ол бояуларды атау кезінде жылдам түсіп кетеді.

Мысалы, «кызыл түс» қауіпшен, отпен, тітіркенулермен байланысты; “*blue*” сын есімімен, көбіне, жағымсыз, қалыпты еместер байланысты болады.

Басқа жағынан алып қарағанда, белгілі бір көңіл-күйді немесе осы не басқа мағынаны жеткізу үшін, қарастыру ортасынан дәстүрлі емес сындық түстерді қолданумен байланысты үлкен көлемдегі авторлық коннотациялар санын алып тастауға болмайды.

Сонымен түр-түс атаулары әрбір халықтың лексикалық қорында көптеп кездеседі. Әрбір тілдегі түр-түс атауларының аудармасы белгілі бір заттың сапалық сынын білдіретін, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория болып саналады. Әрбір халықтың ұлттық дүниетанымында қалыптасқан түр-түс символдары арқылы сол халықтың салт-дәстүрін, менталитетін, мінезін тануға болады.

Академик Ә.Т. Қайдар қазақ тіліндегі жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асағанын айтады. Олардың ішінде сөз тұлғасымен (түбір, туынды түбір, біріккен сөз түрінде) берілетін түр-түс атаулары (ақ, боз, сұр, кара, ала, ал, қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдыр, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, сарғыш, ақша, зеңгір, бұрыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай) – бәрі болып қырыққа жуықтайтын көрінеді.

Ағылшын сөз тіркестерін көптеген құрушылар белгілі емес. Ол арқылы салттары, сенімдері, дәстүрлері, тарихи фактілері және шынайылықтары көрінеді. Көптеген фразеологиялық бірліктер мамандандырылған лексикадан пайда болған. Мысалы, *blue stocking* сөз тіркесі (көк шұлық) бір лондондық салонға келген келуші көк шұлық киюінің нәтижесінде аталып кеткен. Бұл атау сол кездің өзінде көрермендік сипатта болған, қазіргі кезде бұл фразеологизм қыз немесе әйелділіктен айырылған әйелге қатысты қолданылады. *Black ship* фразеологизмі ағылшын тіліне халықтық сенімнің арқасында енді, яғни кара қой шайтанның белгісін білдіреді. Қазіргі кезде ол «отбасында кемтарсыз» деген мағына береді: *There is a black ship in every flock.*

Шекспирдің шығармасында кездесетін фразеологизмдер Таурааттан (Библия) кейін саны жағынан екінші орында тұр. Бәрімізге белгілі, Шекспирге «*green*»: *green-eyed monster* (қызғаныш), *green years* (жастық шақ) элементтерін құратын бірнеше фразеологизмдер жатады.

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларын ағылшын тіліне аударуда олардың ауыспалы мағыналарынан алшақтық пен үйлесімсіздік көбірек байқалады. Ол, әрине, ең алдымен бұл екі тілдің екі басқа табиғатына байланысты болса, екіншіден ауыспалы мағыналардың қалыптасуына ұйытқы болып тұрған қазақ халқының ментальдық

ерекшеліктерін аударушының жеке басы біле бермеуінде, олардың қалыптасуына негіз болған этнолингвистикалық мотивтерін аңғара алмауында болса керек.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі негізгі түстер қатары сәйкес келеді. Мұндай дерек бола тұра, бұл тілдерді қолданушылар кеңістігінің түстерді қабылдауында өзіндік ерекшеліктері бар. Бұған қоса түр-түс атауларын аудару барысында «кейбір сөздердің мағынасы бұлдыр болып келеді, түр-түс атаулары ешбір түс кеңістігіне нақты сәйкес келмейді, есесіне оның түгел аумағына сәйкес келетініне» назар аударуды қажет ететін жағдай [3, 66 б].

Көптеген қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған шығармалар бойынша түпнұсқа мен аударманы өзара салыстырып қарастырғанымызда түр-түс атаулары шартты түрде болса да, үш түрлі балама қалыптасқандығын көрсетуге болады. Олар:

1) Тіркес мағынасы мен құрамы дәлме-дәл баламалар;

2) Түпнұсқадағы түр-түс тіркесінің мағынасы мен бейнелі өрнегі жағынан аудармадан бірде кем, бірде артық түсіп жататын «шамалас аудармалар»;

3) Түпнұсқадағы түр-түс атаулары мен тіркестерінің ағылшын тіліндегі аудармада мүлдем жойылып кетуі.

**Ағылшын тілі басқа да кез келген тілдер сияқты айтылымы бай, сөзбе сөз түсінуді қажет етпейді, олай болған жағдайда біз қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін аудармаға тап болатын едік.**

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түстердің қалыптасуына қазақ және ағылшын ұлттарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері негізі себеп болған деген тұжырым жасауға болады.

#### *Әдебиет*

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.

2. Мюллер В.К. 24-е изд. - М.: Русский язык, 1995; Электронная версия: Палек, 1998. – 2106 с.

3. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана: Парасат-KZ баспа үйі, 2010.

4. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

5. Siegfried W. Colour and Language: Colour Terms in English, 1992. 203р.

6. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер.

7. Москович В.А. Система цветообозначений в современном английском языке // Вопросы языкознания. – М., 1994. – №6. – С. 94-95.

*Қанагатов М.С.*

*Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ магистранты*

### **Ілеспе аудармадағы моделдеуге қатысты мәселелер (Қазақстан мен Иран Ислам Республикасының энергетика саласындағы дамуының келешегі)**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада Қазақстан мен Иранның энергетика саласының келешектегі дамуы қарастырылған. Сонымен қатар мұндай екіжақты конференцияларды парсы тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма барысында үлгілеу негізделген. Аудармашының мұндай форматтарды аударуда қандай әдіс-тәсілдер қолданылатыны да баяндалған.

**Тірек сөздер:** парсы тілі, ілеспе аударма, үлгілеу, мұнай, Иран, Қазақстан.

**Аннотация.** Эта статья предусматривает перспективы развития энергетического сектора Казахстана и Ирана. В то же время, моделирование в синхронном переводе двусторонних конференции с персидского языка на казахский язык. И применение различных методов переводчика в конференциях такого формата.

**Abstract.** This article provides prospects for the development of the energy sector of Kazakhstan and Iran. At the same time, modeling of synchronous translation bilateral conference with the Persian language in the Kazakh language. And the use of various translation methods in conferences in this format.

Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің стратегиялық бастамаларымен халықаралық аренадағы беделді мемлекетке айналғаны белгілі. Ірі форматты саяси-экономикалық жиындарда қазақ еліне деген құрметтің жоғары болуы себебінен қазақ жерінде өтетін ауқымды іс-шаралар жиі өткізілуде. Сондықтан аударма проблемалары күн тәртібінен түспейтін, түбегейлі проблемалардың бірі. Қай халықтың болмасын шоқтығы биік, терең мағыналы шығармаларды аудару бүгінгі кездегі игілікті істердің бірі екендігі даусыз мәселе. Аударма – ұлтаралық және мәдениетаралық байланыстың негіздерінің бірі болғандықтан елдер арасындағы мәдени байланыстың ең үлкен факторы болып табылады. Ол халықаралық қатынастарда демократиялық үрдістердің орнығуы, адамдардың араласуын бүкіл әлем бойынша елдер арасында ғана емес, тілдер арасында да жаңа ахуал қалыптастырып отыр. Сонымен бірге аударма ісі жаңа сөздерді тілімізге енгізіп қана қоймай, күнделікті аударылып жатқан сансыз көп еңбектер олардың қолданылу аясын кеңейтіп, қолдану нәтижесінде тұрақтандыруға халықтың ойы мен тіл байлығын өсіруге, сол сөздің ұғымдық шегін қалыптастыруға себепші болып отыр.

Аударманы жүзеге асыратын аудармашыға оригиналды мағынасы мен формасын ең жоғары деңгейде жеткізе алу үшін екі жетік білу жеткіліксіз. Жақсы аудармашы болу үшін аударманың шығу тарихын, амал-тәсілдерін, заңдылықтарын игеру қажет [1].

Аударма моделдерінің көмегі аударма үдерісін сипаттауда екі өзара байланысқан аспекті құрайды: 1) моделдердің жалпы сипаттамасы және олардың қолдану сферасы (яғни моделдің түсіндіру күші); 2) моделдер аясындағы аударма операциясының түрлері [2].

Ситуациялық (денотативті) аударма моделіне аталатын құбылыстар, қандай да бір заттарды бейнелейтін барлық тілдік бірліктердің жиынтығы жатады. Бұл аударма моделі тіларалық өзгерістер шеңберінен шығып жатады. Ол қандай да бір денотат, ( зат, іс-қимыл, іс-әрекет және тағы да басқа қоршаған ортаның элементтері) қандай да бір жағдаят әр түрлі сипатталуы мүмкін. Алайда әрбір тілде оларды сипаттауда қалыптасқан әдіс-тәсілдер бар, сондықтан оларды басқа тіл бірліктерімен емес, сипатталып отырған денотаттар арқылы, сипатталып отырған жағдаят арқылы табу керек. Бұл теория шеңберінде аудармашы екі тілдің теориясы мен практикасын жетік білетін, жоғары білікті лингвист ретінде жұмыс жасайды [3]. Бұл теория В.Г. Гак еңбектерінде зерттелген.

Жоғарыда айтылғандардан шығатыны ситуациялық немесе денотативті аударма үдерісін дұрыс түсіндіре алмайды. Ол аударма үдерісін түпнұсқадағы сипатталатын жағдаятты анықтап, оны аударма тілінің құралдарымен берген жағдайда ғана бере алады. Бірақ оның түсіндіру күші оның түпнұсқасының сол бөлігінің мазмұнын аудармада берілу қажеттігін ескермейтіндігімен шектеледі.

Екінші қарастыратын модель түрі ол- трансформациялық. Негізін қалаушы – Юджин Найда. Аударманың трансформациялық үлгісі Н.Хомскийдің трансформациялық грамматика теориясына негізделген.

Аударманың трансформациялық теориясы шеңберінде индивидтің тілдік санасының құрылымына мұндай көзқарас тіларалық әрекеттер шартынан туады. Аударманың денотативті теориясында аударма үдерісі кезіндегі нақты екі тілдің ұқсастықтарына назар аударылса, ал аударманың трансформациялық теориясында түпнұсқа тілінің бірліктерін аударма тілінің бірліктеріне айналдырып, түрлендіруді моделдеу маңызды. Яғни, аудармашы түпнұсқа мәтінмен трансформациялық операциялар жасап, оның нәтижесінде аударма мәтінін алады. Н.Хомсийдің теориясын негізге алған және аударманың трансформациялық үлгісін ең бірінші болып дамытқан ғалымдар қатарына белгілі американдық аударма теориясышы Ю.Найда болған. Сондай-ақ аталған үлгінінің кей маңызды аспектілері О.Каде, В.Коллер еңбектерінде зерттелген.

Трансформациялық үлгі – бір тілдегі мәтіннің объектілері мен құрылымдары өзге тілге тиесілі ережелер бойынша аударылады. Тәржімаланатын объектілер мен құрылымдар жиі кездесетін болғандықтан, бір аудармадан екіншісіне көшіп жүреді. Трансформациялық әдіс түпнұсқа мен аударма арасында тікелей сәйкестіктің болуын қамтамасыз етеді [4].

Аударманың семантикалық моделдеу түрі түпнұсқа мен аударма мәтіннің мағыналық жақтарын, мазмұнының элементтерінің салыстыруын, қарапайым бірлік немесе компоненттерін бөлуді қарастырады.

Аударма үдерісінің негізгі үшінші түрі – трансформациялық-семантикалық моделі

Аударманың трансформациялық-семантикалық моделінің ситауциялық моделден айырмашылығы, аударма барысында түпнұсқадағы бірліктердің аудармасын жеткізу. Ол аударма үдерісін негізгі тіл бірліктерінен аударма тіліндегі бірліктерге олардың эквиваленттілік қатынасын орнатып, бір қатар қайта құруды айтады. Сөйтіп бұл модель түрі түпнұсқамен аударма құрылымдарымен лексикалық бірліктердің байланысына негізделген. Трансформациялық-семантикалық модель әмбебап емес екенін айта кеткен жөн. Ол түпнұсқа мен аудармадағы синтаксистік құрылымдар мен лексикалық бірліктердің арасында трансформациялық қатынас болмаса және екі мәтіннің эквиваленттілігі сипатталынатын жағдаяттың ортақтығына негізделген жағдайларды сипаттай алмайды.

#### 1-мысал

آقای زنگنه گفت: «اگر چه این گام نخست است و گام های بعدی نیز باید برداشته شود، اما این آغاز همکاری میان کشور های عضو و غیر عضو برای بهبود وضعیت بازار جای خوشحالی دارد.»

Шенеуніктің мәлімдеуінше, мемлекет басқа да шешімдерді күтіп отыр. «Бұл алғашқы қадам болғанымен соңғысы болмауы тиіс. Мұнай нарығындағы жағдайды жақсарту үшін жасалған осы қадам ОПЕК елдері мен басқа да өндірушілер арасындағы ынтымақтастықтың бастамасы болуы мүмкін», — деп атап өтті Б.Зангане.

Біздің аударма: «Егер бұл бірінші қадам және келесі қадамдар да жасалынуы тиіс. Бірақ бұл ынтымақтастықтың бастамасы ретінде мүше елдер мен мүше емес елдер үшін нарықтың жақсаруының жақсы жағы бар», - деп атап өтті Б.Зангане.

Дайын аударма бойынша бұл сөйлемде грамматикалық – семантикалық трансформация қолданылған, яғни сөйлемдердің орындары ауысып, аударма барысында сөз таптары, сөйлем мүшелері, синтаксистік байланыс түрлері ауысты.

#### 2-мысал

نی موس و زاگ عبانم نی تسخن مدنراد ناونع هب ار نارای ایمالسای ورومجم:دوزفا هنگنز مدیدان ار ناونوت یمن و تسنا هج زاگ و تسفن ری اخذ مدنراد نی رتالاب عومجم رد و تسفن عبانم داد راک و تسلا عف مزاجا رازاب هب دیاب میرحت و تسایس زا رود هب و تسفرگ

Дайын аударма: «Дүниежүзінің газ қоры бойынша бірінші, мұнай қоры бойынша үшінші орынға ие, жалпы әлемдегі ең үлкен газ бен мұнай қорының иесі болып табылатын Иранның орнына көзжұмбайлық танытуға болмайды. Сондай-ақ, саясат пен санкциялардан алыстап, нарыққа белсенді жұмыс жасауға рұқсат ету керек», - деп баса айтты.

3-мысал

زنگنه افزود بسیار کمتر از ۵۰۰ هزار بشکه در روز» نفت ایران را خریداری کند.

Дайын аударма: Зангене мұнай жеткізу күніне 500 мың баррельге қарағанда, едәуір төмен болатынын мәлімдеді.

Біздің аударма: Зангане тағы былай қосты: «Иранның мұнайы күніне 500 мың баррель төмен болады».

*Бұл аудармада кейбір сөздер алынып тасталынды, сөйлемдердің орны ауыстырылған, тіпті кейбір сөздер тунұсқада болмаса да қосылған. Сөйлемнің мағынасын толыққанды жеткізу үшін кейде сөздер алынып тасталынады немесе қосылады, яғни көптеген трансформацияларға ұшырайды.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мұнай мен газ шығару тек маңызды экономикалық сала емес, тәуелсіздігіміздің символы, болашағымыздың үміті», – деген болатын. Сондықтан мұндай форматтағы кездесулер мен конференциялар әлі жалғаспақ. Ілеспе аудармашыға міндетті түрде аударманы дәлме-дәл жеткізу үшін үлгілеу тәсілін дұрыс қолданғаны жөн. Сонымен қатара ілеспе аудармашының аудармасы толыққанды болуы үшін, оның аялық білімі жоғары деңгейде болуы тиіс. Аудармашы аудармада белгілі бір өзгерістер енгізсе де, тыңдаушылар оның аудармасын дұрыс қабылдауы қажет.

### Әдебиет

1. Казакова Т.А. Практические основы перевода/ СПб.: Союз, 2001
2. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. - М., 1999., 228б.
3. Гак В.Г. О семантическом инварианте предложения // Проблемы синтаксической семантики: Материалы научной конференции МГПИИЯз. им. М.Терезы. М., 1976.
4. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М., 2005.
5. Гак В.Г., Григорьев Б.Б. Теория и практика перевода. М., 2000.

**Қарағұлова Б.С.,**

*Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,*

*ф.ғ.к., доцент*

**Сәду С. Ә.**

*Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,*

*филология факультетінің 4-курс студенті*

### **М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы түр-түс атауларының аударылу жолдары**

**Аңдатпа.** Мақалада түр-түс атауларының аударылу жолдары қарастырылады.

**Тірек сөздер:** аударма, аударма жолы, түр – түс атаулары, этникалық сипат

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются пути перевода наименования цветов.

**Ключевые слова:** перевод, пути перевода, наименование цветов, этническая характеристика

**Abstract.** The ways of translation of different colours are considered in the article.

Қазақ халқының біртуар ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897-1961) қалдырған қымбат мұраларды әр қырынан көріп, зерттеп, кейінгі ұрпаққа кеңінен таныстыру



абыройлы іс. Уақыт көрсетіп отырғандай, М.Әуезовтің шығармашылығының қай дәуірде болмасын оқушы қауымға берер рухани азығы өте мол. Оның сан қырлы талантты, кең тынысты шығармалары күннен-күнге жаңарып, түрлене түсуде.

Таланттар тарихы мен тағдырына қарап отырсақ, белді жазушылардың бәрі ғұмыр бойы өзінің басты кітабын жазу мақсатында әрекет еткен және солардың талайы жазып үлгері алмаған. Туған халқына мәңгілік мұра болатын ғасырлық туынды қалдыру тек бірегей ұлылардың ғана қолынан келген. Солардың бірі – М.О.Әуезов.

«Абай жолы» Әуезовтің бас туындысы. Ол өзінің осынау ұлы шығармасын жазып үлгеріп кетті. Оның суреткер ретіндегі бақыты да осында, – деп жазады белгілі ғалым, халық жазушысы З.Қабдолов.

«Абай жолының» энциклопедиялық сипаты туралы Қ.Сәтбаевтың мынадай әділ бағасы бар.

«Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығуымен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым – этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс салып, саят құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік айтқан қазылардың әрқайсысы жеке – жеке дерек. Этнографиялық еңбектерге пара-пар. Ғалым – экономистер Қазақстанның ХІХ ғасырдағы халық шаруашылығының құрылысынан ділме-дәл нақты мәлімет алады, ондағы тап қайшылығының өзіндік ерекшелігімен танысады; ғалым – юристер шариғаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды».

Бұл «Абай жолы» романында айқын көрінетін Әуезовтың әсемдік әлемі, түрлі түстерге бай палитрасы да шығарманың ең бір өзгін құрайтыны белгілі.

Жалпы шығыс халықтары ауыз әдебиетінде, оның ішінде қазақ халқында көркемдік, әсемдік мұраттары ұқсас келеді, олардың суреттеу барысы да біркелкі, мәселен, ерте замандағы далалықтар ұғымында дүниеге екі түсте, ақ пен қараға бөлінген. Осы түстер олардың әсемдік әлемінен де, моральдік түсініктерінен де орын алған. Осыдан келіп, ханды ақ киізге салып дәріптеу, жастарға ақ отау арнау, «ақ түйенің қарны жарылды», «ақ ниетті», «ақ өлімді» дәріптеу, «өлсем қазам ақ болсын» деген бар.

«Абай жолы» романындағы түр-түс лексикасын қарастыру барысында романда кездесетін барлық түр-түстерді тіркесі күйінде атауларына қарай топтастырып келгенде, олар негізінен мынадай бес сала төңірегінде кездеседі екен.

1. Адам портретін суреттеуге қатысты. (мысалы: сұр беті – бледно матовое лицо, қызғылт сырғыш – румяный, ақ сары жүзді – светло лицая);

2. Төрт түлік мал атауларына қатысты. (мысалы: қара төбел – вороной, күрең қасқа – лысый темно-рыжий, көк жорға – серый иноходец т.б.);

3. Табиғат құбылыстарын суреттеуге қатысты. (мысалы: көкшіл мұнар – синеватый сумрак, қоңыр күз – серая осень, сұр бұлт- серый тучи);

4. Құс, аң атауларына қатысты. (мысалы, көк қаршыға – серый ястреб, қызыл түлкі – красная лиса, ақшулан – белобрюха т.б.);

5. Этнографиялық бұйымдар атауларына қатысты. (мысалы: сұр шапан- серый чекмень, ұзын сары шақша – продолговатая шақша из желтого рога, сары қи – желтый кьи т.б.).

Шығармаға мұқият зер сала қарап отырсаңыз, негізінен, көп кездесетін түстер қара, ақ, қоңыр, сұр, қызыл, екенін аңғаруға болады, әрі олар жалаң күйде емес, түрлі қосымшалар арқылы түрленіп, күрделеніп отырады.

Романда ақ, қоңыр, сұр түстер туралы ойды профессор Р.Сыздықова:

«Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман – эпикасы табиғаттың әсемдігі мен мұлулығын, көрікті де әсем көріністерін өте шебер суреттейтін туынды. Әсіресе,

пейзажды суреттеуге келгенде автор политрасынан ахроматикалық (ақ, қара, сұр) түр-түсті білдіретін гамма бояудың сан алуан реңктерін түгел табуға болады» - дейді.

«Абай жолы» романында сұр, қоңыр, қара, қызыл, көк түстердің көп болуы сол суреттеп отырған оқиға немесе замана тынысына байланысты болса, бір жағынан, жазушы өмір сүрген Семейдің табиғатына, боз селеулі, қоңыр адырлы, бірде сар жазық даласына байланысты да секілді.

Жазушының қай түсті қанша рет қайталануы мен қай ыңғайда көп, не сирек қолдануы үшін статистикалық – есептеу тәсілін пайдаландық. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей нәтижелер көрсетті:

а) Шығармада ең көп кездесетін түс қара түс, бұлай болуының басты себебі : 1. Қазак халқының этникалық түр- сипаты, кескін – келбетіне байланысты (портреттерді суреттеудегі қара түс жиілігі; қара шаш, қара көз т.б.); 2. «Қара» сөзінің ауыспалы мағынасының қолданыста кең етек алуы. Түпнұсқа тілінде – 417 рет, аударма нұсқада – 204 рет кездеседі.

ә) Қара түстен кейінгі көп кездесетін ең көп түс – ақ түс, түпнұсқа тілінде – 327 рет, аударма тілінде – 234 рет.

б) Қызыл түс түпнұсқа тілінде – 198 рет, аударма тілінде – 138 рет.

в) Қоңыр түс түпнұсқа тілінде – 144 рет, сары түс – 125 рет.

Мұнда жазушы қазақ фольклорына тән салыстыруды қолданады: ақша қар – бұл Әйгерімнің аппақ жүзінен көрініс берсе, қызыл түлкідей құлпыруы – оның жастығынан хабар береді. Мұндай ұқсас қолданыстар «Ер тарғын», «Қыз жібек» жырларында, Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдерінде көрініс табады, яғни жазушы дәстүрлі қолданысты шебер, өзіндік өрнегімен қолдана білген.

«Бұл шақта сақал – шашы ғана емес, қабақ түгіне шейін ақ араласып, тіркейе соуланған Дәркембай, насыбайын іскеп, ауыр есті басын ізей түсіп отыр» /АЖ, II, 24/.

М.Әуезов осы мысалда сөздің алдына, «ақ араласып» деген тіркесті, қоспаса, «тіркейе соуланған» деген сөз оқырманға жағымсыз әсер берер еді, яғни «ақ» деген сөздің бұл жердегі орны ерекше, ол жаңадағы сөзді жұмсарып, кейіпкерге байсалдылық, естілік, қариялық сияқты қасиеттерді беріп тұр.

Осы секілді ойды төмендегі мысалдар төңірегінде де айтуға болады.

1.«Ақ атты, ақ сойылды, жіп-жіңішке сұңғақ бойлы жас жігіт алтыбақанға жолдасынан бұрын жетті» /АЖ, I, 350/.

2.Қараша қара сойылға мықты болатын. Өз аулының жас жігіттері де шетінен ат үсті төбелеске мойымайтын, «іздегенге сұраған» дейтін Қожақан сияқтылар еді /АЖ, I, 62/.

Осы сөйлемдерде кездесетін «сойыл» сөзі жалпы қазақ ұғымында жаугершілік айқаста, ел аралық тартыстарда қолданылатын қару. Бірақ жазушы бұл сөйлемдерде ақ, қара түстерді қолданып, қарудың жаугершілік мақсатын ерекшелендіріп, кейіпкер образынан олардың ұнамды немесе ұнамсыз қасиеттерінен сыр береді.

Сойылдың «ақ» болуы, оның әділетсіздік, қара жүректің шайқаста қолданылатын «қара» сойыл емес, әділетті жақтайтын, тек әділеттікті орнату мақсатында көтерілетінін айқындап тұр.

Сонымен бірге, Мұхтар Әуезов кейіпкерлерінің әлеуметтік тұрмыс жайын, дәлірек айтқанда, ауқатты немесе қарадан шыққандығын түр-түстердің бейнелік мәні арқылы жеткізген жолдар да жиі кездеседі.

Мысалы: 1. Көп ауылдардан оқшау барып, жиырма-отыздай үлкен ақ үйлер тізіле тізілген. Үйлердің орналасып отырған қалпын да, не аспен тойға, не болмаса дәл осы жағыдай оқшау келген ұлыққа тігілген үйлер екенін көрсетеді /АЖ, I, 386/.

2. Бұл ауыл малды ауылдардан қалып, сұрқы бөлек, көп үйлі және үйлерінің барлығы да шетінен құрмы киізді, жүдеу, жыртық, қара үйлер /АЖ, I, 386/.

Жазушы осы романдағы Исаның өнер алдындағы арпалысып суреттеу кезінде де ақ пен қара түсті қиыстыра пайдалана білген.

«Иса бұл шақта үнемі арлан қасқырмен алысу үстінде жатыр. Тістері ақсып, аузы арандай ашылып, енді болмаса сақ етіп Исаның бетіне қанды аузын салғалы тұрған қатал жау... Бір сәт шекесінен қаны сорғалап, қасқырдың қанды шекесінде ақ орамал оралғандай болады. Арандай ашылған ажалды тістердің, иектің астына қап-қара сақал орнайды» /АЖ,II,85/.

«Айсыз кеш, қоңырқай ағаш үйдің қорасында қап-қараңғы боп тұнып қапты. Әсіресе төбесі жабық, бүйірі ашық лапас маңы күйедей қап – қара. Ондай тұстарға ұйқылы түн ұялағандай. Желсіз, жұлдызсыз аспан да қазір меңіреу қара» /АЖ, II,353/.

Қара сөзінің бірнеше рет кездесуі сөз етілер оқиғаның онша жарқын еместігін аңғартады. «Күз - қияда» бөлімінің осы жолдарымен басталуының өзі – ақ, табиғаттың қап-қаралығы кейінгі оқиға желісінен хабар береді.

Адамның ішкі дүниесіндегі ойын сыртқы бейнесіне шығыстырып, аңғартуда да жазушы шеберлігі ұшан теңіз.

Мысалы: Әбіш пен Мағыштың көздері соңғы күндерде Мәкен жүзінен осындай сәл бір шақта толқына туған қызғылт нұрды көретін /АЖ, II,365/.

Осы ойлармен төркіндес, Тоғжанға деген Абай сағыныш мына бір жолдармен өрнектеледі: АТқан таңның ақ, қызыл шапағындай, үлбіреген ал қызыл шұғыласы. Көз алдынан сол жүз кетпейді. Ұмыттырмайды, тастамайды /Аж, I, 170/.

Мұндағы «қа, қызыл» сөздері жалыны бір сәтте тасталмаған, қайта өршелене түскен отты сезім, арман, үміт сияқты тілектермен ұштасып жатыр.

«Мынау бір сары, бір қызыл қағазды қарашы ... – сарғайып жүдеге МАғыш та, қызарып, гүлдеп келе жатқан Рахила ғой, - деп айтты» /АЖ,II,426/.

Жазушы сағыныш пен жеткіншекті бейнелеген сары түс пен қызыл түсті мағыналық қызметін Әбіш көңілінің орамдарымен, оның қабылдауы арқылы ашып береді.

Мысалы, «Абай жолы» романын оқып отырғанда, бүкіл қазақ даласының тыныс-тіршілігінен, ұлттық дүниетанымынан, өзіндік болу нақыштарынан, салт-дістүр, әдет-ғұрыптарынан хабардар боламыз. М.Әуезов шығармасында түр-түстермен бейнеленген әдет – ғұрып, ырым – нанымдар арқылы ұлттық сананы дамытып отырады. Мысалы: Баласына айтқан көкқасқасын Зере сойған, соның бәрінің үстіне мынадай көл-көсір қонағасы, ұзақ жиын, жағалай сойылып жатқан ақсарбас, көкқасқалар құрғана келіс қуанышты емес /АЖ, I, 176/.

«Ақсарбас», «көкқасқалар» - қазақтың наным-сенімдері бойынша садақа шығаратын малы. Олардың басы ақ, немесе сары бойының да мәні ерекше, яғни түс жақсылыққа ақ жол болсын! – деген мағынаны айқындап тұр. Талантты қаламгердің образын, портретін сомдаған кезде айқын көрінеді.

Жерошақ басындағы асшыларға тақап қалған иіс самауырға табылғы салып тұрған қызыл келіншектен:

-Жаңа келін, жас келін, ән салды ма? – деп сұрады /АЖ, I, 323/.

Бұл сөйлемдегі «келіншек» сөзімен тұтас келетін «қызыл» сөзі, кейіпкердің жастығын, қызыл шырайлы сұлулығын көркемдеп жеткізеді.

Бүгін, міне, аппақ сүйек боп қырылғалы отыр. Кешегі «жақсы басшы» дегендердің қайсысының қабырғасы қайысар екен? Көресіңдер ертең! /АЖ. I, 219/.

Түр-түс әлемі ең алдымен сан алуан сиқырлы сөздермен сән түзеген ғажайып сырлы дүние. Осы сырлы дүниені стильдік метонимиялар арқылы беріп, М.Әуезов өзінің жазушылық дарынын биіктете түседі.

Төмендегі мысалдарға көз жүгіртейік:

«Қонақтың бәріне жеткізе алмаса да, ең елеулі тобына өзге астардың дағдысынан бөлек, сары ала тартқызбақ» /АЖ., I, 197/ немесе «Ашаршылық жоқ па? Ақ жағы қалай? Сауыны тәуір ел бар ма екен?» /Аж., I, 241/.

Жоғарыдағы сөйлемдерде қазақтың қадірлі қазы-қарта, жал-жая сияқты ұлттық тағамдарының сыртқы түр түс реңкі кеңейіп, символикалық мағына ауқымына ие болған; екінші мысалға да осы қатысты ойларды айтуға болады:

«Оның сөзін мың көк аласы сөйлейді кісінеп тұрып» /АЖ.,I,361/.

Мұндағы «көк аласы» түсіне қарай алмастырылып айтылған метонимия:

1. Сол көптің ішінде «ақ сирақ» боп қалғанның бірі осы Қараша, Қаумен ауылдары /Аж,I,251/.

2. Ауылдарының үстінен көк темірі, көк аттылар өткенде бала-шаға, кәрі-жас түгел түршікті /АЖ,I,251/.

Жоғарыда келтірілген «ақ сирақ», «көк темірлі» деген сөз тіркестері тұрақтылыққа ие болмаса да, негізінен, жазушының шығармашылық ізденісін, талғам-танымын, өзіндік сөз саптау нәтижесінің айғағы боп табылады.

Жалпы ойымызды қорыта келгенде жоғарыда сөз етілген пікірлер, болжамдар Әуезовтің палитрасын айқындауға, ұғынуға жасаған алғашқы қадамдар. Негізінде, әуезовтің әр сөзді қолдануының өзіндік сыры бар. Ол сырды ашу алдағы уақыттағы біздің мақсатымыз болу керек.

### *Әдебиет*

1. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы: Ғылым, 1989 -288с.

2. АЖ - Әуезов М. Абай жолы – Алматы: Жазушы, 1989, - I, Пт

*Набидуллин А.С.,  
Аширмет А., Ли А.  
Б. Алтынсарин атындағы  
№159 мектеп-гимназия*

### **Қазақ және ағылшын тілдері негізінде қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени негіздері**

**Аңдатпа.** Қазақ ғылымында дербес, арнайы зерттеуді талап етіп отырған салалардың бірі – аударма әдебиеттің тілі. Аударма жасау үдерісіндегі мазмұн мен тұрпат межесінің сақталуы түптеп келген ұлттық бояуды сақтау мәселесіне алып келеді. Бұл – тіл біліміндегі жаңа бағыт лингвомәдениеттанудың нысаны. Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени ерекшеліктері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** лингвомәдениеттану, қанатты сөздер, тіркестер, аударматану.

**Аннотация.** Лингвокультурологические особенности перевода крылатых слов и фраз на основе казахского и английского языков. Перевод литературы - одна из отраслей казахской науки, которая требует особого внимания и особой литературы для помощи в переводе на английский язык. Современные лингвисты задаются вопросом как в процессе перевода не потерять культурную специфику языка оригинала. Это и есть цель нового направления в лингвистике - лингвокультуроведения. В данной статье рассматриваются лингвокультурологические особенности перевода крылатых слов и фраз на основе казахского и русского языков.

**Ключевые слова:** Лингвокультурология, крылатые слова, фразы, переводоведение.

**Abstract:** Lingua-cultural features of translation of sayings and winged phrases on the basis of the Kazakh and English languages Translation of a literature is a branch of Kazakh science, which requires special attention and specific literature in the translation from the English language. Modern linguists are interested in issue of transferring of cultural features

in the process of translation. It is the main aim of a new direction in linguistics - lingua-cultural study. In this article a lingua-cultural features of translation of sayings and winged phrases on the basis of the Kazakh and English languages are examined.

**Keywords:** Lingua-cultural study, sayings, winged phrases, translitology.

Осы ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті, структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға – яғни, тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлде жаңа салалардың қатарында соңғы үш-төрт жыл төңірегінде «лингвомәдениеттану» деген бағыт та аталып келеді. Бұлардың қай-қайсы да қазақ тіл ғылымы төселе қоймаған соңғы салалар. Алайда алдағы аз уақыттың ішінде аталған бағдарлар қазақ лингвистикасының да ғылыми-практикалық бағыттарына таяныш болары анық. Өйткені «XXI ғасыр гуманитарлық ғылымдар ғасыры болмақ».

Жалпы алғанда, лингвомәдениетнама – енді-енді қалыптаса бастаған, әлі де болса ғылыми ұстанымдары мен межелері, тұжырымдамалары нақтылана қоймаған ғылым, екіұдай түсінік тудыратын пікір-тұжырымдар да бар; бірақ оның XXI ғасырда гуманитарлық ғылымдардың алдыңғы сапында болатындығы сөзсіз. Тіл мен мәдениеттің өзара қиысуының тілдегі көрінісін қарастыратын жаңа ғылыми арнаның жекелеген мәселелеріне шоллу жасауымыздың себебі – лингвомәдениеттану ғылымының көп мәселесін бірнеше тілдердің материалдарын салыстыру арқылы дәлелдеу, түсіну оңтайлы; әрбір тілдің единицасының мәдени-этникалық жүгінің қандай екені аудару процесінде айқын белгі береді.

Лингвомәдениеттану бағытының ұлттық тілдің болмыс-бітімін, дүниетанымын айшықтап көрсетудің, дамытудың негізі екенін соңғы жылдары Г. Смағұлова, А. Алдашева, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, А. Сейсенова, Г. Қажығалиева, Н. Аитова, А. Сейілхан және т.б. бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдейді. Тұрақты тіркестердің этномәденилингвистикалық қалыптарын олардағы ұлттық психологиялық табиғатты зерттеп жүрген ғалым Р. Авакова: «Әлемді бір бүтін дамудың орталығы деп танытын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда» – деп қорытынды жасаса, тілдік бірліктер туралы деректердің номинациясының маңызын арттыруда ұлттық мәдени өмірімен байланыстылығы жайлы ғалым А. Салқынбай былай тұжырымдайды: Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады дейді. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табағындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады.

Ал профессор Г. Смағұлова лингвомәдениеттану пәнінің өзгешелігін: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерттеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін, ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз заманға сай келбегін таныту. Бұл ретте тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» деп көрсетеді.

Аударматанудың лингвомәдени мәселелерін қарастырған А. Алдашеваның тұжырымынша: «Лингвомәдени ерекшеліктер – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін төл сипат-белгі. Аталмыш пәндердің «тіл мен мәдениеттің» өзара байланысын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері бір-біріне ұқсас болып келеді, қазақ тіл білімінде профессорлар Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М Копыленко, Ж. Манкеева және Н. Уәли т.б. ғалымдардың ғылыми, зерттеу еңбектерінің негізінде этнолингвистикалық зерттеулер ерекше

қарқын алды. «Тіл мен мәдениет» мәселесі қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздықов, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, Т. Жанұзақов, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Қ. Рысбергенова және т.б. еңбектерінде сөз болған.

Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойына көкейіне түйіп, көңіл түкпірінде сақтаған ұрпақ еншісіне тиесілі алтын қазынасы, рухани мұрасы [1, 184]. Зерттеу деректері бойынша мақал – ана тілімізге араб тілінен енген «орынды сөз» деген ұғымды білдіретін кірме сөз. Мақал мен мәтелдің бір-бірінен айырмашылығы жөнінде М. Әуезов: «Мақал толық тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құралады. Ал, мәтел, мақал сияқты, толық түрінде құралмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады», – деп жазған еді [2, 175].

Ахмет Байтұрсынов мақал мен мәтел жайлы: «Мәтел – кезі келгенде кесегімен айтылатын – белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады» – деп мақал мен мәтелдің аражігін қысқа да нұсқа айырады [2, 321]. Ал, ғалым К. Аханов: «Мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт, немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды түінді пікір айтылады» – деген пікір айтады [3, 352]. Десек те, «Ел іші – алтын бесік» тәрізді кейбір мақалдардың жалғыз сөйлемнен тұрып та, тікелей кесіп айтылған пікірді, қорытынды түінді білдіруін де жоққа шығара алмаймыз. Мұнда мәтелдегідей жанамай айтылған тұспал болмайды.

М. Әлімбаев: «Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түінді пікір айтатын бітімі бекем, өте орынды пайымдауында мақал табиғатына тән ерекшеліктердің барлығы тұтастай қамтылған». Мысалы: *Ештен кеш жақсы* [4, 176]; Ағылшынша нұсқасы: *Better late than never*.

Мәтелдер жөнінде біраз қайшы пікірлер бар. Мысалы, В.Л. Архангельский мәтелдерді тұрақты сөз тіркестерінің баламасы деп қарайды. Тұрақты сөз тіркестері мен мәтелдер жөнінде мұндай пікірлерді негізсіз деуге болмайды. Бұл әрбір жеке немесе сол генетикалық топқа кіретін тілдердің табиғатына да байланысты. Бұл мәселе түркі тілдерінде дербес зерттеуді талар етеді. А. Нұрмаханов тұрақты сөз тіркестерін мақал-мәтелдермен салыстырғанда, кейбір семантика-грамматикалық ерекшеліктерін атамай кетуге болмайтындығын тілге тиек ете келіп: «Тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдерге қарағанда, көлемі қысқа болып келеді де, ой аяқталмайды, етістікті және есімді тұрақты сөз тіркестері өздерінің жасалу тәсілінде тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. Сонымен қатар, тұрақты сөз тіркестері де, мақал-мәтелдер де ертеден қалыптасқан дайын күйінде қолданылады. Мақалдар аяқталған ойды білдіреді, көпшілігі екі тармақтан тұрады» – дейді [5, 224]. Алайда, тұрақты тіркестердің қос тармақты болып, аяқталған ойды білдіретін түрлерінің де кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Тіпті кей халық мақал және мәтел деп те бөлмейді де, мәселен өзбек халқы тек «мақол» деп, эзербайжандар тек «аталар сөзі» деп қана атайды, бұл мәселе ағылшын тіліне де қатысты.

Қазақ совет энциклопедиясында мәтелге: «Мәтел дегеніміз – қорытынды түіндеуі тура айтылмайтын, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, тұжырымы тұспалы, ықшамды, кестелі нақыл сөз» – деген анықтама берілген. Мәтелдің мақалдан басты айырмашылығы – ықшамдылығы мен қысқылығы, тұжырымының тиянақталмауы. Мәтел сөз арасында айтылып сөзді жандандыра түседі, тілге ерекше көрік береді, айтылмаш пікірді қуаттап нықтайды. Мәтел сонымен қатар толық сөйлем ретінде де кездесе береді.

Нақыл сөздер (афоризмдер) - күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол - көп қырлы, түіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі

айқын көрінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші – алтын, сырты – күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезден-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады. Жазба әдебиетімізде нақыл сөздердің бай негізін өзінің шығармалары арқылы Абай жасады. Шын мәнінде, Абайдың нақыл сөздер кездейсоқ, жәй бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние. Осы тұрғыда Абайдың нақыл сөздер ақынның арман еткен білім-тәрбие, еңбек, бірлік, адамгершілік және т.б. сан алуан тақырыптардағы өлмес пікірлерінің бұзылмас формасы, айнымас мазмұн тапқан үлгілері. Абай нақыл сөздерінің тақырыбы – оның тұтас шығармасына тән дүниелер.

Мысалы, Абайдың *баяғы жармас* – *сол жармас* деген нақыл сөзін алып көрейік. Қазір нақылға айналған бұл ұлағатты сөзді орыс тіліне не ағылшын тіліне тікелей аударсақ, ол өз ықшамдылығын, көркемділігін, терең мағыналылығын жоғалтып, сол аударма тілінде оқырманға түсініксіз болар еді. Сол орайда орыс тілді оқырман үшін оны Крыловтың мысалындағы *a voz только и ныне там* деген қанатты сөзі арқылы мағынасы жағынан жақындатып аударсақ, ағылшын тіліндегі *at a standstill* деген тұрақты тіркес арқылы жеткізу тұжырымды, бейнелі, мағынасын толығымен ашпаса да жоғалтпай жеткізері анық. Әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы, т.б. сол тілдегі жай ғана таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үрдісі нәтижесінде туған бейнесі, яғни «дүниенің тілдік бейнесі». Осымен байланысты ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік амалы – ұқсату. Ол күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде қалыптасады. Себебі, адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы, ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы, солардың негізінде танымын кеңейтуі осы қасиетке негізделеді.

Мысалы, Шекспирдің *salad days* деген жастық шақ туралы теңеуін қазақтар үшін бай лингвомәдени мәнге ие «қызғалдақ» сөзі арқылы, яғни, М. Мақатаевтың *қызғалдақ – ғұмыр, бозбала-ай* деп берсек, қазақ халқының мәдени танымына жақын болары даусыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі қанатты сөздердің басым көпшілігі белгілі бір құбылыс, оқиғаға байланысты туындаған. Олардың басым көпшілігі уақыт өте келе семантикалық тұрғыдан өрбіп, жаңа үстеме мағынаға ие болса, енді бір тобы өзінің бастапқы мәнін сақтаған. Қанатты сөздер сөйлеу тілінде де, жазба әдебиетте де айтылған ойды тұжырымды, өткір, бейнелі етіп жеткізуге қолданатынын зерттеу барысында айтып кеттік. Осы тұрғыдан қарағанда қанатты сөздерді де мақал-мәтелдер сияқты тұрақты сөз тіркестер тобына жатқызуға әбден болады. Сондықтан оны тіл білімінің фразеология саласының зерттеу объектісі бола алуына толық мүмкіншілігі бар. Өйткені қанатты сөздердің құрылымы мен мағынасында фразеологизмге тән негізгі белгілердің бәрі кездеседі. Олар: қолдану тұрақтылығы, мағына тұрақтылығы, тіркес тұрақтылығы. Алайда қанатты сөздердің фразеологизмдердің басқа топтарынан, мәселен мақал-мәтелден, қос сөздерден, компаративті фразеологизмдерден т.б. өзіндік құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері, айырма белгілері бар.

Сонымен қай тілде болса да көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды, бейнелі, өзіндік ұлттық қасиеті бар тұрақты сөз тіркестері молынан кездеседі. Солардың ішінде құрылымға жағынан да, компоненттерінің байланысу тұрғысынан да әр түрлі болып келетін аз сөзбен көп мағынаны білдіре алатын қанатты сөздердің орны ерекше.

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 184 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989. – 321 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 352 б.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы, 1967. – 327 б.
5. Нұрмаханов А., Радлов В.В еңбектеріндегі түркі мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1994. – 175 б.

**Наурызқанқызы Ж.**  
*Орталық ұлттар университеті қазақ тіл-әдебиеті  
факультетінің магистранты  
Бейжің қаласы, ҚХР*

### **«Несториан діні» жазбасының тілін қазіргі қазақ тілінің лексикалық ерекшелігімен салыстыра баяндау**

**Аңдатпа.** Мақалада қатысты зерттеу материалдары негізінде несториан дінінің тарихына қысқаша түсінік жасап, «несториан діні» жазбасының лексикасын қазіргі қазақ тілінің лексикасымен салыстырып, айқын ерекшеліктер баяндалады. тексттен қазіргі қазақ тілінде әлі де өзгеріссіз сақталған сөздерді тауып, оның санын айқындайды. дыбысталуында аздап парық болғанымен, беретін мағынасы әлі де қалпын сақтаған сөздер түркеледі. Үшінші кезеңде сөздер қазіргі қазақ тілінің жеті негізгі сөз табы бойынша топтастырылады. Төртінші кезеңде сөздер мазмұнына қарап жіктеледі. Соңында бұрынғы берген мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі беретін мағынасында парық сақталған сөздер текстен мысал алып, түсіндірілді.

**Түйін сөздер:** несториан діні; лексика; көне ұйғыр тілі; қазіргі қазақ тілі

**Аннотация.** Несторианство было первой христианской ветвью, появившейся на территории Казахстана. Махмуд Кашгари, приводит личное свидетельство о том, что в юго-восточном Дешти-Кипчаке, Узгенском царстве и Тюркском каганате существовали и процветали общины с центром в Согде (Самарканде). Позже Рубрук отмечал наличие армянских монастырей в степи по пути следования в Каракорум. После обретения независимости определённое распространение получили различные неопростанские течения. Сегодня на территории Казахстана наиболее распространённой ветвью христианства является православие. Усилиями миссионеров несторианство было широко распространено среди иранских, тюркских и монгольских народов Центральной Азии, Великой степи и Кавказа, в том числе, осетин, хорезмийцев, согдийцев, хазар, каракитаев, керситов, меркитов, найманов, уйгуров, карлуков, киргизов. Особый интерес вызывает распространение несторианства в Средней Азии. В 635 году несторианство проникло в Китай, первые императоры династии Тан (Тайцзун и Гао-цзун) покровительствовали несторианам и позволяли им строить церкви.

**Ключевые слова:** несторианство, лексика, староуйгурский язык, казахский язык, значение.

**Abstract.** Nestorianism was the first Christian branch, appeared on the territory of Kazakhstan. Mahmud of Kashgar, leads a personal testimony that in the south-east Dashti-Kipchak, Uzgen and Turkic Khaganate kingdom existed and flourished with the community center in Sughd (Samarkand). Later Rubruk noted the presence of Armenian monasteries in the desert along the route to Karakorum. After independence, a certain widely different



neoprotostanskie flow. Today in Kazakhstan the most widespread branch of Christianity yavlyayetsyaprotoslavie. Nestorian missionary effort was widespread among the Iranian , Turkic and Mongolian peoples of Central Asia , the Caucasus and the Great Steppe , including Ossetians , Khorezmians , Sogdians , the Khazars , Karakitais , Kerayit , Markit , Naiman , Uighurs , Karluk , Kyrgyz. Of particular interest is the spread of Nestorianism in Central Asia . The 635 year Nestorianism penetrated into China , the first emperor of the Tang Dynasty ( Tai - tsung and Kao - tsung ) patronized the Nestorians and allowed them to build churches.

**Keywords:** Nestorian religion, vocabulary, old uygur language, Kazakh language, value.

Орта Азияны мекен еткен халықтар шаман, зороастризм (отқа табыну), несториан, еврей, мани, будда, ислам діндерін ұстанған. Будда діні түркілерге ислам дінінен бұрын тараған. Тіпті шаман дінімен де араласып келген. Қазіргі кезде будда дінінің қалдығы болмағанмен, несториан дінінің қалдығы бар. Жетісу өңірінен табылған бірқатар ескерткіштер табылған. Жүңго еліндегі моңғұл жерінен шамамен ХІІІ ғасырдың ескерткіштері табылған ескерткіштерді бірқатар зерттеушілер моңғолдардың уаң хұн деп аталатын тайпасының тіліне жатқызады, тілі – түрік тілі. Қазақстанда табылғаны көне сырян жазуымен жазылған, оның тілі де – түрік тілі. Бірқатары көне ұйғыр жазуымен жазылған. Гуандұңның Чуанжоу (泉州) қаласынан да көптеген ескерткіш табылды. Несториан дінінің Жүңгодағы ең алғашқы ғибадатханасы да осы Чуанжоу қаласында болған. Тұрпан жерінен де бірқатар несториан ескерткіштері табылды. Онда орта ғасырдағы парсы тілімен жазылғандары да, манихей жазуымен жазылғандары да бар.

Мақаламызда бүгінде Берлинде сақталған, Тұрпан жерінен табылған көне ұйғыр тілімен жазылған нұсқасы туралы сөз етпекпіз. Оны алғаш рет 1908 жылы Muller жариялаған. Сондай-ақ, 1926 жылы жарияланған W.Bangтың еңбегі мен 1951 жылы жарияланған Маловтың еңбегі де негізге алынды.

Ескерткіште қазақ тілінде қазірге дейін өзгеріссіз сақталған сөздер кездеседі. Мәтіндегі 320-дай сөздің ішінде тұлғалық, мағыналық, қолданылатын орны жағынан бүгінгі таңда да елеулі өзгеріске түспеген 22 сөз бар. Мысалы:

қазіргі қазақ тілінде:

barip  
qutınga  
ol  
xan  
olar  
bardı  
turdı  
kirdi  
öz  
aċti  
tängri  
algay  
otaċi  
siz  
bir  
kök  
bilip  
ot  
biz  
boldi  
qaċan

көне ұйғыр тілінде:

barip  
qutınga  
ol  
xan  
olar  
bardı  
turdı  
kirdi  
öz  
aċti  
tängri  
algay  
otaċi  
szi  
bir  
kok  
bilip  
ot  
biz  
boldi  
qaċan

Сондай-ақ, уақыт өтуіне байланысты дыбыстық жағынан қандай да бір өзгеріске түскенмен, мағынасы сақталған сөздер де бар, яғни, мұндай сөздер қазіргі қазақ тілінде де сол мәнде, сол қызметте қолданылып келеді. Мұндай сөздер мәтін тілінде көп кездеседі. Нақтырақ айтсақ, мәтінде у ~ j, а ~ o, е, ä, ä ~ e, i немесе i ~ e, ü ~ i, e, t ~ d, i ~ a, u ~ i т.с.с. 50-ден аса дыбыстық алмасу бар.

қазіргі қазақ тілі:

несториан дінінің мәтіні:

yükün	jügī
anīng	onīng
ötüندی	otindi
tip	de
amti	endi
barīnglar	barīngdar
köngül	köngil
tilānglar	tilengder
istānglär	istengder
yana	jäne
kälip	kelip
isitdürünglar	isitdurünger
mn	men
yükünyin	jügineyin
yultuz	jultız
barīr	barar
yaqīn	jaqīn
yük-lärin	jük-terīn
türlüg	türli
altun	altin
ämčī	emči
könglindäki	köngilindegi
bilü	bilip
alī	al
siziksiz	seziksiz
taš	tas
bišik	besik
yīlqī	jīlqī
kötürü	kötere
kinggäšti	kengesti
sözläsdi	sözläsdi
quduy	qudıq
bälgürti	bildirtti
kötürüp	köterip
ičintä	ičinde
qorqīnčiy	qorqinčti
yaruq	jarıq
yalın	jalın
tanglančiy	tangyalip
qorqup	qorqip
tabınyaqa	tabınuya
tägmsiz	tolmsiz
bilmätin	bilmedik
ökünti	ökindi
bügün	bugin
küngä	künge

ongi  
yolca

ongge  
jolqa

Мәтіндегі сөздерді сөз таптарына қарай жіктесек:

-затесім: qut, xan, oylan, yultuz, yultuz, altun, zumuran, ämçi, otaçi, ot, qaban, taş т.с.с.

-сын есім: ädgü, käd, sük, yaqın, kök, yaruq, qorqınçıy т.с.с.

-сан есім: üç, bir, yumqı т.с.с.

-есімдік: anıng, ol, olar, manga, öz, biz т.с.с.

-етістік: otündi, yarlıqadı, istä, käl, bar, yükün, açti, ötündi, saqıñip, kirdi, tösüp т.с.с.

-үстеу: İçntä, bulungın, bugün т.с.с.

-одағай: ya, ay т.с.с.

Мәтіндегі сөздерді лексика-семантикалық топтарға жіктейтін болсақ:

•жер атаулары: bidilxim, urıslım;

•адам аты: xirods, mängü, msixa;

•кәсіп атауы: moyoç, otaçi, ämçi;

•зат, бұйым атаулары: tas, altın, bişik, zumuran, min, küju, quduy, ot, qaban;

•мезгіл, мекен үстеулері: bulungın içintä, anda, andaca, ol ödün, ol oyr, bugün küngä

tägi;

•аспан денелерінің атауы: yultuz, kok, qalıq;

•діни-нанымдық сөздер: tängir, wristi, kok qalıq, oot, tapıñyu, yükünü, tiläu, moyaç-lar т.с.с.

Мәтіндегі бірқатар сөздер мағыналық жағынан өзгеріске ұшыраған:

«Üñür»: Inçip ol moyoç – lar näçükin urıslım – tın ünüp bardı – lar ärsär... (Сөйтіп, ол мінәжатшылар қашан беру салымынан шығып кетсе...).

«Üñür» сөзі қазіргі қазақ тілінде «еніп» түрінде қолданылып, «кіру, ену» мәнінде ұғынылса, мәтінде қарама-қарсы мәнде қолданылып, «шығу» деген мағынада келген.

«Yarlıqa»: Ol ödün xirodis xan inça tip yarlıqadı olar – qa (Ол кезде Xirodis хан былай деді оларға).

«Yarlıqa» сөзі мәтінде «айту, бұйыру, жарлық ету» мәнінде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «jarlıqa» түрінде келіп, «жарылқа, мүсірке, есірке, жәрдем ет» мағынасында қолданылады.

«Ot»: Birük otaçi ämçi arsär, ot yäm olçay tip bir qaban – da urup kigürdi – lär (Бірақ оташы, емші болса, шөп қана алғай деп бір табаққа салып кіргізді).

«Ot» сөзі мәтінде «шөп» мәнінде қолданылған. Қазіргі кезде бұл сөз мағыналық тұрғыдан біршама толыса түскен.

«Yılqı»: Yılqı-qa yütürsä r yılqı kötürü umadı (Көлігіне артса, көлігі көтере алмады).

«Yılqı» сөзі қазіргі қазақ тілінде «jılqı» түрінде қолданылып, төрт түлік малдың бірі – жылқы атауын білдіреді. Ал мәтінде малдың қай түрі екені нақты көрсетілмейді, «жүк салатын көлік» түрінде келген.

«Otaçi»: Otaçi ämçi umä män... (Оташы, емші де өзім...).

Мұндағы «otaçi» сөзі «шөп дәрілермен емдейтін шипагер» мағынасын білдірсе, қазіргі кезде «otaçi» сөзі ота жасайтын адам, сынықшы, сынықты таңып, емдейтін адамды білдіреді.

Жоғарыда келтірілген сөздер сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы факторларына айқын мысал бола алады. Уақыт өте келе тілде сөздер мағыналық жағынан өзгеріп, жанарып, толысып отырады. Көне ұйғыр жазуымен сақталған ескерткіш мәтіні тіліміздің даму, өзгеру жайынан мол дерек береді. Ертеректе жазылғанмен, бүгінге дейін өзгеріссіз сақталған сөздер немесе қандай да бір фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөз тұлғаларына талдау жасай отырып, өзгерудегі заңдылықтарды айқындауға болады. Ескерткіштер тілдің өзгеруіне қатысты деректермен қатар танымдық, діни наным-сенімге қатысты да мол ақпарат береді. Сондықтан тіл тарихын зерттеуде, сөз

мағыналарының кеңею, тарылу үдерісін анықтауда мұндай ескерткіштердің маңызы зор деп білеміз.

### *Әдебиет*

1. Қазақтың қысқаша тарихы. - Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2009.
2. Ма Пиннан Шинжиан ислам діні тарихын дұрыс түсіндірейік. - Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2002. Ханзу тілінен аударған – Бақытқан Қыдырмуллин
3. Субихай Қазақ мәдениетінің тарихы. - Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2005.
4. Жақып Мырзақанұлы Тарихи-этнографиялық зерттеулер. - Құйтұн: Іле халық баспасы, 1990
5. Жу Шиянжы Қытай несториан діні. - Дунфаң баспасы, 1993 (қытайша басылым)
6. «Әлем тілдерін зерттеу» журналы. - 1996. - №3 (қытайша басылым)
7. Гың Шымын Көне ұйғыр тілі. - Бейжің: Ұлттар баспасы, 2006.

***Нұрмышева Ш.А.***

*Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ  
аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

### **Лингвомәдениеттану бірліктері және аударма**

**Аңдатпа.** Фразеология жөніндегі сұрақтар, ойлар тек практикалық жағынан ғана емес, теориялық жағынан да ешқашан қызықсыз болып қалған емес. Себебі фразеологиялық тіркес туралы мәселе синтаксис шеңберінен шығып кеткен. Белгілі бір ұлт тіліндегі фразеологизмдердің сол ұлт жөнінде ақпараттарға бай болуы оны бүгінде мәдениеттанулық және елтанулық тұрғыдан зерттеуге кең жол ашты. Зерттелу ауқымы осынша кеңіген, танымдық астарға бай фразеологизмдерді аудару мәселесі де тілші ғалымдардың назарында келеді.

**Түйін сөздер:** фразеологиялық бірліктер, лингвомәдениеттану, елтаным, аударма.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются современные вопросы про фразеологизмов и их перевода. Информационный насыщенность фразеологизмов о национальном менталитете, межкультурное коммуникативность, когнитивность и кумулятивное свойство стал объектом лингвокультуралогических и лингвострановедческих исследований. Естественно, при таком случаи и проблемы перевода фразеологизмов не остается вне зрения лингвистов.

**Ключевые слова:** фразеологические единицы, лингвокультурология, лингвострановедение, перевод.

**Abstract.** This article deals with contemporary issues of phraseology about their translation. Information saturation of phraseology of the national mentality, intercultural communicative, cognitive and cumulative property became the object lingvo kultura logicheskikh and lingvostranovedencheskih study. Naturally, in this case, and the problems of translation of phraseology does not remain outside the vision of linguists.

**Keywords:** phraseological units, cultural linguistics, lingvostranovedenie translation.

Әрбір халықтың психологиясына тән өзіндік сөйлеу мәдениеті, вербалды, бейвербалды ишараттар ерекшелігі міндетті түрде болады. Демек, тіл – қарым-қатынас пен таным құралы болумен бірге дүниенің ұлттық бейнесі көрініс табатын ақпарат сақтаушы мәдени код. Бұл кодты ашпай мәдениетті оқып-игеру, байыптау мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың, ұжымның байырғы кездегі дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқа-

расын, сана-сезімі, мәдениеті ғана емес, тіпті қазіргі кездегі менталдық қасиеттерін айқындауға болады. Тілдің кумулятивтік күзіреттілігі оның мәдениетаралық қатысымдық мүмкіндігін де күшейте түседі. Тіл арқылы мәдениеттанушының басты мақсаты – мәдениетаралық қарым-қатынас аспектілерінде коммуникативтік біліктілікті қамтамасыз ету, сұхбаттасушының әңгімесін немесе түпнұсқа мәтінде адекватты қабылдай білу.

Мұндайда әсіресе мағыналық, стилистикалық оң қолдануда ерекше қызметке ие мақал-мәтел, фразеологизмдер, идиомдар т.б. секілді тілдік таңбалар мазмұнындағы ақпараттарға сүйенеміз. Белгілі бір ұлт тіліндегі фразеологизмдердің сол ұлт жөнінде ақпараттарға бай болуы оны бүгінде мәдениеттанулық және елтанулық тұрғыдан зерттеуге кең жол ашты. «Фразеология жөніндегі сұрақтар, ойлар тек практикалық жағынан ғана емес, теориялық жағынан да ешқашан қызықсыз болып қалған емес. Себебі фразеологиялық тіркес туралы мәселе синтаксис шеңберінен шығып кеткен. Тіпті мұның лексикология, фонетика, грамматика сияқты өз алдына жеке сала болып зерттелуіне де қақысы бар» [1, 400].

Зерттелу ауқымы осынша кеңіген ұлттың болмысын, мәдениетін, дүниеге деген көзқарасын танытатын ой-тұжырымының мағынасы мен мәніне эмоционалды-экспрессивті рең беріп тұратын фразеологизмдерді аудару мәселесі де тілші ғалымдардың назарында келеді. Себебі аудармашыға жүктелген қызметтің ойдағыдай іске асуы оның бастапқы тілде сөйлеуші халықтың реалийлерімен, тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүрімен, қазіргі өмірімен жан-жақты таныс болуын қажет етеді.

Барша тілге қатысты әмбебап құбылыс – фразеологиялық бірліктердің бір түрі – *идиома* – іштей бөліп-жаруға келмейді, тұтас мағынасындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған сөздер тобы. Идиомаландырылған сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы: *ақ түйенің қарны жарылу; ат тізесін қосу; ат құйрығын кесу; күдер үзу; сорға жығу; құмға тығылып, қурай паналау; ер басына күн туғанда еңіреп келіп қосылар егізімнің сыңары* т.т. *Фраза* – ол да идиома секілді түйдекті түрде айтылады. Бірақ құрамындағы сөздердің бірі немесе бәрі өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан ажырамайды. Мысалы: *қойша көгендеу; бақсының құмалағындай шашырау; айрандай ұйып, іркіттей іру; абыройдан айрылу; төскейде малы, төсекте басы қосылған; айғырдай азынап, бұқадай өкіру; атажау* т.т. Фразеологиялық бірліктердің бұл екі түрі сөйлем ішінде байланысқа түсу үшін тұлғалық өзгеріске ұшыраса, *«мақал-мәтелдер* – сыртқы құрылымы, сөздердің орын тәртібі тұрақты, лексикалық мағынасы толық сақталған, сөйлем мүшесіне талдауға келеді» [95, 4]. Мысалы: *Екі момын қосылса тентекке жем; Елдестірмек елшіден, жәуластырмақ жәушіден; Әр байламның түп қазығы бар; Қыз айттырған сырттан шалады, қызын берген іштен шалады* т.т. Қысқасы, құрамындағы элементтерінің орналасу тәртібі нық орныққан, өзгертуге, сөзбе-сөз бөгде тілге аударуға келмейтін лексиканың жеке бір тарауы фразеологиялық бірліктер – заттық-логикалық және прагматикалық-коннотаттық құрамға ие, әрі коммуникативтік біртұтас құрылым әрі олар ұлттық элементтер мен этикаға бай. Міне, осындай ерекше қызметтері фразеологиялық бірліктерді өзге тілде берерде қиыншылықтар туындатады.

Фразеологиялық бірліктер басқа құрылымды жүйеге аударарда олардың арасындағы ең үлкен айырмашылық көзге түседі – дені тарихтың қатпарларынан бастау алатын көнерген ұғымдардан құралған идиом сөздердің көпшілігі сөзбе-сөз аударуға келмейді. Элементтерінің жиылып бір мағына беруінің салдарынан олар жеке-жеке грамматикалық жағынан да мүшеленбейді.

Фразеологиялық бірліктер өзге тілге аудару мәселесі жайында отандық және шетелдік ғалымдар тіл тұрғысынан аз ізденбеген. Қысқасы, бүкіл қазақ-орыс ғалымдарының зерттеуі мәтіндерде кездесетін фразеологиялық бірліктер өзге тілге аударуға мол мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді:

1. Фразеологиялық бірліктер мағынасы дәл берілетін, бірақ грамматикалық құрылысы өзінше болып келетін *эквивалентті баламалар*. Орысшада көпше түрде келген фразеологиялық бірліктер қазақшада жекеше түрде беріледі. Мысалы: быть в гостях – қонақта болу; б) қазақшада орысша фразеологиялық бірлік бір-екі құрамының орын ауыстыруы. Мысалы: вести переговоры – келіссөз жүргізу.

2. Орысша мен қазақша фразеологиялық бірліктерде семантикалық ешбір сәйкестік болмайтын немесе недәуір дәрежедегі құрылымдық айырмашылықтары бар *аналогиялық баламалар*. Мысалы: *держать язык за зубами – ауызға ие болу; пальцем о палец не ударить – бұрау шөп басын сындырмау*.

3. Суреттеп, бейнелеу арқылы берілетін *суреттеу түріндегі сәйкестік*. Бұл тәсілде фразеологиялық бірліктер лексикалық-семантикалық аясымен қоса, олардың образдылығы мен экспрессивтілігі де беріледі, эквивалентті, аналогиялық баламалар табылмаған жағдайда қолданылады. Мысалы: *белый свет не мил – жарық дүниеден безіп кеткендей*.

4. *Аналогиялық және суреттеу тәсілі* қосарлана-қиыстырыла беріледі. Мысалы: *два пара сапогах – апама жездем сай*.

5. *Абсолютті баламалар (калькалау)*. Орыс тіліндегі фразеологиялық бірліктердің дәлме дәл берілуі. Мысалы: *белые ночи – ақ тун*.

Фразеологиялық бірліктер коммуникативті-функционалдық қызметі екінші тілге аударуды талап ететін, қалдырылып кетуге немесе алмастыруға көне қоймайтын мағына берудегі атқарушылық қызметі басым элементтер болғандықтан, қандай жағдайда да оның аударылуы қажет.

Дегенмен, аудармашының әр халықтың тілді қолдану дәстүрін мұқият ескере отыруы, әрбір тұрақты тіркестің шығу, жасалу тәркінін зерттеп білу – басты шарттың бірі екенін ескергені жөн. Себебі, аударма мәселесінде ең күрделі мәселенің бірі – ұлттық ерекшеліктердің мүмкіндігінше аса өзгерістерге ұшырамауы.

Аударма кезінде фразеологиялық бірліктердің мағыналық-семантикалық құрылымын былай қойғанда олардың құрамындағы компоненттерінің этимологиялық шығу тегін білу маңызды. Түрлеріне қарап тұрақты тіркестерді аударудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты кейбір ғалымдар идиомдарды аударылғыштық қасиеттеріне қарай «бейтарап идиомдар және ұлттық өз бояуы бар идиомдар» деп екіге бөліп қарастырады. Бұлардың алғашқыларын «сөзбе сөз аударуға келеді, ал ұлттық ерекшелігі бар идиомдарға бұлай қарауға болмайды» дейді. Бұл жөнінде академик Ө.Айтбайұлы зерттеушілердің «аударылғыштық», «аударылмайтындық» жөніндегі таласты тұжырымдарын салыстыра келе: «Идиомдарды екінші тілге аударуға әбден болады және аудару аса қажет. Біздің мақсатымыз олардың құрамындағы әрбір жеке сөздің жоғалған мағынасын іздеу емес... Бізге керегі сол идиома сөздердің бәрі бірігіп берер бейнелі, астарлы мағынасы. ...Идиомалар түріне, құрылысына қарағанда тіркесте берер мағынасына қарағанда олар жеке сөзге тең. Ендеше бұлардың екінші тілдегі эквивалентін іздеу – өнімді тәсіл болмақ» [1, 140] деп қорытындылайды. Ғалымның бұл пікірі кино лексикасында кездесетін идиомаларды аударуда кездесетін қиындықтарға да бірден-бір жауап болмақ. Жалпы фразеологизмдер, паремииологизмдер – перлокутивті ықпал етуші күшке ие.

Ал енді компоненттері негізгі лексикалық мағынасын жоғалтпаған фразеологиялық бірліктердің бір түрі мақал-мәтелдерді аудару жәйі қалай болады? Әр халықтың өздеріне ғана тән ұлттық, салт-саналық, дәстүрлік, діндік ерекшеліктеріне қарай туындаған аллитерациялық, ассонанстық қасиеттерге ие мақал-мәтелдерді аударудың өзіне тән өзгешелігі де бар. Айталық, «мақал-мәтелдер формасы мен мазмұнын сақтап аударуға болады. 2. мақал-мәтелдер мағынасы сай келгенмен, формасы сақталынбайды, 3. фразеологиялық көркемдігін сақтай отырып эквивалентті жеткізу» [2, 48]. Осымен бірге мақал-мәтелдерді аударуда бағалау реңкінің берілуіне де ден қою керек. Екі тілдегі кейбір фразеологиялық бірліктердердің жалпы мағынасын бер-

генмен кейде негативті бағалауға ұрынып, объектіге, болып жатқан жағдайға басқаша рең берілуі мүмкін. Мысалы: *Елдестірмек елиіден, жауластырмақ жаушыдан – Умный придя на войну предлагает мир, а дурак придя миру затеяет ссору.*

Сол секілді түпнұсқадағы фразеологиялық бірліктер жасап тұрған компоненттердің бәрін бірдей грамматикалық формаларымен, морфологиялық қасиеттерімен орыс тіліне беру кезінде әсерлі, ауыспалы астарлы мағынасы сақталмауы мүмкін. Негізі, бір тілдегі фразеологиялық бірліктердің екінші бір тілдегі дәл баламасының болмауы жиі кездесетін жағдай. Бұл жөнінде жазылған ғылыми еңбектер жоққа тән болғандықтан аса күрделі тақырып. Себебі, халықтар арасындағы салт-дәстүр, тыныс-тіршіліктен өзге де «тілдер арасындағы лексикалық-грамматикалық құрылымның, тілдік құралдардың стильдік, эмотивтік қызметінің арасындағы айырым-белгілер неғұрлым анығырақ байқалған сайын екі мәтіннің прагматикалық, эстетикалық қызметін теңбе-тең ететін тілдік бірліктерді таңдау қиындай түседі» [3, 41]. Сонымен, бір тілдегі фразеологиялық бірліктерді екінші бір тілге беру неге сонша қиын?

Екі тілдің арасында (әсіресе тектес емес) фразеологиялық бірліктер берілуінің қиындық тудыратын негізгі себептерінің бастысы:

1. Фразеологиялық бірліктер құрамындағы компоненттерде тек бір ұлт мәдениетіне ғана тән болмыстық өзгешеліктің болуы. Мысалы: - *Қалауымды берсең, ат тізесін қостым деп кетем, бермесең, ат құйрығын кестім деп кетем.*

- *Если сдержите словая останусь вашим другом, обманете, уйду навсегда.*

2. Фразеологиялық бірліктердің құрамындағы компоненттерінің түпнұсқалық фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық қызметін беру қиындығы. Мысалы: - *Елдестірмек елиіден, жауластырмақ жаушыдан.*

- *Умный придя на войну предлагает мир, а дурак придя миру затеяет ссору.*

Жоғарыда айтылып кеткен аударма тәжірибесін жинақтай келе фразеологиялық бірліктерді аударудың мынадай амалдары қортылады:

1. Фразеологиялық бірліктерде берілетін ұғымның негізгі мағынасы;

2. Абсолютті баламалар;

3. Өзге тілдегі фразеологиялық бірліктердің (объектінің, субъектінің жағымды-жағымсыздығын бағалайтын) мазмұнын адекватты бере алатын фразеологиялық бірліктерді қолдану;

4. Түсіндірмелі баламалар

5. Фразеологиялық бірліктер құрамындағы компоненттің семантикалық-стильдік қызметін дәл жеткізу мақсатында сөз түрлендіру.

Өзге тілдегі фразеологиялық бірліктерді аудару барысында аударма жасалушы халықтың тілдік қорында лексикалық мағынасы, стильдік қызметі ұқсас, объективті дүниелерді бейнелеп беру жағынан орайласатын, бір-біріне сәйкес келетін тең баламалы фразеологиялық калькаларды да қолдануға да болады. Мысалы: «бас ию – склонить голову». Калькалау тәсілі тым қарапайым саналса да «шын мәнінде егер түпнұсқа тіліндегі фразеологиялық бірліктерге негіз болып тұрған образ семантикалық жағынан мейлінше айқын, қабылдаушыға түсінікті болса, осы ауыспалы мағынаны түсінсе, екі тілде де фраза жасап тұрса бұл амал тиімді болып есептеледі» [3, 157].

Сонымен фразеологиялық бірліктер – шығармалардағы кеңінен қолданылатын коммуникативтік-функционалды қызметі күшті, екінші тілге аударуды талап ететін (көп ретте қалдырып кетуге, не алмастыруға болмайтын) функционалды қызметі басым элементтер.

Екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің алшақтығы мына тұстардан туындайды: бағалауыштық қызметі әрқалай (образға тірек компоненттері бірдей болғанмен); құрамындағы компоненттер ұлттың тарихынан, мәдениетінен хабар беретін, этимологиясы көмескі; этимологиясы жағынан өзге халықтың ұлттық-мәдени, діни танымына тікелей қатысы бар.

Фразеологиялық бірліктерді берудің төмендегідей амалдарын атап өтуге болады: өзге тілдегі жағымсыз бағалауыштық реңкті фразеологиялық бірліктің мазмұнын бара-бар бере алатын фразеологиялық бірлікті пайдаланады; сөзбе-сөз аудару; ауыспалы мағынаға балама іздестіру; құрамындағы образға тірек болатын компонент сөзі аударылушы тілдің ұғымына айқын емес идиомалар үшін түсіндірмелі баламалар; аталушы ұғымның негізгі концептісі (яғни бұл фраза нені білдіреді деген сұраққа жауап беріледі) алынады.

Құрамындағы образ-компонентінің семантикалық-стильдік қызметін дәл жеткізу мақсатында трансформациялаудың бір түрі – нақтылау қолданылады және т.б.

### *Әдебиет*

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері//Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы. «Арыс». 2007. - 617 б;
2. Авакова Р.А. Фразеологиялық қордың ұлттық-мәдени мәртебесі // Жизнь языка и язык в жизни. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – Б. 109-1366 б;
3. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы.: Арыс, 1998. – 215 б.

**Сафуллина Н.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ  
2-курс магистранты*

### **«Диуани хикметте» кездесетін араб тіліндегі діни терминдер**

**Аңдатпа.** Мақалада Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты жазба ескерткішінде кездесетін араб тіліндегі діни терминдер жайлы мәліметтер қарастырылады.

Діни-сопылық терминдер ең көп кездесетін шығарма – «Диуани хикмет». Соған байланысты «Диуани хикметте» кездесетін сөздердің көп бөлігі араб және парсы тілінен енген. Қарахан дәуіріндегі шығармаларының ішінде ең көп кездесетін арабша және парсыша сөздер «Диуани хикметте» жазылған. Қолжазба тіліндегі сөздік қордың едәуір бөлігін араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрайды. Түркі тілдері тарихында араб, парсы сөздерінің қолданыс аясы кең және алар орны да ерекше екендігі даусыз. «Диуани хикмет» діни еңбек болғандықтан, арабизм мен фарсизмдердің мол болуы заңды.

Аталған мақалада орта ғасырлық жазба ескерткіші «Диуани хикметтегі» діни терминдердің құрамын анықтау, олардың қазіргі әдебиеттегі көрінісін көрсету туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** Даналық кітабы, хикмет дәстүрі, сопылық ілім, сөздік қор, кірме сөз, діни терминдер.

**Аннотация.** В статье рассматриваются сведения о религиозных терминах на арабском языке, которые встречаются в памятнике письменности Кожа Ахмета Иассауи «Диуани хикмет» (Книга мудрости).

«Диуани хикмет» является произведением, где встречается много религиозно-суфийских терминов. В связи с этим большая часть слов, встречающихся в «Диуани хикмет» заимствованы с арабского и персидского языков. Арабские и персидские термины, часто встречающиеся в произведениях карахидского периода написаны в «Диуани хикмет». Значительную часть словарного фонда рукописи составляют слова, заимствованные с арабского и персидского языков. Бесспорно, что арабские и



персидские слова широкоприменяются и занимают особое место в истории тюркских языков. Так как «Диуани хикмет» является религиозным трудом, здесь встречается много арабизма и фарсизма.

В данной статье речь идет об определении состава религиозных терминов памятника письменности средневековья «Диуани хикмет» и их месте в современной литературе.

**Ключевые слова:** книга мудрости, традиции хикмет, суфийское учение, словарный запас (фонд), заимствованные слова, религиозные термины.

**Annotation:** In the article information is examined about religious terms in Arabic language, that meet in the monument of the written language Skin of Akhmeta Yassauï “Diuani khikmet” (Book of wisdom).

“Diuani khikmet” is work, where many religiously-sufi terms are. In this connection greater part of words meeting in “Diuani khikmet” adopted from the Arabic and Persian languages. Arabic and Persian terms often meeting in works of karakhanidsky period written in “Diuani khikmet”. Considerable part of dictionary fund of manuscript is made by the words adopted from the Arabic and Persian languages. Indisputably, that the Arabic and Persian words are widely used and occupy the special place in history of turkic languages. Because “Diuani khikmet” is religious labour, here is much arabism and farsizm.

In this article the question is about determination of composition of religious terms of monument of the written language of middle ages of “Diuani khikmet” and their place in modern literature.

**Keywords:** book of wisdom, tradition of khikmet, sufi studies, vocabulary (fund), loan-words, religious terms

«Диуани хикмет» жазба ескерткіші жалпы діни мазмұнда болғандықтан, онда араб, парсы элементтерінің басым болуы заңды құбылыс. Осы сөздердің басым бөлігінің сол дәуірлерде жазылған ескерткіштерде кездесетіндігі анықталды.

Соған байланысты қолжазба тіліндегі сөздік қордың едәуір бөлігін араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрайды. Түркі тілдері тарихында араб, парсы сөздерінің қолданыс аясы кең және алар орны да ерекше екендігі даусыз. «Диуани хикмет» діни еңбек болғандықтан, арабизм мен фарсизмдердің мол болуы заңды. Алайда олардың көпшілігі қазіргі түркі тілдерінің бәріне ортақ төл сөзіндей әбден сіңісіп кеткен сөздер болып келеді.

Араб элементтерінің енуіне түркілердің ислам дінін қабылдауы едәуір әсер еткендігі сөзсіз. Ислам дінінің түркі топырағына жетуі VIII ғасырда басталғанымен, оның кең етек жаюы X ғасырда Қараханиттер мемлекетінің тұсында болды. Араб элементтері алғашқыда дінге байланысты ауысып, тек ислам дінінің айналасындағы сөздер ғана болды. Алайда сол дінді таратушы арабтардың жергілікті халықтар арасынан орын теуіп отыруымен бірге араб тілінің сөздері ене бастады.

Қарахан дәуіріне жататын «Диуани хикмет», «Хибатул-хақайық» және «Құдатғу біліг» еңбектері діни-сопылық мазмұндағы шығармалар болғандықтан, ондағы кірме сөздердің (араб, парсы) үлкен бөлігі тасаууыфка қатысты терминдер. Мысалы: *хамд, тағат, шаригат, қайран, хикмет*.

Аталмыш шығармалар ішіндегі діни-сопылық терминдер ең көп кездесетін шығарма – «Диуани хикмет». Бұған А.Иассауидің тариқат пірі болуы және мүридтеріне тасаууыф ілімін үйретуі негіз болады. Соған байланысты «Диуани хикметте» кездесетін сөздердің көп бөлігі араб және парсы тілінен енген. Жоғарыда айтқанымыздай, Қарахан дәуіріндегі шығармаларының ішінде ең көп кездесетін арабша және парсыша сөздер «Диуани хикметте» жазылған.

«Диуани хикмет» тіліндегі араб тіліндегі діни терминдерді мынадай топтарға жіктеуге болады:

## Шаригатқа байланысты діни терминдер

**АҚЫР ЗАМАН** – *Ахыр зәман болгандүр, падшаһ залым болгандүр, آخر بولغاندور زمان* (28-хикмет)  
بولغاندور ظالم پادشاه

**АЛЛАҺ** – *Аллаһ Хақы андағ құлга Сижжсин тайар, الله قول آنداغ حقي* (1-хикмет)

**АХИРЕТ** – *Ахыратқа барур болсам қани йарақ, آخرتقه براق قاني بولسام بارور* (4-хикмет)

**АЯТ** – *Аят, хәдис һәр кім айтса сами болғыл, حدیث آیت بولغیل سامع ایتسه هرکیم* (1-хикмет)

**ДІН** – *Дуниһа ташлаб, дин йолына қадам қойдұм, دنیا تاشلاب دین بولغیه* (15-хикмет)  
قويدوم قدم بولغیه دین تاشلاب دنیا

**ДУҒА** – *Илгің ачыб, ду`а айлаб бойын сүнгил, ایلکینگ دعا آچیب* (9-хикмет)  
سونکیل بویون ایلاب دعا آچیب ایلکینگ

**ЖАМАҒАТ** – *Жәма`атға бармайын, тәрк намаз қылғанлар, جماعت ترک بارمایین کا* (110-хикмет)  
قیلغانلار نماز

**ЖАНАЗА** – *Жаназасын оқыб, ерден көтәрділәр, جنازه کوتاردیلار بیردین* (2-хикмет)  
اوقوب سین جنازه

**ЗЕКЕТ** – *Руза тұтұң, намаз оқұң, зәкәт берің, روزه بیرینک زکوة اوقونک* (125-хикмет)  
نماز توتونک روزه

**ЗІКІР** – *Үшәл уақытда мың зикрін қылдым тамам, وقتده اوشال تمام قیلدیم* (1-хикмет)  
ذکرین بیر مینک

**ІЛАҺ** – *Йа, Иләһим, хәмдің бірлә хикмәт айтыб, یا ایتیب حکمت* (5-хикмет)  
بیرله حمدینک الھیم

**ИМАМ** – *Хақ Мустафа рухы келіб болды имам, امام بولدی* (6-хикмет)  
کیلیب روحی مصطفی حق

**ИМАН** – *Иман елтгән халис болұб йаныб чыққай, ایمان ایلتکان ایمان* (16-хикмет)  
چیقای یانیب بولوب خالص ایلتکان ایمان

**ИСЛАМ** – *Арслан бабам исламыдин баян қылды, اسلامي بابام آرسلان* (2-хикмет)  
قیلدی بیان دین اسلامي بابام آرسلان

**ҚИЯМЕТ КҮНІ** – *Қиямат күн ғазаб қылса Раббым Қадир, قیامت کون یامت* (3-хикмет)  
قادر

**ҚҰРАН** – *Құран оқып, амал қылмай йалған `алим, قرآن عمل اوقوب قرآن* (1-хикмет)  
عالم یالغان قیلмай عمل اوقوب قرآن

**МИҒРАЖ** – *Ошал түні ми`раж чықыб дидар көрді, کوردی دیدار* (1-хикмет)  
چیقیب معراج تونی اوشال

**МУФТИ** – *Мулла, муфти болғанлар, нахақ дә`уә қылғанлар, ملا ناحق* (53-хикмет)  
بولغانلار مفتی ملا

**ХАРАМ** – *Харам, шубһә тәрк етібан йүрәк дагла, حرام داغلا یورک* (9-хикмет)  
ایتбан ترک شبهه حرام

**ШАЙТАН** – *Шәйтан галиб жан берәрдә шаштым мәна, شائیتیم برارده* (1-хикмет)  
جان غالب شيطان

**ШАПАҒАТ** – *Шәфқат болмаса Сәндин, нә қылғайман, Худаһа?! سندين بولمسه* (18-хикмет)  
شفقت خدايا قیلغایمن نه

**ШАРИҒАТ** – *Шәри әтдүр мен һәм бітәй бір риуайат, شریعت روایت* (9-хикмет)  
بیر بتای هم مین دور شریعت

**Адамның атақ-лауазымын, кәсібін білдіретін және әлеуметтік топтарға байланысты діни термин сөздер**

**АБИД** (ФАБИТ) – *Заһид, `абид хас құллардин `уләманы, لاردين قول* (83-хикмет)  
خاص عابد زاهد

**ҒАЛЫМ** – *Ахыр зәман `алимлары залым болды, آخر عالم زمان* (35-хикмет)  
بولدی ظالم لاری عالم زمان آخر

**ҒАРИП** – *Ғариб, йәтим, фақырларны көңлін аулаб, اولاب کونکلین* (1-хикмет)  
فقيرلارني يتيم غريب

**ҒАУС** – *Тапар һәрдәм Ғаусул ғиас жәлалатын. جالاتين الغياث غوث دم هر تاپار*  
(120-хикмет)

**МӘУЛА** – *Рахим Мәүлим рахмы бірлә йад айласа, رحيم موليم رحيم ايلاسه ياد بيرله رحيم*  
(11-хикмет)

**МҮЖТӘҺИД** – *Он төрт мың мужтәһидлар хизмат қылгай, مجتهدلار مينگ تورت اون*  
قىلكاي خدمت (2-хикмет)

**РАББЫ** – *Раббың кимдүр дегәндә, нә қылгайман, Худайа?! نه ديكانده كمدر ينكرب*  
خدایا قیغایمن (18-хикмет)

**РАСУЛ** – *Ғариб, фақыр, йетімләрни Расул сурды, سوردي رسول يتيملارني فقير غريب*  
(1-хикмет)

**ТАҚУА** – *Зухд-у тәқуә қылмай бұзар сирәтләрин, سيرتلارين بوزار قيلماي تقوي زهد*  
(45-хикмет)

**ШЕЙИТ** – *Шәһид болды дәһеде, `Усман бахәйадүр. باحيادور عثمان ده دهه بولدي شهيد*  
(60-хикмет)

**Жақсы қасиеттерге, сипаттар мен сезімдерге байланысты діни терминдер**

**ҒАФФАР** – *Йол бергүчи, Рахман, Рахим, Ғаффар, Саттар, رحيم رحمن بيركوجي يول*  
سنار غافر (23-хикмет)

**ҚАДИР** – *Тәубә қылсам, кечәрмукин Қадир Иләһ, اله قادر كيجارموكين قيلسام توبه*  
(62-хикмет)

**МҮБӘРАК** – *Тұзған ерім ол мүбәрәк Түркстандин, تركستاندين مبارك اول بيريم توغان*  
(17-хикмет)

**МҮМІН** – *Мү`мин ермәс хикмәт ешитиб йыгламайдүр, ايشيتيب حكمت ايرماس مؤمن*  
دور بيغلاماي (3-хикмет)

**МҮРТАЗА** – *Умәр, `Усман, Муртазаға, ابو غه مرتضي عثمان عمر بكر ابو*

**МҮСТАФА** – *Мустафадек елні кезиб йетім кәулә, كاوله يتيم كيزيب ني ايل ديك مصطفى*  
(1-хикмет)

**МҮСЫЛМАН** – *Исламды қабылдаған адам. Мүмін. Мусулман мусулманны қылды қатил, قاتل قيلدي ني مسلمان مسلمان*  
(35-хикмет)

**НҮР** – *Ми`раж түні «нұр дидәм фәрзәнд» деді, ديدي فرزند ديدم نور توني معراج*

**Жаман қасиеттерге, сипаттар мен сезімдерге байланысты діни терминдер**

**АСИ** – *Аси, жафи үммәтләрни халын сүрдүм, سوردم حالين لارني نأام جافي عاصي*  
(6-хикмет)

**ҒАПЛ** – *Алтмыш үчкә йашым йетті өттүм ғафыл, غافل ومأوت بيتي ياشيم اوچكا آلتмыш*  
(1-хикмет)

**КӘЗЗАП** – *«Әлкәззабу лә уммәти» деді сізгә, سيزكا ديدي امتي لا الكذاب*

**КӘПР** – *Сүннәт ермиш, кафир болса берме азар, آزار بيرمه بولسه كافر ايرميش سنت*  
(1-хикмет)

**МҮШРІК** – *Муширикларны иманыны шәйтәналды, آلدني شيطان ني ايماني لارني مشرك*  
(16-хикмет)

**МҮНАФЫҚ** – *Мунафиқлар дузах ічрә күйүб йангай, يانغاي كويوب ايچره دوزخ لار منافق*  
(16-хикмет)

**ПАСЫҚ** – *Фасиқ, фажир, һәуа қылыб ерні басмас, باسماس بيرني قيليب هوا فاجر فاسق*  
(38-хикмет)

**ТӘКАППАР** – *Тәкәббурны аяағ астида басыб алдым, آلديم باسيب آستيده آياغ تكبرني*  
(3-хикмет)

**Мекен атауларына байланысты жалқы есімдер**

**ЖАННАТ** – *Фирдаус атлығ жәннәтидин мәхзар келді, محضر دين جنتي اتليغ فردوس*  
كيلدي (3-хикмет)

**ЖАҺАННАМ** – *Ғафләт бірлә жаһаннамға кетәр, достлар. كيتار كا جهنم بيرلان غفلت*  
دوستلار (45-хикмет)

**ИЛЛИУН** – *Рухын алыб, `илишгә киргүзділәр, كيركوزديلار كا بين علي آلوب روحين*  
(2-хикмет)

**КӘУСАР** – *Пайғамбарлар алдыда, Кәусәр, хур, ғилман бар*. و حور كوثر اَلدَيِدِه پيغمبرلار  
بار غلمان (30-хикмет)

**ҚАБІР** – *Аллаһ нұры қабрің ішін раушан қылғай, الله قىلغاي روشن ايچين قبرينك نوري الله*  
(142-хикмет)

**ҚАҒБА** – *Кә`бә ешигін ачдұрған, барча бұтны сындұрған, كعبه بت بارچه آچدركان ايشكين كعبه*  
سيندوركان ني (59-хикмет)

### *Әдебиет*

1. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері.

2. Эраслан К. Диван-и хикметтен сечмелер. Анкара: Култур бақанлығы йайынлары. 2000

3. Ахмет Иасауид. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). Түркістан, «Тұран» баспаханасы, 2010. - 400 бет.

4. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері. - Алматы: Ғылым, 1982. – 45-б.

5. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1975. – 175-б.

6. Сыздықова Р. Яссауи «хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 бет.

*Смагулова А.С.*

*Центрально-Азиатский университет,  
к.ф.н., доцент*

### **Терминосистемы нефти и газа в казахском языке: перспективы развития**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта мемлекет арасындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынастардың арқасында тіл білімінде терминдерді терең зерттеу қолға алынды. Әсіресе, мұнай мен газға байланысты терминдерді зерттеуге ерекше қызығушылық туып отыр. Осы мақалада мұназ газ терминдердің қазақ тілінде кірме сөздердің қалыптасуы бейнеленеді.

**Тірек сөздер:** мұнай-газ сөз тіркестері, техникалық аударма, мұнай-газ саласы бойынша терминологиялық сөздіктер, мұнай-газ терминологиясының экономикалық және сақтандыру аспектілері.

**Аннотация.** В настоящее время возрастает научный интерес к терминообразованию, который способствует выявлению различных видов неологизмов при образовании новых нефтегазовых терминов. При классификации основных способов терминообразования называются заимствования из английского, русского, арабского и других языков. Изучение иноязычных элементов в составе терминологической лексики казахского языка представляет интерес не столько для определения процесса контактирования казахского языка с упомянутыми выше языками, сколько для выяснения материальной основы заимствованных слов. В статье описывается заимствование с разноязычных языков терминосистемы нефти и газа.

**Ключевые слова:** образовательное пространство, технический перевод по нефтегазовой отрасли, терминологические словари, экономические и страховые аспекты нефтегазовой терминологии.

**Annotation.** Today growing scientific interest helps to identify the different types of neologisms in the formation of new oil and gas terminology. In the classification of the

main ways of oil and gas terms is borrowing from English, Russian, Arabic and other languages. The study of foreign language elements in the Kazakh language terminology interest to define the process of contacting the Kazakh language and clarify the material basis of loanwords. The terminological borrowing of oil and gas in the Kazakh language are describes in this article.

**Keywords:** educational space, technical translation on oil and gas industry, terminological dictionaries, economic and insurance aspects of oil and gas terminology.

В распространении и создании новых терминов нефтегазовой отрасли особую роль играют внешнеэкономические связи, возникающие в сфере международного общения. Данному процессу способствует становление новых форм экономической деятельности в Казахстане, появление которых было предопределено переходом нашей страны к рыночной экономике. Многие терминологические проблемы, связанные с изменениями форм собственности и появлением, освоением новых сфер в нефтегазовой промышленности, приходится решать впервые, поэтому целесообразно обращение за терминологическим материалом к другим языкам. Нефтегазовая терминологическая лексика казахского языка тесно связана с историей становления и развития казахского литературного языка.

Определенный пласт в составе рассматриваемых терминов составляют иноязычные заимствования, перешедшие из следующих шести источников: иранского, арабского, монгольского, китайского, английского и русского языков. Отметим, что «наибольшее число лексических элементов иноязычного происхождения в казахском языке составляют иранизмы и арабизмы: *айна* — (зеркало, металлическая, пика, штык) *найзалы бұрғылау*-, *шарайна* — (броня), *шөміш* — (ковш-пластинка с гладкой полированной поверхностью), *астар* — (подкладочный материал), *болат* — (сталь), *кілт* — (ключ), *найза* — (копье), *черпак*, *тоға* — (пряжка), *тор* — (сеть, сетка), *аспап* — (прибор, инструмент), *алқа* — (замкнутый круг), *қынап* — (чехол, сандал — опора наковальни), *шынжыр* — (цепь), *табақ* — (большая чаша) .

По терминосистеме «нефть и газ» выявлено большое количество терминов англоязычного происхождения: *абсорбент* — *absorbent*, *абсорбция* — *absorption*, *агломерат* — *agglomerate*, *баррель* — *barrel*, *берма* — *berm*, *вакуум* — *vacuum*, *ингибитор* — *inhibitor*, *индикатор* — *indicator*, *инфильтрация* — *infiltration*, *кокс* — *coke*, *конденсат* — *condensate*, *коррозия* — *corrosion*.

Известно, что заимствования лексических элементов из других языков, так или иначе, отражают определенные культурно-экономические связи, взаимовлияние контактирующих языков и их носителей. Изучение иноязычных элементов в составе терминологической лексики казахского языка представляет интерес не столько для определения процесса контактирования казахского языка с упомянутыми выше языками, сколько для выяснения материальной основы заимствованных слов.

Хотя в развитии нефтегазовой терминологии прослеживается тесная связь с национальным литературным языком, с его лексико-семантическими и номинативными возможностями, в то же время подтверждается зависимость формирования терминосистемы нефтегазовой отрасли от характера развития современной экономики. Следовательно, при рассмотрении нефтегазовой терминологии необходимо затронуть вопросы терминообразования и терминопотребления, в число которых входит современное состояние терминологии по следующим параметрам: источники формирования, способы номинации, особенности употребления терминов.

При заимствовании большую роль играет общая ориентация на язык-источник терминологии. Большинство лингвистов, таких как: Э.М. Медникова, А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева, языком — источником в последнее время называют английский язык. Половина терминов новых терминосистем образована на базе известных слов с помощью синтаксического способа. По мнению американского

лингвиста У. Фалда, этот способ считается самым эффективным [4, 220]. Из этого следует, что формирование терминосистемы нефтегазовой отрасли казахского языка происходит, в основном, на базе соответствующей терминосферы английского языка, чаще посредством русского языка путем синтаксического калькирования многокомпонентных терминов в соответствующих языках, освоения интернационального лексического фонда (через английский язык как язык – посредник), а также путем лексического заимствования, семантического калькирования. Развитие в сфере терминологии в современном казахском языке характеризуется следующими состояниями:

а) часть заимствованных терминов сменилась на термины родного языка: *азотсыздандыру* — *деазотирование* — *denitrogenation*, *айданды* — *дистиллят* — *distillate*, *айырығыш* — *сепаратор* — *separator*, *ауытқы* — *аномалия* — *anomaly*, *әрекеттер* — *реагент* — *reagen*;

б) термины родного языка остались без изменений: *саз* — *глина* — *clay*, *күкірт* — *сера* — *sulfur*, *тіреуіш* — *якорь* — *anchor*, *ұңғыма* — *скважина* — *well, hole*, *сүзгі* — *фильтр* — *filter*;

в) заимствованные слова остались без изменений: *битум* — *битум* — *bitumen*, *датчик* — *датчик* — *probe, transmitter*, *грейфер* — *грейфер* — *grab bucket*, *забой* — *забой* — *bottomhole*, *кадастр* — *кадастр* — *inventory*, *каротаж* — *каротаж* — *logging, log*, *карьер* — *карьер* — *quarry, borrow pit, pit*, *каскад* — *каскад* — *isometric spool*.

Приведенные характеристики терминов находятся в тесной связи со следующими особенностями развития нефтегазовой терминологии:

1) в начале развития терминологической системы из русского языка заимствовались термины наряду с необходимыми и такие, эквиваленты которых существовали в языке: *глубина скважины, закрепление керна, инструмент буровой*;

2) чрезмерное увлечение заимствованиями, с одной стороны, и пуристические тенденции – с другой, порождали излишнюю синонимичность, вариативность, избыточность терминов: *головка буровая* — *бурғының басы*, *головка забивная* — *қағылмының қалмақшасы*.

Говоря о заимствованиях в терминологии, следует различать заимствования не только из одного в другой язык, но и из системы в систему. Под последними подразумеваются заимствованные термины и их семантическое преобразование, семантическая терминологическая уточненность, диктуемая вторым языком, как необходимость в процессе создания специальных наименований. В качестве стандартных терминоэлементов выступают чаще всего греко-латинские морфемы по происхождению, ставшие международным терминологическим фондом и освоенные всеми европейскими языками.

Рассматривая терминологию как подсистему лексической системы литературного языка, необходимо учитывать взаимоотношения терминологии с такими функциональными подсистемами, как фонетика, морфология, синтаксис. Отметим, что словообразование терминов, терминов-словосочетаний подчинено общезыковым законам: *геозерттеу, газжұтқышы, деңгей көрсеткіші, техникалық күту*; функционирование морфолого-синтаксических моделей терминов в специальных текстах статистически отлично от функционирования аналогичных моделей общеупотребительных слов и словосочетаний в художественных текстах: *ұңғылар өнімінің сулану мөлшері (обводненность скважин), мұнай кең орындарын игеруді жобалау (проектирование разработки нефтяных месторождений)*; в специальных текстах, наряду с терминами, функционируют и общеупотребительные слова: *тиімділік шамасы (оценка применения), технологиялық режімін тағайындау (выбор технологического режима), мұнай шығарымын талдау (анализ выработки нефти)*.

При образовании и функционировании терминов участвуют такие нейтральные средства языка, как общезыковые словообразовательные и синтаксические модели.

Из вышеизложенного следует, что терминология — это подсистема лексики литературного языка, соотношенная со специальной профессиональной деятельностью, определяющая номинацию профессиональных предметов, признаков, действий, явлений, определяющая формирование и функционирование производственно-технического, научного и социально-управленческих стилей.

Как в различных отраслях науки и техники, термины нефтяной отрасли по своей семантической природе подразделяются на устарелые и заимствованные. Но так как устарелые обозначают предметы в определенной области, можно утверждать, что и они произошли от заимствованных терминов. Например, *желі* — (*жила*); *сұйық отын* — (*жидкое топливо*); *қақпақ* — (*клапан*). Устарелые термины делятся на односоставные *anhydrous* — *сулы* — (*водный*) и сложные *anhydrous ammonia* — *сусыз аммиак* — (*безводный аммиак*).

Специальная, собственно терминологическая лексика современного языка, как общая совокупность терминов разных научных циклов и отраслей практической деятельности, представляет собой пестрое и разнообразное сочетание слов. Например, терминологическая лексика науки о нефти состоит из исконно русских (*скорость, тело, тепло*), казахских (*бағыттауыш, жылжымайтын, құбыр*), заимствованных (*баррель, дроссель, дюйм, проекция*), старых русских (*качалка, катушка*) и новых (*зонд, инструмент, блок*), обычных обиходных (*головка, башмак, юбка, барабан*) и узкоспециальных (*забой, скважина, бурение*) слов, образованных по моделям общелитературного словообразования (*бурение, буримость, бұзу, бұзылу, діріл, дірілдеткіш, load, loading, coke, coking*). Анализ определенной отраслевой системы способствует выявлению как универсальных терминов, так и терминов-слов из просторечной (разговорной) лексики: *баба ударная, башмак фрезерный, дробь буровая, клин отклоняющийся; дірілдек елеуіш (вибрационное сито), қайыстық беріліс (ременная передача), тісті рейка (рейка зубчатая), газдық тақия — gascap — шапка газовая, бас — head — головка, жел — strand — жила, қақпақ — hat — колпак*. Такого рода «пестрота» состава терминологической лексики английского, казахского языков свидетельствует о способности терминов нефтегазовой отрасли пополняться из разных источников и с помощью различных языковых средств. Формирование каждой терминосистемы имеет, как правило, длительную историю, в которой отражаются особенности формирования определенного языка под влиянием внутренних и внешних факторов по отношению к языку.

Действие и функционирование источников формирования терминологической лексики в разные периоды развития языка в целом и развитие языка науки в частности изменялись в зависимости от многих причин, среди которых немаловажная роль принадлежит внеязыковым факторам. Так, общеязыковая политика, общественное развитие страны и исторические факты, так или иначе, связаны с образованием терминов в определенной отрасли. В современном казахском языке при образовании терминов используются внутренние ресурсы самого языка, когда наряду со словами общелитературного характера используются просторечия, диалектизмы. Следует отметить, что интернациональные термины и их адекватный перевод употребляются в современном казахском языке параллельно: *жіктеу* — *классификация, сарқылу* — *дренаж, кернжарғыш* — *кернавзрыватель, әрекеттер* — *реагент, көрсеткіш* — *индикатор*.

Термин связан с конкретными языками и историческими условиями возникновения той или иной терминологии, в связи, с чем при становлении и унификации научных терминологий следует обратить внимание на источники их формирования. Основными источниками формирования каждой национальной терминологии является конкретный национальный литературный язык, поэтому при создании терминов предпочтение во всех случаях должно отдаваться ресурсам родного языка. Однако этот вариант образования терминов не всегда является приемлемым. Здесь часто име-

ет место переосмысление, метонимический перенос. Тем не менее, когда сведения о новой области знания еще недостаточны, а понятия еще четко не определены, активность в терминообразовании проявляет естественный язык. Таким образом, на разных стадиях формирования терминологии и становлении новых терминосистем этот источник является приоритетным.

На этимологический состав новых терминосистем влияет не только происхождение словарного состава национального языка, но и развитие нефтегазовой отрасли. Для развития науки, техники в настоящее время характерны процессы международного и международного сотрудничества, что с неизбежностью отражается в тенденциях терминологических наименований. Все это ведет к использованию интернациональных (греко-латинских) средств образования терминов, а также к непосредственному заимствованию англоязычных терминологических наименований, особенно в новые терминосистемы нефтегазовой терминологии казахского языка, а поэтому в качестве второго источника могут выступать заимствования и интернационализмы.

Язык страны, в котором произошло какое-либо открытие, опережает другие языки в научно-техническом или экономическом прогрессе, поэтому можно предположить, что на определенном этапе своего развития он занимает лидирующее положение в разных науках, таким образом, являясь основой для формирования новых терминов. Таким образом, формирование нефтегазовой терминосистемы в казахском языке отражает процесс развития рыночной экономики, который базируется не только на опыте развитых государств в сфере нефтегазовой отрасли, но и на уже имеющемся словесном выражении фундаментальных достижений человеческой мысли в социальной и хозяйственной деятельности.

#### *Литература*

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы, 1992. — 304 с.
2. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. — Алматы: Ғылым, 1999. — 560 с.
3. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. — М., 1989. — 287 с.
4. Savory Th. The Language of science. London, 1953. — 69 с.

**Сүйеркүл Б.М.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, ф.ғ.д., доцент*

**Сахова Қ.А.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының 2-курс магистранты*

### **«От» архетипінің қазақ және ағылшын фразеологизмдері арқылы вербалдану ерекшеліктері**

**Аңдатпа.** Мақала «от» архетипінің қазақ және ағылшын лингвомәдениетіндегі орнын олардағы фразеологиялық бірліктерді өзара салғастыра қарастыру арқылы анықтау, оларға қатысты ұғым-түсініктердің вербалды құралдар арқылы айшықталу ерекшеліктерін зерттеу мәселелеріне арналған. Авторлар «От» архетипінен туындайтын ұғымдардың сан түрлі тілдік бірліктер түрінде жұмсалуды қазақ және ағылшын сөздіктерінде берілген танымдық мәліметтермен байланыста талдаған.

**Тірек сөздер:** архетип, этномәдениет, тілдік сана, когнитивтік сана, фразеологизм.



**Аннотация.** Статья посвящена проблемам изучения особенностей вербализации архетипа «Огонь» посредством фразеологизмов казахского и английского языков. Авторы пытаются определить место архетипа «Огонь» в казахской и английской лингвокультурах путем сопоставления их сходств и различий, выраженных в семантике разных языковых единиц, представленных в лексикографических источниках.

**Ключевые слова:** архетип, этнокультура, языковое сознание, когнитивное сознание, фразеологизм.

**Abstract.** The article is devoted to problems of studying features of verbalization of an archetype “Fire” by means of idioms in Kazakh and English languages. Authors try to define the place of an archetype “Fire” in Kazakh and English cultural linguistics by comparison of their similarities and distinctions expressed in semantics of the different language units presented in lexicographic sources.

**Keywords:** archetype, ethnic culture, linguistic consciousness, cognitive consciousness, idiom.

Тіл білімінде адамның ақыл-ес және ойлау жүйесін күрделі ақпараттық база ретінде танып, тіл қолданысын, ең алдымен, халықтың өткен өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихы және дінімен тығыз байланыста қарастыратын антропоэзекті парадигманың үстемдік етіп келе жатқанына ширек ғасырға жуық уақыт болды. Лингвистикада, әсіресе, когнитивтік зерттеулердің алдыңғы қатарға шығарылуы тілді талдауда оны тұйық, дербес жүйе ретінде шектеуге болмайтынын көрсетті. Сондықтан зерттеу жүргізу барысында бірнеше ғылым салаларының деректеріне жүгіну қазіргі тіл білімінде кеңінен өріс алып отырған үрдіс десек, қаталеспейміз. Олардың ішінде когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану айрықша маңызға ие.

Әрбір когнитивтік пәннің өз зерттеу нысаны болатыны мәлім. Соған қарамастан, адамның миында жинақталатын қандай да бір білімдер құрылымын тек тіл арқылы барынша объективті түрде талдауға болады. Концептілер жиынтығы ғана адамның тілдік және когнитивтік санасында бейнеленетін ақиқат болмыстың менталдық моделін анықтауға мүмкіндік береді. Осымен байланысты, тілдік бірліктерді білімдер жүйесін көрсететін құрылымдар ретінде ұғыну қажеттілігі туындайды және ол өзекті мәселелер қатырынан орын алады.

Мақалада когнитологиялық және лингвомәдениеттанымдық бағыттардың қазіргі даму деңгейіне сай шығу тегі мен жүйесі әр түрлі тілдердегі ғалам бейнелерін, оларды құраушы негізгі, базалық, әмбебап концептілердің құрылымын – жалпы дүниені танудың негізі ретінде алып, салғастыра қарастыруға талпыныс жасалды. Зерттеу нысаны ретінде қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі «От» концептісінің семантикалық және мәдени сипаттамалары таңдалды. Бұған оттың адам санасындағы, қабылдауындағы әр алуан сипаты, *біріншіден*, оның тіршілік үшін маңызы зор қажеттіліктердің бірі екендігі, *екіншіден*, адамға ырық тауға болады және ол өзекті мәселелер қатырынан орын алады. Осымен байланысты, адамға ырық бермейтіндей жойқын күшке ие стихиялардың бірі екендігі, сонымен байланысты адам санасында үлкен қауіппен ассоциацияланатын қорқыныш белгісі болатыны, *үшіншіден*, оның сандаған мәдени-мифологиялық мәнге ие аса байырғы жаратылыс, архетип екендігі себеп болды. Осы аталғандардың барлығы тілде көптеген тұрақты тіркестер, бейнелі оралымдар, мақалдар мен мәтелдер түрінде көрініс табады. Сондықтан тарихи тамыры терең, әлемдегі ең көне мәдениеттерден бастау алатын түркі тілдерінің бірі қазақ тілінің деректерін шығу тегі басқа, соған орай дүниетанымы мен когнитивтік санасы да әр қилы болып келетін ағылшын тілді халықтардың тілдік санасында орныққан фразеологиялық және фразеоматикалық бірліктермен салыстыру арқылы олардың арасындағы айырмашылықтар мен кейбір ұқсастықтарды анықтауға болады. Ол ұқсастықтар оттың табиғи бірегей сапа-қасиеттеріне байланысты болса, айырмашылықтар екі халықтың когнитивтік санасында қалыптасқан түрлі діни-мифологиялық ұғым-түсініктердің тілдік санада айшықталуына қатысты туындайды.

Енді сол ұқсастықтар мен айырмашылықтардың екі тілдегі көрінісіне назар аударайық. Мәселен, қазақ тілінде «отқа май құйды» деген тіркес бар. Бұл тіркестің әуел баста білдірген тура мағынасы үйлену салтына байланысты түсініледі.

*Отқа май құю* – этн. дәстүрлі қазақ қоғамында күйеу қалындығын алып қайтуға барғанда қайын атасының үйінде, ал жаңа түскен келін қайын атасының үйіне келгенде ошақтағы отқа май салу түрінде От анаға, Май (Ұмай) анаға бағышталып орындалатын ырым. Осымен байланысты тілімізде «Отқа май салар» деген кәде атауы қалыптасқан: *Отқа май салар* – отқа май құйғанда жасалатын кәде [1, 35].

Алайда қазіргі тіл ұстанушылар санасында бұл тіркестің *дау-дамайды өршіте түсу, шағыстыру, жел беру* сияқты ауыспалы мағыналары орныққандықтан, ол осы мәнде жиірек және белсендірек қолданылады.

Ағылшын тілінде де дәл осы мағынаны беретін, дәл осы формада жасалған «*add fuel to the fire*» тіркесі кездеседі. «*Add fuel to the fire*» - жағдайды қиындату [2] немесе «*отпен ойнау*» – қауіп-қатерге ұрыну, соқтығу [1, 36]. Осындай тіркесті ағылшын тілінің сөздік қорынан да кездестіруге болады. «*Play with fire*» - қауіпті бір жағдайда болу [2].

«От» архетипі дүние жаратылысының түпкі негіздерінің бірі болғандықтан, оның оң да, теріс те мәнде жұмсалатын екіжақтылық сипатын көрсететін тілдік нұсқалардың болуы заңды. Алдымен «От» архетипінің қатысуымен жасалған оң, жағымды мәнді тілдік бірліктерге тоқталайық: «*Көкірегінде (кеудесінде) оты бар*» тіркесі қазақ тілінде – саналы, ойлы мағынасында қолданылады [1, 33]. Ал ағылшын тілінде осы мағынаны беретін «*fire in belly*» және «*ball of fire*» тіркестері бар. Қазақ тілінде «көкірегінде оты бар» нұсқасында жұмсалса, ағылшын тілінде «от ішінде» (belly) деп айтылады. Сондай-ақ ағылшын тілінде саналы, ойлы адамды «*ball of fire*» деп *отты шарға* теңейді, яғни тура аудармасы – «отты шар». Қазақ тілінде өткір, өжет, жалынды адамға немесе жануарға қатысты «*екі көзінен от жанған*» деген де қолданыс бар [1, 33].

Академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» осы айтылғанмен мағыналас «отты көз» тіркесі берілген: *Отты көз*. Жанарлы, өткір көз. Ылғи жүріс болған соң, жейтін шөбі, ішетін суы нашар болған, алты ай мінсе арымайтын *отты көз* күрең аттың қабағы қатып, жүдеді (Сәкен Сейфуллин) [3, 423].

Ағылшын тілінде де осындай қасиеттерге ие адамға немесе жануарға қатысты от сөзі тіркесе жұмсалады, яғни «*on fire*». Бұл тіркестің екінші нұсқада кездесетін мағынасы – *On fire* – жалынды, қауіпті, қиын жағдайда болу. Тура аудармасы – «от үстінде».

Осы тұста қазақ тіліндегі «от кешу», «отқа түсу» фразеологизмдерін де еске алған жөн. Мысалы: *Отан үшін отқа түс – күймейсің; Отан үшін от кешкендер* т.б.

Бұлардан бөлек, ағылшын тіліндегі «от» атауының қатысуымен жасалған «қауіп-қатер», «қиындық көру», «азаптану» мағыналарында жұмсалатын мынадай тіркестерді мысалға келтіруге болады: *екі оттың арасында – between two fires; от кешті – come under fire; отқа түсті – under fire; от кешті – go through the fire; отпен ойнау – play with fire; от алды – take fire* т.б.

Қазақ тілінде кездесетін «от» атауымен келетін тіркестердің бірқатары қазақ халқының мәдениетімен, танымымен, салт-дәстүрімен байланысты қалыптасқан. Мысалы: *отқа шақыру, отпен аластау* т.б.

*Отқа шақыру* – э т н. Босанған әйелді туыс-жақындары мен көрші-қолаңдары сыйлап, шақырып беретін сыйлы ас [1, 36]. Мұнда «от» сөзінің семантикасы *біреудің отбасы, ошағы, шаңырағы* мағынасымен сабақтас.

Ал *отпен аластаудың* сакралдық мәні бар. Оны тілімізде қалыптасқан «Алас-алас, отқа қалас» (немесе «Алас-алас, пәледен қалас») деген оралымға қатысты түсіндіруге болады. Яғни бұл оралым ертеде «екі жерге жағылған оттың ортасынан көш өткізілгенде айтылған» екен. Иран тілінде «алас» – *жанып тұрған от* дегенді біл-

дiредi. Бұл ескi салт, кoбiне, малға iндет келгенде қолданылған» дейдi академик I. Кеңесбаев [3, 32]. Бұл тiлдiк дерек оттың «тазалаушы», яғни ауру тудыратын зиянды микробтар мен вирустарды жойып жiберетiн қасиетке ие айрықша күш екенiн нақтылай түседi. Қазақ тұрмысында қазiрге дейiн үйдi кептiрiлген адыраспан шөбiн жағып «аластаудың» бар екенi мәлiм. Мұны кейбiреулер «бала-шағаны тiл-көзден сақтау үшiн» жасалатын ырым ретiнде түсiндiредi. Шындығында, «адыраспан» (*Harmal, Peganum harmala*) түйетабандар тұқымдасынажататын терең тамырлы, көп жылдық өсiмдiк. Оның сабы мен гүлiнде уы болады. Ерекше күштi сасық иiстi, улы, дәрiлiк өсiмдiк. Құрамында бiрнеше алкалоидтар болғандықтан, дәмi ащы, мал жемейдi [4]. Сондай-ақ тұмау тиiп ауырғанда, отбасы мүшелерiн адыраспанға тұз қоса отырып, жағып, түтету арқылы аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытағын қасиетi де бар. Қалай десек те, бұл жерде оттың жағу/жағылу арқылы тазарту қасиетi маңызды болып отыр.

Оттың ерекше күш екенiн дәлелдей түсетiн тағы бiр мәлiметтi қазақ және ағылшын тiлдерiнен бiрдей кездестiреміз: «отқа табыну – *fire worship*». Бұл – екi халықтың да дiни, мифтiк танымымен байланысты анықталатын жайт. I. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздiгiнде «отқа табынды /шоқынды/» деген тұрақты тiркес келтiрiлген:

Отқа табынды. Көне. Отты құдай тұтынып сыйынды. *Сөйтсе де бұрыннан бақсы-балгерге уланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсiнiп кете алмапты (Абай)* [3].

Бұлардан бөлек, «от» атауының қатысуымен жасалған, екi тiлдегi мағынасы бiр, бiрақ формасы әртүрлi мынадай тiркестер кездеседi: *көкiрегiнде (кеудесiнде) оты бар - fire in belly; ball of fire* (қазақша тiкелей аудармасы: iшiнде оты бар; отты дөңгелек); *от бердi - fire someone up* (бiреудi отпен жағу); *екi көзiнен от жанған - on fire* (оттанған, отқа оранған); *отпен аластату - a baptism by fire; от салды - draw fire; отын өшiрдi - be no ball of fire* (ешқандай от дөңгелегi болмау); *отмай жылдам - get on like a house on fire* (отқа оранған үйдей), *отмай ыстық - hot as fire* т.б.

Ағылшынша баламасы жоқ, қазақ тiлiндегi тiркестердiң бiрi – «отын тұтатты» – бiр нәрсенiң алғашқы бастамасы болды [1, 37]. «От» архетипiмен келетiн, тек ағылшын тiлiнде кездесетiн тiркестер саны да өте көп. Мысалы: *fight fire with fire; fire back; hang fire; hold fire; drink from a fire hose; fire a shot across bows; no smoke without fire; open fire; fire away; fire off - жиберу; firewater; firework; a burnt child dreads the fire; a baptism by fire.*

«От» атауымен жасалған тұрақты тiркестер екi халықтың дүниетанымынан, ұжымдық тiлдiк және когнитивтiк санасында қалыптасып, орныққан адамгершiлiк принциптерiнен де хабар беретiндiгiмен құнды. Мәселен, қазақ халқы *жамандыққа жақсылықпен жауап қайтару керек* деп түсiнiп, «Таспен атқанды – аспен ат» десе, ағылшындар *жамандыққа жамандықпен жауап қайтару керек* деп түсiнедi. Бұл «*fight fire with fire*» мәтелiнен көрiнедi. Яғни, тура мағынасы – «Отқа қарсы отпен шабуыл жаса!»). *Fight fire with fire* – қарсылас, жау қолданған әдiстi қолдану [2]. *Fire back* – бiр адамға немесе белгiлi бiр топқа бiр нәрсенi лезде жiберу [2]. Яғни *fire back* – *тез жауап қайтару* мағынасында қолданылады. Ал тура аудармасы «от қайтару» түрiнде болады. *Drink from a fire hose* идиомасы ағылшын тiлiнде *қиналу, өзiн қолайсыз сезiну* мағынасын бiлдiредi [2]. Осы идиоманың тура аудармасы – «отты түтiкшеден су iшу». Мысалы, *Жұмыстағы алғашқы күндерiм отты түтiкшеден су iшкендей болды.*

*Fire a shot across bows* – ағылшын тiлiнде ескерту жасау, белгi беру мәнiнде қолданылады. Ал тура мағынасы – «бiреудiң еңкейгенiне қарап (аспанға) ату». *No smoke without fire* – «от» архетипiмен келетiн ағылшын мәтелi. Тура мағынасы – «от болмаса, түтiн де болмас едi». Бұл мәтел ағылшын тiлiнде *әрбiр қаясеттiң артында бiр шындық бар* деген мағынада қолданылады [2]. Ағылшындардың бұл мәтелi қазақ

тіліндегі «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген тұрақты оралыммен мағыналас. Яғни ешнәрсе жайдан-жай болмайды, кез-келген тосын, оқыс, түсініксіз жағдайдың соңында бір себебі болады.

Ағылшын тілінде «от» архетипі *күш* ұғымымен де ассоциацияланады. Ол мынадай идиомаларда көрініс табады. *Fire work* – мимен істелетін жұмыс [2]. Осы идиоманың тура мағынасы «отты жұмыс», яғни қиын жұмыс.

Ағылшын тілінде от архетипінің қатысуымен жасалған келесімәтел – *A burnt child dreads the fire*. Оның тура мағынасы – *Бір рет отқа күйген бала оттан айналып өмеді* немесе *A burnt child dreads the fire* – бір нәрседен көңілі қалған адам, оған қайта бармайды [2]. Бұл қазақ тіліндегі «Аузы күйген үрлеп /үріп/ ішер» деген мәтел мағынасымен толық сабақтасады.

Ағылшын тілінде осы сияқты «От» архетипінің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер өте көп. Мысалы, *Fire that's closest kept burns most of all* – *жабық тұрған от күштірек жанады*; *The fire which lights up at a distance will burn us when near* – Алыста тұрып жылытатын от жақындаса – өртейді; *A little fire is quickly trodden out* – *От шырқпай тұрып, шоқты өшір* немесе *Отты өшіргенше, шоқты өшір*. Бұл тілдік оралымның мағынасы бір жағдайды ушықтырмай, үлкен дау-дамайға айналдырмай, енді басталған кезінде келісімге келу арқылы тоқтату, екі жақ үшін де оңтайлы шешім шығару дегенге саяды.

*Fat is in the fire* – жамандық болғалы тұр. Қазақтың «Отпен ойнама!» деген тыйымымен мәндес қолданыс.

*Moving three times is as bad as a fire* – Үш рет көшу оттай жаман. Ағылшын тілінде бұл мәтелдің мағынасы – үйіңді немесе отбасыңды үш рет көшірсең, көп нәрсені отқа жанғандай жоғалтасың [2].

*Fire someone up* – біреуді жігерлендіру; сендіру. Тура мағынасы – «біреуді өртеу». Мысалы, Егер сайлаушылар /дауыс берушілер/ саған дауыс берсін десең, оларды сендіруге тура келеді.

*Fire breathing* – тура мағынасы «отпен демалатын». Ағылшын тілінде бұл тіркес зат есімнің алдында тұрып, сөйлеудің немесе істің жігерлі, қаһарлы немесе ашулы түрде орындалу сипатын білдіреді.

*To many irons in the fire* – тура мағынасы «көп темірдің отта болуы». Ағылшын тіліндегі бұл идиоманың мағынасы – көп іс-әрекеттер мен міндеттердің бір уақытта істелуі. Бұл жерде *уақыт тапшылығы* мәселесі бой көрсетеді. Қазақ танымында мұндай жағдай «Тоғыз әйелдің толғағы қатар келуімен», «Жау жағадан алғанда, бөрі – етектен /алар/», «мұрнынан шаншылу», «мұрнына су жетпеу» сияқты тұрақты оралымдармен, сондай-ақ «жанып /күйіп/ барады» (күйіп тұр, жанып барады) қолданысымен таңбалаанады.

*Set the word on fire* – өзінің тура мағынасына сай, ағылшын тілінде бұл идиома «сөзді отқа тастау», яғни *уәдеде тұрмау*, *берген уәдесін орындамау* деген мағынаны білдіреді. Бұл идиома қазақы тілдік санадағы «сөзін желге ұшыру» деген ұғымға сәйкес келеді.

*Where is the fire?* Бұл – ағылшын тілінде бір жаққа асығып бара жатқан адамға қойылатын сұрақ. Тура мағынасы – «От қайда?». Яғни «қайда асығып барасың?» дегенді білдіреді. Бұл сұрақтың мағынасы қазақ тіліндегі «Артыңнан жау қуып келе ме?», «От ала келдің бе?» деген сұраққа сай келеді.

*Go through fire and water* – (ескі) белгілі бір мақсатқа жету жолында қиыншылықтар мен қауіп-қатерді бастан кешіру. Тура мағынасы – от пен су кешу.

*Jump out of the frying pan into the fire* – қиын жағдайдан өте қиын жағдайға өту. Тура мағынасы – *ыстық табадан (қазаннан) отқа секіру*, демек, жағдайдың ушығуы, дау-дамайдың өршуі.

*Draw fire* – сынға алу, сын тудыру. Тура мағынасы – от (суретін) салу.

*Fire away (at someone)* – біреуге көп сұрақтар қою, сынау.

*Fire drill*– идиомасы ағылшын тілінде үш мағынада қолданылады:

1. Тура мағынасы – өрттің алдын алуға қатысты оқу-жаттығу жұмыстары, дайындық;

2. Белгілі уақыт бойы істелген іс-әрекеттің немесе жағдайдың нәтижесіз, бос, пайдасыз аяқталуы.

3. Кез келген күтпеген немесе асығыс орын алған жағдай, оқиға немесе ситуация.

*Fire under someone* – біреуге белгілі істі орындауға түрткі болатын уәж. М.: Мұғалім оқушыларға тапсырманы орындауға уәж берді де, оқушылар бірден тапсырманы орындауға кірісіп кетті. Тура мағынасы – біреудің астына от жағу. *Great balls of fire* – тура мағынасы – үлкен отты дөңгелек. Ағылшын тілінде бұл идиоманы адам қатты қуанғанын білдіру үшін қолданады. М.: Том: Маған тұрмысқа шығасың ба? Джейн: Ия, шығамын! Том: (Great balls of fire), мен әлемдегі ең бақытты жанмын! *Put somebody's feet to the fire* – тура мағынасы «біреудің аяғын отқа қою». Ағылшын тілінде бұл идиоманың мағынасы «біреуді қысымға алу, қинау». *In the line of fire* – тура мағынасы «оттың жолында болу». Ағылшын тіліндегі мағынасы – барлығы таңдай бермейтін қиын, бірақ әділ жолда болу. *Keep the home fires burning* – идиомасы ағылшын тілінде «үйді таза ұстау» мағынасын білдіреді. Ал тура мағынасы «үйді өрттен сақтау».

*Like a house on fire* – отқа оранған үйдей. Бұл теңеу ағылшын тілінде жылдам, күшті деген мағынаны білдіреді. *Pull something out of the fire*. Бұл идиома ағылшын тілінде тура мағынасында және ауыспалы мағынада қолданылады. Тура мағынасы, аудармасына сай – «бір затты оттан алу». Ауыспалы мағынасы «тым кеш болмай тұрып, бір нәрседен бас тарту». *Put out of fires* – тура мағынасы «оттан алу». Ағылшын тілінде күнделікті қайталанатын іс-әрекетке қарамастан, маңызды немесе шұғыл шаруаларды бітіру. *Set someone on fire* – тура мағынасы «біреуді отқа қою». Ағылшын тілінде бұл идиома «біреуді толғандыру, құштарлығын арттыру» мағынасында қолданылады. Мысалы, *Тедтың баяндамасы мені қатты қызықтырмады, бірақ жобаны жақсы түсіндірді.*

Ағылшын тілінде «от» архетипінің қатысуымен жасалатын аналитикалық сөзжасамдар кездеседі. Ондай компоненттер от сөзінің қатысуымен жасалып, жаңа мағынаға ие болады. Мысалы, *Fire something back* идиомасы. Бұл идиома ағылшын тілінде екі мағынада қолданылады. 1. *Әскери*. Біреуге қарсы оқ ату (жауап). 2. Біреуге бір нәрсені жылдам қайтару. Бұл идиоманың екінші мағынасы жаңа мәнге ие болып тұр. Яғни бұл жерден *Fire back* – от сөзінің қатысуымен жасалған, қайтару мағынасын білдіретін тіркесті етістікті көреміз. *Hang fire* – идиомасының тура мағынасы «от ілу». Ағылшын тілінде бұл қолданыс мүлдем басқа мағына береді – *кешігу* немесе *күту*. *Fire of* – от сөзі «of» көмекші сөзімен тіркесіп келіп жаңа – *бір нәрсені жылдам, ойланбастан сұрау* немесе *жылдам айту* мағынасын береді. Бұл тіркес *Fire of* – *қарумен ойланбастан жылдам ату* мәнінде қолданылатын тіркестің ауыспалы мағынасын білдіріп тұр. Осы сияқты «от» сөзі басқа да көмекші сөздермен (предлог\ prepositions up, in, over, through) тіркесіп келіп әр түрлі мағына туындатады. Мысалы, *fired up* – таңқалған, қызыққан. *Miss fire* – *жіберіп алу, қашу, сағыну, кешігу, өту* мағынасын білдіретін етістік пен «от» сөзі тіркесіп екі мағынаны білдіреді: 1. міндеттерден шыға алмау жағдайында болу; 2. мақсатқа жету барысында сәтсіздіктерге ұшырау. *Fire away* – от және алыста үстеулерінің тіркесуі арқылы жасалып, көп сұрақ қою іс-әрекетін білдіреді.

Ағылшын тіліне тән тағы бір қызық құбылыс – *om* және *su* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған, *шарап* мәнін білдіретін *Fire water* біріккен сөзі [2]. Қазақ тілінде «ащы су», «жынды су» тіркестері кездескенімен, «от су» деген қолданыс жоқ!

Сонымен жалпыадамзаттық танымға тән байырғы архетиптер жүйесінің бір тармағын құрайтын «От» концептісі вербалданған күйінде көп қабатты, күрделі құрылым болып табылады. Оның қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі орны ерекше,

маңызы зор. Оны шағын бір мақалада жан-жақты қарастыру я толық қамту мүмкін емес. Алайда екі тілдің лексикографиялық дереккөздерінен жинақталған тілдік материал негізінде мынадай тұжырымдар жасауға болады деп ойлаймыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «От» концептісінің өзегін «fire» - «от» кілт сөздері құрайды, ал өзек маңы аймағына оттың әр түрлі формаларын білдіретін лексемалар орналасады: ағылшын тілінде – *flame(s), blaze, spark* т.б., ал қазақ тілінде – *ұшқыш, жалын, шоқ, алау, өрт* т.б.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық, паремиологиялық материалдарға талдау жасау арқылы олардың құрамына «жарық көзі», «жылу көзі», «күш-қуат көзі» сияқты оң, жағымды мәнді, яғни адам баласының тіршілігін қамтамасыз ететін пайдалы, жақсы қасиеттерін білдіретін ұғымдар атауларымен қатар, қауіп-қатерді, жазалау құралын, қиналуды, қиындықты білдіретін «жанушы» «жандырушы», «қызыдырушы», «күйдіруші», «өртеуші», «жоюшы», «өрт», «тозақ оты» *hell fire*, «қайнатушы» сияқты ұғымдарды таңбалайтын атаулар да кіретіні анықталды. Мұндайда сөз мағынасының басты семантикалық компоненттері ғана емес, концептінің маңызды белгілері де өзектеледі.

Сонымен «От» архетипінің дара белгілеріне ағылшын ұжымдық санасындағы «жаңару/жаңғыру», «мақсатқа ұмтылушылық», «сый», «күнә» ұғымдары жатса, қазақ санасында «соғыс» (от кешу), «тозақ», «нұр», «қуат», «үміт» (үміт оты жылтылдау) ұғымдары жатады. Ағылшын фразеологиялық-паремиологиялық қорында *от* стихиясына қатысты қиындықтарды көруге дайындық, оптимизм, шиеленіскен жағдайлардың шешімін табуға ұмтылыс т.б. туралы ақпарат көбірек қатталған. Қазақ тілінде оттың қауіпті стихия екендігін еске түсіретін ұғымдармен қатар оның қасиетті, киелі феномен ретіндегі ролін көрсететін тілдік бірліктер де көптеп саналады.

Ағылшын тілінде отты (алау, шам, шырақ, күн) діни ғұрыптардың бір бөлігі деп санау айрықша мәнге ие болса, дәл осындай көзқарас қазақ тілдік ұжымында да сақталған: *отқа май құю, отқа май салар, отпен аластау* т.б.

*От пен жалын* екі тілде де *шарасыздық, сұмдық, ашу, ыза, кек, қызғаныш, мазасыздық* сияқты негатив эмоцияларды білдіруші лексемалардың негізгілері болып табылады (*Ішім толған у мен өрт... Алдым – жалын, артым – өрт* т.б.).

Қорыта айтқанда, «От» концептісін репрезенттеуде онымен байланысты қандай да бір қауіп-қатердің болуы тіл ұстанушылардың оны негізінен теріс мәнде қабылдауына негіз болады. Мұны діни танымға тән «тозақ оты» атауына қатысты туындайтын *күнәлі болу, күнәсі үшін отқа күйеу, бетін отқа күйдіру* т.б. сияқты қолданыстар нақтылай түседі. От ұғымының мазмұны мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде барынша айқын қатталады. Олар – халық тарихындағы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан түсініктердің әр алуан көріністері. Оларды мынадай концептуалдық модельдерге топтастыруға болады: «От – қасиетті күш», «От – қауіп көзі», «От – аса маңызды құндылық». Бұл әмбебап концептінің ұлттық-мәдени ерекшелігі көптеген діни, мәдени, тарихи т.б. экстралингвистикалық факторларға байланысты болады, сондықтан туыс емес халықтардың тілдік және когнитивтік саналарында сәйкестіктер мен сәйкессіздіктердің болуы заңды.

## Әдебиет

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – Алматы: 2011. – 752 б.
2. McGraw-Hill Dictionary of American Idioms and Phrasal Verbs. 2002. The McGraw-Hill Companies, Inc.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
4. Жетісу. Энциклопедия. – Алматы: 2004. – 712 б.

### III СЕКЦИЯ. «ДӘСТҮРЛІ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ»

*Амантай Т.Қ.  
ал-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
2-курс магистранты*

#### **Жағымсыз эмоция тудыратын соматикалық фразеологизмдер, валенттілігі мен прагматикасы**

**Аңдатпа.** Мақалада соматикалық фразеологизмдердің эмоция тудырудағы және адамға әсер етудегі рөлі анықталады. Жағымды және жағымсыз эмоциялар сараланып, соның ішінде жағымсыз эмоцияның сөйлемдегі қызметі талданады. Прагматиканың мақсаты көрсетіліп, оның соматизмге қатысы анықталады. Жағымсыз соматикалық фразеологизмдердің берілу мақсаты айқындалады. Сонымен қатар оның сөйлемдегі валенттілігі мысалдар арқылы дәйектеледі. Сөйлем деңгейіндегі және сөз тіркесі деңгейіндегі валенттіліктің орны мен валенттілік санын анықтай отырып, соматизмдердің қаншалықты валентті бола алатыны зерттеледі.

**Тірек сөздер:** прагматика, валенттілік, актант, соматикалық фразеологизм, эмоция.

**Аннотация.** В статье выясняется роль соматических фразеологизмов, которые формируют эмоции и их влияние на человека. Разбираются положительные и отрицательные эмоции, а так же анализируются функции отрицательных эмоций в предложениях. Показывается цель прагматики и его отношение к соматизмам. Уточняется прагматика соматических фразеологизмов. Вместе с тем доказываются примерами их валентность в предложениях. Исследуются насколько соматические фразеологизмы могут быть валентными, а также выясняется число валентности и их форма валентности в предложениях и в словосочетаниях.

Ключевые слова: прагматика, валентность, актант, соматические фразеологизмы, эмоция.

**Abstract.** In article becomes clear the role of somatic phraseological units which form emotions and their influence on the person. Analysed positive and negative emotions and also understand functions of negative emotions in the sentences. Shown the purpose of pragmatics and their relations to somatizms. Specified the pragmatics of somatic phraseological units. At the same time proved their valency in offers by examples. Investigated how somatic phraseological units can be valent, and also become clear number of valency and their form of valency in sentences and phrases.

**Keywords:** pragmatics, valency, actant, somatic phraseological units, emotion.

Тілдесудің мақсаты, мазмұны күрделенген сайын, сөйлеушілерге қоятын коммуникативтік талаптар да күрделенеді. Әсіресе, соматикалық фразеологизмдерді қосып сөйлеудің өзіндік прагматикасы, коммуникативтік қызметі бар. Кез келген коммуникация барысында лебіздің алар орны ерекше. Ол сөзімізді өтімдірек, сенімдірек, эмоциялық-экспрессивтік мағына үстеуіне септігін тигізеді. Р.Әмірдің пікіріне сүйенсек, сөйлеушілер адресатқа ықпал етуге, сөзін өткізуге тырысады немесе өзіне имидж тудыруға ұмтылады [1;108].

Эмоцияның коммуникациядағы негізгі қызметі әсер ету болғандықтан, соматикалық фразеологизмдердің де сөйлесім барысында қаншалықты әсерлі болатынын анықтап көруге тырыстық.

Соматикалық фразеологиялық бірлік әлеуметтік қарым-қатынастың әр түрлі формасын көрсетуі мүмкін. Оған адамның вербалды емес іс-әрекеті, сонымен қатар белгілі бір коммуникативті-прагматикалық жағдаят себеп болуы мүмкін.

Эмоция (лат. *emovere* – желіктіру, толқыту) – бұл уәждейтін, ұйымдастыратын және ұғым, ойлау, әрекетке бағыттайтын сезім сияқты нәрсе.

Эмоциялық әсер ету мыналар арқылы сипатталады:

-Белгі (жағымды және жағымсыз әсер);

-Әрекетке ықпал ету (ынталандыру және кері тарту);

-Қарқындылық (толқудың тереңдігі мен физиологиялық өзгеріс көлемі);

-Заттылық (сезіну деңгейі мен нақты объект байланысы);

-Ұзақтығы (қысқа және ұзақ);

Жағымды эмоциялар адамның қарқынды әрекет етуі мен өмірлік тіршілігіне оң әсерін тигізеді. Ал жағымсыз эмоция, керісінше, ғалымдардың айтуы бойынша дұрыс ойлау қабілетін, ықтиярлығы мен қабылдау әрекетін төмендетеді [2; 89].

Эмоциялық реакцияларға қарай соматикалық фразеологиялық бірліктер былай жіктеледі:

1. Ашу/ ыза;

2. Қорқыныш;

3. Мұн/ қайғы/ өкіну/ үміт үзу;

4. Толқу;

5. Үрей;

6. Таңғалу/ таңырқау;

7. Жек көру/ жактырмау;

8. Қымсыну/ ұялу.

Бұлар – жағымсыз эмоциялар тобына жатады. және :

1. Ұнату/ жақсы көру / аялау;

2. Қызығушылық/ сүйсіну;

3. Қуаныш.

Бұлар – жағымды эмоциялар тобына жатқызылады [2; 92].

Осылардың ішіндегі жағымсыз эмоциялар мақаламызға арқау болмақ. Сонымен қатар біздің негізгі міндетіміз соматикалық фразеологизмдердің прагматикасын ғана анықтап қоймай, оның сөйлемдегі валенттілігін де зерттеу болатын. Тіл біліміндегі аса маңызды мәселелердің қатарынан орын алатын валенттілік құбылысы лексикология, синтаксис салаларымен қатар семасиология саласында да семантикалық тұрғыдан да жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Химия ғылымында валенттілік «сутегінің атомдарды біріктіру немесе басқа элементтердің атомдарымен алмастыру қызметі» ұғымын білдірсе, тіл білімінде тілдік бірліктің басқа тілдік бірліктермен тіркесімділігі немесе тіркесімділіктегі бос орындарды екінші бір тілдік бірлікпен алмастыру мағынасында қолданылады. Сөз таптарының арасындағы валенттілік байланыс белгілі бір сөз табына тән сөздердің басқа сөздермен тіркесімділікте жұмсалуына, соның негізінде олардың айналасындағы бос орындардың валенттілік қатынаста толықтырылуына ерекше ықпал етеді. Валенттілік – сөздердің айналасын «бос клеткалар» санымен толтыру деп қабылданса, «бос клеткалар» актанттар ұғымымен сипатталады. Актант – процеске қатысатын адамды, затты етістік арқылы білдіретін кез келген сөйлемнің мүшесі. Бұл анықтамадан валенттілік пен актант ұғымдарының өзара тығыз байланысы көрінеді. Валенттілік теориясында белгілі бір сөз басқа сөздермен лексикалық мағынасының сәйкестігі негізінде валенттілік байланыста болып, олардың арасындағы валенттілік қатынас сөздердің лексикалық мағынасы арқылы сипатталады [3; 138].



Көптеген ғалымдар валенттілік негізінен тек қана етістікте болады деп есептейді, алайда кейбір лингвистер валенттілікті басқа сөз таптарына да тән деп санайды.

Егер етістікті сөйлемнің негізгі тірегі ретінде қарасақ, онда субъект өзінің басты орнын жоғалтады, сөйтіп етістікке тәуелді басқа сөз таптарымен қатар қолданылады. Онда сөздер логика-семантикалық деңгейде аргумент деп аталса, синтаксистік деңгейде актант деп аталады. Л.Теньер барлық етістіктерді 4 топқа бөліп қарастырады: валентсіз (безличные), бірвалентті (непереходные), эквивалентті (переходы с одним дополнением) және үшвалентті (переходы с двумя дополнениями) [2;68].

Валенттілік пен тіркесімділік теориясы әлі күнге дейін қатар қолданылып келеді. Олардың қызметі мен орны әлі нақтыланған жоқ. Дегенмен, біз ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, валенттілікті басқа сөз таптарын өзіне бағындыру қабілеті бар деп санаймыз да, тіркесімділікті, керісінше, басқа сөз таптарына бағынады деп есептейміз. Ал енді соматикалық фразеологизмдердің сөйлемдегі орнын, валенттілігін мысалдар арқылы талдап көрейік. Ол үшін алдымен, жағымсыз эмоцияларды білдіретін соматикалық фразеологизмдердің ерекшеліктерін саралап алып, жік-жігіне бөліп талдаймыз. Негізінен, жағымсыз эмоциялар адамның ішкі толғанысынан, ішкі күйзелісінен пайда болатындықтан, адамдар оны жиі-жиі сыртқа шығарып тұрады. Әрине ондай эмоцияны шығаруда адамның дене мүшесінің атқарар рөлі зор. Мысалы, біреулер көз жасын шығарып жылап алуы мүмкін, енді біреулер жұдырық ала жүгіруі мүмкін, т.б. Оның бәрі тілімізде әр түрлі соматизмнің қалыптасуына ыпал етіп, тілімізде жиі қолданысқа түсіп жүр. Сондықтан осы мақаламызға жағымсыз эмоцияларды білдіретін фразеологизмдерді арқау етіп отырмыз. 1) Ашу: *Иә, сен не дейсің бұған Комиссаров? Механик көзіне от ұрына қарады (М.Қартаев)*. Мұнда соматикалық фразеологизм үстеу мәнді болғандықтан, алдымен *көзіне от ұрына қарады* деп, оны тіркесімді ретінде көреміз. Содан кейін барып *механик көзіне от ұрына қарады* десек, бірвалентті сөйлем шығады. *Сақыптың тістері ақсыып, көзі шатынап, өз бетін өзі жұлқылап, сұлық түсіп жата кетті (К.Оразалин)*. Бұл сөйлемде де қалай? *көзі шатынап* деген соматикалық фразеологизм үстеу мәнді болғандықтан, әрі сөйлемді аяқтамай ортасында келгендіктен, біз оны алдымен етістікке тіркестіріп аламыз. Мұндай жағдайда ол тіркесімді болып саналады. Ал *Сақыптың көзі шатынап* десек, бірвалентті сөз тіркесі деп есептеуімізге болады. *Қабағы қарс жабылып, өзінің қойған сұрағына шешім іздеп, ой теңізіне біржола сүңгіді (І.Есенберлин)*. Мына сөйлемде жасырын тұрған субъектіге соматикалық фразеологизм бағынады да *оның қабағы қарс жабылып* деген бірвалентті сөз тіркесі шығады. 2) Қаһар: *Аузынан жалын атып тұрған Тәкежанның қалың қосын қуып алғанда, кедей атаулының өзі не ойлады (М.Әуезов)*. Бұл сөйлемде *Тәкежанның аузынан жалын атып тұрған* десек, бірвалентті тіркес пайда болады. *Махамбеттің қолында тобылғы сапты сары ала қамшы, ашуланғаны сонша, кең танауы делдиіп, деміне ұзын сақалы желп-желп етеді (Ғ.Мұстафин)*. Бұл сөйлемде *Махамбеттің танауы делдиіп, кең танауы делдиіп* деген екі валенттілік бар. *Келгеннен-ақ көзі ежірейіп, танауы қусырылып айқай салды (А.Тоқмағамбетов)*. Ал қазақ менталитетінде ашу-ызамен байланысты соматикалық фразеологизмдер көбіне қан сөзі арқылы беріліп отырған. Мысалы, *Кемпір қаны қайнап, тағы ақырып, қазанда тұрған ыстық шөмішті жұлып алып кеп Марқабайдың жалаң бас, бақырдай басына шүйде тұсынан беріп кетті (М.Әуезов)*. Мұнда *кемпір қаны қайнап* деген бір ғана валенттілікті көріп тұрмыз. *Абай сонша қабынып, қанына қарайғандай, отқа түсермендей боп келген екен (М.Әуезов)*. Бұл сөйлемде сын есім мәнді соматикалық фразеологизм өзіне субъектіні бағындырып, валенттілік жасап тұр. Демек мұнда *Абай қанына қарайғандай* деген бірвалентті сөз тіркесі бар. *Бибіжамал балаларын бауырына қысып, балықшылардың арасында тап-жылмай тұр. Кәлен қаны қатып қалған. Үн жоқ. (Ә.Нұрпейісов)*. Байқап тұрсақ, мұндағы соматикалық фразеологизмнің мәні контекст арқылы ашылып тұр. Дегенмен де біз оның валенттілігін оңай анықтай аламыз. Себебі етістік мәнді соматика-

лық фразеологизм тек қана субъектімен байланысып, сөйлем деңгейінде *Кәлен қаны қатып қалған* деген бір валенттілік жасап тұр. 3) Қорқыныш: *Зәуренің екі көзі шарасынан шығып бара жатты* (Қ.Исабаев). Мына сөйлем толығымен бірвалентті болып саналады. *Ахметтің екі көзі атыздай болды* (Ә.Нұрпейісов). Мына сөйлемде де субъекті мен соматикалық фразеологизм қосылып бірвалентті тіркес құрап тұр. *Тіл айтса да, көңілде сайрап тұрған қасірет хал Абайдың кеудесін от пен уа толтырған. Шайға отырса да, жүрегі аузына тығылып, кеудеге бір кесек тас орнағандай, бар денені сенделткен қайғы – қапырық бар* (М.Әуезов). Бұл сөйлем де алдыңғы айтқанымыздай, контекст деңгейінде мағынасы ашылып, валенттілік жасайды. Яғни Абайдың жүрегі аузына тығылып деген бірвалентті тіркес шығады. 4) Мұң-қайғы: *Мен қалай жолықтым, солай қабағын кірбің шалып, аяқ астынан өзгереді* (М.Иманжанов). Бұл сөйлемде соматикалық фразеологизм жасырын субъектіні талап етіп тұр. Демек, ол қабағын кірбің шалып, солай қабағын кірбің шалып деген эквивалентті тіркес пайда болады. Бірақ мұнда да ғалымдардың екіұшты пікірін назарға алмасқа болмайды. Яғни Кацнельсонның пікірі бойынша, эквивалентті бұл тіркес, Теньердің пікірі бойынша тек бірвалентті болып шығады. *Оның гүлдей солған жүзі, мұздай қатқан қабағы, терең қайғылы көзі бір ноқатқа қадалып қалған секілді* (С.Сейфуллин). Бұл сөйлемде оның мұздай салқын қабағы деген зат есім мәнді соматикалық фразеологизм сөз тіркесі деңгейіндегі бір валенттілік жасап тұр. 5) Үрей: *Оны соқыр деп ойласам, көзі өңменімнен өтіп барады. Әлденеге арқам мұздап қоя берді* (Т.Ахтанов). Бұл сөйлемдегі етістік мәнді соматикалық фразеологизм субъектіні талап етіп тұр. Яғни *менің арқам мұздап қоя берді, әлденеге арқам мұздап қоя берді* десек эквивалентті сөз тіркесі шығады. *Сайран өзін-өзі тежеп, Кәкіма мен Шекерге кезек қарап алды да: «Мен бір сөз айтсам зой, екеуің ел бетіне қарауға зар боларсыңдар» – деп еді, Кәкіманың жүрегі зу ете түсті* (Ә.Әбішев). Мұнда Кәкіманың жүрегі зу ете түсті деген бірвалентті сөз тіркесі бар. *Сәуле ашумен жалт етіп еді, Темірдің өңінде бір тамшыдай да қан қалмай, сұрланып кеткен екен. Соны көріп жүрегі сәл дір етсе де, намысы жібермей, қорқыныш билеген денесін тез жиып алды* (Ә.Әбішев). Бұл сөйлем контекспен тікелей байланыста құралған. Сондықтан *Сәуле жүрегі сәл дір етсе де, соны көріп жүрегі сәл дір етсе де* деген эквивалентті тіркес етіп аламыз. 6) Жек көру/ жақтырмау: *Әйел Малбағардың ол сөзін ұнатпағандай, аздап қабағын тыржытты да самауырды далаға алып шықты* (С.Мұқанов). Бұл сөйлемде *әйел қабағын тыржытты, Малбағардың ол сөзін ұнатпағандай қабағын тыржытты, аздап қабағын тыржытты* деген үшвалентті тіркес бар. Кацнельсонның пікірі бойынша біз мұны үшвалентті деп танысақ, Л.Теньердің пікірі бойынша, пысықтауыштарды актант құрамынан шығарып тастап, тек субъект қатысқан сөз тіркесін ғана бірвалентті деп танимыз. *Ыбырай да және оның үйінде отырғандар да бөтен жігітке достық көзбен қарамай, бәрі де ала көздерімен ата қарасты* (С.Сейфуллин). Бұл сөйлемде соматикалық фразеологизм етістік мәнді болғандықтан, алдында тұрған барлық сөйлем мүшесін өзіне оңай бағындыра алады. Сондықтан *Ыбырай да және оның үйінде отырғандар да ала көздерімен ата қарасты, бәрі де ала көздерімен ата қарасты, бөтен жігітке ала көздерімен ата қарасты, достық көзбен қарамай ала көздерімен ата қарасты* деген төрт валенттілік бар деуге болады. Алайда соңғы сөз тіркесі пысықтауыштық қатынаста тұрғандықтан, Теньердің пікіріне сүйеніп, оны валентті деп санамайтын болсақ, сөйлемде үшвалентті тіркес бар деп айтар едік. 6) Қымсыну/ ұялу: *Әзімханды көргенде Гүлияның екі беті ду етіп қып-қызыл болып кетті* (С.Сейфуллин). Бұл сөйлемде *Гүлияның екі беті ду етіп, Әзімханды көргенде екі беті ду етіп* деген екі валенттілік бар. Кацнельсон мұны эквивалентті тіркес деп таниды. Ал Теньердің пікірі бойынша, пысықтауыш қатысқан тіркес валентті бола алмайды. Сондықтан бұл сөйлемде бір валенттілік бар деп санаймыз. *Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып, қызара бастаушы еді* (С.Торайғыров). Бұл сөйлемде жасырын тұрған субъект бар, яғни ол беті

күйгедей ұялып, Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта беті күйгендей ұялып деген екі валенттілік бар. *Орнын Жаппасбай тартып алғаннан кейін Қоспан енді қызмет іздеуге бетінен басып, сол жердің өзінде Жаңылмен бірге жүк тиеуші болып істей берді (Т.Ахтанов).* Мұнда Қоспан бетінен басып, қызмет іздеуге бетінен басып деген екі валенттілік бар.

Қорыта келгенде, соматикалық фразеологизмдердің прагматикасын анықтай отырып, олардың адамға тікелей әсер ететінін байқадық. Адамның барлық көңіл-күйі ішкі және сыртқы дене мүшелерімен тығыз байланыста бола отырып, соның нәтижесінде басқа адамға беріледі. Яғни адресаттың адресантқа әсер етуі мимика, ым-ишара арқылы беріліп, бет-әлпетіндегі өзгерістер мен дене қимылдары арқылы бірден байқалады. Олардың бәрі тілімізде соматикалық фразеологизмдердің қалыптасуына ықпал етуші бірден-бір күш.

### Әдебиет

1. Әмір Р.С., Әмірова Ж.Р. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде: оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2009. - 122 б.

2. Тихомирова Е.А. «Английские фразеологические единицы с соматизмами». Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Иваново. 2011.

3. Сыздықова Г.О. «Сөз семантикасының валенттілік қатынастағы сипаты» // Қазақ білім академиясының баяндамалары. 2010. №3.

4. Кеңесбаев І. «Фразеологиялық сөздік». А., 2007.

*Беласарова Ж.Т.  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
оқытушы*

### Тарихи грамматикалық еңбектердегі морфологиялық тұлғалардың ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Кез келген тілдің морфологиялық құрылымы сөздің құрамы мен сөзтұлғаның құрылымын зерттеумен тікелей байланысты. Ал тілдің морфологиялық құрылымын анықтау деген сөз – сол тілдің қасиетін, ішкі мән-мазмұнын, өзге тілдермен салыстырғандағы басты ерекшелігін айқындау деген сөз. Бұл тілдің қазіргі синхрониялық құрылымы мен оның тарихи дамуының морфонематикалық ерекшеліктерін зерделеумен де тығыз байланысты. Морфологиялық жүйе көптеген грамматикалық категориялардың, бір-біріне оппозицияда тұратын тұлғалардың жиынтығы. Мақалада профессор М. Томановтың еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы туралы сөз етіледі.

**Тірек сөздер:** қазақ тілінің тарихи грамматикасы, грамматикалық категория, морфология, түбір сөз, туынды сөз, аффиксация.

**Abstract.** Morphological structure of each language structure directly connected with the investigation of the word structure and word composition of the word individual. And the determination of the morphological structure of the language means to identify the linguistic features of the language, inner content or meaning of the language, to define the main differentiation of the language while comparing it with other language. It is also closely connected with the modern synchronic structure of the language and to remember its morphonematical features in the historical development. Morphological system is the collection of some grammatical categories, individuals who are opposite to each other. It is

spoken about the historical development of morphological individuals in the works of professor M. Tomanov in the article.

**Keywords:** historical grammar of the Kazakh language, category of grammar, morphology, root word, derivative word, affixation.

**Кіріспе.** Морфологиялық құрылыстың негізгі мәселелерінің бірі – аффиксация. Өйткені түркі тілдері типологиялық жүйеленуі бойынша жалғамалылық топқа жатады. Кей ғалымдар тілдерді типологиялық жағынан агглютинативті, флективті, аморфты, полисинтетикалық тілдер жүйесі деп бөлуді толық дұрыс деп есептемейді. Мәселен Б. Сағындықұлы тілдердің тарихи дамуындағы морфологиялық және фонетикалық қалыптасуында агглютинативтік, флективтік, аморфтық, полисинтетикалық белгілер бір тілдің бойында болған деген пікірді білдіреді. [1, 96]

Қалай десек те, тілдердің морфологиялық құрамындағы негізгі ерекшеліктер әр алуан болатыны анық, барлық тарихи деректер осыны көрсетеді, түркі тілдері өзге тілдермен салыстырғанда жалғамалылық сипатқа ие екенін ескермеу мүмкін емес. Өзге тілдердегі мофемалық тұлғалардың, түбірлер мен негіздердің түрленуімен немесе сөз тудырушы тұлғалардың сөзжасамдық сипатымен салыстырғанда, түркі тілдерінің өзгеруіндегі аффикстердің рөлі мен маңызы мол екенін аңғару қиын емес. Түркі тілдеріндегі аффикстердің қызметі сан түрлі және мағыналары кең де көлемді болып келеді. Олардың әрқайсысының ішкі семантикалық заңдылығы, қалыптасу жолы мен өзіндік мағынасы, тұлғасы, орны, тіпті жалғану реті бар.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының өзге семьядағы тілдерден бұдан басқа да бірнеше өзгешеліктері бар. Айталық: үндіеуропа тілдерінде зат есімдер жанды (одушественный) және жансыз (неодушественный) құбылыстарды білдіруіне қарай әртүрлі грамматикалық категорияларға жіктелсе, түркі тілдерінде бұдан мүлде өзгеше. Түркі халықтарының дүниетанымына орай пайда болған бұл жүйеде адам баласының орны ерекше сипатта жоғары деңгейге қойылады. Зат есімдер тобына жататын сөздер адамзаттық және ғаламзаттық деп бөлінеді. Бұлай бөлу бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, біздіңше оның маңызы терең. Бұл мәселеге тек грамматикалық жүйеден ғана қарап қоймау керек. Мұның онтологиялық, когнитивтік терең мәні бар. Түптеп келгенде, адамзат пен ғаламзат деп екіге бөліп жіктеу түркі халықтарының адам баласына деген көзқарасын да танытса керек.

Түркі тілдерінде род категориясы жоқ. Ал өзге тілдерде мужской род және женский род, средний род деп бөлінетін категория бар. Түркі тілдерінде род категориясының болмауы әйел мен еркекке бөлмейді деген сөз емес, мұндай ұғымдар негізінен ұғымдар арқылы анықталып отырады. Бірақ категория ретінде қалыптаспаған. Мұның да өзіндік танымдық терең сыры бар деп түсінеміз. Тіл халық ойының, ұғымының көрінісі десек, род категориясының болмауын да осы бағытта түсіндіруге болады. Түркі халықтарының дүниетанымында, әсіресе қазақ халқында әйел мен ер адамды бірдей санау бар.

### **Негізгі бөлім**

Түркі тілдерінің өзге тілдерден тағы бір ерекшелігі – тәуелдік жалғаулары мен тәуелдіктің өзіндік ерекше конструкциясының болуы. Септеу түрінің ішінде тәуелді септеудің болуы. Мұндай ерекшеліктердің қай-қайсысы болса да халық ұғымымен байланыстыра зерттелуі тиіс.

Түркі тілдеріндегі көптік жалғауы мен жекелік тұлғалардағы сөздерге жалғаулар өзгеріссіз, бірыңғай жалғанады.

Осы айтылғандарды жүйелер болсақ, онда түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының негізгі басты ерекшеліктерін М.Томанов былайша көрсетеді:

- Морфемалардың бір-бірінен жігі айқын ашылып тұратындығы.
- Түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан біршама дербес қолданылады.

• Әрбір морфема көпшілік жағдайда сөз құрамында мотивті болып келіп, белгілі бір семантиканың иесі болып отыратындығы [2, 80].

Грамматикалық құрылымның қай саласын алсақ та, оның негізгі зерттеу нысанының төркіні – сөзге келіп тіреледі. Сөз – ең негізгі, әрі мағыналы тілдік бірлік. Сөздің бір-бірімен жалғаулар арқылы байланысып, белгілі бір ойды білдіруі арқылы сөйлем жасалады. Сөз болмаса, сөйлем құралмайды. Сөз болмаса, жалғаулар мен жұрнақтар да қалыптаса алмайды. Яғни тарихи тұрғыда қосымшалардың қалыптасу, даму жүйесі мағыналы лексикалық бірліктердің негізінде пайда болғаны түркітануда дәлелденген деп есептеуге болады.

Семантика-функциональдық белгілері жағынан сөз таптары қазақ тілінде 9 топқа бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу, одағай, көмекші сөздер.

Кейінгі кездерде жазылған ғылыми зерттеулерде бұған қосымша модаль сөздер оныншы сөз табы ретінде аталып жүргені белгілі. Мұндай ғылыми көзқарас профессор С. Исаевтың ғылыми зерттеулерінде келтірілген еді, кейін бұл ғылыми пікір Е. Жампейісов пен А.Б. Салқынбай еңбектерінде қолдауға ие болды.

Профессор М. Томанов зерттеулерінде бұрынғы бөлініс жүйесі сақталады, автор сөз таптарының барлығын емес, тек негізгі сөз таптарының даму жолын талдап қарастырады.

Берілетін деректердің ұқсас болғанына қарамастан, олардың әртүрлі ғылыми негізде берілуінің өзіндік ішкі теориялық сипаты бар деуге болар еді. Негізгі айырмашылық көмекші сөздердің бөлінуіне қатысты болып отыр. Бұл тұрғыдағы мәселеде түркі тілдерінің көпшілігінде өзгешеліктердің бар екенін аңғаруға болар еді.

Біздің пікірімізше, қазақ тіліндегі сөз таптарының бөлінісінің теориялық тұғыры мықты. Бірін-бірі қайталамайды. Айталық, послелог, частица, шылау сөздердің түп төркіні көмекші сөздерге барып тіреледі. Ал дыбыстық-бейнелік еліктеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздер арасында да айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болар еді.

Осы қайталаудың кездесетінін кезінде В.Г.Кондратьев те мойындаған сынайлы. Ғалым “Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв.” атты еңбегінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі сөз таптарын талдай келе оларды семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілеріне қарай былайша жүйелеп береді:

Зат есім.	Етістік
Сын есім.	Үстеу
Сан есім.	Послелог
Есімдік.	Шылау

#### Частица.

Одан кейін былай деп тұжырымдайды: “Одно и то же слово может в некоторых входит разные части речи. Слово входит одновременно в разные части речи в том случае, если оно, сохраняя целостность с лексико-семантической точки зрения входит в разные функциональные ряды, характеризующие разные части речи.” [3,24]. Мұндай көзқарас түркітануда кезінде біраз сыналған да еді.

Ф.Ганиев тіл біліміндегі сөз табына жіктелу мен сөйлем мүшелеріне бөлінудің негізгі принциптеріне тоқтала келіп, сөз таптарына бөлгенде, олардың сөйлемдегі қызметіне назар аударудың қажетсіздігін ескерткен еді. Бұндай пікірлер қазақ тіл білімінде де болғаны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының бөлінісі түркітанудағы және жалпы тіл біліміндегі қабылданған ғылыми теорияларға жауап бере алады деп айтуға толық негіз бар.

Түркі тілдеріндегі есім түбірлердің категориялық сипаты біраз зерттелген сала деуге болады. Бұл мәселе жөнінде түркітанудағы А.Н.Кононовтың, Н.К. Дмитриевтің, Э.В. Севорьянның, Н.А. Баскаковтың, А.М. Щербактың, Б.О. Орузбаеваның, Ә.Т. Қайдаровтың т.б. ғалымдардың еңбектерінен өзге түрік тілінде Г.Алекберлин

мен Г.Р.Мирза-задениң “Учебник турецкого языка”, Ф.П. Гайдаровтың “Учебник турецкого языка”, С.Майзельдің “Учебник турецкого языка” т.б. еңбектері, Нуретдин Кочтың “Жаңа тіл білімі” (1996) атты зерттеу еңбегі түрік тіліндегі тілдік бірліктерді грамматикалық сипатта жаңа аспектіде зерттеуге бағытталған.

Сондай-ақ, С.У. Усмановтың “Қазіргі өзбек тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы”, А. Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің құрылымы мен есім сөз таптары” атты монографиялық еңбектері, Т.М.Гариповтың “Башкирское именное словообразование”, М.А.Хабичевтің “Именное словообразование и формирование в куманских языках”, Ы.Мамановтың “Қазіргі қазақ тілі”, А. Есенғұловтың “Көне түркі ескерткіштеріндегі қосымшалар”, С.И. Исавтың “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты”, Ә. Ибатовтың “Сөздің морфологиялық құрылымы” т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстары бар.

Түркі тілдеріндегі есім сөздердің де, етістік сөздердің де құрылымдық жүйесі өзге тілдермен салыстырғанда айқын болады. Кез келген түбір сөз бен туынды сөзді салыстырғанда, оның құрамындағы түбір мен қосымша арасындағы айырма бірден көзге көрініп тұрады. Бұрыннан белгілі сөздердің морфологиялық құрамы негізінен екі тілдік бірліктен тұрады: түбір тұлғалар мен қосымшалар. Олардың тұлғалық жағы мен семантикасында жалпы алғанда аса мол айырмашылық байқалмайды.

Бір буынды түбірлердің салыстырмалы-тарихи сипаты анықталады. Мысалы: аз-аз, ай-ай, айақ-аяқ, ақ-ақ, ант-ант, ас-ас, ат-ат, аттау-аттау, адым-адым, ав-ау, адж-аш, баз-баз, бағы-бағы, бал-бал, бас-бас, бас-бас, бел-бел, без-без, бер-бір, беш-бес, бил-біл, бин-мың, боз-боз, бит-бит, бой-бой, бош-брс, бол-мол, бұл-бұл, бұл-бұл, геч-кеш, гүл-гүл, гер-кер, ген-кен, гир-кір, гер-кер, гөч-көш, гөк-көк, гүн-күн, гөл-көл, гөз-көз, гүч-күш, дак-дақ, дағ-тау т.б. сияқты бірдей түбірлерді көптеп көрсетуге болар еді.

Бұдан байқалағыны, қазақ тілінің қазіргі сипаттамалы жағдайында қолданылатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы мен тарихи тұлғалардың сипатында, лексикалық мағынасы, семантикалық жүйесі, тарихи түрдегі мағыналық құрылымында даму қалпы ортақ.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдар пікіріне назар аударсақ, осындай бір буынды түбірлердің жазба ескерткіштерде де осы қалпында, осындай мағынада кездесетінін байқауға болады.

Сөз құрамындағы грамматикалық тұлғалардың қандай ретіне орналасқаны, олардың құрылымының өзіндік даму және қалыптасу жүйесі туралы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Айталық, түркі тілдеріндегі сөздердің құрылым жүйесін кеңінен зерттеген ғалым Н.А.Баскаков агглютинативті тілдердегі, соның ішіндегі әсіресе, түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің құрамында мынадай негізгі элементтер болатынын көрсетіп берген:

- Түбір;
- Түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық аффикстерден құралған бірінші негіз;
- Түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық және сөз түрлендіруші функционалды-грамматикалық аффикстерден құралған екінші негіз;
- Сөз түрлендіруші аффикстер [4,354].

Байқап отырғанымыздай, бұдан тек қана лексикалық бірліктердің жалпы құрылымдық жүйесін ғана емес, олардың орналасуының да жүйелі көрінісін анықтауға болады.

Бұл тұрғысында профессор М. Томановтың ғылыми пікірі терең мән беруге тұрарлық. Ғалым түбірлер мен негіздердің арасынан үлкен тарихи байланыс көреді, оны зерттейді, тілдік деректермен дәлелдейді. “Бір буынды түбірлер аффиксацияның нәтижесінде көп буындыға (екі буынды, кейде үш буынды) айналып, кейін осының өзі тұрақты құбылысқа айналған. Қазіргі тілдегі екі буынды байырғы түбірлердің көбісі-ақ жай көздің өзіне де байырғы түбір мен қосымшаға ажырайды.”[5,115]. Дей

тұрғанмен, ғалым қазіргі қазақ тілі тұрғысынан түбір ретінде танылып жүрген екі буынды негіздердің қалыптасуын беріде болған құбылыс ретінде танымайды. Ескерткіштердің тілін зерттеп, салыстыра келе, VIII ғасыр жазбаларында бір буынды түбірлермен қатар екі-үш буынды түбірлердің де белсенді қолданғанын анықтайды. Түркітанушы ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, “*ад (am), ада (ama), сав (сөз), сөзле (сөйле), тап (табын), тапын (табын), ы (ағаш), ызач (ағаш)*” сияқты сөздердің ортақтығы мен олардың бір-бірімен тұлғалық және мағыналық, мазмұндық сәйкестігін көрсетеді.

М. Томанов мынадай тұжырым жасайды: “Сонымен, екі буынды түбірлердің қалыптасуы. Сөйтіп, түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, Орхон Енисей жазбалары дәуіріне дейінеқ әбден орныққан құбылыс” – деп жазады.[5,116]

Ғалым түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде, олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді ағайды:

- 1.Түбір құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер;
- 2.Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер.

Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер тілдің ежелгі тарихи дамуында болғандықтан, синхрониялық бағыттағы зерттеуде анықтала қоймайды, мұндай негіздердің құрамы бір бүтін болып, аффикстер түбірге толықтай сіңіп кеткендігі байқалады. Мұны тек этимологиялық тарихи тұрғыдан терең тексерудің нәтижесінде ғана анықтауға болар еді.

Мәселен, *үлес, үлестір, үлестіруі* тұлғаларының ортақ түбірі болып тұрған *үлес* сөзінің құрамы үле түбірі арқылы жасалғанын келтіреді. Әрбір ғылыми тұжырымына нақты тілдік дерктер келтіре отырып дәлелдейтін ғалым, өлі түбірлердің құрамына сіңіп кеткен мына тұлғаларды анықтап, олардағы этимологиялық заңдылығын ажыратып көрсетеді.

- с қосымшасы;
- қа, ға, ке, ге қосымшасы;
- р, ыр, ір форманты;
- н қосымшасы;
- т қосымшасы;
- л қосымшасы;
- ы, і аффиксі;
- ра, ре тұлғасы;
- а, е қосымшасы.

Ғалым осы тұлғалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сөздердің даму жолдарын зерделейді. “Сонымен,- деп жазады М. Томанов, – түбірлердің дамуын оның тарихи өзгерісінен бөліп қарауға болмайды. Түбір сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістерді ескермей тұрып, оның даму ерекшеліктерін білу мүмкін емес” [5,134].

Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімінде жазылған теориялық еңбектердегі негізгі тұжырымдамаларымен іштей үндесіп, астасып жатады.

Қазақ тіл біліміндегі морфология саласын терең зерделеген, алғаш жүйелеген ғалымның бірі А.Ысқақов десек қателеспейміз. Ғалым түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы ең негізгі айырмашылық деп мыналарды көрсетеді: “Түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық, әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық, әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы мағына тек сөздің құрамында ғана тиянақты болып анықталады” [6, 28]. Бұдан әрі морфемаларды да жүйелі құбылыс ретінде тани отырып, олардың жүйелілік құбылысын түбір мен қосымшалардың ара қатынастарынан да көруге болатынын айтады.

Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы және оның тарихы жайында ғылыми жұмыс жазған Ә.Т. Қайдаров “Структура односложных корней и основ в

казахском языке“ атты ғылыми монографиясында көне түркі тілдеріндегі бір буынды сөздердің құрылымын анықтай келе, олардың қалыптасу және даму бағыты туралы мынадай ойлар айтады: “Консервация некогда самостоятельных односложных корней-основ в структуре производных образований – результат весьма длительного исторического процесса развития морфологической структуры тюркских языков. Причины превращения этих элементов в неразложимое целое с точки зрения сегодняшнего нашего представления при желании могут быть найдены и объяснены различными методами структурного анализа” [7, 106].

Автордың пікірінше, сөздің құрылымына талдау жасау үшін, негізгі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оған жоғары мән берілуі тиіс. Сондай-ақ, бір буынды түбірлер тұлғалық және мағыналық жағынан қандай болып дамыса да, оның әуелгі мағыналық сипаты сақталады. Ә. Қайдаровтың өз сөзін келтірер болсақ, ғалым ойын былай қорытындылайды: “Таким образом, корневая морфема, будь она самостоятельной или мертвой, никогда не порывает семантическую связь с производными от нее основами, а последние в свою очередь сохраняют идущие от нее семантику. Именно поэтому при помощи самостоятельных корневых морфем мы можем при необходимости уточнять значения производных слов, и наоборот, с помощью последних – определять и реконструировать семантику мертвых корней” [7, 116].

Жоғарыдағы ойлар кейін қазақ ғалымдарының еңбегінде одан әрі жетілдірілді деуге болар еді. Айталық түбір сөздің мағынасының семантикалық сипатта кейін дамитынын, оның ешқашан жоғалып кетпей, жаңа туынды сөздің перифериялық өрісінде сақталып қалатынын профессор А.Б.Салқынбай еңбектерінен оқимыз. Тарихи сөзжасам мәселеріне қазақ тіл білімінде алғаш қалам тартқан ғалым сөз мағынасы туралы мынадай тұжырымды ойларын айтады: Сөздердің мағыналарының тарамдалып, тұлғалық өзгерістерге түсуіне байланысты алғашқы мағына жіктеледі, өзгеріске түседі. Генетика-семантикалық код арқылы олардың түпкі ортақ тегін айқындап, мағыналық және тұлғалық даму жүйесінің тізбегін көрсетуге болады” [8, 54].

Автор бұдан әрі генетика-семантикалық код туралы жаңа ғылыми теория ұсынады да, бірдей тұлғадағы сөз мағыналарының бір-бірімен тектес, сабақтас, жақын болатынын тілге тиек ете отырып, осы мағыналық жүйе негізінде сөз мағынасының дамуын анықтауға болатынын жазады.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеген ғалымдардың бірі А.М. Щербак болды. Түркі тілдеріндегі есімдердің, етістіктің, үстеу мен бейнелеуіш сөздердің салыстырмалы жүйесін жазған ғалым былай деп жазады: “В любом тюркском слове наблюдается строгое бинарное распределение входящих в него структурных элементов: слева – корневая морфема..., справа – аффиксальные морфемы.”[9, 21]. Сөйтіп, автор түркі тілдеріндегі әуелгі түбір сөздің келетінін одан кейін зат есім мен етістік формаларының жалғануының өзіндік ішкі заңдылығы мен реті болатындығын көрсетіп береді. Шынында да, айталық зат есімнің түбірінен кейін, ең алдымен, көптік жалғау, содан кейін тәуелдік жалғау мен септік жалғаулар келетіні бұрыннан белгілі. Бұл заңдылық қазақ тіліне де, өзге түркі тілдеріне де тән құбылыс ретінде бағаланады. Осындай ерекшеліктер барлық жазба ескерткіштерге де тән. Көне түркі жазбаларының тілінде де қосымша морфемалар түбірден кейін, өз ретімен жалғана береді.

#### **Қорытынды:**

Профессор М. Томанов еңбектерінде сөз таптарының тарихы:

–есім сөз таптарының дамуы;

–етістік категорияларының дамуы деп екіге бөлініп беріледі.

“Сөздердің грамматикалық кластарға жіктелуі сөйлем ішіндегі мәні мен қызметіне байланысты болған құбылыс” деп таныған ғалым, атаудың мән-мағынасы мен қызметіне ерекше көңіл бөледі.



Атақты Маррдың шәкірті болған И.И. Мещаниновтың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, сөздің сөйлемдегі қызметінің ерекшелігіне қатысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялайды. Ол мақалалар сол кезеңдегі түркітанудағы басты басылым болып есептелетін “Советская тюркология” журналында жарияланады. “Принципы построения исторической грамматики казахского языка” деп аталған бұл мақалада ғалым қазақ тілінің диахрониялық және синхрониялық жүйесінде қазіргі кездегі негізгі жеті заңдылықты анықтайды. Мұндағы басты принцип ретінде тілдің жүйелілігі, бір-бірімен байланысы басты назарда болады. “Понятие системности в исторической изучении языка предполагает взаимодействие различных сторон языковой структуры: фонетика связана с морфологией, а морфология с синтаксисом, лексика – с морфологией и синтаксисом” [580бет].

Ғалым еңбегінің басты құндылығының бірі – қазақ тіліндегі есім және етістік негіздердің грамматикалық дамуын жүйелі түрде зерттеуі екені анық нәрсе. Морфемалар тіліміздің құрылыс материалдары сияқты. Ондағы түбірлер мен негіздер, туынды сөздер т.б. тіл бірліктері ішкі жүйені құрайды. Демек, морфологияны зерттеу – тілдік жүйенің негізін, құрылысын зерттеу деген сөз. Осы реттен қарағанда, М. Томановтың қазақ тілінің тарихи морфологиясын зерттеуінің ғылыми теориялық мәні ерекше.

### *Әдебиет*

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 2005.
2. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.– Алматы, Қазақ университеті, 1992.
3. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. 1981
4. Баскаков Н.А. Морфологическая структура слова и части речи в тюркских языках. Баку, 1970. Советская тюркология.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.– Алматы, Мектеп баспасы, 1988.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, Ғылым, 1993.
7. Қайдаров Ә.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, Наука, 1986.
8. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы, Қазақ университеті, 1999.
9. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., Наука, 1977.

*Дәрібаева Т.С.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты*

### **Фразеологизмдердің зерттелу жайы**

**Аңдатпа.** Мақалада фразеологизмдердің зерттелу тарихы қарастырылады. Сондай-ақ, зерттеудің кезеңдері мен ерекшеліктері анықталады.

**Аннотация.** В статье рассматривается история изучения фразеологизмов. А также определяются этапы и особенности исследований.

**Abstract.** In article the history of studying of phraseological units is considered. And also stages and features of researches are defined.

Тіл – адамзат қоғамының белгілі бір кезеңінде туып, заңды түрде дамыған жүйе. Тіл – адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, сөйлесуін қамтамасыз ете отырып, тілдік қарым-қатынасты іс жүзінде жүзеге асырады. Тіл – адамдар арасындағы пікір алысу, өзара түсінісу құралы. Кез келген тіл адамдар үшін, өзінің ортасы үшін, яғни қоғам үшін қызмет жасауы керек. Ешбір қоғам тілсіз болмайды, тілсіз де қоғам болуы мүмкін емес. Тіл – өзінің көркемдігімен ерекшеленеді. Тілдің мағынасы мол қазыналарының бірі – тұрақты тіркестер.

Алдымен ғылым саласының фразеология деп аталу себебін анықтаған жөн. Егер бұрыннан келе жатқан анықтамаларға сүйенер болсақ, бұл пән атының екі қызметі бар болып шығады. Бірі – фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласының аты, екіншісі – фразеологизмдердің тұтас жиынтығының аты.

Фразеологизм мәселесі көптен бері сөз болып келеді. Оның бүкіл ішкі-тысқы қасиеттерін ашып, оларды қолданудың пайдасы мен заңдылықтарын аршып берген еңбектердің санының өзі мыңға тартады.

Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. және бұларды тілдің бөлекше бір сипаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері деп атауға болады. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігінің көрінер жер осы фразеологизмдер маңы. Ойды әсемдеп жеткізуде фразеологизмдердің атқарар рөлі маңызды.

Фразеология туралы қазақ тілшілерінің анықтамалары мына тұрғыда: «...сөз байлығын тексеретін тіл білім саласын лексикология дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы фразеология деп атау орынды, – деп жазады І.Кеңесбаев [1, 589]. М.Балақаев: «Қазақ тілі сөздік қорының аса маңызды бөлшегінің бірі – фразалар мен идиомалар. Ол екеуін қосып фразеологизмдер деп атаймыз», – дейді [2, 142].

Жалпы тіл білімінде фразеологизмнің зерттелу тарихы жүз жылдыққа кетеді. Француз фразеологиясының теориясын құрған Ш.Балли [3, 394] болса, орыс лингвисті Н.М.Александров фразеологизмдерді жеке пән ретінде қарастыруды ұсынды [4, 24]. Орыс тілінің фразеологизмдері туралы пікір айтушы академик В.В.Виноградов орыс тілі фразеологизмдерін классификациялауда Ш.Баллидің 1905 жылы жасаған схема-топтастыруын басшылыққа ала отырып, орыс тіліндегі фразеологиялық тіркестерді 1) фразеологиялық тұтастық; 2) фразеологиялық бірлік; 3) фразеологиялық тіркес деп үшке бөлген. Термин, мақал-мәтелдерді бұл топтың ешқайсысына да енгізбеген [5, 211 б.]. Бұл уақытқа дейін орыс тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің зерттелуі мақалалар көлемінде ғана еді. Н.Л.Шанский В.В.Виноградовтың классификациясын толықтырып, фразеологиялық орамдардың аясын кеңейтіп, оған «фразеологиялық сөйлемше» деп, термин, мақал-мәтелдерді қосқан болатын [6, 23]. Л.И.Молотков фразеологиялық тұлғаларға мақал-мәтел, термин, қанатты сөздерді қоспай, идиомалар мен тұрақты тіркестерді ғана фразеологиялық тұлғалар деп таныды [7, 61].

Түркітануда фразеологизмдердің зерттелуі ХХ ғасырдың 40-50 жылдарынан басталады. Бұл салаға байланысты жазылған еңбектердің басым көпшілігі алғашында фразеологизмдердің тұлғалық жағын тану, мағынасын анықтау, басқа тілдік категориялардан айырым, не ұқсас белгілерін ажырату мәселелеріне арналды. Сол арқылы түркітануда фразеологияны жеке пән ретінде қалыптастыру мәселелерін ғылыми тұрғыда шешу барысындағы ізденістердің бағыты анықталды [8, 12].

Түркітанушылар алдында өз ана тіліндегі фразеологизмдердің табиғатын ашу міндеті тұрды. Туыстас тілдерде, өзбек фразеологиясы Юсипова Р., құмық тілі фразеологиясы – Даибова К., түрікмен тілі фразеологиясы – Бабаев К., татар тілі – Ахатов Г., Ахуниязов Ғ., якут тілі – Нелунов А., башқұр тілі – Ураксин З., Юлдашев А., қарашай-балқар тілі – Жарашуева З., чуваш тілі – Чернов М. еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ ғалымы Қ.С.Қалыбаева туыс түркі тілдеріндегі фразеологиялық тіркестерді

салыстыра отырып «Салыстырмалы түркі фразеологиясы» атты еңбек жазды. Еңбекте түркі тілдерінің жақын туыстас деп танылып жүрген бір тобындағы тілдердің, атап айтқанда, қыпшақ тобындағы тілдердің фразеологиялық материалы түгелдей қамтылып, тілдің жүйелілігі тұрғысынан сараланып беріледі [9, 6].

Қазақ тіл білімінде фразеология мәселесі 40-жылдардан бастап зерттеушілер назарына ілігіп, зерттеу нысанына айналды. С.Аманжолов фразеологизмдерді зерттеуді қолға алу керектігін атап өтіп, бағыт-бағдарын көрсетті. Сонымен қатар, «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі сөз тіркестері жайлы өзіндік пікірлерін ортаға салды. Қазақ тіліндегі сөз тізбектері қызметіне, мағынасына, тұлғасына қарай екіге бөлінеді: 1. лексикалық тізбектер; 2. синтаксистік тізбектер деп көрсетті [10, 60].

Фразеологиялық тіркестер турасындағы мәселер қазақ ғалымы Ө.Айтбайұлының да назарынан тыс қалмады. Ғалымның айтуы бойынша, фразеологиялық тізбектердің негізгі қасиеттері оның ең алдымен, бірден аңғарыла қоймайтын астарлы мағыналылығында болса, екіншіден, мұндай тіркестер өте әсерлі әрі мәнерлі болады; үшіншіден бұлардың компоненттерінің ешқайсының орнын ауыстырып, не орнына басқа бір сөз қоюға келмейді; төртіншіден фразеологиялық тізбекті мәндес бір сөзбен, немесе синонимдес тіркеспен алмастыруға болмайды [11, 34].

Академик І.Кеңесбаевтың фразеологизмдерді танып-білуде мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты «үш белгіге», яки үш критерийге сүйене отырып, бүкіл қазақ тілі құрамындағы фразеология құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөлуге болады: 1. фразеологиялық түйдектер; 2. фразеологиялық тіркестер. Фразеологиялық тіркестер өз ішінен екіге бөлінеді: а) түйін тіркес; ә) түйін тіркес» деп тұжырымдады [1, 591].

К.Аханов жоғары оқу орындарына арналған оқу құралында В.Виноградовтың классификациясына сүйене отырып, қазақфразеологизмдерінің түрлерін анықтап, былай жіктейді: «фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық сөйлемшелер» [12, 118]. Р.Сәрсенбаев фразеологизмдердің аталған түрлерінен басқа мақал-мәтелдерді де фразеологизмдер тобында қарастырды [13, 16].

Фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән. Сондай-ақ тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің дербес саласы. Тіл білімінде фразеологизмдерді түрлі топтастырулары бойынша бөліп қарастырады. Ғалым Г.Н.Смағұлова өзінің еңбектерінде қазақ тілінде мысалдармен былай көрсетеді:

-идиомдар (*ит мініп ирек қамшылау, мұрнынан есек құрты түсу, ит*

*арқасы қиянда, түкірігі жерге түспеу, түйе үстінде сирақ ұйыту*);

-мақалдар (*еңбегіне қарай өнбегі, орамал тон болмайды, жол болады, ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі*);

-мәтелдер (*тегін адам таз болмайды, бір тауда бір киік, итке мылтық не керек, әркім өз ботасын үкілейді*);

Бұларға қосымша дәстүрлі топтастыруда қанатты сөздер (*еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей, сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады*);

-коллокациялар (*жанды сөз, су мұрын, шикі өкпе, құдайы қонақ т.б.*

дәстүрлі фразеологиялық тізбектерге қоса *шешім қабылдау, билік коридоры, ақпараттық соғыс т.б.* мысалдар) деп бөледі де, ойын әрі қарай былай сабақтайды: «қазақ фразеологиясында фразеологизмдерге қатысты ең басты терминдердің өзінде бірізділік болмай, қазақ тіл білімінде түрліше аталып жүр. Бұл жайт жан-жақты талдауды қажет етеді» [14, 7].

Ғалым А.Айғабылтың: «Фразеологиялық тіркестер мағына жағынан жеке сөзге, құрамы жағынан синтаксистік (еркін) сөз тіркесіне жақын болып келеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің басты белгілерін ажырату үшін сөз және еркін сөз тіркесімен салыстыру керек», – дейді [15, 72].

Қазіргі таңда қазақ фразеологиясының даму бағыттары лингвистикалық парадигмалар негізінде жан-жақты қарастырылып жүр. Бұл орайда профессор Г.Н. Смағұлованың «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясын атап өткен жөн. Еңбекте когнитивтік фразеологияның құрылымдары, фразеологизмдерді фреймдік талдау, дискурстық сипаты сөз етіледі. Сондай-ақ, фразеологизмдердің когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен қоса, фразеологизмдердегі лингвоконцептология, этнолингвистика және ұлттық интеллект талданып, парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары жүйелі түрде негізделген. Әлемнің фразеологиялық бейнесін көрсететін тақырыптық-семантикалық топтарымен қатар, түркі фразеологиясына қатысты талдаулар және аудармадағы ерекшеліктер де назардан тыс қалмаған.

Тіл мәдениетінің бастауы – тұрақты тіркестер. Әрбір тұла үшін – тіл мәдениетін менгеру міндеттерінің бірі – дұрыс сөйлеу, образды сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Бұл орайда тұрақты тіркестердің маңызы өте зор. Сондықтан олар белгілі бір тілдік мұқтаждықты өтейді.

Зерттелуі сонау XX ғасырдың 40 жылдарынан бастау алып келе жатқан фразеологизмдердің әлі де болса зерттелер тұсы баршылық. Бұл әлемдік және отандық тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болмақ. Жаңа бағыттағы зерттеулердің жүргізілуі уақыт еншісінде.

### *Әдебиет*

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. 1977, –589 б.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және тілдік норма. 1984. – 170 б.
3. Балли Ш. Французская стилистика. – М.,Издательство института литературы, 1964. – с. 394.
4. Александров Н.М. К вопросу о классификации фразеологических единиц. // Ученые записки Ленинградского пединститута, т.189, выпуск 2. Л., 1959. – с. 293.
5. Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. // сборник «А.А.Шахматов» Труды комиссии по истории АН СССР, 1947. Вып. 3. – с.211.
6. Шанский н.М. Лексикология современного русского языка. М., Высшая школа, 1972. – с. 223.
7. Молотков Л.И. Основы русской фразеологии. Л., Наука, 1977. – с. 264.
8. Сарбасова Қ. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер. – Астана, 2008. – 240 бет.
9. Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы: Қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша. – Алматы, –404 б.
10. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы, 1950. – 195 б.].
11. Айтбайұлы Ө., Үсенбаева Г. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 304 бет.
12. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 1952. – 320 б.
13. Сәрсенбаев Р. Қазақ тілі фразеологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1973. – 29 б.
14. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 280 бет.
15. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2013. – 104 б.

*Ермекова Т.Н.*  
*Қазақ мемлекеттік қыздар*  
*педагогикалық университетінің*  
*профессоры, ф.ғ.д.*  
*Ескермесова Г.А.*  
*PhD докторант*

## **Пунктуация: функциясы мен антропоөзектілік**

**Аңдатпа.** Мақалада антропоөзектік парадигмадағы лингвистиканың алға қойған мақсаты тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің семиотикалық жүйе ретінде тілдің барлық деңгейлерінде көрініс беруін зерттеп анықтау болып табылатынына мән беріледі. Бұл бағыттар жалпы тіл біліміне үлкен өзгерістер әкелді: тіл біліміндегі басты құндылықтар ауысып, зерттеу шеңбері кеңейе түсті. Оның қатарында пунктуация да бар. Коммуникация сәтті болуы үшін баяншы мен қабылдаушы бірдей коммуникативтік құралдарды қолданып қана қоймай, сонымен қатар сол құралдың білдіретін мәнін түсінуі керек. Тыныс белгілердің қойылуын дұрыс түсіне білген оқырман мәтінді түсінумен қатар одан эстетикалық әсер де алады. Авторлық пунктуацияны терең түсіне білген оқырман жазушының діттемін, айтайын деген ойын анық байқайды. Сондықтан қазіргі кезде пунктуацияның функциясы мен антропоөзектілікке сипаты қайта қарастыруды қажет етеді.

**Тірек сөздер:** пунктуация, функция, антропоөзектілік, коммуникация.

Адам ақыл-парасат, сана-сезім иесі болғандықтан, айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білуге ұмтылады, олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі. Осындай адам факторларының өзекті болуына байланысты, бүгінгі ХХІ ғасырда тілді антропоөзекті тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда тілдің объективті және субъективті жағына ерекше мән беріледі. Адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес, тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін адам және оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады.

Тыныс белгілер жазба тілде көрініс табады. Жазба мәтіндегі пунктуация сөйлеу үдерісіндегі ауызша мәтінге тікелей байланысты. Жазба тіл ауызша тілдің қағазға түсірілген нұсқасы болғанымен, әрқайсысындағы ойдың жеткізілуі бірдей бола бермейді. Ауызша сөйлеу барысында интонация, дауыс қарқыны, кідіріс, екпін т.с.с. өзіндік ерекшеліктер жазба тілде тыныс белгілер, бейвербалды құралдар арқылы беріледі. Сол себепті тыныс белгілердің қойылуына қарай сөйлемді түрліше қабылдауға болады. Пунктуация тұтастай алғанда, жазба тілдегі негізгі қағидаларға бағынады, ол жазба тілдің графикалық жүйесіне негізделіп, кейінірек пайда болған, қосымша жүйе ретінде мәтін ұйыстырушы қызмет атқарады. Сол себепті тілдік қатынасты (коммуникацияны) тиімді ететін фактор ретінде пунктуация коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етіп отыр.

Пунктуация әу баста жазбаша мәтінді мағыналық жіктерге бөлу қажеттігінен пайда болды. Сондықтан ол жазба тілдің синтаксистік құрылысымен тығыз байланысты. Қоғам дамуымен байланысты тілдегі өзгеріс, жаңалықтар мәтіннің пунктуациялық жағынан безендірілуіне де белгілі бір дәрежеде ықпал етіп жатады. Тыныс белгілер, бір жағынан, тілдегі қалыптанған нормаларға сүйене отырып, тұрақты сипатқа ие болса, автор діттеміне сәйкес, қоғам дамуына, тілдің синтаксистік құрылысындағы өзгерістерге байланысты да өзгеріп, дамып отырады.

Тіл білімінде қалыптанған әдеби тіл мен сөйлеу тілі (бұл жерде сөз әдеби тілдің ауызша түрі турасында емес) өзара қарсы қойылады. Оның өзіндік себептері де бар:

1) сөйлеу тілі – дайындықсыз жүзеге асады, ал қалыптанған әдеби тіл арнайы дайындықты қажет етеді; 2) сөйлеу тілі ресми жағдайда қолданылмайды, ал қалыптанған әдеби тіл ресми ортаға, әлеуметке бағышталады; 3) сөйлеу тілі сөйлесушілердің бет-бет келуі, тікелей қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде жүзеге асады, ал қалыптанған әдеби тіл үшін ол міндетті емес [1]. Академик Р.Сыздықова әдеби тілді танытағын белгі-меже ретінде бір жүйеге түсіп қалыптасқан, лексика-грамматикалық, фонетикалық категориялары сұрыпталып, тұрақталған, графика-орфоэпиялық нормаларға ие болған; территориялық және әлеуметтік жағынан бөлінбеген тұтастық сипаты бар (гомогенность); диалектілерден жоғары тұрған (наддиалектная форма), яғни супердиалектілік сипатының болуы; функционалдық стильдердің біразында қызмет етуі (полифункциональность); өңделіп отыруға бейімділігін атай келіп: «Бұл – негізінен жазу-сызуы өте ертеден келе жатқан тілдерге қатысты анықтама. Бұндай таным барлық тілдердің тарихи кезеңдерінің баршасына түгел тән болмауы да мүмкін. Сондай-ақ әдеби тілдің статусы жазуға (жазба дүниелерге) ғана қатысты болуы да міндетті емес. Демек, бұл белгілердің бірқатарына кейбір әдеби тілдер барлық кезеңде түгелдей жауап бере алмаған», – дейді [1, 10].

Жазба тіл қоғамдық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сол себепті ол стиль қалыптастырушы, нормақалыптастырушы қызмет атқарады. Қоғам дамуына байланысты таңбаның білдіретін мәні күрделеніп, мазмұн межесі сан жағынан да, сапа жағынан да жетіліп отырады. Тілде функционалды стильдердің, олардың жанрларының түзілуіне, әр стильдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес тіл жүйесі де өзгеріп, оны реттеп отыру қажеттігі туындайды. Сөйтіп, ол кодификациялаушы, нормалаушы қызмет атқарады.

Жазба мәтіндегі пунктуация сөйлеу үдерісіндегі ауызша мәтінге тікелей байланысты. Жазба тіл ауызша тілдің қағазға түсірілген нұсқасы болғанымен, әрқайсысы ойды түрліше жеткізеді. Ауызша сөйлеу барысындағы интонация, дауыс қарқыны, кідіріс, екпін т.с.с. ерекшеліктерді жазба тілде тыныс белгілер арқылы беру мүмкін бола бермейді. Ауызша мәтінді жазба мәтінге сол күйінде түсіру мүмкін емес. Себебі жазбаша мәтін сөйлеушінің дауыс қарқынын, қаттылығын не нәзіктігін, жуан дауысты не қырылдаған дауысты білдіре алмайды. Сол сияқты ауызша оқыған кезде жазба мәтіндегі бас әріп пен кіші әріпті, сызықшаны, шрифт түрін т.б. білдіру мүмкін емес. Осыған байланысты Ю.В. Рождественский ауызша сөйленім мен жазба мәтіннің өзіндік ерекшеліктері туралы былай дейді: «знаки препинания корреспондируют с темпоритмом и мелодикой, пробелы отвечают актуальным и потенциальным паузам, шрифты как бы имитируют динамические характеристики речи» (Рождественский, 1990, с. 308-309).

Тұтастай алғанда, жазба мәтіндегі құралдарды екіге бөлуге болады. Бірі әліпбиде бейнеленсе, енді бірі жазуда қолданылғанмен, әліпбиде көрсетілмейді. Жазу жүйесінде таңба белгілері көрініс табады. Оның тұрпат межесі сурет, геометриялық белгі, фигура ретінде бейнеленіп, визуалды субстанция ретінде таңбаланады. Ал мазмұн межесі сол таңбалардың (сурет, геометриялық белгі, фигура) білдіретін мәні, ұғымы, сан, сөз, жекелеген дыбыс түрінде көрініс табады [2, 8]. Яғни, дыбыстар жүйесі, ұғымдар т.с.с. жазба тілде таңба түрінде көрініс табады.

Ауызша және жазбаша тілді жүйелеуде, пунктуацияны семиотикалық жүйе ретінде сипаттауда, қызметін айқындауда, зерттеушілер арасында пікір алалықтары болуына байланысты бүгінгі таңда пунктуацияны тануда көптеген қиындық туындап отыр.

Тыныс белгі жазу қажеттілігін өтеу үшін кейінірек пайда болған. Ол мәтіннің синтаксистік, логика-грамматикалық, интонациялық, коммуникативті-прагматикалық қажетін өтейді. Мәтіндегі тыныс белгілердің қызметі автордың өз ойын жеткізудегі жаңа ізденістерімен, коммуникативті-прагматикалық міндеттерімен ғана шектелмейді, сондай-ақ тілдік жүйенің өзіндік эволюциялық үдерістерімен де тығыз байланыс-

ты болады. Пунктуациядағы өзгерістер тілдік жүйедегі үдерістермен, тілдік тұлғаның араласуымен жүзеге асады. Профессор Ф.Оразбаева қазіргі кезде коммуниканттардың өзара сөйлесу, пікір алысудағы қызметіне ерекше мән берілетінін ескерте келіп, тілдік қатынасты «сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу, қарым-қатынас жасау дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізетін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түпқазығы» ретінде сипаттайды [3, 229].

Ғалым тілдік қатынаста хабарды жүзеге асырушылар, хабарға тікелей қатысушылардың орны ерекше екенін айта келіп, оны белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын баяншы, ақпаратты жеткізетін бірліктер, ақпаратты не деректі – қабылдаушы деп жіктейді:

«*Баяншы* – сыртқы объективті әсерді, өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал-құралдардың, бірліктердің көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

*Бірліктер* – хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасында ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер.

*Қабылдаушы* – белгілі бір хабарды қабылдап алып, оның мәнін тілдік бірліктер арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасына өткізіп ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы.

Баяншыға да, қабылдаушыға да – бәріне ортақ әрекет – байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс – тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты. Баяндау мен қабылдау үрдістері тілдік қатынастың барлығына тән [3].

Пунктуация жазба тілдің дамуына сәйкес әрі баяншының діндеміне байланысты өзгеріп, толығып отырады. Е.В.Падучева баяншының сөйленім субъекті, дейкис субъекті, сана субъекті, бақылаушы ретінде түрлі қызмет атқаратынын айтады [4, 33-34]. Мәтіннің қандай болып шығуы авторға (баяншыға) байланысты болғанмен, автор да белгілі бір деңгейде мәтінге тәуелді болады. Мәтін ақпаратты жеткізіп қана қоймай, қабылдаушыға әсер етуі де керек. Сондықтан баяншы сол қоғамда қолданылып жүрген тілдік құралдарды пайдалана отырып, ойын мақсатына сәйкес жеткізуге тырысады. Мәтін авторы, баяншы тілде бұрыннан бар, қолданылып жүрген тілдік құралдар қорын пайдаланумен қатар өз ойын жеткізу үшін тыныс белгілерді мақсатына сәйкес түрлендіре отырып қолдануы мүмкін. Бұл орайда вербалды және бейвербалды құралдардың көмегімен кодқа салынған ақпаратты, яғни түзілген мәтінді дұрыс қабылдайтын, яғни кодты дұрыс түсіне білетін қабылдаушының да орны бөлек. Яғни сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізуі ғана емес, тыңдаушының оны дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауының да коммуникация үшін маңызы ерекше. Коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажет [5, 18].

Коммуникация сәтті болуы үшін баяншы мен қабылдаушы бірдей коммуникативтік құралдарды қолданып қана қоймай, сонымен қатар сол құралдың білдіретін мәнін түсінуі керек. Тыныс белгілердің қойылуын дұрыс түсіне білген оқырман мәтінді түсінумен қатар одан эстетикалық әсер де алады. Авторлық пунктуацияны терең түсіне білген оқырман жазушының діндемін, айтайын деген ойын анық байқайды. Академик Рәбиға Сыздық: «Адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да,

жазба түрде де жеткізе алады, орфография немесе емле, дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуға тиіс. Емле ережелерінің тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, ең сауатты адамның өзі толқып, қиналады», – деп жазады [6, 290].

Тыныс белгілер жиі қолданылуының нәтижесінде өзіндік мәнге, қызметке ие болады. Әрқайсысының атқаратын қызметіне сәйкес тыныс белгілер көпшілік сипат алып, жалпыхалықтық қолданысқа түседі. Мәтін мазмұнын жеткізу үшін баяншы түрлі тәсілді қолданады. Тілдік тұлға ойын дұрыс жеткізу үшін сол қоғамда нормаға айналған (қалыптанған) ережелерге сүйенуіне тура келеді. Сонда ғана баяншы мен қабылдаушының арасындағы түсіністікке қол жеткізуге болады. «Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), д а с т ұ р л і л і к, көпшілікке біршама о р т а қ т ы қ белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі. Сөйтіп, ж ү й е л і л і к, р е т т і л і к болып танылатын норма – тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын т і л д і к, ә л е у м е т т і к категория. Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс» [6, 37].

Пунктуация мәтінді белгілі бір бөліктерге жіктеп, мағынаны жеткізу үшін қажетті құрал ретінде тілдің графикалық жүйесіне енді. Пунктуация ақпараттың вербалды бөлігімен бірге қолданыла отырып, өзіндік ақпарат жеткізе алады. Мысалы: *Жаным-ау, мына Құдайдың күні қайтеді? Тағы боран! Әлі, әлі боран! Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау сорлыны!* – деп уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап Базаралы ойлана қалды (М.Әуезов, Шығ.). – *Тоқтатпашы көшті, тоқтатпа!.. Әй-й, салды балақ сасық күң-ай! Сенің шашыңды жұлмасам ба!* – деп ойбай салды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Берілген мысалдарда тыныс белгілер кейіпкердің мінезін, күйзелісін, болмысын аша түсуде өзіндік қызмет атқарып тұр. Тыныс белгі болмаса не дұрыс қойылмаса, мәтінді түсіну де қиынға соғар еді.

Тыныс белгілердің қызметі мәтінде айқын көрінеді. Себебі мәнмәтіннен, мәтін синтагматикасынан тыс тыныс белгінің ерекшелігін айқындау мүмкін емес. Тыныс белгілер мәтіннің дұрыс жеткізілу, дұрыс қабылдануы үшін қызмет етеді. Мысалы: *Көкшетаудың табиғаты қандай еді* деген сөйлемнің соңына леп белгісі не сұрақ белгісінің қойылуы сөйлемнің мағынасын түрліше ұғынуға негіз болады. Сұрақ белгісі қойылса, нақты сұрақ, яғни Көкшетаудың табиғаты туралы сұрау түрінде болса, леп белгісі қойылған жағдайда Көкшетаудың табиғатын еске алып, сүйсіну, табиғаттың көркемдігіне тәнті болу мәнінде ұғынылады. Ешқандай тыныс белгі қойылмаған жағдайда сөйлемнің мағынасын айыру қиынға соғады. Сондықтан тыныс белгілер мәтінтүзуші қызмет атқарады деп айтуға толық негіз бар. Себебі тыныс белгі стильтүзуші құрал ретінде автордың өз ойын дұрыс жеткізуіне, оқырманға әсерлі болуына қызмет етеді. Яғни тыныс белгілер автордың коммуникативті діттеміне сәйкес тілдің өзіндік заңдылықтары бойынша қолданылатын жүйелі түзілім. Тыныс белгілердің жалпы қызметі – коммуникативті міндетті өтеу, нақты қызметі белгілі бір сөйлеу әрекетінде көрініс табады.



1.Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. -3том-том.Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Елшежіре, 2014. -10-б.

2.Гамкрелидзе Т.В. Сравнительно-историческое изучения языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. - М., 1988. - С. 8

3.Тіл әлемі. Мақалалар,зерттеулер. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.

4.Падучева Е.В. Говорящий как наблюдатель: об одной возможности применения лингвистики в поэтике // Известия РАН. – Серия литературы и языка. -1993 – № 3. – С.33-44.

5.Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Дайкпресс, 2014. – 392 б.

6.Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. -3том-том.Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Елшежіре, 2014. – 290 б.

*Есіркепова Г.Е.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дің аға оқытушысы, ф.ғ.к.,*

*Сүлеймен Д.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

*2-курс магистранты*

### **Түркіше «Гүлстан» дастанындағы эпитет пен тенеулер**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» дастанындағы эпитет пен тенеу – көркемдегіш құралдарға мысалдар келтіріледі. Дастандағы қолданыстардың ерекшеліктері сараланады. Әсіресе, ақынның эпитет пен тенеулерді пайдаланудағы шеберлігі талқыланады. Қажым Жұмалиев пен Зейнолла Қабдолов сынды әдебиетші-ғалымдардың эпитет (айқындау) пен тенеуге қатысты тұжырымдарына дастаннан мысалдар келтіріледі. Сәйф Сарайи дастанында кездесетін эпитет пен тенеулердің берілу тәсілі де қарастырылады. Әр түрлі тақырыптар қамтылған «Гүлстан би-т-түрки» дастанында кездесетін тенеулердің кейіпкердің ішкі жан дүниесін, мінезін және өзгелермен қарым-қатынасын ашу мақсатында қолданылғаны мысалдармен көрсетіледі. Шығыс әдебиетіне тән кейбір бейнелі сөздердің көркемдегіш құралдар арқылы хикаятта ерекше мазмұнға ие болып тұрғаны сараланады.

**Түйін сөздер:** Сәйф Сарайи, «Гүлстан би-т-түрки» дастаны, эпитет, тенеу

**Аннотация.** В этой статье рассматривается употребление сравнения, эпитета в поэме Сайфа Сарайи «Гулистан би-т-турки» и его роль в усилении значимости текста. А также анализируются особенности использования слов в поэме «Гулистан би-т-турки». В статье рассматривается умение поэта использовать сравнения и эпитетов с художественной точки зрения. В статье по сравнению и эпитетов приведены примеры по выводам писателей-ученых Кажыма Жумалиева и Зейноллы Кабдолова. Были проанализированы некоторые особенности перевода поэмы. Особенно рассматривается художественные особенности навыков перевода. Анализируются сравнения в целях раскрытия внутреннего мира, характера и отношения героя с окружающими на конкретных примерах. В статье рассматривается троп и фигура, которые принадлежат к Восточной литературе и играют огромную роль в поэме «Гулистан би-т-турки».

**Ключевые слова:** Сайф Сарайи, поэма «Гулистан би-т-турки», эпитет, сравнение.

**Abstract.** In this article considered using method of epithet and comparisons, which gives strength to content of poem «Gulistan bi-t-turki». Some features of translation are

analyzed. Especially, art features of translation are given by new materials. The artistic point of view, the content of the comparisons to discuss the use of the method of the poet's skill. At the same time, in literary examples for epithet and comparison taken by thoughts of scientists such as by Kazhym Zhumaliev and ZeinollaKabdollov, the conclusions of the scientists also analyzed. In Seyf-i Sarayi's poem the way of epithets and issue of it will be considered. Also given some examples about the good and bad qualities which are given in work. A variety of topics covered by the "Gulistan bi-t-turki".

**Keywords:** Sayf-i Sarayi, poem «Gulistanbi-t-turki», epithet, compariso

Орта ғасыр әдебиеті Шығыс әдебиетінің бар асылын келесі ғасырға жеткізіп тұрған көпір іспеттес көркем туындылардың мазмұны терең. Барша түркі халықтарына ортақ әдеби кезеңге Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгінеки, Сәйф Сарайи және т.б. ақын-ғұламаларды жатқызамыз. Бұл дана ғалымдардың тек түркі әлемі ғана емес, барша әлем жұртына тигізген еңбектері ерен. Сондай бір құнды еңбектің бірі – Сәйф Сарайидың «Гүлстан би-т-түрки(Түркіше Гүлстан)» дастаны.

Дастанды ақын шығыс әдебиетінің атақты ақыны Сағди Ширазидан аударып, назирагөйлік дәстүрмен бізге қайта жырлап жеткізді. Сегіз баптан тұратын дастанда адам бойында болуы керек бүкіл игі қасиеттердің бәріне мысалдар келтірілген. Шайыр дастанда оқырманға әсерлі болуы үшін және сөз құдыретін арттыру мақсатында әдебиеттегі көркемдегіш құралдарды мейлінше орынды пайдалануға тырысқан. Ақынның бұл шеберлігі сәтті шықты. Мысалы, «Патшалар туралы» деген дастанның бірінші бабындағы он үшінші хикаятта теңеу тәсілі былай қолданылған:

«Дүниеде маған бұл сәттен тамаша сәт жоқ,

Рақатта өзім, көңілде *зәредей* қайғы жоқ» [ 1, 21].

«Теңеу – құбылысты басқа нәрселермен салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы – мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді. Нені және немен салыстырғаны анық болады» [ 2, 323]. Ақын «*зәредей*» деп қолдану арқылы қайғының деңгейін ғана көрсетіп қоймағандығын, сөздің экспрессивтік қызметін көрсетіп тұрғандығын байқай аламыз.

Баптың жиырма сегізінші хикаятында ұстазын басып озбақ болған шәкірт туралы сөз етіледі. Ұстазын сыйламай шаршы алаңға өзімшілдік танытып шығуын ақын пілге теңеп былай көрсеткен: «Мемлекет қайраткерлері, әмірлер мен уәзірлер, ақсүйектер мен мырзалар келді. Жігіт есірік піл сияқты аренаға шығып: «Темірден тау болса да жерінен қопарғаймын», – деп дандайсыды.» [1, 33]. Жігіт ұстазынан жеңіліп қалады. Себебі ұстазы оған үш жүз алпыс түрлі күрес тәсілінен тек үш жүз елу тоғызын ғана үйретеді. Келесі хикаятта патша дәруішпен пікір алмасып отырып, байлықтың тұрақсыздығын мойындайды:

«Бүгін бар қолыңда байлық пенен патшалық,

Қолдан-қолға жүрер ол дәреже мен дәулет.

Құмырсқа жанын азар қылма,

*Сүлеймендей* қолыңда болса қуат». [ 1, 34].

Келесі мысалда да -дай, -дей жұрнақтары арқылы жасалынған бірнеше сөздермен тіркесіп келген теңеу түрін көре аламыз: «Бірде кешке қарай бір топ адамдардың ортасына түстім. Ішінде абыржыған жүзді әнші бар екен. Тамағын кенеп, отырған жұрттың *жүйкесіне тиетіндей* қарлығыңқы үнмен жырлай бастады.

**Өлең**

Әнші әнді айта бастады,

*Әкесінің қабірінде жылағандай.*

Тыңдағандар оған айтар: «Жетер, тоқтат», - деп,

Қолдарымен құлақтарын тұтып бек.» [1, 47].

Өмірдің өткінші екенін отыз бірінші хикаятта былай береді:

«Сахара желі сияқты өмір кешті (өтті),  
Қайғы жәбірін де, қуаныш ләззатын да кешті.  
Қатал (азаптаушы) ойлайды бізге жапа қылдым деп,  
(Шын мәнінде) жапасы бізден өтті де, оған (мәңгі) қалды.  
Ол патшаға мұның насихаты ұнады да, азат етті.» [ 1, 34].

Үзіндіденбайқап отырғанымыздай ақын өмір «Сахара желі сияқты» деп «сияқты» сөзі арқылы жасалған қолданыс туғызып отыр. Секілді, сияқты, тақылеттес, іспеттес, бейне, құдды т.б. сөздердің тіркесуі арқылы да теңеу жасалады. Төмендегі мысалдар да осындай жолмен жасалған:

«Таң мезгілінде ол діндарға бұлбұл,  
Бұл нақылды адам сияқты оқыр.  
Кімді көрсең, бәрі оған мадақ айтып,  
Бар ынтасымен оның рахматын тілер.  
Гүл де, бұлбұл сияқты, мадақ айтар, біл,  
Болып әрбір тікені - мадағына тіл.» [ 1, 50].  
«Болмаса ет қайғырмас, ей, эзиз ер, дастарқанда,  
Жүгері наны *ет сияқты* жаяу, аш әрі шаршаған жарлығы.» [ 1, 55].  
«Кім жесе аш болып құрғақ нан,  
Қарынында (асқазанында) *шекер сияқты* отырар (сінер).» [ 1, 65].  
«Оның азығы жоқ болса, көгерген  
Құрғақ нан тауып, *шекер сияқты* жер.» [ 1, 69].  
«Қай жерге барса да ғалым онда  
Білер бағасын таза *ғауһар сияқты*.  
Жат жерде тентіреп жүрсе надан бек баласы,  
Сөзсіз не делдал, не жүк тасушы болар.» [ 1, 75].  
«Гүлдүр бұл Сарайи Сәйф алайда,  
Дұшпан көзіне тікен көрінер.  
*Жарғанаттың жарықты сүймейтіні сияқты*,  
Күншіл білім иесін сүймес.» [ 1, 80].

«Біреудің көңілі (жүрегі) қолынан кетіп, жанын тәрк етіп, назары опат орнына түсіп тұрар еді. Аузы тағамнан, көзі ұйқыдан кесіліп, күндіз - сабыр, түнде қарар қылмады. Бейне бір *тұзаққа түскен құс сияқты* еді.» [ 1, 80].

«Жігіттік шағымда біреумен достастым. Достығымыз сондай-бір *қабық ішіндегі екі бадам сияқты* едік.» [ 1, 82].

«Жаным оған байлаулы еді. Өйткені мінезі жақсы, үні жағымды, *жаңа туған ай сияқты* сыртқы келбеті де әсем еді.

#### **Өлең**

Кім көріпті бұл сияқты сұлуды,  
Сұлудық ішінде күн сияқты мәшһүр.  
Денесі - ақжұпар (жасмин), *періште келбетті* сүйікті,  
Ол жүзі ай еді, жаһан жаны.» [ 1, 88].

Сөз өнерінің ғылымы туралы «Әдебиеттанымдық» еңбегінде А. Байтұрсынұлы теңеуге қатысты тұжырымдарын былайша берген: «Көріктеу, нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанымен, нәрсенің бернесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [ 3, 25].

Ғалым теңеуді екі түрге бөлген: 1) әншейін теңеу, 2) әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу – әдетті теңеу болады. Мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сияқты сөздер, – дейді [3, 27 б.]. Мысалы, «Адамгершілік және қанағат туралы» дастанның үшінші бабының жиырма жетінші хикаятында Ахмет Байтұрсынұлы айтқан әдейі теңеу түрін көре аламыз: «Төртіншіден, Дәуіттің» даусындай ұшар құсты, ағар суды тоқта-

татын әсем үнді болу керек. Ол бұл қасиетпен халайықтың көңілін жаулай білгей.» [1, 76].

Қ.Жұмалиев те өз еңбегінде теңеудің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған - тай (-тей), - дай (-дей), -ша (-ше), және – дайын (-дейін) жұрнақтары арқылы жасалатындығын анықтай түсіп, - тай (-тей), - дай (-дей) сөзге жұрнақ ретінде жалғанса ғана теңеулік мағына беретіндігін, ал көсемше етістік боп келген жерлерде теңеулік мағына бермейтіндігін ескерткен. Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

«Ей, сыртынан тақуалықпен безенген,  
Ішінде *зәредей* жоқ тақуалық пейілі.  
Қолында бар болса (билік) көрсет еліңді,  
Жоқ болса, не керек бос мақтан.» [1, 61].  
«Мені сен сол *құмырсқадай* жақын біл,  
Жол үстінде оны жаншып өтер піл.  
Мен жұртқа зақым келтіретін сона емеспін,  
Кедейлік патшалығында ескерілетін болармын.  
Бұл нығмет шүкірін қылсам керек көп,  
Кісі көңілін қалдыратын әдетім жоқ.» [1, 63].

«Ол бір араб данышпанынан: «Бір күнде қанша тамақ жеу керек?» – деп сұрады. «*Жүз дирхам (грек ақшасы) ауырлығындай* болса, жеткілікті», – деп жауап берді. «Ол қаншалықты қуат береді?» – деді. «Осындай мөлшерде жесең, тамақ сені көтереді де, бұдан артық жесең, саған тамақты көтеруге тура келеді», – деді. Яғни ақылды өмір сүру үшін тамақ жесе, надан тамақ жеу үшін өмір сүреді.» [1, 64].

«Алайда мейірімді де рақымды Тәңірінің шапағатымен біраз уақыттан соң қайта оралды. Дәуіттің даусындай әсем даусы өзгеріп, *Жүсіптің жамалындай* жамалы солғын тартқан. Жүп-жұмыр иегіне алхоры тозы отырып, сұлулық базарының сәні кеткен. «Қарсы келіп көріседі» деп дәмеленді. Бірақ көріспей былай дедім:

#### **Өлең**

Солды *қызыл гүл сияқты* бетің, ей, сұлу,  
Сұлулығыңның жарқын кездері өтті-кетті.  
Үкімінді тыңдар еді сұлтаны Шын,  
Енді бүгін сөзіңді тыңдамас шыбын.» [1, 89].

«Бір ғалымнан: «*Ай жүзді* сұлумен біреу оңаша отырса. Есік байлаулы (бекітулі). Аңсары ауып, нәпсісі бойын билеп алған. «Құрма пісті, ал күзетші кедергі келтірмейді» деп *арабтар айтқандай*. Ол біреу ұстамдылық қуатымен осы жағдайдан саламат құтыла ала ма?» – деп сұрады. «Егер ол ай жүзіден саламат құтыла білсе де, күншілдердің өсегінен құтыла білмес», – деді.» [1, 89].

«Тілегім сол – қолыма бұрымының ұшы түскей,  
*Жомарттың жеңінен кедейдің қолына дирхам түскендей.*» [1, 89].

«*Темірденарқасы бар таразыдай* (болса да) ол ер,  
Алтынды көріп, басын иіп, өбер жер.» [1, 96].  
«Сені *тоты сияқты* шекерменен тамақтандырып,  
Жан-тәніммен қызмет етуге дайынмын.  
Күшім жеткенінше көңіліңді аулайын,  
Неше жәбір көрсетсең де дәйім шыдайын.» [1, 99].

А. Байтұрсынұлы айтқан тұжырымды «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде белгілі ғалым Қажым Жұмалиев те нақтылай түскен болатын. Ғалым тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттерді айтуға болады деген. Төмендегі мысалдарға қарай отырып, бұл эпитеттер өзге де Орта ғасыр шайырларының шығармаларында кездесетінін байқаймыз. Бұдан бұл эпитеттердің сол дәуірде тұрақты эпитет болған деп тұжырым шығара аламыз.

«Ол кезде мен бірнеше достарыммен қажылық сапарда болып, Меккеге зиярат қылып келгенімде, ол досым екі күндік жерден келіп, қарсы алды. Түрі аянышты.

Жүрегі қайғы отында жапа шеккен. «Бұл не жағдай?» – деп сұрадым. «Сен айтқандай болды. Бірнеше дұшпандар мені опасыз деп айыптады. Патша да істің мәнін анықтап жатпай-ақ, зынданға тастауды бұйырды. Ол күні эвиз достар, ескі таныстар шындықты ашып айтпай үнсіз қалды.» [ 1, 25].

«Қараның ол уақытта құмарлық сезімі бойын билеп, нәпсісі жеңді. Мың мейіріммен махаббат мәрін ашты.» [ 1, 38].

Қорыта келгенде, Сәйф ақынның «Түркіше Гүлстан» дастанындағы эпитет пен теңеулер оқырман назарын сол мәселеген аудару мақсатында қолданған деп тұжырым шығара аламыз. Ақынның бейнені дәл бере білуі – оның «сөз патшасының» хас шебері екенін дәлелдей түседі. Бұдан да бөлек көркемдегіш құралдардың барына күмән келтіре алмаймыз. Себебі қаншама ғасыр өтсе де, өзінің мазмұны тұрғысынан құндылығын, көркемдігін жоғалта қоймағандығы анық.

### Әдебиет

1. Әдеби жәдігерлер: 20 томдық. - Алматы: Таймас, 2010 - .Т.9 : Сәйф Сарайи. Гүлстан би-т-түрки / құраст. Ә. Керімұлы. - 480 б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.

3. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 243 б.

**Жалалова А. М.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, PhD докторант*

**Мехмет Өлмес**

*Йылдыз техникалық университеті, ф.э.д., проф.*

*Стамбул, Түркия*

### Интонация – дискурстың лингвистикалық мәнін анықтайтын көрсеткіш

**Түйіндеме:** Мақалада қазіргі кезде қазақ лингвистикасында беріліп жүрген *дискурс* ұғымының әртүрлі анықтамалары мен дискурс талдау бағытының мәселері, оның интонацияға қатысымы сөз болады. Дискурсқа қатысты мәтінді дискурс деп танушылар, дискурстың жағдаятқа бағытталуы оның лингвистикадағы орнын анықтауға негіз болып отыр. Прагмалингвистика тұрғысынан *дискурс* деп сөйленімге қатысушылардың интерактивті арақатысымы, бір-біріне тигізетін ықпалы, ақпарат алысу, әртүрлі коммуникативтік стратегиялар, олардың сөйленімдегі вербалды және бейвербалды көріністерін айтамыз. М.Л. Макаровтың тұжырымында: «отличительными чертами дискурса являются его связность (когерентность), а также метакоммуникативная самоорганизация» [1]. Дискурстың тілдік – коммуникативтік және құрылымдық – мәтіншілік тәсілдері де қарастырылады. Бірінші тәсіл шеңберінде дискурс күрделі тілдік – коммуникативтік құбылыс ретінде, ал екінші тәсіл аясында дискурстың мәтін түзудегі акцент мәселесі айқындалады.

**Тірек сөздер:** дискурс, интонация, сөз ағымының мүшеленуі, прагмалингвистика, мәтін.

**Аннотация:** В статье обсуждаются разные понятия и направления исследования *дискурса*, и его связь с интонацией в современной казахской лингвистике. Дискурс, понимаемый как текст, погруженный в ситуацию общения, допускает множество измерений. С позиций прагмалингвистики *дискурс* представляет собой интерактивную деятельность участников общения, обмен информацией, оказание воздействия друг на друга, использование различных коммуникативных стратегий, их вербальное и невербальное воплощение в практике общения. Как отмечает М.Л. Макаров: «отли-

чительными чертами дискурса являются его связность (когерентность), а также метакоммуникативная самоорганизация» [1]. А также говорится о двух подходах к пониманию дискурса: коммуникативно-речевой и структурно-текстовый. В рамках первого подхода анализируется дискурс как сложное коммуникативно - речевое явление. Второй подход переносит акцент на процессы текстообразования.

**Ключевые слова:** дискурс, интонация, членение речевого потока, прагмалингвистика, текст.

**Abstract:** The article deals with the various notion of *discourse*, its relation to intonation and directions of researches in the modern Kazakh linguistics. The discourse, understood as a text, immersed in a situation of communication, permitted for multiple measurements. From the viewpoint of pragmalinguistics *discourse* is an interactive activity of communication participants, information exchange, influence to each other, the use of different communication strategies, their verbal and non-verbal communication embodied in practice. According to M.L. Makarov: "hallmarks of discourse are its coherence and metacommunicative self-organization" [1]. There are specified two lines of approach for the understanding of discourse, the communicative-linguistic and text-structural ones. Within the first approach discourse is analyzed as a complex communicative event. The second approach is connected with text formation processes.

**Keywords:** discourse, intonation, division of speech flow, pragmalinguistics, text.

Дискурс деп белгілі бір коммуникативтік жағдайда екі немесе одан да көп коммуниканттардың ауызша немесе жазбаша түрдегі тілдік қары-қатынасын айтамыз. Оның нәтижесі мәтін немесе бір тақырыпқа құрылған мәтіндер жиынтығынан көрінеді. Дискурс арқылы адамның әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, адамды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу оның коммуникация кезіндегі тілдік қатынастарын жаңа қырынан көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік жағдай мен психологиялық факторлардың адамдардың арақатысымындағы рөлін бағалауға да мүмкіндік береді [2].

Дискурстың негізгі нысаны тіл бола тұрса да, ол тілден басқа контексті де қамтиды. Мысалы: кім - кіммен, неге, қандай жағдайда, қай жерде, не мақсатпен коммуникативтік акт жүзеге асады және олардың бір-біріне арақатысымы қалай? Бұл сұраққа: «Дискурстың тіл мен сөйлеу құрылымынан өзгеше өзіндік құрылымы бар, соған сай өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл «*тіл – сөз – дискурс*» ұштағанында көрінеді. Бұл байланысты тарқатып айтсақ, тіл бір халықтың не ұлттың сөйлеу әрекетінде қолданылады, ал одан мәтін туындап, ол коммуникативтік жағдаятта нақты сұранысты қанағаттандыру қабілетіне ие болып, дискурсты түзеді. Олай болса мәтін тілде сақталып, дискурста өмір сүреді», – деген жауап дұрыс болар деп ойлаймыз [3].

XXI ғасырдың басында кең өріс алған дискурс терминінің қазақ тіл біліміндегі алатын орны жайлы Ж.М.Кеншінбаеваның: «...оқырман тарапынан ешбір қолданысқа түспей, тек қағаз бетіндегі графикалық нұсқа қалпындағы қандай болмасын жазушының туындысы аяқталған мәтін ғана болып есептелсе, ал оның оқушы арқылы қабылдануы өз бойына біртұтас, бүтін, аяқталған мағына сипатын меншіктеген тілдік бірлік құрайды. Тілдің мұндай бірліктері соңғы ширек ғасыр шамасында *дискурс* аталып жүр. Бұл ұғым алғашында бір-бірімен тығыз байланыстағы сөйлемдер, не сөйлеу актілерінің тізбегі болып түсінілсе, ал қазіргі таң ұстанымдарына назар аударсақ, онда ол – мәтін және онымен қатар мәтінді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторларды (адресаттың ақиқат туралы білім қоры, ол жөнінде оның пікірі мен мақсат-бағдары) қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс», – деген анықтама береді [4]. Г.Г.Бүркітбаева дискурсты - мәтін, интеракцияға қатысушылар, коммуникативтік жағдаят бірлігі деп түсіндіреді [5]. З.Ерназарова *дискурс* – ұғымдар мен байымдаулар, сөйлеу актілері арасындағы мағыналық байланыстарды анықтайды деген тұжырымға тоқталады [3].

Дискурс тілмен, сөйленіммен тығыз байланысты болғандықтан оның тіл білімінде лингвистикалық рөлі зор. Өйткені дискурс шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті. Дискурс – адамға тән әрекеттің бір түрі [3].

Дискурс – адамға тән әрекет болса, ол коммуникативтік ортада коммуникацияға қатысушылар, яғни прагмалингвистика тұрғысынан сөйленімге қатысушылардың интерактивті арақатысымы, әртүрлі коммуникативтік стратегиялар арқылы бір-біріне ықпалы етуі, ақпарат алысуы, дискурстың белгілі бір уақыт аралығында орын алатын шынайы өмірдегі жағдаятқа байланысты өрбуі, коммуникацияға қатысушылардың арасында белгілі бір сөз актісінің түзілуіне алып келетіні белгілі. Ал кез келген сөйлеу актісінде интонацияның орны ерекше. Олай болса, дискурсты қолданыстағы мәтін не диалог деп қарастырсақ, интонацияны сол дискурсты көркемдеуші құрал деп есептеуге толық негіз бар. Интонацияның дискурстағы көрінісі дискурстың мағыналық топтарға, яғни синтагмаларға жіктелуіне байланысты көрініс табады. Мысалы, М.Әуезовтың «Абай жолы» шығармасынан алынған **Шыңғысты былай қойып, тақ осы Сүйіндік қыстауы Түйеөркештің қасында тұрған «Хан» биігін, онан соң Мамай қыстайтын анау «Орда» деген таудың бәрін де шешті** сөйлемін айтушының не оқырманның сөйлемді мағыналық (синтагмалық) топтарға қалай бөлуіне байланысты бірнеше түрде беруге болады.

1. *Шыңғысты былай қойып, // тақ осы Сүйіндік қыстауы // Түйеөркештің қасында тұрған // «Хан» биігін, // онан соң // Мамай қыстайтын анау «Орда» деген таудың // бәрін де шешті . ///*

2. *Шыңғысты былай қойып, // тақ осы // Сүйіндік қыстауы // Түйеөркештің қасында тұрған // «Хан» биігін, // онан соң // Мамай қыстайтын // анау «Орда» деген таудың // бәрін де шешті . ///*

3. *Шыңғысты былай қойып, // тақ осы // Сүйіндік қыстауы // Түйеөркештің қасында тұрған // «Хан» биігін, // онан соң // Мамай қыстайтын // анау // «Орда» деген таудың // бәрін де шешті . ///*

Интонацияның дискурспен байланысы сөйлемнің актуалды мүшеленуінде де көрініс табады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қолданысқа енген сөйлемді актуалды мүшелерге бөлудің *тема* және *рема* терминдері Г.Амман мен К.Боостың еңбектерінен бастау алды. Сөйлемді актуалды мүшелерге бөлу мәселесінің тіл жүйесінде алатын орны ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Бұл мәселені терең зерттеген И.П.Распопов тілдің құрылымдық-синтаксистік және коммуникативтік-синтаксистік деңгейлерін айқындап, сөйлемнің *актуалды мүшеленуін* коммуникативтік-синтаксистік деңгейге жатқызады [6]. Қазіргі кезде тілтанымызда зерттеліп жүрген “сөйлемнің актуалды мүшеленуі” және оның екі термині *тема* мен *рема* табиғатын айқындау мәселесі әлі де жан-жақты зерттелуде .

Қазақ тіл білімінде сөйлемді актуалды мүшелерге (*тема* мен *рема*) бөлу мәселесі 1985 жылы Х.М.Есеновтің «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар» атты зерттеу жұмысынан бастау алып, жоғары оқу орындарында қолданысқа ене бастады [6].

Коммуникативтік жағдаят кезінде белгілі бір жағдайды нақтылау мақсатында бір сөйлемге әр түрлі сұрақ қою арқылы да сөйлемнің актуалды мүшелену мәселесін қарастырып көруге болады. Мысалы: *Алпамыс мектепке барады* деген сөйлем арқылы оның актуалды мүшеленуін қарастырып көрейік.

Берілген мысалымыздағы адресант тарапынан айтылған (**Алпамыс мектепке барады**), адресат тарапынан қабылданған ақпаратты анықтауға:

1. *Алпамыс мектепке бара ма?*

2. *Алпамыс мектепке қашан барады?*

3. *Алпамыс қайда барады?*

4. *Мектепке кім барады?*

5. Мектепке Алпамыс бара ма, әлде басқа біреу бара ма? секілді бірнеше сұрақтар қою арқылы сөйлемнің актуалды мүшелену мәселесі адресатқа ақпараттың дұрыс жетуін пысықтап тұр.

Жалпы тіл білімінде сөйлемнің актуалды мүшеленуі, тема мен ремаға бөлудің негізінде *логикалық субъект* немесе *психологиялық субъект* пен *логикалық предикатқа* бөліну жатыр.

Бұл мәселе XIX ғасырда Г.фон дер Габеленц (1891), Г.Пауль (1960), Ф.Ф.Фортуна-тов (1957) еңбектерінде, ал оның синтаксиспен байланысы А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов еңбектерінде баяндалады.

Жалпы тіл білімінде ғалымдардың басым көпшілігі (Сиротинина 1980, Багмут 1978, Николаева 1982, Пыж 1981, Розанова 1983) сөйлемнің актуалды мүшеленуінің негізгі құралы *интонация* деп есептейді. Сөйлемнің рема компоненті барлық уақытта ерекше таңбаланып және акценттеліп, бөлініп тұрады [6]. Мысалымызда М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді келтірдік.

1. Жас қонақ // *Шыңғыс хан* жайында // өзі білген, //есіткен әңгімелерін айтып кеп, // ақырында // өз көңіліндегі // біраз долбарды қосып: //

2. –Тауының *«Шыңғыс»*, // биігінің «хан» аталғаны содан. /// 3. және // сонау бір-бөлектауы // «Орда» аталғаны да сол. /// 4. *Шыңғысханның* мекенеткен // қонысые-кенінпашетеді. /// 5. *Қарауыл*демек те // солкезденқалған // атемеспеекен? // – деп-тоқтады. ///

$T1$  (жас қонақ) →  $P1$  (*Шыңғыс хан*) ( $P1 + P1 + P1 + P1+P1$ )

↓  
 $T2$  (Тау) →  $P2$  (*Шыңғыс*) ( $P2 + P2$ )

↓  
 $T3$  (Тау) →  $P3$  (*Орда*) ( $P3$ )

↓  
 $(T4)$  (*Шыңғыс ханның*) →  $P2$  ( $P2 + P2$ )

$T5$  (*Қарауыл*) →  $P2$  ( $P5 + P5 + P3$ )

Берілген дискурстың кескіні ауызекі диалогта нқұралған. Бірінші күрделі фразалық тұтастықтықта көрініс тапқан *Шыңғыс хан* ремасы ( $P1$ ) гипертемаға ұласып, микромәтін ретінде жалпы теманың өрбуіне себеп болып тұр.

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде интонацияның дамуы мен қалыптасуы, тілде өріс алып отырған интонациялық зерттеулердің дискурспен байланысы оның дамуының тамыры тереңде жатқанын көрсетіп отыр. Жалпы ғалымдардың дискурс, интонация ұғымдарын әртүрлі саралауына қарамастан, олардың жасаған ой-тұжырымдары бірін-бірі толықтырып, дискурстық және интонациялық талдаулардың маңыздылығын айқындай түседі деген ойдамыз.

## Әдебиет

1. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. -202с.
2. Бүркітбаева Г. Деловой дискурс: онтология, интеракция и жанры. Алматы, 2005. Дисс. докт. наук. -321с.
3. Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Монография. Ақтөбе, 2008.- 428б.
4. Кеншінбаева Ж.М. Қазақ мәтінінің семантика – интонациялық мүшеленуі. Экспериментті - фонетикалық зерттеу. Фил. ғ. канд. дисс. 2005. - 149б .
5. Бүркітбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие. Алматы: Дайк –Пресс, 2006. -379с.
6. Базарбаева З.М. Қазақтілі: Интонология. Фонология. Алматы: «Жібекжолы». 2008. - 324б.



## **Автоматты түрде омонимдерді ажыратудың ұстанымдары**

Омоним дегеніміз түрлі себептермен дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер екендігі белгілі. Көпмағыналы сөздер омонимдердің барлық түрімен емес, бір ғана түрімен тығыз байланысты. Тілдің даму барысында сөздің мағысында түрлі өзгерістер болып жатады. Сөз семантикалық жақтан үздіксіз дами келе, мағыналық шеңберін кеңейтіп, әр мағына бір-бірінен өзара алшақтай бастайды. Бара-бара ондай мағыналардың бір негізден шыққандығы мүлдем ұмытылып, тұлғасы бірдей, бірақ мағынасы үйлеспейтін омоним сөздер пайда болады. Міне, осындай шығу тегі, жасалу тұрғысынан полисемия құбылысымен белгілі бір байланысы бар омонимдер ғана көпмағыналы сөздермен өзара ұштасып, бір-бірімен ажыратып бөлуге келгенде қиындық тудырады. Мәселен, малдың көктемде қыркылатын (не түсетін) жүнін қазақ *жабағы дейді*. Сонымен қатар алты айдан асып, қысқа іліккен құлынды да *жабағы* деп атаған. Осылардың шығу тегін іздесек, сөз жоқ, белгілі бір ұқсастықты табуға болады. Алайда мұндай байланыс қазіргі кезде әбден алшақтап жоғалған, ұмытылған. Бұлардың бір негізден таралғандығы жай көзге қазір байқалмайды. Сондықтан мұндай сөздерді көпмағыналы сөздер тобынан шығарып, омонимдер тобына қосып жүр.

Тіл білімінде полисемантизмді омонимдерден ажыратудың бірден-бір жолы деп мағыналық байланыстың сақталуы мен сақталмауы негізгі тірек болып саналады. Егер мағыналардың арасында семантикалық байланыс мүлде үзілмей, қалай да сезіліп тұрса, онда мұндай мағыналар бір сөздің әр түрлі мағынасы ретінде қаралып, көпмағыналы сөз деп танылады. Ал егер мағыналардың арасындағы семантикалық байланыс біржола үзіліп, әр мағына өзінше дараланып, бір-бірінен ажыраған болса, ондай сөздер омонимдес сөздер деп қаралады. Кейде бір адамның омоним деп таныған жеке бір сөз екінші біреуге омоним болып көрінбейді де, іс жүзіне келгенде әртүрлі талас пікірлер туып жатады. Сөздің мағынасына қарап, бірде омоним немесе бірде көпмағыналы сөз деп танудың өзі кейбір күрделі сөздің бірде бөлек, бірде бірге жазылғаны сияқты шартты ұғым. Қазақ тілінің түрлі сөздіктерінде болсын, сонымен қатар кейбір зерттеушілер еңбектерінде де *ай* деген сөз бірде омоним, бірде көпмағыналы сөз ретінде қаралып, түрліше түсіндіріліп келеді. Демек, бұл сөздің мағыналарының әлі күнге дейін тиянақталмағандығын байқатады.

Омонимдер мәселесі оларды көпмағыналы сөздерден ажыратуда ғана емес, тілдік корпустарда мәтінге автоматты жолмен морфологиялық талдау жасауда да қиындық тудырады. Орыс тілінің ұлттық корпустарын жасау бойынша омонимдерді ажырату мәселесінде арнайы бағдарламалар да жасалған. Корпус мамандарының айтуынша, бұл бағдарламаның 90/98 пайызға дейін омонимдерді дұрыс ажырата алады. Бұл негізінен сөз таптарына қатысты омонимдер, яғни лексикалық омонимдер, яғни бір сөз табына немесе әр сөз табына жататын сөздердің омонимдес келуі.

Омонимдерді ажырату тәжірибесі бойынша бұл мәселе әртүрлі көлемдегі мәтіндер, яғни әртүрлі көлемдегі сөзқолданыстар бойынша эксперименттік тәсілмен жасалып отырған. Автоматты түрде омонимдерді ажырату нәтижелері сол бір мәтінге қолмен ажыратылған белгіленімдермен салыстырылып отырған. Сондықтан омонимдерді ажыратуда ықтималдықтар заңдылығы басшылыққа алынған. Демек, омонимдер негізінен семантикалық ерекшеліктерге бағынатындықтан, оларды жүз пайызға формальді белгілері бойынша айқындау қиын.

Автоматты жолмен морфологиялық талдау жасайтын бағдарламаларға омонимдерді ажырату үшін де арнайы омонимдерді танудың формальді белгілері бойынша алгоритмдер құрастырылған, олар тілдегі сөздердің синтагматикалық байланысына негізделген. Яғни омонимдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтауда ол сөздің қоршаулары (дистрибуциясы) бойынша ережелер жасалған. Ол ережелер алгоритмге салынған. Мұны омонимдерді ажыратудың ережеге салынған (детерминирленген) формасы дейді.

Морфологиялық белгіленім қоюда сөздердің сөз табына қатысы негізге алына-тындықтан, омонимдерді ажыратуда да ол омоним сөздің сөз табына қатысын анықтау, яғни омоним сөздің сөз табына қатысын белгілеу мақсат етіледі. Бұл ретте сөйлемдегі омоним сөздің мына белгілері негізге алынады:

- а) сөздің сөйлемдегі орын тәртібі, яғни орны;
- ә) сөздің қоршаудағы тіркесімділігі (дистрибуциясы);
- б) сөзге жалғанатын сөзтүрлендіруші тұлға (қосымша);
- в) сөздің соңында немесе алдында тұрған тыныс белгісі.

Осы белгілердің әрқайсысы бойынша талдау жасап көрейік.

Қазақ тілінде бастауыш көбінесе сөйлем басында және ортасында келеді. Ал баяндауыш өлеңдерде болмаса, негізінен сөйлем соңынан келеді. Сол сияқты сын есім көбінесе зат есімнің алдында тұрады. Ал мезгіл үстеулер көбінесе сөйлем басында тұрады. Басқа да сөз таптарының сөйлемде иеленетін белгілі бір орын тәртібі бар.

Осы принцип бойынша, «қара» сөзі сөйлем аяғында тұрса, онда ол - етістік. Мысалы, *Сен балаға қара*. Омонимді анықтау моделі зт + БС (барыс септігі) + *қара* → *қара/ет*.

Сөйлемнің басында немесе ортасында келсе, сонымен қатар зат есімнің алдында тұрса, сын есім болады. Мысалы, *Қара мәшине тоқтады*. Аяжан *қара көйлегін киіп, қонаққа кетті*. Омонимді анықтау моделі *қара* + зт → *қара/сн*.

Ал етістіктің алдында келсе зат есім болады. Мысалы, *Алыстан бір қара көрінді*. Омонимді анықтау моделі *қара* + ет. → *қара/зт*.

Екінші белгі бойынша, сөздер жарыққа шығып, айтылымға айналғанда (сөйлем құралғанда) семантикалық валенттілік бойынша тіркеседі. Мысалы, *ыстық қар, сабырлы жүзім* деген сияқты қолданыстар жоқ.

Үшінші белгісі бойынша, түрленуге бейім сөз таптары негізінен етістік пен зат есімдер. Етістік зат есімнің түрлену жүйесімен түрленбейді, яғни етістікке зат есім қосымшалары жалғанбайды. Тек қана тұйық етістік формасында тұрғанда ғана зат есім парадигмасымен түрленеді. Сондықтан, омонимдерді түрленген формада ажырату қиындық келтірмейді. Мысалы, *қара* етістігінің ашық райда жіктелген формасын етістік екендігін жалғанған қосымшаларына қарап анықтауға болады. Мысалы, *қараймын, қарайсың, қарайсыз, қарайды*. Ал бұйрық райдағы жіктелген формасы I және 3 жақта белгілі де (*қарайын, қарасын*), екінші жақта түбір сөзбен (*Сен балаға қара*) сәйкес келеді. Бірақ бұл жағдайда да формальді белгісін табуға болады. Ол *қара* сөзінің өзінің алдында тұрған есім сөзбен барыс септік тұлғасында (есім + -ға/ге/қа/ке (БС) + *қара*) тіркесуі және сөйлем соңында тұруы.

*Қара* сөзі етістік болғанда алдыңғы сөзбен барыс септік формасында ғана емес, табыс септікте де тіркесуі мүмкін. Мысалы, *даланы қара, суретті қара* т.б. (есім + -ны/ні/ды/ді/ты/ті (ТС) + *қара*). *Қара* сөзі етістік болғанда шығыс септігінде тұрған сөзбен де тіркесе алады. Мысалы, *Терезеден қарады*. (есім + -дан/ден/тан/тен/нан/нен (ШС) + *қара*).

Сол сияқты зат есім парадигмасымен түрленген *қара* сөзін бірде (субстантивтенген) сын есім (*Көйлектің қызылын сатып алды*), бірде зат есім (*Бір қараны жетектеп келеді*) ретінде танимыз.

Ал *қара* сөзі шырай формаларын қабылдағанда (*қарарақ, қаралау*) ол міндетті түрде сын есім болатыны белгілі.

Төртінші белгісі бойынша, яғни соңынан нүкте не леп белгісінің қойылуы. Демек, сөйлем соңында келген *қара* сөзінен кейін нүкте не леп белгісі қойылса, онда ол – етістік және бұйрық рай формасында тұр деп белгілеу керек.

Жоғарыда талданған *қара* сөзі омонимдес әртүрлі сөз табына қатысты. Омонимдер кейде бір сөз табында да болады. Бірақ бір сөз табына жататын омонимдерді ажырату морфологиялық талдау (белгіленімдер) үшін өте қиын. Өйткені бір сөз табына жататын омоним сөздердің түрленуі де, тіркесімділігі де, сөйлемдегі орын тәртібі де негізінен бірдей болып келеді. Мысалы, *Қас* деген бір сөз табына жататын омонимдес төрт сөз бар:

1. *қас* — адамның қабағындағы қас;
2. *қас* — дұшпан, жау;
3. *қас* — бірдеменің жаны, маңы (үйдің қасы);
4. *қас* — ердің қасы

Бір сөз табына жататын немесе әр сөз табына жататын омонимдердің мағынасын түсіндіру лексикалық белгіленімге жатады. Бір сөз табына жататын омонимдерді ажыратудың формальді белгісі жоқ деуге болады. Бірақ белгілі бір тіркесімділік ретіне қарай анықтауға болады дейді кейбір зерттеушілер. Мұндайда бір сөз табына жататын омонимдердің тіркесім қоршауын тұрақты модельге сап, тіркесім сөздігін жасау қажет деп көрсетеді.

Омонимдердің лексикалық бірлік пен түрленген формадағы сөзбен омографтық жұп құрайтын кездері де бер. Мысалы, *бал* сөзіне барыс септік жалғауын жалғағанда *балға* болады. Тілімізде *балға* деген де түбір сөз бар. Морфологиялық талдауыш (анализатор) мұндайда қайсысын түбір сөз (*балға*), қайсысын барыс тұлғалы *бал* сөзі деп анықтайды. Мұндайда *балға* түбір сөзі өзінен кейін басқа да септік формаларын қабылдайды. Мысалы, *балғаның, балғаны, балғада, балғадан, балғамен*. Ал *бал* сөзі септелгенде барыс септігінде ғана *балға* сөзімен омонимдес болады. *Балға* сөзі табыс септігінде тәуелденіп қолданылғанда да (*балғамды, балғасын*) барыс септік формалы *бал* сөзімен омограф болады. Алайда бұл жағдайда талдауыш оның түбірі *балға* екенін тани алуы қажет. Себебі тәуелдік жалғауы септік жалғауынан кейін жалғанбайды. Сондай-ақ сөз соңында қайталанып септік жалғауы үстелмейді.

Сол сияқты *алды* көмекші сөзі бар да (үйдің алды), жедел өткен шақ формасында тұрған *ал* етістігі бар (Ол кітапты алды). Мұндай жағдайда морфологиялық талдауыш бұл екі омографтың екеуіне де екі түрлі белгіленім қойып көрсетеді. Мысалы:

алды/зт.

алды/ ал/ет+ды/ЖӨШ

Бұл жағдайда да сөйлемдегі омограф сөздің қай сөз табы екенін немесе морфологиялық түрленімі шығарылған екі түрлі нұсқадан адам өзі таңдайды, яғни адамның араласуымен ғана анықталады. Сондықтан осындай мәселелерде де сөздер тіркесімділігі, тыныс белгісі сияқты т.б. формальді белгілеріне қарай олардың аражігін табу қажет. Мысалы, *ал* етістігі шақ тұлғасымен түрленгенде, сөйлемнің соңында тұрады. Яғни соңынан нүкте қойылады. Сонымен қатар ол - сабақты етістік. Алдыңғы сөздің табыс септігінде тұрғанын талап етеді.

Сол сияқты *алды* сөзі көмекші есім болғанда үнемі алдыңғы сөзбен матаса байланысады (үйдің алды) және көбінесе сөйлемді аяқтамайды, яғни соңынан нүкте келмейді. Демек, бағдарламаға *алды* сөзі ілік септігімен тіркесуінде (есім+ІС+алды) көмекші есім, яғни зат есім болатындығы туралы нұсқаулық салынады.

Міне, омонимдер мен омографтарды ажыратуда компьютерлік бағдарламаға осындай формальді белгілері бойынша нұсқаулықтар жасау қажет. Нұсқаулықтар көп болған сайын да морфологиялық талдауыштар (анализаторлар) жұмысы жақсара түседі, автоматты талдаудың шынайылығы арта береді.

Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми жобалары бойынша орындалып жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру тәжірибесінде автоматты морфологиялық талдауыштар іске қосылған. Белгіленім қоюда жоғарыда қарастырылған омонимдерді ажырату мәселесі бойынша зерттеу жүргізіліп жатыр.

**Жапақов С.И.**  
*ҚазҰАУ қазақ және орыс тілдері*  
*кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент*  
**С.Х.Жұбанова**  
*ҚазҰАУ қазақ және орыс тілдері*  
*кафедрасының аға оқытушысы, ғылым магистрі*

## **Синергетикалық парадигманың тілдегі мазмұны**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада когнитивтік аспектінің бір тармағы лингвосинергетиканың ұлттық үлгісі туралы қарастырылды. Лингвосинергетиканың дискурста, диалогта, коммуникативтік қарым-қатынас кезіндегі рөлі талданды. Синергетиканың манипулятивтік қызметі тілдік фактілер арқылы талданды.

**Түйін сөздер:** коммуникант, синергетика, когниция, диалог, манипуляция, дискурс, семантика.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены лингвосинергетические национальные модели как раздел когнитивных аспектов. Рассмотрена роль лингвосинергетических дискурсов, диалогов в коммуникативном общении. Функция синергетических манипуляций представлена посредством языковых факторов.

**Ключевые слова:** коммуникант, синергетика, когниция, диалог, манипуляция, дискурс, семантика.

**Summary.** This article describes lingvo-synergistic national models as a branch of cognitive aspects. The authors examine the role lingvo-synergistic discourses and dialogues in the communicative interaction. Synergistic function manipulation represented by linguistic factors.

**Keywords:** communicant, Synergetics, cognition, dialogue, manipulation, discourse, semantics.

Адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылықтары мен ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын асыл қазынасы – оның тілі.

Тіл тек қатынас құралы ғана емес сонымен қатар, этностың дүниетанымын, шаруашылық тәжірибесін, салттары мен ғұрыптарын бейнелеуде маңызды және шешуші рөл атқарады. Ұлттың тілі халықтың рухани өмірін, тарихын, ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесін сипаттау құралы болып табылады. Қазіргі таңда тілдің табиғатын жан-жақты саралауға арналған тіл біліміндегі зерттеу жұмыстары ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктерімен және этностың болмысымен тығыз сабақтастықта алынып, коммуникативтік, когнитивтік тұрғыдан зерделеу бүгінгі күн тәртібінің көкейкесті мәселелерінің біріне айналды. Осыған орай ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырлар тоғысындағы әлемдік лингвистикада тілдің сан қырлы құбылыстарын түрлі аспектіде қарастырған зерттеулер пайда бола бастады. Қазақ тіл ғылымында тілді антропоцентристік, функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, гносиялогиялық, психолингвистикалық, прагматикалық аспект тұрғысынан зерттеу кең өріс алды. Әсіресе, тілді түрлі саламен тығыз байланыста қарастыруға деген қызығушылық артты. Тіл ғылымының басқа ғылымдармен байланысы Лингвистиканың когнитивтік ғылымның пайда болуына қатысуы маңызды процесс. Бұл жөнінде Р.Стеннинг былай деген – «Сложите вместе логику, лингвистику, психологию и компьютерную науку – и вы получите когнитивную науку» » [1.210]. Біз айтып жүрген когнитивтік ғылым мәні осында.

Яғни, тілді психологиямен, философиямен, тарихпен, педагогикамен т.б. салалармен байланысты зерттеу ғылымға өзгеше серпін берді. Тіпті, ғалымдар тіл білімін кванттық, физикалық, инженерлік, медициналық т.б. салаларымен сабақтастыруға мән бере бастады. Тілді бұлай жан-жақты зерттеу өз кезегінде қазақ тіл біліміне де тың ойлар алып келді. Осы тұста тілді когнитивтік аспектіде қарастыру да оң нәтижелер бере бастады. Егер әр түрлі көзқарастарды негізге ала отырып зерделесек, біз когнитивтік ғылымның тілді зерттеумен қатар когницияны да қарастырып, оның фи-

лософиялық және инженерлік ғылыми жақтарын қарастыратынын байқауға да болады. Тіл ғылымының басқа ғылымдармен байланысы лингвистикада когнитивтік ғылымның пайда болуына алып келді. Бұл уақыты келген маңызды үдеріс еді. Өйткені тіл сананы білдіреді де, ойды білдірудің негізгі құралы ретінде қолданылады, сонда тілді зерттеу – бұл сананы жанама түрде зерттеу болып табылады. Тіл санаға ықпал етеді де, соның нәтижесінде когнитивтік ғылымда лингвистикаға көп орын бөлінеді. Бүгінгі таңда лингвистиканы *таным – мәдениет – тіл* үштігінің принциптері негізінде, этностың танымдық ерекшелігін тілдік фактілер арқылы когнитивтік құрылым тұрғысында ғылыми талдау өзекті мәселе болып табылады.

Кез-келген ұжымдық қоғамдастық немесе индивид қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі десек, тіл ой қызметін бейнеге, белгілі бір тілдік үлгіге түсіреді. Ал адамның ақиқат болмысты танып-білуі – барлық этносқа ортақ, себебі таным-түсінік арқылы адам дүниені таниды. Ал осы адам танымының нәтижелері тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл – ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы.

Когнитивтік лингвистиканың негізінде бүгінгі таңда тілдік құрылымдарды жан-жақты зерттеп, нәтижесінде когнитивтік грамматика, когнитивтік лексикология айқындалса, семантика саласы бойынша – прототиптік семантика, концептуальды семантика, фреймалық семантика, процедуралық семантика айқындалды. Міне, осындай іргелі зерттеулердің арқасында қазіргі таңда лингвокогнитологияда, психолінгвистикада ғалымдар сөздің коммуникантқа әсерін, ақпараттардың қабылдануы мен жадта сақталуын жан-жақты зерттей отырып, тіл ғылымында синергетика терминін қолдана бастады. Синергетика тек тіл білімі саласында ғана емес, жаратылыстану саласында, әлеуметтану, философия, психология сияқты гуманитарлық салаларда да жиі қолданылады. Синергетикалық көзқарас, жанаша ойлау стилінің қалыптасуының негізі болып танылады. Синергетика – грек тілінен аударғанда бірлескен әрекет энергиясы. Синергетика ұғымын ғылымға 1971 жылы неміс физигі Г. Хакен енгізген. Ең алғаш рет бұл термин қазақ тіл білімінде зерттеуші З.Абдуллинаның еңбегінде қарастырылды. зерттеуші өз еңбегінде балалар әдебиетінің тілін қарастыра келіп: «синергетика – бұл сөздің қуатын, адам мен тілдің арасындағы байланысты қарастыратын сала. Синергетика – құрылым элементтері мен қоршаған орта энергиясының арасындағы байланысты зерттейтін ғылыми бағыт. Синергетика лингвомәдениеттанымдық зерттеудің әдістемелік құраласы және тұспалдай айту белгілерінің бейнелілігін туындатудың көзі болып табылады» [2.97] деген пікір айтады. Яғни, синергетикалық зерттеудің мәні белгілі бір лингвомәдениеттанымдық кеңістіктің тиісті бөлігінің «үзігін» білдіреді, оның шеңберінде екіншілік немесе жанама-туынды атау белгісінің поэтикалық энергиясының қалыптасуына ықпал ететін күштік кернеудің симульандық (сызықтық емес) тетіктері қалыптасады. Синергетика осылайша тұспалдай айту белгілерінің поэтикалық энергиясын лингвомәдениеттанымдық зерттеу әдістемесі (ментальдік сұлба және эвристикалық көзқарас) философиялық аспектісінің аса маңызды элементі болып табылады. Мұндай көзқарастың өзіндік ерекшелігі синергетиканың эмбебап және пәнаралық сипатымен анықталады. Осыған байланысты бейнелі сөз синергетикасын тану оның қалыптасуы мен сөйлемде қолданылу факторларын кең ауқымда қарастыруды топшылайды. Синергетикада аттрактор – «белгілі бір жүйенің жаңа сапалық күйге көшуі», бифуркация – «ескі сапаның жаңа сапаға жинақталуы», детектор – «белгілі бір құрылымды мүмкін жағдайдан нақты жағдайға айналдыру», диссипативтік құрылым – «белгілі бір толық энергиялық құрылымның кеми келіп, басқа энергияға айналуы», келісім қағидасы – «өзара қарым-қатынас пен диалогтың қалыптасуы», қалыптасу қағидасы – «жаңа мазмұнға ие болу» сынды ұғымдар бар.

Баршамызға белгілі, когнитивтік лингвистика таным арқылы кодталған ақпараттарды тасмалдаушы таңбаларды зерттеумен айналысады. Біздің пайымдауымызша лингвосинергетика дискурстық деңгейдегі диалогтың мақсатты энергетикалық қуатын анықтау болып табылады. Адамның дискурс әлемімен өзара қарым-қатынасының бүкіл алуан түрлілігі Ю.Н.Карауловтың белгілі пайымдауында былайша көрініс тапқан: «Әр мәтіннің артында (дискурстың нәтижесінде) тілдің жүйесін менгерген тілдік тұлға тұр» [3.27]. Мұны К.Ф.Седов та анағұрлым айқын және әділ дәлелдеп береді: «әр тілдік тұлғаның ар-

тында өзі жасаған көптеген мәтіндер (дискурстар) тұр» [4.4]. Себебі, «Коммуникант – белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Коммуниканттың жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт), жынысы (әйел, еркек), мекені (ауыл тұрғыны, қала тұрғыны), кәсібі, жұмысы, от басындағы орны әлеуметтік белгілері болып табылады» [1.12].

Дискурстың лингвомәдениеттанымдық маңыздылығы ауқымды ойлау бірлігі – концептімен – екіжақты байланысына қатысты: априорлық (сезімдік тәжірибені, заттармен болатын тікелей әрекеттерді түйіндеудің қалыптасқан жолы) және лингво-креативтік (тілдік бірліктердің семантикасы арқылы тілдік қарым-қатынас, дүниетаным негізінде қалыптасқан). Априорлық концептілер – дискурстың мағынақұрағыш көзі, ал лингвокреативтік концептілер – оның туындылары, әмбебап және идиоэтникалық дискурсивтік-ойлау әрекетінің нәтижелері.

Тілдік коммуникациядағы осындай белгілерді зерделей отырып синергетиканың мәні ерекше екендігі байқалады. Синергетика ең алдымен әртүрлі шектеулі ақпараттардан бүтін жүйе құрастыруға тырысудан ақпараттарды контекстік қабылдау арқылы дүниеге біртұтас көзқарас қалыптастыруға көшу керектігін түсінуден басталады. Батыс ғалымдары синергетикалық білімдерді беру мен оны қалыптастыруды жүзеге асыру жағдайында индивид өздігінен шешім іздеуге, қорытынды жасауға, жалпылауға ұмтылады. Бұл кезде оның танымдық және шығармашылық қабілеттері артады деген пікірлер айтуда. Ал қазақ халқының болмысы мен дүниетанымдық ерекшелігіне сай лингвосинергетиканың біздегі мазмұнын қалай пайымдауға болады? Жоғарыда атап өткендей, ақпараттық контекстен ортақ көзқарас қалыптастыру үшін синергетика ретінде нені ұғынамыз деген мәселе ой тастайды. Ол үшін алдымен этностың, қоғамдастық мүшесінің синергетикалық иммунитетіне әсер етуші факторды нақтылауымыз қажет. Оның оң және теріс факторлары бар. Кез-келген контексте, диалогте синергетикалық мәнге лайық тілдік таңбаларды саралап алған жөн. Ең алдымен назарға алатынымыз оң әсері бар таңбалар. Мысалы – құран. Құран аяттары мен сүрелерді алайық. Бұл мәтіндер адамға синергетикалық қуат беретін факторлар. Әрбір адам құран аяттары мен сүрелері оқылғанда психологиялық тыныс, рухани байлық, жан азығын алады. және де құранды, оның шарттарын бұлжытпай орындайды. Бұл құранның адам санасында сонау атеистік кезеңдегіден, қазіргі таңда адамзаттың барлығы мойындайтын энергетикалық қуатқа ие болуы. Адамзаттың санасы, дүниетанымы соны мойындады. Неге құран? Біріншіден, мәтін ретінде болсын, диалог кезінде болсын адамзат құранның қуат алады. Екіншіден, аттрактор сипатына ие. Яғни, құран мәтіні адам санасын жаңа сапаға көтерді. Үшіншіден, бифуркациялық мәнге ие болып бүкіл адамзаттың құранға деген ілтипатты көзқарасы қалыптасты. Детектор ретінде құран адамзатты дұрыс жолға бағыттайтын нақты мойындалған дүние болды. Диссипативтік құрылым ретінде қарасақ құран адамзаттың қуат алатын энергиясына айналды. Келісім қағидасы мәнінде құран адамдар арасындағы қарым-қатынасың ізгі болуын айқындап, қалыптасу қағидасына сай құран адамзат бас иетін мәнге ие болды.

Ендігі мәселе, пәнаралық немесе салалық байланыс турасында. Құранды зерттеу, оны тану тарихшылардың да, математиктердің де, философтардың да, медицинаның да, құқықтанудың да, педагогика мен психологияның да назарында. Тек бұл ғана емес, бұдан басқа ұлтымыздың төл байлығына жататын баталар, мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, өсиет-термелер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар т.б. құндылықтарды да осыған жатқызуға болады. Барлығында синергетикалық қуат бар. Мысалы, бата турасында айтсақ. Батаның оң бата және теріс бата деген түрлері. Оң бата - жақсы тілеу. Теріс бата – қарғыстың түрі. Екеуінде де адам психологиясы мен танымына әсер ететін энергиялық қуат бар. Жақсы бата алған адам марқайып, қуанып, бойы жеңілдеп қалады. Ал «теріс бата» деген ұғымның өзі адамға кері энергия береді. Адам ол жағдайға жеткізбеуге тырысады. Ал оң батаны арнайы барып тұрып немесе бата берушіні қонақ ете отырып алады. Екеуінде де мақсат бір, бірақ екеуіндегі мазмұн екі түрлі. Екінші бір мәселе, бұларда манипуляциялық қабілет бар. Яғни, адамзат санасына әсер ете отырып, тұспалдау арқылы ой деңгейін көтеру қасиетіне ие. Тұлғаны жаңа көзқарастар мен танымның келесі сатысына жетелейді. Тұспалдай айту белгілері синергетикасының мұндай өзіндік ерекшелігі Е.В.Князева негізін қалаған заңдылықтың шешуші пресуппозитивтік негіздемесі ретінде қызмет атқарды

дей келе: «Біз нақты бөлшектерге тереңдеген сайын, синэргетика үшін орын аз қалады» [5.102] деген қорытынды жасайды. Яғни кейде тілдік таңбаны жан-жақты қарастырғанымызбен синергиялық қасиетіне баға беруге мән бере бермейміз. Біз жоғарыда айтқан құран, бата, өсиет т.б. тілдік бірліктердің мәтін мазмұнында ғана емес, атауының өзінде синергетика бар екенін мойындауымыз керек. Сонымен қатар бұларда манипулятивтік мән де басым. Яғни, адамды ойға жетелеу, көзқарасын қалыптастыру, өз мақсатына көндіру сипаты ерекше. Манипуляция дегенімздің өзі адам санасын рухани жолмен қолдау немесе бағдарламалау. Г.Шиллер айтқандай: «манипуляцияның мақсаты күшпен емес, сөз арқылы адам санасын өзгерту». Біз сөз етіп отырған құран да, баталар да, өсиет-термелер де, ырым-тыйым сөздердің адам санасына манипулятивтік әсері күшті. Өйткені ұлттық мәдениетті меңгеру мен әлеуметтік психологияның қалыптасуы тіл көмегі арқылы ғана мүмкін болады. Сондықтан тілдік тұлғаның болмысын зерделеу кешенді талдау негізінде тарихи-мәдени қайнар көздерді, мәтіннің этноұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын, халықтың философиялық-дүниетанымы мен психологиялық мінездемесін айқындау арқылы іске асуы және адамның тілдік болмысын түсінуге, зерделеуге жетелейтін лингвистикалық категория ретіндегі тілдік тұлға құбылысы қазіргі білім парадигмасының мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымға айналуға.

Біз мүл мақалада тіл ғылымында белсенді қарастырылып келе жатқан синергетика құбылысының ұлттық мазмұнын сөз етуге тырыстық. Басты мақсат, лингвосинергетика жүйесін талдауда біз ұлттық таным мен болмыстың нәтижесін қандай фактілер арқылы қарайтынымызды айқындау. Әрине, тек құран, бата, мақал-мәтел т.б. бағалаушылық қасиеті жоғары мәтіндер, тілдік таңбалар тұрғысынан қарау аздық етеді. Біз тек осылар ғана деген ойдан аулақпыз. Бұл ұлттық санаға әсер етуші синергетикалық факторлардың бір парасы ғана. Бұдан басқа дәрісханаларда білім беру кезіндегі дискурс, диалогты қарастыру да осы аспектіге жатады. Басқа да нысандарына жол тапқан есте дұрыс. Тек ұлттық тіл білімінің негізіне қарай бағыттай білу керек деп ойлаймыз. Өйткені тіл өз бойында адамзат тарихының мыңжылдық шежіресі мен танымын, ғаламдық тәжірибесін жинақтай отырып, ұлттық мәдениетпен байланысты болады. Қоғам дамығын сайын тіл де дамиды және тіл ғаламның тілдік бейнесін жасайды.

### *Әдебиет*

1. Стеннинг Р. (Stenning K). Methodical semanticism considered as a history of progress incognitive science // The making of cognitive science: Essays in honour of George Miller / Ed. by W. Hirst. Cambridge (Mass.), 1988. -210
2. Абдуллина З. Балалар әдебиетінің тілдік тұлғасы. Ф.ғ.к диссерт. –Алматы: 2008. 120 б
3. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - Москва, Наука, 1987. 261 с.
4. Седов К.Ф. Становлениедискурсивногомышленияязыковойличности. Психо-социолингвистическиеаспекты. -Саратов: изд. СГУ: 1999. 180 с
5. Князева Е.Н. Синергетика языка, сознания и культуры. Академия.-М, 2002. -371 с.

***Жунисбек А.***

*Институт языкознания им.А.Байтурсынулы, д.ф.н., проф.*

### **Опыт составления сингармологической модели древнетюркского письма**

*От созвучия слов к созвучию слогов,  
от созвучия слогов к созвучию звуков  
А.Байтурсынов*

Судьба распорядилась так, что на определенном этапе истории тюркские народы утратили свое письмо и в новые времена стали считаться бесписьменными народами, что повлекло за собой нелестный шлейф эпитетов, которые можно объединить одним – “отсталые”. Следовательно, возвращение к истокам и возрождение исконного тюркского письма является проблемой общетюркского национального престижа.

У языка – только одна надежная защита: его национальные по содержанию орфография и алфавит. Если он будет чужим, то язык постоянно будет ассимилироваться и рано или поздно исчезнет. Таких примеров в истории много. Да мы и сами испытываем подобное. Произносительные навыки молодого поколения тюрков уже во многом не тюркские. И это мнение не наше личное, а авторитетных специалистов и педагогов[1].

Безусловно, в современном мире происходит интенсивное взаимовлияние языков, и этот процесс остановить невозможно, да и неразумно. Но искать способы защиты и сохранения каждого уникального в своем роде языка необходимо.

Традиционно сложившееся выдвижение на первый план палатального сингармонизма породило, как известно, представление о лингвистической неполноценности лабиального сингармонизма, о его вторичности по отношению к палатальному сингармонизму [2]. Такая концепция привела к тому, что в тюркской (например, в казахской) орфографии лабиальный сингармонизм не обозначается [3]. В результате ни в одном грамматическом описании нет упоминания о лабиальных вариантах аффиксов, несмотря на то, что они, без всякого сомнения, представляют собой реальные факты языка.

Мы предлагаем модель сингармонизма, построенную по принципу «круга», поскольку оба сингармотипа (палатальный и лабиальный), а также все четыре сингармотембра (твердый негубной, мягкий негубной, твердый губной и мягкий губной) в одинаковой мере организуют сингармологическую (евротрадиционно – фонологическую) систему тюркских (казахского) языков. Главное в этой модели – равная сингармологическая статусность составляющих ее компонентов.

Как видно из рисунка 1, верхняя половина круга отражает твердый, нижняя половина-мягкий, левая половина – огубленный, правая – неогубленный сингармозвуки.

Однако палатальные и лабиальные сингармотембры не функционируют в чистом виде – из их комбинаций образуется четыре самостоятельных и сложных сингармотембра: твердый огубленный; мягкий огубленный; твердый неогубленный; мягкий неогубленный. Вот те четыре тембра, которые образуют систему сингармонизма. Внешний круг отражает сингармосистему согласных и указывает на наличие в системе консонантизма одновременно всех четырех сингармозвуков.




Рисунок 1. Сингармо[но]логическая модель казахского (тюркского) языка



Такая универсальность согласных (в отличие от гласных) позволяет использовать их как опорные звуки при построении сингармонического письма. Поэтому древнетюркское письмо называется консонантным.

Итак, ниже предлагается опыт составления орфографической модели древнетюркского письма, основой которого является теория сингармологии (сингармонизма). *Следует отметить, что эта попытка предпринята исключительно в научно-познавательных целях – чтобы доказать специфичность и оригинальность сингармонизма в общезыковедческом плане.* Мы не даем никаких конкретных рекомендаций прикладного характера, направленных на изменение или усовершенствование существующей (кириллицы) или предполагаемой в будущем (латиницы) графики.

Без обращения к проблеме теории «тревокализма» нельзя, по-видимому, разработать проблему сингармонизма, а, следовательно, всю древнетюркскую сингармологию (об этом подробно [4]). По крайней мере ясно, что в вокалической системе тюркских языков количество сингармологических сегментов не равно количеству ныне традиционно определяемых гласных «фонем».

Итак, если учесть, что на примере казахского языка гласных сингем – 3 и гласных аллосингем - 9, согласных сингем – 17 и согласных аллосингем 66, то всего сингармологических сингем будет двадцать (17 согласных + 3 гласных), а аллосингем - 75. Следовательно, древнетюркское письмо может обходиться 75 сингармоническими или 153 ассимилятивными знаками-буквами или синграммами.

Однако сингармонизм позволяет еще в большей мере упростить систему древнетюркского письма. Дело в том, что каждый сингармологический сегмент (сингема) состоит из системы, как уже было отмечено, сингармонических вариантов (аллосингем). Из их сингармонически упорядоченных линейных комбинаций образуются сингармонические слоги. Такая «упорядоченная» или «удобная» просодологическая структура позволяет организовывать систему силлабического (или полусиллабического) письма. Ее можно построить с опорой как на три гласных сингармологических сегментов, так и на семнадцать согласных сингармологических сегментов. Если опорными будут три гласные буквы, то необходимо семнадцать вспомогательных (диакритических) знаков, если же опорными будут семнадцать согласных букв то, необходимы всего три вспомогательных (диакритических) знака. Выбор, конечно, имеет не принципиальное, но тем не менее важное значение. Ибо, если за основу взять три гласные буквы, то при наличии семнадцати вспомогательных знаков, различающих согласные, синграмма (силлабобуква) получится сложной для воспроизведения, нелегкой для зрительного восприятия, затруднительной для усвоения. Оптимален вариант, при котором семнадцать согласных снабжаются тремя диакритическими знаками, соответствующими гласным. Из комбинации семнадцати согласных и трёх гласных знаков образуются все необходимые синграммы (Рисунок 2).

Поскольку фонетической основой предлагаемой системы письма является сингармонизм, точнее было бы назвать каждый силлабознак (в отличие от силлабограмм тонального силлабического письма) «сингармобуквой» (собственно, «сингармограммой»), но мы употребляем для его обозначения упрощённый термин «синграмма».

	а	ı	і	е	ә	u	o	ü	ö
p	┌	└	┘	┙	┚	┛	├	┝	┞
t	┐	┒	┓	└	┕	┖	┗	┘	┙
q-k	└	┘	┙	┚	┛	├	┝	┞	┟




Рисунок 2. Матрица согласных, гласных и согласно-гласных синграмм (первая слева вертикаль – согласные знаки, верхняя первая горизонталь – гласные знаки, точки пересечения согласных и гласных – слоговые знаки)

Графика синграмм элементарна: они состоят из соединения только прямых линий и таких линий всего три. Каждая синграмма состоит из комбинации трёх линий: вертикальной линии «|», которая является опорной (основной) для всех синграмм; горизонтальных «—», место, число и направление соединения которых с опорной линией указывает на тип согласного; косая «/», место, число и направление соединения которых с опорной линией указывает на сингармонический тембр слога и сингармологический тип гласного.

Горизонтальная и косая линии намного короче, чем вертикальная. Из комбинаций вертикальной и горизонтальной линий образуются согласные знаки, добавлением косой линии достигается полное обозначение той или иной силлабосинграммы - CV.

Составление синграмм следует определённому логическому принципу (в основе лежат артикуляторные признаки звуков), который облегчает зрительное восприятие и упрощает овладение письмом. Этот принцип помогает обходиться минимумом правил и исключений из них.

#### **Согласные (опорные) знаки.**

1. Типы согласных (гласных) глухой согласный, если вспомогательные линии соединены сверху; звонкий, если вспомогательные линии соединены чуть ниже (образуя крестик); сонорные, если вспомогательные линии соединены снизу.

2. По месту образования (от губ к глотке):

а) знаки губно-губных согласных состоят из опорной линии и вспомогательной линии, которая присоединена сверху (ассоциация со знаком «сомкнутых губ»);

б) знаки переднеязычных согласных – вспомогательные линии присоединены к опорной с левой стороны, как бы указывает на кончик языка (ассоциация со знаком «продвинутость вперёд»);

в) знаки среднеязычных и увулярных согласных – горизонтальная линия с правой стороны, как бы указывает на заднюю артикуляцию (ассоциация со знаком «отодвинутый назад»);

3. По способу образования (смычный, щелевой):

а) знаки смычных согласных – одна вспомогательная линия присоединена к опорной линии либо с правой, либо с левой стороны;

б) знаки щелевых согласных – две (параллельные) вспомогательные линии присоединены к опорной линии либо с правой, либо с левой стороны;

### **Синграммы:**

1. Сингармотембры:

а) твердый сингармонизм обозначается присоединением к знаку согласного вспомогательной (косой) линии с правой стороны;

б) мягкий сингармонизм обозначается присоединением к знаку согласного вспомогательной (косой) линии с левой стороны;

2. Слогосинграммы:

1. Слогосинграммы с гласными а, у, и, ü обозначены присоединением к вертикальной линии – одной вспомогательной линии, гласные ɪ, е, ö, о- двумя (параллельными), гласный ä, как уникальный звук, к середине одной вспомогательной линией.

2. Гласносинграммы обозначаются присоединением соответствующих гласным вспомогательных линий: к вертикальной линии с правой стороны, если гласные твердые; с левой стороны, если мягкие.

### **Линейная последовательность синграмм в структуре слова:**

1. Гласный только в начальной позиции слова V (Vc) обозначаются синграммой изолированных гласных;

2. Сочетания типа CV в любой позиции слова (в начале – CV, в середине – CV, в конце – CV) обозначаются слогосинграммой.

3. Согласные в конечной позиции cvC, cvCC обозначаются только синграммой изолированных согласных.

Таковы основные графические образцы и линейная последовательность сингармонического письма (рисунок 3).

Далее, возьмём фразу, в которую входят слова с разными сингармотембрами и предварительно разобранными сегментами:

**qa-ra-ŋ-ǵi tü-sö ta-w qa-l-ǵi-p**

**u-y-qi-ǵa ke-te-r ba-l-bi-ra-p**

**da-la-ni ji-m-ji-r-t de-l-sa-l ǵi-p**

**tü-n ba-sa-di sa-l-bi-ra-p**

ᠠᠷᠠᠨᠭᠢ ᠲᠦᠰᠣ ᠲᠠᠤᠪ ᠠᠷᠠᠯᠠᠭᠢᠯᠢᠯᠢ  
ᠤᠶᠢᠴᠢᠭᠠ ᠬᠡᠲᠡᠷ ᠪᠠᠯᠪᠢᠷᠠᠮᠤ  
ᠳᠠᠯᠠᠨᠢ ᠵᠢᠮᠵᠢᠷᠲᠡᠳᠡᠯᠰᠠᠯᠠᠭᠢᠯᠢᠯᠢ  
ᠲᠦᠨ ᠪᠠᠰᠠᠳᠢ ᠰᠠᠯᠪᠢᠷᠠᠮᠤ

Для примера разберем несколько разнотембральных слов.

-ata: слово начинается с гласного, ставим изолированную (чистую) гласную синграмму V, слово заканчивается на слог типа CV, ставим слогосинграмму.

-merekē: слово состоит из слогов типа CV, ставим последовательно соответствующие слогосинграммы.

-qurt: слово начинается с слога типа CV, ставим слогосинграмму, заканчивается двумя согласными, ставим соответствующие изолированные согласносинграммы CC.

-kün: слово начинается с слога типа CV, ставим слогосинграмму, заканчивается на согласный, ставим изолированную согласную синграмму C.

Думаем, что давний спор о том, с какой стороны (слева направо, справа налево, сверху вниз, снизу вверх) следует читать древнеруническое письмо имеет серьезное основание. Ибо силлабическим сингармоническим письмом можно писать в любом направлении.

Сингармоническая разнонаправленная запись слова [taw]:

слева направо  $\lrcorner \lrcorner$

справа налево:  $\lrcorner \lrcorner$

сверху вниз:  $\lrcorner \lrcorner$

снизу вверх:  $\lrcorner \lrcorner$




Рисунок 3. Состав и система распределения сингармологических сегментов: в верхнем левом углу – состав сегментов; в нижнем левом углу – возможные линейные комбинации распределения сегментов; V-CV-C модель звукового облика слов типа U-RA-N.

**В качестве приложения.** Для классических писем существуют стандартные образцы тетрадей: для математики в клеточку, для письма в линейку, для прописи в косые линии и т.п. Для сингармологического письма также можно предложить стандартную тетрадь в усеченные вертикальные линии “Əlip dəpter” по названию знака алиф « | » (Рисунок 4а,б). Опорные знаки заранее нанесены на тетрадь, далее остаются только наносить вспомогательные линии. Для начального образовательного действия предлагается тетрадь с трафарет знаками, следующий этап – с чистыми знаками.

Для примера даются линейная последовательность нанесения знаков:  $a \rightarrow at \rightarrow ata$




Рисунок 4 а. Сингармотрафарет сингармологических знаков




Рисунок 4 б. Образец тетради «Əlip dəpter»

Таков предварительный опыт составления силлабической сингармологической модели древнетюркского письма. Мы надеемся, что наша попытка создания сингармологического письма послужит ещё одним доказательством того, что сингармонизм – не рядовое фонетическое явление, а основа всей просодологической структуры тюркских языков, что это своеобразная языковая «единица», обеспечивающая цельность слогов и слов. Возможно, что на этой основе удастся воссоздать теоретическую (сингармологическую) основу и практические принципы составления рунического письма древних тюрков.

Исследователи единодушно отмечают удивительную простоту и исключительную приспособленность рунического письма к тюркским языкам, в том числе и к казахскому. Однако до сих пор не найден так называемый сингармологический (фонологический) механизм правописания и чтения. А это значит, что правила образования и складывания звуков (знаков) в слова (текст) отсутствует. В результате – множество разночтений в текстах.

Мы, конечно, понимаем полную бесперспективность своей затеи в данный момент. Однако хотим, чтобы последующее поколение помнило: дорог, ведущих в Рим или Мекку, множество, но только одна ведет в родную сторону. Истоки наиболее рационального алфавита – в нашей истории, которая знала и светлые времена. Предлагаемая нами письменная система скорее всего не найдет практического применения ныне, но она сможет служить наглядной моделью и основой полезной учебно-лабораторной работы. А это уже немалый успех.

**Размышления об алфавите.** С обретением независимости наступили благоприятные времена для воссоздания подлинной национальной культуры, народных традиций, усвоения уроков истории. В великое дело возрождения нации и ее языка, которое выпадает на долю далеко не каждого поколения, включились казахские ученые, интеллигенция, общественные и политические деятели.

Но мы, специалисты-лингвисты, на мой взгляд, заметно отстали от своих коллег историков, литераторов, этнографов, археологов. Безусловно, для сохранения казахского языка делается многое. Однако при решении одного из главных вопросов возникла, как мне представляется, некоторая растерянность. Эта главная проблема - алфавит.

Лингвисты-казаховеды не стали утруждать себя архивными изысканиями, не отравились по неизведанным тропам в поисках новых данных — словом, не воспользовались шансом, который выпадает народу раз в тысячу лет. А просто ринулись заготовить готовое.

Одни предлагают ничего не менять, сохранив современную русскую графику. Другие ратуют за возвращение к арабской. Третья группа ученых стремится продолжить начатый в других тюркоязычных среднеазиатских республиках переход на латинскую графику.

У каждого варианта — свои сторонники, свои неопровержимые доводы в пользу того или иного алфавита и столь же неопровержимые возражения оппонентам.

Первые утверждают, что мы уже привыкли к русской графике, на ней напечатана вся наша литература, научные труды, информация. При смене графики, по их мнению, в одночасье утратится накопленное годами.

Вторая группа ученых апеллирует к необходимости восстановления традиционных связей с мусульманским Востоком, чему бы способствовал переход к арабской графике.

Последняя же группа считает, что латинский алфавит — прямой путь к западному процветанию. В этом мнении, как мне кажется, выразилось наивное представление о цивилизации. Компьютеры и супермаркеты — не единственные показатели цивилизованности, она заключена не в сложных электронных схемах или яркой рекламной упаковке. Цивилизованность — в душе народа, в его культуре, традициях, духовном наследии.

Заменить одни буквы другими, к тому же употреблявшимися ранее, несложно, для этого не нужно каких-то особых усилий. Интересно другое: была ли у казахов своя графика? Большинство ответит “нет”, потому что в нас это “вдалбливали” не одно столетие и особенно последние семьдесят лет. Но если мы действительно стремимся возродиться как народ, давайте заглянем в историю, а она ответит “да” — была графика. Правда, не собственно казахская, а древнетюркская. Но это не меняет сути дела. Все тюркские народы — а их более 30-и — являются в одинаковой степени наследниками древнетюркского рунического письма, известного в мировой науке как “орхон-енисейское” и имеющего 2000-летнюю историю. Письменные памятники обнаружены триста лет тому назад. К концу XIX века была раскрыта тайна рун и появились первые версии дешифровки, которая продолжается и поныне. Посильный вклад внесли в эту работу и казахские ученые. Исследователи единодушно отмечают удивительную простоту и исключительную приспособленность этого письма к тюркским языкам, в том числе и к казахскому. Однако до сих пор не найден так называемый фонологический механизм правописания и чтения. А это значит, что правила образования и складывания звуков (знаков) в слова (текст) отсутствует. В результате — множество разночтений в текстах.

Судьба распорядилась так, что на определенном этапе истории тюркские народы утратили свое письмо и в новые времена стали считаться бесписьменными народами, что повлекло за собой нелестный шлейф эпитетов, которые можно объединить одним — “отсталые”. Следовательно, возвращение к истокам и возрождение исконного тюркского письма является проблемой общетюркского национального престижа.

И еще один несправедливый вопрос. Никто не задумывается над тем фактом, что при использовании графики чужого языка количество букв в языке возрастает, иногда в два раза. Когда мы приняли арабскую графику, наш алфавит, благодаря гениальной теории Ахмета Байтурсынова, состоял лишь из 24 букв. При переходе в 20-е годы на латинскую графику количество букв в алфавите увеличилось до 29, а с принятием кириллицы — до 42. Как видим, число букв все время растет. Это следствие научно-методологической ошибки: язык приспособлявали к графике, а не наоборот. Возвращение к латинской графике сулит нам алфавит в 28 букв. В принципе, такого же числа можно достичь, унифицируя современный, основанный на русской графике.

А знаете, сколько их будет, если принять древнетюркскую графику и разработать на ее основе унифицированный алфавит? Не поверите! Букв будет всего 17!

Отсюда вывод: если алфавит будет родным, то в первую очередь облегчится обучение детей. Спросите любого учителя, и он подтвердит, что казахские школьники

тратят гораздо больше времени на изучение “Әліппе”, чем русские – на “Букварь”, ведь в современном казахском языке на десяток букв больше, чем в русской азбуке.

У языка – только одна надежная защита: его собственный алфавит. Если он будет чужим, то язык постоянно будет ассимилировать и рано или поздно исчезнет. Таких примеров в истории много. Да мы и сами испытываем подобное. Произносительные навыки молодого поколения казахов уже во многом не казахские. И это мнение не мое личное, а авторитетных специалистов и педагогов.

Безусловно, в современном мире происходит интенсивное взаимовлияние языков, и этот процесс остановить невозможно, да и неразумно. Но искать способы защиты и сохранения каждого уникального в своем роде языка необходимо.

Я, конечно, понимаю полную бесперспективность своей затеи в данный момент. Однако хочу, чтобы последующее поколение помнило: дорог, ведущих в Рим или Мекку, множество, но только одна ведет в родную сторону. Истоки наиболее рационального алфавита – в нашей истории, которая знала и светлые времена. Предлагаемая мною письменная система скорее всего не найдет практического применения ныне, но она сможет служить наглядной моделью и основой полезной учебно-лабораторной работы по спецкурсу «Тюркский сингармонизм». А это уже немалый успех.

### *Литература*

1. Сыздыкова Р. Сөз сазы. // Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 120-200 б.б.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. -Алматы: Ғылым, 1975. -304 б.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.
4. Жунибек А. Введение в сингармоническую фонетику. –Алматы: Арыс, 2009. –109 стр.

**Закенова Б.З.**

*Алматы халықаралық мектебі,  
пед.ғ. магистрі*

### **Диалектілік лексикадағы эмоционалды-экспрессивті қабат**

**Аңдатпа.** Мақалада диалектілік лексикадағы эмоционалды-экспрессивті қабатын зерттеу мәселелері қарастырылады. Қазақ тілінің диалектілік лексикасында эмоционалды-экспрессивті сөздердің жеке зерттеу нысанына айнала қоймағанын, тек семантикаға, этнолингвистикалық зерттеулерге, диалектизмдерді көркем әдебиетте қолдануға байланысты стильдік бояма мағына ретінде ғана сөз болып жүргені сөз етіледі. Қазақ тіл білімінде туындап отырған жаңаша зерттемелерге байланысты жергілікті ерекшеліктердегі эмоционалды-экспрессивті лексиканың ұлттық-мәдени сипаты ашып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** эмоционалды-экспрессивті қабат, этнос, стильдік бояу, эмотивті мағына, ұлттық бояу.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема исследования эмоционально-экспрессивного слоя в диалектической лексике. До сих пор эмоционально-экспрессивная лексика диалектических слов не была объектом исследования в казахском языкознании. Она рассматривалась как значение отдельных слов, как диалектизмы в художественной литературе, в семантике, в этнолингвистической исследованиях. В данной статье будет раскрыт, опираясь на новые исследования, национально-культурный характер эмоционально-экспрессивной лексики.

**Ключевые слова:** эмоционально-экспрессивный слой, этнос, стилевая краска, эмотивное значение, национальный характер.

**Abstract.** The article describes problems of research of emotional-expressive layer of dialectal lexics. Until now an emotionally-expressive vocabulary of dialectal words was not a research object in Kazakh linguistics. She was examined as a value of separate words, as диалектизмы in fiction, in semantics, in ethnolinguistics researches. In this article will be exposed, leaning against new researches, national and cultural character of emotionally-expressive vocabulary.

**Key words:** ethnos, stylish paint, emotive value, national character.

Әр кезеңде өмір сүретін ұлттық тілдердің жалпыхалықтық әдеби тілімен қатар жалпыхалықтық мәні жоқ, жергілікті аймақтық сипаттағы сөздері болатыны тілдердің көпшілігінде байқалатын құбылыс. Диалект – белгілі бір аймақта өмір сүретін қауымның тілі, яғни жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер, сондықтан диалектілік лексика – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әр түрлі қатынастардың белгісін бойына молынан сақтаған мұрасы, жалпы этнос тұрмыс-тіршілігінің, мәдениетінің белгілі аймаққа тән байлығы, сол арқылы тұтас этнос болмысын тануда нақты дерек берер бастауы.

Осы мәселе жөнінде М.С.Атабаеваның пікірі мынадай: «Әр халық өмірді, жаратылысты өзінше көріп, өзінше таниды, өз ой елегінен өткізеді, өзінше ат қояды. Мағынада ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу, ұлттық рух болатыны сондықтан. Тілден тіл иесі этностың жеке қарапайым тыныс-тіршілігінен бастап, кең ауқымдағы бүкіл қоғамдық, бүкіл адами мәселелерді қамтитын сөздер орын алатыны заңды құбылыс, себебі “тіл – халық өмірінің айнасы”, халық (этнос) бар жерде оның тілі бар, яғни өмір, тіршілік, қоғам бар, даму, өсу, өзгеру, жаңару бар. Ендеше сөз - қарапайым атау ғана емес, “нардды қазанға, ерді қабырға салатын” құдірет, күшке ие құбылыс. Алғашқыда адам қажетіне байланысты атауыш ретінде пайда болған сөз адам баласының ойлау қабілетінің жетілу, кемелдену жолымен сапарлас бола отырып, әр алуан мағыналар алады, кеңейеді, кейде тарылады, омонимдік, синонимдік қатарларын толықтырады, бейнелі, образды атаулар жасайды, көркемдегіш амал-тәсілдерін, құралдарын пайдаланады» [1, 156-157]. Диалектілік лексика – тіл иесі этностың қалың ортасынан шығады, ауызекі сөйлеу құралы, бейтарап лексикамен қатар эмоционалды, экспрессивті лексиканың болуы, оның тілдің ауызша формасына тән екендігін көрсетеді. Яғни, әдеби тілге қарағанда, ауызекі сөйлеу тілінде экспрессивті-эмоционалдық рең, мән жоғарырақ тұрады.

Қазақ тіл білімі ғалымдарының пікірінше, жалпы лексикада сөз қолданылу өрісі, сипаты, қолданылу жиілігіне қарай: 1) сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері; 2) стильдік қызметіне байланысты; 3) актив, пассив қолданылатын түрлері болып үш салаға топталады да, диалектілік лексика соның пассив қолданылатын қатарына қосылады.

Бұл бөліністі жалпы лексиканы іштей қолданылу қызметі, өрісі, жиілігі тұрғысынан анықтау, саралау үшін шартты түрде алынған, жіктеу деп түсінуге де болады, себебі диалектілік лексика – ұлттық тілдің бір тармағы ретінде өз алдына жалпы түркі тілдеріне ортақ лексика, диалектілік лексиканың кірме қабаты, көне сөздер әлемі, неологизмдер саласы, семантикалық дамуға ие болған диалектизмдер, сөзжасам мәселелері, сөзжасам құралдары, олардың қызметі, диалектизмдердің лексема дәрежесіне жетуі, уәжділік себептері, когнитивтік сыры сияқты сараланып кететін тұтас жүйе [1, 100].

Диалектілік лексика ауызекі сөйлеу стилінің бір түрі, көрінісі, соның бір элементі ретінде ғана қарастырылып келеді, егер көркем әдебиетте қолданылса, тек кейіпкер образын ашуда септігі тиер көмекші құрал ретінде ғана алынады. Диалектілік лексика функционалды стильдердің бір түріне ғана қатысты, осыған байланысты «жергілікті сөздер мен кәсіби сөздерде, көнерген сөздер мен жаңа сөздерде, ғылыми терминдерде заттық мағына мен ұғымдық мағыналар болғанымен, оларда сезімдік мағына болмайды» [2, 49] дейтін пікірлер де бар, алайда диалектілік лексиканың құрамында эмоционалды, экспрессивті сөздер, тұрақты тіркестер қабаты айқын көрінеді, себебі термин, неологизм, көнерген сөздер мен диалектілік сөз басқа дүниелер, көнеру мен неологизм құбылысы сөзжасам диалектілік лексикада үнемі жүріп отыратын процесс.

Тілде эмоционалдық және экспрессивті элементтер бір-бірімен байланысты бола



тұра, табиғатында өзгешелігі бар дүниелер, бірақ бұларға берілген анықтамалар да, олардың жеке табиғатын тануда да бірізділік жоқ. Көп жағдайда «экспрессивті-эмоционалды лексика деп қатар алу жиірек кездеседі де, олардың жасалу жолдары бірге қарастырылады: 1) бірқатар сөздер ешбір қосымшасыз тұрып-ақ эмоционалды бояуға ие болады (*масқара, әттең, тамаша* т.б.); 2) кейбір сөздер белгілі контекст ішінде эмоционалды бояуға ие болады (*қарағым, неткен сұлу едің?!)*; 3) морфологиялық жолмен пайда болады (*інішек, балақай* т.б.) [3, 178-179]. Эмоционалды-экспрессивті лексиканың шекарасын шартты санайтын пікір де ұшырасады [4, 78]. Кез келген эмоционалды сөз бейтарап лексикамен салыстырғанда экспрессивті, ал экспрессивті сөздермен салыстырғанда эмоционалды бояу қатар жүреді. Сөздің экспрессивтілігі немесе эмоционалдылығы сөз бойындағы эмоцияның не экспрессияның басымдылығымен өлшенеді, егер сөздің бойында эмоция басым көрінсе, эмоционалды лексика тобына, экспрессивті мән бірінші орында тұрса, экспрессивті лексика қатарына жатады. Сөздің түрін алғашқы компонент белгілейді. Эмоционалды, экспрессивті сөздердің арасындағы органикалық байланыс оларды лексиканың эмоционалды-экспрессивті қатарына қосады.

Эмоционалды және экспрессивті ұғымдарды тек тіл ғылымы аясында қарастырғанда, эмоционалды сөз деп айнала қоршаған табиғатты, өмірді қабылдаудағы адам көңіліне жағымды не жағымсыз әсер туғыза алатын сөздерді айтады [5,36]. Жертаспысық. Аңдаңғыл – шешен, ақын адам екен. Топтап айтатын *ақдаңғыл* емес пе? (Қост. Тоб.). **Бәдік** – есуас, мылжың. Мынау тегі бәдік қой, аузы босамайтын (Алм., Жам.). Аталған сөздердің екіншісін де жағымсыз эмоция бар, ол адам туралы ұнамсыз әсер қалдырады, ал *ақдаңғыл* сөзіндегі бағалау мәні жоғары ол ақ және даңғыл сөздерінің жалпы халыққа белгілі мағынасынан алынған да, ақындық, шешендікті танытуда көтеріңкі жағымды әсер қалдырады. Сөздердің сөзжасамдық тұрғыдан алғанда екі тәсіл: конверсиялық тәсіл мен біріктіру анық көрініп тұр. Бұл жергілікті ерекшеліктерге оның құрамы жағынан қарастыру керектігін байқатады, сонда эмоционалды-экспрессивті қабат сараланатыны анық.

Диалектілік сөз белгілі аймақта қолданылатын таралу шегі бар, әдеби тілге қарама-қарсы құбылыс. Тіл иесі біреу, ендеше оның сезіну, бағалау қасиеті де бір, диалектілік лексика – тек зат, құбылыс атаулары ғана емес, тіл иесі этностың көңіл-күй сезімінің де көрінісі. **Дөйіз** – онбаған, антұрған, жексұрын. О, мынауың бір *дөйіз* екен. Бұл – араб сөзі. **Доғал** – олақ, дөкір. Мынау бір *доғал* адам екен (Қост.об.). **Жайбарсу** – мықтысыну, мықты кісімсү. Өзі жойбарсып еді, қолынан ештеме келмеді (МХР). *Дөйіз; доған; жойбарсу* сөздері сын есім тобына жатады, сынның әр түрлі сапасын білдіреді, сондықтан бағалау мәні әр басқа, бәрі де адамның ұнамсыз жағын сипаттайды, оның бағалау өлшемі сынның сапасына байланысты.

Қазақ тілі диалектілік лексикасында эмоционалды-экспрессивті сөздер жеке зерттеу нысанына айнала қойған жоқ, тек семантикаға, этнолингвистикалық зерттеулерге, диалектизмдерді көркем әдебиетте қолдануға байланысты стильдік бояма мағына ретінде ғана сөз болып жүр [1,49-52].

Ал О.И.Блинова орыс диалектологиясында диалектизмдердің Р.И.Аванесовтен бастап, көрнекті диалектологтардың экспрессивті лексиканың зерттелуіне байланысты пікірлерді жинақтай келе, халық тілінің эмоционалды-экспрессивті қабатын зерттеу аймақтық лексикологияның өзекті мәселелерінің бірі екенін атап көрсетеді [4,86] де, диалектілік лексиканы қолданылуына сәйкес: 1) нақты номинативтілікті білдіретін бейтарап лексика; 2) кең қолданыстағы ауызекі сөйлеу лексикасы; 3) тұрмыстық қарапайым лексика; 4) ауызша әдеби сөйлеу лексикасы деп бөліп, эмоционалды-экспрессивтілік осылардың ішінде бейтарап лексикадан басқасына ортақ деп есептейді, яғни эмоционалдылық пен экспрессивтілік олардың әрқайсысының қолданылуы орны, өрісіне сай көрінеді деп пайымдайды. Ал Т.С.Коготкова «Повышенная экспрессивная тональность разговорной речи вообще в говоре, естественно, порождает не только расширения экспрессивных возможностей, но и определяет постоянный поиск их», - деп [6,79-80] халық тілінің ауызекі формасының экспрессивтілікті білдірумен қатар оның жасалуына да септігін тигізетінін ескертеді.

Диалектілік лексикада жеке тұрып-ақ белгілі эмоция әртүрлі көңіл-күй білдіретін сөздер бар, мұндай сөздің мазмұнында эмотивті бағалау мәні болады, сонымен қатар эмотивті мағына белгілі амал-тәсілдер жасалады. Осы топтарға жататын диалектілік сөз диалектілік лексиканың эмоционалды-экспрессивті қабатын құрайды.

### *Әдебиет*

1. Атабаева М.С. Қазақ тілінің диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. Алматы, Білім. 2006. -286 б.
2. Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. –Алматы, 2002. -110 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы. Санат. 1997. -256 б.
4. Блинова О.И. Введение в современную региональную лексикологию. Томск. ТГУ, 1975. -257 с.
5. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. Алматы, Ғылым. 1987. -288.
6. Коготкова Т.С. Русская диалектная лексикология. – М.: Наука, 1979. -333 с.

*Ибрагимова Д.Қ.*

*Алматы халықаралық мектебінің оқытушысы*

### **Қазақ тіл біліміндегі қимылдың өту сипаты категориясының зерттелуі**

**Аңдатпа.** Мақалада тілдің функционалдық қызметінің зерттелуі қазіргі кезде жан-жақты қолға алына бастағаны сөз болып, оның нақты көрінетін жері сөйлеу тілі екен нақтыланған. Автор тілдің қатысымдық қызметі кезінде етістіктердің орны ерекше екенін атап көрсете отырып, қимылдың өту сипаты категориясына арнайы тоқталады. Осы мәселеге қатысты зерттеулерге шолу жасап, қимылдың өту сипатының жүзеге асуы қазақ тілінде жеткілікті дәрежеде зерттеліп-зерделенгенін нақтылайды. Алайда оның әлі де қарастыратын мәселелері баршылық екенін айта отырып, етістіктің аналитикалық формаларына арнайы назар аудару қажет екеніне мән береді.

**Тірек сөздер:** қимылдың өту сипаты, ғылыми негіз, аналитикалық форманттар, лексикалық бірліктер, синтетикалық бірліктер.

**Аннотация.** Статья посвящена актуальному на сегодня вопросу всестороннего изучения функциональной деятельности языка, первичное назначение которого – разговорная речь.

Подчеркивая важность вспомогательной роли глагола, автор особо останавливается на глагольной категории переходности действия. Ссылаясь на исследования, посвященные данной теме, автор отмечает достаточную изученность рассматриваемой проблемы в казахском языкознании. Однако есть некоторые вопросы, на которые следует обратить внимание, в частности, аналитические формы глаголов.

**Ключевые слова:** процессность действия, научная основа, аналитические форманты, лексические единицы, синтетические единицы.

**Abstract.** This article highlights currently pressing problems of the functional linguistic research, which primary purpose is completed through the oral speech.

Focusing on the importance of the auxiliary aspect of the verb, the author pays a special attention to the transitional category of the verb. Addressing the research related to the given topic, the author notes that this subject has been rather thoroughly studied by Kazakh linguists. However, there are certain issues that shouldn't be overlooked, one of such is represented by the analytical forms of the verbs.

**Key words:** process of verbal action, science based, analytical verbal form, lexical item, synthetic unit.

Кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде дәстүрлі зерттеуден гөрі тілді жаңаша бағытта зерттеу өрісі қарқынды жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда қазақ тіл білімін тек таза грамматикалық тұрғыдан емес, қызметтік бағытта дамуын зерттеу кең өріс алуда. Тілді қызметтік бағытта зерттеу тек тілдің сыртқы грамматикалық формасына ғана негізделіп қоймай, оның ішкі мазмұнына үңілуді қажет ететін сала. Тілді бұндай тұрғыда қарау үшін ғалымдар көбіне сөйлеу тіліндегі грамматикалық байланыстарға назар аударуда. Осы ретте қазіргі бағытта тілдің функционалдық қызметін зерттеп, зерделеу аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Тілдегі грамматикалық немесе лексикалық бірліктердің сөйлеу тіліндегі қыр-сырын ашу – тілдің функционалдық қызметін анықтаудың басты нысаны болып табылады.

Қай тіл болмасын ондағы тілдік бірліктердің ішіндегі адамның сөйлеу тіліндегі қолданысы жағынан, жалпы тілдегі көрінісі жағынан ауқымдысы етістік екені ғылыми түрде дәлелденген мәселе. Етістіктің заттың амалын, іс-әрекетін білдіретіндігі, жалпы түбір етістіктердің қимылды білдіретіндігі дәлелдеуді немесе оған анықтама беруді қажет етпейтін аксиома. Ол тілде зерттеліп, орнығып, қалыптасқан. Алайда, тіл шексіз дүние екенін ескерсек, оны зерттеу де үнемі жүріп отыратын құбылыс екені мәлім. Тіл даму кезінде қалыптасқан грамматикалық, лексикалық, фонетикалық заңдылықтарына үнемі өзгеріс енгізіп отыратын құбылыс. Ол, әрине біріншіден тікелей адамға қатысты екені мәлім. Сондықтан сөйлеу тілінде тілдің, ондағы тілдік бірліктердің барлық сипатының ашылатыны баршаға аян. Сондай тілдік сипаттың бірі – қимылдың өту сипаты.

Жалпы тілдегі қимыл тікелей етістікпен байланысты сөз етіледі. Етістіктің өзі тіл ғылымының алғаш зерттеулерінде қимыл есімдері деген атпен көрініс тапқан. Түркі тілдерін зерттеуге арналған еңбектерде етістік тұлғаларының арғы негізі қимыл есімдері [1, 196] деп дәлелденген. Бұл жөнінде ғалым М. Томанов: «Қимыл есімі атауы тарихи грамматика шығу тегі, мерзімі жағынан бүкіл етістіктермен немесе етістік деп аталатын грамматикалық категориямен бірге қалыптасқан топ деген мәнде қолданылады. Қимыл есімдері есім мен етістік қызметін қоса атқарған синкретикалық түбірлерден жіктеліп шыққан топ, сонда көш, той, ақ тәрізді синкретикалық түбірлердің сөйлем құрамындағы бір қызметінен іс-әрекеттің уақыт-мерзімге қатысын, сөйлеушінің іс-әрекет пен оның орындаушысы арасындағы қатысына көзқарасын білдіретін, екінші сөзбен, шаққа, райға жіктелетін сөздердің класы қалыптасты», - деп тұжырымдайды [2, 616]. Ал, қазіргі күнде етістік пен қимыл есімдері ара жігі ажыратылып, жеке-жеке ұғымдар ретінде қолданылуда.

Қимылдың өту сипаты бастапқыда қазақ тіл білімінде арнайы сөз етілмесе де, алғашқы көріністерін ғалымдар Қ. Жұбановтың, Ы. Мамановтың, И. Ұйықбаевтың еңбектерінен көруге болады. Ал таза зерттеу нысаны етіп алып, оған арнайы тоқталған ғалымдар А. Ысқақов, М. Оразов, Н. Оралбаева, З. Ахметжанова. Аталған ғалымдардың еңбектерінде қимылдың өту сипаты алғаш сөз етіліп, кейінгі зерттеулерге негіз болды.

Қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипаты туралы сөз еткенде алдымен тілдегі аналитикалық формалар қарастырылатыны белгілі. Өйткені жалаң етістік өз бетімен тұрып қимылды білдіргенімен, сол қимылдың қалай жүзеге асқанын, оның толық сипатын білдіре алмайды. Қимылдың өту сипатын білдіру үшін біз тілдегі жалаң етістіктерге емес, сол негізгі етістіктерге қосылып екінші бір етістіктермен байланысуға дәнекер болатын қосымшаларды пайдаланамыз. Жалпы тілдегі аналитикалық формалар туралы алғашқы зерттеулер ғалым А. Ысқақовтың және Н. Оралбаеваның еңбектеріне тиесілі.

Қимылдың өту сипаты және тілдегі аналитикалық формалар туралы арнайы зерттеу еңбек жазбаса да, осы салада сөз етіп, өз ойларын айтқан ғалым А. Ысқақов болды.

А. Ысқақов қимылдың өту сипаты деген атаудан гөрі амалдың өту сипаты категориясы деп танып: «Тіліміздің етістік формалары жүйесіндегі өзіне лайық ерекше мазмұны мен арнаулы морфемалары (көрсеткіштері) бар грамматикалық құбылыс амалдың өту сипаты категориясы деп аталады», [3,398] – деп анықтама бере келе, тілдегі қимылдың өту сипаты (амалдың жүзеге асуы) категориясының тілімізде түрлі грамматикалық формалар арқылы жасалатындығын, ол формалар аналитикалық

форманттар екенін айта келе, олардың сан жағынан тілімізде көп екендігін нақты мысалдар арқылы көрсетеді.

Ғалым тілдегі аналитикалық формалар тілдегі қимылдың түрліше жасалуына әсер ететіндігін: «Аналитикалық форманттар етістік негізіне жалғанып, оған амалдың бағыты-мақсаты, мезгіл-мезеті, ыңғайы-орайы, тыңғылықтылығы-тиянақтылығы, үстіртіндігі-шалағайлығы, шегі-шамасы, жетеқабылдылығы, қарбаластығы, лажы-мүмкіндігі, шұғыл-тосындығы, үздік-создығы сияқты сипаттарын білдіретін ренктер үстейді», [3,398] деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар ғалым тілдегі қимылдың өту сипатын тікелей етістікпен байланыстырып: «Етістіктің лексика-семантикалық мағынасы мен формаларының байлығы оның өзіне тән әр алуан грамматикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық категорияларынан тіпті айқын көрінеді. Мысалы, етістіктің өзіне лайық сөз тудыру жүйесі, ол жүйенің неше қилы формаларымен қатар, өзіне ғана тән сөз түрлендіретін де формалары бар. Ал шақ, рай, етіс, амалдың жүзеге асу (өту) сипаты сияқты жүйе-жүйе категориялар – етістіктің семантика жағынан ең бай формалары, сондай-ақ, етістіктің өзге семантикалық және морфологиялық формаларынан мазмұндары да, тұрпат-түрлері де өзгеше есімше, көсемше деп аталатын категориялары бар», - деп атап өтеді [3,407]. Яғни қазақ тіліндегі амалдың өту сипаты тікелей аналитикалық форманттарға ғана емес, сонымен қатар, етістіктерге де тікелей байланысты ұғым.

Ал қимылдың өту сипатының аналитикалық форманттармен байланыстылығын «Аналитикалық етістіктерді жасауға дәнекер болатын форманттардың, әсіресе көмекші етістіктердің түрлі-түрлі болуларына қарай және аналитикалық құрамындағы компоненттердің сандары да (екі, үш, төрт, бес т.т.), өздері де басқа-басқа болуларына қарай, олардың грамматикалық қызметтері де, грамматикалық семантикалары да сала-сала болып, амалдың жүзеге асу я өту сипаттарының әр қилы кезеңі, сатысы сияқты аса абстрақтылы құбылыстарды білдіреді», - дей келе төмендегі мысалдарды келтіреді [3,407]. Мысалы, *айтып жібер, айтып жібере қой, айтып жібере жаздап қалды, айтып көр, айта көр, айта сал, айта қой, айта жүр, айтып қой, айта біл, айта түс* т.б.

**Ұйықтап қалған едім** – деген аналитикалық тіркестегі етістікті алсақ, мұнда **ұйықтап қалған** деген алғашқы екі компонент тұтас тұлға (ұйықтап қалған) амалдың өту сатысының бір ғана мезгілін білдірсе, оған тіркескен соңғы **едім** компоненті сол мезетті өткен шақта болған әрекет екенін баяндап тұр. Сөйтіп мұндағы грамматикалық дәнекерлер тек екі я үш етістікті бір-бірімен тіркестіруге ғана дәнекер болмай, олардың мағыналары мен қызметтерін ұштастыруға да себеп болып тұр. Екінші сөзбен айтқанда, бұл дәнекерлер аналитикалық етістік құрамындағы компоненттерді мағына жағынан да, қызмет жағынан да жіктеп, біреулерін негізгі я бастауыш етуге, біреулерін жәрдемші я қостаушы етуге септігін тигізіп тұр.

Мұндай аналитикалық тіркесте орын жағынан бұрын тұрып, дәнекер форманы өзіне тіркеп, (я ілестіріп) алатын компонент қана аналитикалық етістіктің негізгі мағынасына ие болады да, жетекшілік істейді; жетекшіден кейін тұрып, оған үстеме мағына жамап, грамматикалық формаларға түсіріп тұратын соңғы етістік дәйім көмекші болып қызмет атқарады. Мысалы, **ұйықтап кетті** – дегендегі жетекші етістік – **ұйықтап** көмекші етістік – **кетті** болса, барған еді дегендегі **барған** – жетекші етістік **еді** – көмекші етістік болады [3,314].

Тілдегі амалдың өту сипаты екі етістіктің дәнекері арқылы байланысып, бір абстрақтылы ұғымды жасауға қатысатындығы жоғарыда айтылды. Алайда, аналитикалық жолмен байланысқан етістіктердің екеуі бірдей таза лексикалық мағынада жұмсалмайды. Екеуі біріге келе бір ғана қимыл атауын білдіреді. Бұл жөнінде ғалым А. Ысқақов: «Аналитикалық формалы етістіктер сөйлемде бір ғана лексикалық мағына білдіреді. Олардың құрамында бір ғана жетекші дербес сөз болады да, оған тіркесіп айтылған көмекші сөз сол жетекші сөзге қосымша грамматикалық мағына үстеу үшін қолданылады. Демек аналитикалық формалы етістіктің құрамындағы көмекші сөз өзінің негізгі лексикалық мағынасынан ауытқып, тек грамматикалық мағына үстеу қызметіне ауысады», - дейді [3,314].

Осы тұрғыдан алғанда, грамматика теориясына жататын сөздің аналитикалық формасына арналған ғылыми еңбек проф. Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген тақырыптағы докторлық диссертациясы болып табылады [4,76]. Ғалым диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша екі монография жариялаған, олар: 1) Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары [5]; 2) Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы [6].

Н. Оралбаева – қазақ тіл білімінде сөздің аналитикалық формасын алғашқы болып зерттеп, оның теориясының ғылыми негізін қалап, теорияны қалыптастырған ғалым. Осы зерттеу жұмысына дейін қазақ тіл білімінде аналитикалық форма, аналитикалық формант ұғымы, термині қолданылмаған, бұл мәселелерді ғылымға қосып, терминдерді ғылыми айналысқа түсірген де ғалым Н. Оралбаева.

«Қазақ тілі қосымшаға қандай бай болса, көмекші сөзге де сондай бай» [5,136] дей келіп, алайда солай бола тұрса да, аналитикалық форманың сонша кеш зерттелуін ғалым төмендегіше түсіндіреді: «Индоевропа тілдері аналитикалық тілдер деп танылғандықтан, сөздің аналитикалық формасы да алдымен осы тілдерде зерттелді... Соңғы кезге дейін тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы тек аналитикалық тілдермен, яғни индоевропа тілдерімен ғана байланысты деп саналды» [5,136].

Ғылымның дамуы бұл теорияның қате екенін дәлелдеп, аналитикалық форманың түрлі жүйелі тілдерде барын анықтады. Осының нәтижесінде түрлі жүйелі тілдерде, оның ішінде түркі тілдерінде де, қазақ тілінде де сөздің аналитикалық формасын зерттеуге мүмкіндік туды.

Н. Оралбаева ғылымға жаңа қосылған аналитикалық форманы басқа ұқсас тілдік бірліктерден ажырату үшін, оның 3 түрлі белгісін көрсеткен, олар:

«1. Сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның синтагмасына, парадигмасына енуі керек.

2. Әрбір аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынаға грамматикалық мағына береді.

3. Сөздің аналитикалық формасын категориялардың тұрақты аналитикалық форманттары жасайды.

4. Сөздің аналитикалық формасы белгілі топтағы сөздердің басым көпшілігінен жасала береді.

5. Сөздің аналитикалық формасының жасалуы, қолданылуы, қызметі сөйлеммен ғана байланысты» [5,136].

Ғалым аналитикалық формантты басқа тілдік бірліктерден құрамы жағынан ажырату үшін, аналитикалық форманттың құрамын анықтаған: «Қазақ тіліндегі аналитикалық форманттың құрамы түрліше. Ол бір ғана морфемадан, яғни тек көмекші сөзден тұрады, мысалы, *өте, ең, тым, еді, емес, жоқ*. Аналитикалық формант екі морфемадан құралады, бұлар тілде негізгі орын алады, мысалы, «*a – ал, -ып ал, - а бер, - а бар, - а жазда*» т.б. Аналитикалық формант үш морфемадан да құралады, - *са игі еді*. Аналитикалық формант төрт морфемадан да құралады, мысалы, - *п қоя бер, - сала бер т.б.*» [5,136].

Н. Оралбаева аналитикалық форманттарды жан-жақты қарастырған, атап айтқанда, олардың мағыналық ерекшеліктерін, қалыптасу тарихын, жасалу жолдарын нақты мысалдармен дәл, егжей-тегжейлі көрсетіп береді.

Сонымен тілдегі аналитикалық форма немесе форманттардың қазақ тіл білімінде орнығып, ғылыми айналысқа түскені тікелей Н.Оралбаеваның есімімен тығыз байланысты деп толық айта аламыз.

Аналитикалық форма, қимылдың өту сипаты категориясының мәселелері ғылымға жаңалық әкелгендіктен, ол мәселелерді әрі қарай дамыту үшін, ғалымдар зерттеу жұмыстарын жалғастыра берді, яғни ғалымдар назарынан жаңа ғылыми идеялар тыс қалмады.

А.Т.Шарапитденова қимылдың басталуын, оны білдіретін аналитикалық форманттарды зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған[7,21].

С.М.Маралбаева 1991 жылы даму үстіндегі қимыл мәселесін зерттеп, оны аналитикалық форманттар арқылы жасалатынын, қимылдың өту сипаты категориясының бір мағыналық сипатын анықтаған [8,17].

Қимылдың өту сипаты категориясының бір мағыналық сипаты саналатын қимылдың жасалуына тездік тәсілін білдіретін, аналитикалық форманттарды ғалым Қ. Мұхамади зерттеп, ғылыми еңбегінде талдайды [9,26].

Қ.Г.Бибекөв өзінің ғылыми жұмысында қимылдың өту сипаты категориясының қимылдың аяқталу кезеңін, оны білдіретін аналитикалық форманттарды зерттеп қарастырған [10,26].

Бұл ғылыми зерттеулердің бәрі қимылдың өту сипаты категориясы мәселесін дамытып, категорияның ішкі мағыналық ерекшеліктерін аша түсті, категорияның аналитикалық форманттарын анықтады.

Қорытындылай келе, осындай зерттеу жұмыстары қазақ тілінің грамматикалық құрылысында синтетикалық көрсеткіштер (бірліктер) қандай кең орын алар болса, аналитикалық форманттар да сондай орынға ие бола алатынын нақтылады. Сонымен бірге, сол арқылы тілдің грамматикалық бірліктерінің құрамы айқындалды.

### *Әдебиет*

1. Севортян Э.В. О структуре предложения в тюркских языках, ИСГТЯ, 1961, 196 с.
2. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер, А., Ғылым, 2002, -616 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. 1964-398 б., 1974 – 407 б., 1991ж. -314 б.
4. Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке. Автореф. дисс. Д.ф.н., 1971, -76 с.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы, 1979. -136 б.
6. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы, 1979, -192 б.
7. Шарапиденова А.Т. Начинательность в системе аспектуальности казахского и русского языков. Автореф. дисс... к.ф.н., 1993, -21с.
8. Маралбаева С.М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке. Автореф. дисс... к.ф.н., 1991, -17с.
9. Мұхамади Қ.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары. Ф.ғ.к... авторефераты, 1995, -26б.
10. Бибекөв Қ.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары, 2000, -26б.

*Ибрагимова Т.Г.*

*И.Арабаев атындағы КМУ-нун аға оқу тугучусу, ф.ғ.к.  
Бишкек, Кыргызстан*

### **Азыркы тил илиминдегисинтаксисти изилдөөнүн аспектилери**

**Аңдатпа.** Бұл мақала жай сөйлемді зерттеудің аспектилеріне бағытталып, қажетті компоненттердің орнына тиісті лексемаларды қоюдың структуралық схеманы құрумен тікелей байланыстылығын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** синтаксистік бірлік, структуралық схема, схемалық типтер, лексикалық бірлік, семантикалық структура, семантикалық компонент.

**Annotation.** The article examines the question of the lexical content of the structural scheme of the simple sentence and also using the lexeme in the realization of the structural scheme, and determining the lexico-semantic classes.

**Keywords:** syntactical unity, the base of predicative, structural scheme, lexical content, the types of schemes, lexical unity, structure of the speech, unity of speech, semantic structure, semantic component.

Азыркы учурда синтаксис илими өзүнүн алкагын изилдөө объектилери боюнча да, аларды жиктеширүүнүн принциптери, аспектилери боюнча да жана алар менен

байланышкан проблематикалар жана аларды сыпаттап иликтөөнүн методдору боюнча да анда канча кеңейтти жана тереңдетти. Бүгүнкү күндө синтаксисти синтаксис таануучулардын эч кимиси сөз айкашы жана сүйлөм жөнүндөгү эле окуу деп эсептебейт. Синтаксистин объектиси катары акыркы мезгилдерде тексттик лингвистика өзгөчө өнүгүү жолуна түштү. Тексттик лингвистиканы кээде синтаксистик татаал бүтүндүк (сложное синтаксическое целое) деп да атап жүрүшөт [1]. Ошол эле учурда сөз формасы да синтаксистик бирдик катары эсептелет [2]. Ошентип, ушул учурда синтаксис таануучулар салттуу синтаксистик окуудан айырмалап тилдин синтаксистик түзүлүшүндө, синтаксистик бош бирдикти бөлүп көрсөтүп жүрүшөт: сөз формасы, сөз айкашы, жөнөкөй сүйлөм, татаал сүйлөм, текст жана бул ар бир бирдик өзүнө мүнөздүү проблемаларга, изилдөө аспектилерине, изилдөө принциптерине да ээ экендиги белгиленип келүүдө [2], [3]. Демек, бүгүнкү синтаксис илиминин, жалпы эле тил илиминин, мүнөздүү өзгөчөлүгү катары изилдөөнүн көп объектилүүлүгүн, көп проблемалуулугун, көп аспектилүүлүгүн, башка айтканда, изилдөө объектисине ар кыл өңүттөн мамиле кылып, аны ар түрдүү аспектиден караган полипарадигмалуулук зарылчылыгын көрсөтүүгө болот. Бул изилдөөгө алынуучу тилдик кубулушту, тилдик бирдикти толук көлөмдө ар тараптуу жана терең аныктоого багытталган жана ага толук мүмкүнчүлүк берет.

Арийне, лингвистикалык ар бир көрүнүш, кубулуш өзүнүн мүнөздүү өзгөчөлүгүнө, проблемалуулугуна жараша ар кыл принциптин негизинде ар кандай мамиле (подход) ылайык ар кыл аспектиден каралышы мүмкүн. Алсак, морфологиялык, синтаксистик, лексикологиялык көрүнүш-кубулуштарды изилдөөдө, ар биринин мүнөздүү өзгөчөлүгүнө жараша ар кыл мамиле болуп, алар ар кыл аспектиден изилдениши зарыл, буларды изилдөөнүн аспектилери бири-бирине дал келе бербейт. Булардын ар бири формалдык, мазмундук, функционалдык жалпы мүмкүнчүлүгүнө ылайык тигил же бул аспектиде изилдениши мүмкүн. Бирок тилдик ар бир кубулуш-көрүнүштүн жеке өзгөчө мүнөзүнө жараша бул жалпы принцип-мамилелердин конкреттүү колдонулушу өзүнүн спецификалык өзгөчө мүнөзүнө ээ. Маселен, жөнөкөй сүйлөмдөрдү изилдөөнүн аспектилери, ошол жөнөкөй сүйлөмдөрдүн тилдик белги катары спецификалык мүнөзү аркылуу аныкталат, алардын номинативтик-коммуникативдик өзгөчөлүгү менен шартталат, структура-семантикалык түзүлүшү аркылуу тескелет.

Жалпы тил илиминде сүйлөмдү тилдик белги катары изилдөөнүн жалпы жана конкреттүү аспектилери деп экиге жиктеп карашат. Жалпы аспектилер катары жогорто белгиленгендей, формалдык аспект, мазмундук аспект жана функционалдык аспектилерди белгилешсе, конкреттүү аспектилерге ушул жалпы аспектилерден келип чыккан конкреттүү мамилелерди (подход), жөнөкөй сүйлөмдөрдү изилдеп-иликтөөнүн конкреттүү линия-багыттарын, жөнөкөй сүйлөмдөрдүн структуралык, семантикалык, коммуникативдик, когнитивдик, номинативдик уюшулуш мүмкүнчүлүктөрүн белгилешет [4].

Жөнөкөй сүйлөмдөрдү изилдөөнүн аспект-өнүттөрүнүн ар түрдүүлүгү, алды менен, жөнөкөй сүйлөмдүн тилдик белги катары ар кыл мүнөздөгү өзгөчөлүктөргө ээ экендиги менен шартталат. Анткени кандай гана изилдөө объектиси болбосун, анын аспектилери ал объектинин мүнөздүү өзгөчөлүктөрү аркылуу жана ага байланыштуу аныкталат, башкача айтканда, "... в изучении простого предложения аспекты определяются теми его сторонами которые, обладая какими-либо формальными показателями, объективно свойственны предложению как особой синтаксической единице" [5;3], [6].

Тилдик белги катары сүйлөмдүн аспектуалдык пландагы негизги өзгөчөлүгү, биринчиден, анын (сүйлөмдүн) белгилүү бир факт, нерсе, кырдаалды атап көрсөтүүсү, экинчиден, ошол факт, нерсе кырдаал жөнүндө билдирүүсү. Ушул жагынан алганда сөз, тагыраагы, сөз формасы менен сүйлөмдүн ортосунда белгилүү даражада функционалдык дал келүүчүлүк, шайкештик сезилет. Экөө тең бир нерсени атоо үчүн колдонулат, бирок бирөө - сөз, сөз формасы нерсенин, фактынын, көрүнүш-кубулуштун аты, атоосу катары келсе, сүйлөм кырдаалдын, ситуациянын аты, атоосу катары колдонулат. Мисалы; тоо, алп кара куш, темир жол-нерсенин, предметтин атоосу, жаан жаап атат, ал келди, китеп алдым-кырдаал, ситуациянын аталышы.

Жалпы тил илиминде сүйлөмдүн да атоо, ат катары келиши жөнүндө пикир бир топтон бири эле айтылып жүргөндүгүнө карабай, конкреттүү изилдөөлөрдө бул маселеге, тилекке каршы, көңүл бурулбай, көмүскөдө калып келүүдө.

Сүйлөмдүн атоо, номинация менен байланышкан жагын номинативдик аспектен, ал эми анын билдирүү, маалымдоо жагын коммуникативдик аспектен изилдөөгө болот. Бул эки аспекти өз ара карым-катышы, өзгөчөлүктөрү жана аларды бири-биринен жиктеп айырмалап кароо. Н.Д.Арутюнованын эмгектеринде колго алынган. Өзгөчө ал окумуштуунун “О взаимодействии номинативного и коммуникативного аспектов предложения”, “О номинативном аспекте предложения”, “О номинативной и коммуникативной моделях предложения” деген макалаларында сүйлөмдүн номинативдик жана коммуникативдик аспектиден каралышына, анын номинативдик жана коммуникативдик бирдик катары функциясына атайын көңүл бурулуп, салттуу синтаксистеги айрым түшүнүктөрдүн жаныча каралышына өбөлгө түзгөн [7], [8], [9]. Ал эмгектерде акыркы учурларда синтаксистик изилдөөлөрдө синтаксистик бирдиктердин семантикасына көбүрөөк көңүл бурула баштаганы, семантикалык синтаксис, синтаксистик семантика өндүү терминдик атоолор, алар аркылуу көптөгөн синтаксистик проблемалар көтөрүлө баштагандыгы ачык белгиленет, синтаксистеги семантизация маселеси көтөрүлөт.

Албетте, синтаксистик семантиканын жаралышына жана өнүгүшүнө жалпы тил илиминдеги, өзгөчө анын прикладдык багыттагы изилдөөлөрү негиз болгонун танууга болбойт. Биздин баамыбызда, синтаксистин семантизацияланышына төмөнкүдөй эки жагдай түрткү болду: биринчиден, сүйлөмдү формалдык-структуралык жактан өзгөртүп түзүү учурунда ар кандай трансформациялык операцияларды ишке ашыруу менен, сүйлөмдүн алгачкы вариантынын семантикалык мазмунун өзгөрүүсүз калтыруу зарылчылыгы, б.а. берилген сүйлөмдүн формалдык-структуралык жактан өзгөргөндүгүнө карабай, анын трансформасынын ортосундагы семантикалык шайкештикти, мазмун-маанилик дал келүүчүлүктү сактоо талабы түрткү болду, анткени, сүйлөмдүн трансформациялык типтери алардын ортосундагы семантикалык шайкештикке негизделет, бир эле ой-пикир формалдык-структуралык ар түрдүү сүйлөмдөр аркылуу берилүү мүмкүнчүлүгү менен шартталат, экинчиден, берилүүчү маалыматты машина аркылуу которууда, анын семантикалык жактан адекваттуулугун, дал келүүчүлүгүн, шайкештигин аныктоо талабы.

Синтаксистин семантизацияланышына байланыштуу жогорто каралган эки жагдайдын биринчиси Н.Хомскийдин генеративдүү пайда кылуучу (порождающая) грамматикасынын принциптерине таянса, экинчиси таза прикладдык мүнөздөгү талаптарга таянуу менен, структуралык тил илиминин формалистик багытындагы идеялардын өнүгүшү эволюциясында жаралган сөз формалары жана алардын позициялары менен синтаксистик категориялардын ортосундагы карым-катыш семантика аркылуу аныкталат, б.а. синтаксистик бирдиктердин семантикасы, мазмун-мааниси сөз формаларына, алардын позицияларына жараша аныкталат деген теориялык пикир менен байланышат [10].

Синтаксистик семантикалык аспектиде изилдене башташы акырындык менен сүйлөмдүн формалдык структуралык берилиш ыкмаларынын да өнүгүшүнө алып келди. Эгерде “классикалык”, “традициялык” же “формалдык” деп аталган синтаксисте, сүйлөм структурасы сүйлөм компоненттеринин өз ара байланыштарынын ырааттуулук менен гана аныкталган түздөн-түз түзүүчүлөр аркылуу берилсе жана алар сүйлөм мүчөсү катары аныкталып келсе, семантикалык синтаксисте ошол түздөн-түз түзүүчүлөр модели кайсы компонент кайсы компонентке баш ийет, кайсы компонент, кайсы компонентке көз каранды, эмне эмнеге багына тургандыгын көрсөтүүчү “багыңкылык жебеси” (стрелка зависимостей, дерево зависимости) жана сүйлөм компоненттеринин формалдык көрсөткүчтөрүн семантикалык интерпретациянын жана лексикалык берилиштин көрсөткүчтөрү менен толукталып коштолот. Жыйынтыгында сүйлөмдүн семантикалык модели, семантикалык формуласы жаралат. Демек, ушундан көрүнгөндөй, семантикалык синтаксистин негизги проблемасы болуп сүйлөмдүн логика-семантикалык маңыз-мазмуну эсептелсе, негизги предмети болуп ар кандай фактыны, нерсени, кубулуш-көрүнүштү, кырдаалды (ситуация) сүйлөм аркылуу атоонун (но-



минация) ыкмаларын изилдеп-иликтөө эсептелет. Бул багытта синтаксис илиминде Н.Д.Арутюнова [7][8],[9], Т.Б.Алисова [11], В.Г.Гак [12], Г.А.Золотова[13],[14] ж.б. окумуштуулардын эмгектери өзгөчө баалуу. Ошондуктан, синтаксистик окуунун семантикалык аспектинде сүйлөмдүн структурасы сүйлөм аркылуу номинацияланып берилген кырдаалдын структурасына негизделип жана ага таянылып изилденет, сүйлөмдүн компоненттери ошол кырдаалдын элементтеринин, фрагменттеринин берилиши, көрүнүшү катары эсептелет. Сүйлөм түзүлүшүнө негиз болгон кырдаалдын ар түрдүү типтери, сүйлөмдүн ар түрдүү типтерин жаратат, кырдаалдын типтерине жараша сүйлөмдөрдүн типтери уюшулат. Ал эми кырдаалдын ар түрдүү болушу, көп түрдүү болушу реалдуу объектилердин координациясына, өзгөрүшүнө, абалына жараша болот.

Синтаксистин семантикалык аспектинде басым койгон изилдөөчүлөр реалдуу объектилерди жана алардын өзгөрүү абалын туюнткан ар кандай кырдаалдардын структурасына таянуу менен формалдык “классикалык” же “традициялык” талдоодон айырмаланып (буларда сүйлөм мүчөлөрү деп аталат да, алар суждениенин мүчөлөрү менен, сүйлөм типтери, суждениенин типтери, структурасы менен бирдей каралат), сүйлөм структурасынан төмөнкүдөй компоненттерди бөлүп көрсөтүшөт: предикат, бул кырдаалдагы ар кандай процесстерди, аракетти, ал-абалды көрсөтөт, актанттар, булар кыймыл аракеттин, ал-абалдын субъектисин, объектисин, б.а. кырдаалдын предметтик компоненттерин көрсөтөт, сирконстанттар, булар кырдаалдын ар кандай жагдай менен байланышкан мүнөзүн көрсөтөт. Бул компоненттер сүйлөмдүн семантикалык структурасынын семантикалык компоненттери деп аталат да, булар грамматикалык кандай бирдиктер аркылуу берилээри жөнүндөгү маселе көтөрүлөт. Маселен, сүйлөмдүн борбордук негизги компоненти катары, этиштик түйүн эсептелет да, сүйлөмдүн калган компоненттеринин баары, мунун ичинде сүйлөмдүн ээси да этиштик түйүнгө багынган, ага көз каранды, ага башкарылган компонент катары чыгат.

Сүйлөмгө карата семантикалык ушундай семантикалык аспектиден “кырдаалдык” мамиле (подход) кылганда, грамматикалык ээ менен толуктоочтун, кыймыл-аракеттин чыныгы аткаруучусу менен сүйлөм ээсинин ортосундагы карама-каршылык, дал келбөөчүлүк өзүнөн-өзү жоюлат. Мисалы: *Атам өтүкчүгө өтүк тиктирди* деген сүйлөмдө, грамматикалык ээ менен кыймыл-аракеттин аткаруучусу дал келбейт, үч актант үч башка милдет аткарып турат. Өтүкчү өтүкчү тикти, кыймыл-аракеттин чыныгы аткаруучусу- өтүкчү, бирок ал кыймыл-аракеттин чыныгы аткаруучусу болсо да, грамматикалык жактан сүйлөм ээси боло албайт. Ушул карама-каршылык, дал келбөөчүлүк сүйлөмгө карата семантикалык аспектиден изилдөө жүргүзгөндө гана чечилет. Анткени, ар бир этиш валенттүүлүк аркылуу аныкталат да, предметтик компоненттердин санына жараша, ал бир, эки, үч, төрт ж.б. валенттүү, орундуу, актанттуу этиш деп бөлүштүрүп, предметтик баардык компоненттер бир класстагы компонент катары- актант катары эсептелет.

Арийне, сүйлөмдүн структурасындагы ушул карама-каршылык, ушул дал келбөөчүлүк, бир жагынан сүйлөм структурасын, анын формалдык уюлушулуш өнүтүнөн караганда ачык көрүнсө, анткени сүйлөмдүн структуралык схемасы- сүйлөмдүн бир компонентинин, бир нече компонентине же бүтүндөй структуралык схеманын кеңейишинен, жайылышынан турат, экинчи жагынан, анын коммуникативдик уюшулуш өнүтүнөн караганда ачык көрүнөт, анткени сүйлөмдүн тема жана ремага жиктөөдө грамматикалык толуктооч, бышыктооч көпчүлүк учурда баяндооч менен бирге реманын зонасына кетет. Ал эми тема ээ аркылуу туюнтулат.

Сүйлөмдүн семантикалык аспектиде изилдөөдө, жогоруда белгилегендей, ага кырдаал менен байланышта мамиле кылуу менен эле катар, сүйлөмдүн структуралык компоненттеринен болгон лексемалардын семантикасын аныктоо менен байланышта мамиле кылууда да кеңири колдонулуп келет. Мында сүйлөмдүн семантикасы ошол сүйлөмдү уюштурган тилдик лексикалык бирдиктердин семантикасына байланыштуу иликтенет. Анткени, лексемалардын семантикасы да объективдүү реалдуулуктун элементтерин чагылдыруу менен, өзү уюштурган сүйлөмдүн семантикалык структурасын түзүүгө түздөн-түз катышат.

Сүйлөмдүн семантикалык аспектиде изилдөө, сөзсүз түрдө, конкреттүү лексикалык материалдардын семантикасын аныктоо менен шартталат, лексикалык материал-

дардын семантикасын аныктоо аркылуу гана сүйлөмдүн семантикалык структурасын иликтөөгө болот. Ал эми сүйлөмдүн семантикасы дегенибиз- анын логика-семантикалык мааниси деген сөз.

### *Адабият*

1. Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. - М. : URSS : Изд-во ЛКИ, 2007. - 227 с.
2. Шведова Н.Ю. О синтаксических потенциях формы слова- Вопросы языкознания, 1971, №4. - С.25-36
3. Москальская О.И. Грамматика текста. -М.: Высшая школа,1981. -183с.
4. Мельничук А.С. Аспекты общей теории предложения как единицы речи. В кн. Проблемы языкознания. Доклады и сообщения советских ученых на X международном конгрессе лингвистов. - М,1967.
5. Адмони В.Г. Аспекты предложения и система типов предложения.// - Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков.- Л.,1975. - С.3-4.
6. Адмони В.Г. Типология предложения. В кн.: Исследования по общей теории-грамматики. - М.: Наука, 1968, -С.232-291.
7. Арутюнова Н.Д. О взаимодействии номинативного и коммуникативного аспектов предложения.- В кн.: Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков. Тезисы докладов. Л., 1971, -С.4-6.
8. Арутюнова Н.Д. О номинативном аспекте предложения.- Вопросы языкознания.-М.,1971, №6. -С.63-73.
9. Арутюнова Н.Д. О номинативной и коммуникативной моделях предложения.- Известия АН СССР, Серия: Литература и языка. М.,1972, вып 1. Том XXXI. -С.41-49.
10. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса.- М.:МГУ, 1972. -235с.
11. Алисова Т.Б. Структура простого предложения в современном итальянском языке. Автореф. дис. ...д-ра филол.наук. - М.,1971.
12. Гак В.Г. Проблема лексико-грамматической организации предложения. Автореф. дис. ...д-ра филол.наук. - М.,1967.
13. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса современного русского языка. Автореф. дис. ...д-ра филол.наук.- М.,1971.
14. Золотова Г.А. О синтаксических формах слов. Мысли о современном русском языке. М.,1969.

**Исхан Б.Ж.**

*Абылай хан атындагы ҚазХҚжӘТУ, ф.ғ.к., доцент,  
Зайсанбаев Т.Қ.,  
С.Ж.Асфендияров атындагы ҚазҰМУ, ф.ғ.к., доцент,*

### **Төл әліпби қалыптастырудың ұлттық ұстанымдары**

**Аңдатпа.** Қазір елімізде латын әліпбиіне көшу мақсатында зерттеулер жүргізіліп, дайындық жұмыстары қолға алынып жатыр. Соның бірі – қолданыста болып келе жатқан өзгетілдік сөздерді жаңа әліпбиімен таңбалау мәселесі. Осы мақалада авторлар қазақ тілі дыбыстық жүйесіне қатысты негізгі заңдылықтарды атап көрсетеді және сол заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, өзгетілдік сөздерді тіліміздің латын жазуына негізделетін болашақ әліпбиімен қалай жазуға болатыны жөніндегі өздерінің ой-пікірлерін ұсынады.

**Тірек сөздер:** Ұлттық тіл, ерекшелік, заңдылық, емле ережелері, дауыссыз дыбыстар, дыбыс тіркесімдері.

**Аннотация.** В целях перехода на латинской алфавит сейчас в стране проводятся исследования и ведутся работы по подготовке. Одним из проблемами возможна являются – как писать иноязычные словабудущими латинскими алфавитами. В этой статье авторы подчеркивают основные закономерности звуковой системы казахского

языка и руководствуясь теми же законами предлагает свои правописание иноязычных слов будущим алфавитом.

**Ключевые слова:** Национальный язык, особенность, закономерность, орфографическое правило, согласные звуки, звуко сочетания.

**Abstract.** For the purposes of the transition to the Latin alphabet now in the country conducting research and are working on training. One of the possible problems are – how to write foreign language words of the future Latin-based alphabets. In this article, the authors emphasize the main regularities of the sound system of the Kazakh language and guided by the same laws of the spelling of foreign language words of the future alphabet.

**Keywords:** national language, a feature, a pattern, spelling rule, consonant sounds, phonemes.

Ұлттық тілді өзге тілдерден ерекшелейтін басты белгілердің бірі әрі бірегейі – дыбыстық жүйесі. Ол ұзақ дамуды өткеріп, басқа тілдерден бөлектеніп, өзінше болып қалыптасады да, ондағы дыбыстардың өзіндік тіркесуінен ұлттық тілдің өзіне ғана тән сөздік құрамының барлық сөзі жасалады. Сондықтан да қандай тілдің болсын, әбден қалыптасып, шындалған дыбыстық жүйесіне жат дыбыстар өз бетімен жеке-дара ене алмайды. Ене қалса, сіңісіп кетуі – өте сирек құбылыс (мысалы, қазақ тіліне араб тілінен енген «ә» дыбысы). Олар тек бөтен сөздер арқылы ғана сол сөздердің иесі қалай айтып-жазса, сол қалпында екінші тілде де солай болуы талап етілген жағдайдағана орныға алады. Ол үшін, ең әуелі, басқыншы тіл (ұлт) өз сөздерін бұлжытпай айтуды міндеттеп, солардың құрамындағы өз дыбыстарын екінші тілдің дыбыстық жүйесіне телиді. Қазақ тіліне бағытталған бұндай басқыншылық, қитұрқы саясат орыс тілі тарапынан болды және күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ұлттық тілді тұтынушылар арасынан «неге бөтен сөздерді бұлжытпай айтуымыз керек?» деген күдік-құман, наразылық туындап кетпеуі үшін латын, грек, ағылшын, француз т.б. тілдерден орысшаланып алынған, яғни орыс тілінің дыбыстық (фонетика), құрылымдық (грамматика) заңдылығына негізделініп айтылып-жазылатын кірме сөздерін «біз оларды өзгертпей алғанбыз, өйткені олар «халықаралық терминдер» деп бізді арбап сендірді.

Пайымдап қарасақ, «халықаралық термин» деген ұғым посткөненестік елдерден басқа бірде-бір елде (тілде) жоқ екеніне көз жеткіземіз. Орыстандыру саясатына уланған біздің солай деп ойлап жүрген сөздеріміздің баршасы – бізге кезінде араб-парсы тілінен қазақшаланып енген «ғылым, ғалым, білім, ілім, ұстаз, мұғалім, шәкірт, кітап, дәптер» т.б. сөздер секілді орыс тіліне де латын-грек тілінен орысшаланып сіңген, қазір нағыз орыстікі болып кеткен сөздер екен.

Рас, орыс тілінің сөздік құрамындағы кейбір сөздер латын-гректік түбірге 100 пайыздай сәйкес келіп қалатын кездері болады, алайда бұл – орыс тілі еуропалық тілдердің барлық сөзін еш өзгеріссіз алған дегенді білдірмейді. Орыс тілі үнді-еуропа (флективті) тілдері тобына жататын болған соң, дыбыстық жүйесі мен тілдік құрылымы оларға қазақ тілінен гөрі бір табан жақын. Сондықтан да кейбір сөздердің грек-латынша дыбысталуы орыс тілінің табиғатына толық сәйкес келіп, еш өзгертілмей алынған.

Егер жат жұрттық сөздер белгілі бір заманның саяси ықпалымен жасалған ереже-қағидалар негізінде тілге зорлықпен енетін болса, тілдің табиғи жүйесіне сәйкес келмейтіндігінен, бәрібір, бөтендігі әрқашан сезіліп тұрады. Керісінше, халық араб-парсы сөздерін қабылдағандай, айтып-жазса (*ағылшын, орыс, неміс, кәріс, жанын, шешен т.б.*) онда олардың бөгделігін арнайы үңіліп зерттеген маман адам (лингвист) болмаса, кез келген жан аңғара бермейді.

Ал қазіргі сөздік құрамымызға ХХ ғасырдың екінші ширегінен (1938 ж.) бастап орыс тілінен және осы тіл арқылы басқа да шетел тілдерінен «халықаралық термин сөздер» деген жалған желеумен орысшаланып, тіліміздің табиғи заңдылықтарына бағынбай, түр-тұлғасын еш өзгертпей сан мыңдаған сөз енді. Оларды нағыз қазаққа айту да, жазу да қиын. Сол «термин сөздер» үнемі түбір қалпында қолданылмайтыны да, оларға әртүрлі қосымшалар жалғауға тура келетіні де баршаға белгілі.

Әдетте қазақ тіліне жанашырлардың арасында жат тілдік дыбыстары бар сөздер ғана тілдің табиғи бітім-болмысын бүлдіреді деген түсінік бар. Шынында да, олардың ойраны бірден көзге шалынады. Ал жат тілдік сөздер құрамындағы қазақ тіліне де тән дыбыстардың өзгеше, мәселен, орысша тіркесуінің тіл бұзарлық әлеуеті (потенциялы) жат тілдік дыбыстардан да ерекше күшті. Айталық, жіңішкелік белгісіне, сондай-ақ екі дауыссыз дыбысқа аяқталған орыс сөздеріне қосымша әртүрлі жалғанып жүр. Себебі қазақ тілінде сөз басында да, сөз аяғында да екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз қатар айтылмайды, сондай-ақ бір дыбыс түбір сөз құрамында қатарынан екі рет айтылмайды. Демек, «Сарыарқа», «қалааралық», «махаббат», «ләззат» т.б. сөздердің жазылуы қате.

Егер өзге тілдік сөздер «ст», «зд», «дж», «кс», «зм», «рс» т.б. дыбыс тіркесімімен аяқталса, қазақ тілінде олардың арасына «ы», «і» қысаң дауысты дыбыстары қосылып айтылады. Мысалы: *министір, коледіж, кодекіс, экстремизім, курыс* т.б.

Міне, қазақ тілінің осы сияқты т.б. заңдылықтары, тіпті Халел (Қалел. авт.) Домұхамедұлы «Сингармонизм түрік (түркі. авт.) тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті» [1, 82] деп ұлықтаған тіліміздің буын үндестік заңы ескерілмей дайындалған емле (орфография) ережелеріміз оның жазба тілін ғана емес, тірі (ауызша) тілінің өзін де табиғатынан алшақтатып барады. Сол себептен қазақ тіліне өзге тілдік дыбыс тіркесімдерімен енген сөздерді әркім өзінше дыбыстап, өздері дұрыс-ау деп ойлаған қосымшаларды жалғап жүр. Оған қазіргі жазба тіліміздің материалдарынан көптеген мысал келтіруге болады.

Орыс тілі әліпбиі және оның тілімізге өзгеріссіз енген сөздерін жазу ережелерінің ықпалынан болар, қазақ тілінің төл сөздерін айтып-жазуда да кінәратты жақтар баршылық. Мәселен, қазақ тілі дауыссыз дыбыстары және олардың сөз құрамындағы өзге дыбыстармен тіркесімі біраз мәселені қайта қарауды қажет етеді. Қазақ тілінің кейбір дауыссыз дыбыстары сөздің барлық орнында (позициясында) келе беретін болса, енді біреулері сөз басында айтылмайды. Сондай-ақ «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды. Оның өзінде «ж» дыбысымен бар-жоғы «тәж» және «баж (баж салығы)» деген екі сөз ғана аяқталады. Енді бұған өз ереже-қағида-сымен қазақ тіліне еш өзгеріссіз енген сөздердің айтылым-жазылым мәселелерін қоссақ, онда оның өз табиғатынан біртіндеп алшақтап бара жатқанын анық аңғарамыз.

Қазақ тілі жазуында (графикасында) үнемділік заңын сақтаймыз деп тағы бір өрескел қателікке жол бердік. Нәтижесінде «м» мен «н» үнді дауыссыздары секілді «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыздарын да сөз басында жазатын әрі айтатын болдық. Бұл дауыссыздардан сөз басталмайды, сондай-ақ қос дауыссыздан басталатын және қос дауыссызға аяқталатын шет тілдік сөздердің жазылуы қазақ тілі заңдылығы бойынша өзгеше. Өйткені әр тілдің өзіне тән дыбыстары, олардың тіркесуі, сондай-ақ олардың сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келуі тәрізді заңдылықтары бар.

Қазақ тілінде сөз соңында «йт», «нт», «рт», «лт» (айт, жент, құрт, кілт, т.б) сияқты үнді және қатаң дауыссыздар тіркесімі болмаса, басқаша тіркесіммен айтылмайды, демек жазылуы да мүмкін емес. Ал сөз ішінде үнді дауыссыздар өздерінен кейін келетін дауыссыздардың барлығымен тіркесе береді, солай болғанымен, біздің ойымызша, «км», «рм», «сл», «мл», «см», «др», «хн», «кр» дыбыс тіркесімдерімен жазылып жүрген кейбір «кірме» сөздердің (*рақмет, құрмет, мемлекет, ислам, медресе, сахна, мақрұм, ресми, емле*) ара-жігіне, тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтау мақсатында ешқандай жазу үнемділігін ескермей-ақ, «ы/і» қысаң дауысты дыбыстарын жазып-айтуымыз қажет сияқты.

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тіл болғандықтан, оған өзге тілден (орыс тілінен) енген сөздердің соңындағы қосарлы дауыссыздарға баса назар аударған жөн. Бұл жерде екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің қазақ тілінде дыбысталуында жүзеге асатын эпитеза, эпентеза, диэреза заңдылықтарын ескеру қажет.

Протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылса [2,260], эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады. Сөз соңы екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің соңына дауысты дыбыс қосып айтуды тіл білімінде эпитеза деп атайды [3, 404]. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген *киоск, танк, пропуск, диск* деген сөздер *киоска, танка, пропуска, диска* түрінде айтылады және жазылады. Ал қазақ тілінде бұл сөздердің жазылуы орысша түрінде

сақталғанмен, олар айтылуда *киоскі, таңкі, пропускі, дискі* түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады. Мысалы, *киоскіден, таңкіге, пропускіні, дискіні*. Бұл жерде өзбек тіліндегі «а» әрпі «ә» болып оқылатынын және қазақ тіліндегі сияқты «к», «г» дыбыстары оларда да жуан дауыстылармен тіркесе алмайтынын ескеру қажет. Демек, оларда «*киоск*» сияқты сөздердің айтылуы [кйӱскә] болады.

Сөз аяғындағы қос дауыссыздардың жазылуына бірдей қарауға болмайтыны сияқты екі қатаң дауыссыздан басталатын жат тілдік сөздерді жазуда да ескеретін тағы бір үлкен мәселе бар. Мәселен, қатаңнан кейін үнді келетін *президент, прокурор, пленум* сияқты сөздерде «п» дыбысынан кейін «ы», «і» қыстырма дыбыстарын қоспай-ақ, үнемдеп жазуға болатын болса (өйткені орысша дыбыс тіркесімін сақтап жазсақ та, нағыз қазақ «ы/і» дауыстыларын қоспай бәрібір айта алмайды), *стратегия, скат, спикер, сцена* сияқты екі қатаңнан басталған сөздерде міндетті түрде про-теза құбылысы ескерілуі қажет, себебі екі қатаң дауыссызды сөз басында айтуға қазақ тілінің дыбыс жасау (артикуляциялық) мүмкіндігі жоқ. Әлбетте, біртіндеп орысқа айналып бара жатқан «сәбіременій» қазақтың оған тілі келеді.

Латын әліпбиіне ауысу туралы қазіргі жазылып жатқан ғылыми мақалаларға, еңбектерге шолу жасау барысында байқағанымыз – көптеген тілші ғалымдар әліпбиге «в», «ф», «х» дыбыстарын да, тіпті қазақ тілінің үнді дауыссыз «у», «й» дыбыстарын орыс тіліндегідей дауысты дыбыс деп те енгізуді қалайды екен. Бұл, енді, орыс тілінің шылауына еріп жүре берейік, сөйтіп, өз тіліміздің өзіндік ерекшелігін біртіндеп жоғалтайық дегендікпен бірдей екені сөзсіз.

Бздің ойымызша, қазақтың латын қарпіне негізделетін болашақ әліпбиіне осы дыбыстарды кіргізбей қойсақ та, қазақ жазуы үшін үлкен жеңіс болмақ. Алайда «в», «ф», «х» дыбыстарын қазақтың төл дыбыстарына алмастыру мәселесіне қазақ тіл білімінің кейбір мамандарының өзі қарсы шығып жүр. Олардың ойынша, орыс тілінен, орыс тілі арқылы орысшаланып еуропалық тілдерден, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен кезінде жазба тіл (шағатай) арқылы енген сөздерде жазылатын «в», «ф», «х» дыбыстары «тілімізді байытқан, соның арқасында терминдеріміз бірізділікке түсіп, жаңа дыбыс тіркесімдер пайда болған» екен!

Осы дыбыстар қазақ сөзінің жеке сөз (лексикалық) ретіндегі мағынасына еш әсері жоқ артық дыбыстар екені айқын болса да («х», «ф» дыбыстарынан басталатын он шақты жасанды сөздер бар, егер олар қазақ тіліне тән болса, қазақ сөзінің барлық орнында қолданылуы керек), олардың сөздік құрамымызды шұбарлағаннан басқа, тіліміздің дамуына еш ықпалы жоқ екенін түсіндіре қоюдың өзі де өте қиын. Бұл мәселені біз талай мақаламызда біршама таратып айтқан болатынбыз. Дегенмен қазақ тілін топан судай қаптаған жат сөздердің тасқынынан қорғап қалып, кейінгі ұрпаққа таза қалпында жеткізу үшін әліпбиімізге зорлықпен енгізілген бөтен дыбыстардан құтылуымыз қажет-ақ. Алайда бұл жерде осындай жат дыбыстарды қазақша дыбыстағанда оларға қайсысына қазақ тілінің қай дыбысы сәйкес келеді деген мәселені анықтап алу қажет.

Басқа тілден табиғи жолмен енген сөздер өзі кірген тілдің заңдылығына бағынып, әуелде, яғни әдеби түрі қалыптасқанша әртүрлі нұсқада айтылады. Бұл – ұлттық тілдердің баршасына тән даму заңдылығы. Мысалы, араб тілінен енген көптеген сөз айтылу барысында ғана емес, тіпті біраз уақыт жазба әдебиеттеріміздің өзінде де бірнеше нұсқада қолданылып келді. Бұған қазақ тіліне араб тілінен енген сөздерді арнайы зерттеп, үлкен еңбек жазған Н.Оңдасыновтың мына бір сөзі дәлел: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісі ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде: тасбих сөзінің – 20, ижтиһаттың – 12, ілтипаттың – 8, ғибраттың – 7, әрекеттің – 6, қауіптің – 5, ұжданның – 4 варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтағын «рақметтің» («ырақымет» делініп, ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: рақмет, рақымет, рахмат, рахмет, рахымет сияқты 5 түріне кездестік. Бұл жағдай тіліміздің берекетін қашырып келе жатқаны сөзсіз» [4, 4].

Араб, парсы сөздері тілімізге, негізінен, ауызекі сөйлеу тілі арқылы енгендіктен, олар белгілі бір аймақтағы сөйлеу тілі ерекшелігіне сәйкес әртүрлі нұсқалар құрған. «Олар көбінше ислам ертерек тараған, бізден гөрі мешіт-медреселері көбірек болған

отырықты көршілес елдер бір жағынан Орта Азия, екінші жағынан татар және башқұрт тілдері арқылы келген» [4, 3].

Араб-парсы сөздері еліміздің оңтүстік өңірінде көбірек қолданылатыны да сондықтан және осы тілдерден енген сөздер оңтүстік өңірлерде жіңішке нұсқасымен айтылса, солтүстікте жуан нұсқамен айтылады. Мысалы, *кәзір, қазыр*. Ал әдеби нұсқа деп жазып жүрген *қазір* сөзіміз не оңтүстікке, не солтүстікке ішартпаймыз деп жасанды түрде, қазақ тілінің заңдылығына қайшы жасалған нұсқасы. *Қазір, қане, қате, кітап, мұғалім* сияқты т.б. көптеген сөзді әдеби нұсқа етіп алғанда, қандай қағидатты басшылыққа алғанымызды түсіндіру қиын. Мөлшері, қазақ тіліндегі буын үндестігі (сингармонизм) заңын біртіндеп жою мақсаты көзделген сияқты.

Қазақ тіліне тән емес «х» дыбысы күштеп ендірілгені тәрізді «ф» дыбысын да қазақ тіліне телудің нәтижесінде *Фатима, Фарида, Фазыл* сияқты т.б. кісі аттары пайда болды. Бірақ «ф» дыбысы арқылы осындай жасанды жалқы есімдер пайда болғаны болмаса, тілімізді бұл дыбыстан жасалған сөздер байытып жіберді деуге негіз жоқ.

«Қазақ тілінде орыс тілінің үлгісіндегі тіс-ерін жуысынқы «ф» дауыссызы жоқ. Сондықтан да «фабрика, физика, футбол» т.б. сөздердің қазақы айтылымы «пәбірике, пизика, путбол» болып жүр. Тіптен, орыс тілінен енген сөздердің құрамындағы «ф» дауыссызын сол орыс тілінің үлгісінде айтуға тырысқанның өзінде де, ол жуысынқы тіс-еріндік болып шықпай, ерін-еріндік <sup>h</sup>W (немес <sup>o</sup>П) болып айтылады (мұндағы <sup>h</sup>, <sup>o</sup> дәйекшелері қатаң, еріндік дегенді білдіреді)» [5, 80-81].

Араб тілінен енген *фасиқ, фаида, фатуа* сөздерінің қазақ тілінде *пасық, пайда, патуа* [6, 62-64] болып айтылуы қазақ тілінің бұл дыбысты өзіне қабылдай алмағанын көрсетеді. Яғни «ф» дыбысы арқылы келетін сөздер қазақ тілінде, негізінен, «п» дыбысына, кейде «б» дыбысына алмасқанын көреміз.

Қалай дегенмен, қазақ және орыс тіліндегі дауысты-дауыссыз дыбыстардың сапалық, сандық жағында да, олардың бір-бірімен тіркесуінде де үлкен айырмашылықтар бар. Бұл мәселе қазақтың болашақ латынша әліпбиін құрастыруда және сол бойынша емле ережелерін дайындауда қатаң ескерілуі керек.

### Әдебиет

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: «Ана тілі», 1991 жыл.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: «Санат», 1993 жыл.
3. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.
4. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша сөздік. I т. – Алматы: «Мектеп», 1989 жыл.
5. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009 жыл.
6. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша сөздік. II т. – Алматы: «Мектеп», 1989 жыл.

**Кайимов М.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ,  
2-курс магистранты*

### Ақын-жыраулар поэзиясының дамуы

**Аңдатпа.** Жыраулық поэзия – ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап құбылысы. Мақалада жыраулар поэзиясының қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Сондай-ақ, олардың халықтың рухани, саяси-әлеуметтік өміріндегі рөлі туралы айтылады.

**Аннотация.** Поэзия степных жырау – прекрасное явление народной литературы, которое формировалась и развивалась в течении столетий. В статье рассматривается формирование и развитие поэзии степных жырау. А также описывается их роль в духовной, социально-политической жизни народа.

**Abstract.** Poetry stepped to a zhayra – the fine phenomenon of national literature which I was formed and developed within centuries. In article formation and development of poetry stepped to a zhayra is considered. And also their role in spiritual, socio-political life of the people is described.

Қазақ хандығы түріндегі Қазақ мемлекеттерінің пайда болуына негіз болған себептер – Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қазақ рулары мен тайпаларының этникалық және саяси топтасуының күшейе түсуі, қазақ халқының қалыптасуы процесінің аяқталуы, феодалдық қатынастардың дамуы еді. Қазақ хандығының дамуымен қалыптасуына үлес қосқан хандар мен батырлар аз болған жоқ. Сол кезеңдерде хандардың тұлға ретінде қалыптасуына өзінің септігін тигізген жыраулар екендігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Хандар мен батырлардың ерліктерін дәріптеуде жыраулардың маңызды рөл атқарғандығы да бізге мәлім.

Зерттеушілер жыраулар поэзиясының дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады:

I кезең – (XI-XIV ғасырлар) жыраулар дәстүрінің негізі қаланған, ілкі кезеңі. Бұл кезеңге Кетбұға, Сыпыра жырау, Қодан Тайшының бізге жеткен мұралары жатады.

II кезең – (XV-XVI ғасырлар) жыраулық поэзияның әбден қалыптасқан кезеңі. Негізгі өкілдері: Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз жырау.

III кезең – (XVII-XVIII) жыраулық поэзияның анағұрлым кемелденген шағы. Негізгі өкілдері Жиёмбет, Тәтіқара, Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жырау.

Жырау – ақындық қабілеті бар жай ғана адам емес, ол ең алдымен, қоғам қайраткері, ақылшы, көсем. Жырау кез келген ұсақ-түйек күнделікті тұрмысқа қатысты жай-күйлерді жырлауға тиісті емес, ол «тынымсыз көшпенділер арасында күнделікті болып тұратын кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының жайы да жырау назарынан тысқары жатады [1, 129 б.]. Халық жыраулары – хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан жыршылары [2, 158 б.]. Демек, жырау жоғары тақырыптарды – қоғамдық мәні бар жайттарды толғайды, адамдарға ақыл айтып, кеңес беру, жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа үндеу сияқты жүк арқалайды.

Кемеңгер ғалым М.Әуезов елдің намыс оятатын қуат көздері – жері, тілі, діні екенін айта келіп, жыраулар поэзиясын дәл танып: «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі – толғау. Жыраудың мақсаты, міндеті «не болса сол көңіл ашар, «әлдене» дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи оқиғаның мазмұнын бағасын сөз қылады. Көбінесе жырау, әрі би болады», - деп бағалаған. [3, 25 б].

Ә.Марғұлан: «Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейкесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана жыр тудырған», - деп ой түйеді. [4, 73 б.].

XVIII ғасырға дейінгі қазақ көркем әдебиеті әлемінде орын алып келе жатқан жыраулық дәстүр өз күшінде болуымен қатар, онымен жарыса ақындар мектебі де бел ала бастады. Тілші ғалым Р.Сыздықованың еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, «қазақтың ақын дегені – жыраудың кейінгі кезде шыққан атауы (Н.С.Смирнова), «тарихи деректерге қарағанда жырауларды ақындардың ең көне типі деп есептеуге болатын сияқты (Е.Ысмайылов)». Түпнегізі қандай болған күнде де (қайсысы бұрын, қайсысы кейін шықса да), біз бір жайтты ашып айта аламыз. Ол – қазақ топырағында ақындар мен жыраулар дегендердің о бастан (яғни қазақ халық болып құралған заманнан) қатар өмір сүріп келгені. Бірақ олар қоғам өмірінде алған орны мен сол қоғамға қызмет етудегі арасалмағы барлық кезеңде бірдей болмаған. XVIII ғасырға дейін жыраулар дәстүрі басым болса, осы кезеңнен бастап ақындар әлеуметтік үнге ие бола бастаған [5, 152-153 бб.].

Ақындар мен жыраулардың негізгі айырмашылығы – жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның әлеуметтік биік сатыда тұруы шарт емес, ол – қарапайым халық ішінде жүріп, олардың күнделікті қуаныш-ренішін, мұң-мұқтажын, арман-тілегін көріп-біліп, соларды жырлайтын дарын иесі. Ақынның өлең шығаруы үшін ел басына түскен үлкен оқиға, дау-жанжал, қырғын – соғыстардың болуы тағы шарт емес. Ақын

поэзиясының азығы – күнделікті өмір, өз айналасы, өзін қоршаған табиғат, сондықтан ақынның тақырып өрісі еркіндеу. Мұның тіл үшін үлкен мәні бар [5, 153 б.].

Жыраудың басты жанры – толғау. Толғау жанры әдебиетіміздегі ақындар шығармашылығында, әсіресе жыраулар поэзиясында жиі орын алады. Толғау өлеңде ақындар өмір туралы, қоғам, адам тіршілігі, жақсылық, жамандық т.б тақырыптарда ақыл-өсиет, насихаттық тұрғыда ой қозғайды.

Толғау жанры қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған. Толғау тектес сөз үлгілерін қырғыздар «санатна-сыятырлар», құмықтар «ойлу йырлар», башқұрттар «қобайыр» деп атайды. Ноғай мен құмық әдебиетінде ерлік толғауы мағынасында қолданылады. Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы аталған халықтар әлі бөлініп үлгермеген XIII-XIV ғасырларға сәйкес келеді. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше өркендеп, өзінің жоғары даму сатысына жетті.

А.Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқышында» толғауға қатысты: «айтатын нәрсесін толғаушы ішкергі ғаламан алады; ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіру мақсатпен толғайды. Толғау – іш қандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», - деген пікірі айта келіп, одан әрі қарай: «ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында», - деп түйіндейді [6, 357-358 бб.].

Р.Сыздықова өз зерттеуінде: «Толғау дегеніміз – ой, толғаныс, түйін, мораль. Сондықтан жыраулар аз сөзбен көп ойды түйетін ықшам құрылымды поэзия түрін жасайды. Осы себептен де толғаулар көп сәттерде бір-біріне ұқсас үзіктерге, афоризмдерге айналып кетуге бейім», - дейді [5, 154 б.].

Зерттеуші Қ.Өмірәлиев: «Шешендік толғау-өлеңдерде өлеңнің ұзын-ырғасындағы сөз мөлшеріне шаққанда, дара сөздер де, дара формалар да әдебиеттегі өзге өлең түрлерінен барынша аз болады», - деп тұжырымдайды [7, 127 б.].

Жыраулар билеушілердің және адамдар жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүретін қоғамның мінсіз бейнелерін жасады. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады. Өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын толғады.

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық есті дүниелер қалдырды.

Жыраулық поэзия – ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік құбылысы. Жыраулық поэзия көбіне қазақта кең дамыған ақындық өнердің түрі, оның шығу тегі, көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүрген ру тайпалардың бай мұрасы. Сондықтан жыраулық поэзияда ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктермен бірге жазба поэзияға тән өрнектер де қатар кемелденген. Жыраулық поэзияда әсіресе бұрын ауыз әдебиетінде көп тараған толғау жанры, сөз үлгілері кеңінен қолданылған. Толғауда, негізінен, терең азаматтық әуен, замана келбеті, ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси, философиялық мәселелер мен тақырыптар ерекше орын алады [8, 3 б.].

Жыраулар мектебінің шарықтау биікке көтерілуімен, олардың алдында ел қорғау, халық бірлігі елді сақтау мәселесінің тікелей күн тәртібіне қойылуымен байланысты. Бұқар жырау сияқты ел қамын жеген, халық данасы болған қайраткердің дүниеге келіп, қиын кезде ел басқарған адамдарға адал, әділетті, көреген ақылшы бола білуіне де тікелей қатысты. Бұқар жырау өткен өмірге ынтық болып, соны көксеп, өкси жыламай да, одан біржола безбей де, әдебиеттің де, мәдениеттің де, қоғамдық ойдың да рухани қазынасын жақсы игеріп, оны жаңа заманға жалғастыра отырып, келешегін көрегендікпен болжай, бағдарлай білді. «Бұқар – халықтың өнеге-оқуы – дидактикалық поэзия мен азаматтық поэзияның жыршысы... Асанқайғы, Жиёмбет, Шалкиіз жыраулардан басталған азаматтық поэзияны тақырып әрі түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады. Поэзияның өз дәуірі мәселесіне араласып, жалпы халықтық ой-пікірдің, заман тынысының көрінісі ретінде қоғамдық құбылысқа айналуына зор ықпал етті. Бұқар жырау өзіне дейінгі қазақ поэзиясын толық пайдалана отырып, қоғамдық ой-сананы меңгеріп, өз заманы тудырған сол кезге лайық философиялық ой-пікір ай-



тып, ақыл-өсиет етеді. Бұқардың жырлаған басты тақырыбы – ел бірлігі, жұрт ынтымағы. «Жалғыздың шаңы шықпас, Жалғыз жігіт ел болмас» тәрізді халық нақылын өзінше жырлап, ондағы ойды өткірлей түседі. «Рулының оғы қалса табылар, Жалғыздың тартатұғын жағы қалса табылмас». Немесе: «Қара қойдың терісін Сабындап жусаң ағармас, Қалған көңіл табылмас», т.б. Сондықтан да, жыраудың ойынша, елдің бірлігі, заманның жақсылығы білгір, жақсы ханға байланысты [9, 2 б.].

Халқымыздың зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,  
Суырып салма жағы артық,  
Айтады олар ойланбай,  
Сыпыражырау, Шортанбай,  
Үмбетей мен Марабай  
Алды-артынақарамай,  
Сокқандажырдысуылдап,  
Желжетпейтінқұландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір судың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жаймашуақ кезеңі» – бар-баршысы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленгендеп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәті қара жырлағанда  
Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр, – деп аса қадірлеген.

Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес мұра, 550 жылдық тарихы бар Қазақ деген ұлы хандық өмірінен сыр шертетін рухани қазына.

### *Әдебиет*

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968. – 192 б.
2. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 1976. – 200 б.
3. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1964. 15 том, - 258 б.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 297 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2014. – 352 б.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ.Әнес. («Әдебиет танытқыш» кітабы. 235-453бб.). – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
7. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – 269 б.
8. Шорманова Қ.К. Хандық дәуір әдебиетінің зерттелуі. [www.rusnauka.com](http://www.rusnauka.com). – 7 б.
9. Исаев С. Жыраулар шығармаларының тілі. (Ғылыми мақала). [mtdi.kz](http://mtdi.kz). сайты, «Тілші ғалымдар» айдары, Алматы, 2013. – 3 б.

*Қарағұлова Б.С.  
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, ф.ғ.к., доцент  
Наурзалина Ә.Т.  
4-курс студенті*

### **Қазақ тіліндегі реалия сөздер және оның тақырыптық топтары**

**Аңдатпа.** Мақалада аудармадағы реалия сөздердің мән-мағынасы мен ерекшелігі, сондай-ақ тақырыптық топтары жөнінде баяндалады.

**Тірек сөздер:** реалия сөздер, аударма теориясы мен практикасы, эквивалентсіз лексика.  
**Аннотация.** В статье рассматривается содержание и особенности слов реалии, а так же о тематических групп.

**Ключевые слова:** национально-специфические реалии, безэквивалентная лексика, теория и практика перевода.

**Abstract:** The content and the importance of word realities and also thematic groups are considered in the article.

«Реалия» – латын сөзі, «зат», «нәрсе» деген ұғымды білдіреді. Реалия белгілі бір ұлттың, елдің өзіне ғана тән тұрмыстық, материалдық, рухани, тарихи-қоғамдық құбылыстары мен заттарының тура мағынасындағы атаулары деген мағынада қолданылады. Реалия сөздер аударма кезінде өзіндік қиындықтар тудырады.

Аударма теориясы және практикасы саласында жұмыс істеген С.И.Влахов және С.П.Флориндердің пікірінше, реалия сөздердің аудармасы екі рет шартты қағида бойынша реалия сөздер аударылмайды (сөздік тәртіп бойынша) және қағида бойынша ол аудару тәсілімен (контексте) жеткізіледі [1,80-б.].

И.Левый реалия сөздерді «аудармашының азабы» деп атаған [2,34-б.]. Осыған қарамастан А.В.Федоров «басқа тілге аударылмайтын сөз жоқ, яғни, берілген тілдің көп таралған сөз тіркестері мен сипатталмайтыны жоқ» деген пікір айтады [3,172-б.].

Аудару кезінде реалия сөздерді жеткізуде негізгі екі қиыншылық кездесетіні туралы айта кету қажет: аудару тілінде сәйкес сөздің (эквиваленттің) болмауы бұл осы тілде сөйлейтін адамдарда осы реалиямен белгіленген объектінің болмауына байланысты реалияның заттық мағынасын (семантикасын) жүргізгенде оның нақышын (коннотациясын), ұлттық-тарихи ерекшелігін де жеткізу қажет.

Көп уақыттан бері, реалия сөздерді аудару кезінде, ұлттық және тарихи өзгешелігін жеткізу маңызды мәселелердің бірі болып келеді.

Кейбір лингвист ғалымдар өз ғылыми зерттеулерінде «реалия» терминін емес, «эквивалентсіз лексика» терминін қолдайды. Алайда «реалия» ұғымын «термин» ұғымынан бөліп қарастыру керек. Реалия сөздер көркем әдебиетте жиі кездеседі. Олар белгілі бір халықтың мәдениетімен байланысты. Осы халықтың тілі үшін жалпы қолданбалы ал басқа тілдер үшін жат. Қандай да болса ұлттық бояусыз, ғылым саласына жататын терминдер жасанды түрде пайда болады. Олар тек қана затты не құбылысты атау үшін қолданылады. Енді «реалия» терминінің әр алуан анықтамаларын қарастырайық:

1. Реалия – бұл ұғым, практикалық түрде басқа тілде сөйлейтін адамдардың өмірінде болмайтын ұғым;

2. Сыртқы лингвистикамен және аударматанумен зерттелінетін әртүрлі факторлар және олардың тілде бейнеленуі, сондай-ақ берілген елдің мемлекеттік құрылымы, халықтың тарихы, мәдениеті, тілі берілген тіл меңгерушілерінің байланыстары және т.б.;

3. Сөздің нормативі мәні үшін негіз болып табылатын материалдық мәдениеттің заттары;

4. Өмірдің және тұрмыстың ұлттық ерекшеліктерін белгілейтін сөздер.

Аудармашылармен, аударма теоретиктерімен және лингвисттермен қолданылып жатқан терминологияда айқындық болмағандықтан аударматанудағы реалия және әдебиеттану ғылымындағы, лингвистикадағы реалия арасындағы шекаралар өте тұрақсыз.

«Реалия» сөзі – латын (realis, -e, көпше түрі realia – «зат, нәрсе») сын есімнің көпше тірінен шыққан. Сәйкес лексикалық категориялар ықпалының әсерінен (орыс және болгар тілдерінде) зат есімге айналды. Онымен (негізінен филология мәтіндерінде) материалды түрде болып тұрған немесе болған, көптеген жағдайларда мағынасы жағынан «өмір» ұғымымен затты, нәрсені байланыстырады; Мысалы «европалық (қоғамдық) өмірдің реалиялары». Сөздік анықтамаларына сәйкес – бұл «материалдық мәдениеттің кез келген заты», «классикалық грамматикада бұл осы тілде бейнелеу көзқарас тарапынан осы елдегі мемлекеттік құрылым, осы халықтың тарихы, мәдениеті, осы ана тілін білетін адамдардың қатынастары және т.б. әртүрлі факторлар», «сөздің атаулы мағынасы үшін негіз болған материалды мәдениеттің заттары».

А.В.Федоров реалияны түпнұсқаның сөзі ретінде анықтайды: «Ол тек қана аймақтық құбылысты білдіретін, басқа халықтың тұрмысында және түсінігінде болмайтын нәрсе»[3,171-б.].

Реалия – зат, елтану ғылымының шекараларында да кең мағынаны білдіреді. Кейбір кездерде ол тілдік емес ақиқаттылықтың яғни реалия-сөз шекараларына сыймайды, реалия – берілген тілдің лексикасының элементі ретінде бір белгіні білдіреді. Осы мәселені нақтылау үшін В.Д.Андреев, В.Г.Гак, Б.И.Репин осы ұғымды дәлдеуге тырысады. Сонда «реалия» терминімен бірге «реалия-сөз» терминін қолданады.

Реалия сөздерге эквивалентсіз лексиканы да жатқызуға болады. Эквивалентсіз лексика:

1. Басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе жартылай эквиваленттері жоқ лексикалық бірліктер (сөздер және тұрақты тіркестер). Өте жиі эквивалентсіз лексикаға: реалия сөздер, уақытша эквиваленті жоқ терминдер, кездейсоқ эквивалентсіз сөздер жатқызылады.

2. Аймақтық құбылыстарды және ұғымдарды білдіретін берілген мәтіндегі реалия сөздері, аударма тілінде сәйкестілігі жоқ деген сөздер.

Жоғарыда айтылған барлық анықтамалар аудару практикасына жатады да, аударма тілінде басқа тілде реалия болатын сөздерге тұрақты элементтердің болмау фактісін белгілейді. Алайда, мәдени, ғылыми-техникалық, саяси дамудың қарқынына байланысты белгілі бір кезеңде осы реалия сөздер және оларды белгілейтін сөздер аударма тілінде болмауы мүмкін.

Ал басқа жағынан, реалия белгілі бір тарихи кезеңмен шектеулі болуы мүмкін. Сонда, реалия сөздер тілде толықтауыш қызметін атқарады. Олар тек қана ерекше заттарды құбылыстарды білдірмей, сонымен қатар олар белгілі бір тарихи кезеңмен ара-қатынасын белгілейді. Ал тілдік формасы жағынан, негізінен, реалия сөздер зат есімдер(неміс ілінде өте жиі құрмалас зат есімдер), кейбір кездерде сөз тіркестері, аббревиатуралар, сын есімдер, етістіктер және зат есімдердің – реалия сөздердің туындылары.

Реалия сөздер сипаттайтын факторларына сәйкес келесі топтарға бөлінеді: 1) Заттық(географиялық, тұрмыс, киім, ақша, өлшеу бірлігі, сәулеттік, атақ және лауазым, партиялар, саяси әлеуметтік қозғалыстар, әскери, әкімшілік-территориялық бірліктер, фольклор, ойыншықтар, ойындар, билер, жанрлар, мәдени реалия сөздер); 2) Жергілікті (ұлтқа және тілге байланысты); 3) Уақыттық (осы заманғы және көне реалия сөздер); 4) Аудармашылық. Енді әрбір топқа жеке-жеке тоқталайық:

Заттық топқа белгілі бір халықтың өмірінің тұрмыстық жақтары кіреді.

Бұл топқа келесі реалия сөздер жатады:

А) географиялық және табиғатқа байланысты реалия сөздер (топонимдер): дала, тундра, каньон, фиорд, сексеуіл, жұт т.б.; Ә) тұрмыстық реалия сөздер: тамақ, квас, щи, галушки, бауырсақ, қымыз, көже, қуырдақ, палау, бифстроган, шаңырақ, сандық, саба, қоржын, торсық, күбі т.б.; Б) киім-кишек: кимоно, пима, сәукеле, мәсі т.б.; В) ақша, өлшем бірліктер: ақша: рубль, доллар, марка, теңге, сүйем, елі т.б.; Г) сәулет реалиялары: кесене, архитектура, Алаш хан күмбезі, буддизм мүсіні т.б. Ғ) лауазымдар, дәрежелер: царь, король, шах, хан, би т.б.; Д) партиялар, саяси-қоғамдық қозғалыстар: коммунистік партия, тори, виги, демократиялық партия т.б.; Е) әскери реалиялар: орда, жүздік, Қызыл Армия т.б.; Ж) әкімшілік-аумақтық бірліктер: губерния, облыс, штат т.б.; З) фольклор реалиялары, ойыншықтар, ойындар, билер, жанрлар, мәдени және мәдени-тарихи реалия сөздер: көкпар, асық, қыз қуу, барыня, батырлар жыры, әзірейіл, қорған, жын, сүре, жырау, айтыс, Соловей-Разбойник, серый волк, Ванька-встанька, Мальчик-спальчик, Алдаркөсе, матрешка, т.б.;

Бұл сөздер тілде барлық жанрда кездесе береді. Алайда осы топталған сөздерге аудару үрдісінде бірдей тәсіл қолдана беруге болмайды. Мәселен, шапан деген сөзді халат деп аударуға, диуана дегенді нищий деп аударуға болмайды. Өйткені бұл сөз екі тілде әр түрлі кезеңде әр түрлі ұғымға сай қолданылатын сөздер.

Реалия сөздердің бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аударылмайтыны баршаға мәлім. Солай бола тұра, зерттеушілер мен аудармашылар оларды бір тілден басқа тілге жеткізудің амалын таба білген.

«Жергілікті» топтау шартты болып табылады, өйткені реалия сөздер қандай да бір бөлімге жергілікті нышан бойынша жатқызылмай бір-бірімен шартты қатынаста және тығыз байланысты белгілер бойынша жатқызылған:

1. Реалия белгілейтін объектінің – оның референтінің ұлттық қатынастылығы;
2. Аудармаға қатысқан тілдер;

Аударма ерекшелігін негізге ала отырып – «екі тілдің жазықтықтағы қатынас құралы» және «қабылдау – қайта құру» сияқты аудару үрдісінің логикалық жүйелілігі – реалия сөздерді бұл сияқты бөлуге жергілікті нышан бойынша жатқызылмай, экстралингвистикалық, яғни, тілдік қағида (принцип) бойынша жатқызылып тұр. Ол реалия сөздерді бір және екі тіл жазықтығында қарастыруға мүмкіндік береді.

Бір тіл жазықтығында өзіндік және жат реалия сөздерді қарастыруға болады. Ал олар ұлттық (мемлекеттің барлық тұрғындарына, бүкіл халыққа белгілі), жергілікті (бір диалектіге жататын), микро жергілікті (белгілі бір аймаққа жататын) болып бөлінеді.

Екі тіл жазықтығында реалия сөздер ішкі және сыртқы реалия сөздер болып екіге бөлінеді. Сыртқы реалиялар екітіл үшін де жат (мысалы самурай – қазақ және орыс тілдері үшін жат, жапон тілін есептегенде) болады. Ішкі реалия сөздер екі тілдің біреуіне жатады, яғни, басқа тіл үшін бөтен, жат болып келеді (мысалы фиорд – орыс және украин тілдері үшін сыртқы реалия болады да, орыс және норвегия тілдеріне, немесе болгар және норвег тілдеріне ол сөз ішкі болады).

Бірнеше тілдерді қарастыра отырып, аймақтық (мысалы: «евро» - осы валютаны ұлттық ретінде қабылдаған мемлекеттер үшін) және интернационалды көптеген тілдердің лексикасында, олардың сөздіктеріне кірген, бірақ бастапқы мағынасын сақтаған реалия сөздерге бөлінеді (мысалы ранчо, текила).

Уақыттық белгісіне қарай жалпы реалия сөздерді шартты түрде қазіргі кездегі реалия сөздер және тарихи реалия сөздер деп екі топқа бөлуге болады. Осындай топтау нақты болу үшін уақыт факторымен белгіленген келесі мәселелерді қарастыруға болады:

1. Реалия сөздердің затқа және уақытқа байланысы;
2. Реалия сөздердің орынға және уақытқа байланысы;
3. Жат реалиялардың тілге енуі;
4. Реалия сөздердің көркем әдебиет арқылы тілге енуі;
5. Реалия сөздердің таныс немесе бейтаныс болуы.

Реалия сөздердің затқа және орынға байланысы. Реалия сөздер уақыт өтуіне байланысты терминдерге және керісінше, терминдер реалия сөздерге айналады. Кейбір терминдер, қандай да бір себептерге байланысты, әдетте референттің өзгеруіне байланысты ақырындап тарихқа еніп, тарихи реалияларға айналады. Ал кей кездері қарама-қарсы үдеріс те референтпен байланысты жаңадан құрылған құрал үшін, заттың кейбір бөлігі үшін ескі, жылдармен қолданылған реалия сөздерді қолданады. Ескі сөз жаңа өмірді термин ретінде бастайды. Мысалы *шлем, бригадир, легион* сөздері.

Реалия сөздердің орынға және уақытқа байланысы. Тарихи реалиялар өзінің тарихи көзінен өте сирек қол үзеді. Ондай жағдай, мысалы, реалия өте көне заманға қатысы бар болса ғана болуы мүмкін. Мысалы: тога, амфора, губерния, дума, дьяк және т.б. Көптеген сондай реалиялар уақыт өтуі мен басқа мағынасына ие болып, фразеологияға ауысады.

Реалияның орынға және уақытқа байланысты мағынасының өзгеруі өте маңызды ерекшелік. Осы ерекшелікті білмеу аудармашының ақиқаттылықты қабылдауын бұрмалап, аяғында сипатталатын шындық оқырмандардың көздерінде де бұрмаланады.

Белгілі бір тіл лексикасының жат реалиялармен толығуы жүйелі және бір қалыпты түрде өтеді. Бірақ кей кездері мемлекет өмірінің саяси-тарихи, қоғамдық қақтығыстармен, әдебиетте жаңа ағыздардың пайда болуымен және адамдардың талғамдарының өзгеруімен байланысты реалия сөздер де еніп отырады. Осыған байланысты аудару кезінде осы сөздерге баса назар аудару керек.

Аудармада үлкен қиыншылықты реалия сөздер туғызады. Өйткені аудармашыларда олардың нақты аудармасы болмайды. Сонда, олар реалия сөздерді қалай, қандай тәсілмен аудару қажет екенін ойлауға мәжбүр болады. Жоғарыда айтылғандай, реалия сөздер эквивалентсіз лексика тобына жатады. Яғни, аудару тілінде, басқа халықтың сөздігінде реалия сөздердің дәл аудармасы жоқ. Алайда, қатынас деңгейінде

реалия сөздерді аудару үшін тілдік тәсілдер бар. Эквивалентсіз лексика қатыстық және кейбір кездерде уақытты сипаттамаға сай.

Реалия сөздерді жеткізу негізінен аудармашының фондық біліміне байланысты. Бұл жалпы адамзаттық мәдени-тарихи (кең мағынада) және белгілі бір ұлттық –тілдік қоғамның ұлттық мәдениеттің бөлігін құрайды. Ал олай болса, осындай білімге шет тілдерді оқып жүрген аудармашылар да сай болу қажет (аударматануда осындай білімді фондық мәлімет, фондық білім деп атайды). «Фон» терминінің мағынасы басқа елдің, халықтың өмірі, мәдениеті туралы білім [4,94-6].

С.И.Влахов және С.П.Флоринге сәйкес, реалия сөздер деп белгілі бір ұлтқа немесе бір елге ғана тән, олардың тұрмысынан, қоғамдық өмірінен, мәдениетінен хабар беретін сөздерді ұғамыз.

Жоғарыда айтылғандай, реалия сөздерді аударған кезде қиыншылық туады: аударма тілінде эквиваленттің (сәйкестіктің) болмауы – аударма тілінде сөйлейтін халықтың (референттің) болмысында реалия белгілейтін заттың болмауы.

### Әдебиет

1. Влахов С, Флорин С. «Непереводимое в переводе». М.: Международные отношения, 1980.
2. Левый И. «Искусство перевода». М.: Прогресс, 1974.
3. Федоров А.В. «Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы)». М.: ФИЛОЛОГИЯ ТРИ, 2002.
4. Томахин Г.Д. «Реалии в языке и культуре». М.: Высшая школа, 1997.

**Қаршығаева А.А.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

### Жуан әуезді [дық, дік, тық, тік] жұрнағының артикуляциялық сипаттамасы

**Аңдатпа.** Мақалада фонетикалық бірліктердің үндесім артикуляциясын сипаттау үшін А. Байтұрсынұлы ұсынған жұрнақтың *дық, дік, тық, тік* топтамасы жеке жеке қарастырылып отыр. Қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар А. Байтұрсынұлы еңбектерінде жеткілікті. Соның бірі *дық, дік, тық, тік* жұрнақтарға қатысты, мақалада жеке жеке тоқталып талданады.

**Тірек сөздер:** үндесім, үндесім белгі, кейінді, әуезді, қосымша, жуан әуез, жіңішке әуезді, үйлесім жіктелім, үндесім жіктелім

**Аннотация.** В статье рассматривается артикуляционная характеристика аффиксов -дық/дік/тық/тік в казахском языке. Анализируются примеры, в которых согласно высказыванию А. Байтұрсынова, закон сингармонизма является фонетической единицей казахского языка.

**Ключевые слова:** сингармонический, сингармонический тембр, мягкий тембр, твердый тембр, ассимилятивная классификация, сингармоническая классификация

**Abstract.** This article phonetic unit stodescribethetonearticulationsuffixfromA. Baytursynuly Noah, background, and a series of vertical transmission is considered individually. The unity of the Kazakh word phonetic harmony (harmony) works A. Baytursynuly of evidence that is enough. One of them is Noah, background, transmission vertical extension of the article about the personal analyzed.

**Keywords:** сингармонический, сингармонический тон, мягкий тон, твердый тон, ассимилятивный классификация, классификация сингармоническая

Қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жеткілікті. Соның бірі жұрнақтарға қатысты талдауынан көрінеді. Мысалы, «лық» жұрнақ, бұл осы топқа кіретін үндесім түрлерінің бәріне ортақ атау болып табылады. Содан әрі қарай үндесім ереже беріледі: «Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дык» орнына «дік», «тык» орнына «тік» болып жалғасады...» [1,184]. Ұныөзі фонетикалық деңгейде жасалған шешім, үндесім түрлерінің арасынан негізгі үлгісін тауып, оны ортақ атау ретінде пайдаланған. Әрине үндесім құбылысына келгенде бұл ұстаным шартты амал болып табылады. Өйткені фонетикалық тұрғыдан үндесім варианттарының барлық түрлері тең мәртебелі. Сондықтан оның бірін жоғары, енді бірін төмен қоюға болмайды. Бірақ зерттеу амалы ретінде, сондай-ақ оқу-әдістеме тұрғысынан ең көп кездесетін түрін бастың ұсқа ретінде қабылдауға болады. А.Байтұрсынұлының үлгісі осыны көрсетеді.

Жұрнақ құрамындағы (басындағы)  $d^0$  дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*кейінді*.

Үндесім белгісі –*кейінді*.

Жұрнақ құрамындағы (ортасындағы)  $y$  дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*кейінді*.


Үндесім белгісі –*кейінді*.

Жұрнақ құрамындағы (аяғындағы)  $q^{st}$  дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*кейінді*.

Үндесім белгісі –*кейінді*.

Сонымен *лық* жұрнағының құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық белгісі түгелдей кейінді болып, бәріне ортақ артикуляциялық белгі болып тұр (1-сурет). Соның нәтижесінде жұрнақ тұтастай жуан әуезді болып естіледі: [д ы қ].

Қосымша *дық* жұрнағының құрамындағы дыбыстардың жасалымына қатысты тілдің қалпы ауыз қуысында біркелкі кейін жылжып жатыр. Соның нәтижесінде жұрнақтың естілімін жуан әуезді деп түйсінеміз.



1-сурет –*Дық* қосымшасының әуез артикуляциясы

### Қазақ тіліндегі жуан әуезді *дік* қосымшасының (жұрнағының) артикуляциялық сипаттамасы

Жұрнақ құрамындағы (басындағы)  $d^i$  дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*ілгерінді*.

Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Жұрнақ құрамындағы (ортасындағы)  $i$  дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*ілгерінді*.


Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Жұрнақ құрамындағы (аяғындағы)  $k^i$  дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*ілгерінді*.

Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Сонымен *дік* жұрнағының құрамындағы *дауысты-дауыссыз* дыбыстардың артикуляциялық белгісі түгелдей *ілгерінді* болып, бәріне ортақ артикуляциялық белгі болып тұр (2-сурет). Соның нәтижесінде жұрнақ тұтастай *жіңішке әуезді* болып естіледі: [д' і к'].

Қосымша *дік* жұрнағының құрамындағы дыбыстардың жасалымына қатысты тілдің қалпы ауыз қуысында біркелкі ілгері жылжып жатыр. Соның нәтижесінде жұрнақтың естілімін *жіңішке әуезді* деп түйсінеміз.



2-сурет – *Дік* қосымшасының әуез артикуляциясы

### Қазақ тіліндегі жуан әуезді *тық* қосымшасының (жұрнағының) артикуляциялық сипаттамасы

Жұрнақ құрамындағы (басындағы) *m<sup>bi</sup>* дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі – *кейінді*.

Үндесім белгісі – *кейінді*.

Жұрнақ құрамындағы (ортасындағы) *ы* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі – *кейінді*.


Үндесім белгісі – *кейінді*.

Жұрнақ құрамындағы (аяғындағы) *қ<sup>bi</sup>* дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі – *кейінді*.

Үндесім белгісі – *кейінді*.

Сонымен *лық* жұрнағының құрамындағы *дауысты/дауыссыз* дыбыстардың артикуляциялық белгісі түгелдей кейінді болып, бәріне ортақ артикуляциялық белгі болып тұр (3-сурет). Соның нәтижесінде жұрнақ тұтастай жуан әуезді болып естіледі: [т ы қ].

Қосымша *тық* жұрнағының құрамындағы дыбыстардың жасалымына қатысты тілдің қалпы ауыз қуысында біркелкі кейін шегініп жатыр. Соның нәтижесінде жұрнақтың естілімін жуан әуезді деп түйсінеміз.



3-сурет – *Тық* қосымшасының әуез артикуляциясы

### Қазақ тіліндегі жуан әуезді *тік* қосымшасының (жұрнағының) артикуляциялық сипаттамасы

Жұрнақ құрамындағы (басындағы) *m<sup>i</sup>* дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі – *ілгерінді*.

Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Жұрнақ құрамындағы (ортасындағы) *i* дауысты дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*ілгерінді*.


Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Жұрнақ құрамындағы (аяғындағы) *k'* дауыссыз дыбысы тілдің ауыз қуысында ілгері жылжып жатуы арқылы жасалады, сондықтан тілдің көлденең қалпына қарай үндесім жасалымының белгісі –*ілгерінді*.

Үндесім белгісі – *ілгерінді*.

Сонымен *лік* жұрнағының құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық белгісі түгелдей ілгерінді болып, бәріне ортақ артикуляциялық белгі болып тұр (4-сурет). Соның нәтижесінде жұрнақ тұтастай жіңішке әуезді болып естіледі: [t' i k'].

Қосымша *тік* жұрнағының құрамындағы дыбыстардың жасалымына қатысты тілдің қалпы ауыз қуысында біркелкі ілгері жылжып жатыр. Соның нәтижесінде жұрнақтың естілімін жіңішке әуезді деп түйсінеміз.



4-сурет –*Тік* қосымшасының әуез артикуляциясы

Фонетикалық бірліктердің (сөз, буын) үндесім артикуляциясын сипаттау үшін А.Байтұрсынұлы ұсынған жұрнақтың бір ғана *лық* топтамасын алдық. Өзге үндесім сөздер мен қосымшаларды талдап жатудың қажеті жоқ, өйткені бір топтаманың үндесім сипаттамасы өзге де сөздер мен қосымшалардың үндесім әуезіне сай келеді. Қазақ тіліндегі үндесім құбылысының басты ерекшелігі осында болып табылады.

Сонымен А.Байтұрсынұлының қазақ сөзін *жуан/жіңішке* деп бөлгендегі әуез түрлерінің артикуляциялық сипаттамасы әзірге тек тілдің көлденең қалпына қатысты. Ал ерін әуезін А.Байтұрсынұлының ескермегендігі жоғарыда айтылды.

Жоғарыдағы фонетикалық талданымды А.Байтұрсынұлының дәйекшісінің артикуляциялық (жасалым) сипаттамасы ретінде беріп отырмыз. Өйткені «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады...». Сөз алдында дәйекші жоқ болса, онда ол сөздің жасалымы кейінді, естілімі жуан, ал сөз алдында дәйекші тұрса, онда ол сөздің жасалымы ілгерінді, естілімі жіңішке болып шығады.

А.Байтұрсынұлының «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді» [1, 186] деп, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара байланысар «заңы» деп берген үндесім заңының артикуляциялық анықтамасын «сөз құрамындағы біркелкі кейінде не ілгерінді болып жасалуы» деп түйіндеуге болады. Сонда сөз құрамындағы дыбыстарды өзара байланыстыратын артикуляциялық белгі анықталады, сөйтіп А.Байтұрсынұлының дәйекшесі артикуляциялық анықтамамен толықтырылады.

#### Әдебиет

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
2. Жунисбек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Арыс, 2008. – 108 б.
3. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2008. – 75 б



## **Түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы**

**Аннотация.** Изучение семантических разрядов глаголов в тюркских, в том числе казахском языке в целом и лексико-семантических и грамматических особенностей глаголов движения позволяют увидеть что они многогранны и многозначны. Одну из основных семантических групп в тюркских языках, в том числе казахском составляют глаголы. Темы обусловлена необходимостью создания картины целостной структуры семантического развития и понимания *глагольдвижения* в казахском языке. Основные значения глагольдвижения одинаковы из-за общего происхождения из древнетюркского языка, но второстепенные значения различны в следствие расхождений. Особое внимание уделяется словообразовательным функциям вспомогательного компонента, выявлению всех его свойств и признаков. Дается научно-теоретическая характеристика семантики глаголов, которые выражают разные действия. Выявляются и анализируются различия между понятиями сложных и простых глагольных действий.

**Ключевые слова:** глаголы движения, лексико-семантический, словообразование, семантика, глаголы движения, вспомогательный глагол, глагольное действие.

**Abstract.** The study of semantic verbs in Turkic digits, including Kazakh language in general and lexical-semantic and grammatical features of verbs of motion allow you to see that they are multifaceted and ambiguous. One of the main semantic groups in the Turkic languages, including Kazakh up verbs. Relevance of the topic due to the need to create a complete picture of the structure and semantic understanding of verbs of motion in the Kazakh language. The main value of the verbs of motion are the same because of the common origin of the ancient Turkic language, but the values are different due to minor discrepancies. Particular attention is paid to word-formation function of the auxiliary component, revealing all of its properties and characteristics. We give a scientific-theoretical characterization of the semantics of verbs that express different actions. Identify and analyze the differences between the concepts of complex and simple verbal action.

**Key words:** verbs of motion, lexical-semantic, word formation, semantics, verbs of motion, auxiliary verb, verb action.

**Кіріспе.** Етістік құрылымы тұрғысынан зерттелгенімен, зерттелуге тиіс мәселелері баршылық, әсіресе оның мағыналық қыры, семантикалық табиғаты, өріс мәселесі. Осы тұрғыдан қарастырғанда, қозғалыс етістіктерінің мағыналық құрылымын зерттеудің маңызы ерекше. **Қозғалыс** етістіктерінің тіл жүйесіндегі екінші қызметі – грамматикалық қызметі. Қозғалыс етістіктері көмекші етістіктер ретінде морфология аясында біршама зерттелді. Етістіктердің морфологиялық аспектісі түрлі бағыттарда жүйелі қарастырылды. Түркітануда олардың мағынасы (лексикалық, грамматикалық) және тұлғалық ерекшелігімен қатар көрініс, сыпат, модалділік т.б. категориясының көрсеткіші ретінде және *аналитикалық формалармен* байланысты зерттелді.

**Негізгі бөлім. Етістік** – есімдерден кейінгі екінші орында тұратын лексика-грамматикалық категория. Ол қолданылу аясы аса кең, әрі мағыналық қырлары күрделі, көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс. Етістіктің жеке лексика-семантикалық топтарының мағыналық қыры мен функционалды-коммуникативтік қызметі жағынан анықтауды қазақ тіл білімінде, соның ішінде түркітануда зерттеуді қажет етеді. *Әрекет* және *қозғалыс* амалын білдіретін етістіктер – семантикалық ерекшелікке, яғни мағынаға, рендік мәнге бай, объекті, субъектімен тікелей байланысты тілдік бірліктер. Олар әрекеттің, қозғалыстың амалын білдіріп, мағынасы жағынан тілде ерекше орын алады. Мағынасының кеңдігінен бұларды бір-бірінен айыру қиын. Осыған орай түркологтар *әрекет*, *қозғалыс* амалын білдіретін етістіктер

түрік тілдерінде әлі де жүйесі табылмаған, жете зерттелінбеген, өзге етістіктерден айыратын ұстанымдар да анықталмағандеп санайды.

Сөздерге семантикалық зерттеу жүргізу тілдің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қандай да бір тіл бірлігі мағыналық қыры арқылы белгілі бір тілдік деңгейге топталады, мағыналық өрісі негізінде тілдік бірліктердің қолданылу мүмкіндіктері және ішкі мағыналық өзгерістері анықталады. Көпмағыналық сипаты ашылады. Сөздердің көпмағыналық құбылысын анықтау лексикографиялық жұмыстары үшін маңызды. Ол көпмағыналық сөздерге семантикалық талдау жасау негізінде анықталады. *Қозғалыс етістіктері* етістіктің басқа лексика-семантикалық топтарына қарағанда лексика-грамматикалық қызметі басым. Олардың грамматикалық *жұмсалымы* (функциясы) жиі және әр түрлі. Көмекші етістіктерді осындай қызметке жетелейтін олардың көпмағыналық сипаты, мағыналарының жалпылығы. Қозғалыс етістіктерінің түркітануда, қазақ тіл білімінде зерттелу тарихы ертеден келе жатыр. Етістіктер ерте кезеңнен тіл зерттеушілерінің назарында болды. Түркі тіл білімінде қозғалыс етістіктері жайлы бастапқы ақпарат-дерек берген Н.К.Дмитриев [1, 276], Түркі тіліндегі қозғалу етістіктерін мағыналық жағынан біршама тереңірек қамтыған Э.Р.Тенишев. Ол бұл етістіктерді екі мағыналық топқа бөледі: ортақ мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері және белгілі бір мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері. Тілші «Әрекеттің мейлі ол өндірістік процесі не табиғат құбылысы болсын логикалық тұрғыдан алғанда өзінен кейін әр кез белгілі бір нәтижесі болады. Мысалы: тат. *ясау – жасау* қимыл-әрекетті білдіреді, әрине, қозғалыспен байланысты бола тұрса да, тек қимыл ғана, өйткені бұл әрекеттен адам қажетін қанағаттандыратын белгілі бір іс пайда болады», - деп анықтама берген [2, 256]. *Әрекет және қозғалыс* амалын білдіретін синонимдес етістіктер түркі тілдерінде амал-әрекет етістіктерді деп танылады. Ол туралы біраз пікірлер айтылып та жүр.

Түркі тілдерінде бұл етістіктің лексика-семантикалық тобының көлемі бірізді анықталып, функционалды қасиеттері әлі зерттеуді, саралауды қажет етеді. Мағынасына, өзіндік белгілеріне қарай топталған осы синонимдес етістіктерді іштей кішірек топтарға бөлуге де болады. Мәселен, әрекет және қозғалыс амалын білдіретін синонимдес етістіктерді: а) әрекет амалын білдіретін синонимдес етістіктер, ә) қозғалыс амалын білдіретін синонимдес етістіктер деп екі топқа бөліп, *семантикалық* (мағыналық) *өрісін* анықтауға болады. Бұларды іштей бірінің мағынасын бірі саралайтындай етіп, әрбір сөздің мағынасына, синонимдік ұясына, қолданылуы жиілігіне қарай тағы да бөлуге, жіктеуге болатынын Э.Р.Тенишевтің, Г.Тумашеваның, В.Ф.Вещилованың [3, 271] Мәселен, М.Садықова өзбек тіліндегі етістіктердің тобын «харакат феллари (амал әрекет етістіктері) деп атайды да, оның *аяқ* әрекеттерімен байланысты (жүру, жорғалау т.б.), *қол* әрекеттерімен байланысты (ұстау, шымшу т.б.), *бас* әрекетімен байланысты (басын кесу, басын шайқау т.б.), сөйлеу етістіктері» деп төрт топқа жіктеген. И.Кучкартаев үш топқа бөліп: 1) іс-әрекет етістіктері; 2) ақыл-парасат мәнді етістіктер; 3) сөйлеу әрекетті етістіктер деп қарастырған. Басқа түркі тілдерінің тілдік деректеріне негізделген ғылыми еңбектерде басқаша топтастырылған. Г.К.Кулиев эзербайжан тілінің деректеріне негіздеп амал-әрекет етістіктерін: 1) өнімді әрекет етістіктер; 2) қирату, бүлдіру әрекетті етістіктер; 3) ішінара өзгерту мәнді етістіктер; 4) затқа динамикалық түрде әсер ететін етістіктер; 5) ас қабылдау үдерісін білдіретін етістіктер деп бес топқа бөлген. Амал-әрекет етістігінің мағынасы бір нәрсені *жасау, өңдеу* мағынасынан кендеу екендігі анық. Әрекет және қозғалыс амалын білдіретін етістіктер мағыналық өрісінің кендігіне байланысты тілде жиі қолданылады. Мысалы: *амандасу – сәлемдесу – қол алысу – саулық сұрасу; ұрсу – жекіру – жеку – зіркілдеу; тиесу – арту; жерлеу – көму – қою; асығу – сасу – абыржу – аптығу – сасқалақтау – қалбалақтау – әбігерлену – дегбірсіздену; домалау – дөңгелеу; құтқару – босату – азат ету; ұрлау – жымқыру; кету – таю – жөнелу – бару – тайқу – жоғалу; құйылу – ағу – саулау; ағу – сорғалау – дірдектеу; сырғыту – сыру – жылжыту; сырғанау – тайғанау; құлдилау – төмендеу – ылдилау т.б.* осы топқа жатады.

Түркі тілдеріндегі қозғалу етістіктерін екі мағыналық топқа жіктеген: а) қозғалыс бағытын білдіретін етістіктер; ә) қозғалыстың амал-тәсілін білдіретін етістіктер. Қа-

зақ тіл білімінде етістікті қарастырған ғалымдар етістік семантикасын назарларынан тыс қалдырған жоқ. Ы.Маманов етістіктерді сегіз топқа бөліп көрсетеді. Тілші «Етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып бөлу өте қиын, тіптен мүмкін де емес... қазақ тілінде етістіктердің лексикалық мағыналардың өзгешеліктері олардың грамматикалық формаларымен түрленуіне әсер етпейді. Сондықтан түбір етістіктерді сөздің мағынасына қарай топтастырып бөлудің ешқандай практикалық мәні жоқ» [4, 33]. Қазақ тілінде етістікті мағыналық топтарға бөліп көрсеткен А.Хасенова «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» атты еңбегінде етістікті салт және сабақты етістік деп бөліп, бұл екі топты ішінара бірнеше топшаларға жіктейді [5, 179]. А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Етістіктің лексика-семантикалық сипаты» деген тақырыпта етістіктерді он бір топқа бөліп көрсетеді [6, 224]. Қ.Қасабекованың «Қазіргі қазақ тіліндегі бір түбірлі салт етістіктер» және Н.Оралбаеваның еңбектерінен «барлық қозғалыс етістіктерінің ортақ мағынасы субъектінің кеңістіктегі қозғалуы болып табылады» [7, 179]. деп анықтама береді. М.Оразов «Етістік семантикасы» еңбегінде етістіктерге арнап олардың *дифференциалдық семасын* үш топқа жіктейді. Етістіктерді жіктей келе: «Қозғалу етістіктері дегеніміз әрекетке душар болған зат не амал-әрекеттің иесі бір орыннан екінші орынға өтуін білдіруі шарт» деп атап көрсетеді [8, 56]. М.Оразовқазақ тіліндегі етістіктер сан жағынан да көп, мағынасы мен қызметі жағынан да өте күрделі екенін айта келе, оларды: 1. Әрекет және қозғалыс амалын білдіретін синонимдес етістіктер: *алысу – жұлысу – күресу; амандасу – сәлемдесу – қол алысу – сәлем беру; құтқару – босату – азат ету; секіру – қарғу– ырғу.*

2. Сезімді, көңіл-күйді білдіретін синонимдес етістіктер: *көру – қарау – байқау – бағдарлау – барлау, нану – сену, сезу – білу, жылау – еңіреу – боздау – өкіру – өксу, сағыну – зарығу – аңсау – көксеу, шошу – үрку.*

3. Жай – күй я калыпты білдіретін синонимдес етістіктер: *тосу – күту, үдеу – өршу – ұлғаю – күшею.*

4. Бейнені білдіретін синонимдес етістіктер: *сығыраю – сықсию – бітшию, ыңқылдау – ыңырану – ыңырсу, дүрсілдеу – гүрсілдеу – тарсылдау – тырсылдау, көку – мылжыңдау- оттау, ұялту – қызарту, арсылдау – ырылдау.*

5. Сапа, я белгі процесін білдіретін синонимдес етістіктер: *ұзау – алыстау – қашықтау, ескіру – көнеру – тозу, көгеру – көктеу.*

6. Ойлауға, сөйлеуге қатысты синонимдес етістіктер: *түсіну – ұғыну – көкейге қондыру; ойлау – еске алу – еске түсіру; айту – сөйлеу – деу, сөйлесу – әңгімелесу – кеңесу, күңкілдеу – міңгірлеу.*

7. Субъективті реңкті синонимдес етістіктер: *кісімсу – адамсу, азырқану – азсыну – қомсыну – місе тұтпау, қамқорсу – жаны ашығансу.*

Қозғалыс етістіктерін сөзжасам саласы жеке қарастырмағанымен, етістіктерге қатысты морфология, сөзжасам аспектісіндес сөз болады. **Негізгі бір буынды түбір етістіктер** көбіне бір буынды болып келеді. *ас, кет, кел, бар, қайт, жүз, жүр, шық, мін, түс, көш, қу, қаш, өт, ұш, бос, без, ақ, бат, ер, оз, өр, ен, тарт, ау, жел, жет, жорт, зыт, жыт, кез, там, шап. Негізгі екі буынды түбір етістіктер: самға, құди, шүйіл, ұмтыл, сүйре, жылжы, жөңкі, жүгір, сырғы, қарғы, құла, секір, сандал, сүңгі, тара, айда, тасы, жүйткі, жосы, жөне, құйғыт, айнал, қозғал, кілкі, қалқы, тарт, тақа, ұза, шоршы, шұба, ырышы, ілбі, ілес.* Тілде қолданылып, кәдеге асылып жүрген қимыл атауларын: 1. Негізгі түбірлер; 2. Туынды етістіктер деп екі үлкен топқа бөлінеді. Бірінші топтағылар еңбектің сөзжасам саласында сөздік қор, яғни сөзжасам орбитін *ұя-ұйытқы-негіз* есепті пайдаланылады. Өз ішінде етістіктен етістік етістік туындайтын топ құрайды. Бұл екінші топ – сөзжасам тәсілдерінің тілдегі қалыпты нәтижелері. Шығу тегі, жасалу жолдары, дербестік те тұлғалық тәуелділік т.б. жақтарын бұлардың сөзжасамның заңдылықтарына айналған екі үлкен саласында танылады. 1. Туынды түбір етістіктер. 2. Күрделі туынды етістіктер, құранды етістіктер. Туынды түбір етістіктер: а) етістік және б) есімді негізді болып екі үлкен топ құрайды [9, 379]. *-ла, -ле жұрнақтары.* *-ла, -ле* жұрнағы барлық өз табына (есімдіктен басқа) жалғанып түрлі етістіктер жасайды. «Мезгіл және мекен үстеулеріне, амал үстеулеріне *-ла, -ле* жұрнағы пайда болған туынды

етістіктер» салт етістік тобына жатады да, адамның не басқа заттың қозғалыс, қимылын және өзгеру күйін білдіреді. *Не де болса ілгерілей берейік, - деді Балағазы* (Абай жолы.4,17 б.) *-ла, (-ле,-да, -де, -та, -те)* жұрнақтары – етістік тудыратын жұрнақтардың ішіндегі функция жағынан ең өрісті, мағына жағынан оралымды және өте өнімді қосымша [6, 231]. *Ілгеріле, кейінде, көлденеңде* т.б. туынды түбір етістіктер бар[6, 234]. Бұл етістіктер көбінесе қозғалыстың бағытын білдіретін сөздерге жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, жоғарыға қарай жүрді – *жоғарыла*; ілгері қарай жүрді – *ілгеріле*,ылдиға қарай жүрді – *ылдилады*. Бағыт және қозғалыс бір сөзбен беріледі. Үстеу+ *-ла. Жоғарыла, төменде, биікте, ілгеріле, ылдила, құлдила, өрле, төрле*, т.б.Сын есім+*-ла, -ле:-жақында, алыста, жуықта*; Зат есім+*-ла:аяңда, жорғала, жағала, еңбекте*; Еліктеуіштер+*-ла:зула, зымыра, зырла, қаздаңда,зуылда. -қы,-кі,-ғы,-гі - құйғы, орғы*, өзгелік етістің *-т* жұрнақты түрінде: *құйғыт, орағыт* түрінде қолданылады. *Түбір етістік + күрделі жұрнақты:-лат, -лет, -дат, -дет, -тат, -тет*қосымшалар *-ла,-де, -ле, -да, -та, -те* және өзгелік етістің *-т* жұрнақтарының бірігуінен жасалған *құранды* жұрнақ. *-Лас, -лес...* аффикстері қосылған түбірлердің есім мағыналарында жұмсалуы:

1. Мен кешігіп келмесем,Сіздер де боп *тілеулес* (Қобыланды батыр).

Бұл *-лат* формантты туынды етістіктер адамның және басқа қимыл иелерінің мезгіл және мекенмен қатысты болатын қозғалыс қимылдарын білдіреді-*мала, -меле-домала, өрмеле; -а + -ла -қуала, -қыла: шапқыла* [5, 179]. Мысалы, *түнделету, семейлету, таулату, жоталату* т.б. *Олар таулатып кешкісін ауылға жетіп қонды* (Абай жолы, 4, 17 б.).

**Күрделі етістіктер**– тілдің сөзжасам құбылысына жататын белгілі сөзжасамдық үлгі арқылы жасалып, күрделі қимылды білдіретін лексикалық. Күрделі етістіктер – бір лексикалық мағына білдіретін ең кемі екі сыңардан жасалған, тілде жеке дербес сөздің қызметін атқаратын лексикалық бірліктер [9, 396]. Күрелі етістік екі сөздің тіркесуінен жасалады, бір лексикалық мағынаны білдіреді, туынды күрделі етістікке айналады: *қашып кету, барып келу, шаба жөнелу, кіріп шығу, келіп кету, қайтып кету, қашып шығу, көшіп келу*, т.б. **Қосарлы етістіктер.**Екі етістік қосарланып, бір ғана түбір сөз мағынасын білдіретін етістіктер қос түбір етістік деп аталады. Қазақ тіл білімінде етістіктен болған қос сөздердің барлығы да үстеуге жатқызылады. Белгілі грамматикалықкатегорияларға тән біраз сөздердің қайталау, қосарлану,тіркесу арқылы күрделі сөз жасалады. Бірақ ол сөздерден барлық уақытта жаңа лексикалық мағына туындамайды. Олар тек грамматикалық мағына білдіреді. Етістіктер де (*келе-келе, айта-айта, сөйлеп-сөйлеп*, т.б.)қайталанып жұмсалып, қимылдың үстемеленуі, қайталануы тұрғысынан грамматикалық мағынаны жасайды. Бір грамматикалық категорияға тән екі басқа сөзді қосарлап жұмсап, күрделі сөз жасау да заңды құбылыс. Мысалы, *келіп-кетіп, жатпай-тұрмай, келген-кеткен* (етістіктер) күрделі сөздер қосарлану арқылы жасалған. Бұл күрделі сөздердің де мағыналары жалпылау, жинақтау, болжаудау мөлшерлеу сияқты тұтас ұғымдарды білдіреді, демек бастапқы мағыналары өзгермейді [6, 95]. Қосарлы күрделі етістіктер – мағынасы жағынан тең мағыналы екі сөздің қосақталып, бір мағыналы сөзге айналуының нәтижесі. *Келіп-кетті, кіріп-шықты*, бұлардың барлығы күрделі етістіктер. Осындағы күрделі етістіктің әрқайсысы біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді. Бұл тұрғыда оның мағынасының туынды түбірлердің мағынасынан айырмашылығы жоқ. Бірақ туынды түбірлер дара ұғымды білдірсе, аналитикалық сөздер күрделі ұғымды білдіреді. *Келіп-кет* деген күрделі етістік әуелде *келу, кету* қимылын білдіргені сөзсіз. Бірақ олар дербес сөз болудан қалып, біртұтас лексикалық мағынаға көшкен, осының нәтижесінде олардың құрамындағы етістіктер дербес қимылды білдірмей, күрделі қимылдың атына айналған.Қозғалыс етістіктері қос сөзді құрылымда келеді. Бұлар да күрделі қимылдың атауын білдіреді. Қарсы мәнде КЕ-ден жасалады: *келіп-кетіп, мініп-түсіп, барып-келіп, шығып-түсіп* т.б. Қозғалыс етістіктері құранды құрылымда келеді. Бұл етістіктер көбіне қозғалыс ұғымыныңтүрлі сапасыарқылы бір күрделі лексикалық бірлік жасалады. Мысалы: *жорғаға салды, желдей зулады, бүлкілге салды*, т.б. Фразеологизм құрылымды қозғалыс етістіктері: *шаң ілеспеді, жұлдыздай ағу, аяғы-аяғына жұқпау, екі өкпесін қолына алып жету, өгіз аяңға салу*, т.б.

**Қозғалыс амалын білдіретін етістіктер.** Олар қозғалыс амалын, қимылдың шегіне жете аяқталу, аяқталмауын, оның жылдамдығын білдіреді. Қозғалыс амалын білдіретін етістіктер мағынасы жағынан кеңістікте субъектінің қозғалыс амалын, және өте қажетті процестерді білдіріп, көбінесе жалпы мағынада жұмсалынады. Мысалы: «*мінү - отыру - қонжию - қону*» мәндес сөздері – контекске байланысты түркі тілдеріне ортақ жалпылық мағынасы бар байырғы сөздер. Мысалы, Баласы атқа *қонып*, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай берегенде, Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды (Абай жолы. I, 101). Байдалының бар мінез, бар сөзін мақұл көріп, Базаралы атқа *мінді* (Абай жолы. I, 367). Тырнағы қарысқан бүркіт түлкінің үстіне *қонжиып* алған» (Абай жолы. II, 265). Осылардағы қозғалыс амалын білдіретін етістіктердегі тұрлаусыздық бір уақыт, сәт қозғалыс амалын қамтып көрсетпейді. Жасалатын қимыл – қозғалыстың нақтылығы қалай жүзеге асқандығы тек есім сөздер арқылы танылады, өйткені қозғалыстың жүзеге асу жолы, амалы, тәсілі нақтылы мәтінгенемесе анықтағыш сөздердің көмегі арқылы анықталады.

**Ағу:** *ағылу, жөңкілу, жосу, босу, шұбыру, шұбау, шуау* етістітерінің бастапқы ұғымынан жалпы кеңістіктегі қозғалыс ұғымдары туындайды. Мысалы: *Ағып келді. Ағын, ағыс, ағым*- зат аталымдары т.б.

**Кету.** *жозғалу, таю, жөнелі тайқу, көшу* етістігі де субъектінің кеңістікте бір орнынан екінші орынға ауысуын білдіреді. Сонымен бірге мұнда көшуші субъектімен бірге оның дүние-мүлкінің де көшірілгенін білдіретін астар бар және бұл арадағы етістікке ие болып отырған субъект жанды зат болатыны да белгілі қарастырылған етістіктердің семантикасы қозғалыс бағытын көрсетпегенмен, қозғалатын субъектінің қозғалу процесінің бейнесін көрсетеді. Етістіктер қозғалыс бағыты тұрғысынан қарғанда бейтарап етістіктер тобына жатуы мүмкін. Бұл шарт көп жағдайда мәтін ішінде жұмсалым мақсатына қарап белгіленеді.

Қозғалыс амалын, қимылын білдіретін синонимдес етістіктер іштей уақыттың, жылдамдықтың, қозғалыс бағытының әсеріне байланысты жіктеледі. Мәселен, «*асығу – абыржу*», «*аптығу – сасу – сасқалақтау – қалбалақтау – әбігерлену – дегбірсіздену*» т.б. осындай синонимдік қатардағы сөздер адамның *асығуын, дегбірсізденуін* бірдей дәрежеде көрсете алмайды, олардың әрқайсысы өз семантикасына лайық қозғалыс я қимыл жағының түрлі көріністерін ғана қамти көрсетеді. Мысалы, *асығу* – тек уақыттың жетіспеушілігінен болған көрініс болса, *абыржу* – кісінің *ішкі көңіл-күйінің* бір жайлы я бір орында болмауынан, толқуынан туған *асығу әрекетін* аңғартады. Ал, *аптығу* – асыққандықтан, сасқандықтан көңілдегі *қобалжу күшейіп*, барынша алқынып қалуы білдіреді. *Сасу* – асыққандықтан, дегбірсізденгенін, *не істерін білмей қалу қалпын* көрсетеді; *әбігерлену* – *абыржу, асын-сасу*, кісінің *әуре-сарсаңға түсіп мазасыздануынын* білдіреді. Қозғалыс амалын білдіретін мұндай синонимдес етістіктер қозғалыстың болып өткендігін мәлімдеп, сол жөнінде хабарлап ақпараттан толық мәлімет береді. Осы топтағы синонимдес етістіктер басқа түрік тілдеріндегі сияқты қозғалыс тәсілдеріне, амалдарына қарай бөлінбейді. Мысалы, Н.К.Дмитриев «Татар тіліндегі қозғалыс етістіктері (басқа түркі тілдеріндегідей қозғалу әрекетіне қарай сараланбайды)», - [1, 276] дейді. Бірақ қазақ тілінде қозғалыс тәсілі жанама жолмен беріледі. Мысалы, *кету - таю - жөнелу* деген синонимдес етістіктер, олардың қалай жүзеге асуын мәтіннен білуге болады... Әйгерім Абайға..., Кім білсін, - деді де өңі өзгере барып, қабағына кейіс (кейіген күйінде) алған бойынша, *үйіне кетті* (Абай жолы. II, 224). Егер өзге сөздерсіз тек қана *кетті* деген болса, Әйгерім орнынан тұрып, *орнын қалдырып, қозғалу* арқылы тек *қашықтағандықты* білдіреді де, одан қалай, қайтіп, қайда кеткенін көрінбейді. Сондықтан да мәтін бойынша Әйгерімнің қозғалғанын ғана емес, қайда кеткенінен де ақпарат алынады. Екіншіден, мұндай қозғалыс қимылының болу тәсілін сөйлемдегі сөздер арқылы анықтауға болады. Мысалы, Әбіш пен Мағыш ... Қазір аттарын доғартпастан тезінен *ар жаққа жөнелу* керек (Абай жолы. IV, 44). Абай ...былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға *кеткенде*, дәл осы қоныстан, *Есенбайдан кеткен болатын* (Абай жолы. I, 11). Мұндағы субъектінің қай жаққа баратынын, қай жерден шыққанын мәтін ішіндегі «*ар жаққа, Есенбайдан қалаға*» сөздері мәлімдейді. Қозғалыс амалын білдіретін кейбір синонимдес

етістіктер мағынасы жағынан қозғалыстың бағытын білдіреді. Қозғалыс бағытын білдіретін етістіктер: *көтеру - жоғарылату, кету - таю - жөнелу* т.б. Бұлардың ішінде кең түрде белсенді қолданылатын сөздер; *кету, міну, отыру*. **Кету**көлденен бағыттағы қозғалыс та, **мінутік бағыттағы** қимылды білдіреді, мысалы, «Абай бұлардың қайсынан оқшауырақ кетіп, жалғыз шомыла бастады» - дегенде қалып-күйдің өзгеруі басым. Мұндағы қозғалыс үдерісі ұзақ уақытты қамтиды. Мұндай қасиеттердің, яғни заттың жай-күйінің я қалпының өзгеру қасиеті екінші бір мәндес сөздің мағынасынан көрінеді.

Етістіктің лексикалық мағынасында үнемі қимыл, қозғалыс бола бермейді, кейде етістік белгілі бір заттың қимылдың қалпын да білдіреді. Мысалы: *жату, ұйықта, күлу* сөздері қимыл қозғалысты білдіріп тұрған жоқ, адамдардың белгілі бір уақытта қандай қимылдың қалпында болғандығын аңғартып тұр.

**Қорытынды.** *Қозғалыс* – философиялық категория, қозғалысты білдіретін етістіктер мағыналық жақындығына қарай үдерістің түрлі бағытын, ауысқандығын жалпы, әрі нақтылы мағынаны: заттың үдерістегі өзгерістің уақытты қамту жылдамдығы бірдей еместігін білдіреді. Қазақ тіліндегі қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикасы көпқырлы және күрделілігімен ерекшеленеді. Қозғалыс етістіктерінің семантикасын талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, қозғалыс үдерісінің өзін білдіреді. Екіншіден, негізгі семантикалық бірліктер – *жылдамдық, бағыт* – мәтіннен байқалады. Үшіншіден, бұл етістіктердің ауыспалы мағыналары, сөзжасамдық қызметі де бар.

#### Әдебиет

1. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Л., 1948. – 196 с.
2. Тенишев Э.Р. Глаголы движения в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – С.232-293.
3. Вещилова В.Ф. Глаголы движения в турецком языке. // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Лексика. – М., 1962. Ч.4. – С.101-114.;
4. Тумашева Д.Г., Лизунова Р.Д. Многозначность и омонимия аналитических конструкций с глаголами движения в тюркских языках. // Вопросы алтайского языкознания. – Горно-Алтайск, 1988. – С.128-145; Кучкартаев И. Семантика глагола речи в узбекском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Горький, 1969. – 14 с.; Кулиев Г.К. Глагольное управление в азербайджанском и туркменском языках. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Баку, 1969. – 42 с.
5. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі (Етістік). / Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
6. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1971. – 308 б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. – 407 б.
8. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы. 1975. – 136 б.
9. Оразов М. Семантика казахского глагола. Автореф. дис. ... док. филол. наук. – Алма-Ата, 1983. – 42 с.
10. Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. / Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б. / – 394-400 бб.

**Қожахметова А.Қ.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының 2-курс магистранты*

#### Корпустық және мәтін лингвистикасының сабақтастығы

**Андатпа.** Корпустың маңыздылығы оның мәтінді аннотациялауында, соның негізінде сөз қолданысының коммуникативтік-прагматикалық қызметін айқындайтын мәтіндерге талдау жасау мақсаты қойылуында. Корпусқа енгізілетін мәтіндер әртүрлі жанрларды (көркем әдеби тіл, публицистика, ғылыми-техникалық мәтіндер т.б.)

камтиды. Мәтіндерді іріктеу семантикалық талдау жасау компьютердің мүмкіндігіне орай жасалады. Яғни бұл жүйедегі зерттеу ауқымының сандық сипаты мен сапалық мәні сабақтастығы. Компьютерлік технологияның көпқырлылығы мәтін лингвистикасы, мәтіндік талдау мәселелерінің қарқынды дамуына үлкен мүмкіндік туғызады.

**Түйін сөздер:** компьютер, корпуслық лингвистика, корпус, мәтін.

**Аннотация.** Корпус предназначен, в первую очередь, для проведения научных исследований в сферах лексики и грамматики языка, а также для выявления неярко выраженных изменений в языке в процессе его развития на протяжении относительно небольших отрезков времени – от одного до двух столетий. Другая задача корпуса – обеспечение необходимой справочной информацией относящейся к таким областям языкознания как лексика, грамматика, акцентология, история языка и др. Современное программное обеспечение компьютерных технологий во многом упрощает и ускоряет процессы лингвистической обработки текстов больших количественных и качественных объемов. Процессы глобализации в сфере науки и информационных систем, так же как и Интернет, внесли значительные изменения в развитие современного языкознания. «Корпусная лингвистика», как отдельное направление в языкознании находится только на начальном этапе своего развития.

**Ключевые слова:** компьютер, корпусная лингвистика, корпус, текст.

**Abstract.** The other goal of Corpus is providing necessary information related to such spheres of language as lexis, grammar, accent study, history of language etc. The texts of different genres such as of fiction, informative, scientific and technical contents etc. are put into Corpus. Semantic analysis of text, thus, is carried out by computer programs. The modern software in computer technologies in many regards simplifies and accelerates operations of linguistic processing of the texts of small and big quantitatively and qualitatively sizes. Processes of globalization in the field of science and informational technologies, as well as Internet, remarkably contributed in the modern development of linguistics. Corpus Linguistics as a separate branch of linguistics is at the early stage of its development.

Thus, in the period of independence, Corpus Linguistics is facilitating complex study of urgent problems in modern Kazakh linguistics.

**Keywords:** computer, corpus linguistics, corpus, text.

Қазіргі заманғы тіл ғылымы қатынас құралы қызметімен қатар кумулятивтік, танымдық қызметтеріне де айрықша назар аударылып отыр. Осының негізінде көптеген жаңа бағыттар пайда болып, тілдік бірліктерді әртүрлі қырынан зерттеп келеді. Қазіргі уақытта тілді антропоэктік бағытта зерттеу кең етек жайып, тіл тек тілдік жүйесі аясында зерттеліп ғана қоймай, тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен компьютер сынды зерттеулер жүргізіліп жатыр.

XX ғасырдың екінші жартысында «мәтін лингвистикасы» пайда болып, қарқынды дами бастады. Алғашқы негіздері Батыс Еуропада Ш.Балли еңбектерінде қарастырылған, бергіңдей келе көптеген ғалымдар мәтін лингвистикасын зерттеліп, еңбектерін де сөз болып әлі күнге дейін жан-жақты қарастырылуда.

Қазақ тіл білімінің мәтін лингвистикасына қатысты өзіндік ой-пікірлерін білдірді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде бастау алып, мәтін туралы зерттеулер Р.Сыздық, Е.Жанпейсов, Б.Шалабай, Н.Уәли, Г.Смағұлова, Г.Әзімжанова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде саралана бастады. Соның нәтижесінде, мәтін теориясының көптеген мәселелерінің басын ашылып, ғылыми еңбектер жарық көре бастады.

Ғалым Г.Әзімжанова «Көркем проза прагматикасы» деген еңбегінде мәтін лингвистикасының басты мәселелерін көрсетеді. Олар:

- 1) Фразааралық қарым-қатынастар және фразааралық байланыстар;
- 2) Сөйлемдер (ой білдіру) және мәтін арасындағы бірліктер мәселесі;
- 3) Мәтін құрылысы және оның тұтастай алғандағы қасиеттері;
- 4) Мәтін құрайтын интонация (элементтері);

5) Мәнмәтін мен мәтін қатысы, мәтін және астарлы мәтін, мәтін және за текст, яғни лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ара қатысы;

6) Мәтіннің эмотивтік мәселесі [1].

Көріп отырғанымыздай, мәтін арқылы қарастырылатын зерттеулердің аясы кең, мәтінді зерттеуге қызығушылықтың артуына аталған мәселелер әсер етері белгілі. Мәтіннің көмегімен тілдің сонау заманнан күні бүгінге дейінгі өмір сүруін, заңдылықтарын анықтай отырып, тіл біліміндегі шешуін таппай жүрген мәселелерді дәлелдеуге бірден-бір қызмет ететін тілдік бірліктерді қамтитын құбылыс. Мәтіннің тікелей көмегімен, біз ұлттың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, рухани қайнар көздерін аша аламыз.

Г.Смағұлова өз еңбегінде: «Мәтін – тілдік құралдар арқылы фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлердің белгілі бір жүйеде қызметі көрінетін, толығымен мәтінде көзге түсіп, қызмет ететін тұстарының өміршеңдігін байқататын – тілдік бірліктердің ұйымдасқан түрі. Мәтінге талдау жасау арқылы тілдің құрылысы, заңдылықтары мен қызметі танылады» деп дәлелдей түседі [2].

Тіл білімінде мәтін бағытының дамуы қаламгерлердің көркем сөзді қолдану шеберлігін айқындай отырып, тілдік тұлға екендіктерін дәйектеуге, олардың сөзқолданысының қасиетін ашуға, ұлттық мәдени лексемаларды тануға жол ашты. Мәтін лингвистикасы тілдің көркемдігін сипаттайтын стилистикадан бастап, қазіргі таңда әртүрлі қырларынан антропоцентристік тұрғыдан когнитивті лингвистика, лингвомәдени, коммуникативті-прагматикалық аспектіде және қолданбалы лингвистика аясында қарастырылып отыр.

Аталғандардың ішіндегі қолданбалы лингвистика саласында мәтіннің статолингвистикалық зерттелуі барысында автоматты өңдеу ісі басталып, технологияның көмегімен жиілік сөздіктер жарияланды. Осының нәтижесінде қазақ тілінің қолданбалы саласының жаңа бағыттарының қарқындап дамуы – мәтінді, тілдік деректерді компьютерлік базаларға енгізіп, оны тұтынушының мүмкіндігіне барынша ыңғайлы болуын көздеу ісі қолға алынды. Ал мұның теориялық та және практикалық та маңызы зор деуге болады. Қазіргі қазақ тіл білімінің даму процесі заман өзгерісіне сай, соның ішінде жаңа технологияны, яғни компьютерлер мүмкіндіктерін тілді зерттеу барысында кең қолдануды қажет етеді. Бұл корпустық лингвистика саласының пайда болуына әкелді.

Корпустық лингвистика 1963 жылы АҚШ-та өмірге келіп, Браун корпусынан (The Brown Standard Corpus of American English) бастау алды. Бұл корпусың көлемі 1 млн. сөзқолданыстан тұрады және оның құрамында әрбіреуі 2000 сөзқолданысқа тең 500 мәтін бар [3]. Осы бағыттың аясында мәтінді корпустық лингвистика аясында зерттеудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырыла бастады. Заман сұранысынан туындаған саланың негізгі ұғымдарының бірі – «корпус» термині. «Корпус» дегеніміз компьютердің жадына электронды түрде енгізілген мәтіндер жинағы. Көлемді мәтіндерді компьютер жадына түсіріп, оны автоматты түрде пайдалану жұмысы да жүзеге асырылуда. Әрине, бұл жұмыстың қажеттігі тек бүгінгі таңға емес, оның болашағының зор екендігі тілшілер арасында күмән туғыза қоймас.

Тілдің ұлттық корпусы көлемді болуымен, күрделілігімен ерекшеленеді. Ол үшін тілдегі бірнеше функционалды стильдер қамтылуы керек. Алайда ең алдымен көркем әдебиет стиліне ерекше мән беріледі. Себебі тілдің ұлттық корпусын түзу үшін кез келген қаламгердің шығармасы алына бермейді, әдеби тілдің дамуына өзіндік үлес қосқан, өзіндік қолтаңбасы бар сөз зергерлерінің шығармасы ғана алынғаны маңызды. Ұлттық корпусқа алынатын тілдік бірліктерді шектеуге келмейді. Онда әдеби тіл нормасындағы сөздермен қатар әдеби тіл нормасына енбейтін сөздер де алына береді.

Тілдегі бұл бағыт технология мүмкіндігіне сүйене отырып дамиды, алайда осы тұста тіл халықтың рухани және материалдық мәдениетінің жарқын айнасы екенін ұмытпау маңызды. Технологияның мүмкіндігін пайдалана отырып, тілді түрлі деңгейде талдау, зерттеу жүргізуге талпынған әртүрлі бағыттардың қалыптасуы, тіл көп қырлы болып табылатындықтан, оны әр қырынан зерттеу ешқашан артық болмас.

Тілді ұзақ жылдар бойы оның жеке бірліктерін, яғни дыбыс, сөз, сөз тіркестері және сөйлеммен шектелгені белгілі. Соңғы жылдары тілді сөйлемнен де үлкен тұтас



абзац және мәтінді зерттеу үрдісі кеңінен таралуда. Мәтін ұғымына қатысты зерттеулер жүргізіліп, мәтіннің ерекше құрылымға ие екені анықталып отыр. Сондай-ақ соңғы жылдары компьютерлік технологияның қарқынды дамып, ғылымның әр саласына ықпал етіп, олардың мүмкіншіліктерін кеңейтіп, жаңа ғылыми бағыттардың туындауына әкеліп жатыр. Сондай бағыттардың бірі корпустық лингвистика мәтін лингвистикасына да өз әсерін тигізіп, оның зерттелу арнасын кеңейте түсті.

Корпустық лингвистика кеңістігінде көркем сөздердің тілін кең арнада зерттеудің өзіндік тиімділігі де баршылық. Яғни компьютердің мүмкіндігімен алынған мәтіндердегі көркем сөздерді зерттеу қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары бірі лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистика т.б. салалары өзара үндесіп, өзекті мәселелерді шеше алатыны айқын.

Корпустық лингвистика тілдік материалдарды жинау мен сақтаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдеріне – жазба мәтінді қол күшімен өңдеу, лұғаттық картотекаларды жинау мен сақтау түрлеріне тікелей әсер етті. Бұл жаңа бағыт арқылы қажетті материалға қол жеткізу, деректерді сақтау мен өңдеуде компьютерлік бағдарламалар арқылы жедел түрде жүзеге асады. Мәселен, корпустық лингвистика да жинақталған көркем мәтіндердің көлеміне шектеу жоқ, ол миллион сөзқолданыстан асып түседі. Миллиондап жиналған мәтіндерден белгілі бір автордың еңбектерін алып, оны өз зерттеуімізде электронды нұсқасында пайдалана отырып, зерттеуімізді біршама жеңілдеті аламыз. Корпуста жинақталған мәтіндерден компьютердің мүмкіндігіне сүйеніп, «корпустан іздеу» деген тегікті басып «сөзді енгізу» деген тұсқа қажетті деген сөзді жазып, оған қатысты шыққан мысалдарға қажетті талдауымызды жүргізе аламыз (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының алғашқы нұсқа жобасы негізінде айтылып отыр). Корпустың аталған бастапқы нұсқасында «уыз» сөзіне қатысты 85 құжат саны табылды. Осы орайда өзіміз зерттеп отырған ақын-жазушының шығармаларынан келтірілген мысалдарды таңдап ала аламыз. Әрине, бұл жаңа бастама болғандықтан, әзірше сөздің кездесу жиілігі аз болып тұр. Алайда болашақта ауқымы кеңейіп, компьютерлік мүмкіндігі артқан кезде бұдан да көп сөзқолданыстарды таба аларымыз белгілі. Мәселен менің зерттеу нысаным Ә.Кекілбайұлының шығармалары. Осыған байланысты өзіме қажетті мысалдарды таба алдым. Мысалы, «уыз» сөзін мәтіндерден, оның ішінде Ә.Кекілбаевтың «Бәсеке», «Автомобиль» атты шығармаларынан іздеу барысында мына сөйлемді кездестірдік. *«Ол ұлық үйіне Шіліктің бойынан қызырға жолыққандай қызара бөртіп, асып-тасып барғанда бәйбішесінің алдынан марқаның ақ уыз құйрығын асып отырғанын көреді. Үйдің ішіне былбырап піскен жас еттің уыз иісі жайылды. Өзеннің шығыс бетіндегі екі даналық төбенің күңгейінен ала Балпанға қараған ағайын-жекжат ақ уыздай қылып алпыс үй тігеді»* («Бәсеке» шығармасынан). *Әлгі бір тарпаңдай басқан талтаңбай неменің мұның сүттен ақ ұп-уыз сезіміне, Жамалдың айдай ажары мен абзал арманына, тіпті мынау жарық дүниенің тас төбесіне жаңағы машинаның көлеңкесіндегідей қып талтайыптұрып түкіргені бар ма!* («Автомобиль» шығармасынан). Қаламгер уыз сөзін тағамның атауы емес, бұл ретте *жас ет, тәтті иіс, әдемі үй, жас, балғын сезім* деген мағынада сипаттап, сөздің әрін кіргізіп отырып, оқырманның бұл көркемдеуіш сөзге бей-жай қарап қалма-сы белгілі. Әбіш Кекілбайұлы ұлттық сананы көтеру, ояту, жаңғырту үшін тілдік бірліктерді өте ұтымды қолдана білетін, ұлттық рухты жандантыратын ұлттық тілдік тұлға екені белгілі. Осы сынды ұлттық рухани-материалдық тілдік бірліктерді жиі қолданылатын жазушылар шығармасын алу маңызды іс.

Демек, корпус арқылы өзімізге қажетті сөз, сөйлем, мәтінге, мәтінтүзуші тілдік бірліктерге талдау жүргізуде өз ісімізді жылдамдаға, әрі жеңілдеті аламыз сөзсіз.

Корпустық лингвистикада жинақталған мәтіндердің авторлары мен шығарманың қай жылы жазылғанын, яғни әр дәуірдің көркем шығармаларын зерттеу қажет болса, технология мүмкіндіктерін сүйене отырып, қажетті ақпаратты да ала аламыз. Аталған саланың тілдік материалдарды барынша көлемді жинап, оларды сақтап, ұлттық мұраларымыздың жойылып кетпеуіне, олардың кең түрде таралуына, мәтінді зерттеудің мүмкіндіктерін барынша кең пайдалануға жол ашып, мәтін лингвистикасының арнасын кеңейтіп, тіл біліміне жаңа, тың дүниелер әкелуге үлкен үлес қосары сөзсіз. Кор-

пустық лингвистика компьютерлік технологияны пайдаланатын сала ретінде зерттеу нысанының жаңаша тұрғыда қарастырылуына әкеледі.

Қорытындылай келсек, мәтін лингвистикасы мен корпустық лингвистика салалары бір-бірімен өзара тығыз сабақтаса отырып, бір-бірін толықтырып, жаңа қырынан тануға, зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдер түрлерінің пайда болуына септігін тигізбек. Сондай-ақ қазақ тіл білімінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын аша түсуге, нақтылауға және ұлттық құндылықтарымыздың маңызын айқындауға, мәдени тілдік бірліктердің сақталып, таралуына, тілші мамандардың қызығушылығын оята түспек.

### *Әдебиет*

1. Өзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. – Алматы, 2005. – 11-бет.
2. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2002. – 21-бет.
3. Жұбанов А.Қ. Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистика. – Алматы, 2012. – 535 б.

**Құдасова А.Т.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
2-курс магистранты*

### **Күрделі атаулардың уәжделу принциптері**

**Аңдатпа.** Мақалада күрделі сөздердің ертеден дәстүрлі лексика-грамматикалық жолмен зерттеліп келгендігі қарастырылады. Аталмыш әдіс күрделі атаулардың тек ішкі құрылымдарын анықтауды жүзеге асырады. Сонымен қоса мақалада күрделі атаулардың, оның ішінде атаудың, аталымның, және де когнитивті теорияның аз зерттелімі жайында қарастырылады.

**Тірек сөздер:** атау, уәждеме, күрделі сөздер, ұғым, аталым.

**Аннотация.** В статье констатируется тезис о том, что исследование сложных слов давно осуществляется с позиций традиционного лексико-грамматического описания. Данный метод позволяет определить в сложных наименованиях лишь их внешнюю структуру. Вместе с тем отмечается в статье, что сегодня вопросы углубленного рассмотрение внутреннего строения слова в рамках общей структуры значения слова, связи сложных наименований с теориями словообразования, номинации, мотивации, а так же с когнитивной теорией являются мало исследованными.

**Ключевые слова:** наименование, мотивация, сложные слова, понятие, название.

**Abstract.** In the article a thesis is established that research of difficult words a long ago comes true from positions of traditional lexico-grammatical description. This method allows to define in the difficult names only their external structure. At the same time registers in the article, that today questions deep consideration of internal structure of word within the framework of general structure of value of word, connection of the difficult names with the theories of word-formation, nomination, motivation, and similarly with a cognitive theory are small investigational.

**Key words:** the name, motivation, difficult words, concept, name.

Тіл халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірмен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір өзіне қажетті ұғымды тұғырса, сол жаңа ұғымды жаңа атаумен қамтамасыз ететін – тіл. Тіл – тазалықты, тұнықтықты, мөлдірлікті қажет етеді. А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы жөнінде: «Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілдік сөзді тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» деген ойы өте қымбат ой болса керек. Атау жасаудағы алғашқы белгілердің таңдалуы, тілдік бірліктермен бекілуі аталымның негізін құрайтын әрекеттер.

Б.Қасым: «...күрделі атаулардың сөзжасамға, таным, аталым және уәждеме теориясына қатыстылығы, оның сөздің мағыналық құрылымындағы, ішкі деңгейіне терең үнілу – зерттеулерде кенжелеу, назардан тыс, қалыс келеді. (Бұған мектеп оқулықтары, колледж, ЖОО-ның оқулықтарын жатқызуға болады)», – дейді [1, 236]

Тіл білімінің уәждеме теориясы тұжырымдамалары орыс лингвистикасында В.В. Лопатин, Е.С. Кубрякова, О.И. Блинова, Н.Д. Голев, М.Н. Янценецкая сынды тілшілер еңбектерінде қамтылған. [2, 186] Қазақстан ғалымдарынан М.М. Копыленко, Л.К. Жаналина, Б. Қасым, А. Салқынбай тағы да басқа ғалымдар өз еңбектерінде осы мәселенің шешілуіне үлес қосқан [3, 33].

Лексикология саласында алғаш мотивология (уәжтаным) терминін енгізіп, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі құс атауларының жасалуын уәждеме тұрғысынан қарастырған ғалым М.М. Гинатулин. Тілші «Мотивация как языковое явление есть акт отражения признака предмета в его названии средствами языка», - деп алғашқылардың бірі болып уәждеме құбылысына анықтама береді [4, 11].

Жалпы күрделі аталымдар уәждеме теориясына келсек, қазақ тіл білімінде күрделі атаулар 1980 жылдарға дейінгі еңбектерде сөз тұлғасының бір түрі – күрделі сөз деген ұғымда морфологиялық категория ретінде қарастырылып келгені, 1989 жылдан бастап сөзжасам жүйесінде қарала бастағаны белгілі. Күрделі атаулардың кең тараған бір түрі заттың күрделі атауларын сөзжасам жүйесінде кешенді түрде арнайы зерттеу профессор Балқия Қасым еңбектерінен басталады десек, күрделі атаулардың ол жасаған басты тұжырымдамаларына тоқталып көрейік.

Бірінші, күрделі атауларды анықтау жөніндегі тұжырымдамаға келсек, Б.Қасым күрделі атауларды анықтау үшін, лингвистикада қалыптасқан үш түрлі ұстаным-белгіге сүйенеді. Оның біріншісі, мағыналық тұтастық белгісі. Бұл белгі бойынша күрделі атаудың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, біртұтас мағынаны білдіріп жеке атау болады (Жезқазған, көкқасқа, бозбала). Екінші, құрылымдық тұтастық белгісі. Күрделі атау да жалаң сөз тәрізді парадигмалық қатынастарға түсе алады, бірақ оның сыңарларының әрқайсысы бөлек-бөлек емес, тұтасқан күйінде түрленіп бір тұлғаға ие болады. Сыңарларының орнын ауыстырып, қалыптасқан күйін өзгертуге болмайды. Үшіншісі, синтаксистік тұтастық белгісі. Күрделі атаулар сөйлеу, қатысым әрекетінде даяр қалпында қолданылып, лексикалық бірлік ретінде сөйлемнің бір мүшесі болады.

Екінші, күрделі атаулардың уәжділігіне байланысты тұжырымдамада сөздің уәжділігі жайындағы зерттеулерге сүйене отырып, тіл білімінде бұрын негізінен синтетикалық сөзжасамда қолданылып келген уәжділік, уәждеме теориясын автор аналитикалық сөзжасамда қолданып, сөзжасамдық уәждеме теориясын әрі қарай кеңейткен.

Аталымдық белгі, оны таңдау туралы тұжырымдамада автор атаудың пайда болуында аталатын нысанның өзіне тән белгісін анықтауға, яғни белгі таңдаудың мәні зор екеніне көңіл аударған. Күрделі атаулардың тарихи қалыптасуы жайындағы байламында ғалымның түсіндіруінше, қазақ тіліндегі күрделі атаулардың алғашқы қалыптасу кезеңі көне түркі (Орхон-Енисей) заманынан басталып, одан кейінгі ортағасырлық дәуірлерде жетіліп, сараланып отырған. Күрделі атаулардың негізінде сөз тіркестері жатыр. Олардың атаулық қызметіне ауысуы сөз тіркесінің ономасиологиялық сипатына байланысты. Мәселен, атқа міну тіркесі ономасиологиялық негізді жасаса, осы тіркестің алдыңғы сыңары ономасиологиялық белгіні танытады, ал одан шыққан атқамінер күрделі атау болып табылады. Осылайша сөз тіркесінен күрделі атаулық лексемалар туындайды.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің теориялық негіздерін зерттеген ғалым Б. Қасым оларды күрделі атаулар деп қарастырып, тілдік деректердің атаулық қасиеттерін сараптап, уәжділік дәрежесіне орай 8 түрге бөледі: 1) тура уәжділік (лексикалық морфемдердің айқын, тура мағыналары); 2) жартылай уәжділік (уәждеуші сыңарлардың біреуінің мағынасы күнгірттеніп, көмескіленіп, ауыс мағынаға көшуі); көмескі уәжділік (айқын мағынаның орнына жасырын мағынаның пайда болуынан ауыс мағынаға көшуі) [1, 85]. Көмескі уәжділікке ие күрделі атауларды тұрақты тіркестерге жақын бірліктер деп қарастыруға болады. Тілдің лексикология саласында қарасты-

ратын, атауыштық қызмет атқаратын күрделі сөздердің тұрақты тіркестерден айырмашылығы бар:

- күрделі сөздер тұрақты тіркестердің қалыптасу төркіні еркін тіркестер болғанымен, олардың қалыптасу үрдісі әр басқа (күрделі сөздер үшін – фонетикалық фактор мен лексикалану, грамматикалану, тұрақты тіркеске – тән үрдіс);

- тұрақты тіркестердің құрылым тұлғалары берік, олар көп компонентті (екіден көп), құрамы дербес атауыш сөздермен шектелмейді;

- күрделі сөздерге – тура мағына, фраземаларға – ауыс мағына тән;

- күрделі сөздердің қалыптасу уәждері ашық, тұрақты тіркестердің ішкі формасы ашық емес және т.б. Еркін тіркестер мен тұрақты тіркестердің арасындағы ерекшеліктерді саралап, профессор Т. Сайрамбаев: «тұрақты тіркестерде лексикалық мағына болса, сөз тіркестерінде болмайды, сөз тіркестері сөздің лексикалық бірлігі негізінде жасалса, тұрақты тіркестерде жеке лексикалық бірліктер жоқ. Сөз тіркесі мен фразеологизмдердің сырттай ұқсастықтары болғанымен, ішкі мазмұны жағынан бір емес», - дейді [1, 82].

Күрделі атаулардың мазмұнына қарай топтастыру, сөзжасамдық типтер жайындағы тұжырымдамада Балқия Қасым күрделі атауларды “адам”, “қоғам”, “табиғат” (Ә. Қайдар бойынша) салаларына қатысты тақырыптарға жіктеп, сөзжасамдық типтерді анықтайды. Күрделі сөзжасамдық типтер туынды атаулардың сыртқы құрылымдық тұрпатымен және ішкі семантикалық белгілерімен анықталатынын көрсетеді. Критерий ретінде олардың үш түрлі ерекшелігіне тоқтайды: Бірінші туынды атаулардың лексика-грамматикалық ерекшелігі; екінші туынды атау мен тудырушы негіздердің мағыналық қатынасындағы ерекшелігі; үшінші туынды атаудың жасалуындағы сөзжасамдық құралдар мен тәсілдердің ерекшелігі. Күрделі атаулардың семантикасына байланысты олардың көпмағыналы, синонимдік, омонимдік сипатын ашып көрсеткен. Сөзжасамдық зерттеушілер күрделі атаулардың жасалуында метафоралардың қызметіне жете мән бермегенін ескертіп, оларды қызметіне қарай: атауыштық метафоралар (егеуқұйрық, бізтұмсық), танымдық метафоралар (ғаламшар, тұсаукесер), экспрессивті-бағалаушы метафоралар (жексұрын, окжылан), т.б. деп саралап зерттеген.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамға қатысты бұрынғы теориялық тұжырымдар негізінен дара атауларға байланысты болып келгені, бұл тұжырымдар күрделі атаулар мәселесін толық шешуге мүмкіндік бермейтіні белгілі. Б. Қасым еңбектерінде күрделі атаулардың теориялық негіздері екі негізгі мәселенің: уәждеме және аталым маңында дамытылып, күрделі атаулардың дербес лексема мәртебесіне ие болуының заңдылықтары ашылған. Жоғарыда айтылғандай, тұжырымдамаларды қазақ сөзжасамының әлі де қалыптасу үстіндегі композиттану теориясын дамытып, жетілдіруге қосылған маңызы зор үлес деп бағалауға болады.

### *Әдебиет*

1. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Фил. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2012. – 313 б.

2. Платон. Сочинения: в 3-х т. – М., 1971. – 689 б.

3. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 205 б.

4. Гинатулин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): Автореф. Дис. канд. – Алма-Ата, 1972. – 27 б.

**Құлабаева Р. Т.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ,  
2-курс магистранты*

### **Түркі тілдерінің классификациясы**

**Аңдатпа.** Мақалада түркі тілдерінің классификациясы қарастырылады. Сондай-ақ, олардың негізгі ерекшеліктері анықталады.

**Аннотация.** В статье рассматривается классификация тюркских языков. А также определяются их основные особенности.

**Abstract.** In article classification of Turkic languages is considered. And also their main features are defined.

Түркі тілдерінің таралу аумағы Сібірдің оңтүстік батысындағы Лена өзені алабынан Жерорта теңізінің шығыс жағалауы аралығын қамтиды. Олар солтүстікте Орал тілдерімен, шығыста тұңғыс-манчжурь, монғол, қытай тілдерімен қарым-қатынасқа түседі. Түркі тілдері оңтүстікте иран, семит тілдерінің, ал батыста славян және басқа да бірнеше үндіеуропа (грек, албан, румын) тілдерінің таралу аймағымен шектеседі.

Бұрынғы Кеңес Одағынан тыс түркі тілдес халықтардың дені Азия мен Еуропада қоныстанған. Сан мөлшері жағынан алдыңғы орынды түріктер алады: Азияда 40620 мың адам және 2300 мың адам Еуропада тұрады. Түріктер Түркияда, Кипр, Сирия, Ирак, Ливан, Сауд Арабиясында, Болгария, Югославия, Греция, Румыния, Франция, Ұлыбританияда, ГФР, Италия, Бельгия, Швейцарияда тұрады.

Көптеген түркологтар түркі тілдерін бір-бірімен салыстырып зерттеу былай тұрсын, оны маңғол, тұңғыс, маньчжур тілдерімен байланыста тексереді. Типологиялық жақтан бұл тілдер орал тілдерімен (угро-фин, самодий) бірігіп, Орал-Алтай тілдерінің үлкен тобын түзеді. Бұған қосымша Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстед секілді ғалымдар корей тілін, Г.Винклер жапон тілін де қосуды ұсынған [1, 8 б.].

Түркологиялық еңбектерде көптеген ғалымдардың әртүрлі принциппен құрылған топтастырулары бар. И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш, Н.А.Баскаков, сондай-ақ А.Н.Самойловичтың жалпы топтастыруларын атауға болады. Топтастыру принциптері белгіленген лингвистикалық айырым белгілерінің салмағын, географиялық өлшемін есепке ала отырып, сондай-ақ түркі халықтарының тарихи мәліметтеріне қарай түрлене береді. Алайда бүгін түркі тілдерінің барлығы мойындаған ортақ топтастыруы жоқ деуге болады [2, 23 б.].

Халықтардың қазіргі орналасуына қарай В.А.Богородицкий барлық түркі тілдерін географиялық белгілері бойынша жеті топқа бөледі:

1. Солтүстік-шығыс тобы;
2. Хакас (абакан) тобы;
3. Алтай тобы;
4. Батыс-сібір тобы,
5. Еділ-орал маңы;
6. Ортаазиялық;
7. Оңтүстік-батыс.

В.А.Богородицкий сондай-ақ лингвистикалық белгіні де басшылыққа алды. Солтүстік-шығыс тобына ол якут, қарағас (тофалар), тува тілдерін жатқызды. Якут тілінің өзіндік ерекшелігі болып сөз басындағы с-ның жойылуы және өсінкі дифтонгтардың дамуын көрсетеді. Сағай, бельтир, койбал, качин қызыл говорларын қамтитын хакас (абакан) тобының ерекшелігі болып ч>ш, с-ның сөз ортасындағы алмасуы болып табылады. В.А.Богородицкий алтай тобына алтай мен шор тілдерін жатқыза отырып, оны қырғыз тілімен жақындастыратын дыбыстық және тұлғалық сипаттарын көрсетті. Батыс-сібір тобына барлық сібір татарларының диалектісі енеді (шұлым, барабин, ишим, түмен және басқалар). Олардың ишим тілінен басқасының басты ерекшеліктері болып ц-мен сөйлеу, яғни, басқаша айтқанда, ц-ның ескітүркілік ч-ға сәйкестігі табылады. Татар, башқұрт тілдері ретінде танылатын еділ бойы мен орал маңы тобы негізіне, дауысты е>и, о>у болып жіңішкеруімен сипатталады.

Академик В. В. Радловтың классификациясы түркі тілдерінің өзгешелігін есепке алады. В. В. Радлов түркі тілдерін төмендегі группаларға бөледі:

- 1) Шығыс тобы (алтай, шор, хакас, тува, ұйғыр т. б. тілдер);
- 2) Батыс тобы (қырғыз, қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері);
- 3) Орта Азия тобы (ұйғыр, өзбек тілдері);
- 4) Оңтүстік тобы (түрікмен, эзербайжан, түрік т. б. тілдері).

Ғалым якут тілін бұлардың ешқайсысына да қоспаған. В.В.Радловтың топтастыруына негіз болатын өзіне тән фонетикалық белгілер де толық емес. Атап айтқанда

ғалымның топтастыруындағы батыс тобы тілдерінің өзіндік ерекшелігі болып қ, т қатаң дауыссыздарының болуы, п-ның сөз соңында сирек кездесуі, (мысалы *гүннің* орнына оңтүстік топта *күннің* деп қолдану) барлық позицияда с, з, ш дыбыстарының болуы. Радлов ортаазия тобы тілдерінің ерекшелігі ретінде тек бірінші буында ғана жуан еріндіктің кездесетінін көрсетті және осы белгіні оңтүстік тобы тілдерінің айрықша белгісі етіп алды [2, 24 б.].

Вамбери классификациясы төмендегі үш группадан тұрады:

- 1) Түстік-Сібір группасы;
- 2) Шығыс-түркі тілдері группасы (ұйғыр, өзбек, қазақ, қырғыз т.б.);
- 3) Аралас группа (башқұрт, татар, ноғай т.б. тілдер). Вамбери барлық түркі тілдерін жалпы түркі тілінің диалектісі деп қарайды[3].

Профессор Н. Ф. Катанов [4] түркі тілдеріне этнографиялық шолу жасай келіп, төрт группаға бөледі. Бұл классификация әрбір түркі тілдерінің өзгешелігін есепке алмайды. Оның үстіне кейбір түркі тілдері аталмай қалған.

Топтық лингвистикалық айырым белгілер басқа топтастыруларда үлкен маңызға ие болды. Академик Ф. Корштың классификациясы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық өзгешелігін есепке алып, олардың тілдік материалын талдау негізінде жасалған. Ол түркі тілдерін төмендегі төрт группаға бөледі:

- 1) солтүстік группасы (географиялық белгілеріне қарап бұған: құмық, ноғай, татар, башқұрт, чуваш т.б. тілдерді кіргізген);
- 2) шығыс группа – половец (құман, қыпшақ), ескі өзбек (шағатай), ұйғыр, орхон, карагас сияқты тілдер);
- 3) батыс группа (түрік, азербайжан, түрікмен тілдері);
- 4) аралас группа (солтүстік алтайлықтар, чуваш, якут тілдері) [5, 59 б.].

Ф.Е. Корштың топтастыруындағы топтарды бір-бірінен айырудың қажетті шарты болып фонетикалық және морфологиялық сипаттардың белгілі бір жиынтығын беретін мәнді деген өлшемдер табылады.

Мұндай кең көлемдік белгілер А.Н.Самойлович ұсынған түркі тілдерін топтастыру сызбасында бар. Классикалық тіл білімі түркі тілдерін ғылыми негізге сүйеніп топтастырудың тарихын ХІХ ғасырдан бастайды. Отандық және шетелдік түркология өкілдерінің ішінде көп таралып, қолдау тапқан топтастыру академик – А.Н.Самойловичтікі. Ол түркі тілдерін алты түрлі айырым белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай алты топқа бөліп қаастырады:

- I. Р – тобы, бұлғар немесе чуваш тобы;
- II. Д – тобы, ұйғыр немесе Солтүстік шығыс тобы;
- III. Тау тобы, қыпшақ немесе солтүстік батыс тобы;
- VI. Тағылық тобы, шағатай, оңтүстік-шығыс тобы;
- V. Тағлы тобы, қыпшақ түрікмен немесе рһорта топ;
- VI. Ол тобы, түрікмен немесе оңтүстік-батыс тобы.

Бұл классификация түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы тұрғыдан кейінгі зерттеулерге негіз болды [6, 29 б.].

Академик А. Самойловичтің классификациясы түркі тілдерінің лингвистикалық өзгешелігін есепке алады. Ол Радлов пен Корштың классификациясының дұрыс екендігін айта келіп: „Пытаясь в настоящей работе дополнить существующие классификации турецких языков, а не изменить из нового, а позволяю себе вносить некоторые изменения и в принятую различными учеными номенклатуру отделов системы турецких языков, – дейді[7, 5 б.].

Атақты тюрколог С. Е. Малов түркі тілдерінің ескі жазба естеліктерін зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасын, фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда, ескі элементтерді көп сақтағандығын дәлелдейді. Бұрынғы болған классификацияларға қарағанда, ол көбінше дыбыстардың өзгешелігін есепке алады. С. Е. Малов барлық түркі тілдерін ең көне (древнейшие), көне (древние), жаңа (новые), ең жаңа (новейшие) деп негізгі төрт группаға бөледі.

- а) Ең көне тілдер: бұлғар тілі, ұйғыр (сары ұйғыр), тілі, чуваш тілі, якут тілі.

ә) Көне түркі тілдері: “оғұз” (ескі руникалық жазба түркі естеліктерінің тілі), тофалар тілі, тува тілі, ұйғыр (ескі ұйғыр жазба естеліктерінің тілі), хакас тілі, шор тілі.

б) Жаңа түркі тілдері: азербайжан тілі, гагауз тілі, құман тілі, қыпшақ тілі, печенег тілі, половец тілі, салар тілі, түрік тілі, түрікмен тілі, ұйғыр тілі (Қытайдағы немесе Шығыс Түркістан тілі деп аталатын), өзбек тілі, шағатай тілі, чулым тілі.

в) Ең жаңа түркі тілдері: башқұрт тілі, қазақ тілі, қарақалпақ тілі, қырғыз тілі, құмық тілі, ноғай тілі, ойрот (Алтай) тілі, татар тілі (казан, қасым, мишер, батыс-сібірлік), (чуваш), (якут) [8, 5-76б.].

С.Е.Маловтың топтастыруы тек қана тарихи принципке негізделіп, тілдердің «жас мөлшерін» анықтауға арналған классификация болып табылады.

Бұлардан соң түркі тілдерін топтастырудың жаңа жобалары ұсыныла бастады. Мысалы, Г.И.Рамстедт мынадай алты негізгі топқа бөледі: 1) чуваш тобы, 2) якут тобы, 3) солтүстік тобы (1949 ж. Ряснен дәл осылай бөле отырып, бұларды солтүстік-шығыс тобы деп атаған); 4) батыс тобы, 5) шығыс тобы, 6) оңтүстік тобы (Рясненде оңтүстік-батыс): түрікмен, азербайжан, түрік, гагауз тілдері.

И.Бенцинг пен К.Менгес 1959 жылы түркі тілдерін бес топқа бөліп жіктейді. 1) бұлғар тобы; 2) оңтүстік немесе оғыз тобы; 3) батыс тобы; 4) шығыс немесе ұйғыр тобы; 5) солтүстік тобы.

Қазіргі түркология қолданып жүрген Н.А.Баскаков классификациясы тілдердің этнологиясы мен грамматикалық ортақ заңдылықтарын ғана қарастырып қоймайды, олардың қалыптасу, даму тарихын да, тілдің қалыптасу мен даму заңдылығын айқындайтын факторлардың бірі дейтін принципті басшылыққа алады. Соның нәтижесінде барлық түркі тілдерін үлкен екі бөлімге бөледі: батыс хун және шығыс хун бұтағы [9, 188 б.]. Жоғарыда атап өткен топтастыруларға қарағанда белгілі бір дәрежеде ерекшеленетін Н.А.Баскаковтың тұжырымдамасы болып табылады.

### *Әдебиет*

1.Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, «Мектеп» баспасы, 1971. – 291 б.

2.Гаджиева Н.З. Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: «Фолиант», 2002. – 700 б.

3.Vambery H. Das turken volk. 1885.

4.Катанов Н.Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен. Казань, 1894. – 424 с.

5.Корш Ф. Классификация турецких племен по языкам. («Этнографическое обозрение»). Москва, 1910.

6.Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп баспасы, 1988. – 264 б.

7.Самойлович А. Некоторые дополнения к классификации турецких языков. Петроград, 1922. – 143 с.

8.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М. – Л., 1951. – 451 с.

9.Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1962, – 331 с.

**Құлманов С.Қ.**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент*

**Ж.А.Алдибекова**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті  
қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы*

### **Қазақ ісқағаздарының жіктемесі**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тіл біліміндегі ресми стильге арналған ғылыми-практикалық зерттеулер хронологиялық ретпен қарастырыла келе, мынадай тұжырымдар

жаса ады: 1) қазақ тіл білімінде ғалымдардың ісқағаздарын әртүрлі сипаттары бойынша жіктеуі жалпы алғанда ұқсас болып келгенімен, айырмашылықтар да кездеседі; 2) осындай айырмашылықтарға байланысты жіктеме санының әртүрлілігі байқалады; 3) ісқағаздары жіктелісінің атауы әркелкі қолданылған, мысалы, *ұйымдық – ұйымдық-құқықтық – өкілеттік – өкімдік, ақпараттық-анықтамалық – ақпаратты-анықтамалы – анықтамалық-ақпараттық – анықтамалық-хабарламалық, нормативті-жарлықшы – ұйымдық-өкімдік, түпнұсқа – түпнұсқалық, көшірме – көшірмелік* және т.б; 4) кейбір ісқағаздары бірнеше топқа қатар аталса, кейбір тұста бір ғана ісқағазы әртүрлі топқа жатқызылған; 5) кейбір авторлардың ісқағаздарын мазмұны және қызметі бойынша жіктеуі дұрыстыққа жатпайды; 6) ісқағаздары жіктелісінің атауын орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда сәйкессіздіктер кездеседі.

**Тірек сөздер:** ресми-іскери стиль, мәтін, аударма, ісқағаздары, мемлекеттік тілде іс жүргізу, стиль, норма, ресми қарым-қатынас.

**Аннотация.** В статье рассматривая в хронологическом порядке научно-практические исследования в казахской языкознании, посвященные официальному стилю, автор приводит следующие выводы: 1) в классификации, посвященному делопроизводству имеется общие сходство, но при этом есть свои особенности; 2) в связи с такими особенностями характерен разнообразия в классификации деловых бумаг; 3) название классификации применяется по разному; 4) некоторые официально-деловые бумаги упоминаются в нескольких группах, а в некоторых случаях, официально-деловая бумага находится в нескольких группах; 5) в некоторых исследованиях классификации авторов по содержанию и функции неправильные; 6) встречается не соответствия при переводе классификации с русского языка на казахский язык.

**Ключевые слова:** официально-деловой стиль, текст, перевод, деловые бумаги, делопроизводство на государственном языке, стиль, норма, официальное общение.

**Abstract:** The article examining chronologically scientific and practical research in the Kazakh linguistics devoted to the official style, the author gives the following conclusions: 1) the classification of dedicated Records Management has overall similarity, but has its own characteristics; 2) in connection with such features characteristic of diversity in the classification of official papers; 3) the name of the classification applied in different ways; 4) some official-business papers mentioned in several groups, and in some cases, the official business paper is in several groups; 5) In some studies the authors of content classification and incorrect functions; 6) is found not matching the translation of classification from Russian into Kazakh language.

**Keywords:** formal business style, text, translation, business papers, records management in the state language, the style, the norm, the official communication.

Ісқағаздарын жіктеу дегеніміз – құжаттарды барынша ортақ ұқсастық және айырмашылық белгілері (мазмұндық, жанрлық және т.б.) бойынша топтастыру. Осыған орай ісқағаздарын жіктеу оларды ағымдағы іс жүргізуде тез табуы қамтамасыз етуде және құжаттармен жұмыс істеудің шұғылдығын арттыруда маңызды саналады.

Ісқағаздарын жіктеудің мақсаты:

- 1) ақпаратты нақты тарату;
- 2) басқару аппараты жұмысының шұғылдығын белгілеу;
- 3) құрылымдық бөлімшелердің қызметі мен нақты орындаушылардың міндеттемелерін, жауапкершіліктерін айқындау;
- 4) еңбек тиімділігін аттыру болып табылады.

Қазақ тіл біліміндегі ресми стильге арналған ғылыми-практикалық зерттеулерді хронологиялық ретпен қарастыра келе, ісқағаздарының әртүрлі сипаттары бойынша түрліше топтастырылатынын байқауға болады. Мысалы, «Тіл білімі сөздігінде» ресми стиль төмендегідей шағын стильдерге бөлінеді: 1) *нағыз заңнамалық* (заң, жарлық, азаматтық және қылмыстық актілер, жарғы); 2) *әкімшілік-кеңселік* (акт, өкім, бұйрық, іс қағаздары, өтініш, сипаттама, өмірбаян, сенімхат, қолхат); 3) *дипломатиялық* (нота, меморандум, коммюнике, келісім, конвенция) [1, 259-260].



Зерттеуші Т.Дүйсебаева ісқағаздарын қызметіне қарай: 1) *ұйымдық* (ереже, жарлық, нұсқау), 2) *бұйрықтық* (қаулы, бұйрық, нұсқау, шешім), 3) *анықтамалық-хабарламалық* (хат, баяндама, түсіндірме хат, шолу, есеп, стенограмма, тізім)[2] деп жіктейді. Алайда мұнда кейбір ісқағаздаркөрсетілген топтардың бірнешеуінде қатар аталғанын аңғарамыз. Мысалы, «нұсқау» ұйымдық ісқағаздарға да, бұйрықтық ісқағаздарына да жатқызылған.

«Ісқағаздарын жүргізу» атты В.Салагаев пен Б.Шалабайдың еңбегінде ісқағаздары мақсат-мазмұнына қарай: 1) *кеңселік* (өмірбаян, өтініш, арыз, бұрыштама, сенімхат, қолхат, түсініктеме); 2) *іскерлік* (түйіндеме, мінездеме); 3) *қызметтік хаттар* (өтініш хат, ресми хат, ұсыныс хат, сұраныс хат, жолдама хат, баяндау хат, ақпарат хат, циркуляр хат, жеделхат, телефонхат, анықтама, бұйрық, бұйрықтан көшірме, хаттама, хаттамадан көшірме, келісімшарт) түрінде үшке бөлінеді[3, 5-8]. Біздің ойымызша, бұл жердегі *анықтама, бұйрық, бұйрықтан көшірме, хаттама, хаттамадан көшірме, келісімшарт* сияқты ісқағаздарының қызметтік хаттарға жатқызылуы дұрыстыққа жатпайды. Өйткені бұл ісқағаздарының мазмұны да, қызметі де аталған топтағы ісқағаздарынан ерекшеленеді.

Бұл еңбекте ісқағаздары ары қарай әртүрлі белгілері бойынша төмендегіше топтастырылады: *белгілеу тәсіліне қарай* – жазба, графикалық, акустикалық (фото, кино, бейнеқұжаттар); *мазмұнына қарай* – ұйымдық-өкімдік, қаржы есеп, жабдықтау-өткізу құжаттары; *атауына қарай*: ереже, бұйрық, хаттама, жарғы, арыз, хаттар т.б.; *түріне қарай* – типтік, үлгілік, жекелік, қалыпты, жалпыға бірдей; *толтыру орнына қарай* – ішкі және сыртқы (кіріс, шығыс); *орындалу мерзімі бойынша* – жедел және жедел емес (жай); *шығарылуына қарай* – қызметтік және ресми-жекелік (атаулы); *қолданылу қолжетімділігіне қарай* – күнделікті қызметте қолдану үшін және құпия; *заңдылық күшіне қарай* – шын және жалған; *жасалу сатысына қарай* – түпнұсқа (бірінші данасы) және көшірме; *сақталу мерзіміне қарай* – 10 жылдан жоғары тұрақты мерзімге сақталатын және 10 жылға дейін уақытша сақталатын құжаттар [3, 10].

«Ресми-іс қағаздары» атты ұжымдық еңбекте ісқағаздары қызметіне қарай: 1) *еңбек қатынастарын реттейтін* (еңбек келісімі, еңбек кітапшасы, жеке іс парағы, мінездеме, аннотациялық парақ, өтініш, тіркеу карточкасы, өмірбаян, түйіндеме), 2) *азаматтық қатынастарды реттейтін* (қолхат, сенімхат, келісімшарт, шарт, тапсырыс), 3) *ақпараттық-анықтамалық* (қызметтік хаттар, жеделхат, баяндау хат, анықтама, акт, көшірме, түсінікхат, есеп, хабарландыру, шақыру, кепілдемехат, баспасөз хабаршысы), 4) *басқару, ұйымдастыру, үкім шығару қызметіне қатысты құжаттар* (бұйрық, жарлық, қаулы, нұсқау, мемлекетаралық шарт, заң, ереже, декларация, үндеу, шешім, хаттама, штат кестесі) болып ажыратылады [4].

Зерттеуші С.Ережепова ісқағаздарын қызметі қарай: 1) *мемлекеттің, мекеменің, жеке тұлғаның қызметін реттейтін*; 2) *мекеме, ұйымаралық қарым-қатынасты реттейтін*; 3) *мекеменің, ұйымның ішкі қызметін реттейтін*, 4) *мекеме мен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынасты реттейтін құжаттар* түрінде жіктейді [5].

Ғалым Б.Әшірова қазіргі қазақ ресми-іскери тіліндегі барлық түрлерді (олардың саны шамамен 100-ден асады) функционалдық, ситуациялық ерекшеліктері, қолданылатын тілдік құралдардың бірізділігіне қарай топтастыру үшін «ресми-іскери стильдің ішкі тармақтары» деген шартты атау ұсына отырып, ресми-іскери стильдің ішкі тармақтарын төмендегіше атайды:

- *іскери хаттар* (визит карточкасы, шақырухат, құттықтау хат, алғысхат, ілеспехат, баяндау хат, түсіндірме хат, ескертпехат, ұсынысхат, тапсырысхат, қолхат, сенімхат, жеделхат, сауалхат, жауапхат);

- *ақпараттық-анықтамалық құжаттар* (*азаматтардың ұсыныстары бойынша құжаттар*: ұсыныс, өтініш, шағым, рапорт, ақпараттық парақ, тіркеу карточкасы, өмірбаян, мінездеме, анкета, еңбек кітапшасы, бұйрық; *нысан түріндегі құжаттар*: бланк, түбіртек қағаз, ықтиярхат; *алқа органдарының құжаттары*: хаттама, баяндама, есеп, акт, анықтама);

- *нормативті-жарлықшы құжаттар* (қаулы, өкім, бұйрық, жарғы, жарлық, ереже, заң, келісімшарт, меморандум, үндеу, еңбек келісімі) [6, 18-19].

Б.Әшірова өзінің ғылыми жұмысының зерттеу нысаны ретінде алып отырған «нормативті-жарлықшы құжаттардың» терминдік атауын орыс тіліндегі «нормативно-рапорядительные документы» деп аталатын ұғымның баламасы ретінде қолданады [6, 5]. Біздіңше, орыс тіліндегі «нормативно-рапорядительные документы» деген сөз тіркесі қазақ тіліне «нормативті-өкімдік құжаттар» түрінде аударылғаны дұрыс сияқты.

Зерттеуші ісқағаздарының міндеттеушілік-әкімшілік сипат (М.Кожина); дәлдік, екіұдай мағына тудырмаушылық (Л.Щерба), ойдың логикалық, жүйелілігін сақтау (М. Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев), фактілердің констатациясы, сөйлемнің үшінші жақта құрылуы, стандартты, клише құрылымдардың пайдаланылуы сияқты жіктемелік белгілерін атай отырып, осы айтылғандардың негізінде ресми-іскери стильдің басты жетекші белгілерін төмендегіше жинақтайды: міндеттеушілік-әміршілік немесе ресмилік, дәлдік, ықшамдылық, стандарттылық [6, 21].

Ісқағаздары мемлекетаралық қатынастарда, мемлекеттің өз азаматтарымен және олардың бірлестіктерімен, сондай-ақ мекемелер мен кәсіпорын ішіндегі азаматтар арасындағы ресми қатынастарда және шаруашылық субъектілерінің арасындағы қатынастарда қолданылуына орай іс жүргізу құжаттары стилі дипломатиялық, заң шығарушылық және күнделікті іс жүргізу сияқты түрлерге жіктеледі [7, 5].

Е.Е.Омарбеков «Мемлекеттік тілде заң іс қағаздарын дайындау» атты оқу құралында ұйымда әкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелерін, басқару, өзара іс-әрекет жасау және қызметті реттеу мәселелерін шешу мақсатында жасалатын ісқағаздарын былай жіктейді: 1) ұйымдастырушылық-құқықтық (жарғы, ереже, регламент, нұсқау, штат кестесі және т.б.); 2) өкімдік (қаулы, бұйрық, өкім, шешім және т.б.); 3) анықтамалы-ақпаратты (акті, шарт, баяндау және түсініктемелік хаттар, қорытынды, пікір, тізбе, хаттар, мәлімет, келісім, тізім, анықтама және т.б.); 4) жоспарлы-есепті (жылдық, тоқсандық, айлық, басқа да жеке жоспарлар мен есептер); 5) қызметкерлердің еңбек қызметін және оларды зейнетақымен қамтамасыз етуге аударылған ақша туралы мәліметтерді растайтын құжаттар [8, 4]. Жіктемеден көріп отырғанымыздай, басқа еңбектерде қолданылған «анықтамалық-ақпараттық» термині «анықтамалы-ақпаратты» түрінде, сонымен қатар «жоспарлы-есепті» термині алынған. Аталған сөздерге жалғанған **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнағы мен **-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті** жұрнағының қызметін салыстыра келсек, біздің ойымызша, «анықтамалы-ақпаратты» және «жоспарлы-есепті» терминдерін қолданған дұрыс.

«Ісқағаздарын жүргізу негіздері» атты авторлар ұжымы шығарған оқу құралында ісқағаздарын жіктеудің бірнеше тәсілі көрсетіледі:

1) *мазмұны бойынша* (жіктеудің маңызды түрі): *әкімшілік мәселелері; материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері; жоспарлау мәселелері; бухгалтерлік есеп; кадрлар даярлау мәселелері; сыртқы сауда қызметі* және т.б. бойынша құжаттар болуы мүмкін;

2) *шығарылуына қарай*: *ресми және жеке құжаттар. Ресми құжаттарды* белгілі бір ережелер (стандарттар) бойынша ұйымдар немесе лауазымды тұлғалар жасайды. Ресми құжаттарға адамның жеке басы мен құқықтарын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ биографиялық сипаттағы деректері бар құжаттар да (төлқұжат, жеке куәлік, жүргізуші куәлігі және т.б.) жатқызылады. *Жеке құжаттарды* адамдар өздерінің қызметтік міндеттеріне қатыссыз жасайды;

3) *жасалу орнына қарай*: *сыртқы* – мекеме алған (келіп түскен) немесе олар басқа жаққа жіберген (жіберілетін) және *ішкі* – осы мекемеде жасалған және оның ішінде қолданылатын құжаттар;

4) *атауы бойынша*: *акті, сауалдама, ведомость, хаттама, нұсқаулық, есеп, бұйрық* және т.б. [9, 20-21].

Бұл еңбекте ісқағаздары жанры бойынша *ұйымдық-құқықтық құжаттар* (жарғы, ереже, штаттық кесте, жұмыс тәртібі, лауазымдық нұсқаулық және т.б.), *өкімдік құжаттар* (бұйрық, шешім, өкім, қаулы, нұсқау), *жеке құрам (қызметкерлер) бойынша құжаттар* (түйіндеме (резюме); өтініш (жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру туралы); жеке құрам бойынша бұйрықтар; еңбек кітапшалары; жеке істер; жеке карточкалар; еңбекақысы жөніндегі жеке шоттар және т.б.), *ақпараттық-анықтамалық*

*құжаттар* (анықтама, баянхат немесе түсініктеме, акті, өтініш, шарт, телеграмма, телефонограмма, факс, электронды хабарлама, хаттама, әртүрлі хаттар (іскерлік хат, ақпараттық хат, кепілдік хат, рекламациялық (наразылық) хат, сұрату хат, жолдама хат, жазбалар, баянхат, сенімхат) және т.б. болып жіктеледі. Оқу-қолданбалы құралында аталған ісқағаздарына анықтамалар беріліп, кім шығаратындығы, қандай жағдайда және кімге арнап шығарылатындығы, әртүрлі белгілері, қызметі егжей-тегжейлі көрсетіледі.

Қазақ тіл білімінде ісқағаздар жанрын терең зерттеген филология ғылымдарының докторы Л.Дүйсембекова оларды әртүрлі белгілеріне байланысты төмендегіше топтастырады:

1) *мазмұны мен қызметіне қарай: жеке адамға қатысты және қызметтік ісқағаздары*. Жеке адамға қатысты ісқағаздарына мыналар жатады: *өмірбаян, арыз, сенімхат, қолхат, хат, төлқұжат, куәлік, білімі туралы куәлік* т.б. *Төлқұжат, куәлік, білімі туралы куәлік* сияқты құжаттарды мекемелер азаматтардың өз қолына береді. Қызметтік ісқағаздары мекеме немесе сол мекеменің жауапты адамының атынан, ал жеке ісқағаздары жеке азаматтар атынан жазылады. Қызметтік ісқағаздарына мекемелер мен ұйымдардың іс жүргізу барысында дайындайтын барлық құжаттарын жатқызуға болады. Мысалы, *қызметтік хаттардың барлығы, бұйрық, хаттама* т.б.;

2) *жасалу орнына қарай: мекеменің ішкі ісқағаздары және сырттан келіп түсетін ісқағаздары*;

3) *формасына қарай: типтік, трафареттік және еркін мәтінді*. Типтік ісқағаздарына қалыптасқан мәтін-үлгі бойынша жазылатын ісқағаздары жатады. Мысалы, *арыз, өтініш* т.б. Трафареттік ісқағаздары деп мәтінінің белгілі бір бөлігі алдын ала типографиялық әдіспен басылып дайындалған құжаттарды айтамыз. Мәтінінің алдын ала дайындалған бөлігінде өзгермейтін ақпарат жазылады. Еркін мәтінді ісқағаздарына белгілі бір мәселе, ғылыми немесе әдеби еңбек, өнер туындысы т.б. туралы ресми түрде жазылатын құжаттар жатады;

4) *шығу, жасалу сатысына қарай: түпнұсқалық және көшірмелік*. Түпнұсқалық ісқағаздарына кез келген құжаттың бірінші рет жасалған нұсқасы (оригинал) жатады. Ал көшірмелік ісқағаздарына түпнұсқаның мәтіні сол күйінде, өзгеріссіз сақталып алынған толық нұсқасы немесе белгілі бір бөлігі жатады. Көшірмелік ісқағаздарына кез келген құжаттың көшірмесін (диплом көшірмесі, бұйрықтың көшірмесі т.б.), дубликатын жатқызуға болады. Үзінді – құжаттың қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы. Дубликат – құжат жоғалған кезде берілетін құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі;

5) *мазмұнына қарай: ұйымдық, өкілеттік және анықтамалық-ақпараттық*. Ұйымдық құжаттарға мекеменің ұйымдастырылуына, құрылуына қатысты құжаттар, мысалы, *штат кестесі, ішкі тәртіп ережесі, жарғы, қызметтік нұсқау* т.б. жатады. Өкілеттік құжаттарға мекеменің қызметтік іс-әрекеттеріне және қызметкерлеріне байланысты жазылатын бұйрықтар мен нұсқаулар, ал анықтама-ақпараттық құжаттарға *хат, жеделхат, телефонхат, түсініктеме, мәлімхат, акт, анықтама* және т.б. қызметтік хаттар жатады.

6) *қолдану орнына қарай: мекемеішілік, мекемеаралық, мемлекеттік және халықаралық* [10, 15-19].

Зерттеуші А.Шонайбаева мемлекет пен мекемелер арасындағы, мемлекет пен азаматтар арасындағы, мекеме басшысы мен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, белгілі бір іс-әрекетті заңдық негізде, қалыптасқан нормаға сәйкес жүзеге асырту мақсатын көздейтін, басты белгілі құжатта қалыптастырылған мәселенің орындалу міндеттелігі болып табылатын ресми-іс қағаздарын топтастырып, олар үшін «өкілеттік құжаттар» деген атауды қолданады [11, 22].

Қазақ тіл білімінде ресми стильге, оның ішінде ісқағаздар жанрына арналған ғылыми зерттеу еңбектері жазылуымен қатар 2000 жылдардан кейін оқулықтар, оқу құралдары, ісқағаздар үлгілеріне арналған практикалық құралдар, электронды дискілер көптеп шыға бастады. Алайда бұлардағы жіктемелер ғылыми еңбектерді негізге алғандықтан, олардың кейбіреулеріне ғана тоқталып өттік.

Қазақ тіл біліміндегі ресми стильге арналған ғылыми-практикалық зерттеулерді хронологиялық ретпен қарастыра келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) қазақ тіл білімінде ғалымдардың ісқағаздарын әртүрлі сипаттары бойынша жіктеуі жалпы алғанда ұқсас болып келгенімен, айырмашылықтар да кездеседі;

2) осындай айырмашылықтарға байланысты жіктеме санының әртүрлілігі байқалады;

3) ісқағаздары жіктелімінің атауы әркімді қолданылған, мысалы, *ұйымдық – ұйымдық-құқықтық – өкілеттік – өкімдік, ақпараттық-анықтамалық – ақпаратты-анықтамалық – анықтамалық-ақпараттық – анықтамалық-хабарламалық, нормативті-жарлықшы – ұйымдық-өкімдік, түпнұсқа – түпнұсқалық, көшірме – көшірмелік және т.б.*;

4) кейбір ісқағаздары бірнеше топта қатар аталса, кейбір тұста бір ғана ісқағазы әртүрлі топқа жатқызылған;

5) кейбір авторлардың ісқағаздарын мазмұны және қызметі бойынша жіктеуі дұрыстыққа жатпайды;

6) ісқағаздары жіктелімінің атауын орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда сәйкесіздіктер кездеседі.

### *Әдебиет*

1. Словарь по языкознанию. Под общей ред. проф. Э.Д.Сулейменовой. – Алматы: Ғылым, 1998. –544 с.

2. Дүйсебаева Т. Машинкамен жазу және іс қағаздарын жүргізу. – Алматы: Ана тілі, 1991. –192 б.

3. Салагаев В., Шалабай Б. Ісқағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. Учебное пособие. – Алматы: Раритет; Республиканский издательский кабинет казахской академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. –208 с.

4. Алдашева А., Ахметжанова З., Қадашева Қ, Сүлейменова Э. Ресми-іс қағаздары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. –216 б.

5. Ережепова С. Официально-деловой стиль в русском и казахском языках: прагматический аспект: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2002. –166 С.

6. Аширова Б.С. Нормативті-жарлықшы құжаттардың аудармасы: құрылымдық және лексикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. –10.02.20 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі. – Алматы, 2004. –125 б.

7. Оспанова Б. Ісқағаздары. Әдістемелік оқу құралы. –Түркістан: «Ғасыр-Ш» баспасы, 2005. –356 б.

8. Омарбеков Е.Е. Мемлекеттік тілде заң іс қағаздарын дайындау: Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005. –94 б.

9. Асқаров Н.Ә., Нәлібаев Ж.Б., Белғара Б.Б. Ісқағаздарын жүргізу негіздері: [оқу-қолданбалы құрал]. – Алматы, 2007. –256 б.

10. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу. Оқу құралы (Екінші басылым). – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2011. –400 б.

11. Шонаябаева А.Т. Қазіргі қазақ өкілеттік іс қағаздары тіліндегі стандарт тілдік бірліктер: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. –144 б.

**Маралбек Е.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
I-курс доктаранты*

### **Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының грамматикалық ерекшелігі**

**Аңдатпа.** Абай – аса ірі тілдік сана, тілдік тұлға. Сондықтан Абай поэтикасындағы әрбір сөз жіті назар аударып, терең талдауды қажет етеді. «Көңіл» лексемасы ежелден-ақ тіл шеберлерінің қолданысында айрықша мәнге ие сөз. Ал бұл сөз Абай поэтикасында да үлкен концепсияға айналған, айрықша мән-маңызға ие сөз екені байқа-

лады. Сондықтан мақалада осы «көңіл» сөзінің поэтикалық қолданыс ерекшеліктері, грамматикалық сипаты сөз болады. Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының жүйесі сан тарау, сипаты сан қырлы, бірақ барлығы да бір ортақ грамматикалық заңға бағынады. Осы көптеген мағыналар мен ұғымдар «көңіл» сөзін үлкен категориялық ұғымға айналдырады. Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі «ұғымдық субекті» екені грамматикалық құрылымдар арқылы дәйектеледі.

**Түйін сөздер:** Абай тіліндегі «көңіл» сөзінің поэтикалық қолданысы, сөздің субъектіленуі, «көңіл» сөзінің грамматикалық ерекшелігі.

**Annotation.** Abai – a very great language consciousness, language personality. Therefore every word in Abai’s poetics should be looked with big attention and deeply analyzed. From the ancient time the lexeme “konil” had a specific meaning in the usage of masters of the word. But it is noticed that this word turned into big concept and has a specific meaning. Therefore in this article an analysis on poetic peculiarities, lexical-semantic, grammar characteristics of the usage of the word “konil” is given and the language techniques of a making new meaning and images of this word and the usage of word semantics with changing are talked comprehensively. A system of the usage of the word “konil” in Abai’s poetics is multiseperate, its characteristics is many-sided, but the all obey to common law. These many meanings and notions change the word “konil” into a big categorical notion. It is proved by language materials that the word “konil” in Abai’s poetics is a “conceptual subject” that assembles such a soul, belief, spirit, concept, feeling, intuition, character, property, image, action which are peculiar to a man.

**Keywords:** The poetic usage of the word “konil” in Abai’s language, subjectivization of a word, symbolization of the word “konil”, semantic groups of the word “konil”.

Абай ұлы ақын, әлемдік деңгейдегі сөз зергері ғана емес, ірі ойшыл, бір ұлттың рухани биігіндегі шамшырақ. Нақтырақ айтсақ, Абай – рухани қазынасы мейлінше бай, жан-дүиесі алапат кең, ақыл-парасаты телегей, мінез-құлқы қайталанбас әлемдік деңгейдегі ірі адами болмыс. Сондықтан Абай тілінің әрбір элементтері жіті қадағалап, терең ой жүгіртуді қажет едеді. Поэтика – тіл майданы. Яғни, тіл бірліктерінің небір нәзік қырларын танытатын, бар мүмкіндігін паш ететін, айрықша қарым-қабілетін көрсететін алаң. Абай тілінің де қыр-сыры поэтикасынан көрінеді. Тұтас шығармашылығына зер салып қарағанда, «көңіл» сөзі Абайдың шығармашылық концептісінде айрықша маңызға ие сөз екені байқалады. Демек, Абай шығармаларындағы «көңіл» сөзі құрылымдық ерекшелігі, лексика-семантикалық табиғаты, функционалды әлеуеті, тарихи-танымдық негізі тұрғысынан жан-жақтылы сөз етуді қажет етеді. Осы мақалада «көңіл» сөзінің айрықша белгісі мен грамматикалық ерекшелігі ашып көрсетіледі.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «көңіл» сөзі Абай шығармаларында (*өлең, аударма, поэма, қара сөз*) 238 рет қолданылған. Бұл «Абай тілі сөздігінде» келтірілген мәліметтерден әлдеқайда көп. Құрастырушылар «Абай тілі сөздігінде» «көңіл» сөзі 215 рет қолданылған деп анықтаған. Сөздік 1970 жылы шыққан және Абай шығармаларының 1968 жылғы басылымы негізге алынғандықтан, Абайдың соңғы жылдары табылған өлеңдері санаққа алынбаған. Мұнда Абай шығармаларының 2005 жылғы толық нұсқалы соңғы басылымын негізге алынды. Онымен қоса, бұл басылымға да енбей қалған оншақты өлеңдері де санаққа алынды. Алайда бұл да соңғы көрсеткіш болмауы мүмкін. Аталмыш сөзді жан-жақты сипаттау үшін ең әуелі түрлі сандық мәліметтерді келтіріп өтейік. Нақтырақ айтсақ, «көңіл» сөзі поэмаларында 5 рет, аудармаларында 36 рет, өлеңдерінде 141 рет, қара сөздерінде 56 рет кездеседі. Жалпы 238 рет қолданылған. Бұл Абай шығармаларындағы ең жиі қолданылған дерексіз зат есім сөздерінің қатарына жатады. Абай шығармаларында ірі концепсияға, символға айналған «жүрек» сөзінің қолданылу жиілігі де бұған жетпейді. «Жүрек» сөзі тұтас шығармасында 160 реттен астам қолданылған.

Құрылымдық ерекшелігіне қарағанда, «көңіл» сөзі Абай шығармаларында үш түрлі тұлғада беріледі. Атап айтсақ, түбір тұлғалы, қосымшалы және күрделі құрамды болып келеді. «Көңіл» сөзінің құрылымдық формасын бұлайша арнайы сөз

етуіміздің өзіндік себебі бар. Яғни, автор шығармаларында бір сөздің нақты бір морфологиялық формада немесе жүйеде жиі кездесуі аталмыш сөздің сол формада қызмет етуге бейімдігін, түрлі мағыналар жасауға ыңғайлы екендігін түсіндіреді. Бұл сол сөздің табиғатын ашатын және автордың шығармашылық психологиясын танытатын нақты белгі болып табылады. Ендеше санға жүгінсек, «көңіл» сөзі Абай шығармаларында 180 рет жалғаулы формада, 8 рет жұрнақ жалғанған түрінде, 29 рет түрлі жалғаулардың жасырын келуі арқылы, ал тек 21 рет түбір тұлғада кездеседі. Демек, Абай шығармаларында «көңіл» сөзі жұрнақ қабылдауға тым қабілетсіз. Онсыз да «көңіл» сөзжасамда белсенді түбір еместігі белгілі. Дегенмен зат есімнен зат есім, зат есімнен сын есім тудырушы кей жұрнақтарды қабылдап, жаңа сөздер жасай алады. Ал Абай шығармаларында тек *-ды (-di), -сыз (-сіз)* сын есім тудырушы *антоним жұрнақтарды* ғана қабылдап, екі-ақ формада келетіндігі анықталды. және «көңіл» сөзінің бұйрық рай формасына (*көңілден*) өзгелік етіс (*-дыр, -дір*) және көсемшенің *-ып* жұрнағы бір-бір реттен ғана жалғанғаны анықталды. Сонда да бұл сөздер тек тура мағынасында қолданылған. Бұл аталмыш сөздің ішкі табиғаты жаңа сөз жасауға мүлде бейім еместігін түсіндіреді. Екіншіден, автордың бұл сөздің осы табиғатын жақсы аңғарып, тіл заңдылығына бағына отырып, сөзді әр майданда бір сынамай, мағынасын өз ішінде ұлғайту позициясын ұстанғаны аңғарылады. Ол позиция нақты бір сөзді *категориялауға* алып келеді. Нақтырақ айтқанда, сөзден жаңа мағыналарды жасауды басқалай тәсілден іздеген. Яғни образдандыру, метафоралау, синтездеу, контаминациялау сияқты тәсілдерді пайдаланған. Бұл тәсілдерге талпыныс автордың сөзден сурет салушылық үлкен ақындық дарынын танытады.

«Көңіл» сөзі Абай шығармаларында 180 рет жалғаулы формада кездеседі дедік. Осы қолданыстың басым бөлігі тәуелдеулі формаға, одан кейін септеулі формаға тиесілі. Ал көптік форма тым сирек кездессе, жіктеулі формасы мүлде кездеспейді. «Көңіл» сөзінің тәуелдену, септелу формасын төмендегі 1-, 2-кестеден көруге болады.

Тәуелдеу		Анайы Жекеше			Сыпайы Көпше			
		1-жақ	2-жақ	3-жақ	1-жақ	2-жақ	3-жақ	
		көңілім	көңілің	көңілі	көңіліміз	көңіліңіз	-	
		39	7	29	-	2		77
Тәуелдеуді септеу	Атау				-	-	Көңілдері (1)	1
	Ілік	Көңілімнің (6)	Көңіліңнің (1)	Көңілінің (1)	-	-	-	8
	Барыс	Көңіліме (3)	Көңіліңе (2)	Көңіліне (4)	-	-	-	9
	Табыс	-	Көңіліңді (2)	Көңілін (9)	-	-	Көңілдерін (1)	12
	Жатыс	Көңілімде (4)	Көңіліңде (1)	Көңілінде (6)	-	-	-	11
	Шығыс	Көңілімнен (2)	-	-	-	-	-	2
	Көмектес	-	-	-	-	-	-	
	Жиынтығы	54	13	49		2	2	<b>120</b>

(1-кесте: көңіл сөзінің тәуелдену, септелу формасы)

Кестеде көрсетілгендей, тәуелдеулі форма ең жиі кездеседі. Тек қана үш жақта тәуелдеудің өзі 77 рет, ал септелген тәуелдеу 43 рет, жалпы саны 120. Бұл тұтас қолданыстың тең жартысы. Демек бұл «көңіл» сөзінің морфологиялық құрылымдардың ішінде тәуелдік формада келуге өте бейім сөз екенін түсіндіреді. Ол «көңіл» сөзінің әуелі адам ішкі болмысының бір бөлшегі мағынасын білдіретіндігінен болса керек. Сөз қашан да өзінің әуелгі *туатуы, ядролық мағынасынан* қол үзбейді. Қашан да сол

мағынаға сүйене отырып, өз өрісін кеңейтеді. Ядросынан қаншалықты алыстағанымен, арғы негізі көрініп тұрады. Ол қашан да тілдің таңбалық жағынан өзіне сай форманы талап етеді. Ол формаларды осы мақалада барынша ашып көрсетеміз. Ендігі жерде жоғарыдағы кестеге сүйене отырып, Абай шығармаларындағы «көңіл» сөзі қолданылысының кейбір морфологиялық ерекшелігіне талдау жасап көрейік.

«Көңіл» сөзі тәуелдеулі форманың бірінші жақ жекеше түрінде ең жиі кездеседі (39). Одан кейін үшінші жақтың жекеше түрінде (29). Бұл осы сөздің тәуелдік формасының белгілі жақта айтылуға бейімдігін көрсетпейді. Яғни тәуелдеудің әр жағы (1-жақ, 2-жақ, 3-жақ) тең дәрежеде мүмкіндікке ие. Керісінше бұл автордың қолданыс ерекшелігін танытса керек. Яғни ақын «көңіл» ұғымын көбіне өзіне қатыстыра айтады. Өзінің торыққан, жабыққан, мұңданған т.б. көңілінің әр алуан күйін сөз етді. Бұл дүниені қабылдаудағы және оған жауап қайтарудағы ақын жанының тілі. Ақынның бұл сөзді өзіне қатыстыра қолданудың одан да арыда жатқан сырлары сөз мағынасын талдауда ішкерлей сөз болмақшы. Бұл бір қарағанда «көңіл» сөзінің жай тәуелдену формасы ғана болып көрінуі мүмкін, шындығына келгенде бұл жай ғана форма емес. Бұл – сөз субектісі және обектісі. Тіл теориясы бойынша айтқанда, тыңдаушы (адресат) және айтушы (адресант) жағын көрсетеді. Абай «көңіл» ұғымын категориялайды, сондықтан оның әр формасының өзіндік мәні бар.

Қолданыс жиілігі екінші орында тұратын тәуелдік жалғауының жекеше түрінің үшінші жағы. Бұл да ақын шығармашылығындағы «көңіл» сөзі қолданысының бір ерекшелігі. Абай ақын ретінде өз күйін суреттеу, тілге тиек ету арқылы тыңдаушысына ой салады, ақылман ретінде бір адамға емес, жалпы қазақ баласына ортақ ақыл айтып, жөн сілтейді. Қуатты ойдан шыққан қонымды сөздерді көңілдің құтысына құйып алушылар да жекелеген нақты топ емес, көңілі ояу жалпы көпшілік. Сондықтан да ақын сөзді көптің көңіліне қарата айтады. Бұл бір жағынан сөз айтудың сыры да. Ал екінші жақта нақтылық басым. Белгілі топқа, жікке тура бағытталады. Сөз нақты нысанаға тура бағытталған соң тыңдаушыларының аясын тарылтады. Абай сөз таңдауда бұл тәсілге аса көп бой ұрмаған. Біздіңше «көңіл» сөзінің екінші жақта аса көп қолданылмауының сыры осында. Нақты қажет орнында болмаса, ақын шығармаларында екінші жақты баяндаулардың өзі, көбіне, абстракцияланып, үшінші жаққа қарай ауысып отырады.

Қазақ тілінде тәуелдік жалғауының үшінші жақ сыпайы түрі болмайды. Ал тәуелдік жалғауының жекеше (-сы, -сі, -ы -і), көпше түрінің (-ы, -і) арнайы формасы болғанымен «көңіл» сөзіне екі түрінде де бірдей формада (ы, і) жалғанады. Бұл фонологиялық заңдылықтарға сәйкес құбылыс. Мұнда назар аударатын нәрсе – Абай шығармаларында «көңіл» сөзінің сыпайы формасының кездеспейтін немесе өте сирек кездесуі. Бұл бір жағынан поэтикалық мәтіндердегі «көңіл» сөзінің қолданылыс ерекшелігі. Ал бір жағынан бұл Абайдағы «көңіл» сөзі қолданысының тағы бір ерекшелігін аңғартатын сияқты. «Көңіл» сөзінің екінші жақтағы сыпайы формасы Абай шығармаларында екі-ақ рет қолданылады. Мысалы, *Туа өскен жеріңіз, Туысқан еліңіз, Зар боп тұр көруге, Ұнатса көңіліңіз*. Бұл адам баласын мақтамаған ұлы ақынның білімі мен мінезіне, адамдығына көңілі толған баласы Әбдірахманға жазған хатынан үзінді. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл Абай тіліндегі адам болмысына, біліміне ақын көңілінің ризашылығын, махаббатын танытатын, тіпті, «көңілдің» статусын білдіретін морфологиялық бірлік сияқты.

Абай шығармаларында тәуелдеуді септеудің кей формалары кездеспейді. Бұл ақын тілінің «көңіл» сөзін қолданудағы шалалығын білдірмейді. Керісінше, аталмыш сөздің ақын қолданысына сыймай жатқан әлі талай мағыналық, функциялық қырлары барын түсіндіреді. «Көңіл» сөзінің мағыналық, функциялық қырын аша түсетін тағы бір морфологиялық бірлік – септіктер. Септік жалғаулы «көңіл» сөзінің Абай шығармаларындағы қолданылысы төмендегідей.

Септіктер	Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес	Жалпы саны
		Көңілдің	Көңілге	Көңілді	Көңілде	көңілден	көңілмен	
Жиілігі		10	24	12	8	2	4	<b>60</b>

(2-кесте: «көңіл» сөзінің септелу формасы)

Атау септігінен бөлек, «көңіл» сөзінің таза септік формасы тұтас шығармада 60 рет кездеседі. Бұл сандық көрсеткіш септіктердің едәуір маңызға ие екендігін түсіндіреді. Бірақ бұл жерде септіктің әр формасының қолданыс жиілігінен белгілі мән іздеуге болмас. Өйткені «көңіл» сөзінің қолданысында барлығы да бірдей мүмкіндікке ие. Оның үстіне септік жалғаулары жеке мағына немесе дербес ұғым тудырушы бірлік емес, тек сөз бен сөзді байланыстырушы қызмет атқарушы. Мұндағы өзгешелік септіктің белгілі бір формасына қажеттіліктің аздап молдығында болса керек. «Көңіл» сөзі сөйлем ішінде өзге тілдік құрылымдарымен жақын, кейде алшақ тұрып байланысқа түсіп, тың мағыналар мен образдар жасауға қабілетті. Бұған осы септік формалары белсенді қатысады және айрықша маңызды.

Тілдің қажетіне, поэтикалық мәтіннің ішкі табиғатына, өлең өнерінің айрықша ырғақтық сұранысына қарай, кейде, септіктер мен тәуелдік жалғаулары «көңіл» сөзінен түсіп қалады немесе жасырын келеді. Бұл құбылыс тәуелдік жалғауының үш жағында да кездесе, септіктердің ішінде ілік септігі мен табыс септіктерінде кездеседі. Бұл негізінен зат есім сөздердің баршасына ортақ тілдің құбылыс. Дегенмен заңдылық ортақ болғанмен, әр сөздің мағыналық, ұғымдық әлеуетіне қарай мәні әртүрлі болатынға ұқсайды. Яғни «көңіл» сөзі сөйлем құрамындағы әр сөзбен іргелес немесе алшақ тұрып түрлі деңгейде байланысады. Бұл байланыста септіктердің атқаратын қызметі айрықша. Ал олардың түсіп қалуы немесе жасырын келуінің де белгілі тілдік қисыны бар. Бұл құбылыстың орын алуына «көңіл» сөзімен іргелес немесе алшақ тұрып түрлі мағыналық, синтаксистік байланыс түзетін етістік сөздерінің ықпалы айрықша. Мұндай жағдайда етістік пен «көңіл» сөзінің байланысынан түзілген синтаксистік құрылым тұрақталып, синтезделіп, мүлде тың метафоралар жасауға әрекеттенеді. Соның нәтижесінде тілде «көңіл» сөзіне қатысты жаңа қолданыстар пайда болады. Мысалы, «*ғылымға көңіл берсеңіз*» деген өлең тармағын әуелгі қалпында таратып айтсақ, «*ғылымға көңіліңізді берсеңіз*» болып шығады. Бұл қазір тұрақты құрылымға айналған «көңіл бөлу» сөзімен ұқсас. Бұл тіркестік құрылым да әуелде *көңіліңді беру* формасының ықшамдалып, тұрақталуының нәтижесі. Яғни, осындай қолданыстың нәтижесінде *көңіл беру* тіркесі де *көңіл бөлу* тіркесімен қатар, тең дәрежеде қолданылатын тұрақты құрылымға айналып кетеді. Өзгелер де солай. Абай шығармаларында «көңіл» сөзі қолданысының мұнша көп болуының сыры да және бұрынғы қолданыста жоқ тұрақты құрылымдар мен метафоралардың көптеп кездесуінің де сыры осында жатыр. Ал мұндай құбылыс «көңіл» сөзінің зат есім сөздермен тіркесі нәтижесінде де пайда болады. Мысалы, «*Көңіл құсы күйкылжыр шар тарапқа*». Бұл әуелде *көңілдің құсы* болуға керек. Образды еркін тіркестің ішіндегі морфологиялық бөлшек қысқарып, тіркес мағынасы тұрақталып, абстракцияланып, тұрақты құрылымға айналған. Әрі сөз мағынасының негізгі даминанты *көңіл* сөзінен *құс* сөзіне қарай ауысқандығы байқалады. Абайдың тұтас шығармаларына жіті назар аударып қарағанда, «көңіл» сөзінің құрамындағы морфологиялық бөлшектердің (*тәуелдік, септік*) түсіп қалуы құбылысы 30 реттен аса кездеседі. Тілдегі, нақтырақ айтқанда, Абай тіліндегі мұндай құбылыс «көңіл» сөзін *субектілендіріп*, адамның өз тұлғасына да айналдырып жібереді. Ал кейде мүлде тың метафоралар жасайды.

Абай шығармаларында «көңіл» сөзі жіктік формада мүлде кездеспейді. Екі-ақ жерде ғана көптік форма (*көңілдері, көңілдерін*) септелуі тұлғада кездеседі. Жіктік жалғаудың деректі зат есім сөздер мен дерексіз зат есім сөздерге жалғануының екі бөлек мәні бар. Яғни, деректі затта сол затқа тән ең басты қасиеттерді көрсетеді де, дерексізде сол ұғымды нақты заттық формаға көшіреді. Абай шығармаларында «көңіл» сөзінің жіктік формасының кездеспеуі бұл сөздің нақты заттық формаға көшуге бейім еместігін түсіндіреді. «Көңіл» сөзін «*көңілдер, (жаралы) көңілсің*» деп қолдануға да болады. Мұндай жағдайда «көңіл» сөзі нақты заттанады. Әдебиет теориясында бұл көркемдеуіш тәсілдердің (айшықтаудың) бір түрі – *синекдоха* деп аталады. Бірақ арнайы орындарда ғана болмаса, бұл сөз бұлайша заттанса, бар потенциалынан айрылады. Яғни, сөз табиғатының ішкі сұранысын жіктеу формасы қанағаттандырмайды. Ендеше бұл сөз заттанбайды, *субектіленеді*. Бұл жерде *субекті* деп тек қана адамның заттық тұлғасын айтып отырған жоқпыз. Адамның биологиялық



тұлғасынан бөлек, адамдық қасиеттерін айтып отырмыз. Яғни, адамзаттың физиологиялық, психологиялық, биологиялық қасиеттерін бойына жинақтайды да, өзі адам сияқты нақты заттық тұлға айналып, қасиеттер жиынтығынан тұратын абстрактілі ұғымға айналады. Сөздің мұндай субектіленуін *адамша қасиеттену* деп қазақшалауға да болады. Біз әдетте «көңіл» сөзін дерексіз зат дейміз. Бұл негізінде шартты нәрсе ғана. Шындығында «көңіл» – дерексіз ұғым. Ал ұғым ешқашан да зат болған емес, болмайды да. Бірақ тілімізде дерексіз ұғымдарға да, заттарға да бірдей «не?» деген сұрақ қойылады. Ол қазақ тілінің ежелден келе жатқан заңдылығы. Бұған қарап біз оларды зат деп атай алмаймыз.

Ал «көңіл» сөзі заттанбай, субектіленуі үшін ұдайы сұранысына сәйкес грамматикалық форманы іздейді. Ол форма көптік, жіктік жалғаулары емес, ол – тіркестер мен түрлі синтаксистік конструкциялар, етістіктер. Абай ағалымыш сөздің бұл қасиетін қырағылықпен аңғарған да, сан-алуан мағынада шеберлікпен қолданған. Ақын шығармаларында «көңіл» сөзімен жасалған мүлде тың есімді, етісті тіркестердің мол болып, етістік сөздердің байланысуымен құбыла қолданылатын синтаксистік құрылымдардың көптеп кездесуінің мәні сонда жатыр. Қазақ тілінде субектіленетін сөздер «көңіл», «жүрек» пен шектелсе керек. Ал оны осы деңгейге көтере білген Абай ғана.

*Әдебиет*

1. Абай тілі сөздігі. Алматы-Түркістан. 1995ж. 350б бет
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. «Арыс» баспасы. 2004. 208 бет
3. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы. «Жазушы». –Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. 2005. 296 бет.
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы. «Жазушы». –Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. 2005. 336 бет.
5. <https://sites.google.com/site/abai1845/system/app/pages/subPages?path=/-leder&offset=100>
6. [http://ibrahim-abai.blogspot.com/2015/08/blog-post\\_62.html](http://ibrahim-abai.blogspot.com/2015/08/blog-post_62.html)

*Оспангазиева Н.Б.*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
I-курс докторанты*

## **Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар**

**Аңдатпа.** Сөз құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістерді дыбыстық құбылыстарға жатқызады. Олар айтуды жеңілдетуден, жат сөздерді өзіне икемдеп бағындырудан, дыбыстық игеруден тұрады. Дыбыстық құбылыстар сол тілдің өмір сүру фактісі. Дыбыстық құбылыстар тілдің дыбыстық жүйесі заңдылықтарынан туындайды. Яғни тіл заңдылығына сай келмеген тұста дыбыстық құбылыстар пайда болады екен. Қазіргі таңда дыбыстық құбылыстардың өзіндік ерекшеліктері, олардың фонетика мен морфонологияның қайсысына енетіндігі, т.б. жөнінде ғылыми көзқарастар әлі бір арнаға тоғысып болған жоқ. Сондықтан дыбыстық құбылыстар, оның сөз құрлымындағы қызметі, т.б. мәселелері қазақ тілі фонетикасы мен фонологиясын теориялық жағынан ғылыми дұрыс бағытта зерттеу ісіне оң әсер етеді.

**Тірек сөздер:** Дыбыс, протеза, эпентеза, эпитеза, редукция, элизия, диереза, апокопа, диссимиляция, синкопа, метатеза.

**Аннотация.** В статье описываются виды звуковых явлений в составе (в начале, середине, конце) слова и средства их выражения в казахском языке. Различные фонологические изменения преимущественно в составезаимствованных слов предназначены для облегчения их произношения. Звуковые явления, как известно, являются одной из форм существования языка и подчиняются его фонологическим законам. В настоящее время представляет интерес природа звуковых изменений, их соотноше-

ние с фонологическими и морфонологическими явлениями. Поэтому изучение звуковых изменений, их функций в структуре слова и другие проблемы, связанные с фонетической системой языка являются актуальными для дальнейших научных исследований в области казахской фонетики и фонологии.

**Ключевые слова:** Звук, протеза, эпентеза, эпитеза, редукция, элизия, диереза, апокопа, диссимиляция, синкопа, метатеза.

**Abstract.** Different phonological changes in the content of the word are considered as phonological phenomena. They consists of facilitation of speaking, subordination of foreign words, phonological attraction. Phonological phenomena is a form of existence of that language. Phonological phenomena are based on the phonological system of that language. It means that phonological phenomena appear when they do not correspond with the language rules. Nowadays own peculiarities of phonological phenomena, and a question if it entered to phonetics or morphonology, other problems are not collected into common scientific meaning. Therefore phonological phenomena, their functions in the word structure and other problems give a positive influence on scientific research of Kazakh phonetics and phonology in the theoretical aspect.

**Keywords:** sound, prothesis, epenthesis, epiteza, reduction, elision, dieresis, apocope, dissimilation, syncope, metathesis.

Сөз құрамында болатын әралуан дыбыстық өзгерістерді дыбыстық құбылыстарға жатқызады. Олар айтуды жеңілдетуден, жатсөздерді өзіне икемдеп бағындырудан, дыбыстық игеруден тұрады. Ғалым Б.Қалиұлы аталған әселені «дыбыстық өзгерістер» деген атпен қарастырады. «Қазақ тіліндегі дыбыстық өзгерістерді ықпалды өзгерістер және ықпалсыз өзгерістер деп екі топқа бөлуге болады», - дейді [1, 64]. Ықпалды өзгерістердің өз заңдылықтары бар екендігін айтып, оны төмендегідей үш түрлі жолдармен бөліп көрсетеді:

1) Дыбыстардың қыстырылуына байланысты болатын өзгерістер (протеза, эпентеза, эпитеза).

2) Дыбыстардың түсіп қалуына байланысты болатын өзгерістер (редукция, элизия, диереза, апокопа, диссимиляция, синкопа).

3) Сөз ішіндегі қағар келген екі дауыссыздың орындарын алмастыруы (метатеза) [1, 65-70]. Ал ықпалсыз өзгерістер көрші дыбыстар ықпалынан болмайтынын, яғни бұл комбинаторлы өзгеріс емес, тілден тыс жағдайлардан туған тарихи, ықпалсыз өзгерістер, яғни спонтанды құбылыс екендігін, ықпалсыз өзгерістегі дыбыстардың түрленуін, алмасуын, дыбыс сәйкестігі деп атаған дұрыс болады деген тұжырым жасайды.

1. Дыбыстардың қыстырылуына байланысты болатын өзгерістер:

**Протеза.** Сөздің алдынан артық дыбыстың қосылуы гректің, prothesis - алдында тұру – деген сөзінен шыққан. Бұл сөздің айтылуын жеңілдету үшін қажет. Мұндай дыбыс дауыстыда, дауыссызда болуы мүмкін. Қазақ тілінде протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Қазақтың төл сөздері й, у, л үнділерінен басталмайтыны белгілі. Кірме сөздер осы дыбыстардан басталуы әбден мүмкін. Солардың алдынан дауыстылар қосылып айтылады. Олар *л, р* дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдынан жамалады. Олай болатыны қазақ тілінде *лак, лап, лау, лыт, лоқ-лок, луп-луп* сияқты оншақты еліктеуіш болмаса, байырғы атауыш сөздер бұл дыбыстардан басталмайды.

Қазақ тілінде протезаның күші елеулі, өз алдына буын болып тұрады. Мысалы: *Блайла, ылайойментұнығында* (Абай). Ырас десең, ырас сөз мен айтайын (“Бекболат” дастаны).

*Екі-үш дауыссыздан басталатын орыс сөздері протезамен айтылады:* (ы) станция, (ы)стакан, (ы)станок, (ы)стаж, (ы)статус, (і) спектр, (і) спирт, (і) штепсель, (і) штрек, (і)шків, (і)шпиль, (і)шприц т.б.

**Эпентеза.** Сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуы гректің, epenthesis – қыстырылу – деген сөзінен шыққан. Ертеректе тілімізге еніп, айтылуына орай жазылатын *бөрене – бревно, жеребе – жребий, керуует – кровать, көпене – конна, кінәз – князь, пүліш – плюш* сөздеріндегі дауыстылар соның айғағы [2, 97].

Ал ғалым К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде эпентеза құбылысы екідыбыстың аралығына қосалқы дыбыстың келіп кіруін *метр, литр* деген сөздер қазақша *метір, литір* түрінде айтылатынын *трактор, трамвай* деген сөздердің *тырактор – тырақтыр, тырамвай – тырамбай* деп айтылуыда осыған мысал бола алатындығын, орыс тіліндегі «кровать» деген сөздің өзбекше *кравот* және қазақша айтылуында кереует дауыссыздарының тіркесінің /кр/ арасына дауысты дыбыс қосылатындығын айтады [3, 260].

*Эпитеза*. Дыбыстың фонетикалық неморфологиялық ерекшеліктеріне байланысты сөз соңына жаңа бір дыбыстың, не буынның пайда болуы. Мысалға қазақ тілінде *тақта, бабай, шөмеле, есіл-дерті* сөздері *тақтай, бабам, шөмелей, есілдерті* түрінде айтылғанда, сөз аяғына жаңа сөз құрамында буын жоқ дыбыс *й, л* қосылған. Яғни мұндай құбылысты біз – эпитеза құбылысы деп танيمыз.

Мұндай құбылыс кірме сөздер құрамында жиі ұшырасады. Кірме сөздердің соңына жаңадан қосылған қосымша дыбыс – сол сөздерді айтуды жеңілдету тәсілінің бірі. Мысалға, орыс тілінен енген мына сөздерді айтар болсақ *киоск, танк, пропуск* сияқты сөздер. Өзбек тілінде *киоска, танка, пропуска* түрінде *а* дауысты қосылып айтылатын көрінеді. Қазақ тілінде мұндай сөздердің орысша орфографиясы сақталынып жазылады. Бірақ *киоскі, танкі, пропускі* түрінде айтылады. Аффикстенгенде де *киоскиден, танкіге, пропускіні* сияқты болып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, эпитеза – диерезаға карама - қарсы, кейбір жағдайда эпитеза мен ұқсас сияқты. Эпитеза – сөз құрамында жаңадан бір дыбыс, не буын қосып айту дедік. Мысалы, *ромб, ферзь, фонд, факт, ямб* сияқты бір буынды кірме сөздер қазақ тілінде сингармонизмге сәйкес *ром - бы* болып айтылады. Мәселен, *фер - зі, фак - ті, эм - бы* түрінде екі буынды сөз ретінде айтылады [4, 79]. Бұл мысалдарда қазақ тіліндегі *ы - і* қысқа дауыстылары – эпитеза жасаушы элементтер болып тұрғандығын байқауға болады. Қазақ тілінде эпитеза араб - парсы тілдеріндегі сөздер құрамында да кездеседі. Дәлірек айтсақ, кейбір араб - парсы сөздерінің құрамына қазақ тілінің дыбыстары қосылып, эпитеза жасайды. Мысалы: арабша *хабс* – қазақша *қанас, түрме*, парсыша *сәһм* – қазақша *секем*, арабша *келк* – қазақша *келек, қамыс, садақоғы* түрінде кірме сөздерге *а - е* дауыстылары қосылып жазылады.

2. Дыбыстардың түсіп қалуына байланысты болатын өзгерістердің кейбіреуіне тоқталыпөтелік:

*Элизия*. Сөз соңына келген белгілі бір дауыстының түсіп қалуы деп жүрміз. Бұл – көбінесе ауыз екі сөйлеу тіліне тән құбылыс болып табылады. Тілдерде ықшамдай түсу мақсатымен сөз ішіндегі дауыстының бірі ығыстырылып, түсіп айту кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде екінші бір сөзбен тіркескен сөздің алғашқысының соңғы дауыстысы ауызекі сөйлеу тілінде түсіп қалып отырады. Тіркескен екі сөз бір-ақ единица, бір-ақ сөз ретінде айтылады. Мысал: *Сарыарқа - сарарқа, Аламаекен - аламекен, Торыат - торарт* т.б. Ә.Хасенов «Тілбілімі» атты еңбегінде элизия құбылысына мынадай сөздерді мысалға келтіреді: *Есіалаң (есалаң), төреәлі (төрәлі), күніүшін (күнүшін)* т.б. [5, 80]. Мұндайда сөздегі буын саныда қысқарып отырады. Мысалы: *са-ры-ар-қа- (сар-ар-қа), А-ла-ма-е-кен- (а-ла-ме-кент.б.)*. Есте болар бір жайт: элизия мен эллипсис терминдері бір-бірімен синонимдес сөздер, осы жағын үнемі есте ұстап мұқият болған жөн. С.Мырзабеков элизия құбылысы туралы былай дейді: «Элизиялатының *elisis* – ығыстыру деген сөзінен шыққан. Бунақ тағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуы болыпта былады. Мысалы: *қарала – қараала, алалмады – алаалмады, айтылмады – айтаалмады, жоғаріл – жоғарыіл, жақсөнер – жақсыөнер, жақсыөлең – жақсыөлең, жышырмалты – жишормаалты, екайгыр – екайгыр, мынадам – мынаадам, аleshкі – алаeshкі* тағыда басқа. Ал осы уақытқа дейін редукция түрінде *мұрны – мұрын-ы, қарны – қарын-ы* деген сөздердің екінші сыңарын біз **элизия құбылысы** дейміз. Өйткені екінші буындағы орын, *ерін, мұрын* дауыстының түсуі тек қосымшаның басындағы дауысты мен байланысты болып келеді» [2, 97].

*Диереза*. Ол– гректің «бөліптастау» , орысша «выкидка», қазақша «алыптастау» деген мағыналас терминдерді береді. Диерезада ассимиляция не диссимиляция әсері арқылы пайда болады. Бұлда, негізінен, сөз ортасындағы дыбыстар өзгерісіне байланысты және орыс тілінде көбірек кездеседі. Диереза дегеніміз – сөз ішіндегі дыбы-

стардың күрделірек тіркесінде белгілі бір дыбыс не буынның түсіріліп айтылуы болып табылады. Мәселен, честный сөзі – чесный түсірілгені *t* дыбысы *повестка*, *солнце* - *сонце*, *грустный* - *грусный*, *праздний* - *празный*, *чувство* - *чуство* болып айтылуы – диереза құбылысы [3, 78]. «Қосарлы *сс*, *лл*, *мм*, *тт* дауыссыздарына біткен сөздерге қазақ тілінің аффикстері жалғанғанда, қос дауыссыздың соңғы сыңары ығыстырылып, түсіп қалады», - дейді К.Аханов өз еңбегінде.

**Апокопа.** Бұл терминінің мағынасы: «отсечение» – шауып тастау, қиып жіберу. Апокопа дегеніміз – акценттік фонетикалық процеске байланысты сөз соңындағы белгілі бір дыбыстың немесе сөздің бір бөлігінің бүтіндей түсіп қалуы. Мәселен, кейбір тілде сөз екпіні соңғы буынның алдыңғы буынға түсетін кірме сөздерге, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне тән емес қатар келген екі дауыссызы бар сөздер соңында апокопа құбылысы кездеседі: *Брест* - *бресті*, *текс* - *текіс* - *текісте*, *контекст* - *контекіс* - *контекісте* т.б. сөздерден соңғы *t* дыбысының түсіріліп айтылуы – апокопа болып табылады. Ал *бресті*, *текіс* түрінде екі дауыссыз арасына *i* дауыстысының қосылып айтылуы эпитеза құбылысы» [4, 80]. Кейбір лингвистердің айтуынша *ол*, *сол*, *бұл*, *мен*, *сен* т.б. *Ол + лар емес, олар, со - лар бұлар, мен + нің емес, ме - нің, сен + нің емес, се - нің, сондай - ақ, ол + ны емес, о - ны, сол + ны емес, со - ны болып, л - н* дауыссыздарының түсіп қалуы – апокопа құбылысының әсерінен пайда болды деген тұжырым бар» [4, 81]. «Апокопа – морфонологиялық құбылыс, соңғы буындардың түсіріліп айтылуы. Мысалы, қазақ тіліндегі **-ады**, **-еді** формалы етістіктерде соңғы дауысты дыбыстар түсіп қалады: *барады-барад* және т.б [7, 18].

Ғалым С.Бизақов “Тілдік норма және варианттылық” атты өзінің ғылыми еңбегінде сөздің ықшамдалған варианттары деген тақырыппен сөз соңындағы дыбыстың сусуы арқылы ықшамдалуын мынадай түрлерге бөліп көрсетеді:

а) Кірме сөздердің соңындағы элементтердің сусуы. Иран сөздері: *дост* / *дос*, *раси* / *рас*, *тахт* / *тақ* / *трон*, *бахт* / *бақ*, *ренк* / *рең*, *уақыт* / *уақ*, *дара* / *дар*, *орыс сөздері: минута* / *минут*, *газета* / *газет*. Қазіргі тілде *бақыт*, *реңк* сөздерін есептегенде, бұл варианттардың толық сыңарлары қолданылмайды. *Дост*, *раст*, *тахт* сөздері көне ғасырлардағы өлең - жырларда ғана кездеседі.

ә) Сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер: *айдаһар*, *аждаһа*, *еді* – *ед* т.б.

б) Өлең ұйқасында буын өлшеміне қарай: *замана* – *заман*, *құдайа* – *құдай*, *нышана* – *нышан* т.б.

в) Мағыналық саралануға байланысты сақталған ықшам варианттар: *жидек* – *жиде*, *тақтай* – *тақта* т.б.

г) Көнеленген жұрнақтардың келуінен түзілген дыбыстық варианттар: *-қ,к* – *бұғанақ* - *бұғана*, *ұлық* - *ұлы*; *-н* – *әдейін* - *әдейі*, *жауһазын* - *жауһаз*; *-м* – *жазғұтырым* - *жазғұтыры*; *-ки* – *әнеки* - *әне*, *кәнеки* - *кәне*; *-т* – *салғырт* - *салғыр*, *мұрсат* - *мұрса*.

Бұл варианттардың да бір бөлігі – морфологиялық тұлғалар [7, 86].

Кейбір сөздердің ықшамдалуына афферезис, синкопа немесе апокопа араласып келеді. *Жұбауратты* - *жұбатты*, *жуатты*, *уатты*, *хайуанат* - *хайуана*, *хайуаң*; *қадам* - *қадым*, *адым*; *газиз* - *эзиз*, *әз*; *Біржолата* - *біротала*, *біржоло*; *Найзагай* - *нажагай*, *ажагай* т.б. Мұндай жарыста тұлғалардың қазіргі баспа сөзде қолданылу, нормалану дәрежесі бірдей емес. Ықшамдау процесіне қалыптасқан вариант сөздердің қазіргі шығармаларда өткен кезеңмен салыстырғанда анағұрлым аз ұшырауы – әдеби тіл нормасының әсерінің арттыруының дәлелі. Алайда қазіргі, ықшам тұлғаларға байланысты вариант қатарының бір жүйеге келуі түбегейлі қалыптасып кете қойған жоқ.

**Синкопа.** Грек тілінің *synkope* деген сөзден алынған термин. Орысша мағынасы «сбивание», «уплотнение», «бытьем», қазакша «кедергелеу, жойып жіберу, ұрып тастау, сығылыстыру, тығыздай түсу» дегенге келеді. Сөз ортасындағы бір я бірнеше дыбыстың сусынынан түзелген варианттар қазіргі тілде жиі ұшырайды. Синкопа түбірде де, қосымшада да, олардың аралығында да, сөз тіркестеріне қарай да кездесе береді. Қазақ тіліндегі синкопаның афферезистен мынадай елеулі айырмашылығы бар:

1) синкопаның морфологиялық вариантқа қатысты түрлері жиі кездеседі; 2) синкопаның кейбір түрлерінің вариант қатары көбірек. Бұл олардың ұзақ уақыт бойы біртіндеп қалыптасып келуін аңғартса керек. Мысалы: *тарымышылық* – *таршылық* –

тарлық, жұбауратты – жауатты – уатты, бұрқырату – бұрқату – бұрқау т.б. 3) Синкопада сөздің бір бағытта ықшамдалуы мүмкін: Жұмылдырық – Жұмырық – Жыдырық, Ләйлім – Ләйлім – Ләлім – Ләзім т.б. Сөз ортасындағы дыбыстардың тұрақсыздығына қарай қазақ тілінде синкопаның бірнеше түрі кездеседі: а) **к, з, к, з** шұғыл дауыссыздарының тұрақсыздығынан тигізілген варианттардың баспа сөзде жарыса қолданылып келгендері бар. Мысалы: тағам – тәлім, мағлұмат – мәлімет, әрегідік – әредік, бағана – бана – мана, сугару – суару, бұлға – бұла, уақыт – уақ, жиіркену – жирену, сойқанды – соянды. Дауыссыз дыбыстардың сақталып айтылуы жергілікті ерекшелікте басымрақ екені айтылады. Мәселен: құмған – құман, ештеңке – ештеңе, кигіз – киіз, еңкіс – еңіс, еге – ие, шаңырақ – шаңрақ, аңызғақ – аңызғақ т.б. Бұл құбылыс тарихи фонетикамен байланысты зерттей беруді қажет етеді. Қазіргі говорларда ұшырасып қалатын сағ, ұрғ, сугар, тегермен, жігірме сияқты көне тұлғалардың орхон - енисей жазуларында кездескені белгілі. Ж.Досқараев көне дәуір жазбалары мен туыс тілдер фактілеріне сүйене отырып, сөз құрамында **к, з, к, з** дыбыстарының келуін ерте кездегі үйсін, қаңлы тайпалары тілімен байланыстырды [8, 146]. Қазіргі сугару – суару параллельдерінің қалыптасу жағдайы, бұл жағдайда кейбір мәліметтер беруге тиіс. Тіліміздегі «су» сөзінің көне дәуірден бері сук – сұғ – су болып тұлғалық материалдары мен туыс тілдер фактісі дәлел болады дедік. Демек «су» сөзінің ескі варианты «сугару» тұлғасында сақталып қалған десек, ол мынадай дыбыстық өзгеріске ұшырап келген сияқты: сугару – субару – сувару – сууару. «h» әріпінің тұрақсыздығы: zahap / zhp, qah.ap / kəp, shahap / shəp т.б.

Бұған қазіргі тілде қатар қолданылатын отырғанмын – отырғамын – отырғам, қолбасшы – қолбасы варианттары мысал болады [7, 85]. Екі дауыссыздың қатар арасында кездесе береді». Әйткенмен мұнда да олардың бір дауыссызының түсіп қалуы жиі ұшырайды: қомақты – қомақы, мынандай – мынадай, атағанбыз – атағамыз. Кейде сөздің екі я екі буынның ықшамдалуы мүмкін: сыпайышылық – сыпайылық, сыпайлық; бақталас – бахас; жалбарыну – жалыну т.б.

**Метатеза.** Сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы гректің – орын ауыстыру – деген сөзінен шыққан. Сөйлеу процесінде сөздер кей уақытта екпін мен интонацияға, сингорманизмге байланысты өзара тіркесіп, өзгеріп отырады. Оны тану үшін туыстас тілдер мен көне жазбалар тілінің деректері тіліміздің бүгінгі жай-күйімен салыстырылады, дыбыстардың орын алмасуы анықталады [9, 65]. Қазақ тілінде қатар келген пк,пк дыбыстары **кп, кп** түрде орындарын ауыстырып айтылады. Мәселен, әпке, тепкі, тепкішек, шапқыла, түпкір, әпкелтүрде жазылатын сөздер айтуда әкпе, текпі, текпішек, шаққыла, түкпір түрде де кездеседі. Бұлай айту ауа қолына орналасқан сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетеді. Содан да өкпе (өпке), өрекі (өрекі), секпіл (сепкіл), қақпа (қапқа), қақпан (қапқан), қақпақ (қапқақ), кәкпір (кәпкір) сөздері айтылуына орай жазылады. Сөзде дыбыстың не буынның орын ауыстыруы тарихи метатеза (өкпе – өпке, қақпан – қапқан), кірме сөздердегі метатеза (құтпан – құптан), диалект, жергілікті тіл ерекшеліктерінде кездесетін метатеза (дария – дайра, қолбақ – қолғап) деп бөлінеді. Метатеза сөздердің дамуында ерекше құбылыс саналады.

Қорыта айтқанда тілдегі дыбыстық құбылыстар сол тілдің өмір сүру фактісі. Дыбыстық құбылыстар тілдің дыбыстық жүйесі заңдылықтарынан туындайды. Яғни тіл заңдылығына сай келмеген тұста дыбыстық құбылыстар пайда болады екен. Қазіргі таңда дыбыстық құбылыстардың өзіндік ерекшеліктері, олардың фонетика мен морфологияның қайсысына енетіндігі, т.б. жөнінде ғылыми көзқарастар әлі бір арнаға тоғысып болған жоқ. Сондықтан дыбыстық құбылыстар, оның сөз құрлымындағы қызметі, т.б. мәселелері қазақ тілі фонетикасы мен фонологиясын теориялық жағынан ғылыми дұрыс бағытта зерттеу ісіне оң әсер етеді. Демек, осы бағыттағы зерттеулерді бір жүйеге түсіріп, бір бағытта қарастырудың маңызы зор.

## Әдебиет

1. Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. – Алматы, 2004. – 152 б.
2. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-словарь, 1999. – 200 б.
3. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.

4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 784 б.
5. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1961.
6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: 1963. – 146 б.
7. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. – Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.
8. Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. – Алматы: 1963. – 146 б.
9. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтар. Алматы: Ғылым, 1988. – 142 б.

**Пиязбаева А.Б.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының 2-курс магистранты*

## **Қазақ тілді жарнама мәтіндеріндегі прецеденттік феномен**

**Аңдатпа.** Кез келген жарнама мәтінінің мақсаты белгілі бір тауарды ерекшелеу, әспеттеу, адресаттың санасында сол тауар туралы «оң көзқарас, жақсы ойлар» қалыптастыру. Аталған мақсатқа жету үшін жарнама мәтінін түзушілер түрлі тілдік тәсілдерді қолданады, мұндай тәсілдердің біріне біз, прецеденттік феномендерді жатқызуымызға әбден болады. Жалпы халықтық мәдениет өзіне тән әлемнің концептуалдануымен ерекшеленеді. Белгілі бір этномәдени қауымдастықтың бөлшегі болып саналатын әр индивидтің санасында мәдениет ұлттық-мәдени кеңістік түрінде өмір сүреді. Ол ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың әр мүшесінің (тілдік тұлғаның) мәдениет құбылысы туралы ойларын, түсініктерін қамтып, мәдени кеңістікті құрайды. Демек, кез келген индивидтің мәдени кеңістігі, танымдар мен түсініктер жиынтығы болады, бұл тіл білімінде танымдық база деп аталады (когнитивтік база). Мақалада жарнама мәтіндерінде қолданылатын прецеденттер жан-жақты талданады.

**Тірек сөздер:** жарнама, прецеденттік атаулар, когнитивтік база, феномен

Қазіргі жарнама – ғылымның әртүрлі саласындағы ғалымдардың өзіне деген қызығушылығын арттырып келе жатқан көпаспектілі құбылыс. Жарнама тілі әрқашанда жаңа идеялар мен жаңалықтарға тәуелді, кез келген өмір саласындағы, қоғамдағы өзгерістер міндетті түрде жарнама мәтіндерінен көрініс табады. Жарнамаға деген қызығушылық, ең алдымен оның мәтініне, яғни жарнама тіліне деген қызығушылықтан туындайды. Жарнама мәтінінің негізгі мақсаты жарнамаланып отырған затқа қатысты тұтынушыны қандайда бір іс-әрекетке итермелеу болып табылатыны белгілі. Жарнаманың адресатқа ықпалы негізінен сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асады. Жарнама мәтіні тілдік құралдардың көмегімен жүзеге асыратын бұл үдерісінің басты ерекшелігі – оның саналы түрде жүзеге асатындығы. Осы үдерістің негізінде тура немесе жанама жарнамалар дүниеге келеді [1, 73 б.].

Кез келген жарнама мәтінінің мақсаты белгілі бір тауарды ерекшелеу, әспеттеу, адресаттың санасында сол тауар туралы «оң көзқарас, жақсы ойлар» қалыптастыру. Аталған мақсатқа жету үшін жарнама мәтінін түзушілер түрлі тілдік тәсілдерді қолданады, мұндай тәсілдердің біріне біз, прецеденттік феномендерді жатқызуымызға әбден болады.

Жалпы халықтық мәдениет өзіне тән әлемнің концептуалдануымен ерекшеленеді. Белгілі бір этномәдени қауымдастықтың бөлшегі болып саналатын әр индивидтің санасында мәдениет ұлттық-мәдени кеңістік түрінде өмір сүреді. Ол ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың әр мүшесінің (тілдік тұлғаның) мәдениет құбылысы туралы ойларын, түсініктерін қамтып, мәдени кеңістікті құрайды. Демек, кез келген индивидтің мәдени кеңістігі, танымдар мен түсініктер жиынтығы болады, бұл тіл білімінде танымдық база деп аталады (когнитивтік база). Орыс ғалымы В.В.Красных оған «белгілі бір ұлттың мәдени менталитеттің сөйлеушілері меңгерген білім мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы» деген анықтама береді [2, 45 б.]. Ал тіл арқылы мәдениетті тану қызметіне байланысты зерттеуші Г.Мәдиева бұл атаулардың мәнін төмендегідей бағалайды: «Когнитивті базаның ядролық бірліктеріне мәдени ақпараттың тасушысы және сақтаушысы ретінде прецеденттік феномендер де жатады, оларды пайдалану ба-

рысында пайда болатын белгілі бір жағдаятты, ассоциациялар жүйесін жеткізуде олардың маңызы зор» [3, 122 б.]. Демек, әрбір мәдени қауымдастықтың – халықтың танымдық базасының көрсеткіші ретінде прецеденттік бірліктерді атауға болады. Яғни *прецеденттік феномендер* жарнама мәтінінде белгілі бір мәдени, тілдік қауымдастықтың, халықтың танымындағы мәдени ақпаратты, олардың ассоциациялар жүйесін бейнелейді. «Прецеденттілік» термині және оған берілген анықтамалар қазіргі таңда теориялық және қолданбалы лингвистикада өте жиі қолданылып, ғалымдардың зерттеулеріне алынып жүр. Прецедентті деген ұғым тіл білімінде ХХ ғасырдың соңына қарай Ресей ғалымдарының Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин т.б. еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есім Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л. Березович, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева, О.С. Боярских, Г.Г. Сергеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз етіледі. Ю.Н.Караулов прецеденттік мәтін ұғымына: 1) қандайда жеке тұлғаның халықтың моральдық құндылықтарымен, танымымен, мінезімен, болмысымен, ділімен байланысты; 2) жекелік мазмұнға ие, яғни оның қарым-қатынас ортасына, өзін қоршаған адамдарға жақсы таныс, түсінікті мазмұнға ие; 3) тілдік тұлғаның дискурсында көрініс табатын тілдік құбылыс деген анықтама береді [4, 216 б.].

Прецеденттіліктің өзіне тән басты ерекшеліктерін Д.Б.Гудков атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, прецеденттік феномендерді ұлттың мәдени эталондары ретінде қарастыруға болады. Прецеденттік феномендер орындауды міндеттейтін немесе тыйым салатын іс-әрекет моделдері мен белгілі бір құндылықтар парадигмасын құрайды, прецеденттік феномендердің осы қасиеттері этноқауымдастықта маңызды рөл атқарады. Тіпті прецеденттік феномендерді ұлттық ерекшеліктерді сипаттау барысында белгілі бір ұлттық символдар жүйесінің, ассоциациялар мен ақпараттардың белгісі ретінде қабылдауға болады. Себебі, прецедентті феномендерді айту кезінде коммуниканттарда ұлттық байлаулы ассоциация туындайды. Прецеденттік феномендерге аксиологиялық белгі тән, яғни әрбір прецеденттік феномен белгілі бір іс-әрекетке, не бір тарихи оқиғаларға, өзгерістерге байланысты «жағымды» және «жағымсыз» немесе «дұрыс» не «дұрыс емес» ассоциацияларды бейнелейді [5, 138-140 бб.]. Жоғарыда айтылып өткен бұл белгілер жарнама мәтіндерінде де көрініс тауып отырады. Жарнама мәтіндегі прецеденттілік бұл жарнама мәтінін тауар мен қызметтерді өткізу мақсатында көркемдеу үшін стереотиптерді жою, белгілі бір тілдік қауымдастықта қолданылатын тілдік бірліктердің өзіне тән қызметінің және қандайда бір жеке тұлғаның немесе социумның түсінігіндегі тілдік норманың бұзылуы.

Сонымен *«прецеденттілік» дегеніміз* – ұлттық ерекшеліктерді сипаттау барысында белгілі бір ұлттық символдар жүйесінің, ассоциациялар мен ақпараттардың белгісі, орындауды міндеттейтін немесе тыйым салатын іс-әрекет моделдері мен белгілі бір құндылықтар парадигмасы. Жарнама мәтінінің прецеденттілік мазмұнға ие болуының басты себебі, мұндай мәтіндерге деген адресаттың қызығушылығының артуы. Прецедентті жарнама мәтіндерінің пайда болуы жарнама мәдениетінің қалыптасқандығынан хабар береді. Прецедентті феномендер жайлы сөз қозғағанда біз, өзге прецеденттерден ерекшеленетін вербалды немесе вербалданатын феномендерді меңзейміз. В.В.Красных мәтінаралық байланыстарға негіз болатын прецедентті құбылыстарды құрылымдық-семантикалық тұрғысынан төртке бөледі: прецедентті мәтіндер, прецедентті айтылымдар, прецедентті есімдер (атаулар), прецедентті жағдайлар.

*Прецеденттік мәтіндер дегеніміз* – тұтас этномәдени сипатта болатын, қазақ тілін білетін, қазақ әдебиетімен жақсы таныс, қазақ болмысынан хабары бар адам ғана түсінетін прецеденттік бірлік [6, 112б.]. Мәселен, *«Әр елдің салты басқа»*, *«Інісі бардың іздеушісі бар»* түрінде қоланылған прецеденттік мәтіндер өз кезегінде *«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа»*, *«Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар»* мақалдарына нұсқайды. Бұл жерде беріліліп отырған прецеденттік мәтіндердің атқарып тұрған қызметі орасан, арқалап тұрған мағыналық жүгі де салмақты. Алайда прецеденттік мәтінге құрылған жарнамалар өте сирек кездеседі. Мысалы, *«Құсты қанат ұшырады, адамды талап ұшырады – птицу в небо крылья поднимают, человека мечта окрыляет»* деген жарнаманың прецеденттік мәтіні *«Құсты қанат, адамды талап қанаттандырады»* деген мақалды меңзеп тұр.

**Прецеденттік айтылымдар** – кейбір пікірлер жүйесінде тек ақиқаттығына ғана байланысты қарастырылатын, сөйлеу қызметіндегі өнімді, аяқталған күрделі ойды білдіретін, құрамындағы компоненттерінің саны беріп отырған мағынасымен өлшенбейтін, толыққанды тиянақты ойды бейнелейтін сөйлемнің лексико-грамматикалық-интонациялық бірлігі [7, 90 б.]. Прецеденттік айтылымдарға цитаталар, фразеологизмдер, макал-мәтелдер, қанатты сөздер және басқа да сөйлеудің тұрақты формалары жатады.

**Прецеденттік жағдайлар** – кез келген индивидтің мәдени кеңістігі, танымдар мен түсініктер жиынтығы болып табылатын танымдық (когнитивтік) базаға енетін, өзіндік коннотацияларға ие эталон жағдаят. Жарнамада вербалданған прецеденттік жағдаяттар мен сюжеттер ара-кідік кездесіп отырады. Мұндай жарнамаларда қандай да бір іс-әрекеттің өту процесі егжей-тегжейлі баяндалады.

**Прецедентті есімдер (атаулар) дегеніміз** – бұл белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғамен байланысты кез келген жалқы есімдер. Бір сөзбен айтқанда, есімдердің символдық мәнде жалқы есімдерден жалпы есімдерге ауысуы. Бұл үдеріс ономастика саласында бейонимдену деп аталады, яғни мағыналық және қолданыс аясына қарай олар жалқы есімдермен байланысын жоғалтады. Прецеденттік есімдер ұлттық болмыс пен танымның көрсеткіші болып табылады. Мысалы, коммуниканттардың өзара коммуникациясында «Желтоқсан ызғары» прецеденттік есімі сөзсіз түсініліп, коммуникация сәтті аяқталса, бұл коммуниканттардың екеуінің де бір мәдени қауымдастыққа жататынын білдіреді. Себебі, Қазақстанда өмір сүретін және өмір сүрген қауымдастық үшін «Желтоқсан» прецеденттік атауы анық бірнеше ұғымды білдіреді: 1) Қыстың айы; 2) 1986 жылы болған Желтоқсан көтерілісі. Осыған байланысты төмендегі ұлттық байлаулы ассоциациялар келуі мүмкін: 1) қантөгіс; 2) жазықсыз жапа шегу; 3) Қайрат, Сәбира 4) Тәуелсіздік, егемендік; 5) жаңғыру, жаңару. Өздеріне ғана түсінікті, өздерін ғана ерекшелейтін мұндай прецеденттік атаулар тобы тек үлкен мәдени қауымдастықтарда ғана емес, жекелеген әлеуметтік тілдік тұлғалардың қоғамдағы орны, жас ерекшеліктеріне, психологиялық жағдайларына байланысты әлеуметтік-мәдени топтарында да (достардың тобы, отбасы, ұйым, т.б.) болады. Жеке индивидтің прецедентті атауды қолдануы оның осы әлеуметтік топтарға қатысын көрсетеді. Қазіргі таңда қоғамда, әсіресе қаладағы сыртқы жарнамаларда прецеденттік есімдердің тауардың белгісіне айналып жатқандығы жиі ұшырасады. Бұл жарнамада прецеденттік есімдерді молынан қолдана бастағандығын көрсетеді. Жарнама мәтіндерінде көбінесе прецеденттік атаулар болып көркем шығармалардың авторларының, әдеби көркем шығармалардағы қаһармандардың, мифтік тәңірлердің (құдайлардың), тарихи тұлғалардың және қазіргі заманғы танымал тұлғалардың есімдері мен өнер туындыларының атаулары жұмсалады.

Аталған прецеденттік құбылыстар өз кезегінде вербалды (яғни тілдік тұлғаның жадында дайын сөз, сөз тіркесі, сөйлем түрінде сақталып, өмір сүретін) және вербалданатын (тілдік тұлға бұларды жадынан алғанда тұтас өздерін емес, олардың түрлі дифференциялық белгілерін ғана алып, тұрақты атрибуттары арқылы немесе оларсыз өз сөзінде, мәтнінде пайдаланады) болып бөлінеді. Вербалды прецеденттік феномендерге прецедентті есімдер, прецедентті айтылымдар жататын болса, прецедентті мәтіндер мен прецедентті жағдайлар вербалданатын құбылыс деп саналады. Бұл прецедентті құбылыстардың әрқайсысын қабылдаудың инварианты бар, яғни белгілі бір лингвомәдени қоғамда өмір сүретін адамдар олардың сол қоғамда қалыптасып қалған белгісімен таныс болады. Сол себепті прецедентті құбылыстарды тез танытатын ең негізгі, ең басты, сонымен қатар ең қарапайым, ең қысқа белгілерін есте ұстап, қажет жағдайда оларды өз мақсатында қолдана алады. Әр қолданушының интенциясына байланысты бұл прецеденттік құбылыстардың вербалдануы ешқашан бірдей болмайды. Әр адам мейлі ол оқырман болсын, мейлі ол қаламгер болсын, сол инвариантты қабылдаудың үстіне өз қабылдауын, түсінігін, бояуын қосып, өзінше интерпретациялайды. Тілдік тұлға өзіне қажетті сөзқолданысты, мәтін фрагментін



өзі өмір сүріп отырған лингвомәдени қауымдастықтың кез келген мүшесіне әрқилы дәрежеде таныс прецеденттік феномендерінен алады, сондықтан интертекстердің когнитивтік-прагматикалық әулеті қашанда жоғары болады. Сондықтан да әр қаламгер прецедентті құбылыстарды өз шығармасына кіргізгенде, олардың шығу тегіне қарамай, қайтсе де өзінің ұлттық ментальдығын қосатыны, сол арқылы перетекстердің семантикасын кеңейтетіні, толықтыратыны, байытатыны сөзсіз.

Жарнама мәтінінде прецеденттік феномендерді қолдану адресаттың жарнаманы түсінуін жеңілдетеді және оның мағынасын дұрыс интерпретациялауына мүмкіндік туғызады. Жарнама мәтінінде қолданылатын прецеденттік феномендер жарнамаланып отырған тауарлар мен қызметтерге қатысты жеке тұлғалардың эмоционалды қатынасын көрсететін көпшілікке танымал іс-әрекеттердің, барлығына бірдей түсінікті сценарилердің мазмұнын аша түседі. Яғни прецеденттік феномендерді қолдану жарнаманың прагматикалық потенциалын күшейтеді, оның тұтынушының есінде қалуын қамтамасыз етеді және оны тартымды, әрі жарқын етеді.

Жарнама саласында қолданылатын прецеденттік феномендерге төмендегілерді жатқызуға болады. Олар:

- 1) поэзия және көркем әдебиет: діни киелі мәтіндер (библиялық, құрандағы хадистер), мифтер, фольклор (ертегілер);
- 2) фразеологизмдер: идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер, қанатты сөздер;
- 3) көркем фильмдер мен мультфильмдер;
- 4) мәдениет, ғылым және тарих бойынша базалық білімдер: музыкалық туындылар, суреттер (живопись), тарихи оқиғалар.

Жарнама мәтіндері қазақ әдеби тілінің өзіне тән спецификалық мақсаттары, ерекше тілдік базасы бар, дербес тілдік саласы болып табылады. Жарнама мәтінінің құрамындағы прецеденттік феномендерді жоғарыда атап өткеніміздей, В.В.Красныхтың типологиясына сәйкес келесі түрде классификациялауға болады: прецеденттік мәтіндер, прецеденттік айтылымдар, прецеденттік есімдер, прецеденттік жағдайлар. Енді жарнама мәтінінде қолданылатын осы құбылыстарды морфологиялық лексикалық және синтаксистік тұрғыдан зерттеп талдаймыз.

Прецеденттік айтылымдарға әртүрлі цитаталар жатады және олар өз іштерінен танымал айтылымдар мен қанатты сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер болып бөлінеді деді. Жарнама мәтінінде қолданылған прецеденттік айтылымдарға мысал ретінде жарнама контекстінде пайдаланылған мына көпшілікке танымал қанатты сөзді келтіре аламыз: *«Время не любит, когда его тратят впустую – уақыт өзін құр жоғалтқанды ұнатпайды»* (ЖОО-ның ғимаратының сыртындағы жарнама). Бұл жарнамадағы қанатты сөздің көмегімен жоғарғы оқу орнының негізгі мақсаты айқындалып тұр. Яғни бір минут уақытыңды жоғалтпай, білім алуға кіріс – дегенді меңзейді. Орыс тілінде берілген мәтінді жалпыға түсінікті, интерпретацияланған семантикалық мағынасы да түсінікті, ең өкініштісі қазақ тілінде берілген баламасының көңілге қоныссыздығында болып тұр.

Метафоралық мағына үстелген қанатты сөздер ерекше қызығушылықты тудырады. Метафоралық контексте сөз жаңа мағынаға ие болады, ал метафора оның жаңа мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Жарнама мәтіндерінің авторлары жаңа мағына, экспрессия тудыруда сөздердің, сөз тіркестерінің байланысу тәртібін жиі бұзады. Мәселен, *«ROLEX. Иногда солнце светит в глаза очень ярко – кейде күн көзге тым ыстық болады»* (ROLEX сағатының жарнамасы). Жарнамада прецеденттік феномен ретінде У.Шекспирдің қанатты сөзі еш өзгеріссіз, бастапқы мағынасында берілген. Егер біз мәтіннің ағылшын тіліндегі түпнұсқасына жүгінетін болсақ, онда түпнұсқадағы «the eye of heaven» метафорасы бұл жерде күн сөзінің баламасы ретінде беріліп тұр. Ал жарнама мәтінінде бұл метафораның астарында жарнамаланып тұрған тауар және оның беделі меңзеліп тұр. Жарнамадағы күн метафорасының лексикалық мағынасы жарнамаланып тұрған сағат күн секілді сапалы, берік металдан жасалған дегенді білдіріп тұр.

Көп жағдайларда жарнамада прецеденттілік феномен ретінде фразеологизмдер жұмсалады. Мәселен, *«Тогыз жолдың торабында – Все дороги ведут в Мерей!»*,

«Действовать сейчас, чтобы не остаться за бортом – қазір әрекет ет, артта қалдыруға болмайды», «Для всех кто ищет! Для всех кто выбирает! Кім іздесе, солардың бәріне! Кім таңдаса солардың бәріне!» (Петрова көшесі). Мұндай бірліктердің қолданылуы жарнаманың бірегей ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар берілген екі жарнамада да адамдарға ықпал ететін астарлы мән бар. Бірінші жарнамадағы фразеологизмнің лексикалық мағынасы жарнама контекстіндегі нақтылы бір мазмұнды, яғни іс-әрекеттің нақты бір объектіге бағытталғанын көрсетеді. Ал соңғы жарнаманың адамға әсер ету қызметі төмен. Өйткені кімнің нені іздейтіні, нені таңдайтыны беймәлім. «Іздеушілер мен таңдаушылардың назарына!» десе де жеткілікті болар еді.

Сонымен қатар, жарнама мәтіндерінде мақал-мәтелдер де қолданылады. Жарнама контекстінде мақал-мәтелдер көбіне қаз қалпында өзгеріссіз берледі немесе болар-болмас өзгеріске өте сирек ұшырайды. Мәселен, «Ұлт жоқ жерде тіл де жоқ, жер де жоқ» (Райымбек д-лы), «Құсты қанат ұшырады, адамды талап ұшырады», «Еселеп артар кірісің, үнемді болса әр ісің! – Тройной результат без лишних затрат!», «Зачем пол зарства за коня! – Астыңдағы атыңды алты ай іздеме!» Қазак мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің мағынасына үңіле қараған сайын оның қоғамның барлық саласын қамтитынын аңғаруға болады. Ең басты ерекшелігі көлемі жағынан қысқа, көңілге ерекше қонымды, ұтымды болуында.

Жоғарыда айтып өткеніміздей прецеденттік есімдер – бұлар жалқы есімдер. Олар антропонимдер (адамдардың жалқы есімдері), теонимдер (құдайлардың жалқы есімдері), идеонимдер (діни мәдениет объектілерінің атаулары), топонимдер (географиялық жер-су атаулары). Алдымен антропонимдердің жарнамада қолданылуын қарастырайық. Жарнама жасаушы өзінің жарнамасында атақты немесе қоғамда беделді адамның есімін пайдалануы мүмкін. Мәселен,



Жарнама мәтіндегі прецеденттік есімдердің потенциалын ашу, жарнаманың тақырыптық ерекшелігін түсінуге, сонымен қатар жарнама мәтінде қолданылған антропонимнің маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Тағы бір мысал: «Pele – кофенің кофесі, Pele – кофе из кофе» (Times кофеханасындағы жарнама). Жарнама мәтінде белгілі футбол ойыншысы Пеленің есімі қолданылған. Берілген антропоним арқылы жарнама беруші кофенің дәмінің аса күшті (крепкий кофе) екендігін жеткізгісі келген. Бір сөзбен айтқанда, антропонимнің беделі арқылы жарнама беруші адрсатқа ықпал етіп, жарнама объектісінің сапасын нақтылай түсуге талпынған.

Жарнаманың прецеденттілігін жасаудағы тағы бір тәсілге топонимдер жатады. Мысалы,



Берілген мысалдарда прецеденттік топоним-есімдер ретінде қалалардың атаулары жұмсалып тұр. Бірінші жарнамада «Алматы» қонақжай, әрі осы қаланы мекендейтін тұрғындары бақытты отбасылық өмір сүріп жүрген, махаббат пен мейірімге толы қала ретінде бейнеленіп тұрса, екіншіден, ассоциациялық тұрғыдан «оңтүстік

астана» деген қосымша лексикалық мағына үстеліп тұр. Екінші мысалда көпшілікке танымал демалыс мекені Стамбұл қаласы берілген. Төрткүл дүниеге өзінің демалыс курорттарымен танымал бұл қала өзінің бір ғана атауында демалыстың сан түрлі түрлері: кара теңіз, керемет жағажайлар, көп жұлдызды қонақ үйлер, дәмді тағамдар т.б. сияқты жағымды мағыналарды жасырын түрде беріп тұр. Стамбұл прецеденттік есімін атағанда кез келген жеке тұлғаның санасында жылы жер, судың жағасы, керемет демалыс деген ассоциациялар көрініс береді. Бұл ассоциациялардың барлығы да адресаттың жадында жасырын түрде сақталып тұрады. Сонымен қатар жарнамадағы слоганның өзі маңызды рөл атқарып тұр.

Сонымен, кез келген мәдени қауымдастық үшін прецеденттік феномендердің маңызы зор. Әрбір прецеденттік бірліктің астарында сол қауымдастық үшін ғана түсінікті, сол қауымдастық үшін ғана қымбат ақпараттар жиынтығы, ассоциациялар жүйесі жатады. Демек әр халықтың, әрбір тілдік қауымдастықтың өзіне тән прецеденттік бірліктер топтамасы болады. Сондықтан, прецеденттік бірліктер қауымдастық үшін «өз адамын» «өзгеден» ажыратудың белгісі қызметін де атқаруы мүмкін. Бұл жайды мәдениаралық қарым-қатынаста әрдайым есте ұстау керек.

### *Әдебиет*

1. Розенталь Д.Э., Кохтев Н.Н. Язык рекламных текстов. М.; 1981. – 64 б.
2. Хасенов Е.А. Социолингвистические проблемы урбанизации: (по материалам исследования языковой эволюции г.Алматы от основания до обретения независимости) – Алматы: Қазақстан, 2002 – 254 б.
3. Асанбаева С.А. Жарнама саласындағы мемлекеттік тілді қолданудың әлеуметтік-лингвистикалық өзекті мәселелері: оларды шешу жолдары. Филол.ғ.к. дисс. – Алматы, 1999 – 150 б.
4. Грин Ф. Выбор билингвальной рекламы. Журнал Мультилингвального и Мультикультурного развития, том 15, 1994. - 2-3 бб.
5. Розин В.М. Визуальная культура и восприятие. Москва, 2009 – 10-46 бб.
6. Ученова В.В., Старых Н.В. История рекламы М.; 1999. – 93б.
7. Уеллс У., Бернет Д., Мориарти С. Реклама: принципы и практика / Пер. с англ. Е. Алюшинской, Т.Виноградовой, О.Карповой, В.Кузина, Л.Царук. СПб., 2001. - 44 б.
8. Уеллс У., Бернет Д., Мориарти С. Реклама: принципы и практика., 2001. – 66 б.

***Сейдалиева Г.О.***

*Абай атындағы Қазақ ҰПУ  
докторанты*

### **Тіл біліміндегі лингвопрагматикалық зерттеулер**

**Аңдатпа.** Прагмалингвистика тілдің функционалдық мәнін, яғни қолданыстағы сыр-сипатын, оның «өмір сүруіне» тікелей ықпал етуші адам факторымен өзара қатынасын анықтайтын сала. Прагматиканың жалпы теориялық міндеттеріне сөйлеу актілерін түсінудің, есте сақтаудың когнитивтік моделін жасау, сондай-ақ коммуникативтік өзара ықпалдастық моделі мен тілді нақты социомәдени жағдаяттарда қолдану модельдерін түзу жатады. Түптеп келгенде, прагмалингвистика тілдік қатысымды зерттеуге бағдарланған сала екені анық. Прагмалингвистика сөйлеу әрекетінің әсерін, стильдер теориясын қарастыратын ғылым, яғни тілдің құрылымдық жүйесінің талаптарына сай құрылғанымен қатысым жағдаятына орай оған үстелетін қосымша мәндерді ажырата білу.

**Тірек сөздер:** сөйленіс қатынасы, сөйлеу актісі, коммуникативтік стратегия, интерпретация

**Аннотация.** Прагматический аспект предполагает рассмотрение отношений человека и языковых знаков, которыми он пользуется. Иными словами, в центре прагмалингвистических исследований находится личность, изучаемая на стыке таких наук

как психология, социология и лингвистика. Основным положением прагматического аспекта лингвистических исследований является то, что язык, выполняя функцию общения, служит не только для сообщения, но и для воздействия человека на собеседника.

**Ключевые слова:** речевое отношение, речевой акт, коммуникативная стратегия, интерпретация

**Abstract.** The article deals with pragmatic conventions of language in communicative language. Communication may be regarded as a combination of speech acts, presupposition and functional approach. Clearly, pragmatics is very complex. It pertains to encoding and decoding skills of individuals in the communication process. Pragmatics is fundamentally concerned with communicative action and its felicity in context, investigating action with respect to the questions of what action is what may count as action, what action is composed of and how action is related to context.

**Keywords:** speech connection, speech act, communicative strategy, interpretation

Тіл білімінде прагмалингвистика ұғымы сөйлеушінің таныған немесе танылмаған сөйленіс қатынасын зерттеуден туындады. Осы критерийдің нақтыланбауына байланысты прагмалингвистиканың зерттеу нысаны бүгінгі күнге дейін екі жақты қарастырылады. Бір жағынан, прагмалингвистика семиотика мен тіл білімі зерттеулерінен тоғысатын прагматиканы анықтауы тиіс деген пікірлерге сүйенетін болсақ, онда сөйленістегі тілдік таңбалардың жұмсальымдық қызметіне ерекше мән беруіміз керек. Аталмыш зерттеулер 1990 жылдан бері тілдік таңбалардың функционалдық қызметі ретінде қарастырылып келеді. Екінші жағынан алғанда прагмалингвистика адресат пен адресант арасындағы сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас жағдаяттары мен коммуникация актілерін зерттеуге бағытталды. Ал бұған дейін аталмыш мәселелер, яғни сөйлеу әрекетін зерттеу, дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу, дұрыс сөйленісті қалыптастыру психолінгвистиканың нысаны болатын. Дегенмен, сөйлер алдында адресанттың ішкі пиғылы мен айтпақ ойын, мүдделерін танудың өзі тіл болып жарыққа шыққаннан кейін ғана анықтауға мүмкіндік беретін жаңа зерттеу нысанын қалыптастырды. Қазіргі таңда адресат пен адресант арасындағы коммуникативтік актінің ішкі пиғылға, мүддеге сай жеткізілу/жеткізілмеуін зерттеуге бет бұрған прагмалингвистиканың қарастыратын мәселелері көбейе бастады. Себебі бүгінгі күні астыртын сөйлеу, «ішімдегіні тап» деп жасырын айту, ішкі эмоциясын құпиялап сөйлеу сияқты коммуникация техникасы өзгерді. Адамзат баласы тіл арқылы бірінбірі алдап өмір сүретін заманға қадам басты. Тура айта алмайтын жағдаяттарды жанамалап айтудың бірнеше тәсілдері қалыптасты. Сондай-ақ әртүрлі институционалды дискурста тілдің құдіретті күші арқылы мойындату, мәжбүрлеу, сыйластығын білдіру, көмегін білдіру, тіпті тіл арқылы қылмысқа итермелеу тактикалары арнайы зерттеуді қажет етті. Сондықтан прагмалингвистиканың негізгі зерттеу нысанына коммуникативтік акт барысындағы түрлі жағдаяттардың мәні мен мазмұнын, мүддесі мен мақсатын, ішкі пиғылы мен оны жеткізудегі қолданылған тілдік құралдардың үйлесімділігін көрсететін прагматикалық бірліктер (идиологема, прагмема, т.б.) жатқызылды. Осындай зерттеулердің кеңеюінің арқасында прагмалингвистика өзінің салалық шекарасын семиотика мен психолінгвистика ғылымдарынан ажыратып, шегін (контурын) нақтылап алды.

Осы тұрғыдан зерттеген ғалым Г.Матвеева прагмалингвистиканың екі түрі болуы қажет деп есептейді: біріншісі - функционалды прагмалингвистика, екіншісі - жасырын прагмалингвистика [Матвеева Г. Г. Количественное употребление языковых единиц как форма активизации нюансов смысла в скрытой прагмалингвистике//Language and Communication Journal. Issue 1. Rostov-on-Don, 2001. - P. 89-92.]. Ғалымның пікірінше, функционалды прагмалингвистикада белгілі бір иллюкуцияны арнайы пиғылмен таңдаған мәтін жіберушінің сөйленіс әрекеті зерттелсе, жасырын прагмалингвистикада мәтін жіберушінің сөйленіс әрекетін актуалдайтын тілдік сигналдардың бастапқы интуитивті таңдауы қарастырылуы тиіс. Осылайша прагмалингвистикалық зерттеулердің мақсатты жүзеге асуын, нәтижелі болуын және басқа тіл салаларының зерттеу нысанымен шатаспау үшін маңызды деп көрсетеді.

Н.Арутюнованың пікірінше, функционалды прагмалингвистика тілдің дискурс құрамында қызмет етуін зерттейді. Себебі дискурс бірнеше адамдардың тұлғааралық ықпалдастығын қалыптастыратын тәжірибе болып саналады [Арутюнова Н. Д. Прагматика//ЛЭС. - М.:Сов. энциклопедия, 1990:с136].

Г.Матвееваның зерттеуінше, жасырын прагмалингвистика сөйлеуші субъектінің өз сөйленісі арқылы тұлғалық болмысын (мінезін, пиғылын, мүддесін, эмоциясын) анықтау мақсатында оның сөйлеген сөзін зерттейді. [Матвеева Г. Г. К вопросу о речевых стратегиях скрытого воздействия отправителя текста на его получателя//Личность, речь и юридическая практика. Вып.6 - Ростов - на - Дону: ДЮИ, 2003, - С. 122-129.].

Ал әлемдік тіл біліміндегі зерттеулерге тоқталатын болсақ, прагматиканы алғаш рет сөйлеу актісінің теориясы деп таныған Дж Серль мен Дж Остиннің [Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск 17. Теория речевых актов. М., 1986. С. 22 – 31.] пайымдаулары да осы түсінікке жақын келеді. Себебі, сөйленіс қатынасының ең кішкентай бөлшегі - сөйлеу актісі. Сөйлеу актісі – Бұл белгілі бір қоғамға тән тілдік қарым-қатынас нормалары мен ережелеріне, талаптарына бағынатын тілдік әрекет. Дегенмен, сөйлеу әрекеті бірнеше тіл саласының нысаны бола алатынын ескерер болсақ, прагмалингвистикадағы сөйлеу актілерінің бойындағы мына маңызды қасиеттері басты зерттеу нысаны болады. Олар:

1.Сөйлеу актілерінің әдейілеп (ішкі пиғылмен) қолданылуы – интенционалдылығы;

2.Сөйлеу актілерінің белгілі бір мақсатпен қолданылуы – конвенционалдылық.

Кез келген коммуникативтік үдерістің ақпараттық-психологиялық ықпалы болады. Серіктеспен сөйлесу барысындағы прагматика мақсатқа жету үшін, ішкі пиғылды орындау үшін барлық сөйленіс тактикасы мен аялық білімді жұмсауға, тіпті эмоция мен аффектіні көрсетуге мәжбүр етеді. Сол себепті серіктес болмысын тану арқылы оған қандай коммуникативтік стратегиямен дайындалып тілдік қарым-қатынас жасау қажеттілігі, кез келген акті бойындағы интенцияның түпкі мәнін тани білу қажеттілігі прагмалингвистика саласында қарастырылады. Прагматика бірнеше ғылым салаларында қызмет етеді. Мысалы жалпы антропоцентристік парадигмада прагматика сөйленіс мәселесін қарастырады. Осыған орай Ю.Остин перформативті пікірлердің жіктелімін жасаған болатын. Ал мәтінге автоматты талдау жасауда энциклопедиялық ақпарат, яғни прагматикалық мәліметтер сценарийлер мен фреймдер формасына ұйымдасады (М.Минский зерттеуі бойынша). Тарқатып айтар болсақ, біртекті жағдаяттар туралы білімі ақпараттарды модельдеп мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ прагматикалық мағлұматтар ақпараттық-іздеу жүйесінде де қолданылады. Прагматика категориясы бірқатар пропозиционалды орныққан тұжырымдарға (бағалау логикасы, тақылау тәжірибесі, т.б. ) сүйене отырып философиялық логика саласының зерттеу нысаны қатарынан орын алды.

Сонымен коммуникативті жағдаятта сөйлеушінің тіл қолдану қағидалары мен прагматикалық күзиреттілігін біріктіруші нысан ретінде прагматика көптеген мәселелердің басын ашып зерттеуге негіз болды. Әсіресе риторика мен стилистика, коммуникативті синтаксис, сөйлеу теориясы мен типологиясы салаларында шешімі табылмаған көптеген қайшылықтарды нақтылауға септігін тигізді.

Ю.Д.Апресянның зерттеуінде прагматика адресанттың 1) ақиқат дүниеге, 2) ақпарат мазмұнына; 3) тыңдаушыға деген ниет-пікірінің қандай да бір тілдік бірлікте (лексема, аффикс, граммема синтаксистік конструкция) сипатталуы [Апресян Ю. Д. Прагматическая информация для толкового словаря // Прагматика и проблемы интенциональности. – М., 1988]. Ал лингвистикалық әдебиеттерде прагматикаға берілген ұғымдарды былайша топтастыруға болады: 1) адам факторына басымдық беретін пайымдаулар; 2) прагмалингвистикалық зерттеулердің қызметтік күзиретіне, олардың мән-мәтіндік шарттылығына ерекше мән беретін қолданыстар; 3) тілдік қатысымның барысында коммуниканттардың бір-біріне әсер етуі тұрғысынан тиімділігін зерттеуге негіз болатын құрал; 4) белгілі коммуникативтік актіде көрініс беретін сөйленімдердің интерпретациялық мүмкіндігін ажыратып көрсетуші бірлік ретінде қарастырылған. Бұл жерде интерпретация деп сөйленімнің прагматикалық мағынасы ретінде алынып отыр.

Демек, прагмалингвистика психология, философия, тіл ғылымдарын сабақтастыратын жаңа сала болып табылады. Лингвопрагматика - бұл белгілі бір коммуникативті-прагматикалық кеңістіктегі тіл бірліктерінің қолданысын, яғни сөйлеуші/жазушы немесе тыңдаушы/оқырман арасындағы сөйлеу актісінің уақыты мен орнын, мақсаты мен мүддесін анықтауға бағытталатын тіл білімінің саласы. Дегенмен, прагматиканы зерттеу барысында сұхбаттасушының сөйлеушіге ықпал етудегі әрекеттерін анықтау қажет болғандықтан алдымен адам құлықтары мен оны сипаттау механизмдері қоса зерттеледі, түсіндіріледі. Сондықтан прагматикалық зерттеулерде бірінші болып сөйлеу әрекетінің басты нысаны ретінде субъект - адам алынады. Себебі кез келген айтылған пікір, сұхбаттағы реплика немесе мәтін сөйлеуші таратынан болатын тілдік құбылыс. Ал сөйлеу қатынасына қатысушылардың стереотипі, өмірлік тәжірибесі, аялық білімі экстралингвистикалық зерттеулермен толығымен түседі. Осылайша екіжақты зерттеу (лингвистикалық, экстралингвистикалық) сөйлеушінің коммуникативтік ниетін айқындауға, сол арқылы айтылған пікірдің түпмәнін түсінуге мүмкіндік береді. Прагмалингвистика ғылымы осындай мәселелерді шешу үшін қажетті деп саналады.

Ал қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде прагмалингвистиканың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылды. Отандық зерттеушілер прагматиканың мүмкіндігін мәтін мен дискурс айырмашылықтары зерттеуде жіті пайдаланады. Мәселен, Қазақстандық зерттеуші Б.А.Ахатова дискурсты реципиенттер түсіндіретін коммуникативтік әрекет нәтижесі деп таниды да дискурс бойында прагматикалық қызметтің салмағы басымдық болатынын атап өтеді. Яғни дискурс коммуникативтік әрекеттің жазбаша немесе ауызша түріндегі тілдік жемісі деп қорытындылайды. Б.А.Ахатова “дискурсты” актуалды сөйленіс әрекетімен, ал “мәтінді” тілдік жүйеман байланыстырады. Автор дискурсты қашанда нақты бір жағдайдағы нақты нысандарға қатысты нақты бір мәнмәтінде қарастыруды ұсынады [Ахатова Б.С. Политический дискурс и языковое сознание. А., 2006. 42].

К.Садированың зерттеуінде дискурстың прагматикалық мүмкіндігі прагмалингвистика, функционалды лингвистика, лингвостилистика, формалды немесе бағдарлық лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан түрлі анықтамаларға ие. 1-жағдайда дискурс деп қарым-қатынасқа қатысушылардың ақпарат алмасудағы, бір-біріне әсер етуіндегі интерактивті әрекеті мен қарым-қатынастың вербалды емес түрлерінің коммуникативтік стратегия түрлерін пайдалану ретінде түсініледі [Садинова К.К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялық дискурстың құрылымдық негіздері. Ақтөбе, 2008, 196].

Қ.Ө.Есенованың тұжырымынша, дискурсты прагматикалық түрде талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуниканттарға мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады. Ал өз кезегінде адресант сол дүниені керекті нұсқада жасау үшін тілдегі семантиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады [Есенова Қ.Ө. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі Алматы, 2015].

Ф.Жаксыбаеваның зерттеуінде: «Кез келген тілдік қарым-қатынастың барысында оған қатысушылар тілдік құралдар арқылы бір-біріне ықпал етуге тырысағандығы белгілі. Прагмалингвистика тіл білімінде тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатқа қолданып тұрғандығын зерттейді. Сондай-ақ прагматика тілдік құралдарды коммуниканттардың сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады» делінеді. [Жаксыбаева Ф. Шәкәрім шығармаларындағы прагматикалық ерекшеліктері басым тілдік амалдар //ШӘКӘРІМ ғылыми-танымдық журнал. 2014 13 бет].

Прагмалингвистика теориясы үшін «мәтіннің дұрыс қабылдануы тек тілдік бірліктер мен олардың тіркесімдері арқылы ғана емес, бірліктер қажетті жалпы білімдер аясымен, қатысымдық аямен қамтамасыз етіледі» деген қағиданың мәні зор. Мәтіннің толық прагматикалық мәнін тек алдыңғы коммуникативтік жағдаяттан хабары бар адам ғана түсіне алады. Сөйлеу жағдаятына тән осындай нәзік тұстарды прагмалингвистика зерттейді.

1. Матвеева Г. Г. Количественное употребление языковых единиц как форма активизации нюансов смысла в скрытой прагмалингвистике // *Language and Communication Journal*. Issue 1. Rostov-on-Don, 2001. - P. 89-92.
2. Арутюнова Н. Д. Прагматика // ЛЭС. - М.: Сов. энциклопедия, 1990: с136
3. Матвеева Г. Г. К вопросу о речевых стратегиях скрытого воздействия отправителя текста на его получателя // *Личность, речь и юридическая практика*. Вып. 6 - Ростов - на - Дону: ДЮИ, 2003, - С. 122-129
4. Остин Дж. Слово как действие // *Новое в зарубежной лингвистике*. Выпуск 17. Теория речевых актов. М., 1986. С. 22 – 31
5. Апресян Ю. Д. Прагматическая информация для толкового словаря // *Прагматика и проблемы интенциональности*. – М., 1988
6. Ахатова Б.С. Политический дискурс и языковое сознание. А., 2006. ,42
7. Садирова Қ.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялық дискурстың құрылымдық негіздері. Ақтөбе, 2008, 19б
8. Есенова Қ.Ө. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі Алматы, 2015
9. Жақсыбаева Ф. Шәкәрім шығармаларындағы прагматикалық ерекшеліктері басып тілдік амалдар // *ШӘКӘРІМ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ*. 2014 13 бет.

*Талдыбаева М.*

*Қ.А. Яссауи атындағы*

*Халықаралық Қазақ-Түрік университеті*

### **Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілер түрі мен терминдер құрамы**

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы оқулықтар мен оқу-құралдарында, ғылыми еңбектер мен мақалаларда жан-жақты анықталып келеді. Алайда, авторлардың теориялық ұстанымы мен біліктілік деңгейіне қарай қазақ тілінің дыбыс құрамы әртүрлі көрсетіліп жүр [1;2]. Көп жағдайда «қазіргі қазақ тілі» деген қағидаға сай тек әліпби дыбыстардың тізімімен шектеліп қалып отыр. Әліпби дыбыстар тізбегі қазақтың төл дыбыстарымен қатар, кірме дыбыстар мен кірме таңбаларды (әріптерді) қоса қамтып, таза қазақ тілі шеңберінен шығып кетті. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының бірыңғай жүйесін лайықты сипаттап шығуға мүмкіндік бермей келеді. Өйткені құрылым жүйесі бөлек-бөлек қазақ тілі мен орыс тілінің (кірме дыбыстар мен кірме әріптер) дыбыс құрамының басын біріктіріп, бір бүтін етіп талдау мүмкін емес. Сондықтан да, қазақ тілі оқулықтарының фонетика бөлімінің талданымды дыбыстарды белгілі бір жасалым (немесе естілім) белгілердің маңына топтастырумен ғана шектеліп жатыр.

Қазақ тілі дыбыстарының айырым/ортақ (дифференциал) белгілерінің құрамы (состав) мен жүйесі (система) арнайы кешенді талданымға түскен жоқ. Жеке дыбыстардың фонетикалық анықтамалары беріліп, фонетикалық белгілері көрсетілгенімен, сол фонетикалық белгілердің өзара байланысы, яғни жүйе құрау (системообразующий) заңдылығының басы ашылған емес.

Айырым белгілердің құрамы мен жүйесі - қазақ тілінің төл дыбыстарына тән төл құрам мен жүйе. Өйткені қазіргі қазақ фонетикасы үшін өзекті (зәру) болып отырған мәселе қазақ тілінің төл (қоспасыз) дыбыс құрамын анықтап алу болып отыр. Оның тағы бір басты себебі – қазақ тілінің дыбыс құрамына кірме әріптер мен кірме дыбыстардың молынан еніп кеткендігі. Кірме дыбыстар қазақ тілінің айырым белгілер құрамы мен жүйесін жаңсақ түсіндіруге әкеп соғып отыр.

Ендеше дыбыс талданым жеке дыбыстың артикуляциялық анықтамасынан оның айырым белгілеріне қарай емес, керісінше, айырым белгілер құрамынан оның артикуляциялық анықтамасына қарай жүргізілу керек. Егер айырым белгілер құрамы

анық болса, онда қазақ тілінің дыбыс құрамындағы кез-келген дыбыстың сипаттамасы беріледі [3].

Жеке дыбыстың айырым белгісі мен айырым белгілер құрамы арқылы талдаудың өзіндік ерекшеліктері болғанымен, олардың арасында тығыз байланыс та бар. Бір жағынан, айырым белгілердің екі тобының арасында қарсы қатынас бар, екінші жағынан, олардың арасында тығыз байланыс та бар. Қарсы қатынас болатын себебі – талданым реті бір-біріне қарсы екі бағытта жүреді (дыбыс сипаттамасы арқылы айырым белгілер табылады), тығыз байланыс болатын себебі – жеке дыбыстың айырым белгілері тілдегі айырым белгілердің құрамына енеді (айырым белгілер құрамының ішінен жеке дыбыс белгілері табылады).

Сонымен дыбыс артикуляциясы арқылы айырым белгілер анықталады. Бұл амалдың кемшілігі - тек бір ғана (нақты) дыбыстың айырым белгілер құрамының анықталатындығында. Жеке дыбыстың артикуляциялық белгілері шектеулі болғандықтан, қазақ тілі дыбыстарына тән айырым белгілердің толық құрамының басы ашылмайды. Мысалы, *а* дауысты дыбысының артикуляциясы арқылы *ашық, езулік, тіл арты* айырым белгілері ғана анықталады. Ал өзге *қысаң, еріндік, тіл ортасы* тәрізді айырым белгілер қалыс қалып отырады. Сондықтан да жоғарыдағы айырым белгілер арқылы бір ғана дыбысты тауып бере аламыз.

Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің бір тобын *қарсы [айырым] белгілер* деп атаймыз. Қарсы айырым белгілер жұптасып тұрады және олардың фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) көрсеткіштері барлық уақытта бір-біріне қарсы болады:

-жасалым (артикуляциялық) тұрғысынан сөйлеу мүшелерінің қатысы (жасалу орны, жасалу тәсілі немесе дауыс желбезегінің қатысы) бір-біріне кереғар болады;

-айтылым (акустикалық) тұрғысынан физикалық (бедер таңбаның, қарқын таңбаның, әуен таңбаның және толқын таңбаның) көрінісі бір-біріне кереғар болады;

-естілім (перцепциялық) тұрғысынан үн түйсінім әсері бір-біріне кереғар болады.

Қарсы белгілер тек екі дыбыстың ғана арасында болады, сондықтан да олардың формулалық тізбегі қысқа болады:

$$A_1 - A_2 \text{ немесе } B_1 - B_2 \text{ немесе } C_1 - C_2$$

Дыбыс құрамы өзгеріп отыруы мүмкін, ал жұп саны барлық уақытта тұрақты болады.

Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің ендігі бір тобын *тізбек [айырым] белгілер* деп атаймыз. Тізбек айырым белгілер, аты айтып тұрғандай, тізбектеліп тұрады және олардың фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) көрсеткіштерінің арасында бір ғана айырым белгі өзгеріп отырады:

-жасалым (артикуляциялық) тұрғысынан бір сөйлеу мүшесінің қатысы (жасалу орны, жасалу тәсілі немесе дауыс желбезегінің қатысы) өзгеріп отырады;

-айтылым (акустикалық) тұрғысынан физикалық (бедер таңбаның, қарқын таңбаның, әуен таңбаның және толқын таңбаның) көрінісінің біл бөлігі ғана өзгеріске ұшырайды;

-естілім (перцепциялық) тұрғысынан үн түйсінім әсерінде бір ерекшелік байқалып отырады.

Тізбек айырым белгілер дыбыстардың тобына қатысты болады. Басқаша айтқанда, дыбыс тобы кем дегенде үш дыбыс болу керек. Мысалы, оның формулалық тізбегі төмендегідей болады:

$$A_1 - A_2 - A_3 \dots A_n$$

$$B_1 - B_2 - B_3 \dots B_n$$

$$C_1 - C_2 - C_3 \dots C_n$$

Көрініп тұрғандықтан, дыбыс құрамы өзгеріп отыруы мүмкін, ал дыбыс саны кем дегенде үшеу болады, ал әрі қарай қанша болса да бола береді.



Сонымен қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің ендігі бір тобын *қайшы [айырым] белгілер* деп атаймыз. Қайшы айырым белгілер, аты айтып тұрғандай, барлық уақытта бір біріне қарсы келіп тұрады және олардың фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) көрсеткіштерінің арасында барлық айырым белгі өзгеріп отырады:

-жасалым (артикуляциялық) тұрғысынан барлық сөйлеу мүшесінің қатысы (жасалу орны, жасалу тәсілі немесе дауыс желбезегінің қатысы) өзгеріп отырады;

-айтылым (акустикалық) тұрғысынан физикалық (бедер таңбаның, қарқын таңбаның, әуен таңбаның және толқын таңбаның) көрінісінің барлық бөлігі өзгеріске ұшырайды;

-естілім (перцепциялық) тұрғысынан үн түйсінім әсерінде түгелдей өзгешелік байқалып отырады.

Қарсы айырым белгілер арқылы екі дыбыстың бір белгісі қарсы, қалған белгілері ортақ (бейтарап) дыбыстар жұбы анықталады.

Тізбек айырым белгілер арқылы екі не одан көп дыбыстардың бір белгісі ортақ, қалған белгілері бейтарап дыбыстар желісі анықталады.

Түйдек (қайшы) айырым белгілер арқылы екі дыбыстың бар белгілері түгелдей қарсы болып, ортақ не бейтарап белгі болмайтын дыбыстар жұбы анықталады.

Қазақ тілтанымындағы терминтанымның теориялық және практикалық ұстанымдарына орай [4] ретінде ұсыныс жасаймыз.

### **ЖАСАЛЫМ (артикуляциялық) АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР.**

**-сөйлеу мүшелерінің көлденең тізбегі арқылы жасалатын айырым белгілер:**

-ерін: ерін арқылы жасалатын айырым белгі;

-тіл ұшы: тіл ұшы арқылы жасалатын айырым белгі;

-тіл ортасы: тіл ортасы арқылы жасалатын айырым белгі;

-тіл арты: тіл арты арқылы жасалатын айырым белгі;

-тілшік: тілшік арқылы жасалатын айырым белгі;

**-езу: езу арқылы жасалатын айырым белгі:**

-ашық езу = еріннің ашық қалпы арқылы жасалатын айырым белгі;

-қысаң езу = еріннің қысаң қалпы арқылы жасалатын айырым белгі;

-емеурін езу = еріннің емеурін қалпы арқылы жасалатын айырым белгі;

**-ерін: ерін арқылы жасалатын айырым белгі:**

-доғал ерін = еріннің доғал дөңгеленуі арқылы жасалатын айырым белгі;

-сүйір ерін = еріннің сүйір дөңгеленуі арқылы жасалатын айырым белгі;

**-жасалу тәсіліне қатысты айырым белгілер:**

-тоғысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара тоғысуы арқылы жасалатын айырым белгі;

-жуысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара жуысуы арқылы жасалатын айырым белгі.

**-тілдің тік қалпы арқылы жасалатын айырым белгілер;**

-ашық = тілдің төмен жатуы арқылы жасалатын айырым белгі;

-қысаң = тілдің жоғары жатуы арқылы жасалатын айырым белгі;

**-сөйлеу мүшелерінің жуысым қалпы арқылы жасалатын айырым белгілер:**

-жинақы жуысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара жинақы жуысуы арқылы жасалатын айырым белгі;

-жайылыңқы жуысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара жайыла жуысуы арқылы жасалатын айырым белгі;

-жанама жуысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара жанаса жуысуы арқылы жасалатын айырым белгі;

-діріл жуысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара дірілдей жуысуы арқылы жасалатын айырым белгі;

**-сөйлеу мүшелерінің тоғысым қалпы арқылы жасалатын айырым белгілер:**

-тоғысыңқы = сөйлеу мүшелерінің өзара тоғысуы арқылы жасалатын айырым белгі.

**-сөйлеу мүшелерінің мөлшер қатысы арқылы жасалатын айырым белгілер:**

-тербелмелі = сөйлеу мүшелерінің толық қатысы арқылы жасалатын айырым белгі;

-тербелімді = сөйлеу мүшелерінің мол қатысы арқылы жасалатын айырым белгі;

-тербелінкі = сөйлеу мүшелерінің жартылай қатысы арқылы жасалатын айырым белгі;

-тербеліссіз = сөйлеу мүшелерінің бейтарап қалпы арқылы (қатысынсыз) жасалатын айырым белгі.

**-дыбыс құрамына қатысты айырым белгілер:**

- жалаң = дербес бір дыбыстан тұратын дауысты;
- құранды = екі дыбыстың бүтін (жіксіз) тіркесінен құралған дауысты;
- ашық құранды = қосалқы дыбыс пен толық дыбыстың бүтін тіркесі;
- тең құранды = толық дыбыс пен толық дыбыстың бүтін тіркесі;
- тұйық құранды = толық дыбыс пен қосалқы дыбыстың бүтін тіркесі;

-жабысыңқы (аффрикат) = екі дыбыстың бүтін (жіксіз) тіркесінен құралған дауыссыз.

**ҮНДЕСІМ (сингармонизм) АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР.**

**-тілдің көлденең қалпына қатысты белгі:**

- ілгерінді = тіл ауыз қуысында ілгері жатады;
- кейінді = тіл ауыз қуысында кейін жатады.

**-ерін қалпына қатысты айырым белгі:**

- езулік = ерін бейтарап (жазылыңқы) қалады;
- еріндік = ерін дөңгеленіп тұрады.

**-АЙТЫЛЫМ (акустикалық) АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР.**

**-бедер таңбалардың (спектрограмма) орналасым ретіне қатысты айырым белгі:**

- жинақы = бедер таңбалар бір-біріне жақын орналасады;
- шашыраңқы = бедер таңбалар бір-бірінен алшақ орналасады;
- лепті = дыбыс қарқынды аяқталады;
- бос = дыбыс жартылай қарқынды аяқталады;
- босаң = дыбыс қарқынсыз аяқталады;

**-толқын таңбаның (осциллограмма) тербеліс ауқымына (еніне) қатысты айырым белгі:**

- өшік сызық = толқын таңбаның нөлдік ауқымы (ені);
- тербелінкі сызық = толқын сызықтың жартылай ауқымы (ені);
- тербелімді сызық = толқын сызықтың мол ауқымы (ені);
- тербелмелі сызық = толқын сызықтың толық ауқымы (ені).

**-жаңғыртқы (резонатор) белгілер:**

- ауыз қуысты = ауыз қуысы көмей қуысынан үлкен;
- көмей қуысты = көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен.

**ЕСТІЛІМ (перцепциялық) АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР.**

**-дыбыстардың негізгі естілім белгілері:**

- дауысты = дыбыстардың әуенді естілімі;
- катаң = дыбыстардың қатқыл естілімі;
- ұяң = дыбыстардың ызың естілімі;
- үнді = дыбыстардың ыңыл естілімі;

**-дыбыстардың үндесім естілім белгілері:**

- жуан әуез = дыбыстардың төмен әуезді естілімі;
- жіңішке әуез = дыбыстардың жоғары әуезді естілімі;
- еріндік әуез = дыбыстардың тұйық әуезді естілімі;
- езулік әуез = дыбыстардың таза әуезді естілімі.

**-дыбыстардың үйлесім естілім белгілері:**

- ашық езулік әуез = таза еркін әуезді естілімі;
- қысаң езулік әуез = таза қымқырынды әуез естілімі;
- емеурін езулік әуез = таза қысыңқы әуез естілімі;
- доғал еріндік әуез = тұйық еркін әуезді естілімі;
- сүйір еріндік әуез = тұйық қымқырынды естілімі.

## **ҮЙІРЛІ БЕЛГІЛЕР.**

**-ерін қатысына байланысты үйірлі белгілер:**

-езулік үйірлі белгілер: ашық, қысаң, емеурін;

-еріндік үйірлі белгілер: доғал, сүйір.

**-жасалу тәсіліне қатысты үйірлі белгілер:**

-жуысыңқы үйірлі белгілер: жайылыңқы, жинақы, жанама, діріл;

-тіл қатысты үйірлі белгілер: тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты.

## **ЖАДАҒАЙ (тақ) БЕЛГІЛЕР.**

-ерін белгі;

-тілшік белгі;

-тоғысыңқы белгі.

Дыбыс талданымның басқа әмбебап амалын да қарастыру керек. Ендеше дыбыс талданым жеке дыбыстың артикуляциялық анықтамасынан оның айырым белгілеріне қарай емес, керісінше, айырым белгілер құрамынан оның артикуляциялық анықтамасына қарай жүргізілу керек деп ойлаймыз. Егер айырым белгілер құрамы анық болса, онда қазақ тілінің дыбыс құрамындағы кез-келген дыбыстың сияттамасын бере алатын боламыз. Әрі қарай айырым белгілердің жүйесі (өзара байланысы) арқылы қазақ тілі дыбыстарын жіктеп шыға алатын боламыз.

## *Әдебиет*

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2008. –602 б.
2. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. –247 с.
3. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: Арыс, 2009. –308 б.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2007. –618 б.

**Үдербаев А.Ж.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

## **Қытайдағы қазақтардың тіл ерекшелігін зерттеуде қазақша-қытайша сөздіктерді пайдалану**

**Аңдатпа.** Мақалада Қытайдағы қазақтар тілінің ерекшелігін зерттеуде сол елде жарық көрген көркем шығармалар, ғылыми әдебиеттер, мерзімді басылымдардың қатарында қазақша-қытайша аударма сөздіктердің материалдарын пайдалану қажеттігі сөз етіледі.

**Аннотация.** В целях изучения языка казахов в Китае в статье рассматривается вопрос онеобходимости использования материалов казахско-китайской переводных словарей наряду с художественным произведениями, научными литературами, периодическими изданиями, выпущенными в этой стране.

**Abstract.** For the study of the Kazakh language in China in an article, we discuss the necessity of use of the Kazakh-Chinese translation dictionaries materials, along with works of art, scientific literature, periodicals, published in this country.

Әр ұлттың талай ғасырлардан жинақталған рухани, заттық (материалдық) мәдениеті, бүкіл тыныс-тіршілігі, өмірден түйген тәжірибесі, дүниетанымы ең алдымен тілдің сөз байлығынан айқын аңғарылады. Өйткені ақиқат дүниенің бейнесі санада

сөз арқылы «тіркеліп», ұғым, түсінік болып қалыптасады. Тілдегі сөздер арқылы таң-баланған ұғым, түсініктер жүйесі, мәдени-тілдік қоғамдастық мүшелерінің бәріне ортақ болып, олардың арасындағы әлеуметтік келісімге, түсіністікке жол ашады. Сөздің осындай қасиетін байқағандықтан, мәдениетті, өркениетті қоғамда сөзді жинап, мән-мағынасын түсіндіріп, сөздік түріне келтіріп жүйелеу ісі мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік маңызы аса жоғары мәртебелі іс деп бағаланған [1]. Сөздіктер – тілдің байлығын біртұтас жүйе ретінде толық танытып көрсететін, оның құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға мүдделі кешенді, мазмұнды басылым екені анық.

Отандық тіл білімінде өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдарынан бастап лексикографиялық бағыттағы еңбектер, зерттеулер жарық көре бастады. Атылмыш зерттеулердің нәтижесі, жинақталған материал бірқатар сөздіктерден көрініс тапты. Мұндай лексикографиялық деректер тіл білімі ғылымында диалектологиялық, аймақтық сөздіктерде, жекелеген этнолингвистикалық, қысқаша (бір томдық және екі томдық) және көп томдық түсіндірме сөздіктерде (онтомдық, онбес томдық), екі тілді аударма, терминологиялық сөздіктерде қамтылып, сипаттама немесе қысқаша сөздік мақала түрінде әрқилы беріліп келеді. Бұл еңбектер әлеуметтік-мәдени сұранысы жоғары, қоғам талаптарына жауап беретін, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік тілді қолдану мәдениетін жақсартуда да маңызы рөл атқаратын еңбектер қатарына жатады. Академиялық сөздіктердің жалғасы ретінде олардың қысқартылып, өзгертілген нұсқалары; көпшілікке арналып үлкен таралыммен бірқатар терминологиялық [2], ономастикалық сөздіктер де шықты.

Сөздің мән-мағынасын ашып көрсетудегі мұндай талпыныстар лексикографиялық тәжірибе, әдістеме арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімі ғылымы алында бұл салада жинақталған тәжірибені теориялық, әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылау, тиісті ғылыми талдау жүргізіп, соның негізінде сөздіктерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды анықтап белгілеу міндеттері қойылып отыр.

Бүгінгі таңда саяси-дипломатиялық қарым-қатынас, сауда-экономикалық алыс-беріс, халықаралық байланыс күшейіп, оқу мен білім, ғылым мен техника дамыған заманда бір тілді сөздіктермен қатар екі тілді, көп тілді сөздіктердің қажеттігі арта түсті. Ондай сөздіктердің түзілуіне тіл білімі мамандары ғана емес, қалың көпшілік те мән беруде. Яғни, бұрын екі тілді аударма сөздіктерді түзумен негізінен екі тілді толық меңгерген, лексикографиялық еңбектерден хабары бар, сөздікпен жұмыс істеп жүрген тіл мамандары, журналистер, аудармашылар, дипломаттар шұғылданса, бүгінде сөздік жасауда шет тілін меңгерген өзге саланың мамандары да белсенділік танытып келеді. Бұл әсіресе интернеттің дамуымен тікелей байланысты. Бұл бағытта бірқатар онлайн сөздіктер жұмыс істей бастады, соның мысалы ретінде кейінгі жылы пайда болған [translate.google.com](http://translate.google.com)-ға қазақ тілінің (сөздік қоры) қосылуын айта кетейік. Немесе интернеттегі қазақша-орысша-ағылшынша онлайн сөздіктерді (<http://www.english-kazakh.translate.ua>; <http://www.perevod.nur.kz>; <http://www.translate.meta.ua>; <http://www.zakon.kz>) атап өтсе де болады. Бұл сөздіктердің сапасы, сөздік қоры, қолданыс белсенділігі уақыт өте келе қалыптаса түседі. Себебі мұндай веб-сайттар үнемі толықтыруды, көп жұмысты қажет етеді. Мақаламызда екі тілді сөздіктерді жалпы айтып өткеніміз болмаса, негізгі мәселе Қытайдағы қазақтардың тіл ерекшелігін зерттеумен байланысты қазақша-қытайша сөздікке тоқталып, қысқаша сипаттап өту. Себебі Қытайдағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктерді, аймақтық тілдің көрінісі болып табылатын терминдерді, жаңа сөздер мен қолданыстарды, ұғым атауларын, қытай немесе сондағы өзге тілдердің әсерімен пайда болған шеттілдік, кірме сөздерді көркем шығармалар, ғылыми әдебиеттер, газет-журнал бетінен (олардың веб-сайттарынан) іздеумен қатар түрлі сөздіктерден, энциклопедиялардан табуға болады.

Бұрындары және кейінгі жылдары жарық көрген терминологиялық қазақша-ханзуша (қытайша) сөздіктерде көптеген жаңа терминдер кездеседі. Бұл сөздіктердегі сөздердің терминдену, лексикографиялану ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Ал мақалада 2005 жылы Нұрбек Әбікенұлының авторлығымен Бейжіңде жарық көрген «Қазақша-Ханзуша сөздігінің» қайта құрастырылып, кириллица нұсқасында шыққан «Қазақша-қытайша сөздігі» [3] сөз етпекпіз. Сөздіктің авторы ғылыми зерттеу жұмысын сөздік жасаудан бастап, бірталай сөздіктің нақты жұмыстарына араласқан маман. Бұл сөздіктің 1998 жылы бірінші басылымы жарық көрсе, соңғы басылымы 2010 жылы бірқатар түзетулер мен толықтырулар жасалып, жарық көріп отыр.

Сөздіктің алғы сөзінде мынадай түзетулер мен толықтырулар жасалған деп көрсетілген:

- «біріншіден, бұл сөздікте тек қытай қазақтарының тіліне тән, сол елдің диалектісі негізінде пайда болған сөздерге қосымша түсініктеме берілді. Кейбір мағынасы мүлде түсініксіз сөздер сөздіктен алынып тасталды. Себебі сөздердің дүниежүзі қазақтарына түсінікті болу жағы ескерілді;

- екінші, сөздікке кірген жеке сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер қазіргі қазақ жазуының әліппелік тәртібі бойынша қайта реттеліп тізілді. Сондай-ақ Қазақстан әлібиіне тән *и, я, ю, ь, ь* сияқты әріптер кездесетін сөздер түзетіліп берілді;

- үшінші, сөздікке жаңадан көптеген жеке сөздер мен сөз тіркестері алынып, мазмұндық жақтан байытылды;

- төртінші, көзжеткен деректерге сай бірталай сөздердің шығу төркіні, этимологиясы көрсетілді;

- бесінші, бұрынғы басылымдағы байқалған қателер түзетілді;

- алтыншы, мысалдар қазақтың сөздік қорынан, фольклорлық шығармалардан т.с.с. алынды» [3] деп келтіріледі.

Сөздікпен танысу барысында қытай тілінің материалынан бұрын бізді қызықтырған мәселе – сөздіктегі сол өңірге тән жергілікті немесе аймақтық сөздердің қолданысы еді. Себебі автор қытай тілін білетін маман болғанымен, біраз қытай сөздерінің баламасы ретінде (автор өзі Қытайда туып-өскен) сол өңірде қолданылатын немесе Қытай қазақтарына түсінікті сөздерді сол күйде берген. Сөздікте *адалда, адала, адулық, адырақбай, ажайыпхана, азалда, айбалам, айғақкер, айғайшы, айқала, айлапа, айнала, айрауық, ақиатай* сияқты мағынасы күнгірт, бұрын соңды лексикографиялық еңбектерде көп кездеспейтін кейбір лексикалық бірліктер кездеседі. Қытайдағы қазақтардың тілінде мұндай сөздердің көрініс беруі заңды құбылыс, олардың лексикалық мағынасы әдеби тіліміздегі баламасынан бөлек.

Сөздік бұрын 1992 жылғы басылып шыққан сөздіктің қайтадан шығарылған нұсқасы болғандықтан, онда бүгінде қолданыстан шыққан сөздер мен қазіргі жаңа терминдердің ескі нұсқалары сол күйінде берілген. Сондықтан сөздікті бүгіндегі Қытай қазақтарының тілінің ерекшелігін толық көрсете алмайды. Яғни, 1992 жылдан бері Қытайдағы қазақтардың тілінде біршама сөздер қолданысқа еніп, сөздік қоры толықты деуге болады. Әсіресе кейінгі кездегі қытай тілі әсерінің күшеюімен байланысты.

Бұл сөздіктен басқа қытайша-қазақша Найманғазы Сабан деген автордың да құрастыруымен шыққан үлкен сөздік, 1979 жылы латын қарпімен жарық көрген Цзинь Биңчжэнің «Қазақша-Ханзуша сөздігі» [4] де бар. Алайда бұл еңбектер қолымызға тимегендіктен, мақалада сөздіктердің материалдарын салыстыру мүмкін болмады. Алдағы зерттеуімізде аталған сөздіктердің материалдарын пайдаланып, бірге салыстырып қарастыру жоспарланып отыр.

Жаңа дерек ретінде информатика саласы бойынша Алматы мен Үрімжідегі мандардың қатысуымен шыққан сөздікті де қараған болатынбыз. Бізді қызықтырғаны – сөздіктен тілімізде қазірде шет тілінен енген информатика саласының терминдері, техника атаулары Қытай қазақтарының тілінде қандай сөзбен берілді деген

мәселе еді. Яғни, бұрындары ағылшын тілінен орыс тіліне (*mouse-мышка*), одан қазақ тіліне тікелей калька жасап аударылған *тышқан* сияқты сәтсіз қолданыстардың орнына кейін Қытайдағы қазақтардың тілінен алынған *тінтуір* сияқты сөздерді, қолданысқа енген сәтті терминдерді іздеген едік. Алайда сөздікте берілген ақпараттық технологиялар саласындағы терминдер Қазақстаннан шыққан сөздіктермен біріздендірілген екен. Мысалы, *сканер, принтер, компьютер* сияқты терминдер осы күйде берілген.

Дегенмен, қытайша-қазақша, қазақша-қытайша екі, тіпті орысша, ағылшынасы қосылған үш, төрт тілді сөздіктердің бүгінгі таңда көбейгенін көреміз. Ғаламторды шолып, bkrs.info немесе арнайы қосымшасын көшіріп алып қолдануды қажет ететін [www.androsmartapps.com](http://www.androsmartapps.com) веб-сайттарын ғана таптық. Ал Қытайдағы қазақ мамандар дайындап, төте, латын, кирилл қаріптерімен жұмыс істейтін көп тілді интернет сөздіктің бірі – [sozdik.net](http://sozdik.net) [5]. Мұндай сөздіктер әлі де бар болу керек деп есептейміз.

Бұл Қытай елімен оқу, білім, сауда-саттық, экономика, дипломатия т.б. салаларда қарым-қатынастың дамығандығын, мұндай сөздіктердің қажеттілігін көрсетеді. Мұндай үдеріс тек қана біздің елімізде емес, көптеген елдерде, жалпы әлемде Қытай елімен байланыс жасауға, оқып, білім алуға бетбұрыс жасалғаны байқалады.

Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы, жетілуі, қызметінің өрістеуі үшін екі тілді сөздіктер көп болуы қажет. Осы күнге дейін екі тілді сөздіктердің ішіндегі орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктен басқа, хронологиясы бойынша атағанда, өзіміз білетін, моңғолша-қазақша, қазақша-моңғолша, немісше-қазақша, парсыша-қазақша, французша-қазақша, түрікше-қазақша, ағылшынша-қазақша т.б. тілдердің сөздігі жарық көрді. Екі тілді аударма сөздіктер қазақ тілді мамандардың келесі бір тілмен тікелей, яғни аралық тілдің қатысынсыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Аралық тіл деп отырғанымыз шеттілді мәтіндерді, шығармаларды көбіне орыс тілі арқылы, орыс тіліндегі аудармалары бойынша танысып, оқитынымызды меңзеп отырмыз.

Бұл аударма ісін дамытумен қатар қазақ тілінің дамуына үлес қосатын өзге тілді білетін, игерген мамандардың көбеюіне септігін тигізеді.

### Әдебиет

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-том, А.: Арыс. 2006.
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігі. Алматы, 2010.
3. Қазақша-қытайша сөздік. 70 000 сөз. Үрімші, 2010. 1450 б.
4. Қазақша-Hanzuxa sozdik. Ürimji: Xinjan haleq baspase, 1979.
5. <http://www.kazakhsoft.com/>

**Хасен Б.**

*Сулейман Демирел атындағы университет, ф.ғ.к.*

**Жанайхан Б.**

*Сулейман Демирел атындағы университет*

### Қазақ және түрік тілдеріндегі «сары» сөзі қатысқан тіркестердің семантикалық ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Тілдегі түр түс атаулары заттың тек сапалық сынын білдіріп ғана қоймай, сонымен қатар сол халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен мол мәлімет береді. Түбі бір болса да түркі тілдеріндегі «сары»

түсінің қолданысы арадағы уақыт жігі мен тұрмыстағы ерекшеліктің нәтижесінде ұлт танымына сай ерекшеленгендігін байқауға болады. Әсіресе бұл ерекшелік сөздердің ауыс мағыналарында айқын көрінеді. Тегі бір қазақ пен түрік халықтарының дүниетанымы өте жақын. Соған қарамастан сары түсіне қатысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра зерделегенде ұқсастықтар мен қатар біраз айырмашылықтарды аңғаруға болады.

**Тірек сөздер:** *түркі тілдері, қазақ тілі, түрік тілі, этнолингвистика, ұлттық дүниетаным, тұрақты тіркес, сын есім, семантикалық ерекшелік, тура мағына, ауыс мағына.*

**Abstract.** The definitions related to color in language do not only identify the qualitative feature of a thing but also indicate to the historical, cultural and traditional background of an ethnicity. The word “yellow”, which is the subject of our study in this article, is used similarly to the Kazakh way of sounding in almost all Turkic languages. The world view of two relative nations – Kazakhs and Turkish – is very close to each other. Despite this fact the difference in the usage of the word «sary» (yellow) and the collocations used as well as some of the similarities can be easily traced.

**Key words:** *Turkic languages, Kazakh, Turkish, ethno linguistics, ethnical world view, ethnical specificity, collocation, adjective, semantic specificity, direct meaning.*

Тілімізде қолданып жүрген түр-түс атауларының тамыры тереңнен бастау алады. Ол халықтың рухани және мәдени өмірімен, өткен тарихымен астарласа келіп, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен мол мағлұмат береді. Түр-түс атаулары семантикасы әр халықтың өзіндік дүниетанымына сай түрленіп, ауыс мағынада қолданылады. Мақаламыздың зерттеу нысаны ретінде алып отырған *сары* сөзі түркі тілдерінің барлығында дерлік дыбысталуы жағынан қазақ тіліне ұқсас формада қолданылады. Түркітанушы ғалымдар *сары* (сарық) сөзін *сар-ы, сар-ық, сар-ығ* түрінде жіктеліп, *-ы/-ық/-ығ* формаларының көне жұрнақ екендігін айтады [1;221-223].

Түркі тілдерінің түбі бір болса да, түр-түс атауларының қолданысы тұрмыс-тіршіліктегі ерекшелігінің нәтижесінде, ұлт танымына сай кейін өзгешеленгендігін байқауға болады. Әсіресе, бұл ерекшелік сөздердің ауыс мағыналарында айқын көрінеді. Тегі бір түркі халықтары болғанына қарамастан, қазақ және түрік тіліндегі *сары* түсіне қатысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра зерделегенде, ұқсастықтармен қатар, айырмашылықтарды аңғаруға болады.

Қазақ және түрік тілдерін де *сары* түс адаммен байланысты жиі қолданылады. *Сары* түсімен тіркескен сөздер адам жасынан хабар береді. Қазақ тіліндегі *сары тіс* көпті көрген, жасы ұлғайған адам мағынасында қолданылады. Ал түрік тіліндегі *kemiği sararmak* (сүйегі сарғаю) тұрақты тіркесі де қартаю, жасы келу мағынасында жұмсалады. Қазақ тіліндегі *сары жілік* тіркесі орта жастағы кісіге қатысты қолданылады.

Қазақтар отыз бен қырық арасындағы ақыл толысқан шақты *сары тора шақ* деп атаған. Жас мөлшерін білдіруде қолданылып отырған *сары тіс* сөзін әуел баста ата-бабаларымыз малға байланысты қолданғанға ұқсайды. Мал төрт жасқа толғаннан кейін тіс жаңаламайды, малды бес жастан бастап *сары тіс* екен деп мөлшерлеп жасын таниды. Қазақта алты жасқа толған еркек қойды *жасамыс* деп, ал саулықты *шар саулық* деп атау бар. Сонымен қатар, *сары тіс сақа айғыр* тұрақты тіркесі де әккі айғырларға қолданылса, тіс қаққан кәнігі ұрыларды *сары тоқым (сірі тақым) ұры* деген [2;455].

*Сары тоқым ұры* тіркесі ат үстінен түспеген ұрының, тер сіңіп сарғайып тозған ер астындағы тоқымын сипаттаудан шығуы да мүмкін. Қазақ тілінде *сарытақым* - ат үстіне жүруге әбден төселген адамға қатысты қолданылса, *сарытабан* ұзақ жүріске шыдайтын мықты атқа айтылады.

Сондай-ақ қазақ тілінде қолданылатын *сары қарын* тіркесі бар. Әйел затына байланысты қолданылатын бұл тіркес кексе әйел деген мағынада қолданылады. Бұл тіркестің де шығу тегі малмен байланысты деп ойлаймыз, кейін адамға байланысты қолданылған. Қазақ үш-төрт рет құлындаған биені *сары қарын бие* дейді. Себебі жас малдың қазы майы ақ түсті болса, үш-төрт құлындаған биенің майы сарғыш болып келеді. Қазақ тілінде қолданылатын *сары қарын әйел* тіркесі де үш-төрт рет құрсақ көтерген әйел затына қатысты қолданылады.

Адам баласының ғұмырын табиғаттағы жыл мезгілдерімен салыстырар болсақ, көктем – көк өрім балалық шақ, жаз – жайқалып жайнап жүрген жастығың, сары күз – сарыгідір болған кез, ал аппақ қыс – ақсақал атанған сәт. Сондықтан сары түстің орта жаспен байланыстыра сипатталуы – заңды құбылыс.

Кейде сары түсімен тіркесе келген сөздер жастық кезенді де білдіріп жағады. Қазақ тілінде жиі қолданылатын *сары ауыз*, *сары ауыз балапан* тіркестері түрік тілінде *azı sarı* (аузы сары) түрінде келіп тым жас, тәжірибесіз деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде *сары қарын бала*, *сары мойын бала* тіркесі де жас бала ұғымында қолданылады.

Сары түс қазақ тілінде табиғатпен байланыстыра қолданылғанда, табиғи құбылыстың ұзаққа созылуын сипаттайды. Мысалы, *сары жел* – үздіксіз соғып тұрған жел, *сары аяз* – бірнеше күнге созылатын қатты аяз, *сары (ала) таң* – ұзақ таң. Ал түрік тіліндегі *sarı sıcak* (сары ыстық) тіркесі аптап, шіліңгір ыстыққа байланысты туындаған [3;1260].

Кейде *сары* сөзі қазақ тілінде кең, ұзақ созылған деген ұғымды да береді. *Сары бел*, *сары жон*, *сары жота*, *сары дала*, *сары жайлау*, *сары тау*, *сары беткей* тіркестері мен *Сарыарқа*, *Сарыадыр*, *Сарыбұлақ* топонимдерінің құрамындағы сары сөзінің семантикасынан мұны анық аңғаруға болады. Түрік тілінде мұндай тіркестерді кездестірмесек те, топонимдерінен ұшыратымыз: Мысалы: *Sarıyer*, *Sarıdağ* т.б.

Сары тек табиғат құбылысының ғана емес адам іс-әрекетінің, физиологиялық, психикалық қалпының да ұзаққа созылғандығын көрсетеді [4;86-88]. Қазақ тіліндегі *сары жамбас*, *сал бөксе болды*, *сары төсек* тіркестері ұзақ уақыт төсек тартып жатқан адамға байланысты айтылады. Қазақшадағы *сары уайым* болса, тұңғыық қайғы-қасірет мағынасында. Белгілі ғалым Р.Сыздықова *сары уайым* тіркесіндегі сары сөзі парсы тілінен кірген деген пікір айтады. Яғни сары уайым тіркесі уайым-уайым болып, бір мағынадағы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болған плеонастық тіркес дейді [5;147].

Қазақ тілінде *сары* түсі ескі ұғымында да қолданылады. Мысалы: *сары қағаз* – ескі қағаз, *сары табан қар* – із түсіп тапталған ескі қар, *сары жұрт* – ескі қоныс, *сары жұрт болды* – ескірді, тақырланды. Ал түрік тілінде *Sarıyurtta* *ауыл атауы бар*. Сонымен қатар *қазіргі түрік тілінде солғын, оңған деген сын есімдердің орнына сары сөзінен жасалған етістік есімшеге айналып ғана қолданылады: sararmış kağıt, sararmışkumaşm.б.*

*Сары ұйғыр*, *сары үйсін* деген этностық атаулардағы *сары* да семантикалық тұрғыдан көнемен сабақтасатын тәрізді.

Қазақ тіліндегі *сары майдай сақтау* мейлінше қадірлеп сақтау ұғымында қолданылады. Қазақ халқында тұздалған сары май кептіріліп үрленген қарынға, бүйенге салынып, бапталып ұзақ сақталатын болған. Кейін бұл дәстүр этнолингвистикалық сипат алып, тілде тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан.

Қазақ халқында сарымайға байланысты *сарымайға қозғаған жармадай* (үйлесімді, жарасымды), *сарымайдай жақты* (ұнады көңілінен шықты), *сарымайдай еріді* (жақсы көрді, елжіреді), *сарымайдай ерітті* (еліктірді), *сарымайдай толықсынды* (кербезденді, толықсыды) сияқты тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. Түрік тілінде сары майдың орнына *sarı yağ* немесе *tere yağ* тіркестері қолданылады. Түрік тіліндегі *sarı yağ ile yağlayıp kuyruk yağ ile dağlamak* (сары маймен сылап, құйрық



маймен қақтау) тұрақты тіркесі басында жақсы қараған болып, кейін есесіне әбден кинау деген мағынада қолданылады.

Көшпенді өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқандықтан, мал өнімдерінің сары түспен тіркесуін қазақ тілінен жиі ұшыратуға болады. Мысалы: *сары уыз* – жаңа туған малдың қою сүті, *сары қымыз* – емдік қасиеті жоғары сапалы қымыз, *сары маңыз* – сүттің бетіндегі қою қаймағы, *сары су* – қайнатқан құртты сүзгенде аққан қышкыл су, *сары құйқа* – күйдірілмей жақсы үйітіліп, етімен бірге баптап пісірілген қойдың терісі, *сары ала қазы* – еті мен майы тең сүрленген қазы, *соғымның сары аласы* – сүрленген май аралас соғым еті, *сары қи* – қызуы күшті, ісі жұмсақ қойдың қиы, *сары жапа* – кепкен жалпақ тезек, *сарыаяқ* – қыста ерте туған төл, т.б.

Тағам атауының алдына келген сары сөзі қуатты, кенеулі, күшті деген ұғымды беретінін байқауға болады. Түрік халқының көшпенділікпен қатар, мал шаруашылығынан ерте қол үзе бастауына байланысты малдан алынатын тағамдарға қатысты қолданылатын мұндай сөздер олардың сөздік қорынан сирек байқалады. *İneğin sarısı, toprağın karası* (сиырдың сарысы, топырақтың қарасы) деген мақалдан түрік халқының сары сиырды ерекше бағалағанын көреміз. Тіпті ертеректе ауызекі тілде *sarı kız* (сары қыз) тіркесі сиыр деген мағынаны да берсе, қазір анаша орнына *sarı kız sözi* қолданылады [3;1261].

Түрік тіліндегі *tuzu kuru, sabunu sarı* (тұзы құрғақ, сабыны сары) тұрақты тіркесі қазақ тіліндегі төрт құбыласы сай, ішкені алдында, ішпегені артында сияқты тіркестермен мағыналас.

Түріктер малдан қарағанда, егінмен, балық шаруашылығымен көбірек айналысады. Түрік тілінде кездесетін *sarı ağız, sarı balık, sarı hani, sarı dudak* сияқты балық атауларының жиі кездесуі сөзімізге дәлел.

*Сары* сөзі қазақ және түрік тілдерінде алтын сөзімен тіркесе қолданылып, құнды, бағалы деген мағынаны береді. Қазақ тіліндегі *сарыала қамшы* этнонимінің қалыптасуына да алтынның сарылығы әсер етсе керек, *сарыала қамшы* – алтыннан немесе жез бен мыс аралыстырып дайындалған қамшы түрі. Қазақ дәстүрінде *сарыала қамшы* киелі саналып, «*сарыала қамшаға сайтан жоламайды*» деп, бақсылар ойын салған кезде қолданған. Үйге пәле-жала жоламайды деп төрге іліп, бойын қорқыныш билеген адам басқа жастанып жатқан. Сондай-ақ қазақтың ескі наным-сенімінде *сарықарағаннан* да жын-шайтан қорқады деген ұғым бар.

Ал түрік тілінде *сары* түсіне байланысты кейін туған *sarı çizmeli Mehmet ağa* тұрақты тіркесі кім екені, қайда тұратыны белгісіз бөтен адамға байланысты қолданылады. Осман империясы тұсында Ыстамбұлда тұратын түрлі ұлттарды киіміне қарап ажыратын болған екен. Армияндар қызыл, римдіктер қара, еврейлер көк, түріктер сары аяқ киім киген. Сары етік, қызыл шапан Османлы шахтарының белгісіз ретінде танылған [6;9].

Түрік тіліндегі *Sarı Yahudi* тұрақты тіркесі екіжүзді, сырты мен іші бірдей емес адамдарға қатысты қолданылады. Сары аяқ киім киіп, өзін түрік етіп көрсеткісі келген еврейге қатысты қолданылған тіркес қазіргі таңда тұрақты тіркеске айналған.

Қазақ дәстүрінде сары түсті киім көп киілмеген. Сыйға тартылатын заттың сары болмауына да аса мән берген. Тіпті сары түсті көйлектік мата сыйға берілсе пайдаланбаған. Мұның сыры *сарғаю, сарылу, солу* ұғымымен астарласатын сияқты. Дегенмен, аналарымыз кейде сары түсті киімді сәбиге көз тимесін деген мақсатта кигізетін болған.

Қорытындылап айтар болсақ, қазақ және түрік тіліндегі сары түсіне байланысты туындаған тұрақты сөз тіркестеріндегі семантикалық жақындық туыстас екі халықтың дүниетанымының тереңнен тоғысатындығын көрсетеді. Тілдердің дамуының кейінгі кезеңдеріндегі жаңа қабаттағы бірліктердің айырмашылықтары да анық көрінеді. Әрі қазақ тіліндегі *сарышаян, сарыжылан, сарыинелік, сарымаса, сарышы-*

бын, сарыалақоржын, сарысусар, сарышұнақ сарыалақаз, сарықұтан, сарыбалақ, сарыбоздақ, сарыандыз, сарыбасша, сарысасыр, сары соя, сарышалаң, түрік тіліндегі sarigöde, sariasma, sariger, sarıçibin, sarıca, sarıca erik, sarı bursa, sarı bülbül, sarı çalı, sarı çiçek, sarı, cığıdem, sarı diken, sarı papatya, sarı sabır, sarı yoncасияқты күрделі сөздердің көптеп кездесуі сары түсінің сөзжасамдық қабілетінің де түркі тілдерінде күшті екендігінің көрсететеді [7], [8; 627-628].

### Әдебиет

1. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука, 1974. -476 с.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Наука, 1977. -712б.
3. Türkçe Sözlük . –Ankara: Türk Tarih Kurumu Basım Evi, 1988. -1679s.
4. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. -Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2000. -136 б.
5. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы: Ел шежіре, 2014. -412б.
6. Reşat Genç. Türk inanışları ile milli geleneklerinde renkler ve sarı, kırmızı, yeşil. -Ankara: Atatürk KütürMerkezi, 1997. -74 s.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). (12-ТОМ). –Алматы: Дәуір, 2011. –549 б.
8. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше қазақша сөздік. –Алматы. 2007. -808 б.

#### IV СЕКЦИЯ. «ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНЫМ, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМ, ЛИНГОДИДАКТИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ»

*Абдықадырова А.З.  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
2-курс магистранты*

##### **Саятшылыққа қатысты кейбір атаулар мен тіркестердің этномәдени сипаты**

**Аңдатпа.** Мақалада саятшылыққа қатысты кейбір атаулар мен тіркестердің этномәдени сипаты қарастырылды.

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые названия и этимология слов и словосочетаний охотничества.

**Abstract.** This article discusses some of the names and etymology of words and phrases of hunting.

Аңшылық пен саятшылық кәсібі қазақ жерінде өте ежелден мал шаруашылығынан бұрын қалыптасқан. Аң-құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары ғасырлар бойы ел даланы еркін мекендеп, түз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады. Аңшылық пен саятшылық өнерді халқымыз ежелден жоғары бағалаған. Бұл өнер о баста тіршіліктің негізгі көзі болған.

Аңшылықтың байырғы, әрі кең тараған түрі – *құс салу*, аңшылыққа берілгендікпен қатар, шыдамдылықты қажет ететін еңбек. Сан алуан жыртқыш құстарды ұстап, асырап, баптап аң-құсқа салу «*саятшылық*» деп аталып, «құсбегі-саятшылар» көк тағысы мен жер тағысын сынаққа салудың білім-тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырды.

Т.Қартаеваның «Сыр өңірі қазақтары» атты тарихи-этнографиялық зерттеулерінде: «Құс салу Сыр-Арал өңірін мекендеген ертүркілердің аңшылық кәсібiнен ерекше орын алған. Оғыздар аңға салатын қыран құстарды *Төле құс* деп атаған. 1860 жылғы Сырдария линиясының есебінде әскери басшылар «Сыр өңірінде құс салуды білмейтін қазақ кемде-кем» - деген теңеу айтады. Г.С.Загряжский жақсы бапталған бүркіт 5-6 түйеге, сұңқар, қаршыға 1-2 түйеге бағаланады деп көрсетеді. Г.С.Загряжскийдің «Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи» атты мақаласына енген осы дерегіне қарағанда Сыр өңірінде ертеректе «аушы құстарды» ұстап, баптауға ерекше мән бергендігін аңғаруға болады» - деген деректерді көрсетеді [1. 38 б.].

Саятшылыққа қатысты бұрыннан қалыптасқан осы салаға қатысты тілдік бірліктер тобы бар. Олар саятшылықты бейнелейтін нақты атаулар, ұғымдар, бейнелі тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сонымен қатар осы саятшылыққа ғана тән белгілі бір ырымдар мен тыйымдар бар. Осы тілдік бірліктер мен саятшылыққа қатысты атаулар мен ұғымдарды зерттеп, топтастырған тіл білімінің ғалымдары мен этнограф ғалымдарымыздың зерттеулері мен құнды деректері тіл білімінің лексикология саласын толықтыруда.

Академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде саятшылыққа қатысты атаулар мен ұғымдарға этнолингвистикалық тұрғыдан анықтама береді.

**САЯТ** – қазақ халқының байырғыдан қалыптасқан, асқан шеберлікті, құсты баули білу машығын қажет ететін қыран құстарды салып, аң аулау өнері. **Саят (саяттық)**

**күрды** – құспен аң аулауды, құс ілдірді, «*құс салып, саяттық құрған, қыз ұзатып, жеке-жеке-ақ ғылыми этнографиялық толайым еңбектерге пара-пар*» (ҚТФС, 458 б.). **Саяттан қашты** – аң аулаудан құс қашты. «*Тұғырым – тұл, тұйғын қашты саяттан. Өзегімде секілді бір от жатқан*» (М.Мақатаев). Бұл жерде акын «*қолынан бақыт құсы кетуді*» айтып отыр. **Саятшы** – алғыр құстарды, бүркіттерді торға ұстаушы адам. Қыранның бір түрін, немесе бірнеше түрін ұстап алатын, үйрете білетін адам. Құс мертіксе, сүйегін салатын сынықшы бола алатын, ауырса емдей алатын адамдар «*құсбегі*» - «*банкер*» деп аталады [2. 494 б.].

**ҚҰСБЕГІ** – бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи сияқты жыртқыш құстарды аңға, құсқа салу мақсатында қолға үйрететін, баптайтын адам. Қазақ қоғамында құсбегінің статусы өте жоғары болған, халқымыз ондай адамдарды құрметтеген, ал Орта Азия, Қырым, еділ бойының хандары бірінші уәзірлерін «құсбегі» деп атағаны белгілі [3. 91 б.].

Ә.Қайдардың этнолингвистикалық зерттеулерінде: «**ҚҰСБЕГІ**– қыран құстарды ұясынан алып, не түзден ұстап, баптап-баулып, аң салуға әбден машықтанған, бұл іске жан-тәнімен берілген, тәжірибесі мол, шебер саяткер, кәсіпкер. Құсбегілер тек шеберліктің шыдамдылықтың, тер төккен еңбектің арқасында ғана жабайы дала қыранын қолбала етіп үйретіп, өз еркіне көндіріп, қызықтай алатын ерекше жандар. Онымен бірге құсбегі қыран құстарды ұрпаққа бөле білетін, түр-тұлғасына, сүйек бітіміне қанат, құйрық, жүн, қауырсындарына қарап-ақ айыра білетін, қасиетін, ерекшелігін тани білетін сыншы адам» - деп көрсетеді [2. 494 б.].

Енді «**ҚҰСБЕГІЛІК**» сөзіне келсек, ерекше өнер екенін айтқымыз келеді. Өйткені бір кезеңдерде құсбегілік өнері ұлттық спорттың бір түрі болып саналған. Ал Б.Қадырұлының «Құсбегілік өнер немесе қанаттылар ханы...» атты мақаласында – «*құс*» сөзі белгілі, «*бек*» бек жақсы көрмектік. Атбегі, құсбегі деген секілді. Көне түріктердің «*бек ұлдар*» деген атауымен де астасып, үндесіп жатыр. Ал, «бүркіт» сөзіне этимологиялық талдау жасап көрсек, екі түбірден тұратын сөз екенін байқаймыз. Бүркіт, айтылуы: бүркүт. Бүр+күт, бүр – бүріп ұстау деген мағынада болса, күт – күтімі, бабы. Енді «күт» орнына «құтты» қойсаңыз, аңға шыққан сайын олжа құт әкелуі немесе тәңіркүт деген секілді. Көшпенділерге берген тәңірдің құты. Жалпы құсбегілік өнер түрік тамырынан тараған тайпалардың құнды жәдігері екендігіне тағы бір мысалды алға тартып отырмыз. Ол, моңғолдардың бүркітті қастерлеп «бургэд» [бүргід] деп атауы. Олар бүркітті «Құс патшасы» десе, тыбалар мен уранхайлар қасқырдың тісі мен қыранның тегеуріні тиіп, қанталаған жерін әдейі жейтін болған. Ол «бақыт әкеледі» деп сенген. Қақас жұрты мен алтайлықтар бүркітті киелі санап, оны бақсылыққа пайдаланды. Бұл үрдіс бертінге дейін бізде де болды. Орыстар «*орёл*» немесе «*беркут*» дейді. Орыс тіліндегі көптеген сөздердің көне түрік тілінен екендігі (Олжас Сүлейменов пен Серікбол Қондыбайдың еңбектерінен) бәрімізге белгілі. Жалпы, бүркіт атауы «ортақ атауға» ие екендігін түрік тектес халықтардың бәрінде ұқсастығы барын аңғардық» - деген деректерді алдыға тартады [4].

Құсбегілік өнердің тарихындағы байырғы түріктерде жақсы дамуының тағы бір дәлелі «Диуани луғат ат-түрік» атты еңбегіндегі Махмұт Қашқаридың толғауынан аңғаруға болады:

«...Құлан киік аулатып,  
тамаша қылып қуансам.  
Асауды мініп тулатып,  
...итке (тазыға) киік қайыртып,  
ұстап соны бір тынысам,  
аңға барып құс салсам»[5.102 б.].

Қазақ халқы құс атаулыны кие тұтқан, соның ішінде аушы құстарды да. Жігіт сүйгеніне қосылып, отау құрғанда: «*Қолыңа қондырған құсың құтты болсын!*», «*Бақыт құсың құтты болсын!*» - дейді. Қалыңдықты түз құстарына балаған. Құсты қолға қондыру құсбегілер үшін оңайға түспейді. Жар таңдау, ғашық болған сұлуды жүрек еркіне бағындыру – тәңір сыйы. Жігіт сүйгеніне қосыла алмағанда: «*Бидайыққа лайық қарағым-ай, бөктергіге қор болып барасың ба?*» - деп шерленеді.

Ержүрек батырды халқымыз «*жүрек жұтқан*» деп атайды. Құсбегі бүркітіне сонарда алғаш ұстаған аңның жүрегін жұтқызатын болған. Осылай тояттанған құс аңға асқан шеберлікпен түседі. Саятшылыққа қатысты шыққан тұрақты тіркестердің бірі – «қанат, құйрығы жетілген», яғни ержігіттің жетілуін білдіреді.

Саятшылыққа қатысты атаулардың бірі - «*ырғақ*». «*Ырғаққа отырған таң болды*», «*ырғаққа отырғызғандай*» деген фразеологизмдер мен бейнелі тұрақты тіркестерінің саятшылыққа қатысты шыққанын аңғаруға болады. Яғни қазақта қонаққа барғанда көз ілмей таңды атыру, қонақты ұйықтатпай күтуді айтады.

**ЫРҒАҚ.** Бүркіт жабдықтарының бірі – ырғақ. Ырғақ – түзден түскен асау құстың аптығын басып, біршама ырғаққа көндіруге арналған орнықсыз ырғақты тұғыр. Құсбегілер ырғақпен құсты жуасытады. Ырғақ – алтыбақан іспетті көлденең керілген керме арқан немесе екі басынан жіп байлап аспақтатқан жұмыр ағаштар. Қаршығаны да ырғаққа отырғызып жуасытады. Ырғаққа қондырып көндіріп, қолға ұстап үйретеді. Ырғақ дегеніміз арасын алыстау етіп, екі жерге жуандау кісі иығына келетін ағаштарды жерге орнатады. Екі ағашқа жуандау арқан кереді.

Оған қыл арқан, кендір арқан, қайыс арқандарды пайдаланады. Арқаның ортасын түйіп немесе қанар орап бүркіттің отыруына ыңғайлы істейді. Асау бүркітті томағасымен, түйген жерге отырғызып, арқаннан «шылбыр» шығарып, бүркітті қондырған соң шылбыршадан тартып қалып отырады. Бүркіт керілген арқанға отырам деп әлек болады. Шаршайды. Ұйықтамайды. Шаршаған бүркіттің қанаты «далиып», қанатын құс жия алмай жерге топ ете түседі. Асау бүркіт ырғақта тез жуасиды. Содан да қазақта «сүлкііп» қалған адамдарға: «*Сен немене ырғаққа отырған бүркіттей бүрісің қалғасың*» – деп жатады [6.225 б.].

Н.Қызыханқызының «Аңшылық хикаялары» атты еңбегінде қазақтың байырғы кәсібі саналатын аңшылықтың қыр-сыры көрініс тапқан. Сонымен қатар саятшылыққа қатысты құнды деректерді кездестіреміз. Мәселен, ырғақ жайлы жазушы: «... Ұзын шыжым тағып, арқан бойы жерге ұшып қонуға жағдай жасағаннан кейін жемге шақырып шырғалап, қолға қондырып үйретеді. Бұл кезде бүркіт шаргез, қарсыласқанын қоймайды. Содан соң бүркіттің ұйқысын алу рәсмияты жасалады. Құсбегілікке қызығатын ағайын- достарының бірнешеуін жиып алып, тілеу ырымы іспетті қазн асып, әңгіме дүкенін құрса, бір жағынан бүркітті ырғаққа отырғызып, кезекпен күндіз-түні күзетеді. Ырғақ дегеніміз – алтыбақан тәрізді жасалып, бүркіт шеңгелдеп ұстаған жұмыр ағаштың екі жағына арқан тағып, үй төбесіндегі уық сағасына байлап, ырғатып, тағы бір жіпті ағаштың екі жағына тең етіп байлап, қолмен қозғап отырады. Ырғаққа отырған бүркіттің бұл кезде томағасын алып тастайды. Көзіне қарап күзетіп, көзі жұмылып бара жатса, ырғақты ырғап қояды» - деген мәлімет тағы береді [7. 46 б.].

**Тұғыр** зат. – 1. Қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т.б.) қонақтайтын орны. *Сыдық қолындағы қаршығаны сырлы тұғырға қондырды (С.Бегалин).* [8, 262-б].

Бийіктігі құс отырғанда шалғысы жерге тимейтіндей мөлшерде, шамамен 1,5 – 2 қарыс (30 – 40 см), жуандығы бір білем 3 – 4 сирағы бар ағаштан жасалады. Ұсақ құстардікі мұнан көп аласа, құс отырғанда шалғылығы жерге тимейтіндей ғана болады. Үстінде құс отыратын 25-10 см текше табаны немесе бір білемдей құсқонары болады. Текше табанды тұғырдың бүркіттің тұяғы білемдей ұстап, таймай отыратын кемері болады. Құс отыратын “құс басар” аталатын бөлігі киізбен қапалады. Қарағай, терек, самырсын сияқты ағаштардың үш ашалы бұтағынан немесе тамырлы түбірінен шауып жасалған тұғыр берік болады. Оның арнайы қашап, сүргілеп дайындалғандары және таутекенің мүйізінен үш аяқты етіп, жиналып-құралатын түрлері де бар. Кейбір құсбегілер тұғырды сирағына құйма, көз орнатып сәндетіп дайындайды. Тіптен қасқыр, түлкі бейнесінде жасалған тұғырлар бүркітті алғыр етеді деген сенім болған. Орнықты тұғырда бүркіт мойнын қайырып отырып, екі аяғын кезекпен ішіне тартып көтеріп, сыңар аяқпен ұйықтайды. Еркін тыныстап, алысқа саңғып, денесі сергек болады. үйдің оң жақ босағасына қойылады әрі қастерленіп, мұрагерлікке қал-

дырылатын қасиетті бұйым саналады. Тұғырға шым, тас, саз пайдаланады: шым құс тұяғының өсіп-жетілуін, тас өткірленуін, саз құс денесін салқындатуға әсер етеді. Егер тұғыр мықты болса, отырғанына да ыңғайлы болады. Осыдан барып тілімізде *тұғыр* сөзіне байланысты адамға қатысты «*тұғырың мықты болсын*», «*тұғырдан тайды*», «*тұғырдан түсті*» т.б. сөз тіркестері қалыптасқан.

2. Ауыс. Бір нәрсенің астына қойылатын тірек, сүйеніш. **Тұғыр** зат – Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс келігі [8,262-б].

Тұғыр жайлы түсінік көп. Қазақтар «Бұл бүркіттің отыратын орнына, қоятын күтіміне арналған жабдық» деп түсінеді, «Тұғыр — құсты қондырып, қоятын жабдық», тұғыр — бүркіттің құйрығы жерге тимейтіндей етіп жасалған ағаш сәкі» дейді. Өртүрлі анықтамалар берілгенімен құсты қондырып қоятын ағаш, басқа дүниелерден жасалған құстың «орындығы» деген ұғымға саяды. Саятшылыққа қолданылатын қаршыға, бөктергі, сұңқар, лашын, тұйғын, ителгі, бидайық, қырғи, жағалтай, тұрымтайлардың да өздеріне арналған сәйкес тұғырлары болады. Ергеде бай, дәулетті адамдар бүркіттің тұғырын «алтынмен апталған, күміспен күптелген» әртүрлі өрнек-оюлы, әшекейлі, бедерлі күміс алтын құймалармен құймалайтып қоятып болған. Сол сияқты кейбір шебер бүркітшілер тұғыр бейнесін қасқыр, түлкі бейнесінде істейді. Бұл осы андарға көндіксің, бұларды көрсе бұруге дайын тұрсын деген ниет болмақ. Тұғырдың түрі көп, әр бүркітші өзінше істеп алады. Кейде ата-бабасынан мұралыққа қалған тұғырды пайдаланады. Тұғырға отырмайды. Оны құсбегілер қастерлеп, ұрпағына мұралыққа қалдырады [6. 227 б.].

Р.Асылвананың «Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны» атты ғылыми еңбегінде: «Қазақ тілінде мекен, орын мағынасын беретін *тұрақ*, *тұрық* (Қаратұрық) сөздерді де тұғыр түбір морфеманың негізінде жасалған қолданыстар. Бұл сөздің көне түркі тілінде де қолданыста болғандығына ғұлама ғалымның М.Қашқаридің еңбегінен байқауға болады. М.Қашқари сөздігінде *туруғ* «таулардағы қамал», «ішкі бекініс», «бекінген қала», «тұрақ», «мекен» деген мәндермен белгілі сөз. Құсбегілер тіліндегі қолданылатын *тұғыр* термині жоғарыдағы келтірілген сөздерден метатеза құбылысы арқылы пайда болған (рық/ғыр) дегенді айтар едік»[9, 81-б] - деп көрсетеді. Яғни тұғыр сөзі негізгі мағынасын жоғалтпай, *тұрақ*, *тұрық* сөздерінің бір варианты ретінде қалыптасты. Ал қазір спорттық термин ретінде «тұғыр» сөзі тілімізде қолданылып жүр. Мысалы, тұғырдан секіру, жеңіс тұғырына көтерілу сияқты қолданыстар спорттық лексикада жиі пайдаланылады.

Сонымен қатар қазіргі таңда қазақ тіліндегі мәдени лексиканы және мемлекеттік тілді этноанбалық бірліктермен символдану, этномаркерлену құбылысында қолданылып жүр. Ғалым Г.Смағұлова: «Қазақ ұлтының тәуелсіздік алумен қайта ояңған ұлттық сезімнің көрінісі соңғы жылдары, әсіресе, жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық сезімінің ана тіліне қатысынан жақсы көрінеді. Ал осы ана тілге деген ерекше құрмет, оның бүгінгісі мен ертеңгісіне деген толғаныстар тілде небір сөз айшықтарының қалыптасуына негіз болады»[10, 159-б] - деп, ұлттық сезімге ерекше көңіл бөлген. Мысалы, «*үш тұғырлы тіл*», «*ұлт тұғыры – тілде*», «*тұғыры биік – Қазақстан*», «*Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың*» т.б деген тіркестер ана тілге деген ерекше биік сезімнің көрінісі және символдық қолданыс аясы кеңіп, қазақ ұлтының ана тілі үшін күрес сәттерінің бір белгісі болып, кейінгі ұрпақтарға жетеді.

Тілімізде «тұғыр» сөзіне байланысты мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер де кездеседі. Мысалы, *Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас* деген мақал айтылады. Өз үйірінен бөлек кеткен тұлпар да, тұғырына саңғыған сұңқар да түбі көп өмір сүре алмайтыны белгілі. *Тіл –білім, тәрбие тұғыры* немесе *Білім – биіктегі алтын тұғыр*.

Хәкім Абайдың мына сөзін айтпасқа болмайды:

*Анадан алтау туғанша,*

*жалғыз туса не етеді – елге тұлға болғалы.*

*Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,*

*еменге айыр бұтақ бітсе не етеді – құсқа тұғыр болғалы.*

Профессор Г.Смағұлованың «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты еңбегінде қыран құс және құрал-саймандарына қатысты жеке-дара өзге-

шеліктеріне қарай тұрақты тіркестерді, яғни фразеологизмдер тудыруға ұйытқы болғандығын және оның көп варианттылығын көрсеткен. *Тұғырдан түсті (таю), тұғырдан әл тайған*: а) қартайған бүркіттің тұғырда отыра алмайтындай халге жетуі; ә) баладан қалған, тоқтасқан әйел; б) әйелден қалған еркек; в) адамға байланысты мансап, қызметтен кетті, дәрежеден айырылды [10, 95-б]. *Жыл өткен сайын бұл аталарымыздың қатары селдіреп, қазір бір ғана ардагер қалды. Ол тоқсанға келсе де, тұғырдан тая қоймаған қадірменді Айса Сапанов ақсақал (Ә.Жанғұттинова).*

Қорыта келгенде, ұлт тілінің дамуына сол халықтың кәсібі мен шаруашылығының әсері мол. Демек, бұл тіркестердің жасалуында ұлттық тұрмыс-тіршілік және мәдени өмір суреттері бар. Қазақ тіліндегі құсбегілік, саятшылыққа қатысты атаулар мен фразеологизмдер халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерінен хабардар етеді. Саятшылық – өнер. Саятшылыққа қатысты атаулар мен түрлі тіркестер, паремиялар ұлттың мәдени-рухани мұрасын өз бойына сақтап келеді.

### Әдебиет

- 1.Қартаева Т. Сыр өңірі қазақтары: тарих-этнографиялық зерттеу. – Алматы, 2014.- II Т. 525-б.
- 2.Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы, 2009.- II Т.-750 б.
- 3.Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы, 1974.- 91-б.
- 4.Қадырұлы Б. Тұмар Құсбегілік өнері немесе қанаттылар ханы // Тұмар, 74-81 б.С., 2014. - № 3, ПГУ им. С. Торайғырова
- 5.Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы «Сөздік-словари», 2006. – II Т.- 373 б.
- 6.Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Улаанбаатар, 2013. – 320 б.
- 7.Қызыханқызы Н. Аңшылық хикаялары: этнографиялық эссе. – Алматы: Дүниежүзілік қазақтарының қауымдастығы, 2010. – 245 б.
- 8.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы:Ғалым, 1976-1986. Т.IX. 262-б
- 9.Асыллова Р. Аңшылық пен Саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны (кондидаттық диссертациялық жұмыс). - Алматы, 2009.- 121-б.
- 10.Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. –Алматы: Арыс, 2010. - 277-б.

*Алдашева К.С.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың PhD докторанты*

### Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: олардың дидактикалық мүмкіндіктері

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы жаңа сөздермен соңғы кезеңдерде елеулі дәрежеде толығып келеді. Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының талаптарына, орта білім беру жүйесіне арналған жаңа стандарттарға сәйкес жаңа сөздерді мектеп оқушысына дидактикалық тілдік бірлік ретінде меңгерту өзекті сипат алып отыр. Жаңа сөздерді танып-білу, меңгеру және коммуникативті әктіде қолдану мектеп оқушысының тілдік жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді орта білім беру жүйесінде меңгерудің әдістемелік-дидактикалық мүмкіндіктері баяндалады.

**Тірек сөздер:** жаңа сөздер, орта білім беру жүйесі, дидактикалық база, интербелсенді әдістер.

**Аннотация.** Лексический состав современного казахского литературного языка за последние годы значительно пополнился новыми словами. В соответствии с требованиями языковой политики и языковой стратегии, а также с новыми стандартами среднего учащимися средних школ как дидактическая единица. Познание особенностей новых слов, усвоение их и способствует формированию учащегося как языковая личность.

В статье излагаются методические и дидактические возможности усвоения новых слов в системе среднего образования.

**Ключевые слова:** новые слова, система среднего образования, дидактическая база, интерактивные методы.

**Abstract.**In recent years a considerable amount of new words were added into the lexical structure of modern Kazakh literary language. It was done due to the requirements of the language policy and linguistic strategies, as well as new standards of the needs of the average secondary school student. Knowledge of features of new words and their assimilation is what promotes the formation of linguistic personality of student.

The article presents the methodological and didactical possibilities of mastering new words in secondary education.

**Keywords:** new words, the system of secondary education, didactic base, interactive methods.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша білім берудің нәтижесінде оқушылар «жеткілікті сөздік қорының, терминологиясының, грамматикасының және мәтіндік стилистикасының болуы, оларды сөздік қатынастың негізгі саласында пайдалана білуі тиіс» [1] деп көрсетілген. Бұл орайда оқушылардың коммуникативтік сапасын жоғары деңгейге жеткізудегі жаңа сөздерді меңгерудің маңызы ерекше екендігін атап өту керек.

Мемлекеттік тілдің функционалдық аясын кеңейту білім беру жүйесінде тек қазақ тілі пәнін оқыту барысында ғана емес, басқа да гуманитарлық және жаратылыстану пәндерін оқытуда да жүзеге асырылуы тиіс. Бұл тұрғыда тілдің ішкі ресурстары арқылы жасалған жаңа сөздер лексикалық қорды толықтыратын негізгі көз болғандықтан, мемлекеттік тілді жоспарлауды жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Сондықтан да орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндерді оқытқан кезде олардың дидактикалық базасында қолданылған жаңа сөздерді, ғылыми аталымдарды меңгерту мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың бір тетігі ретінде маңызды. Айталық жаратылыстану пәндерін оқыту барысында осы салаға қатысты жаңа аталымдарды интеграциялық сипатта түсіндіру айрықша қажет.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жаңа сөздерді интеграциялық сипатта оқытып, үйретудің нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

-білім алушының қазақ әдеби тілі және қазақ сөз мәдениеті бойынша білім деңгейі жоғарылайды;

-қазақ тілін коммуникативті актіде қолдану құзыреттілігі жоғарылайды;

-оқушының тілдік тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігі жетіледі;

-білім берудегі интеграциялық талаптарды қанағаттандырылады;

-оқушының тіл тазалығы мен тіл мәдениетін сақтау сауаттылығы қалыптасады.

Осы аталғандардың нәтижесінде жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландыруға мүмкіндіктер жасалады.

Жалпы алғанда жаңа сөздерді орта білім беру жүйесіндегі барлық дерлік пәндермен интеграциялық тұрғыдан ұштастыруға болады.

Қазақ тілі жаңа сөздерді теориялық тұрғыдан меңгерудегі негізгі пән болса, басқа пәндер оларды практикалық жағынан меңгерудің негізгі құралы болуы тиіс.

Бұл жалпы ғылым дамуындағы соның ішіндегі білім берудегі интеграциялық үрдістің және үдерістің өзектілігін айқындай түседі.

Жаңа сөздің есте сақталуы, оқушының тілдік санасында тұрақталып, қолданысына енуі сәйкес өтілген тақырыптың есте қалуына және тақырыпты терең түсінуіне белгілі бір деңгейде ықпалын тигізеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бағдарламаларда және мемлекеттік тілді дамытумен байланысты бағдарламаларда көрсетілген негізгі міндеттерге байланысты жалпы орта білім беретін мектептерде де, жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауда да жаңа сөздерді оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Мәселенің өзектілігі мұғалімдер тарапынан білім беруде (тілді оқытуда) оқушылардың сөздік қорын байытудағы жаңа сөздердің маңыздылығы ескерілмейтіндігімен және неологизмдер жеткілікті деңгейде қолданысқа түспейтіндігімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді



зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен байланысты. Кез келген тіл сияқты қазақ тілінің сөздік қорының жаңғыру үдерісі – үздіксіз үдеріс. Тіл – күрделі қоғамдық феномен. Ол адамдардың қарым-қатынас құралы бола отырып, үздіксіз қозғалыста болады. Қоғамның дамуы лексикалық инновациялардың пайда болуына және тілдің өзгеруіне әкелетін қоғамдық қатынастар мен өзгерістерді анықтайтын сан мыңдаған лексикалық бірліктерден көрініс табады. Бұл үдеріс – тек қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар барлық тілдерде орын алатын құбылыс. Тіл дамуының заманауи сатысы лексикадағы өзгерістер жылдамдығының қарқындылығымен сипатталады.

Орта білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі лексикология (тілдік бірлік ретіндегі лексикалық жүйені зерттейді) және лексикография (сөздіктер түзудің барлық аспектілерін қарастырады) салаларының теориясы мен практикасына тікелей байланысты.

Лексикологияның барлық ұғымдары мектеп бағдарламаларында былайша сипатталады: а) ұғымның анықтамасы; ә) қызметі; б) сөздіктегі көрінісі.

Осындай байланыста қазақ тілі пәні бойынша әдістеме арқылы лексикалық негізгі бірлік – сөз туралы мағлұмат беріледі; бұл мағлұматта лексикалық мағына, сөз атайтын ұғым мен түсініктің ерекшелігі, полисемия және бір мағыналылық, тура және ауыспалы мағына, сөз мағыналарының өзара байланысы, лексикадағы жүйелі қатынастар – синоним, антоним және омоним, көнерген сөздер мен неологизмдер, лексиканың толығу көздері туралы мағлұмат және басқа мәліметтер беріледі.

Қазақ мектептеріндегі 5-сыныпқа арналған оқулықта бұл мәселе туралы анықтаманың мынадай: «Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар: 1) қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады; 2) тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады. Олар тілге енген кезінде ғана жаңа болады. Кейін тілге сіңісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған кезде жаңа сөз болудан қалады [2].

Бұл жайтпен салыстыра қарағанда, 10-сыныпқа арналған материалда төмендегідей фактілер анықталды:

- біріншіден, неологизмдердің орнына жаңа қолданыстар деген термин қолданылған;
- негізінен нормадан ауытқу мәселелері талданған;

- жаңа қолданыстар ретінде ұсынылған тілдік фактілер (*оқырман, көрермен, газыш, газышкер, газыш айлағы*) өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы тіл практикасындағы жаңа сөз болып табылады, 1988 жылғы орфографиялық сөздікке енгізілгендіктен, мысалы, *оқырман, көрермен* сөздері қазіргі кезеңде неологизмдер болып саналмайды. Оқушыға меңгерту үшін кейінгі актуалды жаңа сөздер тілдік факті ретінде көрсетілу керек еді деп есептейміз;

- жаңа қолданыстарды түсіндіруде бұл оқулықта негізінен окказионал сөздерге мән берген (*төбелесермен, атарман, аларман, ішермен* деген сөздер талданған).

Көрсетілген мәлімет және жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдіс-тәсілдер бүгінгі тіл саясатының талаптарына – заңнамалық құжатта берілген «қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру және орнықтыру» [3] үшін жеткіліксіз болып табылады. Бағдарламада айтылғанындай, қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әрқелкі деңгейін реттеу және елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткілікті енгізілуі үшін атқарылатын жұмыстардың бірі – жаңа сөздер туралы мағлұматты және оны меңгерту әдістемесін кеңейту, дамыту, жетілдіру.

Нақты айтқанда, қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша білім беруде жаңа сөздердің табиғатына, олардың жасалу жолдарына ұдайы мән беріп отыру актуалды болып табылады. Аталған пәндер бойынша күнделікті білім беру практикасында және олардың лингводидактикалық базаларындағы әдіс-тәсілдерде жаңа сөздерді оқушының санасына ендіру, оларды күнделікті сөйлеу практикасында белсенді қолданудың қоғамдағы тілдік тұлға үшін маңызды екендігін мойындату, осылар арқылы ұлттық рухани құндылықтарды түсінетін жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды болып табылады. Осы себепті жаңа сөздерді және жаңа сөздерге негіздей отырып, әдеби тіл нор-

маларына, сөз мәдениетіне арналған тақырыптарда шағын мәтін көлемімен шектелу жеткіліксіз, мәтін негізінде оқушыны қызықтыратын және оның білімін арттыратын тапсырмалар жүйесі қажет болады.

Жалпы орта білім беретін мектепте жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын ең тиімді технология – интербелсенді әдістер жиынтығы. Мұның басты әрі негізгі себебі – қазіргі білім берудің жаңа талаптарына сай білім беру аз уақыт ішінде көлемді ақпаратты тиімді түрде ұсына алатын, сондай-ақ ақпаратты жоғары дәрежеде игеріп, оны практикада қолдануды бекітуге мүмкіндік беретін әдістерді немесе әдістер кешенін қолдануды талап етіп отыр. Сондықтан да жаңа сөздерді меңгертуде мұғалім мен оқушы қызметін жан-жақты қамтитын жаңа технология – интербелсенді әдістерді пайдаланудың тиімділігі жоғары.

Интербелсенді оқыту қазіргі білім беру үдерісіндегі өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Интербелсенді оқытудың формаларымен және мазмұнымен байланысты мәселелер Г. Абеннова, А. Айтбаева, А. Әлімов, К.Ж. Бұзаубақова, М. Жайлауова, Ж. Жартынова, Ж. Дәулетбекова, С.Т. Мұхаметжанова, Қ. Өстемірова, С. Таженова, және т.б. сияқты отандық әдіскер ғалымдар мен В. Болотов, Н.И. Волков, Д. Джонсон, Р. Джонсон, И.А. Зимняя, Е.В. Коротаева, Н.А. Морева, В.В. Рубцов, Дж. Спиро, А.Ю. Уваров, Р.Л. Хон, Г.А. Цукерман және т.б. шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған.

Әдіскерлердің басым көпшілігі интербелсенді сабақты ұйымдастырудың кезеңдеріне тән реттілікке қатысты бірдей пікірді ұстанады, атап айтқанда, бұлар – оқу материалдарындағы мәселелерді анықтау, топ шеңберінде бөселенің шешімін іздеу, ұсынылған шешімдерді талқылау, анағұрлым оңтайлы шешімді тандау.

Алайда интербелсенді оқытуға қатысты материалдарға жасалған талдау нәтижесі оның кейбір маңызды сипаттары ұғымдық тұрғыдан да, әдістемелік жағынан да жеткіліксіз зерттелгендігін көрсетіп отыр. Орыс ғалымы Н. Суворова «интербелсенділік» сөзінің этимологиясына сүйене отырып, «интербелсенді оқыту – бұл ең алдымен диалогтік оқыту, мұнда мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет жүзеге асады» дейді [4, 26]. Сондай-ақ интербелсенді оқыту – танымдық әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның нақты және болжанған мақсаттары бар. Осындай мақсаттардың бірі – оқыту үдерісінің өнімді болуына мүмкіндік беретін, сондай-ақ оқушы өзінің жетістігін, зияткерлік әлеуетін сезінетіндей оқытудың жайлы жағдайын жасау.

Дегенмен осы аталған аспектілер (мұғалім мен оқушының өзара әрекеті, нақты және болжанған мақсаттар, оқытудың жайлы жағдайы және т.б.) оқытудың басқа технологияларына да тән, атап айтқанда: тұлғаға бағдарлап оқыту, бағдарламалау, сын тұрғысынан ойлау, дамыту оқыту т.с.с. Демек, бұл түсіндірмеде интербелсенді оқытуға тән белгілер көрсетілмейді.

Интербелсенді оқыту үдерісінің мақсаты – білім алушыларды өз бетінше білім алуға, ой қорытуға, проблеманың шешімін табуға және шешім қабылдауға үйрету, сәйкесінше жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді оқыту әдістерін пайдаланудағы мақсат оқушылардың тілдегі лексикалық үдерістерге, жаңа сөздердің пайда болуына әсер ететін түрлі факторларға, тілді тұтынушылардың ықпалына, осы саладағы тіл саясатының атқаратын рөліне саналы түрде зерттеу жасай отырып, проблемаларды саралауға, олардың шешімін табуға үйрету.

Әдіскер ғалым А. Әлімов интербелсенді әдіс арқылы оқытуда - үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру міндетті деп көрсетеді [5, 77].

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың мынадай әрекет дағдыларын қалыптастырады және дамытады:

- бірлесіп жұмыс істеу;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту;
- бастамашылдық;
- кері байланыс жасау;
- проблеманың шешімін табу және шешім қабылдау.

Интербелсенді әдістерді қолдана отырып оқытуда жаңа сөздерге қатысты теориялық және практикалық материалдарды іріктеудің және оларды ұйымдастырудың негізгі межелері төмендегідей:

– оқу материалдарының оқушының танымдық және тұлғалық қызығушылықтарымен тақырыптық сәйкес келуі;

– оқушылардың жас ерекшелігін, құндылық-бағдарын және уәждемелік саласын ескеру;

– оқу материалының түпнұсқалылығы және оның жанрлық әртүрлілігі;

– мәдени және елтанымдық қанықтылығы;

– пәнаралық шарттастығы.

Жаңа сөздерді меңгертуде интербелсенді әдістерді қолдану оқушының жүйке жүйесінің жүктемесін азайтып, зейінді тек бір нәрсеге аударуға, әрекет түрлерін ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің дидактикалық мүмкіндіктерін саралауда оларды интербелсенді әдіске негізделіп ұйымдастырылған оқыту үдерісінде меңгерту маңызды. Интербелсенді әдістер кешенінің ерекшелігі – субъектілердің өзара әрекетінің белсенділікке жоғары деңгейде бағыттылуы және оқушылардың эмоционалдық және рухани тұрғыдан біртұтастығы. Сабақты жүргізудің дәстүрлі формасымен салыстырғанда интербелсенді оқыту үдерісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеті алмасады: мұғалімнің белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал мұғалімнің міндеті – оқушының инициативасы үшін жағдай жасау. Осы тұрғыдан келгенде жаңа сөздерді меңгертуде қолданылатын интербелсенді әдістер – қазіргі білім берудің талаптарына жауап беретін, жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың лексикалық қорынбайытуда, жаңа сөздерді менталды лексиконда орнықтыруда және жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың тілдік тұлғасын қалыптастыруда оң нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолы.

### *Әдебиет*

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты / Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 367 бұйрығымен бекітілген. - [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30789058](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30789058)

2. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. - Алматы: Атамұра, 2001. - 191б.

3. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. / Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы. - <http://tengrinews.kz/zakon/kaz/docs?ngr=U1100000110>

4. Суворова Н. Интерактивное обучение: новые подходы // Учитель. – 2000. – №1. – С. 25-27.

5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 бет.

*Алмухаметова Г.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
2 -курс магистранты*

### **Студенттердің шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері**

**Аңдатпа.** Мақалада студенттердің шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Соның негізінде тіл байлығы, сөз байлығын жетілдірудегі көркем шығарма тілін талдау мәселесі жан-жақты талданды. Сонымен қатар, кейінгі жылдары көптеген жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде міндетті гуманитарлық іскерлік қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, шешендіктану бойынша арнайы курстар енгізілуде. Біздіңше, білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі белсенді оқытудың формалары мен

әдістерін жетілдіру (мәселен, оқыту үрдісінде субъектінің субъектіге қарым-қатынасы ұстанымын жүзеге асыру) болғандықтан да, жоғары оқу орындарының бағдарламасына шешендіктануды енгізу мүмкіндігінің болуы мен болмауына қарай емес, ауадай қажетті екендігі басты шарт болуы керек.

**Тірек сөздер:** тіл, сөз, шешендікке баулу, сөйлеу тілі, тіл тазалығы, әдеби тіл.

**Аннотация.** В статье рассматриваются методические особенности формирования навыков ораторского общения у студентов университета. На оснований этих особенностей проанализированы язык художественного произведения и богатство языка. Кроме того, в последующие годы во многих высших учебных заведениях введены специальные курсы по деловой культуре общения, культуре речи и риторике. Мы считаем, что одним из главных направлений гуманизации образовательной сферы является совершенствование форм и методов активного обучения (например, субъекта к субъекту, в процессе обучения отношение к реализации позиции).

**Ключевые слова:** язык, слово, ораторское мастерство, культура речи, чистота языка, литературный язык.

**Abstract.** In this article considered methodical features formation of communication skills of Rhetoric. On the bases of these features language of a work of art and richness of language are analysed. Besides, in the next years in many higher educational institutions special courses on business culture of communication, the standard of speech and rhetoric are entered. We consider that one of the main directions of a humanization of the educational sphere is improvement of forms and methods of active training (for example, the subject to the subject, in the course of training the relation to realization of a position).

**Keywords:** language, word, oratorical skill, standard of speech, purity of language, literary language.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Сөз байлығы әр адамның лексиконындағы қолданылатын сөздермен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой балығы, ал сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің мән – мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығы жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдік ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қарап қадағалап отыру керек.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде тілдің бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Күнделікті сөйлеу тілімізде қарым-қатынастың бірнеше түрі бар. Осы тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы бірін-бірі ұғынуы, түсінісу адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді. Бұл жерде сөйлеу тілі деген тіркесті ерекше бөліп айтуға тура келеді. Өйткені ол ауыз екі сөйлеу деген мағынаны емес, жалпы адамзаттың сөйлесу құралы, сөйлеу құралдарының қызметі, адамның тілі, адамның тілдік қатынас құралы деген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұғымды жеткізуі тиіс. Ал осы тілдік қарым-қатынас кезінде жүйелі, мағыналы мәнді сөйлеуге баулуды шешен сөйлеуге дағдыландыру деп атауға болады. Шешен сөйлеуге дағдыландырғанда тұтас мәтін синтаксисін меңгертуді оның негізгі белгілерін танытудан бастаған жөн. Студенттерге жүйелі басталған, белгілі бір жайды хабарлаған, сипаттаған, пікір білдірген, тиянақты аяқталған, тақырыптық бірлікте болатын, логикалық жүйеде құрылған, құрамына енетін қайырымдары мен сөйлемдері бір-бірімен тығыз байланысқан мәтіндерді түрлі жаттығулар арқылы жоғарыда аталған белгілерімен жүйелі түрде игерту қажет. Ол үшін оқытушы күнделікті сабақ

өту барысында мәтінмен әр түрлі деңгейдегі жаттығулар жасату қажет. Мысалы, төмендегі екі мәтінді салыстырып, қай мәтінде айтылған ой анық, әсерлі, бейнелі берілгендігін анықтандар. Ол нәліктен екендігін түсіндіріңдер: 1-мәтін. *Тау ішінің жаңбырлы, қараңғы түні. Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды. Түн баласында малмен араласа жүрген машықты көзбен маңайды тағы бір шола қарады. Көп жүрген жер. Мол, ұлы тау. Кейде тау қара түн, ақ жауын ішінде алып, дию мекеніндей көрінеді. Сытсың қарағай жапқан түкті беттері жақын жерден қап-қара болып үңірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияқтанады.* (М.Әуезов). 2-мәтін. *Тау ішінің түні. Бақтығұл көңіліндегі күдіктің бір сәттің ішінде жазып жібергендей болды. Түні бойы малмен араласа жүрген көзбен маңайды бір шолды. Көп жүрген жер. Тау: кейде тау дию мекеніндей көрінеді. Қарағайларыбар беттері үңірейіп-көрінеді.* (М.Әуезов)

Осындай салыстырулар студенттердің келешекте мәтін арқылы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәтін құрау қабілеттерін қалыптастырудың жақсы жолдарына негіз бола алады. Өйткені, мәтінді салыстыру барысына студент мәтіндегі ойдың қалай «өрбитінін» «лингвистикалық эксперимент» жасау арқылы өзі бақылап отырады сол арқылы ойын еркін жеткізуге шешен сөйлеуге, дұрыс сөйлем құрауға дағдыланады. Осындай талдаулар студенттерге жазушы шеберлігін, ойдың толыққанды берілуіндегі тілдік механизм мен сөздік қордың жетілуінің алатын орны деген ұғымдарды игертеді.

Бұл талдау әдістері студенттердің қарым-қатынас жасаудағы мәтін туралы түсінігі нығайып, мәтін құру (дұрыс әдеби тілде сөйлеуге, әңгіме, шығарма) шеберліктерін шыңдауға жетелейтін қабілетер қалыптасуына әсер етеді. Студенттедің өздерінің көздерін жеткізу дұрыс. Ол үшін мғыналық байланыстары жоқ сөйлемдер тобы мен мәтінді салыстырамыз.

Мысалы, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романынан үзінді келтірсек:

*«... Менің де тілімді байлап қалған сол «ұят» деген құрғыр еді. Ұят» деген сөз есімді білер-білместен-ақ құлағымды сарсытқан қыз балаға үлкендердің үстіне кірген де ұят, секектеп жүргірген де ұят, жігітпен құшақтасып сүйісу тұрсын, оның бетіне қарап құлген де ұят. Қаршадайымнан сұм едім, осының бәрін біреу көріп біліп қойса, қанқу сөз боп кетсе ұят, ал ешкім көрмесе, ішінде ит өліп жатса да біразының-ақ ұяла қоймайтынын сезуші едім. Сол ұятты көп айтатындар өз арының алдында, сірә оңша ұяла қоймайтын болар: өйткені сөздерінің сықпыты да: «ойбай-ау, біреу көріп қалса ұят қой,, жұрт естісе масқара ғой» деп келетін «жұрт не дейдісі» және бар... ұяламын деп Абанды ұялтып жібердім...*

Осы мәтін ұят ұғымына құрылған, ол мәтінге тіректік сөз ретінде сипат береді. «Ұят» сөзі өзек болып, жас қыздың қимыл-әрекеті, кейбір адамдардың соны біле тұрып жат қылықтар жасауын білдіретін жалғандық осы сөз төңірегіне тізбектеліп, сөйлемдердің стильді қызметін білдіретін мәтінге тірек ұғым берген.

Көркем бейнелі тіл айналадағы әдемілікті, қайталанбас ғажап құбылыстарды суреттеу арқылы сезімге әсер етеді, ал ғылым қара сөзбен жазылса да ол адамның ақыл-ойына белгілі бір дәрежеде ғана ықпалы бар. Студентті білсем, көрсем деген ізденуге жетелейді. Ғалымдар ұғыммен ойланады оны сараптайды, суреткер (жазушы, ақын) образдармен қиялданады. Біріншісі – ақылға салып талдайды, дәлелдейді, ғылым нәтижесін ұсынады, ал екіншісі – бейнелейді, көрсетеді, сөзбен сурет салады.

Көркем мәтінде жазушының жеке тұлғасы оның эстетикалық қызмет түріне байланысты. Психолог-ғалым А.А.Леонтьевтің пікірі бойынша, эмоция ерекшеліктері объект қызметінің психикалық жағын көрсетпейді, субъектінің болған немесе болатын оқиғаға жеке баға беретін белгі ретінде қызмет етеді [1].

Студенттерді шешен сөйлеуге дағдыландыруда, көбіне қанатты, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдануды үлгі еттік. Көрнекті психолог М.М.Мұқановтың айтуынша, “Мақал-мәтелдер психикалықтың өзі емес, сол үдерістердің іріктеліп, сараланып қалыптасқан жемісі” болып табылады [2,17]. Сондықтан мәтін құрастыруға жаттықтыру үшін мәтін мазмұнын мақал-мәтелдердің негізінде, ой-пікіріне орай

жүргізу тиімді болып табылады. Мәселен, студенттерге көптеген мақал-мәтелдер талдауға ұсынылып, мәтіннің құралуы мен жинақталуы, компрессияланған мәтіннің кері жайылыңқылануы үдерісіне бақылау жасатылды.

Тек тілдік талдау ғана емес, қазақтың мақал-мәтелдері арқылы ұлттық ойлау және ұлттық дүниетаным, ұлттық сөйлеу тілі ерекшеліктері туралы білім берілуі де мақсатымызға енді. “Мысалы, қазақтың бұрыннан келе жатқан “Көз жеткізер, көз жеткізбегенді сөз жеткізер” деген мақалын талдап көрейік. Бұл мақал дүниені көзбен, яғни тікелей сезіммен танып-білу және соны сөзбен (абстракты оймен) танып-білу деген мағынаны білдіреді.

Орыстың белгілі әдіскер-ғалымы Н.М.Шанский мәтінді тілді оқытуда қолдануға үлкен мән береді: “Придание тексту статуса основной единицы содержания обучения усиливает образовательные и воспитательные возможности языка как предмет обучения. Ведь в тексте как речевом произведении отражаются факты и особенности национальной культуры. В этом смысле можно сказать, что текст – зеркало национальной культуры. Особенно ярко проявляется в художественных текстах: поскольку художественный текст выступает не столько как носитель и источник объективной информации (как зеркало культуры в широком смысле слова), но и как носитель и источник собственно языковой, интерлингвистической информации; текст – языковая форма отражения и фиксации национальной культуры” [3,71].

Әдеби тіл стильдері бойынша жазбаша мәтін құрастыру барысында студенттердің икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жұмыс түрі ұйымдастырылады.

Мәтіннің құрылысын меңгертуде талдау, жинақтау, бақылау және салыстыру әдістерін пайдалана отырып жүргізу тиімді. Сондай-ақ ойлаудың индуктивтік, дедуктивтік және аналогиялық түрлері бойынша жұмыс жүргізу мәтін арқылы студенттің тілін дамытуда нәтижелі болады.

Мұндай іскерлік пен дағдылар жаттығу, мәтін құру, ауызша мазмұндау және жазбаша әңгіме, әдеби тіл стильдеріне байланысты мәтін құрау шығарма жаздыруға машықтандыру арқылы қалыптасады.

Жазбаша сөйлеуді дамыту мынадай дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асады: ұсынылған тақырыпты түсіну арқылы оған қатыссыз материалдарды бөліп, тиісті мағлұматтар арқылы нақтылай жауап беру; эссе, шығарма жазу үшін қажетті материалдарды (кітап оқу, құжаттар жинау, табиғатты бақылау т.б.) жинақтау дағдыларына үйрету; белгілі бір тақырып бойынша жазбаша сөйлеу жұмыстарына жоспар құрып, сол бойынша жүйелі баяндау, ой-пікірін жүйелі әрі түсінікті жеткізе білу, тілдік материалдарды әдеби тіл нормаларына сәйкес пайдалану.

Мұндай іскерлік пен дағдылар жаттығу, мәтін құрау, жазбаша мазмұндама, әдеби тіл стильдеріне орай шығарма жаздыруға машықтандыру арқылы қалыптасады.

а) жаттығулар тіл білімінің салаларына байланысты аналитикалық, синтетикалық және аналитико-синтетикалық деп топтастыру арқылы жүргізіледі.

ә) студенттердің жазбаша мазмұндату дағдысын қалыптастыру үшін кезеңде жүргізіледі: 1) теориялық дайындық жүргізу; 2) сөйлеуге дайындау; 3) сөйлеу, мазмұндау. Жазбаша мазмұндауға үйретуде сұрақ-жауап үлгісін көрсету, мәтін талдау, бақылау, салыстыру, индукциялық, дедукциялық әдіс-тәсілдер нәтижелі екендігі анықталды.

б) жазбаша тілін дамыту негізінде өз ойынан белгілі тақырып, стилі бойынша мәтінді жазбаша құрастыра білуге дағдыландыру болып табылады. Ол үшін сол тақырыпқа материал жинастыра білуге үйретіп, оны жүйе, стилін сақтай отырып, жаза білуге үйретіп, жаза білуге жаттықтырылады. Сондықтан мәтіннің кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын қалай жазуға қажетті дағдысы беріліп, соңынан тұтас мәтін құрастырып жазу дағдысы қалыптастырылады.

Мәтінді әдеби тіл стильдеріне байланысты құрастыра білу дағдысы бақылау, салыстыру, стилистикалық эксперимент т.б. әдістер мен сөйлемдегі сөздерді тиісті синоним, варианттарымен алмастыру, қатесін түзеп, қайта жазу, мәтінді қайта жетілдіріп жазу т.б. жазба жұмыстар арқылы қалыптасады.

Тұжырымдағанда, мәтін туралы түсініктерін бекітуде студенттерге мынадай тапсырмалар орындаттырылады.

1. Студенттерге қысқаша шығарма жазғызып, оларды біріне-бірін тексерту. Мәтін құрудағы достарының қателіктерін тану, анықтау арқылы студент өзінен де білімін, қабілетін жетілдіре түседі және қарым-қатынас жасауда шешен сөйлеуге дағдыланады.

2. Мәтіндегі сөйлемдердің орындарын ауыстырғызып, мәтіннің құрылымы туралы түсініктерін бекітеді.

3. Бір топ тәртіптелмей орналасқан сөйлем беріп, «осы сөйлемдерді логикалық ой тәртібі бойынша орналастыру керек» деген тапсырма беру арқылы олардың тақырыпты қалай меңгергенін анықтауға болады.

4. Тақтаға студент бір сөйлем жазып, түрлі тапсырма орындатуына болады:

а) осы сөйлемді мәтіннің басы етіп, әрі қарай өзің жалғастыр.

ә) осы сөйлемді мәтіннің ортасы деп санап, басы мен аяғын құр.

б) осы сөйлемді мәтіннің аяғы деп санап, мәтіннің басын құр.

5. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

6. Мәтінге тақырып қой.

7. Мәтіннің жоспарын құр.

8. Мәтінді жоспар бойынша жазып шық.

Студенттің жазбаша тілінде, көп ретте, мәтін туындамай жататыны белгілі. Бұл жағдай: 1) студенттің сөздік қорының кемдігінен туындап жатады; 2) көп жағдайда грамматикалық байланысу тәсілдерін дұрыс қолдана алмауынан туындайды; 3) ең бастысы, аудиториядағы студенттерде тұтастықтың құрылуы, тұтастықтың сақталуы туралы ұғым қалыптасуынан болады.

Студентке белгілі бір тақырып туралы баланың өмірлік көрген-білген тәжірибесі анықталады, сол туралы дүниетанымы сол арқылы таңбаланып, оны сөздік қоры көркемдейді. Содан соң егер студенттің осы тақырып туралы айтайын дегені көп болса, студент қайсысын айтарға білмей, ананың басын бір шалып, мынаның басын бір шалып отыратыны болады. Оның барлығы «Мәтін» туралы түсінік алмауынан болып жататын қателіктер.

Сондықтан, біріншіден, студенттердің жазбаша мәтін құрау икемділіктері мен дағдылары мәтіннің тіл стильдерінің ерекшеліктері бойынша дамыту қажет. Екіншіден, жоғарғы оқу орнында ғылым салаларын оқыту тіл дамытумен тығыз бірлікте жүргізілгенде, студент қоғамдық-әлеуметтік ортада ойын еркін жеткізуге, әдеби нормада жүйелі, шебер сөйлеуге дағдыланады. Үшіншіден, шешендіктануды оқытуда студенттердің тілін билердің, жазушылардың шешен сөздерінің үлгісімен, ғылыми жұмысқа баулу барысында, іскерлік ойын, ойбөліс, ойталқы арқылы дамыту жақсы нәтиже береді деп ойлаймыз.

### *Әдебиет*

1. Леонтьев А.А. Избранные психологические произведения. Т. II, -Москва, 2010.

2. Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері. – Алматы: Қаз.-мем.оқу. пед. баспасы, 1998., -171 бет

3. Шанский Н.М. Язык и речь // Что значит знать язык и владеть им. –Ленинград, 1989. -192 стр.

*Ахметжанова З.*

*Университет им. Сулеймана Демиреля,  
д.ф.н., проф.*

### **Система родственных связей казахов: принципы, функции**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақтардың туыстық байланыс жүйесінің негізгі ұстанымдары мен қызметіне көңіл бөлінеді. Негізгі ұстанымдары ретінде иерархиялық ұстаным, яғни туыстық байланыс жүйесінде әр адам өзінің белгілі туыстық сатыда тұра-

тыны мен жас мөлшеріне байланысты ереше мәртебесі анықталады, яғни туыстық байланыс жүйесінде «үлкен-кіші» оппозиция орын алады да, соған сәйкес әр адам өзіне лайықты жұмыс атқарады. Екінші ұстаным – «дала демократиялық ұстаным», яғни жасы кемелетке толған адамдар өз ойын, өз ұсынысын ашық айта алады. Тіпті өлімге жазаланған адамға ақырғы сөзін айтуға мүмкіндік береді. Үшінші ұстаным – өзара жәрдемдесу, өзара көмектесу ұстанымы.

Әлеуметтік туыстық байланыс жүйесі бірнеше қызмет атқарады: 1. қорғаушы қызметі, яғни қиын жағдайға түскен ағайынға міндетті түрде туыстар көмек көрсетеді; 2. реттеуші, белгілі тәртіпке салу қызметі, бұған күнделікті және де үлкен салт-дәстүрлі жиын кезінде орындалатын функция; 3. адамгершілік, әдептілік, рухани, ақылға салу тәрбиелік қызмет. Бұл функцияны үнемі жасы үлкен туыстар атқарады.

**Тірек сөздер:** ұстаным, қызмет, өзара көмек көрсету, қорғау, реттеу.

**Аннотация.** Статья посвящена выявлению основополагающих принципов и основных функций социального института родственных связей казахов. В числе принципов, на основе которых строится система родственных связей казахов, мы относим принцип иерархичности, т.е. в рамках каждого вида родственных связей (жұрт) существует иерархия, основанная на признании особой значимости социального статуса человека в системе родственных связей, помноженная на возраст человека. Второй принцип – это принцип степной демократии, согласно которому все совершеннолетние члены социального института родственных связей имеют право на выражение своего отношения. Даже в самых тяжелых ситуациях, когда человеку предстоит казнь, ему дается право на последнее волеизъявление. Третий принцип – принцип взаимовыручки и взаимоподдержки, согласно которому человек обязан помогать и поддерживать родственника. В случае неоказания поддержки, помощи клеймо позора ложится на весь клан родственников и свидетельствует о том, что у этого клана нет будущего, нет единства.

Мы выделяем следующие функции социального института родственных связей:

1. Защитная функция, которая заключается в оказании помощи любому родственнику, оказавшемуся в тяжелой ситуации.

2. Регулятивная функция, проявляющаяся в том, что родственники при частых контактах обмениваются переживаниями, эмоциями. Такое эмоциональное общение – своеобразная отдушина, психологическая помощь, поддержка, помогающая обрести душевное равновесие.

3. Функция морально-этического воспитания и коррекции, что находит отражение в постоянном контроле за жизнью всех родственников: отношение к старшим, воспитание детей, материальный достаток, взаимоотношения между супругами, соблюдение обычаев, обрядов и ритуалов. Все это в конечном итоге направлено на усиление жизнеспособности, придание силы и мощи клану родственных связей.

**Ключевые слова:** принцип, служение, взаимопомощь, защищать, регулировать.

**Abstract.** The article is devoted to revealing the fundamental principles and basic functions of a social institution of Kazakhs' kinship. Among the principles upon which a system of Kazakhs' kinship is built, we include the principle of hierarchy, i.e., within each of kinship (zhurt) there is a hierarchy based on the recognition of the special importance of a person's social status in the system of kinship, multiplied by the person's age. The second principle - the principle of the steppe democracy, according to which all adult members of the social institution of family ties have the right to express their attitude. Even in the most difficult situations, when man is sentenced to death, he is given the right to the last will. The third principle - the principle of mutual assistance and support, according to which a person is obliged to help and support a relative. In case of refusal, dishonor lies on the entire clan of relatives and indicates that this clan has no future, there is no unity.

We highlight the following features of a social institution of kinship:

1. The protective function, which is to assist any relative in a difficult situation.

2. Regulatory function, manifested in the fact that the relatives with frequent contacts exchange experiences, emotions. Such emotional communication is a kind of outlet, psychological support, which can help find peace of mind.



3. The function of moral and ethical education and correction, which is reflected in the constant control of the lives of all family members: attitude to elders, parenting, material wealth, relationships between spouses, observing the customs, rites and rituals. All of this ultimately aims to enhance the vitality of clan kinship, giving strength and power to it.

**Keywords:** principle, service, mutual aid, protect, regulate.

В современном технологическом обществе сформировался стереотип рассматривать социальный институт родственных связей как своеобразный атавизм, нечто отжившее и к современной культуре не имеющее никакого отношения. Однако конфликтные ситуации, возникшие в последнее время в ряде стран Европы в связи с беженцами, по мнению ряда исследователей-аналитиков, в числе причин имеют и факторы культурологического характера. В рамках традиционной культуры и социального института родственных связей человек находится под постоянным контролем социума родственников и не может позволить себе действия, оскорбляющие других людей, поскольку последствия этого скажутся на нем самом и его родственниках. Выход за пределы традиционной культуры у человека создает иллюзию вседозволенности, что толкает человека на необдуманные поступки, на которые в рамках института родственных связей он бы никогда не пошел. В связи с вышесказанным возникают вопросы: Каковы базовые принципы, лежащие в основе социального института родственных связей казахов? Какие функции выполняет социальный институт родственных связей казахов? В какой степени сущность родственных связей отражена в языковом сознании казахов?

В соответствии с исследовательским принципом изучения культуры изнутри мы, находясь внутри казахской культуры, в то же время имеем возможность несколько дистанцироваться от нее и сравнить казахскую культуру с другими этническими культурами. Все это дает основание для выделения следующих принципов, лежащих в основании социального института родственных связей казахов.

**1. Принцип иерархичности** социальных связей, т. е. в рамках каждого вида родственных связей (*жұрт*) существует иерархия, основанная на признании особой значимости социального статуса человека в системе родственных связей, помноженная на возраст человека.

**2. Принцип степенной демократии**, согласно которому все совершеннолетние члены социального института родственных связей имеют право на обращение к старшим с жалобой, предложением, на выражение своего отношения. Даже в самых тяжелых ситуациях, когда человеку предстоит казнь, ему дается право на последнее волеизъявление.

Третий принцип социального института родственных связей – **принцип взаимовыручки и взаимоподдержки**, согласно которому человек обязан помогать и поддерживать родственника. В случае неоказания поддержки, помощи клеймо позора ложится на весь клан родственников и свидетельствует о том, что у этого клана нет будущего, нет единства. Функции, выполняемые социальным институтом родства и обеспечивающие его жизнеспособность и в настоящее время, можно охарактеризовать следующим образом:

1. Социальный институт родственных связей выполняет **защитную функцию**, которая заключается в оказании помощи любому родственнику, оказавшемуся в тяжелой ситуации, например, в случае массового падежа скота в результате джута, особо пострадавшим все, и в первую очередь родственники, в виде помощи выделяли скот, эта традиция именовалась *жылу сұрау*. Помощь оказывается и во время сложных и трудоемких хозяйственных работ. Так, родственники сообща строят друг другу дома (*асар*). И здесь работа осуществляется бесплатно, на добровольных началах. 2. Социальный институт родственных связей предполагает частые контакты и обязательное активное участие во всех событиях в жизни родственников, что отражено в паремнологических единицах казахского языка: *Ағайынға керегі барыс-келіс*, *Құда-аңдаға керегі алыс-беріс*; *Ай көрмесе, ағайын жат*. *Жыл көрмесе, жекжат жат*. В свою очередь, контакты предполагают эмоциональное общение, когда люди обмениваются тем, что накопилось в душе, советуются, сочувствуют. Такое общение – своеобразная отдушина, психологическая помощь, поддержка, помогающая обрести эмоциональ-

ное равновесие. В этих условиях имеет смысл говорить о **регулятивной функции социального института родственных связей**

Следующую функцию социального института родственных связей казахского этноса мы обозначили как **функцию морально-этического воспитания и коррекции**, что находит свое отражение в постоянном контроле за жизнью всех родственников: отношение к старшим, воспитание детей, материальный достаток, взаимоотношения между супругами, соблюдение обычаев, обрядов и ритуалов. При этом подобную функцию выполняют старейшины рода, аула, старшие родственники. Иногда более состоятельные родственники оказывают помощь в получении образования детьми малоимущих родственников, изыскивают возможности для трудоустройства. Охранная, морально-этическая функции социального института родственных отношений в конечном итоге направлены на усиление жизнеспособности, придание силы и мощи клану родственных связей, что играет значимую роль при выделении постбищных угодий, решении межродовых конфликтов, защите интересов своего социума.

Конечно действительность, особенно становление городской культуры казахов скорректировала ряд аспектов социального института родственных связей, но основной его костяк сохранился.

### *Литература*

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) - Алматы: Дайк-пресс, 2009. – том 1: адам. - 784 б.

2. Белик А.А. Культурология. Антропологические теории культур. Учебное пособие. М.: РГГУ, 2000. – 240-103 с.

3. Эйбл-Эйбесфельдт И. Общественное пространство и его социальная роль. // Культуры. 1993. №1.

4. Жұртшылық // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2 том, 453 б.

**Әміргалиева Е.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
2-курс магистранты*

### **Концепті туралы жалпы түсініктер**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «концепт» терминін жан-жақты қарастырып, оған қатысты сан түрлі зерттеулер мен анықтамалар қысқаша жазылған.

**Тірек сөздер:** концепті, түсінік, мәдениет.

**Аннотация.** В этой статье подробно рассматривается термин «концепт» и коротко приведены относящиеся к нему различные исследования и справки.

**Ключевые слова:** концепт, понятие, культура.

**Abstract.** This article details the term “concept” and briefly presented relating thereto various study and reference.

**Keywords:** concept, concept, culture.

Концепт когнитивті лингвистиканың кілт термині болғандықтан, оған қатысты зерттеулер, анықтамалар сан түрлі. Концепт ұлт мәдениетімен тікелей байланысты, сондықтан ол өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасады. Концепті білдіретін кез келген сөз, зат пен құбылыстың адам үшін белгілі маңызы, құндылығы бар. Бірақ зат немесе құбылыс тілде көрініс табады және оның бірліктерінде метафорада, фразеологизмде бекиді. Концептің мазмұны тілде көрініс табады, біз оны тілдік материалды талдау арқылы суреттей аламыз. Құндылық үнемі әлеуметтік, сондықтан концепті біл-

диретін тілдік бірліктерде әлеуметтік компонент болуы шарт. Мәдени концептің құрамына құндылықтан басқа, ұғымдық және образдық элементтер де кіреді. Ұғымдық элемент шындық және ойдан шығарылған нысан туралы концептің құрылуына негіз болатын фактуалды ақпараттан құралады. Концептің басқа элементтерден айырмашылығы оның мәдениет өкілі арқылы танылуында.

Концепт тек қоғамда ғана қолданылмайды, ол сол қоғамның әсерін сезінеді. Адамның, мәдени ақпаратты сақтаудағы негізгі формасында концепт және табиғи тілдің сөздері болады, бірақ адам саналы деңгейде мифологиялық және символдық түсініктердің ықпалында қалуы мүмкін. Адам үнемі сыртқы факторлардың ықпалында болғандықтан, ол оның концептілік өрісі мен тіліне әсер етуі мүмкін. Ұлттық концептілік өріс концептің образдық, бағалылық құрамын қалыптастыратын құндылықтардың ұлттық жүйесін нақты ақпарат көлемін, сол мәдениет деңгейінде қарым-қатынас жасауға қажетті сол тілдің қарапайым әлемдік бейнесін құрайды. Сонымен концепт — сананың элементі, менталдық бірлік. Адамның санасы мәдениет пен тілдің арасында дәнекер қызметін атқарады. Санаға мәдени ақпарат түседі, ол електен өтеді, өңделеді, жүйеленеді. Сана тілдік құралдар таңдауына жауап береді.

Қазіргі кезеңде когнитивтік лингвистиканың негізгі термині концептіге қатысты зерттеулерге көп көңіл бөлінуде. Әсіресе ресейлік лингвистер концепт ұғымына басты назар аударуда. Концептінің көмегімен қатардағы адам сол мәдениетті тануға мүмкіндік алады. Концепті тікелей мәдениетпен байланысты.

Концепті қарастыру үшін ең алдымен ол ұғымның мағынасы туралы түсініктер болуы шарт. Концепт менталды бірлік: 1. Адам тәжірибесінің әдемі көрінісіндегі кішкентай бірлік; 2. Ол білімдерді өңдеу, сақтау және берудің негізгі бірліктері; 3. Концептінің қозғалмалы шегі және нақты қызметі бар; 4. Концепт әлеуметтік, оның ассоциативтік өрісі прагматикасын білдіреді; 5. Мәдениеттің негізгі ұяшығы. Концептілер концептуалды жүйе құра отырып, әлемді адамның басында көрсетеді, ал адам тілінің таңбалары осы жүйенің мазмұнын білдіреді.

Көркем шығармалардағы «концепт» — көркем шығармалардағы тірек мағыналар. Бұл тірек мағыналар жеке тұлғалардың өзіндік көзқарасын қалыптастырады. «Кең ұғымда концепт санадағы – менталды бірліктер мен психологиялық ресурстар қызметі арқылы индивидтің тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық құрылым». [1, 85].

«Жол» концептісінің құрылымдық көріністері стереотиптік таңбалар арқылы санада бейнеленіп фреймдік құрылымға салынады.

Санадағы стереотиптік түсінік түрінде көрініс табады. Түсінік стереотиптер бейне – стереотип, стереотиптік ситуация формасында таңбалаынады. Адам санасында қалыптасқан стереотип ойсурет және таным – бейнеге салынып жадыда сақталады.

Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивтік модельге салынып жинақталады. Модель элементтері санадағы менталды оқиғалар (экспозиция) олардың әрекеті арасындағы байланысты қалыптастырады.

Концепт табиғатын түсінуді қиындағатын жағдай — оған ұқсас бірқатар ұғымдар мен терминдердің болуында. Олар: концепт, ұғым және мағына. Бұл үш терминнің дефинициялары қазіргі таңда теориялық тіл біліміндегі аса күрделі де даулы проблема. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. В.А.Маслова өз еңбегінде: «Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық компонент ене бермейді. Концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді» — дей отырып, концепт пен мағына біржақты ұғымдар еместігін, Себебі, концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинаса, сөз өз мағынасымен концептінің бір элементін танытатынын, концептінің анықтауда оны танытып тұрған мағыналар мен сөйлемдерге, дискурсқа сүйену керектігін айтады [2, 191].

Концепті түрлері – сананың когнитивтік қызметімен байланысты ойлау үрдісінің нәтижесі. Концептілердің, жалпы алғанда инварианттық сипаты болады.

Концепт – көп аспектілі менталды құрылым болғандықтан, әр концептіде өз ерекшеліктері мен айырмашылықтары болады. Концептілік жүйе – ақиқат дүние туралы субъектінің білімі ретінде қарастырылады. Демек концептілік жүйе субъектінің

аялық білімін, этномәдени әлеуметтік ортасын, ондағы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған мәдени құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін танытады.

Н.Д. Арутюнова мәдени концептілер туралы былай дейді:

«Мәдени концептілер – бұл ең алдымен философиялық мәдени терминдердің қарапайым сәйкестігі (үйлесімі). Осы ұғымды білідретін тіл бірліктері ғылыми, философиялық, мәдени ұғымдарды таныта отырып, жалпыға ортақ күнделікті қолданыстағы мағыналардың таңбасы бола алады», — деп түсіндіреді.

Концепт – қазіргі лингвистикалық ғылымда дискуссиялы терминдердің бірі болып табылады және ғылыми бағыттарға сәйкес трактіленеді: логикалық санат (Р. Павленис, Ю.С. Степанов), практикалық философия ұғымы (С.П.Аскальдов, Д.С.Лихачев), этномәдениетті деңгей бірлігі (Ф.Фархутдинова), ұлттық менталитеттің негізгі бірлігі (В.В.Колесов), көпөлшемді білім (В.И.Карасик, С.Х.Ляпин).

Концептілер қай ұлттың мәдениетте болмасын, саны жағынан ғалым Ю.С.Степановтың айтуынша, елу шакты.

Концептілер – ұлттық танымның бір көрінісі, сондықтан да ғаламның лингвокогнитивтік моделі болып табылады.

Концепт қандайда бір ауқымды идеяның сан алуан күрделі ұғым түсініктердің суретті сипаттамалары. Оның мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды.

Концептіні «адам санасындағы мәдениет қаймағы» деп қарастыра отырып (Ю.С. Степанов), зерттеушілер кез келген тілде және әр адамға актуалды болатын базалық концептілерді белгілейді. Алайда олар тек жалпыадамзаттық қана емес, сонымен қатар ұлттық спецификалы. Базалық концептілер болып шындық пен шынайылық, тәуелсіздік – бостандық, адам мен тұлға, мейірімділік пен жақсылық, тағдыр, интеллигенция және т.б. табылады. Бұлар контекстерде сананың түрлі типтерінде қолданылады – тарихшылардың, антропологтардың, философтардың зерттейтін нәрсесі болатын әдеби және ғылыми, практикалық.

Р.И. Павленис пікірі бойынша, концептуалды жүйеге төмендегідей ерекшеліктер тән:

1) концептіні енгізудегі жүйелілік, жүйедегі концептілер жаңа концептелерді енгізуге негіз болады;

2) концептуалды жүйені қарастырудағы толассыздық;

3) концептуалды жүйенің тіркесу қабілеті түрлі дәрежеде болса да, енгізілген концептіні жүйедегі басқа концептілер түсіндіріп отырады, бұл жаңа концептілердің басқа концептілермен толассыз байланысын қамтамасыз етеді.

Г.И. Павленис пікірі бойынша, тілдің көмегі арқылы құрылған концептуалды құрылымдар жеке тұлғаның мүмкін немесе өзекті тәжірибесіне жағады.

Г.И. Павленис ойынша, концептуалды жүйенің мәні жеке тұлғаның пікірі мен білімінің жүйелігінде жатыр.

Концепт сөздерінің терминдік мағынасы әр ғылым саласында әртүрлі. Адам күнделікті өмірде тағдыр, шындық, парыз, абырой, бостандық, еркіндік т.б. сөздерді қолданса да, олардың мағынасын анық түсіндіре алмауы мүмкін. Ол сөздердің беретін ұғым-түсінігін түсіндіру адамның тілде беру тәжірибесіне қарай әртүрлі болады.

Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, олардың мән-мағынасын да қамтиды. Бұл өз кезінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі.

В.В. Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланыстыра келіп былай дейді: «Концепт – сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі, сонымен бірге дамудың ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатары молайған ұғым концепт бола алады» [3, 56]. Бұл теориялық жақтан барлық сөздер мәдени мағыналы бола алады деген ойларды дәлелдей түседі және сөздің мәдени – тілдік табиғатын зерттеуде «концепт» терминін қолданудың қажеттілігін нақтылайды.

Мәдени концепт сөздердің аясы нақты, жинақтаушы заттық лексиканың есебінен кеңейе алады. Мысалы, *жол, жолың болсын, ақ жол* т.б. көптеген өсімдік пен жануарлардың, тұрмыстық заттар мен құбылыстардың атаулары жекелеген ұлттың өзіндік менталитетіне байланысты ерекше концептілік мән алуы ықтимал. Сөйтіп, заттар мен құбылыстарды таңбалауша тілдік бірліктер мәдени компоненттерімен ерекшеленеді.

Сөздің пайда болу кезеңінде, концепт оның «ішкі формасы» ретінде, яғни тілді қолданушының санасында оған дейін бар мағыналарды жаңа сөзбен бірге пайда болған жаңа мағыналармен байланысты қаралады. Содан кейін, сөзді игеру кезеңінде, концепт бірде концепт – бейнеге (егер ол айтылымның тек сыртқы тұлғасына ғана ұмтылса), бірде ұғымға (егер оның мазмұндық жағы дамыса) түрленіп отырады.

Концептті жеке сөздердің семантикалық көрінісін түсінудің кілті ретінде, ал екінші жағынан, мәдени құбылыстың ерекшелігін түсінудің кілті ретінде қарастырамыз. Ғалам бейнесінің вербальді сипатын ашуда «концепт» ұғымының ерекше маңызы бар. Концепт тілдің болмысын анықтайтын табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың нақты көрінісі.

Концепт сөздікте – ұғым мазмұны; ой, түсінік; 1) байланыс, жиынтық, жүйе; 2) қойма; 3) заң актілерін тұжырымдау; 4) ұрық қабылдау; 5) сөйлем, ал энциклопедиялық сөздікте бұл концепт сөзі – есімнің (белгінің) ұғымдық мағынасы, яғни «ойдағы ұғым, идея» деп анықталады [4, 145].

### Әдебиет

1.Ахметжанова А. «Өзім — өзге» концептісі жайында // Қазақ тілі мен әдебиеті №12. 2007. – 128б.

2.Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М.: Наука, 1990. – 213с.

3.Уматова Ж.М. «Концепты душа/жан как лингвокультурологический феномен». А., 2005. – 24с.

4.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 4-том. Ж – К. Қазақ ССР-інің «Ғылым», Алматы – 1979.

**Әшімбаева Н.М.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.,*

**Сүлейменова С.Б.**

*Қ.А.Яссауи ат.№123 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

### Дәстүрлі қазақ қоғамындағы елтанымдық атауларды топтастырып беру мәселесі

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы классификации страноведческих наименований в казахском языке, в частности традиционного казахского общества в прошлом.

**Ключевые слова:** Традиционное казахское общество, страноведение, классификация, страноведческие наименования, государственный язык, этнос, социальные категории, пословицы, поговорки, казахское ханство, степная демократия, иерархия.

Ата-бабаларымыз басқа халықтар сияқты жаңадан құрылған қауымдағы билік ету, ұжымды ұйымдастыру жүйесін қалай болса, солай емес, қоғамдық-элеуметтік қажеттіліктен туындаған ыңғайына қарай құра білген. Сондықтан бір атақ-лауазымның мәні екінші атақ-лауазымнан атқаратын жүгі мен жауапкершілігіне қарай сатыланған түрінде жоғары не төмен болуына, мәртебесіне қарай билік жүргізу тәртібіне, сый-құрметіне және т.б. ерекшеліктеріне сәйкес анықталып, белгіленген.

Міне, осы заңды талап атақ-лауазым жүйесінде ғасырлар бойындағы тәжірибе нәтижесінде жалпы қоғам мақұлдап, қабылдауы арқылы жүзеге асып, қалыптасқан.

Лексикалық байлықтың ерекше бір саласын құрайтын, бірыңғай тақырыптық жүйе ретінде атақ-лауазым атауларының белгілі бір мағыналық топ қалыптастыруы – қоғам, қауым, хандық, ұлыс, мемлекет құрып келген барша түркі халықтары үшін көп жағдайда ортақ құбылыс. Осыған байланысты түркі тілдерінде көптеген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер қалыптасып, олар лауазымды адамдардың қызмет-әрекетіне қатысты ұлттық болмысты, бейнелеп, дәйектейді. Пайымдап қарағанда, атақ-лауазымға ие болған субъектілер көп жағдайда өздері басқарып отырған қоғамның бір сипаты болып саналады.

Атақ-лауазымға байланысты лексиканың ең басты ерекшелігі – өз бастауын сонау көне дәуірлерден алып, үнемі даму үстінде қалыптасып, даму үдерісінде толығып, өзгеріп, жаңарып, жаңаланып отыруында. Сондықтан да, лексиканың бұл саласы – қазақ этносының сатылы дамуының, қоғамдық өзгерісінің, ру, тайпа, ұлыс, халық, ұлт болып қалыптасу кезеңдерінің бірден-бір куәгері, халықтың өзімен де, тілімен де бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан көне мұрасы. Жәдігер іспетті тілімізде хатталып, көненің көзіндей көңілімізде, жадымызда сақталып қалған бұл атаулар мен олардан туындаған көптеген тұрақты тіркестерді, мағыналық бірліктерді түгел жинап, жүйеге салып, мазмұны мен мәнін саралап, «сөйлете» білсек, олардың өткен тарихымыздан сыр шертіп, бүгінгі рухани өміріміз бен тарихи танымымызды байыта түсетіндігі тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты туралы қазақ тіл білімінде айтылған кейбір жеке-дара пікірлер болмаса, күні бүгінге дейін, өкінішке орай, арнайы зерттеу нысаны болмауы да мәселенің өзектілігін танытады. Оның басты бір себебі - атақ-лауазым, дәреже-мәнсап т.б. көне дүниенің көзі іспетті, тарихи лексикология нысанына жататын және бүгінгі таңдағы қолданысы көбіне-көп тарихи шығармалармен шектелген, сирек қолданысына байланысты мағынасы белгілі бір дәрежеде күңгірттенген, сондықтан да этимологиялық зерделеуді қажет ететін көне де байырғы дүние болуына байланысты.

Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тарихи даму барысында қалыптасқан жүйесі мен мәртебесін, деңгейін, этнолингвистикалық сипатын, мағыналарын, дамуының ішкі-сыртқы дереккөздерін зерделеу – зерттеу жұмысының негізгі мақсаты. Сол мақсатқа жету жолында төмендегідей нақты міндеттер белгіленді:

- атақ-лауазым атауларына қатысты зерттеулерге, нақты мәліметтер мен деректерге тақырыптық-мағыналық тұрғыдан ғылыми шолу жасау;

- байырғы қазақ қоғамында дүниежүзілік стандартқа сай мемлекеттілік, оның басқару жүйесі мен өзіндік ерекшеліктері болғандығын атақ-лауазым атауларына қатысты тілдік және экстралингвистикалық фактілерді жинақтап, талдау арқылы дәлелдеу;

- жалпы түркі әлеміне (тілдеріне) қатысты ерте замандардан бері қолданылып келе жатқан атақ-лауазым атауларының қолданыс ауқымы мен сапалық, сандық, мағыналық сипатын айқындау;

- ол атаулардың жалпы қолданыс шеңберін, түркі әлемін, соның ішінде қазақ қауымын қоршап, атақ-лауазым атауларының іштей-сырттай дамуына әсерін тигізіп келген ірі-ірі туыстас, көршілес, қарым-қатынаста болған басқа мемлекеттердің (хандық, қағандық, империялар мен патшалықтардың) ықпал жасаған тарихи кезеңдері мен дәуірлеген мезгілін анықтау, нақтылы тілдік ауыс-түйістерді көрсету;

- атақ-лауазым атауларының тарихи кезеңдерін, тілдік дереккөздері мен тегін айқындау арқылы оларды тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеу;

- атақ-лауазымдардың жасалу тәсілдерін сараптай келе, олардың түркі тілдер (соның ішінде – қазақ тілінің өзінде) негізінде, басқа көрші (қытай, араб, иран, славян т.б.), туыс (моңғол, түркі) тілдер арқылы еніп, қалыптасу үдерісіне назар аудару;

- атақ-лауазым атауларының қазақ тіліндегі, сондай-ақ, кейбір түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрамына еніп, олардың халық арасына кеңінен тарап, ел-жұрттың салт-тұрмыстық жағдайымен етене араласуын нақты дәйектеу;

- атақ-лауазымдардың сатылы деңгейіне қарай іштей топтастырылуы;

- тақырыптық топтарға жүйеленген атақ-лауазымдарды мағынасына қарай өзара байланысын, олардың түбірлестігін, айырмашылықтарын көрсету;

- жеке атаулардың ұмыт болған мағына-тұлғаларының этимологиясын анықтау.

Жер бетіндегі басқа халықтарға қарағанда түркі халықтарының тарихи жазба ескерткіштері – тас бетіне, зат бетіне таңбаланып, ерте кезеңдердегі, тіпті біздің жыл санауымыздан бұрынғы мың жылдық қоғамның, одан кейінгі әлеуметтік жүйенің қалпын бізге жеткізіп отыр.

Мәселен, тек Талас өзені аймағында алты түрлі алуан жазудың тас бетіне түсуі – осының айғағы. Осының бәрі, жинақтай келіп қарағанда, «*түркі әлемі*» деп отырған қоғамдастықтың жалпы Еуразия елдеріне тигізген әсері, мәдени ықпалы мен өркениетті үлгісі аз болмаса керек. Мұның өзі билік жүйесіне де қатысты. Бұл саладағы атауларды диссертациялық тақырып етіп алып, зерделеп, шыққан төркінін, мағына-мәнін, қалыптасу және қолдану уәжділігін анықтау – өткен тарихымызды таратып танудың бір жолы деп санаймыз.

Пайымдап қараған адамға, атақ-лауазымдардың жалпы түркі әлемінде қолданысы және мағынасы жағынан, дәлме-дәл болмаса да, бір ортақтық, ұқсастық бар екені байқалады. Оны анықтаудың екі жолы бар. Біреуі – сол саладағы атауларды тілдік дерек ретінде салыстыра-салғастыра қарау да, екіншісі – хронологиялық принципке сай түркі әлеміне ортақтығына байланысты тарихи дәуірлену кезеңдері бойынша өзара жіктеу, топтастыру. Осы тұрғыдан алып қарағанда жалпы, түркі тілдеріне тән және солардың бірі – қазақ тіліндегі толық және жартылай ортақ атақ-лауазым атауларын 5 дәуірлік топқа бөліп қарауға болады. Осындай дәуірлеуге байланысты оларды мынандай тақырыптарға бөліп қарастырамыз: 1) *Ғұн дәуіріндегі атақ-лауазым атаулары (б.з.д. V – б.з. V ғ. дейін)*; 2) *Көнетүркі дәуіріндегі атақ-лауазым атаулары (VI-XII ғ.ғ.)*; 3) *Ортатүркі (Шыңғысхан) дәуіріндегі атақ-лауазым атаулары (XIII-XIV ғ.ғ.)*; 4) *Жаңатүркі дәуіріндегі атақ-лауазым атаулары (XV-XIX ғ.ғ.)*; 5) *Қазақ хандығының отарлануы дәуіріндегі атақ-лауазым атаулары (XIX ғ.)*.

Бұл хронологиялық межелер біздің шартты түрде алып отырған дәуірлерімізге жатады да, түркі әлемі тарихында оны бұлайша жіктеу байқалмайды.

Түркітанушы ғалымдардың пікірі бойынша, ғұн туралы қытай естеліктерінде кездесетін атақ-лауазымдар саны өте аз және қытайша жазылуы олардың нұсқасын дәл бере алмайды. Осының салдарынан ғұндар мен түркілердің генеологиялық ортақтығы көп сөз болмай келгені белгілі.

Алайда қытай қолжазбаларының табиғаты, әсіресе кейінгі кезде кеңірек ашылып, ғылыми айналымда түркі тілдеріне аударылған тарихи деректердің көбейе түсуі оларды зерттеушілердің бұл құбылысқа ерекше назар аударуына себепкер болды.

Біз қарастырып отырған қолжазба деректерінің бір артықшылығы, қолжазбаларда бұл атақ-лауазымдардың қытай тіліндегі аудармасы емес, сол өздерінің бастапқы нұсқасында, сол кездегі аталуынша және нақтылы мәтіндерде қолданылуы бойынша беріліп, басым бөлігінің мағынасы түсіндірілген.

Бұл атақ-лауазымдардың түркі халықтарының тіліне тән екендігін бірден тануға болады. Өйткені күрделі сөз түріндегі атаулардың құрамында, не өз алдына жеке атау түрінде түркі тілдеріне тән сөздер кездеседі. Мысалы: *аға тәңірқұт, құт, аға, білге, хан, кіші, тете, бек, бас, жасауыл, уәли, ордабек, даяшы, бақауыл, күзетбасы, даяшыбасы, бас абыз, тұтқауыл, күнби, мыңбасы, жүзбасы, онбасы, бас жасауыл, төреші абыз, тәңірқұт, уәзірбасы, аламанбасы, аймақбасы, шабандоз, сол қол аламанбасы, қорғаушы тұтқауыл бек, сардарбасы, тілмаиш, сол бас сақа, ішкі бек, басқақ, нақбект.б.*

Бұл атаулардың түркі тегіне тән екендігін білдіретін тағы бір белгісі жазба нұсқаларының мәтіндерінде берілген олардың мағынасынан да айқын көрінеді. Былайша айтқанда, қытайшасынан аударылып берілген қазақшасында бұл атақ-лауазымдардың барлығына түсінік те табуға болады. Олар не ғұндардың, не қытайлықтардың мемлекетіне ғана тән атақ-лауазымдар емес, ғұн империясының құрамындағы түркі халықтарының хандықтарына тән жазбалары мен түсініктемелері де кездеседі. Мысалы: «*Ғұн тарихының жылнамасында*»:

«*Тәңірқұт* дегеніміз – Күн (бейнелі) ұлықтың аспандай бейнесін білдіретін, *тәңір мен құтқа* баланған мәртебесі...» [1, 21 б.].

Бұдан әрі: «Ғұндарда *тәңірқұттан* төмен: *сол билге хан, оң билге хан, сол жанақ хан, оң жанақ хан, сол сардар, оң сардар, оң, сол аға, бас жасауыл, сол, оң аға даңға, сол, оң құтазуқатарлы мәртебелі лауазымдар* болған. Барлығы 24 әскери-әкімшілік шен болған. Барлық үлкен мәнсаптар атадан балаға мұра болып қалады» [1, 21 б.]. Бұл мәтіндегі жиі қолданылып тұрған *оң, сол* сөздері жалпы түркі әлемінде билігі жүретін қауымның (хандықтың, өлкенің, елдің) оң не сол бөлігін (батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік мағынасындағы бөлігін) басқаруды анықтайтын шартты ұғымды білдірген. Ол сөздің билік дәрежесіне де қатысты болуы мүмкін. Өйткені *оң* және *сол* антонимі қатар келгенде *сол оңнан* биіктеу дәрежені білдіріп, бұрын айтылатынын көреміз.

Көнетүркілердің саяси құрылымын толық сипаттайтын атаулар отыздан астам. Тарихшылардың осы мәліметін ескерсек, түркілердің билік тұтқаларын сипаттайтын *қаған, тегін, яғбу, шад, тархан, тұтұқ, бұйрық, шор, елтебер, еркін, бек* тәрізді атаулар сол дәуірдегі көнетүркі тіліндегі мемлекеттік құрылым атауларының қалыптасқан жүйесін құрағаны сөзсіз [2, 13 б.].

Көнетүркі тіліндегі бұл атаулардың барлығы да біздің дәуіріміздің V-VII ғасырларында өмір сүріп, қазақ ұлтының этногенезін құраған көк түркілердің саяси құрылымының сипатын ғана көрсетпейді, сонымен бірге ол – Қазақ мемлекетінің негізі осы кездерде қалыптасқандығын дәлелдейтін тілдік дәйек.

Біз қытай жылнамалары арқылы көне Түркі қағанаты мемлекеттілігі озық болып саналатын Қытаймен терезесі тең мемлекет болғанын білеміз. Олардың мемлекеттілігінің тағы бір белгісі – аумағының әкімшілік аймақтарға бөлінуі. Елдің ең жоғарғы билеушісі *қаған* атауымен белгіленді де, оң қанатқа және сол қанатқа бөлінген аймақ әкімдері – *шад* және *жабғудеп* аталды. Одан кіші тайпалық бірліктер басында *елтеберлер*, ал тіпті ұсақ рулар көсемдері *еркін* және *шор* лауазымдарын иеленген [1, 78 б.].

Зерттеу барысында байқағанымыз Қараханидтердегі мемлекеттік лауазымдарда, негізінен, түркілік атаулар пайдаланылған. Мысалы, мемлекет басшысы *хақан* немесе *тамғаш хан* деп аталады, оның ортақ семантикасы «*хандардың ханы*» дегенге келеді. Сарай маңындағы «*ақ сүйектер*» тобы «*азұн тұтқушы*» деген әлеуметтік атаумен берілсе, шенеуніктерінің ортақ атауы «*тапұқшылар*» деп аталған.

Көне түркілердің саяси басқару жүйесіндегі атаудың бірі *еркін* қараханидтер мемлекетінде *көл* эпитетімен кездеседі. Махмұд Қашқари өзінің атақты «Түркі тілдер сөздігінде» оның мағынасын жоғарғы билеушінің көл-көсір ақылымен байланыстырады. Орта ғасырлардағы кең қолданылған терминнің бірі – *ұлан* сөзі. Ол сол кездегі әдеби тілде *оғлан* тұлғасында кездесті. Ш.Уәлихановтың айтуына қарағанда, Алтын Орда, Қырым, Астрахан хандықтары мен Ақ Орда, Шағатай ұлысындағы *ақ сүйек* өкілдерінің әкімшілік қызметтегі ұлдарын атайтын болған [3, 123 б.]. Академик Р.Сыздықтың пікірінше, түркі-моңғол тілдерінде *оғлан//ұлан//ұғыл//ұл* сөзінің ерте дәуірлерден келе жатқан титулдық мәнінің сарқыншағы қазақтарда Бұхар замандарына дейін жеткен тәрізді. Орта ғасырларда *оғлан//ұлан* сөзі – термин. Тарихшылардың айтуынша, «*Оғлан//ұлан* деп Алтын Ордада, Қырым мен Астраханның династияларында, Чағатай ұлысы мен Ақ Ордада билеуші феодалдардың ең жоғары әскери және әкімшілік қызметін атқаратын ұлдарын атайтын болған». Соған қарағанда, *ұлан*сөзін әлеуметтік категорияға қатысты сөз емес, мемлекеттік ел басқару, билік жүйесіне қатысты деп қарауға болады. Қазіргі қазақ тілінде *ұлан*сөзі әскери-әкімшілік атау ретінде ұғынылады. Мысалы, *Қазақстан Республикасының ұлттық ұланы* [4].

Орта ғасырлардағы ел басқару және билік жүйесі біршама жоғарғы сатыға көтеріліп, күрделене бастады. Осы саладағы ортатүркілік атаулар деп біздер *хан, әмір, сардар, аталық, атабек, көкілташ, ішік аға басы, инақ, миришқар, наиб, жасақ, жасауыл, қарауыл, қанбұл, әкім, даруға, ұлысбек, тору, ясақ* секілді сөздерді жатқызамыз.

Мемлекет басшысы сонымен бірге *әмір* атауымен де белгіленген. Белгілі шығыстанушы М.Қ.Әбусейітованың көрсетуіне қарағанда, ортағасырлық билеушілер тек *хан, әмір* ғана деген атаулармен шектелмеген. Ғалым пайдаланған Шығыстық деректемелерде *хан* атауы жиі кездескенімен, сонымен бірге басқа да атаулардың талданып-таратылып қолданылғанын айтады. Мысалы, жеке ханның өзіндік орны мен бөліне қарай қолданылған атаулар «ең жоғарғы билеуші», «жалғыз дара билеуші»,



«жер жүзінің билеушісі» секілді мағыналарды берген. Автор бұл мағыналарды араб және парсы тарихи деректеріне сүйеніп айтады да, өкінішке қарай, олардың түпнұсқалық тұлғаларын көрсетпейді [5, 111 б.].

Қазіргі мемлекеттер атауына шолу жасаған кезде *әмір* атауын Біріккен Араб Әмірліктерінен кездестіреміз. Сонымен қатар араб елдерінің бірқатарында *эмир* сөзі қазір де *елбасы* деген мағынада қолданылады. Сонда бұл елдегі араб диалектісінде *әмір* сөзі әрі «әкімшілік-аумақтық бірлік», әрі «мемлекет билеушісі» деген мағынада жұмсалып тұр.

Сондай-ақ бұл дәуірдегі атақ-лауазымдардың дені араб-парсы сөздерінен тұратындығына көзіміз жетті. Бұл – жалпы осы дәуірдегі ел басқару және билік жүйесіне тән тілдік ерекшелік. Сонымен қатар таза түркілік атаулар да жарыса қолданылған және олардың жасалуы барысында жүйелілік бар.

Қазақ хандығы тұсындағы атақ-лауазымдардың тілдік сипаты, ең алдымен тұңғыш ұлттық сипаттағы қазақ мемлекеттік құрылымы өзіне дейінгі өмір сүрген көне мемлекеттер, мысалы, түркілер қағанатынан, қараханидтер, қыпшақтар мемлекеттерінен, сондай-ақ, моңғолдардың әскери-әкімшілік жүйесінен, сарай мекемелерінен мирас болып қалған басқарудың дәстүрлі үлгілерімен сипатталады.

Қазақ хандығының қалыптасуы жайлы тарихшылар сан алуан пікірде болғанымен, біз үшін маңыздысы – сол мемлекетті сипаттайтын лексика. Алайда ұлттық мемлекетіміздің құрылуына себепші болған алғышарттар мен оған кірген ру-тайпалардың тілі туралы сөз қылмайынша, жалпы сол кездегі ел басқару және билік жүйесіне қатысты атауларды толық тану мүмкін емес.

Академик Р.Сыздықтың пікірінше, осы кездегі қоғамдық құрылымды көрсететін сөздерге *жұрт, халық, хан, қарашы, қызметші, ер, батыр, би, ұлы, кеңес, орда* секілді әлеуметтік статусы білдіретін атаулар жатады [4, 17 б.].

Сонымен қатар, ғалымның айтуынша, әлеуметтік категорияларды көрсететін *кедей, бай, патша, хан, би, төре, ақсүйек, бек, қожса, шора, азамат, батыр, ханзада, қарашы*-секілді атаулар жиі қолданыс тауып қана қоймай, өзінің тура мағынасында жұмсалып, сол кездегі әдеби тіл үшін актив жұмсалатын, нормаға түскен атаулар болып есептелген.

Қазақ мемлекетіндегі хан сайлау процедурасы көшпенділер қоғамы үшін тек ұлы саяси оқиға ғана емес, сонымен қатар, үлкен этномәдени қоғамдық құбылыс болып саналған. Бұл жағдайда ел басқару және билік жүйесіне қатысты лексика этнографиялық түсініктермен астасып жатады. Мысалы, хан сайлау үшін қазақ дәстүрімен бүкіл елге сауын айтылатын болған.

Мұны тек таза этнографиялық атау деп қарамасақ керек. Өйткені ол сайлау жүйесіндегі басты атрибуттардың бірі болып есептелген. Ханның таққа отыруы кезіндегі «*хан сарқыты*» немесе ханның тақтан кетуін бейнелейтін «*хан талау*» тәрізді салттардың атауы ретінде де осыны айтуға болар еді. Бұлардың әрқайсысының астарында құқықтық аспект жатыр. Осы тұрпатты жөн-жоралғылардың моральдік негізі қазіргі Конституциямызда нақты мән-мағынаға ие болып, заңды түрде көрініс тапқан.

Қазақ хандығында далалық демократияға негізделген сондай билік институтының бірі *билер кеңесі* деп аталған. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздерінің тым әріде жатқанын көрсетеді. Көрнекті түркітанушы Лев Гумилев «*Республикалық құрылыс*» деп атаған хандық құрылыс кезінде, яғни, Қазақ мемлекетінде абсолюттік монархия ешқашан да болған емес. Өйткені, хан биліктің ең жоғарғы тұтқасы болып заң жүзінде есептелгенмен, іс жүзінде билер кеңесі оның шешімдеріне тыйым сала алатын.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, *билер кеңесі* деген күрделі атаудың құрамына қарап, сол кездегі қазақ әдеби тілінің атажасам қабілетінің ерте байқалғанын анықтауға негіз бар.

Билер кеңесі бұған дейінгі *хан кеңесі* деген атаулық тіркестің үлгісінде дүниеге келген деп жорамал жасауға болатын тәрізді. Күрделі атаужасауға негіз болып тұрған модель сөз – *кеңес* орта түркі кезеңінен бері мемлекеттік ел басқару атауы ретінде қолданылып, *кәнеш* тұлғасында билеушінің канцеляриясы деген мағына берген. Қазақ хандығы тұсында үлкен ел жиындарын «кеңес» деп атаған. Айталық, «*Күлтөбенің басында күнде кеңес*» деген аталы сөз содан қалған.

Қазақ тіліндегі атақ-лауазымдар аталы сөз – мақал-мәтелдердің танымдық мәні зор тұғыр-негіздерінің бірегейлеріне жататындығы сөзсіз. Дегенмен де тілді ұлт танымымен тығыз байланыста қараған зерттеулерде «сол ұғымға не уәж болып тұр?» деген өзекті мәселе номинация теориясына сүйенуді қажет етеді. Отандық тіл білімінде бұл теорияны пайдаланудың тиімді үлгілері баршылық. Мәселен, К.Хұсайынның, Ж.Манкееваның, Б.Қалиевтің, Р.Шойбековтің және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Уәжділік номинация теориясымен, өзімізді қоршаған ортаны танып-білу барысындағы танымдық талдаумен тығыз байланысты. Тіл білімінде бұл байланыс сөздің ішкі формасы немесе тілдік таңбаның уәжділігі ретінде қарастырылады.

Мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы туралы үлкен екі түрлі объективті факторға байланысты екенін академик Ә.Қайдар өз зерттеуінде атап көрсетеді [6, 12 б.]. Оның біреуі және негізгісі – ішкі фактор да, екіншісі – сыртқы фактор. Лексиканың бұл құрамының әрбір тарихи кезеңде, әртүрлі деңгейде өзіндік қоғам түзеп, салтанат құрып келген қазақ этносының барша болмысын, әлеуметтік бейнесін, қоғамдық басқару жүйесі мен салт-дәстүрін танып-білуде мәні зор. Өйткені, бұл атаулар қоғамдаса-қауымдаса өмір сүрген этнос өмірінде ғана пайда болып, олар сол қоғамның барлық саласын – қарапайым жұрттың өзара қарым-қатынасынан бастап, сонау мемлекеттік биік тұғырға дейін, ел басқару жүйесінің сатылы деңгейлерінен көрінетін топтардың атақ-лауазымын, дәреже-мәнсабын, кәсіп-мамандығын – түгел қамтитын өте бай, мазмұны мен құрамдық жағынан өте күрделі сала болып табылады.

### *Әдебиет*

1. Ғұн тарихының жылнамасы. – Түркістан, 2004. – 330 б.
2. Аманжолов Қ., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. Алматы: Білім, 1996. – 350 б.
3. Валиханов Ч. Собрание сочинений в V томах. Т. II. – Алматы: Наука, 1985. – 433 с.
4. Сыздықова Р. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 256 б.
5. Абусейітова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк-пресс, 1998. – 268 с.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.

*Баймурзина А.А.*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
1-курс докторанты*

### **Тілдік сәйкестіліктің субъектісі – жастардың әлеуметтік мінездемесі**

**Аңдатпа.** Мақалада тілдік сәйкестіліктің бір субъектісі ретіндегі жастардың әлеуметтік мінездемесі беріледі. Жұмыс басында «сәйкестілік», «тілдік сәйкестілік» терминдеріне түсіндірме келтірілсе, негізгі бөлімде мақала мақсаты ретінде жастардың әлеуметтік мінездемесі толықтай ашылса, қорытындыда мақала мақсатының маңыздылығы айтылады. Жастардың әлеуметтік ерекшеліктерінің негізгі көрсеткіштері жастардың тілдік тұлға ретіндегі белсенділігін, олардың тілдік саясаттың жүзеге асырылуына үлес қосу мүмкіндіктерін және тілдік сәйкестілік мәселелерін анықтауда маңызды аспект болып табылатындығы айтылып, оған дәлел ретіндегі мысалдар әлеуметтік ерекшеліктерді анықтайтын негізгі статистикалық көрсеткіштер түрінде ҚР Ұлттық экономикасы министрлігі Статистика комитетінің статистикалық жинағынан келтіріледі.

**Тірек сөздер:** тілдік сәйкестілік, жастар, әлеуметтік мінездеме, әлеуметтік ерекшеліктер көрсеткіштері

**Аннотация:** В статье рассматривается социальная характеристика молодежи, как одного из субъектов языковой идентичности. В начале работы приводятся пояснения терминов «идентичность», «языковая идентичность», в основной части как цель работы полностью раскрывается социальная характеристика молодежи, а в заключении

сообщается о важности цели данной статьи. Также, в статье описываются основные показатели социальных особенностей молодежи, как важный аспект при выявлении деятельности молодежи как языковой личности, возможностей их содействия в реализации языковой политики и проблем языковой идентичности. Примеры в виде основных статистических показателей, выявляющие социальные особенности, приводятся из статистического сборника Комитета статистики Министерства национальной экономики РК.

**Ключевые слова:** языковая идентичность, молодежь, социальная характеристика, показатели социальных особенностей

**Abstract.** In this article the social characteristic of youth as one of subjects of language identity is considered. At the beginning of work explanations of the terms “identity”, “language identity” are provided, in the main part as the work purpose completely reveals the social characteristic of youth, and in the conclusion is reported about importance of the purpose of this article. Also, in the article the main indicators of social features of youth are described as an important aspect at identification of activity of youth as language personality, opportunities of their assistance in realization of language policy and problems of language identity. The examples in the form of the main statistics revealing social features are given from the statistical collection of Committee of Statistics of the Ministry of National Economy of RK.

**Keywords:** language identity, youth, social characteristics, social peculiarities indicators

Тілдік сәйкестілік басқа да кез келген сәйкестілік сияқты адамға туа бітті я телулі қасиет емес, адамның интериорлану қасиеті, ол тілдік және әлеуметтік-мәдени дағдыдан көрініс тауып, тандалуы мүмкін немесе әлеуметтік, саяси және идеологиялық контекстке қарай өзгеріске түсуі мүмкін.

Тіл «мен – өзіміз, мен – сіздер сияқтымын!» деген сигнал бере отырып, адамның қоғамда әлеуметтенуіне, мәдени және әлеуметтік нормаларды меңгеруіне, этникалық, жас ерекшелігі тұрғысындағы, гендерлік, әлеуметтік-рөлдік және басқа топтар шектігіндегі қатынастар сипатын түзіп, оны нығайтуына ішкі және сыртқы эмоционалды-бағалауыштық қызметін қатар жүзеге асыра отырып көмектеседі. Нақ сондықтан да тіл қоғамда адамның сәйкестенуіндегі аса маңызды құрал болып табылады, ал тілдік сәйкестілік тұлғаның және топтың тілдік сипаттарының жиынтығы ретінде анықталады (тілді/тілдерді білуі немесе тілдік құзырет, тілдерді қолдану немесе тілдік қондырмалар) [1, 15 б.].

Этникалық текке, өз халқының тарихына байланысты қызығушылықтың артуымен бірге сәйкестілік мәселесі – адам өзін кіммен теңдестіретіні туралы мәселе өзекті бола бастайды. Сәйкестілік (этникалық, тілдік және басқа) адамның өзін сол я басқа этносқа (тілге) қатыстылығын түйсінуін алға тартады. Тілдік сәйкестілік тұлғаның (индивидтің) тілді (тілдерді) білуін, қолдануын, оның тілге қарым-қатынасын сипаттайды.

Сәйкестілік тұлғаның әлеуметтік дағдысынан білінеді, сәйкестілікті таңдау тиімді болып табылады және сәйкестілік интериорланатын қасиеттер мен жетістіктерді танытады. Сәйкестіліктің кез келген түрінің (этникалық, азаматтық, әлеуметтік, жыныстық және басқа) аса маңызды белгісі – тіл болып табылады.

Осыған сәйкес, сәйкестілік этносты қалыптастырушы негізгі компоненттердің бірі, тұлғаның әлеуметтену құралы бірі ретінде тіл арқылы зерттеледі деп тұжырымдауға болады. Оның үстіне тіл әлеуметтік мәнді ақпаратты сақтауға, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қабілетті, сол арқылы кеңістіктік және мезгілдік шектіктерді ажыратуға, демек мәдениеттер диалогын жүзеге асыруға қабілетті [2, 124–125 б.].

Мақаламыздың мақсаты – тілдік сәйкестіліктің субъектісі – жастарға әлеуметтік мінездemesін беру. Жастар еліміздің әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық өмірінің барлық салаларына қатыстылығы жағынан алғанда, болашағы зор қоғамның маңызды бөлшегі. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жастарымыз еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Еліміздің бүгінгі жастары жаңа жағдайда заманауи мемлекеттің жасап жатқан сындарлы саясатының арқасында алысқа қол сермеп, жаһандық деңгейдегі ұстанымды игеруде.

Осы орайда, жастардың бірлігі мен ұйымшылдығының негізгі құралы тіл екенін айтып өткен жөн. Елбасымыз: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп айтты. Ал біздің болашағымыз – жастар. Сондықтан мемлекеттік тілдің жастарға серік болғаны дұрыс.

Елбасы барша Қазақстанды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді атап көрсетіп, «Қазақ тілі – үш тілдің біреуі болып қалмайды, үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді; қазақ тілі мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» болса, орыс тілі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет етеді, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді» деп үштұғырлы тіл саясатының мәнін ашып берген болатын. Бұл жерде мына мәселені де ескеруіміз қажет. Дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстан өзінің лайықты орнын алу жолында басқа мемлекеттермен экономикалық және мәдени тығыз қарым-қатынасқа түсу барысында соған сәйкестелген тілдік саясат жүргізгені дұрыс және Қазақстан жастары сол тілдік саясаттың негізгі бағыттарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тілдің дамуы, кең қолданыс табуы сол тілде сөйлеуші адамдарға, қоғамға тәуелді болатын болса, тілдік саясаттың да жүзеге асырылуы сол тілде сөйлеушілердің әлеуметтік ерекшеліктеріне қатысты деуге болады. Жастардың тілдік сәйкестілігі мәселесіне тоқталу үшін, ең алдымен, олардың әлеуметтік ерекшеліктерін анықтайтын негізгі статистикалық көрсеткіштерді келтіретін болсақ.

Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. БҰҰ Мыңжылдық даму бағдарламасындағы негізгі шешуші мәселе ретінде – жастар, олардың қалыпты өмір сүруі, денсаулығы, тиімді еңбек етуі секілді мәселелер қозғалуы бекер емес. Қазақстанда жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойынша жастар – 14–29 жас аралығын қамтиды. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы концепциясы» 1999 жылы 28 тамызда қабылданған, оның мағынасын кең түрде ашатын, тұжырымдамалық-әдістік негізге сүйенетін 2015 жылы 9 ақпандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР заңы бар. Осы концепция және заңнамаларға сәйкес критерийлер бойынша жастардың әлеуметтік ерекшеліктерін сипаттауға болады. Жастар–жасына қарай сипаттамалары жиынтығының, әлеуметтік жағдайлар ерекшеліктерінің негізінде бөлінетін және қоғамдық құрылыспен, мәдениетпен, әлеуметтендіру заңдылықтарымен, осы қоғамды тәрбиелеумен айқындатылатын, сол немесе басқа да әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен ескерілген әлеуметтік-демографиялық топ; қазіргі заманғы жастардың жасына қарай 14-тен 25 жасқа дейінгілерді қоса алғанда Қазақстанда 14–29 жастағы жастар үлесі 2009 жылғы 1 қаңтарда халықтың құрылымында 29,2% құрады, бұл 4 358 925 адамды құрайды, оның ішінде экономикалық жағынан белсенді халық 2 406 775 адам болып табылады [2].

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2014 жылғы статистикалық жинағының деректеріне сүйенетін болсақ, 2012 жылы жастар саны 4 436 048 адам болып, жалпы халықтың 26,6%-ын құраса, 2013 жылы 4 376 100 адамға жетіп, жалпы халық санының 25,9%-ын құрап, көрсеткіш көтерілсе, ал 2014 жылы 4 293 353 адам болып, көрсеткіш төмендеген және жалпы халық санының 25,0%-ына теңесті. Соның ішінде, 2012–2014 жж. аралығында ерлер саны 2 223 535 – 2 169 052 – 2 156 754 болып өзгерсе, әйелдер саны 2 212 513 – 2 180 048 – 2 136 599 болып өзгеріске ұшыраған. Қала жастары мен ауыл жастарының санына келер болсақ, 2012 жылы қала жастарының саны 2 452 422 адам болса, бұл көрсеткіш 2014 жылы 2 358 722-ге өзгерген, ал ауыл жастарының саны 2012 жылы 1 983 626 болса, 2014 жылы 1 934 631-ге түскен. Осыдан шығар қорытынды, жастар қалаға ұмтылуда. Ауыл жастарының негізгі санын мектеп оқушылары толықтырып тұр, ал олар қалаға оқуға келгенде, қала жастарының санын толықтырса, жоғары немесе орта кәсіптік білім алып кейбірі ауылға қайтып, керісінше, ауыл жастарының қатарына қосылады.

Жекелеген жас топтары бойынша жастар құрылымына сипаттама беруде келесі топтар белгіленген: 14–18 жас аралығы, 18–23 жас аралығы және 24–29 жас аралығы. 2012–2014жж. аралығында 14-18 жас аралығындағы топтың сандық көрсеткіші – 29,1 – 28,1 – 27,2% болса, 18–23 жас аралығындағы жастар саны – 36,1 – 35,4 – 34,9

%-ға өзгеріп отырса, 24–29 жас аралығындағы топтың сандық көрсеткіші – 34,8 – 36,5 – 37,9 %-ға жеткен, бұл өзгерістер еліміздің жалпы демографиялық жағдайының оң бағытта дамып келе жатқанын байқатады.

Еңбекке қабілетті жастағы халық санындағы 14–29 жас аралығындағы жастардың үлесі 2012 жылы 41,8 %, 2013 жылы 41,1 % болса, 2014 жылы 40,1 % болып отыр, яғни жастардың еңбек белсенділігінде бәсеңдеушілік байқалады. Елдегі демографиялық ахуалдың бірден-бір басты көрсеткіші неке-отбасылық қатынастар болып табылады. Жастар арасындағы некелер көрсеткішіне келер болсақ, 2012–2014жж. аралығында күйеулер саны 109 709-дан 114 262-ке көтерілсе, қалыңдықтар саны 129 505-тен 134 112-ге дейін өсіпті. Ал, жастар арасындағы ажырасуларға тоқталар болсақ, ерлер саны 10 764-тен 12 123-ке жетсе, әйелдер саны 16 327-ден 18 677-ге дейін жеткен. Осыдан шығар қорытынды, жастар арасында некелесу де, ажырасу да кең таралып келе жатыр.

Жас топтарына қарай өлім көрсеткіштеріне келетін болсақ, қолайсыз демографиялық ахуал мен өлім-жітімнің жалпы коэффициентінің өсуіне байланысты айқындалған үрдістер жастар арасында да даму үстінде. Жас азаматтар өлімінің негізгі себептері ішінде жұқпалы және паразиттік сырқаттар, қан айналымы жүйесі аурулары аталып отыр. Жастар арасындағы өлім-жітімнің өсуіне әлеуметтік сипаттағы жағдайлар (бақытсыз жағдайлар, кісі өлтіру мен суицид, улану, жарақаттар мен туа бітті дерттер) көрсеткіші де қомақты. 2011–2013жж. аралығында 14–18 жас аралығындағы жастар өлімінің көрсеткіші 917 – 818 – 741 болса, 19–23 жас аралығында 2 170 – 1 855 – 1 733 болыпты, ал 24–29 жас аралығындағы жастар өлімінің көрсеткіші 2 810 – 2 833 – 2 643. 1 000 адамға шаққандағы жастар өлімінің көрсеткіші 2011–2013 жж. аралығында 14–18 жас аралығында 1,32 – 1,25 – 1,18 болып өзгерсе, 19–23 жас аралығында 0,69 – 0,65 – 0,62 болып құбылған, ал 24–29 жас аралығындағы жастар өлімінің көрсеткіші 1,86 – 1,81 – 1,64 аралығында болды.

Жас топтары бойынша сыртқы көші-қон көрсеткіштеріне келер болсақ, 2011–2013жж. аралығында иммигрант атанған ерлер саны 6 594 – 4 955 – 4 117 болып өзгерсе, әйелдер арасында бұл көрсеткіш келесідей – 7 053 – 5 244 – 4 411. Ал, эмигрант ерлер саны 4 554–3 986–3 029 болып құбылса, әйелдер саны 5 220 – 4 400 – 3353 болып өзгерді. Оның ішінде, ТМД елдері бойынша 2011–2013жж. аралығында иммигрант атанған ерлер саны 5 409 – 4 274 – 3 482 болып өзгерсе, әйелдер арасында бұл көрсеткіш келесідей – 6 052 – 4 657 – 3 927. Ал, эмигрант ерлер саны 4 383 – 3 830 – 2 849 аралығында құбылса, әйелдер саны 4 941 – 4 153 – 3 061 болып өзгерді. Басқа елдер бойынша 2011–2013жж. аралығында иммигрант атанған ерлер саны 1 185 – 681 – 635 болып өзгерсе, әйелдер арасында бұл көрсеткіш келесідей – 1 001 – 587 – 484. Ал, эмигрант ерлер саны 171 – 156 – 180 аралығында құбылса, әйелдер саны 279 – 247 – 292 болып өзгерді. Жастар үшін іс жүзіндегі әрі ықтимал көші-қой мәселесі өзекті болып қалып отыр. Бұл процестің республика үшін айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық салдары болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы 15–29 жастағы халықтың экономикалық сипаттамасына келер болсақ, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 2011–2013жж. аралығында 2 365,4 – 2 429,6 – 2 392,3 аралығында өзгеріп тұрды. Ал, халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігінің деңгейі, пайызбен 60,4 – 61,4 – 60,4 аралығында болды. Жалдамалы қызметкерлер, мың адам соның ішінде: 1 400,2 – 1 480,2 – 1 537,4 жастардың үлесі. Еңбек рыногындағы қатаң бәсекелестік жағдайында жастарды жұмыссыздық проблемасы ұдайы алаңдатууда. Бұл туралы статистиканың ресми мәліметтері көрнекі түрде айғақтауда: жұмыссыздық деңгейі, пайызбен 6,1 – 5,4 – 5,5 болып құбылды. Статистика мәліметтерін талдау жастардың өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен нарық экономикасы талаптарына анағұрлым бейімделгенін көрсетеді. Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру жағдайында жұмысқа сәтті орналасудың айқындаушы факторларының біріне айналған қызмет сипатының өзгеруіне жастардың бейімделуге қабілеттілігі аға буынмен салыстырғанда оларға көп басымдық беріп отыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіштері жөнінен Қызылорда алда болып отыр (4 187 адам немесе облыс бойынша тіркелген жұмыссыздардың 42,3 %), Атырау (4 387 адам немесе 33,1 %), Маңғыстау (6 681 адам немесе 36,8 %), Жамбыл (3 154 адам немесе 32,5 %), Шығыс Қазақстан (11 130 адам немесе 31,1 %),

Оңтүстік Қазақстан (5 606 адам немесе 29,9%), Қарағанды (5 726 адам немесе 29,6%). Жұмыссыз жастарды әлеуметтік қолдаудың тағы бір белсенді нысаны кәсіби дайындық, қайта даярлау мен жұмыссыз жастардың біліктілігін арттыру болып табылады.

Осы орайда, тағы бір маңызды сипаттамалық көрсеткіш – жастардың білімі. 2013–2014 жж. оқу жылының басына техникалық және кәсіптік білім оқушыларының жас құрамын қарастыратын болсақ, 14 жастағылар саны – 1 269, 15 жастағылар саны – 31 292, 16 жастағылар саны – 86 123, 17 жастағылар саны – 108 307, 18 жастағылар саны – 119 403, 19 жастағылар саны – 77 940, 20 жастағылар саны – 35 891, 21 жастағылар саны – 15 665, 22 жастағылар саны – 11 005, 23 жастағылар саны – 8 980, 24 жастағылар саны – 8 014, 25–29 жас аралығындағылар саны – 21 177. Сол 2013–2014 оқу жылының басына жоғары оқу орындары студенттерінің жас құрамына сараптама жүргізсек, 16 жас және одан кіші – 698, 17 жастағылар саны – 27 761, 18 жастағылар саны – 70 278, 19 жастағылар саны – 90 240, 20 жастағылар саны – 9 551, 21 жастағылар саны – 81 490, 22 жастағылар саны – 46 357, 23 жастағылар саны – 29 775, 24 жастағылар саны – 22 318, 25–29 жас аралығындағылар саны – 29 855. 2013 жылға жасы бойынша магистранттар санына келер болсақ, 20 жас және одан кішілер саны – 47, 21 жастағылар саны – 1 483, 22 жастағылар саны – 5 108, 23 жастағылар саны – 6 113, 24 жастағылар саны – 3 926, 25 жастағылар саны – 2 976, 26 жастағылар саны – 2 219, 27 жастағылар саны, 1 737, 28–29 жастағылар саны – 1 347 (Жоғары білім беру ұйымдарының санына университеттер, академиялар, институттар, оларға теңестірілген мекемелер (консерваториялар, жоғары училищелер, жоғары мектептер), сондай-ақ оларға жағатын филиалдар, факультеттер, кафедра бөлімшелері және т.б. қосылған) (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2014 жылғы статистикалық жинағынан).

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген жастардың әлеуметтік ерекшеліктерінің негізгі көрсеткіштері жастардың тілдік тұлға ретіндегі белсенділігін, олардың тілдік саясаттың жүзеге асырылуына үлес қосу мүмкіндіктерін және тілдік сәйкестілік мәселелерін анықтауда маңызды болып табылады. Себебі, қоғам тілсіз, тіл қоғамсыз өмір сүре алмайды, яғни қоғамдағы өзгерістер тілге әсер етсе, тілдегі құбылыстар қоғам дамуына әсер етіп отырады. Сондықтан, әлеуметтік лингвистиканың зерттеу мәселелерінің бірі болып табылатын жастардың тілдік сәйкестігін қарастыруда жастардың әлеуметтік ахуалын айналып өтуге болмайды деп есептейміз.

### Әдебиет

1. Сулейменова Э.Д. Архетип «гадкого утенка» и языковая идентичность // Языковая идентичность: Материалы Международной конференции. – Алматы, 2006. – С. 15-25.

2. Сабитова З.К. Языковая идентичность и языковое сознание в межкультурной коммуникации // Языковая идентичность: Материалы Международной конференции. – Алматы, 2006. – С. 124-132.

3. <http://malimetter.kz/zhastar/>

4. ҚР Ұлттық экономикасы министрлігі Статистика комитетінің статистикалық жинағы, 2014.

**Бисегалиева Н.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
2-курс магистранты*

### Қазақ балалар әдебиеті жайындағы зерттеулер

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы исследования казахской детской литературы. Анализируются литературоведческие работы известных казахских ученых середины XX века, послужившие первоисточниками изучения поэтики казахской детской литературы того периода.

**Abstract.** The article devotes problems of Kazakh children literatures. There are famous literature scientists work for middle of XX century, which had been first in research of poetic of Kazakh children literature for this period have been analyzed.

Балалар әдебиетінің жіктелуі, салаланып дамуы, сараланып сөз бола бастауы ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. 1927 жылы “Өтірік” деген жинаққа жазған алғысөзінде І.Жансүгіров “Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады”- деп өтірік өлеңге бірінші рет анықтама береді. 1931 жылы жазған “Мен қалай жаздым?” мақаласында “Бізде балалар әдебиеті жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді” – деген. М.Әуезов “Әр жылдар ойлары”, “Ертегілер” деген еңбектерінде “Балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалардан туады” деп көрсетеді. С.Ерубаев “Балалар әдебиетін жасайық” деген мақаласында [1, 4 б.] мектепте оқитын жүз мыңдаған оқушылардың балалар әдебиетіне шөліккеп отырғандығын айтады. Б.Бұлқышевтің Қазақстан Жазушыларының ІІ съезі қарсаңында жазылған “Балаларға жақсы кітаптар керек” мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығы айтылады.

Саттар Ерубаев балалар әдебиеті жайлы былай дейді: «... нақтылы міндеттемелер алыңыздар, балалар көркем әдебиетін жасауда өздеріңізді жауапты деп санаңыздар. Болайын деп отырған жазушылар съезінде мәселе көтеріңіздер. Өздерінің тілегендерінен қызғылықты, түсінікті кітап, әңгіме, өлеңдер жазып беріңдер, балалар өміріне жақын келіңдер. Балалар өмірінің өзгешелігімен танысыңыздар, балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер» [1, 25 б.]. Ендеше, қандай тақырыпта жазылмасын, балалар шығармаларының басты кейіпкері баланың өзі болуға тиіс. Балалар әдебиетінің осынау басты ерекшелігін Саттар ақын-жазушыларға «... балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер» деу арқылы аңғартып өтеді. Сөйтіп, С.Ерубаевтың сөзінен балалар әдебиетін ересектер әдебиетінен дараландырып тұратын сипаттарға сол тұстағы қазақ қаламгерлерінің назарын аудармақ болған мақсатын байқағандаймыз.

Саттар хат иелері – кішкентай оқырмандар жөнінде былай дейді: «Бұл оқушылар – кітапқа, қызғылықты өмірге, күреске құмар оқушылар. Бұлардың бәрі де «қызғылықты кітап жоқ, ал болса аз» дейді» [1, 273 б.]. Бұл санамаланған қасиеттердің бала психологиясына тән екендігін және қызықты кітапқа деген зәруліктің қазақ балалар әдебиетінде әлі күнге орын алып отырғандығын ескерсек, Саттар ой-пікірі, ескертуінің сол кезең үшін ғана елеулі болып қоймай, қазір де үлкен мәнге ие екендігін айрықша атап айтамыз.

Баубек те “Балаларға жақсы кітаптар керек” мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығын айтады. Мақаладан Баубектің бала психологиясын жетік білетіндігі байқалады. Олардың әр нәрсеге әуестенгіш, әсерленгіш, жылт еткен құбылысқа ынтық көңілдерін тап басып көрсетеді. Балалар үшін үлкен тәрбие құралы – көркем әдебиет екендігін жұртшылық есіне салады. «Жазушылардың ішінде балалар әдебиетіне ептеп көңіл аударған Қалмақан еді. Ол да ең соңғы рет балаларға өмір бойы азық қылындар деп “Тәтті қауынын” тарту етті де, соңғы уақытта балалардан ол да қол үзіп кетті. Мүмкін, Қалмақан балаларға «Тәтті қауын» есейіп, ер жеткенше көрек етуге жетеді деп жүрген болар. Бірақ балалар бірнеше «Тәтті қауын» сияқты тәтті әдебиет жемістерін күтіп отыр. Қалмақанның мұнысына да рахмет. Басқа ақын-жазушылар «Тәтті қауын» түгіл балалардың әдебиет қорына бір уыс бүлдірген де қосқан жоқ» - деп [2, 378б.] жазады Б.Бұлқышев.

Қазақ балалар әдебиетінің сараланып сөз бола бастауы ХХ ғасырдың 30-жылдарында басталса, Баубектің балалар әдебиеті мәселелеріне арнаған мақалалары сол тұстағы зерттеулер сапында балалар әдебиетінің даму ерекшелігінен қалың жұртшылықты хабардар етті. Сонымен Баубек ізденісі өткеннен бастау алған және өзге ел мәдениеті мен әдебиеті дәстүрінен үлгі алған сапада ғана емес, жаңашылдыққа бой алдырған сапада да жемісті болды.

Балалар әдебиеті жайында жазылған сын-мақалалар, әсіресе, Отан соғысы жылдарынан кейін кең қанат жайды. М.Ғабдуллин өзінің оқу құралында халық ауыз әдебиетінің кейбір жанрларында балалар фольклорына жататын мұралар барын атап өткен. Қазақ балалар әдебиетінің әр түрлі жанрлары жайында С.Қирабаевтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Нұрқатовтың, С.Сейітовтің, Ә.Дербісәлиніннің, С.Ордалиевтің, Б.Сахариевтің, Н.Ғабдуллиннің мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды. Атал-

мыш салада ойлы пікір айтқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарын кейінірек Б.Ысқақов, Қ.Мырзаәлі, Ә.Табылдиев, З.Серікқалиев, Е.Елубаев, С.Қалиев, Қ.Ергөбек, Б.Сарбалаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежанова және т.б. құрады. 60-70 жылдар аралығында Ш.Ахметовтің қазақ кенес балалар әдебиетін зерттеген еңбектері жарық көрді.

С.Қирабаевтың «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (Әдебиет және искусство. 1954. №2.), Ә.Тәжібаевтың «Жас ұрпаққа жақсы әдебиет әдебиет жасайық» (Жұлдыз, 1961. №6), А.Нұрқатовтың «Балаларға арналған шығармалар туралы» (Халық мұғалімі, 1954. №2), С.Сейітовтің «Лияс Жансүгіровтің балаларға арналған шығармалары» (Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958. №1), Ә.Дербісәлиннің «Қазақ балалар әдебиеті жайында бірер сөз» (Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959. №2), С.Ордалиевтің «Балалар драматургиясының кейбір мәселелері» (Халық мұғалімі, 1954. №11), Б.Сахариеттің «Балалар әдебиетінің тәрбиелік мәні» (Халық мұғалімі, 1950. №7), Н.Ғабдуллиннің «Орынсыз сөз ойландырар болар» (Қазақ әдебиеті, 1960 ж.) деп аталатын мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды.

Ақын Қ.Мырзаәлінің «Сөз сиқыры» сын кітабы, К.Матыжанның қазақ балалар фольклоры, Б.Ыбырайымның қазақ балалар әдебиеті жайында жазған еңбегі, К.Ергөбек құрастырған және жазған «Мейірім шуағы», «Сөзстан», «Қазақ совет балалар әдебиеті», «Арыстар мен ағыстар» (1-том) кітаптарын айтуға болады. Бұл саладағы айтулы еңбектер санының саусақпен санарлықтай аз болуы қазақ балалар әдебиетінің зер сала зерттейтін мәселелері әлі де болса жетерлік екендігін байқатады.

Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парактамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады.

Балалар әдебиетіне араласатын автор әр алуан жастағы оқушылардың барлық өзгешеліктерін ескеруге тиіс. Бұлай етпеген күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де керексіз, иесі жоқ кітап болып шығады. Балалар әдебиеті ғылыммен, тәрбиемен тығыз байланысты болуы керек. Әр қилы тақырыптарға жаза білу үшін жазушы алдымен білімді, талантты, тіл көркемдігін игерген шебер болуға тиіс.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арнап жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы, С.Бақбергеновтің «Талғат» повесі мен М. Хакімжанованың «Мәншүк» атты поэмасы толығынан балалардың оқуына икемделіп кеткен шығармалар деп атаймыз. Кенес Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғаттың, Кеңес Одағының Батырлары Қайырғалидың, Мәншүктің, Әлияның ерлік образдары, әсіресе, жас өспірімдердің жүрегінен берік орын алған, ең сүйікті кейіпкерлері екені баршаға аян. Сонымен қатар Отанға деген қаһармандықтың, табандылықтың, анаға, табиғатқа деген сүйіспеншіліктің ең жоғарғы үлгілерін көрсететін осы сияқты көптеген таңдаулы шығармалар еліміздегі әрбір балаға мәлім. «Біздің ата - бабаларымыздың білген тар дүниесі қазір жетіжылдық бітірген баланың қалтасын да толтыра алмайды», - деп Ғ.Мүсіреповтің өзі айтқандай, қазіргі кезде баландығы байқалған бұрынғы кездегі ұсақ-түйек уағыздарға балалар қанағат тұтпайды.

Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» кітабында балалар әдебиетінің алты ерекшелігін атайды. Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе крнектілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді; Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірен әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы керек; Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу өзгешеліктері мен әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғадан оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әр жақты болуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды; Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер зейнеттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түсеі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрби-



есімен тығыз байланысты болып отырады. Өйткені көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Эстетикалық тәрбие сондықтан да көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған көркем өнердің, көркем әдебиеттің аса құнды шығармаларын балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып рухани ләззат алуын дамытады; Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұн мен идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын танытуға себепкер болуға тиісті. Оларды белгілі мамандыққа үйретіп, еңбексүйгіштікке әуестендіре білуі керек; Алтыншыдан, «Сөз - әдебиеттің негізгі материалы. Біздің барлық әсерімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін – сол. Әдебиет – сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер» - деген М.Горький. Әсіресе, балалар әдебиетіне қойылатын талаптар да дәл осындай. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл, әрі көркем, әрі қысқа, әрі мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әсерлі болып отыруға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден бір құрал болып табылады [3, 3 б.].

Сонымен, балалар әдебиетінің сан қилы мәселелеріне байланысты туатын пікірталастардың барлығы да балаларға арналған туындылардың түбегейлі зерттелуімен тікелей қарым-қатынаста өрістейді. Зерттеу еңбектерінің де белгілі бір сала проблемалары бойынша бұрын айтылған тың пікір, ой-тұжырымдарға иек сүйейтіні тағы шындық.

### *Әдебиет*

1. Ерубаяев С. Мәңгілік өмір. А. Жазушы. 1994.
2. Бұлқышев Б. Заман біздікі. А. Жалын. 1994.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. А. 1965.

*Даутова С. Б.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

*Әдебиеттану және тіл білімі ФЗИ-дың директоры, ф.ғ.д.,*

### **Еліміздің білім беру жүйесін модернизациялаудағы мемлекеттік тілдің маңызы**

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының білім саясаты және оның білім жүйесі мен тәлім-тәрбиелік негіздерін дамыту, жетілдіру, оның басты бағыт-бағдарларын айқындай отырып, жаңа заманға лайықтап әрі халықаралық стандарт деңгейіне сәйкестендіріп, қазақстандық үлгісін қалыптастыру және оның іс жүзіндегі маңыздылығын арттыру – мемлекеттік стратегиялық бағдарламалардың орындалу жолдары қарастырылған. Сол себептен де, Президентінің осы бағыттардағы жаңашылдық (инновациялық) ой-тұжырымдары мен оның бастамашылығымен жасалған, дайындалып жатқан бағдарламалар қазақстандық қауымның әлемдік қауымдастыққа ену үдерісі кезінде аса маңызды фактор екендігі талданған.

**Кілт сөздер:** білім саясаты, тәлім-тәрбие, стратегия, ой-тұжырым, білім беру технологиясы.

**Аннотация.** В статье рассматривается система образования Республики Казахстан и его политика в области образования и воспитательной сферы развития, совершенствования. Ее главные направления - ориентиры, которые определяются в соответствии с реальными потребностями современного уровня международных стандартов и повышению значимости фактического формирования казахстанской модели государственных стратегических программ. Поэтому, инновационное мнение Президента и его выводы инициировали разработку казахстанских программ, необходимых для вхождения Казахстана в мировое сообщество.

**Ключевые слова:** политика образования, воспитание, стратегия, вывод, технология образования.

**Abstract.** In the article the educational system of the Republic of Kazakhstan and his politics in the field of education and the educational sphere of development, improvement are considered. Its main directions - reference points which are decided in compliance with real requirements of modern level of the international standards and to increase of the importance of the actual formation of the state strategic programs in the Kazakhstan model. Therefore, the innovative opinion of the President and his conclusions initiate development of the Kazakhstan programs necessary for Kazakhstan entering to world community.

**Keywords:** policy of education, education, strategy, conclusion, technology of education.

Білім беру технологиясының әлемдік бірізділікке ыңғайлануы – табиғи құбылыс. Оны білім беру жүйесінің дүниежүзілік жаһандасуы деп те жүрміз. Оған қазіргі әлемнің ғылымы мен техникасының және жалпыадамзаттық өркениеттің соңғы ғасырдың екінші жартысында таңғажайып қарқынмен дамып кетуі, түрлі мемлекеттердің арасында экономикалық қарым-қатынастың күшейуі және олардың бір-бірімен мәдени-рухани тығыз ықпалдасуға көшуі басты себеп болды. Қазір біз ондай бірізділік пен ықпалдасудың өз еліміздің мемлекеттік құрылымының барлық жүйесінде болып жатқанын пайымдап қана қоймай, мойындауға да мәжбүрміз.

Жаһандасу – түрлі ұлт білімпаздары мен саясаткерлері пікірлерінің сан алуандығына қарамастан, жалпыадамзат мойындаған қазіргі заманның өмір шындығы. Бірақ ол – әлем картасындағы әр ұлттың, әр ұлттық мемлекеттің халықаралық ынтымақтастыққа негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалай отырып, өзінің табиғи болмысында бар мәдени-рухани құндылықтарды жаһандасу үрдісі кезінде сақтап қалуын жоққа шығармайды.

Қазір дүниежүзі елдерінде демократиялық қатынасты дамыта отырып, оның қоғам өміріндегі қолданылу ауқымын кеңейту және құқықтық мемлекеттің рөлін күшейту үрдісі жүріп жатыр. Әр елдің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік құрылысында білім мен ғылымның маңызы артып, оның мемлекеттік құрылымдар қызметінде ерекше рөл атқаратындығы нақтыланды.

Қазақстан қоғамның нарықтық экономика заңына даярсыз келуі өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында түрлі қиындықтар туғызды. Жаңа заманның жаңа экономикалық саясатына сәйкестендіріп, ел экономикасы мен қоғамдық-әлеуметтік құрылысын жаңаша құрып жүргізу үшін, ел экономикасын алға бастайтын қазақстандық жаңа маман-кадрлардың керектігін Елбасы Н.Ә.Назарбаев сол кездің өзінде-ақ көре білді. Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары мен түрлі еңбектерінде, ел-жұрты алдында сөйлеген сөздерінде қоғамға жалпы орта білім беру мен кәсіби орта және жоғары білімді мамандар дайындау ісін жетілдіріп, мамандарды жаңғырған экономикалық саясатқа лайықтап даярлауды, қазақстандық жастарды білім беру жүйесі жақсы дамыған алдыңғы қатарлы өркениетті елдерде оқытуды айтып, еліміздің білім саясатын дұрыс жолға қоюға бағыт-бағдар берген еді.

Білім – мемлекеттік даму құрылымын қалыптастырудың құрамдас компоненті және ол Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы өзіндік орнын анықтау процесінде саяси-идеологиялық, қоғамдық-әлеуметтік әрі экономикалық маңызға ие. Қандай да болсын, барлық мәселесі мұқият ескеріліп дайындалған стратегиялық жобалар мен бағдарламалар ғылыми-теориялық білімсіз және оны жетік меңгеріп, игерген маман-кадрларсыз толықтай әрі ойдағыдай болып жүзеге асуы мүмкін емес. Ал білім мен ғылым тіл арқылы беріледі. Игерілген білім мен ғылым да тіл арқылы қайта жаңғырып, халыққа қызмет етеді. Осы тұрғыдан келгенде білімді қай тілде алсаң да, бәрібір сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес.

Ғылым, білім жетістіктері жекелеген ұлтқа қызмет етуі үшін, кез келген ғылым-білімнің бастапқы негізі ұлттық тілде, яғни білім алушының өз ана тілінде қалануы керек. Демек, ең әуелі, білім берудің ұлттық жүйесінің негізі болып саналатын қазақ мектептерін дамыту – басты мәселе. Ол үшін тәуелсіздік жылдарының алғашқы жылынан бастап Қазақстан қоғамының басым көпшілігінің жіті назарында болып келген әрі мемлекеттік маңызды мәселелердің біріне айналған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру мәселесін шешіп алу қажет болды. Әлбетте, Қазақстан тарихында орыс халқы мен оның тілінің рөлі айрықша. Бұны еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев та қаперде ұстап, орыс тілінің өзіндік мәнін сақтап қалуды үнемі ескертіп келді. *«Қазақтардың жаппай қос тілді болуы – оларға осы заманғы ақпарат тасқынына жол ашатын ғажайып құбылыс»* (Тоталитарлықтан – саяси тұрақты және демократиялық Қазақстанға [2], – деп бағалады. Сондықтан да ол, 1993 жылғы ҚР-ның Конституциясында қазақ тілінің 1989 жылдан бергі мемлекеттік мәртебесін сақтай отырып, орыс тілінің Қазақстан халқының ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі өзіндік қызметін қорғап қалды. Осы ретте баса көңіл бөліп айта кететін бір мәселе, еліміздің білім беру саясатына көп өзгерістердің енуіне себепші болған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болғандығы екені анық. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты дүр сілкініп оянған қазақ қоғамы 1990 жылдан бастап өз балаларын қазақ мектептеріне жаппай бере бастады.

Мектептердегі қазақ сыныптарының көбеюі ұлттық тілде сабақ беретін педагог мамандарға деген қоғам сұранысын арттырды. Сол жылдардан бастап еліміздегі орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытып-үйретуге арналған сағат саны ұлғайтылды. Бұрынғыдай, бұл пәнді кез келген пәннің мұғалімі емес, педагогикалық оқу орындарында сол жылдарда жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиетін орыс тілді сыныптар мен дәрісханаларда оқытып-үйрететін (Казахский язык и литература в школах с русским языком обучения) мамандық бойынша арнайы дайындақтан өткен маман оқытатын болды.

Жоғары оқу орындарының көптеген факультеттерінің құрамынан түрлі мамандықтар бойынша қазақ тілінде маман дайындайтын, бұрын болмай келген қазақ бөлімдері ашылды. Сөйтіп, көптеген мамандықтар бойынша қазақ жастары тұңғыш рет өз ана тілінде білім алуға қол жеткізді. Дегенмен, мемлекеттік тілде дәріс оқып, сабақ жүргізетін оқытушы-профессорлар мен қазақ тіліндегі оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың тым аздығы және оларға деген қоғам сұранысының барған сайын арта түсуі біраз қиын жағдайға қалдырғанын мойындау керек. Мұның өзі де еліміздің жалпы білім беру ісі мен кәсіби орта және жоғары білім беру жүйесін қайта құрып, жетілдіруді қажет еткен еді.

Күрт өзгерген заман мен нарықтық экономикалық қатынасқа орай, бәрі өзгеріп жатты. Тіпті жарты ғасырдан астам уақыт бойы қоғам санасына әбден сіңіп, қалыптасып қалды, енді өзгеруі мүмкін емес-ау деп жүрген қайсыбір сенімдер мен нанымдардың, берік ұстанымдардың өзі керексіз болып қалды немесе сыр-сипаты өзгеріп, жаңа мән-мазмұнға ие болып жатты. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатқан сан алуан экономикалық өзгерістер мен реформалар да білім беру жүйесіне ықпал етпей қойған жоқ. Жаңа экономикалық саясатпен қатар білім мен ғылым да түлеп, жаңа мазмұн мен өзгеше бағыт-бағдар ала бастады.

Жаңғырған экономикалық саясатқа сәйкес жаңа саяси қондырғының керектігін пайымдаған Елбасы нарықтық экономиканың талаптарына жауап бере алатын білім жүйесін құрып, оны одан әрі дамыту жолдарын қарастыру керек екенін үнемі айтып-ескертумен болды. Елбасының жаңашылық ой-тұжырымдары мен бағыт-бағдарлық бастамашылығының арқасында әрі тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы уақыт пен қоғамның сұранысын өтеу қажеттігінен, түрлі оқу орындары жаңадан

ашылып жатса, кей жағдайда бұрыннан келе жатқан кейбір оқу орындары біріне-бірі қосылып немесе қайта құрылып, мәртебесі өзгеріп, жаңа атауға ие болып жатты. Жалпы орта білім беретін мектептердің бірқатары гимназияларға, лицейлерге айналып, оқытудың жаңа бағдарламалары мен технологияларына көшіп жатса, Кеңестік жүйе кезіндегі кәсіби техникумдар мен училищелер де қайта құрылып, колледждік білім беру жүйесіне ауысты. Кәсіби жоғары білім беретін оқу орындары мен мекемелер де бұндай өзгерістерден шет қалған жоқ. Олардың да мәртебесі анықталып, бұрынғы көптеген институттар университет, академия болып өзгертілді. Ұлттық университеттер жүйесі құрылды.

Осы тұста Қазақстан білім жүйесінде бірталай реформалар жүзеге асырылды, білім берудің тұжырымдамалары мен мемлекеттік стандарттары, мемлекеттік білім бағдарламалары қайта қаралып, жалпы білім беру мен кәсіби орта және жоғары білім беру туралы алғашқы заңдар қабылданды. Тұңғыш рет еліміздің барлық деңгейіндегі оқу орындары бойынша ақы төлеп білім алу өмірге енгізілді. Осыған байланысты мемлекеттік оқу орындарында ақылы бөлімдер ашылуымен қатар мемлекеттік емес түрлі оқу орындары құрылып, халыққа қызмет ете бастады. Сөйтіп, еліміз бойынша білім беруде де бәсекелестіктің алғы шарты қалыптасты. Бұның бәрі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бақылап-басқаруымен жүзеге асырылып жатты.

Н.Ә.Назарбаев өзінің 1996 жылғы «Өркениеттер қауышуы» деген баяндамасында: *«Әлемдік деңгейдегі технологиялық алмасу еңбекті ұйымдастырудың дәстүрлік әдістерін іштен күйретті. Әңгіме тек таза технологиялық жаңалықтар жайында ғана емес, басқарудың жаңа үрдістері, жаңа технологиясы жайында болып отыр. Қазіргідей жылма-жыл бәсекелестік күшейіп жатқан жағдайда жас мемлекеттер осы заманғы элитаны, әсіресе менеджерлік элитаны белсене әзірлеуге баса көңіл бөлмей болмайды. Егер үйреншікті көзқараспен қарасақ, бұның бәрінен бас тартуға тура келеді. Алайда мен өз басым көптеген елдердің финанстық басқару, саяси элитасы өкілдерімен кездесе жүре келген қорытындым: тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мамандар дайындаудың кең қарымды бағдарламасын қолға алу керек. Қазірдің өзінде «Болашақ» атты президенттік бағдарлама ауқымында жүздеген жас қазақстандықтар АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Оңтүстік Корея және басқа елдердің ең таңдаулы университеттерінде білім алуда. Осы заманғы технологияны жетік меңгерген мамандар әзірлемек болсақ, қазірдің өзінде, әсіресе өндірістік менеджмент, финанс-банк салаларында көрген күніміз өте қиын болған болар еді. Осы заманғы басқару технологиясы күллі өркениетке өз әсерін тигізері даусыз. Оны бүгінгі Жапония өмірінен айқын аңғара беруге болады»* [1;226,266]– дейді. Елбасының бұл сөзі заман тынысын терең сезінгендіктен туындаған толғаныс екенін айқын аңғарамыз. Шынында да жаңа замандағы Қазақстан және оның жаңғырған экономикалық саясаты қоғамдық жүйенің барлық саласы бойынша өзгерістер мен реформаларды еріксіз қажет еткізген еді. Қазақстан өндірісі мен халық шаруашылығы, яғни еңбек нарығы жаңа экономикалық жүйе талабы мен қажетін өтеуге орай, түрлі мамандарға зәру еді.

Осындай қажеттілікке байланысты ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында білім мен ғылым жүйесінде де бірталай өзгерістер болып, реформалар жасалды. Олардың барлығын сәтті өтті деуден аулақпыз. Білім жүйесі бойынша ел экономикасы мен оның азаматтарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын оңалтып, жақсартуға бағытталған, болашақта республика тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай серпіліс әкеліп, септігін тигізетін оң өзгерістер де, керісінше, біздің елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен ғасырға жуық уақыт бой қалыптасқан дүниетанымдық жүйесіне онша сәйкес келе бермейтін, жүзеге асыру барысында немесе алдағы уақытта жақсы нәтижеге қол жеткізе ме, жоқ па деген жағы толық зерттеліп-зерделенбей ендірілген, ал-

дыңғы қатарлы Еуропа елдері мен АҚШ-на құр әншейін еліктеуден туындаған, басталмай жатып, аяқсыз қалған реформалар да болды.

Бұл кезде де Елбасы білім, ғылымға деген зор ықыласын білдіріп, көрегендік танытты. Елбасы білім ықпалдастығын (интеграциясын) тереңдету ісіне аса мән берді. Алматы, Астана, Түркістан, Өскемен және тағы басқа да еліміздің қалаларында білім берудің шетелдік үздік бағдарламалары мен технологиясына негізделген Қазақ-Түрік, Қазақ-Американ, Қазақ-Британ мектептері мен жоғары оқу орындары бой көтерді. Ақмола педагогикалық институты Л.Гумилев атындағы Еуразия университеті болып құрылды. Осылайша, басқа қалалардағы да көптеген білім ордaları қайтадан құрылып жатты. Бұнымен қатар бұрынғы жоғары оқу орындары құрамынан халықаралық қатынастық, қаржы-экономикалық, құқық-заңгерлік, тілші-тәржімашылық, ұйымдастыру-менеджменттік, сауда-маркетингтік, программист-компьютер біліктілік сияқты тағы да басқа түрлі мамандар даярлайтын жаңадан сан алуан факультеттер мен мамандықтар ашылды. Әскери және әуе жолы оқу орындарының саны артты. Көкшетауда Қазақтың тұңғыш кадет корпусы өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарықты экономика саясатының талабына орай, Қазақстан Республикасының экономикалық-әлеуметтік жағдайын барынша жақсартуға түсуге жәрдемі тиетін, елімізге аса қажетті білікті мамандарды шетелдерде оқытып, халықаралық стандарт деңгейіне сай етіп дайындау және бұрынғы мамандарды қайта дайындау мәселесі де пайда болды. Міне, осы мақсатқа орай, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен «Болашақ» атты президенттік бағдарлама өмірге келді. Осы бағдарламаның ауқымында мыңдаған жас қазақстандықтар білім беру технологиясы жақсы жетілген шетелдердің ең таңдаулы оқу орындарында білім ала бастады. Бұл, бір есептен, тәуелсіздіктің арқасында шетелдермен енді өзіміз тікелей қарым-қатынас жасай алуға қол жеткізуімізден де болды.

Мектептер мен кәсіби орта және жоғары оқу орындарына білім берудің әдіс-тәсілдері мен берілген білімді бақылаудың (тестілеу) әлем мойындаған, шетелдік үздік технологиялары біртіндеп ендіріле бастады. Сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға деген талпыныс та бой көрсетпей қалған жоқ. Қазақ мектептері мен орта және жоғары кәсіби білімді мемлекеттік тілде беру барысында ұлттық таным-түсінікке, ұлттық ой-санаға, ұлттық тәлім-тәрбиеге, салт-дәстүрге, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа негізделетін жаңа буын оқулықтарын жазып дайындау қолға алынды. Бұл үрдіс әлі де жалғасын табуда.

Қазақстан бүкіләлемдік жүйеден, әсіресе жаһандану үрдісінен тыс-қары қалып, өзімен-өзі болып, томаға-тұйық дами алмайтыны да, бүкіл адамзаттық мәдениет-өркеніет жетістігін пайдаланбай отыра алмайтыны да баршаға белгілі. Бұл – бізге басқа халықтармен интеграцияға түсіп, білім, ғылым алмасып, олардың білімі мен ғылымын және де басқа бағыттағы жетістіктерін игеріп, оны өзіміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуымызда тиімді пайдалануымыз үшін қажет. Осындай қарым-қатынастың өзі-ақ бізді әлемдік жаһандасуға баруымызға еріксіз итермелейді. Сол кезде өзіміздің ұлттық мәдени-рухани құндылықтарымызды сақтап қалып, әлемдік жаһандасуға өз кескін-келбетімізбен келуіміз үшін, еліміздің білім беру жүйесін ұлттық негізде қалыптастыру қажет-ақ. Бұны да Елбасы еш уақытта назардан тыс қалдырған емес. Ол осы мәселеге қатысты былай дейді: *«Жалпыадамзаттық өркеніет болуы мүмкін емес. Солай бола тұрса да, оның кейбір нышандары өмірде бар. Бұндай көрер көзге қарама-қайшы ұғымға, өткеннен қалған сүйексізді көзқарастарды былай ысырып тастап қарар болсақ, таңданатындай ештеңе жоқ. Иә, саяси-құқықтық және экономикалық институттардың, сондай-ақ осы заманғы өндірістің техникалық негізінің барған сайын бірізділікке түсіп келе жатқаны рас. Бірақ мәдениеттің, өркеніеттің негізгі дәні бәрібір сол күйінде қалып отыр. Ол – өзінің қандай да болмасын мәдениеттің біреуімен етене санайтын әрбір адамның*

*жер мен көктегі дүниеге қарым-қатынасын, бүкіл өмірінің мән-мағынасы мен бағасын белгілейтін басты сипат. Ол – санада жылдап қалыптасқан құндылықтар жүйесі» [3;267]* Сондықтан болар, Елбасы жаңа дәуірде де ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда «Темірқазық» жұлдызындай бағыт-бағдар болып саналатын ұлттық салт-дәстүр мен таным-түсінік жүйесінің, ұлттық ой-сана әлеуетінің (интеллектуальный потенциал нации) сақталып қалуы мен ұрпақтар сабақтастығына көп мән берді. Оның бастамасымен үшінші мың жылдық қарсаңында еліміз үшін ерен еңбек еткен ұлы Абай, Жамбыл, Шәкәрім, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев сияқты тағы басқа да ұлтымыздың көптеген ғұламаларының, білім, ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің, қазақ тарихында өшпес-тей болып ізі қалған тарихи тұлғалардың мерейтойлары ЮНЕСКО-ның қолдауымен халықаралық дәрежеде аталып өтілді.

Қазіргі заман – ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы. Осы бағыттағы жетістіктерге ие дамыған елдердің ғана әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлемдік бәсекеде көш басында тұр. Біздің еліміз де ел Президентінің “Қазақстан – 2030” стратегиялық даму бағдарламасын басшылыққа ала отырып, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті дамыған алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына ілігудің жолында өзінің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырып жатыр [4]. Бірақ әлеуметтік-экономикалық саясат – Қазақстан азаматтарына халықаралық стандарт деңгейіне сәйкес келетін сапалы білім берумен ұштасып жататынын естен шығармай абзал.

Әлемдік озық технологияны меңгеруге, игеруге мүмкіндік беретін сапалы білім және оның оқытып-үйрететін ұлттық білім жүйесі болмайынша, еліміздің әлемдік бәсекеге қабілетті маман-кадрларын дайындау да мүмкін емес. Сондықтан да Президенттің әр жылдардағы үлкенді-кішілі түрлі еңбектеріндегі, баяндамалары мен бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарындағы, ҚР халқына арналған әр жылғы Жолдауларындағы білім туралы инновациялық ой-тұжырымдары мен тәлім-тәрбиелік, педагогикалық ой-толғамдары мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды дайындап жасауда үнемі назарға алынып келеді. Елбасының Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауы да білім жүйесін одан әрі дамытуда аса маңызды. Елбасының осы Жолдауындағы: *«Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады. Алдымызда бізді үлкен белес күтіп тұр. Ол – Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығы. Дүние дамуымен есептегенде жиырма жыл деген көп те емес шығар. Бірақ біз үшін үлкен кезең, тұтас бір дәуірмен барабар. Олай болатыны, тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты»*, – деген сөзінің ауқымына елімізде болып жатқан оң өзгерістердің барлығы сыйып кетеді. Оның ішінде жалпы еліміз бойынша барлық деңгейдегі білім ордаларының заман көшінің бағыт-бағдарына қарай прогрессивті даму жолына түсуінде Елбасының білім-ғылым, тәлім-тәрбие бағытындағы инициативалық ой-толғамдарының аса маңызды рөл атқарғаны анық.

Елбасының еліміздегі білім саясаты бағытындағы бастамашылық ұстанымдары мен бағыт-бағдар беретін негізгі ой-тұжырымдары өзінің аса өзектілігімен ерекшеленеді. 2004 жылы қабылданған “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы” [5] Президенттің тікелей Жарлығымен бекітілді. Осы бағдарлама еліміздегі білім беру саясатының негізгі бағыттарын, басымдықтарын айқындауда әрі білім беру жүйесін басқару мен қаржыландыруда және оның құрылымы мен мазмұнын өзгертуде аса маңызды рөлге ие болды. Сондай-ақ, сол тұста нарықтық экономика жағдайына көшкен халық шаруашылығының жаңа заман маман-кадрларына деген сұранысын өтеу мақсатында білім беру орындары мен мекемелері даярлайтын мамандық түрлері мен олардың санына мемлекеттік тапсырыс (мемлекеттік грант пен кредиттік білім) жүйелеленді.

Бүкіл еліміз бойынша халықаралық стандарт деңгейінде білім беруге қол жеткізіп, әлемдік бәсекеге барынша қабілетті қазақстандық азаматтарды дайындау мақсатында еліміздің білім беру жүйесін, әлі де болсын, жетілдіре беруіміз қажет. Бұл, бір есептен, жаңа заман талабына лайық әрі халықаралық стандартқа сәйкестендірілген ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру үшін де керек. Ал ұлттық білім жүйесін қалыптастыру – бүгінгі күннің талабы. Осы мақсатқа орай да, Елбасының білім, тәлім-тәрбие туралы ой-тұжырымдары – мемлекеттік стратегияның басым бағыт-бағдарларының бірі болып отыр.

Республика халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту еліміздің білім саясатын дұрыс жүргізіп, білім беру жүйесін барынша жетілдірумен тығыз байланысты екені даусыз. Ол үшін тәуелсіз Қазақстанның қазіргі мемлекеттік білім саясатына жуық уақытта толықтай талдап-саралау, зерттеп-зерделеу жасалуы керек.

Білім беру саясаты – кез келген мемлекеттің мемлекеттік стратегиялық барлық бағдарламаларының тірегі. Демек, ол біздің де экономикалық стратегиялық бағдарламаларымыздың авангарды болмайынша, экономикамыздың өз бетімен қарқынды дамуы әрі оның халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту барысында толық қанды қызмет етуі мүмкін емес. Сол үшін де өзіміздің ұлттық білім жүйемізді қалыптастыру кезінде оның білім тұжырымдамалары мен заңнамаларына және білімдік жобаларымыз бен бағдарламаларымызға білім берудің әлемдік үздік үлгілерін ендіргіміз келсе, оларға жан-жақты талдау жүргізе отыра, тиімді-тиімсіздігін анықтап, әбден зерделеп алған соң барып, байыппен енгізуіміз қажет.

Бұдан аңғаратынымыз – кейінірек: *«Мектептерді, ең алдымен, ауылдық жерлердегі мектептерді компьютерлендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісу, бұл мақсатқа 1998 жылдың өзінде кемінде 22 млн АҚШ долларын бөлу керек»*, – делініп Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында нақты көрсетілген [5], ал қазір жалпы еліміз бойынша жүзеге асырылып болып қалды деуге болатын, еліміздің барлық деңгейдегі білім беру ошақтарын компьютерлендіру және оларды «Интернет» желісіне қосу Елбасының бастамашылық (инициатива) ойымен сабақтасып жатыр.

Бастамашылық, жаңашылдық (инновация) дегеннен шығады, біз кейде «шетелдік осы жаңа технологияны өзімізге енгізсек, еліміздің қоғамдық өміріне жақсылық әкеле ме, жоқ па, ел тұрмысын оналтуға септігі тие ме, жоқ па?» деген мәселесін тереңірек ойластырып алмай, шетелдік, әсіресе батыс еуропалық немесе америкалық кез келген жаңа технологияны еліміздің қоғамдық тұрмыс-тіршілігінде стратегиялық аса маңызы бар салаларына, соның ішінде білім жүйесіне де ойланбастан енгізіп жіберіп және оны жүзеге асыруға мемлекетіміздің қаржысы мен қарымын, қоғамның күш-қуаты мен уақытын аямай жұмсап, белсене кірісіп кететін кездеріміз бар. Қоғам өміріне енгізілген кейбір сондай жаңашылықтың іс жүзінде артынан елеулі шикілігі шығып қалған кезде, енді оны әрі қарай жүргізе бермей, тоқтата салуға дәрменіміз жетпей, қиын жағдайға ұшырап, не істерімізді білмей өкініп те жүреміз. Міне, осы мәселе туралы да Елбасының көзқарасы көпшілікке ой салары даусыз.

Қазіргі кезде көптеген кәсіби жоғары білімнің бүкіл адамзатқа ортақ болып келетіндігіне байланысты, олардың көпшілігінің халықаралық сипат алуы күшейіп барады. Бұлай болуына ұлттық білім беру орындары мен ұйымдары қызметінде халықаралық ынтымақтастық рөлінің күшеюі себеп болып отыр. Сондықтан да ұлттық, аймақтық білім ордаларының мақсат-тары мен міндеттерінің маңыздылығы төмендеп, керісінше, университеттік білім беру жүйесі бірізділеніп, жалпыланып, оның мән-мазмұны дүниежүзі бойынша арта бастады.

Біздің елімізде де университеттерге үлкен сенім мен міндет жүктеліп отыр. Қазір біз қазақ-орыс тілінде университеттік білім берумен қатар, ағылшын тілінде де білім беруді қолға алғанымызға біраз уақыт болып қалды. Соның арқасында өз еліміздің

жастарын ғана емес, енді шетелдік азаматтар да біздің университеттер мен басқадай оқу орындарында оқытып, ағылшын тілінде білім бере бастадық.

Жоғарыда атап өткеніміздей, еліміздің көптеген оқу орындары университет мәртебесін алды. Олардың ішіндегі еліміздің білім беру жүйесінде ерекше орны мен рөлі бар екені анықталған, білім берудің мемлекеттік стандарттары мен негізгі бағдарламаларын және оқулық, оқу-әдістемелік құралдарын дайындайтын және оларды білім беру үрдісінде пайдаланып, жүзеге асыратын педагогика, медицина, техника, ауылшаруашылық, музыка бағытындағы жоғары оқу орындарының ең ірілері мен іргелілері әрі білім мен ғылымның негізгі орталығы болып саналатындары Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей Жарлығымен «Ұлттық» мәртебеге ие болды. Солардың бірі – Республика көлемінде педагогикалық білім берудің қара шаңырағы болып табылатын, еліміздің ең тұңғыш жоғары оқу орны – қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті екені барша жұртқа мәлім.

Еліміздің тәуелсіздігінің бастапқы кезіне дейін (1992 жыл) Абай атындағы Қазақ педагогика институты болып аталған, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (2003 жылы 26 қыркүйекте) де білім беруді жаңа заман мен жаңғырған экономикалық жүйе саясатына үйлестіру және әлемдік білім стандарты деңгейіне сәйкестендіру әрі оның жалпы ұлттық қызметін одан әрі жетілдіру, дамыту мақсатында бірталай реформалар мен қайта құрулар болып өтті. Дегенмен, 80 жылдық бай тарихы бар жоғары оқу орнының ежелден қалыптасқан классикалық дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктері айтарлықтай бұзылмай сақталып қалды.

Қазір университетте жастарға білім беру, жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау ісі ұлттық құндылықтарға, халықтық тәрбие негіздеріне, білім берудің қазіргі замандағы инновациялық технологияларына құрылған оқу-тәрбие ісі арқылы жүзеге асырылуда. Оқу мен тәрбие мәселесі әлемдік бәсекелестікке сай бола алатын ұлттық кадрлар даярлау ісіне, «болашақ қазақстандықтарды» тәрбиелеу ісіне тікелей бағытталған.

Біздегі оқу-тәрбие жұмысы кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке негізделген. Сондықтан да Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – білім мен ғылымның, тәлім мен тәрбиенің тұтастығына құрылған университеттік білімді сақтау мен оны шығармашылық тұрғыда дамытуға мүдделі.

Университеттің педагогикалық ұжымы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісіне ғана емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ар-ожданын қатар тәрбиелеуге де баса назар аударып еңбек етіп жатыр.

Біздің университеттегі оқу-тәрбие ісінің стратегиялық түпкі мақсаты – елдің болашақ мамандарының кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасау болып табылады. Сондай-ақ, оқу-тәрбие үрдісін әлемдік стандарт деңгейіне көтеру, шетелдік әріптес университеттермен үзбей байланыс жасап отыру, ғылыми жұмысты жаңаша ұйымдастыру, профессор-оқытушылардың біліктілігін көтеру, факультеттер мен кафедралардың жұмысын түбегейлі жаңарту, республикадағы педагогикалық жоғары оқу орындарына жолбасшы болу – біздің университеттің бүгінгі және ертеңгі жарқын болашағының ең негізгі мақсат-мүделері болып саналады.

Қорыта келе айтарымыз, елімізде қазақ мектептері санының артуына, оларға қазіргі заманның ең үздік технологияларының ендірілуіне, олардың компьютерленілуіне және «Интернет» жүйесіне қосылуына, мектептерде берілген білімнің «Ұлттық бірыңғай тестілеу» арқылы қорытынды бақылануына, орта және жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік тілде берілуінің дұрыс жолға қойылуына, Қазақстан Республикасы үкіметінің Болонья декларациясына қол қоюына, білім берудің екі деңгейлі жүйесі негізінде жоғары білімнің біртұтас құрлымының ендірілуіне, халықаралық даму



жөніндегі АҚШ-тың USAID агенттігінің «Академиялық бағдарламалар мен дәрежелердің батыс құрлымы және білім берудің кредиттік технологиясы» атты жобаның негізінде оқытудың кредиттік технологиясының біздің елде де жүзеге асырыла басталуына және тағы басқа да көптеген инновациялық жаңа технологиялардың біздің білім жүйемізге ендірілуіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың білім, ғылым, тәлім-тәрбие, педагогика туралы бастамашылық ой-тұжырымдарының ықпалы зор болды. Қазақстандық білім саясатында жүзеге асырылған осындай оң өзгерістер мен реформалардың арқасында еліміздің жаңғырған білім жүйесі өзінің дәстүрлі ұлттық сипатын барынша сақтай отырып, халықаралық стандарт жүйесіне біршама жақындады. Оның жаңа заманға бейімделген құрылымы білім беру орындары мен ұйымдарына және олардың қызметкерлері мен мұғалім-оқытушыларына және түрлі деңгейдегі білім алушыларына, сонымен қатар түлектеріне зор академикалық еркіндік берді. Білім беру мен оқытудың сапасын заманауи талаптар деңгейіне көтеруге ықпал жасады.

### *Әдебиет*

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, «Өнер», 1996 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Тоталитарлықтан – саяси тұрақты және демократиялық Қазақстанға. «Егемен Қазақстан», 1997 жыл 14 желтоқсан.
3. Назарбаев Н.Ә. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». «Егемен Қазақстан», 2008 жыл 6 наурыз.
4. «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы.
5. «Қазақстан Республикасында білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

*Doshimova N.,*

*Central Asian University 2<sup>nd</sup> course magister degree*

### **Proverbs and sayings in foreign teaching language for intercultural communication**

**Аңдатпа.** Осы мақалада мақал-мәтелдердің шет тілдерін оқытуда мәдениетаралық коммуникациясында маңызы турасында таныстырылады. Тіл мәдениеттің айнасы ол тек ғана шындықты ғана көрсетіп қоймай, өмірдің нақты жағдайын, сондай-ақ халықтың әлеуметтік санасын, олардың менталитетін, ұлттық сипатын, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын, сол немесе басқа халықтың құндылықтарын көрсетеді. Тіл әлемнің ерекше бейнесін жасайды. Ол ұлттық мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Тіл мәдени құндылықтарды сөздікте, грамматикада, фольклорда мақал-мәтелдерде, ауызша және жазбаша нысанда сақтайды. Мәдениетаралық коммуникацияны шетел тіл білімін меңгермей қол жеткізу мүмкін емес. Ол мәдени кедергінің еңсеруіне қажетті. Бұл тосқауыл «көрінбейтін» болып ол тек екі немесе одан да көп мәдениеттердің қақтығысы болған кезде ғана сезіледі. Мәдени түсініспеушілік үлкен қақтығыстар, тіпті соғыс тудыруы мүмкін. Мақалада ерекше назар АҚШ, Ресей, Қазақстан мәдениетаралық коммуникациясы мәселелеріне арналған жұмыстарына берілді.

**Түйін сөздер:** шетел тілі, байланыс, халықаралық байланыс, ұлттық сипаты, құндылықтар, лингвистикалық сипаттамалары, мақал-мәтелдер, мәдени түсініспеушілік, мәдени тосқауыл.

**Abstract.** The following article will present a view on the importance of proverbs and sayings in Foreign Teaching Language for intercultural communication. It looks at the language as a mirror of culture which reflects not only the reality, the actual conditions of

life, but also the social consciousness of the people, their mentality, their national character, their traditions, customs, value system and perception. Language creates its own, specific picture of the world. It carries the national culture from one generation to another. It keeps the cultural values in the vocabulary, in the grammar, in the folklore, in the proverbs and sayings, in its oral and written form. Intercultural communication cannot be achieved only with mastering foreign languages. It needs overcoming of the cultural barrier, too. This barrier is “invisible” and is only felt when there is a clash of two or more cultures. The cultural misunderstanding can cause great conflicts, even wars. Special attention is given to the works devoted to the issues of U.S.-Russian and Kazakh intercultural communication.

**Keywords:** Foreign language, communication, international communication, national character, values, linguistic characteristics, proverbs and sayings, cultural misunderstanding, cultural barrier.

**Аннотация.** Данная статья представляет важность пословиц и поговорок в обучении иностранного языка межкультурной коммуникаций. Язык является зеркалом культуры которое отражает не только реальность, актуальность состояние жизни, но такие же социальные сознания людей, их менталитет, их национальный характер, их традиций, обычай и ценности того или иного народа. Язык создает свою специфическую картину жизни. Он передает национальную культуру с одного поколения на другого поколение. Язык хранит культурные достоинства в словаре, в грамматике, в фольклоре, в пословицах и поговорках, в устной и письменной форме. Межкультурные коммуникации не могут быть достигнуты без знания иностранных языков. Оно нуждается в преодолении культурного барьера. Этот барьер «невидимыми» и ощущается только в столкновении двух или более культур. Культурно недоразумение может вызвать большие конфликты, даже войны. В статье уделено особое внимание работам посвященной проблеме США, России и Казахской межкультурной коммуникаций.

**Ключевые слова:** Иностранный язык, коммуникация, международный связь, национальный характер, ценности, лингвистические характеристики, пословицы и поговорки, культурный недоразумение, культурный барьер.

### Introduction

The purpose of the Concept is the determination of the main directions of development of foreign language education, the establishment of a national level model of continuity of foreign language education providing entering of Kazakhstan into the world educational space [1].

Objectives of the Concept:

1. To identify the real state of foreign language education in the Republic of Kazakhstan at the present stage.

2. To mark the theoretical and methodological foundations of the continuous foreign language education in the Republic of Kazakhstan.

3. To define the system of continuity of foreign language education covering all stages of the educational structure.

4. To identify the stages of implementation of the Concept.

5. To predict the expected results.

Foreign language education as one of the components of the overall system of republican education cannot be considered outside the context of the environment in which it operates and develops. The expanding integration processes, the growth of professional and scientific exchanges, the deepening of the international cooperation and collaboration in the last decade have stimulated the progressive development of foreign language education. In this area, in the educational system of Kazakhstan there have been the significant positive changes, both in terms of the content and in terms of the organization:

- The learning of foreign languages (FL) has been recognized as a socially significant pledge to ensure practical and professional life of a person in the modern multilingual, multicultural globalized world;

- The place of the foreign language was defined as a language of international communication along with the state language (Kazakh) and the official language (Russian);

- The need was recognized to introduce the early learning of a foreign language to the further development and deepening of mastering it in the successive various structure of educational institutions of basic, secondary vocational, post-secondary vocational and higher education.

I've chosen the topic, because the role of proverbs and sayings in our life can hardly be overestimated. Nowadays there are a lot of ways to keep and transfer information: with the help of audio, visual carriers, and also in electronic version. But a lot of years ago, when writing even wasn't developed, the only way to gain the experience was our language. Even now we have our ancestors' messages in the form of songs, fairy-tales, ceremonies. But the most brief, informative and perhaps the most frequently used messages are proverbs and sayings.

Proverbs and sayings of different cultures have a lot in common, but besides there are specific features, characterizing the color of some original national culture, its centuries-old history. Proverbs and sayings contain deep sense and national wisdom, which have roots far in the past. They reflect people's way of thinking and perception of the world.

Language is a mirror of cultures. It reflects not only the reality, the actual conditions of life, but also the social consciousness of the people, their mentality, their national character, their traditions, customs, value system and perception. Language creates its own, specific picture of the world. It carries the national culture from one generation to another. It keeps the cultural values – in the vocabulary, in the grammar, in the folklore, in the proverbs and sayings, in its oral and written form. Intercultural communication cannot be achieved only with mastering foreign languages. It needs overcoming of the cultural barrier, too. This barrier is “invisible” and is only felt when there is a clash of two or more cultures. The cultural misunderstanding can cause great conflicts, even wars. In such conflicts people start to understand better their national culture, their vision of life, their boundaries, so that they can accept the “otherness”. This is why the modern global world puts the specialists before the following complex tasks: To study the roots, the forms and the development of culture in the different nations and their contacts.

To teach tolerance, respect and understanding of the other cultures in the process of learning a foreign language.

### **Theoretical methodology basis**

Today the theory and practice of intercultural communication attract more and more scholars, as it has become evident that the investigation of its problems requires expertise from different areas of study.

The most distinctive areas distinguished in Russia and based on the interrelation of language and cultures are as follows:

Linguo-country study: E. M. Vereshchagin; V. G. Kostomarov; G. D. Tomakhin; V. V. Oshchepkova. The research in this area mostly has an applied character and is a valuable source of information, which reflects the interrelation of language and culture.

Cultural linguistics: V. N. Teliya, V. I. Khairullin, V. V. Vorobyov, V. A. Maslova, M. A. Kulinich. V. N. Teliya defines cultural linguistics as part of ethnolinguistics, devoted to the study and description of the correspondence of language and culture in their synchronic interaction. “The object of cultural linguistics is investigated at the crossroads of two fundamental fields: linguistics and culture study” [2,].

V. A. Maslova points out the following objects of cultural linguistics: 1) words and phrases, which have no equivalents in another language; 2) archetypes and “mythologemes”,

rituals, beliefs, and superstitions reflected in language; 3) proverbs and sayings; 4) idioms; 5) symbols and stereotypes; 6) metaphors and images; 7) stylistic norms; 8) speech behavior; 9) speech etiquette [3, 36-37].

Outstanding Kazakh scientists who have made an enormous contribution to the development of a general and comparative phraseology: Zhaysakova R. I., Kaidarov A.T.[4], Isabekov S.I.[5], Satenova S.K.[6], Smagulova G.N.[7].

### **Method**

Intercultural communication is a crossing point of cultures, which, on the other hand, presupposes a culture of crossing lines. The Russian proverb “В чужой монастырь со своим уставом не ходят” is still valid. Its analogue in English expresses the same thought in other words: “When in Rome, do as Romans do”. In both languages the wisdom of the people tries to avoid cultural clash. The opposition “me – the others”, “me – not me” contains conflict between cultures. Each nation perceives the world through its own coordination system and has its own material characteristics, which make its life unique. As they reflect the national culture, these characteristics are not accessible to representatives of another language and culture. Each language has its own way of reflecting the world, creating a “language picture” [8]

The cultural differences can easily be seen when comparing linguistic characteristics. The Russian word “дом” can easily be translated into all languages – in English, for example, it means “house”. The Russian word, however, has a wider meaning – in its semantics, it contains each building, where people live and work. While in the English context “house” is where you live, not where you work; what you work in is “building” and the multi-floor house is a “block of flats”. The Russian word “дом” has the meaning of “a home fireplace”, to which the English correspondence is “house”. The Russian word “дом” has other meanings, too, which are translated in English in different ways – “детский дом”, for example, is “children’s home”, „торговый дом” – “a commercial firm. On the other hand, the English word “house” has some meanings which are there in the word “дом”- “house of commons”, “opera house”, “the first house starts at five”. “Дом” and “house” also have different uses. In Russian – the word “дом” is present in each address, while in English this is out of the context – they simply write the number of the house before the name of the street – 10 Downing Street.

The wider use of the Russian word “дом” explains the differences in the semantic field and the ways it can be combined. This presents a considerable difficulty in the learning of the foreign language.

### **Results**

This picture is specific for every nation but it also reflects common human features, as the objective world is one for all people, no matter what language they speak. There are universal values and notions – such as life, bread, home, family. They have practical meaning of mutual understanding at intercultural communication. In the new, globalizing world the study of foreign languages means a deeper study of the world, of the culture of the people whose language is being studied, of their way of life, national character and mentality. The knowing of the meaning of the words, of the grammar world and the phonetic characteristics is not enough for the use of language as a means of communication. To form intercultural competence means not only to form linguistic, communicative, strategic and discursive competences. Intercultural competence also includes the following aspects of socio-cultural competence: when, how, whom and where to say or write the thing How a given notion “lives” in the reality of the foreign language [9].

Language phenomena reflect the facts of the social life, life of a nation. When teaching a foreign language, it is necessary to teach the social and cultural life of the people who speak this language.

Information and communication technologies in the contemporary setting offer a great deal of opportunities for participation in intercultural dialogue in interactive forms.

Vast horizons of opportunity lie in the Internet for different types of “simulations”. It offers opportunity for modelling interaction between the real worlds of languages and cultures in virtual reality for example: European –Asian, Bulgarian- Belgium; Russian-American and others. They all have their personal mission and comprehend “the other” through the prisms of their own national-cultural stereotypes. The simulation aims to create an idea about the nationality and culture of others. There are different stages of simulation games which could be outlined: Setting of the social group, which will participate (students, administrative staff, businessmen) introduction of the mediator/facilitator which will be the leading figure in the activities.

The participants write down different stereotypes, characteristics of personalities, outer appearance, significances, popular persons as they try to create a cumulative profile of the nation and culture they will attempt a dialogue. Example: Belgians will write down their ideas about Bulgarians. Similarly, Bulgarian participants do the same for the Belgium side. The two sides share their notes via a video-conference in real time and with the assistance of the mediator. There is no doubt that some cultural conflicts will appear [10].

The conflict becomes a focal point in the creation of personal mission in the world of the other culture to check through trials in a setting with unknown settings of communication. Participants “live” in different than their own national-cultural parameters- speak a language which is the intermediate between the two groups. They participate in traditional customs, holidays of the other nation. They search for what the natives of the language speak and how they react and communicate.

In this process the participants manage their skills to overcome the “cultural shock” and to accept the differences of the world; they are introduced to the cultural identity of the other side. This leads to a solution of conflict in the field of cultural integration where “I” and “you” together solve the conflicts and overcome different cultural stereotypes [11].

This type of strategy for intercultural communication offers an opportunity to see you through the eyes of the others. This will allow your identity to accept part of others’ culture and mentality which makes us richer.

### **Conclusion**

Learning a foreign language is of great educational value. Through a new language we can gain an insight into the way in which words express thoughts, and so achieve greater clarity and precision in our own communications. Even at the most elementary level learning a foreign language teaches the cognizance of meaning, furnishes a term of comparison that gives us an insight into the quality of language. When learning a foreign language the pupil understands better how language functions and this brings him to a greater awareness of the functioning of his own language.

Since language is connected with thinking, through foreign language study we can develop the pupil’s intellect. Teaching a foreign language helps the teacher develop the students’ voluntary and involuntary memory, his imaginative abilities, and will power. Indeed, in learning a new language the pupil should memorize words, idioms, sentence patterns, structures, and keep them in long-term memory ready to be used whenever he needs them in auditing, speaking, reading, and writing.

Language is a mirror of cultures. It reflects not only the reality, the actual conditions of life, but also the social consciousness of the people, their mentality, their national character, their traditions, customs, value system and perception. Language creates its own, specific picture of the world. It carries the national culture from one generation to another. It keeps the cultural values – in the vocabulary, in the grammar, in the folklore, in the proverbs and sayings, in its oral and written form. Intercultural communication cannot be achieved only with mastering foreign languages. It needs overcoming of the cultural barrier, too.

In this case, it is important to mark the cultural differences at the level of notions and ideas.

## References

1. Concept development of foreign language education of the Republic of Kazakhstan. Almaty-2010.
2. Teliya V. N. Russian Phraseology. Semantic, Pragmatic, and Linguocultural Aspects. - Moscow: Languages of Russian Culture, 1996. 217 p.
3. Maslova V. A. Introduction Into Cultural Linguistics. - Moscow: Nasledie, 1997. 36-37 p.
4. Kaidarov A. T., Zhaysakova R. I. The principles of classification of phraseology and its classification group in modern Kazakh language. Publication. Philology series. 1979. №3. 1-11 p.
5. Isabekov S.I. The problems of phraseology in educational process. The scientific works: Linguistics basis of teaching of foreign languages. Almaty-1987.
6. Satenova S. K. The language and poetic character of phraseology. Almaty: Science, 1997. 183 p.
7. Smagulova G.N. National-cultural aspects of meaningful phraseology. Almaty, 1998. 196 p.
8. Makine, A. (1997) Le testament francais. Mercure de France, Paris.
9. Levi-Strauss C., (1958) Anthropologie Structural, Plou, Paris.
10. Kramsch, C. (1993) Context and Culture in Language Teaching, Oxford University Press.
11. Ter-Minasova S.G. (2004) Language and intercultural communication, Moscow University, Moscow.

*Ерназарова З.Ш.  
КИМЭП университеті.  
ф.э.д., профессор*

### Қазақ шешендік сөздеріндегі аргументтеу модельдері

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының тарихында ерекше орны бар шешендік сөздердің аргументтеу модельдері анықталады. Барлық халықтың тарихында шешендік өнер ерекше орынға ие. Ал қазақ халқының шешендік өнерін ерекшелейтін бірнеше себеп бар. Біріншіден, шешендік сөз иелері – билер халықты басқару ісіне араласып, ел мен ел, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіріп, айыптаушы, қорғаушы және жазалаушы қызметтерін атқарып отырған. Сол әрекетімен елдегі саяси-әлеуметтік жағдайды реттеуге араласқан. Екіншіден, халыққа өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, батырлық пен қорқақтық, ерлік пен ездік, мәңгілік пен мезеттік туралы философиялық терең насихат сөздер айтып, қоғамның рухани дүниесін айқындап, дұрыс өмір сүрудің бағыттарын айқындаған. Қазақ шешендік сөздері халық арасында ауызша тарап отырған. Олардың авторлары бірде сақталса, бірде сақталмай, кейде мазмұны, құрылымы жағынан өзгерістерге ұшыраған.

Мақалада қазақ шешендік сөздерін риторикалық сөз материал ретінде алынып, олардың құрылым мен мазмұнында жатқан аргументтеу модельдерін анықталады. Зерттеу жұмысында шешендік сөз дискурсының компоненттері, тыңдаушының ақпаратты қабылдау, таным процесінің өтуі, халықтың дүниетанымындағы тірек концепциялар басшылыққа алынады.

**Тірек сөздер:** қазақ шешендік сөздері, шешендік дикурс, аргументтеу модельдері, ұлттық дүниетаным.

**Аннотация.** Казахи издавна придавали особое значение ораторскому искусству. Наши предки умели красиво и ясно излагать свои мысли, от них до нас дошло много крылатых слов и выражений. Казахское ораторское искусство имеет свои особенности. Казахские шешены или бии участвовали в управлении государством, в создании сводов законов, они были и судьями, решали разные споры среди жузуов и родов. Речи и назидательные слова биев распространялись устно и подвергались разным изменениям. У каждого народа свое мировоззрение на мир. Мировоззрение представляет собой совокупность устойчивых взглядов, принципов, оценок и убеждений, определяющая отношение к окружающей действительности и характеризующая видение мира в целом и место человека в этом мире. Характеризует общее понимание мира, быта, социума и индивида, его этическую и эстетическую составляющие, и роль и положение человека в объективном мире. В образцах речи ораторского искусства можно увидеть все мировоззренческое богатство кочевников. Известно, что в ораторском искусстве основную роль играет модели аргументации. Модели аргументации отражают модели мышления. Анализируя модели аргументации казахского ораторского искусства можно реконструировать менталитет народа, его основные жизненные ценности.

**Ключевые слова:** шешен, ораторский дикурс, мировоззрение кочевников, топос, модели аргументации, законы степи.

**Abstract.** In the article are defined argumentation models of oratory words, having peculiar role in the history of the Kazakh people. Eloquence and oratory has a peculiar role in the history of all nations. But there are several reasons for distinguishing the Kazakh peoples' eloquence and oratorical skill. Firstly, holders of oratory words were bi (the Kazakh orators), who having interfered in policy of leading peoples in order to harmonize relationships among individuals, between nation and nation, fulfilled the functions of a prosecutor, an advocate and an executioner. Thus they ordered political and economic life through such activity among people. Secondly, telling to people the profoundly philosophical propaganda words and ideas about the essence of life, good and evil, honesty and falsity, courage and cowardice, heroism and recreancy, eternity and instantaneity, determining mental and spiritual world of the society, they showed the ways to true lifestyle. The Kazakh oratory words spread verbally among people. Their authors were sometimes saved, sometimes were unsaved, at times their content and structure were liable to changes.

In the article are defined argumentation models, lying in the structure and content of the Kazakh oratory words, which are taken as the material for a rhetorical word. In the research discourse components of the oratory words, acceptance of information by a listener, the procedure of cognition process, basic concepts of the people's national worldview are taken with due account into primary concern.

**Keywords:** the Kazakh oratory words, oratorical discourse, argumentation models, national worldview.

Ежелгі грек және рим шешендерінің риторика туралы еңбектерінде сөзді құрастырудың модельдерін анықтау маңызды тақырыптардың бірі болған. Осымен байланысты Аристотельдің риторикаға арнаған еңбектерінде топос ұғымы қолданылып, оның түрлері анықталады. Топос – адамның таным процесін модельдеудің түрі, адам танымында ақпаратты жүйелеудің, жадыда сақтаудың механизмін абстракциялау болып табылады. Топос ұғымын Протагор енгізіп, Аристотель әрі қарай дамытқан болатын [1, 23-24].

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуында, мемлекетінің даму тарихында шешендік өнердің орны ерекше. Ал қазақ қоғамында сөздің орнының, оның қызметінің, оған қойылар талаптың қандай болғанын және ең бастысы, тыңдаушылардың ақындар мен жыраулардың, бидің сөздерін қалай тыңдап, сусындағанын халық жадында

сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жеткен оқиға әңгімелерден көруге болады. [2,11; 5,-15; 8,38] Шешендік сөздердің қазақ қоғамында мына қызметтерді атқару барысында қалыптасты:

- ел тәуелсіздігіне қауіп төнген уақытта халықты біріктіру, жауға қарсы соғысқа шақыру;

- ел ішіндегі, рулар арасындағы әртүрлі дау түрлерін (мал дауы, жер дауы, жесір дауы) шешіп отыру, халық арасында билік айтып, әділ үкімдер айту арқылы ел тыныштығын, өзара түсіністікте сақтау, халықтың әділдікке сенімін сақтау;

- хандар мен билерге кеңес беріп, қателіктерін айтып отыру, қате істерден сақтау, жамандықтың алдын алу;

- халықтың салт-дәстүрін, негізгі құндылықтарының сақталуын, бұзылмауын қадағалап отыру, әлем, өмір, ел, адамның орны, адами құндылықтар туралы пайымдаулар жасап, дұрыс өмір сүрудің қағидаларын, жолдарын көрсету, адамдарды қателіктерден сақтау.

Сөздерімен қазақ халқының мәдениетінде шешендік өнерді дамытқан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Мама би және т.б. билер туралы Ш.Уәлиханов: «Би никем формально не избираются и формально никем не утверждается. Значение их основано на частном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты. Народ наш имеет богатую и насыщенную поэтических достоинств, замечательную литературу, более близкую к индогерманскому эпосу, чем к восточным произведениям этого рода. Наконец, что всего важнее, формы нашего общественного развития находятся в том самом безыскусственном периоде, когда они представляют наибольшую аналогию с результатами высшего культурного развития» [4, 81].

Қазақ билерінің өмірімен танысқан А.Янушкевич қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың әкесі ел басқарған Құнанбай би туралы өз жазбаларында былай деп жазады: «Құнанбай – это просто машина для говорения, часы, которые только тогда идут, когда не заведены. Как только проснется, пускает в ход свой язык и говорит неустанно, пока не заснет. Каждую минуту приходят к нему киргизы за советом, а он как оракул, который вещает со своего треножника, часто подперев бока руками; на каждое три слова цитата из шарията, а память у него такая удивительная, что все указы и распоряжения правительства приводит, будто по книжке читает [15,181]. Қоғамда атқарған қызметімен байланысты қазақ шешендік өнерінің бірнеше жанрлары қалыптасқан. Олар шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау.

Шешендік сөз тек дау, тойларда, жиындарда ғана емес, арнайы сөз жарыстарында қалыптасып отырған. Бұл туралы Б.Адамбаев: «Сфера применения ораторских изречений не ограничивалась тяжбами и состязаниями на пирах и тризнах. Бывало, что на жайлау приглашалось множество людей, перед которыми многоопытные старцы произносили назидательные слова [2, 101].

Қазақ шешендік өнерінің адамзат тарихында қалыптасқан риторика өнерімен қандай ұқсастығы және қандай айырмашылықтары, ерекшеліктері бар, қазақ шешендері сөзді сөйлеуде қандай стратегияларға басшылыққа алды, олар аргументтерді қалай құрды? Аталған мәселені зерттеу үшін когнитивті лингвистика, коммуникация теориясы, дикурс теориясының негізгі ұғымдары мен ұстанымдары басшылыққа алдық.

Дискурсты шешендік сөз – аргументтер тұрғысынан лингвистикалық талдауда оны жүйелі байланыстағы бөліктердің тұтастығы ретінде қарау керек және оның өзгермелі сипатқа ие екендігін есте сақтау керек. Өйткені кез келген шешен сөздің дүниеге келуі ой, концепция, сөз мақсаты, оның бірнеше міндеттерге бөлінуі, олардың өз ішінде подтезистерге бөлінуі, сөздің сыртқа шығуы сияқты өзара байланысты компоненттерден тұрады. Сонымен қатар бұл компоненттердің мазмұны бірыңғай сипатқа ие емес. Ал шешен сөздің дискретті сипаты адамның қабылдау процесімен байланысты. Әр сөйлеу жағдаятында адам миының ақпаратты қабылдауы, талдауы бірдей болмайды.



Шешен сөздердің түрлері мен мазмұнын шешендік сөздің айтылу орны, нақты сөйлеу жағдаятында қалыптасқан конвенциялық ережелер, ұлттық дүниетанымға тән тірек құндылық – түсініктер, халық арасында кең тараған, белгілі әдеп заңдарына сай құрылған. Г.Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» монографиясында сақтар дәуіріндегі Анақарыстан басталатын сөз еркіндігі, шешеннің тәуелсіз ой иесі болу дәстүрі әрі қарай жалғасатынын айтады [5,38]. Қазақ шешендік өнер тарихында шешендік дау, шешендік арнау, шешендік толғау сияқты жанрлары қалыптасқан. Шешендік дискурса қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастың конвенциялық сипатын әлеуметтік контекст (шешендік сөз орын алған тарихи жағдай, шешендік сөз айтылған орын: дау, той, ас, жиын) анықтап отырған. Қазақ шешендік өнерінде «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген дала заңы ханға да, қараға да бірдей жүрген. Сондықтан халық дауларда айтылған шешен сөздермен байланысты «Тура сөзде туған жоқ» деген ережелер барлық жағдайда өз күшін сақтаған. Сондықтан халық шешен сөзге тек шындықты айтатын сөз деп қараған. Сонымен байланысты халық түсінігінде 1) Шешендік сөзді дидактикалық өсиет, нақыл сөз деп қабылдау; 2) Шешендік сөзді бұлтартпайтын ереже деп қабылдау; 3) Шешендік сөзді қазақ халқының тарихының ауызша жазбасы деп қабылдау қалыптасқан.

Қазақ шешен билері сөзге ежелгі грек шешендері сияқты жазбаша дайындалып, жаттамаған [2,11]. Алайда жастайынан шешен сөздерді естіп, ауызша жаттау, ауыздан-ауызға тарату орамды нақыл сөздерді құрудың белгілі бір тәсілдерін меңгеруге итерген. Дегенмен шешен сөз сөйлеу адамнан кең, терең дүниетанымды, сезімталдық пен байқағыштықты, шынайы өмір құбылыстарына талдау жасап, пайымдаулар қорытып отыруды талап еткен. Ол жөнінде С.Негимов: «Әлеумет алдында ойлы сөз сөйлеу – шешеннің биік дүниетанымынан, қабілеттілігінен, өмірлік және өнерпаздық тәжірибесінен туындайды. Тізелескен дауда, ғылым-білім бәсекесінде самарқанды сапырып, алмас қылыштай жарқылдатып сөз айту – кез келген шешеннің маңдайына жазылған бақыт емес», – деп жазады [8,116]. Шешен сөз стратегиясын анықтауда халық танымында негізгі құндылықтарға баса назар аударған. Халық танымындағы құндылықтарды бірнеше концепцияның айналасына топтастыруға болады: толық адам, дала заңдары, әділдік, ел-жер, ағайын, намыс, батыр, би.

Қазақ халқының дүниені тану философиясы шығыстық философиядағы ең толық адам, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытады. Көне қазақ қоғамында тұлғаға қатысты «азамат», «алаштың азаматы», «пенде», «кісілікті кісі» деген толық адам концептісін ашатын ұғымдарға ұнамсыз болып табылатын қасиеттер «менменшілдік», «өзімшілдік», «мақтаншақтық», намыссыз, жасықтық ұғымдары қарсы қойылған. [7;9].

Қазақ шешендік сөздерін дикурс ретінде қарстырған авторлар ұжымы Ж.Смағұлова, К.Күркебаева, Ә.Жұмағұлова шешендік сөз дискурсын прагматикалық, гносеологиялық және онтологиялық аспектіде қарастырады [11, 21].

Батыс риторикасындағы аргументтеу модельдерін зерттеген О.Э.Сухарева риторикада тыңдаушының аргумент арқылы берілген ақпараты қабылдауының 6 қалыптасқан моделі бар екенін айтады. Олар: (1) Тұтастық. Адам ақпаратты жүйелі байланыстағы тұтастық ретінде қабылдайды. (2) Ритм. Адам миы ритмдегі, яғни қозағылыстағы ақпараты қабылдайды. (3) Ассоциация. Айғақтардың ассоциация негізінде қабылдануы: мидың жаңа ақпаратты өзінде бар ақпаратпен салыстыру, қарсы қою, дәлдігін айқындау арқылы қабылдайды. (4) Жіктелім. Талдау, салыстыру негізінде ақпараттарды топтастыру арқылы қабылдау. (5) Абстракциялау. Ақпаратты маңыздылығына қарай жалпылау, негізгі және көмекші белгілерді анықтау, жалпылау. (6) Иерархия. Ақпараттар арасындағы бүтін-бөлшектік байланысты, қарым-қатынасты анықтау [13, 13]. Әр халықтың аргументті құрудағы ерекшеліктері туралы Н.И.Рец, А.Н. Баранов зерттеулерінде аргумент құруды адамның дүниетанымындағы концептілердің рөлінің маңыздылығы айтылады [10, 2].

Қазақ билерінің шешендік сөздерінде қабылдаудың ақпаратты жалпы тұтастық сипатта әлем – табиғат – адам арасындағы өзара байланыс түрінде беру арқылы тыңдаушыны сендіру, халық танымында бар құндылықтармен ассоциациялық байланыс орнату арқылы сендіру, жеке мен жалпы арасындағы жалпы байланысты көрсету арқылы сендіруге құрылған сөз модельдері көп кездеседі.

1. Адам танымында ақпаратты ассоциациялық салыстыру, қарсы қою моделіне құрылған аргумент үлгілері:

Атың жақсы болса,  
Ер жігіттің пырағы,  
Балаң жақсы болса,  
Жан мен тәннің шырағы.  
Қызың жақсы болса,  
Жайқалып өскен құрағы.  
Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,  
Екінші – жиғаның,  
Үшінші – ырысыңның тұрағы

*Толе би [6, 193].*

2. Әлемдегі барлық нәрсе өзара байланысты, адам – табиғаттың бөлшегі, табиғат пен адам арасындағы алдыңғысы соңғысына бағынатын тәуелділік бар деген дүние туралы көзқарас шешендік сөзде сендірудің бір тәсілі ретінде қолданылған. Сөз тақырыбын ашу, мәселені анықтауда, көңіл аударуда табиғат құбылыстарын қатар алып ұсыну тыңдаушыны иландыру, айтылған ойды мақұлдату қазақ шешендік сөздерінің басты ерекшелігі деп айтуға болады.

Мысалы, *Абылайханның сұрау салуы*

*Бір күні Абылайхан қарамына көз тойған, үш жүзден озған, әлемнен озған ала аяқ билері бас қосып отырғанда, айтыпты:*

*– Дүниеде тозбайтұғын нәрсе бар ма, өлмейтұғын жан бар ма? Тозбайтұғын не нәрсе? Осыны тауып беріңдер де, менен қалағандарыңды алыңдар.*

*Сонда түбі-тегі қыпшақ Таймас-Жуас орнынан ұшып тұрып, Абылайханның алдына барып жүгініп сөйлейді. Алдияр тақсыр, бұлардың бәрінің айтып тұрғаны тозатұғын нәрселер. Тозбасты ұста соқпайды, Өлместі құдай жаратпаған демеді ме? Құдай дескен құда болады, құшақтасқан дос болады. Дос болғанда, бірінен – бірі жүйірік ат алады, қыран құс алады, түзу мылтық алады. Ат өледі, құс ұшады, түзу мылтық қисаяды, достық сондаймен тозады. "Төсекте басы қосылсын, Төскейде малы қосылсын" деп құда болады. Киіт саларда бір дау, мал берерде екі дау, үйге енгізерде үш дау, ұзатарда төрт дау. Осы даулардың бірде болмаса да, бірімен ол құдалық та тозады. Құдай қосқан құда емес, құшақтасқан дос емес, бірінен – бірі жан аяспайтын, көрмесе, сағынып жүретұғын бір-екі тату болады. Тозбағанда, ол екі татудың татулығы тозбайды.*

Қара жердің өлгені  
Қар астында қалғаны  
Асқар таудың өлгені  
Басын мұнар шалғаны  
Аққан судың өлгені  
Мұз боп тоңып қатқаны

Ай мен күннің өлгені  
Түнеріп барып батқаны  
Өлмегенде не өлмейді  
Ғалымның жазған хаты өлмейді.  
Жақысының аты өлмейді,

*-дегенде естіген жандар сілтідей тұнады. Абылай хан риза болды. Қамқа тонды бас қылып, тоғыз беріпті [6,112-113]. Бұл сөзде толық адам ұғымы жақсы істер істеуші, ізденуші, әлемді танушы адамдардың бейнесі арқылы беріледі.*

3. Адам өмірін табиғат құбылыстарына ұқсату, адамға таныс табиғат құбылыстарын аналогия ретінде қатар алып, ойды абстракциялау аргументтеудің тәсілі болған.

*Тоғай болған тал едім,  
Таяқ қылса, шарам не?  
Айдын шалқар көл едім,  
Құдық қылса, шарам не?*

*Жапалақ құс мақтанса,  
Жардан тышқан алдым дер  
Жаман адам мақтанса,  
Жақсыны аяғынан шалдым дер.*

4. Таза логика заңдарына, бөлшектер арасындағы ұқсастықтардан жалпылықты анықтау арқылы өз ойын дәлелдеу қазақ шешендік сөздерінде жиі қолданылатын аргументтеу жолы болып табылады. Қазақ шешендік сөздері силлогизмге, таза логика заңдарына құрылған пайымдауларға құрылған [1,350]. Пайымдаудың үш тағанды құрылымына негізделген сөздердің жазылмаған дала заңдарына негізделе отырып, тыңдаушыны сендіруге, ойды логика заңдарына сай дәлелдеуге құрылған. Мысалы: *Қара қазаққа хан ие, қара жерге халық ие.*

*Хандығыңды бер де, жерді ал. Хандығыңды қимасаң, қара жерде нең бар?*

Халық арасында тараған әдет құқығын негіздеме-сілтеме ретінде алып, аргумент құру шешендік дауларда көп кездеседі.

*Ұлы жүз бен кіші жүз арасында малдауы туады. Сонда дуды тыңдап отырғана Қазыбек би: – Ұлы жүзді қауға бер де малға қой, Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де дауға қой,-дегені қайда? Соған қарағанда, төре беру жолы менікі емес пе? Жығылсам, алдымнан ағам бар. Сүрінсем, артымда інім бар. Білік менікі еді ғой. Мұны біреуің ауыздарыңа алмағандарың қалай?*

*Төле би сен атадан үлкен болып тудың. Ініңнің бір еркелігін көтеретін жөнің бар. Оны оалмай, жылқысын негеқып аласың? Уа, жарқыным, Мама би, сен атаның қара шаңырағында қалған екенсің, ағаның көзінің тірісінде жеңгенді неге зорлықпен әкетесің? Даугердің адалы құстай ұшатын да, арамы мұрттай ұшатын. Сен Мама би, қатыныңды қайтар, сен Төле би, жылқыны қайтар. Екі жағыңда иесіне табысы болмаған соң, екі аяқты түгіл төрт аяқты қалмасын [6,119].*

Шешендік дауда Қазыбек би ұсынған аргументті семантикалық бөліктерге бөліп көрейік. Шешендік даудағы аргументті құру моделі: 1. Алғышарт: халық түсінігінде бар қағида ұстаным (атаңның өсиеті....). 2. Байланыс (соған қарағанда); 3. Тұжырым (жол менікі емес пе?). 4. Негіздеме (алдымда ағам ....). 5. Байланыс сұрақ – қорытынды. Аргумент құрылымын анықтауда Си.Тулминнің моделі негізге алынды [14,119].

Қорыта келгенде, қазақ шешендік сөздеріндегі аргументтеу модельдері адамның жалпы дүниетаным заңдылықтарына сай индукция мен дедукцияға, себеп-салдарлық қатынасқа, ұқсату, аналогия заңдарына құрылады. Оның басты ерекшелігі ретінде тыңдаушыны алдын ала дайындау, жалпыға ортақ таныс нәрселерді мақұлдату арқылы негізгі ойды беру, әлемді өзара байланысты тұтастық ретіне қарау, табиғат пен адам арасындағы бүтін-бөлшектік байланысты тану, табиғат құбылыстарын аргументтің айғақтары түрінде қолдану, сөз стратегиясын халық танымындағы құндылықтарға бағыттай отырып құру, дала заңдарына, әдет құқығына аргументтің негіздемесі ретінде сілтеме жасау сияқты әдіс-тәсілдерін атауға болады.

### Әдебиет

1. Аристотель. Сочинения в 4 томах. Т.2. М.: Мысль, 1978.- 687с.
2. АдамбаевБ. Казахское народное ораторское искусство. Алматы: Ана тілі, 2007.
3. Баранов А.Н. Аргументация как языковой и когнитивный феномен // Речевое воздействие в сфере массовой коммуникации. М.: Наука, 1990. С. 40-52.
4. ВалихановЧ.Ч. Собрание сочинений в пят томах. Том 4. А., 1985, 450 с.
5. Қосымова Г. Шешендік өнер негіздері. – Алматы, «Баянжүрек», 2007, 295 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6-том. Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, 2005. 394 с.
7. Нысанбаев А. Қазақстандық философия: өткені, бүгіні, ертеңі /”Айқын” газеті, 2013 жыл, 25 қыркүйек
8. Негимов С.Шешендік өнер. – Алматы, 1997. – 203 б.
9. Оразбаева А. Қазаққа тән құқық мәдениетінің қайнары: ұлт тағдырындағы билер институтының бастауы турасында / Оразбаева А. // Егемен Қазақстан. - 1998. 9 қазан.

10. Рец. Н.И. Типичные структуры аргументирования в русском и чувашском языках. Вестник Чувашского университета. Выпуск № 1 / 2013 с.159-161
11. Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздер дискурсы. – Алматы, ҚазҰУ, 2012. -184 б.
12. Сопер П. Л. Основы искусства речи. – М.: Феникс, 2006. – 448
13. Сухарева О.Э. Западная риторическая традиция и проблема убедительности монолога. АҚД, Ижевск, 2010 г., 21 с.
14. Тулмин Ст. Человеческое понимание. – М.: Прогресс, 1984. – 327 с.
15. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Казахстан, 1966, 184 с.

**Жайлаубаева М.**  
*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
2-курс магистранты*

### **«Жақсы//жаман» жұбының ұлттық сарасанадағы тілдік көрінісі**

**Аңдатпа.** Мақала қоғамдағы ең басты тұлға адамның барлық болмысының өзегін құрайтын жақсы және жаман қасиеттерін сипаттайтын тілдік бірліктерді талдауға арналған. Автор «Жақсы//жаман» бинарлы оппозициясының қазақтың ұлттық сарасанасындағы орнын діни таным тұрғысынан қарастырған.

**Тірек сөздер:** діни таным, болмыс, рух, эмоция, субстанция.

**Аннотация.** Статья посвящена анализу языковых единиц, характеризующих положительные и негативные качества человека, оппозицию «Хороший//плохой» как центральную часть, стержень человеческого бытия. Автор рассматривается место-бинарной оппозиции «Хороший//плохой» в казахском национальном самосознании с точки зрения религиозного познания.

**Ключевые слова:** религиозное познание, бытие, дух, эмоция, субстанция.

**Abstract.** This article analyzes the linguistic units, is characterized by positive and negative qualities of a person, the opposition “Good // bad” as the central part, the core of human existence. The author examines the place of the binary opposition “Good // bad” in the Kazakh national identity in terms of religious knowledge

**Keywords:** religious knowledge, being, spirit, emotion, substance.

Тілде алдыңғы ұрпақтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен тәжірибесі, ұлттық өркениетке қатысты белгілер шоғырланады. Сондықтан тіл, мәдениет және өркениет үштігін біртұтас күйде қарастыру қажет. Осы үшеуінің бірлігі *танымға* табан тірейді.

Таным дегеніміз – объективті дүниедегі құбылыстар мен заңдылықтар жөнінде білім алудың әдістері, процедуралары мен үдерістерінің жиынтығы. Ол адамның *сезімі* мен *ақыл-есі* арқылы жүзеге асырылады. Осыған орай, адам әлемі үлкен екі салаға бөлінеді. Олар – ойлау жүйесі мен білімдер қорынан тұратын *зияткерлік (ақыл-ес, интеллектуалдық) әлемі* және сезім мен көңіл күйінен тұратын *эмоционалды әлемі*.

Адам өзін қоршаған ортаны осы екі іргелі сала арқылы танып біледі. Сырттан болатын әсер адамның көңіл күйі мен жан күйіне жағымды я жағымсыз әсер етеді. Адам жағымды әсер алса, *қуанады, сүйінеді, разы болады, шаттанады, рахаттанады, жаны жадырайды т.б.* Ал жағымсыз әсерден *ренжиді, өкпелейді, қапаланады, жабығады, күйінеді, ашынады, ашуланады, бұлқан-талқан болады, т.б.*

Эмоция – ішкі және сыртқы әсердің көрінісі. Эмоциялар – адамның эмоционалдық саласын құрайтын негіз, өзек. Латын тілінде “толғану” деген мағына береді. *Эмоция* – адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы; *қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй*; олар ағзаның әртүрлі қажетсінулерге қанағаттануына немесе қанағаттанбауына байланысты туындайтындықтан *жағымды және жағымсыз* сипатта болады [1].

Сезім – адамның жоғары әлеуметтік қажетсінулері негізінде пайда болатын тұрақты эмоция. Сезім іштей мынадай түрлерге бөлінеді: зият, эстетикалық, адамгершілік сезім т.б. Сезіну мен түйсіну нәтижесінде ойлау, пікір қалыптасып, танымға (сенім) қол жеткізіліп, пайымдау (мысалы, ұқсату негізінде) жасалады.

Танымның *жалпыадамзаттық және ұлттық* формалары болады. Оның *діни, мифологиялық, философиялық, сезімдік және ғылыми* типтері белгілі. Осылардың ішінде ең негізгісі *діни таным* болып табылады. Ол іштей *Аллатану, ғаламтану және адамтану* сияқты аса ірі салаларға бөлінеді.

Діни таным тұрғысынан адам бойындағы қадір-қасиет пен сапа-белгінің бар жиынтығы 999 болса, соның 900-і дене қасиеттері, ал 99-ы рух қасиеттері екен. Сыртқы ғалам тұтасынан дене қасиеттерінің өсіп-жетілуіне қызмет етсе, дене қасиеттері рух қасиеттерінің ұлғайып, күшеюіне қызмет етеді. Басқаша айтқанда, ғалам – адам денесіне, адам денесі – санаға, сана – рухқа қызмет етеді. Рух – дене мен сананы басқарып – Алла тағала арадасына (қалауына) орай құлшылық жасайды. Адам сыртқы дүние тұрғысынан қарағанда кіп-кішкентай ғана бір бүтін бөлшек болса, ішкі жан дүниесі тұрғысынан қарағанда – тұтас бір ғалам. Осы ғаламдағы бар үйлесімділік (гармония) аталмыш 999 жақсы қасиеттің 999 жаман жағы, сынар жағына да қатысты болады. Яғни көрудің жаман жағы – соқырлық, естудің қарсы қасиеті – саңыраулық, ақыл – ашу, жомарттық – сараңдық, мейірімділік – мейірімсіздік т.с.с. болып жалғаса береді. Қай қасиеттің қай жағынан дамытамын десе – адамның өз еркінде. Қасиеттерінің даму дәрежесі әртүрлі болғандықтан, адамдар да әртүрлі болады... [2, 441]. Аталмыш рух қасиеттері және олармен байланысты ұғымдар адам баласының рухани әлемін құрайтыны белгілі. Бұл айтылғандардан адамның табиғатпен, Жаратушы иемен тығыз байланыста тұрғаны ұғынылады. Тіпті күллі жаратылыстың ішінде адам баласының даралануы оған қойылатын әр алуан тілдердегі сұрақтың өзінен байқалады екен. Атап айтқанда, түркі, қыпшақ (қазақ) тілінде «кім?» деген сұрақ адамға ғана қатысты жұмсалса, әлемдегі жүйесі басқа тілдерде (орыс т.б.) бүкіл жанды заттарға қатысты қолданылатыны аян. Мұның сыры тереңде, оны этностың діни-мифологиялық танымына көз жіберу арқылы анықтауға болады. Себебі, бүкіл әлемде тек адам баласына ғана Алла тағала РУХТЫ сыйлаған! Рух пен жанды бір ұғым деп қарауға болмайды. Өзге тіршілік иелерінің жаны болғанымен, оларда адамдағыдай рух жоқ! «Жан жанды, жансыз заттың барлығында да бар. Ол әл-Фараби еңбектерінде «субстанция» деп аталады. Орыс тіліндегі философиялық еңбектерде «сущность» делінеді. Данышпан қазақ адам туралы білгісі келгенде оның рухы болғандықтан КІМ? деп, ал мал, жануар, құс, жәндік т.б. туралы білгісі келгенде рухы жоқ болғандықтан НЕ? деп сұрақ қояды» дейді профессор Б.Сағындықұлы [2, 440]. Зерттеуші Рух жөнінде: «Әуелден ақырға дейін жер бетіне қисапсыз адам баласы келеді. Солардың барлығының рухы бірмезетте жаратылған. Рух – Алла тағаланың құпия қазынасы, адамдарға берген аманаты. Сондықтан да көнекөз қариялар «Адам – адамға қонақ, рух (жан) – кеудеге қонақ» дейді. Оның ғажайып сырлары бізге белгісіз. Біз Жаратушы иенің құпияларын өзі ашқан дәрежесінше ғана білеміз» дейді [2, 439].

Осыған орай, адамның рухани әлемі немесе рухани қасиеттері мәселесі барлық уақытта және барлық жерде маңызды да өзекті. Оның қаншалықты таза, бай, жетілген болуы адамның өзге адамдармен қарым-қатынасының дұрыс болуында шешуші рөл атқарады. Жаратушы Алланы әрдайым күллі жаратылыстан жоғары қоятын, өз өмірін жер бетінде уақытша ғана бола тұруға берілген сынақ мерзімі іспетті «қас

қағым сәт» деп бағалайтын, діни түсінік пен ұстаным қазіргі күнмен салыстырғанда аса терең де кең ауқымда қабылданып ұғынылатын орта ғасырларда өмір сүрген ғұламалардың еңбектерінде осы қарым-қатынастың қандай принциптерге негізделуі қажет екендігі қарапайым тілмен түсінікті етіп баяндалған. Сондықтан қазақтың ұлттық танымындағы дұрыс мінез-құлық қалыптастыру қағидаларын баланың кішкентай күнінен бастап құлағына сіңіруді басшылыққа алудың тиімділігіне, күнделікті өмірдегі әр қадамымызды нық және дұрыс жасаудың кепілі екендігіне тағы бір көз жеткізу үшін қазіргі ғылымдағы адамтану бағытының дербес саласы этнолингвистикалық зерттеулердің де маңызы ерекше.

Адамзат қоғамындағы ең басты тұлға – Адам. Адамның өзі де, сол жасап отырған қоғамдағы, табиғи ортадағы барша құндылықтар мен құбылыстар; сайып келгенде, адамның ақыл-парасаты арқылы сараланып, соған тән танымдық ұғымдармен өлшенеді. Адамның даналығы мен надандығы да, қасиеттігі мен қасиетсіздігі де, жақсылығы мен жамандығы да, табиғат болмысына тән сан алуан заттар мен құбылыстардың жақсы-жаман сипаты, нарқы мен парқы да адам арқылы анықталып бағаланады. Қазақ салтында қалыптасқан қарапайым да әмбебап танымдық өлшемнің «жақсы-жаман» деген екіұдай тәсілі мен ұғымы. Осы екі сөз арқылы барша қазақты «жақсы адам» және «жаман адам» деп, екі бөліп қарайтынымыз шындық. Көріп отырғанымыздай, жақсы адамның іс-әрекетінен туындайтын «жақсылық», жаман адамның іс-әрекетінен туындайтын «жамандық» сияқты абстрактылы ұғымдар да танымдық қасиетке ие. Бұлар да «жақсы», «жаман» сияқты көп жағдайда бір-бірімен қатарласа жүретін контрастивті анықтамалар. Бұлардың да қарама-қарсылық бірлестігін сақтайтын егіз ұғым екендігі қасиетті Құранда да айтылған. Шынында да, біз қарастырып отырған контрастивті танымдық ұғымдардың адамға қатысты болсын, басқа құбылыстарға қатыстыболсын қатар қолданылуында бір заңдылық бары сөзсіз. Мәселен, жер бетіндегі адам баласының бәрі «жақсы», бәрі «жақсылық» істеушілер болып, бірдебір «жаман» адам, «жамандық» істейтін жан болмаса, не керісінше болса, не болар еді? Жер-дүние бір жағына «ауып кетуі» мүмкін-ау онда...! Осыған қарағанда қоғамдағы тепе-теңдікті сақтаудың бір жолы да осы фактор ма деп қаласың. Қазақ логикасында мұны құптайтын деректер бар екенін академик Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты аса ауқымды үш томдық сөздігінде нақты мысалдармен атап көрсетеді. Мысалы, *Бір жаманның бір жақсысы бар; Жаман айтпай жақсы жоқ; Бір айғырдан ала да, құла да туады; Жақсыдан жаман туады – бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туады – адам айтса нанғысыз; Жақсының арты – жын; Бір жақсы мен бір жаман әр жайда бар, Екі жақсы қосылар күн қайда бар?* т.б. сияқты нақыл сөздер контрастивті танымның дұрыстығын дәлелдейтін тілдік деректер екендігі анық байқалады [3, 58].

Қазақ ұғымында Адамның зиялы қасиеттерін сипаттайтын 250-ге жуық сөз-атаулары мағыналарының 50-60-ына ғана талдау жасалыпты. Мәселен, *ақыл, ой, сана, парасат, зерде, зейін, зеректік, ұғым, түсінік, ұят, сезім, ес, иман, игілік, ибалық, көңіл, қалау, таным, қиял, қылық, мерей, машық, ар, намыс, наным, мінез, ождан, опа, пайым, пікір, өнеге, өсиет, рух, рай, рақым, сөз, сенім, сыр, үміт, ізгілік* т.б.

Ә.Қайдар КӨҢІЛ <адам болмысына тән табиғаты аса күрделі, мәні терең, мағынасы кең, мазмұны ауқымды, қолданыс шеңбері шексіз, қолмен ұстауға болмайтын, көзге көрінбейтін ғажайып зиялы қасиеттерінің бірі...> дей келе, «көңіл» ұғымына, түсінігіне қатысты жеке сөздер мен жай және тұрақты тіркестерді, мақал-мәтел т.б. деректерді жинақтап, жүйелеп, мән-мағынасын ашып береді. Көңілдің (34 түрі) **Қамкөңіл**<бір нәрсеге қамыққан, торыққан, көңілге қаяу түскен адам>, екіұдай көңіл, жас көңіл т.б. түрлері сипатталса, көңілге қатысты ұғымдардан, мысалы, **Көлденең кісі көңілге қарамайды** <адамға таныс емес, бейтаныс, бөгде адамдарды ренжіп қалады-ау дегенді ойға алмай, әр нәрсені айтып қалады, ондай жайт адамның көңілін жаралап ренжітеді>, *ақымақтың көңілі тоқ, Соқырдың көзі – көңілінде, Күлегештің*

*көңілі азбас* т.б. Сөздікте үш мыңға жуық мысалдармен Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері сипатталып, адамның тек физиологиялық қасиеттеріне қатысты ұғымдарды бейнелейтін бір жарым мыңдай бірлік талданған. Солардың ішінде, *аяғын алдыру, бұйығып ұйықтау, быржию, дүмпию, көстеңдеу, кілтілдеу, мыртыңдау* сияқты бейвербалды амалдарды білдіретін сөздерді қазіргі тіл ұстанушылар, әсіресе жастар жағы көп қолдана бермейді. Демек олардың тілдік мағынасымен бірге кимыл-әрекеттік сипаты да түсініксіз күйде қала бермек.

Жалпы сөйлеу әрекетіне қатысты этикеттік талаптар қойылмайтын тілдік мәдениет болмайды. Сөзжұмсамдық этикеттің түп-тамыры тіл тарихының өте ерте кезеңінде жатыр. Архаикалық социумда сөзжұмсамдық этикетке тән (жалпы этикет сияқты) құпия сырлар болады.

Сөзге адам мен ғарыштық күштердің өзара қатынастарымен, магиялық және ырым-салтқа қатысты түсініктермен байланысты айрықша мән беріледі. Сондықтан да адамның сөйлеу әрекеті архаикалық социум мүшелерінің көзқарасынша адамдарға, жануарларға және қоршаған әлемге тікелей ықпал ете алады; бұл әрекетті реттеу ең алдымен қандай да бір оқиғаларды болдыруға, «шақыруға» тырысу немесе олардан «қашуға» ұмтылумен байланысты. Мұндай күй-қалыптың қалдықтары сөйлеу этикетінің әр алуан формаларында сақталады; мысалы, тұрақты оралымдар бір кездері әсер етуші күш деп қабылданған салт-жоралық тілектер (Сау болыңыз! Деніңіз сау болсын! Здравствуйте!) болып табылады.

Іс жүзінде барлық халықтардың дерлік сөйлеу этикетіне ортақ белгілер бар, мысалы, сәлемдесу, қоштасу, үлкендерге тіл қатуға арналған сыпайылық формалары т.б. Алайда ол белгілер әр алуан мәдениетте әр түрлі жүзеге асырылады. Әдетте, ондай талаптардың үлкен, ауқымды жүйесі дәстүрлі мәдениеттерде болады. Тіл ұстанушылардың сөйлеу этикетін ұғынып, мән беріп меңгеруі бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылады. Тұйық шеңбер күйіндегі дәстүрлі мәдениетке жалпы мінез-құлыққа, атап айтқанда сөйлеу әрекетіне қойылатын этикет талаптарының абсолюттенуі, яғни қатып қалған ереже-қағидаларға айналуы тән. Өзге тілде сөйлеуші үшін бұл тілдің этикеттік нормалары жат, бұрыс, тіпті қорлайтын сипатта деп қабылдануы ықтимал. Ал сыртқы елдермен біршама ашық байланыстар орнатуға бейім топтарда /социумдарда/ түрлі халықтардың сөйлеу әдебиндегі айырмашылықтар жөнінде жақсы мәлім болады, сондай-ақ олар өзге ұлттардың мәдениетіне, этикетіне еліктеуді тіпті мақтаныш санауы мүмкін.

Сонымен, сөйлеу этикеті ұлттық тіл мен мәдениеттің маңызды бөлігі болып қала бермек. Тіпті, адам бір шет тілін меңгергенде сол тілдегі *қарым-қатынас жасау ережелерін* де білуі және оларды *іс жүзінде қолдана білуі* тиіс екені даусыз. Бұл қазіргі кезде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Үш тұғырлы тіл» мемлекеттік бағдарламасының да нәтижелі түрде орындалуына септігін тигізбек! Алайда барлық құрмет пен ізеттің, әдептілік пен тәрбиеліліктің іргетасы адамның ана тілінен бастау алатындықтан, оның төл мәдениетінде орныққан тілдік және бейтілдік таңбалардың коннотациялық мәнін ажырата білудің, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіре білудің маңызы айрықша зор! Бұл жерде «жақсы» мен «жаманның» ұлттық тілдік санамызда қалыптасқан бейнесі бағдар алатынбасты нысан болмақ!

### Әдебиет

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. — 384 б.
2. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. «Адам ата мен Хауа ана» қиссасы. — Алматы, Ғылым. 1997. -295 б.
3. Қайдар Ә. «Қазақтар ана тілі әлемінде». Этнолингвистикалық сөздік. — Алматы, Сардар. 2013.

## **Этномәдениеттік семантика белгіленімі «Қазақ тілінің Ұлттық корпусында» ескерілуі қажет**

**Тірек сөздер:** семантика, этномәдениеттану, мәдениеттану, этнография, картография, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, экстралингвистикалық және т.б.

**Аннотация.** В статье рассматривается современный взгляд на этнокультурологическую проблематику. Проводится краткий обзор лингвокультурологическим моделям языка, в которых рассматриваются вопросы, связанные с национально-культурной спецификой семантики.

**Abstract.** In article the modern view on an ethnoculturological perspective is considered. The short review to lingvokulturologicheskyy models of language in which the questions connected with national and cultural specifics of semantics are considered is carried out.

Тілді этномәдениеттанымдық тәсілмен зерттеу және мәдениеттану семантикаға заманауи көзқарас А.А. Потебнидің қысқаша концепциясындағы халықтар тілінің мәселелері туралы тарихи талдауында қарастырылған [1]. Аталған шолуда ғалымның ұстанымдарындағы аса маңызды этномәдениеттанымдық тәсілдердің лексикалық бірліктерге эквивалентті қатыстылық жақтарына аса мән берілген. Оған ең алдымен жататындар нақты тілдердің ерекшелік ретінде оны халықтық тұрғыда түсіну және қайсыбір мазмұн ретінде тілде бейнеленетіндігі, сана мен ойлау идеяларының тығыз байланыста болатындығы да тілдің халықтық ерекшелігі деуге болады [1, 189]. А.А. Потебнианың этникалық тілдердің болашақ дамуына қатысты ойларының ұшқырлығын арнайы айта кетуге тұрарлық, себебі ол өз ойларында болашақта ұлттық тілдердің жалпыхалықтық тілге айналып кетуіне қарсы екендігін айтады, ал бұл қазіргі кезде аса өзекті мәселе болып саналады. Сонымен, ғалымдардың ХІХ ғасырдың 90-жылдары айтқан ой-тұжырымдары қазіргі кездегі ғылыми салалардың талабына сай келіп, жаңа ғылыми парадигмалардың негізін құрады және тілге қатысты жаңа эпистемикалық білімді қалыптастыруға айтарлықтай әсер етті.

Этнографиялық саладағы орыс тіл біліміндегі келесі бір бағыт— ол диалектологиядағы, картографиядағы және этнографиялық ақиқатты белгілейтін лексикалық жүйенің жеке фрагменттерін зерттеудегі тілдік-этнографиялық бағыт. Этнография мен лингвистиканың тоғысынан туындаған көптеген ой-тұжырымдар қазіргі замандық этнолингвистика мен лингвомәдениеттану аясында дамып отыр. Н.И. Толстойдың «сөз – зат – әрекет» ұштағаны бойынша [2], мәдениеттің көптеген элементтері (әдет-ғұрыптар, ырымдар, нанымдар және т.б.) тілдердің вербальды, заттық және акциональдық түрлерінде біте қайнасып тұтасып кеткенін байқауға болады. Қарама-қарсы қойылған (яғни бір-біріне толық сәйкес келетін және бірдей ақиқаттықты білдіретін) және қарама-қарсы қойылмаған (яғни басқа зоналарда толық немесе ішінара эквиваленттері жоқ) жайттарды сипаттайтын диалектілік өзгешелікті зерттеу әрекеті қазіргі кездегі мотивацияланған (дәлелді) және мотивацияланбаған (дәлелсіз) лакундармен үндесіп жатыр.

Орыс тілі тарихын этномәдениеттанымдық сипатта зерттеу жүргізу жұмысына психологиялық параметрді қосудың маңыздылығы жеке қарастырылады (Н.Н. Дурновтың, Д.К. Зелениннің, М.Н. Покровскийдің, А.И. Соболевскийдің, А.А. Шахматовтың және т.б. ғалымдардың еңбектері), ал бұл жағдай лингвомәдени парадигма мәнін толығымен өзгертіп, мәдениет түрлерін зерттеудің мынадай бағыттары бөлініп қарастырады: элитарлы мәдениет, дәстүрлі халықтық (диалектілік), дәстүрлі-кәсіби (әлеу-



меттік-диалектілі), идиолектілі. Қазіргі кездегі лингвомәдениеттанымда аталған идеялар бір лингвомәдени қоғамдастық аясында, әртүрлі субмәдениет пен контрмәдениеттің және т.б. әлеуметтік-мәдени вариациялығының әріқарайғы даму процесін жалғастыра түсті.

Тілдік және мәдени құндылықтар аясындағы бағыттарда туыс тілдердің ұлттық-ерекшеліктері анықталып, алынған нәтижелер негізінде әлем тілдерініңбейнесіжасалады, мысалы, славян тілдерінің әлемдік бейнесі немесе – әлемдегі балкан тілдерінің моделі. Шындығына келсек, зерттеу проблемасы мен мақсатына қарай, көбінде мұндай жұмыстар лингвистика саласынан гөрі этнография саласы бойынша орындалғанын айта кету қажет. Нәтижесінде бұл жұмыстар лингвомәдениеттану бағыты бойынша жаңа бағыттардың туындауына себепші болды.

Тілдік құбылыстар мен этнос реалийлерінбірлікте қарастыру дәстүрі лингвоелтану концепсиясына бекітіледі. Шындығында, тәжірибеде лингвоелтану материалдарын оқыту-дидактикалық мақсатта пайдалану Л.В.Щерба, В.В.Виноградовтың еңбектеріне тіреледі [3, 4]. Осы салада зерттеу жүргізген ғалымдардың қажырлыенбегінің арқасында және лингвоелтану мәселесін этномәдениеттаным тәсілдерімен зерттеуде семантиканың ұлттық-мәдени ерекшелігін оның тек жеке фрагменттері түрінде ғана емес, толық түрдегі лексика-семантикалық жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік туды.

Тіл концепсиясының лингвоелтану мәселенің маңыздылығын тілге қатысты этномәдени көзқараста, әсіресе оның лексикалық семантикаға қатысты үлесінің зор екендігін, әсіресе, лингвомәдениеттану саласын жеке ғылым саласы ретінде санауға қатысты атқарған ролін баса айтуға болады. Әсіресе, оның маңыздылығы семантиканың лингвистикалық және экстралингвистикалық қатыстылығын шешуге байланысты жаңаша көзқараста қарастырылуы. Лингвоелтану мәселесі тілдік бірліктерді тілдік семантика аясынан сырт шығып қарастырмауға тырысудәстүрінен айыруға көмектесті, яғни дәстүр бойынша тілді мәдениеттен және тіл иелерінің ұлттық санасынан ажыратуына мүмкіндік жасады.

Бірақ, лингвоелтану концепсиясының өкілдері күнделікті өмірге семантиканың ұлттық-мәдени ерекшелігін толық сипатта зерттеу мәселесін күн тәртібіне қойып, эквивалентсіз лексиканы зерттеуге негізгі зейінді аударуға көңіл бөлген, ал эквиваленттілік пен фоналық номинативті бірліктер назардан тыс қалғаны белгілі. Дей тұра, жүргізілген бақылаулардың нәтижесінде мәдениаралық қатынастар жасау шарты бойынша сөздік эквиваленттері әртүрлі дәрежедегі эквиваленттіліктер байқалады, ал табиғаты мен сипаттамасы бойынша мағынасы айтарлықтай айқын емес фондық лексика зерттеушілер назарынан тыс қалғаны мәлім. Оның үстіне, ұсынылған салыстырмалы-аударма принципілингвоелтанусөздігін классификациялауда негіз етіп қойылып, тек эквивалентті және эквивалентсіз лексикалар үшін анық түрде жүзеге асады да, ал фондық сөздер тілдік емес әдістемелік критерийлер арқылы ғана таңдалып алынады. Бұл жерде түсініксіз болып тұрған мәселе - эквивалентті лексиканы бөліп алу мен оны сипаттау әрекеттері. Себебі олардың мәртебесі осы кезге дейін тұрақты түсіндірілмей келеді, ал сонымен бірге фондық және эквиваленттік сөздер арасы да нақты ажыратылмай жүр.

Біздің шолуымызда Н.Г. Комлевтің семантикалық концепсиясына арнайы орын берілді. Ғалым Н.Г. Комлев тілдің «полиморфалық» табиғатына сүйене отырып, тіл мүмкіндігі тек қарым-қатынас кезіндегі қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге таным құралы ретінде адамға қызмет ететінін айтады [5].

Ғалым Н.Г. Комлев мағынаны субъективті элементке қатыстыра отырып, Ресейлік лингвистикада алғаш рет мәдениет компонентінің табиғатын жүйелі түрде зерттеу керек деген ұсыныс жасаған болатын. Автордың ақиқат-сөздермен шектелген лексика аясынан сырт шығуы, яғни әртүрлі тілдердегі тең бағалы сөздер облысына шығуы өздерінің теориялық салдары жағынан айрықша жағдай болып саналады.

Ғалым Н.Г. Комлев өзінің тәсілін лингвомәдениеттанымға қатысты деп атамағанымен, ғылыми айналымға қазіргі парадигмаларда өзінің маңыздылығын жоғалтпаған ұғымдық-терминологиялық аппаратты активті түрде енгізді. Мысалы, ғалым сөздің мәдениет мағынасына қатысты болуынан сөздердің коннотация көлемінің әртүрлі болуын әртүрлі адамдардың дұрыс ұғынуы үшін «ақпараттық жүктеме» деген терминді пайдаланады. Мұндай жағдайды әр адамның әр көлемдегі білімге ие болуымен де түсіндіруге болады.

Шетел ғылымында тілге этномәдениеттанымдық тәсілді қолданудың қайнар көзі В. фон Гумбольдтың салыстырмалы антропология концепциясына тіреледі [6]. Ал бұл концепция еуропалық дәстүрге және америкалық ғылыми дәстүр арнасындағы мәдени антропология концепцияларына да бастама болды (Фр. Боаса, Б.Л. Уорфа, Э. Сепира еңбектерінде [7]). Зерттеуде «ұлттық бөлінулер», «ұлттың тілдік сана-сезімі», тілдік айырмашылықтың негізін құрастырушы ретіндегі адамның рухани күшінің әрекеті, тіл мен адамның ұлттық ата тегі, өркениет пен мәдениет араларындағы байланыстарға қатысты мәселелерге акцент жасалады. Осындай контексте ғалым В. Гумбольдтке тіл рөлі соншалықты маңызды болып көрінеді, тіпті зерттеуші егер халықтың дүниетанымы көптеген әдебиеттерде көрініс тапқан жағдайда, онда халықтың мінез-құлығын тілдік деректер бойынша зерттеу мүмкіндігі болатындығы жайлы аса маңызды қорытындыға келеді. В. Гумбольдтің еңбектерінде ұсынылған жалпы сана-сезім құрылым ішіне енетін тілдік сана концепциясы кейіндеу Г.Г. Шпеттің зерттеулерінде өз жалғасын тапты [8]. Оған себеп болған өзінің жалпыға бірдейлігімен сипатталатын «сана мәдениетінің» тілде өзінің бастауы мен алғашқы формасы бар және әртүрлі формада (көркемөнер, ғылым, құқық және т.б.) көрініс табады. Тілге этномәдениеттану әдісін қолданудың келесі даму жолдары саналатын мәдениет элементтері ретінде «сөз-ұғым» идеясын жатқызуға болады. Мұнда ұғымның диалектикасы және мүмкіндіктер диалектикасы көрініс табады, ал соңғысы, яғни мүмкіндіктер диалектикасы мәдени мағынаны жүзеге асыратын диалектика және ол «экспозициялау мен түсіндіру диалектикасы» деп аталып жүр.

Тілді этномәдениеттану көзқараспен зерттеуге салмақты үлес қосқан америкалық антропологтар болатын. Ғалым Б.Л. Уорф тіл мен мәдениет арасындағы сәйкестіктер сипаты жайлы бірнеше жайттарды тұжырымдады және сонымен бірге мәдениет фактілерінің лингвистикалық тұрғыда шарттастық принципін негіздеді, әлемді бөліктеудегі тілдің рөлін көрсетті, тіл мен ойлау/сананы және әртүрлі әлем бейнесінің қалыптасу жолдарын және т.б. зерттеді. Бірақ бүгінгі күні де өзінің маңыздылығын жоғалтпаған көптеген мәселелердің шешімін табу қазіргі кездегі білім тұрғысынан бізді қанағаттандыра бермейді, себебі тіл рөлінің гипертрофиялануы және халықтардың әртүрлі тәжірибелері мен адамдардың сана-сезімін бағаламау және т.б. орын алады. Нәтижесінде автор әртүрлі тілдердің семантикалық кеңістіктер араларындағы айырмашылықтардың себебін ескертетін факторлар рөлін бағалауды ұсынады. Әрине, мұнымен келісу қиынға соғады.

Э. Сепирің еңбектерінде біз қазіргі лингвистиканың айырмашылығына жатқызуға болатын полипарадигмалықтың бастауларын кездестіреміз [7]. Ғалым мәдениет концепциясын дамыту жолдарын зерттейді. Мәдениет пен оның түрлері мен өркениеттің даму деңгейінің тәуелсіздігі мен мәдениеттің өз-өздерін қанағаттандыра алатындығын негіздейді, сонымен бірге мәдениеттің даму сатылары мен тілдік морфология арасындағы себепті байланыстың жоқтығын баса көрсетеді. Американдық тілшілер ғылыми айналымға жаңа зерттеулер парадигмаларында («ойлау әлемі», «ойлау кеңістігі», «тілдік ойлау ортасы» және т.б.) өзекті саналатын ұғымдарды енгізді.

Этномәдениеттанымның келелі мәселелерінің жиынтығына қазіргі кездегі көзқарасты біз лингвомәдениеттанымның тілдік моделіне қысқаша шолу жасаумен шектелдік. Онда семантиканың ұлттық-мәдениет ерекшелігіне, этномәдениет ақпаратты және тілдің лексикалық жүйесінің этномәдениеттаным параметрлерін өлшеуге қатысты мәселелер қарастырылды.

Тілдің лексикалық жүйесін этномәдениеттанымдық негізде сипаттауға арналған біздің зерттеуімізде этномәдениеттік мазмұн сипатын бағалау критерийі қолданылған. Мазмұн сипаты тілдік белгі мағынасына бекітілсе, сол сияқты активті этномәдениеттік мағыналар тілдік тұлғаның санасына тіркеледі. Осы зерттеудің негізін құрайтын «этномәдени мазмұн» ұғымы ақпараттық-мағына кеңістігінде барынша жеткілікті кең категория ретінде саналады және ол этникалық пен мәдени факторлар арқылы қалыптасады, дамиды және өзгереске ұшырайды. Бұған тілдік мағына аясынан сырт жататын құбылыстардың қатысы бар. Яғни айтарлықтай кең және тілге қарағанда біршама тілге тәуелсіз контекст (мәтін үзіндісі) негізінде жасалады, ал дәлірек айтсақ, оған әсер ететін: концептер жүйесі, идеялар, білімдер, ассоциациялар. Ұсынып отырған этномәдениет мазмұнындағы концепциякелесі тұжырымдарға негізделеді:

1. Егер тілді ұлттық мәдениеттің қоғамдық құбылысы деп түсінетін болсақ, онда барлық лексика-фразеологиялық тілдік жүйе мәдени өлшеммен сипатталады. Аталған тілдік жүйе, бір жағынан, қоршаған ортаға жалпыадамзаттық кешенді-мәдени көзқарасты, екінші жағынан, нақты халықтың дүниеге көзқарасы мен дүниетанымын өз жадында сақтайды. Сондықтан, кез келген екі лингвомәдени қоғамдастықтар арасында белгілі дәрежеде мәдениеттер аясының сәйкестігі болуынан, мұндай сәйкестік толық немесе ұқсастық түрінде тілдік бірліктерге қатысты да байқалады. Мұндай жалпыадамзаттық мазмұндағы мәселе әртүрлі тілдердің сәйкес келетін семантикалық құрылымына енуі қамтамасыз етеді, ал бұл жағдай әртүрлі тілдер арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік жасайды. Этномәдени семантиканы зерттеу мәселесі жалпы мазмұн ішінен бірегей ерекшелікке ие және қайталанбайтын, әрі әмбебап сипаттағы семантикалық бірлікті іздеп-табу әрекетін-жүзеге асыруға жағдай жасайды.

2. Этномәдени мағына, шындығында, көп өлшемді, қолданушы жағынан әртүрлі, тілдік бірлік пен сөйлеу тілі/мәтіндік жағынан локалданған, экспликациялық пішін жағынан, ұлттық-мәдениет түптұлғалық этникалық тіл иелері жағынан тәуелділік дәрежесі бойынша бірдей емес.

3. Этномәдени мазмұнның бастауы әрекеттестік кеңістігінің әртүрлі деңгейінен байқалады:

- *тілдегі мәдениет* – қарастырып отырған тілдегі этномәдени ақпараттың ең ұтымды индикация тәсілдерін айқындау арқылы, олардағы анық және жасырын сілтемелерді жүйелеу арқылы;

- *этнос және тіл* – номинация бірлігіндегі әлемге деген арнайы көзқарасты бейнелеудің әдіс-тәсілдері және сонымен бірге нысанды идентификациялау кезіндегі қайсыбір белгіні таңдауды қоса есептегенде;

- *мәдениет тілі* – осы лингвомәдени қоғамдастыққа тән мәдени мәнді тілдік бірліктерде жүзеге асқан концептерді талдау.

- *мәдениеттегі тіл* – тіл мен тілдік бірліктердің мәдени символикасы.

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты қазақ тілінің лексикалық семантикасын салыстырмалы-аударма аспектісінде лингвомәдениеттанымдық әдістің теориялық жағын жете зерттеу және болашақта лингвомәдениеттаным типіндегі қазақ-орыс-ағылшын үштілдік сөздікті құрастыру болып табылады.

Сондықтан, біздің зерттеу нысанымызға мазмұндық-ақпараттық құрылымы бойынша лингвистикалық және этномәдени ақпараттарды қоса қарастыруды мақсат ететін лексикалық және фразеологиялық бірліктер алынады. Мұндай зерттеу нәтижелерінің негізінде қазақ тілі ұлттық тіл ретінде этнос пен мәдениет кеңістігінде қарастырылып, аса маңызды этногендік фактор болып саналады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілінің Ұлттық корпусын құрастыру кезіндегі мәтіндерге мәдени-семантикалық белгіленім жүргізу тұсында ескеріледі. Сонымен бірге, бір тілден екінші тілге аударма жүргізуге қатысты дәріс оқу, тілаларлық

катынастар мен мәдениаралық тілдесуге қатысты оқылатын дәрістер үшін де пайдалануға болады деп санаймыз.

### *Әдебиет*

1. Потенция А.А. Мысль и язык. К.: СИНТО, 1993. - 192 с.
2. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и её роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в этнографии. Язык и этнос. Л., 1983.
3. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. М.: Едиториал УРСС, 2004. - 432 с.
4. Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Избранные труды. М.: Изд-во «Наука», 1980. - 359 с.
5. Комлев Н.Г. Компоненты содержательной структуры слова. М.: Едиториал УРСС, 2003. - 192 с.
6. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. М.: Прогресс, 1985. - 451 с.
7. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. М.: «Прогресс», 2001. - 652 с.
8. Шпет Г.Г. Внутренняя форма слова (этюды и вариации на темы Гумбольдта). М.: Едиториал УРСС, 2003. - 216 с.

***Кошербаева Г.И.***

*Центрально-Азиатский университет,  
магистр педагогических наук*

### **Функциональный подход к изучению грамматики иностранного языка**

**Аңдатпа.** Ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың саналы белсенділігін арттыру, сөйлеу мәнерімен қабілетін дамытуға коммуникативтік өзіндік қызметін шығармашылық арқылы іске асу керек. Грамматиканы оқыту барысында негізгі ретінде бөлінбейтін түсіндірілетін грамматикалық құбылыстар есебін де қарастыру керек және сол грамматиканы оқыту мақсатта сөздер позициясын қарастыру керек. Бұл әдістемелік трактывароқыту кезінде белгілісі грамматикалық ережелеріне сай келтіретін болуы және ол мүмкіндігінше еркін жұмыс істеуі керек.

**Тірек сөздер:** формалды және функционалды грамматика, лексикалық және психологиялық негізінде, ізденісті оқыту.

**Аннотация.** Процесс обучения иностранным языкам должен включать осознанную активность обучаемых на уровне речевого поведения и развивать способность осуществлять коммуникативную деятельность самостоятельно не только и не столько на репродуктивном уровне, сколько на уровне продуктивном, творческом. при обучении грамматике за основу нередко принимается как бы нерасчлененное понятие грамматического явления, которое оказывается недостаточным, если рассматривать конечную цель обучения грамматике с позиций речевой деятельности. методическая трактовка этих признаков позволит более рационально формулировать грамматическое правило, сделает его истинно рабочим за счет освобождения от всего лишнего, случайного.

**Ключевые слова:** формальная и функциональная грамматика, лингвистическое и психологическое обоснование, поисковое и обучающее обучение.

**Annotation.** The process of learning a foreign language must include the conscious activity of students at the level of verbal behavior and develop the ability to carry out

communication activities on their own, not only and not so much on the reproductive rate as at the level of the productive and creative. When teaching grammar as a basis are often taken as if undifferentiated notion of grammatical phenomena, which is not sufficient, if we consider the ultimate goal of learning grammar from the standpoint of speech activity. Methodical interpretation of these features will enable more efficient to formulate a grammatical rule, make it a true work by the release of all superfluous, accidental.

**Keywords:** formalandfunctional grammar, linguistic, psychological and methodological alrationale,exploratoryand teachingtraining.etc.,.

Коммуникативный подход к обучению иностранным языкам вступил в новый этап своего развития. Лингвисты и лингводидакты стали проявлять большой интерес не просто к языковым способностям, а к способностям человека понимать и порождать речевые высказывания. Появились такие категории, как глобальная компетенция, языковая личность, языковое сознание. Наряду с овладением обучаемыми лексическим минимумом в соответствии с грамматической и синтаксической структурой языка, речь идет и об овладении концептами культуры иносоциума, а также коммуникативно-поведенческими навыками и умениями. То есть основной акцент учебной дисциплины «иностраный язык» должен быть направлен на формирование у обучающихся многослойного и многокомпонентного набора языковых способностей, умений, готовности к осуществлению речевых поступков разной степени сложности, поступков, включающих выявление и характеристику мотивов и целей, движущих развитием личности, ее поведением.

Процесс обучения иностранным языкам должен исключать мало осознанную активность обучаемых на уровне речевого поведения и развивать способность осуществлять коммуникативную деятельность самостоятельно не только и не столько на репродуктивном уровне, сколько на уровне продуктивном, творческом. Такая способность отличает лишь личность свободную, раскрепощенную, умеющую действовать «от своего собственного лица» [1], т.е. умеющую реализовать свои личные коммуникативно-познавательные потребности. Развивать свои коммуникативно-познавательные потребности обучаемый может двумя способами. Первый связан с использованием приемов, стимулирующих ситуацию реального речевого общения (*разыгрывание диалогов-образцов, деловые игры* и т.д.). Второй способ – построение в учебном процессе «предлагаемых обстоятельств» таким образом, чтобы обучаемый реально оказывался в ситуации, когда ему приходится действовать так или иначе.

В свете новой дидактико-методической системы второй способ является предпочтительным. К тому же общение – это не просто обмен информацией, направленный на достижение определенной цели. Общение есть активное взаимодействие участников этого процесса, цель которого чаще всего имеет «неязыковой» характер. Язык выступает лишь средством осуществления этого взаимодействия, в ходе которого люди, воздействуя друг на друга при помощи знаков, организуют свою совместную деятельность. Поэтому, если речь идет об общении как активном взаимодействии его участников, то организуя это общение в учебных условиях, следует «включать» процессы овладения иностранным языком не только в коммуникативную деятельность, но и в предметно-коммуникативную [2].

Осознанная ориентация на коммуникативное, мотивированное обучение требует иного структурирования системы обучения языку. Очевидно, что насущные проблемы современной школы – это воспитание речевой культуры, создание предпосылок к заинтересованности учеников в свободном владении языком и его ресурсами, формирование умения общаться (не только говорить, но и слушать другого), вести дискуссию, выражать свою точку зрения наиболее выразительными и действенными средствами.

Существующие стратегии обучения грамматической стороне речи показали свою несостоятельность.

Как известно, каждая грамматическая структура обладает формальной и функциональной сторонами. В речи ведущей стороной является функциональная. В традиционном обучении, однако, ей отводится второстепенная роль: вначале усваивается форма. Что касается функциональной стороны, то учащимся, чаще всего, сообщается только грамматическое значение. В лучшем случае результат такой: учащийся знает структуру, правило ее образования, но не владеет ею.

Стратегия же функционального обучения представляет собой нечто совершенно иное.

Функциональный подход связан преимущественно с направлением изучения языка от значения к форме и функции.

Функционально-направленное обучение грамматике представляет собой единство подхода к языку (рассмотрение коммуникативных возможностей грамматических явлений) и к обучению (учет конкретных условий обучения, осуществляемого с определенными целями и с данным контингентом обучаемых). Хотя функциональное направление в лингвистике в первую очередь связывают с анализом фактов языка «от значения», это отнюдь не исключает рассмотрения языковых явлений «от формы» [3].

Учебная функциональная грамматика уже в силу своего назначения предполагает именно сочетание подхода к грамматическому явлению «от формы» и «от значения» как при работе над теорией, так и в упражнениях.

Изучение основ функциональной грамматики позволяет не только показать взаимодействие языковых единиц разных уровней, но и обучать правилам выбора этих единиц для нужд языкового общения. Например, зная систему средств выражения побудительности, предложения к совершению действия, может быть сделан выбор в пользу того или иного явления в зависимости от условий общения. Так, приглашению может быть выражено по-разному: “*Let’s have lunch now!*”, “*We could have lunch now.*”, “*I suggest that we have lunch now.*”, “*Why not have lunch now?*”. Предпочитая один способ выражения говорящий руководствуется:

- особенностями ситуации речи (официальная – неофициальная);
- отношениями с собеседником (близкие – неблизкие);
- возрастом партнера по коммуникации (моложе говорящего – старше него);
- социальным или профессиональным статусом (например, начальник – подчиненный);
- даже тем, заинтересован говорящий в побуждаемом действии или не очень.

В результате из ряда близких (но не тождественных) вариантов будет выбран наиболее приемлемый (по мнению говорящего). Обосновать необходимость и целесообразность применения в школе функционально-семантического подхода к языку можно с позиций современной лингвистики, психологии речи и методики преподавания.

**Лингвистическое обоснование:** не следует разрывать в процессе изучения языка то, что связано и по смыслу, и по логике коммуникации. Знания о системе глагольных форм времени ученики получают разрозненно и только к 11-му классу имеют полное представление обо всех способах выражения временных отношений: предложных сочетаниях (*in an hour; after dinner; during the break*), наречиях (*today, yesterday, tomorrow*), устойчивых выражениях, причастии, деепричастии, сложноподчиненных предложениях с придаточными времени, не говоря уже о возможности той или иной временной формы выполнять различные функции (например, Present Continuous – для выражения настоящего и будущего времени). И подаются эти сведения разрозненно, в разных разделах курса, а в практике речи мы каждый раз стоим перед выбором, как сказать: “*Two friends were having lunch talking about Ann’s birthday.*”, “*At lunch two friends ...*”, “*While having lunch two friends ...*”, “*When two friends were having lunch they ...*”. Получается, что ученики могут осуществлять необходимый выбор, руководствуясь

только интуицией, опытом общения и языковым чутьем, в то время как эти смысловые связи можно целенаправленно показывать и использовать в процессе изучения языка. Объединение таких связанных по смыслу единиц в поля, а затем установление правил их функционирования помогут осмысленному применению этих знаний в речи.

Для такого свободного и правильного владения языком следует по возможности раньше и в определенной системе представить весь арсенал языковых средств и учить правилам выбора в соответствии с коммуникативной задачей.

**Психологическое обоснование:** прежде чем выразить мысль, человеку необходимо произвести отбор из имеющихся (или по крайней мере известных) средств выражения наиболее, на его взгляд, подходящих в данной ситуации, в данном типе речи. Согласно данным современной психолингвистики, существуют особые механизмы "включения" языковых знаний в акт речи. "Надо допустить, что существует такое устройство, которое так суживает объем словаря, что искомая группа слов сама выплывает из памяти. Такое устройство не состоит из слов, но вместе с тем оно только через слова и может реализоваться. Это то, что раньше было названо смысловым рядом"[4]. Очевидно, что отбор грамматических элементов и конструкций в процессе подготовки речи основан на аналогичном принципе: говорящий или пишущий концентрирует свое внимание на смысле планируемого сообщения, и это приводит к включению такого механизма, который извлекает, вытягивает из памяти искомый материал. Затем происходит выбор из этого семантического поля (ряда) нужных компонентов в зависимости от уровня языковой компетенции говорящего, условий и цели общения, типа речи и т.д. Этот своего рода слово- или формоискатель опирается на семантические связи между разноуровневыми языковыми элементами.

**Методическое обоснование:** при изучении уровневой структуры языка, происходит сознательный отрыв от реальной жизни языка. Язык рассматривается как неподвижная, статическая система. Переход к изучению активной, динамической системы языка позволит приблизиться к реальным условиям его функционирования. В речи происходит столкновение не с уровнями (ярусами, этажами) языка, а с правилами выбора из ряда единиц разных уровней со сходным, близким значением таких, которые более всего подходят для данной ситуации. Активизация реально существующих логических, смысловых связей между языковыми уровнями будет содействовать развитию ассоциативного и логического мышления школьников. Объединение связанных по смыслу единиц разных уровней в один блок (поле) вырабатывает навык поиска семантически близких компонентов, включает механизмы выбора и содействует более эффективному овладению богатствами языка. Обнаружение связей между единицами разных уровней языка создаст и более мотивированную систему его преподавания. Поисковое, развивающее, во многом опережающее обучение будет мощным толчком в развитии интереса к языку. При таком подходе неизбежно "забегание" вперед, обращение к не изученным еще аспектам грамматики. Преимущества опережающего обучения очевидны: все, что существенно для выражения одного типа семантики (смысла), будет сконцентрировано в рамках одной грамматической темы, одного блока. Такие семантические сближения необходимы для понимания реальной жизни языка и его функционирования, а главное – для применения этих знаний в практике речи [5].

Сопоставление единиц разных уровней будет стимулировать интерес к языку, обнажит смысловые, логические связи, будет содействовать изучению правил выбора: почему так, а не иначе, какие варианты возможны, в каких ситуациях, типах текстов и т.д. Тем самым усилится и мотивация обучения, и его коммуникативная направленность.

При обучении грамматике за основу нередко принимается как бы нерасчлененное понятие грамматического явления, которое оказывается недостаточным, если рассматривать конечную цель обучения грамматике с позиций речевой деятельности. В прило-

жении к конкретному грамматическому материалу, по-видимому, точнее ставить вопрос не о том, как научить употреблению в речи, скажем, артикля, а о том, каким сторонам артикля ("от формы" и "от значения") следует обучать, чтобы добиться его правильного употребления учащимися в высказывании, относящемуся к тому или иному виду речевой деятельности и имеющему определенную коммуникативную задачу. Грамматическое явление в данном случае можно представить в описании "от формы" как некую совокупность функционально значимых признаков разного рода. Методическая трактовка этих признаков позволит более рационально формулировать грамматическое правило, сделает его истинно рабочим за счет освобождения от всего лишнего, случайного.

При рассмотрении существующих лингвистических описаний грамматических явлений с целью выделения функционально значимых признаков следует учитывать не только релевантность этих признаков для коммуникации, но и возможности положительного переноса из родного языка обучаемых.

### *Литература*

1. Баранова Е.Н., Дуленко Е.П. «О подготовке к межкультурному языковому общению» // Педагогика.-1998.-№1

2. Бондаревская Е.В. «Гуманистическая парадигма личностно ориентированного образования» // Педагогика .- 1997.-№4

3. Васильева Н.А. «Европейский год языков и вариативность педагогических технологий при обучении немецкому языку как второму иностранному» // Педагогика .- 2001.-№6

4. Жинкин Н.И. Язык – речь – творчество // Обучение иностранному языку как коммуникативному взаимодействию», Сб. научн. тр. Вып. 443, М., 1999

5. Пассов Е.И. «Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению». М.,1989.

*Кошербаева И.*

*Центрально-Азиатский университет,  
магистр педагогических наук*

### **Обучения чтению в условиях новой парадигмы иноязычной образования**

**Андатпа.** Қазіргі таңда термин ретінде біршама тұрақтанған оқылым түріне деген ғылыми қызығушылық артуда. Біз ғалымдардың зерттеулерінен оқылым түрлерінің көптеген атауын кездестіре аламыз. Бұлайша оқылым түрлеріндегі атау санының артуын зерттеушілердің ғылыми талдауға қандай құрылымды негіз етіп алуына байланысты оқылым түрлерінің әртүрлі классификациясын ұсынуында деп білеміз. Алайда авторлардың бір ғана затты немесе құбылысты әр түрлі атауы да кездесіп жатады. Қазіргі уақытта бұндай олқылықтарды ретке келтіру үшін оқылым түрлерінің атауын біріздендіруде. Сондай-ақ оқылым түрлерінің әрбір классификациясы өзінің жекеленген қағидаларына сүйенеді.

**Тірек сөздер:** оқылым түрлері, сырттан оқу, іштен оқу, аналитикалық және синтетикалық оқылым, дайындалған оқылым, аударылатын және аударылмайтын оқылым.

**Аннотация.** В настоящее время возрастает научный интерес о видах чтения, которое является наиболее разработанным и одновременно терминологически наименее устоявшимся. В исследованиях ученых мы можем найти много названий видов чтения. Их огромное количество можно объяснить тем, исследователи предлагают са-



мые разные классификации видов чтения, исходя из того, какой компонент научного анализа они берут за основу. Но встречаются и такие случаи, когда авторы для обозначения одного и того же предмета или явления используют разные названия. В настоящее время ведутся работы по устранению таких недопониманий, и делаются попытки разобраться в названиях видов чтения. Также необходимо подчеркнуть, что каждая классификация видов чтения опирается на свои отдельные принципы.

**Ключевые слова:** виды чтения, чтение вслух, чтение про себя, аналитическое и синтетическое чтение, подготовленное чтение беспереводное и переводное чтение и др.

**Annotation.** Today growing scientific interest helps to identify the different types of neologisms in the formation of new oil and gas terminology. In the classification of the main ways of oil and gas terms is borrowing from English, Russian, Arabic and other languages. The study of foreign language elements in the Kazakh language terminology interest to define the process of contacting the Kazakh language and clarify the material basis of loanwords. The terminological borrowing of oil and gas in the Kazakh language are describes in this article.

**Keywords:** educational space, technical translation on oil and gas industry, terminological dictionaries, economic and insurance aspects of oil and gas terminology.

Изменение, происходящие в современном мире во всех его жизненных сферах, в особенности иноязычного образования, ставит перед отечественной методической наукой и практикой преподавания иностранных языков задачу обеспечить реализацию социального заказа 21 века. Решение задач подготовки специалиста новой формации как активного субъекта межкультурной коммуникации, компетентность которого адекватно обеспечивает востребованный временем высокой уровень взаимопониманий в условиях международных контактов, требует новых методологических подходов. Разработанная ныне теоретико-методологическая основа межкультурно-коммуникативной концепции современного иноязычного образования позволяет исследовать конкретные виды иноязычной речевой деятельности. В этой связи необходимо отметить на важность логически корректных и аргументированных высказываний, требующих специальных навыков критического и творческого мышления у студентов в чтении.

Чтение является рецептивным, реактивным и по форме протекания невыраженным внутренним видом речевой деятельности.

Механизмы чтения (восприятие, внутреннее проговаривание, механизмы кратковременной (оперативной) и долговременной памяти, прогнозирование, осмысление) опираются на зрительное восприятие речи. Зрительное восприятие информации и процесс её протекания способны обеспечить более надёжное сохранение образов, чем слуховое (при аудировании), так как читающий имеет возможность регулировать и управлять этим процессом (замедлить темп чтения, вернуться назад – прочитать повторно, задержаться на месте, «перескочить» через некоторые места текста), что обуславливает несколько иную работу механизмов чтения.

Процесс чтения базируется на технической стороне, т.е. на навыках, которые представляют собой автоматизированные зрительно-речемоторно-слуховые связи языковых явлений с их значением, на основе которых происходит узнавание и понимание письменных знаков и письменного текста в целом, и следовательно, реализация коммуникативного умения чтения.

При чтении человек не только видит текст, но и проговаривает про себя и одновременно слышит себя со стороны. Именно благодаря механизму внутреннего проговаривания и происходит сличение графического и слухомоторного образов. Наиболее ярко действие этого механизма наблюдается у начинающих читателей (шепотное чтение). Постепенно, с накоплением опыта, внутреннее проговаривание исчезает.

Важным психологическим компонентом процесса чтения является механизм вероятностного прогнозирования, который проявляется на смысловом и вербальном уровнях.


Смысловое прогнозирование – умение предугадать содержание текста и сделать правильное предположение о дальнейшем развитии событий по заголовку, первому предложению и другим сигналам текста.

Вербальное прогнозирование – умение по начальным буквам угадать слово, по первым словам угадывать синтаксическое построение предложения, по первому предложению – дальнейшее построение абзаца.


Развитию прогностических умений способствует выдвижение гипотез и система ожиданий читающего. Процесс подготовки сознания к восприятию информации побуждает читающего вспоминать, догадываться, предполагать, т.е. включать способности своей долговременной памяти и личного социального опыта.

Согласно Ф. Смиту, при чтении необходимы два вида информации: визуальная (из напечатанного текста) и невизуальная (понимание языка, знание предмета, явления, знание о мире). Чем больше невизуальной информации у читающего, тем меньше ему надо визуальной информации и наоборот. Когда мы начинаем читать бегло, мы начинаем больше полагаться на то, что мы уже знаем и меньше на печатный текст[1].

Например:



В процессе чтения наш мозг воспринимает и хранит не механическое отражение действительности, которую мы воспринимаем, например, последовательность букв, а смысловое единство, которое мы конструируем. Конструирование смысла протекает как интерактивная деятельность, в процессе которой взаимодействуют два источника информации – информация из источника и имеющиеся у читающего знания (Рисунок 1).



**Конструирование смысла в процессе чтения**

Рисунок 1. Интерактивная деятельность чтение

Чтение – это активная, конструктивная и интерактивная мыслительная деятельность, в процессе формирования которой необходимо преодолеть массу трудностей.

Профессиональным видом чтения исследователи считают и филологическое чтение, при котором проводится анализ особенностей языкового выражения высказывания, и делается упор на обработку филологической информации, содержащейся в тексте. Культура познается в данном виде чтения через язык, который представлен в тексте [2], [3]. Внимание читающего при филологическом чтении направлено на овладение лучшими формами языкового выражения.

Рисунок 2. Схема проникновения в иноязычный текст.



В настоящее время получила распространение классификация чтения, предложенная С.К. Фоломкиной, изучающее, ознакомительное, просмотровое и поисковое [4]. Хотелось бы охарактеризовать некоторые из видов чтения.

**1. Чтение вслух.** Что же он собой представляет? Этот вид чтения имеет большое значение особенно в обучении иностранному языку вообще и самому процессу чтения тоже. Оно позволяет овладеть нам звуковой системой изучаемого языка. Чтение вслух способствует быстрому усвоению звуковых сигналов не только на уровне букв, но и на уровне слов, текстов, предложений. Чтение вслух формирует у читающего «фразовую стереотипию». В зависимости от того, какую роль играет чтение в учебном процессе и в организационных формах, чтение вслух можно подразделить индивидуальное и групповое, информационное, тренировочное, и контрольное.

**2. Следующий вид чтения – это чтение про себя.**

Чтение про себя является, по моему мнению, одним из главных видов чтения. С чтением про себя мы встречаемся почти во всех сферах жизнедеятельности. Чтение про себя используется в значительно широком плане, чем чтение вслух. Это объясняется тем, что чтение вслух в большей степени необходимо среди определенного круга лиц, например, во время занятий. А чтение про себя не зависит, от каких либо фактов, это дело самого читателя. Чтение про себя также как и чтение, вслух можно

разделить на несколько видов. При заданиях касающихся чтения вслух преподаватель старается заранее подготовить студентов, снять определенные трудности, связанные с наличием в текстах определенного количества незнакомых, трудно выговариваемых слов. Преподаватель повторяет новый лексический материал со студентами, чтобы им было легче выговаривать слова. Также другой немаловажный фактор это некий страх у студентов, связанный с тем, что преподаватель может сделать им замечание, если они допустят какую – нибудь фонетическую ошибку. Из-за этого он может начать волноваться и делать те ошибки, которых он обычно не делает. Поэтому преподаватель должен быть большим психологом, чтобы он мог снимать психологические барьеры, которые могут возникнуть у студентов при чтении вслух, особенно перед аудиторией.

### **1. Аналитическое и синтетическое чтение.**

Чтение вслух и чтение по себе различаются по характеру установки сознания, которое выражается в детализирующем или целостном восприятии текста. Мы говорим о детализирующем (или аналитическом) и целостном (или синтетическом) восприятии текста. Когда речь идет о языковой форме и содержании текста.

*Синтетическое чтение* – чтение, при котором внимание читающего полностью или главным образом сосредоточено на содержании, причем это содержание воспринимается синтезировано и быстро.

*Аналитическое чтение* – чтение, при котором внимание читающего частично отключается на языковое оформление текста, отсюда это чтение протекает гораздо медленней.

На занятиях установки сознания могут быть специально созданы преподавателями или же они могут произвольно принять характер аналитического из-за некоторых особенностей текста. Такими особенностями могут быть наличие большого трудного материала, образный язык и т.д. Есть такое мнение среди методистов, что аналитическое чтение является ступенью к овладению синтетическим чтением. А синтетическое чтение помогает студентам научиться читать текст и понимать его без анализа.

Причем они указывали, что аналитическое чтение отличает четыре стадии. *Первая стадия* – понимание прочитанного, которая выражалась в переводе или пересказе этого текста на родном для студентов языке. *Вторая* стадия включает в себя разделение текста на смысловые единицы и осознания его деталей, исходя из общего понимания смысла прочитанного. *Третья* стадия выражает более адекватное понимание текста и возможности перевести его литературно. *Четвертая* стадия это уже понимание читаемого без перевода.

Аналитическое и синтетическое чтение различаются между собой психологическим характером восприятия текста. Причем мы чаще сталкиваемся с синтетическим чтением, чем с аналитическим. Как известно, процесс чтения и речи имеет три фазы восприятия: первичный синтез, анализ и вторичный синтез. В первый момент восприятия студентами текста возникают зрительные, двигательные слуховые ощущения. Это происходит благодаря объективным раздражителям, в данном случае этими раздражителями выступают графические знаки. В процессе чтения студент пытается синтезировать эти ощущения, исходя из своих знаний, мыслей из отношения к тому, что написано. Для этого необходимо, конечно же, знание им языковых единиц. Поэтому нам кажется очень удачным подразделение чтения на два вида: чтение с первичным синтезом и чтение с вторичным синтезом. Как мы видим, очень часто целостность восприятия не является еще признаком отличного понимания всего содержания текста. Поэтому говорить, что синтетическое чтение более совершенный вид чтения, чем аналитическое, не всегда, верно. Иногда оно может носить очень поверхностный характер. Представляется, что указанные особенности типичны не только для синтетического чтения. Аналитическое чтение также может проходить на этих

двух уровнях. Специфики здесь нет, а все определяется соотношением понятого и не понятого, выделенного и не выделенного материала, а, также рядом других факторов [5].

В конце рассмотрения аналитического и синтетического чтения хотел бы отметить, что наибольшего успеха в обучении чтению добьется тот преподаватель, который использует синтетическое чтение с самого начала и трепетно относится к подбору материала. Степень трудности материала должен соответствовать уровню знаний студентов и удовлетворять их потребностям в чтении. Без получения удовольствия от чтения трудно будет добиться желаемых результатов, да и студенты тоже не будут интересоваться чтением.

## **2.Подготовленное чтение**

Такое чтение обычно проводится после предварительной подготовки. Студенты работают над языковой формой, содержанием и техникой чтения либо целого текста, либо отдельных его элементов. Этот вид чтения рекомендуется применять, когда хотят более углублено изучить текст, т.е. проанализировать его и добиться его беспереводного понимания. Что касается языковой формы, то это значит предварительное ознакомление с новыми трудными словами, словосочетаниями, оборотами речи, а также и изучение грамматических явлений, присутствующих в конкретном тексте. А также проводится работа по выявлению и решению тех проблем и задач, которые могут затруднить чтение. Предварительная работа может вестись студентами как дома, так и в аудитории. Преподаватель же может объяснить все детально или же только какую-нибудь часть, чтоб об остальном они догадывались сами. Выделяют три варианта этого случая.

- 1.Объясненное и подготовленное
- 2.Частично объясненное и подготовленное
- 3.Необъясненное, но подготовленное чтение

В **подготовленном чтении** можно выделить подготовленное первичное и подготовленное повторное (контрольное) чтение. Если дело касается чтения вслух, то, как правило, преподаватель тщательно подготавливает фонетический материал, отрабатывает чтение трудных словосочетаний, которые могут встретиться в тексте. При контрольном чтении очень полезен такой вид работы, который связан с чтением на скорость. Это, конечно же, требует большей подготовки, но и успех тоже очевиден.

**4.Частично подготовленное чтение.** Следующий вид чтения – это частично подготовленное чтение. Здесь преподаватель при объяснении какого-либо текста, может варьировать, т.е. может объяснить что одно, а другое явление может не затронуть. Например, в тексте преподаватель может объяснить, как читается то или иное слово, а студент должен прочитать другое, но похожее на него слово. Или же в тексте часть слов могут быть знакомыми, отработанными, а другая часть неизвестными и новыми. При этом возможна предварительная отработка техники чтения. Можно отработать отдельные элементы чтения, а предварительная работа с содержанием и над формой текста. В этом виде чтения могут быть различные варианты подготовки. Можно ознакомить студента с содержанием текста, но не проводить никакой предварительной, предвосхищающей работы над формой и над техникой чтения и наоборот.

**5. Неподготовленное чтение.** Неподготовленное чтение может применяться, когда дается текст со снятыми или же с частично снятыми трудностями. Такой текст можно читать и вслух и про себя. Обычно когда подразумевают чтение вслух, то имеют в виду контрольное чтение. Конечно, неподготовленное чтение сильно отличается от подготовленного и частично подготовленного чтения. Особенно рекомендуется проводить неподготовленное чтение про себя, нежели вслух. Нужно при этом проверить понимание читаемого. Этот вид чтения иногда используется для развития скорости чтения. Это может быть текст со снятыми трудностями и его читают на время.

## 6. Беспереводное и переводное чтение.

Беспереводное и переводное чтение тесно связаны между собой и особенно когда речь идет о степени овладения студентами иностранным языком. Сущность этих видов чтения заключается в понимании содержания текста, минуя его. Иногда можно встретить случаи, в которых путаются понятия «аналитическое и синтетическое чтение» и «переводное и беспереводное чтение», не находя между ними разницы. Хотя они, с точки зрения психологии, разные явления. В аналитическом чтении существенным является детализирующее восприятие материала, в котором внимание направлено на языковую форму. При этом процесс понимания содержания текста может быть непосредственным или же он может происходить посредством родного языка студента. О беспереводном чтении мы говорим тогда, когда содержание текста понимается студентом непосредственно. Мы можем также условно выделить понятия «аналитическое переводное чтение» и «аналитическое беспереводное чтение». Последнее относится к более продвинутым студентам, у которых процесс чтения на иностранном языке доходит до уровня процесса чтения на родном языке.

В конце хотелось бы сказать, что необходимо определить группы слов и вероятность их понимания, также узнать, на сколько возможно «насытить» тексты подобного рода словами, выяснить границы пределов, за которыми понимание текста становится переводным. Это касается не только слов со степенью понимания в тексте, но и грамматических форм, которые являются не менее важными первыми.

### *Литература*

1. Смит Ф.Ф. Текст как материал для обучения приемам филологического чтения// Текст в учебном процессе. (Тр./ МГПИИЯ им. М. Тореза; вып. 282).-М., 1987.-С. 5-15
2. Марьяновская Е.Л. Взаимосвязанное формирование коммуникативной и учебной компетенций при обучении домашнему чтению студентов в языковом вузе дис. ... канд. пед. наук. – Рязань, 2007. – 337 с.
3. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение. - 1991.
4. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. -М.: Высшая школа, 2005. - 185 с.
5. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. Базовый курс лекций. – М.: Просвещение. - 2002.

*Кульманова М.Н.*

*Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ  
Қазақ филологиясы кафедрасының магистрі*

### **Айтыстың түрлері**

**Аңдатпа.** Мақала айтыс түрлерін талдауға арналған. Осы күнге дейін айтысты өз ішінде түрлерге бөліп, жіктеген: М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, М.Жармұхамедов, С.Садырбаев, К.Асанов, Б.Имашев секілді ғалымдардың айтыс түрлеріне қатысты жіктеулері жеке-жеке талданып қарастырылды. Кей жіктеулерге қатысты пікір білдірілді. Айтысудың бір формасы болып табылатын «қағысу» мен «қайымдасу» түрлерінің анықтамасы нақты мысалдар арқылы шығарылды. Зерттеу мақалада осы күнге дейінгі жасалған жіктеулерге сүйене отырып, жіктеудің біршама лайық нұсқасы жасалды. Нұсқаның өзіндік дәлелі ұсынылды.

**Тірек сөздер:** айтыс түрлері, жанр, жіктеу, қағысу, қайымдасу, қыз бен жігіт айтысы

**Аннотация.** Данная статья посвящена анализу видов айтыса. Отдельно рассматриваются классификация айтысов таких ученых как М.Ауэзова, С.Муқанова, М. Габдуллина, М.Жармухамедова, С.Садырбаева, К.Асанова, Б.Имашева. На примере даны правильные определения формам айтыса как «кагысу» и «кайымдасу». Определены виды классификаций сделанные основываясь на внутреннее содержание айтысов и классификаций сделанные основываясь на внешней форме айтысов. Сделан новый, наиболее подходящий вариант классификации айтыса на основе уже имеющихся классификации.

**Ключевые слова:** айтыс, жанр, специфика, айтыс джигита и девушки, айтыс поэтов, жанровая специфика, классификация.

**Abstract.** This article analyzes the types of aitys. Separated deals with the classification of such scholars as aitys M. Auezov, S. Mukanov, M. Gabdullin, M. Zharmuhamedova, S. Sadyrbaeva, K. Asanova, B. Imasheva. On the example given the correct definition form aitys as “kagysu” and “kayymdasu.” The kinds of classifications made based on internal content aitys and classifications made based on the external shape aitys. Made new, choose the most suitable option aitys classification based on existing classification.

**Keywords:** aitys, genre specific aitys horseman and girls aitys poets genre specificity, classification.

Ғалымдар айтыс табиғатын танытып, оның әртүрлі сипаттарына қарай жіктеп жүр. Тіпті бұл жіктеулер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Оның себебі айтыстың синкретті әрі тылсым табиғатына байланысты болса керек.

Жазушы, академик М. Әуезов ауыз әдебиетіндегі айтыс өлеңдерді екі жікке бөледі. Біреуі – ақындар айтысы, екіншісі – билердің билік үстінде, ру тартысының тұсында айтысатын сөздері. Яғни М.Әуезов бойынша айтыс былайша жіктеледі:

- 1) ақындар айтысы
- 2) билер айтысы

Ғалым осы екі түрді салыстыра келіп: «... сырт көрінісіне қарағанда, ақындар айтысы мен билер айтысы қазақ ескілігінде екі алуан сөз сияқты. Бірақ, кейбір мағыналарымен, ел тұрмысымен байланысына қарағанда, екеуі екі түрге қосылады» деп түйеді. Дегенмен бұл түрлерге бөлуінің өзін мейлінше шартты екенін ғалым: «Бірақ, бұл жіктеу уақытша ғана жасалған жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктер болады», – деп ескертеді [1, 112 б.].

Ол билер айтысының өзін мазмұнына қарай төрт түрге бөледі. Біріншісі – дау мен билік қоса айтылған айтыс, екіншісі – екі бидің билікке таласып айтқан талас сөздері, үшіншісі – арбасып, ырғасып, жұмбасқпен, доспалмен айтысатын билік, төртіншісі – дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер екендігін Бұқар жыраудың Керей ханға айтқанын, Ақатайлақ пен Солтабайдың, Қараменде мен Кеңгірбайдың, Сабырбай мен Солтанбайдың айтыстарын мысалға келтіре отырып дәлелдейді.

М.Әуезов айтысты көлеміне мынадай екі түрге бөледі:

- 1) түре айтыс
- 2) сүре айтыс.

Бұл атаулардың термин ретінде тегін алынбағаны белгілі. Түре айтыс деген қарсыласын көп ұзатпай түріп отырып немесе бір ауыз өлеңге сыйғызып, түйіп айту дегенді білдіреді. Сүре айтыс, керісінше, ұзақрақ сілтеп, алыстан орағытып, бір кезекте бірнеше ой айтып кеңінен көсілетін жарыс. Жүйрік аттың ұшқыр және кең тынысты болып келетіні секілді, айтыскерлердің де шапшаң ойлап, ұшқырлық танытатыны және кеңінен толғап, парасат биігін, терең таным мен кеменгерлік көрсететін екі тобы болады.

Айтыстың түре, сүре деп бөлінуі бір жағынан ақындық тәсілді де білдіреді. Айтыста қарымта жауап қатудың екі түрі болады. Бірі сөз қуалап жауап беру болса, екін-

шісі ой қуалап жауап беру тәсілі кең қолданылады. Түре айтыс үлгісінде сөз қуалап айту әдісі, сүре айтыста ой қуалап жауап беру әдісі қолданылады.

Айтыстың өзіндік орындалу, айтылу сипаттарын ескере отырып, әдебиет зерттеуші ғалым Мәлік Ғабдуллин айтыс өлеңдерін мазмұнына, тақырыбына қарай екі түрге бөледі: «Біріншісі – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтына байланысты туған айтыстар. Екіншісі – шын мәніндегі ақындар айтысы. Бұл соңғысы қазақ айтыстарының ең күрделісі болып табылады» [2, 65 б.]. Яғни М.Ғабдуллин бойынша айтыстың екі түрі ажыратылады. Олар:

- 1) тұрмыс-салт айтыстары
- 2) ақындар айтысы

С.Мұқанов қазақ әдебиетінің тарихына көз сала отырып, ақындар айтысын іштей әртүрлі тарауға бөліп қарастырады. С.Мұқанов бойынша айтыс өз ішінде мынадай түрлерге жіктеледі:

- 1) Жар-жар
- 2) Қайымдасу
- 3) Жұмбақ айтысы
- 4) Дін айтысы
- 5) Бәдік

Жар-жар айтысы қызды ұзатар алдында, бозбалалар қыз ұзатылатын үйге келіп, үзіктің жабығын түріп, өлеңмен қоштасуы ретінде сипатталады. Бозбаланың әрбір ауыз өлеңіне қыз өлеңмен жауап қататыны мысалға келтіріледі.

Қайымдасуға мысал ретінде Күйкентай қыз бен Оспан ақынның айтысы, Омарқұл мен Тәбия қыздың айтыстары мысалға келтіріліп, бұл айтыстардың басы қыз бен бозбаланың жастық әзілінен басталып, аяғы әлеуметтік маңызы бар мәселелерге айналып кететіндігі айтылады.

Жұмбақ айтысына Әсет пен Рысжанның айтысы мысалға алынады да бұл айтыстың ең күрделі түрі екендігі аталып көрсетіледі. Себебі мұнда ақындықпен қоса тапқырлықтың, білімнің маңызы бар екендігі айтылады.

Дін айтысына Жүсіпбек қожа мен Шөкей қыз айтысы, ал бәдік айтысқа Болық пен Елентайдың айтысы мысалға алынады. С.Мұқанов «Бәдікті» дін айтысының бір түрі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, дін айтыстарында ислам дінінің түсініктанымы бойынша ақындар сөз жарыстырса, «бәдік» шамандық діннің таным-түсінігі ретінде қарастылыда.

Көріп отырғанымыздай С.Мұқанов «Қыз бен жігіт айтысын» жанр ішілік түр ретінде бөліп көрсетпейді. Керісінше С.Мұқанов көрсеткен жанр ішілік түрлердің барлығында да «Қыз бен жігіт айтысы» мысалға алған. Бұдан байқайтынымыз С.Мұқановтың жіктеуі негізінен айтыстың тақырыбына байланысты алынып отыр. Тек қайымдасу айтысы ғана мұнда айтыс жанрының пішініне қатысты болып келеді.

Егер С.Мұқановтың жіктеген айтыс түрлерін М.Ғабдуллиннің айтыстың шығу тегіне қарай салып қарастыратын болсақ, онда С.Мұқанов көрсеткен жар-жар мен бәдік – тұрмыс-салт айтыстарына, ал діни айтыс, жұмбақ айтыс, қайымдасу ақындар айтысына жататын еді.

С.Мұқанов ақындар айтыстарында ерлермен қоса әйелдердің де аттары қатар жүруі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы айтыстардың ерекшелігі ретінде атап көрсетеді. Жалпы, С.Мұқанов ақындар жынысына қарай емес, талантына, сөзіне қарай бағаланатынын «Ақындық талантын көзге көрсетіп, аузынан асыл, ақылды, көркем, тоқтаулы сөз шыққан ақынды халық жынысына, тегіне, жасына қарамай ардақтайды. Айтыста озған ақын халық алдында мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы – халықтың жүрегі. Ақын халықтың жүрегіне ең сүйкімді, халыққа ең ардақты адамның қатарында тұрады» - деп айтады [3, 8 б.].

Белгілі айтыстанушы ғалым М.Жармұхамедов айтысты өз ішінде түрлерге бөліп қарастырмас бұрын, ақындар айтысын билер айтысынан ажырата білуді ұйғарады.



«Айтыс өнері мен шешендік сөздің табиғи болмыс, бітімінде бірлік-ұқсастықтар мол. Мұның екеуі де қолма-қол айтылған шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құрылып отырады. Ақындар айтысында талас-тартыс түйдек-түйдегімен ағытылатын ұзын сүре дәлел, бұлтартпас уәжге құрылса, шешендік сөздерде дау түйіні көбіне көп жұмбақ аралас келетін жүйелі бір ауыз сөзбен шешіліп отырады» - дейді [4, 12 б.].

Расында бүгінгі әдебиеттану ғылымында ақындар айтысы айтыс өнеріне жатқызылып, ал билер айтысы шешендік өнерге жатқызылып қарастырылып жүр. Бұл ойымызды фольклорист ғалым Б.Адамбаевтың «Шешендік дау ұзын сүре айтыс, немесе төрелік болуы шарт емес [5, 13 б.]. Әдетте билер айтыс-дауда ұзақ сөзбен ұтпайды, оймен ұтады» - деген сөзі қуаттай түседі. Сонымен М.Жармұхамедов алдымен ақындар айтысының өзіне мынадай анықтама береді: «айтыс –қарсылас екі ақынның топ алдында өлең, өнер жарыстырып кезекпен, қолма-қол суырып салып айтқан ұйқасты өлеңдеріне құрылады»- дейді [4, 15 б.].

Айтыс ел өмірімен етене болып, біте қайнаса келе жанрлық жағынан көркейіп түрлене, толыса түсетінін айта келе, айтыстың өзін жанр ішілік жіктеп шығады. М.Жармұхамедов 1988 жылы жарық көрген «Айтыс» атты жинақтың екінші томына алғысөзінде айтыстың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді:

- 1) жар-жар айтыс
- 2) бәдік айтыс
- 3) аруақпен айтыс (Өлі мен тірінің айтысы).
- 4) қайымдасу
- 5) қағысу

Байжайлап қарасак, М.Жармұхамедовтың айтыс жанрын өз ішінде түрлерге бөлуінде алғашқы үшеуі айтыс мазмұнына қарай бөлінген жіктеулер болса, кейінгі екеуі айтыстың түріне, пішініне қарай жасалған жіктеулер екендігін көреміз.

Айтыстағы сатира мен юмордың сипатын зерттеген Б.Имашев өзінің диссертациялық жұмысында былай дейді: „Қайым айтыстарда көбіне қыз бен бозбала әзілдеседі. Десе де, «Кемпір мен шал», «Жеңгесі мен қайынысы» секілді қайымдар да жоқ емес. С. Мұқанов қайымдасудың қыз бен бозбала өлеңмен әзілдесуі деген анықтама беріп, оған мысал ретінде Күйкентай мен Оспантайдың және Омарқұл мен Тәбияның айтысын талдайды. Демек, әйел мен еркектің сөз жарыстыруы «қайымдасу» деп аталса, ер азаматтардың арасында болған өлең сайысы «қағысу» деп аталады» – деп тұжырым шығарған [6, 15 б.].

Біз бұл тұжырыммен келіспейміз. Себебі 1988 жылы шығарылған „Айтыс“ кітабының екінші томы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі қағысуларға арналған, екінші бөлімі қыз бен жігіт айтысына, үшінші бөлімі ақындар айтысына арналған. Егер қағысу деп ер азаматтар арасында өтетін өлең сайысы болса, онда қағысу бөліміне „Атасы мен келіні“, „Наурыз ақын мен қыз“, „Шөже мен Аққалай“, „Қақсалбай мен Мүзлипа“, „Нұржан қыз бен әміре“ айтыстары қағысу ретінде берілмес еді.

Біздің пікірімізше, айтыстың „қайымдасу“ және „қағысу“ деп бөлінуі айтыстағы ақындардың жынысына еш қатысы жоқ. Б.Имашев келтірген уәжінде „қайым“ айтысқа С.Мұқанов Күйкентай мен Оспантайдың және Омарқұл мен Тәбияның айтысын келтірген деуіне қарсы уәж ретінде айтарымыз С.Мұқанов тек қайым айтысқа ғана емес, өзі көрсеткен жанр ішілік түрлердің барлығында да, мейлі жар-жар болсын, мейлі қайымдасу болсын, мейлі жұмбақ айтысы болсын, мейлі дін айтысы болсын, мейлі бәдік болсын мысалға «қыз бен жігіт айтысы» алынған. Оның үстіне С. Мұқанов айтысты жынысқа бөліп қарастырмайтындығын жоғарыда талдауларымызда келтірген едік.

„Қайымдасу“ да, „қағысу“ да айтыстың пішінінен туындаған айтыстың түрлері. 1998 жылы академик З.Ахметовтың құрастыруымен жарық көрген „Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде“ қайым өлеңге мынадай анықтама берілген: „Қайым өлең – қазақ айуыз әдебиетіндегі айтыс өлеңнің бір түрі. Әдетте қыз бен жігіттің, құр-

бы-құрдастардың арасында өтетін. Басқа айтыс түрлерінен ерекшелігі – бір ауыз сөзбен қайтарылып отырады, бір өлеңнің ұйқасын, тіпті бірнеше өлең тармағын екінші қайталап пайдалануға болады. Көбіне 11 буынды қара өлең өлшемінде шығарылады. Мысалы: Ұлбике мен Күдері қожаның, Омарқұл мен Тәбияның айтысы“ – делінген [7, 205 б.]. Яғни қайым айтыста ең бірінші назарда ұсталатыны айтыстың мазмұны емес, айыстың пішіні, яғни өлеңнің түрі, ұйқасы.

Ал „қағысуларға“ - М.Жармұхамедов мынадай анықтама береді: «Рас, диалог түрінде келетін өлеңнің бәрі айтыс емес. Тіпті, екі ақынның тұтқиылдан тап болып, бір-біріне сын-сықақ, әжуа-мін ретінде айтқан ұтқыр жауаптасулары да қалыпты айтысқа жатпайды. Бұларды екі ақынның кездесу сәтіндегі бірін-бірі сынап ырғасуы, шама-шарқын біліп байқасуы дер едік. Мұны көшелі ақындар айтысымен үнемі қатар жүретін қағысу деп атаған жөн» - дейді [4, 11 б.]. Сондай-ақ қағысудың тапқырлық, ақындықты ұштап жетілдірудің, келелі де кемел айтысқа көтерілудің қажетті бір тәсілі, соған алып барар жаттығу мектебі іспетті, алайда халық алдында тапқырлық пен шеберліктің көрінісі ретінде қастерленетінін, ауыздан ауызға таралатын сипатын баса көрсетеді.

1988 жылғы „Айтыс“ жинағындағы қағысулар, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы секілді бөлімдердегі айтыс мәтіндерін саралай келе қағысулардың өзге айтыстардан ерекшелігі біріншіден пішінінде екендігін көреміз, яғни қағысулар шағын болып келеді, көбіне екі-үш беттен аспайды. Мазмұнына келетін болсақ, көшелі, іргелі айтыстар секілді қағысуларда сәлемдесіп, жөн-сұрасу, танысып-білісу секілді „кіріспе“ жоқ, қағысулардың барлығына дерлік сипат айтыстың тартыстың дәл ортасына басталуы, және тоқ етіп нүкте қойылуы, яғни түйін берден шешіледі деуге болады. Ақындар айтысында, қыз бен жігіт айтыстарында көбіне ақындардың ақындық қабілетін жоғары бағалап, атағы шыққандарын арнайы ат сабылтып, іздеп барып айтысатын болған ғой. Мысалы: Біржан мен Сара айтысар алдында көп жыл бұрын бірінің атын бірі естіп, кездесуге құмартады. Сарамен алғаш кездескенде Біржан:

Көкшетау дуанына даңқың барған,  
Мен Біржан алтын тудай айқындалған,  
Естігелі Сара сені үш жыл болды,  
Қыран ем төңіректе қанат жайған.

Мен келдім алыс жерден атқа мініп,  
Есітіп атағыңды сені біліп, -

деп арнайы ат арытып іздеп келгенін айтады, мұндай жағдай Әжек пен Шәріпжамал қыздың айтысынан да, Әсет пен Рысжанның айтысынан да, Айсұлу мен Кеншімбайдың айтысынан да, Дәме қыз бен Мансұрдың айтысынан да және тағы басқа көптеген айтыстардан көрінеді. Яғни айтысқа ақындар арнайы дайындалып келеді, мұндайда жұрт сауық көріп, тамашалау үшін жиналады. Тіпті әр ақынға өз тілеулестері бата беріп, айтысқа жібереді. Немесе Орынбай мен Шөже ақындардың айтысы секілді талай рет айтысып, кейде жеңіп, кейде жеңіліп жүріп, кейде бірін-бірі әдейі шақырып, елге төрелік айтқызып, айтысты ұйымдастырып отырған.

Ал қағысуларда көбіне кездейсоқтық сипат басым. Мысалы: „Атасы мен келінінің“ айтысында атасы алтыншы баласына айттырған келінінің бас үйтіп отырып, басты күлге түсіріп алуын көрген соң:

Атасы:  
Айтамын айт дегеннен делі келін,  
Көреді де тым тәуір мені келін,  
Басымды сыбағалы күлге былғап,  
Деп пе едің алашқа айтпас сені келін? –  
деп сөгіп, айтысты бастап кетеді [4, 15 б.].

Немесе Нарынбай деген кісі баласы Көшкенбай жиырма бес жасқа келгенше қалаған қызын әпермей, көріксіздеу бір қызды әперейін десе, баласы көнбей жүреді.

Бір күні баласы үйіне кешірек оралғанда „Әкесі мен баласының“ арасындағы айтыс басталып кетеді.

Яғни қағысулар кенеттен, оқыс басталып кетеді. Сөзімізге мына мысал да дәлел боларлық. Мысалы: Шөже ақын Орынбайды ақынды іздеп келсе, Орынбай үйінде жоқ екен, Шөже сол үйдегі қызға тіл қатады:

Дидарын сұлу қыздың көре алмаймын,  
Көзім жоқ еріп тағы жүре алмаймын.  
Жалғанда соқыр шіркін кемдік екен,  
Қатын ба, қыз ба, сірә, біле алмаймын –  
дегеніне,  
Аққалай деген қыз:  
Қаржаубай сенің әкең шын жарлы едің,  
Ішінде ауған қырғыз сен жарлы едің.  
Көзіңе көрінгенен құн сұрайсың,  
Көзіңнің шыққанында мен бар ма едім?

Ауылымның ақсақалы Алтай, Қарпық,  
Қолында сырнайшының жезден тартық.  
Кезбе де, соқыр да өзің болғаннан соң,  
Не болайын деп едің мұнан артық – деп қағыса кетеді. „Әу демейтін қазақ жоқ“ дегендей, қағысуда өлең шығара алатындар орайы келгенде, ретін тауып айтып қалады деуге болады.

Қорыта айтқанда, әйел мен еркектің сөз жарыстыруы «қайымдасу» деп аталса, ер азаматтардың арасында болған өлең сайысы «қағысу» деп аталады деген қате тұжырым. Орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқу құралында Қ. Жұмалиев айтысты:

1. Бәдік айтысы;
2. Жар-жар;
3. Мал мен адамның айтысы;
4. Өлі мен тірінің айтысы;
5. Жұмбақ айтыс;
6. Салт айтысы; а) қыз бен жігіт айтысы;
- б) ру айтысы.
7. Осы күнгі айтыстар, – деп жетіге бөледі.

Мұнда ақындар айтысы салт айтысына қосылып талданып, өзіндік беті айқын, өзекті сала – ақындар айтысының ара-жігі дараланып ашылмайды [8, 13-14 бб.].

С. Мұқанов пен Қ. Жұмалиев пікірлерімен толық келіспеген М. Жармұкамедов: «Қазақ айтыстарын жіктеп топтастырудағы кейбір даулы мәселелер М.О. Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін тапқандығын» айтады. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы кітабы мен соңғы басылуындағы айтысқа байланысты жазған тарауларында айтыс өлеңдерін ірі екі топқа бөліп қарастырған. Олар:

- 1) әдет-ғұрып айтысы («Бәдік» пен «Жар-жар»)
- 2) ақындар айтысы (рушылдық, жұмбақ, дін айтыстары) [4, 14 б.]

М.Жармұкамедовтың екінші жіктеуінде айтыстар түрлерге емес, топтарға бөлініп көрсетіледі. Біздің пікірімізше, қазақ айтыстарын топқа емес, түргөбөлген дұрысырақ болар еді. Топтастыру жекелікті біріктіру ұғымына саяды. Ал түрге бөлу, бүтіндіктің реңк – сипатын білдіріп тұрады. Мұны айтып отырғандағы себебі міз – айтыс өнері біреу. Уақыт, қоғам, дәстүр аталмыш өнерге (немесе рухани құндылыққа) әр түрлі өң сипат, өзгеріс беріп отырған.

Айтыс жанрын фольклорист, ғалым С.Садырбаев былай жіктеген:

- 1) салт айтыстары
- 2) ақындар айтысы (қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, жұмбақ, мысал айтыстары) [9, 200 б.].

С.Садырбаев қыз бен жігіт айтысын ерекше бөліп алып қарастырады. Ол: «Ел арасына мол тараған айтыстың бірі – қыз бен жігіт айтыстары. Мұнда қыз бен жігіттің көңіл-күйі лирикалары негізгі орын алады» – деп ондай тарихи маңызы зор айтыстардың қаратына Сүйінбай мен Кескенкекіл, Біржан мен Сара, Әсет пен Рысжан, Үлбике мен Күдері, Кеншімбай мен Ақсұлу, Омарқұл мен Тәбия, Жүсіпбек қожа мен Шөкей қыз, қыз Болық пен Елентай, Айқын қыз бен Жарылқасын, Қадиша мен Ысқақ, Ажар мен Уәхит, Бақтыбай мен Мәйке қыз, Күйкентай мен Оспантай, Жамбыл мен Айкүмістің айтыстарын жатқызады [9, 203 б.].

2005 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан жалпы білім беретін мектептің 9 – сыныбына арналған қазақ әдебиеті оқулығында айтыстың бірнеше түрі көрсетіледі:

- 1) Бәдік
- 2) Жар-жар
- 3) Жануарлар мен адамның айтысы
- 4) Өлі мен тірінің айтысы
- 5) Жұмбақ айтысы
- 6) Салт айтысы – қыз бен жігіттің айтысы; ақындар айтысы.
- 7) Осы күнгі айтыстар.

Айтыстың публицистикалық сипатын қарастырған К.Д.Асанов өзінің атты докторлық диссертациясында айтысты мазмұны мен пішініне қарай мынадай үш түрге бөліп қарастыруды ұсынады:

1. Әдет-ғұрып, салт айтысы:
  - а) «Аужар»
  - ә) «Бәдік»
  - б) «Жар-жар»
  - в) «Мал мен адамның айтысы»
  - г) «Жан-жануар, хайуанаттар айтысы»
  - д) «Өлі мен тірінің айтысы».
2. Қайымдасу айтысы:
  - а) «Жұмбақ айтыс»
  - ә) «Дін айтысы»
  - б) «Қыз бен жігіт айтысы»
3. Әлеуметтік айтыс:
  - а) «XX ғасырға дейінгі елдік-әлеуметтік айтыс»
  - ә) «Қазіргі кездегі ұлттық сипаттағы айтыс».

Көріп отырғанымыздай, К.А.Асанов қыз бен жігіт айтысын қайымдасу айтысына жатқызады, сонда бұл жіктеуге сай қыз бен жігіт тек қайымдасып қана айтысатындай ой қалыптасады [10, 301 б.].

Мәдени мұра бағдарламасы бойынша жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы: Фольклорлық кезеңі» деп аталатын 1-томында «Қыз бен жігіт айтыстарының өнімді бір саласы – қайымдасу үлгісінде келеді. Жар-жар өлеңдері секілді әр шумақтың алғашқы екі жолы екі жаққа бірдей болып құралады да, айтылар негізгі ой үшінші және төртінші тармақтардың үлесіне тиеді. Алайда, екі жаққа бірдей ортақ алғашқы екі тармақтың өзі соңғы айтылар ойдың ауанына қарай алмасып, ауысып отырады» - делінген. Яғни қыз бен жігіт айтысы қайым айтыстың түрі емес, керісінше қайым айтысы қыз бен жігіт айтысының бір тәсілі ғана болып табылады. Оның үстіне «қайымдасу үлгісі» деп те тегін айтылып отырған жоқ, осы сөзден-ақ қайымдасу айтысын айтыс пішініне қарай айтылып отырғандығын көреміз.

К.Д.Асанов жіктеуінен қыз бен жігіт айтыстарында әлеуметтік мәселелер мүлде көтерілмейтін секілді. Ал ақындар айтыстарында тек әлеуметтік мәселелер ғана көтеріледі ме? Ендеше К.Д.Асановтың әлеуметтік айтыстар деп бөлудің өзі де негізсіз. Егер әлеуметтік айтыс деп бөліп қарастыратын болсақ, онда өткендегі мен бүгінгі айтыста көтерілетін өзге де мәселелерді ұзын сонар кезекте тізіп шығуға мәжбүр боламыз.

Жалпы айтыстың тақырыбы сан алуан. Мұнда көтерілмейтін мәселе болмайды. Кешегі мен бүгінгі, тәрбие мен өнеге, насихат пен сын, қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелер. Тарихтан мысал келтірсек жер дауы, жесір дауы, ру намысы, халық күйі, ел жайы т.б. Бүгінгі айтыстан мысалға алсақ: тіл мәселесі, жезөкшелік пен көп әйел алушылық, тастанды балалардың тағдыры, қарттар мәселесі, жұмыссыздық, нарықтық экономика, әлемдік оқиғалар, оқушылар арасындағы суицид мәселесі, терроризм мәселесі т.б. Осындай қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде болып жатқан проблеманы көтеру қазіргі айтыста кең көрініс тапқан.

Қазақ ғалымдарының жоғарыда келтірілген айтыстың түрлерін талдай келе, айтысты өз ішінде үшке бөлген жөн екенін көреміз. Бұл:

1) Әдет-ғұрып, салт айтысы;

А) «Аужар»

Б) «Бәдік»

В) «Жар-жар»

2) Ақындар айтысы.

3) Қызы бен жігіт айтысы

Ал, «Жұмбақ айтыс», «Дін айтысы» бұл тек айтысқа арқау болған тақырыптар ғана. «Жұмбақ айтыс», «Дін айтысы», «Мысал айтыс» қыз бен жігіт арасында да ақындар арасында да бола беруі мүмкін. Жоғарыда айтып өткеніміздей айтысты тақырыбына қарай жіктейтін болсақ, онда бұл тізім өте ұзаққа баруы мүмкін. Сондықтан айтысты түрлеріне қарай ажыратқанда оның тақырыбына емес, ішкі мазмұнына, сыртқы пішініне қарай ажыратқан жөн деп есептейміз.

Қорыта айтсақ, діни айтыстар деп деп аталған айтыстардың негізгі тақырыбы дін, атап айтсақ, ислам діні бойынша жердің пайда болуы, адамның жаратылуы, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға ислам дінінің көзқарасы тақырып болғанымен, бұл айтыстардағы негізгі сипат қыз бен жігіт айтысы. Күдері қожа мен Ұлбике айтысы негізінде бұл айтыстардың әзіл-әжуаға негізделген қайым айтыстан басталып, діни дүниетаным тұрғысындағы күрделі мәселелерге ойысатынын көреміз. Сондай-ақ сол тұстағы қат-қабат өмір шындығы мен сан қилы әлеуметтік талас-тартыстар кең көрініс тауып, елді толғандырып жүрген мәселелерде айтылып, әлеуметтік мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан әркез кемелденіп отырған. Яғни осы жерден қыз бен жігіт айтысы деген бөліністің өзі тегін емес екендігін көреміз. Ал ақындар айтысы мен қыз бен жігіт айтысының айырмашылығы келесі бір мақалаға жүк боларлық үлкен әңгіме.

### *Әдебиет*

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.

2. Ғабдуллин М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1974.

3. Мұқанов С. Айтыстар туралы //Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Т. 1: Айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.

4. Жармұхамедов М. Алғысөз// Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Т. 2: Айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.

5. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. Алматы, 1967.

6. Имашев Б. Айтыстағы сатира мен юмор. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы: 2006.

7. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі – Алматы: 1998.

8. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті – Алматы: 1989.

9. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. -240 б.

10. Асанов К.Д. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы: 2010.

### **Қазақ тілінің оқу-құралдарындағы қазақ әліпбиінің реті жайлы**

Қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарын, анықтағыштары мен сөздіктерін ақтарып қарағанда кірме таңбалардың жазылым реті бірден көзге түседі. Оқулықтар мен оқу-құралдары қазақ әліпбиінің түзіліуін 42 таңбаға жеткізіп отырса, анықтағыштар мен сөздіктер сол 42 таңбаның сөз құрамындағы жазылым ретін міндеттеп беріп отырады. Соның нәтижесінде таңба мен оның дыбыс мәні бір-біріне сәйкес келмей жатады. Кірме таңбалардың жазылымын реттеп отыратын икемсіз емле-ережелер қаптап жатыр. Әзірге оларды жөнге салудың амалын қарастырып жатқан не оқу-әдістемелік орталықтар, не құзырлы басшы мекемелер жоқ. Сондықтан да білім беру, сауат ашу құралдары сол 42 таңбаны сапырыстырумен келеді.

Мәселені мысалдан бастайық. Кез келген қазақ сөздігін алсаңыз, өзінің орнын таппай «адасып» жүрген сөздердің саны мол. Ондай сөздер кей жағдайда санаулы ғана болса (аби – 4 сөз, ақи -20 сөз, аю -16 сөз т.б.), енді бір жағдайда ондап-жүздеп кетеді (ая – 146 сөз, би – 134 сөз, бу – 151 сөз, су – 145 сөз, и – 239 сөз т.б.). Бұл тек бас буынға байланысты мысалдар, ішкі буынға тән кездесетін мысалдардың шегі жоқ. Тіптен басы бірікпейтін *бұ(у)-бү(у), бы(й)-бі(й)* буындарының іргелес тұрғанын кайтерсіз [1].

Мәселе олардың санында да тұрған жоқ. Мәселе қазақ сөзінің тізілім ретінің бұзылғанында және оны қолдан бұзып отырғанымызда болып отыр.

Қазіргі кезде ғылыми-теориялық және әдістемелік (практикалық) тұрғыдан қазақ тілі оқулықтары мен оқу-құралдарындағы қазақ тілі дыбыстарының жайы жиі пікір талас тудырып келеді. Өйткені ғылыми тұрғыдан анықталған қазақ тілінің дыбыс құрамы мен қазіргі мектептерге арналған оқу бағдарламаларының арасында едәуір алшақтық бар. Оқу бағдарламасы және сол бағдарламаға лайық құрастырылған мектеп оқулықтары (мысалы, мектептегі бастау оқулық болып табылатын «Әліппе») қазақ әліпбиін 42 таңбадан тұрады деп көрсетеді. Оқу/әдістеме жұмыстары да осы құрамға негізделіп жүргізіледі. Соған қарап «қазақ тілінде 42 дыбыс бар» деген пікір тек оқушылардың ғана ұғымында емес, ересектердің санасында әбден қалыптасып алды. Оған «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деп сұрай қалсаңыз, алатын жауабыңыз біреу-ақ [2].

Қазіргі қазақ жазуының емле/ережесі бойынша қазақ әліпбиіндегі бір топ әріптер екіұшты, яғни екі түрлі оқылады. Мысалы, *и, у, я, ю* әріптері қазақ сөздерінің құрамында бір түрлі, ал орыс сөздерінің құрамында екінші түрлі оқылуға тиіс. Соған қарамай, «Әліппе» оқулығында сол әріптердің айтылу үлгісінің бір-ақ түрі, яғни орыс тіліндегі үлгісі үйретіледі. Өйткені олар қазақ тілінің дауысты дыбыстарының құрамында жүр, сондықтан да олар бір дауысты дыбыс ретінде танылады.

Жоғарғы оқу орындарының болашақ қазақ тілінің мұғалімдерін дайындайтын филология факультеттеріне арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарының жайы да дәл осындай. Сондықтан болар жоғары оқу орнын бітіріп, мектепке баратын болашақ қазақ тілінің мамандарының өзі дауысты дыбыс пен дауысты әріптің арасын (дыбыс мәнін) ажырата алмай шығады. Мысалы, қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында «*и* - дауысты дыбыс» деген ереже әбден қалыптасып қалған, сөздіктерінде арнайы реестр тобы берілген.

Қазақ тілінің теориялық фонетикасы мен практикалық фонетикасының арасындағы қайшылықтардың салдары қазақ сөзінің төл айтылымына (орфоэпиясына) тікелей зиянын тигізіп жатқанын зерттеушілер соңғы кезде жиі мәселе етіп көтеріп жүр:

«...мектептен бастап «мынау - и» деп орыс тіліндегідей жіңішке айтқызып үйретіп, сонан соң жартыкеш емлеге сүйеніп, қазақ сөзін *ми* деп жазып қоямыз. Сөйтіп, қазақтың *ый, ій* деген дыбыс тіркесін орыстың *и* деген дауысты таңбасына байлап беріп, *ми* деп жазып, кейінгі ұрпақты *мый* деп айтқыза алмай әлек болып келеміз. Осыдан кейін баланың қазақтың *мый* деген сөзін *ми* деп жіңішке айтпасқа амалы жоқ» [3]. Ал сауат ашу «Әліппеден» басталатынын ескерсек, «Әліппе» құрамындағы дыбыстардың жазылым және айтылым ережелеріне өте мұқият болу керек болады.

Бала бақша және бастауыш сынып оқушылары үшін әртүрлі суретті оқу құралдары (кітапшалар, плакаттар, кестелер т.б.) шығып жатыр. Олардың мазмұн желісі қазіргі қазақ әліпбиінің тізілім реті бойынша құрылады. Сондықан да әр таңбаға (әріпке) берілетін сөздер мен мысалдар әліпби ретін сақтайды: *а* әрпінен басталып, *я* әрпімен аяқталып жатады. Бұл, әрине, жалпы сауат ашу саласындағы қабылданған дәстүрлі амал болып табылады. Әрбір таңбаға берілетін мысалдардың да ауқымы белгілі. Мысалы, *а* таңбасына *алма, ай* немесе *ата* тәрізді сөздер алынып отырады. Әрине оқу-әдістемелік тұрғыдан бұл әдістің пайдалы екеніне күмән жоқ. Қажетті дыбыстың айтылым және естілім моделін оқушы санасына сіңірудің төте жолдарының бірі – осы. Алайда, осындай оқу құралдары оқу бағдарламасына лайық қазіргі 42 таңбаны түгел қамтитын болғандықтан, қазақ тілінің төл дыбыстарының орны ауысып кетіп жатыр. Өйткені қазіргі емле тәртібі бойынша қазақ сөзінің құрамында бөгде әріптер кездесіп отырады. Сол бөгде әріптердің әсерінен қазақ сөзі де өз орнынан ауысып кетеді. Сөйтіп өзіне тән емес басқа бір таңбаның қарамағына еніп кетеді.

Орны ауысып жүрген қазақ сөздері мол [1].

1. Қазақ сөзінің әдеби айтылым үлгісі сақталатын болса, онда *ит, ине* т.б. сөздер *и* таңбасына емес, *і* таңбасына қатысты берілу керек. Өйткені *ит, ине* сөздерінің төл айтылымы *ійт, ійне* болып табылады. Ендеше *і* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *и* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөз *и* таңбасынан басталып тұр.

2. Қазақ сөзінің айтылым үлгісі сақталатын болса, онда *уық, уақыт, уыс* т.б. сөздер *у* таңбасына емес, *ұ* таңбасына қатысты берілу керек. Өйткені *уық, уақыт, уыс* сөздерінің төл айтылымы *ұуық, ұуақыт, ұуыс* болып табылады. Ендеше *ұ* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *у* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөз *у* таңбасынан басталып тұр.

Қазақ әліпбиінің құрамында *я, ю* таңбалары да жүр. Сөз басында кездеспегенімен, әліпби желісіндегі сөздердің орнын олар да ауыстырып жіберуге тікелей себеп болады.

1. Көрнекі құралдардағы *я* таңбасына берілген *сия, ұя* т.б. сөздердің қазақы айтылым үлгісін ескеретін болсақ, онда ол сөздер *а* немесе *й* таңбаларының мысалы ретінде берілу керек. Өйткені *сия, ұя* сөздерінің қазақша айтылымы *сыйа, ұйа* болып табылады. Ендеше *й* немесе *а* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *я* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөздің құрамында *я* таңбасы тұр.

2. Көрнекі құралдардағы *ю* таңбасына берілген *аю, ою* т.б. сөздердің қазақы айтылым үлгісін ескеретін болсақ, онда ол сөздер *ұ, у* немесе *й* таңбаларының мысалы ретінде берілу керек. Өйткені *аю, ою* сөздерінің қазақша айтылымы *айұу, ойұу* болып табылады. Ендеше *й, ұ* немесе *у* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *ю* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөздің құрамында *ю* таңбасы тұр.

Оның үстіне қазақ тілі әріптерінің атауы орыс үлгісімен *эм, эн, эс* т.б. болып жүр, балаларды осыған дағдыландырудамыз. Бала тілін бұзудың басы осы екенін эзір аңғармай келеміз. Тіптен «й» таңбасын «й қысқа» деп жаттықтырып жатқан оқу-құралын да кездестіруге болады. Қазақ тілінде созылыңқы/қысқа дыбыстар жоқ екені эзірге қаперімізге ілінбей келеді.

Мұндай қазақ тілінің айтылым емле-ережесіне кереғар келетін әліпби желісі сауат ашуды жаңа бастаған баланың тілін бұзары сөзсіз. Өйткені бір таңбамен берілген дыбыс тіркестерін бір дыбыс деп қабылдау қаупі бар. Сондықтан да көрнекі оқу құралдырын құрастырғанда қазақ сөзінің айтылым үлгілерін қатаң ескеріп отырған дұрыс.

Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясын дұрыс айтып жаттықтыру, сөзді буынға бөлу, тасымал жасау үстінде туындайтын қиыншылықтармен қатар, мектепке арналған қазақ грамматикаларында дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасын бергенде де үлкен үйлесімсіздікке ұрынып жатамыз.

Егер бұл таңбалар орыс сөздерінің құрамында келтірілсе, онда сөз жоқ. Ал қазақ сөздерінің құрамында олардың бір дауысты ретінде оқытылып, балаларға бір дауысты ретінде айтқызып жаттықтырудың, бір дауысты әріп ретінде жазғызып дағдыландырудың жөні жоқ екендігін әзірге оқулық авторлары, әсіресе бағдарлама авторлары, ескермей келеді.

Әрине бұл бағытта ешнәрсе істелмей жатыр деуге болмайды. Академиялық еңбектерде [4] қазақ тілінің төл дыбыс құрамы ақиқат анықталып, артикуляциялық сипаттамалары мен жіктелім кестелері берілген

Ендеше теориялық фонетика мамандары, теориялық әдістеме мамандары жоғары оқу орындарының оқытушылары және практик мұғалімдер болып бас қосып шешетін күрделі мәселе - мектеп оқулықтарындағы қазақ тілінің дыбыс құрамын оңтайлау, яғни әрбір әріпке қатысты дыбыстың айтылым анықтамасын дұрыс беріп, бала тілін дұрыс қалыптастыру. Оқу-әдістеме саласының мұндай маңызды шарасы «Әліппеден» басталу керек. Олай болмаған жағдайда қазақ сөзінің айтылым үлгісінде көп ұзамай-ақ үлкен өзгерістер болуы мүмкін.

Төмендегі салыстырма кестеден қазақ тілі дыбыстарының қаншалықты күрделеніп кеткенін байқаймыз. Мұны қазақ әліпбиінің тізбек көлемінен де байқауға болады. Қазақ тілі дыбыстарының құрамы 28 дыбыс болса, қазіргі әліпбиіміз 42-ге жеткізіп отыр.

#### *Қазақ тілінің төл дыбыс құрамы*

Аа Әә Бб Ғғ Гг Дд Ее Жж Зз Йй Ққ Кк Лл Мм Нн Ңң  
Оо Өө Пп Рр Сс Тт Уу[w] Ұұ Үү Шш Ыы Іі

Ең бастысы таңба ұқсастығына қарап дыбыс та ұқсас екен дегеннен аулақ болу керек. Қазақтың барлық дыбысының өзіндік айтылым үлгісі мен естілімі бар. Тіптен «а» дауысты дыбысының айтылымы қазақ тілінде өзінше, орыс тілінде өзінше. Тағы мысал: ортақ «к» әрібін қазақ тілінде бір түрлі (тіл ортасы), орыс тілінде екінші түрлі (тіл арты) дыбыстаймыз. «У» таңбасының атауы «ұу» [uw] болып, естілім жағынан орыстың дауысты дыбысына ұқсап кетеді. Содан барып қазақ тіліндегі «у» [w] дауысты деген түсінік пайда болған. Ал, шын мәнінде, жағдай басқа-басқа: орыс тілінде қазақ тіліндегідей дауыссыз «у» [w] дыбысы жоқ.

Ендеше, таңба ұқсас болса, дыбыс та ұқсас болады деген жалған ұғым тумау керек.

#### *Қазақ тілінің аралас дыбыс құрамы*

Аа Әә Бб Вв Ғғ Гг Дд Ее Ёё Жж Зз Ии Йй Ққ Кк Лл Мм Нн Ңң Оо Өө Пп  
Рр Сс Тт Уу Ұұ Үү Ээ Фф Хх Нн Цц Чч Шш Щщ Ъь Ыы Іі Юю Яя



*Кіріме таңбалардың құрамы*

Вв, Ёё, Ии, Ээ, Фф, Хх, Цц Чч, Щщ,  
Уу, Ъъ, Ьь, Юю, Яя  
Һ һ

Бұл құрамға арап-парсы дәстүрімен жалғасып келе жатқан «Һһ» таңбасын қосу керек. Сонда қазақ әліпбиін көпіртіп жүрген кіріме таңбалардың саны шыға келеді.

Ең бастысы әріп таңбаларының тұрқы өзара ұқсас екен деп олардың дыбысталуы да бірдей деген ұғым тумау керек. Сондықтан қазақ және орыс дыбыстарының жасалым/естілім (артикуляция/перцепциялық) ерекшеліктерінің басын ашып алып, оқу-әдістеме құралдарын құрастырғанда және сауат ашу үстінде қатаң ескеріп отырған жөн.

Төл әліпби құрамы мен аралас әліпби құрамын салыстырып қарағанның өзінде көлем айырмашылығы бірден көзге түседі.

*Әдебиеттер:*

1. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2004. – 781 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 308 б.
3. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.; Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

**Момынова Б.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, ф.ғ.д., проф.*

**Коммуникациядағы просодикалық амалдар: семантикалық қыры**

Бейвербалды аспектіге кинесика, ым, ишарат, түрлі дыбыстар (таңдай қағу кезінде шығатын дыбыстар, ауыз бен еріннің қатысымен жасалатын, атап айтқанда, ерінді сылпылдату, беттен сүю кезінде шығатын дыбыстар, т.б.) жатады. Бұлар тек конвенционалды, яғни канондандырылған ым мен ишараттар, басқаша айтқанда, олар қоғамда, бір тілді тұтынушылар арасында белгілі бір мәнімен кеңінен тараған және тілді тұтынушы ұжым мүшелерінің бәрі қабылдайтын әрі түсінетін амалдар. Бірақ ешқашан жеке адамның мінез-құлқына ғана тән амалдарды немесе жекелік (индивидуітік) белгілері басым элементтерді осы топқа жатқызу дұрыс болмас еді.

Лингвистикалық еңбектерде еліктеуіш сөздер барлық қалған лексикаға қарсы қойылады деген пікір кеңінен орын алған. К.Ш.Хусаинов осы пікірге байланысты аталмыш сөздерді перифериялық позициясына қарай, өзге лексика түгел бағынса да, фонетика заңдылықтарына толық бағынбайтын, кейде тіпті грамматикалық заңдылықтарға бағынбайтын фонологиялық подсистемаға жатқызады (1, 86).

Лексиканың бұл түрін А.Т.Қайдар ойлау түріне, әлемді түсіну, ұғыну бейнеленетін және дыбыстық символдарға жатқызады. Яғни адамның сезімі, жан-дүниесі т.б. сияқты сан алуан қырлары қамтылған табиғаттағы, адамның өз бойындағы көзбен, естуімен, түр-түспен, қимыл-қозғалыспен байланысты қабылданатын, түйсінетін дыбыстық символдар деп санайды (2, 169). Осындай жіктеліске жататын лексика түріне экспрессиялық, стилистикалық өзіндік ерекшелік тән және олар ауызекі

сөйлеу тілінде кең қолданыс тапқандықтан, көне жазба ескерткіштерде мүлде қарастырылмаған. К.Ш.Хусаинов В.А.Чернышевтың зерттеулерінде осындай сөздер тобына байланысты, атап айтқанда, еліктеуіш мағыналы етістіктердің әдеби тіл элементтері ретінде тек б.з. V-VII ғғ. ғана танылғанын, оған дейін қара халық тілінің (вульгарлы) элементтері ретінде классикалық санскрит жазбаларында қолдануға тыйым салынғанын, тек VIII ғ. ғана кең қолдануға рұсат берілгендігі туралы пікірін келтіреді (1,88). Олар орхон жазбаларында да кездеспейді. Тек библияда «увы» немесе «әттеген-ай» мағынасын білдіретін және «ага!» деген айызы қану мағынасындағы күрсініс пен айқайды (выкрик) жеткізуші «ах!», «ох!», «ой!» одағайлары ұшырасады (1,86-б.). Бұл одағайлардың мағынаны білдіретіндігін атап өтудің өзі олардың просодикалық бейвербалды амалдар екендігіне нұсқайды. Бұларды К.Ш.Хусаинов жеке-дара тұрып сөз мәртебесін алған (1) және тек бір сөз табының құрамына еніп, көбінесе етістіктермен тіркесіп барып, мән иеленетін түбірлер (2) деп екіге бөледі. Олардың одағайлар мен үстеулерден шығу тегі жағынан айрықшаланатынын, табиғатының бөлектігін, дыбыстық кешен сияқты т.б. ерекшеліктері барын атап өтеді.

**Фонация, просодика құбылыстарының адам эмоциясын жеткізуде бейвербалды амалдармен үйлесімі.** Сөйлеу кезінде эмоцияның көріністері мен келесі бір тарапқа жеткізілуін эмотология зерттейді. Зерттеулерде айтылғандай, эмоциялардың тегінің өзі вербалды емес, сондықтан олар коммуникацияның бейвербалды компоненттері арқылы көрініс табады. Ал бұл компоненттерге ым, ишарат, просодика жатады, нақты атап айтқанда, осы бейвербалды компоненттер тілдік тұлғаның бейвербалды аспектісін құрайды. Содан болар адам эмоциясын сөзбен нақты, тура, толық жеткізу лингвистикада күрделі мәселе болып саналады. Соның ішінде дауыс, дыбыс арқылы, олардың фонациялық ерекшеліктері арқылы эмоцияны жеткізу тіпті оңай дүние емес. Соған орай просодика мен фонация мәселесіне аз да болса тоқталып өткен, абзал.

Эмоция – универсалды құбылыс. Эмоциялардың ішіндегі базалық эмоциялар сананың негізгі құрылымдарын қалайды.

Зерттеулер көрсеткендей, эмоция сөйлеудің өзін және сөйлеу кезіндегі қабылдауды туғызады, сондай-ақ мінез-құлық, тәртіп, сөйлеудің интеллектуалдылығы, қоршаған ортаны интерпретациялау да соған байланысты (3, 314-384).

Сөйлеу кезінде эмоцияның жеткізілуін зерттеуге арналған эмотологиялық еңбектер бар [4].

Тіл білімінде түрлі *үн ырғақтары, дауыс түрлері мен екпіні, тыныс, қарқын және күлкі, жөтелу, мырс ету, күрсіну, жөткіру, сыбырлау* сияқты тілдік емес ұғымдар фонацияның нысаны болып тіркеліп жүр.

Тілдің мазмұн межесін жеткізетін ең кіші тілдік бірлік ретіндегі морфема мен сөзді танытушы әрі айырушы негізгі функциясынан оның *дистинктивті* (мағына айырушылық), *кульминативті* және *делиминативті* немесе *шектеі белгілеуші* функциялары сияқты негізгі функциялары келіп шығады. Фонологиялық мазмұнына қарай әрбір фонема привативті, градуальды, эквиполентті белгіге ие.

Луи Ельмслевтің теориясы фонемаға байланысты абстрактілі теория саналады, себебі ол мазмұн межесін жеткізуші бірлік дыбыстан бөлек болуы тиіс деп санайды да, фонеманың орнына кенема («бос») деген сөзді қолданады.

1955 жылы Р.Якобсон, Г.М.Фанта, М.Халленің «Введение в анализ речи» деген еңбегінде бинарлық акустикалық белгілердің жүйесі сипатталады. Олар көрсеткен 12 белгінің 10-ы дыбысталудың («звучность»), оның 3-уі тон белгілері ретінде көрсетіледі және авторлар мына ерекшелікті айтып өтеді: «В отличие от сегментных фонем такие фонемы, как ударение, выявляются не в отдельном звуке, а в сравнении всех гласных (а иногда и согласных) целого слова, существуют как бы над другими фонемами и поэтому называются *супрасегментными фонемами* (латинский предлог *supra* значит «над»). К супрасегментным фонемам относятся, кроме *фонем ударения*,

еще фонемы тона и фонемы сочленения и ...часто трудно сказать, выражают ли ударение, тон и сочленение непосредственно смысл и, значит, являются морфемами или не выражают смысла, а служат всего лишь для различения звучаний слов и являются фонемами, то многие исследователи называют ударение, тон и сочленение *просодемами* (то есть единицами произношения, интонации, от греческого *просодия* — произношение)»).

Ал фонация және оның бірліктері туралы сөздіктерде мынадай түсінік берілген: «фонема (от греч. φωνή — звук, голос) — 1) звукообразование, совместная работа произносительных органов во время производства звуков речи, а также её результат — само воспринимаемое слухом звучание речи; 2) качество звука речи (или целого слога), обусловленное необходимой для его произнесения работой гортани. Дж. Катфорд выделяет фонацию в качестве третьей основной характеристики речевых звуков, наряду с работой источника звукового давления и артикуляцией в надгортанных полостях (ротовой, глоточной, носовой). В зависимости от степени разведения голосовых связок, степени их напряжённости и наличия/отсутствия сжатия гортани различают до 10 типов фонации, в т. ч.: звонкость (нейтральный голос) — обычные периодические колебания голосовых связок; скрипучий голос — низкочастотные колебания сведённых ненапряжённых голосовых связок; придыхательный голос — добавление фрикативного гортанного шума, возникающего в результате прохождения турбулентного потока воздуха через широко открытую голосовую щель; шёпотность — шум, возникающий при сужении голосовой щели, и др. По мнению некоторых фонетистов, типы фонации могут выступать в качестве особых просодических характеристик, наряду с тоном и ударением. По-видимому, во всех языках фонационные различия используются в качестве экспрессивного сред ст ва»/А.С.Ахманова/. Бұл дәйексөзде дыбыстардың көпке белгілі жасалу жолдары туралы айтылғанмен, сөз соңында фонациялардың просодикалық табиғаты туралы, тон мен екпіннің ерекшеліктері және дыбыстардың фонациялық айырмашылықтарының экспрессивтік құрал бола алатыны туралы пікірге назар аударылды.

-Адам даусы, Г.Е.Крейдлиннің айтуынша, лингвистика мен паралингвистиканың негізгі зерттеу нысаны: «Голос обладает колоссальной силой, которая порой заключена не в том, что сказано. А в том, как это сказано». Коммуникацияда дауыс және дауыс әдебі бар, ал дауыс түрлері интербелсенді әдепке жатады. Дауыстың негізгі сөз (сөйлеу) және сөйлеу немесе сөз сазы (музыкальный) деген екі типі бар (5, 52).

-Музыкалық дауыс - әншілік дауыс. Ер адамдардың дауысы төмен болып келеді. Олар үшке бөлінеді: төмен (бас), орта (баритон), жоғары (тенор). Ал әйелдердің әншілік дауыстары жоғары саналады және оның альт, контральто, сопрано, меццо-сопрано деген түрлері бар. Ән айту кезіндегі дауыстың диапазоны, дауыстың көлемі, тазалығы, әншінің өз дауысын игере алуы — аса маңызды. Әнші дауысын аталған ерекшеліктеріне қарай керемет дауыс, ғажап дауыс, даусы нашар, кеудесінен күмбірлеп шығатын дауыс, қоңыр дауыс, күміс дауыс т.б. деп бағалайды. Ал сөз кезіндегі дауыс дыбыстық артикуляциялармен, коммуникациядағы өзекті мәселемен тығыз байланысты болады. Соған орай коммуниканттар дауыстың шығуына, айтылуына қарай жасанды дауыспен сөйледі, дауысы құйкылжыды, өтірік айтып тұрғаны дауысынан белгілі болды т.б. деп байқап жатады. Қазақы тілдік бейнеде ер адамдар *гүжілдейді, гүрілдейді, барылдайды, гүр ете түседі*, ал әйелдер *шырылдайды, шәңкілдейді* т.б. Нормадан ауытқып жатса, ер адамдарды да әйел сияқты шіңкілдейді, бажылдайды деп айтады.

-Туа бітті дауыс физиологиялық дауыс саналады. Адамның туа біткен табиғи дауысы болады. Ол *ашық, қырылдақ, шіңкілдек, барылдақ* т.б. болуы мүмкін. Ал сөйлеу кезінде адам ішкі сезіміне, жан дүниесіне сай әртүрлі дауыстар шығарады. Дауыс және дауыс тоны өзгерісіне, қарқынының күшті, жай болуына, әуезділігі мен дірілінің құбылуына қарай белгілі бір коммуникативтік функция атқарады. Дауыстардың өз-

герісі сөйлеушіні тындап тұрған адамның ішкі жан дүниесіне, көңіл-күйіне әсер етеді. Дауыс өзгерістері нәтижесінде адам денесі түршігуі мүмкін, дауыс тонының өзгерісіне қарай тыңдаушының бойында қорқыныш сезімі пайда болады. Кейде дауыстан адам қуанышты күйге бөленіп шаттанады, бұл дауыстың жылы шығуына байланысты пайда болатын үдеріс, ондайда коммуникацияға қатысып тұрғандардың жаны тынышталып, көңілдері жайланып қалады. Дауыс қарқыны мен дірілінің басқа бағытта өзгеруіне, түрлі деңгейдегі ноталарда айтылуына байланысты коммуниканттар беймазаланып, тіпті оның аяғы жылауға ұласуы да мүмкін.

-Әлеуметтік орта, яғни адамның өмір сүретін ортасы мен тағдыры дауыстың кейбір ноталарының, әуездері мен діріл, қарқындарының қалыптасуына әсер етеді, адам мінезінде дауыстан аңғаруға болады. Мысалы, мына үзіндіде дауыс пен мінездің сәйкестену жағдайы айтылады:

*«Осындай бір дұдәмал дүние өткен өмірдің жықпыл-жықпылын, түкпір-түкпірін тінткілейді. Бұрын өткенді ойлап, әрнені әдейі еске түсіріп жатуға уақыт жете бермейді. Рысқұловтың жұмыссыз, жайбарақат күні болған емес. Енді, міне, Қушекин-Успенский оған жағдай жасап, асықпай ойлануға мүмкіндік беріп қойды. Түрме қол-аяққа түрме, ал ойлануға мұнда нағыз еркіндік.*

*Сонда бұл дауыс кімдікі? Неге боздай береді? Ботасын жоғалтқан інгеннің үніндей боздап шығады. Рысқұловты зарыға шақыртқанында не сыр бар? Кімнің даусы. Рысқұлов жиырма төрт жасаған ғұмырының ішінде талай-талай дауыс естіген шығар. Қайсы бірін есте сақтайсың. Ең алғаш естігені, есінде қалғаны әкесінің даусы еді. Әкесінің даусы қатқылдау болатын. Тістеніңкіреп сөйлейтін. Өмірі солай шығар. Тістенбеске, қату болмасқа амалы қалмағаны зой. Ахат атасының даусы жұмсақ, майда қоңыр еді. Дауыс көтеріп сөйлегенін естіген емес-ті. Тау-Шілмембет аулындағы басқа адамдардың үні есінде қалмаған сияқты. Жүйрік ой жағалап отырып Меркеге жетті. Қырғызбай атасы жарықтық жасқаншақ-ты, ұдайы сыбырлаңқырап, біреу естіп қоймасын дегендей, ұрланып сөйлейтін. Ол үйдегі Салиха апасы керісінше сәмпылдап тұратын. Салиханың сіңлісі Тайтақай-Талбүбі марқұм да аңқылдап сөйлеуші еді» (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір) .*

Коммуникациядағы дауыс ырғағы, дірілі, тоны мен қарқыны, әуезділігі адамның жеке характеристикасын білдіреді. Дауыстың сипаттамалары коммуникация үшін таптырмайтын ақпар береді. Авторитарлы, қатқыл дауыс адамның мінезінің қатқылдығын көрсетеді. Келтірілген үзіндідегі әке дауысының сипаты қатқыл мінез иесі екенін көрсетеді: *Әкесінің даусы қатқылдау болатын. Тістеніңкіреп сөйлейтін.* Оның себебі өмірі, өмір жолы оңай болмағандықтан деп есептейді автор. Жұмсақ мінезді, бос, жасқаншақ адамның дауысы да жұмсақ болып келеді. Үзіндідегі Қырғызбай дауысының сипаты осыны аңғартады: *Қырғызбай атасы жарықтық жасқаншақ-ты, ұдайысыбырлаңқырап, біреу естіп қоймасын дегендей, ұрланып сөйлейтін.* Аңқылдақ, ашық мінезді адам қазақ түсінігінде сәмпылдап сөйлейді, үні ашық шығады: *Ол үйдегі Салиха апасы керісінше сәмпылдап тұратын. Салиханың сіңлісі Тайтақай-Талбүбі марқұм да аңқылдап сөйлеуші еді.* Міне, әрбір сөйлеу кезіндегі адам шығаратын дауыстардың астарында қаншама сыр жатқаны, адам мінезінің дауыс арқылы білініп, байқалып тұратыны, сол арқылы адамның психологиялық ерекшелігі, ішкі жан-дүниесі көрініс беретіні келтірілген үзіндіде жақсы суреттелген.

*«Ап-анық:*

*-Рысқұлов Тұрарды шақырыңдар!*

*-«Жоқ, бұл түрменің әкімі емес. Әкім бұлай жалынышты үн шығармайды. Мына дауысты мен бұрын қайдан естідім?»*

*-Рысқұлов Тұрарды шақырыңда-а-ар!*

*-Соңғы сөзін әуеннің қайырмасындай созыңқырап, мұңға айналдырып, жыламсыратып жіберді.*

Міне, жұмбақ. Успенскийді психологиялық шабуыл үшін әдейі ұйымдастырып қойған концертті ме? Онда не мақсат? Ал, дауыс таныс сияқты». Осы мысалдағы «әкім бұлайша жалынышты үн шығармайды» деген сөйлем көп нәрсені аңғартады. Адамның әлеуметтік деңгейі оның дауыс тонының қалыптасуына әсер етеді. Бағынышты-басшы сызбасындағы екі коммуниканттың өзіндік дауыс ерекшеліктері болатынын да мысалдан байқауға болады.

Дауыстың, ащы, жұмсақ, құмығып шығуы түрлі жағдаяттарға да байланысты болып келеді, дауыс тонының өзгерісі көп нәрсені аңғартады. Дауыстың ақырын, жұмсақ шығуы адамның мінезінің салмақтылығын байқатады: *Дауысын қатты шығармайды*, бірақ жасық емес, байыппен ойлап айтады (Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы).

Жаны қиналып, қатты шошынып яки қатты қорыққан адам ащы дауыспен айқай салады: Дәл осы сәтте көп жылқының іргесінен «Аттан!Аттан!», - деген *ащы дауыс саңқ-саңқ етіп*, іле ат тұяғының ауылға қарай тапырақтап сатұр-сұтыр шаба жөнелгені естілді (Сейдімбеков А.Аққыз). Шошынғаннан Жұмажанның *дауыс ап-ащы* шықты (Қаназов М. Қияндағы күн нұры).

Дауысқа байланысты, дауыстың фоносемантикасына байланысты ерекшеліктері қағазға түсіргенде, яғни қаламгер суреттегенде қаншалықты нақты болып шығады, сондай-ақ дауыс тоны, дауыс дірілі, дауыстың әуезі, дауыстың қарқыны қаншалықты дәл жеткізіледі, әрине, ол жағы көмескі де беймәлім. Әр жазушы, қаламгер оны әртүрлі суреттейді. Белгілі бір канондық сипаттар бар, мысалы: ащы, ап-ащы дауыс, жай дауыс, құмығыңқы дауыс, т.б. Халық жаппай ұғып-түсінетін дауыс түрлерінің жазба әдебиетте орныққан немесе құлақсіңісті түрлері деп, мүмкін, осыларды айтуға болар. Бірақ ақиқаты сол, бейвербалды орындалатын дауыс сипаттарының сөйлеу әрекетінде орын алуы міндетті құбылыс және түрлі жағдаяттар мен көңіл-күйін жеткізудегі дауыстың рөлі ерекше. Ал дауыс түрлерінің жазба әдебиетте өзіндік бір жүйемен жеткізілуі, санада қалыптасқан белгілі бір шаблон вербалды құралдармен сипатталуы мүмкін емес, сипатталу коммуниканттардың жазушы жүк етіп артып отырған мақсат-мүддесіне сай болып келеді және ол күнделікті сөйлеу әрекетінде де солай екенін мойындау керек. Дауыстың түрлі фоносемантикалық өзгерістері сөйлеуді қалыптастыратын жағдаятқа сай болады, ол көп ретте адам еркінен тыс автоматты түде орындалады, адамның ырқына бағынбайды. Жағдаятқа, коммуниканттың мақсат-мүддесіне сай, соны нақтылай түсу мақсатында коммуникант үн шығарады, сол арқылы мақсатқа жету көзделеді. Ал сол үн, дауыстардың вербалдануы, әр қалам иесінің өзіндік стиліне, жазу машығына тәуелді болып қалады, өйткені дауыс түрлерінің вербалдануында стандартты, кесімді, барлық қаламгерлер сақтауы керек деген норма жоқ, сондықтан көпке ортақ, орындауға міндетті бір сипат, бір үлгі бар және ол толық сақталады деуге келмейді.

Дауыс түрлерінің мағыналық кырлары коммуникант мақсатына, интенциясына бағынышты, жағдаятқа қарай мәнмәтінде ашылып отырады. Әр автор өз түйсік-тануына қарай дауыстарды автор ойын, кейіпкер портретін жеткізу үшін өз мәнеріне салып, суреттеп жатады. Сондықтан сөйлеу әрекеті кезіндегі дауыс түрлері қағаз бетіне түсірілгенде бір шаблон, бір жаттанды үлгімен беріле бермейді. Бірақ ішкі толқынысты, адамның жан-дүниесін, ішкі әлемін жеткізудегі дауыстың орны айрықша. Бұл бейвербалды амал ретінде саналатын және орындалатын дауыс түрлеріне қатысты пікір. Ауыз, көмей, тандай, мұрын жолдары арқылы орындалатын, сөз емес, бірақ сезімді жеткізуге белсене қатысатын бейвербалды амалдар болады. Ондай амалдар тіл-тілдің барлығында да бар, сондай-ақ қазақ тілінде де бар. Айталық, ерекше просодикалық эмоция жеткізуші фонациялар ретінде қазақ тіліндегі *тии-и-и!*, *туу-у!*, *һи-ім*, *і-Һідеуі* (Сондықтан Бекболат «осылай дендер» деген кісіше :

-Ым-ым!-деп орнынан тұрды (Ж.Аймауытов. Шығ.Романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар) *жәткірініп дыбыс шығаруды, тілді таңдайға жабыстыра ұстап*

таңдайды тақылдатуды, ерінді сылт еткізуді (Ол Дәрменмен қалжақтасады. Қыз баратын ауылдың өткір тілді жеңгесі тәрізденіп, ашық әзілге салған. Сондай қартаңдау, ысқаяқ жеңге болып, түсін өзгертіп, *еріні сылт еткізген* (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. 191-б.) т.б. атап айтуға болады. Ал дауыс пен дыбыс түрлері екі түрлі жолмен жасалады. Тш-ш-ш немесе оған аса ұқсас ш-ш-ш (тыныш сөзінің паратілдік аналогы) дыбыстары мен адам тоңғанда шығаратын (бр-р-р) дыбыстары (бірақ қазақтар бұл дыбысты айта немесес шығара бермейді) Г.Е.Крейдлиннің мәліметіне қарағанда: «... в языке Пакас Нова в Бразилии на границе с Боливией би-лабиальная трель входит в соответствующие фонетические системы» (5, 56). Әрине, казақ тілінде паратілдік элементтер әліпбиде жоқ.

Ауыз, көмей, таңдай, мұрын жолдары арқылы орындалатын дауыс түрлерінен бөлек өзге де соматикалық мүшелер арқылы шығарылатын атап өтілген дыбыстардың коммуникация кезіндегі орны айрықша. Олардың коммуникативтік ақпараттары бай болып келеді. Мысалы, адамның өз санын алақанымен ұрып дыбыс шығаруды, санын шапалақтауды, екі алақанын бір-біріне соғып жіберіп дыбыс шығаруды, екі алақанын бір-біріне үйкелеуді, затты түсіріп алған кездегі дыбыстың шығуы, затты әдейі тастап жіберіп дыбыс шығаруды т.б. келтіре кетуге болады.

Дж.Трейгер паралингвистикаға үннің түрлі ұғымдарын ғана кіргізеді. Себебі тілдік қатысым кезінде үнге қатысты ұғымдар, үн ырғақтары, екпін, кідіріс сөйлеушінің жеткізетін ақпаратының мән-маңызын күшейтіп, әсерін арттырады. Ал үн болған жерде үнсіздік те болады. Мысалы: *Рысқұлов қап-қара шевиот костюмінің қалтасынан аппақ бәтес орамал алып, алтынжиек көзілдіріктің әйнектерін асықпай сүртіп, үндеместен тұрып алды. Бұл тұрыс жұрттың дегбірін алғандай, барлығы да бір-бірімен күбір-күбір, сыбыр-сыбыр сөйлесіп, әлдебір тосын сөз күткендей Рысқұловқа сабырсыз қарайлай берді* (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. 171-б.). *Үндеместен тұрып алды* деген фраза үнсіз қалды дегенді білдірмейді, керісінше, сөйлеушінің әдейі кідіргенін көрсетеді. Тілдік қатысым кезіндегі коммуниканттың кідіріс жасауында мән болатыны осы мысалдан көрінеді. Мақсатты түрде жасалған кідіріс тыңдаушыларға соншалықты әсер етіп, олардың сөйлеушіге қызығушылығын тудыруы өз алдына, тыңдаушыларды түрлі сезім-күйге түсіреді: тыңдаушы үміттенеді, ойланады, күтеді, ынтығады, абыржиды, сабырсызданады, қорқыныш сезімін бастан кешіріп үлгіреді я болмаса әлдеқандай қуанышты хабар күтеді. Мысалы: *Бұдан арғы жайды өзді-өзі үшеуі ғана болғанда ашық, еркін сөйлесе алады. Мағаш соны ойлады да, үндемей қалды* (М.Әуезов. 20 томдық шығ. жинағы. 5-том. Абай. Роман-эпопея. - Алматы: Жазушы, 1980.-422-б.-32-б.). Бұл жерде де үнсіз қалудың астарында ойды іркіп қалу, сыр сақтау, ішкі сезімін жария қылмай сақтау, ұстау керек деген коммуниканттың мақсаты жатыр. В.П.Морозов (6, 67-75) фонациялық құралдар айтушының эмоционалдық, эстетикалық, индивидуалдық айырмашылықтарынан, әлеуметтік тегінен, психологиясы мен көзқарасынан, биофизикалық жағдайынан хабардар ететінін айта отырып, фактілерге сүйеніп, түрлі мәліметтер келтіреді. Бұл пікірлердің дұрыстығын жоққа шығаруға болмайды, тек қостау жөн. Ал пікірдің дұрыстығы мына мысалдардан байқалады: Тоғжан қолындағы торғын көрпені кеудесіне көтеріп, бауырына қысыңқырап тұрып, келіншекке *әдептен ғана бұйрық етіп*:

*-Аяғын, аяқ жағын биіктетсеңші! – деді* (М.Әуезов, Танд. шығ. жинағы). Мұндағы Тоғжанның дауыс екпіні өктемірек шығатыны, бұйыра сөйлеу құқығы арқылы мәртебесінің қатысымға түсіп тұрған екінші адамға қарағанда жоғары екені байқалып қалады және ол «бұйыра сөйлеуі» деген вербалды амалдан көрінеді. Бұл жерде бейвербалды амал дауыс екпіні, дауыс қарқыны, яғни фонациялық өзгешеліктер арқылы берілген, ал амалдың вербалды сипаттамасы осы *өктемірек, бұйыра сөйлеу* тіркесінен көрінеді. Я болмаса:

*-Әкең сенің Көжекебайды құп көрді білем, арт жағымнан саңқ етіп дауыстап: «Уай, алапес! Сен қалай жүріп барасың?» - дегені* (М.Әуезов, Танд. шығ. жинағы,

167-б.). Бұл арадағы бейвербалды фонациялық амал – *саңқ ету*. Бұл *саңқ етудің* фонациялық амал, фонация бірлігі ретінде сипаттамасы берілер болса, дауыстың ашық, қатты, екпінмен айтылатынын келтіруге болады. Сонда ашық, екпінді, дірілі зор қатты дауыс - саңқ ету тіркесімен берілген болып шығады.

Үн ырғағынан, дауыс қарқынынан, дірілінен, айтылған сөздің әуезділігінен, интонациясы мен дикциясынан адамның бір басына тән психологиялық ерекшеліктерінен, жасы мен мінезінен, әлеуметтік ортасынан хабардар болып, алған тәрбиесінің деңгейін, қандай кәсіп иесі екенін сезінуге болады. *Саңқ етіп, өктем сөйлеуге* мәртебесі басқаларға қарағанда жоғары, дәрежесі биік, өзгелерге бұйыра сөйлеуге үйренген әлеуметтік жағдайы соған мүмкіндік беріп тұрған адамның ғана құқы бар.

Әйел мен ер адамның дауыстарындағы фонациялық ерекшеліктерді жеткізетін сөйлеу процесі. Сөз сөйлеу кезінде әр жынысқа тән дауыс ырғақтарының типтік ерекшеліктері анықталады. Ер адамдардың дауыс ырғақтары әйелдерге қарағанда *төмен* болып келеді, бірақ бұл арада ситуацияның орны ерекше, ал, керісінше, сөйлеу кезіндегі ер адамдардың дауыс *екпіні* мен *қарқыны қаттылау* келеді. Мәселен қырғыздардағы кәрі мен жас адамның үн ырғағы туралы: «... ал эми қары адамдардың үнү жаштарға салыштырмалуу ақырын, жай болгондугу менен өзгөчөлөнөт», - дейді А.Ботобаева (7, 29). Сол сияқты адамдар арасындағы қатысым кезіндегі дауыс ырғақтарындағы *бастық пен бағынышты, студент пен оқытушы, әке мен бала, әйелі мен ері* арасындағы айырмашылықтар сөйлеу процесінде айқын көрінеді және қатысым кезіндегі фонациялық амалдарды зерттеу арқылы ғылыми сипаты нақтыланады.

Вербалдық емес амалдардың ерекшеліктеріне А.Ботобаева сенсорлық табиғаты (ұғу, көру, қармау-ұстау) сияқты адамға тән дене мүшелері арқылы жүзеге асатын және осылар арқылы мәліметтер алуға болатынын, ә)ым-ишараттардың шығу тегі «ым тіліне» нұсқайтындығын, себебі алдымен ым тілі шыққан деген пікірлер орын алғандығын, бала тілінің ым-ишараттарға негізделетіні де байқалатынын, б) үн өзгерістері сөз мағынасына әсер ететінін және бұл сөйлеу процесінде анық байқалатынын, в) адресат пен адресант тілдесуші тараптар үн ырғағына, интонацияға көңіл бөлетіндігін, г)вербалды емес амалдар универсалды семантикаға ие болатынын, әрине, ұлттық семантикамен ерекшеленетін амалдар да бар деп санайтындығын келтіреді (7, 28).

Дж.Трейгер үндердің тілдік түзіліс пен жүйеге бағына бермейтін бөлігін «вокалдык» бөлік деп атайды. Екінші топқа *ырғақ (ритм), сөйлеудің, лебіздің ырғағын, тыныс* немесе *паузаны, діріл* немесе *тембрді, екпінді* жатқызады. Дегенмен, сөйлеу кезіндегі көмекші құралдардың фонацияның нысанына айналуына байланысты айтылған әрқилы пікірлерден фонация бірліктерінің толыққанды жүйеленбегені аңғарылады.

Тағы бір ескерер жайт, адам туралы, оның физика-психологиялық ерекшеліктері, мінез-құлқы мен өзін ұстауына байланысты ақпаратты үн, үн түрлері және ым-ишараттар және дене, тән қимылдарын бірлестікте алып, зерттегенде ғана білуге болады. Өйткені бұлар бірін-бірі толықтырады және бірін-бірі жоққа шығара алмайды. Бұлар қатысым кезінде қатарласа орындала алады және үн шығару кезіндегі өзгерістер, дауыс ырғақтарының өзгеруі ым-ишаратқа, дене арқылы жасалатын түрлі қимылдарға әсер етеді. Мысалы, қатты ашудан адамның үні ғана емес, қолы да, аяғы да *дірілдейді*. Қол-аяғы дірілдеп тұрған адамның дауысының нық шығуы қиын. Немесе бәрі керісінше болғандағы дауыс пен өзге дене мүшелерінің үйлесім табуын былайша көрсетуге болады:

- Мен бақыттымын!-деп *саңқ етті* жігіт *басын шалқайтып, қолдарын* ерекше шабытпен *жоғары көтеріп, аяқтарын алишақ ұстаған* күйі. Дауыс пен дененің өзге де мән беретін қимылдарының осылайша суреттелуі үйлесімді көрсетеді. Бұл арада *күңк етті, сыбыр етті, мыңқ етті* деген фонациялық сипаттамалар дене мен ым-и-

шараттарға сәйкес келмейтіндіктен, олар қолданылмайды. Бұл – үйлесім. Фонациялық амалдар мен ым-ишараттардың үйлесімі, бұларды бірлікте алып зерттеу қажеттілігі осындай мысалдардан байқалады.

Үн, сөз әуезділігі әр ұлтта - өзінше, бөлек.

Геосаяси орнына байланысты шығыс елі болып саналатын қазақтардың салт-дәстүрі отырықшылыққа ерте бет бұрған шығыс елдерінің салт-дәстүрінен бөлек. Өзге шығыс елдеріндегідей өрескел қатан тыйымдар аз болса да, сезімді тұмшалап сыртқа білдірмеу қыз балаға, әйелдерге тән болып келеді. Бірақ қазақтарда әзірбайжан халқындағыдай келіннің ата-ененің алдында үн шығармауы, тек ым-ишарамен сөйлесуі сияқты әдеттер жоқ. Бұл паралингвистикалық сөйлеу құралдары кейбір ұлттарда аз, кейбір ұлттарда көбірек болуына әсер етуі мүмкін деген ой тудырады.

Қазақтарда көшпелі тұрмыстың әсерінен болса керек, еркіндік басым, отырықшылыққа ерте бет бұрған халықтардан бір өзгешелігі осы еркіндіктері арқылы сезіледі. Соған қарамастан ым-ишараттар да қазақтардың тілдік қатысымында өз қолданыс аясын тапқан, соның бірі фонациялық амалдармен сезімді сыртқа шығару жақсы жетілген. Айталық, күлкі арқылы қуаныш, ризашылық, масаттану сезімдері сыртқа шығады, тындаушыға естіледі. Олар семантикасына қарай түрлі-түрлі вербалданады, әртүрлі сипатталады. Мысалы: *сыңқ етіп күлу, қарқылдап күлу, саңқ етіп дауыс шығару, барқ ету, шаңқ ету, иіңк ету, зіркілдеу, бырқылдау, дауыс көтеру, дауысын төмендету, дауысы құмығыңқырап шығу, дауысы ашық болу, дауысы дірілдеу, үзік-үзік дыбыстау, сөзінің аяғын жұту, сыбырлап сөйлеу, тұншыға сөйлеу, үні тұншығып шығу*, т.б. фонациялық ерекшеліктердің бәрі де адам сезімімен байланысты, адам эмоциясынан хабар береді. Әр эмоцияның акустикалық мінездемесін берерде әрбір автор өзіндік сипаттама ұсынады. Көп жағдайда авторлар бір просодикалық амалды өз қабылдауынша, өз жеткізуінше сипаттағанда, ұқсастықтың аз болатынын байқауға болады. Бұл нені көрсетеді? Бұл – жоғарыда атап өткендей, коммуникация кезіндегі просодикалық амалдардың стереотиптенген түрлерінің аздығын байқатады.

Дауыс, үн деп қазақ тілінде әртүрлі дыбыстар аталады. Үн түрлеріне қатысты дыбыс шығарды, дыбыстады, дабыстады деп те айтылады.

Дауысты ақырын және қатты шығару арқылы коммуникант өзінің діттеген мақсатына жетуді көздейді. Мысалы:

- Тоқтай тұр! Бейбіт, қансыз алайық. Бәрібір анау жатқан жігіт пен күрең қасқа құрбандыққа шалынды ғой! – деп Абдолла оған *жай сөйледі де*, артынша *дауыстап*. – Келісімге келетінің шын болса, қаруыңды тастап, топтан бөлек шық. Мен де қарусыз шығамын (Бақберген С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы. 225-б.). Біреуге жай сөйлеген коммуникант, екінші адамға дауыстап сөйлейді. Себебі екеуіне қатысты ұстанған өзінің интенциясы бар. Дауыс ырғағы, дірілі сол мақсатқа бағындырылады.

Табиғи жағдайда дауыстың, үннің сыңғырлап шығуы әйелдерге тән:

- Тышты-тышты, - деді Тоты *үні сыңғырлап*. Бірақ *даусы* ерекше *тығылып* шыққандай болған.

- Тышты-тышты, - деді Барат та қолына ілінген құрт-ірімшікті ала беріп. Бірақ мұның үні де *барлығыңқырап шыққан* (Сегізбайұлы К. Беласқан. 158-б.). Екі дауыс түрі екі адамға, атап айтқанда, ер мен әйелге тән және екеуі де сезімге берілген адамдар.

Дауыс - эмоцияны жеткізудің бейвербалды құралы. Адам *ентігін, демігін сөйлесе*, адамның ашуланып, қысылып, толқып я болмаса шерленіп тұрғанын білдіреді. Мысалы: Менің көрген қорлығыма, шеккен азабыма, ант бұзған, ардан ада болған масқара жолыма ақ тілек айтып, қару беріңдер маған, қару! – деп ол *ентіге сөйлеп* әрең тоқтады (Бақберген С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы). Ашу мен ыза аралас түсіп тұрған кездегі ентіге сөйлеу түрі. Дауыс саңқылдап естілмейді, ашық шықпайды.

-Жоқ, - деді Берке, - қарадан қорқып атымның басын бұрмаспын! –Сөйдеді де жанында тұрған жүз басы Сәлімгерейге: - Баста көшті! – деді *ызадан қырылдай сөй-*



*леп*, - тек әскер екі жағымыздан жүрсін! - Қанша Алтын Орда ханы болғанмен де, сірә, халық ереуілінен қаймығып қалған болуы керек, артқы сөзді ол *сыбырлай айтты* (І.Есенберлин. Алтын Орда. 89-б.).

Адам ашуланғанда *дауыстың қырыл араласып, тамақ арқылы жарықшақтанып шығуы*:

- Қазір, - деді **қырылдап**. – Қазір кетпесеңдер, әмірге хабар жеткізем (І.Есенберлин. Алтын Орда. Тарихи трилогия. 1-кітап.– 265-бет).

Дауыстың, үннің ырғақтарына әсер етіп, қалыпты дауысты өзгертетін келесі сезім түріне *қорқыныш* жатады:

- Не болды, ей?!

- Ол не?

- Шайта..ан деймін. – **Даусым дір-дір етеді**. – Шайта...ан (Қаназов М. Қияндағы күн нұры.-172-б.). Дауыс дірілінен (тембрінен) адамның өзі көрінбесе де, ол қараңғы жерде тұрса да, қорқып тұрғанын аңғаруға болады. Ал қорыққан адамның дене қалыбы өзгертетіні, бойын еркін, жазып ұстай алмайтыны, көзі де, бет-әлпеті де қорқыншықа бой алдырып тұратыны белгілі. Дауыс пен дене қалыбының үйлесімі осындай тұстарда көрініс береді.

Адамның көңілінің бұзылуы, босауы жылғау және жыламсыраудан көрінеді. Жыламсыраған кезде мағыналы сөз емес, көмейден ыңылдап шығатын дыбыс құлаққа естіледі. Әрине, бұған қоса бет-әлпетте өзгеріс болады: Жыламсырап тұр. **Даусы тарғыл-тарғыл** (Қаназов М. Қияндағы күн нұры.-177-б.). Осы мысалдағы дауыстың тарғылдығын шамалап қана түйсінуге болады. Дауыс үзіліп-үзіліп, бей-берекет, бірде анық, енді бірде құмығып, біркелкі шықпайды. Сол сияқты жыламсыраған кезде де дыбыс, сөз анық естілмейді: Дәрмен Абайдың қазір қатты құбылып, шұғыл өзгерген, **жыламсыраған үнінен** сезіктеніп қалды (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 6-том. - 411-б.).

Аландаған кезде де дауыс қалыпты жағдайдан өзгеріп, бұзылып естіледі:

-...Тым құрыса сен жетер болармысың! – деп соңғы сөздерін әлденеден **қалтыраған үнмен айтты** (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 6-том. 411-б.).

Ашуды дауыс арқылы сыртқа шығару амалдары бар. Соның бірі **зілденіп сөйлеу**:

- ТүркЦИК – мына бізбіз. Әуелі дауысқа салыңыз. Сізді кім жақтар екен, жолдас Қушекин, - деді ол **зілдене сөйлеп** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. – 183-б.). Ашу сөйлеу сазына әсер ететінін сезінуге болады. Күнделікті өмірде де ашуланған адамның дауыс екпіні, қарқыны мен дикциясы яғни айтылу мәнері жай сөйлеуден де, қуана сөйлеуден де бөлек екені көпке белгілі.

Дауыстың келесі түрі - **айқай**. Айқай атаулының бәрі үнемі бір қарқын, бір дірілмен орындалмайды. Еріксізден еріксіз айқайлап жіберген адамның шошынуы, қорқуы немесе қатты қуануы мүмкін. Бірақ бұл эмоциялар кезінде де айқайлау, айқай салу бірқалыпты емес, әртүрлі орындалады. Әсіресе, қуана айқайлаудың қорқып айқайлаудан жөні бөлек. Мысалы: Әсіресе өзінің шабарманы Баржық қуанғаннан ба екен, **айқайлап жіберді** (Бақбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы.–224-б.). Қуанышты айқай кезінде қуанышты сездіретін ноталар болады. Ал шошынған кезде адам еркінен тыс айқайлап жібергенін аңғармай қалады, айқай оқыс шығады.

Мақсатты түрде дауысты қатты шығарып, айқайға басу шошына айқайлаудан бөлек болады: **Дәрмен, Мағаш енді қатты айғайлай кірісті** (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. -22-б.).

- Кобозев қайда? – Успенский **айқайға басты** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. Қызыл жебе. Роман. 3-кітап. - 205-б.).

Сондай-ақ сабырлы сөйлеу, салмақпен сөйлеу, қоңыр үн қату, таза дауыспен сөйлеу сияқты дауыс түрлері айтылғанмен олардың жасалу жолы да, басқа дауысты ерекшелікпен компоненттері де осыған дейін анық сипатталып, көрсетілмеген. Мысалдарда аталған дауыс түрлері жай ғана сипатталады және оны қалам иелерінің бәрі

бірдей сипаттайды деп кепілдік беруге болмайды: Мағаш енді әдейі, **жай салмақты, сабырмен** сөйледі (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том.-22-б.); Енді салмақпен баяу сөйлеп, ақырын ғана **қоңыр үн қатып**, Мағашқа наразылық айтты (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. Абай. -30-б.)...күдер үзуге айналып едік, - деді **жағымды таза дауыспен** (Сейдімбеков А.Аққыз. -13-б.).

- Неге, Шалва Зурабович? – Рудзутақтың **қою дауысы естілді** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.– 226-б.).

- Оны мен әлгінде ғана түсіндірдім ғой. – Енді Рысқұловтың **даусы қатая түсті** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. - 260-б.).

Дауыс қатты екпінмен, қатты дірілмен, әуезділігі майда да, қоңыр да емес, аса қатқыл болған кезде **ақырып жіберді, ақырды** деп айтылады: Түлкі тымақ **ақырып жіберді** (І.Есенберлин. Алтын Орда.– 117-бет).

Әзімбай ақыра жөнелді:

-Тоқтамайды! Бұйрық айтпақсың ба маған?... Аш көзіңді!.. (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. -19-б.).

- Міне, көрдің бе? Қайтып ағайын болайын? Мына қамшы мыналарға емес, маған жұмсаған қамшысы ғой Бөжейдің... Тұр тегіс!-деп, бар жігітке қатты **ақырып бұйрық берді** (М.Әуезов. Шығ.,20 томдығы,3-т.-90-б.).

**Ақыру** - ашу шақырғанда естілетін просодикалық амал. Қазақ табиғатында ақыратын көбінесе ер адамдар болып келеді. Ал әйелдер тарапынан ақырып жіберетін үлкен әжелер, жасы жеткен сыйлы, беделді, көпке сөзі өтетін әйелдер ғана. Мысалы: Даусын көтеріп сыңси бастап еді, әжем **ақырып жіберді** (Қаназов М. Қияндағы күн нұры.–71-б.).

Кез келген ер адам ақыра алады, бірақ кез келген әйел адам ақыра алмайды.

Ал адам қатты қорқыныш сезімі бойын билегенде, шошынғанда **бақырып** жібереді. Бақыру көбіне-көп адам еркінен тыс орындалады. Қатты қорқып, шошынған, сасып қалған, амалы таусылған адам қалай бақырып жібергенін өзі де аңғара алмай қалады. Мысалы: Өзінің атпағанына көзі жеткен Ташпулат былқ-сылқ еткен нәресте денені құшақтап тұрып:

-Жауыздар! Өздерің аттыңдар! Өздерің өлтірдіңдер! Сендерде не пәтуа бар! – деп **бақырып жіберді** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. - 142-б.). К.Ш.Хусаинов бақырды жеке емес, тек жыла етістігімен тіркес күйінде алып «плакать громко, голосисто» (только о детях; чаще с широко раскрытым ртом; иногда без слез; плач капризного, разбалованного ребенка, требующего удовлетворения его желаний; плач ребенка от сильной боли)» (1,210), - деп, балаларға ғана тән деп деп сипаттайды және бақырып жыла етістігі ақыр етістігіне (кричать, горланить, реветь) мағына жағынан жуық деп есептейді.

Бақыру кезіндегі дауыс ноталары да, дауыс ырғағы да берекетсіздікпен орындалады. Бақырған адам нақты бір дене қалыбын сақтамайды, бет-әлпетінде де, қимылдарында да бей-берекеттік сезіліп тұрады. Бақыру көбінесе жылаумен араласып кетеді. Бақыру тек балаға емес, үлкендерге тән және әртүрлі сезім-күйге байланысты болады. Әсіресе қатты шошыну, жанталас, жан қысылу кезінде, қатты сасқалақтағанда орындалатын бейвербалды амал.

Дәрменсіз күйге түскен үлкен де, жас та **шырылдайды**:

- Көке! – деп **шырылдады** шекесіне алтыатар тірелген бала (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. - 146-б.). Шырылдаған кезде адам дауысынан жалыныш сезіледі.

Бұрынғыдай біреу емес, екеу емес, бір топ адам енгенін көзден гөрі тықырдан сезген тұтқын бір сәт теңселгенін қоя қалып, түк басқан аузын аңқайта ашып, аспандата қарап:

- Мама! – деп **шыңғырып жіберді**. Қолындағы хрусталь күміс подноскиа түсіп кетіп, күл-талқаны шықты (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. – 212-б.). «Шығырып жыла» етістігі туралы К.Ш.Хусаинов «плакать тонким, визгливым голосом, визжать»

деген түсінік береді және емшектегі балалардың шынғырып жылайтынына тоқталып (о грудном ребенке, слезы обильные, рот широко раскрытый) деп суреттейді. Қырғыз, якут, өзбек тілдеріндегі ұқсас етістіктерді келтіре отырып, олардың білдіретін мағынасының сылдырлау, шылдырлауға ұқсастығын алға тартады (1,215). Шынғырып дыбыс шығару тек жылаған кезде ғана емес, көз жасынсыз да орындалады. Мысалда келтірілгендей, адам қатты қорыққан, шошынған кезінде еркінен тыс шынғырып жібереді. Кейде көз жасы араласып, шынғырып жылауға ұласады. Шынғырып жіберу көбінесе әйелдерге, қыздарға және кішкентай балаларға тән болып келеді.

*Саңқ ету* бар да, *шаңқ ету* мен *шаңкілдеу* бар. *Шаңқ ету*, *шаңқ ету* немесе *шаңкілдеу*, *барқ ету* – пейоративті дауыс түрлеріне жатады.

- Түсінікті! – деді **шаңқ еткен** Әлі сұлтан. – Бұл, сірә, тұрақты түрде үш түмен ғаскер ұстаған Жалаңтөс атаңның өнегесі демексің-ау! (М.Есләмғалиұлы. Әйтеке би. – 476-б.).

Кемпір **шар-шар етін**:

-Қоя ғой, Тұрар-жан, басыңа бәле шақырма! Көз жасыңды көрсетпе! ...-деп жалбарына сөйледі (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.–167-б.). Шарылдап жылауды К.Ш.Хусаинов тағы да тек сәбиге, онда да дүниеге жаңа келген сәбидің шығаратын алғашқы дауысы, жылауы деп есептейді. Шар - түбіріне (шумно, бурно течь, бурлить) түрлі модификаторлардың қосылуына қарай судың, аяқ астынан әлдененің үзіліп кеткен кездегі дыбысын, қатты жылауды, биіктен құлаған судың дауысы деген мағынаны қырғыз, түркімен, өзбек тілдерінде білдіретіндігіне тілдік фактілер келтіреді (1, 215). Ортақ мәні оқыстан шығатын және қатты шығатын дыбыс екені біздердің тараптан келтірілген мысалдардан да байқалады. Пікір алшақтығы бұл дыбыстың (егер жылауға қатысы болмаса) үлкендер тарапынан да орындалатындығына байланысты.

- Рысқұлов Тұрарды шақырындар! – деп **барқ-барқ** ете қалды (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.–206-б.). Мысалдардағы бейвербалды амалдардың көбі жағымсыз дауыс түрлеріне жатады.

Ал, керісінше, *саңқ ету* үнемі жағымды мағынаны білдіреді. Яғни тудыратын эмоциясы жағымды болып келеді:

- Жамиғат!- деп **саңқ етті**. – Жаңа дүния жолында күрес әлі жүріп жатыр. Бұл күрес құрбандықсыз болмайды (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.– 150-б.). Сөз сөйлеп тұрған адамның сөзі шымбайға батқанда, тыңдаушыға ұнамағанда дауысты қатты шығарып, айтушыны тоқтату үшін саңқ етіп, дауыс шығарылады және ол екінші бірінің қолынан келе бермейді. Өжеттілікті, батылдықты білдіреді: Садық кожа осы арада **саңқ етін** сөзді бөлді (М.Есләмғалиұлы. Әйтеке би.–473-б.).

**Булығып үні шықты:**

- Алматыны ұмытқан екенсің, бала, Меркені де ұмытқан сияқтысың (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.–157-б.). Булығып шыққан үн - өкпенің, өкініштің белгісі.

**Дауыстың құмығып шығуы** – көңілсіз, жанға жайсыз сөзді айтудан қашпақтандан болуы әбден ықтимал. Ықтимал деуге себеп, адам әлденені, әлдебір маңызды хабарды жасырып айтқанда яки қорқыныш санасын жайлағанда құмыққан дауыспен сөйлейді.

-Шырақ, түсің күл боп тұр ғой. Аттан құлағаннан ба? Жайшылық па өзі?

- Жай болмай тұр, би аға, - деген жігіттің **дауысы құрғақси құмыға шықты**. – Жау. Тағы да сол жоңғарлар..(М.Есләмғалиұлы. Әйтеке би. – 116-б.).

- Рысқұлов жолдас, есікті ашыңыз! – деді **өктем дауыс** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір. – 187-б.).

- Рысқұлов Тұрарды шақырыңда-а-а-ар! – деп **ыңырсыған үн шықты** (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.– 200-б.).

- Кім? Кто? – деген **ашулы үн** естілді (Ш.Мұртазаев. Жұлдыз көпір.– 202-б.).

Бір кезде барып көмейінен **ыс-ыс еткен дыбыс шығарып**, бүкіл денесі іркілдей селкілдеп ала жөнелді (М.Есләмғалиұлы. Әйтеке би. – 32-бет).

Дауыс түрлерінің орындалуына қарай дене мүшелері үйлесім тауып қолданылып, бейвербалды күрделі амалдар орындалады. Мысалы: *Екі алақанын кең жайып, дауысын көтере сөйледі:*

-Ия, рас-ау, шындық бір заманда жасаған әр қауымның тобында әр алуан болмай кайтеді (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том. -38-б.).

Адам даурығып, даңғырлайсөйлеген кезде де белгілі бір мақсат пен сөйлеу әдебіне бағынады: Ол бағанадан бергі Абай мінездеріне қыжалданған бетімен, ағалық еркіндік жасап, *даңғырлап сөйлеп кетті* (М.Әуезов. 20 томдық шығ. Жинағы. 5-том.-37-б.).

### *Әдебиет*

1.Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. - Алматы: Наука, 1988.-232 стр.

2.Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке.-Алма-Ата,1986.

3.Ортони, Клоур, Коллинз, 1995]. 90. Ортони А., Клоур Дж., Коллинз А. Когнитивная структура эмоций // Язык и интеллект. - М.: Прогресс, 1995.

4.Витт, 196533. Витт Н.В. Выражение эмоциональных состояний в речевой интонации. Автореф. Дис. ...канд. пед. наук. - М., 1965. - 19 с.; Доб-рунова, 199054. Добрунова О.В. Влияние эмоций на синтаксический строй разговорной речи (на материале немецкого языка): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. - М., 1990. - 25 с.; Носенко, 1979 Носенко Э.Л. Специфика проявления в речи состояния эмоциональной напряженности: Автореф. дис. ... д-ра психол. наук. - М., 1979. - 36 с.; Пиотровская, 199594. Пиотровская Л.А. Лингвистическая природа эмотивных высказываний (на материале русского и чешского языков). Дис. ...д-ра филол. наук. - Спб, 1995. - 510 с.; Томашева, 1995 116. Томашева И.В. Эмотивная лакунарность художественной прозы (на материале переводов испаноязычных писателей). – Дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 1995. – 217 с. и др.

5.Крейдлин Г.Е. Мужчины и женщины в невербальной коммуникации. - Языки славянской культуры.- М.,2005.- 224 с.

6.Морозов В.П. Искусство науки и наука общения. Невербальная коммуникация. //под.общ. редакцией В.И.Медведева. – М.:Институт психологии РАН, 1998.

### *Көркем шығармалар*

1.Мұртазаев Ш. Жұлдыз көпір. Қызыл жебе. Роман. 3-кітап. -Алматы: Жазушы, 1984. -272 б. – 216-б.

2.Бакбергенов С. Бөрте – Шыңғысханның жұбайы. Алматы: Жазушы,1993.-384-б.-351-б.

3.Сейдімбеков А. Аққыз. - Повестер, әңгімелер және ертектөр.-Алматы: Жазушы, 1991.-368 б.-64-б.).

4.Қаназов М. Қияндағы күн нұры. – Алматы: Балауса,1998.-256 б. – 44-б.

5.Аймауытов Ж. Шығармалар. Романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар.-Алматы: Жазушы, 1989.-560б. – 1240б.

6.М.Әуезов. 20 томдық шығ. жинағы. 5-том. Абай. Роман-эпопея. –Алматы: Жазушы, 1980.-422-б.-191-б.

7.М.Әуезов, Таңд.шығ жинағы, Алматы: Жазушы,1979, 167-б.

8.Сегізбайұлы К. Беласқан. Таңдамалы шығармалар. Роман хикаят. 3-том. –Алматы: «Жалын баспасы», 2009. – 320 б. – 158-б.

9.Есенберлин І. Алтын Орда. Тарихи трилогия. 1-кітап. - Алматы:Жазушы,1982.-264 бет. – 89-бет.

10.Әуезов М. 20 томдық шығ. жинағы. 6-том. Абай. Роман-эпопея. –Алматы: Жазушы, 1980.-458-б.-411-б.

11. Әуезов М. 20 томдық шығ. жинағы. 5-том. Абай. Роман-эпопея. –Алматы: Жазушы, 1980.-422-б.-22-б.

12.Әуезов М. 20 томдық шығ. Жинағы.- 3-т.-Алматы: Жазушы,1979.- 90-б.

13.Есләмғалиұлы М. Әйтеке би. Тарихи-философиялық диалогия. - Алматы: Жазушы, 2007. – 560 бет. – 476-б.

*Мұхамеджанова Г.Т.  
Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуде қолданылатын лингвомәдени мәтіндер**

**Аңдатпа.** Мақала көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуде қолданылатын тапсырмалар мен жаттығулар жүйесіне арналған. Тілдік құралдарды оқытуда мәтінмен жұмыс тіл дамыту жұмыстарының ең негізгілерінің бірі болып табылады. Мәтін – өзара мағыналық байланыста тұратын, барлық тіл бірліктерінің ішіндегі өзіндік ерекшелігі мол бірлік. Мәтін оқушының көріктеуіш құралдарды функционалдық тұрғыдан ажырата білуіне, олардың стильдік ерекшелігіне, автордың ойын анықтауға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** әдістеме, мәтін, көріктеуіш тілдік құралдар, тапсырма, лингвомәдени талдау.

**Аннотация.** Статья посвящена методике обучения выразительных языковых средств. При обучении языковых средств работа с текстом является основным методом. Текст дает возможность ученикам старших классов функционально определить языковые средства, также определить стилевые особенности и мысль автора.

**Ключевые слова:** методика, текст, выразительные языковые средства, упражнение, задание.

**Abstract:** Article is devoted to a technique of training of expressive language means. When training language means work with the text is the main method. The text gives the chance to pupils of the senior classes functionally to define language means, also to define style features and to define thought of the author.

**Keywords:** technique, text, expressive language means, exercise, task.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты қазақ тілі бойынша ұйымдастырылатын жұмыстарды мұғалімдер тек практикалық сауаттылыққа бағыттамай, сонымен қатар:

1.Оқушылардың тілдік және рухани мәдениетін қалыптастыруға, ойлауға дағдыландыру, түрлі жағдаятта сауатты, әрі қатысымға еркін түсе алу қабілетін қалыптастыру;

2.Қазақ тіліне деген құрмет, мәдениет, ғылымдағы оның рөлін сезіну;

3.Қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларын, сөйлеу этикетін меңгерту;

4.Оқушылардың аялық білімдерін кеңейту; олардың әлеуметтенуі және өзара қарым-қатынасқа түсу, бір-бірін түсіну қабілетін қалыптастыру;

5.Мәтіннің ақпараттық деңгейін түсінуге байланысты дағдыны қалыптастыру [1].

Оқыту мақсатының бастысы – оқушылардың қатысым кезіндегі біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Тілді қатысымдық тұрғыдан оқытуда, лингвомәдени тұрғыдан оқытуда МӘТІН дидактикалық материал ретінде қолданылады. Біріншіден,

оқушылар мәтіндегі тілдік фактілерді бақылай алады, яғни өз мәтіндерін құрастыруда тілдік фактілерді орынды қолдану дағдысын игереді. Екіншіден, тұлғаның интеллектуалдық, эстетикалық және мәдени дамуының негізгі қайнар көзі болып табылады. Қатысымдық ұстаным мұғалімнің де, оқушының да әрекетін өзгертеді: оқу әрекетінде мұғалім мен оқушының арасында өзара әрекет орнап, мәтін сөйлеу актісімен байланысты болғандықтан, әр сабақта әр оқушының сөйлеу деңгейі артады.

Біз қолданған мәтіндер - лингвомәдени сипатқа ие мәтіндер. Лингвомәдениеттану тілдегі мәдени факторға, ал адамдағы тілдік факторға бағдарланған. Қатысым кезіндегі ұлттық менталитет ерекшеліктерін зерттейді. Лингвомәдени тұрғыдан оқыту оқушылардың әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады, тілдік бірліктердегі ассоциативтік-бейнелі кодты интерпретациялауды үйретеді. Біз ұсынып отырған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінде оқушылардың тілін дамыту мен шешен сөйлеуге дағдыландырып қана қоймай, сондай-ақ аялық білімдерін кеңейтіп, ұлт тарихы мен мәдениетінен ақпарат беретін тапсырмалармен қамтылған.

Соңғы кезде қазақ тілін оқытуда заманауи, маңызды әдіс – мәтінді лингвомәдени талдау. Лингвомәдени талдаудың жетістігі - тілді мәдениеттің феномені ретінде танып, тілдік бірлік пен мәтіндегі мәдени ақпаратты оқушыға жеткізу. Көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің сақтаушысы әрі «аккумуляторы», сол себепті лингвомәдени талдау оқушылардың мәдени рефлексиясын дамытып, мәдени ақпараты бар тілдік және сөйленіс (речевые) бірліктерді талдауға үйретеді, сондай-ақ оқушылар бұл әдіс арқылы ұлттық мәдениеттің лингвоменталды құндылығын бойларына сіңіре алады. Мәтінмен жұмыс жасауға арналған тапсырмаларды үш топқа бөлуге болады: *семантикалық-фактуалдық, когнитивтік-концептуалдық, мәтінасты тапсырмалар*. М. Мағауиннің «Аласапыран» романынан үзінді алып, осы тапсырмалар түрінен мысал келтірелік.

**Тапсырма.** Түсіндірмелі сөздікті қолдана отырып, төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Торғауыт, пұшпақ, малдас, кебін.

**Тапсырма.** Төмендегі фразеологизмдердің мағынасын ашыңыз.

Шаш етектен бату, іріткі салу, шашбауын көтеру, дауыс көтеру, торғауытты тоздыру.

Семантикалық-фактуалдық тапсырмалар мен жаттығулар айтылымды ұйымдастырарда тілдік құралдарды қолдануға, оларды орнымен дұрыс жұмсауға, мәтінмен жұмыс барысында мәтін ішіндегі ұлттық мәдениеттен ақпарат беретін бірліктерді ұғынуға бағытталған.

**Төмендегі сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті эпитетті тауып қойыңыз.**

Қыздың ... көз, ... кірпік, сәл түрік, ернін елестепіп Шеге күрсінді. (С.Е.) 2. - ... бала, анаң қара! Ары жағыңа қара! - деді (С.Е.) 3. ... қара кемпір қолында таяғы, жұлым үйінің алдында сорайып тұр екен. (С.Е.) 4. Керісінше, жұрттан бойын аулақ салған, осы «тәкаппар» ... бет, ... кірпік, түрік ерін қызға деген ынтығы бұрынғыдан да арта түсті. (С.Е.) 5. Қарсы беттен ысылдап соққан жел ... жүзді әдемі ... өнді, көз қиығының құйыршығы қайқылау сұлу қыздыңкөзінен жас парлатты. (С.Е.) 6. Әкесі Пахраддин ... иықты, ... денелі, сақал-шашы көкбурыл тарта бастаған ... жақты, сұлу көзді, келбетті кісі. (С.Е.) 7. Сол оттың тілдей жалыны ерні сәл түрілген Хансұлудың ... көзінде де жылтырайды. (С.Е.) 8. ... мойнын бұрды. (С.Е.)

*Қажет сөздер: мойыл, қайқы, қасқа, қапсағай, сопақша, қайқы, ашаң, бидай, кең, мол, ат, қарақат, шеге.*

**Тапсырма.** Төмендегі тілдік құралдардың синонимдерін жазыңыз. *Шаш етектен бату, іріткі салу, шашбауын көтеру, дауыс көтеру.*

**Төмендегі тілдік құралдардың антонимдерін беріңіз.**

*Нәзік үн, қызу әңгіме, жұмсақтық көрсету, екі жаман, іріткі салу.*

### **Төмендегі сөздерден ауыспалы мағыналы сөз жасаңыз.**

*Ыстық, суық, ащы, тәтті, ауыр, терең, қайрат, жігер, уыз, аққу.*

### **Мәтінмен жұмыс жасаудағы когнитивтік-концептуалдық тапсырмалар.**

Мұндай тапсырмалар мәтіннің концепциясын түсінуге көмектесіп, мәтіндегі концептуалды ақпаратты меңгерумен байланысты оқушылардың танымдық үрдісін қалыптастыруға бағытталған.

Когнитивтік-концептуалдық тапсырмалар, біріншіден, мәтіндегі негізгі кілт сөздерді дұрыс табу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Яғни берілген мәтіннің концептуалдық мәнін түсіну және анықтау, мәтіннің мазмұндық құрылымын көру, оны бөліктерге бөлі және жоспар құра алуға дағдыландырады. Осындай тапсырмаларға мысал келтірейік:

*Тақырыпты анықтаңыз, мәтіннің негізгі ойын табыңыз. Мәтіннің аты мен мазмұнының арасында қандай байланыс бар?*

*Мәтіндегі негізгі кілт сөздерді табыңыз. Олар мәтінді түсінуге қалай көмектеседі?*

*Мәтінді қандай бөліктерге бөлуге болады? Мәтінге жоспар құраңыз.*

**Мәтінасты тапсырмалар** мәтіндегі мәтінасты ақпаратты анықтай алу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Бұған түсінудің қалыптасқан семантикалық және когнитивтік типтері негіз бола алады. Мұндай тапсырмалар семантикалық-фактуалдық және когнитивтік-концептуалдық тапсырмалармен байланыста ғана жүзеге асырылады. Осы тапсырмаларды орындауда оқушылар көркем мәтінді эстетикалық, терең мәні бар объект ретінде қабылдайды, ал шығарма авторын жан-жақты тұлға ретінде таниды. Мәтінасты тапсырмалардың негізгі ерекшелігі көркем мәтіннің астарлы мәнін, басты идеясын түсінуге, сол кезеңдегі халық танымын автордың көзқарасымен салыстыра отырып анықтауды үйретеді.

Осындай тапсырмалардан мысалдар келтіріп көрелік:

✓ *Мәтін мазмұнының эмоционалды-экспрессивті жағын ұйымдастыруда фонетикалық бірліктердің рөлі қандай?*

✓ *Аталмыш мәтіндегі қайталамалардың функциясын анықтаңыз.*

✓ *Автор инверсияны не үшін қолданған?*

✓ *Алғашқы мәтінді мазмұнамасымен (жазбаша баяндау) салыстырыңыз. Қайсысының эмоционалдылығы, көріктілігі басым, себебі н анықтаңыз.*

✓ *Мәтін көріктілігіне қандай тыныс белгілер көмектеседі?*

✓ *Бидің шешен сөйлейтіндігін автор қандай көрікеуіш құралдар арқылы жеткізеді?*

**Мәтінге лингвомәдени талдау.** Лингвомәдени талдау - оқушылар мәтінді толықтай түсіну үшін мәтіндегі суреттелген мәдени реалийлерді білу. Дәстүрлі түрде мұндай әдіс автордың өмір сүрген кезеңін, оның жазушы шығармашылығына қалай әсер еткенін, шығармада суреттеліп отырған кезеңді түсіндіру үшін әдебиет сабақтарында қолданылады, ал қазір бұл әдісті қазақ тілі сабақтарында да қолданады. Мәтінге лингвомәдени талдау оқушылар мәтінді толыққанды түсіну үшін және мәтін бойынан ұлттық-мәдени компонентті анықтау мақсатымен көптеген тапсырмаларды орындату қажет.

Мәтін бойынша келесі лингвомәдени тапсырмаларды ұсынуға болады:

а) фразеологизмдер;  
ә) географиялық атаулар;  
б) түрлі жағдаятта әлі де қолданыстан шықпаған, алайда сирек қолданылатын лексика;

в) тарихи тұлғалар;

г) аңыз адамдар;

ғ) ұлттық салт-дәстүрлер;

д) қазақтың ұлттық киімдері, тұрмыс құралдары және т.б.

*Мәтінге ассоциативтік талдау* ұсынылған көркем шығарма қандай ассоциациялар туғызатынын қысқаша түрде анықтау үшін қолданылады.

*Көріктеуіш құралдарға лингвомәдени талдау* – көркем мәтіндегі метафора, эпитет, кейіптеу, теңеу және т.б. көріктеуіш құралдарда сақталған ұлттық мәдени нышанды табу.

Лингвомәдени тапсырмаларға мысал келтірілді:

*Мәтінде қандай ұлттық шешендікке тән көріктеуіш тілдік құралдар қолданылған?*

*Мәтіннен метафораны (эпитет, оксюморон, кейіптеу) көшіріп алыңыз. Оның мәтіндегі рөлі қандай?*

*Аталмыш мәтінде тілдік көріктіліктің қандай құралдары қолданылған?*

*Салыстырудың қандай тәсілдермен берілгендігін анықтаңыз.*

*Мәтіннен көркем бейнеліліктің тілдік және фонетикалық құралдарын табыңыз.*

*Кестені өз мысалдарыңызбен толтырыңыз.*

Тапсырма. Мәтіндегі қала, жер-су атауларын теріп жазып, түсінік беріңіз.

Үлгі: Түркістан -

( Бұқар, Есіл, Тобыл, Ертіс, Сығанақ)

Тапсырма. Мәтіндегі ру аттарын теріп жазып, түсінік беріңіз.

(Ноғайлы, әлім, байұлы, үйсін, дулат, жағат)

Тапсырма. Мәтіндегі жалқы есімдерді теріп жазып, түсінік беріңіз.

(Тәуекел хан, Ораз-Мұхамед, Томан би)

Тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын қалай түсінесіз?

*Қылыш үстінде серт жоқ, қымыз үстінде кеңес жоқ.*

*Желкедегі жау жаман.*

**Оқушылардың мәтін астарына назар аударуын қамтамасыз ету.** Аталмыш тапсырманың орындалуы мазмұнды (мәтіннің терең мәнін) саналы жеткізуден көрінеді және оқушының интерпретациялық біліктеріне арқа сүйейді. Осы тапсырманы сәтті орындауға алғашқы мәтін мен есте сақтап жазған мәтінді салыстырмалы талдау көмектеседі. Оқушыларға алғашқы мәтін және салғастыру үшін тапсырмалар беріледі:

• *Түпкі мәтін мен өзіңіздің мәтініңізіндегі негізгі ойларды салғастырыңыз;*

• *Сөйлемдер мен сөздерді санап, түпкі мәтін мен өзіңіздің мәтініңізіндегі деректерді салыстырыңыз;*

• *Автор қолданған және өз нұсқаңыздағы лексиканы, сөз формаларын, синтаксисті саналы түрде талдаңыз;*

• *Мәтіндердің сәйкестігі туралы қорытынды жасаңыз.*

Жұмыстың аталмыш түрі мұқият аналитикалық тыңдауға, мәтінді түсінуге және мазмұндауға, оқушылардың сөйленімге тұлғалық қатынасын қалыптастыруға, тілдің эстетикалық құндылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушыларға **өз бетімен жұмыс жасау** барысында әртүрлі шығармалардың миниатюраларына немесе үзінділеріне мән беріп, оқып, есте сақтау қабілеті бойынша жазып және алғашқы мәтінмен салыстыру кеңестерін беру болып табылады. Бұл жағдайда нәтиже маңызды стимул болады: түпкі мәтінмен салыстыру барысында жазбаны жедел тексеру.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасында білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Алматы, 2013.

2. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. М., 1997. - 289 с.

3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.



## **Жоғары оқу орындарында студенттердің қазақ тілі пәні бойынша өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары**

**Аңдатпа.** Мақалада білімгерлердің пән бойынша жүргізілетін өзіндік жұмыстарының мақсат-міндеті, олардың түрлері және өзіндік жұмысты орындау барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер, өзіндік жұмыстарды тиімді орындаудың дара тұлғаны қалыптастыруға тигізетін жағымды ықпалы туралы мәселелер сөз болады.

**Тірек сөздер:** студенттердің өзіндік жұмысы, білім сапасы, шығармашылық еңбек, қызығушылық, дара тұлғаның қалыптасуы, іскерлік қабілет, іс-әрекет дербестігі.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается важность организации самостоятельной работы студентов, виды и методы СРС в высшем учебном заведении.

**Ключевые слова:** самостоятельная работа студентов, качество знания, творческий труд, мотивация, личности, деловое качество, самостоятельность деятельности.

**Abstrakt:** In this article is considered an importance of organization of students independent work in the High Education.

Еліміздің жоғары мектеп жүйесі Болон процесінің идеяларын қабылдап, өз мазмұнын осы үрдіспен байланыстыруда. Әрине, бұл процестің басты мақсаты-оқу нәтижелерін жоспарлау мен құрастыру. Ал бұл әрекеттер оқытушының, әр пәннің міндеті болып табылатыны сөзсіз. Оқу үдерісіндегі нәтижеге бағытталу білімгерді басты орынға шығарды. Ендігі жерде оқытушылар білімгерлерді белсенділендіретін оқу мен оқытуды сапалы жүргізуі керек. Әрі бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Осы себептерге байланысты Жоғары мектепте оқу үдерісінің негізін интербелсенді әдістемелер арқылы жүргізу қажеттігі туындап, студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Білім саласындағы негізгі мәселелер мынадай мақсат тұрғысында жүргізіледі:

1. Мазмұн (нені үйрену/неге үйрету)
2. Әдістеме (Қалай үйрену/қалай үйрету)
3. Нәтиже (Не үшін үйрену керек/не үшін үйрету керек)

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастардың еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, олардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.

Әр ғылымның саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлау әрекеті мен білім сапасын арттырудың негізі. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт ішінде қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруі, деректер мен дәлелдемелерді, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі[1].

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамыту барысында олардың тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г.Лемберг, Р.М.Микельсон,

И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин өз еңбектерінде зерттеп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырған ғалымдар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Гопоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов, т.б.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

Ғалым И.Т. Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс- біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Зерттеуші ғалым Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсіндіреді.

Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша көрсетеді. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады[2].

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдықозова, А.Головчун және ресейлік зерттеуші ғалымдар Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский,

И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында өздігінен білім алу- студенттердің ақыл-ойы дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстар әртүрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу орындау, кітаппен жұмыс істеу, эссе, пікірнама, аннотация, шағын шығарма жазу, конспект, реферат, баяндама, ғылыми мақала, эксперимент жүргізу, т.б.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен білімгерлер жаттығуларды өз бетімен орындауға ұмтылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен, лингвистикалық жаттығулардың маңызы зор.

Ғалым өздік жұмыстарды жүргізу туралы Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік, дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың

маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағды өз қасиеттерін жоғалтады»[3].

Өзіндік жұмыстың студенттің өз бетінше тапсырманы орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында студенттің танымдық белсенділігі артып, пәнге деген мотивациясы оянады. Педагог-ғалым Р.Сүлейменов өзінің істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу, шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. Өздік жұмыстарды орындауда ғалымның пікірінше: «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». [3] Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімпаздық қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өзінің ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай студенттің әрекетіне де мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Оқытудың мақсат-міндетіне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, студенттің даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы - сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

-жаңа білімді меңгеруі;

-жаңа білімді бекіту;

-білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Білімгерлер жұмыстарының барлық түрлерін оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Сондай-ақ студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды олардың танымдық іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады.

Уақытты тиімді пайдаланып, білімгердің өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалуы керек:

-студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру;

-студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;

2. Жұмысты орындаудың және аяқтау дербестігінің өзара байланысы;

3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;

4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады.

Білімгердің өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға бағытталғанымен, бұл жұмыс-студенттің ғылыми, оқу-кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өз бетімен шешуіне тиімді шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің жалпы білім беретін мектептен ең басты айырмашылығы-оқыту жұмысының әдісі және білімгерлердің жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында студент білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан студенттің өзіндік жұмысы- оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анықтайды.

Сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мәні өте зор. Өйткені, бұл жұмыс-студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманның тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асырылады.

Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан тиімді нәтижеге қол жеткізу қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білуі және студенттердің дербестік әрекеті дәрежесінің артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Студенттердің дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Студенттер бойына қажет білім, білік және дағдыны қалыптастыру.
4. Білімгерлердің таным, ақыл-ой қабілетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор ықпал етеді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

### *Әдебиет*

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, - 2004.
2. Исмаилова Р.Б. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп - №5, 6-2012, Б.36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, - 1999.

***Мыңбаева А.П.***

*Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты*

### **Мәтіннің әдебиеттану мен лингвистикадағы мәдени бірлігі**

**Аңдатпа.** Мақалада ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы лингвистика мен әдебиетте қалыптасқан мәтіннің мәдени бірлігі туралы қарастырылады. Сонымен қатар мәтіннің тілді оқыту әдістемесіндегі рөлі зерттеледі. «Мәтін» түсінігі лингвистикада, психолінгвистикада, семиотикада, философияда, поэтикада және әртүрлі пәнаралық байланыстарда қолданылады. Қазіргі нақты ғылымда мәтін табиғи тілдің шектелген таңба құрылымы болып қана қарастырылмайды, мәдениет феномені ретінде түсіндіріледі. Қайсыбір өнер шығармалары, қандай нәрселердің жиынтығы ақпараттар таратады, әсер қалдырады, яғни өз кезегінде өзіндік бейнелі мәтін болып табылады. Адам таңба құрамы ретінде табиғатты, қоршаған органы қабылдауы мүмкін. Осы кезде әлемді, табиғатты, өзін-өзі тануға ұмтылады. Мәтін сөзінің өз кезегінде күрделі этимологиясы бар (лат. textum – арқау, киім, байланыс, буын, стиль; textus – структура, байланысты мазмұндама).

**Тірек сөздер:** мәтін, тіл, мәдениет, ғылыми парадигма, антропоцентризм

**Аннотация.** В статье рассматривается представление о тексте как единице культуры, сложившееся в лингвистике и литературоведении второй половины ХХ-начала ХХІ в.в., и его воплощение в методике преподавания языка. На современном этапе в науке текст рассматривается не только как ограниченный знак языка, но и как культурный феномен. Произведения искусства являются совокупными источниками информации, оставляют определённый след и становятся своеобразным текстом. Чело-

век может воспринимать природу как совокупность знаков, что способствует стремлению к познанию мира, природы, самого себя.

Слово «текст» имеет сложную этимологию (лат. *textum* – связь, соединение, суть, звено, стиль; *textus* – структура, связанное изложение). Кроме того в него входят три семантических компонента: созданный руками человека, неприродный, связь внутренних элементов сотворённого.

**Ключевые слова:** текст, язык, культура, научная парадигма, антропоцентризм.

**Abstract.** The article discusses the idea of the text as a unit of culture prevailing in linguistics and literary second half of the twentieth and early twenty-first centuries, and its embodiment in language teaching methods. At the present stage in the science of the text is viewed not only as a limited sign language, but also as a cultural phenomenon. Artworks are cumulative sources of information, leave a certain trace and becomes *svoobraznym* text. A person can perceive nature as a set of characters, which contributes to the pursuit of knowledge of the world, of nature itself.

The word «text» is a complex etymology (Latin *textum* - communication, connection, core, link, style; *Textus* - structure, connected account). In addition, it includes three semantic components: man-made, non-natural, internal communication of the created elements.

**Key words:** text, language, culture, scientific paradigm, anthropocentrism.

Жаңа ғылыми парадигманың және оның антропоцентристік бағыттың дамуымен мәтіннің қарым-қатынас қалпы ретінде ғана емес, мәдениет бірлігі ретінде тануға деген қызығушылық арта түсті. Д.С.Лихачев өзінің филология туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарында: «Білім мен шығармашылық сөз арқылы көрініс береді және сөз арқылы мәдениет туындайды» дейді [1, 206-б]. Мәдениет феномені ретінде мәтін ең алдымен, әдебиеттануда қарастырылды. В.Е.Хализев мәтінді «уақыттың шеңберінен тыс әрі пайда болған жеріне тәуелсіз «жұмыс істеуге» арналған және қабілетті сәйкес сөйлеу әрекеті. Сондықтан ол –тыңғылықты ойланып, өңделіп жасалған дүние» деп есептейді. Бұл – сөйлеу-ойлау тәжірибесінің өте маңызды түйіскен орны, былайша айтқанда, бір замандары қалыптасқан ойдың көрініс беруі [2, 244-б]. Ғалым мәтінді анықтау критерийлерін мәдениеттің құбылысы деп таниды: жарыққа шығу, «мәдениеттер құрамында ұлы миссияны атқару қабілеті», «сөйлеуге қатысты», «тұрақтылық, өзіне тең келу» [2, 246-б]. Мәдениеттің құбылысы ретінде мәтін Ю.М.Лотман ұсынған лингвистика мен әдебиеттану түйсігіндегі семиотика тұрғысынан сараланған. Ғалым мәтінді «жаңа мағыналар генераторы ғана емес, мәдени жадының конденсаторы» деп атайды [3, 162-б]. Ю.М.Лотман бойынша мәтін – мәдениетті түпнұсқалық сақтаушы. Мәтіндер – мәдениеттің қаны мен жаны. Мәтіндер, Ю.М.Лотман бойынша, мәдениеттің динамикасына түрткі болады. Бұл «мәтін – өзінің бойында болашақта даму деген түсінік жинақтаған дән секілді, бір жерде тұрақталып қалған немесе өзгермейтін дүние. Оның құрылымын соңына дейін іштей айқындау жаңа контекстермен динамикасына қор» болып табылады» деген ой-тұжырыммен байланысты [3, 162-б].

Тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде болғанымен, өзара жақын әрі бір-бірін толықтырып тұратын феномен. Мәдениетті әдебиет деп қарастырсақ, қазіргі зерттеулерде тіл мен әдебиетті мәдени бірлігі ретінде мәтін ғасырлар бойы сипаттаулардан өтсе де әлі де күн тәртібінде. Мәдениет – қоғамдық фактор. Мәдениеттің жоғары көтерілуі, өшпес із қалдыруы тіл арқылы әдебиеттен орн алу болып табылады. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалып түсіндіріледі. Көркем мәтін – сол ұлттық бітім-болмысын, ұлттық психологиясын, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-санасы мен наным-сенімін көрсететін біртұтас дүние. Көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы.

Лингвистикалық тұрғыдан Л.Н.Мурзин «мәдени мәтіндер – адамның рухани әркетінің таңбалық шығармалары формасында ғана өмір сүреді» деген анықтама жасайды [4, 161-6], мәдениет феноменін қарастырмаса, «тіл түбегейлі және толыққанды түсініле алмайды». Сөйтіп, ғалым мәтінге мәдениет бірлігі деген негіздеме жасайды: «Мәтіндер тұлғаны адам баласы жасаған рухани байлықтарға тәрбелейді. Сондықтан да мәтінді мәдениет бірлігі деп атауға болады». Ғалым Бенвенисттің теориясының логикасына сүйене отырып, мәтін «сөз, сөйлем және тілдің басқа да бірліктері үшін полигон» болып табылатынын, [4, 164-6], «мәтін жоғары деңгейде болуға мәжбүр» екендігін мәтінді анықтау «бір ғана мәдениет шеңберінде» өмір сүретінін дәлелдейді. Осының негізінде ғалым «мәтін тілдің ең жоғары деңгейі болып табылмайды», «мәдениет дәл осы жоғары мәдениетті құрастырады» [4, 165-6] деген қорытынды жасайды. Содан келіп шығатын ой – мәтін мәдениеттің формалды бірлігі, мәдениет мәтінге «жіктеледі», мәдениет мәтіндерден тұрады. Концептуалды ой, Л.Н.Мурзиннің қорытындысына сүйенсек, «мәтін лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде... дәл мәдениет құрамында өзінің толыққанды аяқталған анықтамасына қол жеткізеді: белгілі бір мәтін енетін мәдениетті біліп қана оны тереңірек түсіну мүмкіндігіне қол жеткіземіз» Көркем мәтінді зерттеуші заманауи ғалым Н.А.Левитская «мәтін адамның рухани өмірін суреттейді және мәдениетпен тікелей байланысты. Себебі көптеген мәдени кодтармен бейнеленіп, мәдениеттің мазмұнын туралы ақпаратты сақтайды». Өз кезегінде, мәтінді құрастыру ережесі мәдениеттің контекстіне тәуелді. Мәтін төменгі деңгейдегі тілдік бірліктерден құралады. Егер осы тілдік бірліктер сәйкес деңгейде таңдалса, мәдени сигналды күшейте алады» [5, 117-6].

Қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұв пен Қ.Жұбанов еңбектерінен де алғашқы ойларды кездестіреміз. Бұл жайлы қазірде қазақ тіл білімінде Б.Шалабайдың өз пікірлерін былайша білдіруде: «Біздің ойымызша, ғалым А. Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. А. Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» [6, 24 б.]. Көркем мәтінді мәдениет бірлігі ретінде зерттеу мәселесі туралы ойлана келе, қазіргі заманғы зерттеуші Н.С.Болотнова мәтін мен мәдениетті біріктіріп, мәтінді мәдениеттің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерді атайды: «*антропоцентристік* («адам – мәдениеттің жасаушысы және оның басты жасаған дүниесі»)»; *диалогтық сипат* (мәдениеттер диалогы туралы қазіргі таңда көп айтып та, жазып та жүр (М.М.Бахтин); *әрекеттік мағына* (мәдениетті әлемге деген әрекеттік реакция ретінде қарастырылады (В.А.Маслова), мұнда мәтін де алғашқы коммуникативті әрекет нәтижесі мен екіншілік коммуникативті әрекеттің объектісі болып табылады (Е.В.Сидоров); *таңбалылық* (мәтін де, мәдениет де әлеуметтік маңызды ақпаратты сақтап, беруге қабілетті семиотикалық жүйелер); *символикалық* (Ю.М.Лотман мәдениетті «символикалық әлем» деп санайды, мәтін, әсіресе көркем мәтіннің символикалық сипаты бар; символика өмір сүру тәртібі мен мәдениеттің жалпылама формасы болып табылады (Л.В.Лебедева); *функционалды жалпылық* (мәдениет функцияларына ғалымдар ақпараттық, бейімді, коммуникативті, регулятивті, нормативті, бағалаушылық, интегративті, әлеуметтендіру т.б. функцияларды атқарады (В.А.Маслова); осы функциялар туралы Е.В.Сидоров та жазады); *нормативтілік* (мәдениет – «адамдардың өмірін белгілейтін нормалар мен ережелер жиынтығы, өмір сүру бағдарламасы» (В.Н.Сагатовский); мәтін әртүрлі нормаларды ескере отырып құрылады: тілдік, мәтіндік, коммуникативті-прагматикалық (Е.Е.Анисимова) және т.б.); категориалды жалпылық (В.А.Маслов көрсеткен мәдениет белгілері: «Ол бірбүтін, оның жеке тұлғалық ерекшелігі, жалпы идеясы мен стилі бар, яғни өмір мен өлімнің, рух мен материяның күресінің ерекше нұсқасы»; осы тұы-

рымдамада мәтінді түзету және изоморфизм көрінеді; мәтін, баршаға белгілі болғандай, басқа да ерекшеліктермен бірге байланыстылық пен толыққандылықпен, идеялармен (концептуалдылықпен) сипатталады; стилистикалық маркерлігі (функционалды-стилистикалық реңкі мен жеке тұлғалық-стилистикалық ерекшелігі бар)» [7, 58-59]. Мұның бәрі мәтін мен мәдениетке тән Н.С.Болотнова көрсеткен ерекшеліктердің толық сипаттамасы емес.

Көркем мәтін – мәдениеттің құбылысы ретінде оның ерекшеліктерін интерпретациялау барысында да қарастырылады. Мұнда мәселе мәтінге түсініктеме беруде шығарманы жазу барысындағы тарихи және саяси жағдайлар, жазушының дүниетанымын айқындайтын оқиғалар мен идеяларға негізделген, жазушының шығармашылығы, әдебиеттегі орны, дәуірдің жазушы тіліне деген ықпалы туралы мәтіннен тыс мәліметтер қолданылады. Авторлық ой, әдетте, жазылған көркем мәтіннің мағынасының көлемі мен тереңдігін ескермеуге болмайтынын дәлелдеп, сол арқылы оны интерпретациялау рөлін айрықша сөз ете отырып, И.В.Арнольд Альфред де Мюссениң мына ой-пікірін келтіреді: «Ақиық ақындардың кез келген тамаша өлеңдері ақынның өзі айтқан ойға қарағанда, екі-үш есе артық ойдан тұрады. Ал оқырманның міндеті – сол жетпеген ойды жеткізу, қажет болса, әрі мүмкіндік болса көркем ойлармен, талғамдармен толықтыру» [8, 126-127]. Сонымен қатар мәтін интерпретациясы коннотацияның мәдени компонентімен анықталады. Демек, мәтінді қабылдау, түсіну және интерпретациялау, адресанттың мәтіннің мәдени мән-мағынаны қабылдау қабілеті реципиенттің мәдени білімділігіне, мәдени коннотацияны түсіну қабілетіне тәуелді. Г.Кәріпжанова өзінің «Ж.Аймауытұлы прозасы тілінің көркемдік ерекшелігі» атты авторефератында: «Жазушы кейіпкердің қайталанбас портретін жасау үшін оған тән барлық белгіні, оның ішінде тілдік ерекшеліктерді де пайдалануға тырысады. Яғни ұлттық ерекшеліктен бастап кәсіби мен мекен еткен жеріне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ жас ерекшелігін, әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейіне қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды» [9, 7-6], –деп атап көрсетеді.

Құрылымдық парадигманың қазіргі лингвистикада антропоцентристік парадигмаға ауысуы кезінде Ю.М.Лотман айтқан «жаңа кодтардың ықпалымен мәтіннің құрылымындағы маңызды әрі маңызды емес элементтердің алмасуы жүзеге асып жатыр» деген ойы өзекті мәселеге айналып отыр [3, 200-201]. Ғалым «орындау күрделілігіне қарай өнер деңгейіне көтерілген мәтіндер константты ақпаратты пассивті сақтаушы бола алмайды. Себебі олар қойма емес, генератор болып табылады. Мәдениет ескерткіштерінің мазмұны» сақталмайды, керісінше, өсуде. Демек, антропоцентристік парадигма аясында ұлттық мәдени мәтіндеріндегі басты мәселелерді интерпретациялаудың жаңа тәсілдерін іздеуді жолға қоймақпыз. Мәтіннен мәдени маңызды дүниелерді қарастыру әдістемесі өте қажет болып отыр.

Сөйтіп, XX-XXI ғасырлар тоғысында лингвистикада, әдебиеттануда және орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінде Н.С.Болотнова айтқандай, антропоцентристік бағыт аясында «мәтінге деген толық қызығушылықты» дамытады. Себебі «оқырманның сөйлеу-ойлау әрекетіне ену» және «мәтіннің мағынасын ашуға деген талпыныс» аспектісінде қарастырылады [7, 11].

### *Әдебиет*

1. Лихачев Д.С. О филологии: Сборник / Д.С. Лихачев. – М.: Высшая школа, 1989. – 206 с

2. Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник. 3-е изд., испр. и доп. / В.Е. Хализев. – М., 2002. – 437 с.

3. Лотман Ю.М. Семиотика культуры и понятие текста / Ю.М. Лотман // Русская словесность. Антология. / Под ред. В.П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 202-205.

4. Мурзин Л.Н. Язык, текст и культура / Н.Л. Мурзин // Человек – Текст – Культура: Коллективная монография/ Под ред. Н.А. Купиной, Т.В. Матвеевой. – Екатеринбург, 1994. – С. 160-169.

5. Левитская Н.А. Изучение текстов художественной литературы как одно из условий формирования языковой личности / Н.А. Левитская // Русская литература в формировании современной языковой личности. Материалы конгресса. Санкт-Петербург, 24-27 октября 2007г. Современная языковая личность: проблемы и функционирование. Языковая личность в иноязычной среде: литературные традиции и новации / Под ред. П.Е. Бухаркина, Н.О. Рогожиной, Е.Е. Юркова. – в 2-х частях. – Ч. II. – СПб.: Издательский дом «МИРС», 2007. – С. 117-119.

6. Шалабай Б, Ахметова М. Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері // Тілтаным, 2002. - № 1. - 44-45 бб.

7. Болотнова Н.С. Художественный текст как единица культуры и проблема его изучения / Н.С. Болотнова // Культурологический подход: его реализация в школьном и вузовском курсах русского языка. Доклады и тезисы докладов участников Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения академика А.В. Текучева (11-12 марта 2003 г.) // Составители проф. А.Д. Дейкина, проф. Л.А. Ходякова. – М.: МПГУ, 2003. – С. 57-64.

8. Арнольд И.В. Стилистика получателя речи (стилистика декодирования) / И.В. Арнольд. // Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: сборник статей / Науч. редактор П.Е. Бухаркин. – СПб.: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 1999. – С. 124-131.

9. Кәріпжанова Г.Ж. Аймауытұлы прозасы тілінің көркемдік ерекшелігі. Канд. дисс. автореф. Алматы, 2003. – 25 б.

*Nabidullin A.S.  
Ordabyev Ch.K.*

*Kazakh State Women's Teacher Training University*

### **Representation of the “journey” concept in Russian, English and Kazakh language pictures of the world (on the basis of Russian, English and Kazakh proverbs)**

**Аңдатпа.** Қазіргі лингвистикада «концепт» ұғымына қатысты қызығушылық артып келеді. Соңғы жылдары концепт туралы диссертация, монография және ғылыми мақалалар саны көбейді. Концепт өзінде бекітілген мәдениеттің бөлшегін көрсетеді. Мұндай когнитивтік бірлік мәдени тәжірибені кеңейтеді және жеткізеді. Осы мақалада «жол» концептісі қазақ, орыс және ағылшын мәдениетінің шеңберінде түрлі дүниетанымдық тұрғыдан қалай қабылданатындығы қарастырылады. «Жол» концептісін репрезентациялаудың бір тәсілі мақал-мәтелдер, афоризмдер болып табылады. Оларда түрлі тілдер мен мәдениеттерге тән сан ғасырлық даналық жатыр.

**Тірек сөздер:** концепт, когнитивтік лингвистика, транслитология, мәдени мақал-мәтелдер.

**Аннотация.** В современной лингвистике все больше растет интерес к понятию «концепт». За последние годы выросло количество диссертации, монографий и научных статей, посвященных концепту. Концепт отражает заключенные в нем элементы культуры. Это когнитивная единица, которая производит, расширяет и передает культурный опыт. В данной статье рассматривается концепт «путешествие», который по разному воспринимается в казахской, русской и английской культурах в силу различий в их мировоззрениях. Одним из способов репрезентации концепта «путешествия» являются пословицы, поговорки, афоризмы. В них заключается вековая мудрость различных языков и культур.



**Ключевые слова:** концепт, когнитивная лингвистика, транслитология, культурные пословицы и поговорки.

**Abstract.** Nowadays there is a rise of interest to the concepts in modern linguistics. Hundreds of works dedicated to this notion were published in recent years. The concept represents constituting element of culture. It is cognitive unit which produces, accumulates and broadcasts cultural experience. In this article the concept of “journey” is taken as it is differently represented in Kazakh, Russian and English cultures due to the differences of their world view. One way to represent concepts of ‘journey’ is the usage of proverbs, aphorisms, sayings, in which the centuries-old wisdom of the different languages and cultures are stored.

**Keywords:** concept, cognitive linguistic, translation study, cultural proverbs.

The main subject of researches in a lingua-cultural study is a concept (concept as unit of structured and unstructured knowledge). Use of cognitive approach at reconstruction of cultural concepts opens opportunity to understand how was formed picture of the world, style of thinking, valuable priorities, a way of perception and understanding of world around and itself within a certain cultural community. The concept is considered as unit of cultural representation, including all levels of comprehension of reality. From sensual perception and to abstract logical conclusions that considerably expands a subject field of classical gnoseology. The concept represents constituting element of culture. It is cognitive unit which produces, accumulates and broadcasts cultural experience. The constitution is the creative form-building activity of consciousness which is realizing in a context of its intentionality.

The concept possesses “layered” structure, in each of its layers different types of information (figurative, factual or valuable) are represented. Consideration of a concept is possible both in a synchronic sphere, and in its diachronic formation.

It is possible to consider all informative activity of the person as developing ability to be guided in the world, and this activity is interfaced with need to identify and distinguish objects: concepts arise for ensuring operations of this sort. Therefore, formation of concepts is connected with world knowledge, with formation of ideas of it.

Concepts can be steady - having the language means of verbalization fixed to them, and unstable - not having the means of verbalization fixed to them, unstable, still being formed, deeply personal, seldom or practically not so verbalized. Existence of language expression for a concept, its regular verbalization support a concept in a stable, steady condition, do it well-known (as word meanings by which he is given, are well-known, they are interpreted by native speakers and reflected in dictionaries).

The concept has a certain structure which is a necessary condition of existence of a concept and its occurrence in a conceptsphere.

Structure of a lingua-cultural concept is the three-component one. Besides a valuable element, in its structure certain and figurative elements can be allocated. The certain element of a concept is stored in consciousness in a verbal form and therefore can be reproduced in speech directly; the figurative element isn't verbal and gives in only to the description.

Center of a concept is the sensual basic image acting as coding image of a universal subject code. This image belongs to an everyday living layer of consciousness and as show some supervision, has operational or subject character, being based on biodynamic and sensual fabric of consciousness. The basic image is surrounded concrete and sensual on the origin with the cognitive layer reflecting sensual perceived properties, subject signs. This layer together with the basic belongs to an everyday living layer of consciousness.

According to I. A. Sternin it is possible to speak about existence of three structural types of a concept: single-level, multilevel and segment. Where the single-level concept includes only a center, i.e. a sensual image. Concepts in consciousness of the child, and also concepts

in consciousness of intelligently undeveloped personality can have such structure. The multilevel concept includes some cognitive layers differing on level of abstraction, reflected by them. The segment concept represents the basic sensual layer surrounded with several segments, "equal on abstraction degree" [1:58-61].

The concept is "multidimensional idealized formations" [1:16], however there is no single opinion concerning number of semantic parameters on which its studying can be conducted. Here are both conceptual, and figurative, valuable, behavioral, etymological and cultural 'measurements' from which almost everyone can have the priority status in research.

As is known, there are various means of representation of the concept: lexical, morphological, phraseological, syntactic.

Lexical units are the primary means by which most concept are manifests. They carry out a basic verbalization of the concept, i.e., lexical units - are basic linguistic representation of the concept [2].

One way to represent concepts of 'journey' is the usage of proverbs, aphorisms, sayings. Let's analyze some examples:

In English:

Proverb «A journey of a thousand miles begins with a single step» has two meanings. Firstly, every journey, regardless of its size, has a beginning, a so-called "first step". Secondly, to make a journey, to arrive at your destination, you must start it, i.e., to have the determination and the courage to make the "first step". This step is often the most difficult, as we see in proverbs «The most difficult step of any journey is the first» and «All the world's Great Journeys begin with the first step».

In the proverb «One step at a time. And so the most arduous journey is completed» we can see the importance of patience. Going into a journey you don't need to be in haste and to think about your every step, and only then any kind of journey, no matter how long or hard it is, will be successful. The same meaning is in «The careful foot can walk anywhere». The haste in making decisions is unpleasant as is seen in the proverb «He who runs fastest doesn't always arrive first». The proverb «Walk too fast or be too impatient and you will miss much» says that impatience can be the reason for you to miss something on your road. Similarly, the proverb «Don't be so intent upon your own journey that you forget to stop and help others along the way» is about patience, adding the importance of helping others during journeys.

The meaning of the proverb «Travel broadens the mind, and raises the spirits» is in the fact that during journeys people meet other cultures and nations and through that they broaden and develop their language picture of the world. The same moral is in «Travel teaches how to see». The more journeys you do the more you know about the world and people who lives in it «He that travels far knows much».

The proverb «The happiest asks directions, even though he knows the way» says that the perception is infinite, and answers you find on the questions you ask broadens your understanding and your horizons. Opposite meaning has the proverb «Don't rely on others to show you the way, carry your own map», you need to do everything on your own and don't rely on others.

In the proverb «Love to travel, but do not make the road your home» we can see the importance of homeland[3].

In Russian:

The same way as for English people, Russians tend to make the journey itself more important than a final goal - «Нехвалисьотъездом, хвалисьприездом» «It's not the finishing point, but the act of travelling which is important».

The importance of the people who are travelling with you is clearly shown by the proverbs. This can be seen in «Хочешь узнать человека – соверши с ним путешествие».

The big importance for Russian people plays the concepts «destiny», «purpose», «fate» as it is seen in «Сделайвсе, чтоможешь, авостальномположисьнаудьбу». It does not call to inaction, but on the contrary, you have to make every possible effort you can, but still

the end result will depend on the “fate”. English people see it in a different way: You need to do all by yourself and don't rely on others to do your work - «Don't rely on others to show you the way, carry your own map». But there are some proverbs that shows opposite in English lingua-culture about the help on the road - «The happiest asks directions, even though he knows the way», even though it is not so common as in Russian lingua-culture - «ЯзыкдоКиева доведет», «Вдорогеивороганазовешьпроднымотцом», «Умныйтоварищ – половинадороги», «Впутьвыйдешь – спутникаинайдутся»[4].

Going on a journey and when you confronted with a different culture and the people, you should meet them with respect for their traditions and customs. This is the theme of the proverb «В какой народ придешь, таку и шапку наденешь». Similar meaning have the proverbs - «Избным теплом недалеко уедешь», «Домашняя дума в дороге не годится» и «Если сидишь в лодке, не дерись с лодочником»[5].

In Kazakh:

Journey can be long or short. The proverb «Үйіненқырыққадамұзапшықканадам-мүсәпір» says that you can know a lot of things even during a small journey.

Careful preparations before you go on a journey, and caution on the road are often found in proverbs and sayings of Kazakh lingua-culture: «Жүрместен бұрын - жолынды байқа, Киместен бұрын тонынды байқа», Алыс жүрсең де, жолмен жүр».

Understanding of what may happen when traveling without proper preparations can be seen in the proverb - «Жол жаман болса, атан да сүрінеді, атан да сүрінеді».

The proverb «Жолаушыныжолсынайды» has two meanings. 1) while traveling man faces many difficulties; 2) you become the traveler only when you go on a journey.

The role of people with whom you go on a journey is very important - «Жалғыз жүрсең, жолмен жүр, Жолдан жолдас қосылар. Жолдан жолдас қосылса, Жолың болмас несі бар?!», «Жолдасың жақсы болса, Жолым ұзын деме, Жолдасың жаман болса, Қолым ұзын деме». Travel companions must help each other - «Жолғашық саң жолдасыңның Жүгі болма, жұбы бол».

The proverb «Жол сұраған кісі адаспайды, Жөн сұраған кісі жаңылыспайды» has two meanings. 1) asking for a help in a way is a right thing to do. 2) everyone who asks for help will get it.

The proverb «Жолаушының ақысы — жүрсе өнеді» says that the journey itself, not its final destination, is the reward. The experience that has been acquired and the knowledge that had been received about the cultures and peoples with which you have faced during the trip, are your «payment»[6].

Thus, the concept of ‘journey’ is represented by different lingual means. One of them are proverbs, in which the centuries-old wisdom of the different languages and cultures are stored.

### *Literature*

1.Стернин И. А. – Методика исследования структуры концепта. Методологические проблемы когнитивной лингвистики: Научное издание /Под ред. И. А. Стернина. - Воронеж: ВГУ, 2001.-с. 58-61

2.Стернин И.А. (науч. ред.) Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж: Воронежский государственный университет, 2001. – 182 с.

3.Collis Harry. 101 American English Proverbs. - Published by Passport Books, NTC/Contemporary Publishing Group, Inc., 1992.

4.Бодрова Ю.В. Русские пословицы и поговорки и их английские аналоги.- Издательство: АСТ, 2007, 160 с.

5.Даль В.И. Пословицы и поговорки русского народа.- М.: Диамант, 1998. - 544 с.

6.Смайлова А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. Издательство «Көшпенділер», - Алматы : 2002. – 271с.

## Тіл – ұлттық рухтың қазнасы

**Аңдатпа.** Мақалада ұлттық тіліміздің қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындауға қатысты мәселелер қарастырылған. Қазіргі саяси-экономикалық жағдай халқымыздың әлеуметтік дамуына ерекше әсер етіп отыр. Соған байланысты тұрмыстың барлық салаларында небір өзгерістер болып жатыр. Бұл – тіліміздің де дамуына өзгеше бағыт қалыптастырып отырғандығы белгілі. Қазіргі уақытта тіліміз біздің қоғам өмір сүріп отырған нарықтық-экономикалық жағдайға сәйкес дамып, іс жүзінде елімізде білім берудің қазақстандық үлгісі қалыптасуда. Оны жаңа заманға бейімдеп дамытуда бірталай жұмыстар атқарылып келеді. Бұл орайда ұлттық тілдің, ұлттық ой-сананың, ұлттық тәлім-тәрбиенің, ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық әдет-ғұрыптың рөлі маңызды. Осыны ескерген еліміздің түрлі деңгейлік білім ошақтарының барлығы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытып-үйретіп, оны тәлім-тәрбиелік құрал ретінде пайдаланып жүр. Себебі, білім беру ошақтарындағы мемлекеттік тілдің қазақстандық жас ұрпақты отаншылдыққа баулудағы қызметі айрықша екендігі мақалада талданған.

**Тірек сөздер:** ұлттық тіл, қоғам, ой-сана, тәлім-тәрбие, жас ұрпақ.

**Аннотация.** В статье определена роль и место национального языка в жизни общества, их значение в стремлений к пониманию содержания. Современное политико-экономическое состояние влияет на развитие социальной ситуации нашего народа. В связи с этим обнаружены разные изменения во всех сферах бытия. В настоящее время в жизни общества язык развивается в соответствии с рыночно-экономической ситуацией и формируется казахстанская модель образования. Развитие данной модели требует ее адаптации для страны. При этом, национальный язык, национальное сознание, национальное воспитание, национальные традиции и обычаи играют важную роль. Поэтому обучение казахскому языку как государственному является основным приоритетом в воспитании. Таким образом статья анализирует учебно-воспитательную деятельность формирования патриотизма у молодого поколения в отношении к государственному языку.

**Ключевые слова:** национальный язык, общество, мысль, воспитание, подрастающее поколение.

**Abstract.** In the article the role and the place of national language in lives of society, their value in aspirations to understanding of contents is defined. The current political and economic state influences development of a social situation of our people. In this regard different changes in all spheres of life are found. Now language is developed in lives of society according to a market economic situation and the Kazakhstan model of education is formed. Development of this model demands its adaptation for the country. At the same time, national language, national consciousness, national education, national traditions and customs play an important role. Therefore training Kazakh language as a state one is the main priority in education. Thus article analyzes teaching and educational activity of a formation of patriotism at the younger generation in the relation to a state language.

**Keywords:** national language, society, thought, education, younger generation.

Қалыптасу бастауын сонау Түркі қағанаты, тіпті оданда ілгері замандардан да алуы ықтимал қазақ тілі өзінің табиғи бітім-болмысын мыңдаған жылдар бойы

жоғалтпай келсе де, Кеңес өкіметі кезінде ұлтымыздың еліміздегі басқа ұлт өкілдерімен салыстырғандағы үлес санының кеміп кетуіне байланысты, бұған қоса қазақ қоғамының айтарлықтай бөлігінің орыс тіліне мүлдем бет бұрып кетуінен, орыс тілінің орасан зор ықпалына ұшырап, қолданылу аясы тым тарылып кеткен еді. Осы тұста қазақ ұлтты өз ана тілін қолданып тұтынушыларынан біртіндеп айырыла бастаумен қатар, ұлт ретінде жойылып кетуді де бастан кешірді.

Келе жатқан үлкен нәубетті терең түйсінген қазақ қоғамы ес жинап, ел болмаса, тарих сахнасынан мүлдем құрып кететінін айқын сезіне бастады. Әлбетте, қағазға түскен, хатталған ұшан-теңіз әдеби-мәдени жазба мұрасы бар тіл ешқашан жойылып кетпейтіні анық. Тек оның тұтынушылары жоғалып, өлі тілге айналуы мүмкін. Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1] деген де осыны ескерген болар.

Сан ғасырлар бойы бостан ел болуды көксеген ұлтымыз тәуелсіздік үшін талай қан майданды, талай қилы кезеңді бастан өткізді. «Тіл тағдыры – ел тағдыры. Өрнегі бай, мұраты кенен, ойы терең, мақсаты биік, өмір мен заманалар шындығын соншама қуатты, көркем етіп суреттейтін ұлт әдебиетінің арғы-бергі дәуірлердегі үлгілері бізге осыны меңзейді. Әрине «ел еркіндігі» мен «ұлт рухын», бір сөзбен айтқанда, ұлт пен тілді сақтау қазақ үшін қай кезде де, қай дәуірде де оңай болмаған. Халқымыз сан түрлі аумалы-төкпелі замандарды бастан кеше отырып, өзі де, тілі де ондаған сойқанды кезеңдерді басынан өткерген» [2;160]. Сонау өткен ғасырлардағы ұлт-азаттық жолындағы күрестерге бармай-ақ, кешегі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Кеңес Одағының орыстандыру идеологиясына қарсы «Жас тұлпар», «ЕСЕП», «Сарыарқа» ұйымдарының құрылып, іс-әрекетке баруы, 1986 жылғы қазақ жастарының көтеріліске шығуы тіл тәуелсіздігі мен ел тәуелсіздігіне деген асқақ рухтың жемісі болатын. Өткен ғасырдың 90-жылдардағы «Азат» қозғалысының саяси-қоғамдық іс-әрекеті де рухани бостандықты мақсат еткен еді. Соның арқасында қазақ қоғамы үлкен дау-дамай, тартыс-күреспен 1989 жылы 11 қыркүйекте өз ана тілін өз елінде (ҚазССР) мемлекеттік мәртебеге ие болуына қол жеткізіп, сол жеңісін тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылған кезде де сақтап қалды.

Білім мен тәрбиені мемлекеттік тіл арқылы беру үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Оны жан-жақты дамытпайынша, қазақстандық жас ұрпақты өз Отанын қадірлеп-қастерлеп сүйетін парасатты азамат етіп шығару қиын шаруа екені анық. Сондықтан да тілдерді, әсіресе, еліміздің мемлекеттік тілі мәртебесін иеленіп отырған қазақ тілін оқытып-үйрету мәселесі қашан да басты назарда. Демек, қазақ мектептерінің санын өсіру және осы заманғы технологияның ең соңы жетістіктерімен жабдықтау парыз болып келеді. Осы мақсат-мүддеге сәйкес еліміздің жас ұрпағы алдына мемлекеттік тіл – қазақ тілін, орыс тілін және ағылшын тілін білу міндеті қойылып, ел егемендігінің басты рухани өзегі ретінде қаралып келеді.

Кез келген тіл – ұлттық құндылыққа жатады. Тіл арқылы қазақстандық азаматтардың өз еліне деген іңкәр сезімін, ыстық сүйіспеншілігін ояту ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың да негізгі элементтерінің бірі. Отаншылдық сана-сезім қандай бір елдің азаматы болсын, негізінен, сол елдің мемлекеттік тіл арқылы қалыптасады. Сол себептен де, елімізді мекен етіп, өмір сүріп жатқан қазақстандық әрбір азамат өзінің қай ұлт өкілі екеніне қарамастан, мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті. Әлемде біз сияқты бірнеше ұлт өкілдерінен тұратын елдер жеткілікті. Бірақ оларда мемлекеттік тілді білмесең, жұмыс істей де, өмір сүре де алмайсың. Осындай айдай ақиқат қағидатты Елбасы: «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл посткеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және

дәлірек түсіндіру керек. Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім. Әлемде көп ұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көпұлтты және бұл елдерге көптеген эмигранттар келіп жатады. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине, жоқ.

Біз бұл мәселеде қажетсіз саясаттандырушылыққа ұрынбадық, тіл проблемасын ел халқының тілдік сұраныстарын ескере отырып, өркениетті әдістермен шешуге ұмтылып келеміз» [3], – деп қазақ тілінің қоғамдық рөлі мен орнын нақтылай түсті.

Тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде тәуелсіздік жылдарында дамып өркендеуін зерттеп-зерделеп бағамдасақ, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап отандық оқу-тәрбие ісін қазақ тілінде дамытуға аса мән берілуінің арқасында қазақ тілінде білім беретін түрлі деңгейлік оқу орындары біршама көбейіп, қазақ жастарының көбісі өз ана тілінде орта білім, кәсіби орта, кәсіби жоғары білім алуға қол жеткізе бастағанана көз жеткіземіз. Бұл, енді, ұлтымыздың ауыз толтырып айтарлықтай жетістігі екені рас.

Қандай да болсын, барлық мәселесі мұқият ескеріліп дайындалған стратегиялық жобалар мен бағдарламалар ғылыми-теориялық білімсіз, дайындықсыз және оны жетік менгеріп, игерген мамандарсыз ойдағыдай жүзеге асуы мүмкін емес.

Ал әлемдік мәдениет пен өркениет жетістігі болып саналатын білім мен ғылым және қазіргі заманның жаңа технологиялары тіл арқылы беріледі, тіл арқылы игеріледі. Өзге тілде игерілген білім мен ғылым да, яғни адамзат өркениетінің барлық жетістіктері де кез келген ұлттың өз ана тіл арқылы қайта жаңғырып, халқына қызмет етеді. Осы тұрғыдан келгенде білімді қай тілде алсаң да бәрібір сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес екенін өмірлік тәжірибе көрсетіп келеді, тіпті алдыңғы қатарлы дамыған елдердің өнегелі іс-тәжірибесі де бұған нақты дәлел бола алады. Мәселен, АҚШ, Англия, Франция, Германия, Ресей, Жапония сияқты т.б. алдыңғы қатарлы дамыған елдерде оқу-ағарту, тәлім-тәрбие ісі, негізінен, мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Ғылым, білім жетістіктері жекелеген ұлтқа қызмет ету үшін, кез келген ғылым-білімнің бастапқы негізі ұлттық тілде, демек білім алушының өз ана тілінде қалануы керек. Өркениетті елдерде осы саясат басты ұстанымға айналған. Біз де еліміздің егемендігі, кемел келешегі баянды болсын десек, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың негізі болып саналатын қазақ тіліндегі білім ошақтарын заман талабына және ұлттық мақсат-мүддеге сәйкес дамытуға баса назар аудара отырып, жас ұрпаққа заманауи сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру ісін қазақ тіліне негіздеуіміз керек.

Қай мемлекет, қай халық болмасын оның ұлттық мақтанышы, рухани бастауының қайнар көзі – ана тілі. Еліміздің ертеңі, яғни қазақстандық өсіп келе жатқан жас ұрпақ өздеріне беріліп жатқан қазіргі білім мен тәлім-тәрбиені ұлттық салт-дәстүрге, ұлттық рәсімдерге, жол-жоралғыларға, әдеп пен тәртіпке, заңдар мен қарарларға құр әшейін құлдық ұрып бағыну, оларды амалсыз қабылдау, соларды мойындау деп емес, жан-дүниелерімен сезініп, шын ниеттерімен қабылдағанда ғана олардың ұлттық құндылықтарды, соның ішінде мемлекеттік тілді құрметтеуі, қастерлеуі қалыптасады. Соның негізінде отансүйгіштік сана-сезім дамып-жетіліп, ұлтжандылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, ізгілікке бастайды, жасампаздыққа жетелейді. Олар сондай болып өссе ғана елдің бүгінгі мен ертеңі, еркіндігі мен елдігі, бағы мен бақыты, байлығы мен дәулеті баянды болады.

Соны ескергендіктен, тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдарының өзінде-ақ халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өз ана тілін білмейтін қандастарымыз бен өзге тілді отандастарымызға оқытып-үйрету үшін қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп енгізу міндеті күн тәртібіне қойылған болатын.

Түрлі деңгейлік оқу орындарында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытып-үйрету мен «Тіл үйрету оқу-әдістемелік орталықтарының» еліміз бойынша жаппай іске қосылуының да басты мақсаты осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға байланысты болған еді. Соған сәйкес қазіргі кезде еліміздің барлық деңгейлік оқу орындарында қазақ тілі оқытылады және еліміздің басты қалалары мен ірі елді мекендерінде мемлекеттік тілді тиімді оқытып-үйретудің ең үздік, инновациялық әдістемеліктерді, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-бейне материалдарды қолданудың тың бастамасы қолға алынып отыр. Бұлар мемлекеттік тілді білім беру саласы бойынша дамытуға қатысты атқарылып жатқан ауқымды істерден біршама хабардар етеді.

1991 жылдан бері мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту түрлі бағытта қолға алынып, оны өркендету ұлттық білім беру жүйесі үшін де басты орынға шықты. Мемлекеттік тіл бүгінгі күні оқыту тіліне қарамастан, еліміздегі барлық деңгейлік білім ошақтарында оқытылады. Осы орайда қазақ тілінің, ең алдымен, ана тілі ретінде оқытылып-үйретілуі ұлт болашағы, мемлекеттің ертеңі үшін аса маңызды стратегиялық маңызға ие болып отыр.

Бүгінде қазақ тілінде оқытатын мектептер саннан сапаға ұмтылуда. Бұл – тәуелсіздік таңымен келген игілік екенін барша жұрт жақсы түсінеді. Бұнымен қоса қазіргі кезде еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің көптеген баласының қазақ мектебінде оқуға ынталы бола бастауы қазақ тілінде білім алудың беделі өсіп келе жатқанын және әрбір жаңа буын, жас толқын арқылы қазақ тілінің рухы нығайып, қуаттанып келе жатқанын аңғартса керек. Бұл да бүгінгі күннің шындығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің де дерегі бойынша да мектепте оқитын қазақстандық барлық оқушының үстем пайызы қазақ тілінде оқиды екен. Осы деректен қазақ тілінің, демек қазақ тілін тұтынушылардың еліміз тәуелсіздік алып, егемен ел болғаннан бергі шынайы дамуын көруге болады.

Ел тәуелсіздігінің бастапқы жылдарындағы қазақ мектептерінің және орыс мектептердегі қазақ сыныптарының көбеюі ұлттық тілде сабақ беретін педагог мамандарға деген қоғам сұранысын арттырды. Сол жылдардан бастап еліміздегі орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытып-үйретуге арналған сағат көлемі ұлғайтылды. Бұрынғыдай, бұл пәнді кез келген пәннің мұғалімі емес, педагогикалық оқу орындарында тәуелсіздік жылдарында жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиетін орыстілді сыныптар мен дәрісханаларда оқытып-үйрететін мамандық бойынша арнайы дайындақтан өткен мамандар оқытатын болды. Сондай-ақ, ел тәуелсіздігінің арқасында отандық барлық жоғары оқу орындарының көптеген факультеті құрамынан түрлі мамандықтар бойынша қазақ тілінде маман дайындайтын, бұрын болмай келген қазақ бөлімдері ашылды. Сөйтіп, ел тәуелсіздігінің арқасында қазақ жастары талай мамандық бойынша өз ана тілінде кәсіби білім алуға тұңғыш рет қол жеткізді. Осы бір маңызды қадамның ілгерілеп дамыту үшін оның керек-жарақтарын түгендеу қажет екенін пайымдаған қазақ қоғамы білім беру жүйесін қазақша дамытуға күш салып келеді. Дегенмен, мемлекеттік тілде дәріс оқып, сабақ жүргізетін оқытушы-профессорлар мен қазақ тіліндегі оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың сол кездегі, яғни тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы тым аздығы және оларға деген қоғам сұранысының барған сайын арта түсуі біраз қиын жағдайға қалдырған болатын. Бұл қиындық әлі де бар. Алайда, одан шығудың жолдары мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларда қарастырылып, нақты іс-шаралар жоспары жасалып, іс жүзінде жүзеге асырылып келеді.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері тілімізді өркендету жолында қаншама маңызды қамдар жасалды. Алайда, қолға алынған көптеген іс-шаралардың ойға алғандай болып орындалмауынан, тіліміз қоғамдық өмірдің, қоғамдық қарым-қатынастың бірталай саласына терең ене алмай жатыр. Талай мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін әлі таба қойған жоқ. Мұның басты себебін – ұлтымыздың өткен ғасырларда басынан өткерген бодандық пен тоталитарлық саясаттың ықпал-әсерінен және солардың бүгінге дейін

сақталып отырған зардабынан көріп жүрміз. Сол дәуірдің ұлттық ой-санамызға, тілімізге әкелген қасіретін ешқашан ұмытуға болмайды. Енді бүгінгідей қолайлы кезеңде елімізді экономикалық-әлеуметтік жақтан ғана дамытып қоймай, оның ұлттық негізгі сипаты әрі ең басты құндылығы болып саналатын тілін де асқақтатып, оның әлемдік жаһандануға төтеп беру әлеуетін нығайтуға күш салуымыз қажет. Мұның өзі еліміздің әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарына енуіне толық мүмкіндік берумен қатар ұлтымыздың рухани болашағына жарқын жол ашудың бірден-бір кепілі.

### *Әдебиет*

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992 жыл.
2. Оразбаева Ф. Тіл мен рух. «Жұлдыз» журналы, №12, 2009 жыл.
3. Назарбаев Н.Ә. Президенттің Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. «Егемен Қазақстан» газеті, 2006 жыл 25 қазан.

*Өтебаева Э.*

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты Этнолингвистика  
бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к.*

### **Қазақ тіліндегі «итке» қатысты тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипаты**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются сравнительные фразеологизмы как отражения ментальных процессов имеющие основание со словами «собака».

Халқымыздың қаншама ғасырлар бойы басынан өткізген тәжірибесін, рухани мәдениет негізінде қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарын, тіл арқылы мирас етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Тілдегі қалыптасқан мақал-мәтелдер, накыл сөздер, шешендік сөздер, фразеологиялық тіркестер халықтық менталитет пен ұлттың өзіндік ерекшелігі мен көзқарасын танытатын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

Қазақ тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының қалыптасуы академик Ә.Қайдардың есімімен тығыз байланысты. Тіл білімінде академик Ә.Қайдар қалыптастырған қазақ этнолингвистикалық мектебі өзіндік сипатымен ерекшеленіп, зерттеу принциптері айқындалған. Ғалым және оның шәкірттері қарастырып келе жатқан этнолингвистикалық зерттеулер ең алдымен «тіл әлеміне» арналады да, тіл білімінен тыс этнология, мәдениеттану, тарих т.б. сияқты салалар қосымша зерттеу ретінде байланысады.

Тіл біліміндегі этнолингвистиканың жеке сала ретінде қалыптасып, жылдан-жылға жетіліп ғылымда табан тіреп орныққанына көптеген ғалымдардың еңбегі сінді. Олар этнолингвистиканы әр қырынан қарастырып, өзінше зерттеп, оның өзіндік зерттеу бағытын айқындап берді. Тілі, тарихы, шаруашылық дәстүрі, дүниетанымы, әдет-ғұрпына т.б. қатысты атаулардан туындаған тілдік бірліктерді этнолингвистикалық тұрғыдан талдау, олардың өзара байланыстылығын және бір-бірінен ерекшеленетін тұсын айқындау антропоцентристік бағыттағы өзекті іс болмақ.

Ит қазақтардың танымында жеті қазынаның бірі саналып қоймай, он екі мүшел жылдың біріне кіреді. Қазақ халқы итті малын бағатын бақташы, үйін күзететін сақшы, үйде де, түзде де кісінің серігі, аңшылардың кәсіптесі, шаңырақтың құты, мал мен жанның ырысы, адамның шынайы досы деп қадірлейді. Сондықтан да: «Ит – жеті қазынаның бірі», «Ит – адамның құлағы», «Итті тепкен ырысты тебеді», «Итті иесімен қина», «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» деген т.б. мақал-мәтелдер қа-



лыптасқан. Сонымен қатар халық иттің жаман қылықтарын, қасиеттерін ашық айтып, оны адам мінезіндегі кемшіліктермен, өмірдің кейбір жағдайларымен де салыстырып отырған: «Ит иттігін істемей қоймайды», «Итті күшігім десең, аузыңды жалайды», «Ит үреді – керуен жүреді», «Ит құтырса, иесін қабады», «Ит жоқта шошқа үреді қораға» тұрмыс ауыртпашылығына шыдамды, көмпіс адамды «итжанды», мінезі нашар адамды «ит мінезді», «мінезі ит секілді», өшіккен, жауыққан адамға «Өлсе – ит терісі, өлмесе – кой терісі» деген сөздер көп кездеседі.

Академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінің үшінші томы «Табиғатта» итке қатысты заттар мен ұғымдарды, тілдік бірліктерді, итке тән қимыл-әрекеттер мен ұғымдарды, иттің түрлері мен оларға қатысты ұғымдарды т.б. жақсы ашып берген [1, 338-361 бб.].

Бүкіл әлем халықтарының көпшілігінің мифтерінде ит адамның досы, жанашыры, көмекшісі ретінде саналады. Әу бастағы міндегі адамдардың қоныс-мекенін күзету болған иттер уақыт өте келе аң аулауға жәрдемдесетін болған.

Итке қатысты көне дерек Авестада аса молынан ұшырасады және ол кездегі адамдар ең қасиетті деп санаған хайуандарды итке теңеген. Айталық, құндызды «су иті», кірпіні «тікенекті ит» деп атаған. Адамның сенімді серігі, қорғаушысы, күзетшісі, адал қызметшісіне айналған иттің қасиетті хайуанға телінуіне байланысты, ежелгі адамның санасында ол жайында неше түрлі наным-сенім, ырым-тыйымдар жүйесі қалыптасқан.

**Ит** – жеті қазынаның бірі деп білетін халық тілінде кездесетін теңеу мәнді тілдік бірліктердің итке қатысты айтылатыны да өте көп. Т.Қоңыровтың сөздігінде үй жануарларына жататын итке қатысты 70 шақты теңеу бар. Оның ішінде **-дай, -дей** арқылы жасалған 44 теңеудің басым көпшілігі иттің жағымсыз бейнесін бейнелейді екен. Иттерді сезімталдығы мен тіл алғыштығы, үйрету мен жуасытуға қолайлылығы оларды кәдеге жаратуда ескеріледі. Иттің 2 миллиондай иісті ажырата алатын теңдессіз иіс сезгіш қасиеті бар. Иттен табылатын жақсы қасиеттердің бірі – сенімділік, шыдамдылық, табандылық; жаман қасиеттердің бірі – сатқындық, жалтақтық, жарамсақтық, қызғаншақтық, ақымақтық, қатыгездік, қайырымсыздық, жауыздық т.б. Жалпы ит туралы жағымсыз сөздер, тілдік бірліктер, теңеулер өте көп. Ол жөнінде М.Копыленконың еңбегінде де айтылған [2, 36-38 с.]. Сонымен қатар жағымды тіркестер мен мақал-мәтелдер де көп кездеседі. Көп болатындығы «жеті қазынаның бірі – ит» деген түсініктен де болар. Өте төзімді, қаншама қиындық болса да, аш-жалаңаш жүрсе де шыдай беретін, итшілеп күн көретін адамды итке теңеу өте көп кездеседі.

Тілде өзінің сөздіктегі негізгі мағынасынан бөлек, ауыспалы мағынада қолданылатын лексикалық бірліктердің барекені бәріне мәлім. Осындай ауыспалы мағынада қолданылатын бірліктердің қатарына «иттке» қатысты тілдік бірліктермен берілетін теңеулерді жатқызуға болады.

**Аңшының төбетіндей.** Аңға шыққан аңшы тазыларына жәрдем беретін төбеттерді қоса ерте шығады; қуып жеткен, қамауға алынған аңға тазының аузы бұрын батады; осы кезде аңнан дәмектен төбеттер жұтынып, жалмаңдап аласұрады; аңшы төбетінің осы күйіне «бір нәрседен дәмектіп, аласұрған адамның» ұқсастығы сипатталып тұр.

**Әлекедей жалану.** **Әлеке** – үнемі үстін жалап-жұқтап кір жуытпай, бәріне әзір тұратын тазының ең жүйрік, ұшқыр түрі. Халық жадында тазының ең жүйрік түрі деген ұғымды білдіреді. «Аяқ-қолы, бас-бітімі, дене құрылысы сидам, қаншырдай арық, қимылы өте тез сусымалы тазының» елестетуден туған. Мысалы, *Оның әлекедей жаланған тоғыз ұлы бар екен дейді, бәрі де найзагер батыр екен* (С.Мұқанов). **Әлекедей жалаңдаған қырық шақты адамның пәрменді қимылына көзің мен көңілің тойғандай** (С.Омаров).

**Бұралқы иттей // бұралқы итше.** **Бұралқы** – қаңғыған, иесіз қалған ит. «Ауыл үйді аралап, әр үйдің бір есігінде, үйсіз-күйсіз, не болса сонымен тамақтанатын адамға» қаратып айтылады. Мысалы,

*Айналайын, ел жұртым,  
Не болар менің заманым.  
Бұралқы иттей кеткен соң,  
Көкірекке қайғы толар-ай,  
Ел жұртым сенен айрылып,*

*Санамен жүзім солар-ау* (Қазақ халқының салт-дәстүрлері). Осы жырдағы **бұралқы ит** – «сырттан келген, сіңбе, бөтен дегенді білдіреді және бөтен жерге еріксіз кетіп бара жатқан адамның» кейпін көрсетеді.

**Жұртта қалған күшіктей ету** тіркесі Қытай қазақтарының тілінде – «жексұрын ету, қадірін, сүйкімін кетіру» мағынасында жұмсалады. Адамға қатысты маскара ету мағынасын білдіреді.

**Ит жыртқан терідей** – дал-далын, пәре-пәресін шығару, ырым-жырым қылу (тері сияқты затқа, кездемеге, киімге қатысты). Бұл тіркестің жасалу уәжі: жаңа сойылған мал терісі ауыл-үйдің иттерінің еркіне тигенде, оны «көкпарға» салып, ит тартысқа алып, жан-жағынан жыра тартып, ту-талақайын шығаруын көз алдына елестетуге байланысты.

**Ит пен мысықтай болу** – «өш, араз, қас» деген мағынада жұмсалады. Бұл тұрақты тіркестің жасалу уәжі: екі үй жануарының бір-біріне деген жек көрініші. Бірін-бірі жек көретіні соншалықты, олар әрқашан да бір-біріне өш, араздасу үстінде деген мағынада қолданылады. Бұл теңеуде деректі ұғым конкретті заттарға ұқсатылған. Мысалы, *Өзара ит пен мысықтай боп, бір-біріне бас сұқпайтын* (С.Мұқанов).

**Итке сүйек тастағандай** 1. «Итке сүйек тастау» деген сөз – тамақ тілеп, анталап тұрған иттің меселін қайтармай, ас болмаса да, алданыш боларлық сүйекпен де риза қылу; 2. *ауыс*. «Бір нәрседен дәмәтіп, күтіп тұрған адамды болар-болмас, ұсақ-түйек бір нәрсе беріп, ит сияқты алдамсыратып, риза қылу».

**Иттей қылу** - қорлау, маскара ету, абыройын төгу, жермен жексен етіп сөгу. Мысалы, *Құр айғай салғаныңа кім шыдайды, жеңермін иттей қылып адам демей* (Айтыс).

**Иттей ұлу** – «адасқан жұртта қалған иттей, шарасыздықтан жалғыз зарлап қалған адамды» бейнелеуден туындаған теңеу. Мысалы, *Тағы да мыңдаған қол жаралы боп, Ыңырсып, иттей ұлып, шулап жатты* (С.Мұқанов).

**Иттей/итше таласу** - екі адамның өзара таласып, ырылдасуы, түкке

**Иттің құртындай** – есепсіз көп майда затты сипаттау үшін айтылады. Яғни, заттың өте көптігін және ұсақтығын білдіреді.

**Иісшіл иттей тіміскілеу** - жасырып қойған нәрсені итше тіміскілеп, тауып алатын адам әрекеті.

**Күшала жеген иттей**. Академик Ә.Қайдар бұл теңеудің мағынасын былай түсіндіреді: 1. Ел есігінде жүретін бұралқы, қаңғыбас иттен құтылу үшін қазақтар оған күшала қосып берген; оны жеген ит қисалаңдап, басын көтере алмай, аузынан сілекейі шұбырып, жүре алмай жатып, ақыры өледі. «Күшала жеген иттей» деген сөз содан қалған; 2. *ауыс*. Жеген ас-тамағынан, наша, темекі, арақ сияқты улатқыш заттардан ауырып, күшала жеген ит сиқына келу. Белгілі өскен ортасынан шеттеп, саяқ жүрген адамдар кейде жат қылық көрсетіп, өз басына өзі бәле іздеп табуы ықтимал.

**Қасапшының итіндей жалаңдау** – сұғанаққа салыну. Бұл теңеудің уәжі: қасапшы мал сойғанда кейбір жеуге жарамсыз бөліктерін итіне лақтырып отырады. Әбден лақтырғанды тосып жеп үйренген ит үнемі жалаңдап тұрады. «Адамның да жалаңдап, сұғанақтық жасап, тіміскіленген кездерін» суреттеуден туындаған теңеу. Мысалы, *Қасапшының итіндей жалаңдаған жендеттер шалды ортаға алып, буындырып өлтіріп, ортасынан екі бөліп, қапқа салып, есегіне теңдеп жіберер* («Қазақ ертегілері»).

**Құтырған иттің көзіндей қанталау** – «қатты қасірет шегіп, қорлық көрген адамның, қиналған хайуанның да қанталап кететін көзімен салыстырудан туындаған

(адамға, хайуанаттарға қатысты). Теңеу уәжі: ит құтырғанда аузынан сілекейі ағып, көзі қанталап (ағы қызарып) кететін әдетін адам бойынан да кездесетін осындай сәтті ұқсатудан туындаған теңеу сипатталып тұр. Мысалы, *Түсі оңа бастаған көк көздері құтырған иттің көзіндей қанталап, оқ тиіп долырған сары аюдай қорбаңдап, Бұр-кітбай кіріп келе жатыр* (С.Мұқанов).

**Сүйекке таласқан иттей** – «адамның бойынан табылатын ашкөздік пен тойымсыздықты, ерекше бір қомағайлық пен өзгеше бір қанағатсыздықты» меңзейді. Бұл теңеудің уәжі: үй іргесінде тату жатқан иттер иесі алдарына сүйек-саяқты тастаса болды, татулықты («әдепті») ұмытып, бәрі бірдей сүйекке таласа тап беріп, бірінен-бірі тартып алуға тырысады, ырылдасады, таласады, жұлысады. Ал соның негізінде адамға қатысты қалыптасқан теңеу – адамдар арасында да кейде болып тұратын осындай жағдайларды итке теңеу арқылы сипаттау. Мысалы, *Саудагерлер сүйекке таласқан иттей бірінің қолындағысын бірі тартқылап, бір тиын үшін өлімін сатып, өзеуреп жатыр* (Ә.Нұрпейісов).

**Сүтке тиген күшіктей шеттеу** – бұл теңеудің уәжі: беті ашық қалған ыдыстағы (қазан, табақ т.б.) сүтті ел жоқта ұрлап ішіп, тыңқиып тойып алған күшіктің иесі берген тамақты ішпей тоқмейілсуіне, не оған жоламай шеттеуіне ұқсас «адамның да бір нәрсені бүлдіріп алып, ондай іске араласудан бойын аулақ ұстау, өзінен-өзі шеттеуі». Мысалы, *Сүтке тиген күшіктей Бай, молдалар шеттенгі* (С.Мұқанов).

**Түлкі аңдыған тазыдай** – «жан-жағына алаңдай қарап, тарпа бас салуға дайын тұру» (адамға, басқа да жыртқыш аңдарға қатысты). Теңеу уәжі: соңына түсіп, қуып келе жатқан түлкінің қалың жыңғыл, ағаш, қурай-шөптің арасына кіріп кетіп, көз жазып қалған аңшы тазының аласұрып, жан-жағына алаңдап тұрған күйін елестетуден туындаған теңеу. Мысалы, *Жан-жағына қаранып, Түлкі аңдыған тазыдай* (Д.Әбілов).

**Түлкі қуған тазыдай** – «біреудің артынан өкшелеп қалмай қою» (адамға, жігітке қатысты). Теңеу уәжі: түлкінің ізіне түскен аңшы тазы оны қуып жетіп, тірсегін қиып жібергенше өкшелеп қуа беретін әдеті. Теңеуде тазының осы бір өжеттігі ерекше көрініп тұр. Мысалы, *«Несі болса да, бара көрейін» деп, түлкі қуған тазыдай қыздың соңына түскісі келді* (С.Мұқанов).

**Ұры иттей білдірмей жүру** – «иесі жоқ, күтімсіз, күнкөрісі ұрлықпен өткен иттің ел көзіне түспеу үшін тығылып, жасырынып күн көретін адамды» ұры итке балаудан туған теңеу. «Ұрлық қыларда аяқ алысын білдірмей басатын ерекше ептігі т.б. қасиеттері бар адамға» қаратылып айтылады.

**Ұры иттей жалану** – «көрінген жерден ұрлап ішіп, тамағы тойғанда, аузы-басын жалануы, қарны ашқанда жан-жағына жалаңдай қарап, сұғанақтанып кетуі». Мысалы, *Тұнығын дүниенің күнде лайлап, Ұры иттей ұрттамаған қаның бар ма?* (Д.Әбілов).

**Ұялас күшіктердей** – ұялас күшіктер бір енені тел еміп, бір ұяда ұйысып, бір-біріне иісі сіңіп, етене араласып өседі, олар өзара тең өскендіктен бір-бірінен қорқу, бір-біріне өктемдік жасау дегенді білмей өседі. «Бір анадан туған тай-құлындай тебісіп, бірге өсіп, біте қайнасып кеткен жақын адамдар да өсе келе, бірі атағы үлкен лауазымды, енді бірі оған іс жүзінде бағынышты болса да, немесе әлеуметтік жағдайлары жоғары-төмен тұрса да, басқалардай емес, бір-бірінен именуді, қорқуды білмей, өздерін еркін ұстайтын әдеті» бар. Мысалы, *Тату болған достан кісі осылай, ұялас күшіктердей шұбала шырмалып, ажыраса алмай жүретін бір болды* – деп Ерболға қарады (М.Әуезов).

Адамның сенімді серігі, қорғаушысы, күзетшісі, адал қызметшісіне айналған иттің қасиетті хайуанға телінуіне байланысты, ежелгі адамның санасында ол жайында неше түрлі наным-сенім, ырым-тыйымдар жүйесі қалыптасқан. Адамның мінез-құлқын, көңіл-күйін сипаттауда иттің тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің ішінде көптеп кездескендігін айта кетуіміз керек.

Қазақ көркем шығармаларында болсын, ауызекі тілде болсын зоонимдердің ассоциациялану қасиетін танып, оны сөз бейнелеудің пәрменді құралына айналдыра білген. Зоонимдердің қатысуымен жасалған бұл теңеулер біздің ұлтымызға ғана тән тұрақты ассоциациялар болып табылады.

Қазақ ұлтына тән осындай ассоциациялар ұлттық дүниеміздің тілдік бейнесінің ерекшелігін көрсетеді. Адам кез келген нәрсені сипаттағанда, суреттегенде көбінесе теңеп, ассоциативті түрде салыстыра отырып, өзінің ой-пікірін бейнелі түрде жеткізіп отырған. Итке қатысты тілдік бірліктер этностың ой-санасында, абстрактылы ұғымдар мен ассоциативті салыстырулар көңіл-күй сезімдерін бейнелі түрде беруде кеңінен қолданылатынын көреміз. Себебі бұл атаулар халықтың ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болып келді. Адамның сыртқы келбетін, ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, көңіл-күйін т.б. білдіретін теңеулердің уәждік, образдық, фондық негіздері халықтың ақиқат дүние туралы білімдер жүйесінен хабар береді. Адам мен табиғат арасындағы ұқсастықты, жалғастықты біз қарастырған теңеулердің жалпы мазмұнында зоонимдердің сыртқы көрінісінен, бойынан адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қадір-қасиеті т.б. көрініс береді.

### *Әдебиет*

1. Қайдар Ә. «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.3: Табиғат. – 2013. 608 б.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 с.
3. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 439 б.

**Сабыр М.Б.**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, ф.ғ.д., проф.*

### **Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзіндік этномәдени сипаты**

Қазақ және түрік ұлты тамыры бір, сонау көк түріктер заманынан бастау алған, тарихы тым тереңде жатқан ағайынды халықтар. Тіл тарихы - ұлт тарихы. Қазақ тілі ұзақ тарихи даму үдерістерін бастан кешірді. Түркітануда «орта түркі кезеңі» деп белгіленген X-XV ғасыр аралығын қамтитын кезең түркі тілдерінің қалыптасу, дамуында айрықша рөл атқарған маңызды дәуір. Көшпелі тайпалардың арасындағы талас-тартыс, қырғи-қабақ соғыстар олардың тығыз араласуы, қыпшақтардың күшею, оғыздардың Еуропаға қарай ығысуы этностардың тілінде өз ізін қалдырды. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М.Ақынжанов: “әр түрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты” - деп тұжырымдады [1]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті-қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақтілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Еуропаға дейін тарайды.

Монғол шапқыншылығы жаңа мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Еуразия кеңістігіндегі елеулі өгерістер, әсіресе Жошы Ұлысының пайда болуы Шығыс

Еуропа, Орта Азия және Сібір территорияларын мекендеген көптеген халықтардың қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды. Жошы ұлысы туралы тарихшы Әл-Омари «Ертеректе бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, бірақ татарлар жаулап алуынан соң қыпшақтар оларға бағынышты күйге түсті. Кейіннен татарлар қыпшақтармен біте қайнаса араласып, табиғи және нәсілдік ерекшеліктерінен жер жағдайы басым түсті де олардың барлығы нағыз қыпшақтарға ұқсап, бір атадан тарағандай болып кетті», -дейді [2]. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің “Дешт-и-кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, ... которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках” деген сөзінің маңызы зор [3].

Алтын Орда мемлекеті дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның кең жазира даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Түркітанушы П.М.Мелиоранский “Араб филолог о турецком языке” деген еңбегінде: “Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен” деп көрсеткен [4]. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Поляк ғалымы А.Зайончковский XIII ғасырда түркі тайпаларының бәріне ортақ біртұтас **орта түркі қалыптасты** дейді. Дегенмен осы тұтас тілдің ішінен қыпшақ, оғыз диалектілері сол дәуірде-ақ белгі бере бастаған. Саяси аренада үлес салмағы басым болған қыпшақтардың тілі Жібек жолының бойында халықаралық тіл дәрежесіне жеткен. «Кодекс Куманикус» сияқты сөздіктер қажеттіліктен туындаған. Бүгінгі қазақ тілінің арғы тамыры көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор – М.Қашқари болатын. «Диуан лұғат ит-түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йарук тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық рөл атқарды. «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл», -деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, қазақ хандығы құрылған тұста оған қызмет ететін қазақ тілі де өсіп жетілген болатын. Аз уақытта қыранның қанаты талатын кең даладағы жарғылай көшпелі қауымды бір мүдде, бір мақсатқа жұмылдыра алатын күдірет ғасырлар бойы қалыптаса келіп, бір тұтас ұлт тілі ретінде тарих сахнасына шықты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында әдеби тілдің дәрежесін біл-

дiретiн кiркeм, айшықты сiз орамдар кiптeп кeздeсeдi. Мұның өзi ауызша әдeби тiлдiң тамыры тым әрiдe жатқанын кiрсетедi. Сонымен қатар осы әдeби тiлдiң бiр ұшы кiнe түркi дәуiрiнeн үзiлмeй кeлe жатқан түркiлiк жазба әдeби дәстүрдe болса керек. XIV ғасырда, Алтын Орда дәуiрiндe жазылған жазба ескерткiштер тiлiндeгi қыпшақтық белгiлер, қазақы таным-түсiнiгi кiрiнiп тұрған тұрақты тiркестер, сiз жоқ нақты дәлел бола алады.

Ғылымда Анадолы түрiктерi деп жүрген осы ағайындармен тарихи тамырластығымыз тым тереңдe жатыр. Жоғарыда келтiрiлген тарихи деректермен сабақтас өрiлген, арудың қос бұрымындай қатар өрбiген оғыз тайпаларының тарихы терең дүниe. Олар оғыз тобында, бiздeр қыпшақ тобында болғанымызбен ежелгi батыс хуннан бастау аламыз. Қазақ тiлiндeгi «көктe күн жалғыз, жердe ғұн жалғыз» деген мақал тегiн айтылмаған. Екi тiл бойынша салыстыра отырып, жинақтаған ұқсас мақал-мәтелдердi зерделей қарастырғанда ұқсастықтың екi түрлi деңгейi болатындығы байқалды: бiрiншi деңгей- мағынасы мен құрам-құрылымы жағынан толық сәйкес болып келетiн абсолюттi (толық) ұқсас мақал-мәтелдер; екiншi деңгей-компоненттерiндe азды-көптi өзгерiстер бар, бiрақ мазмұны ұқсас мақал-мәтелдер.

Бүгiнгi қазақ және түрiк тiлдерiнiң мақал-мәтелдерiн салыстыра зерделегендe олардың жалпы ұқсастығы болғанымен, екi халықтың өзiндiк тұрмыс-тiршiлiгiне сәйкес, ерекше, дара ойлау логикасы бойынша қалыптасқан, дүниетаным тұрғысынан өзгешелiктерi бар мақал-мәтелдер кiптeп ұшырайды.

Мәселен, түрiктер аш адамның ашуланғыштығын ескерiп, *Aştın ıymanı bolmaz* (аштын ыйманы болмаз)-«Аштың иманы болмас» десе, қазақтар «Үш күн ашыққаннан ақыл сұрама» дейдi. Аузына келгенiн былапыттап сөйлей беретiндердi түрiктер *Ağzi bozuk, dilinin perhizi yok* (ағзы бозук, дилинин пәрхизи йок)- «Аузы дiнсiз, тiлiнiң оразасы жоқ» десе, қазақ халқы «Жақсы адам байқап сөйлер, жаман адам шайқап сөйлер»; «суық сөздi сұмырай айтады»; «жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады» деп тұжырымдайды. Бұл мақалдардан екi халықтың да сөзге, дұрыс сөйлеуге жете мән бергенiн байқаймыз. Дегенмен ой жеткiзуде түрiк халқының дiншiлдiгiн, ислам дiнiнiң терең тарағанын, ислам мәдeиетiне қазақтардан гiрi ертерек бет бұрғанын байқаймыз. Орта ғасырлық Осман империясы ислам дiнiн таратуда айрықша еңбек еткенi тарихтан белгiлi. Сонымен қатар қазақ пен түрiк халықтары Алланы құлы, Мұхаммед пайғамбардың үмбетi екенi хақ. Дегенмен түрiк ағайындарда дiннiң тамыры тым тереңдe. Сондықтан олардың мақал-мәтелдерiндe Алла сөзi көп қолданылады. Мәселен *Allah adama ya akıl verirya devlet* (аллах адама йа ақыл вэрир йа дэвлэт)- «Алла адамға не ақыл, не дәулет берер»; *Alla sabırlı kulin sever* (алла сабырлы кулин сэвр)- «алла сабырлы құлын сүйер»; *Alla bermediyse, peygamber ne yapsın* (алла бэр-мэдийсэ, пэйгамбэр не йапсын) – «алла бермесе, пайғамбар не iстесiн» т.б. Ал қазақ тiлiндeгi мақалдарда көбiнесе «құдай, тәңiр» сөздерi көп ұшырасады. Бұл қазақтардың исламға дейiн тәңiрлiк дiнге сенгендiгiн кiрсетедi. Байырғы түркiлердiң дiни сенiмдерi Көктәңiрге табынумен байланысты болған. Араб географы Әл-Мақдиси (X ғ) Орта Азия түркiлерiнiң наным-сенiмi туралы: «Түркiлер «бiр тәңiрi» дейдi, бұл «бiр құдай» дегендерi», -деп жазды. Қазақтар кiнe түркiлердiң жалғасы, сондықтан да кiнe наным сенiмдер ислам канондарымен сабақтасып, үйлесiм тапқан. Мысалы, Таңғы нәсiп-Тәңiрдeн, Бекерден-бекер жағқаннан Тәңiр безер; Иттиң иесi болса, бiрiнiң тәңiрiсi бар; Хан құдай емес, қара қурай емес; Ханды құдай ұрғаны-халқымен жау болғаны, Бидi құдай ұрғаны-билiгi дау болғаны т.б.

Басшының көптiгi кейдe зиянға айналарын түрiктер *İki kaptan bir gemiyi baturur* (ики каптан бир гэмийи батырыр)-«Екi капитан бiр кеменi суға батырар» десе, қазақтар «қойшы көп болса қой арам өлер» немесе «екi қошқардың басы бiр қазанға сыймас» деп қорытады.

Ер жiгiттiң басында күндe дәурен тұрмайды, түздe мырза, үйдe құл дегендей әр түрлi жағдаяттар басынан өтедi, ел әр түрлi бағалайды, бiрдe көкке көтерiп құрметте-

се, бірде елеусіз қалдырады. Мұның бәрі өмірдің заңдылығы. Түріктер *Ak tenizde – kapıytan, al Mısırda –sultan* (ак тәниздә капыйтан, ал мисирда султан)- «Ақ теңізде капитан, ал Мысырда сұлтан», десе, қазақтар «ердің аты туырлықтай, өзі бұлдырықтай», «арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз, ер жігіт бірде малды, бірді малсыз», деп бағалайды.

Осы мақалдардан байқағанымыз түрік бауырлардың ұлы теңіздерді жағалап өмір сүргені байқалады. Осман сұлтандары өздерін қара жер мен сулардың патшасы деп жариялағанын білеміз. Орта ғасырларда түрік флоты ең айбынды флот болатын. Сондықтан да түрік мақалдарында **теңіз, кеме, капитан** сөздерінің айтылуы табиғи заңдылық, ұлттың өмір сүру сипатын, өткен тарихын білдіреді. Ал жоғарыда айтылған қазақ мақал-мәтелдерінен мал шаруашылығын жақсы игеріп, ой тұжырымын **қой, жылқы** сөздерімен салыстырып анықтап, дәлелдеп тұрғанын байқаймыз.

Осман империясының саяси-экономикалық өрлеуі мен құлдырауын зерттеген М.С.Мейердің тұжырымынша, Осман империясы, негізінен, XV-XVI ғасырларда құрылып, ерте ортағасырда қалыптасқан әрі мұсылман жолындағы Шығыстың көшбасшысы болуға ұмтылған және христандық жолдағы Батысқа қарсы тұрған ірі мемлекеттердің біріне айналды [5,3].

Османдықтар өз мемлекеттігін құрып, өздерінің адамгершіліктік қағидаларға негізделген жаһандық әлеуеті мен дәулетін қалыптастырған. Сөйтіп, бүкіл адамзат өркениетіне ғасырлар бойы қызмет еткен.

Ал енді Қазақ энциклопедиясының мәліметіне жүгінсек, Осман империясы XIV ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі дәуірде салтанат құрған, әлемдегі ең ірі империялардың бірі. Осман мемлекеті сонымен қатар дүниежүзі тарихындағы мемлекеттік құрылымын ең ұзақ мерзімге сақтай алған санаулы империялардың бірі және бірегейі.

Жалпы алғанда Осман империясының пайда болуы Осман әулетінің есімімен тікелей байланысты. Қазіргі түрік тілінде Османлылар деп аталып жүрген әулет оғыздардың Бозоқ тайпасы, Қайы руынан тараған. Үлкен империяның тірегі болған, жер-жаһанды жаулаған жұрт Осман түріктері деп аталған. Сондықтан да қазіргі түрік тілінде *Osman türkü arabayla tavşan avlar* (осман түркү арабайа тавшан авлар)-«осман түркі арбамен қоян аулар»; *Osman türkü nün ayagi üzengide olsun* (осман түркүнүн аяғы үзенгиде олсун)-

«Осман түркінің аяғы үзенгиде болсын». Бұл мақалдар осман түріктерінің ерлік жолын, даңқты тарихынан, саяси әлеуетінен хабар береді. Қазақ тілінде «ерінбеген арбамен қоян алады» дегенде табанды кісінің әйтеуір бір мақсатына жететін білдіреді.

Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдерден байқағанымыз, түрік ағайындар қыс мезгілін онша ұната қоймайтын сияқты. Оған *Jaz –jannattın, kış- jahannamnın nışanı*(й-аз йаннаттын, қыш йаһаннамнын нишаны)-«жаз жаннаттың, қыс жаһаннамның нышаны»; *Zemheride kar yağmadan kan yağması iyi* (зәмһәридә кар йағмадан кан йағмаси ийи)-«Қыста қар жауғаннан қан жауғаны жақсы». Түрік елі жылы теңіздердің жағасында, жанға жайлы климатта орналасқан, сондықтан салқын қысты ұната қоймаса керек. Қатаң климатты өлкеде өмір сүрген, көшпенді тұрмыс-тіршілік құрған қазақ халқы табиғаттың әр кезеңімен үндесіп, үйлесім тауып, әр маусымның өз жақсылығын түсіне білген. Мысалы, Қыстағы суық-жаздағы ыстық, Үркерлі айдың бәрі қыс, Қылышын сүйретіп қыс келер, Қыстағы қар жер ырысы, Қардың басын қар алар, Үркер үйден көрінсе, Үш ай тоқсан қысың бар, Сақырлаған аязда сары қамысты панала, Қаңтар ауса қар тұрмас, Қыс та қысырайды, Наурыздан соң қыс болмас, Мизамнан соң жаз болмас, Қараша қауыс, кәрі-құртанды тауыс, Жаз сайға қонба, Қыс қырға қонба т.б. Осы мақалдардан қазақтардың табиғат ыңғайымен өмір сүргенін көреміз.

Мақал-мәтелдер ұлттық менталитеттің белгісі, қазақ, түрік этносына тән дүниетаным, эстетикалық тағылым мен мәдениеттің көрсеткіші. Қорыта айтқанда қазақ

және түрік халықтарының ортақ, ұқсас, мағыналас мақал-мәтелдерінің түп төркіні тым әрі де жатыр. Ол түркілердің бір тамырдан өрбігендігін, бір бастаудың, бір тарихи көздің айғағы. Ал мақал-мәтелдердің бойындағы әр ұлтқа тән этномәдени ерекшелік, кейінгі дәуірдің, яғни орта ғасырларда түркі тектес ұлттардан жеке дара тарих сахнасына шығып, қалыптасуымен сәйкес келеді.

### *Әдебиет*

- 1.Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. -Алматы, 1995.
- 2.Тизенгаузен В.Г. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы. 1 т. 1884.
- 3.Аджи М. Польшь Половецкого поля. —Москва: Новости, 2000.
- 4.Мелиоранский П.М. Араб филолог о турецком языке. —СПб., 1900.
5. Мейер М.С. Османская империя XVIII век., -Москва: Наука, 1991.
- 6.Қазақ және әлем халықтарының таңдамалы мақал-мәтелдері. -Алматы: Балауса, 2005 -432б.
- 7.Түрік халқының мақал-мәтелдері мен жұмбақтары. -Алматы: Арыс, 2008б. -304б.
- 8.Сидорина Н.П. Турецко-русский словарь пословиц и поговорок. -Москва:Толмач, 2006 -352б

**ӘОЖ 37.016:811.512.122'243**

***Сатбекова А.А.***  
*Қазақ мемлекеттік*  
*қыздар педагогикалық университеті,*  
*педагогика ғылымдарының*  
*докторы, профессор*  
***Сатбекова А.А.***  
*педагогика ғылымдарының*  
*магистрі, аға оқытушы*

### **Рефлексия – қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы барысында тұлғалық дамудың негізі**

**Аңдатпа.** Жобалай оқыту технологиясын қолдануда студенттердің бірлесе әрекет етуі маңызды орын алады, сондықтан оның психологиялық негіздерін рефлексиядан тыс қарау мүмкін емес. Рефлексия – адамның өзін қоршаған әлемді, оның барлық құбылыстарын ішкі сәулелендіруі, ішкі таным үдерісінің өтуі барысына өзінің қадағалау жүргізуі. Рефлексия өз кезегінде, ойлаусыз жүзеге аспайды, Себебі, ойлау арқылы ғана субъект өзіне-өзі тани алады. Ұғымның табиғаты туралы пікірінде де Кант рефлексияның арқасында ғана көптеген елестетулердің негізінде ұғым жасалатынын айтады. Ендеше, бұл мақалада жобалай оқыту технологиясы барысында тұлғалық дамудың негізі етіп алынатын рефлексия студенттің тек айналасымен әлеуметтік қатынас жүйесін ғана емес, оның ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырудағы басты мәселе ретінде қарастырылады.

**Annotation.** During the life-time of one generation the production technology and the way of life drastically change. A quick-developing scientific-technical revolution based on the process of global informatization in all spheres of social life requires the informatization of the education sphere too. Besides, modern educational paradigm defines teaching as a managing academic-cognitive activity that leads not only and not so much to increasing the



baggage of knowledge, abilities and skills but to more important changes in the trainee's personality: to increasing the intellect, to upbringing definite characteristics of the personality, psychological changes in the personality directed to more comprehensive self-realization. The students in the course of doing project works in the "Kazakh language" course become developed into the subject of their creative, academic-cognitive activity. Therefore, the project teaching technology according to the anthropological paradigm providing the realization of the "subject-subjectivity" relation performs the role of the personality-development.

Оқытудың қай түрі болмасын барлығының көздейтін мақсаты – адамды жан-жақты тәрбиелеу, сапалы білім беру. Қазіргі таңдағы білім берудің түпкі нәтижесі жай ғана білім, білік, дағды қалыптастыру емес, студенттің оларды өзінің өміріндегі кездескен түрлі жағдаяттарды дұрыс, саналы қолдана білуін талап ететін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру болып отыр. Сонда болашақ мұғалімдерге педагогикалық институттарда, университеттерде білім беру деген көптеген пәндер мазмұнындағы білім қорын меңгерту ғана емес, алынған білімді өз қызметінде пайдалана білу жолдарын үйрету деп түсінген абзал. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі (профессиональная компетентность) мен шеберлігі, әсіресе, қазіргі нарықтық жүйеде ерекше қажеттілікке ие болып отырғаны белгілі. Өйткені 12 жылдық білім жүйесін енгізуде және дәстүрлі педагогикалық жүйенің өзінде мемлекетіміздің мектепке беріп отырған тапсырысы немесе сұранымы – ойлауы жан-жақты дамыған, тілге шебер және мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарына жауап беріп, бейресми және ресми жағдаяттардан жол тауып шыға алатын, өзінің өмірдегі мәнін түсінетін, өз ісіне жауап беретін азамат тәрбиелеу. Ал мемлекеттің осы қойып отырған тапсырысының сапалы орындалуы, сөзсіз, мұғалімдердің кісілік қасиеттері мен кәсіби шеберлігіне көп байланысты. Кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі жетілген маман даярлауда да, білім беру саласына қойылып отырған ортақ міндетті шешуде де «Қазақ тілі» пәнінің орны ерекше екені дау тудырмайды. Өйткені бұл пән әрбір азаматтың өзі өмір сүріп отырған елінің, мемлекетінің тілін, мәдениеті мен дәстүрін сыйлауын қалыптастырады. Осындай адами болмысқа, өзгелермен қарым-қатынас мәдениетіне баулитын «Қазақ тілі» пәнінің маңызы да сондықтан уақыт өткен сайын арта түспек. Тіл – адам қалыптастырудың бір өзегі, адамның жан-дүниесінің айнасы, адамның қоғамда алатын орнын белгілеуші фактор.

Қазақта «Ми ойлағанды тіл тындырады» деген мәтел бар. Адам миында ойдың пайда болуы тілдің негізінде іске асады. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы – күрделі құбылыс.

Ойдың тікелей шындығы – тіл болса, тіл – адамның сезімін, ойын жариялаушы, ойлаудың құралы. Тіл болмаса, ойлаған ойынды жеткізе алмас едің.

А.Байтұрсынұлы тіл мен ойлаудың байланысы туралы былай дейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын», -дейді [1]. Сондықтан да адамның ойы таза, жүйелі болып, сөйлер сөзі де сараланып, дараланған түрде дұрыс болып шығуы үшін ойлау операцияларын іске асыра білу қажеттігі туындайды.

Студенттердің жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып қазақ тілін меңгерту барысында олардың «тілдік сезімдерін» ұштау, «тілдік қабілеттерін» дамыту, «тілдік шешімге» келудің психологиялық жолдарын және олардың ұлттық ерекшеліктерін үйретудің маңызы зор.

«Тілдік қабілет дегеніміз – табиғаты жағынан әлеуметтік болып келетін құрылым. Ол құрылымның қалыптасу барысы әлеуметтік факторларға тығыз байланысты, соның ішінде, ең бастысы, адамдардың біріккен қызметтеріндегі түрліше жағдайларға

сай келетін коммуникативтік бағыттардың (интенциялардың) жүзеге асырылуына деген қажеттілік», - дейді А.Н.Леонтьев [2].

Студенттер қазақ тілі бірліктері туралы білім алып, оларды қатысым мақсатына қарай өз сөзінде орынды қолданып, қарым-қатынас жасаса ғана қазақ тілінен алған білімі, игерген білігі құзыреттілікке айналды, өмір дағдысына айналып, жүзеге асты деп саналады. Қазақша сөйлеудің әлеуметтік аясы кеңіген сайын, студент өзі меңгерген қазақ тілі туралы білімін де дамытуға мүдделі бола береді.

Тілдік қабілетті іштен туа бар болады дейтін ғалымдар оны биологиялық инстинкт түрінде таниды. Балада тілдің пайда болуы мен тілдің дамуы барысын зерттеген психолінгвист ғалымдардың ізімен, бала кезде тілді игеру барысында қандай да бір жинақталған элементтердің жүйесі болуы мүмкін деген көзқарас басшылыққа алынады. Ол жүйе шын мәніндегі тілдік жүйемен сәйкестене алатындай деңгейде болуы мүмкін, бірақ нақты тілдік жүйемен тең келе алмауы мүмкін.

Егер «тілдік қабілет» жүйе болса, оның құрылымын да анықтауға болады. Ғалымдар ол құрылымды иерархиялық құрылымда келетін құбылыс ретінде санайды. Ол иерархия «өзіндік» фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік және семантикалық компоненттерден түзіледі. Тілдік қабілеттің құрылымындағы негізгі дінгек семантикалық компонент болып табылады.

Студент жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілі туралы өз бетімен ғылыми білімін практикалық қолданыста жүйелі пайдалана алатын болады. Сол арқылы тілдік қабілеттің жоғары сатысы - метатілдік қабілеттің алғашқы нышандары қалыптасады. Тілдік қабілет тек дұрыс сөйлеуді ғана емес, дұрыс тыңдауды да қалыптастырады. Себебі сөйлеу дұрыс тыңдаудың нәтижесі. Бұл жайлы «Су анасы – бұлақ, Сөз анасы – құлақ» дейді халық даналығы. Студенттің тілдік қабілетінің даму мазмұны – оның қазақ тілінен алған теориялық білімді жүйелі құрастырып айта білуінің қалыптасуымен, практикалық маңыздылығымен анықталады.

Ж.Пиаже [3], Дж.Брунер [4], Л.С.Выготский [5] ілімдерінде ана тілін игеру үдерісінде білім алушының «тілдік сезімі», «лингвистикалық интуициясы (түйсігі)» үлкен орын алатыны көрсетіледі. Тілді санасыз түрде (бессознательно) қолданғанда, интуитивті қолданғанда, тіл заңдылықтары мен грамматикалық бірліктердің семантикасын түйсіну деген ерекше саты іске қосылып, қызмет етіп жағады. Психологтар «тілдік сезімнің» күрделі психофизиологиялық табиғатына мән бере отырып, оның түрлі қырдан танылуын қолдайды. Түрлі қырдан танылуда кейде бір құбылыстың түрліше аталып кетуі де кездеседі (мысалы, «сөздік инстинкт», «тіл сезімі», «тілдік интуиция», «түйсінілмейтін топтасулар», «сөзге деген интеллектуалдық-эмоционалдық сезімталдық» т.б.). Әйтсе де осы сезімдердің қай-қайсысының да тууына ықпал ететін мотив болып саналады.

Оқу-танымдық қызметтің жүзеге асуының, түпкі нәтижеге жетуінің бастауында да белгілі бір мотивтің тұратыны заңдылық. Түрліше мотивтердің бір нүктеде түйісіп келіп, бір ғана қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі де, бір мотивтің бірнеше қызмет түрлерін жүзеге асыруы да мүмкін.

Жобалай оқыту технологиясының дүниеге келуімен есімі тығыз байланысты Дж. Дьюи идеяларының негізгі мәні – білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, демократиялылығы болып табылады. Ал, білім беру мен тәрбие үрдісінің гуманистік сипаты – оқытудың методологиялық негізі ретінде қызмет ете алады. Оны жалғастырушылардың еңбектеріндегі өзіндік ерекшеліктерін, одан туындайтын ұстанымдары мен шарттарын жүйелеу арқылы қазіргі заман талабына сай ұлттық білім берудің философиялық тұғырнамасы, әдіснамалық және әдістемелік негіздері сараланатыны сөзсіз. Онсыз мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Адамның жеке басының психологиялық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін құбылыс оның танымдық қызығушылығына негізделген – білім. Қы-

зығушылық – жаңа білім меңгерудегі ең басты мотив. Білімнің қалыптасуында бір-бірімен байланысты бірнеше компоненттер болады.

Оның біріншісі – оқу материалын қабылдау. Қабылдау тиімді болу үшін мақсаттылық, саналылық, игерілетін білім тірек білімге негізделуі, жаңғыртылуы, мұғалім қажет нәрселерді оқушының көзбен көріп, құлақпен естіп, көңіліне тоқуына жағдай жасауы қажет.

Екінші компонент - оқу материалдарын ойша өңдеу, жүйелеу. Игерілетін білімнің сапасы оқушының белсенді ойлауымен тығыз байланысты.

Үшінші компонент – игерілетін білімді іс жүзінде қолдана білу. Ол үшін оқушы теориялық білімнің практикалық әрекеттің негізі екендігін білуі тиіс.

Төртінші компонент – білімді бекіту. Адамның жоғары психикалық функциялары дамуының генетикалық заңына сүйене отырып, Л.С.Выготский баланың дамуындағы екі деңгей туралы өзінің болжамын жасап шығарды. Эмпирикалық тұрғыдан алғанда, оқыту үдерісі білім алушының дамуымен сәйкес болу керектігі дәлелденген. Баланың алты жастан мектепке баруға болатыны оның сол кезден бастап білім алуға даяр екендігінің көрсеткіші сияқты.

Бірақ Л.С.Выготскийдің ұстаған бағыты – бала дамыған соң ғана білім мазмұнын толықтырып отыру деген қағидасы бар. Баланың бүгінгі актуалданған, яғни белгілі болып отырған қабілеті – ол кешегі күндегі дамуының нәтижесі. Ал Л.С.Выготский болса, «жақын арадағы даму аясын» зерттеп, оқу үдерісін соған лайықтап құруды ғана дамыта оқыту деп санайды [5].

Жобалай оқыту технологиясын қолдануда студенттердің бірлесе әрекет етуі маңызды орын алады, сондықтан оның психологиялық негіздерін белгілеуде оны рефлексиядан тыс қарау мүмкін емес. Рефлексия – адамның өзін қоршаған әлемді, оның барлық құбылыстарын ішкі сәулелендіруі, ішкі таным процесінің өтуі барысына өзінің қадағалау жүргізуі. Өйткені, рефлексиялық құбылыстың өзі, негізінен, адамның өз санасын өзіне қарай аударуы және сонда болып жатқан процестер туралы өзінің ойлануы. Рефлексия туралы түсініктер Платонның, Аристотельдің еңбектерінен бастап кездеседі. Бірақ әр уақытта рефлексияның әр қырынан танылуы оны түрліше түсіндіруге де себеп болып отырған. «Өйткені оқушының жан-дүниесін адамгершілікпен дамытуды ғана көздеп келмесе, оқушының ой-санасына көлеңкелі әдіс-амалдарды қалыптастыру орын алып кетуі мүмкін. Сондықтан да педагогикада бұл мәселе арнайы зерттеу объектісіне енді айналып келеді» [6].

Рефлексияны ақылдың өзінің іс-әрекетіне бағытталған бақылауы және соның негізінде ерекше білім жүйесін қалыптастырушы деп ең алғаш анықтама берген Дж.Локк. Ол ақылды өзіне тыс нәрселерді қабылдай отырып, соларға өзі бақылау жасайды деп анықтайды. «Ақыл тек сол алынған идеяларды бақылап қана қоймай, олармен операциялар жүргізеді, сол операциялардың өтуіне бақылау жасайды» [7].

Рефлексияның таным теориясындағы болмысын танып-білудегі И.Канттың пікірінше, рефлексия дегеніміз – білімді ұйымдастыру, жинақтап, біріктіру қабілеті. Рефлексия басқа қабілеттермен байланысты болады. Қабылдау процесі сыртқы әлемді оқушының «жан-дүниесіне» енгізеді. Ал ойланып-толғану процесінде сол қабылданған нәрселер ойланылады, белгілі бір мәндерге ие болады [8].

Жобалау технологиясын қолдануда рефлексиялық қабілеттердің жоғары дәрежелі қызметтері жүзеге асуы да, ендеше мүмкін деп санаймыз. Рефлексия өз кезегінде, ойлаусыз жүзеге аспайды, Себебі, ойлау арқылы ғана субъект өзіне-өзі тереңдей алады. Ұғымның табиғаты туралы пікірінде де Кант рефлексияның арқасында ғана көптеген елестетулердің негізінде ұғым жасалатынын айтады.

Рефлексияның санада жүзеге асатыны туралы айта келе, И.Г.Фихте сананың өмір сүру формасының өзі екіге бөлінетіні туралы атап көрсетеді. Тәрбиедегі ойланып шешілген басты мақсат, Фихтенің пікірінше, ерте жастық кезден бастап, тәрбиеленушінің ішкі күштерін дамыту болуы тиіс. Тәрбиеленушіге әрдайым сырттан бағыт беріп отыру оған пайда әпермейді.

Сонда халық қағидасындағы «Әуелі санаңа берсін, айтқаннан ештеңе болмайды» дегеннің өзі баланың ішкі күштерін бағалаудан туғанын көреміз. Фихтенің айтуынша, рефлексияда болу - өз-өзін еркін анықтаудың мүмкіндіктерін түйсінудің шарты, сондықтан да білім – еркіндіктің ерекше болмысы болып табылады.

Жобалай оқыту технологиясы барысында тұлғалық дамудың негізі етіп алынатын рефлексия студенттің тек айналасымен әлеуметтік қатынас жүйесін ғана емес, оның ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырудағы басты мәселе ретінде қарастырылады.

### *Әдебиет*

1. Байтұрсынұлы. А. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Алаш, 2006. –320 б.
2. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. –М.: Педагогика, 1983. –Т.1. – 391 с.
3. Пиаже Ж. Психология интеллекта. –СПб.: Питер, 2003. –192 с.
4. Брунер Дж. Культура образования (Пер. Л.В. Трубицыной, А.В. Соловьева). – М.: Просвещение, 2006. – 213 с.
5. Выготский Л.С. Педагогическая психология. –М.: Педагогика, 1991. –479 с.
6. Құрманова Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы. –Ақтөбе, 2001. – 280 б.
7. Локк Дж. Опыт о человеческом разуме // Избранные сочинения. – М.: Мысль, 1985. – Т.1. – 668 с.
8. Кант И. Избранное. – Калининград: Кн. изд-во, 1995. – 246 с.

**Сахова Қ.А.**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
2-курс магистранты*

### **Қазақ, орыс тілдерінде құс атауларының қатысуымен жасалған тұрақты теңеулердің лингвомәдени көрінісі**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі құс атаулары арқылы жасалатын тұрақты теңеулердің лингвомәдени орны мен шығу арналары салғастырылады. Екі тілдегі құс атауларымен байланысты жасалған тұрақты теңеулердің ассоциациялық ерекшеліктері мысалдар арқылы дәйектеледі. Келтірілген мысалдардан екі ұлттың өзіне тән ерекшелігі мен когнитивтік санасын көруге болады. Құс атауларына байланысты қалыптасқан тұрақты теңеулерді зерттеу барысында қазақ және орыс тілдерінің этномәдени ерекшеліктері терең түсіндіріліп, олардың шығу тарихы анықталды. Бір тілге ғана тән, эквиваленті жоқ кейбір тұрақты теңеулердің мәні айқындалады. Сонымен қатар екі тілде де қатар қолданылып, бірдей ассоциацияланатын құс атаулары арқау болған тұрақты теңеулердің мағынасы да кеңінен сипатталады.

**Тірек сөздер:** тұрақты теңеу, когнитивтік сана, лингвомәдениет, этномәдениет, тілдік ассоциация.

**Аннотация.** В статье сопоставляются лингвокультурологическая роль и происхождение устойчивых сравнений с названиями птиц в казахском и русском языках. Доказываются примерами ассоциативные особенности устойчивых сравнений с названиями птиц на двух языках. От приведенных примеров можно увидеть национальные особенности и когнитивное сознание двух народов. При исследовании устойчивых сравнений с названиями птиц на казахском и русском языках объясняются культурологические особенности и выясняются их история происхождения. Определяются суть некоторых устойчивых сравнений принадлежащие только одному языку.

ку и не имеющие эквивалентов. А также широко описываются значения устойчивых сравнений с названиями птиц которые имеют одинаковые ассоциации и одиноково используются в двух языках.

**Ключевые слова:** устойчивое сравнение, когнитивное сознание, лингвокультура, этнокультура, языковая ассоциация.

**Abstract.** In article compared cultural linguistic role and an origin of steady comparison with names of birds in Kazakh and Russian languages. Proved by examples association features of steady comparison with names of birds in two languages. From the given examples it is possible to see national peculiarities and cognitive consciousness of two languages. By researching the steady comparisons with names of birds become clear cultural linguistic features of Kazakh and Russian languages and their history origins. Are defined an essence of some steady comparisons witch consist only to one language and not having equivalents. And also widely described meanings of steady comparison with names of birds which have identical associations are and used same in two languages.

**Key words:** steady comparison, cognitive consciousness, cultural linguistics, ethnoculture, language association.

Құс – көне түркі тайпаларының ұғымында көктің (аспан әлемінің) символы ретінде сипатталады. Құсатауымен, құстың әрекет-қимылымен жасалған теңеулер қазақ тілінде көп кездеседі. Оның бір себебі – аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнері халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Сол себепті адамдардың іс-әрекетін алғыр, ұшқыр, құстарға теңеу тілімізде ерекше көрініс тапты деуге болады. Қарастырылып отырған екі тілде де құс атауымен, құстың әрекет-қимылымен байланысты тілдегі тұрақты теңеулердің біразы адамға тән жағымды, жағымсыз ұғымда ауыспалы мағынада айтылуы жиі қолданылады.

Қарастырылып отырған екі тілде де қарға құсатауымен жасалатын тұрақты теңеулер жағымсыз мәнде қолданылады. Себебі **қарға** – тамақ талғамайтын, көбіне өлексемен күнелтетін түсі қара, еті арам құс. Қазақ тілінде қарға сөзімен жасалатын мынандай тұрақты теңеулер бар: *қарғадай барқылау, қарғадай шулау, қарғашабоқ құшу, қарааша үймелеу. Қарғадай шулау* – бір-біріне дес бермей шу-шу болу. Мысалы, *Мұңдарын айтып қара қарғадай шулаған көптік өрген де есі шығып кетті. (С.Мұқанов, Ботагөз).* Орыс тілінде де қарға құс атауымен жасалатын тұрақты теңеулер жағымсыз мәнде қолданылады. Мысалы, **Мрачный, угрюмый как ворон** – тұрақты теңеуі түнерген, көңілсіз мағынасын білдіріп, жағымсыз мәнде қолданылады. Мысалы, *Серёжка сидел на краю сарая, куда ему строжайше было запрещено лезть, один, мрачный и угрюмый как ворон* (Л. Ленч, Отцовский голос). **Быть как белая ворона** – басқа ешкімге ұқсамау, көпшіліктің арасынан бірден көріну [2, 33].

Қырандар арасындағы ерекше құстың бірі – **бүркіт**. Бұл құстың бойына дарытқан ерекшеліктерді адамның бойындағы қасиеттерімен салыстырып, ассоциацияланып ерекше сипат береді.

Қазақ тілінің тілдік қолданысында *дала бүркітіндей қырағы, қасқырға түсетін бүркіттей, қаршығадай алғыр кескінді, қаршығадай лып ету, бүркіттей шеңгелін жазу, қырандай шарықтау, қанды көз қыран құстай* т.б. тілдік бірліктер адамның түр-тұлғасында күші мен жігері мол, бағылдығы, әжеттілігі, қайсарлығы мығым, сезімталдығы мен қимылы тез, өзін шамалауы мен жауын мөлшерлеу есебі бар, айлалы да әдісқой қасиеті бар адамды сипаттағанда қолданылатын теңеулер. *Бүркіттей тырнағын жазу, көк бүркіттей түйілу, қасқырға түсетін бүркіттей, қырғидай тию* тіркестері адамның үстемдік көрсету, қаһарын шашу сияқты іс-әрекеттерін бейнелейді.

**Тояттаған бүркіттей.** Бұл тіркес адамға қаратып айтылғанда «әбден тойғанынша жеп, жан-жағына шашып-төгіп жеп, жан-баласына бермей өзі тойса да көзі тоймайды немесе жегені алдында, жемегені артында» дегенге саяды. Мысалы, *Ойынды еті*

*бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті* (Абай). Құстың «тояттауы» жөнінде Ж.Бабалықұлы былайша түсіндіреді: «Түз қырандары өзі басып алған аңын алаңсыз отырып аузынан қалғанынша жеп, жемсауын лықита толтырса немесе қолда отырған бүркіт алдына тасталған жемді әбден тойғанынша жеп, лықия тойғаннан кейін өз еркімен тұғырға барып қонса, осы сәтте жерде жемтік қалса, мұны қазақ құсбегілері аузынан шыққанынша жеп «тояттау» деп атайды. Тояттау – тою, аузынан қалғанынша жеу деген ұғым береді» [3, 30].

*Биіктен томағасын тартқан қырандай, томағасын алдырған ақ сұңқардай, томағасын сыпырған тұрымтайдай, томағасын жұлып алған бүркіттей* т.б. осы сияқты тілдік деректердегі **томаға** – құсқа сәндік үшін кигізілмейді. Құстың дұрыс үйретіліп, баптап-баулау үшін оның адамға, итке, құсқа, қызылға ұмтыла бермеуі үшін сонымен бірге томағаланатын құстың бір қауіп жақындағанды шап беру қауіпінен сақтану үшін томағалайды. Құсқа арналып тігілген томаға құстың басын қыспайтын, қажамайтын, көз жанарын баспай, құстың басынан түсіп қалмайтындай етіп жасалады. Қалай болса солай, олпы-солпы тігілген томаға құстың басын қажап, шаршатады. Сол томағаны шешуге асығады. Томағаны құстың басынан тек аңға жібергенде және жемдеген сәтте шешеді. Оны құстың тыныштығы үшін кигізеді. Томаға киген құс момақан күйге түседі. **Аш қалған қаршығадай** – ашкөз, қомағай, тамақ көрсе тұра ұмтылатын адамға қатарып айтылатын тіркес. Мысалы, *Нияз аш қалған қаршығадай қабағын түйіп алды* (С.Сейфуллин). **Қызыл көрген қаршығадай // Қызылшыл қырандай** тұрақты тіркестері ашкөздікті, қомағайлықты меңзейді. Себебі, құс жемі ретінде айтылып отырған қызыл – қаны, сөлі сорғымаған не сорғыса да жансыз денеде қаны ұйып, сол қанның өңімен қызыл түсті болып көрінетін бір кесек қызыл ет құсбегілер тілінде «қызыл» деп аталады. «Құстың, аңның, малдың бір бөлшек еті. Қай қыран болса да құлқынның құлы, олардың табиғи тамақтану дағдысы өз тамағын аяғымен басып тұрып, жұлып жеуге бейім. Ал олардың осы табиғи дағдысын пайдаланған құсбегілер құсқа көп уақыт қолдан тамақ беріп, қолға шақырып, қолдағы қызылды аяғымен бастырып тұрып жұлдыру әдісі арқылы құсты өзіне етене жақындатады. Осылай әдеттендірілген құстың қашан да жарылқаушысы қолында қызылы бар құсбегі болады да, қолға шақырылған заматта құсбегінің қолына қонуды жаңылмай қайталайды. Құсбегілер құс шақыратын осы шырғаны «шақыру жем, қызыл, қызылға шақыру» деп атайды [3, 35]. Қыран мен құсбегінің арасындағы байланыста бір жапырақ қызыл еттің алар орны тым ерекше. Мысалы, *Сұлу ұрғашы көрсе, қызыл көрген қаршығадай мойны қылқылдай қалатын* (С.Мұқанов); *Қызылшыл қырандай емес пе хан тұқымы?* (С.Мұқанов). Орыс тілінде *нахохлится как ястреб* – қаршыға құсының атауымен жасалатын тұрақты теңеу кездеседі. **Нахохлится как ястреб/ птица** – ауырып тұрған немесе су болған құсқа ұқсаған адамға қатысты айтылады. Мысалы, *Он пил жидкий чай, нахохлившись как птица* (К. Паустовский. Дым отечества) [2, 205].

Түрлі түсті қауырсынды тотықұс атауымен жасалатын қазақ тіліндегі тұрақты теңеулер құлпыру, түрлену сияқты жағымды мағынада қолданылады. Мысалы, *тоты құстай құлпыру, тоты құстай сылану/тарану, тоты құстың қанатындай түрлену* т.б. Орыс тілінде осы құстың атымен келетін тұрақты теңеу жағымсыз мәнде қолданылады. **Одетый как попугай** – тым ашық, алабажақ, талғамсыз киінген адамға байланысты. Мысалы, *В магазинах сидели люди, одетые ярко и пёстро, как попугаи, преимущественно во всё красное или во всё жёлтое* (К. Паустовский, Итальянские записки) [2, 187].

**Қаз** – суда жақсы жүзетін, мойны ұзын жабайы және үй құсы. Қазақ тілінде бұл құстық атауымен жасалатын мынадай тұрақты теңеулер бар: *адасқан қаздай қақсу, қаздай тізілу, қаздай майпаңдау, қаздай шұбыру, үріккен қаздай дүр сілкіну, қаздай қалқыды* т.б. **Қаздай қалқыды** . 1. Еркін қимылдады, бөгет көрмеді. *Жалпақ жапан үстінде қаздай қалқып ұшып келем, ұшып келем. Жұрт тағы да жұп-жұбымен*

қаздай қалқып ортаға шығып келеді. (Ғ. Сламов. Заман шежіресі) 2. Сайрандады, қадірлі болды. *Жеті-сегіз қара домалақты өсірсеңдер, қартайғанда орталарында қаздай қалқып жүресіңдер әлі* (М. Сүндетов, еркексіз қайық). **Қаздай байпандап жүру // Балалы қаздай байпандау // Қаздай майпандау** – «мамырлай басқан қаздың жүрісі сияқты, асықпай аяғын сүйрете басып, жан-жағына барлай қарап жүретін адамдарға тән жүрістің» бірі. Мысалы, *Балалы қаздай байпандап, Танадай көзі жайтаңдап* (Батырлар жыры). Орыс тілінде қаз сөзімен жасалатын тұрақты теңеулер: *вытягивать шею как гусь, шагать как гусь, глупый как гусь*. **Вытягивать шею как гусь** – мойнын қиналып созған адамға байланысты. Мысалы, *Он [Шапошников] опять вытянул как гусь шею и почесал под бородой* (В. Шишков, Угрюм-река). **Глупый как гусь** – өзіне тым сенімді адамға байланысты. М., *Юноша лет двадцати четырёх, бронет. Мильй, добрый, но глупый как гусь* (А. Чехов, Скверная история) [2, 83]. **Тауық/қораз** үй құсының атамен жасалатын қазақ таліндегі тұрақты теңеулер: *ақ тауықтың қанындай, жүнін жұлдырған қораздай, қораздайын қырқыстыру, тары көрген тауықтай, тауықтай теріп жеу*. **Тары көрген тауықтай** – қызқы, қызыққыш адамға байланысты қолданылады. Мысалы, Жөні бүтін еркек көрсе тары көрген тауықтай дөңгеленетін әйел біткеннің әдеті (Т.Нұртазин, Мұрат). **Жүнін жұлған тауықтай** – дымы қалмаған, быт-шыты шыққан. Мысалы, *Қызыл әскер Лавриненконың білетіні жсау Москвадан өте алмайды. Оның көбі Москва түбінде жер жасанады да тірі қалғаны жүнін жұлған тауықтай болып, кейін қайтады* (Ә.Нұршайықов, Батырдың өмірі). Орыс тілінде *как мокрая курица* тұрақты теңеуі бар. Бұл теңеу жағымсыз мәнде, екі мағынада қолданылады. 1. Жігерсіз, ынтасыз, дәрменсіз болу. 2. Рухани зардап шеккен жағдайда болу. **Писать как курица лапой** – қисық немесе түсініксіз жазатын адамға байланысты. Мысалы, – *Вы же знаете, что я не то что рисовать, а пишу-то как курица лапой* (В. Горбачёв, Испытание на молодость) [2, 175]. Қазақ және орыс тілдерінде **қораздайын шоқысу/налететь, наброситься как петухи** тұрақты теңеуі кездеседі. Екі тілдеде бұл теңеудің мағынасы бір. Яғни, ұрысып, қырқысатын адамдарға байланысты қолданылады. Мысалы, *В это мгновение они [драгуны] были действительно настолько возбуждены, что готовы были наброситься как петухи друг на друга, и офицерам приходилось задолго до столкновения останавливать их пыл, размахивая палашами* (А. Игнатьев, Пятьдесят лет в строю) [2, 146]. **Қазақ тілінде қасқалдақтың қанындай** тұрақты теңеуі бар. Қасқалдақтың қанындай – өте қастерлі, қадірлі, қымбат, таптырмас, азғантай. Мысалы, *Өзі қашаннан сақталып, қасқалдақтың қанындай сақтаулы, сандық түбінде жатқан шай емес пе?* (М.Сүндетов, Ескексіз қайық). Тек орыс тілінде кездесетін құстар атауымен жасалатын тұрақты теңеулер бар. Олар: *как павлин, как индюк, как филин, как страус*. **Тауыс** – әдемі, қауырсынды әсем құс. Сондықтан бұл құс атауымен жасалатын тұрақты теңеулер жағымды мәнде сдлулықты, әсемдікті білдіреді. Мысалы, *А сама-то величава, Выступает точно пава; А как речь-то говорит, Словно реченька журчит* (А. Пушкин, Сказка о царе Салтане). Орыс тілінде, 1. Өзімшіл, өзіне сенімді, атакқұмар, менменшіл адам түйетауықпен теңеледі. Мысалы, **надуваться как индюк** – тым өркөкірек, тәкаппар болу. *Граф Нельи поносил Зубова и прямо писал о нём, что «он богат как Крез и надменен как индейский петух»* (Н. Лесков, Захудалый род). 2. Наразы немесе ренжіген адам. *Вчера ты скакал, как сорока, а теперь надулся как индейский петух* (В. Титов, Уединённый домик на Васильевском). **Прятать голову в песок как страус** – жауапкершіліктен қашатын, ыңғайсыз жағдайда өзін-өзі алдайтын адамға байланысты. Мысалы, *...За папа такой страх, что если он уйдёт гулять и долго не идёт или если он ест что-нибудь вредное ... хочется как страус спрятать голову в песок и ничего не слышать и не видеть* (Т. Сухотина-Толстая. Воспоминания). **Воскреснуть, возродиться как Феникс** – жоқ болып, қайта орнына келетін құбылысқа байланысты. Феникс – ертедегі грек мифологиясында жанып кетіп, күлден қайта тірілген құс. *Ведь Гумилев говорил: лучше все,*

что вы написали прежде, сжечь и забыть. Из огня как феникс должны восстать новые стихи (И. Одоевцева, На берегах Невы) [2, 197].

Қорыта келе, әр халықтың тілдік бірліктері сол халықтың мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Қазақ халқының құсбегілік өнерге жақын екендігін, осы өнердің халықтың тұрмы-тіршілігінде маңызды орын алатынын жоғарыда айтылған тұрақты теңеулерден көре аламыз. *Тояттаған бүркіттей, қырғидай тию, томағасын алдырған ақсұңқардай, қолға қонған қаршығадай, қасқырға түскен бүркіттей, түлкі алған бүркіттей, қасқалдақтың қанындай* сынды тұрақты теңеулер тек қазақ тілінде кездеседі. Екі мәдениетте де бұлбұл әсем дауыстың символы. Сондықтан қазақ тілінде де орыс тілінде де *бұлбұлдай әсем дауыс, бұлбұлдай үн* сынды тұрақты теңеулер бар. Тек орыс тілінде кездесетін *прятать голову как страус, как павлин, важный как индюк, как белая ворона* сынды тұрақты теңеулер олардың өз мәдениетінен көрініс беретінін байқаймыз. Демек, әр ұлттың тілінде қалыптасатын тұрақты теңеулер сол ұлттың ұлттық ерекшеліктерімен, менталитетімен, рухани-мәдени тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты.

### Әдебиет

1. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 320 б.
2. Лебедева Л.А. Устойчивые сравнения русского языка. – Москва: Флинта, 2011. – 284 с.
3. Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. – Алматы: Қайнар, 1989. – 144 б.

**Тектізұл Ж.О.**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
ф.ғ.д., профессор*

### Тілдегі кейбір магиялық сипаттағы сөздердің этимологиялық табиғаты

**Аңдатпа.** Аталған мақалада қазіргі түркі және славян тілдеріндегі магиялық сипаттағы сөздердің шығу төркіндерінде, қалыптасу тарихында ортақ заңдылықтардың орын алатыны атап өтіледі. Соның ішінде сөздің магиялық күші, құдыреті сөз болады, түркі және славян тілдеріндегі «арбаудың, сиқырлаудың барлық белгілері, арбаушы, дуагер» мәнді сөздердің шығу төркіні сөйлеу тіліндегі «сиқырлау, арбау, сиқырлау» етістіктерінен қалыптасқандығы тарихи материалдар негізінде дәлелденеді.

**Тірек сөздер.** Магия, түркі тілдері, қазақ тілі, славянские языки, атау, есім, арбау.

**Аннотация.** Статья посвящена этимологическому описанию слов магического характера современного тюркского и славянского языков с указанием имевших место в их историческом формировании общих закономерностей развития. На основе исторических материалов доказано происхождение тюркских и славянских слов «колдун, ведун, знахарь, прорицатель» из глагола «колдовать, гипнотизировать».

**Ключевые слова.** Магия, тюркские языки, казахский язык, славянские языки, имя, колдун.

**Abstract.** The article is devoted to the description of etymological word magical character of modern Turkic and Slavic languages with indication of place in their historical formation of the general laws of development. On the basis of historical documents prove the origin of the Turkic and Slavic word «sorcerer, Sage, medicine man, the soothsayer» from the verb «to cast spells, hypnotize.»

**Keywords.** Magic, Turkic languages, Kazakh language, Slavic languages, sorcerer.



Атаулар көпқырлы, құпиясы көп – тілдік таңба. Атау, есім - «атаулар философиясы» категориясының маңызды бөлігі.

П.Флоренский *атауды* «энергиялық қиын» инвариантты «сөз» деп түсінеді, «сөз дегеніміз» – «танушы мен танылатынның» арасындағы өз еркімен қойылған» орган дейді [1, 226], философия дәстүрінде «субъекті» және «объекті» деп аталатын синергетикалық және символикалық екі бірлік, «Мен» және «Мен емес» – және сонымен бірге өзіне – денеге сәйкес келетін физика-химиялық момент, жанға сәйкес келетін психологиялық момент және магиялық момент сияқты үш негізгі құрылымдық жасалымдарды қосатын бүтін организм. Физикалық тұрғыдан сөз – «басқа жаратылыстан индивидуальды мүшеленген дыбыстық процесс... дыбыстық энергиялардың өрімдері» [1, 227].

Сөздің семантикалық деңгейі ой магиясы, түсіну стихиясы болып табылады; сөздің энергиялық мағынасы белгілі бір бейнеде (образда) ұйымдастырылып, сол арқылы магиялық мағынаны иеленген «жанды өмір конденсаторы» болып табылады. Бұл жағдайда *атау* қоғамда оның мүшелерін қалыптастыратын ерекше, өзімен-өзі тұйықталған әлем, болмыс категориясы, әлеуметтік императив ретінде көрініс береді.

Алғашқы ортағасырлық мистикалық ілімдерде адам баласы таңбалар мен атаулардағы құпия мағыналарды анықтауға тырысып, оларға ерекше мән беріп қарады. Мысалы, «Адам» есімі барша адамзаттың белгісі, символы ретінде қабылданды: оның есіміндегі әріптер әлемнің төрт бұрышының атауына сәйкес келуі ол атаудың маңызын арттыра түсті (грек тілінде: Anatole – шығыс, Dysis – батыс, Arktos – солтүстік, Mesembria – оңтүстік)[2,151].

Адамзатты тілінен айыру қандай мүмкін болмаса, атаулы таңбаны да тілдесуден алып тастау соншалықты мүмкін емес. Бірақ өткен дәуірлерде есім, атаулардың рөлі маңыздырақ болған. Ежелгі дәуірде адам есімді өзінің ажырамас бөлшегі ретінде ерекше мұқият қорғаған. Ол өз есімін жын-шайтандардан аластау үшін құпияда сақтауға тырысқан, ал жауларының аттарын білген жағдайда магияның көмегімен оларды жойып жіберуге тырысқан. Есім мен миф, есімдер магиясы, олардың фетиштендірілуі (киелі затқа табыну) – мұның бәрі белгілі лингвоэтномәдени себептер.

В.И. Дальдың «Түсіндірме сөздігінде» мынадай тапқыр сөз бар: «От слова не станется, От слова не сбудется», «говорят помянув что недоброе» (Даль, IV, 222). Тілдегі мұндай қолданыстар «айтылған сөз материалданып, орындалады» дегенді білдіреді. Сондықтан осы тектес қазақ тіліндегі «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Айтылған сөз, атылған оқ» тіркестері де ойланып сөйлеп, жылы сөз айтуға бағыттайды. Ал ауыздан шыққан сөздің материалданып, орындалмауы үшін оған қарсы «Жағыңа жылан жұмыртқаласын!», «Тіліңе тікен шықсын!» т.б. тіркестері жұмсалатын болған. Сонымен қатар халық арасында «атын атау» дегеніміз, сол аттың «иесін шақыру» деген, яғни егер «атын атасаң, сол бойда жетіп келуі мүмкін» деген түсінік қалыптасқан. Салыстыр: «Кімді айтсаң, сол келеді».

Қазақ тіл білімінде тілдің магиялық қызметін алғаш сөз еткен ғалымдардың бірі Қ.Жұбанов «Тіл дыбыстарының да қазіргі дәрежеге жетуі үшін көп себептер керек болған. Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табиғатты балғалау, күн жайлату – магия. Магиядан келіп, әдебиет, пәлсапа туады. Ат тоқтатқанда *дырр* деуіміз – арбау. Дыбыстардың диффуздіктен, сөздердің ымнан ажырап шығуы да бірден бола қалмаған» [3, 513] дей келіп, тіл дыбыстарының эволюциялық жолында магияның ықпалы зор болғанын айтады. Бұл өз кезегінде ескі танымның астарынан тылсымдық күштерді байқауға болатынын аңғартады. Өйткені тілдің алғашқы пайда болу жолында магияның ықпалы күшті болған. Сондай-ақ Қ.Жұбанов «адам табиғатты арбаған: ысықраса жел келеді (шығады); ежелгі қауым мүшелері табиғаттың жасырын сырымен астарласып, соны жеңем деген; айқайласаң киік қашады екен деп түсінген (магическое действие). Ол күнде дыбысты тіл ретінде

емес, дабыл, шақыру есебінде, келе-келе дұғаға пайдаланғандығын», сөйтіп тылсым күшке жалбарыну, дұға қылу сол ежелгі кезеңнен бастау алатынын атап өтеді [3, 511].

Тіпті ежелгі халықтар үшін де *сөз, есім, атау* — магияның ең басты «құралы» екені белгілі. Олай болса, түркі және славян тілдеріндегі «арбаудың, сиқырлаудың барлық белгілері, арбаушы, дуагер» мәнді сөздердің шығу төркіні жағынан сөйлеу тілінің етістіктерінен қалыптасқандығын нақты тілдік деректер негізінде анықтауға болады. Мысалы, шығыс славян тілдерінде *сиқырлаушы, арбау, сиқырлау* «колдун, колдовать» «сиқырлаушы, арбау, сиқырлау» сөздерінің этимологиясын ежелгі үндіевропа түбірінен табуға болады. Салыстыр: литва тілінде *kalba* ‘язық, «тіл», латыш тілінде *kalada* ‘шум, ссора’, «шу,ұрыс-керіс», латынша *calo* ‘вызываю, созываю’, «шақырамын» [4, II, 287].

Көне түркі тілінде де *zhad (jad)* сөзі: 1) «сиқырлық, арбау, дуалау» – жанбыр мен желді шақыратын етістікті сөз; 2) *jadči* сөзі - «сиқыр адам, арбаушы, сиқырлаушы»; 3) *jatla* етістігі «сиқырлау» мағыналарын білдірген болса, қазіргі қазақ тілінде *jadči, jatla* сөздері тұлғасы мен мағыналарын сақтап қалғандығына көз жеткіземіз. Салыстырыңыз: *zhadila*– «сиқырлау, арбау, дуалау». Мұндағы *zhad~zhat* түбірі қазақ тілінде мынадай фонетикалық тұлғада қолданылады: *zhajči* мен *kun zhajlatu* (күн жайлату – құрғақшылықта құдайдан жалбарынып жанбыр тілеу, дұға ету). Бұл жерде жалпы барлығына ортақ – *jad* түбірін анықтауға болады [5, 76].

Орыс тіліндегі *волхв, волхвовать* (көнерген сөз «бақсы, сиқыршы, көз байлаушы») шығу төркіні жағынан еліктеуіш сөз (оның латынша сәйкесімі *balbutire* ‘заикаться, запинаться, бормотать’, «мүдіріп қалу,міңгірлеу»; ‘чирикать, щебетать’ «шиқылдау, былдырлау, ‘говорит невразумительно’ «түсініксіз сөйлеу») болса, кейіннен «волхв» сөзінен «волшба, волшебник» «сиқыршы» сөздері пайда болған.

Көне славян тілінде ‘колдун, ведун, знахарь’ «сиқыршы, тәуіп,балгер» мағынасын білдіретін «балий» сөзінің шығу төркіні де көне орыс тілінің *баяти* ‘говорить, рассказывать; заговаривать, лечить’ - айту, әңгімелеу, сөзбен басын айналдыру, емдеу» сөзімен төркіндес, ал «баяти» сөзі «басня» «мысал» (салыстыр. *пети* — *песнь* «ән айту- ән, баяти — *баснь* «айту, баяндау- мысал) сөзімен төркіндес болып келеді. Сондай-ақ, *врач* «дәрігер» сөзі (алғашқы славян мәтіндерінде- *ақ лекарь, врач* «емші, тәуіп» мағыналарында белгілі болған) *врать* және *ворчать* «жалған айту, күнкілдеп ұрсу» —сөйлеу етістіктерінен қалыптасқан. Қазіргі болгар тілінде *врач* сөзі «колдун»(сиқыршы), ал серб тілінде — «прорицатель» (сәуегей, көріпкел) мағыналарында қолданылады[6, 61].

Түркі тілдеріндегі *бақсы* – емші, сәуегей, дәнекер, тылсым дүниемен сұхбатта болатын медиум, жыршылық, музыкалық, т.б. ерекше қасиеттері бар шамандық наным өкілі. Тұңғыстарда «бақсы» ұғымын беретін *саман* (шаман, хаман) сөзі мен нивхлардағы *чам* сөзі түркілердің «қамынан» ауысса керек деген болжам да жоқ емес. Қ.Жұбанов *қаз.қобыз, қырғ. қомұс* музыкалық аспап атауының құрамындағы «к» дыбысы «и» дыбысына айналған уақытта «иомыз» болар еді. Шуаш тілінде *бақсы, сиқыршы* ертеде «иомыз» деп аталды. Музыка - дыбыс өнері. Ол дыбысты ерте кезде алдымен осындай еңбек магии ретінде қолданылғандықтан, бүкіл дыбысқа байланысты ұғымдар, бері келе сөзге, тілге байланысты ұғымдар, сол магиелі еңбек деген ұғыммен байланысып жатады» деп көрсетеді[3, 429].

Ал қазақ тіліндегі «бақсы» сөзінің шығу төркіні жайында түрлі пікірлер бар. Солардың бірі - *бақсы* түбірін кәдімгі «бағу» (күту, емдеу) сөзімен байланыстырады. Соған қатысты Қ.Жұбанов қазақта «ауруды бағу» дегендегі «бак» түбірі немесе «біреуге бір нәрсе бағыштау» дегендегі «бағыт» түбірі осы «бақсы» сөзімен түбірлес болуы мүмкін» дейді[3, 427]. «Шаман» мағынасындағы *бақсы* сөзі іргелес отырған қырғыз, ұйғыр, өзбек жұртында да қолданылады. Түркімендердегі *бахшының* мағынасы бөлек (ақын-импровизатор). Олар бақсыны *порхан* дейді: перімен байланыстырады. Жасалу жолы өзбектегі *дуохан* (дуагер) сөзі сықылды. *Бақсы* қытай тілінде *бо*

ши «үйретуші, білімдар» мағынасында қолданылады [ДТС: 82]. Л.З.Будагов: қырғ. *داقشي* бақшы (изъ монг. бәкши дж. бәхши) *емші, шаман, дуалаушы, сиқыршы* деген мағына беретінін жазды [БСЛ I: 234].

Бұл келтірілген мысалдар, ең алдымен, славян тілдері мен түркі тілдеріндегі *бақсы, емші, сәуегей, сиқыршы, тәуіп, балгер* сөздерінің жасалуында, қалыптасуында шығу тәркіні сөйлеу етістіктеріне барып тірелетін ортақ тәсілдер жатқанын көрсетсе, екіншіден, қай халықтың болса да тылсым дүниені тануда, атаулар құпиясын анықтауда ортақ дүниетаным мен ортақ грамматикалық жасалымдарға сүйенетінін көрсетеді.

Ат беру, атау дегеніміз – «сол затты істеу, жасап шығару» деген мифологиялық түсінік славян тілдеріндегі үндіевропалық *dhe* - түбірінің тарихынан көрініс табады. Аталған түбір сыңары «ат беруші(қоюшы)» мағынасын беруші тіркесім құрамына еніп (оның грекше сәйкесімі *thetes*), ежелгі үндіевропалықтар байланыстырған «затты атаушы, әрі жасаушысы» деген ұғымды білдірген; атаславян тілінде оған \**de* түбірі сәйкес келеді.

Өткен дәуірде барлық славян тілдерінде осы түбірден жасалған етістік пен оның туында тұлғалары екі түрлі мағыналық топқа ие болған – әрі «істеу, жасау», әрі «жаратушы, жасап шығарушы». Мұндай семантикалық қос бағыттылық қазірге дейін чех, словен, жоғары – төмен лужицкі тілдерінде кездеседі. Салыстырыңыз: словен. *dejati* «делать»- «істеу», «говорить» -«айту», «класть, ставить»- салу, қою»). Шығыс славян тілдерінде аталған түбір негізінен «делать»- «істеу, жасау» (белорус. *дзейн чаць, злодзей, дабрадзей*, орыс. *деяние, действенный*- «іс-әрекет, іс-әрекетті, пәрменді» және т.б.) мағынасымен байланысты. Дегенмен «айту, сөйлеу» мағынасының ізі сақталып қалған: ол өзге біреудің сөзіне сілтеме жасағанда қолданылатын демеуліктердің құрамынан анық байқалады – *де* (көне орыс тілінде: *он дЕеть* – «он говорит» -«ол айтып тұр»), *дескать* (көне орыс тілінде: *дЕеть* «говорит» + *сказати*)- «айтып тұр, айтады») [6, 57].

Бұл жерде орыс тіліндегі *гадалка* «балгер» —«гадати» етістігінен (ежелгі дәуірде ‘говорить’ «айту, сөйлеу» етістігінен) қалыптасқанын ескерте кетуге тиіспіз [Трубачев, VI, 78].

Олай болса, ең алдымен, халықтың әдет-ғұрпы, тарихи дәстүрлерінің тілдегі атаулармен байланысы бар екені белгілі болса, ал оның этномәдени мазмұны сол халықтың, ұлттың, ру-тайпаның өзіндік танымдық сипатымен ерекшеленетіні белгілі. Демек, кез келген халықтың болсын, оның ішінде түркі және славян халықтарындағы сөз, атау ерекшеліктерін олардың ұлттық- рухани тарихымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі ежелгі сенім- наным іздерімен салыстыра байланыста қарастыруға болады.

### Әдебиет

1. Флоренский П.А. Статьи и исследования по истории и философии искусства и археологии.- М.:2000.
2. Памятники литературы Древней Руси: XII век. М.: Худ. л-ра, 1980.
3. Жұбанов Қ.Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: 2013.
4. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка / Пер. с нем. и доп. О.Н. Трубачева. Т. I—IV. 2-е изд. М.: Прогресс, 1986—1992.
5. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
6. Мечковская Н. Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуманитарных вузов. — М.: Агентство «ФАИР», 1998.— 352 с.

### Сөздіктер:

1. Древнетюркский словарь. Л.: –1959.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка// — М.: Пашков Дом, 2004.

3. Будагов Л.З. *Сравнительный словарь турецко-татарских наречий / Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. 2 тома [1869-1871 (1960).*

4. Трубочев О.Н. *Этимологический словарь славянских языков / Под ред. О.Н. Трубочева. Т. I—XX. М.: Наука, 1974—1994.*

**Төлегенова Б.А.**

*Шет тілдер және іскерлік  
карьеря университеті, ф.э.к., доцент*

## **Тәрбие басы – тіл**

**Аңдатпа.** Мақалада мемлекеттік тілдің - тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлтымыздың биік тұғыры екендігі, тілді өркендету - баршаның ісі екендігі жөнінде сөз болады. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуды басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді.

Рухани өміріміз дамуының бүгінгі күнгі маңызды талаптарының бірі, өскелең ұрпақтың тіл мәдениетіне жауапты болуы. Сондықтан тіл мәдениетін жетілдіру ана тіліміздің нормасындағы тілдің жатықтығы, мәнерлілігі, әсерлілігі, тазалығы сияқты тіл сапаларын игертіп, түсіндіру, әрбір оқу орындарында оқытушылар қауымының жастарға тәрбие басы тіл екендігін ұғындыруының қажеттігі жайында айтылды.

**Тірек сөздер:** Мемлекеттік тіл, даму, жастар, дәстүр, қазақ әдебиеті

**Аннотация.** В статье дается краткий обзор что Государственный язык – это не только средство общения, а высшее достояние нации и его развитие – долг каждого гражданина. Забота о языке – одно из главных направлений государственной политики. В ежегодных посланиях народу Казахстана Президент страны обращает особое внимание развитию государственного языка. Укрепление государственного статуса казахского языка – главный приоритет общества.

Одно из главных требований сегодняшней духовной жизни - ответственность молодого поколения за культуру родного языка. Поэтому в статье проводится мысль о том, что вопросы улучшения культуры родной речи, обучение выразительности, правильности, точности, пропаганда красоты и богатства казахского языка нужно ставить во главу угла воспитательного процесса в учебных заведениях.

**Ключевые слова:** Государственный язык, развитие, молодежь, традиция, казахская литература

**Annotation.** The state language is not only a means of communication, it is the highest property of nation and development of the language is a duty of every citizen. Paying attention for the language is one of the prior directions of the state policy. In his annual address to the people of Kazakhstan the President of the country pays special attention to the development of the state language. Strengthening public status of the Kazakh language is the main priority of the society.

One of the main requirements of today's spiritual life is the young generation's responsibility for the culture of the native language. Therefore article discusses the idea that the issues of improving the culture of the native language, learning expressiveness, correctness, accuracy, promotion of beauty and wealth of the Kazakh language should be placed at the center of the educational process in schools.

**Key words:** Official language, development, molodezh, of tradition, Kazakh literature

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашан да білікті де, саналы ұрпақпен кенеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді.

1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» Заңда «Тіл - халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі» делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады»[1,3б.] деп жазылған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде»[1,7б.] деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер де баршылық.

Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді.

Біздің болашағымыз – бүгінгі жастар. Олардың міндегі – елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өз елінің тарихын, тілін жетік білуі керек.

Гегель «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» деген.

Қалыптасудың барлық сатыларын бастан кешірген ана тіліміз – мейлінше жетілген ұлттық тіл.

Қазақ тілі тарихында орын алған түрлі қиындықтар мен дағдарыстардың объективті себептері бар. Біріншіден, қазақ халқы үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қыспағында болып, ұлт ретінде жойылып кетудің бірнеше сатыларын бастан кешірді. Екіншіден, Жоңғар шапқыншылығының халқымызға тигізген зардаптары да орасан зор болды. Үшіншіден, Кеңес өкіметі жетпіс жылдан астам уақыт бойы ұлттардың жақындасуы деген желеумен ұсақ ұлттардың тілдеріне қысым жасап келгені белгілі. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анадай сүю.

Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес.

XX ғасырдың ұлы жемісі - қазақ халқы үшін Егемендіктің көк туы желбіреуі. Ата-бабаларымыз көксеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз - ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру. Ұлттық мінез, ұлттық намыс, ана тілі жоқ жерде - ұлт та жоқ.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлының сөзі бар.

Қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қоным-

ды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді.

Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе.

Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе еді.

Қазақ тілінің таңғажайып кереметі жайында пікір айтушылар көптеп саналады. Олардың арасында өз ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымызбен қатар өзге жұрт өкілдері де баршылық. Әсіресе, ірі түркітанушылар мен саяхатшылардың, белгілі жазушылардың ана тілімізге үлкен құрметпен қарап, ауыздарының суы құрып, тамсана жазғандары мәлім.

Ахмет Байтұрсынов: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы мүмкін. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» [2,146.] деген болатын.

Атақты қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Қазіргі қазақ тілінен үйренеріміз көп. Мен өз басым жаңа шығарма жазар алдында қазақ әдебиетінің озық туындыларын үңіле оқимын, орайлы атауларды өз шығармаларымда пайдаланып отырамын... туыс тілдегі терминдер баламасын тартынбай кәдемізге асырсақ, қырғыз тіліне олжа саламыз!..»[3,246.] -деп ағынан жарылады.

«...Өмірімнің 43 жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екем. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дархан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл. Тек сол оралымды бай тілді “қиыннан қиыстырар ел данасы” керек. Өз басым осылай түсінемін»[3,316.].

Бұл жазушы Г. Белгердің сөзі.

Адам өз тілі арқылы жансарайындағы қуанышы мен ренішін, қайғысы мен мұң-шерін, ашу-ызасы мен ризалығын немесе наразылығын, арманын, мұратын, мақсатын, мүддесін білдіре алады.

Алайда қазіргі кезде ана тіліміздің қадірін кетіріп, шұбарлаушылар қатары күннен күнге көбеюде. Күнделікті өмірде мұны баршамыз көріп те, біліп те жүрміз. Ана тілінен мақұрым ағайынға ұлттық діл мен дәстүр, намыс пен мәртебе деген жай ғана сөз болып қалады. Ондайлар үшін тіл де, туыс та, ұлт намысы мен өзара тілектестік те далада қалады екен.

«КСРО құлап, Мәскеудің уысынан шыққан жылы туған сәбилеріміз бүгінде 24-ке келді. Қазір солардың екеуінің бірі орысша сөйлейді. Сонда олардың тілін қазақыландыруды биыл бастағанның өзінде тағы да 24 жыл керек болады екен. Және 24-тегі осы балаларымыз өз сәбилеріне орысша сөйлеп жүргенін де шыққыр көзіміз көріп жүр. Ол аз болса, балабақшадан, бірінші сыныптан бастап әлі ақыл-есі толыспаған періштелерімізге орысшаға қосып, ағылшыншаны күштеп оқытуға кірістік. Бір-бірімен орысша сөйлесетін қазақ енді бір-бірімен ағорқаз деген тілде (ағылшын,

орысша, қазақша) сөйлейтін бола ма деген қауіп расқа айналатын сияқты. Бұл қазақтың болашақ ұрпағын ұлты жоқ, не өз тілі мен өз ділі, өз діні жоқ мәнгүрттендіру саясаты емес пе? және орыс тілін әлі де бірінші орынға қойып, ол аз болғандай оған үштілділік дегенді қосып отырғандар да қайткенде қазақты орыстандыруды көздейтін дүбәралар екені белгілі болып отыр» [4, 46.].

Мәнгүрттіктің ондай жүрекке шаншудай қадалар мысалдары толып жатыр. Айталық, қазақтың жігіттерінің өзіміздің қаракөз аруларымыз ілтипатпен иіліп тұрғанда өзгенің қыздарымен тағдыр қосуын, тіпті мың жерден махаббат болса да, түсіну қиын. Бұл да болса, кейбір «серілеріміздің» ана тілінен айырылып, ұлттық ерекшелікті естен шығарып, күнкөріс қамымен құр міскінге айналуын көрсетеді. Қазағымыздың бір қызын бақытты студің орнына жеңіл сезім жетегінде кетудің салдары да. Бізде ұлтымызға қағыстының бәрі бірінші орында тұруы тиіс емес пе?!

Ұлтжандылық отбасында қалыптасады десек, қазақша сөйлеспейтін отбасында ұлттық құндылықтар азып, тозады. Тіпті тілден айырылған соң, ондай отбасыларда ата-анасы өзара түсінсе алмайды, ал балалары тіпті ата-ананың жан-сырын ұғудан қалады. Ондайлар үшін бәрі де түкке тұрмайды. Бір-бірін ренжіте салу, ата-ананың ақылын құлаққа да ілмеу, қара басының пайдасынан басқаны ойламау әдетке айналады. Міне, тәрбие басы тіл екендігінің нақты дәлелі.

Тіл мәдениетінің бір саласы сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, мәтінді, мазмұн мен ойды орынды, нақты қолдану болып табылады.

Мәселен, қазіргі кезде теледидардан да, күнделікті өмірде де «айтуың керексің, баруым керекпін, сен жөндеуің керексін» деген тіркестерді жиі еститін болдық. Тіпті көпшілік еш мән бермейтін сияқты. Осы бір қаптап кеткен «сін, піндердің» қазақ тілінің о бастан қалыптасқан сөйлеу мәнерін бұзып жатқаны айтпаса да түсінікті.

Қазақ тілінде сөздердің бір-бірімен тіркесуінде орныққан заңдылық бар. Ол заңдылық, біріншіден, сөздердің тіркесімпаздылық қабілетіне негізделеді. Тілде қалыптасқан осы заңдылықтың орынсыз бұзылып, «біз онда баруымыз керекпіз», «сен апаруың керексің» деп айтуды тілге енген жаңалық, оның сымбаттылығын арттырады, оны дамыта түседі десек, біз оңбай қателесеміз.

Т.Қордабаев: «Сөйлеу мәдениетін сөз еткенде, бұл саладағы кемшілікті сынға алғанда сүйеніш етер негіз, бағыт тұтар құбыламыз тілдік норма, әдеби тіліміздің сөйлеу, жазу нормасы болмақ. Сондықтан сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы үшін күрес – қалыптасқан норманы сақтау үшін күрес болмақ. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – сөйлеу мәдениеті жөніндегі ілімнің негізгі міндеті – тілдік норма дегеннің сырын ашу, оның құрамына нелердің енетінін айқындау болса керек», - дейді [5, 118б.].

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс.

Рухани өміріміз дамуының бүгінгі күнгі маңызды талаптарының бірі, өскелең ұрпақтың тіл мәдениетіне жауапты болуы. Сондықтан тіл мәдениетін жетілдіру ана тіліміздің нормасындағы тілдің жатықтығы, мәнерлілігі, әсерлілігі, тазалығы сияқты тіл сапаларын игеріп, қатенің не үшін қате екендігін дұрыс түсіндіру, үйрету бағытында әрбір оқу орындарында оқытушылар қауымы дұрыс жұмыс жүргізуі тиіс.

Қазақ тілінің жанашыры М.Шаханов: «Қазақ халқына, билікке, Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдеріне арнап жасаған үндеуіміз қоғамда үлкен талқыға түсті. Біз, Қазақстанда тұратын өзге этностардың тіліне, мәдениетіне оның өсіп-өркендеуіне ешқандай қарсылығымыз жоқ. Біз тек мемлекеттік тіл - қазақ тілі өзінің заңды мәртебесін иеленуі қажет деп білеміз. Мемлекеттік тілді қолдау – Қазақстан халқының конституциялық парызы» - деп айтып келеді.

«Тілсіздендіру анатомиясы» атты поэмасының бір тарауында ақын «Тамырсыздану ана тілін білмеуден басталады» - дей келіп, әрбір саналы, көзі қарақты жанға өз өлеңімен ой тастайды:

Тарихың тұр санаңа өткел тастап  
Өз тілінде ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап,  
Бүкіл баба рухымен  
Ұлттық, гендік-ақпараттық байланысың кесілер.  
Тағдырыңнан ата-мұра шамын солай өшірер...  
Өз тіліңді жерсінбеудің,  
Өз ананды менсінбеудің  
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?  
Ол – рухи мүгедектік әрі ұлттық сатқындық!  
Аз қайғы ма, талабыңды түсінігің алдаса?..  
Мейлі он тіл, тіпті жүз тіл меңгергенің далбаса  
Өз ұлтыңның тілі мен рухы  
Ой санаңа іргетас боп қалмаса!  
[6,32б.]

«Тәрбие басы – тіл». Ұлы даналарымыздың бірі М.Қашқаридың тауып айтқан осы бір сөздерінің мәніне терең үңілер болсақ, бүгінгі өсіп келе жатқан жас жеткіншектер арасындағы келеңсіз оқиғалардың жиілеп кетуін өз тілімізді сақтай, қорғай алмай жүрген аға буын өкілдерінің бейқамдықты- мен байланыстыруға болатындай.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

### *Әдебиет*

1. Назарбаев Н.Ә.. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауы. 2014ж.
2. Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы. -Алматы, 1989.
3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005.
4. Кенжебай М. Түркістан газеті. №7,10 маусым, 2014ж.
5. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991.
6. Шаханов М. Мәңгірттенбеу марсельезасы. Егемен Қазақстан газеті. №11, 2 сәуір, 2006.

*Түлекова Г.Х.*

*«Тұран» университеті, ф.ғ.к.*

### **Әлуеметтік-аффектілік игерудің нәтижесі – когнитивтік-танымдық игерудің нәтижесі**

**Аңдатпа.** Абай мен Шәкәрім шығармаларында халықтық рухты пайымдауға құрал болатын тілдік құрылымдар, сөз тіркестері өте мол. Олардың адам санасындағы ой қорытындыны есім сөз тіркестері арқылы берілуін, оның танымдық тілдік табиғатын ашу зерттеудің өзектілігін көрсететіні анық. Сөз тіркестері құрылымындағы семантикалық даму бағытын айқындауға негіз болатын алғышарттардың бірі – қатысымдық үдеріс. Сөз тіркестеріндегі мағыналық, құрылымдық өзгерісті Абай, Шәкәрім шығармаларының материалы негізінде қарастыру олардың мақсатты түрдегі жұмсалуды, тек семантикалық мәселелерді шешуге емес, лингвистикалық семантика мәселелеріне бағытталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі қоғамдық өркениеттің өзектілігіне өріс алатын факторлардың біріне айналған. Олай дейтініміз, сөз тіркестері құрамынан туатын қатысымдық мағына тілдік және тілден тыс ақпараттық білім жиынтығын құрап, сөз тіркесі семантикасының функционалдық



қызметін саралауға негіз болып табылады. Тірек сөздер: шығарма, үдеріс, сөз тіркес, ақпараттық білім.

**Аннотация.** В этой статье, изложены предпосылки для развития практической этики и языков. Это может быть инструментом, чтобы понять дух произведений Абая, Шакарима. И тщательных языковых структур и фраз очень обильные. Идея человеческого сознания посредством заключения именные, четко отражают важность открытого характера когнитивных лингвистических исследований. Фразы, которые определяют направление развития семантической структуры одной из предпосылок для коммуникативного процесса. Словосочетаний семантически, структурные изменения Абая, Шакарима рассмотрение материала на основе их произведений не только целенаправленное использование семантических вопросов, лингвистической семантики для определения ориентации вопросов. Это один из факторов, которые может выставить актуальность современной цивилизации. Исходя из так называемой фраз коммуникативной ценности языка и языка обучения, функциональной дифференциации фразы.

**Ключевые слова:** композиция, процесс, слова, информации и образования.

**Annotation.** That can be a tool to understand the spirit of the works of folk Shakarima and careful linguistic structures and phrases are very abundant. The idea of human consciousness through the conclusion noun phrases, clearly reflect the importance of the open nature of the cognitive linguistic research. Phrases which define the direction of the development of the semantic structure of one of the prerequisites for communicative process. Word tirkesterindegi semantic, structural changes Abai, Shakarym consideration of the material on the basis of their works is not only purposeful use of semantic issues, linguistic semantics to determine the orientation of the issues. This is one of the factors that can field the relevance of today's civilization. Arising from the so-called phrases communicative value of language and language teaching, functional differentiation of the phrase.

**Keywords:** composition, process, expression, information and education.

Тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын бұл салалардың барлығы түптеп келгенде, мынадай мәселелерді шешуді көздейді: адамның тілге қалай ықпал жасайтынын және тілдің адам санасына, ойлануына, мәдениетіне қалай әсер ететінін, қандай қызмет ететінін анықтау. Тілші Э.Оразалиева: «Қазақ тіл ғылымының концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі құнды да кешенді зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрайтындықтан, қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізінде дәйектелуі сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады. Жалпы тіл біліміндегі антропоэлектік бағытқа сәйкес тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ ғалымдарының да таным мәселелеріне назар аударуын, оның тілмен тоғысқан ерекшеліктеріне мән беруін заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс [1;64]», - дейді. Кең мағынада концепт – жалпы әлем туралы білім жүйесінің (әлемнің концептуалды бейнесінің) бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні. Поэтикалық мәтінде концептілер дүние құндылықтарын танытады: менталитетін көрсетеді, әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын бейнелейді. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы сөз тіркестерінен туындайтын қатысымдық семантика ұлттық тілдік бейнені құрайды. Қазақ елі үшін Абай, Шәкәрім шығармалары – жеке тұлғаның әлеуметтік даму үдерісін, оның өзіндік санасының өскенін айқындайтын бірден-бір фактор. Концептуалдық мәндегі тілдік қолданыстар адам факторының рөлін анықтап, танымдық

көрінісін айқындап тұрады. Авторлық шеберлік ұлттың болмысын, даналығын, дүниетанымын танытудан көрінеді. Абай, Шәкәрім шығармаларының мәтіні – таным саласының өзегі әрі көзі. Бұл тіл мен психологияның өзара байланысын танытады. Көркем мәтіндегі психологизм мен тілдік психологияны өзара байланыстырушы жүйеден көркем мәтіннің танымдық парадигмасы қалыптасады. Ол психологиялық ортаны, соған сай эмоциялық, психологиялық көңіл-күйді тіл арқылы тануға негіз болады. Адам табиғатындағы эгоистік күш, бақылаусыз болатын психологиялық процестер танымдық парадигма аясында танылады. Соның көрсеткіші поэзиялық және прозалық мәтіндерде толық танылады. «Поэзия тілі тарихи кезеңдерге дейін-ақ басталған психологиялық процесті жалғастырып келеді. Онда тіл мен мифтің образдары, ондағы метафоралар мен символдар пайдаланылады. Осылардың негізінде олардың жаңа түрі де жасалуда. Мифтік тіл – поэзияның байланысы аңыздар бірлігінен ғана емес, сондай-ақ психологиялық тәсілдің бірлігінен, жырлаудың жаңа үлгісінен танылады.» – деген Л.Н. Веселовскийдің пікірін басшылыққа ала отырып [2, 107 б.], тек поэзия ғана емес, Абайдың қарасөздері де толық когнитивтік тәсілдің бірлігінен тұрады деуге болады.

Психолінгвистер тілді игерудің мәніне айырықша назар аударады. А.А.Залевская мұны метакогнитивті, когнитивті, әлеуметтік-аффектілік деп үш түрге бөледі. Метакогнитивті игеру – сөзді түсіну мен жоғалтпауды саналы түрде бағамдау. Когнитивтік игеру – оқып білген деректерді пайдалану. Әлеуметтік-аффектілік игеру тілге қабілеттілігі жөнінде өзімен-өзі санасу дегенге саяды [3, 324 б.].

Осындай талаптарды кез келген қазақ Абай, Шәкәрім туындыларының өн бойынан көре алады. Мәтін түзуде авторлардың тілге қабілеттілігі ерекше танылады. Бұл әлеуметтік-аффектілік игерудің нәтижесі. Сөзді түсіну, оны сақтау, оқып білген (көрген білген) деректерді тиімді пайдаланудан когнитивтік-танымдық игерудің нәтижесі көрінеді. Абай өзінің танымдық ойларын қырық үшінші қарасөзінде айқын білдірсе, Шәкәрім де: Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек, Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, Жақсы, жаман әр істі сол тексермек (Шәкәрім. «Анық пен танық»), – десе, енді бірде: Ашылған көз тұра ма бір зат көрмей, Миға хабар бармай ма түсі өзгермей, Әдейілеп көрейін демесең де, Қарсы алдына қояр ма түк кез келмей. Білер, айтар, ойлатар, хабар жетер, Еркінді алар, сөйлетер, тыным бермей (Ашылған сөз...), – деп өз топшылауын, айналадағы қоршаған ортаны адамның қалай қабылдайтынын, олардың есту, сезу, көру, дәм тату, қабылдау әрекеттері арқылы жүзеге асатындығы туралы танымын ХІХ ғасырда-ақ айтып кеткен. Сондықтан да адам санасында үздіксіз пайда болып отыратын ғаламның тілдік бейнелері автордың көңіл күйіне әсер етеді. Адамның санасы, ойы, қиялы, сезімі өзара үйлесім тапқанда ғана, оның нәтижесі шығармаларында көрінеді. Сонымен зерттеуші ғалым В.А.Маслованың концептіге берген ережесі туралы қорытындыға келсек; концепт менталды бірлік: адам тәжірбиесінің әлем көрінісіндегі кішкентай бірлік; ол білімдерді өңдеу; концептінің қозғалмалы шегі және нақты қызметі болады; -0000к0o0н0цент әлеуметтік, оның ассоциативтік өрісі прагматикасы болады, -мәдениеттің негізгі ұяшығы. Концептілер концептуалды жүйе құрай отырып, әлемді адамның санасында, басында көрсетеді. Ол адам тілінің таңбалары мен осы жүйенің мазмұнын білдіреді. Осындай ережелерді А.Байтұрсынұлы да береді. Абай мен Шәкәрім адамның жан тіршілігінің заңдарын толық меңгергендігін аңғаруға болады. Олардың шығармасы адамның ішкі жан-дүниесі мен тілінің бірлігін көрсетеді. Шәкәрімнің өлеңдері мен қара сөздері – тілді когнитивтік әрі психологиялық феномен ретінде танытатын тарихи әдеби шығармалар. Абайдың: «Кімде кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ. Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ. Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы. Нысап, ұят бұл ғадеттен шығады. Жасанды кішіпейілділік жақсы қасиет емес. Кішіпейілділіктің жетімсіздігі – ақылдың жетімсіздігі. Егерде естілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жетісіне

бір, ең болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал!» – деген сөзі – адамгершілік, ар-ұят сияқты қасиеттерді қалыптастыруға әдеттендіретін танымдық мәтін деп тануға болады. Шәкәрімнің «Талап пен ынсап», «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Адамшылық», «Адамдық борышын» т.б сияқты еңбектерінде еріншек, ашу, сабыр, рақым, ұят, ар, қайрат, сақтық, ақыл, ынсап сияқты адами қасиеттер жан-жақты сараланады. Рақым, ар, ұят – адамдық қасиеттің қаруы, еріншектік пен ашу – жамандықтың белгісі, сабыр мен қайрат – адам бойындағы психикалық қасиеттерді басқарушы, ынсап пен ақыл – осылардың өлшемін саралаушы концепт өрісінде суреттеледі. Концепт ретінде, әдетте, қоғамда тіршілік кешіп отырған адамның әлем туралы мәдени-ұлттық дүниетанымын білдіретін тілдік бірліктер танылады. Соның нәтижесінде тіл мен адам санасы арасындағы қатынас осы концепт арқылы іске асырылады.

Фрейм – концептілік құрылым элементін танытатын қарапайым форма. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ассоциативті, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Ол қарапайым форма, яғни фрейм, күрделі форма (скрит), оқиғалы форма(сценарий). Сөз тіркестеріне құрылған концептінің скрит формасы ақындар суреттеуінде сценарий, сзбалы форма, ойсурет арқылы жүзеге асып отырады.

Лингвистикалық талдаудың негізі мақсаты концептуалды мәнді анықтау болса, ол екі түрлі әдіс-тәсілі 1 (шығарма мазмұнынан – концептуалды мәнге, 2) тілдік құралдар арқылы – концептуалды мәнге талдау жасау. Бұл ақындар қолданысында үзілмей жалғасын тауып отырады және поэтикалық образ жасауда жүзеге асады. Кей жағдайда лексикалық бірліктер вербалды түрде берілгенімен, мәтіннің мағыналық өрілімдері жасырын импликация ретінде қолданылады. Шығарма аясында не тұтас бір шығарма, не бір шығарма тіліндегі бір шумақта, не бір тармақта концепті өрісіне қатысты объектіге айналады. Вербалды (тілдік) амалдар болып табылады. Бейвербалды (тілдік емес) амалдар болып танылады. Бейвербалды деген сөз – адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, субъектінің түрлеріне көңіл-күй, мінез-құлқын айтады. Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» деген мақаласында басты үш ұстанымды [4, 45 б.] көрсетеді. Оның қысқаша мазмұнын берсек, кез келген нәрсе, дүниенің тілдік бейнесі адам санасында бірден қалыптаспайды. Ол көп жылғы тәжірибе, ізденіс нәтижесінде ғана танымдық қорға айналады. Әрбір ұлт өкілі жастайынан көре, біле, өзі араласа отырып, оны келесі өз балаларына жекізіп отырады. Бұл жерде ұлттың дәстүрі, салт-санасы жалғасын табады. Абай «Жаз» өлеңінде көшпелі қазақ халықының табиғаты керемет орындарда қараша үйлерді тігіп отыратын: ...Күркіреп жатқан өзенге, Көшіп ауыл қонғанда:...Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып бұлтылдап. ...Көлеңке қылып басыны, Кілем төсеп астына, Салтанатты байлардың, Самаурыны бұркылдап... [5, 62 б.] – деп келетін жыр жолдарынан ауылдың жаңа қонысқа көшіп келеген тұрмыс-тіршілікті суреттейтін жолдарынан: Білімділер сөз айтса, Бәйге атындай аңқылдап, Өзгелер басын изейді, Әрине деп мақұлдап. Ақсақал шығар бір шеттен, – деп қазақ халқының үлкенді тыңдайтын, өзгені сыйлайтын т.б. өлең жолдарынан айрықша өрнектейтін жерлерін айтуға болады.

Демек, Абай, Шәкәрім шығармаларының қолданысындағы сөз тіркестерінің таным бейнесі белгілі бір таңба немесе символдар арқылы көрініс табады. Сондықтан айналадағы объективті шындық осы таңба, символдар арқылы беріліп, адам жадында ұзақ уақыт сақталады. Бұл да атаның балаға, баланың немереге қалдырар өсиетнамасы іспеттес. Қоғамның дамуы мен адам санасының қалыптасуы, өсу өрбуін ақындар шығармаларының өзегі болып табылады.

### *Әдебиет*

1.Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. –Алматы:«Ан арыс» 2003, 568-бет.

2. Веселовский Л.Н. Историческая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1989. –405 с.
3. Залевская А.А. Познание и усвоение языка // Жизнь языка и язык в жизни / Сборник статей посвященный юбилею Э.Д.Сулейменовой/. –Алматы: 2005. –478 с.
4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері /«Тілтаным» 2001.
5. Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том.1954ж.
6. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы: 1988. 559 б.

*Тұрғынов Е.С.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
2-курс магистранты*

### **Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы «ана тіл» концептісі**

М.Шахановтың тілдік тұлғасының концептілік аясы және екі үш романға жүк болатын идеялардың арқалайтын аңызға құрылған зор философиялық шығармаларындағы өзіне тән сөз және сөз тіркесі ерекшеліктері мен ғаламдық деңгейде және басқа да елдерде дәл еліміздегідей қоғамдық және әлеуметтік пікір тудыра алатын ортақ ойлар мен қазақы ұғымдардың прагматикалық деңгейі.

Алаш арыстарынан кейін қазақ ұлттық рухының дүмпуіне зор үлес қосқан М.Шаханов шығармалары мен оның қоғамдық жұмыс саласында жасаған саяси және қоғамдық мәлімдемелеріндегі тілдік тұлға ретіндегі маңызды орны. М.Шаханов тілдік тұлға деңгейіне көтерген шығармаларының елдік және әлемдік құндылығы мен мағыздылығы сәйкес төмендегідей міндеттер айқындалды.

Әзірбайжан Жазушылар Одағының төрағасы, Әзірбайжан Республикасының халық жазушысы Анар: «Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты туындысы – құрылымы бойынша да, мағынасы жағынан да таңғажайып шығарма.

Ал «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасында автор тағы да алуан кезең, алуан елдер мен мекендерді қатар шарлап, барлығының негізін адамгершіліктің жалпы түйініне әкеп тірейді. Яғни, адами парасатты күл-талқан ететін нарық заманы тудырған күйбең өзіншілдік пен жалпыдарақы мәдениеттің көзсіз шабуылына қарамай рухани құндылықтар қашан да үстемдік етуі тиіс.

Қоғамдық саяси негізге байланысты Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Ол Қазақ тілі. Ұлт құраушы қазақтардың ана тілі. Үлкен философ ақын М.Шаханов ешуақытта Қазақстанда ұлт құраушы қазақ ұлтымен бейбіт өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің ана тіліне қарсы сөзайтпаған. Ол тек негізгі халық өкілдерінің өз ана тілін білмеуінің салдары нашар болатынын ескертумен келеді. Оның бұл жолда жасаған еңбегі ұшан-теңіз, соның бірін белгілі ғалым, академик, «Қазақ тілі» қоғамының бірінші төрағасы Әбдуәлі Қайдаровдың сөзінен оқысақ.«Мұхтар Шаханов теңдессіз ерлік жасап, Желтоқсан көтерілісінің шындығын айдай әлемге Кремльде КСРО Жоғарғы Кеңесінің мінберінен жайып салғасын, бәріміздің бойымызда батылдық пайда болған шығар. Қазақ тілі қоғамын құру ісіне барлық облыстардағы тіл қамқорларын тарттық. Орталық Комитетте бізге Өзбекәлі Жәнібеков өте үлкен қолдау көрсетті. Соның арқасында қоғамның тұңғыш Құрылтайын шақырдық» – дейді. 5

Тілдік тұлғаны зерттеуге қатысты жұмыстардың мақсаты оның мағыналық және тілдік доминанттарын табу болса, М.Шаханов көркемдік мұрасының негізгі концептілерінің бірі ретінде ана тілі концептісін атауға болады. Ана тілі концептісінің көркем дискурс шеңберінде әрбір нақты семантика-психологиялық және эмоционалдық-эстетикалық түрде жүзеге асуы тұлғаның тілдік санасының ерекшелігімен айқындалады.

«Желтоқсан көтерілісіндегі тіл мүддесі және «демократия»» атты өлеңінде егемендікке қол жеткізсе де орыстану саясатының ықпалынан санасы арылмағандардың қазақ тілін кейінгі қатарға ысыра беретінін келесідей өлең жолдарына арқау еткен.

Ең алдыменен рухани күштер қабылдады ауыр сойылды,  
Республикамызда он мыңға тарта кітапханалар жойылды.

Ғасырлық мүдде – қазақтың тілі билікке әлі қажетсіз.

Орыстың тілі бұрынғы қалпымен,

Ағылшын тілі бүгінгі даңқымен

Мемлекеттік тілді бейшара көріп өзексіз,

Космополиттердің қолдауыменен мінберге шықты кезексіз.

Қоғамдық орта, жанұядағы тілнемесеалжирлік мінез атты тағы бір өлеңінде біздің өміріміздегі ана тілінің маңызы туралы айтады.

Концепт мәселесімен кешенді түрде зерттеу жүргізген ғалымдар Д.С.Лихачев, А.Вежицкая, В.В.Колесовтың еңбектерінде концепт термині негізінен мынадай екі аспектінің шеңберінде қарастырылады. Біріншіден, концепт рухани мәдениеттегі тірек сөздер деп танылса, екіншіден, ол психоментальды құбылыс, алғашқы түсінік деген тұжырымдамаларды қамтиды.

Ю.С.Степановтың еңбегінде концепт адам баласының санасында нақты ұғымдар түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар мен таным түсініктердің жиынтығы ретінде көрсетіле келе, «Концепт не только мыслится, они переживают. Они - предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений» деген анықтамаға ие болады [6, 40-416].

А.А.Залевская: «Концепт тіл білімінде сөздің қолданылуы мен мағынасын байланыстырушы когнитивтік негіз ретінде танылады» - дей келе, концепт терминін когнитивтік лингвистика ғылымының нысаны екендігін анықтай түседі [7,3826.]

...өз анасын – ана тілін, ұлтын ашық түрде менсінбеуге көшкен, ғасыр рухсыздығы мен ұлтсыздандыру саясаты тудырған жаңа сипаттағы мәңгірттер. Негізінен, билік тапсырмасы арқылы қозғалатын бұл топ, біздің ұлттарымыз үшін анау көне мәңгірттерден әлдеқайда қауіпті...»

Ресми тілде сөйлегенде кеудесіне шабыт қонатын,

Мемлекеттік тілге келгенде дыбыссыз балық болатын

және сол мемлекеттік тілде заң қабылдай алмайтын,

Бұл осал тұсын аудармашылар арқылы ғана қорғайтын,

Аударылған әлгі заңды да бір депутаты тексермейтұғын,

Тексермек түгілі, ескермейтұғын,

Қазақша тілі толық шықпаған нәресте, бала Парламент –

Ол, әрине, төріміздегі қос палаталы «дара» Парламент.

Астана – ғасыр қуатын жиған жұлдызы шырқау жас қала,

Бұл қала қашан атанар екен мемлекеттік тілге бас қала?

Ана тілі сол ұлт пен халықтың тарихы мен бірге жасасып келе жатқан

шежіре іспетті, атадан балаға беріп отыратын жалпы құндылықтарды жеткізуші асыл байлығымыз. Халық ана тілінен айырылған сәтте бүкіл бітім-болмысынан ажырап, басқа халық яғни, өзінің негізінен айныған ұлтқа айналады. Олар әуелгі салт-дәстүр мен әдеп-ғұрпын мойындай алмайды. Себебі, халықтың асыл қасиеті ана тілі мен бірге жасайды. Осы ойды М.Шахановтың ойымен айтар болсақ: Жоғарыда айтқан генетикалық-ақпараттық ағыс аясында әр ұлт пен ұлыстың, тіпті жеке адамдардың да энергетикалық коды болатынын ғылым дәлелдеп отыр. Тілек-ойыңызды өз ана тіліңізде айта алмасаңыз, өзіңіз тілін қабылдаған басқа ұлттың жұлдызын жандыруға үлес қосады екенсіз.

Тарихың тұр санаңа өткел тастап,

Өз тіліңде ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап

Бүкіл баба рухымен

Ұлттық, гендік-ақпараттық байланысың кесілер.

Тағдырыннан атамұра шамын солай өшірер – дейді. М.Шахановтың поэзиясындағы азаматтық үн мен қоғамның ащы шындығын суреттеруі және адамдардың кітап пен руханияттан мүлдем алыстап, жұрттың көпшілігі даңғаз, дарақы дүниеге құмар болып қоғамның рухани мешел күйге түсіп бара жатқанына жаны күйінетін ақынның жай-күйін және когнитивтік лингвистика оның ішінде тілдік тұлға категориясын жан-жақты талдау мен зерттеу күн өткен сайын өзекті болып келеді.

Әлемдік ғылым білім жетістігінен қалып қоймас үшін ел үкіметі Қазақстан мектептерінде жалпы бірдей қазақ, орыс, ағылшын тілінде сабақ беруге даярлықты бастап кетті. Алғашқы уақытта кез-келген дүние үлкен сынға ұшырап отыратын тұсы бар. Азамат ақын М.Шахановтың бұл тұрғыда айтатын ойы мынадай:

«Үш тұғырлы тіл» қоғамға тосын әрі қасаңдау,  
Мемлекеттік тілге зорлап екі тілді қосарлау,  
Нәрестеге бірден үш тіл үйретпек боп «шошандау» –  
Оның ана тілге деген махаббатын асарлау

Және педагогтік оғаш қателіктен қаша алмау – бала әуелі ана тілінің құдіретін бойына сіңіріп алмай, жалпы әлемдік қарым-қатынас иілін жетік үйреніп, өз ұлтының толыққанды перзенті бола алмайды дейді. Ана тілінің құдіретін түсініп үлгермеген балаға басқа тілді үйрету баланы өзге ұлтының өзіндік таным дүниесін мойындатумен бірдей болмақ. Ақынның «космополит қазақтар» деген өлеңі осыған дәлел болады.

«Украин – Гоголь, мордва – Горький орыс тілінде жазды да,  
Сол кезгі орыс көркем ойынан оқ бойы шыркап озды да,  
Санаға жаңа мүмкіндік ашып танданар,

Орыстың ұлы жазушысы боп қалды олар» – Халқымыздың дара перзенттерінің бірі, Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытов: Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды – деп ана тілінің құдіретін төтесінен түсіндірген. Концепт дегеніміз - тиісті лексика-семантикалық парадигманы құрайтын тілдік іске асырылымдардың тұтас бір қатарын білдіретін вербалды мағына, тілдік мәнерге ие және этномәдени ерекшелікпен белгіленген ұжымдық бірлік [2, 122-123б.] Тарих ғылымдарының докторы, белгілі саясаттанушы Әзімбай Ғали: Бізді құртатын – креолдар, яғни, шалақазақтар. Ондай прецедент бар ма? Бар. Анау Латын Америкасы ана тілінсіз отыр. Мысалы, ирландықтар егемендігін алды да, тілінен айырылды. Ондай қауіп жоқ емес. Бұл жердегі ең негізгі қауіп – русофилдерден – деп ана тілінің өзектілігінен әрі айшықтап отыр.

2012 жылғы Жолдауында Елбасы, ҚР Президенті Н.Назарбаев ана тілінің ресми қолданысына байланысты болашақ жоспарымен бөліскен болатын. «Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады... Қазақ тілінің жоспарлы түрде дамуы орыс тіліне нұқсан келмейтіндей жағдайда жүзеге асады... Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады.

Болашақта елімізде қазақ тілінің салтанат құратын күні алыс емес деп сенейік. Елбасының кешенді жоспары мен ана тіліміздің жанашырларының көшбасшысы М.Шахановтың осы жолдағы тынымсыз еңбегінің жұлдызының жанар күні жақын деп сенім білдірейік.

### *Әдебиет*

- 1.Залевская А.А. Введение в психолінгвистику. -Москва, 2000, -390
- 2.Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы ғаламның тілдік бейнесі //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. -Алматы, 2005. № 11.-15-186.

3. Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы – Алматы 2010ж. 59б
4. М.Шаханов «Ұлт анасы – тіл» Алматы 2010ж. «Жедел басу баспаханасы» ЖШС
5. «Желтоқсан эпопеясы» деректі роман
6. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2012ж.

**Тымболова А.О.**

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық  
университеті, ф.ғ.д., проф.*

**Мурзинова А.С.**

*1-курс PhD докторанты*

### **Ұлттық таным атауларының лингвомәдениеттанымдық сипаты**

**Аннотация.** Национальные языки долгое время формируются на основе национального познания и отличаются от других языков, так же отражаются в национальном менталитете. По этой причине национальные наименования отличаются от иноязычных наименований. Термины тоже есть слова, значит на них тоже должны распространяться национальные особенности.

**Abstract.** The national languages were formed on the basis of humans' cognition and they are differed from another languages. The national cognition and national characteristic features of the nation is reflected on the national language. That's why national titles differ from the other national titles too. However, words and a special terminology should have national peculiarities in their content.

Жер беті аймақтарының бір бөлігін ұзақ жылдар бойы мекен еткен адамдардың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, өмір сүру салтының ортақтығына, ортақ мақсат-мүдделеріне байланысты және сан алуан тарихи жағдайларға орай, өзіндік тілі мен ділі, мінез-құлқы деген сияқты т.б. өзгешеліктері айқындалып, белгілі бір ұлттың қалыптасатыны белгілі. Осы қағидаға сүйенсек, қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық белгілері мыңдаған жыл бойы қалыптасқаны даусыз. Ал этностық белгілердің ішінен кез келген ұлтты басқалардан ерекшелетін басты белгі ұлттық тіл болып саналады.

В.Гумбольд өзінің «Тіл және мәдениет философиясы» деген еңбегінде: «Ұлттың өзіне тән іштей данышпан рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл», – деп оның дүниетанымдық қырын ерекше бөліп көрсетеді [1, 111]. Осыған ұқсас ойды М.Арынның «Бес анық» деген тәрбие туралы толғауларынан да кездестіреміз. Ол: «Тіл дегеніміз белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қойма іспетті. Қойма дегенде ойға оралады, сол жинаған байлықты ұрпақтан-ұрпаққа тіл жеткізіп беріп отырмаса, әр ұрпақ өзінің рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді», – дейді [2, 14-15-б].

Ал қазақтың көркем ой жүйесі мен бейнелі сөздері туралы соңына толымды да мазмұнды еңбек қалдырған ф.ғ.д., профессор Тұрағыл Қоңыров қазақ теңеулерінің ұлттық таным жүйесімен тығыз байланыста екенін көрсете отырып, ол жайында мынандай тұжырымды ой айтады: «Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. ...Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдері ішіндегі ең басты, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеуден алады. ...Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктерінің жиынтығы, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [3, 4-б].

Демек, ұлттық таным-түсінік, ұлттық ой-сана тілдік мәдениетпен тығыз байланыста қарастырылып зерделенетін маңызды мәселе болып табылады. Осы ретте зат, құбылыс, ұғым және олардың атаулары туралы мәселеге арнайы тоқтала кеткеніміз жөн болар. Зат, құбылыс, ұғым және олардың атаулары арасында жалпы байланыс болғаныменен, ешқандай табиғи, тікелей байланыстың жоғы және олардың (атаулардың) зат пен ұғымға қойылған шартты таңба екені күллі елдердің лексикологиялық оқулықтарында тәптіштеліп жазылғандықтан, бұны тереңнен қаузап жатудың филологтар үшін түкке қажеті жоқ екенін білсек те, жалпы, оқырмандар үшін бұл мәселе жөнінде аздаған мәлімет бере кетейік.

Зат немесе құбылыс жанды-жансыз, деректі-дерексіз, жалпы-жалқы болсын, олар туралы ұғым бүкіл дүниежүзінің барша жұртына ортақ болып келеді. Тек соларға қойылатын атаулар ғана әр ұлттың тілінде өзінше бейнеленеді. Бір қарағанда, жаратылыстағы сан алуан заттар мен құбылыстардың түрлі сыр-сипаты, мән-мазмұны, қадір-қасиеті туралы таным-түсінік (ұғым) барша ұлтқа ортақ болып келетіндіктен, оларға телінетін атаулар да бірдей болуы керек сияқты. Бірақ бұл – қате түсінік. Өйткені «ұлттық діл айрықша ойлау жүйесін ұсына отырып, ұжымдық сананың тереңдегімен сипатталады. Әлемнің ұлттық-тілдік бейнесінде әрбір ұлттың өз ұғым-түсінігі тірек ететін сүйеніші – тұжырымдамалары, үлгілері, сол ұлтқа тән басқа да қасиеттер оның ұлттық ділі арқылы жүзеге асады» [4, 111-б]. Біз өзімізге беймәлім немесе алғаш көрген, танып білген, естіп көңілге тоқыған немесе оқып зерделеген зат пен құбылыс ұғымына «осыған мен ат қояйыншы» деген саналы ниетпен емес, олардың бәрімізге бірден аңғарылатын сыртқы-ішкі көптеген белгілерін, сыр-сипаттарын санамызға қабылдай отырып, өзіміздің ұлттық таным-түсінігіміз бойынша жан дүниемізге жақын басты белгілерін ғана атауға негіз етіп алып, әйтеуір, өз тілімізде айтып-жеткізу үшін ат қоямыз. Бір қызығы – атау қоюға таңдалып алынатын сол белгілер әр ұлтта әркілі болып келеді.

Ат қоюға негіз болатын осы бір уәждемені (мотивизацияны) түсінбеушілік салалық ғылымдардың терминдер сөздігін құрастырушылар мен термин туралы пікір айтушыларды қателікке ұрындырып жүр. Олар қазақтың тұрмыс-тіршілігіне жаңадан енген зат пен ұғым атауларының бөгде тілде солай аталуына негіз болған белгілерін (себеп-мотивті) ғана ескеріп, соны біреу қазақшалаған жаңа атаудың бойынан іздейді, не өзі соған атау қоя қалса, соны (өзге тілдегі атауға негіз болған белгіні) сіңірмек болып әуре болады. Сөйтіп, қандайлық бір себепке негізделіп қойылғанына қарамастан, кез келген атау – әр ұлттың дыбыстық жүйесіндегі төл дыбыстардың табиғи қалыптасқан өзіндік тіркесіміне сәйкес жасалынатын ұғымның сыртқы жамылғысы, шартты таңбасы екенін қаперден шығарып, көбінесе, мағыналық тура аудармаға (калкаға) бой алдырып, соны өз пайымдауларынан дұрыс деп санап, түрлі келеңсіздікке ұрынып жатады.

Осы орайда орыстың көрнекті ғалымы, ф.ғ.д., профессор Л.А. Новиковтың таңба мен мағынаның, ұғым мен заттың бір-бірімен қарым-қатынасы жайында айтқан ғылыми тұжырымын келтіре кетейік: «Зат пен таңбаның арасында тікелей байланыс жоқ. Олар өзара мағына (ұғым) арқылы байланысады. Қандай да болсын бір затқа атау беру үшін, оны ең әуелі белгілі мөлшерде пайымдап алу керек. Міне, сол себептен бәрімізге ортақ зат немесе нәрсе түрлі тілде түрліше аталады. Мысалы: орыстың «подснежник» (қар асатында өсетін гүл) деген сөзі ағылшынша «Snowdrop» (қарға тамған тамшы), французша «perse-nege» (қар тесетін гүл), немісше «Schneeglockchen» (қар қоңырауы) деп аталады»[5, 11-б].

Ғалымның осы пікіріндегі мысалынан кез келген зат пен оның белгілері және ол туралы ұғым барша тілге ортақ болатынын жақсы аңғарамыз. Мысалға келтірілген заты да бізге таныс, ол туралы біздің ұғымымыз да олардікінен бәлендей алшақ кетпейді. Бірақ біз оған ат қоярда оның көптеген сыр-сипатының ішінен біздің өлкеге тән қасиетіне қатысты белгіні ғана уәждеме етіп алғанбыз. Сондықтан да ол, әлбетте



ұлттық таным-түсінік бойынша, тілімізде «бәйшешек» (бәй – алғашқы, шешек – гүл) деп аталады.

Қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық басты белгісі – тілі екені ақиқат. Ал тіл болса, барша құндылықтың негізі. Ұлттық құндылықтар жүйесінде ұлттық мәдениеттің алар орны ерекше. Профессор Ә.С. Әлметова: «Мәдениеттер сұхбатында зерттеушілер екі үлкен мәселеге ерекше назар аударады. Ол: ұлттық мінез-құлық және ұлттық діл. Ұлттық мінез-құлық адамдардың психикасындағы ұлттың өмір сүруіне қажет өзіндік шарттарды бойына жинақтаған ерекшелік, әрбір ұлтқа тән психологиялық айырмашылықтар мен қасиеттердің жиынтығы. Бұл мінез-құлық – белгілі бір ұлтты басқа ұлт өкілдерінен айырып көрсететін сол ұлт өкілдерінің басым көпшілігінің бойынан табылатын қасиеттер»[4, 109],– деп атап көрсетеді. Демек, ұлттық мінез-құлық ұлттық ділден шығатын болса, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық тілдің өзара арақатынасы – өте күрделі де маңызды мәселе.

Т.Қоңыров жоғарыда аталған еңбегінде ұлттық таным-түсінік пен атаулар арасындағы байланысты былайша тұжырымдайды: «Адам өзін қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, сол ортадағы заттарды, құбылыстарды және процестерді, олардың өмір сүруінің ішкі-сыртқы заңдылықтарын және олардың пайда болуы мен дамуын танып біледі. Адам санасында осы танып білген заттары, құбылыстары және процестері жөнінде сезімдер, қиялдар, байымдаулар, ұғымдар, ой қорытындылары пайда болады» [3, 55]. Осы қағиданы басшылыққа алсақ, адам алғаш көрген нәрсесіне ат қоярда оны жан-жақты зерттеп-зерделеп, өзінің өмір бойы жинақтаған дүниетанымдық біліміндегі бұрынғы мәліметтер негізінде санасында бейнелеп, ат қояды. Бұл әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Мәселен, ата-бабамыз ағылшын тілінде «ostrch», ал орыс тілінде «страус» деп аталатын құсты тұңғыш көргенде оның ең әуелі құс екеніне көңіл аударғаны анық және құс болғанда орасан үлкен екеніне мән берген. Өзінің танып-білген өміріндегі ең үлкен жануар түйе болған соң, соған ұқсатып, екеуінің бейнесін астастырып (ассосациялап), «түйеқұс» деп атаған.

Даму заңдылықтары бойынша жер бетіндегі бүкіл тілдің баюы мен дамуы табиғи жолмен баяу өтеді. Өзінде бұрын болмаған зат пен ұғымға, құбылысқа басқа жұрттың қойған атауын (сөзін) қабылдаушы тіл өзінің сөзжасам мүмкіншілігіне сүйене отырып, дер шағында оларға өзінше ат қояды. Ондай мүмкіншілік болмай қалған кезде ана тілінің табиғи заңдылықтары негізінде өзгертіп алады. Бұл – тіл білімінде бөтен тілдік атауларды дыбыстық, құрылымдық жақтан игеру арқылы өз сөзіне айналдырып, сөздік құрамын байытудың бір жолы деп аталады.

Ұлттық тілдер басқа жұрттың атауларын өзінің дыбыстық, құрылымдық жүйесінің заңдылықтарына бағындырып қабылдауының басты себебі – олар ұлттық тілге жат дыбыстардан тұрады әрі ол дыбыстардың бір-бірімен тіркесімі де өзгеше. Ондай сөздерді ұлттық тілде сөйлейтіндер айтып-жаза алмайды. Жоғарыда айтқанымыздай, бөтен тілдік атаулар да шартты таңбаға жатқанымен, оларды сол қалпында пайдалануға болмайтыны сондықтан. Бұдан шығатын қорытынды: тұрмыс-тіршілігімізге еніп, тілімізде аталуға, айтылып-жазылуға тиісті жаңа зат-ұғымдарға дер кезінде қазақша атау берілмей, затпен немесе ұғыммен бірге оның шеттілдік атауы да тілімізге еніп, кең қолданысқа түсіп кетсе, бөгде тілдік атауларға зат пен ұғымға тікелей қатысы жоқ шартты таңба ретінде қарап, тек дыбысталу жағын ғана қазақшалауға тырысу қажет.

Дегенмен мынаны ескеру қажет сияқты: зат пен құбылыс және ол туралы ұғымды дәл бейнелеп бере алатын қазақша сөз табылып жатса, әңгіме басқа, керісінше, тілімізде бұрыннан бар тілдік материалдар негізінде жасалған жаңа атау өзінің бұрынғы атаулық ұғымына жетелеп, оқырманды шатыстырып жатса ше? Мәселен, «түймедақ» «таблетка» сөзін ауыстыра ала ма? Қайсысын айтқанда сол заттың ұғымын санамызда бейнелеп, көз алдымызға келтіре аламыз? Біздің ойымызша, оны «тәбілеткі» дей салған жөн. Сондықтан дыбыстық жағы өзгертуге көнетін шеттілдік атауларды сәл-пәл түзеп, тіліміздің айтылым-емле (орфоэпия-орфография) ереже-

леріне сәйкестендіріп пайдалана салу әлдеқайда жеңіл. Ол үшін, ең әуелі, қазақ әліпбиін (алфавит) орысша қалай жазылса, солай жазуға мәжбүрлейтін, тілімізге зорлықпен енгізілген жат дыбыстардан арылтып, сосын шеттілдік сөздерді қазақша қалай айтып-жазу ұстанымын бір ыңғайға келтіріп алу керек. Сонда ғана тіліміздің сөздік құрамын басқа тілдік сөздердің есебінен байыта аламыз. Жаңадан сөз жасау машақатын жеңілдетіп, жас ұрпақтың түсінігіне жеңіл, сапалы оқулық, оқу құралдарын жазуға қол жеткіземіз. Бізге үлгі болып жүрген орыс тілі және әлемнің басқа да алдыңғы қатардағы тілдері, міне, осы бағытты ұстанып, дамып келеді.

Осыған орай, Халел Досмұхамедұлының: «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурапа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурапа тілдері бізге орыс тілі арқылы жалғасады. Аурапа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін Аурапа мен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болды. Орыстар Аурапа сөздерін өзінше өзгертіп алды. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурапа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек»– деген сөзінде үлкен мән жатыр [6, 151].

Қорыта айтқанда қай ұлттың болсын қалыптасып, шыңдалған тілдік жүйесіне жат тілдік материалдар табиғи емес жолмен еніп, сіңісіп кетуі – сирек құбылыс. Егер олар белгілі бір заманның саяси ықпалымен жасалған ереже-қағидалар негізінде тілге зорлықпен енетін болса, тілдің табиғи жүйесіне сәйкес келмейтіндігінен, бәрібір олардың бөтендігі әрқашан сезіліп тұрады. Керісінше, халық өз еркімен қабылдап, айтып-жазса, онда олардың бөгделігін арнайы үңіліп зерттеген маман адам болмаса, кез келген жан аңғара бермейді.

#### *Әдебиет*

1. Гумбольд В. Язык и философия культуры. Москва: Прогресс, 1996 120 бет.
2. Арын М. Бес анық (тәрбие туралы толғаулар). Алматы: Арыс, 1996, 120 бет.
3. Қоңыров Т. Тенеулер табиғаты. Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 512 бет.
4. Әлметова Ә.С. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениеттерін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қазақстан Республикасы Алматы, 2007 жыл.
5. Новиков Л.А. Искусство слова. М., 1991г.
6. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998 жыл.

*Ускенбаева Р.М.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
PhD докторант*

### **Мифтік шығармалардағы араб тілінен енген сөздердің танымдық қызметі**

**Аңдатпа.**Мақалада көне мифологиялық шығармалардағы арабизмдердің танымдық қызметі сөз болады. Адамзат дамуының тарихи кезеңдерінде ғасырлар бойы ұрпақ санасында сақталып, қатталып келе қатқан теңдесі жоқ тарихи, рухани құндылықтарымызды жаңғырту, қазіргі және келер ұрпаққа қалыбын бұзбай, қаймағын сақтап жеткізу саналы қоғам өкілдері алдындағы міндет екендігін елбасы әрдайым айтып отыратыны бергілі. Осының негізінде қазақ әдеби тілдік қорының қайнар көзі, бастау бұлағы көне мифологиялық шығармалар тіліндегі айшықты мифтік лексиканың таным түсінігін айқындау қажеттігі туындап отыр.

Ғылыми мақаланы жазу барысында көне мифологиялық шығармалар тілінің белгілі бір бөлігін араб тілінен енген сөздер құрайтынына көз жеткіздік. Шығар баста-

уын араб тілінен алған мифтік тілдік бірліктің мағыналық астарындағы сырлы ұғымды ашуды негіз етіп алдық.

**Тірек сөздер:** кірме сөздер, мифтік тілдік бірлік, мифтік таным, сөздік қор, тарихи деректер.

**Аннотация:** В статье рассматривается познаваемость арабизмов в древнемифологических произведениях. В своей слова Елбасы всегда утверждает, что перед будущим поколением одна из наших обязанности воспитывать людей которое хорошо знающего традиции родной культуры, любящего историю своего народа. Духовные сокровища предков сохраняются и передаются в рассказах, пересказах, легендах, назиданиях, пословицах. Основываясь на это мы пытались раскрыть мифологические познание, которое встречающийся в древнемифологических произведениях арабизмов.

При написании научной статьи убедились, что в древнемифологических произведениях арабизмы занимает значимые место.

**Ключевые слова:** заимствованные слова, мифологема, мифологическое познание, словарный запас, исторические источники.

**Annotation.** The article discusses the intelligibility Arabisms in drevnemifologicheskikh works. In his words Elbasy always claims that the future generation is one of our responsibilities to educate people that well knows the tradition of native culture, loving history of his people. Spiritual Treasures of ancestors are preserved and transmitted in stories, retellings, legends, edification, and proverbs. Based on this, we have tried to reveal the mythological knowledge that is found in the works of drevnemifologicheskikh Arabisms.

When writing a scientific article convinced that drevnemifologicheskikh works Arabisms takes significant place.

**Keywords:** borrowed words, mythological cognition, vocabulary, historical sources.

Қазіргі қазақ тілінің тілдік қабатында шамамен 15-20 пайыз араб-парсы сөздері бар екендігі ғалымдар назарына ертерек ілінгенін білеміз [1]. Алғаш кездері түркі халықтары мен араб-парсы халықтары арасындағы қарым-қатынас парсы тілі арқылы жүзеге аскандығын тарихи деректер арқылы аңғаруымызға болады. Араб тілінің түркі тайпаларының қатынас құралына айналуы және түркі халқының сөздік қорына етене енуі ислам дінімен байланыстырылатын зерттеу-дерек сөздері өте көп. Бұл арине көңілге қонымды пікір де. ҮІІІ ғасырлардан бастап ұлт тілінің сөз қолданысына ене бастаған араб тілі тек қатынас ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, мемлекет аралық қатынас құралы ретінде танылған.

Орта ғасыр өкілі Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет ат Түрік» еңбегінің 44,8 пайызын араб-парсы тілінен енген сөздер екендігі зерттеуші ғалымдар назарына ілінген. Бұдан кейінгі кезеңдерде де қазақ даласындағы көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұлт өкілдері алғаш сауаттарын араб тілі арқылы ашқандығы белгілі. Мұның өзі сөздік қорымызға араб сөздерінің енуіне белгілі бір жағдайда өз септігін тигізді.

Түркі халықтарынан бөлініп шыққан қазақ халқының тіліндегі араб кірме сөздерінің денін дерексіз, рухани танымды бейнелейтін сөздер құрайтыны белгілі. Мұның себебі н бабаларымыздың араб өкілдерімен яғни араб халқымен тікелей қарым-қатынаста болмауынан деп түсінеміз. Рухани дүниелер арқылы байланысып отырған ұлт өкілдерінің ортақ тілдік қолданысы көбіне рухани таным сөздер болуы өз деңгейіндегі заңдылық ретінде қарастыруға болады. Осыған байланысты тілтанушы ғалым В.В. Бартольт «Из всех языков мусульманских народов международным языком по преимуществу сделался арабский, теперь один из немногих классических языков международного культурного общения, как греческий и латинский на Западе, санскритский в Индии и буддийском мире, китайский письменный язык на Дальнем Востоке. ... Арабский язык уже в первые века ислама сделался органом общемусульманской мысли» - деп өз пікірін білдірген болатын [2, 251 б.].

Жалпы тіл білімін және түркі тілдерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың тұшымды тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, көне мифологиялық шығармалар тіліндегі араб сөздерінің алар орнын айқындауға тырысамыз.

Көне мифологиялық шығармалар тілінде негізгі бастауын араб сөздерінен ала отырып, мифтік танымның негізінде қалыптасқан сөздер де бар. Мысалы: зұлпықар ( араб тілі «зу-л-фәқар»); мәулет ( араб тілі «муһләт»); мысқал (араб тілі «месқал»); құтба (араб тілі «хутба»); мүдде (араб тілі «мүддәһа»); майдан ( араб тілі «мейдан»); бәден (араб тілі «бәдән»); кебін ( араб тілі «кәфән»); бақыл (араб тілі «бәһил»); құттыхана (араб тілі «хут»); махшар (араб тілі «мәхшәр»);

Мысалы: *Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш!*

*Зұлпықарға сап болған — ағаш!*

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде аталған мысалда көрсетілген зұлпықар сөзінің бірнеше мағынаға ие екендегі көрсетіледі: 1. Көктен түскен төрт қылыштың бірі. 2. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) қылышы. 3. Аса таңдаулы өткір қылыш. 4. Ауыспалы мағынасы сәйгүлік жүйрік ат [3, 252б.].

«Зұлпықарараб тілінен алынған қат-қабат өрнекті деген мағына береді. Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) қылышының атауы. Бұрынғы иесі Мәнбе ибн Хожаж Бәдр шайқасында қаза тапқаннан кейін Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) өзіне таңдап алған. Кейін Ухуд соғысында Әли Әбу Талибке тарту еткен. Одан соң Аббас әулетінен шыққан халифаларының қолына түсті» деген анықтама беріледі. [4, 196 б.].

«Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» зұлпықар араб тілінен енген көне заттық ұғымды білдіре отырып, «діни наным бойынша қасиетті, киелі санаған екі жүзді қылыш» ұғымын білдіретіндігі айтылады. [5, 354 б.].

Пайғамбар ұстаған деп танылатын қылыштың ерекше қасиеті, тылсым күдіреттің иесі екендігі жайлы ислам дінін ұстанатын ұлттар арасында біршама қиссалар сақталған. Қазақ халқының әдебиетінде де ПайғамбарӘзірет Әлінің сыйға тартты деп танылатын қылыш жайлы “Сал-Сал”, “Зарқұм”, “Дариға қыз”, діни дастандарда айтылады.

Зерттеуші ғалым С.Қ.Иманбердиева өзінің филология ғылымдарының докторы атағын алу үшін дайындаған «Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде)» атты диссертациялық жұмысының авторефератында хремагонимдерге жатқызады «Хремагоним – оним түрі; материалдық мәдениет заттарының атауы, соның ішінде қару-жарақ, музыкалық аспап, зергерлік заттар т.б. атаулары» дей келе аталған құралдың шығу негізінде сикырлы күш пен мифтік танымның діни ұғымның жатқандығын көрсетеді. [6, 21 б.].

Ал кей аңыздарда ислам дінін ұстанбаған халықтарға қарсы соғыста Амр ибн Абд Вуддпен жекпе жекте шағар алдында пайғамбардың қолынан осы Зұлпықарды алған Әли ұрыс кезінде жеңіске жеткен екен дейді. Алидің (ғ.с.) жекпе жек кезіндегі соғыс аманына разы болған Пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) қуанғанынан «*Ла фета илла Али, ла сейфе илла Зулфиқар*» яғни «*Әлиден асқан батыр жоқ, Зұлпықардан асқан семсер жоқ*» деп айғай салған екен дейді.

Қазақ халқының ұғымында әлемді билеуші, басқарушы ұлы күш иесі көкте деген сенімнің негізінде халық атасында аталған қылыш аспаннан түсті деген де аңыз бар.

Алмастан жасалған басы екі айыр, яғни екі ұшы бар Зұлпықар мұсылман халықтары арасында осы сияқты халық арасында таралған аңыз әңгімелердің негізінде мифологизацияланудан өтіп, наным-сенімнің негізінде символдық мәнге айналған.

Түркі дүниесіне ортақ Қорқыт ата шығарасында кездесетін мәулет сөзі Л.З. Рүстемовтің түсіндірме сөздігінде араб тілінің «мәуләд» *туған жері, отаны* және «муһләт» *кейінге қалдыру, тоқтату* деген екі түрлі мағынада жұмалатыны айтылады. [1, 192 б.].

Кей сөздіктерде *мәулет* сөзінің *белгілі бір істі, тапсырманы, орындауға берілген нұрсат, мүмкіндік, уақыт, мерзім және мәуліт* түрінде *Рәббіл әуел айының 12 күндігіндегі мұсылман қауымы атап өтетін, мереке саналатын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туған күні* деген екі түрлі ұғымда жұмсалатындығы көрінеді. [7,143-144б.]

Көне мифологиялық шығармалар тілінде *уақыт*, *мерзім* мағынасында жұмсалған дағын мысал арқылы дәлелдейміз.

Мысалы: *Қазаныңа жеті күнге мәулет бер, ұлың жерге кірген болса, оны табармын, көкке ұшқан болса, аяғынан тартықшп алармын.*[8, 61 б.]

Алғаш араб тіліндегі мағынасы туған жер отан ұғымының негізінде Пайғамбардың дүниеге келген күнін мәуліт күні деп атау қазіргі кезде санамызға сіңген тілдік бірлік. Кеңестік кезең әдебиеттерінде тек туған күн мағынасын ғана ұсынып келген зерртеушілер қазіргі кезде бұл сөздің тек туған күн мағынасын білдіретін ғана сөз емес, бүкіл ислам мемлекеттерінің барлығында одан да үлкен ұғымға ие екендігі айқалады.

Қазіргі тілдік қолданысымызда мәулет сөзіне байланысты *мәуліт күні*, *мәуліт айы* деген сөз тіркестерінің қалыптасқаны белгілі. Араб тіліндегі туған күн ұғымынан бастау алған сөз тіркестері Алланың ең сүйікті пендесі пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у) туылған күнімен байланыста айтылып, ислам дінін ұстанатын ұлт өкілерінің санасында ерекше күн мағынасында қалыптасқан.

Діни тұрғыдан пайғамбардың туған күні саналатын мәуліт сөзі қазіргі кезде *тылсым бір күштің әсерінен жақсылық болатын күн* ұғымында халық санасында қалыптасып келеді. Мысалы: *Әлемнің түкпір – түкпірінде барша мұсылмандар қауымы мерекелеп отырған «Мәуліт» мерекесі құтты болып, әрбір отбасыға бақыт пен молшылық әкелсін!*[9]

Аталған мысалдардың негізінде түркі халықтары санасындағы ортақ түсінік қыдыр ұғымымен жапсарлас мәуліт танымының да қалыптасып келе жатқандығын байқаймыз. Бұл әрине ұлт танымындағы беймағлұм түсінік негізіндегі қалыптасып келе жатқан мифтік таным.

Сонымен қатар аталған тілдік бірліктің қазақ елінің жер жерлерінде де сақталған бірнеше түсініктері бар. Мысалы: Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты аймақтарда *мәулет* сөзі кешірім ұғымында жұмсалады: *Ол менің өзіне кезінде жасаған жақсылымды ескеріп, мәулет етті.*

Солтүстік Қазақстан аймағында *мезгіл* мағынасында, мысалы: *Ендігі мәурімме ауылдан шығып, өзіне қарай аяңдаған жалғыз жаяуды көрді.* [10, 126]

Көне мифологиялық шығармалар тіліндегі мифтік танымды білдіретін кей тілдік бірліктердің мағыналық астарында мұсылман діні ортақ халықтардың таным-түсінігінің жатқанын ағару қиын емес. Яғни, айнала қоршаған орта мен болып жатқан құбылыстарды қабылдау барысындағы түсініктің негізін, санада бейнеленген ойды жеткізуде тіл таптырмас құрал екендігі жоғарыда талданып көрсетілген сөздер дәлелдей түседі.

### Әдебиет

1. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Мектеп, 1989.-320 б.
2. Бартольд В.В. Сочинения, т.6. – М.: Наука. – 784 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, Т-7. 2007.-750 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.-592 б.
5. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздер сыры, 2002.-368 б.
6. Иманбердиева С.Қ. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде: филол. ғыл. док. дис. авт – Алматы, 2010 – 46 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, Т-11. 2009.-752 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986 – 125 б.
9. Ислам және өткеніет 18 желт 2015 ж №15
10. Бөкей О. Өз отынды өшірме. – Алматы: Жазушы, 1981.-384 б.

## Мазмұны

### I СЕКЦИЯ. «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ТІЛ САЯСАТЫ»

М.Малбақұлы. Қазіргі қазақ терминологиясының көшбасшысы.....	3
Ә.Жүнісбек. Өмірі ұзақ болсын деп.....	7
Е.Қажыбек. Ту ұстаушы.....	9
Ш.Құрманбайұлы. Өмірзақ Айтбайұлы және қазақ терминологиясының мәселелері.....	14
Т.Жанұзақ. Қазақ терминологиясының сардары.....	19
Б.Әбілқасымов. Ана тілін ардақ тұтқан азамат.....	26
З.Базарбаева. Қазақ тілінің жанашыры.....	28
Ж.Манкеева. Тіл және тұлға.....	33
С. Бизақов. Тіл қамын жеген феномен ғалым.....	38
Э.Сүлейменова. Языковая политика – фактор укрепления национально-государственной идентичности.....	44
Қ.Айдарбек. Академик Ө.Айтбаев ұлттық тілдік тұлғасының концепциясы.....	46
А.Фазылжан. Қазақ әліпби реформасының тілтанымдық негіздері туралы.....	50
Ж.Нәлібаев, Н.Әшімбаева. Ғылым мен өнерді үйлестіре білген дарынды тұлға.....	55
С.Құлманов, М.Ешимов. Қазақстандағы латын әліпбиіне көшуге қатысты құжаттарға шолу.....	58
Ә.Мұхтарова. Ғалым, ұстаз Өмірзақ Айтбаевтың азаматтық, шығармашылық портреті.....	72
Б.Аққожина, Ж.Дәркенбаева. Үш тілде сөйлеу – заман талабы.....	75
Қ.Алтайбекова. Ө.Айтбаев еңбектеріндегі ғылыми бағыттар.....	78
К.Ашинова, С.Жампис. Политика трёхязычного образования в Казахстане.....	80
К.Егеубаева. Тіл білімінің абызы – Өмірзақ Айтбайұлы.....	82
У. Елибай. Көптілділік – бәсекеге қабілеттілік.....	85

### II СЕКЦИЯ. «ТЕРМИНАНЫМ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Г.Абенова. Испандық саяси дискурстың жалпы сипаты және аударылу ерекшеліктері.....	89
А.Алдаш. Әскери іс саласы терминдері: әлеуметтік және лингвистикалық жай-күйі.....	92
Г.Әмірова. Тілімізге ұжымдастыру кезінде енген терминдер.....	96
Н.Әшімбаева, Ж.Қалмахан. Салалық терминдерді ұлттық үлгіде жанғырту мәселесі.....	99
Ж.Байдуашева. Араб тілінен аудару барысында туындайтын қиындықтар.....	103
Б.Батыржан. Парсы тіліндегі түркі сөздері және олардың парсы тіліне әсері.....	106
А.Бисенғали. Қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерісінің сипаты.....	110
Ш.Білал, Н.Машақова. Жалпы тіл біліміндегі аударманың теориялық мәселелері.....	114
Б.Жонкешов. Қытайдағы қазақтардың терминжасам үдерісі.....	118
О.Жұбаева. А.Байтұрсынұлының қазақ грамматикасына қатысты атаулары.....	122
Р.Кауменова. Қазақ тілінде төл терминжасамдағы калькалаудың тәсілі.....	130
Ә. Керімұлы. Ескі түркі тілінде жазылған әдеби мұраларды аударудың кейбір мәселелері.....	134
Г.Көбденова, Г.Мухамметалиева. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларын аудару мәселелері.....	138
М.Қанағатова. Илесіне аудармадағы моделдеуге қатысты мәселелер.....	141
Б.Қарағұлова, С.Сәду. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы түр-түс атауларының аударылу жолдары.....	144
А.Набидуллин, А.Аширмет, А.Ли. Қазақ және ағылшын тілдері негізінде қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени негіздері.....	148
Ж.Наурызқанқызы. «Несториан діні» жазбасының тілін қазіргі қазақ тілінің лексикалық ерекшелігімен салыстыра баяндау.....	152
Ш. Нұрмышева. Лингвомәдениеттану бірліктері және аударма.....	156
Н.Сафуллина. «Диуани хикметте» кездесетін араб тіліндегі діни терминдер.....	160
А.Смагулова. Терминсистеміне нефть и газа в казахском языке: перспективы развития.....	164
Б.Сүйерқұл, Қ.Сахова «От» архетипінің қазақ және ағылшын фразеологизмдері арқылы вербалдану ерекшеліктері.....	168

### III СЕКЦИЯ. «ДӘСТҮРЛІ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ»

Т.Амантай. Жағымсыз эмоция тудыратын соматикалық фразеологизмдер, валенттілігі мен прагматикасы.....	175
Ж.Беласарова. Тарихи грамматикалық еңбектердегі морфологиялық тұлғалардың ерекшеліктері.....	179
Т.Дәрібаева. Фразеологизмдердің зерттелу жайы.....	185
Т.Ермекова, Г.Ескермесова. Пунктуация: функциясы мен антропоэктілік.....	189
Г.Есіркепова, Д.Сүлеймен. Түркіше «Гүлстан» дастанындағы эпитет пен теңеулер.....	193
А.Жалалова, Мехмет Өлмес. Интонация – дискурстың лингвистикалық мәнін анықтайтын көрсеткіш.....	197
А.Жаңабекова, Б.Карбозова. Автоматты түрде омонимдерді ажыратудың ұстанымдары.....	201
С.Жапақов, С.Жұбанова. Синергетикалық парадигманың тілдегі мазмұны.....	204
А.Жүнісбек. Опыт составления сингармологической модели древнетюркского письма.....	207
Б.Закенова. Диалектілік лексикадағы эмоционалды-экспрессивті қабат.....	215

<b>Д.Ибрагимова.</b> Қазақ тіл біліміндегі қимылдың өту сипаты категориясының зерттелуі.....	218
<b>Т.Ибрагимова.</b> Азыркы тіл илиминдегисинтаксисті изилдөөнүн аспектилери .....	222
<b>Б.Исхан, Т.Зайсанбаев.</b> Төл әліпби қалыптастырудың ұлттық ұстанымдары .....	226
<b>М.Кайымов.</b> Ақын-жыраулар поэзиясының дамуы .....	230
<b>Б.Қарағұлова, Ә.Наурызалина.</b> Қазақ тіліндегі реалия сөздер және оның тақырыптық топтары .....	233
<b>А.Қаршығаева.</b> Жуан әуезді [дық, дік, тық, тік] жұрнағының артикуляциялық сипаттамасы.....	237
<b>Б.Қасым.</b> Түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы .....	241
<b>А.Қожахметова.</b> Корпустық және мәтін лингвистикасының сабақтастығы .....	246
<b>А.Құдасова.</b> Күрделі атаулардың уәжделу принциптері .....	250
<b>Р.Құлабаева.</b> Түркі тілдерінің классификациясы .....	252
<b>С.Құлманов, Ж.Алдибекова.</b> Қазақ ісқағаздарының жіктемесі.....	255
<b>Е.Маралбек.</b> Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзі қолданысының грамматикалық ерекшелігі .....	260
<b>Н. Оспанғазиева.</b> Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар .....	265
<b>А.Пиызбаева.</b> Қазақ тілді жарнама мәтіндеріндегі прецеденттік феномен .....	270
<b>Г.Сейдалиева.</b> Тіл біліміндегі лингвопрагматикалық зерттеулер .....	275
<b>М.Жайлаубаева.</b> Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілер түрі мен терминдер құрамы .....	279
<b>А.Үдербасев.</b> Қытайдағы қазақтардың тіл ерекшелігін зерттеуде қазақша-қытайша сөздіктерді пайдалану.....	283
<b>Б.Хасен, Б.Жанайхан.</b> Қазақ және түркі тілдеріндегі «сары» сөзі қатысқан тіркестердің семантикалық ерекшеліктері.....	286

#### **IV СЕКЦИЯ. «ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНЫМ, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМ, ЛИНГОДИДАКТИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ»**

<b>А.Абдықадырова.</b> Саятшылыққа қатысты кейбір атаулар мен тіркестердің этномәдени сипаты .....	291
<b>К.Алдашева.</b> Қазіргі қазақ тіліндегі жана сөздер: олардың дидактикалық мүмкіндіктері .....	295
<b>Г.Алмухаметова.</b> Студенттердің шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері .....	299
<b>З.Ахметжанова.</b> Система родственных связей казахов: принципы, функции .....	303
<b>Е.Әміргалиева.</b> Концепті туралы жалпы түсініктер .....	306
<b>Н.Әшімбаева, С.Сүлейменова.</b> Дәстүрлі қазақ қоғамындағы елтанымдық атауларды топтастырып беру мәселесі.....	309
<b>А.Баймурзина.</b> Тілдік сәйкестіліктің субъектісі – жастардың әлеуметтік мінездемесі.....	314
<b>Н.Бисегалиева.</b> Қазақ балалар әдебиеті жайындағы зерттеулер .....	318
<b>С.Даутова.</b> Еліміздің білім беру жүйесін модернизациялаудағы мемлекеттік тілдің маңызы .....	321
<b>N.Doshimova.</b> Proverbs and sayings in foreign teaching language for intercultural communication .....	329
<b>З.Ерназарова.</b> Қазақ шешендік сөздеріндегі аргументтеу модельдері.....	334
<b>М.Жайлаубаева.</b> «Жақсы//жаман» жұбының ұлттық сарасанадағы тілдік көрінісі .....	340
<b>А.Жұбанов.</b> Этномәдениеттік семантика белгіленімі «Қазақ тілінің Ұлттық корпусында» ескерілуі қажет .....	344
<b>Г.Кошербаева.</b> Функциональный подход к изучению грамматики иностранного языка .....	348
<b>И.Кошербаева.</b> Обучения чтению в условиях новой парадигмы иноязычной образования .....	352
<b>М.Кульманова.</b> Айтыстың түрлері .....	358
<b>А.Молдашева.</b> Қазақ тілінің оқу-құралдарындағы қазақ әліпбиінің реті жайлы .....	366
<b>Б.Момынова.</b> Коммуникациядағы просодикалық амалдар: семантикалық қыры .....	369
<b>Г.Мұхамеджанова.</b> Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуде қолданылатын лингвомәдени мәтіндер .....	381
<b>Ә.Мұхтарова.</b> Жоғары оқу орындарында студенттердің қазақ тілі пәні бойынша өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары.....	385
<b>А.Мыңбаева.</b> Мәтіннің әдебиеттану мен лингвистикадағы мәдени бірлігі.....	388
<b>A.Nabidullin, Ch.Ordabyev.</b> Representation of the “journey” concept in Russian, English and Kazakh language pictures of the world.....	392
<b>Б.Оспанова.</b> Тіл – ұлттық рухтың қазнасы.....	396
<b>Ә.Өтебаева.</b> Қазақ тіліндегі «итке» қатысты тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипаты .....	400
<b>М.Сабыр.</b> Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзіндік этномәдени сипаты .....	404
<b>А.Сатбекова, А.Сатбекова.</b> Рефлексия – қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы барысында тұлғалық дамудың негізі.....	408
<b>Қ.Сахова.</b> Қазақ, орыс тілдерінде құс атауларының қатысуымен жасалған тұрақты тенеулердің лингвомәдени көрінісі .....	412
<b>Ж.Тектігүл.</b> Тілдегі кейбір магиялық сипаттағы сөздердің этимологиялық табиғаты .....	416
<b>Б.Төлегенова.</b> Тәрбие басы – тіл .....	420
<b>Г.Түлекова.</b> Әлеуметтік-аффектілік игерудің нәтижесі – когнитивтік-танымдық игерудің нәтижесі .....	424
<b>Е.Тұрғынов.</b> Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы «ана тіл» концептісі .....	428
<b>А.Тымболова, А.Мурзинова.</b> Ұлттық таным атауларының лингвомәдениеттанымдық сипаты .....	431
<b>Р.Ускенбаева.</b> Мифтік шығармалардағы араб тілінен енген сөздердің танымдық қызметі .....	434

# **АКАДЕМИК Ө.АЙТБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Халықаралық ғылыми-теориялық конференция*

Теруге 09. 04. 2016 берілді.  
Басуға 19. 04. 2016 қол қойылды.  
Пішімі 70x100. 1/16. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «Times New Roman»  
Шартты баспа табағы 35,7.  
Таралымы 200